Серік Мырзалы

ФИЛОСОФИЯ

Оқу құралы

Философия тарихы
Болмыс ілімі (Онтология)
Эпистемология (Таным мәселелері)
Әлеуметтік философия
Жаһандану және тәуелсіз Қазақстан

Алматы, 2017

УДК 1/14
ББК 87я73
М 91

М.Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және коммуникация академиясы және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқу-әдістемелік кеңестерінің шешімімен баспаға ұсынылды

Оқу құралына пікір жазғандар:

Ғабитов Т.Х. – философия ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры

Сәбит Мұрат – философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеттің кафедра меңгерушісі, профессор

Мырзалы С.

М 91 Философия. Толықтырылып, түзетіліп шығарылған басылым / С.Мырзалы – Алматы: «Бастау» баспасы, 2017. – 648 б.

ISBN 978-601-281-256-5

Оқу құралында философияның барша тарихы талданған. Философияның негізгі тарауы болып саналатын «Болмыс» ұғымына талдау жасалып, оны нақтылай түсетін басқа да санаттардың мазмұны, әдістемелік мән-мағынасы қарастырылған. Әлеуметтік философия мен таным мәселелеріне де көңіл бөлінген. Әр тараудың соңында студенттің өзін-өзі тексеруіне арналған сұрақтар, рефераттар тақырыптары берілген.

Ұсынылып отырған оқу құралы студенттер мен аспиранттарға, жалпы, философиямен әуестенетіндерге арналған.

УДК 1/14
ББК 87я73

ISBN 978-601-281-256-5

© Мырзалы С.Қ., 2017
© «Бастау» баспасы, 2017

Авторлық құқық заңмен қорғалған
All rights are reserved.

Алғы сөз ретінде.
Философияны оқу біз үшін неге керек?

Философия дүниеге адамзат өркениеті қалыптасып жатқан шақта келген-ді. Алғашқыда бұл пәнді Платонның Академиясы, Аристотельдің лицейінде оқытты, XIII ғ. бастап алғашқы университеттер ашылғаннан бері күні бүгінге дейін Жер бетіндегі әрбір елдегі жоғары оқу орындарында философия пәні оқытылып, одан емтихан тапсырылады. «Философиясыз жоғарғы білім жоқ», – деген пікір дүниеде кең тараған.

Бір қарағанда, философия жөнінде әр адамның өз түсінігі бар сияқты. Өйткені адам – жануар емес, оның ішкі түйсіктері сөніп, тарихи даму барысында олардың орнына ақыл-ой, зерде келіп, тұлғаның дүниені пәлсәпалауына, яғни толғауына мүмкіндік береді. Алайда толғаудың өзі де әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, біреу күнбе-күнгі өмірде пайда болатын ұсақ мәселені таудай қылып көрсетіп, оны философиялық деңгейге көтергісі келеді. Ал екінші адам адамзаттың бүгінгі таңда қорланған келелі де өткір мәселелері жөнінде ойланып, терең философиялық ойдың шеңберінен шығудың жолын іздейді. Сондықтан да болар, XX ғ. ұлы ойшылы М.Хайдеггер бүгінгі адамзатқа көңілі толмай: «Біз әлі де болса ойланбаймыз», – деген тосын пікір айтқан болатын. Расында да, бір мереке қарсаңында жақын достар біреуінің үйіне жиналып, бірнеше жұтым шарап ішкенде, оның түсі, иісі, дәмі, мөлдірлігі және т.б. қасиеттеріне көңіл аударып, одан ләззат алғысы келеді. Дегенмен де олар осы ішіп отырған шарап олардың дастарқанында қалай пайда болды деген сұрақты өздерінің алдына қоймайды. Ал ол жөнінде ойлансақ, жүзім шыбығын бір адам ертеде құнарлы жерге отырғызған болатын. Оның тамаша күтімінің арқасында ол тамырларын тереңге жіберіп, әсем де жалпақ жапырақтарын жайды. Бір жағынан, жапырақтарымен Күн сәулесінің энергиясын бойына сіңіріп, екінші жағынан, тамырларымен жердің нәрін алып, оларды бір-бірімен қосып, жүзімнің ішіне құйды. Ал мұның «Ұлы мәртебелі Табиғаттың» өзі адамға берген сыйы емес пе? Ары қарай шарап жасаушының өте нәзік жұмысы басталады – ол жүзім шырынынан хош иісті шарапты тудырады... Енді сол шарапты ішкендер өздерінің сол сәтте ғарышпен, осы дүниенің негізінде жатқан, Жер бетінде сан алуан өмір формаларын тудырған бір сиқырлы рухани күшпен байланысты екенін, өкінішке қарай, сезбей де қалады... Осы сияқты қайсыбір зат жөнінде терең ойлануға болады. Сондықтан да болар, М.Хайдеггер бүгінгі адамзатқа көңілі толмай, қазіргі адамның «Болмыстың шақыру үнін» мұқият тыңдамай, оның қойған сұрақтарына дұрыс жауап бере алмай отырғанына қынжылады.

Расында да, егер бүгінгі адамзат философиялық деңгейде ойланғанда, біз қазіргі экологиялық дағдарыстың шегінен анағұрлым алшақта болмас па едік?! Мыңдаған жылдар бойы Сарыарқаның көркі, ерекше нышаны болған ақбөкендер қайда? Көк түтіннен тұншығып жатқан қаншама қалаларымыз бар! Оның сыртында, бүгінгі адамзат қаржы-экономикалық дағдарыстан шыға алмай, рухани азғындау үстінде, сүйіспеншілікке негізделген нағыз адами қатынастар оның жаттанған түрлеріне ауысуда. Біршама артта қалған елдерде бүгінгі таңда басқа адами қажеттіліктерін өтемек түгіл, аш-жалаңаш жүрген адамдар қаншама? Егер адамдардың, ең болмағанда, қарапайым қажеттіліктері өтелген жағдайда, бүгінгі адамзатты шарпып кеткен экстремизм мен терроризмнің ауқымы (ал ол өмірден түңіліп, ашынып, торынған адамдардың ісі емес пе?), сөзсіз, анағұрлым аз болар еді. Мұндай деректердің сан алуанын әлі де келтіре беруге болады.

Философия жөнінде қоғам өмірінде әртүрлі пікірлер бар. Енді солардың кейбіреуін талдап көрелік. Кейбіреулер философияны өте дерексіз, өмірдің «жанып тұрған» мәселелерінен алшақ жатқан ілім деп есептейді. Мүмкін, ол ой өрісі таяз топтардың «ойыны» болар, ал философтардың өздеріне келсек, олар жерден гөрі аспанда қалқыған «қиял әлемінің» тұрғындары сияқты. Бірақ та олар оқтын-оқтын адамзатпен өз үрейлерін бөлісіп, бүгінгі рухани дағдарыстан шығу жолдарын көрсеткісі келеді. Мысалы, өткен ғасырдың 60 ж.ж. «Рим клубы» деп аталатын қоғамдық ұйымның өкілдері адамзатқа индустриалдық дамудың шегін көрсетіп, жақындап қалған экологиялық апат жөнінде айтқан болатын. Алайда ол жер бетінде алғашқыда үлкен қобалжу тудырғанмен, көп ұзамай ұмытылып қалды. Одан да ерте, 50 ж.ж. Францияның ұлы діни ойшылы П.Т. де Шарден өзінің атақты «Адам құбылысы» деген еңбегінде әулиелікке тең келетіндей болжам жасаған болатын. Оның ойынша, ғылыми-техникалық өрлеу болашақта адамзаттың орасан зор күш-қуатын босатып, оны қай бағытта жұмсау керектігі негізгі мәселеге айналады. Оның пікірінше, ол күш-қуат өмірдің жаңа формаларын тудыруға, адамзаттың рухани жаңаруына, «Омега нүктесіне», яғни осы жер бетіндегі тіршілікті тудырған рухани бастамаға жақындата түсуі керек. Алайда адамзат басқа жолды таңдады. Бүгінгі таңда стадионға жиналған жүз мың әулекінің күркіреген дауысын, сондағы адамдардың өліміне әкелетін төбелестерді, «супер-жұлдыздардың» мыңдаған жастардың тағы түйсіктерін оятып, ессіз жағдайға жақындататуын, «ережесіз ұрыстарды» т.с.с. теріс құбылыстарды көргенде, біз сол бойда бүгінгі қоғам жастардың энергетикасын қайда «төгіп», қай бағытқа «итеріп» жатқанын байқаймыз.

Екінші дамыған елдерден келіп жеткен жол – «тұтыну қоғамын қалыптастыру», көп ақша тауып, мейлінше көп заттар сатып алып,

солар арқылы өз «кереметтігіңді көрсету», өмірдің терең мәнін неғұрлым қымбат, басқаларда жоқ заттарды иелену арқылы іздеу... Ал мұның өзі адамзаттың мыңдаған жылдар бойғы ізденісіне, қайсыбір діндегі «жалғыз нанмен ғана емес» деген қағидасына қайшы келеді...

Екіншілердің ойынша, философияны оқымай-ақ «әр адам өзінше философ», өйткені оның санасы бар, ол өмір жөнінде ойланып толғана алады. Мұндай көзқарас ғасырлар бойы сақталып келеді. Енді оның жалғандығын дәлелдеп көрелік. Уақытында Г.Гегель адамның миымен қатар, аяққиімнің өлшемі ретінде аяқтарының да бар екенін мысқылдап айтқан болатын. Бірақ етікшіден басқа адам: «Мен етікшімін», – деп айта алмайды. Ол үшін бұл мамандықты игеру, терінің, басқа керек материалдардың қасиеттерін білу, дизайнерлік талант қажет.

Сонау көне заманда гректер адамның 25-ке қарай физикалық пісіп жетілетінін, тек 40-қа қарай рухани жетіліп, дүние жөнінде терең ойланатын дәрежеге көтерілетінін айтқан болатын. Оны олар «акме» жасы деген. Алайда философияны оқымаған адамның дүниеге деген көзқарасы бұрмаланған, әлсіз, нағыз адами құндылықтарға негізделмеген де болуы мүмкін емес пе? Мысалы, біреу құйттай ғана «Құдай да ұмытқан ауылда» кедей адамның отбасында дүниеге келіп, дұрыс толыққанды білім ала алмай, ересек өмірге аттанады, талай зардаптан өтеді, қатыгездіктің талайынан дәм татады... Оның «адам адамға – қасқыр» екен ғой деген көзқарасы қалыптасады, қалаға келгенде, оны «тастан салынған джунгли» екен деп есептеуі мүмкін емес пе? Мұндай көзқараспен осы адам бұл дүниеде бақытты бола алар ма екен? – Әрине, жоқ, – дер едік. Мұндай адам жүре келе ішімдікке салынып, я болмаса қылмыстық жолға түсіп өзін тұлға ретінде құртуы мүмкін. Тіпті өз Құдайын іздеп, бір діни сектаға кіріп кетуі де ғажап емес...

Мәселенің екінші жағы – адам өмірінің тым қысқалығы, оның кірпік қағысқа тең екендігі. 40 жас – адам өмірінің ең биік шыңы, оның барлық қабілеттерінің ашылып гүлденуі. Ары қарай адам өмірі бірте-бірте әлсіреп, өз соңына қарай кете барады...

Олай болса, біз ең тиімді үшінші көзқарасқа келіп тірелдік. Ол – философияны оқудың жастарға, жалпы алғанда, әр адамға деген маңыздылығы. Сондықтан да бірде-бір мемлекет азаматтарының бейберекет жолмен қашан пісіп-жетілуін күтпейді, ол өз жастарына философия шеңберінде соңғы 2,5 мың жылда жиналған рухани құндылықтарды, даналықты, дүниетанудағы ізденіс жолдарын саналы түрде студенттерге уағыздайды. Жоғары мектепті бітіргенде, жас азамат ересек өмірдің есігін ашып, қоғам өмірінің барлық саласына белсенді қатысуға даяр болуы қажет. Жас дос, олай болса, философияның қақпағын аша, даналық әлеміне саяхат жасап, одан ләззат алайық.

I тарау. Мәдениет аясындағы философия және оның адам мен қоғам өміріндегі алатын орны

§ 1. Дүниеге көзқарас және оның тарихи формалары

Адам басқа тіршіліктерге қарағанда ерекше пенде: ол өзін бүкіл дүниеден бөліп алып, оған қарсы қоя алады. Менің осы дүниедегі орным қандай? Мен бұл өмірге не істеу үшін келдім? Адамды Құдай, я болмаса «Ұлы мәртебелі Табиғат» неге жаратты? Бұл дүниені адам танып, түбіне жете алар ма екен? Мені айнала қоршаған табиғат неге шексіз, әртүрлі және сондай әсем? Ертең-ақ бұл әсем дүниені өлер шағымда қалайша қиып кетемін? Егер мен бұл дүниеге уақытша ғана келсем, онда бұл өмірдің мәні неде? Міне, осындай және мыңдаған басқа сұрақтар адамның ойына оқтын-оқтын келеді. Әрбір адам өзінің ой өрісі, өмірден алған тәжірибесі, жалпы мәдениетінің деңгейіне қарай бұл сауалдарға жауап беріп, дүниеге деген өзіне тән көзқарас қалыптастырады.

Алайда дүниеге деген қайсыбір көзқарасты философияға жатқызуға болмайды, өйткені соңғыға тек қана дерексіз (abstractio – латын сөзі, ой арқылы заттың, құбылыстың әртүрлі жақтарын бір-бірінен бөліп алып қарау, дерексіздендіру) ой өрісі дамуының негізінде **дүниені ұғымдармен бейнелеу** түрі жатады. Олай болса, **философия – дүниеге деген дамыған көзқарас түрі.**

Тарихи дүниеге деген көзқарастың тұрпайы түрі алғашқы қауымдық қоғамның шеңберінде дүниеге келеді. Оны біз **мифология** дейміз (mithos – грек сөзі, баян, аңыз, logos – грек сөзі, ілім деген мағына береді).

Миф – табиғат, қоғам және адам жөніндегі алғашқы тұрпайы фантастикалық (phantasia – грек сөзі, қиял, елес) түсініктер. Алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік дамудың тым төмендігі, адамның табиғаттың әртүрлі күштеріне қарсы тұра алмауы, сонымен қатар өзінің өмірге деген қажеттіліктерін өтеу жолындағы сол табиғат құбылыстарын сезіну және түсіну құштарлығы – мифтердің дүниеге келуінің қайнар көзі болып табылады.

Әрбір халық өзінің дүниеге келу жолында әртүрлі мифтерді ойлап шығарды. Дүниенің пайда болуы мен тәртібі, жақсылық пен жамандық, көркемдік пен түрсіздік, адам өмірінің мәні мен құндылығы т.с.с. сұрақтардың жауаптары халықтар аңыздарында әртүрлі дәрежеде берілген. Ол айнала қоршаған табиғаттың ерекшелігіне және соған сәйкес қалыптасқан халық тіліне байланысты болса керек.

Бірақ тереңірек қарасақ, әртүрлі халықтардың дүниеге қойған сұрақтары, ізденістерінің бір-біріне ұқсас жақтарын да көруге болады. Олар: Дүние қалай пайда болды? Кім адамды тудырды? Адам неге

өледі? Адамдардың сөйлейтін тілдері неге әртүрлі? Аспан мен жер неге бір-бірінен бөлінген? т.с.с.

Әрине, бұл сұрақтарға берілген жауаптар бүгінгі адамдарды қанағаттандырмайды, оған ол тұрпайы болып көрінеді, өйткені мифтерде табиғаттың құбылыстары сиқырлы күштер арқылы түсіндіріледі. Мифтер – адамзаттың «балалық тарихындағы» туындылары. Сол кездегі адамдар мифтердегі айтылатын сиқырлы күштерге өзінің ықпалын тигізе алатынына кәміл сенді. Сөйтіп, олар айналадағы қоршаған ортаны, табиғаттың зор күштерін қиялдау жолымен түсінуге және игеруге тырысты.

Жалпылай келе, әртүрлі халықтардың мифтерін белгілі бір топтарға бөлуге болады. Мифтердің ең үлкен бөлігінің бірі **космогониялық** (cosmos – грек сөзі, әлем, genesis – грек сөзі, дүниеге келу, пайда болу) аңыздар. Оларда көбінесе дүниенің алғашқы жағдайы хаос (chaos – грек сөзі, шексіз шашылған бытыраңқы дүние) арқылы көрсетіледі. Сиқырлы құдіретті күштің іс-әрекеті арқылы хаос жер мен көкке бөлініп, дүниеге тәртіп келіп, әртүрлі табиғаттың құбылыстары пайда болады.

Дүниеге деген жалған көзқарас ретінде мифтің қандай ерекшеліктерін атап өтуге болады?

Біріншіден, миф алғашқы пайда болған қоғамдық сананың формасы ретінде өзінің ішінде болашақта дүниеге келетін өнер, дін, саясат, мораль сияқты құбылыстардың элементтерін бойында сақтайды. Сондықтан мифті ғалымдар қоғамдық сананың **синкретикалық** түрі деп есептейді (synkretismos – грек сөзі, қосылған, араласқан, бөлінбеген деген мағына береді).

Екінші ерекшелігі – мифтегі адам мен табиғаттың бірлігі, айнала қоршаған ортаны **антропоморфизациялау**, адамның өзіндік мәндік қасиеттерін бүкіл табиғатқа таратуы, табиғаттың құбылыстары мен заттарын олардың адам сияқты жаны, ойы, сезімі, құштарлығы бар деп түсінуі. Мысалы, жерге нәр беретін аспаннан жауған нөсердің мифте Құдайлардың жыныс қатынасынан шығатыны жөніндегі қияли ойлары.

Үшіншіден, мифте әлі ғылыми ұғымдар жоқ, онда қоршаған орта, әлеуметтік қатынастар **көркем сөз арқылы** бейнеленеді.

Әлемнің пайда болуы жөнінде кейбір Шығыс халықтарының аңыздарында антропоцентрлік көзқарас та кездеседі (antropos – грек сөзі, адам, centrum – латын сөзі, орта, әртүрлі қатынастардың бір жүйеге қосылатын нүктесі). Бұл мифтер: «Дүниеден бұрын алғашқы еңгезердей адам болған, ал ол өлген кезде оның денесінен дүние жаратылады», – деген пікір айтады.

Көне заманда Күн мен Ай, аспан мен жұлдыздар жөніндегі аңыздар адамдардың өмірінде кең орын алған. Күн сәулесінің жер бетіндегі

тіршіліктің өміріне тигізетін шешуші рөлі сол заманда-ақ анықталып, Күн Құдайы негізгі табынатын құдайлардың біріне айналған. Сонау көне заманда пайда болған дөңгелек Күнге ұқсатылып жасалған. Мысалы, біздің ертедегі бабаларымыз аспанға (тәңір, қытайша – тян) табынып: «Жер мен тіршілікті, адамды жаратқан – сол аспан Құдайы», – деп есептеген.

Қоршаған ортадағы өзгерістер, қайталау үдерістері, жыл маусымдарының, күн мен түннің ауысып отыруы, жер сілкіну, дауыл, топан су, т.с.с құбылыстар көне мифтерде жұлдыздар мен планеталардың орналасуымен, солардың ықпалымен түсіндірілді. Аспандағы жұлдыздардан тұратын фигуралар жердегі ахуалды, болашақта болатын оқиғаларды анықтайды деп есептелді. Бүгінгі астрологиялық болжамдар сол көне замандағы пайда болған мифтерге сүйенеді.

Көп халықтардың мифтерінде ерекше орынды Құдай-әйел алады (қазақтың Ұмайы, гректердің Деметрасы, т.с.с). Құдай-әйел – құнарлылықтың, жер бетіндегі тіршіліктің әміршісі. Ол – аңшыларға сәттілік әкелетін, жер мен мал шаруашылығында мол өнім тудыртатын Құдай.

Әлемдегі Құдайлар мен адамдардың қарым-қатынастарына арналған мифтердің де орны бөлек. Ертедегі халықтардың мифтерінде әрбір табиғат құбылысын тудыратын өз Құдайлары болды. Мысалы, үнді халқы өз мифологиясында 3000-нан аса Құдай бейнесін жасады. Құдайлар грек мифологиясында да өте көп.

Біріншіден, Құдайлар – мәңгілік жандар, ал адам болса дүниеге уақытша келеді. Себебі, Құдайлар алғашқы мәңгілік табиғат заттарынан жаратылған, ал адам болса ол – бір мифтерде Құдайлардың саздан жаратқан пендесі, екіншілерде – Құдайдың сөзінен пайда болған. Бірақ, дегенмен қайсыбір миф адамға егер сол адам өзінің ізгі өмірімен, тазалығымен құдайлардың мейірімін туғызса, кішкентай да болса, мәңгілік өмір сүру мүмкіншілігін қалдырады.

Екіншіден, аспандағы Құдайлардың өмірі жердегі адамдардың өміріне өте ұқсас. Құдайлар да адамдар сияқты күледі, жылайды, қуанады, өкінеді, ғашық болады, т.с.с. Оны біз мифтегі **социоморфизациялаудың** нәтижесі деп түсінуіміз керек (societas – лат. сөзі, қоғам, morphe – грек сөзі, форма, түр).

Әрине, мифтердің орасан үлкен бөлігі – батырлар хикаялары (Қобыланды, Шора, Алпамыс, т.с.с.). Батырлар – бұрынғы заманда өмір сүрген бабалар, олар өздерінің өжеттігімен, зор күш-қуатымен ерекше бейнеленеді. Олар өздерінің ғажап істерімен халыққа жасаған ізгі жақсылықтары арқылы адамдарды неше түрлі қиындықтардан аман-есен алып шығып, бақытты өмірге жетелейді.

Мифологиядағы тағы бір ерекшелік – ол адамның жан дүниесін, сезімдерін ерекше **Құдайдың іс-әрекетінен** шығаруы. Бұл сонау

көне заманда пайда бола бастаған діннің, адамның өз ішкі рухани өміріне үңіліп, таным жолына қоя бастағанының кепілі болып табылады. Мысалы, грек мифологиясындағы кейіпкерлер ғашық сезіміне шомылса, ал Афродита: «Ғашықтық – Құдайдың ісі», – деп түсінеді. Егер еске түсіру Құдайы – Мнемосина көмек берсе, адам есіне өткен оқиғаларды түсіреді, егер Муза Құдайлары көмектессе, онда адамға шабыт бітіп, ол өнерде шығармашылық туындыларын жасайды.

Сонымен, мифология, қай халық болса да, оның мәдениетінің түпнұсқасы ретінде бүгінгі заманға дейін сақталып, қазіргі жазушылар мен күйшілердің, мүсіншілер мен өлеңшілердің шабыт қиялын оятып, шығармашылығына зор әсерін тигізеді. Және әр заманның өкілдері мифтегі мазмұнға өз уақытына сәйкес баға беріп, осы уақытқа шейін ашылмаған сыр іздейді. Мысалы, Прометей жөніндегі мифті алсақ, ол Зевсті алдап, адамдарға от әкеліп, оны қалай пайдалану керектігін түсіндіріп, әртүрлі қолөнерге үйретті. Өз еркіне көнбегені үшін Зевс оны Колхидадағы биік таудың тасына шынжырлап тастады. Күндіз үлкен бүркіт келіп, оның бауырын шұқып жейді, ал түнде оның бауыры бұрынғы қалпына келіп үлгіреді, келесі күні бүркіт тағы да ұшып келеді… Тарихтағы Қайта өрлеу дәуірінен бастап осы уақытқа шейін Прометей кейпі өнер адамдарының, философия, әдебиет қайраткерлерінің шығармаларында әртүрлі ойларды туғызып отыр. Солардың басымы – Прометейді адамды сүюдің, риясыздықтың, ізгіліктің, ержүректіктің нышаны десе, соңғы кездегі адамзаттың экологиялық дағдарысқа келіп тірелуі, рухани азғындауы Прометейдің кейпіне кейбіреулердің керісінше қарап, оны Құдайдың көрсеткен алғашқы жолынан тайдырушы, тәкаппарлықтың белгісі деп түсінуде.

Гректің келесі Сизиф жөніндегі мифін алсақ (Sisyphus – латын сөзі, адамның аты), онда оған берілген Құдайдың жазасы: үлкен тасты домалатып, таудың басына шығарып орнату керек. Бірақ ол тас таудың басында орнықпай, төменге қарай домалап кетеді. Ал Сизиф болса тағы да төменге түсіп, оны жоғарыға итеруге тиіс… Бірақ XX ғасырда өмір сүрген француз ойшылы А.Камю гректің бұл мифінен адамның Құдайдың өзіне парапарлығын байқаған. Күнбе-күн үлкен тасты таудың басына шығарып, қайта-қайта төменге домалаған тасқа бара жатқан шағында ол көкке көз жіберіп, Құдайдың әділетсіз жазасына қанша қиналса да, өзінің көнбегенін көрсетеді…

Бүгінгі өмірде ғылым мен техниканың, гуманитарлық (humanitas – латын сөзі, адамгершілік, адамзат) пәндердің дамуына қарамастан, мифтерге сену, олардың жаңа түрлерін тудыру осы уақытқа шейін жалғасып келе жатыр. Мысалы, адамдардың ғарыштағы басқа саналы пенделермен кездесуге деген бітпес құштарлығы аспаннан ұшып келген

неше түрлі тәрелкелер жөнінде, ондағы жандардың адамға ұқсас екені, жер қызының ғарыштан келген жігітке ғашық болғаны жайындағы мифтерді атап өтуге болады. Сөйтіп, бүгінгі таңда, сонау мыңдаған жылдар өткен замандағы сияқты, қазіргі мифтің мазмұнынан біз жоғарыда көрсетілген антропоморфизациялауды байқаймыз.

Әсіресе қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық қиындықтар, адамның рухани өмірінің өзегін құрайтын құндылықтардың күрт өзгеруі қоғам өмірі жөнінде, билік басында отырған адамдар, олардың отбасылары, өмір салты туралы неше түрлі мифтерді тудырып отыр. Әрине, оларды тудыратын – халық, бұл мифтерде адамдардың жақсы өмірге деген ұмтылысы, өмірдегі болып жатқан көп әділетсіздіктерді қабылдамауы байқалады.

Уақыт өте келе, мифологияның шеңберінен **дін** бөлініп шықты, сонымен қоғамға дүниеге деген көзқарас, дүние сезімінің **жаңа түрі** келді. Дін де мифологияға ұқсас синкретикалық табиғатымен, сонымен қатар дүниені фантастикалық бейнелеуімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар бұл құбылыстардың негізгі айырмашылықтары: мифте шынайы өмір мен қиял бір-бірімен араласып жатса, дінде «бұл дүние» мен «о дүние» бір-бірінен анағұрлым алшақ жатыр. Өйткені егер бұл дүниедегінің бәрі де өтпелі, кемшілікті, өз-өзіне жеткіліксіз болса, о дүние – мәңгі, әсем, бақытты, жетілген т.с.с.

Дінде ең құдіретті жасампаз – **Құдай табиғаттан жоғары және бөлек** тұр. Оны ғылыми жолмен танып-білу мүмкін емес, ол адамға аян арқылы беріледі де, адамның жан дүниесінде терең сенім сезімін туғызады.

Сенім дегеніміз – белгілі бір қоғамдағы уағыздалатын пікірлерге, нәрселерге берілу, олардың шындығын тексеру, я болмаса дәлелдеуді қажет етпеу. Осы тұрғыдан алғанда, сенімді екіге бөлуге болады. Олардың бірі – **ғылыми сенімдік.** Оған қазіргі адамдардың ғылым мен техниканың жетістіктеріне, олардың болашақта адамзат өмірін түбегейлі өзгертетіне сенуін жатқызуға болады. Оны философияда **сциентизм** ия болмаса **технократизм** дейді (scientia – латын сөзі, білім, ғылым, techne – грек сөзі, өнер, жасай білу, шеберлік, cratos – грек сөзі, билік).

Сенімнің екінші түріне адамзаттың күнделікті тәжірибесінен, я болмаса ғылыми деректерден шықпайтын, тіпті оған қайшы келетін қиялдарға илану және соларды адамның **өз-өзіне иландыруы** жатады. Міне, сенімнің осы соңғы түрі қайсыбір **діннің негізін** құрайды.

Діннің негізінде Құдайдың өз еркімен адамдарға пайғамбарлар арқылы берген белгілі бір тұжырымдары жатады. Олар адамдардың

іс-әрекетін, жүріс-тұрысын, ойлау өрісін анықтайтын абсолютті қағидалар (absolutus – латын сөзі, шектелмеген, сөзсіз).

Мұндай қағидалардың жиынтығы діни көне құжаттарды құрайды. Оларға Құран, Таурат, Талмұд, Інжіл т.с.с. киелі кітаптарды жатқызуға болады. Бұл кітаптарда Құдайдың құдіретті күшін көрсететін неше түрлі табиғат заңдылықтарына бағынбайтын, оларды бұза алатын ғажайып оқиғалар жазылған. Солардың ішіндегі ең ғажабы – адамның рухының, жан дүниесінің өлместігі.

Құдайдың құдіретті күшін мойындай отырып, қайсыбір дін берген өмір сүру нормаларын әрқашанда қоғамдағы адамдардың толық орындамай, бұзып отыратынын көрсетеді. Діннің заңдарын бұзған адам күнәға батады, бірақ ол өзінің ізгі істерімен болашақта Құдайдың кешіріміне жете алады.

Діни сенімнің қайнар көзі – адамның дүниені сезімдік-құндылық тұрғыдан игеруінде, ал дүниеге деген ақыл-ой, парасат арқылы келген көзқарастарға дін қарсы келеді.

Ғасырлар бойы жиналып келе жатқан ғылыми деректер, қоршаған ортадағы білім мен ақыл-ойдың негізінде жасалған күрделі өзгерістер діннің өрісін тарылтып, оның ғылымға жақын түрлерін тудырады. Негізінен, біз оларды пантеизм және деизм дейміз (pan – грек сөзі, бәрі, theos – құдай, deus – латын сөзі, құдай).

Пантеизм дегеніміз – Құдайды табиғаттың ішінде еріту, **табиғаттың өзін Құдай** ретінде түсіну. Құдайға деген мұндай көзқарастың шеңберінде «табиғатты жарату» мәселесі құр босқа қалып қояды.

Деизмді алатын болсақ, онда Құдай мойындалғанмен, оның рөлі тек дүниені өзінің құдіретті күші арқылы жаратуымен танылады. Жаратылған дүние ары қарай өзіне тән ішкі заңдылықтары арқылы өмір сүре береді, оның болашақ дамуына Құдай кіріспейді.

Діннің дүниеге келуінен бастап, оның негізгі қағидаларына күмәнданған **атеистік** көзқарастар да туды (atheos – құдайсыз, құдайға қарсы, грек сөзі). Бүгінгі заманда Дүниеге деген атеистік көзқарас ұстаған адамдардың саны аз емес.

Діннің бүгінгі адамзатқа аса тартымды жағы ол тек қана қоршаған ортаны түсіну емес (ғылымның жетістіктері бұл қажеттікті анағұрлым жақсы орындайды), ол – оның адамзаттың рухани тәрбиешісі, адамдардың бір-бірімен байланыстары, қарым-қатынастарын ретке келтіруші қызметі. Яғни дін қоғамдағы **мораль** (mores – латын сөзі, әдет-ғұрып) **саласын** өзіне тартып, бойына сіңіріп, өзінің жүйесінің ажырамас бір бөлігіне айналдырып, оның қағидаларын өз мүддесіне жаратады. Сонымен, қайсыбір дін мыңдаған жылдар бойы қоғам өмірінде қалыптасқан жалпы адамгершілік нормаларды (norma – латын сөзі, басшылықтың бастамы, тәртіп, нұсқа) діни моральдық қағидаларға

айналдырады. **Моральдық борыш, жауапкершілік, тиістілік** дінде Құдай алдындағы адамның **борышына, парызына** айналады. Адамның жүрегіндегі сүйіспеншілік сезімі нақтылы қоршаған адамдардан гөрі, Құдайға деген сүйіспеншілікке айналады. Осының арқасында моральдық құндылықтар Құдайға сенудің негізінде адамның жүрегіне, жан дүниесіне тезірек кіріп, оның жүріс-тұрысына зор әсерін тигізеді. Атеистік бағыт ұстаған адамға қоғамдағы моральдық нормаларды өзінің рухани өміріне кіргізу үшін олардың мазмұнын талдап, оған керек пе, жоқ па, соны өзінің білімі, парасаты арқылы саналы, дәлелденген сенімге айналдыруы керек. Ал бұл жол – өте қиын жол.

Сонымен қатар діннің ішінде жалпыадамзаттық құндылықтардан басқа, соларға қайшы келетін нормалар да болуы мүмкін. Мысалы, Иса пайғамбардың: «Мен сендерге бейбітшілік емес, қылыш әкелдім», – деген қағидасы бар. Ал ислам дініндегі «жихад», «ғазауат» деген нормалар дінге сенбегендерге қарсы күреске шақырады. Адамзат тарихында талай діни соғыстар болып өтті. Қазіргі Балқан елдеріндегі, Израиль мен Ирактағы қақтығыстардың негізінде де діни, этностық қайшылықтар жатыр.

Құдайдың құдіретті күшіне сенушілік ертелі-кеш соған **табынуға** әкеліп соғады. Дінге табынушылықтың негізінде әртүрлі діни мекемелер мен ұйымдар (шіркеу, мешіт, синагога және т.б.) пайда болады.

Діннің пайда болып, дамуы жолында біршама себептер бар.

Біріншіден, дін мифологиялық санаға қарағанда, адамның дерексіз ойлау қабілетінің анағұрлым биік дәрежеде дамуын талап етеді (о дүние, мәңгілік, шексіздік, әсемдік, ізгілік және т.б. ұғымдардың пайда болуы).

Екіншіден, адамның шынайы дүниедегі, әсіресе қоғам өміріндегі себептік-салдарлық, қажеттік және кездейсоқтық т.с.с. байланыстар мен қатынастарды сезініп, соларды түсінуге деген өшпес сезімі. Бірақ олардың мәнін дұрыс түсіне алмағаннан кейін, адамдар табиғаттағы заңдылықтарды неше түрлі құдіретті күштерге теңеп, соларға табыну арқылы оларды адамға керек бағытта өзгертуге ықпал жасауға болатынына сенді.

Үшіншіден, адамның әлеуметтік өмірдегі зардап шегуі, езілуі, зорлық-зомбылықтың жақсылық пен ізгілікке қарағанда басымдылығы оның көкейінде бұл дүниедегі өзінің өміріне қанағаттанбай, әрдайым шынайы құндылықтарды армандап, оның әлемін о дүниемен теңеуге әкеліп соқты.

Төртіншіден, адамның өз өмірінің уақытшалығы әрдайым оның өлместікке деген қиялын оятып, оның мәңгілік, кемеліне келген бақытты дүние болуы керек деген ойын туғызды.

Басқа қоғамдағы сан алуан құбылыстар сияқты, дін де тарихи өзгерістерге түсіп, өзінің әртүрлі бағыттарын тудырды. Бүгінгі таңда жер бетінде негізгі үш әлемдік дін бар. **Христиан** дініндегі негізгі идея – эсхатология (eschatos – соңғы, грек сөзі, logos – ілім) тарихтың, дүниенің соңында Мессияның (құтқарушы) екінші келуі, тірі және өлген адамдарды таразыға салып, біреулерін – тозаққа, екіншілерін мәңгі жұмаққа аттандыру. Христиан дінінің негізгі қағидасы – **сүйіспеншілік** және оны уағыздауда осы дін өте биік, яғни жай адамның мүмкіншілігінің шеңберінен шығып кететін дәрежеге дейін көтеріледі (өздеріңнің жауларыңды да сүйіңдер!).

Ислам діні де осы дүниені жаратқан бір Құдайды – Алланы, оның құдіретті күшін мойындайды. Бұл діннің негізгі ерекшелігі – Құранда жазылған қағидалар адам өмірінің барлық жағын үйлесімді түрде ретке келтіріп отыруға тиіс. Сондықтан ислам діні қоғамның мемлекеттік істеріне, саясатқа белсенді ықпал жасауға тырысады (Ауғанстан, Пәкістан, Иран). Ислам діні басым елдерде шариғаттың негізінде өмір сүретін исламдық құқықтық мемлекет орнату идеясы көптеген адамдардың мақсатына айналуда.

Ислам дінінің негізгі қағидасы – **мейірімділік**, қайыршыға, кемтар адамдарға қол ұшын беру (садақа), зекет төлеу (адамның өз еркімен әлеуметтік салаға кемінде жылдық табысының 2 пайызын беріп отыруы), т.с.с. міндеттері бар. Бұлардың бары де ислам дінінің әлеуметтік-демократиялық жақтарының үлкен ықпалын көрсетеді.

Үшінші әлемдік дін – **буддизм**. Бұл діннің негізгі ерекшелігі – оның этикалық-практикалық бағыттануы (ethos – грек сөзі, әдет-ғұрып, prakticos – грек сөзі, белсенділік, іскерлік). Бұл өмірде (бейнеленген болмыс) адам зардап шегеді. Оның себебі – адамның өмірге деген құштарлығында, оның қызығына тоймауында. Ал зардаптан құтылу үшін адам бұл бейнеленген болмыстан бас тартуы керек. Ол үшін адам нирвана (сөну, өшу) дәрежесіне көтеріліп, бейнесіз болмысқа өтуі керек. Сонда ғана адам өмірдегі зардаптан құтыла алады. Дүниежүзілік мәдениетте мұндай өмірден бас тартуға шақыратын бірде-бір философия жоқ сияқты.

Буддизм дінінің тартымды жақтарының бірі – **ахимса** (зияндық жасамау) қағидасы, яғни өмір сүріп жатқан бүкіл тіршілікке тиіспеу, зорлық-зомбылық арқылы зұлымдыққа қарсы тұрмау, адамдар мен халықтардың арасында жеңген де, жеңілген де болмауға тиіс.

Буддизмнің бұл қағидалары бүгінгі таңдағы дүниеден ләззат іздеген, гедонизм (gedone – грек сөзі, рахат, ләззат) жолына түсіп, жер бетінде экологиялық дағдарыс туғызған қазіргі Батыс өркениетіне наразылық көзбен қарайтын миллиондаған адамдардың жүрегіне жақсы ұялайды.

XX ғасырда бұрынғы Кеңес Одағының шеңберінде социалистік қоғам құру барысында **жаңа ағарған дінді** адамдардың жан дүниесіне кіргізу (**марксизм-ленинизм**) амалы, бұрынғы діндермен күресу, оларды қоғамның рухани өмірінен сырттату саясаты жүргізілді. Жалпы алғанда, марксизмді Батыс Еуропа ой жүйесінің логикалық соңы ретінде қарауға болады. Бұл ілім бойынша адамзат болашақта жер бетін, қоғам өмірін қайта өзгертіп, сол өзгерісті жасау барысында жаңа адам дүниеге келеді. Оған мемлекеттік басшылық, заңдар керек емес. Ол тек қана адамгершілік нормалардың шеңберінен шықпай өмір сүреді. Жаңа адам жан-жақты және үйлесімді түрде өзінің дарындары мен қабілеттерін дамытып, өзіне керек барлық қажеттіліктерін кедергісіз өтей алады.

Алайда мұндай «жердегі жұмақ» орнатуға бағышталған орасан зор ерлік және сонымен қатар қайғылы да аянышты әлеуметтік тәжірибе 70 жылдан кейін қоғамды тарихи тұйықтыққа әкеліп тіреді. Коммунизмнен күдер үзген миллиондаған адамдар өздерінің өмірлерінің мәнмағынасын іздеу жолында бүгінгі таңда бұрынғы әлемдік діндердің шеңберіне қайта оралды.

Алайда қазіргі адамзатты бірде-бір дүниежүзілік дін толығынан қанағаттандырмайды. Сондықтан, бір жағынан алғанда, қайшылықтарға толы өркениетке бүкіл адамзаттың басын біріктіретін бір ғана дін болуы қажет сияқты. XIX ғасырдың ортасында Иран топырағында пайда болған Бахаизм діні сол рөлді өз мойнына алып, орындауға тырысуда.

Екінші жағынан, XX ғасырда болған екі дүниежүзілік соғыс, миллиондаған адамдардың қырылуы, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану жолындағы теріс салдарлар, тірі табиғаттың әлсіреуі көп адамдардың қайтадан көне табиғатқа табынатын діндерге жаңа дәрежеде қайтып оралғысы келетінін сездіреді.

§ 2. Философия – ғылым ба, әлде өнер ме?

Жоғарыда атап өткеніміздей, дүниеге деген діни көзқарасқа қанағаттанбаушылық сонау көне заманның өзінде-ақ пайда болып, аса ұлы тұлғалардың дүние мен адам қарым-қатынасы жөніндегі **ақыл-ойға негізделген** сұрақтары мен жауаптарының дүниеге келуіне себеп болды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Философия – ақыл-оймен ұсталып қалған тарихи дәуір» деген Гегельдің берген анықтамасында терең сыр жатса керек.

Әрине, дін де, философия сияқты, шынайы ең биік рухани құндылықтарды, адамның өмір жолының адалдығын уағыздайды, бірақ

олардың қайнар көзін «о дүниеден» табады. Философияны алсақ, сонау Көне Грекиядағы алғашқы пайда болған «Милет мектебі» өкілдерінің қойған: «Дүниенің негізінде не жатыр?» – деген сұрағынан бастап, осы күнгі ойшылдардың: «Адамзаттың болашағы бар ма, ия болмаса ол өзін-өзі экологиялық апатқа, дүниежүзілік ядролық соғысқа әкеліп өлтіре ме?» – деген сұрағына дейін, бұлардың бәрі де ақыл-ой таразысына салынып, парасат шеңберінде талданады.

Философияның басқа өмірге деген көзқарастардан айырмашылығы – оның **рационалдығында** (ratio – латын сөзі, ақыл-ой). Жалпы алғанда, философия қоғамдық сананың ғылыми саласының шеңберінен шығып кетпеуге тырысады, осы мақсатқа жету үшін өзінің категориялық (categoria – грек сөзі, белгі, пікір айту, айыптау) бүкіл ғылымның жетістіктеріне, адамзаттың мыңдаған жылдық өмірден алған тәлім-тәжірибесіне негізделген жүйесін қалыптастырады.

Сонымен қатар философияны басқа жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен салыстырсақ, оның ерекшеліктерін де байқауға болады (humanus – латын сөзі, адамдық, адамгершілік).

Біріншіден, философиялық **категориялардың** (ұғымдардың) **шегіне жеткенше жалпылығын** атап өтуге болар еді. Олар болмыс пен ойлаудың ең маңызды және мәнді терең байланыстары мен қатынастарын көрсетеді. **Жеке ғылымдар** тек қана дүниенің **белгілі бір бөлігін** ерекше нысан (objectum – латын сөзі, зат) ретінде қарап, соның мәнді байланыстары мен қатынастарын зерттейді.

Екіншіден, философия, басқа ғылымдар сияқты, ғылыми деректерді пайдаланады. Бірақ философиялық деректердің айырмашылығы – ол жеке ғылымдарда сарапталған, белгілі бір **теориялық орта деңгейге** көтерілген білімді **дерек** ретінде қорытады, әсіресе бұл философияның **онтология** және **гносеология (эпистемология)** салаларына тән нәрсе (ontos – грек сөзі, болу, өмір сүру), (gnosis – грек сөзі, білім, таным).

Үшіншіден, философияда ғасырлар бойы жиналған сан алуан теориялық жүйеге келтірілген көзқарастарды кездестіруге болады. Бірақ, соған қарамастан, бұл ғылымның саласында үзілді-кесілді шешілген барлық философиялық қауымның бір ойынан шығатын бірде-бір тұжырымдамасы жоқ сыңайлы. Философия саласында қызмет еткен ірі тұлғаның **өзіндік дүние сезімі, түсінігі, көзқарасы** қалыптасады. Сондықтан біз Платон, Спиноза т.с.с. ірі тұлғалардың философиясын ерекше түрде басқалардан бөліп алып зерттейміз.

Ал жеке ғылымдарды алатын болсақ, ондағы ашылған табиғат сырларын, жасалған теориялар мен тұжырымдамаларды сол саладағы ғалымдар мойындайды. Мысалы, физика саласында қазақ, американ ия болмаса араб физикасы жоқ, бұл ғылымның жетістіктері бүкіл адамзатқа ортақ және өткен ғасырларда ашылған жаңа-

лықтар мен жасалған теориялар үйлесімді түрде жаңа жасалған тұжырымдамалардың ажырамас бағынышты бөлігіне айналады, олар бір-біріне қарама-қайшы келмейді.

Философияға келер болсақ, ондағы сонау көне заманда қойылған метафизикалық сұрақтар осы күнгі ұрпақтарды да тебірентеді, оларға **әр дәуір өзіндік жауабын** ұсынады (metaphysica – грек сөзі, физикадан кейін, яғни болмыс жөніндегі тәжірибенің шеңберінен шығып кететін мәселелер).

Оқырманның байқағанындай, философия статусы (status – латын сөзі, мәртебе) жеке ғылымдарға қарағанда анағұрлым кеңірек, сондықтан **Батыс елдерінде философияны** тіпті **өнер саласына** жатқызатыны мәлім (the Art – ағылшын сөзі, өнер).

Мысалы, А.Шопенгауер: «Философия ғылымының кемшіліктері – оның ғылым жолымен дамуында, ал, шынында, философия көркемөнердің бір түрі ғана», – деген пікір айтқан болатын.

Егер біз философияны көркемөнер саласымен салыстырсақ, онда біз олардың бір-бірімен біршама көп ұқсас жақтарын ашуымызға болады.

Жоғарыда айтылғандай, философия саласында қызмет еткен әр ірі тұлға осы ғылымның тарихында өзінің ерекше дүниетанымы, дүниетүсінігі, көзқарасымен ерекшеленіп, ешқашан бұрын-соңды қайта-ланбас орын алады. Сондықтан қанша ірі тұлға философияға атсалысса, соншалықты философияның түрлері бар деп айтсақ, артық болмайды.

Өнер саласындағы туындылар да бір-бірін қайталамайды, онда өнерпаздың дүниеге деген тұлғалық-сезімдік қарым-қатынасы өзгеше болып көрініп тұрады.

Философиядағы әрбір тұлға өзгеше орын алғаннан кейін, біздің алдымызда **таңдау** мәселесі пайда болады. **Философияда талғамдық бар.** Біреуге Гегельдің философиясы ұнаса, екіншіге Фейербахтан асқан ойшыл жоқ сияқты. Осы себептен кейбір уақытта философияның белгілі бір ағымы басқалардан гөрі басымырақ әсерін тигізіп, сол дәуірдің рухани өмірінің өзегіне айналуы мүмкін. Мысалы, діни философия – орта ғасырларда, маркстік философия – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші жартысында, экзистенциализм – XX ғасырдың 60-70 жылдарында т.с.с. И.Фихтенің айтқанындай, философиялық жүйені таңдау – адамның өзінің кім екеніне байланысты, өйткені философиялық жүйе соны жасаған адамның жан дүниесі арқылы жанданған. Бұл жағынан алып қарағанда, философия көркемөнерге ұқсас.

Жеке ғылым салаларына көз жіберсек, онда талғам мәселесі толығынан жоқ сияқты. Физика, я болмаса биологиядағы теорияларды жасаған авторларды көбінесе көзі тірі кезінде айтамыз, соңынан

олардың ашқан жаңалықтары сол ғылымның бір тарауын құрап, бейтұлғалық объективтік заңға айналып кете барады (objectum – латын сөзі, зат, қарсы қоямын).

Шынайы философиялық шығармалар, көркемөнердегі ұлы туындылар сияқты, адамның жүрегінде, ой-өрісінде өшпес із қалдырады, оның жан дүниесін ұлылық, құлаштап жетпес биіктік, әсемдік, гармониялық сезім билейді (harmonia – грек сөзі, үйлесімділік, қарама-қарсылықтың бірлігі).

Философияны өнерге жақындататын келесі мәселе – дүниенің біртұтастығын көрсету, ішке және сыртқа қарай шексіз дүниенің суретін жасау – философия саласындағы ең қиын істің бірі. Өйткені дүние жөніндегі ғылыми деректер әр уақытта өзінше шектелген. Олай болса, тек қана ғылыми жолмен шексіз дүниені шектелген білім арқылы біртұтас ретінде суреттеу мүмкін емес. Ал, бірақ адамның жүрегінде дүниені толығынан түсіну ұмтылысы ешқашан-да бітпес құштарлық болып қала береді де, әртүрлі дүние суретін тудырады. Ол үшін философ өзінің дүниесуретін ғылыми деректер жетіспеген жағдайда **қиял арқылы** толықтырады, **сезім толқындарымен** бояйды. Олай болса, философия өзін тудырған мифологиядан толығынан бөліне алмайды. Философия мен көркемөнердің бір-біріне жақындығын, бір-біріне өтіп жатқанын айқын көрсететін нәрсе – тарихтағы ұлы тұлғалардың шығармалары. Оған Платонның «Диалогтарын», нақыл сөздерін, Ницшенің афоризмдерін, Камюдің эсселерін жатқызуға болады, өйткені олардың философиялық мазмұны көркем сөзбен берілген. Ал Абайдың өлеңдері мен Әуезовтің романдарында Достоевский, Толстой сияқты орыстың ғұлама жазушыларының шығармаларында терең философиялық сыр жатыр, (dialogos – грек сөзі, екі адамның айтысы. Essentia – мән, латын сөзі, қысқаша жазылған көркем терең мазмұнды шығарма).

Философияның тағы бір ғажап жағы – оның өз бойына **мистикалық трансценденттік** (mystikos – грек сөзі, құпия; transcendere – аттап өту, латын сөзі) қасиеттерді сіңіруі. Дүниені трансценденттік жолмен игерудің керектігі – оның тұңғиықтығында, шексіздігінде, әлі ашылмаған құпия сырларында. Екінші жағынан алып қарағанда, адамның өзінің жан дүниесі де, ішкі рухани өмірі де шексіз терең. «Өзіңді тани біл» деген көне заманнан бері келе жатқан қағида әрқашанда мазмұнды болмақ. Сонымен, ішке және сыртқа қарай трансценденттік бір-бірін толықтырып, адамның қол астындағы болмысты, жиналған тәжірибені аттап өтіп, дүниенің ең терең жақтарын мистикалық сезіммен қамтуында, адамның осы шексіз дүниенің ажырамас тамшысы ретінде сезінуінде жатыр. **Трансценденттеу** дегеніміз – ақыл-ойдың шеңберінен аттап өтіп, дүниенің танылмайтын алғашқы

негіздерін, өмір сүріп жатқан болмыстың құпиясын **іштей сезіну**, өз болмысыңның дүниенің терең жатқан сырымен біртұтастығын сезіну. Бұл жағынан алғанда, философия діни сезімге жақындап, кейбір кезде **діни философияға** айналып кетуі мүмкін.

Философиялық білімді тек қана дүние мен танымның ең жалпы заңдылықтарына, универсалияларына (universalis – латын сөзі, жалпы ұғым) теңеуге болмайды.

Өйткені көне заманда бұл пәнге берілген аттың өзі – философия (phileo – грек сөзі, сүю, sophia – даналық) оның іс жүзінде өмірге лайықтылық жағын көрсетеді. Шығыс пен Батыстағы философия бастауындағы тұлғаларды (қытайдағы Кон-Фу-Цзы, Лао-Цзы, грек-тердің «Жеті данасы», парсы елінің Заратустрасын алсақ, олар, негізінен, адам бұл тіршілікте қалай өмір сүруі керек, қандай құндылықтарды сыйлауы керек, жақсылық пен зұлымдық, сұлулық пен түрсіздік дегеніміз не, адам өмірінің мән-мағынасы неде деген сұрақтарды қойып, соларға жауап беруге тырысқан.

Шынында да, **даналық** дегеніміздің өзі **білімділікпен тепе-тең емес.** Оның өзегі – адам өмірінің мән-мағынасын анықтайтын мыңдаған жылдар бойы жиналған өмір тәжірибесі мен моральдық құндылықтардың және ережелердің біртұтастығында.

Философиядағы құндылықтар адамды айнала қоршап шектелген, толымсыз болмыстан **тиістілік әлеміне** ұмтылдырады. Қазақстанның белгілі ғалымы, профессор К.Әбішев философияның ерекшелігін оның ұсынатын бағыты болуға қажетті, болуға лайықты, болуы мүмкін, тіпті болуы парыз іспетті нәрселерден көреді. Мұндай пікірмен толығымен келісе аламыз. Өйткені адамның рухани өмірі сан алуан ойлар мен болжамдарға, күңгірт және әсем сезімдерге, жоспарлар мен үміттерге т.с.с. толы. Адам өзін қоршаған нақтылы болмыстың шеңберінен әрқашанда шығып кетіп, әлі өмірде жоқ, бірақ **болуға тиіс** дүниеге жетуге тырысады. Сөйтіп, құндылық әлемі оның өмірінің мақсат-мұраты мен мән-мазмұнына айналады. Бұл күрделі мәселелерді философияның **аксиологиялық** (aksios – құндылық, құндылықтар ілімі) жағы деуге болар еді.

Адам өмірінің құндылықтары сан алуан. Оларды, негізінен алғанда, екі үлкен топқа – **материалдық және рухани құндылықтарға** бөлуге болады. Қарапайым адамдардың көпшілігі өмірдің мән-мағынасын материалдық құндылықтарды жинаудан, байлыққа ұмтылудан көреді. Американ философы Э.Фромм бұл құндылық бағытын **«алу»** санатымен көрсетеді. Ал екінші бағытты – адамның рухани ізденісін, оның шындық, әсемдік, жақсылыққа, шығармашылық деңгейіне ұмтылысын өмірде **«болу»** санатымен ұштастырады.

Бұл тұрғыдан алғандағы философияның негізгі қызметі – құндылықтар әлемін сараптау, әлеуметтік өмірде қандай құндылықтар болуы керек, болуға тиіс, – соларды негіздеу болып табылады.

Қоғам өміріндегі әрбір әлеуметтік топтың өзінің алатын орны, соған сәйкес мүдделері мен мақсат-мұраттары болғаннан кейін, олар белгілі бір философиялық бағытта негізделмей қоймайды. Әлеуметтік болмыс белгілі бір топтың мүддесінен өтіп барып бейнеленеді, яғни бұрмаланады. Ал мұның өзі сол топтың құндылық әлемін таңдауына өзінің зор әсерін тигізеді. Біз мұны философияның **идеологиялық** жағы деп түсінеміз (idea – идея; logos – ілім, алғашқы кейіп). Сөйтіп, философия таптық қоғамда сондағы идеологиялық және саяси қақтығыстарға қатыспай қоймайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, біз философия пәнінің күрделі де біріктіргіш (integratio – латын сөзі, біртұтас, қалпына келтіру, толықтыру) білім, дүниеге деген көзқарас екенін байқаймыз.

Философияның тағы бір елеулі ерекшелігін алатын болсақ, ол – XX ғасырда пайда болған **тілге** деген үлкен **қызығушылық**. Белгілі орыс философы В.В.Бибихиннің: «Философия – қабылдайтын түсінік ретінде өзінің дүниеге ашықтығымен тілге тең», – деген пікірінде үлкен сыр жатса керек. Ал неміс философы Г.Г.Гадамерді алатын болсақ, ол: «Тіл дегеніміз – барын қамтитын дүниенің алдын ала берілген түсінігі», – дейді.

Расында да, сәби ананың ақ сүтімен, әлди-әлди өлеңімен бірге өзінің жан дүниесіне туған тілін сіңіріп, жарық дүниенің есігін алғаш ашып, өмірге деген дүниетанымы мен түсінігін, ер жете келе көзқарасын қалыптастырады. Қайсыбір халық өзінің тарихи мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тілі арқылы қоршаған болмысты өзінше бейнелеп, сезінеді. Сондықтан атақты неміс философы М.Хайдеггердің: «Тіл – болмыстың үйі», – деген нақыл сөзінде үлкен мән-мағына жатыр, олай болса, әр халықтың тіліне сәйкес философиясы, өмір салты, әдет-ғұрпы, рухани өмірі, ділі бар және ол – оның өшпес құндылығы, өйткені **тіл жоғалған жерде халық өз-өзінен айырылады.** Мүмкін, ол халық тіршілікте болуы мүмкін, бірақ ол **тарихтың субъектісі ретінде өшеді.** Олай болса, қазіргі қазақ халқының XXI ғасырдың басындағы тарихи шешуші сатысындағы негізгі мәселелерінің бірі – ол өз тілін жаңа дәрежеге көтеру, ұмыт қалған мыңдаған сөздерді бүгінгі тілге енгізу, ата-бабаларымыздан қалған негізгі байлықты мақтан ету, оны бүкіл Қазақстан халқы сыйлайтын шынайы мемлекеттік тілге айналдыру. Ал қазақ зияткерлерінің (intellectus – латын сөзі, тану, білу, ой еңбегімен шығармашылық деңгейде айналысатын адамдар) негізгі істерінің бірі – туған тілді аса ұқыптылықпен тыңдау, ұмыт қалған

сөздердің мәнін ашу, уақытпен бүркеленген сөздің сырын, шынайы көне дүние-танымдарды жандандыру, соның негізінде **жаңа шабыт, ізденіс, ұмтылыс** тудыру болмақ.

Екінші жағынан, ұлттық философиядағы өмір құндылықтары терең зерттеліп, олардың адамды қалыптастырудағы, тәрбиелеудегі мүмкіншілігі қазіргі өтпелі заманда толығынан пайдаланылуы керек. Өмірдің талабына сәйкес біз «ашық қоғам боламыз» деген ұранмен Батыстың қазіргі мәдениет, рухани саладағы құндылықтарын, үлгілерін жаппай ішке кіргізу (оның өзінде жақсы үлгілерінен гөрі, тұрпайы адамдардың күңгірт, тағы түйсіктерін оятатын үлгілерді) халықтың шынайы мәдениетіне, дүниетанымына үлкен соққы жасап отырғаны біздің алаңдаушылығымызды тудырады. Бұл да болса, біздің әлі жас ұлт екенімізді, солақай еліктеушілігімізді, басқару жүйесінде отырған көп азаматтарымыздың философиялық рухани таяздығын көрсетеді. Ал мұның бары философияның **«филологиялық»** (phileo – сүю, logos – сөз), **«герменевтикалық»** (hermeneutic – грек сөзі, түсіндіру, мәнмағынасын ашу) жағын көрсетеді.

Бұл айтылған пікір, әрине, аутаркиялық бағыт (autarcia – грек сөзі, өз-өзіне жеткілікті) ұстап, басқа дүниежүзілік қауыммен араласпай, өне бойы артқа, батырлық заманға қарау деген ой туғызбауы керек. Қазіргі шешуші уақытта дәуірдің қойған талабына сай келу үшін, біз болашаққа батыл қарап, ең алдымен ғылыми-техникалық жетістіктерге негізделген жаңа, экологиялық таза (eikos – грек сөзі, үй; logos – ілім, қоршаған орта жөніндегі ілім) энергияны аз пайдаланатын **технологияларды игеруіміз** керек. Мұның өзі жеке адамның **бас бостандығын**, оның **белсенді** де **шығармашылық** деңгейге көтерілуін талап етеді. Бұл мәселелерді толығырақ оқулықтың әлеуметтік философия сұрақтарына арналған тарауында қараймыз.

Сонымен, жоғарыда айтылған ойлар, бір жағынан алғанда, философияның филологиялық, гуманитарлық жағын көрсетсе, екінші жағынан, оның герменевтикалық мәнін көрсетеді.

Қорытындылай келе, дүниеге философиялық көзқарастың мәнін ашу жолында біз оның көпқырлылығын, көпсырлылығын байқадық. Бір жағынан алып қарағанда, философия ғылыммен ұштасып жатса, екінші жағынан, оның көркем өнермен, идеологиямен, гуманитарлық біліммен, күнбе-күнгі сана мен моральдық рухани құндылықтармен, тіпті мистикалық діни сезімдермен байланысты екенін байқадық.

Әрине, әрбір үлкен тарихи философиялық тұлғалардың шығармашылығында олардың алатын үлестері әртүрлі, біреулерінде ғылыми жағы басым болса, екіншілерінде көркемөнерлік, үшіншілерінде нақылдық-моральдық, төртіншілерінде діни-мистикалық жақтары басым болуы мүмкін.

Оның өзі көп жағдайлармен, әсіресе белгілі тұлғаның өмір сүрген дәуірімен, сол тұлғаны тудырған халықтың тілі мен ділімен, оның тәрбие, білім алған ортасымен, тіпті жеке мінез-құлқы, темпераментімен (temperamentum – латын сөзі, жеке адамның жан дүниесінің табиғи ерекшеліктері; mental – ағылшын сөзі, ой өрісі) байланысты болса керек.

Бірақ, қалай дегенде де, философияның әртүрлі жақтарын бір-бірінен ажыратып бөлек алуға болмайды. Философия – біртұтас ерекше дүниеге деген көзқарастық білім. Философия – адамзат мәдениетінің өзегі.

§ 3. Философия пәні

Философияның дүниеге деген ерекше көзқарастық мәнін ашқаннан кейін, мәселені нақтылай түсіп, келесі сатыда оның пәнін анықтауымыз керек.

Бұл мәселе бір қарағанда оңай сияқты болғанымен, бірақ жаратылыстану мен жеке гуманитарлық білім салаларының тез дамуы, жыл сайын жаңа ғылым түрлерінің пайда болуы философия пәнінің өрісін тарылтып, тіпті оны керек қылмай қалуы мүмкін деген пікірді туғызуы ғажап емес. Ағылшын драматургы У.Шекспирдің «Король Лир» кейіпкері өзінің барлық байлығын үш қызына бөліп беріп, өмірінің соңында қайыршы болып қалғанындай, философия шеңберінен бөлініп кеткен жеке ғылымдар оны өз пәнінсіз қалдырмас па екен деген сұрақты неміс философы В.Виндельбанд қойған болатын. Ал француз философы О.Конт философия өз дамуында үш сатыдан өтетінін айтады. Олар – теологиялық (theos – грек сөзі, Құдай), метафизикалық (meta phisika – грек сөзі, табиғаттан кейін, болмыстың алғашқы құдіретті бастамалары жөніндегі ілім) және позитивтік. Соңғы сатысында философия тек қана жалпы ғылым және таным әдістері жөніндегі пәнге айналмақ, қалған мәселелердің бары жеке ғылымдардың үлесіне кете бермек.

Философия пәніне деген мұндай көзқарасты сынға алу үшін, біз бұл ғылымның шығу тарихына көз жіберуіміз керек. Онда біз тарихи өндіргіш күштердің дамуы, ой еңбегінің дене еңбегінен бөлінуі негізінде алғашқы ғылыми түсініктердің (жер өңдеу, оған су әкелу, геометриялық, математикалық түсініктерді, мал бағу, көшіп-қону, жұлдыздар мен планеталарға, Айға қарап, олардың қозғалуы, жерге тигізетін әсерлері жөніндегі білімдердің негізінің) пайда болуына әкелді, ал мифологиялық және діни көзқарастың бірте-бірте алшақтап, дүниеге деген **ақыл-ойға негізделген** білімді тудырғанын атап өтуіміз керек. Негізінен, бұл алғашқы өмірге келген білімнің синкретикалық табиғатын атап көрсеткен жөн: ол әлі философия, ия болмаса физика,

психология т.с.с. емес, оның ішінде барлық болашақ дүниеге келген **ғылымдардың ұрығы** болса керек.

Көне грек топырағында бұл алғашқы білімге философия деген атақ беріліп, ол, шынында, сол кездегі барлық дүние зерттеуде пайда болған ғылымның алғашқы деректері мен тұжырымдамаларын өз бойына сіңірді. Сонымен қатар философияның өз табиғатына тән сұрақтары да пайда бола бастайды. Олар: **Дүниенің негізінде не жатыр? Адам – ол кім? Ақиқат, Ізгілік, Әсемдік дегеніміз не?** т.с.с. сұрақтар. Бұл дүние жөнінде шегіне жеткен ең жалпы сұрақтар пайда болып, өзінің мазмұнын ғасырлар өткен сайын тереңдете түсті. Көне заманның ұлы ойшылы Аристотель бүкіл философияны үлкен үш бөлікке бөлді: ол теориялық философия (ой өрісінен шығады), іс жүзіндегі (адамның өмірдегі жүріс-тұрысы мен іс-әрекетін зерттейді) және көркемөнерлік (шығармашылықты зерттейді).

Аристотель өз заманының ғұлама ғалымы ретінде ғылымның жеке мәселелерімен де айналысты, мысалы, жануарлардың дене құрылысы, я болмаса, риторика т.с.с. (rhetorike – грек сөзі, әсем сөйлеу өнері). Бірақ бұл ғылым салаларын ол кісі философиядан **бөлек ажыратып қараған жоқ.**

Орта ғасырларда дінге, діни сезімге басым орын берілгенімен, философия пәні жөніндегі көне заманда қалыптасқан көзқарас сол күйінде қала берді.

Алайда бұл жағдай дүниеге Жаңа дәуір келе өзгере бастайды. Ол, біріншіден, философиялық ой-өрістің діннен тыс дербестік алуы; екіншіден, капиталистік қарым-қатынастардың дамуының арқасында өндіргіш күштердің жаратылыстану ғылымдарын жандандырып, олардың дербес сала ретінде қалыптасуына әкелуі. Әсіресе бұл үдерістер XV-XVII ғасырларда белсенді жүріп жатты. Механика, астрономия, математика секілді ғылым салалары өздерінің пәндік дәрежесіне көтерілді. XVIII ғасырда химия өзінше дербес ғылымға айналды. XIX ғ. биологиямен бірге антропология дербес ғылым ретінде қалыптаса бастады (сонымен қатар қоғамдық-экономикалық пәндер). XX ғасырда философияға өте жақын ғылым салалары – психология, этика, эстетика, саясаттану, әлеуметтану пәндері дербес ғылым саласына айналды. Ал XX ғасырдың екінші жартысында ҒТР күрт дамуы жеке ғылымдардың өзінің көпсалалы пәндерге айналуына, сонымен қатар екі саланың қиылысқан жерінен пайда болған биофизика, астрофизика, биохимия сияқты жаңа ғылым салалары дүниеге келді.

Сонымен, ғылымның қалыптасып, **сала-салаға бөлінуі (дифференциация)** бірте-бірте ғылыми салалардың түйіскен жерлерінен **жаңа** пәндердің пайда болуына әкелді **(интеграция)**.

Ғылым саласындағы Жаңа дәуірдегі және ең жаңа XXI ғ. мұндай шытырман күрделі өзгерістер философия пәніне өзінің қандай ықпалын тигізді? Расында да, философия жеке ғылымдардың өзінше дербес пәнге айналуымен «жалаңаш корольге» ұқсас болып қалған жоқ па деген сауалдар оқырманның ойына келуі мүмкін.

Мұндай сауалдарға біз үзілді-кесілді: «Жоқ», – дер едік. Өйткені жеке ғылымдар саласы қалыптаса бастасымен-ақ, философия да бірте-бірте **өзінің шынайы мәселелеріне** тереңірек қарап, оның **өз-өзін табуын жеңілдетті.**

Тарихи философияның ғасырлар бойы «натурфилософиялық мәселелермен» айналысу себебі – жеке ғылымдардың дербес пән ретінде өмір сүре алмауы; сондықтан философия жаратылыстану мен әлеуметтік ғылыми деректерді бойына жинап, соларды сараптап, өз ішінде бірте-бірте дамытуға мәжбүр болды. Философия өзіне тән, шегіне жеткен ең жалпы мәселелерді ешқашанда сыртқа қалдырған жоқ. Сөйтіп, жеке ғылымдардың қалыптасуы жолында философия да **өзін ауырлататын натурфилософиялық** (natura – табиғат, философиялық ой өрісінегі табиғат жөніндегі тұжырымдар) мәселелерден құтылып, бірте-бірте өз-өзіне келе бастады.

Қорыта келе, мына пікірді айтуға болады. Философия өзінің тарихи бастауынан бастап, осы заманға дейін – 2,5 мыңжылдық шеңберінде – **өзінің пәнін, айналысатын мәселелерін өзгерткен жоқ.** Жеке ғылымдардың қалыптасуы философияның өрісін тарылтқан жоқ және тарылта алмайды да, өйткені ешбір жеке ғылым дүниенің ең жалпы байланыстары мен қатынастарын зерттемейді. Керісінше, философия өз пәнін ғылыми деректер өскен сайын дамытып, өз өрісін кеңейтіп және тереңдету үстінде.

Философия пәнінің қайнар көзі – жеке адам, я болмаса әлеуметтік топ, қоғамның дүние мен адам және олардың арақатынасы жөніндегі жалпы мағлұматты қажет етуінде. Басқаша айтқанда, homo sapiens (саналы адам) дүниені біртұтас ретінде және сол дүниедегі өзінің кім екені, ондағы алатын орны жөніндегі ойлар мен сезім тебіреністерін тудырады.

Философияның пәні дүние мен адам арасындағы жүйедегі **шегіне жеткен ең жалпы байланыстар мен қатынастар жиынтығын** құрайды. Бұл ең жалпы жақындағанда ғана. Бұл қатынастар мен байланыстарды ары қарай сараптап тереңдетсек, онда оның көпқырлылығын көреміз.

Ең алдымен философия пәнінің **метафизикалық онтологиялық** (ontos – грек сөзі, барлық, болу; logos – ілім, болмыс жөніндегі ілім) қырсырын атап өтуіміз керек. Оған мынандай сұрақтарды жатқызуға болар еді. Дүниенің негізінде не жатыр? Ол шектелген бе, я болмаса шексіз бе?

Мәңгілік, я уақытша ма? Дүниенің өмір сүруінің ішкі мақсат-мұраты бар ма, ол не үшін жаратылған? Адамзат не үшін жаратылды? Адам болмысының мәні неде? Қоғам болмысын анықтайтын заңдар бар ма? т.с.с.

Философия пәнінің екінші үлкен мәселелері – ол оның **гносеологиялық** жақтары (gnosis – грек сөзі, тану, білу). Оған мынандай сұрақтарды жатқызуға болар еді. Біз кімбіз және дүниедегі алатын орнымыз қандай? Адамның ақыл-ойы мен зердесінің табиғаты неде және ол дүниенің ішкі сырын аша ала ма? Ақиқат, шындық дегеніміз не? Сезімдік пен ақыл-ойдың арақатынасы қандай? т.с.с.

Философия пәнінің ажырамас мәселелерінің бірі – ол оның **аксиологиялық**, яғни құндылық жақтары, құндылық әлемін сараптау. Адам өмірі мән-мағынасының даму бағытын анықтауда философияның алатын орны мен қызметі ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, философияда мына сұрақтар бар: Шындық, әсемдік, ізгілік дегеніміз не? Адам өміріндегі еріктік, әділеттілік, теңдік, жақсылық, өлшем, парасаттылық, құндылықтар қандай орын алады? т.с.с.

Философия пәнінің келесі жағы – ол оның **праксеологиялық, прагматикалық** мәселелері (prakticos – грек сөзі, белсенді, іс-әрекетшіл; pragmatos – грек сөзі, іс-қимыл). Өйткені адам дүниені тану барысында тек қана оны ой-өрісімен қамтып қана қоймай, өз іс-әрекеттерімен түйістіріп, дүниеде бұрын-соңды болмаған жаңа нәрселерді, құбылыстарды тудырады. Кең түрде алғанда, философияның праксеологиялық мәселелеріне бүкіл адамзат тарихындағы материалдық және рухани өндірістегі жетістіктері мен тәжірибесі, соларға жеткізген сан алуан адамдардың табиғатпен және өз-өздерімен байланыстарын және іс-әрекеттерін жатқызуға болады. Адам, әлеуметтік топ, я болмаса қоғамның дүниетанымы, дүниені түйсінуі мен оның іс-әрекет белсенділігінің байланысы қандай? Адамның іс-әрекетіне түрткі болатын оның қажеттіліктерінің табиғаты неде? Мақсатқа лайықты іс-әрекет деп нені айтамыз? Адамның іс-әрекетінде мақсат-мұрат пен соған жеткізетін құралдардың арақатынасы қандай? Адам өзінің іс-әрекеттерінен шығатын, дүниеге тигізетін барлық салдарды ескере ала ма? Дүниені адамзат қаншалықты өзгертуі керек және де сол өзгертуде қоғам мен басқа тіршіліктің арақатынасы қандай болмақ? т.с.с. сұрақтар философияның праксеологиялық мәселелеріне жатады.

Ең соңында біз философия пәнінің ең нәзік, күрделі, терең ой, телегей-теңіз сезімдер, рухани толғау тудыратын жағын атап өтуіміз қажет. Ол дүниені өзін-өзі танып-білу дәрежесіне көтерген ең әсем күш – **адам**.

Адам мәселесі әсіресе XX ғасырдағы ойшылдардың философиясында аса үлкен орын алды. Адам кім? Ол рух па, я болмаса дене ме? Ол не үшін дүниеге келді? Адамның басқа тіршіліктен айырмашылығы

қандай? Адам өмірінің мән-мағынасы неде? Ол өлімнен аттап өтіп, өлместікке жете ала ма? Адам ғарышта жалғыз ба, я болмаса басқа рухани пенделердің біреуі ғана ма? т.с.с. сұрақтар философия пәнінің **антропологиялық** жағын көрсетеді.

Орта ғасырдың ғұлама ойшылы А.Августин айтқандай, «адамның өзі дүниедегі орасан тұңғиық, оның сезім толқыны мен жүрек тебіренісін есептеу адамның басындағы шашты есептеуден де қиын». Адамды микрокосм (кіші ғарыш) ретінде макрокосмға (үлкен ғарыш) теңеген ертедегі грек ойшылдарының ойында үлкен сыр жатса керек.

Әрине, философия пәнінің жоғарыда көрсетілген жақтары бір-бірімен өте тығыз байланысты болып, белгілі біртұтас жүйені құрайды. Сонда ғана біз күрделі адам мен дүние арасындағы ең жалпы қарым-қатынастарды толыққанды суреттей аламыз.

Алайда әрбір адамның философияны оқып-білудегі, әсіресе оны зерттеудегі ерекше бір салаға деген қызығушылығы болуы мүмкін. Әлбетте, солай болады да. Мысалы, жаратылыстану ғылымдарының өкілдері көбінесе болмыс философиясына (онтология), тәрбие мәселелерімен айналысатындар адам және құндылық философиясына (философиялық антропология мен аксиология), логика және математика салаларының өкілдері таным философиясына (гносеология), өндіріске жақын әртүрлі техникалық мамандар иесі іс-қимыл философиясына (праксиологиялық философия) ерекше көңіл бөлуі мүмкін. Өйткені атап өткен философия салалары олардың мамандығына, білім ерекшелігіне сай келеді. Бірақ мұның өзі философияның басқа салаларын да ешқашанда естен шығармай, әрдайым олардың бір-бірімен өзара байланысы мен біртұтастығын ескеріп отыруды талап етеді. Сонда ғана біз философиялық ой-өрістің шеңберінде боламыз. Егерде біз философияның белгілі бір саласын толығынан бөліп алып қарасақ, онда ол бірте-бірте жеке ғылымдар саласына қарай жылжып, өзінің философиялық қасиеттерінен айырылып, жеке ғылымдар саласымен сіңісіп кетуі мүмкін. **Философия** өз-өзін сақтап қалуы үшін, «Адам мен дүниенің» **шегіне жеткен ең жалпы қарым-қатынастарының шеңберінде әрқашанда болуы керек.** Бұл философияның ерекшелігі оның негізгі мәселесін шешу арқылы анықталады.

§ 4. Философияның негізгі мәселесі. Бірінші жағы

Бүгінгі таңда жаңарудағы қоғамның философиялық-әлеуметтік мәселелерін қою және шешу жолында бұрынғы кеңестік қоғамның идеологиялық негізі болған марксизмді сырттатуда философияның негізгі мәселесін де жоққа шығарғысы келетін пікірлер аз емес.

Әрине, маркстік философияның шеңберінде «негізгі мәселе» тек қана диалектикалық материализмді дарыптеуге, қалған философиялық бағыттарға «бейғылымдылық» баға беру жолында пайдаланылды.

Бірақ, соған қарамастан, біз философияның негізгі мәселесі – марксизмнің ойлап шығарған «жалған мәселесі» деген ойдан алшақ болуымыз керек. Өйткені философия дүниеге келісімен-ақ, оның шеңберінде әртүрлі бір-біріне қарсы бағытталған ағымдар пайда болды.

Философиядағы әрбір дүниеге деген көзқарастың негізінде осы пәннің негізгі мәселесінің шешімі жатыр.

Философияның негізгі мәселесі осы пәннің терең табиғатынан шығады. Дүниенің біртұтастығын, бірлігін ой өрісімен қамту үшін, біз мына сұраққа жауап беруіміз керек: Дүниенің алғашқы негізгі субстанциясы неде? (substantia – латын сөзі, негізінде, астында жатқан).

Екінші жағынан, бұл Дүниені **ең шегіне жеткен жалпылық** тұрғысынан алып қарағанда, онда біз **екі-ақ құбылысты** табамыз: оның бірі **материя** – табиғат заты, екіншісі – **сана** – адамның ішкі жандүниесі, **рухы**.

Жалпы айтқанда, жоғарыда көрсетілген үш ұғымда дүниені зерттеудегі негізгі үш идея берілген. Ол – дүниенің **бірлігі**, екіншіден – оның заттық **субстраты**, үшіншіден – адамның өз ішінен табатын материалдық емес, **рухани** тебіреністері.

Келесі ерекшеліктері – бұл ұғымдардың **метафизикалық табиғаты**, яғни оларды жеке ғылымдардағы ұғымдар сияқты, тәжірибе арқылы тексеру мүмкін емес, өйткені олар бүкіл әлемді өз мазмұнында қамтуға бағытталып, бүкіл адамзат тәжірибесінің сыртына шығып, тек **болжамдық мағынаға ғана** ие болады.

Олай болса, қайсыбір философиялық ағым, қалай дегенде де, бұл ұғымдардың арақатынасын өзінше анықтамай, **ары қарай бір қадам аттай алмайды.**

Егер дүниенің субстанциясы материя деген пікірге келсек, онда философияда **материалистік** ағым пайда болады.

Керісінше, субстанция дегеніміз жеке адамның жан дүниесі, я болмаса дүниежүзілік абсолюттік идея, рух т.с.с. деп болжамдасақ, онда философияда **идеалистік** ағым пайда болады.

Егер дүние субстанциясының екі ажырамас – материалдық және рухани жағы бар деген көзқараста болсақ, онда біз философияда **реализм** бағытын тудырамыз. Тек қана бұл ұғымды орта ғасырлардағы схоластикалық философияның жалпы ұғым жөніндегі реализмінен ажыратуымыз керек.

Философияда сирек кездесетін ағымдардың бірі – дүние субстанциясы екеу – **материя және рух** және олар бір-біріне тәуелсіз деген пікір. Мұны алғаш рет философия тарихында француз философы

Р.Декарт айтқан болатын. Мұндай көзқарасты біз **дуализм** (dualis – латын сөзі, екіжақтылық) бағытына жатқызамыз.

Ал жоғарыдағы дүниеге деген үш көзқарас **монистік** бағытта болмақ (monos – грек сөзі, біреу).

Дүниеге деген материалистік көзқарас әлемдегі болып жатқан барлық құбылыстарды дене, я болмаса сол материалдық заттардың қасиетттері ретінде қарайды. Сонау көне заманнан бастап осы уақытқа дейін материалистік философиядағы ағым (жаратылыстану ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып) материя жөнінде әртүрлі пікірге келгенмен, жоғарыдағы көрсетілген көзқарастан тайған жоқ.

Материалистік көзқарастың негізінде баяғы ерте заманда пайда болған адамдардың қоршаған ортаның адамға **тәуелсіз, өзімен-өзі өмір сүріп жатқаны** және сол дүниедегі заттар мен құбылыстар жөніндегі адамның түйсіктері мен басқа қабылдау мүшелерінің дұрыс дерек беретіндігі жөніндегі алғашқы балама ойлары жатыр. Сондықтан алғашқы философтар дүниенің негізін «бірінші заттан» (су, от, ауа т.с.с.) іздейді, ал адамның өзі де дене ретінде ғана қаралады. Ал адамның жан дүниесіне келетін болсақ, оның өзін тыныспен теңестіріп, «жеңіл зат» ретінде қарайды. Гераклиттің «бірінші заты» отта, Демокриттің жеңіл және қозғалыстағы атомдары да адамның жан дүниесін құрайтын заттар ретінде түсіндіріледі.

Ал таным мәселесіне келсек, оның негізгі себебі заттың үстіндегі жеңіл атомдар сезімдік мүшелерге келіп кіреді де, адамның түсініктерін тудырады деген пікір тарады.

Дегенмен тарихи мұндай көзқарастардың тұрпайылығы жаратылыстану ғылымдары мен психологиялық түсініктердің жетілуі арқасында анықталды. Адамның рухани өмірі материалдық заттардың ерекше жеңіл бөлшектері емес, ол, жалпы алғанда, бүкіл материяға тән қасиет және белгілі бір жағдай туған кезде өзін көрсетеді деген пікір кеңінен Жаңа дәуірде тарай бастады. Соңынан түйсік дегеніміз – жалпы материяның ажырамас қасиеті және белгілі бір жағдайда ол саналы түйсікке айналуы мүмкін деген ой туды. Олай болса, күрделі психикалық үдерістер тек қана түйсіктердің әр түрінің бір-бірімен қосылуынан туады деген пікір дүниеге келді.

XIX ғасырда жаратылыстану ғылымдарының дамуы, капиталистік қоғамның әлеуметтік саяси қайшылықтарының өршуі маркстік материализмнің пайда болуына әкеліп соқты. К.Маркс пен Ф.Энгельс дүниеге деген материалистік көзқарасты қоғам өміріне дейін көтеріп, біртұтас материалистік ілімнің негізін қалады. Сана, рухани өмірді түсіну үшін олар философияға бейнелеу теориясын енгізді. **Материяның** ең жалпы қасиеті – **бейнелеу**, осы арқылы тарихи материя өне бойы даму, күрделену үстінде. Адамның санасы – бейнелеудің

ең биік мұратқа сай түрі деген пікір айтып, мидағы болып жатқан неше түрлі бұлдыр, көмескі үдерістердің өзі адамдардың материалдық болмысынан шығады деген пікірді олар «Неміс идеологиясы» деген еңбектерінде ашық айтты.

Сонымен қатар марксизм адам санасының өзін тудырған материалдық үдерістерге белсенді кері әсерін тигізіп, оны жетілдіретінін мойындады.

Философиядағы материалистік ағым ең көне, бүгінгі таңда жаңжақты дамыған жеке ғылымдардың нәтижелерін өз бойына сіңіріп, адамзаттың ағарған бөлігінің дүниеге деген көзқарасы ретінде өзін көрсеткісі келеді.

Бірақ бұл көзқарастың сонау тұрпайы материализмнен бастап диалектикалық материализмге дейінгі негізгі әлсіз жері – материалдық қоршаған ортаның логикасы қайдан шықты? Дүниенің заңдылықтары, оның дамуының қайнар көзі неде? деген сұрақ. Бүгінгі адамды: «Ол – дүниенің ішкі қайшылығында, материяның бейнелеу қасиетімен байланысты», – деген жауап толығынан қанағаттандыра алмайды.

Философияның негізгі мәселесін шешу жолындағы материализмге қарама-қарсы бағыт – **идеализм** (idea – грек сөзі, ой, идея). Дүниенің негізінде субстанция ретінде **рухани болмыс** жатыр деген қайсыбір дүниетаным мен дүниені қабылдауды біз **идеализм** дейміз. Идеализм адам өмірінің рухани жағын бірінші орынға қояды. Бұл ағым қайсыбір белсенділік, шығармашылықтың қайнар көзі рухта деген пікір айтады. Материя мойындалғанымен, ол енжар, болмыстың төменгі жаратылған түрі ретінде ғана қаралады.

Идеализмнің қайнар көзі сонау мифологиялық дәуірдің өзіне барып тіреледі. Өйткені алғашқы қауымның шеңберінде өмір сүріп жатқан адам бүкіл дүниедегі құбылыстарды адамға ұқсатып түсіндіреді, оларды жандандырады. Ары қарай жүре келе, адамның дерексіз ойлау дәрежесі жоғарылаған сайын, идеализмнің дүниеге келуіне толық жол ашылады. Өйткені қайсыбір дүниедегі құбылыстарды бейнелейтін жалпы ұғымдарда сол заттардың ішкі терең мәні берілген. Сезіммен қабылданатын сол заттар күнбе-күн өзгеріп, тіпті өмірден кеткенмен, ұғымның мағынасы тұрақты болғандықтан, ол өмірде қала береді. Мәселенің екінші жағы – қайсыбір нақтылы зат, құбылыс өзінің ұғымына ешқашанда толық сәйкес келмейді (ханның қызында да кемшіліктер бар). Сондықтан ұлы Абайдың «адам бол» деген нақыл сөзінде терең сыр жатыр. Өйткені бұл дүниедегі өмір сүріп жатқан миллиондаған адамдардың ішінен бірде-бір адам идеясына толық сәйкес келетін жанды табу мүмкін емес. Тірі адамның үлесі – өмірінің соңына шейін күнбе-күн өзін жетілдіруге тырысу, сол адам ұғымына жеткенінше сай болу. Олай болса, идеалистердің айтуына қарағанда,

ұғым шынайы болмысқа жатса, нақтылы дүниеге келіп, біршама уақыттан кейін дүниеден кетіп жатқан мінді заттар – **елес, жалған болмыс** ретінде түсіндіріледі.

Егер **материализм** адамның ішкі өмірінен гөрі, **сыртқы дүниені танып-білуге бағытталса**, идеализмнің ең негізгі мәселесі – адам, оның өмірі мен ой-өрісі, тағдыры мен үміті, зардабы мен қуанышы т.с.с. Сондықтан идеалистік философияның аксиологиялық, праксеологиялық жақтары онтологиялық, гносеологиялық жақтарына қарағанда басымырақ болады. Идеалистік филосо-фияның негізгі екі түрін бір-бірінен ажыратуға болады: ол **объективті және субъективті идеализм.**

Батыс философиясында алғашқы рет тұжырымдама ретінде жанжақты біртұтас жүйелік объективтік идеалистік көзқарас Платонның философиясында қалыптасты.

Платонның Эйдос әлемі – рухани әлем және сонымен қатар бұл дүниедегі нақтылы заттардың алғашқы кейпі (eidos – идея). Философтың ойынша, идеялар заттардың табиғатында көмескіленіп, бұрмаланады. Сондықтан сезімдік заттар әрқашанда толығынан өзінің идеясына сәйкес келмейді. Платонның ойынша, идея әлемі мен заттар әлемін бір-бірімен қосқан Демиург – ол мәңгілік өмір сүріп жатқан енжар материядан идеяларға ұқсайтын, соған сәйкес заттарды жасайды (demieourgos – грек сөзі, өнерші, demiourgos – қолөнерші, ұста).

Платонның таным теориясы адамның жан дүниесінің бұрынғы идеялар әлемінде өмір сүрген кезін анамнезистеуге, еске түсіруіне негізделеді (anamnesis – грек сөзі, еске түсіру). Оған түрткі болатын адамның сезімдік қабылдауы, өйткені ол заттың ұғымдық мәніне жете алмайды да, адамның ойлау қабілетін оятады. Адамның жан дүниесі идеялар әлемінен шыққаннан кейін мәңгілік, ол ешқашан өлмейді.

Объективті идеализмнің негізгі қағидалары Ортағасыр заманында монотеистік (monos – грек сөзі, біреу; theos – құдай) діндердің қалыптасуына зор әсерін тигізді.

Платонның идеялары христиан дінінде **Құдайдың ойына** айналады. Егер Платонның Демиургі мәңгілік өмір сүріп жатқан материяға идеалдық бітім берсе, христиан діні Құдайдың құдіретті сөзі арқылы бар дүние жоқтан жаратылды дейді. Сонымен Платонның мәңгілік өмір сүріп жатқан енжар материясы үзілді-кесілді теріске шығарылып, Құдайдан бұрын еш нәрсе жоқ, дүниенің бары соның құдіретті күші арқылы пайда болады деген қағидаға аса үлкен мән беріледі.

Дінде адамның дүниетанымындағы ақыл-ойы теріске шығарылмайды, бірақ ол сенім ақиқаттарымен шектеледі. Адамның ақыл-ойы Құдайдың берген аянынан биік емес, керісінше, сенімге сәйкес болуы керек.

Платонның көзқарасы бойынша, зұлымдық дүниенің кемшіліктерінен пайда болады, ал оның өзі енжар материя мен идея қосылған кезде, яғни бұл жалған дүние пайда болысымен-ақ сонымен бірге өмірге келеді.

Діни философияда керісінше: Құдайдың логосынан (logos – грек сөзі, сөз, мән-мағына) жаратылған дүние еш мінсіз, таза, әсем болып жаратылады. Зұлымдықты алатын болсақ, ол – тарихи оқиға, оның себебі – адамның еркінің алғашқы көрсетілген Құдайдың жолынан ауытқуы. Олай болса, тарихтың соңында Құдайдың жасаған таза, әсем жаратылысына қайтадан оралу мүмкін екен.

Жаңа дәуірде Декарттың философиясында идея бөлек материямен қатар өмір сүретін ерекше субстанция ретінде қаралса, Гегельдің философиясында абсолюттік идеяның өзін-өзі тану жолындағы белсенділігіне айналады. Ал XX ғасырдағы философияда ерекше өмір сүріп жатқан құндылық, мән-мағына әлеміне (феноменология (phenomenon – грек сөзі, құбылыс), я болмаса ғылыми идеялар мен теорияларға айналады (ағылшын философы К.Поппердің «үшінші әлем» ілімі).

Сонымен, 2,5 мың жылға созылған объективтік идеализмнің тарихының негізінде оның әртүрлігіне қарамастан, **бұлжымаған бір ғана нәрсе бар**, ол – рухтың, ойдың, жан-дүниенің, **Құдайдың біріншілігі** мен материяның, жаратылған дүниенің екіншілігі.

Идеализмнің философия тарихындағы екінші түрі – **субъективті идеализм**. Бұл философиялық ағымның ерекшелігі – тек қана жан дүниесінің өмір сүруін мойындау. Өйткені адам өз-өзіне үңіліп қарағанда, өзінің жан дүниесінен басқа ештеңе таппайды. Субъективті идеализмнің өкілі Дж.Берклидің айтуынша, «өмір сүру – қабылдауға келетін нәрсе ғана». Ал адамның санасындағы неше түрлі ұғымдарды алатын болсақ, олар бізді алдайтын жалған елестер, өйткені біз оларды нақтылы қабылдай алмаймыз. Әрине, бұл қағида материализмге де, объективті идеализмге де қарсы бағытталған. Мысалы, Дж.Берклидің айтуына қарағанда, материя ұғымы – жалған елес, өйткені біз оны өзіміздің жан дүниемізден таба алмаймыз. Біз нақтылы ағашты, үйді, басқа жанымыздағы адамдарды, машиналарды т.с.с. қабылдай аламыз, ал материяны ешкім өзінің жан дүниесінде елестете алмайды.

Олай болса, шындықтың өлшемі ұғымдар емес, адамның түйсіктері, солардың жиынтығы, жалпы адамның психикалық өмірі ғана (psyche – грек сөзі, жан дүниесі). Мұндай көзқарасты шегіне шейін қайшылықсыз созсақ, онда дүние дегеніміз – сол өмір сүріп жатқан субъектінің жан дүниесі ғана, басқа ештеңе де емес. Мұндай көзқарасты философияда **солипсизм** дейді (solus – латын сөзі, жалғыз, бір; ipse – өзім, жалғыз өзім ғана деген мағына береді). Әрине, мұндай көзқарас абсурдқа (absurdus – латын сөзі, беймағыналық) әкеліп тірейді.

Олай болса, адамның дүниетанымының шындығын қалай дәлелдеуге болады деген сұрақ пайда болады. Субъективті идеализм оған шарттық тұжырымдама арқылы жауап береді. Егер біздің дүниетанымымыз басқа адамдардың сезіміне сәйкес келсе, онда ол рухани болмыстың шындығын дәлелдейді. Ал рухани ортақ болмыстың болуының өзі оны тудырған Құдайды мойындауға әкеледі. Сөйтіп, субъективті идеализм өз шеңберінен шығып, ақырында, объективтік идеализммен ұштаса кетеді.

Қорыта келе, идеализмнің қай түрі болса да, рухты алғашқы күш ретінде мойындайды. Ал бұл ағымның әлсіз жағы – қалайша жоқтан бар нәрсе туады деген сұрақ, өйткені бүкіл адамзаттың тәжірибесі жоқтан барды туғызуға болмайтынын көрсетеді. Әрине, мұндай көзқарас қазіргі көзі ашық адамды толығынан қанағаттандырмайды.

Бұл арада біз материализм және идеализм деген ұғымдардың **жай қарапайым өмірде** де басқа мағынада қолданылатынын атап өтуіміз керек. Қарапайым адамдар **материалист** деп өмірде бардың барын **алуға тырысатын**, байлық пен мансап іздейтін, ләззат қуатын адамдарды айтады. Керісінше, **идеалист** деп өне бойы **рухани ізденісте**, өзінің мүддесінен гөрі, қоғамдық мүддені жоғары ұстаған, басқа адамдарға риясыз көмек беретін, өзінің ар-ұжданына кір келтірмеуге тырысатын адамды айтады.

Сонымен, бұл ұғымдардың екі мағыналығы толығынан бір-біріне сәйкес келмеуі мүмкін. Мысалы, өзінің философиялық көзқарасында материалистік бағыт ұстаған адам нақтылы өмір салтында идеалист болуы сирек емес. Керісінше, философиялық идеалистік бағыт ұстап, өзінің нақтылы өмірінде өзін металға (алтынға) сататын адамдар да аз емес, ал қазіргі заманда тіпті көбейіп келе жатыр.

Әңгіме материалист, ия болмаса идеалистік бағытта болу емес, сол шеңбердегі философияны **саналы түрде игеріп**, өмірдегі **өз орныңды** табуда болса керек. Философиялық даналықпен қаруланған адам бүкіл адамзатпен бірге қазіргі рухани ізденіске атсалысып, бүгінгі өркениеттің тамаша жетістіктерін игеріп, сонымен бірге оның қайғылы да аянышты қателіктерін түзеу жолында белсенділік көрсетсе екен дейміз.

§ 5. Философияның негізгі мәселесі. Екінші (танымдық) жағы

Философиялық ағымдардың қайсысы болса да, келесі үлкен сұрақтарға жауап береді. Адам қоршаған ортаның шындығын танып-біле ала ма, әлде біле алмай ма?

Бұл сұрақ философияның үлкен тарауларының бірі – гносеологияның өзегін құрайды (gnosis – грек сөзі, тану-білу, logos – ілім). Кейде гно-

сеология ұғымымен қатар эпистемология деген термин қолданылады (epistema – грек сөзі, білім).

Материалистік бағыттағы философтардың көпшілігі дүниені адамның танып-біле алатынына ешқандай күмән келтірмейді.

Ал **объективті идеализмге** келетін болсақ, олардың бір бөлігі дүниені танып-білуге болады десе, келесілері бұл мәселені теріс шешеді.

Адам дүниенің терең мәнін танып-біле алмайды, ол мүмкін емес деген көзқарасқа **агностицизм** деген атақ берілді (а – теріс бөлшек, gnosis – тану).

Осы ағымдардың ішіндегі субъективті идеализм ғана үзілді-кесілді біржақты шешеді: бізді қоршаған дүниені танып-білуге болмайды, өйткені ол – жоқ. Әрбір адамның ішкі жан дүниесінен шығатын өз дүниесі бар. Ал сыртқы, яғни адамға әсерін тигізіп жатқан, одан бөлек өмір сүретін дүние жоқ. Әрине, мұндай көзқарас, бір қарағанда, қарапайым қайсыбір адамның дүниетанымына қайшы келіп, сандырақ сияқты көрінеді. Бірақ философиялық деңгейде оны теріске шығару біршама қиындықтар туғызады.

Енді дүниетануды мойындайтын философияға келетін болсақ, олар келесі сұрақтарға жауап беруі қажет:

Адам дүниені қалай таниды?

Адам дүниені тану жолында қаншалықты дәрежеге көтеріле алады?

Тарихи тұрғыда бірінші сұраққа үш түрлі жауап берілді. Тарихи алғашқы пайда болған жауап – «қайсыбір таным тәжірибеден шығады». Мұндай танымдық тұжырымға **эмпиризм** (empeгia – грек сөзі, тәжірибе) деген атақ берілді. Сонау көне заманда пайда болып, эмпиризм танымдық тұжырымдама ретінде XVII-XVIII ғ.ғ. қалыптасады. Сонымен, егер танымның негізгі қайнар көзін тәжірибеде деп мойындаса, ондай танымдық бағытты біз эмпиризмге жатқызамыз. Эмпиризмге өте жақын тұрған танымдық ағым – **сенсуализм** (sensus – латын сөзі, сезім, қабылдау, түйсік). Сенсуализм таным үдерісіндегі сезімдік қабылдауды негізгі жол деп есептейді. Сенсуализмнің негізгі тұжырымдарының бірі мынадай: «Алғашқы сезімде болмаған – ақыл-ойда да жоқ».

Келесі таным теориясындағы ағым – **рационализм** (ratio – латын сөзі, ақыл). Бұл ағым адамның **ақыл-ойын, зердесін** танымның өзегі, негізі ретінде қарайды.

Рационализм таным тұжырымы ретінде XIX ғ. дүниеге келеді. Тарихи рационализмнің негіздері сонау көне заманда пайда болады. Грек ойшылы Парменид сол көне заманда: «Сезімдік таным тек қана жалған пікірлер туғызады, ал ақыл-ой арқылы ғана нағыз ақиқатқа жетуге болады», – деген ой айтқан.

Жаңа дәуірдегі математика, жаратылыстану ғылымдарының дамуы адамның ақыл-ойының құдіретін, оның табиғаттың ішкі сырын ашудағы зор мүмкіншіліктерін көрсетті.

XVII-XVIII ғ. ғылымның дамуы тіпті Европа топырағында үлкен идеологиялық ағымды – француз ағартушыларының ақыл негізінде дүниені тануға, қоғамды қайта құруға, адамдарды тәрбиелеудегі ақыл-ойдың құдіретті күшіне зор сенім артуына әкеліп жеткізді.

Бұл замандағы рационализмді қолдайтын ойшылдар дүниені ақыл-оймен қорытудың сезімдік танымнан анағұрлым терең екенін көрсете білді. Егер сезімдік таным жеке құбылыстарды, кездейсоқ нәрселерді ғана танып, шегіне жеткен жалпылық, қажеттілік деңгейіне көтере алмаса, ақыл-ой, зерде арқылы адам ондай дәрежеге көтеріле алады. Сөйтіп, ғылыми білімнің қайнар көзі, ақиқаттың анықтамасының бары – ақыл-ой, зердеде. Сондықтан Лейбниц сен-суализмнің «Алғашқы сезімде болмаған – ақыл-ойда да жоқ» деген тұжырымдамасына «ақылдың өзінен басқа» деген сөздерді қосып, адамның рационалдық танымының құдіретін көрсеткісі келді.

Әрине, ғылымның ары қарай дамуы рационализмнің біржақтылығы, сезімдік танымнан санаспауы ақыл-ойдың өзінің шындықтан алшақ кетіп қалып, оның адамды адастыруы мүмкіндігін көрсетті.

Сондықтан И.Кант: «Сезімдік таным ақыл-ойсыз толық емес, ақыл-ой сезімдік танымсыз – мазмұнсыз», – деген пікір айтып, танымның екі жағын бір-біріне ұштастырды. Алайда Кант мұндай көзқарасты тек қана құбылыстар әлеміне таратып, «заттың өз ішіндегісін» танудан бас тартты.

Рационализмнің ең биік шыңы ретінде Гегельдің философиясын алуға болады. Бұл кісі дүниені абсолюттік идеяның басқа болмысы ретінде қарап, таным үдерісінің өзі абсолюттік идеяның өз-өзін танып-біліп, өзіне жаңа дәрежеде – абсолюттік рух ретінде қайтып оралуы деп түсінді. Сондықтан дүниенің дамуын, адамзат тарихын Гегель абсолюттік идеяның логикалық жолмен өз-өзіне тереңдеуі деп түсініп, **панлогизмді** (pan – бәрі, logos – білім, ілім, ақыл-ой) тудырады.

XIX ғасырдың өзінде-ақ рационализмнің, соған негізделген ағарту идеяларының көбі сынға алынып, олардан күткен көп сенімдер жоққа шықты, өйткені ақыл-ойға негізделген тамаша қоғамнан адамдар үміт үзе бастады.

Осы кезде рационализмді сынға алған, панлогизмге қарсы бағытталған философияның түрлері дүниеге келді. Олардың бірі – **иррационализм** бағыты. Егер А.Шопенгауер «Ерік философиясын», ал Ф.Ницше «билікке деген ерікті» алға қойса, З.Фрейд адамның «бейсаналық» күштерін зерттей бастады.

Марксизмде «эмпиризм мен рационализмнің арасындағы қайшылық **праксеологиялық жолмен шешіледі**, яғни адам мен қоғамның қажеттіліктері, соларды өтеу үшін жасалатын адамдардың іс-әрекеттері қайсыбір таным үдерістерінің қайнар көзі және ақиқаттың анықтамасы» деген пікір айтылады.

Соңғы жылдары танымның өте күрделі үдеріс екендігі, оны праксеологиямен ұштастырып қоймай, сонымен бірге **аксиологиялық** (әлеуметтік-мәдени, моральдық т.с.с. құндылықтар) тұрғысынан қарау керектігі анықталды.

Енді жоғарыда қойылған келесі сұраққа – дүниені тану дәрежесіне келетін болсақ, оған да екі түрлі жауап алуға болады.

Жаңа дәуірдегі әртүрлі таным теориялары көп ғасырлар бойы «ғылымдардағы ашылған жаңалықтар мәңгілік сол күйінде қалады, егер болашақта ол теріске шығарылса, онда оның алғашқы ашылған кезінде-ақ қате болғаны» деген пікірде болды. Яғни ғылымдағы тану үдерісіндегі табылған білім әрқашанда толық, кемеліне келген, ары қарай мазмұнын өзгертпейтін құбылыс ретінде қаралды. Гносеологиядағы мұндай пікірге **«догматизм»** (dogma – грек сөзі, шешім, ілім) деген атақ берілді.

Келесі гносеологиялық ілімдер қайсыбір ғылыми жаңалықты, білімді толық емес, салыстырмалы, тарихи, жүре келе тереңдетілетін құбылыс ретінде қарайды. Яғни ғылымдағы жетістіктерді де ары қарай шексіз дамытып, тереңдете беруге болады. Сондықтан ғылым ары қарай дамыған сайын, ғалымдар өткен уақыттағы ашылған білім салаларына жаңа көзқараспен қарап, оның шындық жағын кеңейтілген жаңа теорияның құрамына кіргізіп, ал жалған жақтарын сырттатады.

Танымдағы мұндай бағытқа **«релятивизм»** (relativus – латын сөзі, салыстырмалы) деген атақ берілді.

Сонымен, тіпті маркстік философияның шеңберінде біз гносеологиялық мәселелерге праксеологиялық шешімдердің кіргенін байқадық.

Мұның өзі бізді философияның негізгі мәселесін одан ары талдап, «адам дүниені **не үшін таниды**?» деген сұраққа әкеледі. Мүмкін, ол дүниеге таңғалып, соған қызығушылық сезімнің негізінде оны танып-білетін болар? Әлде ол адамның өмірлік мұқтаждықтарымен байланысты ма? Мысалы, Аристотельдің айтқанындай, «философияның негізінде адамның дүниеге деген таңғалуы жатыр». Сөйтіп, адам дүниені танып-білудің негізінде оны өзгерте ме, я болмаса өзінің табиғи өмірге деген қызығушылығын қанағаттандырып қана қоя ма?

Басқаша айтқанда, адамның **дүниетанымы, санасы, рухы айнала қоршаған ортаға өзінің әсерін тигізе ме**, әлде дүние сол қалпында қала бере ме?

Бұл қойылған сұрақтар философияның **праксеологиялық** (іс-әрекет) және **аксиологиялық** (құндылық) жақтарын құрайды.

Мысалы, адам материалистік көзқараста болып, дүниенің танылатынын мойындағанмен, айнала қоршаған ортаны – табиғат пен қоғамды өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы өзгерте алатынына күмән келтіруі мүмкін.

Бір қарағанда, бұл сұраққа жауап жеңіл сияқты. Оған жауап ретінде адам тағы табиғатта жоқ қалаларды, асфальт, теміржолдарды, ұшақтарды т.с.с. көрсетуі мүмкін. Мұның бары де – адамның саналы іс-әрекетінің нәтижесі. Бірақ экологиялық апаттар мен дағдарыстардың дүниеге келуі, көптеген өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің келмеске кетуі, жалпы, айнала қоршаған табиғаттың азғындауы, тіпті адамдардың өздерінің физикалық табиғатының әлсіреуі – осының бәрі жоғарыда көрсетілген жеңіл жауапқа күмән келтіруі мүмкін. Олай болса, бұл сұрақ қазіргі адамзаттың рух тебіренісінің негізгі мәселелерінің бірі болып саналады.

Негізінен, материалистік және идеалистік бағыттағы көп ойшылдар адамның шығармашылық іс-әрекетін, оның қоршаған ортаны өзгертудегі мүмкіндіктерін мойындайды.

Әсіресе бұл мәселеге еш күмәнсіз қарап, рухтың құдіретін көрсететін ағым – ол субъективті идеализм. Оның себебі, олардың пікірінше, адам өз дүниесін өзі құрайды. Мұндай шешім адамның шығармашылық іс-әрекетін жеке көрсетеді. Осыған орай, неміс философы И.Фихте айтқан: **«Әрекет ет, әрекет ет, тағы да әрекет ет!»** – деген ұранын келтірсек болғаны.

Бұл салада тағы да бір үлкен сұрақ пайда болады. Егер адам дүниені саналы түрде қайта құра алатын болса, онда ол оны **қаншалықты өзгерте алады**?

Бірінші жауапты, негізінен, төмендегі көзқарасқа теңеуге болады. Біздің шығармашылық іс-әрекетіміз дүниені толығынан өзгертіп, жаңа, өзіміздің ойымызға сай өмірді туғыза алады. Мысалы, марксизмнің коммунистік идеясын осы бағытқа жатқызуға болар еді. Сонымен, адам өз болмысын шығармашылық іс-әрекеті арқылы толығынан дүниені өзгертіп жасайды.

Екінші жауап мұндай дара көзқарастан бас тартып: «Адам дүниені өзінің саналы іс-әрекеті арқылы **өзгерткенмен, оны толығынан қайта құра алмайды**, тек қана салыстырмалы түрде ғана басқа өзгертілген дүние келуі мүмкін», – деген пікір айтады. Ал бұл көзқарас дүниені өзгертуде адамның **«жеті рет өлшеп, бір рет пішуін»**, бүгінгі таңдағы қажеттіліктерін болашақтағы өмірмен ұштастырып, волюнтаризмге жол бермеу жағына, айнала қоршаған ортаға өте ұқыптылықпен

қарап, адамның пенде екендігін, оның Құдай еместігін алаңдаушылық сезіммен бізге жеткізеді.

Бұл мәселе әсіресе біздің жаңару үстіндегі қоғамда жүргізіліп жатқан іс-әрекеттермен тығыз байланысты. Дүниені коммунистік тұрғыдан толығынан өзгерту жолынан бас тартып, біз келесі біржақтылыққа – «нарықтық жұмақ» орнату жолына түсіп кеткен жоқпыз ба? Біз неге өткен қоғамның тиімді жақтарын ұстап қала алмадық? Біз қаншалықты өзгерген қоғам орнатуымыз керек? Бұл сұрақтар – ашық сұрақтар. Оқырман дүниеге деген өз көзқарасының шеңберінде бұларға өзі жауап табуға тырысса екен дейміз.

Қорыта келе, философияның негізгі мәселесінің бірінші – онтологиялық жағы: «Бұл дүние не?» – деген сұраққа жауап берсе, екінші – гносеологиялық, праксеологиялық, аксиологиялық жақтары: «Бұл дүниені қалайша танып-біліп, бағалап, өзгертуге болады?» – деген сұраққа жауап береді.

§ 6. Философияның негізгі атқаратын қызметтері

Жоғарыда көрсетілгендей, философия – ғылым мен өнер салаларына ұқсас, сонымен қатар адамзаттың мәдениетінде ерекше орын алатын пән. Ол өзінің әртүрлі қырларымен қоғам мен адам өміріне жан-жақты әсерін тигізеді, бүгінгі рухани дағдарыстағы адамзатқа оның жаңа өмір бағытын іздеудегі талпыныстарында философияның орнын асыра бағалау қиын.

Философия адамның дүниеге деген **көзқарасын** қалыптастырады. Бұл – осы пәннің ең **негізгі қызметтерінің** бірі.

Әрине, кез келген адамның дүниеге деген өз көзқарасы бар. Ол тұрпайы, фантастикалық, діни, мифологиялық т.с.с. болуы мүмкін. Ертедегі гректердің айтқанындай, адам өзінің толық кемеліне, әсіресе рухани жағынан алғанда, пісіп-жетілуі сатысына 40 жасқа қарай келеді екен. Оны олар **«акме»** деп атаған. Яғни адам өмірде сол жасқа шейін шыңдалып, талай рет маңдайы тасқа соғылып, күнделікті өмірден тәжірибе қорытып, осы қоршаған дүние, қоғам өмірі, адамдардың бір-бірімен қатынасы жөнінде белгілі бір көзқарасқа келеді. Ары қарай жүре келе, ол тіпті белгілі бір даналық сатысына көтеріліп, қартайған шағында философиядағы ашылған өмірге деген көп қағидаларды сол пәнді оқымай-ақ өз-өзіне тағы да ашуы мүмкін.

Алайда бүгінгі таңда, қазақ мемлекеті жаңа ғана қалыптасып, өзінің күшіне кіріп жатқан уақытта, бүкіл дүние жүзіндегі халықтар мен мемлекеттерге есігімізді кең ашып жатқан шағымызда, өз келбетімізді сақтап қалуымыз үшін (оны ғылымда **идентификация** дейді

(identifico – латын сөзі, теңеймін), біз дүниежүзілік философияны зерттеп, қазақ халқының дүниетанымы онда қандай орын алатынын анықтауымыз керек. Сонымен қатар бүгінгі адамзаттың рухани дағдарысы неде, ғылым мен техника қаншалықты биік дәрежеге көтерілгенмен, қазіргі миллиондаған адамдар өздерін неге бақытсыз сезінеді, біз өзіміздің реформаларымызда қандай елдердің тәжірибелерін үлгі ретінде алуымыз керек және оларды өзіміздің ерекшеліктерге сай етіп пішуіміз керек деген т.с.с. сұрақтарға жауап беруіміз керек. Бұл сұрақтардың жауаптары жеке адам, я болмаса бүкіл қоғамның болашақ тағдырына әсерін тигізбей қоймайды. Ал олардың бәріне де терең жауап беру философия арқылы болмақ, өйткені барлығы – дүниеге деген көзқараспен байланысты мәселелер.

Бүгінгі таңдағы еліміздегі көп қиындықтар, тіпті қателіктер, біздің өмірді жаңарту жолындағы үстірт еліктеу, қайсыбір ақиқаттың нақтылығын ұмыту, жалпы алғанда, біздің жаңа қалыптасып жатқан саяси және экономикалық элитамыздың философиялық дайындық дәрежесінің тайыздығымен, интеллектуалдық элитаға мән бермеумен көп жағдайда байланысты болып отыр. Әрине, сонымен қатар көп мәселелердің түп-тамыры біздің соңғы ғасырлардағы бодандығымызға кетеді. Бірақ оған қаншалықты сілтей береміз?

Дүниеге деген терең философиялық көзқарас әсіресе біздің жастарға керек. Өйткені жастар – елдің болашағы. Философияны терең оқып-білген адамның ғана дүниеге көздері ашық, қазіргі адамзат өміріндегі болып жатқан шымшытырық тартыс, **қайшылықтардың мәнін** аша алады. Олай болса, өз өмірінің мән-мағынасын жете түсініп, осы өмірде өзінің шынайы орнын ала алатын болады.

Философияның келесі міндеті – оның **әдістемелік** қызметінде. Әр ғылымның саласында өзінің пәнін зерттеуде белгілі бір іс-әрекеттер, әдістемелер қолданылады. Әртүрлі әдістер жеке, жалпы, ең жалпылық (философиялық) болып бөлінеді. Әдістер жөніндегі жалпы ілімді біз әдістеме дейміз.

Бірде-бір таным, әсіресе философиялық, қайсыбір саналы адамның іс-әрекеті белгілі бір әдістерсіз, олар арқылы соған сәйкес әдістемелік түсініктерсіз болуы мүмкін емес. Жаңа дәуірдегі философия негізін қалаушылардың бірі Ф.Бэкон адамның дүниетанудағы қолданатын әдістерін қараңғыда жол көрсететін шамшырақпен салыстырған болатын. Орыстың ұлы ғалымы И.П.Павлов: «Ғылымда қолданатын әдістермен көбінесе зерттеудің нәтижелігі тығыз байланысты. Жақсы әдістер арқылы өте талантты емес ғалым да көп нәрсені ашуы мүмкін. Ал қолданылатын әдістер нашар болса, онда данышпан ғалымның өзі бостан-босқа күш-қуатын жұмсайды», – деген болатын. Фран-

цуз ғалымы И.Лаплас ұлы ғылыми жаңалыққа жеткізген жолды сол жаңалықтың өзінен кем емес екендігі туралы пікір айтқан.

Философия болмыс пен ойлаудың ең жалпы формаларын зерттегеннен кейін, олардың әдістемелік қызметі әділетті шындықтың жалпыға бірдей үлгілерін жасау арқылы, сол тұрғыдан жеке ғылымдардың орнын, зерттеуге керек таным құралдарын – санаттар, заңдар, принциптер сияқты ұғымдарды анықтау арқылы жүреді. Әсіресе гуманитарлық пәндерді зерттеуде философияның құндылық, өмірдегі мән-мағыналық бағытты анықтаудағы қызметін асыра бағалау өте қиын. XX ғасырдағы ғылым мен техниканың өте тез дамуына байланысты философияның әдістемелік қызметінің де мәні өсуде.

Бір жағынан, жаңа ғылым салалары пайда болып жатса, екінші жағынан, әртүрлі ғылым салаларын жақындататын «шекаралық» пәндер дүниеге келіп жатыр. Қазір адамзаттың алдында неше түрлі экологиялық, демографиялық, урбанизациялық, ғарыштық т.с.с. мәселелер тұр. Оларды шешу үшін әртүрлі жеке ғылымдардың басын біріктіріп, үлкен күрделі ғылыми бағдарламаларды жасау керек. Ал мұның өзі белгілі философиялық көзқарастың, әдістемелік принциптердің негізінде ғана іске аспақ.

Енді философия жөнінде алғашқы түсініктерді алғаннан кейін, келесі тарауда біз осы пәннің тарихи жолын зерттейміз, яғни ол – философия тарихы.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Дүниеге көзқарас дегеніміз не?
2. Мифологияның дүниеге деген көзқарас ретіндегі айырмашылығы неде?
3. Діни көзқарастың ерекшеліктері неде?
4. Дүниеге деген философиялық көзқарастың миф пен діннен айырма-шылығы неде?
5. Философия мен ғылымның арақатынасы қандай?
6. Философияның өнерлік жағын неден көресіз?
7. Философия қандай рухани құндылықтарды зерттейді?
8. Философия мен тілдің байланысы қандай?
9. Философияның негізгі мәселесінің үш жағын көрсетіңіз.
10. Философияның қандай функциялары бар?

Рефераттар тақырыптары:

1. Философия және миф.
2. Философия және дін.

3. Философия және өнер.
4. Философияның негізгі бағыттары: материализм, идеализм, реализм.
5. Философия – дүниеге деген ерекше көзқарас.
6. Философия құндылықтары және бүгінгі өтпелі қоғам.
7. Философияның жоғары білім саласындағы алатын орны.
8. Философия мен жеке ғылымдардың байланысы.
9. Философияның танымдағы әдістемелік қызметі.
10. XX ғасырдың аяғындағы адамзат тудырған жалпы мәселелерді шешудегі философияның рөлі.

Ойланыңыз:

Неміс ағартушысы Г.Лессинг: «Егер Құдай мені өзіне шақырып: «Бір қолымда дүние жөніндегі толық ақиқат, екіншісінде ақиқатқа деген құштарлық бар. Қайсысын таңдап аласың?» – десе, мен: «О, Жаратқан, бүкіл ақиқаттың иесі Сенсің, маған тек сол ақиқатқа құштарлықты берсеңіз болғаны», – дер едім», – дейді. Осы көркем сөзбен берілген ойды сіз қалай түсінесіз?

«Ешкім де философияны жастық шағында ысырып тастап, қартайғанда одан шаршамасын. … философия жасқа да, кәріге де керек, біріншіге жастық жігерді болашақ алдындағы пісіп-жетілген батылдықпен ұштастыруға, екіншіге өмірдің соңында рухани жаңарып, өткенге қуану үшін» деген пікірді грек философы Эпикур айтқан екен. Бұл ойдың маңызы неде?

Француз ағартушысы Д.Дидро айтқандай, «Ең тамаша ойшылдар философиямен ғасырлар бойы айналысты. Бірақ соған қарамастан, онда бірде-бір дау туғызбайтын пікір жоқ». Неге олай?

«Өткен және болашақ замандардағы қасіреттерге философия жоғарыдан қарағанмен, қазіргі қасіреттер философияға жоғарыдан қарайды» деген ойды француз жазушысы Франсуа де Ларошфуко айтқан екен. Бұл ой-пікір біздің қазіргі өтпелі заманымызды бағалағанда, қандай тебіреністерді тудырады?

«Жалғыздықтың шеңберінде өмір сүру үшін я жануар, я болмаса Құдай болу керек», – дейді Аристотель. Бірақ үшінші бар, ол – философ», – дейді Ф.Ницше. Бұл пікірді қалай түсінуге болады?

«Қайғы танымнен бірге басталады», – дейді француз ойшылы А.Камю. Сіз бұл пікірді қалай түсінесіз?

«Философия қоғамға тәуелді болмауы керек, керісінше, қоғам философияға тәуелді болуы керек», – деген екен орыс философы Н.Бердяев. Бұл тұжырым қазіргі өтпелі қоғамда қандай ойларды туғызуы мүмкін?

«Егер өлім болмаса, адамдар философиямен айналысар ма еді?» – дейді неміс философы А.Шопенгауер. Оған қалай қарайсыз?

I БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТ АЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАРИХИ ТИПТЕРІ

II тарау. Көне заман мәдениеті аясындағы философия

§ 1. Философия тарихы дегеніміз не?

Философия б.ғ.д. VI-V ғ.ғ. пайда болып, өзінің бүгінгі ахуалына келді. Қайсыбір философия, Гегельдің айтуына қарағанда, – оймен ұсталып қалған өз заманы, дәуірі. Философия тарихы, олай болса, адамзаттың ой өрісінің даму тарихы, шегіне жеткен ең жалпы адам мен дүниенің қарым-қатынасы жөніндегі мәселелерді шешудегі өз заманымен шектелген ойлау, рух талпынысы.

Философия тарихы сонау көне заманнан бері қалыптаса бастады. Оның қайнар көзі – дүние мен адамның байланысы жөніндегі алғашқы жиналған ойлар мен пікірлер, оларды белгілі бір жүйеге келтіріп, сараптау қажеттігі, соның негізінде әрбір философтың өзінің ой-пікірін жеке көрсетуге тырысуында жатса керек. Сондықтан Кон-фу-Цзы, Платон, Аристотель сияқты көне замандағы ірі ойшылдар өздерінің көзқарасын бұрынғы тарихта қалыптасқан пікірлермен салыстырып, оларға баға береді.

Сонымен қатар сол көне заманда өз шығармашылық еңбегін тек қана әдейі философия тарихына арнаған ойшылдар да болды. Оған, мысалы, III ғ. өмір сүрген Диоген Лаэртийді, Секст Эмпирикті жатқызуға болар еді. Д.Лаэртийдің «Атақты философтардың өмірі мен ілімдері, нақыл сөздері», С.Эмпириктің «Ғалымдарға қарсы» деген еңбектері арқылы біз көне замандағы философия ішіндегі ой-тартысты, әрбір ойшылдың шығармашылық тәжірибесінің ерекшелігін байқаймыз.

Орта ғасырларды алатын болсақ, онда философия тарихы көбінесе тарихтағы болған ұлы философия еңбектеріне жасалған түсіндірмелер арқылы көрінді. Мысалы, Әл-Фараби Аристотельдің шығармаларын тек қана араб тіліне аударып қана қойған жоқ, сонымен қатар өзінің кең түсініктемелерінде оларға баға беріп, басқа грек ойшылдарының еңбектерімен салыстырып, олардың бір-бірімен сабақтастығын көрсете білді.

Алайда Гегельдің еңбектеріне дейін XV-XVII ғ.ғ. философия тарихтарында бұл пән әлі белгілі бір жүйеге келтірілген жоқ, оның ішкі байланыстары, қисыны әлі ашылған жоқ-ты.

Гегель өзінің «Философия тарихы жөніндегі лекцияларында» адамзаттың философиясындағы ой-пікірдің тарихи бір-бірімен сабақтастығын, әрбір дәуірдің белгілі соған сәйкес философия ой-өрісін

туғызатындығын, сонымен қатар сол дәуірдің шеңберінде шектелетіндігі, келесі дәуірдегі ойшылдардың өз заманына сәйкес бұрынғы көзқарастарын дамытатындығын айқындады.

XIX ғ. екінші жартысында пайда болған марксизм ілімі философия тарихын таптық тұрғыдан қарап, бұл пәннің шеңберінде қалыптасқан материализм және идеализм ағымдарының күресін осы ғылымның өзегі деп есептеді. Қоғамды материалистік тұрғыдан түсінудің негізінде, олар «философия ой-өрісі дамуының ең түпкі қайнар көзі – өндіргіш күштер, соған сәйкес ғылым мен техниканың дамуында» деген терең пікір айтты.

XX ғасырдағы ойшылдардың көпшілігі философия тарихындағы тарихи сабақтастықтан гөрі, әрбір қалыптасқан философиялық жүйенің ерекшеліктеріне, соны тудырған тарихи тұлғаның қайталанбауына, оның дүниетанымы мен сезімінің оқшау тұрған рухани құндылық екендігіне аса көңіл аударды.

Әрине, философия тарихының қалыптасуы мен дамуының ішкі заңдылықтары бар. Әр философ, қайсыбір адам сияқты, өз дәуірінің тұлғасы, сондықтан оның ой-толғауында сол заманның мұң-мұқтаждықтары, философиялық ой-өрісі көрінбей қоймайды.

Әрбір географиялық аймақта тұратын халықтардың сол жерге мыңдаған жылдардың ішіндегі бейімделуінің негізінде өзінің дүниетанымы мен дүниені түйсінуі, өзінің философиясы қалыптасады. Оны ғылымда менталитет деген ұғыммен береді (mental – ағылшын сөзі, ой-өріс). Сондықтан біз Шығыс, Батыс философиясы, Африка, Америка т.с.с. философиясы деп оларды ерекше қараймыз.

Сонымен бірге философияның келесі күрделі ерекшелігі оның тарихына өз әсерін тигізбей қоймайды. Ол – **дүниеге деген көзқарастың көптүрлілігі**, ішкі және сыртқы жағына шексіз дүниені танып-білудегі кемеліне келген **соңғы ақиқаттың үзілді-кесілді түрде болмауы.** Сондықтан соңғы ақиқат – ешбір философиялық ағымда, ешбір аса ірі тұлғаның қолында жоқ және **ол болашақ тарихта да болмайды.**

Бұл философияның іргелі ерекшелігі тарихтағы пайда болған әр философия ағымының, әр ірі тұлғаның дүние сезімінің, тебіренісінің қайталанбауын, оның орны бөлек рухани құндылық екенін көрсетеді. Сондықтан әрбір философиялық ағымның ішінен бүгінгі таңда бізге керек даналық пікірді, көзқарасты табуға болады. Мысалы, көне замандағы Шығыс ойшылдарының «ортаңғы жолымен жүру» қағидасы бүгінгі таңдағы біздің «біржақтылы-ғымыздың» қателігін көрсетпей ме?

Көшпенділердің дүниеге деген көзқарасындағы табиғатты аялау, оған табыну қажеттігі бүгінгі таңдағы дүниені қайта өзгерту жолында

экологиялық дағдарысқа келіп тірелген адамзатқа қаншалықты қажет десеңізші!!!

Ал үнді философиясының негізгі қағидаларының бірі – ахимсаны (ешқандай тіршілікті жәбірлемеу) алсақ, оның мән-мағынасы да осы уақытқа шейін соғыстан құтыла алмай келе жатқан адамзатқа сабақ болатындай. Мұндай мысалдарды көбейте беруге болар еді.

Қорыта келе, біз оқырманды **философия тарихын жете меңгеруге шақырамыз.** Оның шеңберінде телегей-теңіз дана ойлар, нәзік дүниесезімді, таңғаларлық ой-өрістерін табуға болады. Ол сіздің өзіңіздің ой-өрісіңізді кеңейтіп, дүниеге терең көзқарас қалыптастырып, өміріңіздің терең мән-мағынасын табуға көмектеседі.

Ендеше, сол философия тарихына саяхатымызды бастайық.

Философияның дүниеге келу мәселесі

Философияның дүниеге келген уақыты ғылымда нақтылы көрсетілген. Жалпы алғанда, б.ғ.д. VI-V ғ.ғ. Шығыста да, Батыста да адамзаттың ұлы ойшыл-бабалары өмірге келіп, философиялық ой-пікірді туғызды. Олар: Қытайда – Лао-Цзы, Кон-фу-Цзы, Парсы елінде – Заратустра, үнді елінде – Гаутама Сидхартха, соңынан Будда (ағарған) аталған, Грецияда – Сократ, Фалес, Анаксимандр т.б., Палестинада – Илия, Исая, Иеремия т.б.

XX ғ. немістің ұлы философы К.Ясперс бұл заманды **«кіндікті уақыт»** дейді. Өйткені бұл заманға дейінгі адмзаттың өмірі шектеліп, қайталана беретін өте баяу рухани өмірдің негізінде өтіп жатты және оның өзі саналы түрде танылмаған болатын.

Ал «кіндікті уақыт» келген заманда: «Адам болмыстың өзін және өзінің шекарасын сезінеді, алдына ең биік мақсаттар қойып, өзінің санасының тұңғиығынан абсолютті таниды. Осының негізінде философтар дүниеге келді. Адам жеке пенде ретінде тәуекел деп, өзін бүкіл дүниеге қарсы қойды», – дейді К.Ясперс.

Ал мұның себебін іздей келе, К.Ясперс діни жауапқа жақындап қалғанмен: «Бұл мәселе шешілмеген, ашық сұрақ», – деген пікір айтады.

К.Ясперстің бұл айтқан сөздерін қорытсақ, философия адам рухының оянған кезінде, яғни оның өзіндік сана-сезімі пайда болып, өзін-өзіне, басқа адамдарға, бүкіл дүниеге қарсы қоя алатын уақытында дүниеге келеді.

Әрине, философияның дүниеге келу мәселесін идеалистік жолмен түсіну, белгілі бір «құдіретті күшке», «абсолюттік идеяға», «абсолюттік рухқа» сілтеуге әкеледі. Ол бізді қанағаттандырмайды. Сол себепті осы мәселені материалистік тұрғыдан талдап көрелік.

Философияның дүниеге келген тарихы **қола заманнан темір дәуіріне** өтумен тығыз байланысты. Темірді игеру адамзат тарихына түбегейлі өзгерістер әкелді. Соқаның басына кигізілген үшкір темір жерді терең жыртуға, яғни оны өңдеуді жетілдіруге әкелді. Нәтижесінде мол өнім алынып, байлықтың көзі ашыла бастады. Қоғамдық қарым-қатынастардың дамуы тереңдей түсіп, әсіресе ерекше атап өтуге тұратын – **ақшалық-тауарлық байланыстар** тез өсті. К.Маркстің уақытында айтқанындай, алтынның «сезімдік заттық» мағынасынан өтіп, адамдар оның «абстрактілік» құдіретті қасиетін ашты. Алтынның ең құдіретті қасиеті – оны басқа заттарға теңеу мүмкіндігі. Әрине, алтынды қолға алып, оны көзбен көріп, салмағын байқап, тіске салып жұмсақтығын анықтауға, оны «сезімдік зат» ретінде қарауға әбден болады. Бірақ, сонымен қатар ой арқылы белгілі алтын көлемін төрт қойға, болмаса екі сиырға, жылқыға теңеуге де болады, яғни адамдар заттардың құнын анықтап, оларды бір-бірімен салыстыра алатын жағдайға көшеді. Мұның өзі адамдардың **абстрактілік ойлау дәрежесін көтеріп**, қоғамдық сананың пайда болуына әкеліп жеткізді.

Темір заманында болған үлкен өзгерістердің бірі – ол **интеллигенцияның** (intellegens – лат. сөзі, ақылды) **дүниеге келуі**. Яғни байлық көзін өсуінің негізінде дене еңбегінен арылып, өзінің өмірін толығынан ой еңбегіне арнаған адамдардың (дін қызметкерлері, өнердің әр түрімен айналысатындар, ойшылдар, тарихшылар т.с.с.) пайда болуы.

Осы ой еңбегінің дене еңбегінен бөлінуі ғылым мен өнердің өте тез дамуына, дүниеге деген философиялық көзқарастың тууына өзінің зор әсерін тигізді. Тағы да К.Ясперсті тыңдасақ, «Адамның рухани оянған кезінде, **басқа ғылымдардан бұрын философия** пайда болады».

§ 2. Көне Қытай мәдениеті аясындағы философия

Өз уақытында Гегель айтқандай, Күннің өзі шығыстан шыққаннан кейін, біз де философияның тарихын Шығыс елдерінен бастаймыз.

Бірақ мұның өзі «шығыстық» тұжырымға әкелмеуі керек. Жоғарыдағы көрсеткеніміздей, философия бір уақытта дүние жүзінің кемінде үш жерінде – Қытай, Үнді, Грекияда дүниеге келеді. Философияның мәселелері бір болғанымен, бұл үш цивилизация оларға үш түрлі жауап береді, ұқыпты оқырман оны оқыған кезде байқайды ғой деген үміттеміз.

Сол үш цивилизацияның бірі – ұлы Қытай елі. Ол – бүгінгі таңда заманның қойған Талабына сәйкес жақсы Жауап тауып, өте тез дамып келе жатқан ел. Ғалымдардың айтуына қарағанда, XXI ғасырдың оты-

зыншы жылдарында Қытай дүние жүзіндегі ең дамыған елге, дүние жүзінің экономикалық орталығына айналмақ.

Қытай елінде болып жатқан жаңару үдерістері сол елдің терең түп-тамыры – 4-5 мың жылға кететін мәдениетімен, сол халықтың дүниетанымы мен дүние сезімі (менталитеті), философиясымен байланысты. Синологтардың (қытайтанушылар) айтуына қарағанда, Қытайдың моральдық философиясының негізгі қағидалары бүгінгі заманның талабына сай келіп, реформаларды жеделдетуге өзінің зор ықпалын тигізуде.

Ендеше, сол халықтың тудырған философиясын зерттеп, өзімізге керек жақтарын ойымызға түйейік.

Қытай философиясына кіріспестен бұрын, бір-екі ауыз сөзді осы халықтың мифологиясына арнау керек, өйткені қай халық болса да, оның мәдениеті мен философиясының түп-тамыры, қайнар көзі сол көне аңыздарға барып тіреледі. Қытай аңыздарында дүниенің жаратылуына көп көңіл бөлінген. «Алғашқы тұңғиықтың (хаостың) ішінде үлкен жұмыртқа пайда болып, оның ішінен дәу алғашқы адам – Пань-Гу шықты», – дейді Қытай мифологиясы. Содан кейін ол оң қолымен сермеп қалғанда, хаос қақ жарылып, жер мен аспан пайда болыпты. Ары қарай оның тынысы желге айналып, дауысынан Күн күркірейді, бір көзінен Күн туса, екіншісінен Ай пайда болады, Дүниенің төрт бөлігі оның екі қолы мен екі аяғынан, өзендері оның қанынан, жаңбыр шыққан терінен пайда болыпты.

Қытай мифологиясында Дүниенің екі бастауы – еркектік жағы – **ян** – ол жеңіл, ақшыл бөлшектерден, ал әйелдік жағы – **инь** – керісінше, ауыр, қараңғы түсті бөлшектерден тұрады. Олардың бір-бірімен әртүрлі өлшемде қосылуы бүкіл болмыстағы барлық заттар мен құбылыстарды құрайды.

Б.ғ.д. VI-V ғ.ғ. Қытай елінде мифологиялық дүниетанымнан философияға көшу үдерістері басталады. Сонау көне заманнан бастап, Қытай философиясында үш негізгі ағым пайда болды. Олар: **даосизм** – бұл ағымды Қытайдың натурфилософиясы деуге болар еді. Екінші ағым – **Конфуциандық** – ол Қытай халқының моральдық философиясы, үшінші – **Фа-цзя мектебі** – ол Қытайдың әлеуметтік-саяси философиясы. Бұл ағымдар сонау көне заманда пайда болып, осы уақытқа шейін осы халықтың дүниетанымында елеулі орын алады.

Даосизм ағымы

Даосизм бағытының негізін қалаушы – **Лао-Цзы** (VI-V ғ.б.ғ.д.) «Даодецзин» деген кітапта бұл кісінің айтқан ойларын оның оқушылары мен ізбасарлары IV б.з.д. ғ.ғ. жинақтаған.

Даосизмнің онтологиялық (болмыс) мәселелері

Лао-Цзы философиясының негізгі ұғымы – **Дао,** қытай тіліндегі көп сөздер сияқты, өзінің бойына әртүрлі мағына сіңірген ұғым.

Дао, бір жағынан, дүниенің қайнар көзі, алғашқы негіз ретінде түсіндірілсе, екінші жағынан, ол – аспан заңдылықтары, бүкіл дүниедегі заттар мен құбылыстар оған бағынышты.

Дүниенің негізінде жатқан Даоны біз: «...мәңгілік, ол өзгермейді, бітімсіз, танылмайды», – дейміз. Оған қаншалықты мұқият қарағанмен, ол көрінбейді, зер қойып тыңдасақ – естілмейді, оған ат қояйық десек, қалай атарымызды білмейміз: оның аты жоқ. Ол – **еш нәрсе, бейболмыс.** Дао – бүкіл өмірге келетіннің терең қақпасы.

Ал біз өмір сүріп жатқан нақтылы дүниеге, бізді қоршап жатқан сан алуан заттарға келер болсақ, олардың әрқайсысының аты бар. Олардың бары де қозғалыста, өзгерісте, олар уақытпен шеңберленген, яғни бұл дүниеге келіп, аяғында Даоға айналып мәңгілікке кетеді.

Дао тудырған болмысты, заттар әлемін Лао-Цзы **«Де»** деген сөзбен береді. Дао заттарды тудырса, Де оларды асырайды. Денелік заттардың бітімін құрайды, инь мен янның күштері арқылы зат қалыптасады. Сондықтан бұл дүниеде Даоны құрметтейді, «Дені» бағалайды.

Адам – жерге, жер – аспанға, аспан – Даоға, Дао өз-өзіне бағынады.

Дао – мәңгілік және аты жоқ-ты. Солай бола тұра, оны бұл дүниедегі ешбір нәрсе өзіне бағындыра алмайды.

Теңізге әр жерден келіп құйылып жатқан кіші-үлкен өзендер сияқты, Дао өзінің бойына дүниедегі барлық заттар мен құбылыстарды сіңіріп, қайтадан өз бойынан оларды тудырып отырады.

Сонымен, Бейболмыс – бірінші, нақтылы дүние, болмыс – екінші. Дүниедегі барлық заттар болмыстан шығады, ал болмыс бейболмыстан туады. Қазақстанның философ-ғалымы А.А.Хамидов атап көрсеткендей, «Шығыс философиясында **бейболмысқа креативтік** (creatio – лат сөзі, тудыру) күш беріледі. Сондықтан Батыстағы белгілі тұжырым «Ex nihilo nigil fit» (жоқтан еш нәрсе тумайды) шығыс ой-пікіріне сәйкес келмейді. Шығыстың ой-пікірінен шығатын тұжырым – «Ex nihilo totum fit» – лат. (жоқтан барлығы пайда болады).

Даосизмде дүниенің қайшылығы, қарама-қарсылықтың бір-біріне айналып жатқаны айқын көрсетіліп, адамның өзінің жүріс-тұрысында, іс-әрекетінде оны қалай ескеруі керектігі айтылады. «Сұлудың сұлулығы білінген кезде, түрсіздік те пайда болады. Жақсылықтың жақсылығы білінген уақытта жамандық та пайда болады... Сондықтан болмыс пен бейболмыс бірін-бірі тудырады, ұзын мен қысқаны бір-бірімен салыстырып қана білеміз, биік пен аласа бір-бірімен майы-

сады, әртүрлі дыбыстар бір-біріне қосылып, гармония (harmoniа – грек сөзі, үйлесімділік) тудырады. «Қарама-қарсылыққа айналу – даоның қозғалысы». «Мінді мінсіздікті сақтайды». Бұл бос сөз бе? Ол – адамның жетілуінің жолын көрсететін қағида. Сондықтан қиындықтан өту үшін жеңілден бастау керек, ұлы нәрсе кішіден басталады, көп нәрсе аздан тұрады, бақытқа жету үшін бақытсыздықтан өту керек… кім көп жинаса, соншалықты көп жоғалтады. Кім өлшемді сақтаса, сәтсіздікке ұшырамайды. Кім өз шегін білсе, қауіптен құтылады. Егер жеңілдікті іздесең, қиындықтар өз-өзінен пайда болады».

Даосизмнің жоғарыда көрсетілген нақыл сөздері бізді өзінің терең даналығымен таңғалдырады. Онда дүниенің терең мәні, адамның өмір сүруіне қажетті қасиеттер көрсетілген. **Тек оқы да, бойыңа тоқы.** Аз күнде ұлылық дәрежеге көтерілем деп, беліңді шойыртып алма, күнбе-күн аз-аздап, шаршамай-талмай еңбек ет, сонда ғана белгілі нәтижелерге жетуге болады. Даосизмнің бұл нақыл сөздері жастарға, я болмаса қарапайым адамдарға ғана емес, біздің саяси және экономикалық дегдар топтың кейбір өкілдеріне қандай керек десеңізші!!!

Даосизмдегі дүниетанымдық мәселелер

Даоны тану жолында сезімдік, құмарлықтан бізді оған ешқашанда жеткізбейді. Адам сезімдік жолмен тек қана шектелген нақты заттарды ғана тани алады. Сондықтан адам құмарлықтан арылып, тыныштық жағдайға келгенде ғана дүниеге тереңдей алады.

«Дүние әртүрлі заттардан тұрғанмен, олардың бәрі де гүлдейді де, соңынан тамырына қайтып оралады. Оны біз тыныштық дейміз, ол бізді мән-мағынаға жеткізеді, мән-мағына тұрақтылыққа әкеледі. Тұрақтылықты білген адам жетілудің шыңына жетеді. Жетілген адам құмарлықтан арылады, құмарлықтан арылған адам даоға жетеді. Даоға жеткен адам – мәңгілік. Даоны түсінген адам қауіптен құтылады».

Дүниетану жолындағы жасалған ұғымдарды сараптап, олардың біртекті мән-мағынасын анықтау қажеттігін даосизм асыра көрсетті. «Тәртіпті орнатқан кезде аттар қойылды. Заттардың аттары пайда болғаннан кейін, оларды шектеу қажет. Ол қателіктерден құтқарады».

Өзіңді танысаң, басқаларды да білесің. Бір отбасынан басқалардың бәрін де тануға болады. «Бір елді танып білсең, бүкіл жер бетіндегі елдерді білгенің», – дейді даосизм.

Әсіресе жастарға ой салатын мынандай нақыл сөзбен аяқтайық: «Дана адам білімі бола тұра, оны көрсетпейді, надан адам білмесе де, білімді сияқты болып көрінгісі келеді».

Даосизмнің моральдық, әлеуметтік-саяси көзқарастары

Даосизмнің моральдық ілімі Кун-фу-Цзы (Конфуций) іліміне қарама-қарсы. Конфуций адамдардың бір-біріне жақсылық жасау керектігі қағидасын сынға алып, олар оны «мен – саған, сен – маған» теңеп, «оның ешқандай моральдық мәні жоқ, тек қана пайда табушылыққа итереді» деген ойды айтады.

Даосизмнің этикалық идеалы – жақсылық жасауға ұмтылмау. Сондықтан ондай адам – ізгі адам. Мұндай идеяға оларды итерген өмірде көп кездесетін жақсылықтың жамандық болып оралуы болса керек. Сондықтан даостардың ізгі адамы еш нәрсе жасамай жеңіске жетеді. «Күреспей-ақ жеңіске жетеді», – дейді даостар.

Даосизмнің әлеуметтік-саяси көзқарастарына келетін болсақ, қоғам өмірінде адамдардың тәтті тамағы, жылы киімі, тұрақты үйі болса, онда олардың өмірі қуанышты. Сонда ғана көрші мемлекеттер бір-біріне алыстан қарап, бір-бірінің әтештерінің шақыруын, иттерінің үруін тыңдап, өздерінің қартайып өлгендеріне шейін бір-біріне тимейтіндігін айтады.

Даосизм ілімі адамдарға білім беруге, оларды ағартуға қарсы, ал білімді адамдардың өзін іс-әрекет жасауға жібермеу керек деген пікір айтады. Өйткені әрекет жасамау барлық заттардың өзінің мақсатына лайықты өзгеруіне, өзіне-өзі жеткілікті болуына әкеледі.

Ал енді басқару мәселесіне келетін болсақ, онда олардың пікірінше, «ең жақсы елбасын, яғни тек оның **бар екенін** ғана халық біледі. Ал халық сүйетін және көтеретін елбасы – екінші дәрежеде. Содан кейін халықты қорқытып ұстайтын елбасы келеді. Егер халық елбасынан жиіркенсе – онда ол ең жаманы».

Даосизм елдің әділеттілік арқылы басқарылатынын, соғыстың қулық арқылы жүретінін айтады. Елді басқару дәрежесіне көтерілу еш нәрсе жасамау арқылы болмақ (У-.Вей – заттың табиғи қалыптасуына тежеу жасамау).

Егер елбасы еш нәрсеге килікпесе, онда қоғам өмірінде тыныштық орнап, барлығы да өз орнымен келе береді. Егер үкімет тыныш болса, онда халықтың көңілі де жайлы. Бірақ үкімет неше түрлі іс-әрекетте болса, онда халық бақытсыздыққа ұшырайды.

Даостар үкімет басындағы адамдарды байлыққа, қымбат заттарға қызықпауға шақырады. Әсіресе тәкаппарлықтың зияндылығын баса көрсетеді. «Ең бақытсыздық – өз құмарлығының шегін білмеуде, ең қауіптілік – асқан байлыққа жетуге ұмтылуда».

Даостар – соғысқа қарсы. Соғыста болған жеңісті мадақтау – адамдарды өлтіргенмен тең. Сондықтан ізгі басшы көршілермен тату тұруға, егер қайшылықтар пайда болса, оны бейбіт түрде жол беру арқылы

шешу керектігін айтады. Сондықтан қашанда соғысты бірінші болып ашудан бас тартқан жөн деп есептейді.

Конфуций ілімі – Қытайдың моральдық философиясы

Конфуций (551-479 б.ғ.д.) – Қытай халқының ұлы ойшылы, саяси қайраткері, тәрбиешісі, осы уақытқа дейін өзінің ықпалын тигізіп келе жатқан философиялық ағымның негізін қалаушы. Негізгі еңбегі – «Лунь-уй» (әңгімелер мен пікірлер).

Конфуций философиясында қойылған онтологиялық (болмыс) мәселелерге келер болсақ, ойшыл өзінің болмысқа, дүниеге деген жалпы көзқарасында сол кездегі қалыптасқан ой-өрістің шеңберінде болған. Аспандағы дао заңдылықтарына табынып, тағдырға сенген. Мысалы, «Лунь-уй» кітабында: «Аспан жөнінде не айтуға болады? Жылдың төрт маусымының ауысуы, болмыстың дүниеге келуі. Басқа не айтуға болады? Егер кімде-кім тағдырды мойындамаса, оны нағыз ерге жатқызуға болмайды», – дейді ұлы ойшыл.

Моральдық мәселелер

Конфуцийдің адамзат тарихында ұлы ойшыл ретінде осы күнге дейін сақталуы – оның моральдық-этикалық көзқарастарында. Оның әлеуметтік-саяси көзқарастарының өзі осы моральдың тиістілік шеңберінде қаралады.

Конфуций еңбектерінен біз **«бес тұрақтылықты»** (у-чан) табамыз. Олар: адамгершілік, адамды **сүю** (жень), **әділеттілік** (и), **әдеттілік** (ли), **даналық**, ақыл-оймен тоқулық (чжи), **сенімділік** (сань). Осы бес тұрақтылық арқылы адам дао жолына шыға алады.

Конфуций моральдың **«алтын ережесін»** алғаш көрсеткен деген пікір әдебиетте бар. Оқушы бұл кісіге: «Бір сөйлеммен сіздің моральдық іліміңізді бізге жеткізе аласыз ба?» – деген сұрақ қойыпты. Оған ол: **«Өзіңе тілемейтінді басқаға да жасама»**, – деген екен.

Конфуций өзінің моральдық ілімінде «адамдардың өзаралықтығына» «алтын ортаңғылыққа», әке-шеше мен аға-әпкені сыйлауға, адамдарды сүюге шақырады. Ол кісі жақсылықтың жақсылық болып қайта оралуына сенген.

Біздің баса көрсеткіміз келетін «тұрақтылық» – ол **«ли»** (әдеттілік). Конфуцийдің айтуына қарағанда, халық өзінің ғасырлар тарихында қалыптасқан әдет-ғұрыптарын сақтап, сыйлауы керек. Әдет-ғұрпынан айырылған халық тарап кетеді.

Расында да, қазақ халқы бодан болған өзінің тарихында әдет-ғұрпынан толықтай айырылып қала жаздады. Әсіресе кеңес зама-

нында әдет-ғұрпын сыйлаған адамдарға «ұлтшылдық» таңба тағылып, қудаланған болатын. Сондықтан халықтың «мәңгүрттенуі» де көбінесе осыған байланысты болды.

Бүгінгі таңдағы жаңару үстінде біз өз мәдениетіміздің көп жағымен «қайтадан танысып», халықтық дәрежемізді көтерудеміз.

Конфуцийдің айтуына қарағанда, адамдарды екі түрге бөлуге болады. Олар: «ізгі адам» (цзюн-цзы) және «ұсақ адам» (сяо-жень).

«Ізгі адам» өз алдына үлкен талаптар қояды, ал «ұсақ адам» талапты басқалардың алдына қояды.

Ізгі адамға үлкен істерді тапсыруға болады, ұсақ адамға сенуге болмайды. Ізгі адам басқа адамдармен тіл тауып, бірақ өмірде өз жолын іздейді. Ұсақ адам басқа адамдармен бірге болғанымен, ұрыс-керіс тудырады. Ізгі адам адамгершілік жолында өзінің өмірін қиюға дайын, ұсақ адам өзінің өмірін ит сияқты орда бітіреді.

Әлеуметтік-саяси көзқарастар

Конфуций өзінің әлеуметтік көзқарастарында әрбір топтың тарихи қалыптасуында өз орны болуы және олардың арасындағы қарым-қатынастары әдет-ғұрыптың негізінде ретке келіп отыруы керектігін көрсетті. «Елбасы әрқашанда – елбасы орнында, қызметші – қызметші орнында, әке – әке орнында, ұл – ұлдың орнында болуы керек», – дейді ұлы ойшыл.

Сонау көне заманда Кун-фу-цзы заң мен моральдың арасын айқын ашып, өзінің таңдауын моральдық нормаларға, адамдарды заңдардың талабын орындауға мәжбүр еткеннен гөрі, адамның сана-сезіміне ықпал жасап, керекті талаптың әділеттілігіне көзін жеткізу арқылы қоғамды басқарған ұтымды деген пікір айтты. «Егер адамдарды заңдардың негізінде жазалап, шектеп ұстасақ, онда олар қылмыс жасамауы мүмкін, бірақ олардың жүрегінде жаман қылықтарға деген жиіркеніш қалыптаспайды. Егер адамдарды моральдық талаптарға сай тәрбиелесек, онда олар өздерінің жаман қылықтары мен пиғылдарынан ұялып, шынайы дұрыс жолға түседі».

«Мемлекеттік істерді қалай жүргізуге болады?» – деген оқушыларының сұрағына Конфуций былайша жауап береді: «Азық-түлік молынан болуы керек, қару-жарақ та жеткілікті және қарапайым адамдардың үкімет басындағыларға сенімі болуы керек».

«Егер мемлекет басына күн туса, онда қайсысын құрбан етуге болады?», – деген келесі сұраққа ол былайша жауап береді: «Қару-жарақты құрбан етуге болады. Ал тағы да құрбан етуге керек болса, онда азық-түліктен бас тарту керек. Сонау көне заманнан осы уақытқа шейін адамдар аштықтан өледі. Бірақ халықтың жүрегінде үкіметке

деген сенім азайса, онда ол мемлекет тұрақты болуы мүмкін емес». Бұл пікірді біздің қазіргі заманымызға таратып, реформаларға баға берсек, Қытай реформаларының алға басуы – халық пен үкімет басындағы адамдардың арасындағы берік сенімдіктің болуы. Халық саяси-экономикалық шешімдерді жұмыла іске асырады, ал басшылар өз халқына таза пиғылмен қызмет етеді.

Таным мәселелері

Конфуцийдің айтуынша, өздерінің табиғатына қарағанда адамдар бір-біріне өте ұқсас, бірақ өмірден алған дағды мен тәлім-тәрбие адамдарды әртүрлі қылады. Тек қана ең биік даналық пен ең шегіне жеткен ақымақтық тұрақты.

Конфуций білімді әртүрлі дәрежеге бөледі. «Ең биік білім – ол туа біткен білім. Одан төмен білім – игерілген, келесі – қиындықтарды бастан кешіп алынған білім. Бірақ оңбаған адам басынан өткізген қиындықтардың өзінен сабақ алмайды», – деп өкінеді Конфуций.

Конфуций білімнің адам өміріне деген құндылығын жете көрсетті. «Барлық көргенің мен естігеніңді жүрегіңде сақта. қажымай-талмай оқудан тойынба, басқаларға біліміңді жеткізе біл», – деген нақыл сөздерді айтады. Конфуций ойынша, білім саласында ерекше моральдық тазалық керек. «Білгеніңді айт. Білмесең – білмейтініңді айт. Тек осындай білімге деген көзқарас даналықты көрсетеді». Ойшылдың айтуына қарағанда, оқып-білудің өзі де – өте қиын жұмыс, ол адамның дербес өзіндік оймен тоқуын талап етеді.

Конфуцийдің ілімін ары қарай дамытқан **Мен-Цзы** болды.

«Егер тек қана оқып, ал оқығанды ой елегінен өткізуге ұмтылмасақ, онда ол еш нәтиже бермейді. Ал күнбе-күнгі ой толғауы білім мен надандықты айырмайды. Аққан су сияқты, оған Батыс пен Шығыс бәрібір», – деген Конфуцийдің ойына қарсы шығып, Мен-Цзы «Аққан су Батыс пен Шығысты, расында да, айырмайды. Бірақ ол жоғарыға аға алмайды, тек қана төменге ағады. Сол сияқты, адамдардың барлығы да жақсылыққа ұмтылады», – деп жауап береді.

Мен-Цзы адамдардың басқа адамдарға деген табиғи берілген аяныш, көңілін жұбату сезімі, ұяттық және ызалану сезімі, сыйлау және табыну сезімі, шындық және жалғандық сезімдері бар деген пікір айтады. «Осы сезімдердің негізінде адамды сүю, әділеттілік, әдеттілік, тану-білу қабілеті қалыптасады. Ал жамандық адамның табиғатынан, ия болмаса Аспанның еркінен емес, өмірдегі тапшылықтан, аштық-жаңалаштықтан пайда болады», – деген пікір айтады.

Мен-Цзы айтқан мына нақыл сөзге көңіл аударайық. «Мен өмірді бағалаймын, бірақ одан да қымбат – **әділеттілік**. Егер мен осы екеуін

бірдей ұстай алмайтын жағдайда болсам, онда мен әділеттілікті таңдар едім».

Мен-Цзы Кун-фу-цзының адамды сүю принципін ары қарай дамытуға көп көңіл бөледі. Біздің бүгінгі күннің ахуалына сай келетін мына нақыл сөздерді ойымызға тоқиық. «Құрметті Ван! Біз неге **тек қана пайда** туралы сөйлесеміз? Мен тек **адамды сүю** және **парыз** жайында айтқым келеді. Егер Ван мемлекеттің пайдасы жөнінде айтса, онда құзыр иелері өзінің үйін қалай байыту қажеттігін ойлайды. Қалғандары өз пайдасын қалай табу керектігін ойлайды. Мұндай жағдайда жоғарыдағылар мен төмендегілердің арасында ұрыс-керіс басталып, мемлекетке қауіп төнеді. Егер борыштан гөрі пайда табу басым болса, адамдар бірінікін-бірі тартады».

Сондықтан өкімет басындағылар қандай болса, халық та сондай. «Басшылар жел сияқты, ал қарапайым халық шөпке ұқсайды. Қайда жел үрлесе, шөп сол жаққа майысады», – дейді Мен-Цзы. II ғ. б.з.д. заманда ресми мемлекет дініне айналып, Кун-фу-цзы ілімінің негізгі құндылықтары осы уақытқа дейін Қытай мемлекетінің идеологиясының негізінде жатыр.

Фа-Цзя мектебі – көне Қытайдың әлеуметтік-саяси философиясы

Көне Қытай философиясының тағы да бір ерекше ағымы – ол **фа-цзя мектебі** («фа» – заң). Бұл ағым, негізінен алғанда, конфуциандық ілімге қарсы бағытталған (әсіресе оның адам, мораль мәселелеріне) ілім.

Фа-Цзя мектебінің негізін қалаушы – **Хань-Фэй-Цзы** (280-233 б.ғ.д.). Ол өзінің болмыс ілімінде Даоны бүкіл дүниедегі барлық нәрселердің табиғи заңы ретінде қарады: «Әрбір зат пен істің өзінің заңдары бар. Аспанның өз заңдылығы, ал адамдарды алатын болсақ, олардың өздерінің орнатқан заңдары бар».

Дао – жалғыз және бөлінбейді деген пікірдегі Хань-Фэй-Цзы, сондықтан елбасы да тек өзіне ғана сенуі керектігін айтады. Даоның өзіне ұқсас басқа ештеңе болмағаннан кейін, оны жалғыз дейміз. Сондықтан ақылды елбасы Даоның іске асқанын бағалайды. Ары қарай елбасын Даоның қасиеттерімен салыстыра келе, оның қандай болу керектігін көрсетеді.

«Дао бос, қозғалмайды және жалғыздықта, сондықтан елбасы да барын өзінің ішінде терең сақтауы керек, адамдардың алдында ашылмағаны жөн. Елбасы даосын ешкім көрмеуі керек, ал оны қолдануды басқалар түсінбеуі керек», – деген пікір айтады.

«Фа-цзя» мектебінің ел басқару мәселелеріне келетін болсақ, олар адамның табиғатының **өзімшілдігіне** негіздеп, оны шешті. Мысалы,

Хань-Фэй-Цзының ойынша, халық тек қана пайда мен жалақыны жақсы көреді де, жаза мен дарға асуды жек көреді. Ал оның барлығы елбасының қолында. Сондықтан елбасы қоғамда тәртіп орнатуы үшін, бәрін заң арқылы ретке келтіруі керек. Заң қысқа, әрбір адамға түсінікті болуы керек. Қоғамда жаза көп, құрметтеу аз болғаны жақсы. Қайсыбір заңды бұзушылық қатты жазалануы керек. «Бірақ кімнің заңды орындамағанын, бұзғанын қалай білуге болады?» – деген сұраққа фа-цзя мектебі өз айлаларын алға салады. Ол үшін адамдар бір-бірін өзара бақылап жүрулері керек. Оны қалай істеуге болады? Ол үшін адамдардың жүрегіне **қорқыныш сезімін** ұялату керек. Заң бұзған адамды жазалағанда, оны халық алдында жасау керек. Сондай жағдайда адамдардың өздері-ақ бір-бірін көрсете бастайды.

Фа-цзя мектебі заң мен басқару өнерін бір-бірінен айырып қарайды. Заңды қалай шығарып, орындату керектігін біз жоғарыда айтып кеттік. Ал басқару өнері ше?

Басқару өнері елбасының жүрегінде өте терең жасырынған. Елбасының ойын оның жанындағы ешкім де білмей, сандалуы керек. Өйткені «Елбасының ізін аңдып, арыстандар жүр». Егер ол өзінің құпиялығын жоғалтса, онда арыстандар (жанында жүрген басқа лауазым иелері) оны жеп қояды.

Елбасы бәріне самарқаулықпен қарап, еш нәрсе жасамауы керек. Оның күші – ештеңені жасамауда. Сонда ғана ол өзінің жауларының пиғылын біледі.

Осы «Фа-цзя» мектебінің талаптарын үкіметтің саяси идеологиясына айналдырып, Қытай императоры Цинь-Ши-Хуан өз елінде аса қатыгез басқару жүйесін орнатқан болатын.

Сөйтіп, Қытай халқы көбінесе моральдық жолмен тәрбиеленгенмен, «заңдық» басқарудың да барлық қиыншылықтарын өз басынан өткізді. Соңында моральдық тәрбиені заң жолымен қоғамдық қатынастарды ретке келтірумен ұштастырды.

Фа-цзя мектебінде ашылған саяси технологиялар мыңдаған жылдар өткеннен кейін, тоталитарлық диктаторлық тәртіптер орнаған жерлерде кеңінен пайдаланылды.

Мысалы, Сталиннің құдалауының негізінде миллиондаған адамдар оның құрбаны болды. Оны біз әрқашанда өз есімізде сақтаймыз. Сонымен бірге көп адамдар сол құрбандарды уақытында көрсеткен, оларды, бір жағынан, көре алмай, екінші жағынан, біреуді көрсетіп, өзінің өмірін сақтап қалуға тырысқан миллиондаған адамдарды есімізден шығарып жібереміз. Ал бұл сұрқиялықтың өзі мемлекеттік репрессиялық машинаның совет адамдарының жүрегіне тіпті адамдық емес, «хайуандық қорқынышты» енгізгендігінен болды. Сталиннің елді басқару технологиясында да өзінің «құпиялығын» сақтауы, өз

жанындағы мемлекеттік қызметкерлердің арасына «алауыздықты», өзара сенбеушілікті енгізіп, олар жөніндегі ақпарат жинау т.с.с. бәрі де «барлық уақыт пен халықтардың көсемінің» «фа-цзя» философиясын жақсы игергенін көрсетеді.

Материалистік ағымдар

Әрине, Қытай философиясында материалистік ағымдар да болды. Мысалы, «ци» ұғымы Демокриттің «атом» ұғымымен тең, олар – көзге көрінбейтін, әртүрлі салмақты ұсақ бөлшектер. Мысалы, Сюнь-цзы (298-238 б.ғ.д.) Қытайдың «аспанға» табынуы әдетіне қарсы шығып былай дейді: «Аспанға соқыр сенімдіктің негізінде табынғанша, заттарды көбейтіп, аспанды неге бағындырмаймыз?». Біреу сұрады: – Егер рух болмаса, онда Құдайға табынып сұрағаннан кейін неге жаңбыр жауды? – Мұнда ешқандай таңғалатын нәрсе жоқ, өйткені жаңбыр Құдайға табынғанға дейін де, кейін де жауады».

Дегенмен Қытай философиясында идеалистік ағымдар басым болып, негізгі философиялық толғаулар адам мәселесіне, қоғамның әлеуметтік-саяси жақтарына, басқару жүйесіне, моральдық сұрақтарға арналды.

§ 3. Үнді мәдениеті аясындағы философия

Үнді халқының, көрші Қытай елі сияқты, 4-5 мыңжылдық өркениеттік тарихы бар. Олай болса, оның өзіне тән ерекшеліктері біршама.

Үнді елінің ғажап ерекшелігі – оның әлеуметтік ұйымдастырылуында. Ондағы адамдар үлкен жабық әлеуметтік топтардан тұрады. Оны – **варна**, я болмаса **каста** дейді.

Негізінен алғанда, Үндістан қоғамында тарихи тұрғыда 4 каста пайда болды. Олар:

Брахмандар (ақтар): айналысатын істері – ой еңбегі, негізінен, діни қызметкерлер, ел басқарушылар.

Кшатрилер (қызылдар): айналысатын істері – жауынгерлік істер.

Вайшьилер (сарылар): еңбек ететін адамдар, негізінен, егін егу, мал бағу, қолөнермен айналысу т.с.с.

Шудралар (қаралар) – ең ауыр, кір жұмыстармен айналысатындар.

Тарихи алғы үш каста – б.ғ.д. 1500 жылдары Үнді еліне басқа жақтан келген арий тайпалары. Шудралар – сол жерде пайда болған жергілікті аборигендер (ab origine – латын сөзі, басынан бастап) болып есептеледі.

Әрбір кастаның өзінің әдет-ғұрыптары және басқа касталармен қандай қатынаста болу керектігі жөніндегі ережелері бар. Үлкен касталардың өзі іштей әртүрлі топтарға бөлінеді.

Басқа жақтан келген адамдар бірде-бір кастаның ішіне кіре алмағаннан кейін, өзінше дербес каста болып қалыптаса бастайды.

Касталық қоғам қалай пайда болғаны, оған қандай себептердің әкелгені белгісіз болса да, оның негізінде жатқан үш принципті көрсетуге болады. Олар:

– әрбір кастаның ішкі тазалығы және басқалардың сол тазалықты бұзуы мүмкіншілігінен пайда болатын үрей, қорқыныш сезімі;

– касталық қоғамның пирамидальдық құрылымы. Әр каста өзінен төмен жатқан топтарға жоғарыдан қарап, өзінің қадірлілігін сезінуге мүмкіндік алады;

– реинкарнация, яғни адамның жан дүниесінің келесі өмірде басқаға ауысып кету мүмкіндігі.

Әрбір адамның негізгі құндылығы сол – өзі туып-өскен каста болғаннан кейін, индустар қоғамның саяси өміріне, жерге, билікке онша көп мән бермеген. Үнді еліне жер ауып келген басқа халықтар ерекше каста болып, өзінің әдет-ғұрыптарын, тілін сақтауға жақсы мүмкіндік алып, сол қоғамның ерекше құрамдас бөлігі ретінде жеңіл сіңісіп кетеді.

Үнді халқының тағы бір орасан зор ерекшелігі – оның өте бай мифологиясында. Жер бетіндегі бірде-бір халықтың аңыздарын үнді аңыздарымен салыстыруға болмайды.

Үнді аңыздарында үш мыңнан артық Құдай кейіптері суреттелген! Олар да адамдар сияқты сүйінеді, күйінеді, туады, қартаяды, соғысады, бір-біріне көмектеседі т.с.с.

Үнді мифологиясындағы негізгі Құдайлар мен негізгі ұғымдар:

Индра – найзағайдың, күн күркіреудің Құдайы;

Митра – күн Құдайы;

Варуна – аспан Құдайы;

Агни – от Құдайы;

Яма – өлім Құдайы;

Тапас – дене іңкары, жылылық;

Рита – ғарыштағы тәртіп;

Пуруша – ғарыш адамы, рух, жан;

Карма – адамның тағдырын құрайтын жан-дүние;

Сансара – ғарыштағы қысылған, күйзелген жан-дүние әлемі;

Мокша – бұл дүниедегі азаптан құтылып, дүниежүзілік рухқа қосылуға мүмкіншілік алу;

Дхарма – заң мен әділет Құдайы.

Үнді мифологиясындағы негізгі кітаптар: Ригведа, Упани-шада, Махабхарата, Бхагавадгита т.с.с.

Үнді космогониясына (Дүниенің пайда болуы) келер болсақ, онда ол Пуруша – ғарыш адамымен байланыстырылады. Құдайлар оны құрбандыққа шалып, оның денесінен бүкіл Әлем пайда болады.

«Пуруша неше бөлікке бөлінді? Оның аузы мен бөксесі, қолы мен аяғы не нәрсеге айналды? Оның аузы – Брахманға, қолы – кшатриге, бөксесі – вайшьиге, аяғы – шудраға айналды. Ай – ойынан, Күн – көзінен, кіндігінен – кеңістік, тынысынан – жел, басынан – аспан, аяғынан – жер. Осылай Әлем жаратылды», – дейді Ригведа.

Ал Упанишадаға келер болсақ, дүниені жаратқан Брахман болып саналады. «Брахман – ең бірінші Құдай, бәрін жаратқан, бәрін сақтайды. Ол – дүниенің ең басы, себебі байланыстырушы». Оны қалай танып-білуге болатыны туралы сұраққа, «нети-нети» (ол емес, ол емес) деген жауап береді. «ол танылмайды, бұзылмайды, байланбайды, ауыспайды ...».

Үнді мифологиясында адам – табиғаттың өсімдіктер мен жануарлар сияқты ажырамас бөлігі ретінде қаралады. Адам дене мен жаннан тұрады. Адам дүниеге келгенде, оның бойына жан келіп кіреді және ол сол адамның кармасын анықтайды. Мысалы, егер сәбидің денесіне қылмыскердің жан дүниесі ұяласа, онда ол өсе келе қылмысқа баруы мүмкін. Бірақ ол өзін дұрыс ұстап, әрқашанда өзінің рухани тазалығын сақтаса, мокшаға (құтылу) – сансарадан құтылу дәрежесіне көтеріліп, бұрынғы кармасынан айырылып, аспандағы рухқа қосылып, мәңгілікке жетуі мүмкін.

Мифологиядағы моральдық мәселелерге келер болсақ, онда дүниеге байланбау, кемдерге көмектесу, еш нәрсені жәбірлемеу, өтірік айтпау сияқты талаптарға көп көңіл бөлінген. «Адам байлыққа қуанбауы керек: біз байлыққа ие бола аламыз ба, егер сені көрсек – Яма!» (Яма – өлім Құдайы).

«Менің білетінім – байлықта тұрақтылық жоқ, өйткені мәңгілікке уақытшамен жетуге болмайды» деген дана сөздерді үнді мифологиясынан табуға болады.

Үнді мифологиясының негізгі қағидалары соңынан пайда болған философиялық көзқарастарға өзінің зор әсерін тигізді.

Джайнизм философиясы

Джайнизм (Джина – жеңіс) философиясының негізін қалаған Махавира деген ойшыл болған.

Джайнизм «жеңіс» деген сөзден шыққан. Адам кімді жеңу керек? Басқаларды ма, әлде бүкіл дүниені ме? Жоқ, бұл дүниедегі шынайы жеңіс – ол **адамның өзін-өзі жеңуі.**

Джайнизм философиясында 9 ұғым бар. Олар: тірі (джива), өлі (аджива), ізгі, күнә, жанның бұзылуы (ашрава), самвара – жанның тазалануы, тәуелділік, карманы бұзу – нирджара, жанның денеден құтылуы – босау.

Джайнизм философиясының негізгі ұғымдарының бірі – свят-вада (свят – белгілі бір жағдайда) әрбір заттың шексіз әртүрлі қасиеттері мен белгілері бар. Уақыттың шеңберінде олардың бәрі өзгеріп отырады. Сондықтан бірде-бір затты толығынан танып-білу мүмкін емес. Зат жөніндегі біздің тұжырымдарымыз шектелген болуы керек.

Джайнизмнің «үш маржаны» – ол дұрыс сенім, дұрыс білім, дұрыс жүріс-тұрыс.

Адам өз-өзін жеңуі үшін бірнеше қағиданы ұстауы керек. Олар:

Апариграха – дүниедегі заттарға қызықпау, байланбау, самарқау қарау;

Сатья – әрқашанда ол қандай қиын болса да шындықты айту;

Астея – ұрламау, өлейін деп жатсаң да, еш нәрсені рұқсатсыз алмау, сұрап қана алу;

Ахимса – еш нәрсеге зәбірлік жасамау, өйткені барлық тіршіліктің жаны бар.

Тарихта мыңдаған жылдар өтсе де, джайнизмнің адам алдына қойған талабына әлі де болса қазіргі өркениет жеткен жоқ.

Уақытында үнді елінің XX ғ. ұлы азаматы Махатма Ганди ахимса қағидасына сүйене отырып, өз халқын бейбіт жолмен ағылшындардың бодандығынан алып шыққан болатын.

Ал бүгінгі таңда ахимсаның рөлі бұрынғыдан да жоғары болып отыр. Мысалы, бүгінгі таңдағы «аңшыларға» келетін болсақ, олар күннен-күнге әлсіреп келе жатқан табиғатқа қаншалықты теріс әсерін тигізіп жатыр! Жануарды өлтірген – адам өлтіруге бір қадам жақын, ал адам өлтірілген жағдайда – соғыстың да бітпейтіні хақ. Сондықтан аң аулап, хайуандық түйсіктерді оятқанша, табиғатқа тек «фото аулауға» шығу – бүгінгі таңның талабы.

Нарықтық заманға өту жолында бүгін көп адамдар бірін-бірі алдау жолына түсіп, біреу мың теңгенің затын ұрлап түрмеге түссе, екіншісі миллиондаған теңге тұратын байлықты басып қалып, іскер деген атақ алып жүр. Егер джайнизм дүниеге байланба десе, біздің журналистер «Бай және бақытты болған жақсы» деген бағдарламаларды телеэкраннан көрсетеді. Сен бай болып, айнала қоршаған адамдар қайыршы болса, ондай өмірден қандай ләззат алуға болады?!

Сонымен, джайнизм философиясының гуманистік моральдық құндылықтары – ұлы үнді халқының рухани ақмаржаны, ол бүгінгі таңға шейін қоғамдық сананың ажырамас бөлігі. Әсіресе бұл құндылықтар бүгінгі барлық адамға керек материалдық қажеттіліктерді өтеп, күнбе-күн жалған қажеттіліктерді жасап, жарнама арқылы солардың жолына миллиондаған адамдарды салып қойған Батыс қоғамына ауадай қажет. Мұның өзін кейбір Батыс ойшылдарының өздері де мойындап отыр.

Буддизм

Үнді елінде пайда болып, әлемдік үшінші дінге айналған философия ілімі – **буддизм**.

Буддизмнің негізін қалаған – Үндістан елінің шакья тайпасынан шыққан **Гаутама Сидхартқа** (563-483 б.ғ.д.).

Будда жөніндегі аңыздарға қарағанда, ол үлкен гүлдеген бақтың ішінде туып-өсіп, тәрбиеленіпті. үйленіп, балалы болыпты. Бірақ күндердің бір күнінде қалаға келіп, халықтың шексіз зардабын көріп, 29 жасында тәтті өмірден бас тартып, ел аралап кетеді. Алты жыл ел кезіп, өзінің тәнін қинап, ел кезген брахмандармен сұхбаттасып, дүниенің терең мәнін іздейді.

Бірақ одан еш нәрсе шықпағаннан кейін, ол адамның зардап шегуінің себебі неде және одан қалай құтылу керектігі жөнінде ойланады.

Күндердің бір күнінде ол алып ағаштың түбіне келіп отырып, ақырында ақиқатқа жетеді – ол **Буддаға** – яғни ағарған, даналық деңгейге көтерілген әулиеге айналады. Сол күннен бастап ол өзінің ашқан ілімін кеңінен халыққа тарата бастайды.

Будданың ашқан «Төрт ақиқаты»:

Бұл дүниедегі **өмір зардапқа толы**. Оның көбін ешбір адам аттап өте алмайды, өйткені адам бұл дүниеге жылап келеді, жылап кетеді; адам ауырып зардап шегеді; әке-шешесінен, ағайын-туғанынан, сүйген жарынан, жолдас-жораларынан айырылып, қайғырады. Мұның сыртында өмірден тілегеніне жете алмай, қиналады. «Адам болу өте қиын. Өтпелі пенденің өмірі қиын».

Зардапты жеңу үшін оның шыққан қайнар көзін, себебін білу керек. Оның себептері: **өмірге деген құштарлық, өмірде болуға деген іңкәрлік, ләззатқа тоймаушылық**. «Құмарлықтан күшті от жоқ; жек көруден артық пәле жоқ; денеден артық бақытсыздық жоқ; тыныш өмірден артық бақыт жоқ». «Ол мені аяғына басты, ол мені ұрды, ол мені жеңді, ол мені жалаңаш қалдырды». Мұндай ойларды ішінде сақтаған адамның жек көруі тоқталмайды. «Адамдар дамыл таппай, қорқып қашқан қояндай, айнала жүгіріп жүр».

Зардаптың себебі анықталғаннан кейін оны **тоқтатуға болады**, «өйткені ешқашанда бұл дүниеде жек көру – жек көрумен тоқтатылмайды, тек қана жек көруді жоқ қылу арқылы оны тоқтатуға болады. Міне, бұл – мәңгілік шындық. Егер адам құмартудан құтылса, надандық пен жек көруден арылса, еш нәрсеге байланбаса ғана әулиелік жолға түседі!»

Зардапты тоқтатын жол бар, ол – сегіз қырлы. Олар:

Дұрыс көзқараста

Дұрыс сөйлеуде

Дұрыс бағытта ойлауда
Дұрыс өмір салтында
Дұрыс жүріс-тұрыста
Дұрыс бетбұрыста
Дұрыс күш салуда
Дұрыс зейін қоюда.

Міне, осы сегіздік жолына түскен адам толығынан зардаптан айырылып, нирванаға жетеді.

Сонымен, ләззат пен құмарту жолына түскен адамдар тұрпайы, пайдасыз, дөрекі, ал денесімен күресіп, оны қинаған адамдар зардаптан шыға алмайды. Тек ортаңғы жол дүниені көрсетіп, білім әкеліп, екі жолдың ортасымен өтіп, адамды тыныштандыруға, құдіретті білімге, даналыққа, нирванаға әкеледі.

Буддизмнің айтуына қарағанда, бұл дүниедегі заттар мен құбылыстардың бәрі де бір-бірімен байланысып, бір-бірінен туып, бір-бірін алмастырып жатыр. Дүниеде өзімен-өзі өмір сүріп жатқан еш нәрсеге тәуелсіз екі-ақ нәрсе бар, ол – **кеңістік пен нирвана.**

«Нирвананы ешкім тудырған жоқ, нирвана жөнінде ештеңе айта алмаймыз: ол пайда болды ма, әлде пайда болмады ма, пайда болуы керек пе, әлде керек емес пе, ол өткенде ме, әлде болашақта ма, оны көзбен көруге, құлақпен естуге, иісін сезінуге, дәмін алуға, ұстап қарауға бола ма, әлде болмай ма». Онда нирвана болмағаны ғой.

«Нирвана бар, оған зердемен жетуге болады. Ақиқат жолымен өмір сүріп жатқан оқушы, егер ол сезімдік құмартудан айырылса, нирванаға жетеді. «Дүниеде жел бар ма?» «Бар». Онда маған желдің түсін, бітімін, көлемін: үлкен бе әлде кіші ме, ұзын ба әлде қысқа ма, көрсетші», – дейді Будда. Шәкірті оған былай дейді: «Ол мүмкін емес, мен оны көрсете алмаймын, желді қолмен ұстауға, құшақтап қамтуға болмайды, бірақ ол бар».

Будда оған жауап ретінде: «Сол сияқты, нирвана бар болғанымен, мен оны саған көрсете алмаймын», – деп қорытады.

Қорыта келе, буддизм ілімі зардапты тоқтату үшін адамды бұл дүниедегі қызыққа байланбауға шақырады, өйткені ол адамды өзінің шексіз бір-бірімен байланысты ағымына салып, дүниеге тәуелді келу заңының шеңберінен шығармайды, олай болса, бітпейтін зардап шектіреді, өйткені бұл **Дүние – «Мая» – ұлы сағым, елес, алдамыш**.

Сондықтан құмартуды суытып, дүниеге қызығудан бас тартып, бірте-бірте сөну, өшуді буддизм «нирвана» дейді. Яғни нирвана дегеніміз – өмірден бас тарту, бейболмысқа өту. Сонымен, Қытай философиясы сияқты, буддизмде де біз бейболмыс ұғымының иргелілігін байқаймыз.

Буддизм философиясы – дүние жүзінде бірінші болып адам рухын ашып, оның құдіретті күшін көрсеткен философия. Касталарға бөлінген, адамды аяққа басып, хайуаннан төмен көрген қоғамда, «мен табиғаттың, қоғамның соқыр заңдылықтарынан, тәуелді дүниеге келу заңынан жоғарымын, мен – адаммын» деген философияны буддизм дүниеге әкелді.

Адам сыртқы табиғатқа қарап, оған: «Мен сенен жоғарымын, өйткені мен сені өз ішімде болса да құрта аламын, мен өз еркіммен сенімен байлайтын құмартуды тоқтата аламын», – дейді.

Адамзат тарихында мұндай батыл өмірден бас тартушылық ешқашан еш жерде болған жоқ.

Сонымен қатар буддизмнің гуманистік-адамгершілік жақтары – **ой тазалығы, іс-әрекет тазалығы, тіршілікті зәбірлемеу, зұлымдыққа зорлықпен қарсы шықпау, дүние қумау, кемтар адамға қол ұшын беру** т.с.с. адамзат рухының ары қарай шыңдалуына зор әсерін тигізді.

Үнді философиясындағы материалистік көзқарастар

Әрине, үнді философиясында идеалистік ағымдар басым болғанымен, сонымен қатар онда материалистік көзқарастар да пайда болды.

Үнді философиясындағы натур-философиялық көзқарастарға келетін болсақ, олар дүниені бес тұрақтыдан тұрады деп есептеген. Олар – жер, су, от, ауа, кеңістік. «Осы дүниеде бес тұрақты қосылған, оған джива неге керек (джива – жан-дүние). Егер бес тұрақтының бірі болмаса, онда ол қосынды да жоқ. Ет, қан, май, сүйек және оларды біріктіретін тарамыстан дене тұрады. Бірақ дживаны ешкім көрген жоқ. Жұрт джива естиді деп айтады. «Ал құлақпен біз естиміз бе?» – деген материалистік көзқарастарды біз кездестіреміз. «Джива (жан) дегеніміздің өзі – дене. Ал дененің бәрі қартаяды, өзгереді, құриды. Ең алдымен ескіріп, тесіліп, содан кейін құлайтын үй сияқты, сезім, манас (ақыл), жел де, ет пен қан да, сүйек те шіріп, әрбіреуі өзін тудырған заттарға айналады», – деген сөздерді оқуға болады.

Екінші материалистер мәселені тереңірек қарап, дүние алғашқы материядан – пракритиден жаратылған деген пікір айтады. Пракритидің үш гуны (гун – қасиет) бар. Олар – **саттва, раджас және тамас.**

Саттва – ашық, оған ешқандай таңба түспеген, бізге біліммен бақыт әкеледі.

Раджас – құмарту қасиеті, ол іс-әрекетке итереді.

Тамас – жайбарақаттық пен жалқаулықты, ұйқы мен миғұлалықты көрсетеді.

Үнді материалистерінің ойынша, пракритидің бұл үш гуны бір-бірімен күресте болады. Егер раджас пен тамас жеңілсе, онда саттва

үлкейеді. Раджас пен саттва жеңілсе, онда тамас ұлғаяды. Тамас пен саттва жеңілсе, раджас күшейеді.

Саттвасы ұлғайған адам өлгенде таза әлемге жетеді.

Раджасы ұлғайған адам өлгенде, ол тағы карманың шеңберінде туады.

Тамасы ұлғайған адам өлгенде, олар адасқандардың ішінде қайта дүниеге келеді.

«Саттваға тұрақтылар жоғарыға бағыттайды, раджасқа сенім артқандар ортада қалады, тамасқа сенгендер төменге, қараңғыға кетеді».

Үнді философиясында **чарвака** бағытының қағидалары қарапайым адамдардың арасында кең тарағанға ұқсайды.

«Осы өмірде бақытты болуға тырысайық!

Өлмейтіндер бұл өмірде жоқ екен.

Ол өлген сәтте күлге айналады.

Қалайша, ол бұл өмірге тағы келеді».

Олай болса, чарвактар өмірдің мәнін **байлық пен ләззат** алудан көрген, олар о дүниені мойындамаған.

Дүниеге құмарту, одан ләззат алудан ол бізге зардап әкеледі деп неге қашамыз? Біз өмірден ләззат алып, зардаптан құтылуымызға болады. Ол балықты ұстап алып етін жеп, сүйегін лақтырып, күрішті қабығымен алып, оны тазалап жеген сияқты деген пікір айтады.

Чарвактар әсіресе брахман дініне қарсы шығып, о дүние, жұмақ, тозақ ұғымдары адамдарды қорқытып, сондай көзқарасты тарату арқылы өзін асырап жүрген, ақылы мен еңбекқорлығы жоқ адамдардың айласы деген пікір айтады.

«Егер құрбандыққа шалынған жануар аспанға аттанса,

Онда соны жасаған адам өзінің әкесін неге шалмайды?».

«Бұл өмірде ойнап күл де, қарызға алсаң да, іхид (шараптың бір түрі) іш. Ертең-ақ күлге айналғанда, қайта өмірге келесің бе? Егер денеден кеткен басқа әлемге аттанса, онда ол өзі сүйетіндерге неге қайта оралмайды?» – деген өткір сұрақтар қойып, өз заманындағы брахмандармен күрескен.

Үнді философиясында дүниенің негізін екі бастамадан – пракрити (материя) және пурушадан (жан) шығармақ болған ағымды да кездестіруге болады.

«Білгің келсе, пракрити мен пуруша екеуінің де бастауы жоқ; біл, сананың өзгеруі пракритиден шығады; себеп пен іс-әрекеттің қайнар көзі пракритиде. Пуруша пракритидің тудырған гундарынан ләззат алады», – дейді.

Қорыта келе, біз көне үнді философиясынан тамаша ойлар кездестірдік.

Олардың көбі біздің қазіргі заманға лайық, бүгін өмір сүріп жатқан адамдарға өзінің зор әсерін тигізеді.

Бүгінгі қоғамның интеллектуалдық топтарында кейбір адамдардың үнді дініндегі секталарға қызыға қарауы, соған кейде мүшелікке кіруі ол, әрине, бүгінгі таңдағы елдегі рухани дағдарыспен байланысты. Сонымен қатар үнді халқының бейбіт рухы, адамның бұл өмірде орын табу жөніндегі толғанысы өзіне баурап, тартпай қоймайды.

§ 4. Антика мәдениеті аясындағы философия

Көне шығыс философиясынан кейін біз Батыс философиясына көшеміз. Әдебиетте оны антикалық философия дейді. Оның Отаны – қазіргі Грекия. Грек философиясының әлеуметтік-экономикалық негіздері – патриархалдық-құлдық қоғамынан дамыған құлиеленушілік қоғамға көшу, қосымша құнды өсірудің негізінде байлықтың көзі ашылып, қала-мемлекеттердің қалыптасуы, интеллегенцияның дүниеге келуі т.с.с. Бұл үдерістер VI-V б.ғ.д. өтті.

Грек философиясының қайнар көзі оның бай мифологиясында, гректердің өте терең нақыл сөздер қалдырып кеткен жеті дана аталарында. Сондықтан оларға қысқаша тоқтап кетпеуге болмайды.

Грек мифологиясы

Грек мифологиясы – осы күнгі уақытқа дейін адамзатты таңғалдыратын мәдени құбылыс. Ол – бүкіл Европа өркениетінің іргетасына сіңген, бүкіл ағарған адамзаттың рухани өміріне осы уақытқа дейін ықпалын тигізіп, шығармашылық шабыт туғызатын көне мәдениет туындылары.

Грек мифологиясынан сонау көне замандағы адамдардың өмір салтын, олардың қиялдары мен үміттерін, табиғаттың құбылыстарына, оның ашылмаған сырларына деген көзқарастары мен қорқыныш сезімдерін, дүниенің қалайша пайда болғаны жөніндегі алғашқы түсініктерін байқауға болады.

Грек мифологиясының кейіпкерлері осы уақытқа дейін өнер, философия, әдебиетте қолданылады. Кейбіреулерін атап өтейік. Грек мифологиясында ең жоғарғы құдай – **Зевс** – Кронның баласы. Ол өзінің інілері Посейдон мен Аидпен дүниені бөліп алады. Зевске – аспан, Посейдонға – мұхит, Аидқа жер тиеді. Зевс аспандағы бұлттарды жинап, жерге жаңбыр жаудыртып, найзағайды жібереді, ол – үй шаруасына көмектесетін Құдай.

Грек мифологиясында Эрот махаббаттың Құдайы болса, өмірдегі қуаныш пен бақытты көрсетсе, Танатос өлім Құдайы болған. Ал оның інісі Гипнос – ұйқы Құдайы.

Егер Афродита сүю мен құнарлықтың әсем Құдайы болса, онда Пандора әсем зұлымдықты көрсетеді. Зевстің бұйрығы бойынша, ұста Құдайы Гефест Пандораны өте әсем қылып жасап шығарды. Ол адамдарға келгенде өзімен әкелген қобдишасын ашып, бүкіл зұлымдықтарды жер бетіне шығарып жіберді, тек қана оның түбінде үміт қалыпты.

Көне гректердің Құдайларының ішіндегі әділ қазысы – Фемида, әділеттілікті қадағалап байқап отыратын – Дике.

Егер Эфир Күн Құдайы болса, онда Нюкта – түн Құдайы. Нюкта ешкімге қосылмай, жалғыз өзі алдауды, құмартуды, қайғыны, аштықты, кәрілік пен өлімді тудырыпты.

Ал адамға келетін болсақ, грек мифологиясында оның жаны (психе) және ақыл-ойы (нус) бар. Жануарлардың жаны болғанымен, олардың ақыл-ойы жоқ. Нус – адамдарға ғана тән құбылыс.

Адам өмірінің ұзақтығын, жасын анықтайтын Құдай – ол Мойра, ал адамның тағдырын анықтайтын – Ананке. Ал Тихе деген тағдыр Құдайы белгілі бір кездейсоқтықтың негізінде адамның тағдырын күрт өзгертіп жіберуі мүмкін. Адамның ақыл-ойы мен сезімінде шабыт тудыратын құдайлар – Музалар. Эрато – махаббат пен поэзияның, Клио – тарихтың, Мельпомена – трагедияның, Терпсихора – бидің, Талия – комедияның, Урания – астрономияның музалары.

Оқырманның байқағанындай, бұлардың барлығы – қазіргі мәдениет, білім салаларында осы уақытқа шейін айтылатын кейіпкерлер.

Гректердің «Жеті данасы»

Грек философиясының пайда болып қалыптасуына өзінің тікелей әсерін тигізген – олардың «Жеті данасы». Олар б.з.д. VII ғасырда өмір сүрсе керек, аттары – Фалес, Клеобул, Питтак, Биант, Солон, Хилон, Анахарсис. Соңғы кісінің шыққан мекені – қазақ жері болса керек. Білім іздеп сонау Грекияға барып, Солон патшаның кеңесшісі болыпты-мыс деген аңыз бар. «Сіз қалай ойлайсыз, жер бетінде өлі көп пе, тірі көп пе?» – деген сұраққа ол кісі сұрақпен жауап қайтарған екен: «Түбінің қалыңдығы үш елі тақтайдан жасалған қайықтағы теңіздің толқынында жүзген адамдар өлі ме, әлде тірі ме?». Осы жауаптан Анахарсистің XX ғ. пайда болған экзистенционализм философиясының негізгі қағидаларының бірі – адам өмірінің нәзіктігі, ол тек «шекаралық», яғни өмірмен өлімнің екі ортасында қалған жағдайда өзінің өмірінің мән-мағынасын ашатыны жайлы шындықты болжай білгенін байқаймыз.

Гректің «жеті данасы» үлкен философиялық туындылар қалдырмаған, олар кітап жазбаған. Бірақ олардың дүние, адам, таным

мәселелеріне арналған біршама нақыл сөздері қалған. Кейбіреулерімен таныстырайық.

Клеобул: «Өлшем – ең жақсы», «Әкеңді сыйла», «Көбірек тыңда, азырақ сөйле», «Ләззатты ауыздықта», «Әйелді теңіңнен ал» т.с.с. деп айтқан екен.

Солон патшадан мынандай нақыл сөздер қалыпты: «Зардап тудыратын ләззаттардан аулақ бол», «Әке-шешеңнің пікірлері әрқашанда дұрыс» (бұған күмән келтіруге, әрине, болады. – С.М.), «Елді басқару үшін, ең алдымен көнуді үйрен», «Көрмегенді айтпа, білмесең – үндеме». «Ұлы істермен бәріне жақсы болу қиын».

Хилон былай депті: «Өзіңді тани біл», «Тойды арзан ақыға жаса» (әсіресе қазақтарға керек. – С.М.), «Өлгенді көтер, үлкенді сыйла», «Тілің ойыңнан озып кетпесін» (әсіресе бізге керек нақыл сөз. – С.М.).

Фалес: «Әке-шешеңді қалай сыйласаң, балаларың соны жасайды», «Ең жаман нәрсе – тәрбиесіздік», «Өлшемді сақта», «Елді басқару үшін ең алдымен өзіңді-өзің басқара біл».

Питтак: «Қорқыныш пен үрей болашақта, тыныштық өткенде», «Кек алудан гөрі кешіру жақсы».

Биант: «Күнде айнаға қара: әсем болсаң, дұрыс жүр, кемшілігің болса, түзетуге тырыс», «Өзімдікінің бәрін өзіммен бірге алып жүрмін».

Периандр: «Талаптан. Сонда ғана барлық арманыңа жетесің», «Дүниедегі ең тамаша тыныштықта».

Әрине, осы және басқа нақыл сөздерде жеті дананың өмірден алған тәжірибесі, олардың дүниетанымы, адамдардың қарым-қатынасы жөніндегі терең ойлары берілген. Осындай рухани тебіреністерден кейін грек даласында философияның өзі туады.

Алғашқы философтар. Натур-философиялық кезең

Алғашқы грек философтары Иония (Кіші Азияның батысы) топырағында дүниеге келеді. Олар тарихқа «фисиологтар» (physis – табиғат, грек сөзі, natura – табиғат, латын сөзі), яғни табиғатпен айналысатын ойшылдар ретінде кірді. Дүние жөніндегі мифологиялық көзқарасқа қанағаттанбай, олар бүкіл Әлемді біріктіретін, соның негізінде жатқан алғашқы затты іздеді. Олардың ойынша, ол зат, біріншіден, сезіммен танылатын, ең кең тараған, әртүрлі қасиеттері бар зат болуы керек. Сөйтіп, олар дүниенің бастауын мифологиядағы Құдайлардан іздемей, табиғаттың өзінен табуға тырысады.

Егер мифология Құдайлардың аяны ретінде есептелсе, дүниеге келген ойшылдар өздерінің «даналыққа деген құштарлығын», білімге деген талпыныстарын көрсеткісі келеді. Пифагор айтқандай, «Толығынан дана – ол Құдай ғана, ал біз тек сол даналыққа құштармыз».

Тарихи бірінші рет осындай ой-өрісіне көшіп, Милет қаласынан шыққан **Фалес** (625-547 б.ғ.д.): «Алғашқы дүниенің негізін құрайтын зат – **су**», – деді. Өйткені су ең бір әртүрлі өзгерістерге ұшырайтын табиғаттың заты, сондықтан ол табиғаттағы барлық өзгерістердің негізінде жатуы мүмкін. Фалес барлық заттардың қорегі дымқыл болып келеді, барлық тіршіліктің ұрықтары мен дымқыл табиғаты бар деген ойларды айтыпты-мыс деген қағидалар тарихта қалған. Құрғақшылық тіршіліктің өліміне әкеледі. Өмір әрқашанда сумен байланысты, бәрі де судан шығады, су арқылы өмір сүреді де, суда өмірі бітеді. Аңыз бойынша Фалес – жүзімнің шырынын қысып шығаратын құрал жасаған адам. Мүмкін, бұл нәрсе де оның ойына судың, дымқылдың тірі өмірдегі маңызын көрсетсе керек.

Ал адамның жан дүниесіне келер болсақ, Фалес оны барлық дүниедегі заттарға теңеген. Магнит темірді тартады, олай болса, темірдің де жаны бар екен. Олай болса, бүкіл дүние тіршілікке толы. Мұндай көзқарасты біз гилозоизм (hyle – грек сөзі, материя, zoe – өмір, тірі) дейміз. Сөйтіп, Фалес жанды бүкіл дүниедегі заттардың ішкі қозғайтын күші ретінде қарағаң.

Фалестен қалған кейбір нақыл сөздерді «Жеті дана» жөніндегі тарауымызда айттық. Тағы да басқа ойларын осы арада келтіруді жөн дейміз. Плутархтың айтуына қарағанда, Фалеске берілген сұрақтардан мынандай жауаптар алыныпты.

«Барынен де жасы үлкен кім?». «Құдай, өйткені ол тумаған». «Бәрінен де не үлкен?». «Кеңістік, өйткені ол бүкіл дүниені қамтиды». «Не нәрсе ең әсем?». «Дүние, өйткені әсемдіктің бәрі оның құрамында». «Ең дана не?». «Уақыт, ол барлығын тудырды, тағы да тудырады». «Барлыққа ортақ не?». «Үміт. Қолында еш нәрсе жоқтардың да үміті бар өмірден». т.с.с.

Сонымен, Фалеспен бірге грек ой-өрісі бірте-бірте аңыз-қиялдан айырылып, ғылым жолына қарай бетбұрыстың есігін ашты.

Милет мектебінің келесі үлкен ойшылы – **Анаксимандр**. Ол Фалестің жан досы, оқушысы болған деген пікір бар.

Анаксимандр алғашқы негіз мәселесін тереңдете түседі. Судың өзі нақтылы заттың түрі ретінде алғашқы негіз бола алмайды. Алғашқы негіз шексіз және бейнақтылы болуы керек. Оны Анаксимандр **апейрон** деген ұғыммен береді (apeiron – шексіз, бейнақтылы, грек сөзі).

Апейронның кеңістікте сыртқы шектеуі жоқ, яғни сандық жағынан шексіз, сонымен қатар ішіне қарай да шектелмеген, яғни сапа жағынан да анықталмайды.

Демек, ішкі және сыртқы жағынан алғанда, шексіз апейрон дүниедегі шектелген әртүрлі заттарды тудырады. Апейрон бүкіл дүниені қамтып, қоршап, бүкіл заттарды тудырып, ауыстырып отырады.

Бұл шексіз алғашқы негіз жоғарыда айтқандай құдіретті болғаннан

кейін, ол Құдайға тең, өйткені ол өлмейді де құрымайды. Егер грек мифологиясындағы Құдайлар дүниеге келіп, мәңгілік өмір сүрсе, Анаксимандрдың Құдайы – апейрон – мәңгілік, шексіз, оның басы да, соңы да жоқ.

Анаксимандр – дүниедегі заттардың табиғатының қарама-қарсы жақтарын аңғарған ойшыл. Олар жылы мен суық, құрғақ пен дымқылдың күресі.

Анаксимен (585-525б.ғ.д.) деген ойшыл да Милет қаласында өмір сүрген. Табиғаттың негізінде жатқан алғашқы негіз шексіз және біреу болғанымен, ол бейнақтылы емес, керісінше, нақтылы – ол **ауа**. Бірақ ауаның ерекшелігі – ол көрінбейді, сонымен қатар ол өне бойы қозғалыста, олай болса, өзгерісте. Ауа сирей келе отты тудырады, қысыла келе желге, содан кейін бұлтқа, содан кейін жерге, сосын тасқа т.с.с. айналады.

Грек мифологиясындағы жанды адамның тынысымен теңеуін Анаксимен өзінің философиясында пайдаланады. Ауа адамның жан дүниесін де тудырады. Олай болса, Құдайды да тудырған ауа деген пікірге келеді.

Алғашқы грек философиясының негізін қалаушылардың арасында оқшау тұрған – **Гераклит** (Vқ-Vб.ғ.д.). Ол Эфес қаласында дүниеге келген.

Гераклиттің нақыл сөздерінің мәнін түсіну қиын болғаннан кейін, оған «күңгірт» деген ат қойылған. Гераклит: «Бұл – ғарыш, барлық өмір сүргенге бірдей, еш Құдай, я болмаса адам жаратпаған, болған, болып жатқан және болатын жарқыраған тірі от, өлшемді түрде сөніп, жанып отырады», – дейді.

«Алтын – тауарларға, тауарлар алтынға алмастырылғандай, бәрі де – отқа, от бәріне алмастырылады».

Гераклит дүниенің мәңгілік өзгерісте, қалыптасу үстінде екенін ашық көрсетеді. **Пан та реи** (pan ta rhei) барлығы да қозғалыста, бәрі де ағым, еш нәрсе қозғалмай, тұрақты тұрмайды, барлығы өзгеріп, басқаға айналады деген терең пікір айтады. «Өзен суына екі рет кіруге болмайды. Біз өзен суына кіреміз, сонымен қатар кірмейміз, біз сол өзімізбіз, сонымен қатар басқамыз».

Ойшылдың бұл ойлары бізге түсінікті. Бір қарағанда өзен сол өзен болып көрінгенмен, оның суы өне бойы ағыста болғаннан кейін жаңарып отырады. Сондықтан екінші рет өзенге түскенде, алғашқы сулар ағып кеткен. Сонымен қатар біздің өзіміз де осы уақыт шеңберінде өзгердік.

Гераклиттің шәкірті Кратил: «Біз бір рет те өзенге түсе алмаймыз, өйткені біз суға кіріп жатқанда, олар сол сәтте ағып кетеді, оның орнына жаңа су толқындары келеді, біз өзіміз де сол сәтте өзгеріп жатамыз», – дейді.

Гераклит дүниенің мәңгілік қалыптасу екенін көрсетіп қоймай, сонымен қатар оның қайнар көзін іздейді. Гераклиттің түсінігінше, қалыптасу дегеніміздің өзі – қарама-қарсылықтың бір-біріне өтуі: суық ыстыққа, ыстық суыққа, дымқыл құрғаққа, құрғақ дымқылға, жас карыге, тірі өліге т.с.с. айналады. Өмір садаққа, лираға ұқсайды (лира – гректердің музыкалық аспабы, әртүрлі тартылған ішектерден тұрады). Заттардың қарама-қарсы жақтары өшпейтін күресте. «Соғыс – бар заттың анасы және басқарушысы», – дейді Гераклит. Бірақ ол біржақтылықтан аулақ. Соғыс белгілі бір уақытта бейбітшілікке, не үйлесімділікке айналады. «Олар (надандар) түсінбейді: айырмашылығы бар нәрсе ғана өз-өзіне келеді. Ауру саулықтың тәттілігіне, аштық тоқтықтың жақсылығына, ауыр еңбек демалысты бағалауға кепіл. Әділеттіліктің не екенін біз ренжу болмаса білер ме едік», – дейді ұлы ойшыл.

Қарама-қарсылықтардың бәрі бір-біріне өтіп, үйлесімге келеді. Жоғарыға кететін жол мен төменге кететін жол – сол бір жол, өлі мен тірі – біреу. Сөйтіп, «Бәрі де – бір, біреуден – барлығы шығады». Бұл дүниенің үйлесімін қадағалайтын – Логос. **Логос** – грек сөзі және оның мағынасы әртүрлі – **ілім, сөз, сөйлем, баяндау, есептеу, қатынастарды анықтау** т.с.с. Гераклиттің филосо-фиясында Логос заң ұғымына жақын. «Ақылдылыққа үйрену үшін Логоска жақынырақ болу керек, қаланы өркендету үшін оның заңдарын күшейту қажет», – деген Гераклиттің нақыл сөздерінен Логосты дүниенің өзгеру заңдылықтары деп түсінуге болады.

Гераклиттің Логосын, ол кісінің айтуынша, қайсыбір адам түсіне бермейді. «Маған Логосты тыңдау, даналықты мойындау, бәрі де – бір».

Гераклиттің «Аіоn – асықтармен ойнап жатқан сәби» деген ойы жөнінде осы уақытқа шейін философтар әртүрлі түсініктемелер береді. Біздің ойымызша, ол заңды түрде сөніп, тағы да лапылдап от болып жатқан дүниедегі кездейсоқтықтың үлкен орнын көрсеткісі келгендей. Ал мұндай көзқарас қазіргі философиядағы Дүние жөніндегі, оның өз бойында орасан зор әртүрлі даму мүмкіншіліктерінің бар екені, олардың өмірге кездейсоқтық арқылы кішкентай ғана бөлігінің іске асатынын еске түсіреді.

Сонымен, алғашқы грек философтарының ішіндегі Гераклиттің орнының ерекшелігін, оның аса ұлама тұлға екенін, қорыта келе, тағы да атап өтуіміз керек.

Келесі үлкен тұлға – **Пифагор** (VI-V б.ғ.д.). Жас кезінен бастап білімге деген құштарлығы оны шығысқа – Мысыр еліне тартты. Еліне қайтып оралғаннан кейін, ол өзінің құпия мектебін ашып, философиясын шәкірттеріне таратты.

Пифагор математика ғылымымен айналыса келе, дүниедегі құбылыстардың заңдылықтарын математикалық **сандық** өлшемдермен беруге болатынын байқайды. Олай болса, дүниенің алғашқы негізі суда, ауада, жерде т.с.с. емес, **санда** болар деген ой келеді.

Міне, осы сәттен бастап, дүниетанымға жаңа көзқарас кіріп, Батыс мәдениетінің ерекшеліктерінің қалыптасуына зор әсерін тигізді. Музыка саласында дыбыстардың арақатынасы математикалық түрде көрсетіле бастады. Жердегі ауа райының өзгеруі, маусымдардың келу ерекшеліктері, тіршіліктің даму кезеңдері – бәрі де математикалық заңдылықтарды көрсетті. Өздерінің космологиясында олар геоцентризмнен (geos – грек сөзі, жер; centrum – латын сөзі, орталық) бас тартып, жердің шарға ұқсастығын, Күннің тұтылуы Айдың Жер мен Күннің екі ортасынан өтуінде екенін т.с.с. көрсетті.

Сонымен, сан – заттардың алғашқы негізі. Бүгінгі таңдағы біздерге сан – абстракция, ақыл-ойдың туындысы. Бірақ антикалық ой шеңберінде сан – ол шындықтың алғашқы негізі, ол заттардың «фюзисі», яғни табиғаты.

Элея мектебі. Парменид пен Зенон

Парменид (VI-V б.ғ.д.) Элеяда дүниеге келеді. Өсе келе, ол өзінің философия мектебін құрады.

Парменидтің философия ғылымындағы жасаған жаңалығын асыра бағалау өте қиын, өйткені ол грек ой-өрісінің шеңберінде алғашқы рет Болмыс мәселесін қойып, оны өзінше шешеді. Сөйтіп, философия ғылымының негізгі тарауларының бірі – **онтология** (ontos – грек сөзі, болмыс, logoc – білім) дүниеге келеді.

Парменидтің ойынша, дүние жөніндегі ақиқатқа бір ғана жол бар, ол: «Бар нәрсе – бар, ал жоқ нәрсе – жоқ, өмір сүрмейді. Олай болса, бізге жалғыз ғана жол қалады – ол Болмыс».

Жоғарыдағы көрсетілген ой-пікірден келесі тұжырымдар шығады:

1. Бар нәрсе – бар, болып жатыр.
2. Жоқ нәрсе – жоқ, өмір сүрмейді.
3. Олай болса, пайда болу (дүниеде болмағанның пайда болуы) және құру (бар нәрсенің жоқ болып кетуі) деген жоқ, өмір сүрмейді.
4. Кеңістік (қуыс) және уақыт (қазіргінің өткен шаққа ауысуы) жоқ, өмір сүрмейді.
5. Бар нәрсенің бары – толы.
6. Барлықтың құрамдас бөліктері жоқ (олай болса, кеңістікті мойындауға тура келер еді), ол – біртұтас.
7. Барлық біреу болғаннан кейін, ол кемеліне келген.
8. Қозғалыс жоқ, өйткені кеңістік жоқ.

Болмыс туған жоқ және жоғалмайды да. Өйткені болмыс бейболмыстан пайда бола алмайды, оның себебі, бейболмыс жоқ. Болмыстан еш нәрсе пайда болмайды, өйткені ол өмір сүріп жатыр.

Болмыстың уақыты – мәңгілік қазір, өйткені өткен шақ – ол жоқ, ал болашақты алатын болсақ – ол да әлі жоқ. Болмыс тұрақты және қозғалыссыз, өйткені қозғалысты мойындау бейболмысты мойындауға тең, ал ол – жоқ. «Мұндай тұжырымдарға мен ақыл-ой арқылы келдім», – дейді Парменид.

Екінші жалған жол – ол сезімдік таным жолы. Ол жол бізге өлім мен өмірдің бар екенін, дүниедегі заттар мен құбылыстардың бәрінің өзгеріп отыратынын, бір нәрсенің дүниеге келіп, екіншінің дүниеден кетіп жатқанын көрсетеді.

Бірақ осы күнделікті өмірден алған тәжірибеге қарамастан, Парменид дүниедегі сандық және сапалық өзгерістерді ешқандай мойындамай-ақ қойды. Оның мұндай көзқарасының қателігін көрсеткісі келетіндер ой шеңберінде оны жасай алмады, өйткені оның негізгі себебі – ой арқылы қозғалысты қамтудың, бейнелеудің орасан зор қиындығы. Керісінше, қайсыбір өзгеріс пен қозғалысты ой арқылы терiске шығару – анағұрлым жеңілірек. Міне, осы жолға түсіп, Парменидтің тұжырымдарын қолдаған ойшыл Зенон болды.

Зенон Элея топырағында б.ғ.д. VI ғ. аяғында дүниеге келеді. Аңыздар бойынша ол өз заманының саяси өміріне атсалысқан ойшыл болса керек. Озбыр Неарх оны тұтқынға алып, оның билігіне қарсы шыққан адамдарды айт деп қинаған кезде, Зенон өз тілін тістеп кесіп, тиранның бетіне түкіріпті-міс деген аңыз тарихта қалған.

Екінші аңыз, керісінше, тиранның ең жақын достарын соның жаулары ретінде көрсетіп, Зенон оларды бір-біріне айдап салу арқылы елді сол озбырдың билігінен құтқарғанын айтады.

Ал енді Зенонның философиялық көзқарастарына келетін болсақ, ол дүниенің болмысын мойындаған, бірақ кеңістікті жоқ деп есептеген. Дүниедегі болмыстың табиғаты жылы мен суық, дымқыл мен құрғақтың қосындыларынан тұрады. Адамның өзі жерден, ал оның жан дүниесі жоғарғы көрсетілген төрт элементтің тең қосындыларынан тұрады деп есептеген.

Зенонның еңбектерінің негізгі жақтары – Парменидтің көзқарасын жақтау жолындағы көптік пен қозғалыстың жоқтығы жөніндегі дәлелдемелері.

Белгілі бір нәрсе қозғалыста болып, шыққан жерінен басқа нүктеге жетуі керек. Бірақ ол мүмкін емес, олай болса, дұрыс емес. «Неге?». «Өйткені зат алдағы нүктеге жету үшін қашықтықтың жартысын өтуі керек, ол үшін – жартының жартысын т.с.с. шексіздікке кете береді. Олай болса, зат қозғалмайды, бір орнында қала береді», – дейді Зенон.

Екінші дихотомия (грек сөзі, қақ бөлу деген мағына береді) – «Ахилл». Жүйрік Ахилл өте баяу қозғалатын тасбақаға жете алмайды. Оның дәлелдемесін жоғарыда көрсеткенбіз.

Үшіншісі – «Оқ». Садақтан атылған оқ тұрақты, қозғалмайды. Өйткені әрбір уақыттың бір мезетінде атылған оқ белгілі кеңістікте тұрақты орын алады. Келесі сәтте келесі кеңістікте тұрақтайды. Ал тұрақтаулардың қосындысы тұрақтылықты береді. Олай болса, атылған оқ қозғалмайды.

Зенонның көптікті теріске шығаруға арналған дәлелдемелері де қызықты. Көпшілік көп бірліктерден тұрады, бірақ ол мүмкін емес. «Егер дүние көп болса, онда қажетті түрде олардың саны өздеріне тең. Бірақ олар шексіздікке кетеді, өйткені екі дүниенің ортасына тағы бір дүниені, олардың екі ортасында тағы да екі дүниені орналастыруға болады, яғни бұл да шексіздікке кетеді. Олай болса, тек біреу ғана бар, ал көптік жоқ».

Зенон өзінің дәлелдемелерімен Логостың мәртебесін жоғары көтеріп, қозғалыс пен көптікті ары қарай оймен зерттеудің, бейнелеудің қажеттігін басқа ойшылдарға көрсетті.

Элей философиясы өкілдерінің бардың біреу екені ғана және оның қозғалмайтындығы, туралы тұжырымдары басқа ойшылдарды қанағаттандырмады.

Дүниедегі қозғалыстың бар екені барлық адамдарға аян. Олай болса, ол мүмкін. Ал қозғалыс болса, онда Парменидтің бірлігіне негізгі соққы тиеді. Бұл пайда болған жаңа ой-өрісті дамытқан Эмпедокл болды.

Эмпедокл (490-430 б.ғ.д.) жан-жақты дамыған ірі тұлға болған: ол философиямен қатар өлең жазған, саясатқа араласқан, адамдарды емдеген. Эмпедоклдің айтуынша, дүниенің негізінде төрт стихия (stoicheion – грек сөзі, табиғат құрамы) – от, су, жер мен ауа жатыр. Оларды бір-бірімен біріктіретін – **Сүйіспеншілік**, ал ажырататын – **Жаугершілік**.

Бірақ Эмпедокл Парменидтің бейболмыс жоқ деген қағидасын ұстайды. Олай болса, дүниеде қалай қозғалыс болады деген заңды сұрақ туады. Қозғалыс заттардың құрамындағы төрт стихияның бір-бірімен араласқандағы көлемге байланысты болады екен.

Сонымен, төрт стихия дүниенің алғашқы негіздерін құрайды. Олар мәңгілік және тұрақты, бірақ бір-бірімен қосылып, мәңгілік қозғалыста.

Ал Сүйіспеншілік пен Жаугершілікке келер болсақ, Эмпедоклдің ойынша, олар рухани күштер емес, олардың табиғи қасиеттері бар. Сүйіспеншіліктің ұзындығы мен ені бүкіл дүниеге бірдей тарап кеткен, оның қасиеті ылғалдығында. Ал Жаугершілікке келетін болсақ, ол отқа жақын.

Қайсы уақытта дүниеде Сүйіспеншілік билеген кезде төрт стихия толығынан бір-бірімен араласып, шар сияқты болып көрінеді (Сфайрос – шар). Ол кезде Жаугершілік шардың шетінде.

Ал Жаугершілік шардың ішіне кіре бастағаннан-ақ, әрбір стихия өзінше жиналып, бір-бірінен бөліне бастайды.

Келесі сатыда бірінші үдеріс тағы да басталады...

Дүниеде төрт стихиядан басқа тіршілік – өсімдіктер, жануарлар, адамдар бар. Олар төрт стихия арқылы қалай пайда болады? Әрине, бұл сұраққа Эмпедокл тұрпайы жауап қайтарады. Оның айтуынша, ең алдымен төрт стихияның әртүрлі бөлек-бөлек жануарлардың бір-бірімен қосындысынан денелерінің бөлшектері пайда болды. Жер бетінде бір жерде қол, екінші жерде аяқ, үшінші жерде көз т.с.с. жатады.

Екінші сатысында олар бір-бірімен ретсіз қосылып, басы адамға, денесі бұқаға ұқсаған т.с.с. құбыжықтардың пайда болуына әкеледі. Бірақ олардың өмір сүруі мүмкін емес, сондықтан олар өмірден кетеді.

Үшінші сатысында пайда болған жануарлардың екі жыныстық қасиеттері бар, сондықтан олар өсіп-өне алмайды. Ең соңғы төртінші сатысында ғана бір жыныстық жануарлар дүниеге келіп, тіршілік әлемі өмір сүре бастайды.

Эмпедоклдің берген жауабы тұрпайы болғанымен, оның астарында тіршіліктің «мақсатқа лайықтылық» табиғаты бар екені жатыр. Ал бұл мәселе діннің Құдайды мойындаудағы негізгі дәлелдемелерінің бірі болып, мыңдаған жылдар бойы ғылымда әртүрлі дау-дамай тудырды. Тек XX ғ. ғана бұл «мақсатқа лайықтылық» барлық тіршіліктің миллиондаған жылдардың ішіндегі күн мен түннің, жылдың маусымдарының т.с.с. ауысуына бейімделуінің арқасында табиғаттағы үдерістерді «алдын ала бейнелеудің» негізінде келгені дәлелденді.

Эмпедокл көптік пен қозғалыс дүниеде бар екенін көрсеткенімен, бірақ қалайша бір нәрсе дүниеге келіп, екіншісі дүниеден кетіп жатыр деген сұраққа қанағаттанарлық жауап берген жоқ.

Сондықтан **Анаксагор** бұл сұраққа жауап іздейді.

Анаксагор (500-428 б.ғ.д.) бай және кең танымал ақсүйектер отбасында дүниеге келеді. Бірақ ол өсе келе, байлықтан бас тартып, өмірін толығынан ғылым мен өнерге арнайды. Ол кісінің ойынша, Күн – ол Құдай емес, орасан зор жанып жатқан от, Ай жер сияқты және онда тіршілік бар, күннің күркіреуі, найзағайдың жарқылдауы – бұлттардың бір-бірімен соқтығысуында т.с.с.

Афина қаласында Анаксагор ең бірінші болып, философиядан сабақ бере бастады. Бірақ ол қудаланып (гректердің Құдайларын мойындамағаны үшін), Афинадан қашуға мәжбүр болады. Өзінің философиялық еңбектерінде Анаксагор қалайша шаш еместен – шаш, ет еместен ет пайда болады деген нақты сұрақтар қояды. Эмпедоклдің стихияларының ішінде ет, сүйек, шаш, қан сияқты элементтер жоқ еді ғой.

Анаксагор бұл сұраққа: «Әр нәрсе өзіне өте ұқсас бөлшектерден – «тұқымдардан», **гомеомериялардан** пайда болады», – деген жауап қайтарады. Ол тұқымдар стихиялардың ішінде қалқып жүріп, бір-бірімен қосылып, заттарды тудырады. Ал барлық заттардың пайда болуына түрткі болған, оларды ретке келтіріп отыратын ол НУС (nous – грек сөзі, ақыл-ой) – дүниежүзілік ақыл-ой.

Қорыта келе, Анаксагор Афинадағы ғылымның, философияның дамуына өзінің зор әсерін тигізді.

Демокриттің атомистік ілімі

Элеаттардың көтерген мәселелеріне Эмпедокл мен Анаксагорға қарағанда басқаша жауап берген **Левкипп пен Демокрит** болды.

Егер біріншілер дүниенің негіздерін құрайтын әртүрлі сападағы стихиялар, заттардың тұқымдары т.с.с. деген тұжырымға келсе, Левкипп пен Демокрит өздерінің **атом** жөніндегі ілімдерінде дүниенің негізінде жатқан сандық жағынан әртүрлі ұсақ бөлшектер жөніндегі ілімдерін ұсынады.

Левкипп (V б.ғ.д.) Милетте туғанымен, Элеяға келіп, өз ілімін таратады. Демокрит (460 б.ғ.д. туған) Левкиптің шәкірті болған.

Левкипп пен Демокрит ғылымға атом (atomos – бөлінбейтін) ұғымын, ары қарай бөлінбейтін, көзге көрінбейтін, өте ұсақ, сапасыз, тек қана бітімі, көлемі жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар ұсақ бөлшектерді ұсынады.

Атомистер бейболмыс өмір сүрмейтінін қолдады, өйткені бірдеме дүниеге келгенде, бар ұсақ бөлшектердің қосындысынан пайда болады, ал ол бөлшектер тарай бастаса, ол зат құриды. Әрине, атомдар қозғалуы үшін кеңістік керек, сондықтан олар дүниені орасан зор қуыс ретінде қарады. Егер біз кеңістіктен атомдарды алып тастасақ, онда ештеңе жоқ, тек қуыс қана қала береді. Олай болса, ештеңе өмір сүреді.

Дүниедегі атомдардың саны шексіз болғаннан кейін, кеңістік те шексіз, өйткені шектелген кеңістікке шексіз атомдар сыймас еді. Дүниенің кеңістіктегі шексіздігі уақыттың да мәңгілігін, қозғалыстың да бастауының жоқтығын мойындауға мәжбүр етеді.

Атомистика дүниенің пайда болуын қозғалыс арқылы түсіндіреді (бірінші сатыда). Алғашында атомдар кеңістікте ешқандай тәртіпсіз түрде өмір сүреді. Олар оны Күннің көзі түскен кездегі үй ішінде сәулеге шалынып көзге көрінетін, қалқып жүрген өте ұсақ шаңмен салыстырады. Екінші сатысында ауыр салмақты атомдардың жеңіл бөлшектермен соқтығысуының нәтижесінде пайда болатын дауылға ұқсас қозғалыс туады. Бұл «дауылда» бір-біріне ұқсас атомдар басқалардан бөлініп, дүние өмірге келеді.

Үшінші атомдардың қозғалысы – ол заттың бетіндегі өте жеңіл атомдар. Олар заттан ұшып, біздің түйсіктерімізге әсерін тигізіп, иісті тудырады.

Атомистердің айтуына қарағанда, төрт стихияның атомдары әртүрлі. Оттың атомдары ең кіші және дөңгелектеу болып келеді, қалған атомдарының бітімі кубқа ұқсайды. Олардың ішіндегі ең кішілері – ауаны құрайтын атомдар, орташа көлемдісі суды, үлкендері жерді құрайды.

Атомдардың жалпы саны шексіз болғаннан кейін, ғарышта әртүрлі дүниелер бар. Біреулерінде Күн мен Ай болмауы мүмкін, кейбіреуінде екі-үштен болуы мүмкін, біреулерінде тіршілік болса, келесілерінде болмауы ғажап емес…

Сонымен, Демокриттің дүние жөніндегі ілімінде ешқандай Құдай, я болмаса басқа рухани күш жоқ: ол барын де механистік көзқарастың шеңберінде түсіндіргісі келеді.

Атомистердің философиясының тамаша жері: олар алғашқы рет себеп, қажеттілік деген ұғымдарды философияға енгізеді. Демокриттің ойынша, әр нәрсенің өз себебі бар, ол қажеттіліктен туады. Сондықтан Дүниеде ешқандай кездейсоқтық жоқ. Белгілі бір құбылыстың себебі ашылмаған кезде, оны адамдар кездейсоқ деп атайды.

Адам мен таным мәселелеріне келер болсақ, Демокрит адамның жан дүниесін мойындайды. Ол дөңгелек, тез қозғалатын, оттың атомдарына ұқсас бөлшектерден тұрады. Олай болса, адам өлгенде, оның жан дүниесі де жойылады, атомдар кеңістікке (жан-жаққа) тарап кетеді. Ал түйсік пен ойлау мәселелеріне келсек, онда жан дүниені құрайтын атомдардың түйсіктік қасиеттері бар екен. Заттардың үстінде орналасқан жеңіл атомдар адамның түйсіктеріне жетіп, өзінің әсерін тигізген кезде, біздің жан дүниемізде неше түрлі сезімдер мен түсініктер пайда болады. Сезімдік және ақыл-оймен тануда Демокрит сезімдік танымның адамды қателестіруі мүмкін екендігін, сондықтан оны ақыл-ойға тоқу керектігін айтады.

Атомистика шеңберіндегі әлеуметтік және моральдық мәселелерге келетін болсақ, демократиялық саяси тәртіп – ең тиімді қоғамды ұйымдастыру түрі. Демократия бұзылмауы үшін, адамдарды тәрбиелеу керек.

Адам өзінің табиғаты бойынша өмірден ләззат алуға, зардаптан қашуға тырысады. Бірақ Демокрит ләззатты **өлшемді** табумен теңестіреді. Адамға ең жақсы нәрсе – **еутемия** (eythymia) – жақсы көңілкүйде болу, ешқандай қорқыныш сезімі, я болмаса аса құмартудан алшақ болу. Дүниеге салқын сезіммен қарап, даналыққа көтерілу – адамның ең биік мұраты.

§ 5. Дүниені зерттеуден адам мәселесіне бетбұрыс. Софистика. Сократ ілімі

Натур-философия өз уақытының шеңберінің шегіне келіп, ары қарай дүниені зерттеуде жаңа идеялар тудыра алмады.

Екінші жағынан, гректердің қала-полистеріндегі саяси өмірдің жандануы, әсіресе тікелей демократияның дамуы, халық жиналысының, соттың мәнінің өсуі философия саласында жаңа бетбұрыс тудырады. Жалпы дүние жөніндегі тебіреністерден ойшылдар қоғам мәселелеріне, адамның өміріне, мән-мағыналықты ашуға көп көңіл бөле бастайды.

Осы кезде грек топырағына **софистика** ағымы келеді (sophia – дана, даналық). Бұл ұғымның мағынасы даналықты, білімділікті көрсеткенмен, уақытында теріс мағынада «жалған білімділік» ретінде қолданыла басталды.

Оның негізгі себебі – софистердің оқытушылық қызметі, өйткені сол уақыттағы саяси өмірдің дамуы риторика, логика, философия ғылымдарына деген үлкен сұраныс тудырды. (риторика – әсем және әсерлі сөйлеу өнері, логика – ойлау заңдылықтарын зерттейтін пән). Өйткені саяси өмірде белсенділік көрсету үшін, жиналған адамдарға өзіңнің көзқарасыңның дұрыстығын дәлелдеп, олардан қолдау табу қажет болды, ал оның өзі оңай жұмыс емес, оған оқу керек болды. Өмірде пайда болған сұраныс софист-оқытушыларды дүниеге әкелді. Олар тек қана даналыққа емес, сонымен қатар өзінің саяси қарсыластарының көзқарастарының тұжырымдарын қалайша терiске шығаруға болады, қалай білдіртпей алдап кетуге болады т.с.с. қазіргі саяси технологияларда қолданылатын әдістерге ұқсас нәрселерді үйрете бастайды.

Екіншіден, софистер өздерінің сабақтарына ақша алады. Негізінен, билікке таласатын ақшалы адамдар – аристократтар мен плутократтар (aristos – ең жақсылар, ақсүйектер, plutos – байлық, cratos – билік) болғаннан кейін, олардың табыстары да аз болған жоқ. Ал ол кездегі ерікті адамдар еңбекпен ақша тапқан адамдарға менсінбей, жоғарыдан қараған. Сондықтан қоғамдық санада софистер жөнінде теріс пікір туып, оларға «жалған дана» деген ат берілген.

Ал, шынына келгенде, софистер философия саласында үлкен төңкеріс жасап, ой-өрісін физис, космос мәселелерінен этика, саясаттану, риторика, тіл, дін, тәрбие мәселелеріне аударды. Олай болса, оларды антикалық философияның **гуманистік-адамгершілік бағытын ашты** деген пікірге келуге болады.

Софистердің арасындағы ең кең танылған тұлға – **Протагор** (481-411 б.ғ.д.) Оның «Еватл» деген софизмімен танысайық.

Протагор өзінің оқушысы Еватлмен келісімге келеді: егер Еватл алғашқы рет сотта жеңіске жетсе, онда Протагорға ақша төлеуге тиіс.

Бірақ Еватл асықпайды. Онда Протагор Еватлға: «Мен сені сотқа беремін», – деп қорқытады. Оған Еватл: «Келісім бойынша мен сотта жеңіске жетсем ғана төлеймін, мен әлі бір сотты да ұтқан жоқпын», – дейді.

Сонда Протагор айтыпты: «Егер мен сотта сені ұтсам, онда соттың шешімі бойынша сен төлейсің, егер сен ұтсаң, онда бәрібір төлейсің, келісім бойынша».

Оған Еватл былай депті: «Егер мен ұтылсам, онда төлемеймін, келісім бойынша, ал егер ұтсам, онда төлемеймін соттың шешімі бойынша».

Осындай софизмдердің негізінде Протагор мынандай тұжырымға келеді: әр нәрсе жөнінде бір-біріне қарама-қарсы тұрған екі пікір айтуға болады. Олай болса, мәселенің бір жағына шығу керек, оның кепілі – адамның өзі. Сондықтан Протагор өзінің атақты нақыл сөзін айтады: Адам – барлық заттың өлшемі, олардың барының – барлығын, жоғының жоғын көрсетеді. «Адам – өлшем» дегеніміз, маған қандай болып зат көрінсе, ол – сондай, ал саған керісінше көрінсе, ол саған – сондай. Оны қазақ: «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді», – деген.

Сөйтіп, Протагордың айтуынша, бары де салыстырмалы, еш жерде соңғы ақиқат, ең құнды моральдық қағидалар, нормалар т.с.с. жоқ.

Олай болса, өз пікіріңді дәлелдей ал, айтыста өз ойыңның артықшылығын көрсете біл, қате пікірдің әлсіз жағын тауып алуға тырыс. Тіпті әйдік болсаң, нәзік дәлелдемені күшейтіп, күшті дәлелдемені теріске шығара біл.

Протагордың оқушылары саяси мінбелерге шығып, өздерінің қарсыластарын жеңе білген, өздерінің табиғи дарындарын ашып, саяси өмірге белсенді қатысқан. Ал мұның өзі Протагордың даңқын арттырған.

Қорыта келе, мынаны айту керек. «Егер адамның жететін ақиқатының бары салыстырмалы болса, онда оларды салыстырып, пайдалысын таңдай біл және оның сондай екенін басқаларға дәлелдеп, көздерін жеткіз. Сонда ғана даналық деңгейге көтерілуге болады», – дейді Протагор.

Софистердің философияға енгізген жаңылықтары – ақылоймен дүниенің қайшылығын бейнелеу арқылы жасалатын ұғымдардың аумалы-төкпелілігі, іштей қайшылықтары. Ой өрісінің дамуын зерттей келе, олар логиканың, риториканың көп мәселелерін көтеріп, осы уақытқа дейін ғалымдар ойландыратын нәрселерді қалдырды.

Мысалы, мына софизмді алсақ: «Егер алдаушы мен алдадым десе, онда – оның шындықты айтқаны». Бұл софизм осы уақытқа дейін шешілген жоқ. Оқырман, кәне, сен оны шешіп көрші!

Сократ ілімі

Сократ (469-399 б.ғ.д.) Афина қаласының қарапайым адамдарының отбасында дүниеге келеді. Өз заманының халық сыйлайтын, сонымен қатар байлары мен билері үрейлене қарайтын ірі тұлғасы болса керек.

Сократ жөнінде тарихта әртүрлі пікірлер қалған. Аристофанның «Бұлттар» деген комедиясында Сократ «өтірікпен шындықты жеңетін» софистердің біреуі деп көрсетілсе, Ксенофон оны заңды сүйгіш, әдет-ғұрыпты сыйлаған адам ретінде, ал оның оқушысы, шәкірті Платон ең ақылды, кемеліне келген дана ретінде суреттейді.

Сократ – жазба еңбектер қалдырмаған адам. Байлық қумаған. Сондықтан өз заманының софистерін олардың ақиқатты тым салыстырмалы еткені үшін жек көрген.

Сократ софистердің «Адам – өлшем» деген тұжырымдарымен келіседі, бірақ ол нақтылы, өз заманының пайда іздеген адамы емес, ол – тек адам ретінде алынғандағы адам.

Сонымен, негізінен, оны толғандыратын мәселелер – адам табиғаты, оның терең мәні. Оның айтуынша, адамның терең мәні – оның жан дүниесінде. Ал адамның жаны – ол оның ойлауға деген қабілеті, оның парасаты, адамгершілікке негізделген жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті.

Адамды дене ретінде емес, сана ретінде түсіну керек. Ол – өз-өзін санасы арқылы сынай алатын, ар-ұжданы бар тұлға. Олай болса, адамның жан дүниесін тәрбиелеу қажет, оны өсіп-өндіруіміз керек. Өз қаласының адамдарына арнап ол: «Сендер өз денелеріңді я болмаса байлықты, басқа керек заттарды бірінші кезекте ойламаңдар, ең алдымен өз жан дүниелеріңді тәрбиелеп өсіріп, тазалаңдар, өйткені ізгілік байлықтан емес, байлық пен басқаның бәрі ізгіліктен шығады», – дейді.

Сократтың ойынша, ізгілік (даналық, әділеттілік, тұрақтылық, қанағаттылық т.с.с.) әрқашанда білім, ал залымдық – надандық.

Ешкім де саналы түрде жамандық жасамайды, ал жамандық жасайтындар оны білмегендіктен жасайды.

Ізгілік дегеніміз – жақсылықты білу және соның негізінде іс-әрекет ету; батылдық – ол қауіп төнген жағдайда не істеу керектігін білу; әділетті адам өзінің мемлекетпен қарым-қатынасын біледі т.с.с. Оның себебі, ізгіліктің табиғаты жөнінде адамдар ойланбайды, өйткені олардың көпшілігі әдет-ғұрып арқылы беріледі. Ал егерде біз оларды ақыл-оймен танып-білсек, онда біз өзіміздің жан дүниемізді байытып, жамандыққа бара алмаймыз.

Әрине, ізгіліктен ауытқу, күнәға бату – ол тек қана білмегендіктен шықпайды, ол адамның еркімен де тығыз байланысты. Бірақ ерте замандағы адамдарға ерік әлі таныс емес, оны тек Ортағасырдың діни ойшылдары ғана ашқан болатын.

Сократтың ойынша, адамның ең тамаша қасиетінің бірі – өз-өзін ұстауы. Қандай көңіл күйде болсаң да: шаттық, қайғы-қамығуда да, неше түрлі құштарлықта да адам өзін-өзі билеп, ұстауы қажет.

Сократ грек ойшылдарының бақыт жөніндегі түсініктерін тереңдете түсті. «Менің ойымша, тек ізгі адам бақытты; шындығы жоқ, арам пиғылды – әрқашанда бақытсыз».

Сократ адамның жан дүниесінің терең мәнін ашып қана қоймай, сонымен бірге оны жетілдірудің жолын көрсетті. Оның жолы – **ирония мен майевтика. Ирония** дегеніміз – сұхбат барысында білмеген сияқты болып талқыланып жатқан мәселе жөніндегі қарсыда отырған адамның тұжырымдарының неше түрлі сұрақтар арқылы ішкі қайшылығын ашып, ең ақырында оны: «Менің білетінім – тек қана ештеңе білмейтінім», – деген ойға әкелу. Бірақ мұнымен сұхбат бітпейді. Егер осы сатыда әңгіме бітсе, адам толығынан күмәнға батып, дүниеде не істерін, өзін қалай ұстайтынын білмес еді.

Сұхбаттың екінші сатысында **майевтика** басталады. Ол сәбидің дүниеге келуіне көмектесетін кіндік шешенің қызметі сияқты. Бірақ сәби емес, дүниеге ақиқат келеді. Ол үшін жоғарыдағы талданған мәселе жөніндегі пікірлер салыстырылып, олардың ішіндегі ақиқатқа әкелетіндері алынады.

Бірақ Сократтың мақсаты – одан да ары тереңдеу. Қандай мәселе талқыланса да, әңгіме ақырында адам өмірінің мән-мағынасына келіп тіреліп, осы мен қалай өмір сүріп жатырмын, не істеп, не қойдым, менің ар-ұжданым таза ма т.с.с. деген сұрақтарға әкеледі. Міне, негізгі мақсат енді ғана орындалды, осы уақытқа дейін өзінің жан дүниесі жөнінде ойланбай келген адам іштей тазарып, өмірге басқа көзбен қарай бастайды.

Олай болса, адамның **өз-өзін танып-білуі** – оның ең биік мұратына айналуы керек. Сонда ғана адам мен қоғам арасындағы қайшылықтар шешіледі. Ол үшін адам күнделікті өмірдегі «ұсақ мәселелердің» жолын табуы емес, ол бүкіладамзаттық ақиқат деңгейіне көтеріліп, өзінің жан-дүниесін толтыруы керек. Бұл пікірді қолдайтын бір аңыз бар. Сократтан: «Сіздің туған жеріңіз қайда?» – деп сұрағанда, ол: «Мен ғарыштанмын», – деп жауап берсе керек. Сократтың ұлы тұлғалығы, міне, осында.

§ 6. Классикалық кезең. Философияда ұлы жүйелерді жасаушылар. Платон мен Аристотель

Б.з.д. IV ғ. антикалық қоғамда бүкіл мәдениет, оның ішінде философия да өзінің ең биік сатысына көтеріледі.

Қоғамды әлеуметтік-экономикалық, саяси жағынан алып қарағанда, бұл уақыт қала-полистердің мүмкіншіліктері таусылып, дағдарысқа ұшыраған кезі болғанымен, рухани өмір, керісінше, үлкен шабытта болып, ең ұлы туындылар пайда болды. Мұның өзі рухани және материалдық өмір дамуының бір-біріне тәуелсіз екендігін дәлелдегендей, әрине, салыстырмалы түрде ғана.

Ал философияның өзінің ішкі даму заңдылықтарына келер болсақ, натур-философиялық кезең және софистика ұлы жүйелерді жасауға жақсы мүмкіншіліктерді тудырды. Сол антикалық философияда үлкен төңкеріс жасаған ұлы ойшылдар **Платон мен Аристотель** болды.

Платон (б.з.д. 427-347 ж.) өзінің осы атын (platos – грек сөзі, кең) кең иықтылығының арқасында Сократтан алыпты-мыс деген аңыз бар. Оның шын аты – **Аристокл**. Платонның әкесі атақты рудан шыққан, ол жас кезінде жақсы білім алады, өлең шығарумен әуестенеді. 20 жасында Сократпен танысып, өзінің өмірінде үлкен бетбұрыс жасайды, сөйтіп, ол өзінің өмірін толығынан философияға арнайды.

Платонның еңбектерінің ерекшелігі – ол оның барын сұхбат ретінде жазады. Ол әдісті, шамасы, Платон сегіз жыл бойы Сократпен бірге болған кезде игерген. Екінші ерекшелігі – сұхбаттың негізгі кейіпкері – Сократ. Сөйтіп, Платон өзінің ойларын осы Сократ кейпі арқылы жеткізеді.

Платонның негізгі еңбектері **«Сократты жақтау», «Критон», «Мемлекет», «Федон», «Парменид», «Софист», «Заңдар»** т.с.с.

Платонның көзқарасының қалыптасуына зор әсер еткен – Гераклит. Ол оның негізгі тұжырымы «Бәрі де – ағым», «бітпейтін өзгерісті» толық қабылдайды, бірақ тек ол біз өмір сүріп жатқан дүниеге тән.

Екіншіден, оған Элея мектебінің негізгі қағидалары да зор әсерін тигізді. Ол – қозғалмайтын, мәңгі, бір Болмыс идеясы.

Үшіншіден, Сократтың моральдық философиясы, оның негізгі ұғым-құндылықтары – Ақиқат, Ізгілік, Әсемдік.

Төртіншіден, Пифагордың сандық философиясынан шығатын өлшемдік ұғымы.

Платонның философия саласында жасаған төңкерісі – оның «Эйдос» (идея) әлемін ашқаны. Платонды сезімдік таным қанағаттандырмайды, өйткені дүние – ағым, заттар өне бойы өзгерісте, тұрақсыз. Ал біз өзіміздің білімімізде тұрақтылыққа, жалпыға ортақ, өзгермейтін ұғымдар жасауға, яғни дүниені түсінуге тырысамыз. Ал ондай білімді біз бұл сезімдік әлемнен таба алмаймыз. Олай болса, оның қайнар көзі «Шынайы болмыста» – Эйдос әлемінде, «қол астындағы болмыстан» біз оны таба алмаймыз.

Біз Платонның бұл жаңалығының негіздемелерін оның әртүрлі диалогтарындағы Әсемдік, Ізгілік, Әділеттілік, Батылдық т.с.с. ұғымдарды Сократтың атынан талдағанда көреміз.

«Үлкен Гиппий» деген диалогында Сократ мынандай сұрақ қояды: «Расында да, ізгіліктен барлық ізгі істер, әділеттіліктен барлық әділеттік, әсемдіктен барлық әсем заттар тумай ма?».

– Әрине, – деп жауап береді Гиппий. – Әсемдік, мысалы, – әсем қыз.

Оған Сократ: «Неге әсем би, иә әсем құмыра емес?» – деген сұрақ қояды. Әрбір зат, бір жағынан, әсем, екінші жағынан, басқа заттармен салыстырсақ, түрсіз болуы мүмкін. Ал бізге барлық заттарға ортақ жалпы әсемдік керек қой.

Гиппий оны алтыннан, басқа заттардан, неше түрлі мораль-дық құндылықтардан іздейді, бірақ таба алмайды.

Платонның көзқарасы бойынша, заттардың әсемдігі әсемдік идеясында жатыр. Оның қайнар көзі «Эйдос әлемінде». Сонымен, сезімдік әлемнен басқа тұрақты, мәңгілік қозғалмайтын, кемеліне келген басқа әлем – идеялар әлемі бар екен. Егер бұл әлемдегі заттар сезім арқылы танылса, онда ақыл-оймен танылатын ұғымдарға идея әлемі сәйкес келуі керек. Олай болса, идеялар – ой емес, ойдың зерттейтін пәні, ол – шынайы болмыс. Идея заттардың терең мәнін құрайды, оның бітімін қалыптастырады, сол себептен оны дүниеге әкеледі, оның «парадигмасын» (paradeigma – грек сөзі, үлгі) құрайды.

Өзінің идеялар әлемі түсінікті болуы үшін, Платон «Үңгір жөніндегі аңызды» пайдаланады. Соңында бұл аңыз метафизика, гносеология және диалектиканың нышанына айналды.

Көзімізге үңгірде, я болмаса зынданда, аяқ-қолы байланған адамдарды елестетейік. Үңгірдің аузы күншығысқа қарағаң, сондықтан оның сәулелері сондағы адамдар қарап отырған жаққа түсіп тұр. Жер бетінде керуен кетіп бара жатыр, адамдар әртүрлі заттарды көтеріп, бір-бірімен сөйлесіп келеді.

Үңгірде қамалған адамдарға солардың қозғалып бара жатқан көлеңкелері көрінеді, түсініксіз күңгірт дыбыстар естіледі. Олар бірақ жер бетінде шын өмір барын білмейді, сол көлеңкенің өзін шын өмір екен ғой деп есептейді. Бірақ сол қамалған адамдардың біреуі ойланып-толғанып, ақырында, өзінің көлеңке әлемінде тұрып жатқанын түсінуі мүмкін. Ал екіншісі аяқ-қолын қалайда шешіп, үңгірдің сыртына шығып, Күн көзінің сәулесіне көздері үйренгеннен кейін, шынайы өмірдегі адамдарды, заттарды, соңында жарқырап тұрған Күннің өзін көреді.

Үңгір аңызынан қандай философиялық тұжырымдар жасауға болады?

Біріншіден, болмыстың әртүрлі деңгейлігі жөнінде – сезімдік болмыс пен құдіретті болмыстың бар екендігі; үңгірдің ішіндегі көлеңкелер – сезімдік әлем, ал жер бетіндегі адамдар мен заттар – нағыз болмысты, құдіретті әлемді көрсетеді, ал Күн – ол ізгілікті көрсететін идея.

Екіншіден, танымның деңгейлерін байқауға болады – ол сезімдік таным, ақыл-оймен тану, интуитивтік (intuitio – латын сөзі, ақиқатты еш дәлелдемесіз-ақ оймен көру) жолмен соңғы себептерге жету.

Үшіншіден, бұл аңыздың моральдық, аксиологиялық жағын да байқауға болады. Өмірде тек қана сезім толқынының шеңберінде болу – ол үңгірдегі өмір. Рухани өмір сатысына көтерілу – ол нағыз болмыс әлеміне көтерілумен тең. Ал Күннің өзін көріп-тамашалау – ол құдіретті күшті көрумен тең.

Ал идеялар әлемі бар болса, оның қай жерде екені туралы заңды сұрақ туады. Оның орнына Платон: «Гипераураниядa – ол аспаннан да жоғары орналасқан», – дейді. Олай болса, ол материалдық әлемнен басқа, оны тек ақыл-оймен ғана түсінуге болады.

Платон идеялар әлемін белгілі бір жүйе ретінде қарайды. Олай болса, оның төменгі және жоғары дәрежеде орналасқан құрамдас бөліктері бар. Жүйенің ең шыңында изгілік идеясы орналасқан. Ол – Бірліктің көрінісі. Оған қарсы тұрған екінші бастау – ол Диада – шексіз көптіктің бастауы, үлкен мен кішкентайды, шексіз үлкен мен шексіз азды қамтиды.

Осы екі бастаудың қосылысы идея әлемін құрайды. Әрбір идея, бір жағынан, шексіз, екінші жағынан, шектелген.

Бірақ әңгіменің ең қиындығы – идея әлемі материалдық дүниені қалай тудырады? Материалдық емес нәрсе – материалдық сезімдік өзгеріп жатқан әлемді қалайша дүниеге әкеледі?

Платонның ойынша, материя – мәңгілік өзімен-өзі өмір сүріп жатқан енжар нәрсе. Оны хаостық (chaos – тұңғиық, белгісіз, бітімсіз, еш тәртіпсіз деген мағына береді) жағдайдан ғарышқа, тәртіпке келтірілген дүниеге әкелген – **Демиург**. Ол мінсіз әлемді үлгі ретінде алып, материяға бітім беріп, бұл дүниені тудырды.

Идея әлемі – парадигма – ол мәңгі, алғашқы, Демиург та Құдай ретінде мәңгі, бірақ сезімдік әлем, түпнұсқа емес, жасалған, көшірмелі болғаннан кейін – өтпелі, жалған, көлеңке.

Әрине, бүгінгі таңдағы білім тұрғысынан біз Платонның идея әлемін қатты сынға ала аламыз. Әрбір дүниедегі жеке заттың тек өзіне ғана тән жақтарымен бірге басқа заттарға оны жақындататын жалпы жақтары бар. Адам таным үдерісінде заттардың жалпы қасиеттерін зерттеп, оны белгілейтін ұғымдарды туғызады. Оны адам тіл арқылы береді. Олай болса, әрбір сөз, әсіресе ғылыми ұғымдар, дүниені жалпылайды. Мысалы, адам ұғымы жер бетінде өмір сүріп жатқан 6,3 млрд адамзатты қамтиды. Нақтылы жеке адам дүниеге келіп, кетуі мүмкін, ал адам ұғымы қала береді. Бірақ осы нақтылы тірі өмір сүріп жатқан адамдар болмаса, онда адам ұғымы да болмас еді.

Мәселе Платонның идеалдық әлемінде емес, әңгіме сол идеялар әлемін тудыратын ұғымдарда. Платоннан кейін ұғымдарды зерттеу, олардың табиғатын ашу, бір-бірімен байланысын көрсету – философияның негізгі мәселелерінің біріне айналды.

Енді Платонға қайта оралып, оның таным теориясына (гносеология) келетін болсақ, онда оның негізінде **анамнез** (anamnesis – грек сөзі, еске түсіру) жатыр. Адамның жан дүниесі мәңгілік, оның шыққан тегі – идеялар әлемі. Сондықтан дүниетану жолында біздің жанымыз өзінің мінсіз әлемінде болған шағын еске түсіре отырып қана ұғымдарды тудырады.

Ал сезімдік танымға келетін болсақ, ондағы білім көбінесе жалған, өйткені бұл өмірдің өзі өтпелі, тұрақсыз. Сондықтан сезімдік жолмен танылған пікірді Платон **докса** (doxa – грек сөзі, пікір) дейді. Егер пікірді біз соған сәйкес ұғыммен негіздесек, онда ол ғылымға айналады.

Платонның ойынша, бұл өмірде бізді идеялар әлемін жалғастыратын жалғыз ғылым – жан дүниесі ғана емес, сонымен бірге Эрос және сүйіспеншілік. Олар бізді құдіретті әлеммен байланыстыратын көпірге ұқсайды. Эрос бізге қанат-күш беріп, әсемдіктің әртүрлі сатыларынан өткізіп, ақырында соған жеткізеді.

Ал сүйіспеншілікке келсек, ол – сұлулық пен изгілікке құмарту. Олай болса, ол – философия, даналықты сүю, өйткені даналықтың өзі сұлулық пен изгілікті сүюмен тең.

Сүюдің бірінші баспалдағы – ол **жыныстық сүю**, әсем денеге деген құмарту және оның ішінде басқа өмірді келтіру; онда да өлместікке деген құштарлық бар: ұрықтандыру жолында жаңа өмір дүниеге келеді – ол өлместіктің кепілі.

Екінші сатыда сүюдің басқа бітімі дүниеге келеді: біз денеге емес, басқа адамның жан дүниесімен тіл табысып, оны сүйеміз: онда шашылатын тұқым рухты жандандырып, байытады, **өнерге, білімге, әділеттілікке, изгілікке деген құштарлық** пайда болады.

Үшінші сатыда Сүйіспеншілік бізді идея әлеміндегі әсемдіктің өзімен ұштастырады.

Платон метафизикалық, гносеологиялық, этикалық мәселелерді әлеуметтік саяси мәселелермен байланыстыра білген. Ол оның «Саясаткер», «Мемлекет», «Заңдар» деген еңбектерінде көрсетілген.

Ойшыл қоғамның пайда болуын терең қараған. Егер жануарлар өзіне керектінің бәрін жабайы табиғатта дайын күйінде тауып алса, адамдар жеке-жеке өзіне керек қажеттіліктерді өтей алмайды, екіншіден, ол қажеттіліктердің көбі еңбек үдерісінде жасалады, даяр түрінде табиғатта жоқ. Сондықтан адамдар қоғам болып бірігіп, өмір сүреді. Біреуі жер жыртады, екіншісі бала оқытады, үшіншісі үй салады т.с.с.

Жалпы алғанда, Платон қоғамдағы адамдарды бірнеше әлеуметтік топтарға бөледі. Төменгі топ шаруалардан, қолөнершілерден, саудагерлерден т.с.с. тұрады. Олар қоғамның материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Адамды ішкі және сыртқы жаулардан қорғау керек, ол үшін полиске жауынгерлер керек.

Мемлекетті басқару өнері өте қиын. Оны әділеттіліктің, ізгіліктің негізінде жүргізу керек. Ал оған даналық керек. Оны жүргізе алатын – философтар. Біз, философтар, осы уақытқа дейін Платонға өзіміздің алғысымызды айтамыз. Бірақ философтар елді басқара алмайды: ол үшін олар көп моральдық адамгершілік қасиеттерінен арылуы керек, өйткені саясатта ашық шындық талаптарының оқтын-оқтын моральдық нормалар беретін талаптар кеңістігінен шығып кетуіне әкеледі.

Бұл үш әлеуметтік топтың қажеттігін Платон психологиялық тұрғыдан да толықтырады. Адамның жан дүниесінде ақыл-ой, ерік, іңкәрлік қалай бір-бірімен үйлесімді болса, қоғамда да әлеуметтік топтар соған байланысты өмір сүруі керек.

Үкіметті басқаратын адамның жан дүниесінде ақыл-ой, даналық басымырақ болуы керек; жауынгерлердің жүрегінде қызбалық, құштарлық басым болуы қажет. Ал көпшілік халықтың жан дүниесінде өмірге, байлыққа деген іңкәрлік басым болуы керек.

Жеке меншік өлшемді түрде, негізінен алғанда, халықтың қолында болуы қажет, ал жеке меншік бар жерде отбасы, бала-шаға, мұрагерлік деген бар.

Ал жоғарыдағы екі топта жеке меншік болмауы қажет. Мемлекет басқарып отырған адамдарда байлыққа деген ынта болса, онда олар заңдарды өздерінің мүдделеріне сай етіп бұрмалауы мүмкін, ол халықты ары қарай кедейлетіп, байларды одан сайын байытады. Ол үшін олардың отбасылары болмауы керек, сонда ғана ол байлыққа қызықпай, елді әділ жолмен басқарады.

Жауынгерлерге келер болсақ, жеке меншік олардың негізгі қызметіне – елді қорғауға, тәртіпті қадағалауға үстірт қарауларына, қолындағы қару-жарақты өз жеке мүддесіне пайдалануға келтіруі мүмкін.

Мемлекет жоғарғы топтардағы еркектер мен әйелдердің қарым-қатынасын арнаулы ұйымдар арқылы ретке келтіріп отырады; олардан туған балаларды арнаулы мекемелерге жіберіп, мемлекет тәрбиелейді: олар өздерінің әке-шешелерінің кім екенін, ал әке-шешелері балаларын танымаулары керек.

Оқырманның байқағанындай, Платон мемлекетінің кейбір жақтары екі мың жылдан артық уақыттан кейін XX ғасырда пайда болған тоталитарлық тәртіптерден көрінді. Бұрынғы кеңес қоға-

мындағы мемлекеттің рөлі Платонның мемлекетінен кем болған жоқ шығар. Мемлекет жеке меншікті жойып, барлық ұлттық байлықты өз қарамағына алған болатын, тек отбасыларды жойып, әйелдерді ортақ қылмағаны болмаса. Германиядағы фашистер соғыс кезінде соғыстың алдыңғы шегіндегі офицерлерді санаторийлерге кезекпен демалуға шақырып, оларды сұлу, денсаулығы жақсы неміс әйелдерімен уақытша қосып отырған. Ондағы мақсаттары – арий тұқымын жақсарту, болашақ қоғамның элитасын құратын ұрпақты жасау. Алайда ол әйелдер көбінесе мүгедек сәбилерді дүниеге әкелген, өйткені жаңа өмір махаббаттың туындысы емес пе? Сөйтіп, фашистер Платонның ойын іске асырып, одан дұрыс нәтиже ала алмады.

Шынында да, тарихта айтылған бірде-бір философиялық ой жай қалмайды, ол белгілі бір жағдайда шын өмірде іске асады. Ал оның өзі нәтижелі бола ма, оны ұлы мәртебелі тарих көрсетеді.

Аристотель және оның философиялық жүйесі

Аристотель (384-322 б.з.д.) – көне заманның ең ұлы философы, заманының ең дарынды, жан-жақты білімі бар тұлға болған. Аристотель сонымен бірге өз заманының ұлы қолбасшысы, үлкен империя жасаушы Ескендір Зұлқарнайынның оқытушысы ретінде де тарихта аты қалған.

Аристотельдің тағы да жасаған бір үлкен жұмысы – ол Афина қаласында даңқы бүкіл әлемге әйгілі мектеп – Ликейді ашады (қазіргі лицейлердің аты содан шыққан). Мектептің жанында үлкен бақ, ал онда адамдар серуендейтін үсті жабық жолдар болған, оларды грекше «перипатос» дейді. Тарихта Аристотельдің философиясын қолдап, ары қарай жалғастырған мектепті **перипатетиктер** дейді.

Аристотель жан-жақты терең білімді тұлға болғаннан кейін, оның мұрасын ғалымдар бірнеше топқа бөледі.

Логикалық еңбектері (негізгі кітап **«Органон», «Категориялар»** т.с.с.

Табиғат философиясына арналған еңбектері: **«Физика»** 8 кітап, **«Аспан жайлы»** 4 кітап, **«Аспандағы құбылыстар жайлы»** т.с.с.).

Жан дүниесі философиясына арналған: **«Жан дүниесі жөнінде», «Өмір мен өлім туралы», «Тыныс алу туралы»** т.с.с.

Тіршілік философиясына арналған: **«Жануарлардың дене мүшелері жайында», «Жануарлардың дүниеге келуі туралы»**.

Бірінші физика 14 кітаптан тұратын. Соңынан **«Метафизика»** деген атаққа ие болды.

Моральдық философияға арналған: **«Никомахтың этикасы», «Үлкен этика».**

Саясат пен экономикаға арналған: **«Саясат», «Экономика», «Афинаның саяси өмірі».**

Көркем сөйлеу мен көркем сөзге арналған: **«Риторика өнері», «Өлең сөз жөнінде».**

Логика мәселелері

Логика ғылымының іргетасын қалаушы – Аристотель. XVII ғ. немістің ұлы философы Канттың: «Аристотельден кейін осы уақытқа дейін логикаға еш жаңалық енгізілген жоқ», – деген сөзінің өзі көп нәрсені көрсеткендей.

«Категориялар» (санат) деген еңбегінде Аристотель алғаш рет егжей-тегжейлі талдау арқылы он негізгі ұғымдарды ұсынады (kategoria – грек сөзі, анықтаймын, белгілеймін). Олар: **мән, сапа, сан, қатынас, орын, уақыт, орналасу, иелену, әрекеттену, зардаптану.** Олар мынандай сұрақтарға жауап береді: «Не бар», «қандай», «қанша».

Аристотельдің категориялары, бір жағынан алып қарағанда, болмыстың мінездемелері, екінші жағынан, ойдың бітімдері ретінде қаралады.

Бұл санаттардың ішіндегі негізгісі – мән. Аристотель бірінші мән ретінде нақтылы өмір сүріп жатқан жеке заттарды жатқызады. Ал оларға тән жалпылықты ол – «тек», «түр» ретінде екінші мән дейді. Сонымен, бұл арада Аристотель Платонның көзқарасымен қайшы келеді: жеке заттардан бөлек жалпылық өмір сүре алмайды. Жүре келе, ойшыл «тек», «түрді» морфе (morphe), яғни бітім деген ұғымға ауыстырып, заттың терең мәні сонда деген пікір айтады.

Аристотельдің «Органон» деген еңбегінде жеке санаттар емес, әртүрлі тұжырымдар талданады, олардың құрылысының негізінде жатқан ойлау заңдылықтары көрсетілді. Олар:

Тепе-теңдік заңы (А = А), яғни белгілі бір ұғым әрқашанда бір мағынада ғана қолданылуы керек.

Қайшылықты жоққа шығару заңы (А @ В).

Үшіншіні жоққа шығару заңы (А = А, ия болмаса А @ В, яғни екеуінің біреуі дұрыс (үшіншіге жол жоқ).

Бұл логиканың үш заңы ұғымдарды тек бір мағынада пайдаланып, олардан шығатын тұжырымдардың бір-біріне қайшы келмеуін талап етеді. Осы талаптың негізінде силлогизмдер құрылады.

Мысалы: Барлық адамдар өлмек;
Сократ – адам;
Олай болса, Сократ өлмек.

Аристотельдің логикасында адамдардың ой-тұжырымдырында кездесетін қателіктер талданады. Олар көбінесе сөздердің көп мағына-

лығынан шығуы мүмкін (омономия). Мысалы, шаш – бір жағынан, шашу, лақтыру, екінші жағынан, адамның басындағы шашы ретінде қолданылады.

Қателіктер белгілі ойларды бір-бірімен дұрыс қоспай, ия болмаса дұрыс бөлмеуден шығуы, ия болмаса мәннің орнына кездейсоқтық қасиет қолданылуы мүмкін т.с.с.

Аристотельдің бірінші физикасы

Аристотель «бірінші физика» деп табиғат заңдылықтарын, нақтылы жаратылыстану заңдылықтарын зерттейтін физика ғылы-мының ар жағында жатқан дүние жөніндегі ең шегіне жеткен жалпы сұрақтарды түсінеді. Антика заманының ойшысы Андроник Родосский сондықтан оған **«метафизика»** деген атақ қойған болатын. Бұл ұғымның «бақытты тағдыры» болып, осы уақытқа шейін жетіп, философияда кеңінен қолданылады.

Аристотель дүниенің алғашқы негізін екі себептен шығарады, олар – материя және бітім, форма. Материя – бітімсіз, бітім материясыз өмір сүре алмайды. Егер Платон материя оны қалыптастыратын идеясыз өмір сүре алмайды десе, онда Аристотель форманың өзі де материясыз болмыста жоқ деген пікірге келеді. Тек бір-біріне қосылып қана олар заттың шынайы болмысына, субстанцияға әкеледі. Олай болса, дүниенің алғашқы негізін құрайтын материя және форма арқылы өмір сүретін – жеке заттар ғана.

Сонымен, Дүниенің алғашқы негіздері материя мен форма болса, олар қалайша бір-бірімен қосылып, нақтылы заттарды тудырады? Бұл сұрақты шешу жолында Аристотель ғылымға екі жаңа ұғым әкеледі. Олар «мүмкіндік» (грекше – dynamis, латынша – potentia) және шындық (грекше – energeia, латынша – actus). Бұл ұғымдарды ол материя және формамен тығыз ұштастырады. Материя – тек белгілі бір заттарға айналатын мүмкіндік қана. Ал формаға келетін болсақ, ол – шынайылық. Сондықтан форма материяны мүмкіндіктен нақтылы шындыққа әкеледі. Мысалы, кірпіш – саздың формасы, сонымен қатар болашақ үйдің мүмкіндігі, ал саз – кірпіштің мүмкіндігі. Сәби – болашақ ересек адамның мүмкіндігі. Сөйтіп, қайсыбір дүниеге келу – мүмкіндіктің шындыққа айналуында. Жоқтан еш нәрсе пайда болмайды, қайсыбір қозғалыстың қайнар көзі дүниенің сыртында емес, заттардың ішкі мүмкіндіктерінде.

Материалдық және формалдық себептерден басқа, Аристотель әрекеттік және мақсатқа лайықтылық себептерді көрсетеді. Расында, белгілі бір нәрсенің дүниеге келуі басқа нәрсенің әрекеті арқылы іске асады. Ал дүниеге келген зат не үшін келді деген сұрақ заттың мақсатқа

лайықтылық себебін көрсетеді. Оны Аристотель **энтелехия** (entelechia – бітімге келген, кемеліне келген, грек сөзі) деген ұғым арқылы көрсетеді.

Енді соңғы үлкен мәселені қазақ дүниетанымы тұрғысынан қойсақ, бұл жалған дүниенің неге барлық жағы тең емес, оймен сәйкес келмейді? Аристотель бұл мәселені материя санаты арқылы шешеді. Материя – енжар, кертартпа зат, сондықтан формамен қосылған кезде табиғаттың қажеттілігі, кездейсоқтық пайда болады. Сондықтан бұл дүниеде еш нәрсе мақсатқа лайықты дамығанымен, өзінің ішкі энтелехиясына толығынан сәйкес келмейді.

Дүние, өмір және адам мәселелері

Енді Аристотельдің метафизикалық көзқарастарын нақтылап, «Ай астындағы дүниеге», яғни оның натур-философиялық көзқарастарына келер болсақ, онда бұл дүниенің бұрынғы философтар айтқан төрт стихиясына қайтадан ораламыз.

Аристотельдің ойынша, алғашқы материя қанша енжар, сапасыз, сансыз т.с.с. болғанымен, дегенмен оның жылылық, суықтық, құрғақтық пен дымқылдығы бар. Ал олардың бір-бірімен жұп-жұп болып қосылуы дүниенің негізінде жатқан төрт стихияны: жылы мен құрғақ – отты, жылы мен дымқыл – ауаны, суық пен дымқыл – суды, суық пен құрғақ – жерді тудырады.

Ал аспанды алар болсақ, – ол құдіретті Эфирден – квинтэссенциядан (бесінші мән) тұрады.

От пен ауа жеңілірек болғаннан кейін, дүниенің шекарасына, ал жер мен су ортасына қарай жылжиды. Сондықтан оттың жалыны, жылы ауа жоғарыға көтеріліп кетеді, ал су төменге қарай ағады, ауаға лақтырылған топырақ қайтадан төменге түседі.

«Ай астындағы дүние» осы төрт стихиядан құралады. Егер Демокрит, я болмаса Анаксагор заттарды ұсақ бөлшектердің бір-бірімен араласуының негізінде пайда болады десе, Аристотель олар бір-бірімен сіңісіп кетеді деген пікір айтады, яғни затты біртұтас нәрсе ретінде оның құрамдас бөлшектеріне теңеуге болмайтынын көрсетеді.

Сонымен, дүниеге келген заттардың формасы болғаннан кейін олар өзінің ішкі мақсатына лайықты өзгеріске, қозғалысқа түседі. Аристотель қозғалыстың төрт түрін көрсетеді:

– Пайда болу мен құру.
– Сапалық өзгерістер, яғни заттардың қасиеттерінің өзгеруі.
– Сандық өзгерістер, яғни заттың үлкеюі мен кішіреюі.
– Орын ауыстыру.

Бірінші қозғалыс түріне келер болсақ, бірдеңе дүниеге белгілі бір мүмкіндіктің іске асуы арқылы келеді. Олай болса, пайда болу дегеніміз бір нәрсенің құруына, құру басқа бір нәрсенің дүниеге келуіне әкеледі.

Қозғалыс белгілі бір кеңістікті талап етеді және уақыттың шеңберінде болады. Аристотель кеңістікті заттың алатын орны ретінде түсінеді, ол Демокриттің көзқарасына бұл мәселе бойынша қарсы келеді.

Уақыт – қозғалыстың саны. Санды есептейтін адамның жан дүниесі ғана. Олай болса, ол – жан дүниенің қасиеті ғана. Шын дүниеде тек қозғалыс қана бар.

Енді тіршілік әлеміне келер болсақ, Аристотель оған материя және форма тұрғысынан қарайды. Тірінің денесі материядан тұрса, жаны формадан тұрады. Тіршіліктің жаны оның ішкі энтелехиясын құрайды да, белгілі бір мақсатқа лайықты етіп қозғалтып дамытады.

Дүниедегі тіршілік, негізінен, үшке бөлінгеннен кейін, Аристотель жанды да үшке бөледі:

– Өсіп-өнетін жан (өсімдіктер әлеміне тән).
– Сезінетін жан (жануарлар әлеміне тән).
– Ойлайтын жан (адамдарға тән).

Адамның орны тіршілік әлемінде ерекше. Ол – ақыл-ойдың иесі. Сондықтан оның жан дүниесі, дене құрылымы да өзгеше. Ол тік жүреді, еңбек етіп, сөйлей алады т.с.с. Адам түйсіктері арқылы заттардың формасын қабылдай алады, барлық түйсіктер бір-бірімен байланысқа түсіп, затты біртұтас құбылыс ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Адам ақыл-ой арқылы сезімдік кейіптерді қабылдап, шығармашылық жолмен игереді. Олай болса, ол қабылдайтын ақыл-ойға және шығармашылық ақыл-ойға бөлінеді. Соңғыны Аристотель «әрекетті ақыл-ой» дейді. Оның қайнар көзі – «форманың формасы» – Құдайда.

Көп адамдар өмірдің мәнін ләззат алумен теңестіреді. Ол, шынына келгенде, – құлдың арманы.

Екіншілер сый-сияпатқа бөленіп, даңқты армандайды, олардың бәрі де басқа біреулердің ықпалына байланысты, бүгін бар, ертең жоқ.

Үшіншілер байлық қуып шаршайды, бұл соңғы – ең мәнсіз, – табиғатқа қайшы келетін нәрсе, өйткені байлық басқа мақсаттарға жетудің құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін, мақсат ретінде оның ешқандай мағнасы жоқ, – дейді Аристотель.

Адамның барлық іс-әрекетінің мақсаты – рақатқа жету. Адам ақыл-ойдың иесі болғаннан кейін, әрине, рақаттың ең биік түрі – дүниені ақыл-оймен шолу (theoria). Бірақ адам тірі пенде болғаннан кейін, ең алдымен өмір сүру керек, ол үшін басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуі қажет.

Әрине, кедейлік, өне бойы керекті нәрселердің жетіспеушілігі, ауру, бақытсыздық т.с.с. адамды рақаттан алыстатады. Егер бай болсаң, қалағаныңның бәрі қол астыңда болса, денсаулығың, күш-қуатың мол болса, онда өзіңді бақытты сезінесің. Бірақ ол рақатқа жақындатқанымен, оның өзі емес.

Рақатқа жетудің негізгі жолы ол – **арете** (arete – грек сөзі, ізгілік, ішкі салмақтылық). Сонымен, рақат дегеніміз – ізгілікті іс-әрекеттің нәтижесі, яғни ақыл-оймен шектелген ләззат. Олай болса, ол туа бітпеген, оған үйрену керек.

Әңгіме біржақтылықтан аулақ болып, әр нәрсе, іс-әрекет, жүріс-тұрыстың **ортаңғы жолын** табуда. Оған ақыл-оймен тоқу арқылы жетуге болады. Мысалы, кеңпейілділік – даңғойлық пен жан сауғалаудың екі ортасында; ерлік – ессіз батылдық пен қорқақтықтың ортасында; мырзалық – шашып-төгу мен сараңдықтың ортасында т.с.с. Сөйтіп, еш нәрсе «өте» болмауы керек.

Аристотель ізгіліктің екі түрін көрсетеді: біріншісі – **дианоэтикалық**, екіншісі – **этикалық**. Біріншіге жету үшін адам жақсы білім алып, оны өмірдегі тәжірибемен ұштастыруы керек. Этикалық құндылықтар әдет-ғұрып арқылы беріледі. Дианоэтикалық құндылықтарға ақыл-оймен жетсек, этикалық құндылықтарға іс-әрекет, жүріс-тұрыс арқылы жетеміз. Батыл болу үшін батыл іс-әрекеттер жасау керек, әділетті болу үшін әділеттілік жолымен жүру керек т.с.с.

Соңғы құндылық әсіресе Аристотельді қызықтырады. Оған біз де тоқтаңқырайық, өйткені бүгінгі өтпелі заманда әділеттілік деген сөзді біз тіпті ұмытып кеткен сияқтымыз, ал өткен кеңес заманында әділеттілікті саясатта адамдарды кедейліктің негізінде теңеуге әкеліп тіреген болатын.

Аристотельдің айтуынша, әділеттілік, бір жағынан, адамдарды теңеу арқылы, екінші жағынан, игіліктерді әр адамның, қоғамдағы алатын орны арқылы бөлу керектігінен шығарады.

Әділеттілік мәселесі бізді мемлекетке тікелей жеткізеді. Аристотель адамды «zoon politicon» – саяси жануар ретінде анықтайды, өйткені адам жануарлар сияқты жалғыздан-жалғыз өмір сүре алмайды. Сондықтан мемлекет – адамдардың бірігіп өмір сүруінің жолында пайда болған қажетті құбылыс.

Аристотель мемлекет мәселесін жеке меншікпен және еріктілікпен ұштастырады, құлдар мемлекеттің азаматы бола алмайды.

Егер Платон жеке меншік жойылу керек деген болса, Аристотель, керісінше, оның қажеттігін көрсетеді: «Жеке меншіктің көп пайдалылығын айтпағанның өзінде-ақ, – дейді ойшыл, – бір нәрсенің иесі болу адамға түсінбейтін ләззат сезімін әкеледі. Сонымен қатар байлықтың иесі мырза болып, қарапайым халыққа, кемтарларға көмектесіп, оларды қолдап отыруы қажет, басқа жағдайда қоғам тұрақтылығынан айырылып қалып, мемлекетке қауіп төнуі мүмкін». Соңғы мәселеге көп көңіл бөліп, ойшыл ел тұрақты болуы үшін оның негізгі халқы **орта дәрежеде** өмір сүруі керектігін айтады. XX ғасырда әлеуметтік философияда бұл «орта таптың теориясына» айналды. Арис-

тотельше ойласақ, бүгінгі таңдағы біздің қоғамның құрылымындағы орта топтың әлсіздігі, кедейлер мен байлардың айырмашылығының шектен шығуы қоғамның тұрақтылығына теріс әсерін тигізіп жатыр.

Аристотель өз заманының саяси тарихын зерттеп, мемлекеттің басқару формаларының заңды түрде алмасып отыратынын байқайды. Мемлекетте де ол форманың белсенділігін өзінің философиясына сәйкес көрсеткісі келеді.

Мемлекеттің басқару формалары билікті ұстап отырған адамдардың санына қарай бөлінеді, ал оның өзі байлықтың көлемімен тығыз байланысты. Екінші жағынан, билік басында отырған адамдардың мақсаты қандай: халықтың мүддесін, я болмаса өздерінікін қорғаумен байланыстырады.

Осы екі тұрғыдан Аристотель басқарудың үш дұрыс түрін, үш бұрыс формаларын ашады.

Дұрыс түрлері: монархия (monos – бір, arche – билік) – бір адамның билігі, аристократия (ariston – ең жақсы, асыл) – аз ақсүйектердің бірігіп басқарған билігі, полития (polis – қала) – ерікті адамдардың байлығына қарай байланысты құрылатын үкімет билігі.

Бұрыс биліктерге келер болсақ, монархия, қандай жақсы билеу түрі болса да, бірте-бірте тиранияға – бір адамның зорлығына, заңсыз басқаруына әкелуі мүмкін.

Аристократия да жүре келе бір-бірімен сыбайлас болып, қыз алысып-берісіп, халыққа қызмет етпей, олигархияға ауысуы ғажап емес.

Полития да бірте-бірте демократияға ауысып (Аристотель демократия ұғымын қазіргі мағынасынан гөрі басқаша қарайды), кез келген надан адамның кеудесін қағып, «мен басқарамын» деген пиғылын туғызып, мемлекеттің билігіне олардың келуін тудырады (қазіргі өтпелі қоғамдағы кейбір сайлаулар кезіндегі үдерістерге ұқсас).

Сонымен, Аристотельдің біршама әлеуметтік-саяси көзқарастары бүгінгі таңға дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Оның көтерген көптеген мәселелері болашақ дәуірлердегі ғалымдарға рухани азық болып, олардың шығармашылық шабытын оятты.

§ 7. Римдік-эллинистік философия

Егер Платон мен Аристотельдің шығармаларын антикалық дәуірдегі философиялық ой-пікірдің ең биік шыңына жатқызсақ, б.з.д. IV ғ. – V ғ. екі ортасындағы VIII ғасырды көне заманның философиясының бірте-бірте әлсіреп сөнуімен байланыстырамыз. Бұл VIII ғасырда неше түрлі соғыстар, құлдардың көтерілістері, ұлт-азаттық қозғалыстар – бәрі де болды. Бұл уақыт – құлдық қоғамның пісіп-жеткен сатысынан өтіп, сонымен қатар басқа даму жолын таба алмаған заман. Өндіргіш

күштер сол бұрынғы мал мен адамның күшіне негізделген, жаңа күш-қуат көздері әлі ашылған жоқ. Сондықтан биіктігі 135 м. Александрия Фаросы теңіздің жағалауында салынғанымен, оған сол бұрынғы құлдардың күші пайдаланылған болатын.

Птоломей Филопатер өз заманының ең үлкен соғыс кемесін жасады, ал оны төрт мың құл ескекпен қозғайтын. Ондай кемені қандай жерде пайдалануға болады?

Бірақ бұл заманның ғылым саласында Римде құқық теориясының іргетасы қаланып, соңында бүкіл Еуропа мемлекеттерінің қалыптасуына өзінің зор әсерін тигізеді. Осы уақытқа шейін заңгерлердің негізгі пәндерінің бірі – ол Рим құқығы.

Бұл дәуір жөнінде орыстың ұлы философы А.Ф.Лосев айтқандай: «Философияда қажу мен түңілу байқалады… Мәресіне жете алмай өшкен, бірақ болуға тиіс болса да, дегенмен болмысқа айналмаған ілімдер...». Бұл ойды римдік-эллинистік философиялық ой-пікірдің жалпы мінездемесі ретінде келтіруге болады.

Киниктер

Әрбір дағдарысқа ұшыраған әділеттілік жойылған қоғамда сондағы тәртіпке ашықтан-ашық қарсы шығатын белгілі бір философиялық саяси ойлар, я болмаса бүкіл өмір салтымен сол қоғамды айыптайтын әлеуметтік топтар пайда болады. XX ғасырдың екінші жартысында біз оларды «хиппи» қозғалысынан, «битниктерден», «кришнаиттерден» т.с.с. байқадық.

Міне, осындай дағдарысқа ұшыраған антикалық дәуірде философия мен этика саласында киниктер мектебі пайда болады. Оларды Грекиядағы сократтық мектептердің өкілдеріне жатқызады.

Олардың атын біреулер Киносарг аталатын гимназиямен теңесе, келесілері «куоп» (ит) деген сөзбен теңестіреді, өйткені осы мектептің негізін қалаған Антисфен: «Адам «ит сияқты өмір сүруі керек», – деген екен. Киниктердің тарихта аты қалған екінші тұлғасы – Диоген Синоптық.

Олардың мақсаты белгілі бір болмыс жөнінде ілім жасау емес, керісінше, жаңа өмір салтын жасап, оны сынау болды. Мысалы, Диоген теңіздің жағасында үлкен бөшкеде өмір сүреді, шалшықтан қолымен су алып ішеді, жұрттың көзінше дәрет алады; күндіз шам жағып жүреді. «Неге шам жағып жүрсіз?» – деген сұраққа: «Адам іздеп жүрмін», – деп жауап береді. Атақты Ескендір Зұлқарнайын мұндай қызық адамды көрейінші деп оған келгенде, Диоген: «Былайырақ тұршы, Күннің сәулесін жауып тұрсың ғой», – деген екен.

Киниктердің ілімі бойынша, адамның ең соңғы талғамы – ізгілік. Ал оның өзі – бақыт. Ізгілік дегеніміз – аз нәрсеге қанағат ету, зұлымдықтан аулақ жүру; ізгілікке үйренуге болады, бірақ оған білімнен гөрі ерік керек; ізгілік адамның сөзінен емес, жүріс-тұрысынан байқалады. Азға қанағат ету адамды біреулерге тәуелді болудан арылтады. Бірақ киниктердің дербестігі бүкіл мәдениет, әлеуметтік нормалар, өнер, отбасы, мемлекетті теріске шығаруға әкелді. Мұның бәрі де, әрине, сол кездегі қоғамдағы қалың бұқараның өте аянышты жағдайымен байланысты болса керек.

Киниктер жеке меншікті, әлеуметтік айырмашылықты жою керек, адам әлемнің азаматы (космополит) болуы керек деген пікір айтты.

Эпикур философиясы

Эпикур (342-270 б.ғ.д.) – Демокриттің қолдаушысы. Ол 306 ж. Афина қаласында өзінің мектебін ашты. Ол кейіннен «Эпикур бағы» деген атақ алды. Мектептің қақпасында мынандай жазу бар екен: «Жолаушы, мұнда саған жақсы болады: мұнда ләззат алу – ең биік ізгілік».

Эпикур ілімі үш құрамдас бөліктен тұрады. Ол – каноника (таным теориясы), физика (табиғат жөніндегі ілім) және этика (мораль, әдет-ғұрып).

Эпикурдың каноникасында сезімдік танымға көп көңіл бөлінген. Дүниені қабылдаудың негізінде заттардың үстіндегі жеңіл атомдардың біздің денемізге кіруі жатыр. Біздің түйсіктерімізге кіріп, олар шынайы қабылдауды туғызады, ал біздің басқа мүшелерімізге кірсе, онда неше түрлі қиялдар пайда болады. Олай болса, сезімдік таным бізді ешқашан алдамайды. Жалғандықтың қайнар көзі ақыл-ойда, тұжырымда. Өйткені ақыл-ой сезімдік танымға неше түрлі қосындылар жасайды. Ал ой дегеніміз – ол сөздердің мән-мағынасы. Сондықтан ойлауда қате жібермес үшін, сөздердің алғашқы мағынасынан таймау керек. Эпикур адамдар, жалпы алғанда, дүние және адамдардың жүріс-тұрысы, іс-әрекеттері жөнінде түсініктер жасайтынына күмән келтірмейді. Ал жеке ғылымдағы мәселелерге келер болсақ, онда әртүрлі пікірлер болуы мүмкін, тек әр адам өзінің ойын жақсы дәлелдей білуі керек.

Эпикур физикасына келер болсақ, оның негізгі қағидалары мынандай:

Еш нәрсе жоқтан пайда болып және жоққа кетпейді. Ғарыш әрқашанда осындай болған және болашақта да осындай болады, өйткені басқаға айналатын еш нәрсе жоқ.

Ғарыш денелер мен кеңістіктен тұрады, денелер жөнінде біздің сезімдеріміз айтады, ал кеңістік болмаса денелердің қозғалысы болмас

еді. Денелер бөлінбейді және тұрақты (атомдар), және солардан әртүрлі заттар құрылған.

Ғарыштың көлемі шексіз – атомдар мен денелер жағынан да; кеңістік жағынан алғанда да, Ғарыштағы дүниелердің саны шексіз.

Оқырманның байқағанындай, мұндай көзқарас Демокриттің іліміне өте жақын. Тек Эпикурдың көзқарасының айырмашылығы – атомдарға көлемі мен бітімінен тыс салмақ қосылады. Екінші негізгі Эпикурдың жасаған жаңалығы – өзінің салмағы арқылы кеңістікте құлдырап бара жатқан **атом алғашқы бағытынан ауытқып** кетеді. Олай болса, бұл Демокриттің дүниеде тек қана қажеттілік пен себеп бар деген көзқарасына үлкен соққы болды. Атомдардың ауытқуын Эпикур оның ішкі қасиеттерінен шығады деп түсіндіреді.

Эпикурдың этикасы мен теологиясы (theos – құдай, logos – ілім)

Эпикур: «Дүниені зерттеу – ол адамның негізгі мақсаты емес», – дейді. Адамның негізгі мақсаты – бақытты өмірге жету. Ал оған жету үшін адамдар ғарыштың қандай екенін, Құдайлар бар ма, әлде жоқ па, өмір мен өлім жөнінде, табиғаттағы адамның үрейін туғызатын құбылыстар жайында өздерінің түсініктерін қалыптастыруы керек. Сонда ғана адам бақытты өмірге жете алады, ал ол үшін философияны оқу керек. Ол ешқашанда ерте де емес, кеш те емес.

Эпикурдың ойынша, бақыт дегеніміз – еш нәрсеге кеселі тимеген ләззат. Ол адамның жаратылысынан, табиғатынан шығады. Адам дүниеден ләззат алуға, зардаптан қашуға тырысады. «Сондықтан біз ләззатқа жетуді бақытты өмірдің басы мен аяғы деп есептейміз», – дейді Эпикур.

Осы айтылған және де басқа ойлардың негізінде, жүре келе философияда **эпикуреизм** деген ұғым пайда болды. Бұл ұғым өмірдің мән-мағынасы ләззатты кууда, құмартуда, дүниенің барлық қызығын қамтуға тырысуда деген мағына береді. Тарихта, өкінішке қарай, ірі тұлғалардың кейбір ойлары бұрмаланып, сол тұлғалар туралы болашақ ұрпақтардың санасында қисық пікір пайда болады.

Мәселенің шынына келсек, Эпикур ләззат алу ұғымын тіпті басқаша түсінді. Егер адамның табиғи қажеттіліктері өтелсе (ішетін тамағы, киетін жылы киімі, ауасы жететін жылы баспанасы болса), онда адам өзінің табиғи дарындарын сыртқа шығарып, шығармашылық дәрежесіне көтеріліп, өзін нағыз бақытты адаммын деп сезінеді. Эпикурдың мектебіне оқуға келген адамды алғаш рет қарсы алғанда, оның аяқ-қолын таза сумен шайып, содан кейін бір шелпек нан мен бұлақтың суын беріп: «Ал енді өзіңізді бақытты сезініңіз», – дейді екен.

Эпикур ләззаттың өзін дұрыс түсінуге шақырады, өйткені адамның қажеттіліктерін табиғи және жасандыға бөлуге болады. Ал соңғылардың біршамасы тіпті керек те емес. Олардың анықтаушысы – адамның ақыл-ойы, әділеттілік және адамгершілік сезімдері.

Ләззат алудың соңғы мақсаты – ол дененің зардабы мен жан дүниесінің қобалжуынан аулақ болу. Оны ол кісі **атараксия** (ataraxia – грек сөзі, қобалжымау) деген ұғыммен береді. Егер адам тыныш өмірге ұмтылса, жан дүниесі тұрақты болса, дене ауруы болмаса, болашақ зардаптан, өлімнен қорықпаса, онда оның ішкі рухани өмірінің бақыты арта түседі. Жай бір тынық жерде, жолдастарыңның арасында, мемлекеттің жұмысына араласпай, өзіңмен-өзің болып өмір сүрсең, сен бақытқа жетесің. Эпикурдың жақсы көретін нақыл сөзі – «Lathe biosas» – **байқалмай өмір сүр**.

Эпикур материалистік көзқараста болғанмен, Құдайлардың бар екенін мойындады. «Бірақ Құдайлар ғарыштағы дүниелердің ортасында өздерімен-өздері өмірден ләззат алып өмір сүріп жатыр, олардың адамдарға еш қатысы жоқ. Егер олар адамдардың ісіне қатысса, онда олардың рақатқа толы өмірі тоқталар еді», – дейді Эпикур.

Ал адамға келер болсақ, онда оның денесі мен жан дүниесі атомдардан құралғаннан кейін, ол өлгенде, оның жанын құрайтын жеңіл атомдар да тарап кетеді, яғни жан да келмеске кетеді. Ол – табиғи нәрсе, сондықтан одан қорықпау керек.

«Өлім мәселесіне келер болсақ, оның бізге ешқандай қатысы жоқ, біз бұл дүниеде болсақ, онда өлім әлі жоқ, ал өлім келген кезде, біз жоқпыз», – дейді ойшыл.

Қорыта келе, Эпикурдың философиясы, әсіресе моральдық ой-пікірлері өз заманындағы рухани өмірге және содан кейінгі ұрпақтарға өзінің зор әсерін тигізді.

Стоицизм (Стоя) философиясы

Стоя философиясын (stoa – Афина қаласындағы философтардың жиналатын ғимараты) б.ғ.д. 300 ж. Китионнан шыққан Зенон деген ойшыл қалаған. Ол мектеп 500 жылдай уақыт өмір сүрген. Оны Көне Стоя (3-2 ғ.ғ.), Орта Стоя (2-1 ғ.ғ.), Соңғы Стоя (1-2 ғ.ғ.) деп үш уақытқа бөледі. Көне және Орта Стоя мектебінің өкілдерінің толық бір шығармалары қалмаған. Көбінесе Стоя философиясында этика мәселелеріне көбірек назар аударылған.

Зенон өзінің философиясында бүкіләлемдік мемлекет (космополис) жайында ілім жасаған. Бұл мемлекетте толық теңдік орнаған: еріктелер мен құлдар, байлар мен кедейлер, еркектер мен әйелдер – барлығы тең

құқылы. Бұл елде тек даналық сатысына жеткен адамдар өмір сүреді. Олар табиғат заңына сәйкес өмір салтын ұстайды.

Алайда табиғатқа сәйкес өмір сүру ол өмірдегі материалдық құндылықтарды кеңінен пайдалану, қазіргі замандағы сияқты жаңа қажеттіліктерді тудыру және оларды өтеу жолдарын іздеу емес, керісінше, адамды қоршаған сыртқы дүниеге тәуелсіз өмір сүру; егер біздің жануарлар әлемінен негізгі айырмашылығымыз ақыл-ойда, саналылығымызда болса, онда ақыл-ойдың, ар-ұжданның басшылығымен өмір сүру – ол нағыз табиғатқа сәйкес өмір сүру болады.

Әрине, бұл ойлардың бары, шамасы, үлкен қалалардың тез өсуін, рухани өмірдің тайызданып, азғындауын, тәтті өмірге деген көпшіліктің ұмтылысын сол кездегі ойшылдардың жаратпағандығынан туса керек.

Олай болса, сыртқы дүниеде қандай төңкерістер жүріп жатса да, сені тағдыр қандай тәлкекке салса да, ақыл-ойға негізделген адамгершілік жолдан таймауың керек. Сыртқы дүниеге қызығу, оған құмарту әртүрлі зұлымдықтарды тудырады. Стоиктер Аристотельдің «ортаңғы жолын» қатты сынға алады. Ақыл-ойдың, зерденің шын қызметі екі қарама-қарсы жатқан құмартудың арасындағы ортаңғы жолды табу емес, олай болса, ақыл-ой әлі де өмірге деген құмартудан толық арылған жоқ. Сондықтан адамның негізгі мақсаты – құмартудан құтылу, еріктік алу, самарқаулық (apatia – самарқаулық) дәрежеге жету. Соңғы стоиктер оны даналық – София дейді.

Байлықты аңсап, соның соңына түскен адам бақытсыз, өйткені ол өз-өзіне зардап әкеледі, ол жаман адам, өйткені ізгіліксіз; ол ақымақ адам, өйткені ақылсыз. Стоиктердің айтуынша, мұндай адамдар халықтың көпшілігін құрайды.

Адамдардың бір-бірінен сыртқы әлеуметтік айырмашылығы: надандықтан шыққаннан кейін, оған тіпті мән беріп, я болмаса оған қарсы күреске шақыру – керек емес нәрсе. Оған, дұрысы, көңіл аудармау керек.

Сондықтан тағдырға көніп, ешқандай іңкәрлік жолына түспеу қажет, өйткені ол адамның жан дүниесін түтіндетуі мүмкін.

Бірақ адамның өзіне қарамастан, сыртқы қолайсыз жағдай адамның жан дүниесінің тыныштығын бұзып, өне бойы зардап әкеле берсе, ондағы ең жақсы жол – адамның өзін-өзі өлтіріп, бұл дүниеден кетуі.

Өздерінің натур-философиясында стоиктер Гераклиттің көзқарасына жақын болған. Дүние шығармашылық алғашқы оттан пайда болып, уақыты өткеннен кейін, лаулаған дүниежүзілік отта жанып кетеді. Содан кейін тағы да дүние басқа түрде келіп, тағы да жанып кетеді, ол – мәңгілік алмасу. Құдай табиғаттың барлық жақтарынан өтеді, сіңеді. Сонымен қатар ол бүкіл әлемді басқарады және барлық бола-

тын жер бетіндегі оқиғаларды біліп отырады. Мұндай көзқарас адам өмірінде фаталистік (fatum – лат. сөзі, тағдырға сену) көзқарасты туды-рады.

Скептицизм

Антикалық философияның соңғы сатысындағы тағы бір ағым – ол **скептицизм** (skeptikos – ізденуші, зерттеуші). Олар өздерінің аты ізденуші болса да, барлық дүние жөніндегі білім, заңдылықтардың ақиқаттылығын теріске шығарады, бәріне күмәнданады. Скептицизмге қарсы тұрған ілім – ол догматизм (dogma – ілім), ғылымда ашылған белгілі теорияларды өзгермейтін, абсолютті ретінде қарау.

Егер скептицизм ағымын осы сөздің мағынасы арқылы түсінгіміз келсе, онда бүкіл философияны осы ағымға жатқызуға болады, өйткені бұл пәннің саласында бірде-бір бүкіл ғылым қауымы мойындаған ақиқат жоқ. Әртүрлі философиялық ағымдар дүниенің ең жалпы сұрақтарына өзінше жауап береді. Философиялық дүниетаным өте күрделі де қиын, болмыс әлі көп құпияларын өзінің бойында сақтап жатыр, әрбір ұрпақ үлкен ізденіс пен толғау арқылы өзінің дүниетанымын тереңдете түседі…

Ал бірақ танымның қиындығын скептицизммен теңеуге болмайды. Скептицизм барлық дүниетанымға күмәндануды, танымның ақиқатқа жетуге болатынын теріске шығарған кезде ғана дүниеге келеді.

Скептицизмнің түп-тамыры Софистика мектебіне кетеді. Прота-горды еске түсірейік. «Әр зат жөнінде кемінде екі қарама-қарсы пікір айтуға болады», – дейді ол кісі. Ал мұның өзі скептицизмге жол ашады.

Қазіргі таным теориясындағы қайсыбір білімнің салыстырмалы екендігі де белгілі бір жағдайда скептицизмге әкелуі мүмкін.

Скептицизм бағытының ірі тұлғасы – **Пиррон** (360-370 б.ғ.д.).

Пиррон жазылған еш нәрсе қалдырмаса керек. Ол өзінің ойларын оқушыларына әңгіме етіп жеткізіп отырған. Ол еш нәрсені сұлу, не түрсіз деп, әділетті, не болмаса әділетсіз деп айтпаған. Оның ойынша, ақиқат жоқ, ал адамдар тек қана әдет-ғұрып арқылы өмір сүреді. Зат-тар сезіммен де, ақыл-оймен де танылмайды, сондықтан олар жөніндегі қандай пікір болса да, ақиқатқа жеткізбейді. Пиррон өзінің осы пікірлерін дәлелдеу үшін былай дейді:

«Еш нәрсені заттарға қатысты айтуға болмайды, өйткені олар әртүрлі тіршіліктердің бір-біріне ұқсамайтын түйсіктерін тудырады: біреулеріне ол зат пайдалы, екіншілеріне зиянды; әртүрлі адамдар да заттардан әртүрлі әсер алады. Белгілі бір нәрсе адамның әртүрлі түйсіктерінде әртүрлі қабылданады (Күннің сәулесі көзге жарық болып,

денеге жылылық әсерін тигізеді). Адам өзінің жан дүниесінде әртүрлі жағдайда белгілі бір затты әртүрлі қабылдайды. Заттар әрқилы басқа құбылыстармен бірге қабылданады да, әр жағдайда әртүрлі болып көрінеді; белгілі бір тұжырымға қарсы екінші бір пікірді айтуға болады және олардың біреуі екіншісінен гөрі ақиқатқа жақын деп айту қиын. Сондықтан дүние жөніндегі ақиқат тек Құдайдың қолында».

Олай болса, адам еш нәрсенің ақиқатын білмегеннен кейін, олар жөнінде ешқандай тұжырым жасаудан аулақ болуы керек.

Пиррон туралы мынандай аңыз қалған. Кememен теңізде жүзіп келе жатқанда үлкен толқындар пайда болып, адамдардың көңіл күйі түсіп кетеді. Бірақ Пиррон айналаға самарқау қарап, адамдарға кемеде тамақ күйсеп жатқан торайды көрсетіп: «Неге қорқасыңдар, осы торай сияқты еш нәрсеге алаңдамай, өздеріңді дана адамға ұқсас сияқты ұстамайсыңдар ма?» – деген екен.

Атақты орыс философы А.С.Богомолов: «Скептицизм адамдық дәрежеге сай емес, одан төмен тұрған ілім», – деген пікір айтады. Өйткені қауіп туғандағы қорқыныш сезімі адамдыққа лайықты болмағанмен, қорыққан адам ең болмаса өзінің өміріне кауіп төніп тұрғанын біледі. Ал нағыз адамдық нәрсе – ол содан кейін барлық күш-жігерін жинап, сол қауіпке қарсы тұру, осы күресте барлық өмірдегі алған тәжрибесін, білімін жұмсау болса керек. Богомоловтың бұл пікіріне толық қосылуға болады.

Сонымен, скептицизммен антикалық философия аяқталады. Грек философиясында ең алдымен оптимистік дүниетаным пайда болды. «Білемін және соған сәйкес әрекет етемін» деген қағида – көне гректердің ең биік мұраты. Эпикурлықтар: «Білемін, сондықтан бас тартамын», – деді. «Білемін және оған көнемін», – деп стоиктер айтты. Ал скептиктер: «Білмеймін, сондықтан қалай болса солай өмір сүремін», – деп, көне грек ой-пікірін аяқтады. Ал мұның өзі Көне заманның (құлиеленушілік қоғамның) тарихи мүмкіншілігінің сарқылғанын, жаңа ой-өрісіне өрлеу керектігін қажет етті.

Бұл жаңа талапқа сай келген Орта ғасырларда пайда болған тамаша философия діннің шеңберінде пайда болған сенім философиясы еді. Келесі тарауда соны талдауға көшеміз.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Философияның дүниеге келуінің қандай себептерін айтар едіңіз?
2. «Кіндікті уақыттың» ерекшелігі неде?
3. Даоның екі мән-мағынасын көрсетіңіз.
4. Қытай философиясындағы болмыс пен бейболмыстың арақатынасы қандай?
5. Даоны сезімдік жолмен танып-білуге бола ма?

6. Даосизмнің этикалық-саяси көзқарастарының ерекшеліктері қандай?
7. Конфуцийдің «алтын ережесін» есіңізге түсіріңіз.
8. Конфуцийдің «бес тұрақтылығын» атаңыз.
9. «Цзюн цзы» (ізгі адам) мен «Сяо-жень» (надан адам) айырмашылығы неде?
10. «Фа-цзя» мектебі адамның табиғатын қалайша түсінеді?
11. Үнді мифологиясындағы «Сансара», «Карма», «Мокша» ұғымдарының мағынасын көрсетіңіз.
12. Джайнизм ілімінде адам кімді жеңуі керек?
13. Буддизм деген ұғымның мәні неде?
14. Нирванаға қалай жетуге болады?
15. Үнді философиясындағы материалистік көзқарастардың ерекшеліктері неде?
16. Грек мифологиясындағы Құдайлардың атын айтыңыз.
17. Гректің «Жеті данасының» қандай нақыл сөздері есіңізде қалды?
18. Парменидтің «Болмыс» дәлелдемесін көрсетіңіз.
19. Демокрит дүниедегі қажеттілік пен себептікті неден шығарады?
20. Софистиканың бетбұрысын қандай философиядағы мәселеге теңеуге болады?
21. Сократтың «ирония» мен «майевтикасын» қалай түсінесіз?
22. Платонның «идеялар әлемі» дегеніміз не?
23. Платон неге жеке меншікке қарсы?
24. Аристотельдің «Платон маған қымбат, бірақ ақиқат одан да қымбат» деген сөзін қалай түсінесіз?
25. Аристотельдің материя және форма ұғымдарын қалай түсінесіз?
26. Киниктердің көзқарасы қандай болды?
27. Эпикуреизм деп этика саласында нені айтамыз?
28. Скептицизмнің көрнекті өкілі кім?

Рефераттар тақырыбы

1. Қытай философиясының негізгі ерекшеліктері.
2. Даосизмдегі диалектикалық көзқарастар.
3. Қытайдағы бүгінгі реформалар мен конфуцийлік идеологияның байланысы.
4. «Фа-цзя» мектебі мен XX ғасырдағы тоталитарлық мемлекеттер (тарихи салыстыру).
5. Үнді мифологияларындағы негізгі түсініктер.
6. Буддизм – үнді философиясы.
7. Грек натур-философиясы.
8. Платонның философиялық көзқарастары.

9. Аристотельдің онтологиялық ілімі.
10. Адам дүниенің өлшемі бола ала ма (Протагормен сұхбаттасу).
11. Демокриттің атомистік көзқарасы.
12. Стоя философиясы.

Ойланыңыз:

Ешқашанда бұл дүниеде өшпенділік өшпенділікпен жойылған жоқ; тек қана өшпенділіктің жоғы оны тоқтатады. Бұл – мәңгілік дхамма. Бұл Будданың сөзін қалай бағалайсыз?

Жау жауға не істесе де, жалған бағытпен жіберілген ой одан да жаман істейді.

Даосизмнің диалектикалық идеялары: барлық дүние болмыстан туады. Болмыс бейболмыстан туады. Бірдеңені әлсірету үшін ең алдымен оны күшейту керек. Бірдеңені құрту үшін ең алдымен оны гүлдету керек. Біреуден бірдемені алу үшін оған ең алдымен беру керек; бақытсыздықта бақыт жатыр. Бақытта бақытсыздық бар. Кім оның шекарасын біледі?

Аспанның тілегі – адамдар бірін-бірі сүюге тиіс және бір-біріне пайда әкелулері керек (Мо-Цзы).

Аспан қарапайым адамдарды елбасы үшін тудырмайды, ол елбасын таққа қарапайым адамдар үшін отырғызады (Сюнь-Цзы).

Бейболмыстың өмір сүруі ешқашанда дәлелденбейді. Ой елегін бұл жолменен жүргізбе (Парменид).

Сүйіспеншіліктің тартуымен бәрі де жиналады; қастық олардың бәрін кері тартады (Эмпедокл). Философия таңғалудан басталады (Аристотель).

Күн, Ай және барлық жұлдыздар – жанып жатқан тастар (Анаксагор).

Бір заттың себебін табу – маған парсы тағынан қымбат (Демокрит).

Қандай тәлкекке түссең де, олардың бәрі ғасырлар бойы анықталған. Себептердің байланысы басынан бастап сені сол оқиғалармен байлады (Марк Аврелий).

Менің білетінім – ештеңені білмейтінім (Сократ).

Уақыт – өзінің істегендерін қарап отырған мәңгілік (Платон).

III тарау. Орта ғасырлар мәдениеті аясындағы философия

§ 1. Ортағасырлық философияның ерекшеліктері

Тарихшылар Орта ғасырларға Көне Рим империясының құлауынан бастап, Қайта Өрлеу (Ренессанс) заманына дейінгі (V ғасырдан XIV ғасырға дейін) уақытты жатқызады. Яғни бұл заман – құлиеленушілік қоғамның дүниеден кетіп, оның орнына феодалдық қоғамның келіп өмір сүрген уақыты. Демек, оның негізі – белгілі өндіріс тәсілінің орнауында.

Философтар бұл мәселеге біршама басқаша қарайды. Олардың ойынша, Орта ғасырлар Еуропа топырағына христиан дінінің пайда болуымен бірге келіп, Қайта Өрлеу заманына дейін созылды. Ал мұның өзі бірқұдайлыққа (монотеизм) көшуменен, философияда адам және Құдай мәселелерінің бірінші орынға көтерілуімен байланысты.

Сөйтіп, тарихшылар Орта ғасырларды 1 миллениумға (мыңжылдық) теңесе, философтар оны 1.5 мың жылғы уақытқа дейін созады.

Көп жылдар бойы Орта ғасырларға көп көңіл бөлінбей, оны бірекі ауыз сөзбен айтып өтіп, ары қарай кете беретінбіз. Орта ғасырлар тарихтағы бір кертартпалық, діни түнек, бір орында тұрып қалу, алға жылжымау, ғылым мен техниканың алға баспауы, адамдардың рухани езіліске түсуі, ерікті ойдың қудалануы, өндіргіш күштердің тұралап қалуы ретінде суреттелген болатын.

Мұның негізгі себебі – Кеңес заманындағы Орта ғасырларды атеистік (құдайсыздық) идеологиясының тұрғысынан сынау, бағалау болды.

Бүгінгі таңда біз Орта ғасырлар дәуіріне қызыға қарап жатырмыз. Әңгімені өндіргіш күштерден бастасақ, әрине, құлдық қоғаммен салыстырғанда, бұл заманда үлкен алға жылжу байқалады. Шаруалар байларға тіркелгенмен, олардың өздерінің отбасы, малы, жері болды. Олар жартылай ғана тәуелді адамдар еді.

Ғылым мен техникада да белгілі жаңалықтар орын алды. VI ғасырда Қытайда фарфор өндірісі дами бастады. Бұл елде 1041 ж. алғашқы баспа дүниеге келіп, кітаптар басылып, шараптан спирт шығарыла бастады.

1010 жылы Солернода (Италия) алғашқы медициналық мектеп ашылды. XII ғ. ауыр соқамен жер жырту басталды, компас дүниеге келді.

1215 ж. Париж университетінің жарғысы жарияланып, 1222 жылы Падуя (Италия) қаласында университет ашылды (салыстыр: Ресейде – 1725 ж., Қазақстанда – 1934ж.). XIII ғ. аяғында көзілдіріктер істеле

бастады. Осы кезде механикалық сағаттар жасау қолға алынды. 1320 жылы күкіртпен атылатын зеңбіректер пайда болды. Бұлардың барлығы қоғам өмірінде алға жылжудың болғанын көрсетеді.

Ал Ортағасырдағы рухани ахуалға келетін болсақ, ондағы ғажап өзгеріс – адам өзінің ішкі жан дүниесінде **рухты тауып**, өзінің Құдаймен байланысты пенде екенін аңғарады. Мұның өзі философияның жаңа түрінің пайда болуына әкелді. Ол – **сенім шеңберіндегі философия**, рух саласын зерттеу философиясы.

Еуропа топырағында бұл заманда дүниеге келген философия, негізінен, діни көзқарасқа жақын, екінші жағынан, адам тағдыры, ел қандай болуға тиіс т.с.с. мәселелерді қамтыды.

Бұл жаңа рухани ахуалдың бірінші ерекшелігі – **монотеистік** (біркұдайлық) көзқарастың негізін жасау. Ертедегі гректер Құдай біреу ме, әлде көп пе деген ой шеңберінде болды. Аристотель аспандағы жұлдыздарды құдайлықпен теңеп, ал Плотин ғарышты «Көрінген Құдай» деп есептесе, енді бірде Құдайдан басқа еш нәрсе жоқтығы айтылды.

Екінші ерекшелігі – **креационизм** (creatura – лат. сөзі, жасау, жарату). Бұл – дүниені жоқтан бар қылып жасаған Құдайды мойындау. Грек философиясында дүние әртүрлі стихияның қосындысы ретінде, я болмаса Платонның Демиург туралы ілімі, Аристотельдің «Мәңгілік қозғалтқышы» аркылы түсіндірілсе, Ортағасырда дүние мен адам Құдайдың құдіретті күші арқылы жаратылды деген пікірден таймайды.

Үшінші ерекшелік – **Антропоцентризм** (antropos – адам, centrum – орталық). Грек философиясының негізгі мәселесі – ғылым. Адам мен ғылым бір-біріне қарсы қойылмайды, ғарыш макрокосм болса, адам – микрокосм. Адамды қаншалықты дарыптеп биікке қойғанмен, ол ғарыштың шеңберінен шықпайды. Аристотельдің айтуынша, «адамнан да гөрі анағұрлым жетілген заттар табиғатта көп, оларды көруге болады: мысалы ғарыштағы жұлдыздар». Басқаша көзқарас Ортағасырда пайда болды. Ол бойынша адамды еш нәрсемен салыстыруға болмайды, өйткені оны Құдай өзіне ұқсас қылып, ерекше басқадан бөліп жасады. Олай болса, ол – жаратылған дүниенің қожайыны, бәрінен де биік тұр. Сонымен қатар оның Құдай алдындағы ерекше пенде екендігі оған үлкен жүк артады: ол әрқашанда өзінің ар-ұжданын, жан дүниесін таза ұстауға тырысуы керек.

Төртінші ерекшелік – **Құдайдың еркіне көну мәселесі.**

Егер грек философиясында табиғат (физис) заңы деген ұғым пайда болса, оған адам да, құдайлар да көнуі керек. Өйткені оны ешкім жасаған жоқ, ол мәңгілік болса, Ортағасырда, керісінше, адамға заңды беретін – Құдай, адам оның еркіне көнуі (ешқандай қарсылықсыз) қажет. Ал Құдайдың еркіне көнбеуден жаман күнә жоқ.

Иса пайғамбардың өзі Құдайдың еркіне көніп, талай-талай зардаптан өтіп өлді. Олай болса, адам да өзінің Құдайға деген сүйіспеншілігін көрсетіп, Иса пайғамбар жасап кеткен жолмен жүруі керек.

Бесінші ерекшелік – **Құдайдың құдіретті көрегендігі.** Егер гректер тағдырға (фатум) табынса, ал оның өзі табиғаттың қажеттілігінен шығатын болса, Құдай өзі жаратқан бүкіл Әлемді басқарып қоймай, ондағы әрбір адамның – күнәлі, кемтар, данышпан болса да, жүріс-тұрысын, іс-әрекетін бағалап отырады. Оған сенген адамға: «сұраса – беріледі, іздесе – табылады, қақса – ашылады».

Алғашқы тектік күнә, оның салдары және одан құтылу – алтыншы ерекшелік. Алғашқы адам Құдайдың айтқан изгілік пен жамандықты танитын ағаштың жемістерін алмау жөніндегі ескертуін тыңдамады. Ол адамның тәкаппарлығында, өзімшілігінде, ешқандай шектеуді жаратпауында, өзінің Құдай болғысы келуінде. Керісінше, адам шайтанның: «Сендер алманың дәмін татқан кездеріңде Құдай сияқты изгілік пен жамандықты білетін боласыңдар», – деген ақылын тыңдап, күнәға батып, жердегі жұмақтан қуылды. Құдай оларды жамандық, зардап өлімге толы дүниеге өзінен алыстатып қоя берді. Адамның жасаған күнәсі бүкіл адамзаттың күнәсіна айналды, сонымен «өлім адам тағдырының үстінен өтеді, өйткені бәрі де күнәкар» (елші Пауыл).

Сонымен, алғашқы тектік күнә жеке адамды, ол қалай тырысса да, өзінің шегінен шығармайды, одан құтылу үшін Құдайдың қолдауы керек; бұл рухани жаңа көзқарас грек ой-пікірінен қанша алшақ тұр десеңізші! Грек философиясында күнә ұғымы бар болғанымен, оның мәні жөнінде сұрақ әлі қойылмаған болатын, сонымен қатар олар жандүние өлген адамнан тірі адамға көшкен көзде жаңарып отыратынына сенген, ал философтарды алатын болсақ, олар дүниетаным арқылы өздерінің ақыл-ойының арқасында жан дүниесін тазарта алатынына күмән келтірмеген. Ал Ортағасырдың адамы Құдайдың қолдауынсыз күнәкарлық шеңберінен шыға алмайтынына сенеді.

Жетінші ерекшелік – **Рухани сенімнің дүниеге келуі.** Гректердің ойынша, сенім сезімдік танымнан шығады, ал сезіммен қабылданатынның барлығы – жалған, өтпелі, өзгергіш, сондықтан олар ақыл-ой (episteme) арқылы дүниені тануға, игеруге көп көңіл бөлді. Орта ғасырдағы ахуал ақыл-ойды шектейді, ғылымның ар жағында сенімнің бар екендігін мойындайды. Сөйтіп, адамның үшінші өлшемі ашылады: егер гректер адамды тек дене және жан-дүние деп алып қараса, қазір оған рухани сенім қосылып, **«дене-жан-рух»** адамның үш құрамды бөлігіне айналады.

Сегізінші ерекшелік – **Құдайдың сүйіспеншілігі.**

Егер гректердің эросы адамды жетілдіруге ұмтылдыратын күш, сезімдік құдіретті әлеммен байланыстырушы ретінде қаралған болса,

Ортағасырдағы діни түсінік бойынша, сүйіспеншілік («агапэ») адамның жоғарғы игілікке ұмтылысы емес, ол – Құдайдың адамдарға түсуі. Ол адамдарға берілген сый және қайырымды талап етпейді.

Егер гректердің ойынша сүйетін – адам болса, жаңа рухани ахуалда – ол Құдай, оның сүйіспеншілігі – риясыз, ол күштіні де, әлсізді де, кемтарды да – барлығын сүйеді... Сондықтан адамдар Құдайға еліктеп, бірін-бірі сүюлері керек. Кімнің сүюге қабілеті жоқ, ол әлі Құдайды танығаң жоқ, өйткені Құдай дегеніміз – сүйіспеншілік. Христиан діні жақыныңды, алысыңды сүйіп қана қоймай, сонымен бірге жауыңды да сүй деп, адамның мүмкіншілігінің шеңберінен шығып кететін талап қояды.

Адамзат тарихының жаңа мән-мағынасы – соңғы ерекшеліктердің бірі.

Гректердің ойынша, тарих ғарыштың тағдырымен тығыз байланысты. Ғарыш оттан пайда болып, дүниежүзілік өртте құриды да, тағы жаңа дүние келеді. Ол тағы да өртте құрып, тағы да жаңарады.

Ал жаңа дүниеге келген көзқарастың шеңберінде тарих қайталанбайды, ол өзінің соңына бара жатыр. Уақыттың соңы онымен қатар жаратылған дүниенің сарқылуымен тең. Соңғы сот – Құдайдың патшалығының толыққанды келуіне тең.

Ортағасырдағы алғашқы діни философтар

Александриядан шыққан **Филон** (I ғасырда өмір сүрген) грек философиясындағы кейбір ұғымдарды христиан дінінде пайдаланып, христиандық діни философияның негізін қалайды.

Филонның айтуынша, Библияны екі түрде оқуға болады: бірінші – ондағы жазылғанды тікелей түсіну; екінші – ондағы сөздермен көмкерілген астыртын жатқан метафизикалық, моральдық, рухани мәнмағынаны ашу.

Ол ақиқаттарға жету үшін адам жан дүниесі ерекше жағдайда болуы керек. Филон грек философиясына беймәлім «Жарату» ұғымын кіргізеді. Құдай дүниені жоқтан жаратты. Бірақ материалдық дүниеден ерте ол «интеллигибелдік дүниені», яғни «идеялар әлемін» тудырды. Оны ол гректердің «Логос» ұғымы арқылы береді. Сөйтіп, Логос – Құдайдың ойы, сөзі, сол арқылы дүние өмірге келеді.

Филонның айтуынша, Құдайдың екі әлеуеті бар: біріншісі – жаратушылық, екіншісі – басқарушылық (жаратылған дүниені).

Адам мәселесін де Филон жаңаша көзбен қарайды. Ол адамның хайуандық жағы – дене; 2 – жан, ақыл-ой; 3 – рух – Құдайдан пайда болған. Олай болса, адамның жаны табиғаттан шыққаннан кейін құрып

кетуі де ғажап емес. Бірақ ол рухпен бірге өмір сүрсе, онда өлместік дәрежесіне көтерілуі мүмкін.

Сондықтан адам ғарышты танудан гөрі, ең алдымен өзінің ішкі өмірін тануға тырысуы керек. Адам өзін танып-біліп, сыртқа серпіліс жасаған кезде, өзінің толығынан бишара екендігін мойындайды. Тек қана өзінің пенделілігінен өтіп, жаратылмаған мәңгілік Құдаймен байланысқа түссе ғана масайрайды.

Гностиктер ілімі

«Гносис» деген грек сөзі «тану-білу» мағынасын береді. Алайда бұл сөзбен біздің дәуірдің басында өмір сүрген, ақыл-оймен танудан гөрі, мистикалық, (құпия) жолмен дүниенің сырын ашуға болатынына сенген діни сектаны айтамыз.

Гностикалық ағым Құдайды және адамды құтқаруға арналған. Оған мынандай сұрақтар кіреді:

1. Біз кім едік, енді не болдық?
2. Біз қайда болып едік, енді қайда қуылдық?
3. Енді қайда болғымыз, неден құтылғымыз келеді?
4. Туу және қайта туу дегеніміз не?

Гностикалық тәжірибеде қамығу мен алаңдау арқылы сананың астары ашылып, сонда игілік пен зұлымдықтың бір-бірімен ымыраласпайтыны анықталады. Адам өзінің табиғаты бойынша игілікке жаратылған. Өйткені ол зұлымдықтан зардап шегеді, одан аулақ жүргісі келеді. Ал бұның өзі адамның басқа дүниеден шыққанын және сол дүниеге қайтып оралуы керек екенін көрсетеді.

Ол үшін адам өз-өзін терең танып-білуі керек. Бұл қайта оралуда Құтқарушы – Иса пайғамбар көмектеседі.

Гностиктер адамдарды үшке бөледі:

1. пневматикалық адамдар, олардың рухы басым; (pnevma – грек сөзі, алғашқыда – тыныс, соңында – рух);
2. психикалық адамдар, олардың жаны – псюхе басым (psyche – грек сөзі, жан);
3. гиликалық адамдар (gile – грек сөзі, материя, зат) дене қажеттіктері басым.

Соңғылар өмірін өліммен бітіреді, біріншілер құтқарылады; екіншілер біріншілердің жолын қуса, құтқарылуы мүмкін, бірақ үшіншілердің ізімен жүрсе, дүниеден мәңгі кетеді.

Гносиктердің айтуынша, бұл дүние зұлымдыққа толы, сондықтан оны Құдай жаратқан жоқ. Оны жаратқан – Құдайға қарсы, арам пиғылды Демиург.

Олар гностикалық ілім – Иса Мәсіхтің өзінің ең жақын оқушыларына ашқан аяны, ол «Ізгі Хабардан» (Евангелие) бөлек деген пікір айтқан.

Әрине, мұндай гностикалық көзқарастар әлі христиан дінінің философиясы күш ала алмай, сонымен қатар ескі грек ілімдері, рухы әлі біршама өзінің рухани өмірге әсерін тигізіп жатқан кезде пайда болса керек.

Неоплатонизм (жаңа платонизм) ілімі

Осы кезде пайда болған жаңа ілім – неоплатонизм платонизмнің іліміне жаңа тыныс беріп, «идеялар әлемі» мен «жердегі әлемді», **«Эманация»** (emanatio – лат. сөзі-тасу, ағу, тарау) ұғымы арқылы қосты. Ілімнің негізін қалаған – Плотин. Сатылы болмыстың ең биігінде Бір игілік ұғымы жатыр, оны ақыл-ой елегінен өткізуге болмайды, оған тек құдіретті **экстаз** (extasis – грек сөзі, ерекше буырқану сатысына жетіп ақыл-ой елегінен тыс тікелей аңғару) жолымен ғана жетуге болады.

Бір игілік соншалықты жетілгендігінен арнасынан шығып, шалқып-тасып, эманациялайды (ағады). Сол себептен дүниеге таза болмыс – ақыл (нус) әлемі келеді. Ол да шеңберінен шығып, жан-дүние (псюхе) әлемін тудырады.

Плотиннің жүйесінде дүниежүзілік ақыл-ой Платонның «идеялар әлеміне» тең келеді.

Жанға келер болсақ, дүниежүзілік ақыл-ой соншалықты жетілген әлем болғаннан кейін, басқаны тудырмай қоймайды, ол жан әлемін дүниеге әкеледі.

Ал жанның өзі барлық тіршілікті дүниеге әкеледі, жердегі, судағы, аспандағы ма – бәрі дүниежүзілік жанның туындылары. Аспан пен күнді де тудырған – сол жан. Сөйтіп, жан-дүние материяны жарып өтіп, оған мән-мағына, құндық, әсемдік береді. «Жан-дүниесіз материя – күңгірт тұңғиық, өлі, мүлде бейболмыс, одан Құдайлардың өздері де қорқады», – дейді Плотин.

Қорыта келе, біз неоплатонизм ағымының философиялық ой елегінен гөрі, діни шеңберіне қарай жылжып бара жатқанын байқаймыз. Эманация жөніндегі ой-пікір – осы дінге қарай қозғалыстың айғағы.

§ 2. Патристикалық философия. Киелі Августиннің ілімі

Патристикалық философияның негізгі мақсаты христиан дінінің қағидаларын белгілі бір жүйеге келтіріп, оған философиялық тірек жасауда болды. Ертедегі грек философиясындағы ерікті ой елегі патристикада аян идеясына келіп тіреледі. Яғни философияның мақсаты

Киелі кітаптың негізгі қағидаларын терең түсіндіру мәселелеріне келіп тіреледі.

Патристикадағы болмыс мәселелері Құдайдың төнірегінде қаралады. Патристика бірқұдайлықты (**монотеизмді)** қорғайды, көне замандағы көпқұдайлыққа қарсы шығады.

Құдай идеясы патристикада, бір жағынан, толық игілік, әділеттілік, құдіреттілік тұрғысынан қаралса, екінші жағынан, ол абсолютті болғаннан кейін, оның ешқандай қасиетін сипаттауға болмайды, ешқандай анықтама берілмейді, өйткені Құдай – бұл болмыстың ар жағында. Бұл дүние – жаратылған, сондықтан Жаратушыдан анағұрлым төменде; материя жаратылған нәрсе болғаннан кейін, оның шырмауынан құтылуға болады.

Сонымен қатар бұл дүниені Құдай мақсатқа лайықты әсем, игі етіп жаратты.

Патристикалық философияның терең түп-тамыры **мистикаға** кетеді. Мысалы, христиан дінінің «дүниені жоқтан жарату», үштік қағидасы – қарапайым сананың да, теориялық ойлаудың да шеңберінен шыққан түсініксіз мистикалық нәрсе. Сондықтан Тертуллианның «credo, quia absurdum est» (сенемін, өйткені ақыл-ойға сыймайды) деген нақыл сөзі сол кездегі философиялық ахуалды шынайы бейнелейді. Енді патристиканың көп өкілдерінің ішіндегі аса ірі тұлғасы киелі Августинге тоқтап, оның философиялық көзқарастарын талдайық.

Бүкіл христиан философиясының ірі тұлғаларының бірі – **киелі Августин.** Ол 354 ж. Тагаст қаласында (Африка) дүниеге келеді.

19 жасқа келгенде Августин манихейлік дінді қабылдайды. Бұл діннің негізін қалаған – парсылық Мани (III ғ.). Ол өз ілімінің қайнар көзі Зороастра, Будда және Иса Мәсіх деп есептеген.

Манихейлік ілім дүниеде екі бір-біріне қарсы тұрған негіз бар дейді. Олар күн мен түн, игілік пен зұлымдық.

Алғашқы уақытта олар бір-бірінен бөлек өмір сүреді. Екінші дәуірде зұлымдық (материя) сәуле әлеміне кіріп, екі негіз бір-біріне араласып кетеді.

Уақыттың үшінші сатысында сәуле мен түнектің өзара күресі ізгіліктің жеңісіне әкеліп, материяның қалдықтары дүниежүзілік өртте құриды.

Адамға келер болсақ, ол – түнектің туындысы. Оның денесі жанды (сәуледен шыққан) өз ішінен жібермей тұтқындап тұр. Иса пайғамбар осы адамдардың жанын құтқару үшін жіберілген.

Күнә мәселесіне келер болсақ, манихейліктер ол адамның еркінің ауытқуынан емес, дүниенің екінші түнек жағының адамның жан дүниесіне кіруінен шығады дейді.

10 жылдан кейін Августин манихейлік дінді тастап, көп ізденіс, зардап шегіп, ақырында, христиан дінін қабылдап, өмірінің соңында осы діннің үлкен тұлғасына айналады.

Августиннің негізгі философиялық еңбектері: «Құдай қаласы жөнінде», «Сыр шегу», «Академиктерге қарсы», «Жанның өлместігі» т.с.с.

Августиннің шығармашылық жолында оның христиан дініне өтуі және оны бүкіл жүрегімен, жан-тәнімен қабылдауы үлкен із қалдырды.

Егер жас кезінде ол ақыл-оймен дүниені тану – ең биік жетістік, ал диалектика – ойлаудың ең негізгі құралы деп есептесе, христиан дініне өтіп, оны іштей қабылдағаннан кейін, оның философиясында негізгі орынды Құдайға сену алады. Сенімнің арқасында пайда болатын «ішкі сәуле» анағұрлым биік санала бастайды.

Бірақ, Августиннің ойынша, сенім ақыл-оймен қайшылыққа келмеуі керек. II ғасырда өмір сүрген Тертуллианның: «Сенемін, өйткені абсурдты» (credo guia absurdum), яғни ақыл-ойға сыймайды, қарсы келеді», – деген пікірін Августин қабылдамайды. Керісінше, ой елегінен өткізілмеген сенім – сенім болмайды. Ақыл-ой арқылы адам өзінің Құдайға деген сенімін ары қарай нығайтуы керек. Сөйтіп, сенім мен ақыл-ой, зерде бірін-бірі толықтырады. **«Сенемін түсіну үшін», «Түсінемін сену үшін»** деген көзқарасқа жол ашылады.

Августин «Сені шақырамын, Құдай – ақиқат, сенде, сенен, сенің арқаңда барлық ақиқат – ақиқат. Құдай – дана, сонымен, содан, сол арқылы даналыққа жететіндер жетеді. Құдай – зерделі сәуле, сонымен, содан, сол арқылы қайсыбір зерделі сәуле жарқырайды», – деп толғанып айтады.

Адам мәселесі

«Адамдар алыс жолға шыққанда, қалайша таудың биік шыңына, қаһарлы теңіз толқынына, мұхиттың кеңістігіне, жұлдыздардың ағуына тамсана қарап, сонымен қатар өз-өздерін ұқыпсыз қалдырады?» – деген Августин сөздері, әрине, әр адамды толғандырады. Философиядағы шынайы мәселе – ол ғарыш емес, ол – адам. Құпия – дүние емес, ол – біз. «Қандай сыр жатыр адамның ішінде! Сен, Жаратқан, адамның басындағы шаштың санына шейін білесің, Сенсіз оның бірде-бірі түспейді. Сонда да адамның шашын есептеу – оның жан-дүниесіндегі құштарлықтары мен… қобалжуына, шайқалуына қарағанда анағұрлым жеңіл», – дейді ұлы ойшыл.

Августинді адам мәселесі өзінің жалпылығымен емес, керісінше, нақтылығымен қызықтырады. «Мен өз-өзіме үлкен мәселеге айнал-

дым», – дейді ойшыл. «Мен өзімдегі барды қамти алмаймын», – деп ол қынжылады.

Өзінің «Сыр шерту» деген еңбегінде Августин еш нәрсені жасырмай, өзінің жан-дүниесін толығынан сыртқа шығарады, өз ішіндегі талай қайшылықтардың қаншама зардап әкелгенін, соларды шешу жолында қалайша Құдайды мойындағаны жөнінде айтады.

Августин адамның терең қайшылығын оның **еркінен** көреді. Ол Құдайдың еркімен көп жағдайда сәйкес келмейді. Осы қайшылықты аңғару адамның өзінің «Менін» ашуға көмектеседі.

Августинге христиан дініндегі құдайдың үш кейіптігі зор әсерін тигізді. Егер адам Құдайға ұқсап жаратылған болса, онда оның тұлғасында осы үштікті табу керек. Олар – біздің өмір сүріп жатқанымыз, **болмысымыз**, біз өмірді **сүйеміз**. Және біз айнала қоршаған ортаны **танып-біле** аламыз. Сонымен, **өмір сүру, білу, сүю** – адам болмысының үш жағы, олай болса, біздің жан-дүниемізде Құдай бейнеленеді.

Ақиқат және оған жету мәселесі

Августин философиясында **ақиқат** – жан-дүние мен Құдайды бірбірімен қосатын ұғымдардың бірі. Таным үдерісі түйсіктерден басталады. Қоршаған заттар біздің сезімдерімізге өзінің әсерін тигізеді, ал жанымыз олардың барлығын белгілі бір тәртіпке келтіріп, заттың қабылдануына әкеледі.

Ал ақыл-ойға келетін болсақ, ол диалектикалық жолмен жүреді. Мысалы, «Егер дүниеде төрт стихия болса, ол бесеу емес; Егер Күн біреу болса, ол екеу емес; Бір жан-дүниені алсақ, ол өліп, сонымен қатар тірі болмайды. Бір адамды алсақ, ол масайрап, сонымен қатар бақытсыз бола алмайды».

Августиннің айтуынша, сезімдік дүние бізді тұрақтылыққа әкелмейді, ол өне бойы өзгереді. Адамның денесі де өзгерісте, ал ақыл-ой – тұрақты.

Олай болса, «ақыл-ой» дегеніміз – жан-дүниенің жанары мен жүзі, сол арқылы ол ешқандай дененің көмегінсіз ақиқатты көре алады.

Айнала қоршаған заттарды көру үшін Күннің сәулесі керек; Сол сияқты, ақиқатқа жету үшін ерекше сәуле түсуі керек. Ол үшін Құдай идеясы керек. Онда танымның үш бастауы бар. Ол – оның **өмір сүріп** жатқандығы, **тануға-білуге** болатындығы және соларды **біліп-танылатын** қылатындығы.

Августиннің ойынша, Құдай мен ақиқат – тең. Бірақ олардың арасында, сонымен қатар айырмашылық та бар. Ақиқат – Құдайдың ойы. Бұл арада Платонның «Идеялар әлемі» есімізге келеді. Тек қана

Августиннің идеялары Жаратушының дүниені тудырар алдындағы ойлары ретінде түсініледі.

Сөйтіп, Құдайда ойлау заттардан ерте, ал адамдарда заттардан кейін жүреді. Енді, міне, біз Августиннің Құдай ұғымына тікелей жетіп қалдық.

Құдай мәселесі

Августин христиан философиясында Құдай болмысының үш дәлелдеуін ұсынады.

Бірінші дәлелдеуде ол дүниенің жетілгендігін ұсынады. Дүние қаншалықты әртүрлі және өзгерісте болғанменен, ол хаос емес, онда тәртіп, әсемдік бар. Дүние ешқандай сөзсіз-ақ бізге Жаратушыны, оның құдіретті күшін көрсетіп тұрғандай.

Екіншіде бүкіл адамзаттың Құдайдың болмысы жөніндегі келісімі, оны мойындауы, көнуі жатыр. «Құдайдың дүниедегі билігін, адамның ақылы болса, аңғармайтын адам жоқ. Егер біз азмұз табиғаты бұзылған адамдарды есептемесек, қалған бүкіл адамзат Құдайдың болмысын мойындайды».

Үшінші дәлелдеу игіліктің баспалдақтық табиғатынан шығады. Ең соңында біз ең жоғарғы игілікке – Құдайға келіп тірелеміз.

Расында да, дүниеде тегіс дала бар. Соқпақтар, таулар бар. Дүниеде бір зат әсем, ал екіншісі одан да әсем, бір зат пайдалы, ал екінші зат одан да пайдалы. Ал олардың барын салыстырып анықтау үшін, біз еш нәрсемен салыстырылмайтын өзіне-өзі тең, таза игілікті қажет етеміз, ол – Құдай.

Сонымен, **Болмыс, Игілік, Ақиқат** – Құдайдың мән-мағыналық қасиеттері. Олай болса, біз Августин Құдайдың үштік (троица) табиғатын қалай түсінетініне назарымызды аударайық.

Үштік мәселесі

Христиан дінінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – үштің сиқырлы мағынасын ашу (шамасы, пифагореизмнің жұрнағы болса керек). Құдай біреу болғанымен, оның үш тұлғалық жақтары бар. Ол – Құдай-Әке, Құдай-Ұл және Киелі Рух. Құдайдың осы үш тұлғалық жағының біреуі де басқаларынан басым емес, сондықтан бір Құдай – Әке де, Ұл да, Киелі Рух та болғандықтан, бір-бірінен Болмыста бөлінбейді.

Бірақ оларды бір-бірінен айыру керек. Августиннің айтуынша, «Киелі Рухты айырамыз, бірақ басқа Құдайдың жақтарынан бөле алмаймыз. Ол мәңгілік игілік пен тұрақтықта. Бұл үш тұлға – бір Құдай. Әке болған жерде ұл бар, және ол ұл емес; ұлдың әкесі бар, бірақ

ол әке емес. Егер ұл белгілі бір уақытта дүниеге келсе, онда күндердің бір күнінде ол балалық шағын тастар еді, бірақ Құдай-Ұл – мәңгіліктен. Сондықтан Құдай-Әке де, Құдай-Ұл да – мәңгілік, тұрақты».

Құдай үш тұлғалық болғаннан кейін, жаратылған дүниеден де оның іздерін табуға болады. Дүниедегі заттардың **бірлігі, бітімі** және **тәртібі** бар. Ал адамның ақыл-ойына келер болсақ, ол да бір мен үш: **ақыл, таным, сүю.** Сөйтіп, біз айнадағы өзіміздің сәулемізді көргендей, Құдай біздің жан-дүниемізде, сондықтан Құдайды тану – жан-дүниені танумен, жан-дүниені тану – Құдай арқылы танумен тең.

Дүниенің жаратылу мәселесі

Августин дүниенің жаратылу мәселесін ертедегі гректерге қарағанда басқаша шешеді. Плотиннің Демиургі Августиннің Құдайынан тіпті бөлек. Өйткені оның жоғарысында «Идеялық әлем» үлгі ретінде, ал төменгі жағында мәңгілік өмір сүріп жатқан еш бітімі жоқ материя жатты. Сондықтан Демиург бір нәрседен екіншіні жасаған ұста сияқты, өйткені материя мен «Идеялар әлемін» ол тудырған жоқ, олар мәңгілік өмір сүріп жатты.

Августин мұндай көзқарасқа үзілді-кесілді қарсы шығып: «Дүние жоқтан (ex nigilo – лат. сөзі, еш нәрседен) Құдайдың құдіретті күші арқылы пайда болды», – дейді. Ойшылдың айтуынша, шындықтың пайда болуының үш жолы бар.

1. **Генерация** (generatio – лат.сөзі, туу, ұрпақ) жолымен, яғни тіршілік өзін-өзі тудырып отырады. Мысалы, сиырдан – бұзау, жылқыдан – құлын, шешеден бала туады;

2. **Фабрикация** (fabricatio – лат. сөзі, жасау) жолымен, яғни бір заттан екінші затты жасау. Мысалы, ағаштан – үй жиһазын, я болмаса үй жасау, салу, саздан кірпіш құю т.с.с.

3. **Жоқтан барды тудыру** (creatio – лат. сөзі, жарату) яғни өз денесінен, я болмаса басқа сыртқы заттан емес; Ол – тек **Құдайға ғана тән нәрсе.**

Адамға келер болсақ, ол бірінші және екінші жол арқылы өмір сүреді, өз-өзін тудырып, табиғаттағы заттарды өзгертіп, өзіне лайықты керек нәрселерді дүниеге әкеле алады.

Бірақ ол нағыз жаратудың не екенін білмейді, өйткені оның өзі жаратылған, яғни мәңгілік емес.

Олай болса, адамдардың тудырған заттары мен Құдайдың жаратуының арасында шексіз айырмашылық бар. Өйткені Құдай бұрын-соңды болмаған нәрселерді дүниеге әкеледі. Бұл – Құдайдың «өлшемсіз сыйы», өйткені ол еш нәрсені талап етпейді, ол – оның құдіретті еркінің, игілігінің туындысы.

«Құдай қаласы» деген еңбегінде Августин: «Біз жаратушы деп бақты өсіргенді, тіпті бәрін асырайтын ана-жердің өзін де айтпаймыз. Тек қана Құдай – барлығын жаратқан, әртүрлі жолмен өзін солар арқылы көрсеткен… Егер Ол болмаса, онда еш нәрсе болмас еді», – дейді.

Дүниені жарату жолында Құдайдың ойының алатын орны ерекше. Августиннің айтуынша, «идеяларды мойындамау – дүние ақыл-ойсыз жаратылды дегенмен тең… әрбір заттың өзінің идеясы, негізі бар. Ал идеялардың барлығы қайда, егер Жаратушының ойында болмаса?» – деген сұрақпен Августин бұл мәселені қорытады.

Мәңгілік пен уақыт мәселесі

«Дүниені жаратпастан бұрын Құдай тағала не істеді?» – деген сұрақ Августинді үлкен ойға қалдырды. Оның берген жауабы мынандай:

«Бұл сұрақ мәнсіз, өйткені уақыт жаратылған дүниемен бірге берілген».

Құдайдың өмірі – мәңгілік қазір, ол қайсыбір болашақтан басым, өйткені болашақ әрқашанда ертелі-кеш өткен шаққа айналады, ал «Сен болсаң, сенің бүгінің – мәңгілік», – дейді Августин.

Ал бұл дүниедегі уақытты алатын болсақ, ол өткен, қазіргі шақтан және болашақтан тұрады. Өткен шақ – ол қазір жоқ, болашақ – ол әзір жоқ. Ал қазір егер өткен шаққа айналмаса, уақыттан мәңгілікке айналар еді.

Августиннің ойынша, уақыт – рухани өмірдің өлшемі. Адам өз өмірін өткенге, қазірге, болашаққа бөледі. Өткеннің қазірі – естегі нәрселер, қазірдің қазірі – ол ішкі сезім (intuitio – лат. сөзі, қадағалап қараймын), болашақтың қазірі – ол бір нәрсені күту, тосу, үміттену.

Тек қана біздің жан-дүниеміз үміттенеді, еске түсіреді. Оның күткендерінің барлығы іс-әрекет арқылы дүниеге келіп, содан кейін естелікке айналады.

Зұлымдық және оның дүниедегі орны

Августин бұл мәселені егжей-тегжейлі талдап, оның онтологиялық-метафизикалық, моральдық және физикалық жақтарын қарастырады.

Метафизикалық-онтологиялық тұрғыдан келгенде, ғарышта ешқандай зұлымдық жоқ, тек қана болмыстың әртүрлі сатылары ғана бар (өлі табиғат, өсімдіктер, жануарлар, адам т.с.с.). Кейбір тіршілікте болып жатқан зұлымдық сияқты нәрселер, шынына келгенде, бүкіл ғарыштық біртұтастық тұрғысынан алғанда, көрінбей кетеді, біз тек бүкіл дүниенің үйлесімділігін, керемет екенін, **ұлы гармонияны** байқаймыз, өйткені дүниені мейірімді Құдайдың өзі жаратты. Әрине,

шын өмірде бір нәрсе пайдалы, екіншісі зиян, бір нәрсе әсем, екіншісі түрсіз деп баға береміз, ал оның негізінде адамның өзінің ғана **мүддесі мен мақсаты** жатыр. Ал ғарыштық біртұтастық тұрғысынан қарағанда, бұл дүниеде әр жәндіктің, әр заттың өзінің болмыстық орны, мәнмағынасы бар. Олай болса, ол – дүниежүзілік гармонияның қажетті бөлігі.

Моральдық тұрғыдан алып қарағанда, Августин зұлымдықтың түп-тамырын адамның **бұзылған еркінен** табады. Әрине, адамның еркі, өзінің табиғаты бойынша, жақсылыққа ұмтылуы керек. Алайда шынайы өмірде неше түрлі қызықтыратын өтпелі заттар болғаннан кейін, кейбір жанның еркі Құдайдың көрсеткен жолынан ауытқып, жоғарғы игіліктерге ұмтылудың орнына, төменгі құндылықтарды таңдайды, Құдайдың орнына, оның жаратқан нәрселеріне ұмтылады. Сөйтіп, дүние құрылысының әртүрлілігі, баспалдақтық табиғаты адам еркінің ауытқуына, зұлымдықтың дүниеге келуіне себепкер болады. Адамның күнәға батуы Құдайдың шексіз игілігіне шектелген уақытша нәрселерге берілу, дүниенің үйлесімін бұзуда жатыр.

3. **Физикалық тұрғыдан** алып қарағанда, өмірде кездесетін бақытсыздықтар, ауру, өлім, жан-дүниенің қобалжып, денені қысуы, езуі т.с.с. мұның бары де – «алғашқы текті күнәнің» салдары, яғни моральдық бұзылудың нәтижесі. Августиннің айтуынша, «жан-дүниенің күнәға батуы бұзылған денеден емес, керісінше, бұзылған, күнәға батқан жан-дүние денені ауырлатып, бүлдіреді. Бұл пікірге толығынан қосылуға болатын сияқты.

Ерік, бостандық және игі дәнекерлік

Дүниедегі зұлымдықтың түп-тамыры адамның еркінде болғаннан кейін, Августин оны егжей-тегжейлі талдап, еріктің тұрақсыздығын көрсетеді. «Ол мен едім, оны тілеген, сонымен бірге одан бас тартқан. Сөйтіп, өз-өзіммен күресіп, өз-өзімді тырнадым», – дейді ойшыл.

Сократ уақытында: «Адамның зұлымдылыққа баруы – оның білмегенінде», – деген тұжырымға келген болатын.

Алайда адамдарды толғандыратын нәрсе – ол білім мен еріктің бірбірінен алшақтығы. Жақсылық пен жамандықтың не екенін біле тұра, соңғыға ұмтылу – адамдардың өмірінде жиі кездесетін құбылыс.

Августин бұл мәселеге «коперникандық төңкеріс» жасап, «бостандық – ақыл-ойдың емес, еріктің қасиеті» деген пікірге келеді.

Ерік – ақыл-ойдың басқаша көрінісі. Ақыл-ойдың қабылдайтынынан ерік бас тартады. **Ақыл-ой танып-біледі, ерік таңдайды** және оның таңдауы көбіне ақылға сыймайды.

Алғашқы тектік күнә – ол адамның тәкаппарлығынан шықты, ерік ауытқып, Құдай талабына сай келмеді. Адамның кеудесінде бос ұлылық пайда болып, менмендікке әкеледі, содан кейін тек өзін ғана мадақтап, өзін ғана сүйеді.

Августин: «Адамның еркі сонда ғана шынайы, егер ол зұлымдыққа бармаса», – дейді. Ондай талап адамға алдын ала қойылған болатын. Бірақ ол Құдайдың талабын бұзды, ал оның өзі оның еркін әлсіретті.

Сондықтан бірде-бір адам тек өз күшімен, қанша тырысса да, күнә шеңберінен шыға алмайды, өйткені ол өз-өзіне жеткілікті емес. Оған әрқашанда Жаратушының көмегі керек.

«Адам тек өз күшіне ғана сеніп, Құдайдың қолдауынан бас тартса, ол әрқашанда күнәнің олжасы. Бірақ әр адамның құтқарушысына сиынып, ерікті түрде Құдайдың сыйына жетуіне мүмкіншілігі бар. Адам әрқашанда Құдайына сену арқылы өзінің күш-жігерін зұлымдыққа қарсы күреске жұмсап қана нағыз еріктікке ие болады».

Енді біздің Августиннің қоғам мәселелерін қалай шешетінін қарауымызға мүмкіншілік келді.

«Жердегі қала» мен «Құдай қаласы»

Сонымен, зұлымдықтың түп-тамыры адамның өзін ғана сүюінде болса, игіліктің тамыры Құдайды сүюде, яғни ақиқатты, игілікті сүюде жатыр.

Құдайды сүйетін адамдар бірігіп, «Аспан қаласын» (яғни шіркеуді) құрайды, ал қалғандары – «Жердің қаласының» пенделері. Соңғылар адамның даңқын іздейді, ал біріншілер Құдайдың даңқын арттырады.

Бұл жердегі өмірде олар Қабыл мен Әбілдің тұқымдары ретінде бір-бірінен бөлінеді.

«Жер қаласының» адамдары бұл дүниеде өздерін әлемнің патшасы ретінде сезінеді, ал «Аспан қаласының» адамдары дәруіш сияқты жүреді.

Августин адамзат тарихының басы болғаннан кейін, оның соңы да бар деген пікір айтады. Дүние соңында адамдарды қайта тірілтіп, қаһарлы соттан өткізетініне ол сенген.

Құдай адамға сүйіспеншілікті сыйға тартты. Сондықтан адам жақынды да, алысты да, дүниедегі заттарды Құдайдың риясыз жаратқан кейпі ретінде сүйсе, онда ол – нағыз сүю (charitas).

Ал адам өзін ғана сүйіп, жердің қызықтарына ғана құмартса, онда оны жалған сүю (cupiditas), (ындын, құмартушылық) деп атауға болар еді.

Қорыта келе, Августиннің сенім шеңберіндегі философиясы өзінің гуманистік-адамгершілік бағытымен адамзаттың рухани қазынасында ерекше орын алады. Адамның өлшемі оның басқаларды сүю

салмағымен анықталады. Августин айтқандай: сүй, сонда ғана не істегің келсе де, жасай бер!

§ 3. Схоластикалық философия. Фома Аквинский

Патристикалық философия христиан дінінің негізгі қағидаларын жүйеге келтіріп, XI ғасырға қарай діни философияның екінші сатысына өтуге жағдай жасады. Патристиканың мистикалық жағы жаңа жағдайда көп ойшылдарды қанағаттандырмай, Тертуллианның жоғарыда келтірген нақыл сөзі басқаға «credo ut intelligam» (сенемін түсіну үшін) ауысады.

Құдайға сену бұрынғыдай бірінші орында болса да, қазір одан кейін білім қойыла бастайды. Негізгі мақсат – құдіретті аян арқылы берілген ұғымдардың мазмұнын анықтау, ақыл-ой елегінен өткізу, бір-бірімен үйлесімді түрде ұштастыру т.с.с.

XI-XII ғасырларда алғашқы рет **универсалиялар** (жалпы ұғымдар) жөнінде қарама-қарсы тұрған екі бағыт – **номинализм** және **реализм** (realis – лат. сөзі, шындық, заттық; nominis – лат. сөзі, затқа қойылған ат) пайда болды.

Схоластиканың (scholastica – лат. сөзі, оқушы, ғалым) пісіп-жетілген уақыты XIII-XIV ғасырларға тура келеді. Негізгі идеялар университеттерде шыңдалады. Негізінен, бұл уақытта платонизмның негізгі идеялары шеттетіліп, оның орнына аристотелизм келеді.

Схоластиканың соңында (XV ғғ.) сенім мен ақыл-ойдың үйлесімді болуына күмән келтіріліп, бірте-бірте «екі ақиқат» ілімі тарала бастайды.

Бүкіл схоластика шынайы өмірмен байланысы жоқ, өткен ғасырлардан жеткен кітаптардағы ой-пікірлерді зерттеп, солардың ашылмаған сырын табуға бағытталған философия болды. Сондықтан жаңа заман келіп, «тәжірибелік білім» етек жайған кезде, «схоластика» деген ұғым теріс мағына алып, мазмұны жоқ, өмірден алшақ, бос сөз ретінде қаралып және бүгінгі өмірде де солай түсініледі.

Схоластиканың алғашқы кезде қойған мәселесі универсалиялардың (universalis – лат. сөзі, жалпы) табиғаты жөнінде болды. Бүгінгі таңда универсалиялар деп біз философиядағы ең жалпы ұғымдарды айтамыз.

Универсалиялар жөніндегі ілім алғаш рет Плотиннің философиядағы «идеялар» теориясында кездеседі. Плотиннің ойынша, қайсыбір жалпы ұғымға сәйкес келетін идея бар, олар нағыз болмыс – «идеялар әлемін» құрайды. Жердегі сезімдік заттар болмысын алсақ, олар көптікке жатады, жалпылық өзгеріске түсіп, бөлініп, жеке затта ешқашанда толығынан көрінбейді.

Аристотель танымдағы жалпылық жеке заттардың болмысын бейнелейтінін айтқан болатын. Қысқаша айтқанда, универсалия мәсе-

лесін Ортағасырдағы философ Порфирий былайша қойды: «Тек пен түр өзінше өмір сүре ме, олай болса, олар дене ме, әлде денесіз бе? Егер тек қана ақыл-ойда болса, олар бөлек өмір сүреді, әлде олар сезімдік құбылыстарда ма?».

XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басында бұл мәселені шешуде үш ағым пайда болды. Олар **номинализм, реализм** және **концептуализм**.

Номинализм (nominis, – лат. сөзі, заттың аты) – схоластикадағы жалпы ұғымдардың болмыстық мағынасын мойындамайтын, олар тек қана ой-өрісте ғана деп санайтын ағым. Номиналистер: «Шын өмірде тек қана заттар өмір сүреді, универсалиялар – жалпы ұғымдар, тек қана заттардың аты, біздің аузымыздан шығатын дыбыстар ғана», – деген пікірге келеді. Осы тұрғыдан олар Құдайдың үш тұлғалылығын да қатты сынға алды.

Реализм (realis – лат. сөзі, шынайы зат) бағытына келер болсақ, олар номинализмге қарсы бағытталған. «Универсалиялар – жалпы ұғымдар, шынайы және адамдардың санасына тәуелсіз өмір сүреді», – деген пікірді ұстанады.

Концептуализм (conceptus, – лат. сөзі, ұғым) бағыты: «Жалпы ұғымдар бөлек өмір сүре алмай, болмыстық орны болмағанмен, бірақ олар тек қана заттарға қойылған ат емес, негізінде, ақыл-оймен қорытылған заттардың жалпы қасиеттерін бейнелейді», – деген пікірге келеді.

Сөйтіп, концептуализм бір-біріне қарсы тұрған екі бағыттың сыңаржақтығын байқап, универсалия мәселесін дұрыс шешу жолына шығады.

Схоластика философияның пісіп-жетілген кезінде өмір сүрген Ортағасырдағы аса ұлы тұлғалардың бірі – **Фома Аквинский** (1221-1274 жж.). Италия елінде бай ақсүйектердің отбасында дүниеге келген. Неаполь университетінде оқыған. 1256-59 жж. Париж университетінің теология кафедрасын басқарған. Өмірінің соңында ел аралап, Еуропа университеттерінде лекциялар оқиды. 1323 ж. «әулие доктор» атағы беріліп, шіркеудің бесінші ғұламасы болып есептелген.

Өмірінің және өзінің жазған еңбектерінің түкке тұрғысыздығы Фомаға өлерінің алдында ашылса да, соған қарамастан, ол кітаптарын жазуды қоймады. Өзінің көмекшісінің демалуды өтінген тілегіне: «Жоқ, себебі, менің осы уақытқа дейін жазғанымның бәрі қазір менің көз алдыма келген аянмен салыстырғанда, күл сияқты», – деген жауабы аңыз болып қалған.

Фома Аквинскийдің негізгі еңбегі «Теология жинағы», «Табиғаттың бастамалары», «Мән мен өмір сүру жайлы» т.с.с.

Ортағасырлық схоластикада Фома Аквинский Құдайдың болмысына жан-жақты ең көлемді, дәлелдеулерін келтіреді. Олар – бесеу.

1. **Қозғалыс** арқылы дәлелдеу. «Бұл дүниеде бірдеңе қозғалатынына ешкім күмән келтірмес», – дейді ойшыл. Мысалы, оттың қазіргі қажетті жылуы ағаштың әлеуетті жылуының өзекті жылуына өтуіне, яғни оны өзгеріске, қозғалысқа әкеледі. Бірақ белгілі бір зат бір уақытта әлеуетті және дәл қазіргі қажетті бір қатынаста бола алмайды. Қазіргі қажетті ыстық зат әлеуетті ыстық бола алмайды. Олай болса, бірдеңе бір уақытта қозғалушы және қозғалтушы бола алмайды, яғни заттың өзі – өз қозғалысының қайнар көзі емес. Онда қайсыбір қозғалыс басқа қозғаушы күшті қажет етеді, соңғы тағы да басқаны т.с.с. Бірақ оны шексіздікке кетіру мүмкін емес. Олай болса, біз бірінші өзі қозғалмайтын қозғаушы күшті қажет етеміз. Ол – Құдай.

2. **Тудырушы** себеп арқылы дәлелдеу. Сезімдік заттарға назар аударсақ, біз тудырушы себептердің бірінің артынан бірі келіп отыратынын байқаймыз. Алайда бірде-бір **өзін-өзі тудырған** затты ешкім көрген жоқ. Олай болса, зат өзінің алдында өзі дүниеге келер еді, ол мүмкін емес.

Алайда тудырушы себептерді шексіз соза берсек, онда бірінші себеп болмас еді, ол жоқта салдарлар да жоқ болар еді. Ол ақыл-ойға сыймайды. Олай болса, алғашқы дүниені тудырған себепті мойындау керек. Ол – Құдай.

3. **Мүмкіндік пен қажеттілік** арқылы дәлелдеу. Біз дүниеде болуы мүмкін және мүмкін емес заттарды күнбе-күн көреміз. Бүгін бар, ертең жоқ. Бірдеңе дүниеге келіп, содан кейін кетеді. Мұндай заттардың мәңгілік болмысы жоқ. Бірдеңенің бейболмысқа өтуі мүмкін болса, ол ертелі-кеш оған өтеді. Олай болса, дүниедегінің бәрі де бір күні жоқ болуы мүмкін. Олай болса, біз шынайы, бейболмысқа өтпейтін мәңгі Құдайды қажет етеміз.

4. **Сатылық арқылы** дәлелдеу. Біз заттардың ішінен әртүрлі сатыдағы кемеліне, игілігіне, сұлулығына келгендерді көреміз. Дүниедегі заттарды біз бір-бірімен салыстыру арқылы бағалаймыз, бірақ мұның өзі кемеліне келген, ең сұлу игіліктің қажет екенін талап етеді. Сұлулықтың, Ақиқаттың, Игіліктің соңғы себебі – Құдай.

5. **Табиғаттағы тәртіп** арқылы дәлелдеу.

Табиғаттағы ақыл-ойы жоқ заттардың болмысы белгілі бір мақсатқа лайықтылыққа бағытталған. Ал олардың санасы жоқ болса, олар белгілі бір сананың, еріктің басшылығымен өмір сүреді деген ойға келеміз. Ол атылған оқты еске түсіреді, бірақ ол оқты жіберген садақшыны естен шығармауымыз керек. Олай болса, бүкіл дүниеге мақсат берген саналының бар екенін мойындауымыз керек. Ол – Құдай.

Онтология (болмыс) мәселелері

Фома Аквинскийдің болмыстық ілімінің қайнар көзі Аристотельдің «потенция» (әлеует) және «акт» (әрекет) деген ұғымдарына кетеді. Әлеует (мүмкіндік) дегеніміз ол болуы да, болмауы да мүмкін, шайқалған, тұрақталмаған, өзгеруге ашық, аяқталмбаған, кемеліне келмеген. «Таза әлеуеттік» – ол материя, болмыстың ең әлсіз түрі. Ол тек өзгертіледі, сыртқы әсерлер қабылдайды. Қазіргі маңыздылықты (шындық) алатын болсақ – ол іске асқандық, өмірге кіргендік, аяқталғандық, кемеліне келгендік. Маңыздылық – ол форма (бітім), сол арқылы заттар өзінің болмыстық дәрежесіне көтеріледі. Дара маңыздылық – Құдай, қайсыбір бітімнің қайнар көзі. Олай болса, Құдай – болмыстың өзі де, ал дүние болмысқа ие ғана. Тек Құдайда болмыс пен мән-мағына бір-біріне сәйкес келеді, сондықтан ол – таза әрекет (шындық), өзіне-өзі жеткілікті болмыс. Ал дүниедегі жаратылғандардың бәрі – өмір сүруге бағытталған ғана. Әлемдегі заттар бұл дүниеде болуы да, болмауы да мүмкін, ол қажетті емес. «Олардың өмір сүруі мен мән-мағынасы толығынан бір-біріне сәйкес келмегеннен кейін, оны бүкіл жаратылған дүниеге таратып, оның болуы да, болмауы да мүмкін еді, онда осы дүние мүмкіндік пен кездейсоқтықтан пайда болды», – деген пікір айтады. Фома Аквинскийдің бұл ұлы ойларын талай ғасырлар өткеннен кейін, XX ғасырда ғалымдар растады. Қазіргі Әлем жөніндегі түсініктер бойынша дүние өзінің ішінде орасан зор әлеуетті сақтайды, соның кішкентай ғана бөлігі кездейсоқтық арқылы іске асады (маңыздылыққа айналады), әлеует-шындықтың қай толқыны дүниеге айналады, ол кездейсоқтыққа байланысты. Толық болмыс тек Құдайда ғана болса, жаратылған дүние болмыстыққа қатысады. Сондықтан болмысқа келген заттардың өзінің мән-мағынасын ашудағы, шындыққа айналдырудағы мүмкіндігі зор, олай болса, Фома Аквинскийдің философиясы – оптимистік философия. Өйткені біздің бұл дүниеге келуіміз де, келмеуіміз де мүмкін еді. Бірақ біз бағасы жоқ қымбатты сыйға – өмірге ие болып, көз алдымыздағы болмыстың таңғажайып құбылыстарына шаттанып қараймыз, өзіміздің ішкі мүмкіндіктерімізді, табиғи дарындарымызды өмірге өткізуге, іске асыруға тырысамыз.

«Адам ақыл-ой иесі болып жаратылғаннан кейін, ол әр заттың ішкі мақсатын, не үшін жаратылғанын біле алады. Сондықтан адамның іс-әрекетінің алдында не істейтінін түсіну жатыр. Жердегі заттар мен адамдар жаратылған дүниеге жатқаннан кейін (Жаратушы біреу ғана, ол – Құдай), олар әртүрлі сатылық деңгейде болады, ал ақыл-ойға келсек, оның әртүрлі құндылықтарының ішінен өзіне керектерін таңдап алуына мүмкіншілігі бар. Ақыл-ойдың осы еріктігінде зұлымдықтың түп-тамыры жатыр», – дейді Фома Аквинский.

Әрине, адам Құдайды, дүниеде не істеу керектігін – бәрін біледі. Ерікті адам белгілі бір мақсатқа жету үшін өзін-өзі жетектейді. Ол садақшының жіберген оғы, адамдардың ойнайтын әуен құралы емес.

Бірақ дүниені түсіну мен соған сәйкес іс-әрекет ету – екі түрлі нәрсе. Адам күнәға батқанда, сол өзіне тән еріктіліктің негізінде ақиқаттан алшақтап кетуі, тіпті оны ұмытып кетуі мүмкін.

Фома Аквинский дүниеде төрт түрлі заңдар бар дейді. Олар:

1. **мәңгілік заң (lex aeterna);**
2. **табиғи заң (lex naturalis);**
3. **адамдардың қабылдайтын заңдары (lex humana);**
4. **Бұлардан оқшау тұрған Құдайдың аяны бар (lex divina).**

Мәңгілік заң – ол Құдайдың ойынан шыққан жоспар, жаратылған дүниедегі заттардың тәртібі, әрбір зат пен құбылыстың ішкі мақсаты (Аристотельдің тілімен айтқанда – энтелехиясы). Бұл заң тек Құдай мен әулиелерге мәлім. Адам да, әрине, саналы пенде ретінде болмыстың мәңгілік өміріне жартылай қатысты болуы мүмкін.

Табиғи заң адамның ақыл-ойдың иесі ретіндегі жақсылық пен жамандықты айыруынан шығады. «Жақсылыққа ұмтыл, зұлымдықтан аулақ бол» деген қағида – ол табиғаттан шығатын заң. Табиғаттың ең биік құндылығы – өмір. Олай болса, адам өз өмірін сақтауы керек, ол табиғи заңға жатады. Табиғи заңға еркек пен әйелдің қосылуы, балаларды тәрбиелеу, басқа адамдармен бірге өмір сүру, өзара адамдардың бір-біріне көмектесуі, істеген нәрселерімен алмасуы, барлығы – табиғи, адамның ақыл-ойынан шығатын нәрселер.

Адамдардың қабылдаған заңдарына келер болсақ, олар – қылмысқа, зұлымдықтың қайсыбір түріне қарсы бағытталған заңдар. Олар – адамның ақыл-ойының туындылары. Заңда қандай мақсатқа жетіп, оған жету жолында қандай құралдарды пайдалану керектігі көрсетіледі. Егер Августин заңдардың керектігін адамзаттың алғашқы тектік күнәсінан шығарса, Фома Аквинский оны табиғи қажеттіліктен шығарады. Адамдардың шығаратын заңдары табиғи заңдардан өзінің қайнар көзін бастап, соларға сәйкес келуі керек. Ой арқылы табиғи заңдардан адамдардың құқы құрастырылады. Ал соңғыдан оны нақтылау арқылы азаматтық құқық пайда болады. Мысалы, табиғи заң – өмірдің құндылығы, оны сақтау керектігі. Одан «Өлтірме» деген адам құқы пайда болады. Ал азаматтық құқықта нақтылы түрде адам арам пиғылдың негізінде өлтірілді ме, әлде кездейсоқ жағдайда қаза болды ма, әлде мас адамның іс-әрекетінен өлді ме, – зерттеу негізінде әртүрлі жақтары тексеріледі.

Қайсыбір заң зұлымдық жолына тосқауыл қойып, оны бұзушыларға күш жұмсау, қамау арқылы қалған адамдардың бейбіт өмірін сақтайды.

Сөйтіп, табиғаты бұзылған адамдар заңның күші арқылы, алғашқы уақытта сырттай оның талаптарына көнеді, жүре келе, ол әдетке айналады. Мүмкін, олар соңында ізгі адамдарға айналуы да ғажап емес. Олай болса, қайсыбір заң тек қана қоғамды зұлымдықтан қорғау ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік қызмет атқарады.

Адам – міні көп, кемеліне келмеген пенде. Заңның керектігі осы іргетасты қағидадан шығады. Адамның барлық кемшіліктерін есептеп, оны заң арқылы тежеу мүмкін емес. Ал, бірақ бүкіл қоғамға, басқа адамдарға кеселін тигізетіндерін заң арқылы тежеу керек. Мысалы, адам өлтіру, ұрлық жасау – ол бүкіл қоғамның өміріне қауіп туғызады. Оларға заңдық тосқауыл қойылуы қажет.

Аса көңіл аударатын нәрсе – егер адамдардың шығарған заңы табиғи заңға қайшы келсе, – ол заңдық мәртебесін жояды. Қайсыбір заңның негізінде әділеттік жатуы керек, басқаша жағдайда, біз түгел шарпыған жемқорлыққа келеміз. Мүмкін, бүгінгі кең етек жайып кеткен жемқорлықтың себептерінің ішінде осы да болса керек. Фома Аквинскийдің осы ойлары бізді моральдық, адамгершілік мәселелеріне әкеліп тірейді. Заңның моральдық құндылығы табиғи заңмен байланысты. Әділетсіз заң зорлық-зомбылыққа жеткізеді.

Адам заңы Құдай заңына қайшы келсе, одан үзілді-кесілді бас тарту керек. Озбырлыққа қарсы көтерілісті де ақтау керек, өйткені одан артық зұлымдық қоғамда жоқ.

Фома Аквинскийдің айтуына қарағанда, монархиядан артық билік формасы жоқ, ол – тәртіп пен мемлекет бірлігінің кепілі. Ең жаман билік формасы – қатал, озбыр билік, өйткені ол зорлық-зомбылыққа, заңсыздыққа негізделген, қоғамға зұлымдық әкеледі. Бұл билік күшейген сайын, оның зұлымдығы да арта түседі.

Мемлекет адамдарды игілік жолына бағыттап, бұзылған адамдарды тәрбиелеп, ізгілікке сілтейді. Адамдардың жасаған заңдары арқылы қоғам өмірінде тәртіп орнап, адамдар бір-бірімен әртүрлі қарым-қатынасқа түседі.

«...Бірақ мемлекет адамдардың барлық рухани ұмтылысын, мақсаттарын өтей алмайды. Табиғи заңдар да, адамдардың жасаған заңдары да оған жеткіліксіз. Сондықтан Құдай адамдарды сүйіп, оларға аянмен берілген заңдарды (lex divina) ұсынды. Сол себепті адамның басшылыққа алатын заңдарын әрқашанда Киелі кітаптағы заңдармен толықтырып отыруымыз керек», – деп қорытады Фома Аквинский.

Фома Аквинский философия тарихында өзінің ерекше ізін қалдырды. Оның сәулелі ойы, мөлдір логикасы, Құдайға деген шын ниеті, адамды сүюі осы күнгі заманға дейін үлгі болып, қазіргі адамзаттың рухани өміріне әсерін тигізуде.

Уильям Оккам ілімі

Ортағасырдағы ой-пікірдің көрнекті өкілдерінің бірі – **Уильям Оккам** (1280-1349 жж.) Оксфорд университетін бітірген. Негізгі еңбектері: «Логика жинақтары», «Құпиялықтар жөніндегі трактат», «Сұхбаттар» т.с.с.

Егер Фома Аквинский схоластикалық философияда өзінің ең биік шыңына жетсе, Уильям Оккамнан бастап, оның тек құлдырауы етек алады. Біріншіден, сенімнің ақыл-ойдан дербестігі оларды бір-бірінен ажыратады. Уильям Оккам сенім мен ақыл-ойды бір-бірінен айырып, алыстатуға тырысады.

Логикаға негізделген ақыл-ой сезімдік дүниені тануға мүмкіндік береді, оларды тексеруге, дәлелдеуге болады.

Сенім ақиқаттарына келер болсақ, оны ақыл-ой арқылы түсіну де, дәлелдеу де мүмкін емес. **Аян** ақиқаттарын біріктіретін логика емес, – **Сенім ғана.** Мысалы, христиан дінінің үштік қағидасына Уильям Оккам мынандай баға береді: «ол қайсыбір мән-мағына, ақыл-ойдан басым». Сондықтан ақыл-ой сенімге тірек бола алмайды. Сезім, ақыл-ой мен діни қағидаларды талдаудың өзі күнәға жақын, өйткені Құдай бізді сүйіп, өзінің аянын сыйлады, оны біз сол күйінде іштей қабылдауымыз керек.

«Егер Құдайдың құдіретті күші сондай шексіз, ал біздің Әлем оның ерікті түрде тудырған мүмкіндігінің бірі ғана болса, онда Құдай мен шектелген өтпелі дүниенің ішінде Құдайдың жасампаз еркі мен құдіретті ақыл-ойынан басқа не бар?» – деген өткір сұрақ қойып, өзі қойған сұраққа: «Олай болса, Августиннің бәріне жарамды мәндері жер мен Құдайды дәнекерлік етіп жалғастырып тұратын ол адамның бос тәкаппарлығы емес пе! – деп ашық жауап береді.

Уильям Оккамның номинализмі

Құдай мен жердегі өтпелі әлемді бір-бірінен айырғаннан кейін, Уильям Оккам: «Әлемде жекеліктен басқа еш нәрсе жоқ», – деген пікірге келеді. «Ақыл-оймен танылатын жанның сыртындағы еш нәрсе өзіне, я болмаса басқаға бірдей жарамды емес, ол адамның қай жағынан алғанда да есек емес екені сияқты». Универсалиялар – (жалпы ұғымдар) заттарға қойылған аттар ғана, олар шындықтың негізі бола алмайды. Универсалияларды тудыртатын – заттардың бір-біріне ұқсастығы. Мысалы, Сократ – ол нақтылы адамның аты, ал «адам» – универсалия. Олай болса, дүниенің ешқандай ең жалпы заңдылықтары, олардың баспалдақтық бір-бірімен байланыстары жоқ.

«Универсалиялардан тұратын білім ешқандай нақтылы нәтижеге әкелмейді, оның ешқандай жемісі жоқ. Егер біз тәжірибеде кездесетін заттардың арасындағы қайталанулықты зерттеп, оның болашақта болуы туралы болжам жасасақ, сол жеткілікті», – деген пікірді Уильям Оккам ұсынады. Ал мұндай көзқарастан белгілі бір таным принципін шығару мүмкіндігі пайда болды.

Уильям Оккам ұстарасы

«Мән-мағынаны қажеттіліктен жоғары көбейтпеу керек». Бұл – Уильям Оккамның ұстарасы. Ол арқылы Уильям Оккам метафизикалық ұғымдардың көбін теріске шығарады, өйткені олар дәлелденбейді және пайдасыз. Біз заттардың сапасы мен қасиеттерінен басқа тәжірибелік зерттеуде еш нәрсе таппаймыз. Олай болса, метафизикалық жалпы ұғымдар мәнсіз, тек таным үдерісін қиындатады. Сондықтан тек тәжірибелік танымға ғана сүйену керек. Ол – танымның іргетасы.

Әрине, мұндай көзқарас схоластикалық философияға үлкен соққы жасап, болашақ тәжірибелік танымға жол ашты.

Ал оның қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне тигізген әсерін алатын болсақ, онда жекелікті, жалқылықты ғана мойындау, діни көзқарасты ғылыми білімнен бөлу идеясына келеміз. Қоғамның саяси саласында діни биліктің саясаттан бөлінуі керектігі туралы идеяны туғызады. Ал дүниеге келген жаңа идея іске аспай қоймайды. Оның ар жағында жеке адамның құқы, оның мүддесінің жалпы қоғамның мүддесінен басымдығы жөніндегі идея да алыс емес.

§ 4. Ортағасырлық ислам мәдениеті аясындағы философия

Дүниежүзілік философия тарихында Шығыстағы Көне Қытай, Үндістан, Парсы елдеріндегі пайда болған философиялық көзқарастардан тыс Орта ғасырларда дүниеге келіп, өзінің ерекше болмысымен тарихта танылған Орта Азия мен Араб елдеріндегі ұлы философиялық ой-пікірлерді айтуға болады.

Көне заманның аяғында құлиеленушілікке негізделген қоғам сарқылып, Орта ғасырларда «тарихи белсенділік» Шығыс халықтарының үлесіне тиеді. Оның негізгі себебі – тайпалық-рулық, соғыс демократиясының негізінде өмір сүріп жатқан, көпқұдайлыққа табынған араб тайпаларының басын біріктіру қажеттігі еді. Осы қажеттіктің негізінде ислам дүниеге келіп, сол діннің негізінде Арабтар империясы пайда болады. Ол Инд аумағынан Атлантика мұхитына дейін созылған мемлекет болды. Көшпенді араб тайпалары бастарының бірігуі олардың

арасындағы қақтығыстарды тоқтатып, жаулап алынған Батыс пен Шығыс, Орта Азиядағы халықтардың мәдениетімен танысуға, бейбіт жағдайда өндіргіш күштердің дамуына, сауда-саттық пен теңіз арқылы байланыстардың өсуіне әкелді.

Араб империясы Батыста Испанияға дейін жетіп, өзінің мәдениеті, діні, философиясын жаңа елдерге таратты. Мысалы, бүгінгі таңда дүниежүзілік сөздікке кірген **«арсенал», «адмирал» «тариф», «авария», «медицина», «алгебра»** т.с.с. сөздер араб сөздіктерінен шыққан.

Аз уақыттың ішінде арабтар мемлекетті басқару, соғыс жүргізу, мәдениетті дамыту салаларында үлкен жетістіктерге жетті. Оның бәрі басқа халықтардың мәдениетіндегі жетістіктерді өз дүниетанымен ұштастыру арқылы келсе керек.

Дүниежүзілік мәдениетке қосқан арабтардың үлесі көп. Соның ішінде философияға келетін болсақ, олардың өшпес еңбегі – **антика** дәуірінде пайда болған философиялық ілімдердің бәрін ұқыпты зерттеп, **өз тіліне аударып, оны ары қарай дамытуы**.

Бұл үлкен **«аудармашылық қозғалыс»** ретінде тарихта қалды. Эвклидтің еңбектері мен Плотомейдің «Альмагестінен» бастап, Платон мен Аристотельдың шығармаларының бәрін дерлік араб ғалымдары өз тіліне аударып, халықтың рухани өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырды. Бұл қозғалыс VII ғасырдың аяғынан бастап XI ғасырға дейін созылды.

Ал арабтардың өздерінің ғылымға қосқан үлесіне келсек, Абу-Миамардың «Зидж Абу-Миамар» деген еңбегі сол кездегі астрономиялық ілімнің биік шыңы болды. Әл-Батанидің жасаған астрономиялық кестелері латын тіліне аударылып, еуропалық астрономия оқулығына айналды. Синус пен косинустарды астрономиялық есептеулерге алғаш енгізген де – сол кісі. Ибн-Юнус уақытты өлшейтін маятник ойлап шығарды. Джабир Ибн-Афьян – алғашқы обсерваторияның негізін қалаған адам, ал Әбу-Мұса Джабирді «химия ғылымының әкесі» деп атайды. Закария Разидің «Барлығын қамтитын кітабы» да латын тіліне аударылды, ол заманының ең ұлы дәрігерлерінің бірі болған.

Арабтардың философия саласына енгізген еңбектері – ерекше әңгіме. Оны осы тарауда талдайтын боламыз.

XI-XII ғасырларда арабтардың барлық игерген мәдениет құндылықтары Батыс Еуропа халықтарының тілдеріне аударыла бастайды.

Араб мәдениеті, әрине, Орта Азия халықтарының тағдырына, мәдени дамуына өзінің зор әсерін тигізді. Негізгі нәтижелердің бірі Орта Азия халықтарының бірқұдайлыққа көшіп, ислам дінін қабылдауы болды. М.Вебер уақытында айтқандай, ислам – көшіп-қонған жауынгер халықтардың діні. Біздің жартылай жерде отырған, жартылай көшпелі өмір салтын ұстаған қазақ халқының дүние сезіміне бұл дін сай келіп,

оның бергі тарихы осы діннің аясында өмір сүріп және бүгінгі таңға дейін дамып келеді.

Әл-Кинди – араб философиясын бастаушы ұлы тұлға

Әл-Кинди (800-879 ж.ж.) ақсүйектер отбасында дүниеге келеді. Бағдад қаласында білім алып, өзінің пісіп-жетілген уақытын осы қалада өткізген.

Әл-Кинди өз заманының жан-жақты дамыған ғалымы болды, ол айналыспаған ғылам саласын табу қиын. Ол 200-ден артық кітап жазған, бірақ көбі осы уақытқа шейін сақталмаған. Негізгі еңбектері: «Аристотельдің кітаптарының санын және философияны ұғу үшін не керек?», «Бірінші философия туралы», «Бес мән-мағына жөніндегі кітап» т.с.с.

Әл-Киндидің онтологиялық көзқарастары

Әл-Кинди болмыс мәселелеріне тоқталған кезде, екі субстанция жөнінде айтады. Бірінші субстанция – ол сезімдік заттар, оларды сан мен сапалық жақтарын зерттеу арқылы білуге болады. Субстанцияның сандық жақтарын сан жөніндегі ғылым зерттейді; екінші ғылым – сапалық үйлесімдіктерді, заттардың мөлшерлік қатынастарын салыстырады.

Заттардың сапалық жағын геометрия және астрономия ғылымдары зерттейді. Бұл ғылымдарды біз математика саласына жатқызамыз. Оларды игермей, адам субстанцияны білмейді. Соңғыны білмеген адам философияны білмейді. Философияны білмеген адамға екінші субстанцияға жетуге жол жабық. Өйткені ол – тұрақты және өзгермейді…

Әл-Кинди: «Адамзат өнерінің ішіндегі ең ғажабы – философия», – дейді. Оның мақсаты – заттардың шынайы табиғатын ашу, соның негізінде өзіміздің жүріс-тұрысымызды, іс-әрекетімізді анықтауымыз, сәйкестеуіміз керек.

Ақиқатты ашу үшін себебін табу керек. Қайсыбір затты танудың себебі – ақиқатқа жету, өйткені болмыстағы бардың ақиқаты да бар. Ақиқат қажетті танылады. Ең ізгі нәрсе – бірінші ақиқат – Алла тағала жөніндегі ғылым. Бір денені табу үшін ең алдымен төрт сұраққа жауап беру керектігін айтады ойшыл.

Ол бар ма?
Ол не?
Ол қандай?
Себебі неде?

Әл-Кинди жағалай қоршаған болмысты Ай астындағы дүние санайды. Ал Айдың ар жағында әлемде ешқандай қозғалыс: дүниеге келу, кету, құру жоқ. Ол – тек қана жер бетіндегі болмысқа тән нәрселер. Бізді қоршаған болмыс өзгермейтін төрт элементтен: от, ауа, жер, судан, тұрады, тек солардан тұратын заттардың элементтері ғана азайып, көбеюі мүмкін.

Адам дүниетанымының екі түрі бар. Біріншісі бізге жақын, бірақ мән-мағынадан алыста. Ол – **сезімдік тану**. Ол өне бойы өзгерісте, тұрақты емес, уақытша ғана өмір сүретін заттарды танумен байланысты. Оның сан жағы тұрақты емес: үлкейеді, кішірейеді, теңеледі, теңсізденеді. Оның сапа жағы да өзгерісте: ол өзіне ұқсайды, ұқсамайды, күшіне енеді, әлсізденеді… Осы өзгеріп жатқан дүниедегі заттардың бітімі қабылданады да, оны адам есіне, ақыл-ойына жеткізеді.

Екінші танымның түрі мән-мағынаға жақын болғанымен, бізден алыс, ол – **ақыл-ой танымы**. Жеке материалдық заттар сезімдік қабылдауда ғана болады. Қос тұрақты мен текті алатын болсақ, оларды түйсіктер арқылы қабылдай алмаймыз, бірақ оларды ақыл-ойдың елегінен өткізуге болады. Қорыта келе, Әл-Кинди адамның дүниетану мүмкіншілігін мойындап, айнала қоршаған ортаны зерттеп, ғылымды дамытуға шақырады.

Әл-Киндидің философиялық көзқарастарын ары қарай дамытып, Аристотельдің еңбектерін араб тіліне аударып, оған көлемді түсініктер жасап және өзінің философиядағы ерекше ойларымен тарихта қалып, философия тарихында **«Екінші мұғалім»** атағын алған Әл-Фараби болды.

Әл-Фараби (толық аты Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Тархан Ибн Узлақ ат Тюрки) Қазақстан жерінде, Отырар қаласында 870-950 жж. дүниеге келген. Жас кезінде білім іздеп, Таяу Шығыста Бағдад пен Алеппо қаласында білім алып, араб тілі мен грек тілін меңгеріп, антикалық философияны зерттейді.

Әл-Фарабиді араб философы деп толығынан бағалауға болады, өйткені ол араб рухынан нәр алып, өз еңбектерін сол тілде жазған. Сонымен қатар оны қазақ халқының философы деп те атай аламыз, өйткені ол біздің елде дүниеге келіп, соңынан қазақ халқын құраған көп түрік тайпаларының біреуінен шыққан, біздің сол кезде өмір сүрген бабаларымыздың дүниені түйсінуі мен дүниетанымын бойына жас кезінде сіңірген.

Бірақ ең жақсысы – оған Шығыс философиясының жұлдызы, тіпті дүниежүзілік философияның ең ірі тұлғаларының бірі деген баға бергеніміз дұрыс болар еді.

Әл-Фарабидің философиялық еңбектері көп. Солардың ішінен «Ғылымдарды іріктеу жөнінде», «Ізгі қаланың тұрғындарының

көзқарасы туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» деген еңбектерін атап өтуге болады.

Онтология (болмыс) ілімі

Әл-Фарабидің онтология ілімінің негізінде неоплатонизмнің «эманация» (тасу, ағу) ұғымы жатыр. Бұл ағымның негізін қалаушы Плотин дүниежүзілік Бір мен материялық өмірдің екі ортасында дүниежүзілік ақыл-ой (nous) және дүниежүзілік жан (psyche) бар деп есептесе, Әл-Фараби бұл көзқарасты анағұрлым күрделендіреді. Өзінің «Ізгі қала жөніндегі» еңбегінде Әл-Фараби: «Дүниені тудырған – «Бірінші Мән», – дейді. Ол – бүкіл баршаның өмір сүруінің алғашқы себебі, ол кемеліне келген, ешқандай мінсіз (одан басқалардың бәрінің де ең болмаса бір, я бірнеше кемшілігі, міні болады).

Алғашқы Мәнде қайшылық пен бейболмыстық жоқ, өйткені олар – тек қана «Ай астындағы дүниеге» тән нәрселер. Сол себепті ол – мәңгілік, ол өзінің өмір сүруі үшін ештеңені: себепті, бітімді, мақсатты, ұмтылысты қажет етпейді, өйткені оларды ол қажет етсе, онда ол бірінші себеп болмас еді.

Әл-Фараби «Алғашқы Мәнге» оның мән-мағынасын көрсететін басқа ұғымдарды қолданады: «Ол – барлығынан биік, барлығын білетін, Дана, Ақиқат, Тірі, Өмір», – дейді.

Бірінші Мән материя емес. Сондықтан ойшыл оған «белсенді ақыл-ой» деген ат қояды.

«Бірінші Мәннен бүкіл Болмыс пайда болады. Өйткені ол өз-өзіне сыймай, тасып ағады (эманациялайды). Ал Болмыстың дүниеге келуі – оны тудырған Бірінші Мәннің жойылуы деп түсіну қате», – дейді ұлы ойшыл. Мысалы, сәбидің дүниеге келуі оны тудырған әке-шешесінің дүниеден кетуімен тең. Ал ол – біздің «Ай астындағы» болмысқа ғана тән нәрсе. Ал Алғашқы Мәнге келер болсақ, ол басқа Болмысқа өмір бергенмен, өзі жойылмайды, мәңгілік, егер ол жойылса, онда ол оның Алғашқылығын жояр еді, оның сыртында одан да жетілген басқаның бар екенін көрсетер еді. Олай болса, «Алғашқы Мән» өзі үшін өмір сүреді, басқа Болмыстар соның ішінде, соған қатысты ғана өмір сүре алады.

«Бірінші Мән» өз-өзіне сыймай тасыған сәтте, екінші Барлық дүниеге келеді, ол абсолютті денесіз, өзінің мән-мағынасын ашып және Алғашқы Мәннен пайда болғанын түсінеді. Ол арнасынан шығып, қажетті түрде «үшінші Барлықты» тудырады. Ол да материя емес, өзінің мән-мағынасын ашып, Бірінші Мәнді түсінеді. Үшінші Барлықпен «Бірінші Аспанның» болмысы бітеді. Үшінші Барлық қажетті түрде төртіншіні тудырады. Ол әлі материя емес.

Барлық қажетті түрде «қозғалмайтын жұлдыздар» әлем болмысын төртінші кезекте тудырады.

Әл-Фараби оларды Сатурнның болмысынан бастайды. Ол Юпитерді тудырады, содан кейін Марс, Күн, Венера, Меркурий, Ай болмыстары дүниеге келеді. Аспан болмысы Аймен бітеді.

«Ай астындағы Болмыс», яғни біз өмір сүріп жатқан Әлем. Сонымен, ол бірінші «Бірінші Мәннің» тудырған Болмысы болып шықты. Бұл болмыстың ерекшелігі – ол **көптік әлемі**, оның негізінде төрт табиғи нәрсе: жер, от, су, ауа жатыр. Олардың әртүрлі қосындылары жер бетіндегі заттарды тудырады. Тіршілік әлеміне келер болсақ, Әл-Фараби оны үшке бөледі – өсімдіктер, ақыл-ойы жоқ жануарлар, ақылды жануар (адам).

Әл-Фарабидің ақыл-ой жөніндегі ілімі

«Бірінші Мән» – белсенді ақыл, ол өзі тудырған дүниеде төрт негізгі ақыл-ойды тудырады. Олар әлеуетті, өзекті (маңызды), игерілген және іс-әрекеттік ақыл.

Әлеуетті ақыл-ой – ол жеке пенденің жан дүниесінің болмыстағы заттардың бітімін тану-білу мүмкіншілігі. Ал дүниедегі заттарды алатын болсақ, олардың мән-мағынасы бітімінің танылатындығында жатыр.

Маңызды ақыл-ойға келер болсақ, Әл-Фарабидің ойынша, болмыстағы заттардың табиғатында олардың ақыл-оймен танылып, оның бітімінің ақыл-ойда өзінің материалдық негізінен бөлініп өмір сүру мүмкіндігі жатыр. Сонымен, тану үдерісінде заттардың бітімі дерексіздендіру арқылы ерекше болмысқа ие болып, оймен жететін маңызды ақыл-ой нысанына айналады.

Игерілген ақыл-ойға келер болсақ, ол жеке пенденің дүниені, заттарды танып, олардың мән-мағынасын өзінің жан дүниесінің ажырамас бөлігіне айналдыруында жатыр.

Іс-әрекеттік ақыл-ой – Әл-Фарабидің ең күрделі ұғымдарының бірі. Ол ешқашанда материяда болмаған. Ол әлеуетті ақыл-ойдың шындыққа айналуына дәнекерлік жасайды. Оны жете түсіндіру үшін, Әл-Фараби көздің сәуле күші арқылы көру мүмкіншілігімен салыстырады. Көз қараңғыда тек қана көру мүмкіншілігіне ие. Ал Күннің сәулесі көзден басқа заттарға түскен кезде, көз маңызды түрде дүниені көре бастайды. Оның себебі Күннің сәулесі тек қана көзге түскен жоқ, сонымен бірге заттарды да жарқыратып көрсетті.

Іс-әрекеттік ақыл-ой, Әл-Фарабидің ойынша, Күннің сәулесі сияқты таным үдерісінде өзі дәнекерлік рөлін ойнайды. Сол арқылы әлеуетті ақыл-ой маңызды ақыл-ойға айналады.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-саяси, этикалық көзқарастары

Жоғарыда көрсетілгендей, дүние алғашқы Барлықтан саты-саты болып төмендеп өмір сүретін болса, онда қоғам өмірі де соған ұқсас. Тек мұндағы «Бірінші Мән» – ол халиф, имам. Ол өзінің жан дүниесі, ақыл-ойы, рухымен өзін қоршаған уәзірлерге, олар өздерінен төмен басшыларға т.с.с. ықпалын тигізіп, ең соңында ол қарапайым халыққа жетеді.

Қоғамның қажеттігін Әл-Фараби адамның жалғыз өзі өзіне керектілердің бәрін жасай алмайтындығынан, екінші жағынан, басқаларсыз өзін жетілдіре алмайтындығынан шығарады. Сондықтан адамдар бірігіп, өзара бір-біріне көмектесіп, қажетті заттармен бөлісіп өмір сүрген.

Қоғамды Әл-Фараби толық және толық емес етіп, екіге бөледі.

Бүкіл жер бетіндегі қоғамдық дәрежеде ұйымдасқан адамзат: ол – белгілі халықтың өмірі, кіші – ол белгілі бір жерде орналасқан кешенқала, ауыл – сондағы тұратын адамдар.

Ал толық емес қоғамға келер болсақ, ол – белгілі бір ауылда, я болмаса қаланың бір көшесінде тұратын адамдар. Олар өз-өздеріне жеткіліксіз, сондықтан оларды ол толық емес деп атайды.

Әсіресе біз оқырманның назарын Әл-Фарабидің мына ойына аударғымыз келеді: «ұлы игілікке», ең биік жетістіктерге ең алдымен қала жетеді, ал ауылды алатын болсақ, оның негізгі қажеттігі – оның тек қаланы қамтамасыз етуінде. Әл-Фарабидің өмірден кеткеніне 1000 жылдан артық уақыт өтсе де, қазақ халқына бұл ой осы уақытқа дейін өзекті мәселе болып келе жатыр. Бүгінгі өте қиын дағдарысты ахуалда қазақ халқы аянышты ауыр жағдайда урбанизация үдерісіне қатысып, қала халқына айналуда. Тек қала халқы қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне белсенді қатысып, өзінің мүдделері үшін тиімді күресе алады.

Әл-Фараби қалалардың өзін: игілікке бағытталған қала және надандар қаласы деп екіге бөледі.

Игілікке бағытталған қалада адамдар бір-біріне көмектесіп, бақытқа жетуге тырысады. Ол қала кемеліне келген адамның денесіне ұқсайды. Онда барлық дене мүшелері бір-бірімен тығыз үйлесімді байланыста, олар өздерінің әртүрлі табиғаты мен қабілеті бойынша өмір сүреді. Сол сияқты, қаладағы адамдар да әртүрлі болса да, қала басшысына бағынып, бір-бірімен келісіп іс-әрекет жасап, өмір сүрулері керек.

Надан қала игілікке бағыт ұстаған қалаға қарсы тұр. Ол – адамгершілігі жоқ, айырбастау қаласы, адасқан қала.

Надан қаланың адамдары ешқашанда бақытты білмеген, сондықтан олар оған ұмтылмайды да, сенбейді де. Олардың ойынша, өмірдің мақсаты – денсаулық, байлық, рақатқа бату, ерікті түрде құмарлыққа

берілу, даңқ пен ұлылықты армандау. Осылардың әрбіреуінің өзі осы қаланың тұрғындарына бақыт болып көрінеді. Ал айтылғандардың барлығы қосылса, олардың ойынша, онда одан асқан бақыт болмайды.

Әл-Фараби надан қаланың түрлеріне тоқтайды. Бүгінгі таңда, жалпы ұрандар болмаса, біз де әлі өзіміздің даму бағытымызды айқын анықтаған жоқпыз. Сондықтан ойшылдың мінездемелеріне тоқтай кетелік, мүмкін, оқырман одан өзінше дарыс алып, ойға қалар.

Қажеттілік қаласында адамдар өмірге ең негізгі керек заттарды өндіру үшін бір-біріне көмектеседі.

Айырбастау қаласында тұрғандардың бәрі де байлыққа жету үшін бір-біріне көмектеседі, ол – сол қаланың негізгі мақсаты, басқа мақсаттарға жету жолындағы құрал емес.

Құлдыраған бақытсыз қалада адамдар ой өрісіне көтерілмей, тек тамақ табудан, ішуден, жыныстық қатынастан ғана сезімдік ләззат алуға тырысады.

Баққұмар қаладағы адамдар бір-біріне көмектесіп, өздерін басқалардың алдында керемет етіп көрсеткісі келеді (біздің бүгінгі таңдағы кейбіреулердің «жаманымызды жасырайық, жақсымызды асырайық» деп жүргендері бұл қалаға жақын келеді, оларға «ауруын жасырған – өледі» деген нақыл сөзді айтқымыз келеді. – С.М.).

Билікті сүйгіш қаладағы адамдар басқаларға жоғарыдан қарап, оларды тәуелді етіп ұстағысы келеді. Оларды тек жеңіс қана қуантады.

Адамгершілігі жоқ қаланың тұрғындары игіліктің не екенін жақсы біле-тұра, өздерінің іс-әрекеттерінде басқаша істейді.

Құбылмалы қаланың адамдары бұрын игілікке бағытталған болатын, ал соңынан басқа құндылықтар жолына түсіп кеткен.

Адасқан қала адамдарының ойынша, бақытты өмір о дүниеге барғанда болады. Бірақ кейін келе, олардың көзқарасы Құдайға да, шын өмірге де өзгеріп, бұзылады.

Қоғам өмірінің дамуы, Әл-Фарабидің ойынша, негізінен, елді басқарып отырған адамның қасиеттеріне байланысты болған соң, ойшыл оның қандай болуы керектігіне аса зор назар аударған.

Ойшыл ондай адамның он екі қасиеті болу керек дейді. Сонында олардың барын тұлғалық алты қасиетке әкеліп тірейді. Енді соларға назар аударалық.

Біріншіден, ол **даналық** дәрежеге жетуі керек, яғни барлық істі ақыл-ой елегінен өткізіп, халықтың тарихи тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, адамгершілік түсініктеріне сай келтіруі керек;

екіншіден, ол **білімді** адам болуы керек, өзінің өткен тарихтағы заңдарды, әдет-ғұрып нормалары мен ережелерін жақсы біліп, есінде сақтауы керек;

үшіншіден, әрқашанда **тапқырлық** көрсету керек, өйткені өмір өне бойы өзгерісте, ендеше, елдің алдында бұрын-соңды болмаған жаңа ахуал пайда болып, бұрынғы басқару тәсілдерінің бәрін жоққа шығаруы мүмкін. Сондай жағдайда өмірге жаңаша қарап, шығармашылық тұрғысынан жаңа шешімдерге жету қажет;

төртіншіден, ол **аңғарғыш**, көреген болуы қажет. Ел басшысы тек бүгінгі күнді ғана ойлап қоймай, болашақ ұрпақтардың өмірі қандай болмақ; негізгі мақсат халықтың әл-ауқатын өсіру екенін естен шығармауы керек;

бесіншіден, өзінің **сөзімен** халықты елдің заңдарын бұлжытпай орындауға бағыттауы қажет;

алтыншыдан, елбасының **денсаулығы**, дене күші жақсы болуы керек; ол оған соғыс жүргізген кезде әсіресе қажет болады;

Әл-Фараби ел басшылығына лайықты, осы көрсетілген қасиеттердің бәрі бойында бар тұлғаның сирек кездесетінін атап өтеді. Сондықтан бұл қасиеттер екі тұлғада жиналса, онда олар бірігіп басқарсын дейді. Ал екі адамның бойынан табылмай, 4-5 адамнан табылса, олар бірге қосылып басшылық жасауы керек.

Сонымен қатар елбасына керек негізгі қасиет – ол даналық. Егер белгілі бір уақытта елдің басшылығында даналық болмай қалса, онда елдің бірінші басшысы тіпті болмай-ақ қойсын, ондай қалаға қауіп төнетінін ескертеді ұлы ойшыл.

Біздің бүгінгі қоғамдағы қиындықтарды жеңу үшін, үкімет басындағы саяси дегдар топтың биік дәрежеде болуы – қажетті нәрсе.

Оларды Әл-Фараби қалдырған өсиеттермен салыстырсақ, онда жетістіктерімізді және кемшіліктерімізді көруімізге болады. Біздің саяси дегдар топ аз уақыттың шеңберінде дүниеде жиналған қоғамды жаңарту жөніндегі **білімді** тез игеруде. **Тапқырлық** көрсетіп, шет елдерден экономикаға инвестициялар тартып жатыр; **көрегендіктен** де кем емеспіз – қандай қиындықтарды басымыздан өткізіп жатсақ та, қазақ елі 2050 жылға қарай қандай дәрежеге көтерілуі керек – оны да ойлыстырып қойдық; дүниежүзілік заң шығару дәрежесіне сай етіп біршама **заңдарды** да тудырдық; саяси дегдар топқа талантты **жастарды** тартып жатырмыз.

Соған қарамастан, жеткен нәтижелер аздау. Оның негізгі себептерінің бірі – даналықтың жетіспеуі. Жалғыз **технократизм** (білім билігі), нақтылы жағдайды, тарихи тәжірибені ескермейтін, арсыз саясатқорлыққа әкеліп, Әл-Фараби айтқан надан қалаға жеткізуі мүмкін. Сондықтан саяси дегдар топқа зияткерліктің дәрежесін көтеріп, саяси шешімдерді солардың сараптауынан өткізіп отыруы қажет қой деп ойлаймыз.

Міне, осыдан 1000 жыл бұрын өмір сүрген бабамыз Әл-Фараби даналығы – оның қалдырған терең ойларының бүгінгі біздің өмірімізге сай келіп, алдымыздағы қиын мәселелердің шешімін табуға көмектесіп жатқандығы болса керек. Жалпы, кең түрде, философия тарихы, осы жағынан алғанда, ешқашан, қандай көне заманда пайда болса да, ескірмейді, ондағы жиналған ойлар біздің шабытымызды оятып, жаңа көзқарастардың дүниеге келуіне, олардың өткен тарихпен сабақтастығының тереңдеуіне әсерін тигізеді.

Ибн-Сина мен Ибн Рошд

Әбу-Әли Ибн-Сина (980-1037 жж.) Бұхара төңірегінде дүниеге келіп, 1037 жылы Хамаданда қайтыс болды. Ұлты – тәжік. Еуропа халықтарына **Авиценна** деген атпен таныс. Негізгі еңбектерінің ішінде «Логика», «Риторика», «Поэтика», «Физика», «Жан туралы», «Метафизика» т.с.с. атауға болады.

Авиценна дүниежүзілік ағарған қауымға өзінің шығармашылығының екі жағымен таныс.

Біріншіден, Ибн-Сина – үлкен ғалым-дәрігер болған адам. Ол өзінің артына әртүрлі ауруларды жазатын шөптердің қосындыларынан жасалатын 1000 дарынің рецептін қалдырған. Оның «Ғылым тізбегі» деген еңбегі Батыстағы ортағасырлық университеттерде 400 жыл бойы негізгі оқулықтардың бірі болған.

Ал енді оның философиялық көзқарастарына келер болсақ, өзінің болмыс ілімінде Ибн-Сина неоплатонизмнен қалған эманация идеясын кеңінен қолданып, дүние Алланың-бірінші себептің (өзіне-өзі қажетті барлық) ағып-тасуынан пайда болды деген пікір айтады.

Сөйтіп, өзіне-өзі жеткілікті, сонымен қатар өзіне сыймай тасып аққан алғашқы себеп сатылы түрде орналасқан ақыл-ой, жан-дүние, аспан әлемдерін тудырады. Оқырманның байқағанындай, Ибн-Синаның ілімі, бұл жағынан алып қарағанда, Әл-Фарабидің көзқарасына өте жақын. Тек Ай астындағы әлемді Әл-Фараби он бір сатыда орналастырса, Ибн-Сина он сатыда деп есептейді.

Ибн-Синаның Болмыс ілімінде «өмір сүру» мен «мән-мағынаға» көп көңіл бөлінген. «Өмір сүру – нақтылы, мән-мағына – дерексіз. Мысалы, нақтылы адам мен итті алсақ, олар өмір сүріп жатыр. Ал олардың мән-мағынасы – адамгершілік, хайуандық – дерексіз, олар нақтылы адам мен иттің алдында өмір сүрген», – дейді ұлы ойшыл. Нақтылы адамдар, жануарлар т.с.с. дүниеге келеді, кетеді, ал олардың мән-мағынасы – мәңгілік, өз-өзіне жеткілікті, болу я болмаумен, қажеттілік, я мүмкіндікпен байланысты емес.

«Дүниеде нақтылы өмір сүріп жатқан нәрселерді біз болуы мүмкін дейміз, өйткені олардың өз-өзіне негізделетін болмысы жоқ. Олар белгілі бір себеп пен кездейсоқтықтың негізінде дүниеге келеді, басқа жағдайда дүниеге келмеуі де мүмкін еді. Ал қажетті барлықты алатын болсақ, ол бар және оның болмауы мүмкін емес, өйткені ол өзін негіздей растай алады. Ол, әрине, Алла тағала, Ол бұл дүниедегі болуы мүмкін және болып жатқан нәрселерден бөлек», – деген пікірге келеді ұлы ойшыл.

Ибн-Сина өзінің онтологиялық ілімінде діндегі «Құдай жоқтан барды тудырды» деген пікірге қарсы шығады. Егер дүние жоқтан пайда болса, онда дүниенің пайда болуының іс-әрекеттік себебі Құдайдың жаратуға дейін іс-әрекеттік себебі болмаған екен ғой деген ойға әкеледі, онда Құдайдың ол қасиеті қажетті емес, оның терең мән-мағынасынан шықпайды. Олай болса, ол өзгереді, ал оның өзі оның кемеліне келмеген, жетілмегендігінің көрінісі Құдайдың абсолютті жетілген алғашқы себептігіне қайшы келеді.

Ибн-Сина Құдайды, діндегі сияқты, табиғатқа оның Жаратушысы ретінде қарсы қоймайды. Құдай дүниедегі барлықтың алғашқы себебі болғаннан кейін, материалдық дүние Құдайсыз, ал Құдай бұл дүниесіз өмір сүре алмайды деген пікірге келеді. Сөйтіп, Ибн-Синаның болмыстық көзқарасы **пантеизмге** өте жақын болды.

Ибн-Синаның дүниетану іліміне келер болсақ, ол адамның жан дүниесінде әлеуетті ақыл-ой бар дейді. Яғни адамның өз алдында жатқан дүниенің мән-мағынасын аша алатын мүмкіндігі бар. Бірақ ол өте күрделі. Таным түйсіктердің қабылдауы арқылы басталады, оны ол сезімдік тәжірибе дейді. Жалпылыққа адам заттардың қасиеттерін салыстыру арқылы жетеді.

Ақиқат дегеніміз – заттардың ішкі мән-мағынасы. Әр заттың ақиқаты оның өмір сүруінің ерекшелігінде, ал оның өзі сол заттың өзіндігін құрайды. Ақиқатқа жетудің бірден-бір қажетті құралы – ол логика. Логика заңдары арқылы біз жалқылық пен жалпылықты ойлай аламыз. Жалпы жеке заттардың мән-мағынасын құрап, жалқымен бірге өмір сүреді.

Ибн-Синаның әлеуметтік-саяси көзқарастарына келер болсақ, ол әділеттік мәселесіне көп көңіл бөліп, оны қайсыбір қоғамдағы тұрақтылықтың негізі деп есептеді. Егер қоғамды басқару әділетсіз жолмен жүріп жатса, онда халықтың оған қарсы қарулы көтерілісі заңды деген пікір айтады. Бүгінгі философияда Ибн-Сина араб ілімін ислам қағидаларына қосып, оны христиан дініне жақындатқаны, оның негізгі өшпес еңбегі деп есептейтін көзқарас та бар.

Шығыс философиясының келесі ұлы тұлғасы – **Ибн-Рошд** (1126-1198 жж.). Латынша аты – **Аверроэс**. Өмірге Испаниядағы Кордова

қаласында келеді. Жас кезінде мұсылман құқын, араб әдебиеті мен поэзиясын, соңынан дәрігерлік ғылымды, математика мен физиканы оқиды. Содан кейін философиямен айналыса бастайды.

Ибн-Рошд көп жылдар Севилья мен Кордовада қадилық (соттың) қызмет атқарады. Өмірінің кейбір кезеңдерінде өзінің көзқарастарына бола діни қуғындауға ұшырайды. Ибн-Рошд ғылыми еңбектерінің көпшілігін Аристотельдің еңбектеріне түсініктемелер жасауға арнайды. Еуропа философиясында «Ұлы комментатор» (түсіндірмеші) деген атаққа ие болған.

Негізгі еңбектері: «Терістеуді теріске шығару», «Аспандағы денелердің қозғалысы туралы», «Алғашқы қозғаушы жөнінде», «Жан-дүние ғылымы жайында» т.с.с. Соңынан оған Данте **«Білетіндердің ұстазы»** деген ат береді.

Өзінің философиядағы көзқарастарында Ибн-Рошд дүниенің мәңгілігі мен шексіздігі жөнінде айтады. Әрине, ол өз заманының туындысы болды, сондықтан ол Құдайды мойындады. Құдай – шындықтың мәңгілік қайнар көзі болса, материя – дүниенің мүмкіндігінің мәңгілік қайнар көзі, өйткені «егер Жаратушы мәңгілік болса, онда жаратылған дүние де – мәңгілік». Құдай – қажетті барлық, ол дүниенің мүмкіндігі – материяға бітім беріп, оны шындыққа айналдырады. Дүниедегі ешбір нәрсе пайда болып, я құрымайды, ол өзгеру арқылы басқа затқа айналады. Материя заттың ішкі мүмкіндігін құраса, бітім (форма) оның сыртқы іске асуына, өмірге келуіне әкеледі.

Ибн-Рошд Аристотель философиясының негізгі қағидасының бірі – «материя ешқашан бітімсіз, ал бітім материясыз өмір сүре алмайды» деген ойын толығынан қолдап, оны ары қарай тереңдетеді. Егер материя мен бітімді біз ажырата алмасақ, онда мүмкіндік пен шындық та – бірегей, олардың айырмашылығы салыстырмалы ғана. Дүние мәңгілік болғаннан кейін, қайсыбір мүмкіндік ертелі-кеш шындыққа айналуға тиіс.

Ибн-Рошдтың таным ілімінде ақыл-ой негізгі орын алады. Әрине, Құранда да дүние туралы белгілі қағидалар берілген. Бірақ олар қалың бұқараға бағышталғаннан кейін, соларға түсінікті болуы үшін тұрпайы түрде көрсетілген.

Ал философияны алатын болсақ, ол – ақыл-ойы терең, білімді адамдардың айналысатын нәрсесі. Бұл пәннің негізінде зерделі дәлелдемелер жатыр.

Философия мен дін адамды ақиқатқа жетуге үйретеді. Онда олардың алдына қойған мақсаттары – бір. Бірақ кейбір мәселелер бойынша қайшылықтар пайда болуы мүмкін. Олай болған жағдайда діннің қағидаларын философиялық ой елегінен өткізуіміз керек, өйткені ақиқат біреу және ол зерделі.

Өзінің таным ілімінде Ибн-Рошд бүкіл адамзатты құрайтын жеке адамдардың ақыл-ойының бірегейлігін, әлеуетті ақыл-ой құрайтынын айтады. Расында да, адамдар шектелген, дүниеге уақытша келген пенде ретінде универсалияларды, әлеуетті ақыл-ой болмаса жасай алмас еді. Жеке адамның танымдық мүмкіндіктері шындыққа айналуы үшін, оған дүниежүзілік белсенді ақыл-ой (Құдай) түрткі болуы керек. Ол әлеуетті ақыл-ойға тікелей емес, оның сезіміне, қиялы мен елестетуге әсерін тигізіп, мән-мағынаның ашылуына, оның шындыққа айналуына әкеледі. Сол сәтте жеке адамның ашқан ғылымдағы жаңалығы адамзаттың әлеуетті ақыл-ойдың ажырамас бөлігіне айналуына, оның бірте-бірте Құдайдың белсенді, маңызды (өзекті) ақыл-ойына жақындап, соңында қосылуына жеткізеді.

Сөйтіп, Ибн-Рошдтың әлеуетті ақыл-ойы – ол қазіргі философиядағы қоғамдық сана деген ұғымға жақын.

Ойшыл: «Адам – өтпелі пенде, оның денесімен бірге жан дүниесі де келмеске кетеді», – дейді. «Бірақ адамзаттың әлеуетті ақыл-ойы – мәңгілік, ол Құдайдың ақыл-ойымен қосылуға тырысады, ал ол орындалған кезде дүниежүзілік адамзат тарихы сонымен аяқталады», – деген көзқараста болған.

Бұл тұжырымнан екі қорытынды шығуы мүмкін. Жеке адам мәңгілік болмаса да, адамзаттың рухы әлеуетті ақыл-ой ретінде өмір сүргеннен кейін, адам тылсым-тақуалық өмір салтын ұстауы керек.

Екінші қорытынды оған қарсы: егер адамның өмірі біреу-ақ болса, онда неше түрлі қызықтардан ләззат алып, осы дүниеде бақытқа жетіп, ойнап-күлу керек.

Ибн-Халдун – ұлы тарихшы, әлеуметтік және саяси философ

Ибн-Халдун (1332-1406 жж.) – Шығыс философиясының жұлдыздарының бірі, сонымен қатар тарихшы, мемлекет қайраткері.

Солтүстік Африкадағы біршама елбасыларын тәрбиелеп, сол елдерде мемлекеттік қызметтер атқарған. Ибн-Халдун бірнеше рет философ-елбасының басшылығымен «әділетті қоғам» орнату жоспарларын жасап, бірақ сәтсіздікке ұшыраған. Тағы бір айта кететін мәселе – Ибн-Халдун бірнеше рет Ақсақ Темірмен кездесіп, оған өзінің ақылын айтқан.

Негізгі еңбегі – көптомдық «Араб, парсы, берберлердің тарихынан алынған өнеге болатын мысалдар кітабы». Бұл еңбекке ол кісі әдейі ерекше кітап ретінде «Кіріспе» (Аль-Муккадима) жазады, онда, негізінен, ұлы ойшылдың қоғамға деген әлеуметтік философиялық көзқарастары көрсетілген.

Енді Ибн-Халдунның философиялық көзқарасына келер болсақ: «Дүние ретке келтірілген, жетілген, бір-бірімен үйлесімге келген заттардан тұрады. Барлық заттардың негізінде алғашқы төрт элемент (су, от, ауа, жер) жатыр. Олар әртүрлі бөлшектік өлшемде бір-бірімен қосылғанымен, біреуі басым болуы қажет, әйтпесе зат өмір сүре алмайды. Заттың өмір сүруінде шешуші орынды «туа біткен жылу» алады, ал оның қайнар көзі – отта».

Ибн-Халдун табиғатта болып жатқан үдерістердің адамға тәуелсіз екенін білген. «Ал табиғатта өрлеу бар ма?» – деген сұраққа ол кісі былай жауап береді: «Дүниедегі күрделі субстанцияларға қараңызшы – ол минералдардан басталып, одан кейін өсімдіктер, жануарлар бірінің артынан бірі дүниеге келеді. Ең күрделі минералдар ең тұрпайы өсімдіктерге – мүктерге, ұрықсыздарға айналады. Ең жоғарғы дәрежедегі өсімдіктер, мысалы, жүзім, пальма сияқтылар, тұрпайы жануарларға, мысалы, моллюскілерге, айналады. Жануарлар әлемі көбейіп және көптүрлі болып, ақырында, ойлау қабілеті бар адамға әкелді. Маймылдың түйсіктері мен қабылдау қасиеттері бар, ал ойлау және түсіну мүмкіндіктері жоқ». Сонымен Еуропа топырағында XIX ғ. дүниеге келген Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясының түптамыры осыдан 400 жылдай бұрын тұрпайы түрде Шығыстағы араб топырағында пайда болған.

Ибн-Халдунға философ ретінде адам және қоғам мәселелерінін шешуге тура келген. Оның ойынша, адамдар ең алдымен азық-түлік табу үшін (онсыз өмір жоқ) бірігеді. Екіншіден, олардың бірігуіне себеп – ол айнала ортадағы қауіпсіздікті сақтау қажеттігі. Негізінен, адамға екі қауіп төнеді: біріншісі, тағы жыртқыштардан, екіншісі – адамдардың өздерінен. Егер бірінші қауіптен адамдар бірігу арқылы, неше түрлі құралдарды жасап, оларды пайдалану арқылы қорғанса, екінші қауіпті жеңу үшін адамдар әлеуметтік ұйымдар құрып, қоғам өмірінде тәртіп орнатулары керек.

Сөйтіп, адам табиғаттан шыққанымен, жүре келе, оның шеңберінен асып, әлеуметтікке көтеріледі. Бірақ, соған қарамастан, адам «табиғаттың туғызған пендесі» ретінде толығынан айнала қоршаған ортаға тәуелсіз бола алмайды.

Табиғаттың қоғамға тигізетін негізгі әсері – ол ауа райы (ик-лим). Ол жердің бетіндегі ауа райына байланысты жеті аймаққа бөледі: ең суық жерлер (7-6), ең ыстық (1,2) және қоңыржай (4) аймақтар. Ал 3-ші және 5-ші аймақтар – өтпелі, қоңыр-жайға жақын аймақтар.

Ең суық және ең ыстық аймақтарда тұратындардың мінез-құлқында шеттен шығу бар, олар қиын жағдайларда өмір сүреді. Олардың дене құрылысы мен түсінің өзі осыған байланысты. Африкадағы адамдардың

қаралығы – ыстықпен, солтүстіктегі адамдардың ақтығы, суықпен байланысты деген пікірге келеді.

Табиғат – халықтардың мінез-құлқының қалыптасуына, ал жейтін тамақтары дене құрылысына әсерін тигізеді. Қазіргі ұғымдармен айтқанда, мұндай көзқарастарды «географиялық себептікке» (детерминизм) жатқызамыз. Оны уақытында Кеңес заманында маркстік тұрғыдан сынағанбыз да. Ал мәселенің терең мән-мағынасына келер болсақ, онда: «Оның түйіні бар ма?» – деген сұрақ туады. Бұл сұрақтың біздің бүгінгі өміріміз үшін жалғыз теориялық қана емес, сонымен қатар іс жүзінде де үлкен мағынасы бар. Мысалы, Қазақстан қоғамының ерекшеліктері: оның ауа райының қаталдығы (7 ай қыс) судың аздығы, жер көлемінің адамдардың санымен салыстырғанда кеңбайтақтығы, құм-шөл жерлердің көптігі т.с.с. Реформа барысында бұл ерекшеліктерімізді ескеріп, басқа елдердің жинаған тәжірибелеріне үстірт еліктемей, нақтылы саясат жүргізгенде ғана көп мәселелерді дұрыс шешуге болады.

Ибн-Халдун қоғамдағы жағдайдың бары табиғатқа байланысты еместігін айтады. Бір ауа райы аймағында өмір сүріп жатқан әртүрлі халықтар біркелкі өмір деңгейінде емес. Біреулері бай болса, екіншілері – кедей.

Ибн-Халдунның даналығы бұл деректі айтып қоюында емес, сонымен қатар оның себебіне жету болды. «Біл, ұрпақтардың өмір сүру айырмашылықтары олардың өмір сүруіне қажетті нәрселерді қалайша табатынына байланысты», – дейді Ибн-Халдун. Бұл – қоғам өміріне деген таза материалистік көзқарас. К.Маркс оны 500 жылдан кейін тағы да ашып, теорияға айналдырған болатын.

Сонымен, ұлы ойшыл қоғам өмірінің дамуын экономика саласымен тығыз ұштастырады: ол өндіру, бөлу, тұтыну мәселелерімен тығыз байланысты. Адамдар бәрінің өмір сүру қажеттігі жолында бірігіп, айнала қоршаған табиғатты өзгерте бастайды, мәдениетті тудырады, соның негізінде өздері де ғасырдан-ғасырға жетіле береді.

Ибн-Халдун қоғамдағы дамудың негізгі екі сатысын көрсетеді. Оны ол екі ұғым арқылы береді: бірінші сатысы – **«Бидави»**, екіншісі – **«Хидари»**. Бұл сөздердің этимологиясын (алғашқы берілген мағынасын) қарасақ, онда бидави көшіп-қону, ауылдық, алғашқы деген мағына береді. Ал хидари болса, ол – қалалық, астаналық деген мағынада қолданылады.

Егер бидави сатысында адамдар мал бағу және егін егумен айналысса, хидари сатысында оларға қолөнерлік, сауда, ғылым мен өнер ұсынылады.

Алғашқы бидави сатысынан хидари (цивилизациялық) сатысына өтудің негізгі себебі – өндіріс дамып, **қажеттіліктен артық**

заттардың пайда болуы. Қажеттіліктен артық өндіру қымбат бағалы заттарды тудырып, соған ие болуға тырысуды әкеледі. Қымбат киім, тәтті тағамдар, әсем сарайлар пайда болады. Ал соңғылардың өзі қолөнерді ары қарай дамытуға, оның жаңа түрлерінің пайда болуына әкеледі (теріні өте нәзік өңдеу және бояу, моншақтардың әр түрін жасау, алтынды, қымбат бағалы тастарды өңдеудің жаңа түрлерін ашу т.с.с.).

Сонымен қатар молшылық ой еңбегінің кәсіби түрін тудырып, ғылым тез дами бастайды, кітаптар шығарылады т.с.с.

Ибн-Халдун жоғарыда көрсетілген ойларымен шектеліп қоймай, мәселенің екінші жағын көрсетеді. Ол – алғашқы салыстырмалы теңдіктен толық теңсіздікке көшу мәселесі. Бұл үдерісті ол екі ұғыммен (қосымша) береді. Олар – «асабийя» және «мульк». Бұл ұғымдар арқылы ойшыл қоғамның әлеуметтік-саяси деңгейіне көтеріледі.

«Асабийя» ұғымының этимологиясын ғалымдар «рух», «бірігу», «ұлттық сезім» ретінде сипаттайды. Бұл ұғым екі сөзден құрылған. Біріншісі – «асаба» (топ) және «асаб» (байлау). Ибн-Халдун бұл ұғымды «ру бірлігі», «тайпа бірлігі» ретінде қолданды. Екінші мағынасы – сол белгілі әлеуметтік топтағы адамдарды бір-бірімен қосатын байланыстар.

Ибн-Халдун алғашқы әлеуметтік байланыстардың рулық-қандық екенін мойындағанмен, оның сыртындағы материалдық қажеттіліктер қауіп-қатерден сақтанудың маңызын көрсетеді. Сондықтан әлеуметтік топтардың құрамы рулық, туысқандық шеңберден шығып, әртүрлі сипатта болуы мүмкін. Мысалы, белгілі бір руға басқа жерден келген адам қабылдануы мүмкін, кейбір топтар сол тайпаның қарамағына бассауғалап, жан сақтап кіруі мүмкін т.с.с.

Алғашқы сатыдағы адамдардың қарым-қатынастары **теңдікке** негізделген, өйткені онда материалдық игіліктерді бөлу мәселесі **күн тәртібінде жоқ**, артық құндылықтар әлі өндірілмейді. Тайпаның көсемдері басқару ісімен айналысады. Ибн-Халдунның ойынша, **басқарудың** өзегінде болашақ **теңсіздіктің** ұрығы жатыр. «Өйткені бірбірімен тең адамдарды тайпа көсемі өз еркіне көндіріп, тыңдамағандарға зорлық-зомбылық жасауы қажет. Сөйтіп, басқарудың өзегіндегі ұрық бірте-бірте өсіп, күш ала бастайды. Ең алғашқы көсемнің ізімен бірге ерікті жүру бірте-бірте соның еркіне көнуге айналады. Пайда болған биліктен алдағы уақытта көсем ешқашанда бас тартпайды, керісінше, оның мәртебесін өсіруге тырысады», – дейді Ибн-Халдун.

Жоғарғы айтылған үдерістер жаңа мүлікке негізделген қатынастардың пайда болуына әкеледі. Біз бұл жерде өзімізге жақсы таныс арабтың «мүлік» деген сөзінің этимологиясын ашуымыз керек. Бұл сөз біздің сөздікке араб тілінен енген. Бізге таныс мүлік, байлық, меншік деген мағынасынан тыс араб тілінде бұл сөздің екінші мағынасы бар.

Ол – **билік**. Түрік тілінде де бұл сөздердің мағынасы бір-біріне жақын: «бай», «би»; орыс тілінде де «власть», «владеть» деген сөздердің түп-тамыры – бір. Сонымен, Ибн-Халдун «мүлік» деген сөздің екі мағынасын «байлық-билік» ретінде бірге қолданады. «Мүліктің иесі адамдарды өз еркіне көндіріп, қазынаға ақша жинайды, басқа елдерге елшілік жіберіп, шекараны қорғайды». Мүлік қатынастары, қорыта келе, байлықтың қайнар көзі ашылып, артық нәрселер пайда болған кезде келеді. Ол артық байлықты бөлу кезінде тайпаның көсемі қолындағы билікті өзінің мүддесіне жаратып, толығынан пайдаланады, жанындағы туыстарын алыстата бастайды, өйткені олардың жүрегінде **көреалмаушылық** пайда болса, көсемде **қызғанушылық** сезімі пайда болады.

Тайпалық шеңберінде пайда болған теңсіздік сыртқа қарай бағытталып, басқа ру-тайпаларды соғыс, я болмаса қорқытып көндіру арқылы жүре бастайды. Ал мұның өзі мемлекеттің пайда болуына жағдай жасайды.

Ибн-Халдунның мемлекеттің пайда болуы мен өмір сүруі жөніндегі ілімі

Мемлекеттің пайда болуы, өмір сүріп, соңында күйреуі Ибн-Халдунды өте қызықтырып, оның терең ойларын туғызған. Мемлекет, әрине, мүлік пайда болған кезде дүниеге келеді. Оның өзегін уақытында өте биік дәрежеде ұйымдасқан, ауызбірлігі биік ру, я болмаса тайпа құрайды.

Бірақ уақыт өткен сайын мемлекет басшысы сол мемлекеттің басқару жүйесін құрайтын өзінің туыстарынан бірте-бірте алшақтай бастайды.

Олардың орнына басқа топтардан адамдар тартылып, неше түрлі басымдыққа ие жағдайлар жасалып, оларға басқару істері тапсырылады. «Осы сәттен мемлекеттің күйреуі басталады», – деген ойға келеді Ибн-Халдун. Оның себебі – сол мемлекеттің негізін қалаған ішкі бірлігі мол алғашқы ру, я тайпа қуылғаннан кейін, оның орнына келген адамдар тек жалақы үшін ғана қызмет етеді. Егер мемлекет үстіне қауіп төнсе, ол үшін жан-тәнін беретін адамдар олардың ішінде тым аз.

Ибн-Халдун – мемлекет пен өндірістің, бүгінгі сөзбен айтқанда, экономикамен өзара байланысын терең зерттеген ойшыл. Оның жасаған бұл мәселе туралы кейбір тұжырымдары бүгінгі біздің халжағдайымыздан көшіріліп алынғандай.

«Мемлекеттің өз табиғаты, өндірістің де өзінікі бар. Мысалы, тауарлардың бағасы өндіріске жұмсалған қаражатқа, оны әкелуге кететін ақшаға, нарықтағы сұранысқа және басқаларына байланысты», –

дейді ойшыл. Оның сыртында қажетті түрде салынатын салықтар да өндірелетін тауарлардың бағасын өсіреді.

Мемлекет, әрине, салықсыз өмір сүре алмайды. Ол бүгінгі мемлекеттің басына келген кешегі көшпенділерге тәтті өмір сүру үшін, әскер ұстап, шекараны күзетіп және ел ішінде өзінің саяси қарсыластарымен күресу үшін керек. Мемлекет, бір жағынан, салықтың көлемін өсіруі мүмкін, екінші жағынан, экономикаға тікелей араласып, ішкі және сыртқы сауданы бақылауға алып, одан пайда табуы мүмкін.

«Салық үлкен болса, онда халық әлсірейді, сонымен бірге мемлекеттің өзі де әлсірейді», – дейді Ибн-Халдун (біздің үкіметке осыдан 500 жыл бұрын өмір сүрген Ибн-Халдуннан дәріс алса жөн болар еді). Елдегі бай адамдар мемлекеттегі өздерінің алтынын алып, басқа жаққа кетеді. Қарапайым адамдардың өзі де тамақ, киім іздеп, дүниенің төрт жағына қаңғып кетеді. Ал мұның бәрі де мемлекеттің өзін жояды, өйткені мемлекет – қоғамның бітімі (формасы), ал оның материясы – ол сол елді құрайтын, оның өндірісінде істейтін адамдар.

Сөйтіп, мемлекет күйреді. Бірақ ол мемлекет атаулының бәрінің де жойылуы емес. Оның орнына басқа мемлекет бітімі келіп, ол да тарихтағы өзінің қажетті сатыларынан өтіп, өз орнын жаңа мемлекетке береді.

Ибн-Халдун бойынша, әр мемлекеттің өз өмір сүру ғасыры бар. Оның ұзақтығы, орташа алғанда, **үш ұрпақтың** өміріне тең. (Кеңес мемлекетінің пайда болып күйреуін алайық, ол үш ұрпақтың шеңберінде болды. – С.М.) Бірінші буын сол мемлекеттің негізін қалап, өздерінен гөрі жалпы мемлекеттік мәселелердің қамын ойлайды. Екінші буын жаңа пайда болып жетілген мемлекеттің жинаған байлығын пайдаланып, рақатқа батуға тырысады, үшінші буын сол мемлекетті әлсіретіп, оны титықтауға дейін жеткізеді.

Сонымен, мемлекет пен цивилизацияның дүниеге келуінің негізгі себебі – бір. Ол – өндірістік дамудың негізіндегі байлықтың, артықшылықтың пайда болуы. Мемлекет өздерінің адамдарынан ақша жинап, басқарып отырған адамдарға жұмсайды. Ол байлық қарапайым адамдардан шыққан мемлекеттік лауазымды адамдарға, одан қалса, астанадағы солармен байланысты адамдарға жұмсалады.

«Қайсыбір мемлекет пен цивилизацияның әлсіреп құруының алғышарты – ел басқарған адамдардың аса қымбат заттарға ие болуға ұмтылуы, өмірден барынша ләззат алуға тырысуы, өйткені ол қымбатшылықты туғызып, салықты өсіріп, экономиканы күйретеді. Мемлекеттің соңғы сатыларында мораль саласында **азғындаушылық** ашық көрінеді. Адамдар бұзылып, бір-бірін алдайды, бір-біріне жау сияқты қарайды, қулық-сұмдық кең етек алады. Соның бәрі тек байлыққа жетуі үшін жасалады», – дейді Ибн-Халдун.

«Егер адамдар үйлерінің алдына жеміс ағашын отырғызбай, сауыр ағашын (кипарис) отырғызса, онда – ол болашақ күйреудің нышаны. Өйткені сауыр ағашының жемісі де, жақсы иісі де жоқ, оның тек әсем түрі ғана бар», – деп ой салады Ибн-Халдун.

Сөйтіп, Ибн-Халдунды ұқыпты оқыған адамға бүгінгі таңдағы болып жатқан күрделі үдерістерді жете түсінуге жол ашылады.

Ибн-Халдун сонау көне замандағы ой-пікірден бастап, біздің заманға дейінгі біршама қоғамды терең зерттеп, өзінің артына мол өшпес із қалдырған. Ол – қазіргі **«әлеуметтік философия мен саясаттанудың атасы»** деген заңды биік баға берілген тұлға. Біз оған толығымен қосыламыз.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Орта ғасырлар адамзат тарихының қай уақыттарын алады?
2. Монотеизм дегеніміз не?
3. Алғашқы тектік күнә дегеніміз не?
4. Манихейлік діннің негізгі қағидалары қандай?
5. Августиннің болмысының пайда болуының үш жолын айтыңыз.
6. Августиннің зұлымдықтың себебі жөніндегі ойлары қандай?
7. Неоплатонизмнің эманация ұғымының маңызы неде?
8. Номинализм мен реализм универсалияларға (жалпы ұғымдарға) қалай қарайды?
9. Фома Аквинскийдің Құдай болмысын дәлелдеу жолдарын есіңізге түсіріңіз.
10. Фома Аквинскийдің сенім мен ақыл-ойдың қарым-қатынасы туралы ойын түсіндіріңіз.
11. У.Оккамның ұстарасы деген не?
12. Әл-Киндидің философиялық көзқарасы қандай?
13. Әл-Фарабидің онтологиялық ілімін қалай түсінесіз?
14. Әл-Фарабидің надандық қала түрлерін, игілік қала түрлерін есіңізге түсіріңіз.
15. Әл-Фараби елбасының қандай қасиеттері туралы айтады?
16. Ибн-Синаның өмір сүру мен мән-мағына жөніндегі ілімі қандай?
17. Ибн-Рошдтың әлеуетті ақыл-ойын қалай түсінесіз?
18. Ибн-Халдунның қоғам жөніндегі пікірі қандай?
19. Ибн-Халдун мемлекет пен цивилизацияны біріктіретін нәрсені неден көреді?

Рефераттар тақырыбы:

1. Ортағасырлық философияның адамзаттың рухани өміріндегі алатын орны.

2. Августин – ортағасырлық философияның ұлы тұлғасы.
3. Фома Аквинскийдің сезім мен ақыл-ой байланысы туралы ойлары.
4. Әл-Фарабидің әлеуметтік-саяси көзқарастары.
5. Ибн-Синаның философиялық көзқарастары.
6. Ибн-Рошдтың әлеуетті ақыл-ой жөніндегі ілімі.
7. Ортағасырдағы номинализм мен реализмнің арасындағы қайшылықтар.
8. Схоластикалық бағыттың философияға сіңірген қызметі.
9. Ибн-Халдунның адам жөніндегі ілімі.
10. Ибн-Халдун және қазіргі әлеуметтік философия.

Ойланыңыз:

Адам Құдайдың жолымен жүрмей, адамның жолымен жүрсе, ол шайтанға ұқсайды (А.Августин).

Философия дегеніміз не? Даналықты сүю. Философия дегеніміз не? Әсемдікті сүю. Даналық дегеніміз не? Ол нағыз әсемдік емес пе? (А.Августин).

Біз бақытқа – әсемдік арқылы, әсемдікке философия өнері арқылы жетеміз, ал олай болса, біз философия арқылы бақытқа жетеміз. Ал философияға ақыл-ой, шындық арқылы жетеміз (Әл-Фараби).

Құдайдың құдіреттілігін дәлелдеу мүмкін емес, оған тек қана сенім арқылы жетуге болады (У.Оккам).

IV тарау. Қайта өрлеу мәдениеті аясындағы философия

§ 1. Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктері

Қайта өрлеу дәуірі (фр. **Renaissance**) – Ортағасырдан Жаңа Заманға өту дәуірі болды. Оның шеңберін біз XIV-XVI ғасырлармен белгілейміз.

Қайта өрлеу заманы Италия елінде басталды. Оған себеп болған әлеуметтік-экономикалық жағдайларды алып қарасақ, бұл кезде солтүстік Италияда, әсіресе теңіз жағалауларындағы аймақтарда орналасқан қалаларда сауда, қолөнер өндірісі тез дами бастайды, мұның өзі феодалдық қатынастардың сарқылып, көп іскер шаруалардың өз қожайындарынан ақша төлеп бас бостандығын алып, қалаларға келуіне, алғашқы капиталистік экономикалық қатынастардың дамуына әкелді.

Жартылай ұйқылы-ояу өмір сүріп жатқан бір үлгідегі феодалдық қоғам оянып, жаңа өмірге аттанады, қалалар тез өсіп, ондағы әлеуметтік өмір өзінің әртүрлілігімен, күнбе-күнгі өзгерістерімен, қызықтығымен көзге түседі.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер қоғамның рухани өміріндегі біршама жаңаруларға әкеледі.

Біріншіден, өндіргіш күштерді дамыту қажеттігі схоластикалық ой-өрістен **жаратылыстану ғылымдарына бетбұрыстың** пайда болуына әкелді. Ал оның өзі бірте-бірте **материалистік** бағыттың философияда күш алуына әкеліп соқты.

Табиғаттың заңдылықтарының бірден-бір зерттеу жолы – ол тәжірибелік зерттеу – **эмпиризм** (emperia, – грек сөзі, тәжірибе) бағытын тудырды. Тәжірибе арқылы алынған деректерді пайымдау, қорыту қажеттігі **рационализм** ағымын дүниеге әкелді. Ал бұлардың өзі ой еңбегінің бағалануына, әсіресе **оқыған, көзі ашық интеллигенцияның** дүниеге келуіне себеп болды. Егер Ортағасырдағы қоғамда ой еңбегі, негізінен, дін шеңберінен шыға алмаған болса, қазір жағдай күрт өзгере бастады.

Ортағасырдағы қауымдық негізде ұйымдасқан әртүрлі кәсіби топтар жаңа жағдайда бірте-бірте ыдырап, оның орнына **жеке адамдардың** іс-әрекеті көбірек бағалана бастайды: табиғи мол дарыны бар адамдар өздерінің мүдделері мен мақсаттарына сай суретші, мүсінші, дәрігер, жазушы, сәулетші т.с.с. болуға тырысады. Ал мұның өзі ресми ғылымға, сол кездегі схоластикалық нәтижесі жоқ ой өрісіне қарсы сезімдерді туғызады, өйткені олардың ой-санасы, дүниетанымы, шығармашылық ізденістері діннің шеңберінен шығып, жаңа көзқарасты талап етеді.

Ал бұл айтылған ойлардың айқын көрінісі – Ортағасырдағы **университеттер** мен шіркеуден тыс жаңа ұйымдардың көптеп пайда бола бастауы. Олар **«Studia Humanitatis»** (гуманитарлық пәндерді зерт-

теу) деп аталды. Сөйтіп, Қайта өрлеу заманының өшпес нәтижесі – гуманистік ағымның сол кездегі қоғам мәдениеті саласында пайда болып, оған жан-жақты зор әсерін тигізуінде болды. Бұл ағым философиялық ой-санаға ғана емес, сонымен қатар саясатқа, моральдық нормаларға, әдебиет пен көркемөнерге, діннің өзіне үлкен ықпалын тигізді. Негізгі идеясы жеке адамның бойындағы табиғи дарындарын өмірге әкелу, адамның құдіретін, ар-абыройын көрсету болды.

XIV ғ. екінші жартысынан бастап, көне классикалық грек және латын әдебиеті мен өнеріне, философиясына деген сұраныс жылдам өсе бастайды. Олар мәдени саладағы маңдайалды үлгі, білім алғысы келетін адамға ең қажетті нәрсе ретінде бағалана бастайды. Гуманистік әдебиет білім мен ізгілікті рақымшылдықпен теңей бастады. «Қайта өрлеу» деген ұғымның мазмұнының өзін, міне, осы антикалық мәдениетке деген құштарлықтан шығаруға болады. Алайда бұл талпыныстыбіз көне заманның мәдениетіне, философиясына тұрпайы түрде қайта оралу деп түсінсек, ол қате болар еді. Оны біз қайта оралу, көне мәдениетке **баға** беріп, өз заманынан **бөлу**, сонымен **қарым-қатынасқа түсуге**, құштарлықтан деп түсінуіміз керек. Сонда ғана біз «өрлеу» дегенде **ары қарай даму, жетілу** мағынасына ие боламыз.

Міне, «Қайта өрлеу» деген ұғым осыны көрсетеді.

§ 2. Қайта өрлеу заманындағы адам мәселесіне жаңаша бетбұрыс

Адам мәселесі – бүкіл философияның – сонау Конфуций, Будда, Сократтан бастап, Ортағасырдағы діни ілімдерге дейін өзекті философияның сұрағы болғаны белгілі. Қайта өрлеу заманында бұл мәселе жаңаша қарала бастады. Ортағасырдағы бұл мәселенің шешімі адамның қайшылықты пенде екендігін ашуда болды: бір жағынан, адам – жан дүниесі, рухы бар пенде ретінде әрқашанда аспанға ұмтылған, басқа тіршіліктен оқшау тұрған Құдайға жақын тұлға. Екінші жағынан, оның денесі бар, ол оны жердегі қызықтарға құмартуға, оның еркінің соған қарай жетелеуіне әкеліп, күнәға батырады, тіпті кейбір жағдайда құмарту жолына түскен адам хайуанның деңгейінен де төмен түсіп кетеді. Ал Қайта өрлеу дәуіріне келер болсақ, ондағы негізгі жаңалық – ол адамның рухы мен жан дүниесін ғана емес, сонымен қатар оның **тәнін, денесін де ақтау**, оның **керемет әсемдігін** көрсету, адамның **дүние-сезімінің** телегей-теңіз тереңдігін анықтау болды.

Бұл мәселеге өзінің өшпес ізін салған **Джаноццо Манетти** (1396-1459) болды. Өзінің «Адамның абыройы мен артықтығы туралы» деген

еңбегінде ол Құдайдың адамға арнап жасаған дүниесінің сұлулығына тоқталып, сонымен қатар сол жаратылған дүниенің ең биік шыңы – ол адамның өзі дейді. Адамның дене құрылысы, оның әсемдігі басқа дүниедегі денелерге қарағанда ерекше биік орын алады. Мысалы, әртүрлі нәрселерді жасай алатын адамның қолдары қандай әсем, қандай ғажап! Егер жануарлардың қайсыбірі белгілі бір ғана нәрсемен айналыса алса, адам барлығымен айналыса алады. Рухани денеден тұратын адамның әсемдігі соншалықты, адамдар Құдайдың Өзін өзіне ұқсатып түсінеді. Егер Құдай бүкіл дүниені жаратса, адам өзін қоршаған мәдениеттің ұлы да әсем туындыларын тудырады.

Сөйтіп, адамның құдіреттілігі, оның Құдайдың Өзімен парапарлығы – Қайта өрлеу заманындағы ойшылдардың негізгі идеяларының біріне айналды.

Адам мәселесін қайта қарауға өзінің зор үлесін қосқан келесі ойшыл – **Лоренцо Валла** (1407-1457) болды. «Ләззат алу жөнінде» деген еңбегінде ол адамның дүниетанымы оның ақыл-ойымен қатар сезімдік іс-әрекеті арқылы ғана болатыны туралы пікірге келеді. Табиғаттың тіршілікке берген ең негізгі заңы – «өзінің өмірі мен денесін сақтап, оған зиян келтіретіндердің бәрінен жалтару» сезімдік іс-әрекетсіз болмайды. Сондықтан бұл заңды орындау жолында адам өмірден ләззат алуға тырысуы керек. Ләззат – «жан мен дененің рақатқа батуы» ретінде игілікті іс. Мұндай көзқарастың ортағасырлық тақуалыққа қарсы бағытталғанын байқау қиын емес.

Жастай өмірден кеткен талантты ойшыл **Пико делла Мирандолланың** (1463-1494 жж.) еңбектерінде Қайта өрлеу заманындағы адам мәселесіне деген гуманистік көзқарас өзінің биік шыңына көтеріледі. Өзінің «Адамның абыройы жөніндегі сөздер» деген еңбегінде ол: «Құдай Өзі жаратқан ғарыштың ортасына адамды орналастырды», – дейді. Ол оны жаратылған дүниенің даналығы, ұлылығы мен әсемдігінің айқын көрінісі ретінде қарайды.

Оның ойынша, адам – бүкіл жаратылған дүние мен Құдай арасындағы дәнекер. Сонымен қатар Жер бетінде адамнан биік, ал адамда ақыл-ой, парасат пен жаннан биік еш нәрсе жоқ. Құдай адамды жаратқанда, оған әртүрлі өмірдің ұрықтарын салды. Адамның рухының ең ғажабы оның еріктігінде, оның алдындағы әртүрлі өмір жолдарын таңдап алу мүмкіндіктерінде. Сол мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса, адам тіпті перштелерден де жоғары биіктікке көтерілуі мүмкін.

Адамның таңдау еріктігі – ол Құдайдың берген ең құнды сыйы. Оны Сократтың айтып кеткен «өзіңді тани біл» деген жолынан іздеу керек, ол өмірдегі күресте шыңдалып, моральдық жетілудің терең тұңғиығына жету керектігін ойшыл асыра көрсетеді.

Сонымен, Пика делла Мирандолла адамның еркін тек қана күнәға апаратын жол деп түсінген Ортағасырдағы ойшылдарға қарсы шығып, керісінше, ол адамға берілген құнды сый деп түсінді.

Мұндай гуманистік көзқарас философия тарихында ұмыт болып қалмай, керісінше, оның ары қарай дамуындағы негізгі мәселенің біріне айналады.

§ 3. Николай Кузанский – Қайта өрлеу заманы философиясының ұлы тұлғасы

Николай Кузанский (1401-1464 жж.) жас кезінде Падуя университетінде (Италия) оқып, соңынан діни қызметпен айналысады. Ол өзінің ой-санасында ортағасырлық философия мен Қайта өрлеу заманындағы гуманистік ой-пікірді ұштастырды. Ұлы ойшылдың діни еңбектерінен басқа философиялық туындылары да біршама. Солардың ішіндегі ең таңдаулысы «Ғылыми білімсіздік» деп аталады.

Енді сол «ғылыми білімсіздік» деген қайшылықты ұғымның мәнмағынасына тоқталайық. Белгілі бір нәрселер жөніндегі ақиқатты іздеу жолында біз анықталмағанды – анықталғанмен, белгісізді белгілімен т.с.с. салыстырамыз. Сондықтан бұл өмірдегі шектелген заттар жөнінде белгілі бір пікірлер айту онша қиын емес. Ал енді **шексіздікті** зерттеген кезде, біз басқаша жағдайға кез боламыз. Шексіздікті біз көз алдымызға елестете алмаймыз, оның көлемі бізге белгісіз, біз оны еш нәрсемен салыстыра алмаймыз. Бұл адамның (әрқашанда **шектелген**) ақыл-ойы мен **шексіздіктің** арасындағы қайшылық Н.Кузанскийдің ойынша, **ғылыми білімсіздікті** тудырады.

Осы тұрғыдан келгенде, Құдай үзілді-кесілді түрде танылмайды, өйткені ол – шексіздік, оны ешқандай шектелген бұл дүниедегі заттармен салыстыру мүмкін емес. Егер Құдай шынайы шексіздік болса, онда Ол жаратқан дүние шексіздіктің мүмкіндігіне ғана ие, олай болса, бір көкжиектің ар жағында екіншісі, одан ары үшіншісі т.с.с. ашылады. Сондықтан Құдай танылмағанмен, ол жаратқан дүниені танып, бір белестен екіншісіне өтіп, тереңдей беруге болады.

Бұл ойын дәлелдеу үшін Н.Кузанский шеңбердің ішіндегі көпбұрышты келтіреді. Оның бұрыштарының санын көбейткен сайын ол шеңберге ұқсай береді, ал шексіз өсірсек, шеңберге ұласады, екі жағы тең үшбұрышты да ұзарта берсек, оның екі жағы бір-біріне жақындап, шексіздікке жақындаған сайын бір сызыққа айналады, яғни қарама-қарсылық-бір-біріне өтіп, бірегейлікке ұласады.

Олай болса, адамның шектелген ақыл-ойы шексіздікке, яғни Құдайға қарама-қарсылықтың бірлігін түсіну арқылы жақындай береді. Шектелген заттарды біз шексіздікпен байланыстырып қарауымыз

керек. Ал адам оның сыртында ақыл-ой иесі болғаннан кейін, өзінің санасында бүкіл болмыстағы шынайы және болуы мүмкін заттардың кейпін сақтайды. **Адам** – сондықтан **шығармашылыққа жаратылған** пенде. Олай болса, ол – **адамдық Құдай** (Humanus Deus).

Адам Құдайға, әсіресе өзінің ақыл-ойы арқылы жақындайды. Ол күрделі және үш құрамдас бөліктен тұрады. Ол **сезім** мен **елестеу** (Sensus), **ақыл-ой** (ratio) және **зерде, парасат** (intellectus). Ақыл-ой – сезім мен зерденің арасындағы дәнекер.

Сезіммен тығыз байланысты ақыл-ой ғылымды тудырады. Бірақ адамның таным мүмкіндігі ол екеуімен сарқылмайды. Тіпті сезім мен ақыл-ойдың тұрпайы түрлері жануарларда да бар. Адамның басқа тіршіліктерден үзілді-кесілді айырмашылығы ақыл-ойдың зердемен байланысында. Соңғы толығымен жануарларда жоқ.

Зерде арқылы біз дүниедегінің ең терең алғашқы негіздеріне дейін жете аламыз, метафизикалық сұрақтарға жауап береміз. Зерденің «сезімдік-денелік» дүниеге еш қатысы жоқ «Ол уақыттан да, өтпелі дүниеден де тыс, олардан абсолютті ерікті». Егер сезімдік және ақыл-ой танымы айнала қоршаған ортаға тәуелді болса, зерде олардың бәріне тәуелсіз, ол Құдайдың ақыл-ойына жақын, сондықтан ол ең жалпы, тұрақты, өшпейтінді аша алады.

Әрине, әр адам қанша ұлы болса да – өз заманының тұлғасы. Сондықтан Н.Кузанский сенім мен зердені салыстыра келе, сенімді жоғары тұтады. Бірақ ол соқыр сенім емес, өйткені «зерде сеніммен бағытталады, ал сенім зерде арқылы анықталады». Тек зерде арқылы ғана біз шексіз Құдайға жақындай аламыз. Құдай барлық жерде болғаннан кейін – Ол «бары», ал еш жерде оның тұрақтанып қалмағаннан кейін, Ол – «бәрінің жоқтығы». Бүкіл ғарышты өзі ішінде қамтығаннан кейін, Ол – «абсолютті максимум», ал сонымен бірге көзге ілінер-ілінбес кішкентай да болғаннан кейін, Ол – «абсолюттік минимум». Абсолютті максимум мен минимумның екі ортасында көз алдымыздағы бүкіл дүние орналасқан.

Ақиқатқа жету мәселесіне келер болсақ, бұл жолда өзінің қарама-қарсылығы жалғандықпен бірге беріледі. Ақиқат пен жалғандық күн мен түн, сәуле мен түнек сияқты. Ең жоғарыдағы жарыққа толы дүниенің өзінде қараңғылық бар, ал төменгі дүние қараңғыға толы болғанымен, сәуледен толығынан құр емес. Олай болса, ең терең білімнің тайыздығы айқындала түседі. «Нағыз білетін өзінің білмейтінін біледі».

Қорыта келе, Н. Кузанский философиялық көзқарастарының болашақ, Жаңа дәуірдегі ой-пікірге өзінің зор әсерін тигізгенін атап өтуіміз керек.

§ 4. Қайта өрлеу заманындағы әлеуметтік философиялық көзқарастар. Николло Макиавелли

Қайта өрлеу заманындағы әлеуметтік-саяси өзгерістер, алғашқы капиталистік сауда-саттық, экономикалық қатынастардың дамуы, адамдардың бас бостандығы мәнінің өсуі, ұлттық сана-сезімнің қалыптаса бастауы т.с.с. көп ойшылдардың қоғамға, үкімет билігіне, мәдениет, дінге деген жаңа ойларын туғызды. Сол ғалымдардың ішіндегі ең ірісі осы уақытқа дейін аты кеңінен айтылып жүрген тұлға – Н.Макиавелли.

Николло Макиавелли (1469-1527 жж.) өз уақытындағы гуманистер сияқты классикалық білім алмағанмен, өзінің табиғи дарындылығының арқасында өз бетімен тарихи, философиялық көне еңбектерді оқып, әсіресе өзі өмір сүріп жатқан Флоренцияның сол кездегі күрделі әлеуметтік-саяси өміріне тәнті болды. Көп ұзамай, ол мемлекеттік жұмысқа шақырылып, әртүрлі саяси және дипломатиялық істерді атқарады. Ол оның ұйымдастыру қабілетін дамытып қоймай, сонымен бірге сол кездегі қоғам туралы көп деректерді жинап сараптауға мүмкіндік берді. Ол ертеден келе жатқан **«алдымен өмір сүру, содан кейін пәлсәпәлау»** (privus vivere deinde philosophari) өмір сүруге тырысты.

Алайда саяси қызметте ешқашанда тұрақтылық болмайды. Сондықтан Флоренциядағы Республика құлап, оның орнына Медичилер келген кезде, ол жұмысынан қуылып, өзінің жеке иелігіне кетеді. Осы кезде рухани кемеліне келген Н.Макиавелли өзінің негізгі: **«Патша», «Флоренция тарихы», «Тит Ливийдің бірінші декадасы жөнінде»** т.с.с. еңбектерін жазады.

Макиавеллидің адам тұжырымдамасы

Адам мәселесін Н.Макиавелли діни көзқарастан айырып, толығынан табиғаттың туындысы ретінде шешеді. Адам өзінің жаратылысы бойынша **өзімшіл** келеді. Шамасы, мұндай көзқарасқа келуге алғашқы капиталдың қорлануы, басы бос ерікті адамдардың «өзім дегенде өгіздей қара күшім бар» деген сияқты іс-әрекеттері себеп болса керек. Сол кездегі экономика саласындағы ең белсенді топ – саудагерлер мен қолөнершілердің өмір салтын мүқият қарап, Н.Макиавелли адамның іс-әрекетінің ең терең түрткісі – ол оның **мүддесі** деген тұжырымға келеді. Адамдардың мүдделерінің көптүрлілігіне қарамастан, оның негізгісі – өзінің меншігін сақтау, және оны өсіруге, көбейтуге тырысу. «Патша» деген еңбегінде Н.Макиавелли «Адамдар меншігінен айырылғаннан гөрі, әкесін өлтіргенді кешіруі мүмкін», – дейді. «Меншік жөніндегі мүддеден кейін ғана абырой (onore) және сый-сияпат (onori) келеді», – дейді ұлы ойшыл.

Осындай адамға деген көзқарасты жан-жақты аңықтама ретінде пайдаланып, Н.Макиавелли өткен адамзат тарихын (ертедегі Грекия мен Римді) осы тұрғыдан қарайды. Мұндай көзқарастың тарихтағы түңілушілік сипатын айтпаса да көруге болады. «Адамдар жайында, жалпы алғанда, мынаны айтуға болады. Олар рақымсыз және тұрақсыз, алдау мен екіжүзділікке жақын, әлдебір төнген қауіптен қашады, оңай олжаға жүгіреді».

Адам табиғатының өшпес өзімшілдігі қажетті түрде мемлекеттік ұйымдардың пайда болуына әкеледі. Тек мемлекеттік күш, билік қана адамдардың өзімшіл іс-әрекетіне тосқауыл қоя алады, өмірдегі тәртіп қалай болуы керектігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды туды-рады. Сөйтіп, Н.Макиавеллидің ойынша, мемлекет адамдардың өз іс-әрекеттері арқылы дүниеге келеді, ал Құдайдың оған ешқандай қатысы жоқ.

Н.Макиавеллидің адамға деген көзқарастарының ғажап жері ол тек жеке адамның мүдделерін мойындап қоймай, сонымен қатар адамдардың **ортақ мүддесінің** негізінде **әлеуметтік топқа** айналу мүмкіндігін көрсетуінде. Ол Ертедегі Рим тарихын сараптай келіп, «ондағы қабылданған заңдардың сипатының ерекшелігі ондағы халық пен басқару топтарының арасындағы күрестерден шығатыны туралы» пікірге келеді. Өзінің әлеуметтік-саяси философиясында, Н.Макиавелли Құдайдың керектігін қажет етпейді, бәрі де адамның табиғаты мен тәлім-тәрбиесінен шығады. Оның ойынша, христиан діні алғашқы қалыптасқан мақсат-мұраттардан анағұрлым алшақтап кетті. Католик дінінің қызметкерлері Папамен бірге жемқорлық жолына түсіп, халық алдындағы абыройынан жұрдай болды.

Екінші жағынан, христиан дінінің моральдық қағидалары өзінің қасиетті, киелі адамдары ретінде мүсәпірлерді, өмірдің қызығынан бас тартқан адамдарды жұмаққа батыл іс-әрекеттерінің арқасында емес, көнбістігінің, зардап-азап шегуінің негізінде барғысы келгендер деп есептейді. Кейіннен XIX ғ. Ф.Ницше христиан дінінің моральдық қағидаларын сынағанда, осы Н.Макиавеллидің идеяларына ұқсас пікірлер айтады.

Ал мұның өзі Н.Макиавеллидің айтуына қарағанда, кертарт-палыққа әкеледі. Ол Грекия және Римнің өткен тарихында болған көпқұдайлыққа сүйсіне қарайды, өйткені олар белсенді адамдарды, батырлықты паш еткен.

– Дегенмен қоғамға дін керек, өйткені езілген, зардап шеккен халық дін арқылы өзіне рухани сүйеніш тауып, өмірдің қиындығына төзе алады, мемлекеттік тәртіп дінсіз мүмкін емес, – деген ащы пікірге келіп тоқталады ұлы ойшыл.

Н.Макиавеллидің сәттілік ұғымының мән-мағынасы

Қайта өрлеу заманындағы көп ойшылдар сияқты, Н.Макиавелли де өмірге деген самарқаулыққа теріс қарап, оған белсенділікті қарсы қойды. Ал адамның өмірін ол сәттілікпен (**фортунамен**) тығыз байланыстырды. Макиавелли заманындағы фортуна ұғымы, көне замандағы **фатумнан** (fatum – латын сөзі, тағдыр) анағұрлым бөлек. Егер фатализм адамның өмірі, жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті алдын ала болжанған, онда ешқандай таңдау, еріктік, кездейсоқтық жоқ, оған қарсы тұруға болмайды деп есептесе, фортуна ұғымы әлеуметтік қажеттілікпен теңелгенмен, ол ешқашанда адамның ерікті іс-әрекетін толығынан жоя алмайды. Н.Макиавелли: **«Елу де елу»** формуласына жақын фортуна біздің іс-әрекетіміздің жартысын өзіне көндірсе, екінші жартысы біздің өзіміздің еркіміз, өжеттілігіміз, қайрат-күшімізбен байланысты», – дейді. Сондықтан «абайлаудан гөрі батылдық жақсы», өйткені «фортуна – әйел, ал онымен тіл табысу үшін оны оқтын-оқтын сабап алу керек», неге десеңіз, ол «әйел ретінде жастардың досы, ал олар алды-артына қарамай, батыл түрде тарпа бас салып, оны өз еркіне көндіреді».

Алдына үлкен мұрат-мақсаттар қойып, оларды іске асыру жолында адамның батыл, тиімді іс-әрекеттер жасауын Н.Макиавелли **«вирту»** (virtu – лат. сөзі, айбындылық, қайраттық) деген сөзбен береді.

Алайда толыққанды виртуды іске асыру әрбір адамның қолынан келе бермейді. Қарапайым адамдар, әлбетте, өте жақсы да, жаман да емес, өздерінің жүріс-тұрыстарында «ортаңғы жолды» ұстайды, оның өзі үлкен нәтижелерге ешқашанда әкелмейді. Ал тарихтағы ұлы тұлғаларға келер болсақ, олардың жүріс-тұрысы, іс-әрекеті тіпті басқаша, олар алдына үлкен мақсаттар қойып, бүкіл санасезімін, еркін, күш-қуатын сол істі өмірге енгізуге тырысады.

Н.Макиавелли ұлы адамдардың іс-әрекетінің нәтижелілігі тек қана олардың айбындылығымен, виртумен ғана байланысты деген пікірден аулақ. Ұлы адамдардың қайратты іс-әрекетінің жемістілігі – сол заманның қойған талаптарына сай келуінде.

Қорыта келе, «вирту» ұғымы жаңа гуманистік моральдың негізгі көрінісі ретінде Қайта өрлеу заманының негізгі құндылығына айнала бастады. Өзінің мүдделерін өмірге кіргізу жолында адам фортунаны ауыздықтай алады. Адам – ерікті, саналы, айбынды, күш-қуаты мол пенде, ол алдына қойған мұраттарды іске асыра алады. Бұл Н.Макиавеллидің идеялары Жаңа заманның ой-санасына зор әсерін тигізіп, жалпы алғанда, жүре келе Батыс менталитетінің өзегіне айналады.

Н.Макиавеллидің саяси және моральдық философиясы

Н.Макиавелли көбінесе өзінің саясат жөніндегі толғаныстарымен тарихта қалған. Оның негізгі себебі феодалдық-қауымдық қоғамның ыдырап, оның орнына ерте капиталистік қатынастардың келе бастауы еді. Егер саясат осыған дейін діннің қолдауында болып, моральдық тұрғыдан әрқашан ақталып отырса, ол, негізінен, «ақсүйектердің ісі» болса, енді жаңа заманда төменгі қабаттардан шығып, аз уақытта сауда-саттық жасау арқылы байып, билікке ұмтылған адамдар пайда болды. Мұндай жағдайда саясат моральдық-діни шеңберден бірте-бірте шығып, өзінше дербес әлеуметтік құбылыс ретінде өзін көрсете бастады.

Н.Макиавеллидің көрегендігі – **саясаттың дербес құбылыс** ретінде үлкен **қоғамды өзгертуші** құрал екенін анықтау, оның моральдық құндылықтардан **бөлек табиғатын** ашу, саяси билік үшін күресін, содан кейін оны ұстап тұру әрекетін (қазіргі тілмен айтқанда, саяси технология) жасау болды.

Енді бұл арада біз **макиавеллизм** деген ұғымнан Н.Макиавеллидің шынайы көзқарастарын бөліп алып қарауымыз керек. Макиавелизм ұғымы бүгінгі таңда саясаттың арсыз, барып тұрған опасыздық түрін көрсетеді. Саясат құбылысында кездесетін: **екіжүзділік, алдап-арбау, қорқыту, күш жұмсау, айдап салу, сатып кету** т.с.с. барын **макиавеллизм** дейді. Яғни саясаттың толық моральдық шеңберден шығып кетуін, оның талаптарын аяққа басуды біз Н.Макиавеллидің атымен айтамыз.

Алайда мұндай көзқарас дұрыс болар ма екен, мүмкін, мұның өзі шынайы Н.Макиавеллидің өзінің шығармашылығынан туатын көзқарасқа сай келмеуі де ғажап емес болар.

Осы бағалау тұрғысынан алып қарағанда, біз расында да, үлкен қайшылықты байқаймыз. Әрине, Ортағасыр шеңберіндегі саясат жөніндегі түсінік қайта қаралды, саясаттың моральдан дербес, өзінше қажетті құбылыс екені анықталды, ал сонымен қатар Н.Макиавелли қайсыбір саясаткердің зорлық-зомбылығын, опасыз іс-әрекетін ақтаудан, әрине, **аулақ болды**.

Н.Макиавеллидің ойынша, мемлекет пен саясаттың қоғамдағы негізгі қызметі әртүрлі таптардың, әлеуметтік топтардың басын біріктіріп, **бүкіл ұлттық келісімнің** шеңберінен шығармау, қоғамды ыдыратып жібермеу, орталық билікті **мықты қолда ұстау** болды. Ал саясаттың моральдық сипатына келер болсақ, «мүмкіндігінше изгіліктен алыстамау керек, ал қажет болса, зұлымдықтан қашпау қажеттігі» туралы пікір айтқан-ды. Бірақ саясатты толығынан моральдық шеңберде ұстау мүмкін емес. Н.Макиавелли: «Тек қана өзінің ар-ұжданының

талабына сәйкес әрекет жасайтын саяси қайраткер өзіне мола қазады», – деген пікір айтады. Оған себеп – қоғам өміріндегі кейбір жағдайда қалыптасатын **«ащы шындықтың ақиқаты»**. Оны шешу үшін мемлекет басшысы зорлық-зомбылыққа шейін баруы мүмкін. Осындай жағдай қалыптасқанда, ол «қаталдықпен көп әуестенбеуі керек, қажет болған жағдайда оны тез арада қолданып, өзіне қарсылардың бытшытын шығаруға тиіс».

Халық мемлекеттік билікке, бір жағынан, қорқынышпен, екінші жағынан, сүйіспеншілікпен қарайды. Бірақ таңдауға келген жағдайда, халықты қорқынышта ұстау – сенімдірек. Саясаткер, бір жағынан, батыл, екінші жағынан, абай болуы керек. Бірақ шешуші жағдайда батылдық қажет. Ел бастысы, бір жағынан, арыстанға, екінші жағынан, түлкіге ұқсас болуы қажет.

– Қоғамдағы қайшылық өршіп, адамдардың өкіметке деген сенімі жойылған жағдайда күш қолданбай болмайды. Бірақ қалай дегенде де, жеңіс әрқашанда саясаткердің негізгі мақсатына айналуы керек, ал оған жететін құралдар әртүрлі болуы мүмкін. Сол жолда зорлық-зомбылық жасалса, ол қоғамдағы жағдайды дұрыстауға, тәртіпті орнына келтіруге ғана жұмсалып, тоқталуы қажет. Екінші рет зомбылықты қолданудан алшақ болу керек, – деген пікір айтады ұлы ойшыл.

Н.Макиавелли туралы «адамгершіліксіз саясаттың жақтаушысы» деген пікір жүздеген жылдар бойы сақталып келді. Тек XX ғ. екінші жартысында ғана бұл ойшылдың еңбектері терең зерттеліп, басқаша пікір қалыптаса бастады. Ағылшын елінің ұлы философы Б.Рассел бұл кісінің еңбектерін жоғары бағалап: **«Н.Макиавелли Ренессанс дәуірінің ең терең ойшылы»**, – деген пікір айтты.

Батыс елдеріндегі көп ғалымдар Н.Макиавеллиді қазіргі саяси философияның негізін қалаушы ретінде бағалайды. Біздің ойымызша, XIV ғ. өмір сүрген араб ойшысы Ибн-Халдунды бұл орынға қоюға әбден болар еді, өйткені ол Н.Макиавеллиден бір жарым ғасыр ерте өмір сүрген болатын. Бірақ, қалай дегенде де, біздің ел сияқты ондаған мемлекеттер демократия жолына түсіп, қоғамда терең саяси өзгерістерді тудырып жатқан уақытта Н.Макиавеллидің саясат пен моральдың айырмашылығы жөніндегі терең ойлары ешбір адамды жайбарақат қалдырмайды.

§ 5. Діни реформация және оның капиталистік қатынастардың қалыптасуы мен дамуындағы рөлі

Қайсыбір өтпелі заманда рухани өмір де түбегейлі өзгерістерге түседі: ескі өмір құндылықтары әлсіреп, жаңа әлеуметтік нормалар, дүниесезім мен дүниетаным өмірге келеді.

Осы тұрғыдан қарағанда, Қайта өрлеу заманы христиан дінінде үлкен өзгерістерді тудырды, өйткені моральдық жағынан азғындаған рим-католик шіркеуі халықтың санасында теріс баға алып, Римнен жіберілген әртүрлі аймақтардағы дін басшылары жемқорлық жолына түсіп, қалың бұқараның санасында негізгі езушілер ретінде түсінілді.

Мұндай жағдайда христиан дінінің алғашқы нұсқаларына қайта оралып, оны ортағасырлық схоластикалық бүркемелерден тазарту өзекті мәселелердің біріне айналады. Осы үлкен көлемді іске барлық жантәнін берген неміс теологы **Мартин Лютер** (1483-1546 жж.) болды.

М.Лютер рим-католик шіркеуінің Құдай мен адам арасындағы дәнекерлік қызметін теріске шығарып, адамның жалғыз ғана Құдайға деген сенімі оның құтқарылуына жеткілікті деген пікірге келді. Құдайға қызмет ету дін қызметкерлерінің ғана ісі емес, бүкіл халықтың, әр адамның борышы деген пікір айтты. Ал мұның бәрі шіркеудің билігін әлсіретіп, оның догматтарын қысқартты. Мысалы, жеті діни рәсімнің екеуі ғана қалды ол – шоқындыру және «причащение» деп аталатын діни мереке. Икондар алынып тасталды.

М.Лютер дін мен философияның, сенім мен ақыл-ойдың арақатынасына үлкен ор қазып, христиан дінінің негізгі құжаттарын, киелі кітаптарын ақыл-оймен талдаудың мүмкін еместігін айтты. М.Лютер: «Ақыл-ой – шайтанның жезтырнағы және сенімге қарсы қылмыс», – деген сөзге дейін барды.

Олай болса, адам өз ақылы мен еркінің шеңберінде күнәдан құтыла алмайды, өйткені алғашқы текті күнә оның табиғатын бұзды. Бұл мәселе бойынша оның пікірі Августиннің ойына жақын болды.

Христиан дінін жаңа өмірге сай етіп өзгертуге өзінің үлесін қосқан екінші ойшыл – ол **Жан Кальвин** (1509-1564 жж.) «Христиандық сенімге тәлім» деген еңбегінде: «Сенгеннің надандығы білем дегеннің өркөкіректігінен жақсы», – дейді. Ж.Кальвин адамның өмірінің өркөкіректігінен толығынан Құдайдың еркіне, алдын ала болжауына тәуелді екенін айтады. Ең ақыры, Иса пайғамбардың өзі барлық адамзат үшін емес, тек қана оның кішкентай таңдалған бөлігі үшін зардап шегіп өлді. Ал, бірақ ол ешкімге белгісіз.

Ж.Кальвин Қайта өрлеу заманындағы гуманистердің «фортуна» ұғымына үзілді-кесілді қарсы шығып, «фатум» ұғымын биік дәрежеге көтерді, өйткені ол – Құдайдың адам тағдырын алдын ала болжауы.

Ж.Кальвин Киелі кітапта айтылған «Шақырылғандар көп, таңдалғандар аз» деген қағиданы толықтырып, «тек кім таңдауға алынды, оны ешкім білмейді» деген пікірге келеді. Олай болса, әрбір адам өзін таңдауға іліккен деп ойлауы мүмкін. Егер ол өз кәсіби еңбегінде белгілі бір жетістіктерге жетсе, онда ол оны Құдайдың мені қолдағаны деп есептеуіне болады. Ал біз ол кезде алғашқы капиталдың қорланғанын

еске салсақ, Кальвиннің бұл қағидасы алғашқы іскер адамдарға өздерінің Құдай қалаған адамдар екенін сезінулеріне зор әсерін тигізді.

Батыс Еуропадағы жаңа қалыптасып жатқан капитализмге адамгершілік бағыт берген – көбінесе, Ж.Кальвиннің тақуалық ілімі. Егер сенің істерің саған олжа әкелсе, онда сен масаттанба, тәкаппарланба, керісінше, Құдай қолдағаннан кейін, кемтарларға көмектес, байлығыңды шашпа, жаңа жұмыс орындарын аш т.с.с.

Сонымен, кальвинизм капиталдың қорланып өсуіне, кәсіби іскерліктің Құдай қалайтын, адамның абыройын көтеретін, сонымен қатар өте жауапты іс екендігіне, Жаңа дәуірдің моральдық құндылықтарын анықтауға атсалысты.

Бүгінгі Қазақстан қоғамында өтпелі дәуірдегі нарықтық экономика, жеке меншіктің қалыптасуы рухани қолдау таппай отыр. Біз басқа елдердің өмір салты, деңгейі, тұтынатын тауарлары, мәдениеті жөнінде көп ақпараттар аламыз. Біздің адамдар «көпшілік мәдениеті» атанған шетел фильмдерін көріп, ондағы өмір жайында «безендірілген», көбіне ақиқатқа сай келмейтін пікірлерге ие болады. Сондықтан жаңа пайда болған іскерлер жинаған ақшалары, капиталын халық ізгілігіне жұмсаудың (жаңа жұмыс орындарын ашу, мәдениетті қолдау, кемтарларға, карылерге көмектесу т.с.) орнына, дереу үлкен сарай салып, астына шетелдегі байлар сияқты қымбат машина мінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, қазір біздің де сонау Қайта өрлеу заманында болған реформацияға ұқсас рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, оны қоғамдық қатынастарға тезірек тиімді түрде енгізуіміз қажет.

§ 6. Қайта өрлеу заманындағы ғылыми жетістіктер және олардың философиялық-ой пікірге тигізген әсері

Қайта өрлеу заманындағы жаңа келе жатқан капиталистік қатынастар жаратылыстану ғылымдарына қарай бетбұрысты туғызды.

Негізінен, ғылым Ортағасырдағы ашылған университеттер мен суретші, мүсінші, сәулетші т.с.с. өнер қайраткерлерінің шеберханаларында дамыды. Егер университеттерде схоластикалық ағым осы уақытқа шейін әлі де басым болса, шеберханаларда математика, геометрия сияқты ғылымдар жақсы дами бастады. Адамның дене құрылысының өлшемі терең зерттелді. Сәулетшілер үлкен ғимараттардың жобасын жасау жолында олардың геометриялық пропорцияларын зерттейді. Механикалық заңдылықтарға көңіл бөледі.

Ғылым мен өнер саласында Қайта өрлеу заманының ең жан-жақты дамыған тұлғасы, тарихта өз ізін қалдырған **Леонардо да Винчи** (1452-1519 жж.) болды. Ұлы суретші, мүсінші, инженер, ойлап тапқыш –

ол өз заманы емес, бүкіл адамзат тарихында болған шығармашылық мүмкіншілігі ғажап адам еді. Оны біз тіпті жан-жақты дамыған адамның мұраты деп атасақ, артық болмас.

Ол өзінің әйгілі «Джоконда сымен» (Мона Лиза) я болмаса «Құпия кешкі отырыс» суреттерімен ғана емес, сонымен қатар ғылыми-анатомиялық, физиологиялық зерттеулерімен, неше түрлі техникалық жобаларымен (қазіргі танкті, мата тоқу станогін, әуе ұшағын, парашютті, гидротехникадағы шлюздерді ойлап шығарған) тарихта мәңгі қалды. Ол өз заманында механика, физика, астрономия, геология, ботаника, анатомия және физиология мәселелерімен айналысты.

Өзінің философиялық көзқарастарында Л. да Винчи адам мен табиғатты салыстырып, адамның дүниедегі барлық тіршіліктен жоғары екенін, ал ол жасаған мәдениет туындылары табиғаттың «жасаған» заттарынан анағұрлым биік екенін көрсетті.

Өз заманындағы схоластикалық ғылымға қарсы шығып, Леонардо да Винчи эмпиризмнің алғашқы нышандарын жасады. Тәжірибе арқылы ғана ақиқатқа жақындауға болады. Ары қарай тереңдеу үшін мақсатқа лайықты тәжірибе-эксперимент керек. Бірақ табиғат тәжірибеден тыс қалған көп себептерден де тұрады. Сондықтан ақиқатқа жетудің соңғы жолы – теория. «Ғылым қолбасшы болса, нақты іс-қимыл – әскер», – дейді Л. да Винчи.

Адам айнала қоршаған дүниені тек қана ғылыми жолмен танып қана қоймайды. Өнер – ол да танымның ерекше жолы.

Егер ғылым дүниенің сандық жағын ғана зерттей алатын болса, онда өнер дүниенің сапалық, қайталанбайтын, әсем, нақтылы жағын көрсете алады. Бұл жағынан ұлы суретші өнер ғылымнан биік деген пікірге келеді. Расында да, Л. да Винчи шығармаларын алып қарасақ, онда адамның дене құрылысының өлшемдері анатомия ғылымына сәйкес, ал бет-әлпеті мен жан дүниесін ол терең психолог ретінде көрсете білген.

Н.Коперниктің дүниеге деген көзқарасқа енгізген төңкерісі

Астрономия ғылымы көне заманда пайда болған ілімдердің біріне жатады. Ертедегі көшпенділер аспандағы жұлдыздар мен планеталарға қарап, өздерінің бағыттарынан таймай, көшіп-қонып отырған. Біздің қарастырып жатқан Қайта өрлеу заманындағы астрономияның ары қарай дамуына түрткі болған теңіз сауда-саттығын жасау, алыс елдерге мұхитты қақ жарып бару болды. Ол үшін теңіз жолдарын ары қарай мұқият анықтау қажеттігі астрономиялық ізденістерді жандандырды. Екінші үлкен мәселе – Юлий Цезарь заманында жасалған күнтізбені түзеу, ол да астрономиялық зерттеулермен байланысты болды.

Үшіншіден, сонау көне заманда жасалған Птоломейдің геоцентрлік жүйесі діннің қағидаларына сай келгенмен, жаңа уақытта іс жүзінде ескірді.

Осындай жағдайда поляк ғалымы **Н.Коперник** (1473-1543 жж.) астрономия ғылымына өзінің түбегейлі өзгерісін енгізді. Негізгі еңбегі – «Аспан аймақтарының айналуы туралы». Бұл еңбектегі негізгі идея – Жер ғарыштың ортасы емес, ол, біріншіден, өзінің діңгегінен айналады, екіншіден, Күнді айналады; Күн – дүниенің ортасында тұрған шамшырақ (гелиоцентризм) Бұл жаңа болжам күн мен түннің ауысуын, планеталардың орбиталарын жете түсінуге мүмкіндік берді. Н.Коперник Айдың Жерді айналатыны жөнінде де алғаш болжам жасады.

Сонымен қатар Н.Коперник бұрынғы аристотельдік-птоломейлік жүйенің кейбір қағидаларын қалдырды. Ол – алыстағы қозғалмайтын жұлдыздарды бұл дүниенің шеті деп түсіну және жер мен басқа планеталардың орбиталарының бәрі де дөңгелек, ал қозғалыстары біртекті деген пікірлер.

Бірақ мұндай кемшіліктеріне қарамастан, Н.Копернитің ашқан жаңалығы діни көзқарасқа үлкен соққы жасап, Жаңа дәуірдегі ғылымға аттанатын жол ашты.

Джордано Бруноның натур-философиялық ілімі

Қайта өрлеу заманының ұлы тұлғасы **Джордано Бруно** (1548-1600 жж.) ғылыми ақиқатты батыл қорғап, сол кездегі инквизицияға қарсы шықты.

Ол дүниеге деген пантеистік көзқараста болды. «Құдай дегеніміз – шексіздіктегі шексіздік, ол барлығында: барлық жерде, олардан бөлек, я болмаса жоғары емес…». «Табиғат дегеніміз – ол заттардың ішіндегі Құдай» деген пікір таратқан. «Барлық заттар ғарыштың ішінде, ғарыш барлық заттарда, біз оның ішінде, ол бізде», – деген Д.Бруно ойы ертедегі философиядағы микро және макрокосмның теңдігін көрсеткендей болады.

Құдайдың өзі сол табиғат болғаннан кейін, Д.Бруно бүкіл дүниенің жаны бар деп түсінеді. Дүниежүзілік жан – заттарды қалыптастыратын, олардың ішкі күш-қуаты. Олай болса, бары де мақсатқа лайықты өмір сүреді (телеологизм). Ал оны білу – ғылымның негізгі ісі, – деп түсінді Д.Бруно.

Д.Бруно тағдырына аянышты әсерін тигізіп, оны тарихи тұлғалық дәрежеге көтерген, әрине, оның космологиялық идеялары. Ол Н.Копернитің идеяларын ары қарай дамытып, «Күн – біздің дүниенің орталығы ғана, ал ғарышты алатын болсақ, ондағы саны шексіз

жұлдыздардың әрбіреуі – өзінше Күн және олардың да планеталары бар. Ал онда өмір, рух болуы мүмкін», – деген батыл болжам айтты. Әрине, мұндай көзқарастың тарауына христиан шіркеуі үзілді-кесілді қарсы болды.

Сондықтан ол 1592 ж. ұсталып, түрмеге түсті. Инквизиторлар сегіз жыл бойы ұлы ойшылға: «Көзқарастарыңнан бас тартсаң, өміріңді қалдырамыз», – деді. Бірақ Д.Бруно олардың ықтиярына көнбей, ақырында отқа жағылды.

Қорыта келе, философия бірте-бірте діни көзқарастан алшақтап, ақыл-ой елегінен өткізілген нақтылы өмірден алған тәжірибеге сүйене бастады. Табиғат жөніндегі ғылыми деректердің, табиғи құқық және моральдық мәселелердің мәні өсе бастады. Ал бұл үдерістер Жаңа дәуірдегі ғылымның, жалпы танымның негіздерін қайта қарауға, философияның жеке ғылымдармен тығыз байланысының орнығуына әкелді. Сонымен, келесі тарауда жаңа капиталистік қоғам дүниеге келіп тудырған философияға тоқталатын боламыз.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Қайта өрлеу заманы деп қай ғасырларды айтамыз?
2. Гуманизм дегеніміз не?
3. Қайта өрлеу заманы адам мәселесін қалай шешеді?
4. Н.Кузанскийдің өзінің негізгі еңбегін «Ғылыми білімсіздік» деп атауының сыры неде?
5. Н.Кузанский сенім мен ақыл-ой мәселесін қалай шешеді?
6. Н.Макиавеллидің адам туралы ілімінің ерекшелігі неде?
7. Н.Макиавелли саясат пен моральды бір-бірінен қалай ажыратады?
8. Фортуна дегеніміз не?
9. Діни реформациядағы М.Лютердің енгізген өзгерістері қандай?
10. Жан Кальвиннің діни философиясының ерекшелігі неде?
11. Н. Коперниктің ғылымға енгізген төңкерісі неде?

Рефераттар тақырыбы:

1. Қайта өрлеу заманы философиясындағы гуманистік ағым.
2. Николай Кузанский – Қайта өрлеу заманының көрнекті философы.
3. Н.Макиавеллидің әлеуметтік-саяси көзқарастары.
4. Н.Макиавеллидің саясат пен моральдың қарым-қатынасы жөніндегі көзқарастары.

5. Діни реформация – Қайта өрлеу заманындағы рухани өзгерістердің айқын көрінісі.
6. Л. да Винчи – Қайта өрлеу заманындағы жан-жақты дамыған тұлға.
7. Н.Коперниктің ғылымда жасаған төңкерісі.
8. Дж.Бруно және оның философиялық көзқарастары.
9. Протестанттық этика және оның маңызы.
10. Қайта өрлеу заманындағы фатум және фортуна мәселелері.

Ойланыңыз:

Фортуна өте мейірбанды адамдардан гөрі, не болса сол болсын деп батыл кірісетін адамдарды сүйеді (Эразм Роттердамский).

Менің адалдығым мен сенімділігімнің кепілі – менің кедейлігім. (Н.Макиавелли).

Қайсыбір философияның бастауында – таңғалушылық, дамуында – зерттеулер, соңында білместік жатыр (М.Монтень).

Сен өздеріңнің қағидаларыңмен дүниені төңкеріп тастағың келеді, – дейді біреулер. Бірақ төңкеріліп жатқан бұл дүниені төңкергеннің несі жаман (Дж.Бруно).

Адам – көп түрлі өзгеретін табиғаты бар жануар (Пико делла Мирандолла).

Қандай қиындық болса да, өмірден бас тартпа (М.Монтень).

Құдай басқа тіршіліктердің бәрінің бейнесі мен қалпын шеңберлеп, олардың алатын орнын анықтаған. Тек сен ғана, адам, ешқандай шеңбермен қысылған жоқсың, сондықтан өз бейнеңді өз шешіміңмен анықтай аласың (Пико делла Мирандолла).

V тарау. Жаңа уақыт мәдениетіндегі Батыс Еуропа философиясы

Кіріспе сөз

XVII ғ. бастап Батыс Еуропа топырағында капиталистік қатынастар қарқынды дами бастайды. Жалпы алғанда, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси ахуалы, қоғам мен табиғатты танып-білу қажеттіктері философия саласында болмыстық мәселелерден гөрі, ғылымды дамыту қажеттіктері жаңа ұйымдардың, мекемелердің пайда болуына себеп болады. Оларды сонау Платонның заманынан келе жатқан **«академия»** деген сөзбен атай бастайды. 1560 жылы Неаполь қаласында «Табиғат құпиясын зерттеу академиясы», осы кезде Англияда «Лондондағы корольдық қоғам», Парижде «Жаратылыстану академиясы» құрылды. Бұл академиялардан тәрбие алған Роберт Бойль қазіргі физика мен химия ғылымдарының алғашқы кірпіштерін қалаған, Исаак Ньютон механика ғылымының негіздерін жасаған, Христиан Гюйгенс алғашқы маятникті, сағатты ойлап шығарған т.с.с. тұлғаларды айтып өтуге болар еді.

Бұл уақытта жаратылыстану саласында алға озып шыққан **механика** ғылымы болды. Оның негізгі себебі – өндіргіш күштерді дамыту, жаңа машиналар мен неше түрлі механизмдерді жасау қажеттіктері болатын. Әрине, жаратылыстану саласындағы мұндай күрделі өзгерістер философия саласына зор әсерін тигізіп, **материализм** ағымының **механистік** түрін тудырды. Ол Қайта өрлеу заманында дүниеге келген органистік материализмді ауыстырды. Ал мұның өзі сол кездегі қоғамдық санадағы басым діни көзқарасты төңкеріп тастамағанмен, оның бітімін өзгертті. Біріншіден, діни фанатизм бірте-бірте азайып, оның орнына діни төзімділік, әрбір адамның қандай дінге сенуге деген құқы мен талғамы іс жүзінде сақтала бастады. Ғылым мен діннің арақатынасы бұрынғыдай «қос ақиқат» принципі арқылы шешіліп, сонымен қатар деистік (deus – латын сөзі, құдай) бағыт, күш ала бастайды. Деизм бағыты Құдайды мойындағанмен, оны тек Әлемді алғашқы жаратқан күш ретінде ғана түсінеді, ал содан кейін жаратылған Табиғат өз заңдылықтарының негізінде өмір сүре бастайды, Құдай тағала оның өміріне енді ешқандай әсерін тигізбейді. Мұндай көзқарас ғалымдардың табиғаттың терең жатқан сырларын ашуына кеңінен жол ашты.

Ал жаратылыстану ғылымдарының өзіне келер болсақ, онда бір-біріне қарсы тұрған екі әдіс кеңінен қолданыла бастады. Ол, бір жағынан, табиғат құбылыстарын тәжірибелік жолмен байқап зерттеу, екінші жағынан, дүниені математикалық-дерексіздік жолмен сараптау. Мұндай жағдайлар философия саласында ғылымға деген үлкен үміт

тудырады, жаңа зерттеулер тұрғысынан Орта ғасырларда дүниеге келген схоластикалық ойлау жүйесі қатты сынға алына бастайды. Тарихта болған ұлы тұлғалардың ешқандай ой-пікірі жаңа дамып келе жатқан жаратылыстану ғылымдарына кедергі болмауы керек, олар ерікті түрде өз пәнін зерттеуі қажет деген ой қоғамдық санада басымдыққа ие болады.

Ғылым Құдайға қарсы емес, керісінше, ол табиғаттың терең заңдылықтарын ашып, Жаратушының құдіреттілігін көрсетеді деген пікір кеңінен таратылады. Мінеки, осындай қайшылықты жол Жаңа дәуірдегі философияны тудырып, оны ары қарай дамытады. Енді нақтылы түрде соған назарымызды аударайық.

§ 1. Ф.Бэкон – Жаңа дәуірдегі философияның алғашқы өкілі

Ағылшын философы **Френсис Бэкон** (1561-1626 жж.) – сол кездегі ақсүйектер тобынан шыққан, Кембридж университетінде білім алып, соңынан саясатпен, дипломатиялық жұмыспен айналысқан тұлға. Оның мемлекеттік қызметте жеткен шыңы – ол 1618 ж. ең жоғарғы лорд-канцлерлік – әкімшілік орынға ие болады. Король Яков I оған Верлуам деген жердегі үлкен қорғанды сыйға тартып, «Верлуам лорды» деген атақ береді. Алайда саясатта тұрақтылық жоқ, сондықтан жүре келе, ол бұл саладан кетуге мәжбүр болады. Енді оның философиямен айналысуына жол ашылады.

Ф.Бэконның қол астынан шыққан еңбектерінің ішінде **«Ғылымдардың қадірлілігі мен көбеюі туралы», «Жаңа Органон», «Жаңа Атлантида»** деген еңбектерін атап өтуге болады.

Ф.Бэконның шығармаларының ерекшеліктері – білімнің өмірге деген қажеттіліктен пайда болатындығын асыра көрсетуі. Ол әсіресе табиғатты зерттеудің қажеттігіне көп көңіл бөледі, ал оның негізгі жолы – **тәжірибелік** зерттеулер. «Не іс-әрекетте пайдалы болса, ғылымда да ақиқатты», ғылымның жетістіктері мен жемістері – оның ақиқаттығының көрінісі», – дейді ұлы ойшыл.

Тәжірибені талдай келе, Ф.Бэкон оны екіге бөледі. Олар – **жемісті** тәжірибе мен **сәулелі** тәжірибе. Біріншісі өмірге пайдалы нәтижелер әкелсе, екіншісі табиғаттың терең сырларын ашуға көмектеседі. Сәулелі тәжірибелер өмірге дереу пайда әкелмегенімен, жемісті тәжірибелерді жүргізуге көмек береді, басқаша жағдайда олар сарқылып қалар еді.

Ғылымның дамуына сондай үлкен мән берген ғалым оны салаға бөлу мәселесіне көп көңіл бөледі. Оның ойынша, адамның жан дүниесіндегі үш қабілеті ғылымды топтастырудың негізінде жатуы қажет. Олар: 1) есте сақтау; 2) қиял; 3) ақыл-ой. Есте сақтау қасиетіне сай ғылым – **тарих**, қиялға – **поэзия**, ақыл-ойға – **философия**.

Тарих ғылымын Ф.Бэкон екіге бөледі. Олар – **жаратылыстану тарихы** (historia naturalis), екіншісі – **азаматтық тарих** (historia civilis).

Қиялға негізделген поэзия дүниені шынайы бейнелемей, керісінше, адамның жүрегінен, сезімінен шығатын талаптар тұрғысынан көрсетеді.

Ал енді философияға келер болсақ, оның пәні үш мәселені қамтиды. Олар – Құдай, Табиғат және Адам мәселелері. Өз заманындағы түсініктерге сай, Ф.Бэкон Құдай мәселесін «қос ақиқат» тұжырымы арқылы қарайды. Философия саласында Құдайды ақыл-оймен танып-білу мүмкін емес. Сондықтан ол теологияның шеңберінде сенім арқылы қаралуы керек.

Ал табиғат философиясына келсек, Ф.Бэкон оны да екіге бөледі. Олар – теориялық және іс жүзіндегі философия. Теориялық философия сәулелі тәжірибелерге негізделсе, іс жүзіндегі философия жемісті тәжірибелерге сүйеніп, табиғатта бұрын-соңды болмаған жаңа заттар мен құбылыстарды тудырады.

Адам мәселесі де екіге бөлінеді. Табиғат туындысы ретінде оны философиялық антропология (philosophia humana), ал қоғамның мүшесі ретінде азаматтық философия (philosophia civilis) зерттейді.

Таным мәселелері

Ф.Бэконның ойынша, ғылым салаларында ғасырлар бойы қалып-тасып, адамның дүниетанымына кесірін тигізетін нәрселер бар. Ең алдымен оларды сыртқа шығарып әшкерелеу қажет. Сонда ғана жаңа әдістерге жол ашылып, зерттеулердің тиімділігі артады. Сол ғылымдағы кедергілерді Ф.Бэкон «идолдар», я болмаса «елестер» дейді. Олар – төртеу.

Бірінші елес – **тектік** идолдар (idola tribus). Олар адамның жаратылысынан, жалпы табиғатынан шығады. Оны біз қазіргі тілмен «антропоморфизациялау» деп айтар едік. Ол сонау көне заманда пайда болған мифологияға келіп тіреледі. Адам табиғаттағы сырлы құбылыстарды танып-білуге бағытталған кезде, оларды «өзіне ұқсатып» түсіндіруге тырысады. Текті елестер ең тұрақты, оларды толығынан жою мүмкін емес. Ф.Бэконның бұл айтқан ойларын растау үшін мынандай мысал келтірейік. Адамдардың мыңдаған жылдар бойы арман еткен басқа дүниелердегі ақыл-оймен, рухпен кездесу қиялы XX ғасырда ғарыштан ұшып келген тәрелкелер туралы неше түрлі аңыздарды тудырды. Ол қазіргі заманның тудырған мифтері бойынша, ұшып келген тәрелкелердің ішінен шыққан пенделер нақ жердегі адамдар сияқты екі аяқты, екі қолды, екі көзді, тек олардың түсі көкшіл екен т.с.с.

Әрине, кең ғарыштың кеңістігінде басқа жұлдыздар аясындағы планеталарда өмір және сол өмірдің биік ғажап шыңы – рух пайда болуы

мүмкін. Бірақ ол рухтың иесі тек адам сияқты болуы тіпті қажетті емес. Бірақ адам оны өзіне ұқсатып көргісі келеді... Ал бізге ең жақын орналасқан жұлдыздың қашықтығы 5 сәулелік жыл екенін ескерсек (яғни секундына 360 мың км. жылдамдықпен ұдайы 5 жыл ұшу қажет!!!) және А.Эйнштейннің салыстырмалы теориясына сай ондай жылдамдықтың шеңберінде заттың салмағы күрт өсіп, кеңістіктегі алатын орны қысқарып, уақыт баяуласа, онда қайсыбір тіршілік түрі мұндай қашықтықты өте алмайтындығына көзіміз жетеді. Сөйтіп, ғылыми тұрғыдан қарағанда, «тәрелке мифінің» орынсыз екенін көруге болады. Міне, бұл – Ф.Бэконның айтқан тектік идолдарының бүгінгі таңдағы бір көрінісі ғана.

Екінші елес – ол **үңгір** идолы (idola specus). «Әрбір адам белгілі бір отбасында, белгілі бір жерде дүниеге келіп, тәрбиеленеді, ересек адамға айналады. Біреу – адам түгіл, Құдай да ұмытқан ауылда, екіншісі – аудан орталығында, үшіншісі астанада, ия болмаса үлкен қалада туып, тәрбиеленеді. Біреу кедей, екінші ауқатты отбасында өсіп-өнеді, көбінесе соған сәйкес білім алуға, өмірде өз орнын табуға мүмкіндіктер ашылады. Ол адамның болашақ тағдырына өзінің зор ықпалын тигізбей қоймайды. Ол сол өзін қалыптастырған «үңгірден» дүниеге қарайды, ал оның өзі «табиғаттың сәулесін әлсіретіп бұрмалайды», – дейді ұлы ойшыл. Ал бұл елестен құтылу жолы – дүниеден алған жеке тәжірибені жалпыхалықтық тәжірибемен ұштастыру болмақ.

Үшінші – **алаң**, ия болмаса **базар** елестері (idola fori). «Олар қарапайым адамдар жиналған жерлерде пайда болады. Оның қайнар көзі – зат пен соны көрсететін, бейнелейтін сөзді толығынан теңеу. Ал шынына келсек, сөз – затқа қойылған ат қана. Сөз көбіне заттың не екенін емес, оның адамдарға деген маңызын ғана көрсетеді», – дейді ұлы ойшыл. Егер сөзді затқа теңесек, онда көбіне біз «жалған даналық» жолына түсіп кетеміз. Бұл елеске берген сыннан біз Ф.Бэконның схоластикалық философияға қарсы бағытталған көзқарасын болжаймыз.

Төртінші, соңғы елес – ол **театрлар** идолы (idola theatri). Олардың дүниеге келу себебі – тарихтағы өмір сүрген даналарға, ұлы тұлғаларға толығынан сену, солардың уақытында жасаған ғылыми тұжырымдамаларын «соңғы өзгермейтін мәңгі ақиқат» ретінде түсіну. Мысалы, белгілі бір мәселе бойынша: «Аристотель былай деп айтқан, ал сіз Аристотельден де ақылдысыз ба?» – деген дау-дамайдан сол адамның «театр елесінің» шеңберінде екенін байқаймыз. «Ақиқат беделдің емес, тек өз заманындағы уақыттың қызы», – деп қорытады Ф.Бэкон. Жуықта ғана келмеске кеткен Кеңес заманының негізгі елесі осы «театр елесі» болды емес пе? Тек беделділердің аттары ғана өзгерген жоқ па? Олар К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин т.с.с. болды.

Бүгінгі таңдағы қоғамды демократизациялау, көппікірлік принципке көшу бұл елестің өмірден кетуінің себебіне айналып отыр.

Сөйтіп, жоғарыда көрсетілген идолдар қандай күшті болғанмен, ғылым жолына түскен адам өзінің ақыл-ойын, дүниетанымын олардан тазарту керектігін айтады ұлы ойшыл. Бұл пікірге толығынан қосылуға болады.

Тәжірибелік-индуктивтік әдістеме жасау

Ғылым жолын неше түрлі елестерден тазартқаннан кейін, Ф.Бэконның алдында жаңа зерттеу жолдарын жасау мәселесі тұрды. Ол үшін ең алдымен сол кездегі философиядағы дерексіз-схоластикалық әдістерді сынау қажет болды. Олар – нәтижесіз. Белгілі бір жалпы ұғымдарға негізделген табиғаттың өзіне, сондағы құбылыстарға назар аудару керек. «Табиғаттың нәзік сырлары көп тұжырымдардан анағұрлым терең», – дейді Ф.Бэкон.

Әрине, ойшыл жалпы ұғымдар керек емес деп, оларды толығынан теріске шығарды деген пікірден біз аулақпыз. Әңгіме сол жалпы ұғымдардың қалай шығарылғанында. Егер олар кездейсоқ деректерді жалпылаудың негізінде пайда болса, онда олардан шығарылған тұжырымдар бізді жалған жолға түсіреді, адастырады.

Жалпы ұғымдар тәжірибеден шығуы керек. Бірақ біз оны әрқашан сынап, ой елегінен өткізіп отыруымыз қажет. Ғалым адам жолында жатқанның бәрін жинай беретін құмырсқаға (сол кездегі алхимиктер), сонымен қатар бәрін өз ішінен шығарып, өзінің торын тоқитын өрмекшіге (сол кездегі схоластар) ұқсамауы керек. Ол әрбір гүлге қонып, оның нәрін жинап, оларды қайта өңдеп балға айналдыратын араға ұқсас болуы қажет», – деп қорытады Ф.Бэкон.

Жекеден жалпылыққа өрлеуді – индуктивті әдістемені – алғаш рет Ф.Бэкон дүниеге келтірді десек, онда ол шындыққа лайықты болмас еді. Өз заманында ұлы Аристотель жалқыдан жалпыға көшу әдістемесін жасаған болатын. Орта ғасырларда да бұл әдістеме мүлде ұмыт болған жоқты.

Ф.Бэконның бұл әдістемеге енгізген негізгі жаңалығы – тек қана белгілі бір ұғымды дәлелдейтін деректерді ғана емес, сонымен қатар оған қайшы келетіндерді де зерттеу, олардың себебін табу болды.

Жалқыдан жалпыға жету жолында үш кесте жасау керек. Олар: tabula presentiae – деректердің болу кестесі, екінші – tabula absentiae – деректердің болмаған кестесі, үшінші – tabula graduum – деректердің азды-көпті болуының деңгейін көрсететін кесте. Зерттеу жолында бұл кестелер толтырылғаннан кейін, соларды салыстыру арқылы белгілі бір ұғымдарды тудыруға мүмкіндік пайда болады.

Сонымен, Ф.Бэкон – жаңа дәуірдегі қалыптасып жатқан тәжірибелік ғылымның дамуына зор әсерін тигізген ұлы тұлға.

§ 2. Р.Декарттың рационалдық философиясы

Француз философы **Рене де Карт** (1596-1650 жж.) – Жаңа дәуір философиясына өз үлесін қосып, негізін қалаған ірі тұлға. Уақытында өз заманының жақсы оқу орындарында оқып, білім алған. Егер біз оны Ф.Бэконмен салыстырсақ, ол – бүкіл өмірін ғылым жолына арнаған тұлға.

Ұлы математик, механик, физиологияның негізін жасаушы, психолог Декарт Аристотельден кейінгі жан-жақты дамыған, философияны жеке ғылымдардың нәтижелерімен ұштастыра білген бірден-бір ойшыл болды.

Негізгі еңбектері: «Диоптрика» күн сәулесін зерттеуге, **«Метеорлар»** метеорологиялық мәселелерге арналған, **«Геометрия», «Философияның бастаулары», «Әдістемелер туралы ойлар»** т. с.с.

Болмыс мәселелері

Болмыс жөніндегі көзқарасында Р.Декарт дуалистік (екілік) көзқараста болды. Оның ойынша, жалпы дүние жөнінде екі субстанцияны мойындауға тура келеді. Олардың біреуі – материалдық, заттық, денелік субстанция. Оның негізгі атрибуты (қасиеті) – созылу, кеңістікте белгілі бір орын алу. Екінші субстанция – рух. Оның негізгі атрибуты – ойлау. Жан-дүние бір сәт те тоқтамай, тұрақты ойлайды.

Бұл бір-біріне тәуелсіз жатқан екі субстанция адам мәселесіне келген кезде үлкен қиындықтарды тудырады. Қалайша адамның денесі оның рухына, жан-дүниесіне, ал соңғы оның денесіне сондай үйлесімді әсерін тигізе алады? Оны өз кезіндегі жаратылыстану тұрғысынан түсіндіре алмай, Р.Декарт Құдай идеясына келуге мәжбүр болады. Оның ойынша, тек Құдай ғана дене мен ойдың үйлесімді қарым-қатынасын тудыра алады.

Бірақ Р.Декарт өзінің космогониялық (ғарыштың дүниеге келуі жөніндегі) болжамында Құдайдың рөлін тек қана материяны жаратып, оны алғаш рет қозғап жіберуімен шектейді. Ары қарай дүние өзінің табиғи заңдылықтарының негізінде қалыптаса бастайды. Құйын сияқты қозғалған материалдық бөлшектер қыза келе жұлдыздарға, Күнге айналады. Екінші ұсақ дөңгелек қозғалғыш элементтерден аспан пайда болса, ең соңында аз қозғалатын үлкен бөлшектер бір-бірімен қосылып, Жер және басқа планеталардың денесін құрайды.

Ал жер бетінде өмір сүріп жатқан тіршілікке келгенде, Р.Декарт бұрынғы философиядағы гилозоистік көзқарастардан бас тартады. Өз заманында Аристотельдің болжаған өсімдік пен сезімдік жандарын Р.Декарт жоққа шығарады. Оған себеп болған 1628 ж. Гарвейдің ашқан қан айналысы болса керек. Соған сәйкес, Р.Декарт жануардың өмірлік мүшесі – ол оның жүрегі деген пікірге келеді. Ол ғылымда алғашқы болып, жануарлардың **сыртқы әсерге жасайтын ішкі реакциясының** механизмін ашты. Оның ойынша, сыртқы әсерді миға жеткізетін – артериялар ішінде қозғалатын ең ұсақ қан бөлшектері. Әрине, бүгінгі физиология ғылымының тұрғысынан, мұндай пікірді тұрпайы деп бағалауға болар еді. Бірақ шартсыз рефлекстің алғашқы болжамын жасаған Р.Декарт екені даусыз. Сонымен, егер жануарлардың жан-дүниесі болмаса, онда олар – өте күрделі машиналар.

Адам дене ретінде жануар әлеміне жақын, сонда оның да машина болуы туралы заңды сұрақ ойға келеді. Оған Р.Декарт үзілді-кесілді теріс жауап береді. Біріншіден, адам мақсатқа лайықты іс-әрекет жасай алады. Ол қандай да болсын сырттағы қалыптасқан ахуалға үйлесімді жауап бере алады, өйткені ол ақыл-ой елегінен барлығын өткізіп, шешімін табады. «Адамның ақыл-ойы, зердесі – жан-жақты құрал», – дейді Р.Декарт. Адамның екінші ерекшелігі – ол сөйлей алатын пенде. Олай болса, адамның басқа тіршіліктен негізгі айырмашылығы – оның рухында.

Дүниетану мәселелері. Күмәндану принципі

Өзінің философиясының мықты негіздерін жасау үшін Р.Декарт: «Бәріне де күмәндану керек», – деген шешімге келеді. Осы тұрғыдан сезімдік танымға келсек, ол көбіне бізге дүние жөнінде жалған пікір тудырады. Төртбұрышты нәрсеге алыстан қарасақ, ол дөңгелек сияқты болып көрінеді. Суға салынған таяқ сынған сияқты, Күн кішкентай және жылы зат сияқты көрінеді. Кейбір кезде көзбен көргенді ұйқыдағы түспен шатастырып алуымызға болады. Ғылымдағы деректерге де күмәнденуға болады. Сөйтіп, ең ақырында, біздің жан-дүниеміз толығынан күмәнға толады, онда бірде-бір күмәнданбайтын ақиқат қалмайды...

Олай болса, мұндай тұңғиықтан шығатын жол бар ма? Шашынан ұстап, өзін судан шығарған Мюнхаузен сияқты, Р.Декарттың ойынша, бұл тұңғиықтан шығаратын сол баяғы **күмәндану** екен, өйткені барлығына күмәнданғанмен, сол сәтте күмәнданып отырғаныңа күмәндана алмайсың. Онда мынандай тұжырымға келуге болады: **«Ойлаймын, олай болса, өмір сүремін»** (cogito ergo sum). Р.Декарттың ойынша, бұл тұжырым жөнінде ешкім күмәндана алмайды.

Бұл тұжырымнан шығатын бірінші қағида: адам, негізінен алғанда, – ойлай алатын пәнде. Біздің ойымыз өзімізге тікелей берілген. Ал сезім арқылы берілетін адамның денесі және айнала қоршаған заттардың қасиеттері ой елегінен өткенде, тек қана бұл дүниеде болуы мүмкін сияқты беріледі. Мысалы, егер мен ойлау қабілетінен айырылсам, онда менің өмір сүріп жатқанымның дәлелі дереу жойылар еді. «Ойлаймын, олай болса, өмір сүремін» қағидасының тағы бір ғажаптығы – ол түсінікті, ашық және мөлдір.

Р.Декарт ойлауды өте көлемді де кең түрде түсінеді. Ойлана алатын зат күмәнданады, түсінеді, қабылдайды, тұжырымдайды, теріске шығарады, қиялданады, сезінеді, керек қылады т.с.с. Ең ақыр аяғы, ұйқы кезіндегі түс көрудің өзі ойлаудан шығады.

Адамның танымдық іс-әрекеті Р.Декарттың ойынша үш идея тобынан тұрады. Біріншісі – сырттан қабылданатын сезімдік мүшелерге өзінің әсерін тигізетін идеялар. Мысалы, Күн идеясы, ол әрбір адамның санасында бар.

Екінші – адамның ақыл-ойындағы идеялар. Олар сырттан қабылданған әсерді өзгерту арқылы пайда болуы мүмкін.

Соңғы үшінші идеялар – олар бізбен туа біткен, ең маңызды, таным барысында шешуші рөл атқарады. Оған адам интеллектуалдық интуиция арқылы жетеді. Ал оған жеткізетін адамның жан дүниесіндегі табиғи ақыл сәулесі (lumen naturale). Туа біткен идеялардың ерекшеліктері – олар сыртқы заттардан толығынан дербес, анық, тұрпайы, адамның еркіне тәуелсіз. Бұған мысал ретінде Р.Декарт «екі шама үшіншіге тең болса, онда бір-бірімен де тең», «ештеңеден ештеңе пайда болмайды», «бір нәрсенің белгілі бір уақытта болуы мен болмауы мүмкін емес» т с.с. жатқызады. Туа біткен идеяға Р.Декарт «Ойлаймын, олай болса, өмір сүремін» принципін де жатқызады.

Рационалдық әдіс

Егер Ф.Бэкон сезімдік, тәжірибелік білімді арқа тұтып, ғылымдағы негізгі әдістемені индукциядан көрсе, Р.Декарт, керісінше, сезімдік білімнің құндылығын теріске шығарып, дедуктивті әдісті негізгі тану жолына айналдырды. Дедуктивті әдістің негізгі талаптары – ол, біріншіден, туа біткен интуиция арқылы ақиқатқа тек өте анық шынайы ой елегінен көрініп тұрғанды ғана алу; зерттелетін мәселені ой өрісі арқылы барынша ұсақ, тұрпайы бөлшектерге бөлу, содан кейін ғана жоғарыға қарай күрделілікке өрлеу.

Негізінен, Р.Декарттың әдістемесі – ол **интеллектуалдық интуиция** арқылы алынған негізгі ұғымдарға сүйене отырып, басқа ұғымдарды, тұжырымдарды тудыру. Егер интуицияда ақиқат тікелей ашық берілсе,

онда дедукцияның дәнекерлігі арқылы ақиқатқа күрделі жол арқылы жетуге болады. Осы күрделі жолда бір ұғым байқалмай түсіп қалса, онда нәтижеге жету мүмкін болмай қалады. Сондықтан бүкіл дедукция жолын ұқыпты есептеп бақылап отыру қажет. Дедуктивті әдістеме арқылы әртүрлі нәтижелерге жетуге болады. Сондықтан Р.Декарт оны жасанды тәжірибе қойып, тексеріп отыру қажеттігі туралы пікір айтады.

Р.Декарттың этикалық көзқарастары

Р.Декарттың этикалық көзқарастары адамның құмарту сезімдерімен байланысты түрде қаралады. Олардың бәрін негізгі алты сезімге әкеліп теңеуге болады. Олар: таңғалу, сүю, жек көру, тілеу, қуану мен қайғыру. Олардың көбі адамның сезімдік заттарға деген құштарлығынан туады да, адамның жан дүниесін зардапқа толтырады. Ақыл-ой арқылы оларды жою мүмкін емес. Олай болса, олардың бәрін адамның жан дүниесіне сәйкес келетін бір құмартумен алмастыру керек. Ол қандай құмарту сезімі болуы керек деген сұраққа ойшыл өзінше жауап береді. Оның ойынша, ол – дүниетануға деген жанның құмартуы, адамның дүниедегі құбылыстарға қызығушылықпен қарауы.

Қорыта келе, Р.Декарттың философиясының болашақ дүниеге деген көзқарастардың дамуына зор әсерін тигізгенін атап өтеміз. Сонымен қатар философияда әртүрлі қайшылықтар етек алып, әртүрлі бағыттардың арасындағы күрестер күшейе түседі. Солардың ішінде Ф.Бэконның философиясын ары қарай дамытып, сонымен қатар Р.Декарттың философиясын сынға алған ойшылдардың ішінде әсіресе Т.Гоббсты атап өтуге болады.

§ 3. Т.Гоббстың философиялық көзқарастары

Томас Гоббс (1588-1679 жж.) – ағылшын философы, Оксфорд университетінде оқып, білім алған. Негізгі еңбектері: **«Азамат жөнінде», «Левиафан, я Материя, шіркеу мен азаматтық мемлекеттің билігі мен бітімі»** т. с.с.

Жаңа дәуірдегі алғашқы философтармен салыстырғанда, Т.Гоббс философия пәнін ақыл-ой арқылы дүниетанумен теңеп, оның шеңберінен үзілді-кесілді теологияны шығарып тастады. Сонымен қатар ол дінді, Құдайға сенуді қарапайым халыққа керек нәрсе деп есептеді, әсіресе ол оның моральдық жетілуінің тірегін құрайды.

Т.Гоббстың **онтологиялық көзқарастарына** келер болсақ, ол дүниені бүкіл өмірде болып жатқан барлық денелердің жиынтығы ретінде қарайды. Олардан басқа еш нәрсе жоқ. Гоббстың ойынша,

нақтылы өмір сүріп жатқан дененің өзі – сол субстанция. Ал дененің созылуы мен бітімі оның негізгі қасиеттеріне (акциденцияларына) жатады. Қозғалыс пен тұрақтылықты алар болсақ, олар, әрине, көп денелердің қасиеттері, бірақ қозғалмайтын денелер де болуы мүмкін. Ал заттардың иісі, түсі, дыбысын алар болсақ, бұл қасиеттер пайда болып, келесі сәтте-ақ жоғалып жатады. Олар көбіне заттардан гөрі соларды қабылдайтын адамдардың түйсігіне байланысты.

Т.Гоббстың ойынша, қайсыбір субстанция нақтылы болғаннан кейін, абстрактілік субстанцияны мойындауға болмайды, ол нәтижесіз. Материя деген ұғым – ол тек қана бүкіл дүниедегі заттарға қойылған ат қана.

Т.Гоббс дене жоқ жерде кеңістік те жоқ деген пікірге келеді. Кеңістік – әрқашанда нақтылы заттың, дененің көлемі.

Уақыт та – қозғалып жатқан нақтылы заттардың өлшемі ғана. Ал дүниеде болып жатқан таза ұзақтылықты ойшыл үзілді-кесілді теріске шығарады.

Дүниедегі себептілікке тоқталатын болсақ, Т.Гоббс «соңғы себеп», «формальды себеп» деген сияқты ұғымдарды теріске шығарып, тек қана материалдық және қозғаушы себептерді мойындайды. Бірақ осы жолда ол үлкен қиындықтарға кез болады. Дүниедегі саны шексіз заттардың қозғалысының қайнар көзі қайдан шығады? Тек XVIII ғ. материалистері оны материяның ішкі қасиеті деп мойындады. Ал Т.Гоббсқа келер болсақ, ол Декарт сияқты, Құдайды мойындауға мәжбүр болды, өйткені Ол – алғашқы дүниені қозғаушы күш, ал содан кейін дүние өз заңдылықтарының негізінде өмір сүре бастайды.

Т.Гоббстың гносеологиясы (таным ілімі) тәжірибелік тұжырымынан шығады. «Алғашында түйсікте толығынан, я болмаса жартылай болмаған нәрсе ұғымда да жоқ» деген сенсуализм қағидасын Т.Гоббс толығынан мойындайды. Бірақ ғылыми ұғымдарды жасау үшін сезімдік саты, деректерді білу жеткіліксіз, өйткені ғылыми ұғымдар ең жалпылық, қажеттілік деңгейіне көтерілуі керек. Т.Гоббстың ойынша, ондай дәрежеге математика ғылымы ғана көтеріле алады. Р.Декарттың «туа біткен идеяларына» қарсы шығып, ол оның қайнар көзін тілдің сөздерінен іздейді. Оның ойынша, ойлау тілмен тең. Сөздер арқылы біз ішкі ойымызды сыртқа шығарып, басқа адамдарға жеткізе аламыз. Сойтіп, Т.Гоббс тілді белгі тұжырымдамасының шеңберінде түсінеді. Қайсыбір сөз – ол затқа қойылған ат (nomina) қана. Ол әртүрлі мағынаны көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайда адамдар бір-бірімен түсінісе алмайды. Ал адамдар белгілі бір келісімге келіп, сол қойылған атқа, таңбаға нақтылы мазмұн беретін болса, сонда ғана ол белгіге айналып, соның негізінде адамдар бір-бірімен түсінісе алады. «Адамның ақыл-ойының сәулесі – ол көпмағыналықтан тазартылған, нақтылы анықтамасы бар сөздер», – дейді ұлы ойшыл.

Т.Гоббс «Ойлаймын, олай болса, өмір сүремін», – деген Р.Декарттың принципін өзінің танымдық ілімінің тұрғысынан қатты сынға алады. «Мен ойлаймын, олай болса, өмір сүремін» деген қағида бізді ойлана алатын дене бар екенін мойындауға әкеледі. Ал Р.Декарттың ойлайтын адам ойлауға тең деген пікірін «серуендеп жүрген адам серуен деген тұжырымға тең», – деп, материалистік тұрғыдан қатты соққыға жығады.

Т.Гоббс таным әдістемелері жөнінде де ерекше пікір айтады. Индуктивті және дедуктивті әдістерді бір-біріне қарсы қоймай, олардың екеуін де ғылыми зерттеулерде кең түрде қолдану қажет. Бірақ индуктивті әдіс табиғатты зерттегенде басымырақ қолданса, математика саласында және этика мен саясатты зерттегенде дедуктивті әдіс басым болуы қажет деген пікір айтады.

Адам мәселесі

Р.Декарттың «Адам – машина» деген көзқарасын ары қарай жалғастырып, Т.Гоббс адам да дене ретінде күрделі механизм деді. «Өмір – бөлшектердің әртүрлі қозғалыстары «жүрек – серіппе, жүйке – жіптер, адамның аяқ-қолдары – машинаның дөңгелектері сияқты бүкіл денеге қозғалыс береді» т.с.с. Егер Р.Декарт адамның денелік емес жан дүниесін мойындаса, Т.Гоббс психиканың өзін механистік тұрғыдан түсіндіргісі келді.

Адамның моральдық қасиеттерін ойшыл оның табиғаты арқылы түсіндіреді. Бұл жағынан, оның көзқарасы Н.Макиавеллиге өте жақын. Адам табиғаты өзімшілдікке негізделген. «Адамдар өз табиғаты бойынша қомағай, тойымсыз, қорқақ, долы т.с.с. хайуандыққа толы», ал қоғамдық пенде ретінде олар «пайда мен мансап» іздейді, тек өздерін ғана сүйеді», – дейді ұлы ойшыл.

Т.Гоббс адамдардың өзімшілдігінен шығатын мүдделері мен мақсаттарына көп көңіл бөледі. Қоғам өмірінде әртүрлі мүдделер бірбірімен соқтығысып, құқық ғылымының әділдікке негізделуіне жол бермейді, заңдар бұрмаланады т.с.с. «Егер геометрия қағидаларының адамдардың мүдделеріне қатысы болса, онда ол кітаптарды адамдар жағып жіберер еді», – деген нақыл сөз – осы кісінікі. Сондықтан моральдық құндылықтардың негізінде мүддеден шығатын пайдакүнемдік жатыр. Жақсылық пен жамандық, игілік пен зұлымдық дегендер туралы сұраққа «жақсылық, игілік» деген сөздермен бізге ұнайтын, пайдасы бар нәрселерді айтамыз, ал зұлымдық деп оған қарама-қарсы жатқан нәрселерді көрсетеміз», – деп жауап береді. Мұндай мораль саласындағы көзқарасты біз **утилитаризм** (utilitas – латын сөзі, пайда) дейміз.

Әрине, адам мәселесін талдағанда, еріктілік мәселесін аттап өте алмаймыз. Т.Гоббс ерік тек қана адамның ахуалынан ғана шығатын құбылыс емес деген тұжырымға келеді. Еріктілік дегеніміз – барлық дүниедегі нәрселерге тән. Мысалы, ыдыс сынса, ішіндегі су еріктік алады.

Дегенмен адамның еріктілігі – өте қиын шаруа, өйткені ол жалғыз емес, өмір жолында мыңдаған басқа адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Сондықтан, бір жағынан, ерікті болса, екінші жағынан, қоғамдық қажеттіктен аттап өте алмайды. Олай болса, олар бір-бірін толықтырады. «Өзендегі судың ағысы ерікті де қажетті, өйткені ол арнасынан шығып кете алмайды». «Адам да сол сияқты», – деп қорытады ұлы ойшыл.

Мемлекет пен қоғам мәселелері

Сонау көне заманнан бері қоғам мен мемлекет мәселелеріне келген кезде, ойшылдар оны, негізінен, екі қарама-қарсы тұрғыдан қарады. Біреулер қоғамдық пен мемлекеттіліктің басымдылығын (мысалы, Аристотель, кеңес заманындағы идеология), екіншілер жеке адамның мемлекет пен қоғам алдындағы біріншілігін (атомистер, қазіргі өтпелі дәуірдегі кейбір реформаторлар) көрсетті. Т.Гоббсты бұл аталған екі бағыттың қайсысына жатқызамыз? Әрине, екінші бағытқа, өйткені ол өзінің ілімінде мемлекеттілікті адамның өзімшіл табиғатынан шығарады. Әрбір адам ең алдымен өз мүддесін алға қояды, олай болса, жалқылық, жекелік – бірінші, ал қоғамдық, мемлекеттілік – екінші орында.

Т.Гоббстың ойынша, әр халық өзінің тарихында екі сатыдан өтеді. Олар – мемлекеттікке дейінгі табиғи (status naturalis) және мемлекеттік (status civilis) саты.

Алғашқы табиғи сатыда мемлекет те, жеке меншік те, мораль да әлі жоқ, тек қана адамдардың табиғи құқы бар. Ол – адамның керек қылатын нәрселерінің бәріне деген құқы. Өзінің өмірін сақтап қалу жолында адам қандай іс-әрекет жасаса да, шектелген жоқ. Сондықтан мұндай жағдайда әр адам өмірге керек құндылықтарды өзіне тартқаннан кейін, «бәрінің бәріне қарсы соғысы» (bella omnia contra omnies) басталады. Адамдар бір-біріне қасқыр сияқты (homo homini lupus est) болады. Мұндай жағдайда адамдардың өз-өздерін құрту қаупі туып, табиғи жағдайдан азаматтық мемлекеттік деңгейге көшу қажеттігі пайда болады.

Сондықтан адамдар өздерінің кейбір құқыларынан ерікті түрде бас тартып, оларды күшті орталандырылған билікке береді. Сөйтіп, осындай қоғамдық шарттың негізінде мемлекет дүниеге келеді.

Т.Гоббстың ойынша, қоғамдық шартқа өту тілсіз іске аспас еді. «Тілсіз адамдарда мемлекет, қоғам, шарт, бейбітшілік те болмас еді».

Адамдардың мемлекеттікке өтуінде олардың табиғатында бар заң (lex naturalis) үлкен рөл атқарады. Ол заң – «өзіңе тілемейтінді басқаға да жасама». Оны біз моральдың «алтын ережесі» дейміз.

Екіншіден, әрбір адам өлімнен қорқады, сондықтан ол бейбіт өмірдің қажеттігін сезінеді, ал мұның бәрі оны мемлекеттілікке қарай итермелейді.

Мемлекетке шарттық негізде өз еркімен берілген адамдардың құқықтары енді қайтып алынбайды. Адамдар мемлекет заңдарын бұлжытпай орындаулары қажет. Сонымен қатар Т.Гоббс – құқық пен заңның арасындағы айырмашылықты анық байқаған адам. Бір жағынан, мемлекетте заңдылық, тәртіп болуы керек. Екінші жағынан, заңдар мөлшерден шығып, барлық қоғамдағы қарым-қатынастарды ретке келтіруге тырысса, онда адамдардың белсенділігіне нұқсан келеді. Бұл жерде Т.Гоббс тоталитаризмнің болуын болжаған секілді. Сондықтан заңдар ақыл-ой елегінен өткен қажетті қатынастарды ғана ретке келтіруге тиіс.

Әрине, мемлекеттің дүниеге келу мәселесі – өте күрделі құбылыс. Ол жөнінде әртүрлі болжамдар бар. Т.Гоббстың жасаған «конвенциялық» (шарттық) тұжырымы, әрине, бұл мәселенің мәнді бір жағын ғана көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, қайсыбір мемлекетті шарттық негізде өмір сүреді деп айтуға әбден болады. Біздің жас мемлекет те өзінің екінші «Ата заңын» (Конституциясын) 1995 ж. Бүкілхалықтық референдумда қабылдаған болатын. Ал мұның өзін белгілі шарт деп, әрине, айта аламыз.

§ 4. Б.Спинозаның философиясы

Барух Спиноза (1632-1677 жж.) Амстердам қаласында еврей отбасында дүниеге келеді. Ең алдымен ол діни училищеде оқиды, бірақ оны әкесі саудаға тартып, ол оқу орнын бітіре алмай қалады. Сондықтан ол өз білімін өзіндік дербес дайындық арқылы толтырады. 1656 ж. Библияны сынағаны үшін оны жергілікті еврей қауымы өз қатарынан шығарып, оған лағынет айтады. Сондықтан ол жеке басын асырау үшін өмір бойы көзілдірік шыныларын өңдеп, өте ауыр жағдайда өмір сүреді. 45 жасқа келгенде өкпе ауруына шалдығып, өмірден ерте кетеді.

Негізгі еңбектері: **«Ақыл-ойды жетілдіру туралы трактат», «Этика», «Саяси трактат»** т.с.с.

Онтологиялық мәселелер. Құдай-Субстанция-Табиғат

Спиноза болмыстың ең соңғы себебі Құдайда деп есептейді. «Құдай... барлық заттардың бірінші себебі және өз-өзінің себебі, өз-өзі арқылы танылады». Ол Құдайдың болмысын дәлелдеу үшін онтологиялық дәлелдемелер келтіреді. Бірақ ол Құдайға пантеистік мағына береді, яғни оны бізді қоршаған табиғатқа теңейді. Олай болса, Құдай табиғаттан тыс мәңгілік өмір сүріп жатқан рухани тұлға емес, оны тек қана зерде (intelligere) арқылы ғана түсінуге болады.

Мұндай көзқарас сол кездегі Құдай жөніндегі деистік пікірлерге қарсы болды. Егер деистер Құдай дүниенің ең алшақтағы соңғы себебі деп есептесе, Б.Спиноза ол дүниенің ең тікелей жақын себебі деген тұжырымға келеді.

Табиғатпен теңелген Құдай сонымен қатар субстанция ретінде қаралады. Егер Р.Декарт дүниенің негізінде бір-біріне тәуелсіз екі субстанция жатыр, ал олардың үстіндегі Құдай екеуін бір-бірімен үйлестіреді деген болса, Б.Спиноза Құдай мен субстанцияны бір-бірімен қосып, оларды табиғатпен теңейді. Сондықтан оның метафизикалық-онтологиялық негізгі формуласы – ол **Құдай, иә Субстанция, иә Табиғат**, өйткені оның бәрі – **бірегей**.

Табиғаттың өзі Құдаймен тең болғаннан кейін, онда «Жаратушы» және «Жаратылған» деген діннің негізгі ұғымдары керек болмай қалады. Субстанция, я Табиғат, Б.Спинозаның ойынша, «өзіне-өзі себепті». Онымен бірегей Құдай ешқандай жаратушылық қасиеттерімен танылмайды. Осыған орай, Б.Спиноза деизмнің де негізгі қағидаларын теріске шығарады, өйткені ол, аз да болса, Құдайдың алғашқы сатыдағы дүниені жаратқан қызметін мойындайды.

Табиғаттан жоғары дүниені жаратқан Құдай болмағаннан кейін, Құдайдың өзі табиғатпен тең болған соң, ол екі ұғымды пайдаланады. Ол – «тудыратын табиғат» (natura naturans) және «тудырылған табиғат» (natura naturata). Бірінші ұғым – ол интуитивтік ой елегі арқылы түсінілетін табиғат. Екінші ұғым – ол сезімдік білім тудыратын бізді қоршаған жеке заттар мен құбылыстар.

Б.Спиноза өзінің болмыс ілімінде дүниенің бірлігіне аса көп көңіл бөледі. Оның негізінде бөлінбейтін субстанция жатыр. Ол – шынайы шексіз, абсолютті ұзақтық. Болмыстың екінші жағы – бір-бірінен бөлінген, сезім арқылы бізге берілген шектелген жеке заттар мен құбылыстар. Жоғарыда көрсеткендей, бірінші екіншіні тудырады. Егер субстанция мәңгілік болса, жеке заттар уақыт шеңберінен шыға алмайды, сол шеңберде өзгереді, туады, құриды.

Б.Спиноза **нақтылы заттарды** субстанцияның тудырған **«модустары»** ретінде қарайды. Заттар-модустар арқылы субстанция өз-өзін шектейді. Ал шектеу дегеннің өзі – ол терістеу (determinatio est negatio).

Нақтылы заттың шектелгені оны басқа заттардан бөледі, өзіне ғана тән айырмашылығын тудырады. Сондықтан әр зат болмыста өзінің орнын алады, өйткені ол – сол зат, басқа оған толықтай ұқсас еш зат жоқ. Сонымен қатар ол бейболмыста, өйткені басқа жағынан алғанда анықталмайды.

Субстанцияның модустарынан басқа бірнеше **атрибуты (қасиеті)** бар. Олар – созылу (extensio) және ойлау (cogitatio). Адам дүниені танығанда, оның осы қасиеттері арқылы нақтылыққа жете алады. Демек, Р.Декарттың екі субстанциясы Б.Спинозаның бір субстанциясының негізгі екі қасиетіне айналады.

Енді субстанцияның осы негізгі екі қасиетіне сипаттама берелік. Сөйтіп, Б.Спиноза заттықтың негізгі қасиетін созылудан, яғни кеңістіктен көрді. Онда мынандай сұрақ ойымызға келеді: Осы айтылған кеңістікте саны шексіз болғанымен, неше түрлі шектелген заттар қалай пайда болады? Оның негізгі себебін ойшыл қозғалыс пен тұрақтылықтан көреді, өйткені олардың бір-біріне деген қатынасы мен көлемі нақтылы шектелген заттарды құрайды. Расында да, әрбір заттың көлемі бар, ол – бір жағынан, тұрақты, екінші жағынан, үнемі қозғалыста. Яғни қозғалыс пен тұрақтылық субстанцияның созылу қасиеті мен нақтылы шынайы өмірдегі заттардың арасындағы дәнекер ретінде қаралады.

Субстанцияның келесі атрибуты – оның «шексіз ойлау қабілетіне» келсек, ол – бүкіл табиғатқа тән нәрсе. Олай болса, Б.Спиноза бүкіл дүниені тірі деп есептейді. Мұндай көзқарас гилозоизм (hileo – грек сөзі, зат, zoo – тірі) деп аталады. «Тек адам ғана емес, сонымен қатар барлық табиғаттың заттары мен құбылыстары әртүрлі деңгейдегі тіршілікте», – дейді ұлы ойшыл.

Гносеология (дүниетаным) мәселелері

Таным мәселелеріне келгенде, біз Б.Спинозаны рационализм бағытына жатқызамыз. Ол әрқашанда сезімдік танымды ой елегінен өткізген білімнен айыру керек екендігін басым айтқан. Сезімдік таным әрқашанда бұлдыр, көмескі. Тек ақыл-ой ғана айқын білім береді. Ғылымдардың ішіндегі ең айқыны – математика.

Сезімдік танымның бұлдырлығы ол тек қана сыртқы затты ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар оны өзінің денесіндегі өзгерістермен, әсіресе сезім мүшелерімен байланыстырады.

Санадағы сезімдік бейнелердің бір-бірімен байланыстары кездейсоқ. Мысалы, аттың ізін көрген әскери адам жақындап қалған жауды елестетсе, қарапайым шаруа соқа мен жыртылған жерді елестетеді, – дейді Б.Спиноза.

Бірақ сезімдік танымды толығынан жалған деп есептеуге де болмайды, олардың қайсыбірінде аз да болса ақиқаттың жұрнақтары бар. Мысалы, надан адамның: «Күн – кішкентай зат және жерге өте жақын орналасқан», – деген жалған пікірінің өзінде Күннің өмір сүріп, бізге ықпалын тигізіп жатқаны жөнінде ақиқаттық пікір бар, – дейді ұлы ойшыл.

– Күнбе-күнгі өмірден алатын сезімдік таным – қалың бұқараның негізгі тәжірибесі, соның арқасында олар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, өмір сүріп жатады. Ақыл-ой арқылы алынатын білімнің шындығының өзін біз оқтын-оқтын тәжірибе арқылы тексеріп отыруымыз қажет, – деп қорытады Б.Спиноза.

Дерексіз білім де тәжірибеден шығады, өйткені адамдар дүниеден алған тәжірибесін сөз арқылы қорытады. Бірақ сөзге адамдар өзінің тәжірибесіне сәйкес әртүрлі мағына береді. Сондықтан біреулерге адам – тік жүретін жануар, екіншіге – күлетін пенде, ал үшіншіге – ол ойлай алатын тіршілік т.с.с. Сондықтан сөз заттың кейбір ғана қасиеттерін белгілеуі мүмкін, яғни оның мағынасы затпен толық тең емес. Ал схоластика мектебі универсалияларды (ең жалпы ұғымдарды) дүниемен теңеп, оларды шынайы болмыс деп есептейді. «Философия саласындағы көп дау-дамайлар көбіне ойды дұрыс көрсететін сөздерді қолданбағаннан, иә болмаса басқаның айтқан сөздерін дұрыс түсінбегеннен туады», – дейді ұлы ойшыл.

Б.Спиноза нағыз шынайы білімге тек қана ақыл-ой, зерде (ratio, intellectus) арқылы жетуге болады деген пікірде болды. Ақыл-ой арқылы сөздерді жалпы ұғымдық дәрежеге көтеріп, оның мәнмағынасын айқындауға болады. Ғылымдағы ең құнды ұғымдар математика саласынан шығады. Олар бір-бірімен байланысты, жүйелі, сондықтан сезімдік танымға қарағанда анағұрлым биік дәрежеде. Егер, Б.Спинозаның ойынша, сезім заттың сыртқы жағын бейнелесе, онда ақыл-оймен біз заттың ішкі сырын ашамыз. Сондықтан болар, Б.Спиноза өзінің «Этика» деген еңбегінде «геометрикалық әдісті» пайдаланып, анықтама, аксиома, теорема деген ұғымдарды мораль саласын талдауға пайдаланады.

Б.Спинозаның ойынша, шындықты танып-білудің үшінші түрі – ол интеллектуалдық интуиция. Интуиция дегеніміз – тікелей, сезім мен ақыл-ой елегінен өткізбей-ақ ақиқатқа жету. Ол бүкіл дүниенің біртұтастығын тануға мүмкіндік береді. Адам рухының шығармашылық қасиетінің негізінде біз шынайы аяқталған шексіздік идеясын ашамыз. Ол бізге интуиция арқылы ғана беріледі.

Тағы да бір ерекше атап кететін нәрсе – ол Б.Спинозаның таным теориясының (гносеология) оның болмыс ілімімен (онтология) қосылып жатқанында. Оның себебі – субстанция-табиғаттың ойлау қасиеті бар.

Адам, ерік және сезім қысымы (аффект) мәселелері

Б.Спинозаның ойынша, адам – табиғаттың ажырамас бір бөлігі, олай болса, ол толығынан табиғат заңдылықтарына тәуелді. Егер дүниеде механикалық заңдылықтар үстем болса, адам арқылы табиғаттың екінші ойлау қасиеті өзінің көрінісін табады. Бірақ адамның дене құрылысы толығынан табиғатқа бағынады. Сезімдік идеяларда да адамның денелік, табиғи жақтары басым. Ал адамның жан дүниесінің өзінен шығатын идеялар, егер олар сезімдік танымнан анағұрлым алшақ болса, соншалықты айқын, таза, ақиқатты. Оның ойынша, «дене жан-дүниені ойлауға итере алмайды, ал жан да денені қозғалтып, иә болмаса тұрақтата алмайды». Яғни субстанцияның бұл екі қасиеті бір-бірімен қатар өмір сүріп отырады.

«Адамның жан дүниесінде бір-бірінен бөлек неше түрлі идеялар болғаннан кейін, онда **сүю, керек қылу, еріктікті аңсау** сияқты күрделі құбылыстар болуы мүмкін емес», – дейді Б.Спиноза. Табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде адам бүкіл дүниелік шытырман қарым-қатынастарға кіреді. Соның ішінде ол ең алдымен **өзін сақтап қалуға** тырысады. Ал мұның өзі оның неше түрлі сезімдері мен құмарлықтарын тудырады. Оны философ аффектілер (сезім қысымы) дейді. Олардың ішіндегі ең негіздісі – құштарлық (appetitus), ол денені сақтап қалу жолында пайда болады. Жан-дүние саласына кіріп, құштарлық іңкәрлікке (cupiditas) айналады. Тағы екі күшті сезім – ол қуаныш пен қайғы (laetitia & tristitia).

Б.Спиноза көне замандағы Платон мен Сократқа ұқсап, барлық дұрыс емес іс-әрекеттер танымдағы қателіктермен байланысты деп есептеген. Адам өзін қоршаған жағдайларды дұрыс түсінсе, онда ол өзінің іс-әрекетінде қателеспейді, өзін бақытты сезінеді, бірақ ол басқаларға бақытсыздық болып көрінуі де мүмкін.

Ойшыл дүниедегі ең жоғарғы игілік – ол Құдайды танып-біліп, оған деген зияткерлік (интеллектуалдық) махаббат деңгейіне көтерілу дейді. Ал Құдайдың субстанция мен табиғатқа тең екенін есімізде сақтасақ, ал адамзаттың рухының сол табиғаттың модусы (көрінісі) болса, онда адамның ғылымның қиын да ауыр жолына түсіп дүниетануы – оның жүрегінде бақыт сезімін тудырып, оны ләззатқа жетелейді.

Әлеуметтік, мораль мәселелері

Ізгілік пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, Б.Спинозаның ойынша, – нақтылы қалыптасқан әлеуметтік ахуалдан шығатын нәрселер. Оған Құдайдың ешқандай қатысы жоқ. Ізгілік, жақсылық дегеніміз – ол адамға пайда әкелетін, ләззатқа жетелейтін нәрселер,

ал зұлымдық, жамандық дегеніміз – ол адамға, оның өміріне, алдына қойған мақсат-мұраттарға нұқсан келтіретін, зардаптық сезім тудыратынның бәрі.

Моральдық саланың ең терең себептері адамның «өзін-өзі сақтау» заңында жатыр. Әрбір адамның өз мүдделері бар, сол үшін олар бір-бірімен күреседі.

Б.Спинозаның ойынша, адамның өмірі тек қоғамның шеңберінде ғана болмақ. Әр адамның өз өмірін сақтап қалуға деген талпынысы олардың бәрін қоғамға біріктіреді. «Ал мемлекеттік дәрежеге өту, негізінен, Т.Гоббстың «шарт жасау» мәселесінде емес, еңбектің бөлінуінен, адамдардың сан алуан қажеттіктерін өтеу керектігінен туады», – дейді ұлы ойшыл.

Қоғамның рухани өміріне тоқтала келіп, Б.Спиноза бұл саладағы Киелі кітаптың құндылығын өте төмен бағалайды. Діни құжаттардың қайсысы болса да, өте көп қайшылықтардан тұрады. Олардың тек қана қарапайым халықтың моральдық қасиеттерін тәрбиелеуге деген маңызы бар. Ал дүниетанымға келер болсақ, оған тек ақыл-ой, зерде арқылы жетуге болады. Діни соқыр сенімді алатын болсақ, оның дүниеге келуінің негізгі себебі – қарапайым надан халықтың табиғаттың қаһарлы, түсініксіз күштерінен қорқуында жатыр. Мысалы, өлім мәселесін алайық. Адам қандай амал қолданса да, одан құтыла алмайды, сондықтан өлімнен үрейленіп қайғыру – босқа уақыт өткізгенмен тең. Өлімнен қорқу – құлдықтың бір түрі. Оны ойлағаннан гөрі, адам өзінің күш-қуатын өмірлік мәселелерге арнағаны жөн. Адамның қуаныш пен зардапқа, қайғыға толы өмірі – ол тек бүкіл әлемнің шексіз кішкентай өмірінің бөлігі ғана. «Мұндай ой адамға жұбаныш әкеледі», – деп қорытады ұлы ойшыл.

§ 5. Г.В.Лейбниц және оның монадологиясы

Готфрид Вильгельм Лейбниц (1646-1716 жж.) – XVII ғасырдағы неміс рухы туғызған терең де жан-жақты дамыған ғалым-философ. Екінші жағынан, ол – математик, физик, саясаткер, тарихшы, құқықтанушы. Лейпциг университетін бітірген. Онда ол құқықтанумен қатар, логика және математика пәндерімен айналысқан. Университетті бітіргеннен кейін, екі ғылым саласынан (логика мен құқықтанудан) докторлық диссертация қорғайды. Аз уақыт дипломатиялық қызметте Париж қаласында болып, Германияға қайтып келгеннен кейін, өмірінің аяғына дейін ғылыми жұмыстармен айналысқан.

Негізгі еңбектері: **«Адам зердесі туралы жаңа тәжірибелер», «Теодицея», «Монадология»** т.с.с.

Онтологиялық мәселелер

Лейбницті алдында өткен философтардың (Декарт, Спиноза) болмыс жөніндегі ілімдері қанағаттындырмайды. Расында да, Декарттың бір-біріне тәуелсіз екі субстанциясы дүниені қақ бөліп, олардың бірегейлігін дәлелдеу үшін, ол Құдай идеясын енгізуге мәжбүр болды. Ал Спинозаға келсек, ол бір ғана субстанцияны мойындағанымен, оның екі атрибуты – созылу мен ойлау – бұрынғысынша бір-біріне тәуелсіз болып қала берді. Бұл екі ұлы философ дүниенің шексіз әртүрлілігін өздерінің онтологиясында дұрыс түсіндіре алмады.

Олай болса, Лейбництің қойған негізгі мақсаты түбі бір, сонымен қатар шексіз әртүрлі субстанцияларды табу қажеттігінде болды.

Лейбництің ойынша, жалғыз ғана субстанциядан қайталанбайтын шексіз әртүрлі заттар пайда болуы мүмкін емес, сондықтан сапалы көптүрлі субстанция ұғымын мойындау қажет. Болмыстың терең табиғатының өзі көпсапалылықтан тұруы керек. Сондықтан дүниедегі субстанциялардың саны шексіз және сапа жағынан әртүрлі. Бірақ олар бейберекет емес, белгілі бір тәртіпке келіп жүйеленген.

Мұндай ой өрісі Лейбницті дүниенің негізінде жатқан өте ұсақ, өз-өзіне жеткілікті, іштей неше түрлі күштерге толы **монадаларды** (monos – грек сөзі, бір) мойындауға әкелді.

Монадалар, негізінен алғанда, физикалық ұсақ бөлшектер емес, онда ол Демокриттің атомына ұқсас болар еді. Олар кеңістікте ешқандай орын алмайды, оның заттық өлшемі жоқ. Монадалар – рухани-жандық, органикалық сапалы нүктелер, әрбіреуі тек өзіне тән даму сатысында. Өзіне ғана тән ерекшеліктері бар, бір-бірін қайталамайтын тұлғалар сияқты, монадалар да әртүрлі. Олардың бір-біріне ұқсастығы – тек қана олардың бөлінбейтіндігі мен мәңгілігінде.

Сөзсіз, мұндай ойларға Лейбницті Левенгуктың микроскоп жасап, адам ұрықтарын үлкейтіп көрсетуі себеп болса керек.

Лейбництің монадалары іс-әрекетке толы, олардың әрбіреуі мәңгілік өзгеру, жетілу толқынында. Монадалар рухани нүкте болғаннан кейін әртүрлі ішкі күштерге толы, олар өздерін шындыққа айналдыру жолында материалдық өмірді, физикалық үдерістерді тудырады.

Монадаларды жете түсіну үшін, ойшыл оларды адамдардың өмірімен салыстырады, өйткені адамның жан дүниесінің өзі әртүрлі монадалардан тұрады. Мысалы, әрбір тұлға өзінің өмірінің шеңберінде өне бойы өзгергенмен, бірақ сол тұлға болып қалады, монадалар да сол сияқты.

Адамдар бір-біріне ұқсамағанмен, қоғамда әртүрлі топтарға бөлініп өмір сүреді, монадалар да сол сияқты.

Әрбір монада – өзінше жабық ғарыш. Лейбниц: «Монадалардың әйнегі жоқ, сондықтан еш нәрсе оған кіріп, еш нәрсе одан шыға алмайды», – дейді. Монада басқа монадаларға өзінің әсерін тигізе

алмайды, басқалардан да әсер ала алмайды. Олардың әрбіреуі өз-өзіне жеткілікті және өзін-өзі шектеген.

Бұл арада өте қиын сұрақ туады. Егер олар бір-біріне өз әсерін тигізе алмаса, онда дүние бытырап, тәртібі жоқ тұңғиық болып кетпей ме? Лейбництің ойынша, бізді қоршаған ғарыш, дүние – болуы мүмкін дүниелердің ең тамашасы, ондағы монадалар жүйеге келтірілген, үйлесімді түрде өмір сүреді, өйткені олар **алдын ала орнатылған сәйкестіктің** негізінде өмір сүреді.

Дүниеде алдын ала сәйкестік орнату мәселесі Лейбництің **теодицея** деген ұғымымен беріледі (teos – грек сөзі, құдай, dike – әділеттілік, бүкіл сөз Құдайды ақтау идеясын береді).

Монаданың ішкі өзгеру даму сатысын көрсету үшін, Лейбниц тағы да оны адамның жан дүниесімен салыстырады. Түйсіктер, аңдау, қабылдау, өзіндік сана – бұл рухани даму сатылары. Монадалар адамдар сияқты осындай сатылардан өтеді.

Ең төменгі дәрежедегі монадалар, негізінен, тау-тас, жер, шөптерден тұрады. Олардың рухани дамуы өте төмен, олар «түс көрмей ұйықтайды».

Екінші сатыдағы монадалардың түйсіктері, аңдаушылық қасиеттері бар. Олардың сана-сезімі әлі көмескі, іс-әрекеттері әлі енжар болып келеді. Оларға, негізінен, жануарларды жатқызуға болады.

Үшінші, бізге белгілі монадалар – адамдардың жан дүниесі. Бұл монадалардың есі, ойлау қасиеті, өзіндік сана-сезімі бар.

Төменгі дәрежедегі монадалар жоғарылауға, келесі сатыға өтуге тырысады. Адамның жан дүниесін құрайтын монадалардың өзі енжарлық сезімдіктен, ғылыми ұғымдар мен фантастикалық қиялдарға дейін өрбиді. Жоғарғы сатыдағы монадада төменгі сатылар сақталады.

Олай болса, монадалар дамуының ең «соңғы» сатысы қандай болмақ және олар қаншалықты адамның рухынан қашықтықта?

Лейбниц бұл сұрақтарға жауап беру мүмкін емес деген пікір айтады, өйткені жоғары дәрежедегі монадаларды төмендегілер танып-біле алмайды. Бірақ күмәнсіз бір нәрсе бар – ғарышта жердегі адамдардан да жоғары дамыған тіршілік болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, монадалардың даму мүмкіндіктері шексіз. Ал шексіздіктің шеңбері жоқ, бірақ шексіздіктің өзін шеңбер ретінде қарасақ, онда біз Құдай идеясына келіп тірелеміз. Ол – шегіне жетіп, жетілген монада.

Бұл идеялардың негізінде Лейбниц қоғам өмірін жақсартуға да бірте-бірте реформалар арқылы жетуге болады деген пікір айтады. Ал қайсыбір революция, негізделмеген терең төңкеріс қоғамды көп зардапқа әкелуі мүмкін. Әрине, Лейбництің бұл идеясында терең сыр жатыр, оны біз өзіміздің қоғамды жаңарту барысында есте сақтауымыз қажет.

Гносеология (таным) мәселелері

Лейбниц танымның терең негізін сезімнен тыс өмір сүретін зерделеден көреді. Яғни ол Декарттың танымға деген көзқарасын қолдайды. Бірақ Декарттың зерделік «айқын және анық ақиқатына» Лейбниц қанағаттанбайды. Оның ойынша, алғашқы ақиқаттар қисынның «тепетеңдік заңына» сәйкес келуі қажет. Содан кейін «қайшылық заңы» арқылы зерделік білімді тереңдетуге болады. «Бұл – қажетті ақиқаттар, – оларды, негізінен, математика саласынан табуға болады», – дейді ұлы ойшыл.

Әрине, бұған қарамастан, біз адамдардың өмірден алған тәжірибелерін де бағалап, пайдалануымыз керек. Бірақ қайсыбір тәжірибе – ол кездейсоқтықтың туындысы. Ол болуы да, болмауы да мүмкін. Ол нақтылы деректер ақиқаты – әрқашанда жеткіліксіз, кездейсоқтық.

Оларды ғылыми тұрғыдан сараптауға болады, ол үшін біз **«жеткілікті негіздеу заңына»** сүйенуіміз керек, өйткені қайсыбір деректің, құбылыстың себебі, негізі бар. Сол негізді анықтау – бізді белгілі бір табиғат заңдылықтарына әкелуге тиіс. Дегенмен тәжірибелік білім бізді тек қана әртүрлі деңгейдегі **ықтималдық, болуы мүмкін** нәрселерге ғана жеткізеді.

Егер жан-дүние арқылы біз түйсіктерге (перцепция) сәйкес қабылдау дәрежесіне көтерілсек, рух арқылы біз өзіміздің танымдық мүмкіндіктерімізді талдай аламыз. Ақырында, өзімізді-өзіміз тану дәрежесіне көтерілеміз. Осындай адамның өзінің ішкі рухани өміріне тереңдеуін Лейбниц апперцепция дейді. Апперцепция – адамның дүниетануының шыңы, сананың белсенді қызметін көрсетеді. Егер танымдағы сенсуализм бағыты адамның білімі айнала қоршаған ортадан әрқашанда кем деп есептесе, Лейбниц, керісінше, адамның ішкі рухани білімі басым деген пікір айтады. Олай болса, Лейбниц сезімдік танымды толығынан ақыл-ойдан бөліп алып, анағұрлым төмен дәрежеде бағалады. «Өзімізді ойлау арқылы біз болмысты, субстанцияны, тұрпайылық пен күрделілікті, бейзаттық пен Құдайды ойлай аламыз», – деп қорытады ұлы ойшыл. Мұндай көзқарас, шамасы, болашақ И.Канттың танымдық теориясына зор әсер етсе керек.

§ 6. Д.Локтың философиялық көзқарастары

Джон Локк (1632-1704 жж.) – XVII ғ. философия ғылымына зор әсерін тигізген ұлы ағылшын ғалымы. Оксфорд университетінде оқып, білім алған. Алғашында медицина ғылымымен айналысып, кейіннен саясатқа бетбұрыс жасаған. Өмірінің соңғы кезеңінде философияға көп көңіл бөлген тұлға.

Негізгі еңбектері: **«Адамның зердесі туралы тәжірибелер», «Мемлекетті басқару жайындағы екі трактат», «Тәрбие жөніндегі кейбір ойлар»** т.с.с.

Онтология мәселелері

Өзінің дүниеге деген жалпы көзқарасында Дж. Локк тәжірибе арқылы зерттелетін заттарды эмпириялық субстанция дейді. Сонымен қатар ол философиялық субстанция деген ұғымды тудырады, оған ол барлық материалдық заттарды жатқызады.

Материя – орасан зор өлі кесек, ол өзінің күшімен ең ақыр аяғы қозғалысты да тудыра алмайды. Өлі материя оның сыртында тіршіліктен де соншалықты алыс.

Онда дүниедегі қозғалысты, тіршілік әлемін кім тудырғаны туралы заңды сұрақ туады. Өз заманындағы көп ойшылдар сияқты Дж.Локк та бұл арада Құдай идеясына қайтып оралады. «Осы жоғарыдағы көрсетілген қозғалыс пен тіршілік Құдайдың құдіретті күші арқылы пайда болды. Бірінші, мәңгілікті ойлайтын пенде жаратылған өлі материяның кейбіреулеріне белгілі бір дәрежедегі сезім, қабылдау және ойлау қасиеттерін беру мүмкіндігінен ешқандай қайшылықты көріп тұрған жоқпын», – дейді ұлы ойшыл. Демек, Құдай жаратқан дүние ары қарай өз заңдылықтарының негізінде дамиды.

Ал Құдай мәселесінің өзіне келсек, ол жөнінде бір нәрсе айту өте қиын, әсіресе оның денесі бар ма, иә болмаса ол таза рух па деген сұраққа ешкім жауап бере алмайды.

Бірақ оның өмір сүруінде күмән жоқ. «Жаратылған дүниеде айқын даналық пен құдіретті күш соншалықты көрініп тұр, сондықтан кім ол жайында терең ойланса, Құдайдың болмысын ашпай қоймайды», – дейді ұлы ойшыл.

– Сонымен, Құдай идеясына адам ойлау тәжірибесі арқылы жетеді, ары қарай ойлау арқылы біз Құдайдың шексіздігі мен мәңгілін аша аламыз, – дейді Дж.Локк.

Гносеология мәселелері

Өзінің таным теориясында Дж.Локк сезімдік танымды (сенсуализм) білімнің қайнар көзіне жатқызады. Сондықтан ол «адаммен туа біткен идеялар» жөніндегі ағымдарды сынға алады. «Егер біз қандай да бір білімнің пайда болған жолын көрсетсек, онда біз оның туа бітпегенін дәлелдейміз», – дейді Дж.Локк. «Туа біткен білімді» сынау жолында ол балауса психологиясын, тарихи артта қалып қойған қоғамдардағы адамдардың психологиясындағы ерекшеліктерге назар аударады.

Мысалы, «бүтін бөлшектерден үлкен» дейтін идея салыстырмалы және тәжірибеден туады. Ал «тепе-теңдік» заңы мен «қайшылық заңын» алсақ, балалар бұл заңның не екенін білмейді. Бұл заңдар біздің жан-дүниемізге туа бітсе, онда оны сәби де, жас жеткіншек те білер еді ғой, – дейді Дж.Локк.

Дж.Локтың ойынша, кез келген білімнің, идеяның негізінде тәжірибе жатыр. Ол саналы, иә болмаса бейсаналы жолмен біздің рухани өмірімізде жиналуы мүмкін. Сондықтан біздің жан-дүниеміздегі неше түрлі ұғымдар мен идеялар, ғылым мен өнер бізбен бірге туа келмейді, ол өмірлік тәжірибе арқылы қалыптасады.

Ұғымдар сияқты, моральдық нормалар да шынайы өмірде бірте-бірте қалыптасады, ғасырлар өткен сайын өмірдің өзгерістеріне сәйкес өзінің мән-мағынасын жетілдіріп отырады. Әртүрлі халықтардың моральдық нормалары, әдет-ғұрыптары бір-біріне ұқсас емес, бұл деректердің өзі бүкіл адамзатқа тән туа біткен моральдық құндылықтардың жоқ екенін көрсетеді. Адамдардың изгілікті, жақсылықты жақтауы оның туа біткенінен емес, негізінен, оның пайдалылығында жатыр, – дейді Дж.Локк.

Демек, егер адамның жан дүниесінде ешқандай туа біткен идеялар болмағаннан кейін, оны **«таза тақта»** (tabula rasa) ретінде қарауға болады. Адам өмірге келіп, тәжірибе жинап, сол «таза тақтаға» жазады. Мұндай сырттан алынатын тәжірибені Дж.Локк сезімдік тәжірибе (sensation) дейді.

Ал адамның ішкі рухани өміріндегі тебіреністерді, неше түрлі қиял, идеяларды қайда жібереміз? Әрине, Дж.Локк оларды теріске шығармайды. Ол оның бәрін терең ішкі тәжірибе, сезім, ой өрісі ретінде қарайды да, оған рефлексия (reflection – бейнелеу) деген ат береді. Егер сыртқы тәжірибеден алған идеяларға біз көзбен көру, құлақпен есту, иісті сезіну т.с.с. арқылы келсек, ішкі тәжірибе адамның өзінің ішкі ой-өрісін талдау арқылы келеді.

Ал енді осы екі тәжірибенің қарым-қатынасы қандай? Әрине, уақыт тұрғысынан алғанда, сыртқы тәжірибе алғашқы, әсіресе адамның сәбилік және жастық уақытында, негізінен, сыртқы тәжірибе басым болып, оның психологиясының қалыптасуында шешуші рөл атқарады, ары қарай жүре келе, адамның әлеуметтік құрылымындағы орнына байланысты оның ішкі тәжірибесі: оның дүние жөніндегі ойлары, үміті, күмәні, сенімі, қуанышы мен қайғысы т.с.с. пайда болады. Кейбір адамдардың ішкі рухани өмірі ерте, кейбіреулерде өте кеш оянады. Ал уақытында дамымай қалып, надандықтың шеңберінен шыға алмағандардың тіпті ішкі өмірі оянбауы да мүмкін екені туралы ойға келеді Дж.Локк. Мұндай терең пікірмен, жалпы алғанда, толығымен келісуге болады.

Сонымен қатар Дж.Локк терең ойшыл ретінде бұл мәселеге біржақты ғана қарап қоймай, салыстырмалы түрде алғанда, ішкі тәжірибенің дербес өмір сүре алатынына да біздің назарымызды аударады. Өйткені ішкі тәжірибе тұрақтылығы мен өзінің мәнділігі жағынан дербес өмір сүре алатын дәрежеге көтеріле алады.

Екінші жағынан алғанда, адамның ішкі өмірінің қалыптасуына оның туа біткен табиғи дарындары да зор әсерін тигізеді. Ал табиғи дарындарды алсақ, олар сыртқы тәжірибеге тәуелді емес және адамның іс-әрекетін, мамандығын таңдауда шешуші рөл атқарады. «Біркелкі тәрбие алған адамдардың әртүрлі қабілеттерінің бар екенін байқаймыз», – деп қорытады ойшыл. Олай болса, адамды тәрбиелеу жолында біз сыртқы тәжірибемен қатар, ішкі тәжірибені де дамытуымыз керек. Бұл пікірмен тағы да келісуге болады.

Сөйтіп, Дж.Локтың ойынша, танымның негізінде түйсіктер мен ойлау қабілеті жатыр. Ең алғашында олар дүние жөніндегі тұрпайы идеяларды тудырады. Бұл жерде біз Дж.Локтың «идея» ұғымына жаңа мазмұн бергенін байқаймыз. Егер Платоннан бастап, Ортағасырдағы схоластикада, Декартта идея ұғымына онтологиялық, яғни болмыстық дәреже берілген болса, – олар дербес өмір сүреді деп есептесе, Дж.Локк оларды тек дүниенің кейбір жақтарын бейнелейтін ұғым, түйсік, тіпті қиял ретінде түсінеді.

Сыртқы және ішкі тәжірибені бір-бірінен айырып қарағаннан кейін, Дж.Локк идеялардың бірінші және екінші сапасының бар екенін мойындайды. Енді соларға мінездеме берейік.

Бірінші сапалар – олар заттардан ешқашанда бөлінбейтін негізгі қасиеттер – **созылу, бітім, қозғалыс, тұрақтылық, тығыздық, заттың сандық** жақтары т.с.с.

Екінші сапалар – әрқашанда өзгерісте, бір жағынан, пайда болып, екінші жағынан, жоғалып жатқан заттардың қасиеттері. Оларды біз түйсіктеріміз арқылы ашамыз: **түрлі-түсті** нәрселерді көзбен көреміз, әртүрлі **дыбыстарды** құлақпен естиміз, неше түрлі **иістерді** мұрнымыз арқылы сезінеміз, **ащы-тұщыны** тіліміз арқылы сезінеміз т.с.с. «Бірінші сапалық идеялар ұқсастықтан туады, ал екіншілер олай емес. Тәттілік, жасылдық, жылылық т.с.с. заттардың өзіндегі белгілі бір бітім, көлем, көрінбейтін бөлшектердің қозғалысы ғана», – дейді ұлы ойшыл. Ал екінші сапалар тек адамның өзінде ғана болғанымен, оны тудыратын соңғы себеп – ол заттардың әртүрлі бірінші қасиеттерінің бір-бірімен қосылуы деген пікірге келеді.

Ал енді тұрпайы идеялардан күрделіге көшетін болсақ, оны Дж.Локк субстанция ұғымы арқылы береді. Ол тұрпайы идеялардың бір-бірімен қосылуынан болады.

Дүниедегі әртүрлі заттарды Дж.Локк эмпириялық, яғни тәжірибеден туатын субстанция дейді. Ол: нан, су, қаз, үйрек, жер, тас т.с.с. Ал философиялық деңгейге көтерілсек, онда ол – материя, рух. Мысалы, біз Күнді алатын болсақ, ол дөңгелек, жарық, жылы, өне бойы қозғалыста т.с.с. тұрпайы идеялардың қосындысынан пайда болады. Оның бәрін біз тәжірибе арқылы жинаймыз. Ал бұл тұрпайы идеяларды біріктіретін оның ар жағындағы негіз неде деген сұраққа біздің сыртқы және ішкі тәжірибеміз ештеңе айтпайды, – дейді Дж.Локк.

Гносеология саласындағы келесі күрделі мәселе – ол жалпылық. Дүниедегі өмір сүретіннің бәрі – жалқы, жеке, нақты. Жалпы ұғымдарды алатын болсақ, ол ақыл-ойдың әрекетінен пайда болады, заттардың бір-біріне ұқсас қасиеттері олардан ой арқылы бөлініп жалпыланады. Қайсыбір тілдегі сөздер арқылы біз жалпылықты көрсетеміз.

Тілдің жалпы азаматтық және философиялық жақтары бар. Оның бірінші жағын алып қарасақ, ол нақтылы әлеуметтік өмірде қолданылады, адамдар бір-біріне тіл арқылы неше түрлі ақпараттар, өздерінің сезімдерін т.с.с. жеткізеді.

Ал тілдің философиялық мағынасына келер болсақ, онда әрбір ұғымның нақтылы көлемі, мазмұны айқын анықталуы керек. Неше түрлі ғылым саласындағы дау-дамайлар түсінбеушілік, тілдегі ұғымдардың әртүрлі мағынада қолданылуына байланысты. Әсіресе ғылымға зор әсерін тигізетін нәрсеге неше түрлі мазмұны тайыз, нақтыланбаған сөздерді ойлап шығарып, оны ғылым саласына кіргізу жатады.

Әлеуметтік-философиялық, саяси идеялар

Адам – бақытты өмірге ұмтылатын пенде. Ізгілік, жақсылық дегеніміздің бәрі – адамды рақатқа, қуанышты сезімге әкелетін нәрселер. Жамандық пен зұлымдық дегеніміз – ол адамға зардап, қайғы, өкініш әкелетіннің бәрі. Адам бақытты болуы үшін, ең алдымен оның материалдық мүдделері іске асуы қажет.

Т.Гоббс сияқты, Дж.Локк та, қоғамның табиғи және азаматтық ахуалы жөнінде айтады.

Табиғи жағдайда адамдар ерікті, тең, бір-біріне тәуелсіз өмір сүреді. Табиғи ахуалдағы адамдардың өзін-өзі сақтау жолында еңбек етіп, белгілі бір байлықтардың қайнар көзін ашатындығын Дж.Локк баса айтады. Сөйтіп, ол меншік мәселесін табиғи жағдайдағы адаммен өзара біріктіріп, оны қоғамның мәңгілік мәселесі ретінде қарайды.

Құдай адамға бүкіл өлі және тірі табиғатты бергенмен, олар өзінің ең пайдалылығын жеке меншікке айналғанда ғана көрсете алады. Ал меншіктің өзі аспаннан түспейді, оған тек қана еңбектің негізінде

жетуге болады. Еңбек пен меншік қоғамның, бүкіл мәдениеттің негізін құрайды. Бір акр өңделген жер сол көлемді өңделмеген жермен салыстырғанда 10 есе қымбат, өйткені өңделген жерге адамның еңбегі сіңген. Еңбек – қайсыбір құндылықтың, бағаның қайнар көзі.

Мемлекет мәселесіне келер болсақ, оның пайда болуы қоғамдық шартқа байланысты. Мемлекетпен бірге азаматтық ахуал пайда болады. Табиғи ахуалдан азаматтыққа өткенде, адамдардың еріктігі мен қолындағы меншігі сақталуы қажет.

Мемлекеттің негізгі мақсаты – азаматтардың меншігін қорғау. Мемлекет түнгі қарауылшыға ұқсауы қажет. Күндіз азаматтар өздерінің меншігін өз еріктерімен пайдалануы керек. Тек мемлекет олардың іс-әрекеттерінің заңға сәйкестігін қадағалап отыруы қажет.

Дж.Локк алғашқылардың бірі болып, өзінің саяси философиясында өкімет билігінің бөлінуінің қажеттілігін көрсетті. Заң билігі – парламентте, атқару билігі – сот пен армияда, федеративтік билік (басқа мемлекеттермен қарым-қатынас орнату) король мен үкіметтің қолында болуы қажет.

Дж.Локк өз заманының ойшылы ретінде діннің мемлекеттен бөлінуін, бір-бірінің істеріне өзара қол сұқпау керектігін басым көрсетеді. Адамдар басқалардың да дінін сыйлауы қажет, бұл салада үлкен төзімділік керек, өйткені кез келген қоғам діни-рухани тірексіз өмір сүре алмайды.

Міне, осымен XVII ғасырда өмір сүрген ең ұлы философтардың дүниеге деген көзқарастарын осымен аяқтап, келесі сөзді XVIII ғасырға береміз.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Ф.Бэкон таным саласында кездесетін елестерді қалай атайды?
2. Танымдағы индуктивті әдістің маңызы қандай?
3. Р.Декарттың философиясының негізгі принциптерін есіңізге түсіріңіз.
4. Р.Декарттың «күмәндану» принципінің маңызы неде?
5. Дедуктивті әдіс қай ғылым салаларында көбірек қолданылады?
6. Т.Гоббс «субстанция» ұғымын қалай түсінеді?
7. Т.Гоббс тіл мен ойдың арақатынасын қалай анықтайды?
8. Б.Спиноза субстанциясының ерекшелігі неде?
9. Б.Спиноза неліктен математика ғылымын ең жетілген деп есептейді?
10. Монада дегеніміз не?
11. В.Лейбництің «алдын ала берілген сәйкестік» идеясын қалай түсінесіз?

12. Дж.Локтың эмпириялық және философиялық субстанцияларының айырмашылығы неде?
13. Дж.Локтың мемлекет, жеке меншік және азаматтық қоғам жөніндегі ойлары.

Рефераттар тақырыптары:

1. Ф.Бэкон – Жаңа дәуірдегі философияның негізін қалаушы.
2. Р.Декарттың рационалдық философиясы.
3. Б.Спинозаның пантеистік ілімі.
4. Ф.Бэконның танымдағы елестері.
5. В.Лейбництің монадологиясы.
6. Дж.Локктың жеке меншік пен азаматтық қоғам жөніндегі ойлары
7. Дж.Локктың танымдық ілімі.
8. Ф. Бэконның танымдық теориясы
9. Т.Гоббстың мемлекет жөніндегі ілімі.

VI тарау. XVIII ғасырдағы Ағарту философиясы

XVIII ғ. Еуропа топырағында дүниеге келген философияға «Ағарту философиясы» деген атақ берілді. Біріншіден, олар діннен аулақ, ғылымға жақын, ағарған білімді, болмыс туралы айқын, түсінікті философиялық қағидалар тудырғысы келеді.

Екіншіден, олар халықты надандықтың құрсауынан шығарып, оларға білім беріп, көздерін ашып, қалайша ақыл-ой арқылы бақытты өмір орнатуға болатыны жайында насихат жүргізеді.

Немістің ұлы философы И.Канттың айтуына қарағанда, Ағарту дегеніміз – ол адамзат тарихындағы қажетті дәуір. Оның негізгі мақсаты – әлеуметтік алға жылжуда ақыл-ойды, зердені кеңінен пайдаланудың керектігі. Ағарту дәуірін адамзаттың текті мәнінен шығатын құбылыс ретінде қарап, И.Кант оны ұзаққа созылатын үдеріс және соның шеңберінде адамдар моральдық және білімдік жағынан жетіліп, қараңғылық пен надандықтан құтылған ерікті қоғам құрады деп есептейді.

Марксизм ағымы XVIII ғ. Ағарту философиясын өте жоғары бағалап, олардың тарихи орнын буржуазиялық революцияның рухани негізін жасағандығынан көрді.

Жалпы алғанда, ағартушылар ақыл-ой, зерденің зор мүмкіндігіне сенді. Олар ақыл-ой, зерде арқылы діни, метафизикалық, схоластикалық, бұрыннан қалыптасып қалған ой-санадан құтылу қажеттігін асыра көрсетті. Олар адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды зұлымдықтан құтқарып, мемлекетті басқарудағы зорлық-зомбылықты жоюды талап етті.

XX ғ. неміс философтары М.Хоркхаймер мен Т.Адорно «Ағарту диалектикасы» деген еңбектерінде бүгінгі таңдағы ағарған қоғамда бұрынғыдай зұлымдықтың салтанат құрғанына қарамастан, ағартушылар кең түрде ойлауды дамыту қажеттігін, адамдарды қорқыныш, надандықтан жұлып алып, өздерінің тағдырын өзгертуге болатындығына сенді.

Ағартушылардың ұраны «Sapere aude!» («Даналыққа ұмтыл!») осы ғасырдағы ойшылдардың зердеге деген терең сенімін көрсеткендей.

Ағарту философиясының тағы бір ерекшелігі – оның теориялық-жүйелік жағынан гөрі, іс жүзіндегі идеологиялық жағының басым болуы.

Бұл идеологияның негізгі қағидалары:

а) адамның ақыл-ой зердесі арқылы адамзаттың жарқын болашағының келетініне сену;

ә) артта қалған дәстүр, әдет-ғұрыптарды ақыл-ой тұрғысынан сынап, адамдарды олардың шырмауынан босату;

б) ғылым мен техникаға кеңінен жол ашу қажеттігі, олардың бақытты қоғам орнатудағы рөлін көрсету;
в) философия саласындағы дәлелдеуге келмейтін дерексіз-метафизикалық жүйелерден бас тарту;
г) дін саласындағы соқыр сезімнен құтылу, материалистік, атеистік бағытқа бетбұрыс жасау.

Мәселені нақтылай келсек, онда жоғарыдағы көрсетілген идеялар сол кездегі ұлы тұлғалардың еңбектерінде қалай бейнеленді, енді соған назар аударалық.

§ 1. XVIII ғ. ағылшын философиясы

Ағылшын философиясының XVIII ғ. көрнекті өкілі **Джон Толанд** (1670-1722 ж.ж.) Англия, Шотландия, Голландия елдеріндегі университеттерде оқып, білім алған.

Негізгі еңбектері: **«Христиандық құпиясыз білім», «Пантеистикон»**.

Бұл еңбектерінде Д.Толанд христиан дінінің мистикалық, ақыл-ойға сыймайтын жақтарын қатты сынға алады. Оның ойынша, қайсыбір дүние жөніндегі ақпарат түсінікті болуы керек, ал істейтін іс мүмкін болуы қажет. Ақыл-ойға сыймайтын, оған қайшы келетіннің бәрі жоққа шығарылуы керек, өйткені ол мүмкін емес, я болмаса еш нәрсе емес.

Д.Толандтың ойынша, христиан діні алғашқы пайда болған кезінде өте жақсы дін болған. Бірақ, жүре келе, діни қызметкерлер неше түрлі діни рәсім, ырымдарды ойлап шығарып, оның мән-мағынасын бұрмалаған.

Өзінің онтологиялық (болмыстық) көзқарастарында ол деистік қағиданы ұстаған. Құдай материалдық дүниені жаратқанда, оған **ішкі күш** пен белсенділік қасиеттерін берген. Сондықтан материя өне бойы қозғалыста.

Ал адамның ойлау қабілетіне келер болсақ, ол – адамның миының қызметі. Идеяны денеден бөліп алып қарауға болмайды. Ойлауды табиғи нәрсе ретінде көрсету үшін, Д.Толанд: «**Бүкіл табиғат тірі** (гилозоизм), өйткені оны тудырған Құдай – ғарыштың ақыл-ойы мен рухы», – деген көзқарасқа келеді.

Келесі ағылшын философы – **Антони Коллинз** (1676- 1729 жж.) Итон және Кембридж университеттерінде оқып, білім алған. Негізгі еңбектері: **«Адамның еріктігі туралы философиялық зерттеулер», «Ерікті ойлау жөніндегі қағидалар»** т.с.с.

Өзінің шығармаларында А.Коллинз адамның еріктілігіне қарсы шығып, адам – қажеттіліктің пендесі деген пікірге келеді. Адамның

идеяларды қабылдауына, яғни оның түйсіктері мен дүниетануына келер болсақ, олардың бәрі де сыртқы дүниеге, солардың бізге тигізетін әсеріне байланысты, біз олардан ерікті емеспіз. Сондай-ақ адамның ойлау қабілетін алар болсақ, ақиқатқа жету де сол қаралып жатқан біздің ойымыздағы заттардың табиғатына байланысты. Ал адамның ынтық болып тілейтінінің өзі де оның қажеттіліктерімен байланысты, ал оларды да ол сыртқы дүниеден табады.

Ал біз іс-әрекет жасауға кіріссек, ол іс те сыртқы бір кедергі кездескен кезде заңды түрде тоқтап қалады т.с.с.

Сонымен, А.Коллинз қажеттілікті асыра көрсетіп, адамның еріктігін жоққа шығаруға тырысады.

Ал өзінің болмысқа деген көзқарасында А.Коллинз деистік бағытта болды, дүниенің алғашқы рухани себебі бар деген пікірге келді. Осы тұрғыдан алғанда, дүниедегі қажеттілік – ол Құдайдың алдын ала бәрін болжауы.

Қажеттіліктен еріктік тумаса да, А.Коллинздің ойынша, еріктіктің «екінші түрі» бар. Адам өзіне қалай ұнаса, солай іс-әрекет жасай алады. Адам ерікті түрде дүние, қоғам жайында ойлай алады. Әрине, ең соңында, біздің іс-әрекетіміз де, ой-өрісіміз де заттың өзіндік табиғатымен анықталады.

Бірақ адамның ерікті ойынан жақсы еш нәрсе жоқ. Нағыз ақиқатқа бізді жеткізетін құрал – ол ерікті ой-өріс. Ақыл-ой арқылы тек қана табиғатты зерттеп қоймай, діннің қағидаларын да сынға алу керек. Өйткені ұзақ ғасырлар бойы діни қызметкерлер діннің негізгі мәселелері жөнінде ортақ пікір таба алмай, дауласып келеді.

Мысалы, Құдай дене ме, жоқ па? Адамға ұқсай ма, әлде жоқ па? Ол ашуланып, я болмаса қуана ала ма? Ол кекшіл ме, иә тек ізгілікті жақтай ма?

– Біреулер Киелі кітап деп Библияны есептесе, екіншілер Құранды, үшіншілер Авестаны т.с.с. санайды. Христиан дінінің үштігі, қайта тірілу, о дүниедегі жұмақ пен тозақ, алғашқы күнә сияқты мәселелер бойынша осы уақытқа дейін дұрыс түсінік жоқ, – деп қорытады А.Коллинз.

Сондықтан әр адам ерікті өзінше ойлауы керек, сонда ғана діндегі неше түрлі бұрмалаулардан құтылуға болады.

А.Коллинз дін саласында төзімділік керек екенін баса айтып, қайсыбір діни фанатизмге қарсы шығады. «Көне және қазіргі тарихтағы болған қандай оқиғаларды діни фанатизмнің қатыгездігімен салыстыруға болады? Дінге бола қаншама қан төгіліп, елдер дағдарып қалды? Бұл А.Коллинздің уақытында қойған сұрақтары бүгінгі таңдағы адамзатқа да өзекті мәселе емес пе?

Джозеф Пристли (1733-1804 жж.) – ағылшын философы, Девентри деген жердегі Рухани академияда білім алған, жаратылыстану ғылымдарын зерттеген. Фотосинтезді ашқан, аммиакты жасап, оттегін ашқан адам. Негізгі философиялық еңбегі **«Материя мен рухты зерттеу жөнінде»**.

Бұл еңбегінде Д.Пристли: «Материя дегеніміз – ол созылатын қасиеті, тарту мен итеру күштері бар субстанция», – деген анықтама береді. Материя енжар (inert) емес, ол – неше түрлі күштерге толы субстанция. Егер сіз материяның тарту және итеру күштерін алып тастасаңыз, онда материя да жоғалады. Д.Пристли ғылымда ұстаған материяның өткізбейтін қасиеті бар зат деген пікірге қарсы шығып, заттар бірін-бірі өзара өткізеді деген пікірге келеді. Ол осы тұжырым арқылы материяның сезімі мен ойлау қасиеттерінің бар екенін дәлелдегісі келді.

«Менің ойымша, – дейді Д.Пристли, – адам құрамы жағынан біртекті, ал оның қабылдау қасиеті мен басқа да қабілеттері мидың құрылымымен тығыз байланысты». Яғни адамның табиғатында бір-біріне тәуелсіз қарсы жатқан нәрсе жоқ – адам толығынан материалдық дене. «Адамның мүшелерінсіз, жүйкесі мен миынсыз бізде сезім де, идеялар да пайда болмас еді», – деп қорытады Д.Пристли.

Ойшылдың әлеуметтік-саяси көзқарастарына келер болсақ, ол адамдардың саяси және азаматтық бостандықтарын қорғайды. Оның ойынша, «ең жетілген саяси бостандықтар болған жерде, барлық қоғам мүшелерінің саяси құқықтары тең болады». Ал мемлекеттің лауазымды қызметтеріне адамның тегі мен байлығына қарай қойған қоғамда ешқандай саяси бостандық жоқ. Барлық азаматтық биліктің қайнар көзі халықта болуы керек.

Ал енді азаматтық құқықтарға келер болсақ, ол әр адамның өзінің қалауынша іс-әрекет жасау құқы, оған мемлекеттің лауазымды иелері ешқандай қол сұқпауы керек. Мемлекет билігіне келер болсақ, оның негізгі мақсаты – әрбір адамның меншікке, өзінің қауіпсіздігіне, бақытты өмір сүруіне деген құқықтарын қамтамасыз ету.

Саяси бостандық пен азаматтық бостандық өте тығыз байланысты. Бұл диалектикалық өзара байланыста саяси бостандық шешуші рөл атқарады. Егер саяси бостандық болмаса, онда халық өзінің азаматтық бостандығын дұрыс қорғай алмайды. Саяси бостандық көбірек болса, онда азаматтық бостандық та күштірек болады.

Адамдардың өмірге, еріктікке, меншікке деген табиғи құқықтарын сақтау үшін, олар мемлекет құруға келіседі. Ал бірақ жасалған шарттың қағидалары бұзылса, «халық ол шарттан бас тартып, жаңа тәртіп орнатуға құқы бар» деген Д.Пристлидің ойы оның демократияшыл қайраткер екенін көрсетеді.

Шефтсберри мен Мандевиль. Моральдық мәселелер

Антони Шефтсбери (1671-1713 жж.) философия тарихына жазушы-моралист ретінде кірді.

«Адамдардың, әдет-ғұрыптардың, пікірлер мен уақыттың мінездемелері» деген еңбегінде ол: «Әсемдік пен ізгілік – бір», – деген пікір айтады.

А.Шефтсбери моральдық құндылықтарды адамның ізгі табиғатынан шығарады. «Әсемдік, әділеттілік, адалдық жөніндегі түсініктер мен принциптер адамның табиғатынан шығады, басқа олардың қайнар көзі жоқ», – деп ашық айтады. Бұл мәселе бойынша ол Т.Гоббс пен Д.Локқа қарсы шығып, «Ізгілік пайда табу жолында, я болмаса марапаттау мен жазалау мүмкіндіктерінен пайда болатын қорқыныш сезімнен емес, ол өз-өзін тудырады, ізгілік жолындағы адам өзін бақытты сезінеді. Ізгі адам өзінің сана-сезімі, іс-әрекетімен өзі мүше болып отырған әлеуметтік топтың, қоғамның жетілуіне бар күшін салуы керек.

Ізгілік адамның ішкі табиғатында орын алғаннан кейін, әрине, ол Құдайға сенуге тікелей байланысты емес. Керісінше, діннің қағидаларының өзі моральдық сананың сынынан өтуі қажет. Өйткені адамзат тарихы діннің көп жағдайда моральдық санаға тигізетін теріс ықпалын көрсетеді.

Кімде-кім ізгілікке Құдайдың мейірбандығы тиюі үшін, я болмаса жамандыққа Оның жазалауынан қорқып бармаса, оны моральдық пенде деп атауға болмайды. «Ондай адамда адамгершілік, ізгілік, әулиелік шынжырға байлап қойған арыстанның момындығынан көп емес», – деп қорытады А.Шефтсбери.

Алайда бұл келтірілген пікірлер ол Құдайды мойындамаған екен деген пікірге әкелмеуі керек. Оның ойынша, «Құдай – әсемдіктің негізгі қағидасы, себебі, қайнар көзі». Оның негізгі рөлі – сондай әсем, тәртіпке келген ғарышты тудырғанында. Осы сыртқы әсемдікке адамның ішкі рухани өмірінің «бақтары мен көгорайы» сәйкес келуі керек, – деп өзінің моральдық философиясын қорытады А.Шефтсбери.

Осы замандағы екінші көрнекті ағылшын философы – **Бернард Мандевиль** (1670-1733 жж.) А.Шефтсберидің моральдық философиясының іргетастарын аударып тастап, оған қарама-қарсы жатқан идеяларға келеді. Негізгі еңбегі – **«Аралар туралы ертегі»**.

Араның ұясында байлық пен қайыршылық, күнбе-күнгі той-думан мен ауыр еңбек қатар өмір сүріп жатыр. Онда бәрі де сатылады. Ашқарақтық, тәкаппарлық, көреалмаушылық, алдап-арбау қай жерде болса да кең етек алып, бәрі де баюға тырысып жатыр. Осының нәтижесінде араның ұясында гүлдеу, жақсы өмір сүру байқалады.

Күндердің бір күнінде барлық аралар моральдық жолға, ізгілікке бетбұрыс жасайды. Сол сәтте ұяда таңғаларлық өзгерістер пайда бола бастайды. Байлық пен той-думан келмеске кетіп, ұя бірте-бірте әлсіреп, соңында құриды.

Бұл ертегіден шығарған Б.Мандевильдің қорытындысы: бір жағынан, жақсы өмір сүріп, екінші жағынан, адал болу мүмкін емес. Оның негізгі себебі – адам өзінің терең табиғатына сәйкес өзімшіл, тек өзіне болғанын қалайды. Әрине, мұндай идеяны Б.Мандевиль тарихта бірінші болып айтып отырған жоқ, оның алдында Т.Гоббс та осындай пікірде болған. Бірақ, оның ойынша, адамның моральдық тұрғыдағы теріс жақтары қоғамның өмір сүруіне кедергі емес, керісінше, оны күшейтіп біріктіреді. «Біздің бұл дүниедегі зұлымдық дегеніміз, моральдық, я физикалық тұрғыдан алсақ, шынына келгенде, – ұлы принцип, соның арқасында біз әлеуметтік пенделерміз, егер зұлымдық күндердің бір күнінде жойылса, онда қоғам күйреп, тіпті ыдырап кетуі мүмкін», – деп қорытады Б.Мандевиль.

Егер А.Шефтсбери моральдың қайнар көзін адамның табиғатынан шығарса, Б.Мандевиль, керісінше, «мораль – қоғамның туындысы, ал моральдық құндылықтарды тудырған – ұлы тұлғалар» деген пікірге келеді. Олар адамдарды өздерінің құштарлықтарына тосқауыл қоюға, қоғамдық жалпы мүдделерді биік дәрежеде ұстауға үйретті.

«Моральдық құндылықтардың пайда болуы туралы зерттеу» деген еңбегінде Б.Мандевиль қоғамға әлдебір зұлымдықтың қажеттігі мен пайдалылығынан гөрі, оларды жеңу, ауыздықтаудың мәнін баса айтып, моральдың пайда болуының қайнар көзін содан көреді. Әрине, оның мұндай көзқарасы өз заманындағы және болашақ ойшылдарға өзінің зор әсерін тигізіп, әртүрлі пікірлерді туғызды.

XVIII ғ. ағылшын ағартушыларының жалпы деистік және материалистік бағытына қарсы шығып, идеализм жолын қорғаған епископ **Джордж Беркли** (1681-1753 жж.) болды. Ол өзінің философиясын «Дүниедегі барлық өмір сүруші – жалқы» деген қағидадан бастайды. Ал жалпы дегеніміз – ол жалқының нақты қорытылған бейнесі ғана. Дерексіз жалпы ұғымдар сөздердің негізінде жатқан жалпы идеяларды көрсетеді деген жалған пікірді басшылыққа алып, көп философтар, ойшылдар алданады. Ал, шындығында, сөз жалпы идеялардың белгісі емес, керісінше, көп нақтылы заттардың белгісі. Осындай қағиданың негізінде Д.Беркли дерексіз жалпы ұғымдардың керек еместігін, әсіресе философиядағы материя ұғымының зияндығын, неше түрлі дау-дамайларды туғызатынын көрсеткісі келеді.

Д.Берклидің философияда жасаған екінші қадамы – Дж.Локтың бірінші және екінші сапалар деген ілімін сынап, таным үдерісінде адам

тек қана өзінің түйсіктерінің әртүрлі қосындыларымен кездеседі деген пікірге келуі. Яғни Д.Беркли зерттеліп жатқан заттардың қасиеттерін адамның түйсіктерімен теңеді. Мысалы, шиені алсақ, ол қоңыр-қызыл түсті, дөңгелек, жұмсақ, қышқыл-тәтті. Осы түйсіктердің бәрін алып тастасақ, онда шиеден не қалады? «Ештеңе», – деп жауап береді Д.Беркли. «Шынына келгенде, нысан мен түйсік – бір және оларды бір-бірінен ажыратуға болмайды», – дейді ойшыл.

Мұндай көзқарас философияда **солипсизмге** (solus – латын сөзі, «жалғыз өзім» деген мағына береді) әкеледі: яғни дүниеде мен ғана өмір сүріп жатырмын, ал бүкіл әлем, басқа заттар мен адамдар менің түйсіктерімнің әртүрлі қосындылары ғана деген пікір тудырады.

Мұндай ерсі пікірден аулақ болу үшін, Д.Беркли: «Дүниенің өмір сүруін мойындаудың негізі жеке адамның санасында ғана емес, сонымен қатар басқа адамдардың да дүниені қабылдауымен байланысты», – деген пікірге келеді.

Ал көп адамдардың дүниедегі белгілі бір заттар жөніндегі ортақ пікірі, олар жөніндегі ортақ пікірлері, бір-біреуімен келісімі Құдайдың құдіретті күшінде жатыр. Сонымен, қорыта келе, Д.Беркли алғашында тек қана жалқыны мойындап, материалистік көзқарастан бастап, келесі сатыда субъективтік идеализмге жетіп, соңында теологиялық көзқарасқа келіп тіреледі.

Д.Юм және оның сындық скептицизмі

Давид Юм (1711-1776 жж.) – ағылшын философы. Негізгі еңбегі – **«Адамның табиғаты жөніндегі трактат»**. Бұл еңбегінде Д.Юм барлық ғылымдардың іргетастарының тұрақсыздығын және білімі бар оқыған, білімді адамдардың сол кездегі философияға қанағаттанбайтынын көрсетеді. Ал оның негізгі себебі, Д.Юмның ойынша, адамның табиғатының терең зерттелмегенінде.

Адамның дүниетаным мүмкіндіктері қандай? Д.Юм қайсыбір философияның негізгі мәселесі осы болуға тиіс деген пікірге келеді. Ол дүниетануда бірінші және екінші сапалар қағидасының құндылығын мойындамайды. Тек қана сезімдік қабылдау адамның дүниетанымының негізінде жатыр. Олай болса, ол – философиядағы сенсуализм бағытының өкілі. Бірақ Д.Юмның ерекшелігі – ол сезімдік танымнан метафизикалық, яғни ең жалпы дүние жөніндегі қағидаларды тудыруға болмайды деген пікірге келуінде.

Егер өзінің философиясының негізін Д.Беркли Құдайға әкеліп тіреген болса, Д.Юм, «материя» ұғымы сияқты, Құдай идеясының өзін біз дәлелдей алмаймыз деген ойға келеді. Бізге берілген – тек қана түйсіктер мен олардың әртүрлі байланыстары. Олай болса,

философияның негізгі мақсаты – түйсіктердің өзара байланыстары арқылы берілетін идеялардың алғышарттарын зерттеу ғана.

Демек, философиядағы «субстанция», «себеп» т.с.с. ұғымдар – әділетті өмір сүріп жатқан «мән», я болмаса тәжірибеге дейін берілген «идея» (apriori) емес, өзінің эмпириялық, яғни тәжірибеден шығатын мазмұны бар байланыстар. Мысалы, таныс адамның суреті өзінің ұқсастығымен ол жөніндегі біздің идеяларымызды оятуы мүмкін.

Екіншіден, ол – кеңістік пен уақыттың шеңберіндегі қатар пайда болатын байланыстар. Мысалы, егер үйден бірнеше шақырым ғана алшақта болсақ, жақындарың жөніндегі байланыстар мыңдаған шақырым алшақтықтан гөрі анағұрлым айқын.

Үшіншіден, танымдағы көп кездесетін байланыстар себептілікке негізделген. Себептік, Д.Юмның ойынша, дүниедегі заттардың арасындағы қарым-қатынастан пайда болады. Себептік іс-әрекеттен алда болуы қажет. Бірақ ол себептіктің іс-әрекетті тудыратынын мойындамайды, оны біз дәлелдей алмаймыз. Сонымен, Д.Юмның ойынша, себептік – тек қана бірінің артынан бірі келетін сезімдік әсерлер, алдыңғысын біз себеп, соңғысын іс-қимыл дейміз.

– Осылайша қоғамның моральдық саласына да қарауға болады. Ол да күнделікті өмірде қалыптасатын байланыстарға негізделеді. Солар арқылы біз жанымыздағы адамдардың жан дүниесін сезініп, оның қайғысын, я болмаса қуанышын бөлісеміз, – дейді ағылшын ойшылы.

§ 2. Француз ағартушылары

Дүниежүзілік философия тарихында француз ағартушыларының орны ерекше. Бұл философиялық-саяси бағыттың негізін қалаған **Вольтер мен Монтескье** болды. Олардың еңбектері француз ағартушыларының екінші буынының қалыптасуына зор әсерін тигізді. Оларға Ламетри, Дидро, Кондильяк, Руссо, Гольбах сияқты ойшылдар жатады.

Француз ағартушылары философияның деңгейін өте биік дәрежеге көтерді. Адамзатты тебірентетін барлық мәселелер философиялық зерде тұрғысынан шешілуі қажет, бұл – олардың негізгі қағидасы. Ой еріктігі бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтерілді: дін, табиғатты түсіну, қоғам, мемлекеттің құрылымы мен басқарылуы – бәрі де үзілді-кесілді сыннан өтті, бүкіл бұрынғы қалыптасқан көзқарастардың көпшілігі теріске шығарылып, дүниеге деген жаңа таным қалыптаса бастады.

Француз ағартушыларының еңбектерінде табиғат және ондағы адамның орнына материалистік көзқарас қалыптаса бастады, әсіресе олардың әлеуметтік-саяси көзқарастары сол кездегі қоғамдағы ахуалға өзінің зор әсерін тигізді. Егер ағылшын ағартушыларының көбі король

билігін жақтап, я болмаса аристократияны қолдаса, француз ойшылдары феодалдық тәртіпке үзілді-кесілді қарсы шығып, саяси-құқықтық мәселелерді күн тәртібіне ашық та айқын қоя білді.

Монтескьенің философиялық көзқарастары

Шарль Луи де Монтескье (1689-1775 жж.) француз ақсүйектерінің отбасында дүниеге келеді. Сол кездегі беделді оқу орындарында оқып, білім алады.

Негізгі еңбектері: **«Персиялық хаттар», «Заңдардың рухы жөнінде», «Римдіктердің өрлеуі мен құлдырауының себептері»**.

Өзінің ең алғашқы «Персиялық хаттар» атты еңбегінде Монтескье монархиялық тәртіпті, ақсүйектердің дүние шашуын, діни қызметкерлердің екіжүзділігін айыптап, сынға алады, оларды Шығыстағы «азиаттық озбырлықпен» салыстырады.

Әсіресе ол христиан дінін қатты сынайды. Христиан діні сүйіспеншілік діні болуға тырысқанымен, өзінің тарихында талай-талай қақтығыс пен соғыстарды әкелді. Христиандарда ақылға сыймайтын мәселелер көп: оларға үш бірмен тең, жеп отырған нандары – нан емес, ішкен шараптары – шарап емес т.с.с. Бірақ ол христиан дінін сынағанмен, Құдай идеясын толығынан теріске шығарған жоқ. Ол бұл мәселе бойынша деистік көзқараста болды. Құдай өзінің құдіретті күшінің негізінде табиғатты және оның заңдылықтарын тудырды, ал содан кейін Ол табиғаттың ары қарай өмір сүруіне килікпейді. Екіншіден, ол дінге гуманистік-өмірлік бағыт бергісі келді. Мысалы, оның ойынша, егер Құдай дінді адамдарға изгілік үшін берсе, онда адамдардың осы дүниедегі бақытқа ұмтылуы күнә емес. Егер Құдай адамдарды сүйсе, онда адамдар да бір-бірін сүюі керек, бір-біріне бақытқа жету жолында көмектесуі қажет.

Монтескье өз заманының күрделі мәселелерін терең түсіну үшін адамзат тарихына үңіліп, **«Римдіктердің өрлеуі мен құлдырауының себептері»** деген еңбегін жазады. Мұнда оның тарих философиясын байқаймыз. Ол тарихты діни жолмен түсіну (христиандық провиденциализм), я болмаса оны неше түрлі кездейсоқтық уақиғалардың жиынтығы ретінде қараудан бас тартады. Оның ойынша, «әрбір мемлекеттің өрлеуі мен құлдырауының, күшеюі мен әлсіреуінің жалпы рухани және физикалық себептері бар».

Көне замандағы римдіктердің өрлеп, күшеюін Монтескье азаматтық құндылықтардан, адамдардың өздерінің жеке мүдделерінен гөрі, қоғамның жалпы мүддесін жоғары қойып, соны жан-тәнін салып қорғауға тырысқанынан көреді. Ал мұндай патриоттық, азаматтық құндылықтардың өзі саяси бостандықтың, республикалық басқару

жүйесінің болуымен байланысты.

Монтескьенің **«Заңдардың рухы жөнінде»** деген еңбегінде ойшылдың әлеуметтік-философиялық көзқарастарын байқаймыз. Қоғамның өмір сүруі мен дамуын Монтескье заңдардың сапалығымен байланыстырады. Егер белгілі бір қоғамның ерекшелігін түсінгіңіз келсе, онда сол елдегі қабылданған заңдарды зерттеңіз. Қоғам жөніндегі мұндай түсінікті жүре келе ғалымдар «заңдық көзқарас» деп атап кетті.

Монтескье қоғамдағы заңдарды екіге бөледі. Біріншіден, ол – «табиғи заңдар», олар адамның биологиялық табиғатынан шығады. Екіншіден, әлеуметтік заңдар.

Табиғи заңдардың негізгісі – өмір сүру, ол үшін азық табу керек. Егер Т.Гоббс ол үшін адамдар тартысқа түсіп, «бәрі бәріне қарсы соғысатынын» айтса, Монтескье, керісінше, жалғыз адам әлсіз болғандықтан, басқалардан көмек іздейді, басқалармен бейбіт өмір сүруге тырысады деген пікірге келеді. Сонымен біз Монтескьенің адам алғашқы сатысынан бастап, әлеуметтік пенде болды деген ойда болғанын көреміз.

Қоғам өміріндегі қайшылықтардың пайда болуының негізінде адамның басқалардың есебінен пайда табу ұмтылысы жатыр. Ал мұның өзі адамдардың қарым-қатынасын заңмен ретке келтіру керектігін туғызып, дүниеге мемлекет келеді.

Монтескье құқықтың үш түрін анықтайды. Бірінші, халықаралық құқықтар – мемлекет, халықтар арасындағы қарым-қатынастарды ретке келтіреді.

Екінші, саяси құқықтар – мемлекеттегі басшылар мен халықтың арасындағы қатынастарды ретке келтіреді.

Үшінші, азаматтық құқықтар – адамдардың өзара қатынастарын ретке келтіреді.

Монтескье мемлекетті басқарудың үш түрін анықтайды. Олар **республика, монархия және деспотия.**

Деспотиялық басқару ешқандай заңдылықты мойындамайды. Оның өзі елді бақытсыздыққа әкеліп, неше түрлі зорлық-зомбылыққа жол береді.

Республикалық басқару саяси заңмен бекітілген бостандықтардың негізінде іске асады.

Монархиялық басқару жүйесі жоғарыда көрсетілген басқарулардың екі ортасында орналасқан.

Монтескьенің саяси философиясындағы жасалған және бүгінгі таңға дейін өзекті жаңалығы – ол мемлекет билігін бөлу идеясы.

Шынайы саяси бостандық болуы үшін республика, я болмаса монархия басқару жүйесінде заң шығару, атқару және сот биліктері бір-бірінен бөлінуі қажет.

– Ал енді «заңдардың рухына» келер болсақ, олардың әрбір елдердегі ерекшеліктері көп жағдайларға байланысты. Олар: жердің құнарлылығы, ауа райы, таулы-жазықтығы, әдет-ғұрыптар, діни сезімдер, халықтың саны мен материалдық хал-ахуалы, заң шығарушылардың мақсаты, саяси биліктің, елдегі жалпы тәртіптің көріністеріне байланысты, – деп қорытады ұлы ойшыл.

Мұндай көзқарасты әдебиетте «географиялық детерминизм» (себептілік) деп айтады. Өйткені жоғарыда көрсетілген жағдайлардың ішіндегі негізгілері деп, ол «жердің құнарлылығын, ауа райын және таулы-жазықтығын» атайды.

Мысалы, ыстық ауа райы адамдарды әлсіретіп, енжар қылады, ал суық ауа райы ой мен дененің күшеюіне, олардың өмірге деген қажырлы еңбегіне, ұлы істерді жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан ыстық ауа райында өмір сүретін халықтар құлдыққа келді де, суық жерде өмір сүретін халықтар өздерінің бостандығын сақтап қалды, – деп ойлайды Монтескье. Әрине, бүгінгі таңдағы адамдар мұндай көзқарасқа күлкілі көзбен қарауы әбден мүмкін.

Дегенмен қоғамның дамуында географиялық жағдайлармен санаспаудың өзі, таза технократиялық көзқарастар қандай салдарларға әкелетінін біз бүгінгі таңда ауылдағы осы уақытқа дейін жүргізілген реформалардың теріс жақтарынан көріп отырмыз.

Кең түрде алғанда, біздің ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойы көшпенділік өмір салтын ұстауының өзі (жаңа дәуірге дейін) сол айнала қоршаған ортаға байланысты болатын. Әрине, Жаңа дәуір тарихқа келіп, машина техникасы пайда болған кезде, көшпенділік өмір салтының мүмкіншіліктері сарқылып, қазақ халқы жаңа өмір құндылықтарына өтуге мәжбүр болды.

Монтескьенің ойынша, жоғарыдағы көрсетілген жағдайлармен қатар, жер көлемі және оның таулы-жазықтығы да қоғамның саяси бітіміне өзінің зор әсерін тигізеді. «Біріншіден, таулы елдер көлемі жағынан үлкен бола алмайды. Ал кіші елде азаматтар қоғамдық мәселелерді талдап шешіп, қабылдауға жиі қалыптасады. Ал орта көлемді елдерде көбінесе монархиялық басқару жүйесі орнайды. Жері жазық және өте көлемді елдерде деспотиялық басқару жүйесі қажет, өйткені тек күш жұмсау мен қорқыту арқылы ғана алыста жатқан елдерді орталық билікке көндіруге болады», – деп қорытады Монтескье.

Әрине, біз ұлы ойшылдың географиялық факторлардың қоғам өміріне деген рөлін асыра көрсеткенін байқаймыз. Бірақ бұл көзқарастар өз заманының мәселелерін жаңаша түсінуде, діни түсініктерге тойтарыс беруде кеңінен пайдаланылды.

Вольтер

Франсуа Мари Аруэ Вольтер (1694-1778 жж.) – француз ағартушыларының ұлы өкілі. Негізгі еңбектері: **«Философиялық хаттар», «Метафизикалық трактат», «Тарих философиясы»** т.с.с.

Вольтердің дүниетанымдық көзқарастарының негізінде сол кездегі кеңінен тараған деистік материализм болды. Дүниедегі сан алуан материалдық заттар мен құбылыстар туралы деректерді біз сезімдік тану арқылы аламыз. «Мен тасты сипаған кезде, оның орнын ала алмайтынымды өте жақсы сезінемін, олай болса, бұл арада кеңістікте орын алып жатқан бір нәрсе барын түсінемін», – дейді ойшыл.

Демокрит пен Эпикурдың атомистік көзқарасын қолдап, Вольтер: «Дүниенің элементтері материалдық және олар өткізбестей созылған субстанция», – деген пікірге келеді. Сонымен қатар И.Ньютонның ашқан тарту қасиетін қолдап, оны ол материяның негізгі қасиеттерінің бірі және табиғаттың әлі ашылмаған сан алуан қасиеттері бар деген тұжырымға келеді.

Ал енді дүниенің бәрі материалдық болса, онда адамның жан дүниесін қалай түсінуге болады? «Жан-дүние дегеніміз – адамның ойлауға және сезінуге деген қабілеті. Олай болса, денеден басқа өмір сүріп жатқан жан-дүние жөнінде менің ешқандай түсінігім жоқ», – деп қорытады ұлы ойшыл. Мұндай көзқарас, әрине, дінге қарсы. Мәселенің қызықтығы – сол дінге қарсы пікірді Вольтердің діни жолмен дәлелдеуге тырысуы. «Егер осы ғажап дүниені Құдай жаратқан болса, онда ол материяға сезіну және ойлау қасиеттерін бере алмайды деп кім айтар екен», – деген сұрақ қояды.

Екіншіден, Вольтер сол кездегі жаратылыстану деректеріне сүйене отырып, адамның жан-дүние құбылыстарының оның түйсіктері мен жүйесі, миымен байланысты екенін көрсетеді.

Үшіншіден, жануарлардың да адамның дене құрылысына ұқсас мүшелері бар екенін көрсетіп, олар да дүниені сезініп, бұлдыр да болса дүниені тани алады, – деген пікірге келеді.

Өзінің шығармаларында Вольтер адам мәселесіне де көп көңіл бөлген. Адам – әлеуметтік пенде. Ол өзінің ұлылығын дүниетану және оны қайта өзгерту жолында айқын көрсетеді. «Адамның табиғатындағы «өзін сақтау», «өзін сүю» олар адамдарды бір-бірінен алыстатпай, керісінше, бір-біріне жақындатып, сүюге әкелетін ішкі түйсіктер. Адам жалғыздан-жалғыз өмір сүре алмайды. Табиғи түрде пайда болатын еркек пен әйелдің арасындағы байланыстар жас ұрпақтарды дүниеге әкеліп, қоғамды біріктіреді», – дейді Вольтер.

Қоғам өзінің ішінде миллиондаған адамдарды біріктіргеннен кейін, олардың моральдық және құқықтық қарым-қатынастары саяси заңдар

мен ережелер арқылы ретке келтіріледі. Оларды адамдардың өзі тудырады. Оған Құдайдың еш қатынасы жоқ.

Моральдық табиғи заң – ол «өзіңе не қаласаң, басқаларға да соны жаса» – бүкіл адамзатқа тән нәрсе. «Сиамнан бастап Мексикаға дейін шындық, қайырымдылық, достықты сыйламайтын халық жоқ». Құдай болмаса, адамдар ойларына не келсе, соны істейді, тізгінсіз кетеді деген осы уақытқа дейін кең тараған пікірге қарсы шығып, Вольтер ондай адамдарды қоғамның өзі-ақ неше түрлі заңдар арқылы ауыздықтай алады деген пікірге келеді. Екіншіден, халық ондай адамдарға теріс қарайды, бұның өзі – ондай адамдарға ең күшті тізгін. Олай болса, әр адам жетіле келе, қоғам өмірінде өзін таза ұстау керектігін, өзінің басқа адамдар алдындағы борышын бұлжытпай орындау қажеттігін түсініп орындайды, – деп қорытады Вольтер.

Тарих философиясы

Вольтер адамзат тарихын философиялық жолмен сараптауда алғашқы із салғандардың қатарына жатады.

Біріншіден, тарихшылар көсемдердің жасаған істерінен гөрі, халықтардың өміріне көбірек көңіл бөлулері керек.

Екіншіден, тарихшылар белгілі халықтың рухани мәдениетінің мазмұнын мұқият зерттеуі қажет (оған ол мораль, өнер, философия, құқықтық және саяси көзқарастар, ғылыми деректер, әдебиет пен мифологияны жатқызады) жалғыз ғана халықтың діни сенімін қарастыру жеткіліксіз.

Үшіншіден, адамзат дүниені игеру жолындағы жасаған материалдық мәдениет те мұқият зерттелуі керек.

Төртіншіден, христиан елдерінің тарихы – ол бүкіл адамзат тарихымен тең емес. Сондықтан басқа халықтардың да тарихын зерттеп, оларды бүкіл адамзаттық тарихқа енгізу қажет.

Вольтер қоғам дамуының, өзгеруінің қайнар көзін адамдардың ой өрісінен, пікірлерінен көреді. «Адамдардың пікірлері дүниені басқарады», – дейді ол. Бірақ ол пікірді халықтың көпшілігі қолдауы керек. Олай болса, мемлекетті басқарып отырған саясаткерлердің ойы мен іс-әрекеттері халықты бақытты, иә болмаса бақытсыз өмірге әкеледі. Бүкіл адамзат тарихындағы мыңдаған жылдағы болған бақытсыздық, зардап шегу, қылмыс, әпербақандықтың бәрі – өкімет басындағылардың арсыз билігінде болды деген қорытындыға келеді.

Бірақ, сонымен қатар Вольтер өз заманына (XVIII ғ.) көп үміт артады, өйткені ғылымның дамуы, өнердің өрлеуі, зердеге негізделген философиялық ойлар кеңінен тарап, бұқара халықтың рухани деңгейін өсіріп жатыр. Ал мұндай өрлеу, Вольтердің ойынша, өкімет билігіне

«ағарған дана патшаның» келуіне себеп болады. Ол қоғамдағы зұлымдықты құртып, адамдардың бақытты өмір сүруіне керекті жағдайларды жасайды деген оптимистік өміршеңдік оймен өзінің тарих философиясын аяқтайды.

Тарих – үлкен оқытушы. Өткендегі болған кемшіліктер мен қателіктерді білген халық қана оларды өзінің болашақ өмірінде қайталамайды деп, біз Вольтердің ойын ары қарай жалғастыралық. Ол – әсіресе қазақ халқына ауадай қажет нәрсе.

Жан-Жак Руссо

Жан–Жак Руссо (1712-1778 жж.) Швейцариядағы Женева қаласында сағат жөндеушінің отбасында дүниеге келеді. Негізгі еңбектері: **«Қоғамдық шарт туралы», «Эмиль, я тәрбие жөнінде»** т.с.с.

Адам мәселесі

Руссо адамның табиғатынан өзімен бірге туатын екі алғашқы нәрсені байқайды. Олардың біреуі «бізді өзімізді сақтап, жақсы өмір сүруге ынталандырса», екіншісі әрбір сезімдік жанның зардап шегуін, өліп-құруын көргенде, табиғи тітіркенушілікті тудырады.

Егер Т.Гоббс адамның өзін сақтауға бағытталған ішкі табиғи түйсігінен өзімшілдікті (эгоизм) тудырса, Руссо оның өмірге келуіне дейін көп уақыттың өткенін көрсетеді. Руссоның ойынша, адамның өзін сүю сезімі басқалардың зардабын көргенде, оларды аяу сезімімен теңеледі, көбінесе соңғы сезім басым болып, басқалардың қайғы-қасіретіне ортақ болуға әкеледі.

– Өзінің табиғи жағынан алсақ, адам – изгілікке ұмтылатын пенде. Егер адам изгі іс-әрекет жасап, өзінің өзімшілдігімен күресе білсе, оның бұл қасиеті терең етек жаяды. Бірте-бірте изгілікке ұмтылу қажеттікке айналып, адамға рақат әкеледі. Басқалардың алдындағы адамның борышы – ол изгіліктің сыртқы көрінісі ғана. Ал табиғи сезімнен шығатын басқа адамдарға деген изгі іс-әрекет – ол ең биік дәрежедегі адамгершілік, – деп қорытады Руссо.

Бірақ адамның басқаларға деген изгі сезімін дамытуға тежеу жасалса, ол өзінің қарама-қарсылығына айналып, эгоизмді, яғни өзімшілдікті тудырады.

Өркениетті қоғамдағы адамдардың, бір жағынан алғанда, адамды сүюі, әділеттілік, изгілікке деген құштарлығы байқалса, екінші жағынан, ол сыртқы сезімнің, өзімшілдіктің шеңберінде екенін көреміз. Осы бір-біріне қарсы екі сезім тарихта қалай пайда болды?

Бұл сұраққа жауапты ол адамдардың арасындағы теңсіздік қалайша пайда болды деген сұраққа жауап беру арқылы шешуге тырысады.

Теңсіздік мәселесі

Егер Руссоға дейінгі ойшылдар теңсіздіктің түп-тамыры, бір жағынан, зорлық-зомбылыққа, екінші жағынан, діни-рухани алдау-арбауда деп есептесе, Руссо оның шынайы себептері бар деген ойға келеді. Оны ол адамның ақыл-ой иесі ретінде жетілуге деген қабілетінен көреді. Адам еңбек етіп, өзін-өзі асырау жолында қармақ пен жіпті, садақ пен жебені, малдың терісінен киімді т.с.с. ойлап шығарды, отты игерді. Олар үлкен аңдарды ұстау үшін бір-бірімен оқтын-оқтын бірігіп, оның пайдалылығын байқады.

Руссоның ойынша, үй салу адамдардың өміріндегі алғашқы үлкен төңкеріс болды, өйткені үймен бірге отбасы дүниеге келді, ол тарихи алғашқы әлеуметтік бітім еді. Бұл кезде әлі мемлекет дүниеге келген жоқ, сондықтан бұл уақыт – алтын заман, адамдар бір-біріне тәуелсіз, олар табиғаттың бақытты балалары болды.

Екінші төңкеріс теңдікті жойып, адамдарды құлдық пен қайыршылыққа әкелді. Ол – жеке меншіктің пайда болуы. Оның негізін қалаған бірінші адам өз үйінің маңайын қоршап: «Бұл – менікі», – деді, ал қалған адамдар оны мойындады, – деген пікір айтады. Әрине, Руссо бұл құбылыстың терең тамырына шейін жетеді, өйткені жеке меншіктің пайда болуы алғашқы қоғамның экономикалық дамуымен тығыз байланысты болатын.

Жерді өңдеп, егін егудің өзі оны бөлуге әкеліп соқты. Осыдан жеке меншік, теңсіздіктің өзі-ақ пайда болады, тіпті біз алғашында жер тепе-тең бөлініп еді деп есептесек те.

«Ең күшті өзінің еңбегімен басқалардан гөрі көбірек өндірді, ең өнерлі, тапқыр өзінің еңбегінен пайданы көбірек көрді», – дейді Руссо. «Жерді өңдеп, егін егу азық-түлікті көбейтіп, қажеттіліктен артық қалатын байлықтың көзін ашты. Ал мұның өзі әртүрлі кәсіптерді туғызып, өндіргіш күштерді ары қарай дамытты. Әсіресе темірді балқытып, игеру ауыл шаруашылығында қолданатын құралдарды анағұрлым жетілдіріп, алатын өнімді молайтты. Байлық аз топтың қолында шоғырланып, көпшілік қайыршылық жағдайға келеді, осыдан бастап адамзат табиғи сатыдан цивилизацияға келіп тіреледі. Байлардың мүдделерін тиімді қорғау жолында мемлекет дүниеге келеді», – деп қорытады Руссо.

Мұндай жағдайда адамға қалайша оның жоғалтқан еріктігін қайтып беруге болады? деген көкейтесті сұраққа Руссо өзінің «қоғамдық шарт» теориясы арқылы жауап беруге тырысады. Оның мәні мынада. Әрбір адам ерікті түрде өз құқықларының бәрін қоғамға береді. Осы сәтте адамдардың барлығы бір-бірімен заң жүзінде теңеліп, берген

құқыларын өзіне қоғамнан қайтарады. Барлығының жағдайы тең, ешкімнің де артықшылығы, жеңілдігі жоқ, әрбір адам бүкіл қоғамды мойындап, оның талаптарына көнгенмен, жеке қайсыбір адамға тәуелсіз болады, әрбір адам біртұтас қоғамның ажырамас бөлігіне айналады.

Демек, қоғам өмірінде әрбір адам өзінің күш-қуатын сезінеді, адамдар жеке тұлға, дене ретінде теңсіз болғанымен, моральдық, құқықтық теңдікке ие болады.

Қоғамдағы шығарылған заңдардың қайнар көзі – халық. Егерде әлдебір заң халықтың пікірінсіз және дауысын берусіз жарыққа шықса, онда ол заң емес, – бұйрық. Халықтың билігін қамтамасыз ететін ұйым – халықтың құрылтайы. Ол заңмен бекітілген уақытта жиналып, «қоғамдық шарттың бұзылмауын бақылап отыруы қажет, өйткені ол шарттың ыдырап кету себептері әрқашан сақталады». Олар:

а) әрбір өкіметтің өзін әрқашанда күшейтуге тырысуынан шығады;
в) азаматтардың біршамасының ізгілік жолынан ауытқу мүмкіндігінен туады;
с) жеке мүдделердің дамып, жалпы мүдденің шеңберін қысуынан болады;
д) мұндай жағдайда «жалпы мүддені» өзгертіп, адамдарды алдап кету қаупі туады.

Қоғамдық шартты сақтап қалудың бірден-бір жолы, Руссоның айтуына қарағанда, ол – халықты ағарту, оған әрқашанда дұрыс жолды көрсетіп отыру.

Руссо адамды тәрбиелеу мәселелеріне де көп көңіл бөледі. Тәрбиелеу дегеніміз – табиғаттың адамға берген туа біткен дарындарын бірте-бірте дамытып, гүлдету. Адамға еріктікті сүю, тәуелсіз пікір айту сезімдерін қалыптастыру – қажетті нәрсе. Мәселені нақтылай келе, Руссо баланың тәрбиесін төрт сатыға бөледі:

– туғаннан екіге дейін – негізінен, оның дене тәрбиесіне басым көңіл бөлінуі керек;
– екіден он екіге дейін – сезім мен көңіл күйі тәрбиесі жүруі керек;
– он екіден он беске дейін – баланың ақыл-ойының дамуына басым назар аударылуы қажет;
– он бестен он сегізге дейін – баланы адамгершілік жолына қою керек, әсіресе осы соңғы «дауыл мен іңкәр» сатысына көп көңіл бөлінуі қажет.

Тәрбие жолында тікелей зорлық жасамай, баланың дамуына астыртын ықпал ету керек. Әсіресе оның қалыптасып жатқан еріктік сезімін аялау қажет. Тәрбие жолында еңбек етуге үйретудің орны ерекше. Ізгілікті сүю үшін балаға ізгілікті істерді жасату керек. Тәрбие жолында баланың денесі мен ақыл-ойының дамуы бір-біріне ауысып, қатар жүріп отыруы керек.

Руссо өз заманынан ондаған жылдарға озып, болашақ ұрпақтарға зор әсерін тигізді. Руссоның қоғам, адам, мораль т.с.с. жөніндегі көп идеялары біздің ғылыми-техникалық революция жүріп, экологиялық дағдарысқа әкеліп жатқан заман үшін өзекті де, мазмұнды.

Жоғарыдағы айтылған ұлы француз ағартушыларының қатарына сол замандағы басқа да ойшылдарды кіргізуге болады.

Егер **Кондильяк** (1715-1780 жж.) қайсыбір ой өрісі түйсіктер берген деректердің негізінде пайда болады, яғни қоғамның рухани өмірінде күнбе-күнгі өмір бейнеленеді деп есептесе, **Ламетри** (1709-1751 жж.) өзінің емдеу тәжірибелеріне сүйене отырып, адамның ұйықтап жатып көрген түсі, иә болмаса ауырып, есінен танып жатқандағы сандырағы жан-дүниенің толығынан мимен байланысын көрсетеді, – деген пікірге келеді.

Гельвеций (1715-1771 жж.) де осы көрсетілген тұрғыдан мораль мәселелерін қарап, адамның қайсыбір ләззат алу формаларының негізінде сезім толқыны жатыр, ал кейбір адамдардың өзімшілдігіне келер болсақ, оны тәрбиенің негізінде түзеуге болады деген пікір айтады.

Гольбах (1723-1789 жж.) өзінің «Табиғат жүйесі» деген көлемді еңбегінде: «Өзімен-өзі өмір сүріп жатқан табиғат дүниедеге барлық құбылыстардың себебін құрайды», – деген батыл да терең пікірге келеді. Табиғат дегеніміз – орасан зор шеберхана. Материяның негізгі өмір сүру тәсілі – қозғалыс. Ал тарту мен инерция – материяның ең терең табиғи қасиеттері.

Өзінің әлеуметтік философиясында ғалым адамдарды азаматтылыққа, заңға көнуге, елді қорғауға, қайсыбір саясаттағы озбырлыққа қарсы күресуге, жоғары мәдениетті басқару жүйесін орнатуға шақырады.

Мораль саласындағы негізгі құндылықтарға ол ізгілік, ақиқат, зерделі жатқызып, тек соларға ғана табынуға болады деген пікірге келеді. Ол қайсыбір діни көзқарастарды қабылдамай, діни надандықтан арылуға шақырады.

Дидро (1713-1784 жж.) – ұлы француз ағартушыларының бірі. Оның басшылығы мен ұйымдастыру қабілетінің арқасында XVIII ғ. «Француз энциклопедиясы» басылып шыға бастады (салыстырыңыз: Қазақ совет энциклопедиясы XX ғ. 70 жылдарында жарық көрген). Онда сол кезге дейін жиналған ғылыми деректердің негізінде дүниеге жаңа көзқарас, жаңа саяси, құқықтық, гуманистік идеялар дүниеге келіп, кеңінен қоғамда тарала бастайды. Ол француз халқының рухани жаңаруына өзінің өшпес ізін қалдырды.

Негізгі еңбектері: **«Табиғатты түсінудегі ойлар жөнінде», «Д'Аламбердің Дидромен сұхбаты», «Материя мен қозғалыстың философиялық принциптері»** т.с.с.

Егер француз ағартушыларының көпшілігі деистік көзқараста болса, Дидро өзінің философиялық көзқарастарында таза материалистік бағытқа көшеді.

Дүниедегі субстанция біреу ғана – ол материя, ал оның себебі өзінің ішінде, сондықтан оны түсініп, тану үшін ешқандай Құдай идеясы керек емес. Материяны ешкім жаратқан жоқ, ол өзінің даму заңдылықтарының негізінде мәңгілік өмір сүріп жатыр. Дидро материяның өмір сүру тәсілін қозғалыстан көреді, сондықтан оларды бірбірінен ажырата алмаймыз. Бүкіл табиғат мәңгі қозғалыста, бір нәрселер жойылып, екіншілері оның орнына келіп жатыр. Дидроның ең тамаша ойы: ол материяның өзіндік ішкі күштерін мойындап және оның қайнар көзін ішкі қайшылықтардан іздейді.

Адам мәселесіне келер болсақ, Дидро оны басқа тіршіліктер сияқты өзінің қалыптасу, жетілу тарихынан өтті деген пікірге келеді. Адамның санасы Құдайдың оған берген сыйы емес, ол – материяның даму жолында пайда болған құбылыс. Ол тіршіліктің күрделену жолында пайда болады.

«Қоғамдық шарт» теориясына сүйене отырып, Дидро корольдің билігінің Құдай берген билігі жөніндегі сол кездегі кең тараған пікірге қарсы шығып, оны әшкерелейді. Ол конституциямен шектелген монархияны жақтап, ағарған биліктің қажет екенін көрсету жолында талай ойларды қозғайды.

Адамның өзімшілдігін мойындағанмен, Дидро оны ақыл-оймен тежеп, басқалардың да мүдделерін түсініп, адам өзін-өзі тежей, шеңберлей алатын дәрежеге көтерілуі керек деген гуманистік ойларды келтіреді.

Қорыта келе, біз француз ағартушыларының философия тарихындағы алатын ерекше орнын тағы да атап өткіміз келеді. Олардың айтып кеткен көп ойлары осы күнге дейін өзінің өзектілігімен бізді таңғалдырып, ішкі дүниемізде шабыт оятып, жаңа ой-пікірлерді тудырады.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Ағарту философиясының негізгі ерекшеліктері қандай?
2. Деизм дегеніміз не?
3. Дж.Пристлидің саяси және азаматтық бостандықтардың өзара байланысы туралы идеяларын атаңыз.
4. А.Шефтсберридің мораль жөніндегі ойлары қандай?
5. Дж.Беркли субъективтік идеалистік көзқарасын қалай негіздейді?
6. Ш.Монтескьенің «заңдық көзқарас» жөніндегі ойларын айтыңыз.
7. «Географиялық детерминизм» дегеніміз не?

8. Ж.Ж. Руссоның теңсіздіктің пайда болуы жөніндегі идеяларын атаңыз.
9. Ф.Вольтердің христиан дінін сынауы туралы не білесіз?

Рефераттар тақырыптары:

1. XVIII ғ. Ағарту философиясының ерекшеліктері.
2. Д.Толанд пен А. Коллинздің деистік көзқарастары.
3. А.Шефтсберри мен Б.Мандевильдің моральдық философиялары.
4. Ф.Вольтердің философиялық көзқарастары.
5. Француз энциклопедияшылары.
6. Ш.Монтескьенің мемлекет билігін бөлу принципі.
7. Ж.Ж.Руссоның «қоғамдық шарт» тұжырымдамасы.

VII тарау. XVIII-XIX ғғ. Неміс мәдениеті аясындағы классикалық философия

Кіріспе сөз

Неміс халқының рухы тудырған XVIII-XIX ғғ. философияға уақытында Ф.Энгельс «неміс классикалық философиясы» деген ат қойған болатын. Мұның өзінен біз өте биік бағаны, деңгейді сезінеміз, өйткені «классика» деп адамзат тарихындағы қоғамның қайсыбір саласындағы мәңгі өшпес жетістіктерді айтамыз. Мысалы, қазақ халқының рухани өмірінде, өнерінде классикалық орын алатындар – Әл-Фараби, Абай, Құрманғазы, М.Әуезов т.с.с. ғұламалар. Олар – тек қана қазақ халқына емес, бүкіл адамзат тарихына өзінің өшпес ізін қалдырған тұлғалар.

Ал неміс классикалық философиясының өкілдеріне келер болсақ, И.Кант, Г.Гегель, И.Фихте, Ф.Шеллинг, Л.Фейербах сияқты ғұламалардың есімдерін, шығармашылық еңбектерін бүгінгі барлық елдердегі білімді қауым біледі.

Әңгіменің қызығы – өз заманының ең биік деңгейіне көтерілген неміс философиясы, сол кездегі басқа Еуропа елдеріне қарағанда, әлеуметтік-экономикалық жағдайы анағұрлым артта қалып қойған елде пайда болады. Мұның өзі қоғамның материалдық дамуы мен оның рухани деңгейі әрқашанда бір-біріне сәйкес келе бермейтінін көрсетеді.

Сол кездегі неміс елі жүздеген кішігірім мемлекеттерден тұрған болатын. Бұл елдердегі әрбір князь, граф, герцог өзін білімді, дана елбасы ретінде көрсеткісі келіп, ұлы ойшыл, жазушы, суретker, әуенші т.с.с. адамдарды өздеріне тартып, олардың өмірге керек қаражаттарын өз мойындарына алып, шығармашылық еңбекпен айналысуға мүмкіншілік жасады. Уақытында Ф.Ницше айтқандай, шығармашылықпен айналысуға, біріншіден, бос уақыт, екіншіден, адам күнбе-күнгі материалдық мұқтаждықтардан құтылуы қажет.

Әрине, бұл ойшылдардың көбі өз заманындағы алпауыттарға тәуелді болды. Бірақ, соған қарамастан, олар өздерінің философиясында, астыртын түрде болса да, сол кездегі халықтың аянышты жағдайына қарсы шығып, адамның рухани пенде ретінде айнала қоршаған ортаны өзгерте алатындығы және **өзгерту керектігі** жөнінде тамаша ойларды философияға енгізді. Ол үшін олар философияға диалектиканы, яғни даму тұжырымдамаларын өмірге енгізді.

Неміс философиясының келесі ерекшелігі – Л.Фейербахтан басқа барлық неміс ойшылдары – идеализм бағытының өкілдері. Егер француз ағартушыларының көбі материалистік атеистік бағытта болса, И.Кант, Г.Гегель, И.Фихте сияқты ұлы философтарды біз материалистік бағытқа жатқыза алмаймыз. Бұлар, керісінше, адамның санасы, рухының

құдіретті күшін көрсете білді. Сонымен қатар олар рухтың тарихи дамуын, ақыл-ой мен зерденің арасындағы қайшылықтың бар екенін, рухани өмірдегі ақиқат пен еріктің, ізгілік пен әсемдіктің дүниедегі ең биік тамаша құндылықтар екенін көрсете білді. Енді әңгімені нақтылай түсіп, сол неміс классикалық философиясының көрнекті өкілдерінің шығармашылық жолын сараптайық.

§ 1. И.Канттың өмірі мен шығармашылық жолы

Иммануил Кант (1724-1804 жж.) Шығыс Пруссиядағы Кенигсберг (қазіргі Калининград) қаласында дүниеге келіп, бар өмірін сол жерде өткізген. Жастайынан әлсіз бала болып, өзінің денсаулығына мұқият қарауға мәжбүр болған. Өмірінің аяғына шейін қатаң тәртіптің негізінде өмір сүріп, денсаулығын сақтап қалу үшін тіпті отбасын құрудан да бас тартқан.

И.Кант 1745 ж. жергілікті университетті бітіргеннен кейін жаратылыстану мәселелерімен айналысады. Тек 1770 ж. бастап өмірінің соңына дейін философиямен шұғылданады. И.Канттың бұл өмір кезеңін зерттеушілер «сындық кезең» деп атап кеткен. Себебі, И.Канттың бұл уақытта жарыққа шығарған негізгі үш еңбекгі «сын» деген сөзден басталады. **«Таза зердені сынау»**, негізінен, дүниетаным мәселелеріне арналған, **«Практикалық зердені сынау»** мораль мәселелеріне, ал **«Пайымдау қабілетін сынау»** табиғат философиясы мен өнер мәселелеріне арналған.

Өзінің «сындық кезеңге» дейінгі өмір сатысында И.Кант Күн жүйесінің пайда болуы жөнінде болжам жасайды. Оның ойынша, ғарышта тараған әртүрлі материалдық бөлшектер тарту күші арқылы үлкен бұлттарды құрайды, ал оның ішіндегі тарту және оған қарсы бағытталған итеру күштері үлкен дауылдарды тудырып, шарға ұқсайтын ұсақ бөлшектердің үйкелісінің негізінде қызып жанатын нысандар дүниеге келеді.

Ғарышта бір жұлдыздық жүйелер пайда болып, екіншілері сөніп жатады. И.Канттың ойынша, біз өмір сүріп жатқан жер планетасы сияқты ғарышта сан алуан нысандар бар. Ал олардың көбі біз сияқты саналы пенделерді тудыруы мүмкін. Табиғат, жалпы алғанда, мәңгілік іс-әрекет пен жаңару жолында өмір сүреді, ол өзінің бітпейтін қайта құру әрекетін тоқтатпайды.

Өмірінің «сындық кезеңінде» И.Кант өзінің алдына бірнеше көлемді философиялық сұрақ қойып, соларға жауап беруге тырысады. Олар: «Мен нені біле аламын?», «Менің не істеуім керек?», «Мен не нәрсеге үміттене аламын?», «Адам дегеніміз не және ол өзі не бола алады?».

И.Канттың гносеология (таным) саласында жасаған «коперникандық төңкерісі» «мен нені біле аламын?» деген сұраққа жауап

беруінен шығады. Біріншіден, И.Кант білімді екіге бөледі. Олар тәжірибелік (**апостериорлық**) білім және **априорлық** (яғни тәжірибеден бұрын, таза, оны тіпті туа біткен деген мағынада да түсінуге болады, өйткені ол тәжірибеге дейін бізге берілген).

Өзінің практикалық философиясында, яғни моральдық ілімінде, априорлық деп дүниедегі барлықты емес, болуға тиіс, керектігін көрсететінді айтады.

И.Канттың таным теориясындағы тағы да жиі кездесетін санаттар – ол трансцендентальдық және трансценденттік.

Трансцендентальдық деп И.Кант тәжірибенің алдында және сол тәжірибелік танымның мүмкіндігін жасайтын ұғымдарды айтады. Ал **трансценденттік** деп тәжірибелік шеңберден шығып кетуге ұмтылған, оның ар жағында жатқанды айтады.

Келесі екі ұғым – ол «зат өз ішінде», яғни заттың өзіндігі, оны И.Кант «ноумен» деген ұғыммен береді, ол – мән. Ал заттардың сыртқы құбылысын ол «феномен» деген атпен береді. Оларды біз сезімдік және ақыл-ойдың бітімдері арқылы ретке келтіріп, тани аламыз. Ал ноуменді алсақ, ол танылмайды. Біріншіден, өзіндік зат жөнінде біз тек қана оның өмір сүріп жатқанын көреміз. Олар біздің түйсіктерімізді қоздырушы күштер ғана, ал үшінші мағынасы – өзіндік зат тәжірибенің ар жағында жатыр. Төртіншіден, оларды таным үдерісінде бірте-бірте жақындай беретін идеалдар, неше түрлі рухани құндылықтар ретінде түсінеді. Бұл жағынан алып қарағанда, ол **сенім** аймағына жатады.

Егер И.Кантқа дейінгі ойшылдар танымның негізі табиғатты байқап қарауда жатыр деп есептесе, ол дүниетануды адамның белсенді іс-әрекетімен байланыстырып, осы жолда адам **дүниені** өзінің априорлық формалары арқылы **ретке келтіріп құрады** деген пікірге келеді. Философиядағы И.Канттың жасаған коперникандық төңкерісі деп біз осыны айтамыз.

И.Канттың танымдық теориясы түйсіктер арқылы берілетін әртүрлі құбылыстардан басталады. Оларды белгілі бір ретке келтіретін априорлық сезімдік аңдау формалары бар. Олар – **кеңістік** пен **уақыт**.

И.Канттың ойынша, кеңістік пен уақыт – белгілі бір сапасыз, біртекті және шексіз созылымдар. Сезімдік байқаудың таза формалары (трансценденталилер) ретінде олар идеалды, ал материалдық тәжірибемен қосылған кезде шынайы болып келеді. Егер кеңістік байқаудың априорлық сыртқы формасы болса, уақыт априорлық ішкі формасына жатады, өйткені уақыт адамға сырттай берілмеген, біз оны тек іштей санау арқылы ғана сезіне аламыз.

И.Канттың ойынша, кеңістік пен уақытты аңдау математика ғылымының қайнар көзін құрайды. Егер геометрияның негізінде кеңістік жатса, арифметика мен алгебраның негізінде уақыт жатыр,

өйткені сандарды есептеу, бірінің соңынан екіншісін келтіру уақыт шеңберінде оларды санауды қажет етеді.

Алайда сезімдік байқау, қайсыбір одан шығатын тәжірибе әрқашанда кездейсоқтық, ал білім жалпымағыналық және қажеттілік, заңдылық дәрежесіне көтерілуі керек. Оған жететін жол – априорлық ақыл-ой формалары, оларды И.Кант санаттар дейді. Ол санаттардың қайнар көзін тәжірибеден шығармайды, олар да кеңістік пен уақыт сияқты, априорлық табиғатымен сипатталады. И.Канттың сараптауы бойынша ақыл-ойдың априорлық санаттарына **сан, сапа, қарым-қатынас, модальдық** т.с.с. жатады. Әңгіменің ғажаптығы – И.Кант осы көрсетілген санаттарды үштік арқылы келтіреді. Мысалы, сан санатын «бірлік», «көптік», «біртұтастық» арқылы, сапаны «реалдық» (шынайылық), «терістеу», «шектеу» т.с.с. шығарады. И.Кант философия саласында Жаңа дәуірде алғаш рет санаттардың таным жолындағы аса үлкен рөлін көрсете білді.

Сөйтіп, категориялар арқылы біз сезімдік аңдаумен алынған дүние жөніндегі қабылдауларды қажеттілік, жалпымағыналық дәрежеге көтереміз. И.Канттың айтуына қарағанда, сезімсіз бірде-бір зат бізге берілмеген болар еді, ал ақыл-ойсыз бірде-бір нәрсені ойлауға болмас еді. «Ойлау сезімсіз – бос, аңдау ұғымдарсыз – соқыр». Ал осы адамның екі қабілетін бір-бірімен қоссақ, онда біз толыққанды білім дәрежесіне көтеріле аламыз. Оны И.Кант тәжірибе дейді. Сонымен субъект санаттар арқылы заңдылық пен тәртіпті құбылыстарға беріп, оны табиғат деп атайды. Адам – табиғатқа заңдылық беруші. Мұндай көзқарасты, әрине, субъективтік-идеалистік философия деп айтуға әбден болады.

И.Канттың бұл саладағы негізгі кемшілігі – адамның дүние-танымдағы ой белсенділігін асыра көрсетуінде. Әрине, таным үдерісінде адамның шығармашылық іс-әрекеті үлкен рөл атқарады. Осы шығармашылық іс-әрекеттің негізінде адамзат «екінші» тағы табиғатқа қарсы тұрған дүниені жасайды. Алайда біз бұл «екінші» табиғаттың тек алғашқы табиғаттың негізінде ғана пайда болатынын естен шығармағанымыз жөн.

И.Канттың таным теориясын ары қарай жалғастырсақ, онда біз оның тәжірибелік танымның әрқашанда толық емес екендігі жөніндегі ойын байқаймыз: трансценденттік әлемге ақыл-ой жете алмайды. Ал бірақ адамның санасында ещқашанда жойылмайтын бүкіл дүние жөнінде «соңғы ақиқатқа» деген құштарлық бар. Ал мұндай істі өзінің мойнына ақыл-ой емес, **зерде** алады.

Егер ақыл-ой қабілеті арқылы біз санаттық ғылыми таным дәрежесіне көтерілсек, зерде арқылы біз толыққанды танымның «соңғы кірпішіне» дейін көтерілуге тырысамыз. Сананың шексіздікке деген құштарлығын зерде шешкісі келеді. И.Кант, жалпы алғанда, ақыл-ой мен зердені адамның ойлау қабілетінің екі бұтағы ретінде қарайды. Егер

ақыл-ой дүниедегі құбылыстарды зерттеп, оларды ретке келтірсе, зерде құбылыстың ар жағында жатқан өзіндік заттың ішкі сырын ашқысы келеді. Зерде ақыл-ой шеңберінен аттап, трансценденттік әлемге өтуге тырысады.

Ақыл-ой мен зерденің арасындағы айырмашылықты жете көрсету үшін И.Кант «идея» ұғымын қолданады. Ақыл-ой санаттарды қолданса, зерде идеяларды басшылыққа алады. «Қайсыбір адамның дүниетануы аңдаудан басталып, ұғымдарға өтеді де, идеялармен бітеді». Яғни идеялардың өрісі ғылыми санаттардан кең, ол – метафизикалық санаттар. Идеялар арқылы біз тәжірибенің ар жағына өткіміз келеді, бірақ ол іс-әрекетіміз бізді нәтижеге әкелмейді. «Идеялар жетілгендік, кемеліне келгендікті көрсетеді, оған жақындауға болғанмен, бірақ толығынан жетуге болмайды», – деп қорытады ұлы ойшыл. Ал зерде ұстай алмайтынды ұстағысы, шешілмейтінді шешкісі келеді.

И.Канттың ойынша, идеялардың үш түрі бар: жан-дүние, әлем және Құдай мәселелері.

Әлем мәселесіне келер болсақ, ол жөнінде И.Кант төрт тұжырым жасап, оған қарсы тұрған төрт пікір келтіреді. Ойшыл оны **антиномия** дейді, өйткені бірінші тұжырым мен оған қарсы бағытталған тұжырымның екеуі де тең дәлелденеді. Осының әсерінен зерде шешілмейтін қайшылыққа келіп тіреледі.

И.Канттың төрт космологиялық идеясын осы жерде келтірейік:

1. Әлемнің басталған уақыты мен кеңістіктегі шеңбері бар. Ол шектелген.	1. Әлемнің уақыттық шеңбердегі басы және кеңістіктегі шеңбері жоқ. Ол – шексіз.
2. Әлемдегі қайсыбір күрделі субстанция тұрпайы бөлшектерден тұрады.	2. Бірде-бір күрделі зат тұрпайы бөлшектерден тұрмайды. Дүниеде бірде-бір тұрпайы нәрсе жоқ.
3. Дүниедегі құбылыстардың бәрін шығаратын табиғаттың заңдылықтарының негізіндегі себептілік жалғыз емес. Кейбір құбылыстарды түсіну үшін ерікті себептіліктің бар екенін мойындау қажет.	3. Дүниеде ешқандай еріктік жоқ. Дүниедегінің бәрі тек қана табиғи заңдылықтардың негізінде өмір сүреді.
4. Дүниеге оның бір бөлшегі, я болмаса себебі ретінде жататын сөзсіз қажетті мән болуы керек.	4. Еш жерде абсолютті қажетті мән – дүниеде де, дүниенің сыртында да – себеп ретінде жоқ.

Әрине, И.Канттың жоғарыда көрсетілген антиномияларында іргелі философиялық мәселелер көтерілген. Антиномияларда қарама-қарсы жатқан тұжырымдар өте өткір түрде берілген, сондықтан оларды диалектикалық тұрғыдан шешуге итереді. Оның қойған бұл мәселелерін болашақта Г.Гегель диалектикалық тұрғыдан шешуге тырысады.

Сонымен, Жаңа дәуірде И.Кант Қайта өрлеу заманындағы ғалымдардың ілімдерін жаңартып, таным жолындағы қайшылықтың маңыздылығын әлемге паш етті.

Моральдық мәселелер

Енді И.Канттың теориялық зердесінен өтіп, оның практикалық философиясына көшуге уақыт келді. «Практикалық зерде» деп ол моральдық салаға әртүрлі принциптер мен нормалар беретін зерденің қабілетін айтады. И.Канттың ойынша, «Еріктіктің негізінде болуы мүмкіннің бәрі практикалық зердеге жатады».

И.Кант өзінің философиясында моральдық саланы ғылыми салаға қарағанда анағұрлым жоғары қояды, өйткені моральдық сала өз-өзіне жеткілікті, автономиялық ахуалда өмір сүреді. Мораль адамды дүниеде болып жатқан емес, **болуға тиіс** биіктіктерге итереді. Адамның әртүрлі сезімдерінен шығатын тілек, өзіме ғана болсын деген ойдан шығатын іс-қимыл, пайдакүнемдікті көздейтін әрекет – мұның бәрі де моральдық салада есепке алынбауы керек, өйткені оның бәрі де күнбе-күнгі күйкі өмірлік тәжірибеден пайда болады.

Практикалық зерде априорлық жолмен өз-өзіне моральдық принциптерді ұсынады: біз өмірден емес, тек таза моральдық еріктен шығатын нормаларды басшылыққа алуымыз керек. Мұндай көзқарасты **парыз этикасы** деп айтуға әбден болады.

Заңға сыйымды және моральдық іс-әрекеттер

Адамды белгілі бір іс-әрекетке итеретін тәртіп ережесін И.Кант императив дейді. Оның екі түрі бар. Біріншісі – болжамдық талаптар. Олардың ережелері өмірде қалыптасатын нақтылы жағдайларға байланысты, ал соңғылар әрқашанда өзгерісте. Болжамдық талаптар, адамның **сыртқы**, яғни гетерономдық жүріс-тұрысын ғана анықтайды, оның ішкі мотивтерін есепке алмайды. Мысалы, «егер сатып алушылардан айырылып қалғың келмесе, онда сауда-саттықта олармен адал бол», «егер өзіңе пайда болсын десең, онда басқаларға қызмет ет» т.с.с. Мұндай ережелерге сай жүріс-тұрыс, әрине, құпталады. Сонымен қатар олар орындалмаған жағдайдағы жазалау мүмкіндігі де адамға өз әсерін

тигізбей қоймайды. Мұндай жүріс-тұрысқа И.Кант **легальды**, яғни заңға қарсы емес деген ат қояды.

Императивтердің екінші түрі – ол үзілді-кесілді қатаң императивтер – оның ережелерінің түп-тамыры **моральдық салаға** кетеді. Оның талаптары үзілді-кесілді, қажетті түрде әрқашанда орындалуы керек. Оның талаптары өмірден алынған тәжірибеден емес, адамның трансценденттік табиғатынан шығады. Ол ешқандай «егер» деген сөзден басталатын тәртіп тәжірибесін мойындамайды. Сонымен қатар болжамдық талаптар моральдық ережелерге қарағанда төмен болғанымен, соңғыларға қарсы емес. Мысалы, егер суға батып бара жатқан адамды құтқарған кісі сол үшін сый алу мақсатымен суға түссе, онда оның іс-әрекеті легальды.

Ал ондай есеп болмай, тек қана парыздың негізінде, өз өмірін ойламай, басқа адамды судан шығарамын, өлімнен құтқарамын деген оймен суға тап берген адамның іс-әрекеті – моральдық. Сонымен, заңға сыйымдылық пен моральдықтың шекарасы адамның ішкі сана-сезімі арқылы өтеді екен.

Енді сол И.Канттың моральдық салада жасаған қатаң талабын талдайық. Ол былайша берілген: «әрқашанда жүріс-тұрысыңның ережесі бүкіл адамзаттың талабына сай келсін», яғни сенің орныңда сол жағдайда басқа адам болса, ол да солай істер еді. Қатаң талаптарды орындау жолында адам ешқандай пайдақорлықты іздемеуі керек. Тек басшылыққа басқа адамдар алдындағы парызымызды алуымыз қажет.

Үзілді-кесілді қатаң талаптың екінші ережесі «әрқашанда адамзатқа, – ол өзің, иә болмаса басқа адам болса да, – ешқашанда құрал ретінде қарама, әрқашанда оны **мақсат** тұт». Адам – бұл дүниедегі ең биік құндылық, оны басқа еш нәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл ұлы гуманистік принцип кез келген діндегі адамды төмендететін қағидаларға қарсы бағытталған. Оны И.Канттың моральдық философиясының күшті жақтарына жатқызуға болады.

Ал енді И.Канттың моральдық философиясының әлсіз жақтарына келер болсақ, ол **парыз** бен **бақытты** бір-біріне қарсы қояды. Егер мен басқа адамға жақсылықты оны сүюдің, жақсы көрудің негізінде жасасам, онда ол іс-әрекет өзінің моральдық жағын жояды. Моральдық жолда адам тек қана парызды басшылыққа алуы қажет. И.Канттың ойынша, тек қана «Парызды орындадым» деген ой ғана адамды өзін бақыттымын деген сезімге әкеледі. **«Парыз, сен сәулетті, ұлы сөзсің!»** – деп қорытады И.Кант.

Әрине, адамдардың қарым-қатынасында, олардың ішкі ойлары мен сезімдері үлкен орын алады және адамдар оны аса бағалайды. Бірақ нақтылы жасалған іс-әрекетті де естен шығармаған жөн. Нақтылы күнбе-күнгі өмірде біз біреуді сүйеміз, екіншіні жек көреміз, үшіншіні

сыйлаймыз т.с.с. Адамның сезім тебіренісінсіз ешқандай қарым-қатынас жоқ, олай болса, мораль саласынан адамның сана-сезімін алып тастау тек қана дерексіз теорияда ғана болса керек.

Еріктік мәселесі

И.Канттың ойынша, адам ерікті түрде үзілді-кесілді қатаң талаптарды мүмкіндігінше толық орындауы керек. Зорлықтың негізінде атқарылатын моральдық талаптар жоқ. Бірақ бұл теорияда ғана. Ал нақтылы өмірде, құбылыстар әлемінде, адам көбінесе болжамды талаптарға кездеседі. Бұл жағдай оның жан дүниесінде үлкен қайшылықтар тудырады.

Бұл қайшылықты шешу жолында И.Кант қатаң талап шынайы өмірде толығынан емес, тек соның талабына шексіз жақындау арқылы шешіледі деген пікір айтады. «Ал мұндай жағдайда адам бақытқа жете ала ма?» – деген сұраққа ол былайша жауап береді: «Мораль біздің өзімізді қалайша бақытты етуіміз керектігі туралы ілім емес. Ол біздің қалайша бақытқа сай болуымыз керектігін көрсетеді».

– Бақытты адам деп біз өмірден ләззат алғанды, иә болмаса барлық нәрсе соның еркі мен тілегі арқылы орындалғанды емес, тек қана өзінің өмірдегі парызын орындап, іс-қимылына қанағат еткенді айтамыз, – деп қорытады ұлы ойшыл.

И.Канттың ойынша, ешкім және ешқашан тек қана парыз идеясының негізінде өмір сүре алмайды. Жоғарыда айтқандай, тек қана трансценденттік шексіздіктің аясында ғана қатаң талаптың толық орындалуына **үміт артуға** болады. Сондықтан адамның жан дүниесінің **өлместігі болуы қажет**. Міне, бұл – зерденің іс жүзіндегі екінші тұжырымы.

И.Канттың ойынша, тарихи ғасырлар өткен сайын адамзат моральдық идеалға жақындай түсуде, әсіресе болашақ «этикалық мемлекет» орнаған кезде бұл үдеріс тездеуі мүмкін. Бірақ трансценденттік жағдайда мұратқа жақындап жету басқаша болмақ, өйткені адам өлместік сатысына көшеді.

Жігердің еріктігі мен жан-дүниенің өлместігі үшін қажетті түрде белгілі бір онтологиялық (болмыстық) негіз керек. Ең болмағанда логикалық түрде адам дүниеде құдіретті күштің бар екенін мойындауы керек. Олай болса, мұндай негіз деп тек Құдайды атауға болады. **Құдай**, сондықтан **бар** және **болуы қажет.**

И.Канттың ойынша, Құдайға сенбеушілік адамдардың моральдық деңгейлерін күрт төмендетер еді, олар табиғаттан әлсіз және жетілмеген болып жаратылғаннан кейін, күнәға батып, адамдық қасиеттерінен жұрдай болуы мүмкін. Сөйтіп, И.Кант «Мен не нәрсеге үміттене аламын?» – деген сұраққа: «**Діни сенімге**», – деп жауап қайтарады.

Құқық және мемлекет мәселелері

Егер И.Канттың моральдық философиясы адамдардың күнбе-күнгі тәжірибесінен аулақ болса, оның құқықтық көзқарастары, керісінше, нақтылы өмірмен тығыз байланысты. Адамдардың табиғи құқықтарының негізгі қызметі – тұлғаның моральдық еркіндігін бекіту, парыздың орындалуына жағдай туғызу. Құқықтың өмір сүруінің ерекшелігі – ол әртүрлі адамның қарым-қатынастарын әділеттіліктің негізінде ретке келтіреді.

И.Канттың ойынша, адамдардың негізгі табиғи құқықтарына жеке меншікке деген құқық жатады, тек ол басқа адамдардың бостандығына зияндығын тигізбесе болды. Табиғи құқықтың негізгі қағидаларының бірі – jus talions (тең құндық, тіске – тіс, көзге – көз).

Ал мемлекет мәселесіне келер болсақ, – ол адамдардың заңдарға сүйене отырып бірігіп қауымдасуы, оның негізінде әділеттілік принципі жатуы қажет. И.Канттың ойынша, республикалық басқару жүйесі король билігіне қарағанда жақсы, өйткені король даналық пен әділеттілікті ұзақ уақыт бойы сақтай алмай қалады, ұзақ уақыт билікті ұстаған адам қажетті түрде зерденің ерікті тұжырымын бұрмалайды.

Мемлекет аясында қоғамнан ажыратуға болмайтын үш принцип бар. Олар – әр адамның еріктілігі, азаматтардың теңдігі және әрбір азаматтың дербестігі.

Тарих философиясы

И.Канттың ойынша, халықтардың дамып-жетілуі көп жағдайларда «сол елдердің туған жеріне, еңбек салаларына, әдет-ғұрыптарына, қолөнері мен саудаға, халықтың тығыздығына байланысты».

Қоғам өмірінде болжамдық және үзілді-кесілді императивтер бір-бірімен қайшылыққа түседі. Адамдар өз табиғаты бойынша тойымсыз, сараң және өлшеусіз, билікке, үстемдікке деген құштарлықтарымен сипатталады.

Сонымен қатар үзілді-кесілді қатаң талаптарға сәйкес, олар өздерінің жүріс-тұрысын моральдық тұрғыдан ақтағысы келеді. Бір жағынан, адамдар бір-бірінен алшақтап, екінші жағынан, бір-біріне жақындайды, өйткені олар өздерінің неше түрлі қажеттіліктерін өтеу жолында бір-бірінен көмек іздеуге мәжбүр болады. «Адам сондай қисық ағаштан жасалғаннан кейін, оны қанша сүргілесең де, түп-түзу қылу мүмкін емес», – дейді И.Кант. Бірақ, осыған қарамастан, жеке адамдар арасындағы қайшылықтар бүкіл қоғамдық тұрғыдан алып қарағанда, тарихты алға жылжытады. Қоғам әлеуметтік жағынан алға жылжыған сайын, қайшылықтар да өсе бастайды. Жетілген болашақ қоғамда

«оның мүшелеріне орасан зор еріктік беріледі, олай болса, олардың арасындағы қайшылықтар да өмір сүреді», – деп қорытады И.Кант.

И.Канттың ойынша, адамзат тарихы бүкіл адамзаттың құқықтық-азаматтық ахуалына қарай дамып келеді, бірақ оған толығынан бұл дүниеде жету мүмкін емес. «Жалпы алғанда, адамзаттың сыртқы мәдениеті оның моральдық жетілуіне қарағанда анағұрлым тез дамып келеді. Бұл адамзат алдында тұрған **үлкен үрей**», – деп есептейді ұлы ойшыл. Әрине, И.Канттың заманынан кейінгі уақыт бұл кісінің ойының негізсіз емес екенін ашық көрсетті: тек өткен XX ғ. өзінде-ақ екі дүниежүзілік соғыста миллиондаған адамдар соның құрбаны болған жоқ па ?!!

Сондықтан И.Кант мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды, халықтар арасындағы алауыздықты қалайша жою керек, адамзат өмірінде «мәңгілік бейбітшілікті» қалай орнату керек деген сияқты көкейтесті сұрақтарға жауап беруге тырысты.

«Бүгінгі таңда халықаралық қатынастарда үстемдік жасайтын құқық емес, тек қана зорлық-зомбылық», – деп қорытады ұлы ойшыл. Соғыс – адамның өз-өзіне мақсат еткенін аяққа басады, сондықтан «ол болмауы қажет».

Соғыс болмауы үшін мемлекеттер арасында тек қару-жарақ болып, олар өздерін өзара қорқытып ұстауы қажет, я болмаса болашақта бүкіл адамзатты бір ғана дүниежүзілік мемлекеттің аясында біріктіру қажет деген кең тараған пікірлерге И.Кант үзілді-кесілді қарсы шығады. Оның ойынша, мемлекеттер арасындағы қару-жарақ, күш теңдігі ертелі-кеш әрқашанда бұзылады, ал бүкіл дүниежүзілік мемлекет халықтардың бостандығын аяққа басар еді.

И.Канттың ойынша, тек қана бүкіл жер бетіндегі мемлекеттердің ерікті федерациясы ғана халықтардың бостандығы мен саяси дербестігін сақтап қалуға мүмкіншілік береді. «Ол халықтар одағы болар еді, бірақ ешқашанда халықтардың мемлекеті болмауы керек», – деп ойлайды И.Кант. Сөйтіп, ол ұлттық мемлекеттің өмір сүру құқын осылайша қорғайды.

Бүкіл адамзаттық-азаматтық ахуалды жақындату үшін, халықаралық келісімдер қатаң сақталып, мемлекеттің ішкі істеріне басқалар араласпай, халықтар арасында сауда-саттық, мәдени байланыстарды дамыту қажет. Байқағанымыздай, И.Канттың бұл саладағы негізгі идеялары өз заманын басып озып, бүгінгі уақытта да өзектілігімен байқалады.

И.Канттың философиясы дүниежүзілік философия тарихында өзінің өшпес ізін қалдырды. Көп ғалымдардың айтуына қарағанда, И.Кант XIX ғ. неміс философиясының негізін ғана қалап қоймай, XX ғ. көп философиялық толғауларға өзінің әсерін тигізді.

§ 2. Фихтенің философиясы

Иоган Готлиб Фихте (1762-1814 жж.) – И.Канттан кейінгі неміс классикалық философиясының өкілі. Иена және Лейпциг университеттерінде оқып, білім алған.

Бір жағынан, И.Фихтенің өмір сүрген уақыты Наполеонның Европа елдерін жаулап алып, империя құруымен байланысты болса, екінші жағынан, Германияның өзіндегі феодалдық қатынастардың іріп-шіріп, буржуазиялық-демократиялық қоғамға қарай бетбұрысымен байланысты болды.

Сондықтан И.Фихтенің бүкіл жан-дүниесін баурап алған идея – ол неміс халқын азат ету, оған бостандық әперу, екінші жағынан, жеке тұлғаның еріктігі үшін күресу, феодалдық адам тәуелділігіне қарсы шығу.

Бұл идеяларды философиялық жолмен негіздеу үшін И.Фихте субъективтік идеалистік философия жолына түсіп, өзінің тамаша ойларын дүниеге әкеледі.

И.Фихтенің философиясын терең түсіне алмаған замандастары ол жөнінде неше түрлі аңыздар қалдырған. Солардың бірі: Фихте өзінің зайыбымен театрға келгенде, әйелдер бір-біріне сыбырлап: «Фихте мырза, бізді айтпағанның өзінде, өз әйелін басындағы қиялы ғана деп есептей ме екен», – деп күлген екен.

Неміс халқын азат ету жолында Фихте соғысқа өз еркімен кетіп, сүзек ауруынан 1814 ж. қайтыс болады.

Негізгі еңбектері: **«Ғалымның міндеті», «Ғылым жөніндегі ілім», «Неміс ұлтына арналған сөздер»** т.с.с.

Адамның еріктілігін, оның моральдық іс-әрекетін негіздеу жолында Фихте тұлғаның рухани белсенділігін көрсетеді, ал оның өзі бүкіл әлемнің негізін құрайтын рухани үлкен күштің жалғасы ретінде түсіндіріледі.

Фихтенің ойынша, дүниенің бастауы «Үлкен Менге» барып тіреледі. Ол – ешқандай шектелмеген, таза, қайсыбір сезімдіктен жоғары белсенділік, еріктік, іс-әрекеттік, өзін-өзі толығынан танып-білуге ұмтылған, өзінің себебі өзіндегі рух. Сондықтан ол дүниені өз ішінен жарата алады.

Фихтенің ойынша, дүниенің өмір сүруінің үш негізі мынандай:

1. Алғашында орасан зор тебіреніс арқылы «Үлкен Мен» өз-өзін анықтап, «Мен – Менмін» деген дәрежеге келеді.

2. Келесі сатыда «Мен» өзінен «Мен еместі» тудырып, өзіне қарсы қояды. «Мен емес» өз ішінде «кіші Мен» (оның санасы бар) мен бірге табиғатты (оның санасы жоқ) қамтиды. Демек, «кіші Мен» – ол тарихта өмір сүріп жатқан тұлғалар – тірі адамдар.

3. Соңғы сатыда шексіз «Үлкен Мен» мен өзі тудырған «Мен еместің» арасында, бір жағынан, шексіздікке бағытталған, екінші жағынан, шектелген диалектикалық байланыстар пайда болады.

Сонымен қатар «Мен еместің» өз ішінде адам (кіші Мен) мен Табиғаттың арасында «кіші Меннің» белсенділігі, оның қоршаған ортаны, қол астындағы болмысты өзгерту, «Үлкен Менге» қарай ұмтылу, соған қосылу іңкәрінің негізінде күрделі байланыстар пайда болады.

Фихтенің ойынша, «Мен еместің» ішіндегі құрамдас бөлік – **табиғат** – өз-өзіне жеткілікті, дербес емес, ол тек қана **объект, зат, кедергі.** Оны субъект – «кіші Мен» әрқашанда іс-әрекет арқылы бұзып, игеріп, өзін-өзі толықтырып, «Үлкен Менге» жақындай түседі. Алайда «кіші Мен» мен «Үлкен Мен» бір-біріне толық ұласып кетпейді: ондай жағдайда ешқандай іс-әрекет қажет болмай қалар еді. Сондықтан бүкіл адамзат тарихы – «Үлкен Менге» – Дүниежүзілік рухқа өне бойы шексіз жақындау.

Сонымен, «Үлкен Мен» Дүниедегі барлық субъектілер мен объектілерді жаратады. Оның барлық тірі адамдардың санасына қарым-қатынасы бар, бірақ ол өзі шексіз болғаннан кейін, нақтылы тұлға бола алмайды.

Ал енді адамның тұлғалық өзіндік санасына келер болсақ, ол тек қана өзінің «мен еместен», яғни табиғаттан айырмашылығын түсіне келе ғана пайда болады. Олай болса, субъектісіз объект жоқ, объектісіз субъект жоқ. Олардың өзара байланысында, әрине, субъект шешуші рөл атқарады, оның рухани күштері, шығармашылық іс-әрекеттері айнала қоршаған ортаны өзгертуге бағышталған. Өзінің ішкі мүмкіндіктерін сыртқа шығарып қана тұлға өз-өзін орнықтыра алады, яғни еріктікке жетеді.

Материалдық дүниені – Табиғатты игеру тарихы, Фихтенің ойынша, адамзат мәдениетінің қалыптасып дамуымен тең. Осы үдерісте адам тек қана табиғатты игеріп қана қоймай, сонымен қатар өзінің табиғи негіздерін де жетілдіруі керек, сонда ғана ол бақытқа жетеді. Осы арада біз Фихтенің тарих философиясына жақындап қалдық.

Тарих философиясы

Тарих мәселелерін Фихте идеалистік мақсатқа лайықтылық жолмен шешеді. Абсолюттік «Мен» (Үлкен Мен) – тарихи дамудың қайнар көзі, анықтамасы және мақсат-мұраты. Тарих дегеніміз – ол дүниежүзілік зерденің қалыптасып, күрделеніп, шексіз алға ұмтылуы. Әрине, ол жеке адамдардың іс-әрекеттері мен шығармашылық шабыты арқылы жүзеге асады.

Фихтенің ойынша, тарих алға қарай жылжыған сайын, адамның еріктігінің де өрісі кеңейе береді. Адамдар өзінің алдына қойған мақсат-мұраттарын іске асыру жолында табиғатпен (Мен емес) күрделі қарым-қатынасқа түсіп, оның қойған қиын кедергілерін жеңіп, белестерінен өтеді. Олай болса, еріктік өрісінің кеңеюі білімнің өсуімен тығыз байланысты. «Еріктіктің болмысы өзінің ішкі бітімі мен мәні тұрғысынан алып қарағанда білімге тең», – деген пікірді Фихте басым айтады. Қоғам өміріндегі адамның өз дарындарын шексіз жетілдіруге қарай ұмтылысы – тарихтың өзегін құрайды. Ал осы ұмтылысқа жасалатын сыртқы құрал – ол мемлекет пен құқық.

Мемлекет пен құқық мәселелері

Фихтенің ойынша, адам қашанда әлеуметтік пенде ретінде ғана өмір сүре алады. Олай болса, адамдардың қарым-қатынасын ретке келтіріп отыратын заңдар әрқашанда қоғамға қажет. Осы себепті, Фихте адамзат тарихындағы табиғи, иә болмаса мемлекетке дейінгі сатыны толығынан теріске шығарады. Мемлекет әрдайым дүниежүзілік тарихта болған.

Бірақ, соған қарамастан, мемлекет адамдардан жоғары тұрған мақсат-мұрат емес, ол – тек қана қоғамды ұйымдастырудың, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ғылым мен білімді, өндірісті ұйымдастыратын құрал ғана. Олай болса, халықтың мемлекетті әрқашанда бақылап отыруға деген құқы бар. Мемлекет саласында істеп жатқан шен иелерінің алауыздығы мен жемқорлығын сынай келіп, Фихте: «Мемлекет – кажетті зұлымдық, бірақ адамдар мыңдаған жылдардан кейін адамгершілік тұрғысынан кемеліне келген кезде, мемлекет қажет болмай қалады», – деген пікірге келеді. – Сонда ғана, моральдық жетілудің негізінде нағыз адамның «табиғи ахуалы» дүниеге келіп, мемлекет, құқық, шіркеу деген құбылыстар келмеске кетеді, – деп қорытады ұлы ойшыл.

Шамасы, Фихтенің бұл ойлары К.Маркс пен Ф.Энгельстің көзқарастарына зор әсерін тигізген болуы керек, өйткені олар адамзат тарихындағы болашақ коммунистік қоғамда да дін, құқық, мемлекет деген нәрселер «жаңа адамға» қажет болмай қалады деп болжаған болатын.

Фихтенің екінші – жоғарыдан ұйымдасқан «жоспарлы экономиканы» жасау, адамдардың білім алуға және еңбекке деген құқын қамтамасыз ету, сыртқы басқа елдермен сауда-саттықты жасауды толығынан мемлекетке беру идеялары да күмән туғызбаса керек.

Әсіресе, қазіргі өтпелі қоғамдағы үлкен қиындықтарды жеңу жолында, Фихтенің кейбір ойларын жандандыратын ахуал қалыптасып

жатыр. Біз қоғамды жаңарту жолында бүкіладамзаттық қауымның бір бөлігі ретінде «ашық қоғам» болуымыз керек деген тұжырымға жармасып, елдегі көп өндірістер шетелдерден келген тауарлардың қысымына шыдай алмай, тоқтап қалды. Екінші жағынан алғанда, бүкіл сыртқы экономикалық байланыстарды өз құзырына алған бұрынғы Кеңес мемлекетінің өндірісті қандай тұйыққа әкеліп тірегенін жақын тарихтан жақсы білеміз.

Сонымен қатар «ашық қоғамға» деген ұмтылыс бізді тағы да бодандықтың астыртын түріне, трансұлттық корпорациялардың билеп-төстеуіне әкеліп соқпас па екен? – деген күдік тағы да бар. Бұл мәселелер оқырманның өз ойын тудырып, қазіргі тұйықтықтан шығатын жолды табуға өз үлесін қосар ма екен деген үміттеміз.

Дінге қарай бетбұрыс

Фихтенің субъективтік-идеалистік философиясы соңында біртебірте діни философияға қарай жылжи бастайды. Егер алғашқы шығармашылық сатысында онтологиялық (болмыстық) маңызы бар «Үлкен Мен» мәңгілік «Ерік», шығармашылық «өмір» ретінде түсіндірілген болса, келесі сатыда ол болмыстың адам арқылы өз-өзін танитыны жөніндегі ойларды қозғайды. Гегельдің философиялық жүйесі осы соңғы ойдың негізінде пайда болды деп те айтуға, болжауға болатын сияқты.

Ақырында, «Үлкен Мен» абсолюттік «Болмысқа», өмірдегі «Бірге», «Құдіретті Сәулеге», ең соңында «Құдайға» келіп тіреледі. Бірақ кенеттен сүзек ауруына шалдығып дүниеден ерте кеткеннен кейін, Фихтенің философиясы толығынан діни көзқарасқа айнала алған жоқ.

Қорыта келе, Фихтенің неміс классикалық философиясының шеңберіндегі өз орны бар ұлы ойшыл екенін тағы да атап өткеніміз артық болмайды. Фихтенің: **«Іс-әрекет жаса, тағы да іс-әрекет ет!»** – деген ұраны біздің халыққа бүгінгі таңда ауадай қажет. Адамның орасан зор шығармашылық белсенділігін көрсете білген, адамзаттың жарқын болашағына сенімділік көрсеткен ұлы ойшыл философия тарихында мәңгілік қалады.

§ 3. Шеллинг және оның философиясы

Фридрих Вильгельм Иосиф Шеллинг (1775-1854 жж.) – неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі. Дарынды тұлға 15 жасында Тюбинген университетінің теология факультетіне оқуға түсіп, екі жылдан кейін философия магистрі атағын алған. 1798 ж. 23 жасында профессор атағын алып, ол Иена университетінде лекциялар оқи бастайды.

Оның педагогикалық жұмысы осы кезден басталып, 1846 ж. дейін созылды. Шеллинг 1854 ж. дүние салды.

Негізгі еңбектері: **«Трансцендентальдық идеализм жүйесі», «Дүниежүзілік жан жөнінде», «Өнер философиясы», «Философия және дін»** т.с.с.

Табиғат философиясы

Жаңа дәуірдегі философияда натур-философиялық мәселелерді өз заманындағы ашылған жаратылыстану ғылымдарындағы деректермен ұштастырып, сонымен қатар біршама жаңа ойларды дүниеге келтірген Шеллингті, бұл жағынан алғанда, ешкіммен салыстыруға болмайды. Оны Фихтенің жасаған «Үлкен Мені», әсіресе табиғатты тек қана құрал ретінде түсінуі қанағаттан-дырмайды.

Дүниенің алғашқы бастауын Шеллинг Абсолюттен көреді. Ол – субъект пен объектінің тепе-теңдігі. Өзінің алғашқы кейпін алар болсақ, ол – өзінің субъект, иә болмаса объект екенін әлі білмейтін рух, саналы және бейсаналы іс-әрекеттің теңдігі. Сонымен, Шеллингтің сөздерімен айтсақ, Абсолют «өзінің мәні бойынша идеалды да, реалды да емес, ойлау да, болмыс та емес бірдеңе».

Алайда бұл бірдеңенің дамуға деген талпынысы бар. Оның алғашқы нақтылы көрінісі – ол Табиғат. Егер Фихтенің философиясында «Әрекет ет!» деген талап үлкен орын алса, Шеллинг: **«Бол!»** – дейді.

Сонымен, Шеллингтің ойынша, алғашқы дүниенің негізінде жатқан тепе-теңдік, оның өмірде болу құштарлығын оятып, ол табиғатқа айналады. Табиғат өзінің алғашқы өмір сүруінен бастап құнарлы, өндіре алатын күш – natura naturans, оны тек қана жұмсақ, қай нәрсені болмасын қабылдай алатын негіз – natura naturata – деп есептеуге болмайды.

Әрине, табиғат өзінің алғашқы сатыларында бейсаналық, стихиялық түрде іс-әрекетте болғанымен, ол белгілі бір мақсатқа лайықты нәтижелерге әкеле бастайды. Табиғаттың осындай даму сатыларын Шеллинг заттардың бір-біріне тартуы мен өзара итерулерінен көреді (физикалық тілмен айтқанда, гравитация мен магнетизм). Келесі сатыда табиғатта химиялық өзгерістер пайда болады, ал оның өзі электрлік үдерістермен тығыз байланысты. Ал бұл үдерістердің өзі, жүре келе, тіршілік әлемін дүниеге әкеледі. Осы тұрғыдан Шеллинг тіршілік жөніндегі әртүрлі преформистік (praeformo – латын сөзі, алдын ала құрамын) көзқарастарды сынға алады.

Әрине, тіршілік дами келе өзінің ғажап туындысын – адамды дүниеге әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда, адам мен табиғат – субъект пен объектінің бірегейлігін көрсетеді. Таза табиғаттағы гравитация (тартылыс) қасиеті идеалды өмірде бақылауға ауысады. Соның негізінде

адамның ішкі өмірінде бірте-бірте өзіндік сана-сезім пайда бола бастайды.

Өзіндік сананың тарихын Шеллинг үш сатыдан көреді.

Бірінші сатыда ол көмескі түйсіктен шығармашылық аңдауға шейін көтеріледі. Бұл сатыда ішкі сезім мен сезілетін нысан әлі бір-бірімен тең.

Екінші сатыда шығармашылық аңдаудан ұғымдарды туғызуға дейін көтеріледі (кеңістік, уақыт, себептілік, қажеттік т.с.с. санаттар пайда болады).

Үшінші сатыда ұғымдардан өзіндік санаға дейін көтеріледі, яғни субъект өзін сыртқы дүниеге қарсы қойып, сонымен қатар өз-өзін нысан ретінде тани алатын дәрежеге көтеріледі. Демек, бейсаналық тарихтан өтіп, белсенді, ерікті және саналы, табиғаттың құрсауын бұзып шығатын күшке айналады. Яғни табиғат қоғамға ауысады. Бұл арада біз Шеллингтің тарих философиясына келіп тірелдік.

Тарих философиясы. Еріктік мәселесі

Қоғам дамуының ерекшелігін Шеллинг «екінші табиғатты» жасаудан көреді: өз-өзін анықтаған субъект енді айнала қоршаған заттарды игеріп, оларды қайта жарастырып, құрып, өз еркіне көндіреді, яғни адамның шығармашылық іс-әрекетінің негізінде объективтік пен субъективтік бір-біріне өтіп, қайта қосылады. Бұл кісі Қайта өрлеу заманынан бері келе жатқан «іс-әрекет арқылы тану», «жасадың – таныдың» деген нақыл сөздерді қолдайды.

Бірақ, Шеллингтің ойынша, дүниені ең терең түрде тану басқаша жолмен беріледі. Ол – эзотерикалық (esoterikos – грек сөзі, ішкі, құпия деген мағына береді) жол, ол тек қана интеллектуалдық интуиция арқылы ғана болуы мүмкін. Ал оның өзі барлық адамдардың қолынан келе бермейді. Оған тек таңдаулы, аса дарынды адамдар ғана жетпек.

Шеллингтің ойынша, адамзат тарихы – мақсатқа лайықты дамып жатқан Абсолюттің дамуының ең құнды сатысы. Ол өзі тудырған адамзаттың шығармашылық іс-әрекеті арқылы іске асып жатады. Бірақ осы жолда адамдар қаншалықты талпынғанымен, Абсолютке жете алмайды. Ол мақсат тек қана адамзаттың шексіз идеалдық қоғам орнату жолымен жылжуында ғана іске асады. Сондықтан тарихта адамдар өз заманының мұқтаждықтарынан шығатын, шешуге келетін, шынайы мақсаттарды ғана қойып, соларға жетуге тырысуы қажет. Бұл идеяны қазіргі замандағы мәселелермен ұштастырсақ, онда «коммунизм қоғамы» сияқты идеалды, барлық қайшылықтар жойылған қоғамға ешқашанда жетуге болмайды, оған тек шексіз жақындай беруге болатын сияқты.

Шеллингтің ойынша, адамзат тарихы үш сатыдан өтуі қажет. Бірінші – трагикалық саты, мұнда тағдырдың ессіз күштері көне замандағы ұлы мемлекеттерді келмеске жібереді. Екінші сатыда халықтар мен әртүрлі мемлекеттер табиғи заңдылықтарға сай біріге бастайды, үшінші – әлі тарихқа келмеген болашақта – тағдыр мен табиғаттың күштері бір-бірімен ұласып, дүниеге Мессия (Құтқарушы) келеді. Әрине, мұндай көзқарастан біз Шеллингтің бірте-бірте теософиялық ағымға өтіп бара жатқанын байқаймыз.

Шеллинг еріктік мәселесіне, Фихте сияқты, көп көңіл бөледі. Бірақ ол бұл санатты қажеттікпен тығыз ұштастырады.

Еріктік дегеніміз – ол тарихи қажеттікті танып-білу, ал оның кілті – жеке адамдарда емес, тек қана адамзаттың қолында, өйткені әр адам өз өмірінің шеңберінде өзінің жеке мақсаттарын қойып, соған жетуге тырысады. Бірақ барлық адамдардың қосыла жеткен тарихтағы нәтижелері басқаша болып шығады.

Осы тұрғыдан өз заманының тудырған талаптарын талдай келе, Шеллинг алдағы тұрған негізгі мақсат – құқықтық мемлекетті орнату деген ойға келеді, өйткені абсолюттік еріктік мүмкін емес, толығынан еріктікке ұмтылған адамдарды шектеу қажет, ал оның өзі құқықтық мемлекеттің шеңберінде заңдық жолмен жасалуы мүмкін. Сонда ғана нақтылы тарихи негізделген еріктік мөлшеріне жетуге болады.

Шеллингтің бұл ғажап идеясы бүгінгі Қазақстан қоғамындағы болып жатқан үдерістерді сараптауға жол ашады, өйткені тоталитарлық теңдіктен либерализм (еріктік) жолына өту бүгінгі таңда өте үлкен қиындықтарды туғызып отыр. Егер біреулер осы уақытқа шейін өзінің ерікті тұлға екенін жете түсіне алмай отырса, екіншілер еріктікті «ойыма не келсе, соны істеймін» дегенге теңеп, моральдық және құқықтық нормалардың шеңберінен шығып, асқан арсыздықтың жолында басқалардың несібесін тартып жеуде. Осы аталған және де басқа кемшіліктерді жоюдың негізгі жолдары – ол саясаттың адамгершілік жолдан таймауында, сонымен қатар қоғамның заңдық негіздерін жетілдіруде болса керек.

Өнер философиясы

Шеллингтің жасаған философиялық жүйесінде өнер ерекше орын алады. Егер И.Кант пен И.Фихтенің философиясында адам-ның моральдық жетілуі тарихтағы негізгі нәрсе ретінде көрсетілсе, Шеллинг оны өнерден, эстетикалық санадан көреді. Соңынан орыстың ұлы жазушы-ойшылы Ф.Достоевский осы ойға сай: «Әсемдік әлемді құтқарады», – деген нақыл сөзді айтқан болатын.

Шеллингтің ойынша, әлемді тек қана әсемдік арқылы жете түсініп-сезінуге болады, өйткені «универсумның (әлемнің) өзі – абсолютті өнердің туындысы», табиғаттың өзі – «рухтың бейсаналық поэзиясы». Күннің шығуы мен батуы, аралардың ұясы, сан алуан гүлдердің түрлері мен иістері, құстардың неше түрлі безенуі, жануарлардың дене құрылыстарының әсемдігі т.с.с. – бәрі де бізді таңғалдырады, өйткені дүниедегі әр затқа шексіз ақыл-ойдың тудырған идеалды ұғымы сәйкес келеді.

Ғылым мен өнерді салыстыра келе, Шеллинг бірінші орынға өнерді, эстетикалық сананы қояды. «Ғылым әрқашанда өнер саласында алғашқы ашылған, сезінілгеннен кейін жүреді». Шеллингтің бұл ойын растайтын бір мысалды келтірейік. 1970 жылдардан бастап, бұрынғы кеңес қоғамының құлдырай бастағанын, оның алдағы болашақта тарихи тұйықтыққа келіп тірелетінін алғаш сезінген өнер қайраткерлері болатын. Ал ғалымдарға келер болсақ, олар тек сол қоғам келмеске кеткен уақыттан бастап қана оны сараптай бастады.

Өнер саласының құндылығын Шеллинг генийлердің (genius – лат. сөзі, аса дарынды деген мағына береді) іс-әрекетімен тығыз байланыстырады. Өйткені олар – Абсолюттің құралы, бірақ оны олар сезінбейді. Гениийдің өмірі – ерікті де, зардап пен шаттыққа, шығармашылық іс-әрекетке толы. Ол өнер саласында белгілі бір мақсат қойып, оны ертелі-кеш орындайды, дүниеге асқан әсем туынды келеді. Ал бірақ оған ол қандай жолмен, қандай заңдылықтардың нәтижесінде жетті – оны ол көбіне түсіне бермейді. Өйткені өнер қайраткерінің туындысын дүниеге әкелетін ең терең себеп – ол Абсолюттің өзі.

Алайда гений өз шығармасын тудырып, оның кемеліне келген әсемдігін сезініп, шексіз шаттанып, одан ғажап ләззат алады. Өйткені оның рухы өзінің жасаған өнер туындысы арқылы заттанды (объективтелді), ал заттанған өнер шығармасынан идеалды өмірдің нышаны байқалады (субъективтелді). Сөйтіп, өнерде объективтік пен субъективтік бір-бірімен қосылып, алғашқы бейсаналық теңдіктің дамыған финалы, соңы ретінде байқалады.

Шеллинг өнер саласын, негізінен, екіге бөледі. Біріншісі – реалдық өнерлер. Оған ол музыканы, сурет, сәулет пен скульптураны жатқызады. Екіншісі – лирика, эпос және драма. Егер біріншіге жататын өнер салалары көбіне дене әсемдігіне көңіл бөлсе, екіншілер, одан да жоғары – рухани әсемдікті көрсетеді. Әрине, бұл жіктеуге күмәнданууға әбден болатын сияқты. Музыка арқылы сөзбен жеткізе алмайтын нәзік сезім толқындарын тудыруға болатынын бәріміз де білеміз, демек, оны екінші топқа жатқызуға, әрине, болар еді.

Шеллингтің ойынша, ең биік өнер – поэзия. Ол арқылы Абсолют өзін-өзі ең терең түрде сезіне алады. Соңынан, XX ғасырда өмір сүрген

ұлы неміс философы М.Хайдеггер бұл пікірді толығынан қолдап, поэзияда философиялық ой-өрістің шеңберінде ашылмаған болмыстың сырлары ашылады деген болатын.

Сонымен, тек өнерде ғана адам өлшенбейтін, бұл өмірде жоқ ғажапқа іштей беріліп, жан тыныштығын иеленеді. Ал ол – өлшемі жоқ ғажап, ол – Құдай. Абсолют ұғымы – оның тек қана сөзбен берілген аты ғана. Соңынан Шеллинг өнердің Құдай идеяларына қатыстығы бар екенін көрсетіп, өнерді сүйіп-түсінудің өзі – Құдайдың адамға жауған нұры деген пікір айтты.

Көріп отырғанымыздай, өмірінің соңына қарай, Шеллинг бірте-бірте діни философияға қарай ауытқып, «аян философиясының» жолына түсті. Шеллингтің замандастарының көбі оның бұл ауытқуын теріс қабылдап, жас кезінде даңққа, сыйға бөленген философ қартайған шағында жалғыздықтың, ұмыт қалудың да қасіретін басынан өткізді.

Қалай айтқанда да, ұлы философтың идеялары философия тарихында ары қарай өз өмірін сүріп кете барды. Ол өзінен кейінгі көп ұлы философтардың ой өрісінің қалыптасуына зор әсерін тигізді. Біз оны болашақтағы тақырыптардан көретін боламыз. Шеллингтің философия тарихында өз орны бар және ол адамзат есінде мәңгі қалады деген ойдамыз.

§ 4. Гегель – неміс классикалық философиясының шыңы

Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1831 жж.) Германияның Штутгарт қаласында лауазымы биік шен иесінің отбасында дүниеге келген. Гимназияны үздік бітіріп, 1788-1793 жж. Тюбинген теологиялық институтында оқиды. 1801 ж. бастап Иена университетінде ғылыми-педагогикалық жұмыс атқара бастайды.

Негізгі еңбектері: **«Рухтың феноменологиясы (құбылысы)», «Логика ғылымы», «Философиялық ғылымдардың энциклопедиясы», «Құқ философиясы», «Эстетикаға арналған лекциялар»** т.с.с.

Өзінің философиялық жүйесін жасау жолында Гегель ойлау мен болмыстың теңдігінен бастайды. Ал онда оның Шеллингтің философиясынан айырмашылығы неде деген сұрақ пайда болуы мүмкін. Расында да, Шеллинг, жоғарыда көрсеткендей, Абсолюттің ойлау мен болмысының тепе-теңдігін мойындады. Бірақ сол тепе-теңдіктен шығудың қайнар көзін ол белгісіз бір құдіретті күштен көреді де, оны тек қана эзотериялық (құпия) жолмен сезінуге болатынын айтады. Ал Гегельге келсек, ол сол ойлау мен болмыстың теңдігін ғана мойындап қоймай, оны айырмашылық ұғымымен тығыз байланыстырып, олардың өзара ішкі диалектикасын ұғымдық деңгейде түсінуге болатынын айтады.

Екіншіден, Гегель Абсолютті дамып жатқан субстанция ретінде қарап, философияға тарихи көзқарасты енгізеді. Сонымен қатар дамудың өзі қайшылықтың негізінде, заттың бүгінгі жағдайының теріске шығарылып, оның қарама-қарсыға өтуі, соңғының өзі жүре келе теріске шығарылатыны т.с.с. ретінде қаралады.

Көркем сөзбен пайымдай келе, Гегель «ақиқат – алдын ала құйылып, қалтаға салуға дайын тұрған күміс ақша емес», оған жету үшін жеке адам жалпы рухтың өткен тарихи жолымен танысып, оны егжей-тегжей біліп, игеру керек екенін айтты.

Осындай диалектикалық көзқарастың негізінде Гегель өзінің орасан зор философиялық жүйесін тудырды. Ол Абсолюттік идеядан басталады. Басқаша сөзбен айтқанда, ол – абсолюттік білім, таза ұғым – шынайы болмыстың өзі. Оның өз-өзіне келіп тануын, өз-өзін анықтауын ол «Логика ғылымы» арқылы береді.

Сонымен қатар абсолюттік идея өз-өзіне тең ойлау сатысынан өтіп, іс-әрекет арқылы өзінің өзге болмысына – табиғатқа айналады. Ал табиғат дегеніміз, Гегельдің ойынша, немқұрайды сыртқы затқа айналған идея. Табиғаттың мақсаты – өзінің тікелей сезімдік сатысынан өтіп, Феникс құсы сияқты өзін қайта жаңару үшін жағып, жасарып, осы сыртқы болмыстан рух ретінде қайта дүниеге келу болып табылады.

Рух дегеніміз – шектелген сана, ойлай алатын қабілеті бар пенде, яғни – адам. Бірақ ол табиғаттан шықса да, Гегельдің ойынша, оның туындысы емес – ол өзінің өзіндік нәтижесі. Рух өзінің алғышарттарынан – логикалық идея мен сыртқы табиғаттан – өзін тудырады. Демек, абсолюттік идея ең алдымен таза логикалық дәрежеде болады, соңынан табиғатқа айналып, соның ішінен адамзат осы тұрғыдан қарағанда, Гегельдің ойынша, философия ғылымын үшке бөлуге болады.

Бірінші, ол – Логика. Ол – өзінде және өзіне бағытталған идеяны зерттейтін ғылым.

Екінші – табиғат философиясы. Ол – өзінің өзгеше болмысындағы идеяны зерттейтін ғылым.

Үшінші – рух философиясы. Ол – өзгеше болмысынан қайта өзіне оралып жатқан идея жөніндегі ғылым.

Сонымен, Гегельдің абсолюттік идеализм жүйесінің қабырғалары осылай қалыптасты. Жоғарыдан байқағанымыздай, Гегельдің философиялық жүйесін объективті идеализм бағытына толығынан жатқызуымызға болады.

Осы арада оқырманның шыдамы бітіп, мынандай сұрақ қоюы мүмкін: Табиғатқа дейін таза ақиқат ретінде өмір сүрген «абсолюттік идея» – ол не? Бұл сауалды уақытында Гегельдің лекцияларын тыңдаған оқушылары да қойғаны туралы аңыз бар. Әрине, ол – басқаша

сөздермен айтылған Құдай идеясы. Тек христиан дініндегі Құдайға қарағанда, оның денелік адамдық қасиеттері жоқ, ол – таза логикалық идея ғана. Сөйтіп, біз Гегельдің жасаған философиялық жүйесін неше түрлі философиялық санаттармен (ұғымдармен) әсемделген нәзік діни көзқарас десек те болғаны. Егер біз Гегельдің философиясындағы алғашқы абсолюттік идеяны сызып тастап, өзіміздің дүние жөніндегі ой-өрісімізді мәңгі өмір сүріп жатқан «ұлы мәртебелі Табиғаттың» өзінен бастап, тіршілік әлемін, тіпті сана-сезімі бар адамның өзін соның туындысы ретінде қарасақ, онда біз таза материалистік көзқараста болар едік.

Алайда Гегельдің философиялық жүйесіндегі ең құндысы – оның рух жөніндегі ойлары. Ол адамзат рухын тарихи көзқарас тұрғысынан талдап, оның даму сатылары жөнінде тамаша ойлар мен пікірлер айтады.

Гегельдің ойынша, рух даму барысында өзінің үш сатысынан өтеді:

1. Субъективті рух, яғни жеке адамның санасы.
2. Объективті рух, оған ол құқық, мораль, адамгершілік, отбасы, азаматтық, мемлекеттікті жатқызады.
3. Абсолюттік рух – ол өнер, дін және философия.

Субъективті рухты Гегель үш ғылымның шеңберінде қарайды. Олар: антропология, феноменология және психология. Антропология ілімінде ол жеке адамның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, дене мен жанның арақатынасына, адамзаттың нәсілдік айырмашылықтарына, мінез-құлық пен темпераментіне, адамдардың өмір кезеңдеріндегі айырмашылықтарға т.с.с. көңіл бөліп талдайды. Гегельдің ойынша, адамның басқа тіршіліктен бірден-бір айырмашылығы – оның тік жүруінде. Ашық нәсілшілдікті қолдамағанмен, Гегель нәсілдер мен ұлттардың арасындағы айырмашылықтарды «абсолютті рухтың» әртүрлі сатыларындағы өз-өзін анықтауымен теңеп, олардың арасындағы мәдени айырмашылықтар ешқашанда жойылмайды деген кертартпа пікір айтады. Адамның өмір кезеңдеріндегі айырмашылықтарды қарап, ойшыл қоғамдық қатынастардағы тәртіпке адамдар тек қана жастық шағында ғана қарсы шығады, есейе келе, пісіп-жетілген шағында олар қирату мен бүлдіруден гөрі, тәртіпті сақтауды, жасампаздық еңбекті қалайды.

Субъективтік сананың дамуының екінші сатысы «Рух феноменологиясында» қаралады. Онда, негізінен, адамның санасы сезімдік сатысынан ақыл-ойға, одан ары зердеге қарай көтеріледі.

«Психология» тарауында Гегель адамның танымдық қабілеттеріне көңіл бөліп, рухтың теориялық, практикалық және ерікті сатыларын талдайды. Адам теориялық сана шеңберінде қалып қоймай, әрқашан оны өзінің еңбек үдерісімен ұштастырып, жасампаздық сатысына

көтеріледі. Міне, осы теориялық және практикалық рухтың бірлігі ерікті рухты тудырады. Ал соңғы өзінің мазмұнын, ішкі сырын дереу объективациялауға (сыртқы дүниеге таңуға) тырысады. Осы сатыға жеткен кезде субъективтік рух секіріс арқылы объективтік рухқа айналады.

Объективтік рух, Гегельдің түсінігі бойынша, қоғам өміріндегі құқықтық және адамгершілік қатынастарды қамтиды. Рухтың терең мәні еріктікте болғаннан кейін, құқықтық қатынастардың өзі тікелей шынайы өмірге енген еріктіктің болмысы болып есептеледі. Осы тұрғыдан ол – қайсыбір озбырлыққа, тәртіпсіздікке қарсы жатқан құбылыс. Құқық иеленген адам өзінің еркін сыртқы дүниедегі заттарға таңып, оларды иеленіп, «Менікі» дейді. Жеке меншік Гегельдің ойынша, еріктіктің қажетті де субстанциалды өмірге енуі. Тек жеке меншікте адамның еркі өз-өзіне тұлғалық ерік ретінде қалыптасады. Соның арқасында адамның еркінің субъективтігі жойылып, ол зерделі тұлғаға айналады. Олай болса, тарихи жерге деген жеке меншіктің ұзақ күрес жолында қоғамдық меншікті жеңуі – заңды нәрсе, ол – зерденің жеңісі.

Мораль құқықтық сатыға қарсы тұрып, оны ауыстырады. Ол – саналы еріктің субъективтік құқы. Үшінші сатыда құқық пен моральдық саты өнегелілікке, адамгершілікке айналады. Ол отбасында, азаматтық қоғамда, мемлекетте іске асады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, адамзат тарихы – халықтар рухының дамуымен тең. Бірақ ол – тек қана объективтік рухтың өзіндік санасы ғана. Шынайы өмірде адамдар өз алдына әртүрлі мақсаттар қойып, соған жетуге тырысса да, нәтижесінде басқаша бір биік, алыстағы, өздері түсіне алмайтын нәрсенің атқарушыларына ғана айналады. Оны Гегель «дүниежүзілік рухтың қулығы» дейді. Демек, Гегельдің философиясында адамдар мен халықтар – дүниежүзілік рухтың пайдаланатын құралы ғана. Қоғам тарихының мақсаты бар. Ол – жер бетінде идеалдық мемлекетті орнату. Енді объективтік рух өзінің абсолюттік сатысына көтеріледі.

Тарихи абсолюттік идея өзінің **абсолюттік рух сатысына** көтерілген кезінде, өзін-өзі түбегейлі танып-біліп, қанағаттанады. Өнер саласында ол өзінің толық еріктігін сезінеді, дінде өзін мархабатты түрде қабылдайды, ал философияда өзінің мәнін санаттық (ұғымдық) дәрежеде түсініп, таниды. Олай болса, философия діннен жоғары, өйткені діндегі қабылдау философиядағы ұғымнан төмен. Сонымен, философиямен рухтың дамуы бітеді, өйткені ол өзін-өзі түсініп, тынышталады.

Бізді бүгінгі таңда Гегельдің жасаған философиялық жүйесі қанағаттандырмауы мүмкін. Алайда осы жүйені жасау жолында ол көне заманда негізі қаланған диалектикалық ілімді пайдаланып, бүкіл

табиғат, тарих және рухани өмірді белгілі бір үдеріс, яғни тоқтаусыз қозғалыс, өзгеріс, қайта құрылу, даму ретінде қарап, олардың ішкі қайшылықтары мен байланыстарын зерттеді. Ал мұның өзі диалектика ілімін жаңа сатыға көтеріп, дүниеге деген жаңа таным теориясын тудырды. Негізінен алғанда, Гегельдің философия саласындағы қалдырған өшпес ізін көп ғалымдар осыдан көреді. Бұл пікірге толығынан қосылуға болады.

Гегельдің ойынша, диалектика шынайы танымның ішкі қозғаушы күші, ол қайсыбір ғылымның мазмұнына ішкі байланыс пен қажеттілікті енгізеді, соның арқасында білім теориялық сатыға көтеріледі. Гегельдің өшпес еңбегі – ол диалектикалық тұрғыдан бүкіл философия саласында қорытылған ұғымдарды сараптап шықты. Соның ішінде ол алғашқы рет диалектиканың үш негізгі заңын ашып, сонымен қатар барлық барлық санаттарды белгілі бір жүйеге келтіріп, олардың өзара бір-біріне өтетіндігін, ішкі байланыстарын көрсете білді. Сонымен қатар Гегель адамның дүниетанымын терең зерттеп, оның да диалектикалық жолмен жүретінін көрсетті.

Гегельдің ойынша, адамдар өздерінің күнбе-күнгі өмірінде ақыл-ой арқылы заттар мен құбылыстарды талдап, олардың бір-бірінен айырмашылығын анықтайды. Тікелей заттарды аңдауға қарағанда, ақыл-ой оларды бір-бірінен абстракциялау арқылы бөліп алып қарайды. Ол – шынайы адамдардың күнбе-күнгі өмірінде де, таным үдерісінде де қажетті нәрсе. Мысалы, қоғам өміріндегі адамдардың өзара байланыстары мен іс-әрекеттері жемісті болуы үшін, олардың алдына қойған мақсаттары айқын да анықталған болуы керек. Немістің ұлы ойшылы Гете айтқандай, ұлылыққа жеткің келсе, өзіңді-өзің шектей біл. Кімде-кім бәріне жеткісі келсе, ол оның, шынында да, ештеңеге құштарлығының жоқ екенін көрсетеді.

Өнер саласына келер болсақ, ондағы ұлы туындылардың да құндылығы әсемдіктің айқын да айрықша бітімін көрсетуде болса керек. Қайсыбір ғылым саласында, тіпті философияның өзінде де, ойлау барысында қолданылатын ұғымдар айқын, сонымен қатар тұрақты мағыналы болуы қажет. Егер олар бұлдыр және тұрақсыз болса, онда біз ешқандай нәтижеге жете алмай, бір-бірімізді түсінуден қаламыз. Енді сол біздің жан-дүниемізде бейнеленетін дүниенің өзін алып қарасақ, онда да біз заттардың өзгеруімен қатар, белгілі бір жағдайдағы тұрақтылығын байқаймыз.

Алайда біз осы ұғымдардың тұрақтылығын шегіне шейін жеткізсек, онда олар өзінің қарама-қарсылығына айналып, абстрактілі ойлауды тудырады. Гегельдің ойынша, ол қуыс кеуделікті, мәселеге үстірт қарауды туғызады. Мысалы, дарға асуға қылмыскерді әкеле жатыр. Оны қарапайым жұрт тек қылмыскер ретінде қарауда. Бірақ кейбір

әйелдер оған қарап: «Ол қандай сұлу, қайратты, тартымды еді», – деп қалуы мүмкін. Сол сәтте-ақ басқа адамдар оларға бас салып: «Қалай? Қылмыскер сұлу ма? Қалайша бұлай ойлауға болады?! Шамасы, өздері де сол қылмыскерден артық емес шығар», – деп қорытады. Осы мысалды келтіріп, Гегель оны абстрактілі ойлау түріне жатқызады. Өйткені алаңдағы жиналған адамдар қылмыскерден оның тек қылмыс жасағанынан басқа ешқандай қасиеттерді көрмейді. Мұндай ойлау бітімін Гегель метафизикалық ойлау әдісі деп қорытады.

Алайда абстрактілік – таным үдерісіндегі бір сәт қана. Таным ол сатыда тоқтап қалмай, одан ары жылжып, нақтылыққа жетуі керек.

Бізді айнала қоршаған ортаның өзін-ақ диалектиканың үлгісі ретінде қарауға болады. Өйткені дүниедегі қай зат болмасын шектелген, ол тұрақтылығымен қатар өне бойы өзгерісте, өтпелі. Оның ішіндегі жатқан өзінің қарама-қарсы өзгеше болмысының ұрықтары сол заттың ішкі қайшылықтарын тудырып, нақтылы қазіргі өмір сүріп жатқан болмысының шеңберінен тайдырып, оны ертелі-кеш басқаға айналдырады. Олай болса, диалектика – тек ойлау жолында ғана емес, ол бүкіл объективтік дүниеге тән нәрсе. Мысалы, шегіне жеткен абстрактілік құқық әділетсіздікке әкеліп соғады. Мораль саласынан Гегель мына нақыл сөздерді келтіреді: «Тәкаппарлық құлдыраудың алдында жүреді», «Өте өткір нәрсе тез мұқалады» т.с.с.

Диалектика жөніндегі өзінің терең ойларын Гегель былайша қорытады: «Еш жерде – аспанда, жерде, рухани өмірде, табиғатта болмасын, ешқандай ақыл-ойдың белгілейтін абстрактілі «немесе бұлай – немесе олайы» жоқ. Қай жерде болмасын өмір сүріп жатқан барлық – ол нақтылы, олай болса, өз ішінде белгілі бір айырмашылық пен қарама-қарсылықты қамтиды. Заттың өтпелілігінің өзі оның ішкісіне сыртқы нақты болмысының сай келмеуінде... Қайшылық – міне, бұл дүниенің шынайы қозғаушысы, ал қайшылықты ойлауға болмайды деген пікір тек күлкі туғызады».

Сонымен, Гегель диалектикалық таным әдістемесін жасап, философияның ғылымдық абыройын бұрын болмаған дәрежеге көтерді. Оның философиясының осы құнды жағы болашақ марксизмнің қалыптасуына зор әсерін тигізді. Біз оны алдағы тарауда талдайтын боламыз. Ал енді неміс философиясының осы замандағы көрнекті ойшылы Л.Фейербахқа келіп тоқтайық.

§ 5. Фейербахтың философиялық антропологиясы

Людвиг Фейербах (1804-1872 жж.) – неміс классикалық философиясының соңғы өкілі. И.Канттан бастап Гегельге дейін неміс философиясының өкілдері идеалистік бағыт ұстағанын жоғарыда байқадық. Л.Фейербах та өз жолын осы бағытта бастап, 1823 ж.

Гейдельберг университетінің теология (дін зерттеу) факультетіне оқуға түседі. Бірақ тез арада ондағы дәріске қанағаттанбай, Берлин университетіне ауысып, Гегельдің лекцияларын тыңдайды. 1828 ж. Эрланген университетінде диссертация қорғап, содан кейін осы оқу орнында приват-доценттік жұмыс атқарады. Осы уақыттан бастап Фейербах бірте-бірте гегельдік көзқарастан ауытқып, материалистік бағытқа қарай бетбұрыс жасайды. Соның нәтижесінде ол өз атын атамай, 1830 ж. «Өлім және өлместік жөніндегі ойлар» деген еңбегін жарыққа шығарып, онда жанның өлместігі жөніндегі діни қағидаға қарсы шығады. Ол кітап дереу тәркіленіп, Фейербах жұмыстан қуылады. Жұмыссыз қалған ойшыл 1836 ж. кедейленген дворян отбасынан шыққан қызға үйленіп, онымен бірге Брукберг деген ауылдық жерге қоныс аударып, сол жерде 25 жыл бойы ешқайда шықпай өмір сүреді. Түске дейін ағаш жарып, я болмаса шөп шауып, түс ауа ғылыми жұмыстарымен айналысады. **«Христиандықтың мәні»** атты негізгі еңбегі осы жерде жазылып бітеді. Осы кезден бастап ол үзілді-кесілді материалистік-атеистік бағытқа көшеді. Өмірінің соңында өте үлкен мұқтаждық көріп, 1872 ж. дүниеден өтеді. Нюрнберг қаласында жерленген. 60 ж. кейін ізбасарлары оның қабіріне құлпытас орнатып, оған Фейербахтың өзі жазған «Адам Құдайды өз бейнесіне ұқсастырып жасады», «Адамды сүйіп, оған жақсылық жаса» деген сөздерін эпитафия ретінде жазды.

Гегельдің философиясының алғашқы негіздерін зерттей келе, Фейербах оның түп-тамырының теологияға кететінін айқын көрсетеді. Фейербахтың ойынша, қайсыбір идеализм, оның ішінде Гегельдің философиялық жүйесі де – дүниеге деген нәзіктелген діни көзқарас. Табиғаттың алдында өмір сүріп жатқан логикалық категориялар жөніндегі Гегельдің ілімі – дүниені Жаратушының басқаша сөздермен айтылған идеясы. Ойлауға қабілеті бар пенделерден басқа материядан тыс өмір сүріп жатқан таза ойлау еш жерде жоқ. Материя рухтан шықпайды, керісінше, материя рухты тудырады. Адамның ойлау қабілеті – ол қандай ғажап болса да – мидың қызметінен туады. «Табиғат тек қана асқазан шеберханасын жасап қана қоймай, сонымен қатар мидың әсем сарайын орнатты. Табиғат рухтың, бейсаналық саналықтың, беймақсаттық мақсаттылықтың алдында өмір сүреді». Фейербахтың ойынша, рух дегеніміз – ол іс-әрекеттегі адамның қабілеті, қасиеті. Денеден бөліп алып, адамның шектелген және соңы бар өмірінен босатып қаралған рух Құдайға айналады. Мән – ол ұғым ғана, оны адамның денесін құрастыратын сүйектерімен салыстыруға болады. Бірақ тірі адамның денесі, еті мен қаны да бар. Бірақ Гегельдің философиясы, тек өлімтікті жеп қоректенетін қорқау сияқты, дүниенің қаңқасымен ғана қанағаттанады.

Олай болса, философия өзінің қайнар көзін болмыс ұғымынан емес, **болмыстың нақ** өзінен бастауы қажет. Онда біз заңды түрде бүкіл философиялық ұғымдарды жалпылықтан емес, **жалқылықтан** шығаруымыз керек. Өйткені қайсыбір болмыс – ол нақтылы болмыс – дүниеде болып жатқан **«бірдеңе», «мынау», «анау»**. Болмыс жалқылық пен жекеліктен тұрса, ойлау – жалпылықты тудырады.

Таным мәселесін қарай келе, Фейербах агностицизмді қатты сынға алады. Оның ойынша, түйсіктер бізді дүниеден алшақтатпайды, керісінше, бізді онымен байланыстырады. Ол – сыртқы дүниенің бейнесі. Бұл жерде ол діни терминді қолданып, оны «Ізгі хабар» ретінде түсінеді. Түйсіктер арқылы біз дүние жөнінде хабардар боламыз.

Фейербах дүниенің көптүрлілігін мойындайды. Материяның өмір сүру формасы – ол қозғалыс, ал ол қажетті түрде кеңістік пен уақытты талап етеді. Олай болса, олар болмыстың өмір сүруінің негізгі жағдайлары. Табиғаттың өзінің себебі өзінде, оны ешкім тудырған жоқ, ол мәңгілік өмір сүреді. Табиғат пен қоғамнан тыс ешкім және еш нәрсе жоқ. Табиғатта ақыл-ой жоқ, ол адам арқылы ғана ақыл-ойға ие болады. Адам арқылы ғана ол өзін-өзі түсіну дәрежесіне көтеріледі. Тек адам ғана өзінің іс-әрекет жасау негізінде табиғатты қайта өзгертіп, өзінің санасын табиғатқа таңады.

Олай болса, рух дегеніміз – ол тірі пенде, адамның қасиеті, ойлау мүшесі – ми адамның денесіне жатады. Сондықтан адамды Құдай жаратты деген жалған аңыз Құдайдың Өзін адам тудырды деген шынайы білімге негізделген қағидаға ауыстырылуы керек.

Осы мақсатты өз алдына қойып, оны өмірге енгізу жолында Фейербах қажымай-талмай, батыл жұмыс жасады. Оның ойынша, қалың бұқараның Құдайға сенуінің қайнар көзі адамның жан дүниесінің құпияларында жатыр. Солардың ішіндегі ең негізгілерінің біреуі – адамның табиғаттың орасан зор күштерінен қорқып, соларға тәуелді болуы. «Үрей құдайларды тудырды. Барлығын билеп-төстейтін бұл үрейдің өзін кім тудырды? Оны тудырған – тірі пенденің **бақытқа деген ұмтылысы**», – деп қорытады ол. Қаһарлы я болмаса мейірбанды құдайлар адамдардың құмартуының тұңғиығы мен шытырман қажеттіктерінен шығады. Демек, адамдардың сан алуан мұқтаждықтары мен содан шығатын тілектері – діннің дүниеге келуінің әкесі. Ал сонда оның шешесі кім? Фейербахтың ойынша, ол адамның бақытқа деген іңкәрінен шығатын қиялдары, яғни таным үдерісіндегі қиындықтарда жатыр. «Адамның надандығының түбі және қиялының шегі жоқ. Надандықтың арқасында өзінің негізінен айырылған табиғат күштері шексіз қиялдауға қосылып, Құдіретті Құдайды тудырады».

Сонымен қатар Фейербах діннің психологиялық түп-тамырына да терең сипаттама береді. Ол – адамның өлместікке деген тілегі, соның

себебінде қайсыбір діннің «о дүние» жөніндегі ғажап қағидасына сенуі. «Адам өзінің өмірінің соңдығын, әлсіздігін, шектелгенін, басқа еш нәрсеге қарағанда, өлімнен қашып құтыла алмайтындығынан терең сезініп тебіренеді», – деп қорытады ұлы ойшыл. Сонымен, дін дегеніміз – құпияландырылған қиялдың жемісі болып шықты.

Фейербах діннің ғасырлар бойы қалыптасқан екі формасын көрсетеді. Біріншісі – ол мистификацияланған (құпияланған, құдіреттелген) табиғат күштері. Екіншісі – ол адамның өзіне ұқсайтын Құдай идеясы. Ол жөнінде Фейербах былай дейді: «Шексіз де құдіретті Құдайдың мәні дегеніміз – ол адамның өзінен бөліп алынып, ерекше өмір сүріп жатқан сияқты адамның рухани мәнінің өзі».

Сонымен қатар Фейербах христиан дінінің езілген адамның рухани жұбатушысы ретіндегі қызметін көрсетіп, оны әшкерелейді. Оның ойынша, Құдайға сену – дүниедегі зұлымдықты құртуға бағытталған құралдар жөніндегі ойларды шетке шығарып тастайды. Адам бұл дүниеде іске аспайтын ынталарына бола, іске асыра алатын тілектерін аяққа басады. Олай болса, Фейербах: «Мен құдайды терістеймін, олай дегенім – мен адамды терістеуді терістеймін», – деп, Гегельдің тілімен оның іліміне қарсы шығады. Өйткені о дүниені терістеу дегеніміз – бұл дүниені орнықтыру деген сөз. Жарқын болашақ – ол сенімге емес, адамның өзінің борышына жатады.

Міне, енді біз Фейербахтың философиясының негізгі мәселесіне келіп тірелдік, ол – **адам мәселесі**. «Жаңа философия адамды және соның негізі ретіндегі табиғатты философияның ең негізгі универсалды пәніне айналдырады». Сондықтан біз Фейербахтың ілімін **антропологиялық философия** дейміз. Ол адамды, негізінен, психо-физиологиялық пенде ретінде қарайды. Фейербахты неміс философтарының адамды тек қана рух ретінде түсінуі қанағаттандырмайды. Оның ойынша, адам, бір жағынан, материалдық дене, екінші жағынан, – ойлайтын рух. Фейербах көбіне адамның табиғи-биологиялық жақтарын қайта орнына келтіруге тырысады. «Мен» дегеніміз – ол ойлайтын рух қана емес, ол денесі мен ойлай алатын басы бар, нақтылы кеңістік пен уақыттың шеңберінде өмір сүріп жатқан тірі адамның өзі.

Фейербах адамның негізгі мінездемесі ретінде оның сезімдігін келтіреді. Гегельдің ойлау мен болмыстың теңдігіне Фейербах болмыс пен сезімдіктің теңдігін қарсы қояды. Оның ойынша, тек қана «сезінетін пенде ғана – шынайы ақиқатты пенде». Сезімдік болмыс деп Фейербах біздің санамызға тәуелсіз өмір сүріп жатқан материалдық дүниені айтады. Олай айтқан себебі, дүниедегі материалдық заттар мен құбылыстардың өзіндік өміріне Фейербах онша көп мән берген жоқ, ол олардың бәрін тек қана адамға деген байланысы арқылы қарады, соңғының өзі сезімдік деректер арқылы адамға берілетіні

сөзсіз. Екіншіден, адамның өзінің материалдығын, денелігін ойшыл сезімдік арқылы түсінеді. Адам түйсіктері мен сезімдерінің өзі – оның материалдық дене екендігін көрсететін бірден-бір дәлелдеме. Демек, «мен» – сезімтал пенде, олай болса, дене адамның мәніне толық түрде кіреді. Егер табиғатты Фейербах өз болмысынан өзін айыра алмайды деп түсінсе, адам – өзінің мәнін болмыстан айыра алатын пенде.

Фейербахтың сезімдік қағидасының гносеологиялық (танымдық) жағы да бар. Айнала қоршаған ортаны танып-білу сезімдік қабылдау, түйсіктер, аңдау арқылы жүреді. Оның айтуынша, тек сезімдік аңдаумен анықталған, бағытталған ойлау ғана шынайы. Егер ойлау сезімдіктен алыстаса, онда ол шындықтан да қол үзіп, өзінің шеңберінен шыға алмай адасады.

Сезімдіктің тағы да бір аса мәнді жағы – оның ішіне қажетті түрде сүюдің енуі. Фейербахтың ойынша, «біздің сүймейтін, сүюге болмайтын нәрсеміз – ол жоқ», **«сүю жоқ жерде – ақиқат та жоқ»**, «сүю – заттардың бізден тыс өмір сүруінің шынайы онтологиялық дәлелдемесі». Ары қарай өз ойын жалғастырып, Фейербах сүюді **іңкәрмен** теңейді. Олай болса, тек іңкәр ғана – заттың өмір сүруінің анықтамасы. Тек іңкәрдің ұмтылған заты ғана ақиқатты. Фейербахтың бұл сөздерін субъективті-идеалистік бағытта қарауға болмайды. Оның айтқысы келгені – адам өзінің керек қылатын заттарына, өмірлік құндылығы бар құбылыстарға немқұрайды қарамайды, ол оларды сүйеді, оларды игеруге, иеленуге тырысады, тек осы сәтте ғана олардың адамнан тыс өмір сүріп жатқаны оған айқын көрінеді. Егер ол өзі сүйетін, керек қылатын заттарға жете алмаса, ол онда қайғырып-қамығады, зардап шегеді. Оның өзі шынайы өмірде **керек нәрсенің жоқтығын**, оның біздің жандүниемізден **тыс өмір сүретінін** көрсетеді.

Фейербахтың философиясында әлеуметтік, моральдық мәселелерге көп көңіл бөлінген. Ол өз заманындағы қоғамдық қатынастарға қанағаттанбайды, әсіресе христиан дінінің осы дүниенің құдіретті Жаратушысы Құдайдың Өзіне сеніп, адал болған адамдарға мәңгі рақатқа бөленген о дүниедегі өмір беріледі деген негізгі қағидасына теріс баға беріп, ол қарапайым адамдардың осы өмірдегі жағдайларын жақсартуға бағытталған ұмтылысына кедергі келтіреді деген пікір айтады. Фейербахтың ойынша, аспандағы мәңгілік өмірге сену – жердегі өмірдің құндылығын жояды.

Бірақ Фейербах христиандықты қатты сынға алғанмен, қоғам өміріне бәрібір діннің керектігін мойындайды. Оның ойынша, тарихтағы бірінбірі ауыстыратын үлкен дәуірлер діндердің ауысуымен тығыз байланысты. Олай болса, өзінің мүмкіндіктерін сарқыған христиан дінінің орнына жаңа дін керек. Ол дін Құдайға деген сүйіспеншіліктің орнына **адамды сүюді қоюы керек**. «Христиандықтың мәні» деген негізгі

еңбегінің соңғы тарауында Фейербах «Адам адамға – Құдай» деген пікір айтады. Сонымен бүкіл философиясы материалистік бағытта болған философ мұндай көзқарасқа неге келеді деген сұрақ біздің ойымызға еріксіз келеді. Оның ойынша, адамдардың бір-біріне деген қатынастарына діни бітім берілмесе, олар өзінің адамгершілік қасиеттерінен жұрдай болады, өйткені ондай жағдайда адамдар өздерінің табиғи өзімшілдігінен арыла алмай қалады. «Дінсіз болу – тек адамның өзін ғана ойлауымен тең, дінге сену – басқаларды да ойлаумен бірдей», – дейді Фейербах.

Енді, міне, Жаңа замандағы материалист-ойшыл Фейербах бұл мәселеге қандай жаңалық әкелді екен? Оның ойынша, еркек пен әйел арасындағы жыныстық сезімге негізделген сүйіспеншілік осы жаңа діннің арқауы болуы керек. Өйткені адам табиғи-биологиялық пенде болғаннан кейін, оның түйсіктері мен сезімдері оны алдамайды, тек қана сүйіспеншіліктен басқа шынайы практикалық және органикалық нәрсе адамдар арасында жоқ деген өз пікірін айтады. Олай болса, «аспандағы ләззаттан» гөрі, адам жердегі «сезімдік бақытқа» ұмтылуы қажет. Ол, әрине, бір-бірін сүйетін «сен» мен «меннің» қарым-қатынасы. Адамдардың бір-біріне деген қажеттіктері оларды бір-бірімен теңеп, топтастырады. Егер адамдар Құдайға сенуден гөрі, өздеріне сеніп, адамның өзін Құдай ретінде қараса, онда барлық адамдардың арасында, олардың жынысына қарамай, достық қарым-қатынастар қалыптасып, коммунизмге жол ашылатынын айтады ұлы ойшыл. Осындай руханиадамгершілік ойларымен Фейербахтың есімі біздің санамызда сақталып қалады.

Міне, осымен неміс классикалық философиясына арналған соңғы бетті аударамыз. Келесі сарапталатын ағым – тек қана философияда ғана емес, біздің өткен тарихымызға тікелей өзінің зор әсерін тигізген ілім – ол маркстік философия.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Неміс классикалық философиясындағы көрнекті тұлғаларды есіңізге түсіріңіз.
2. И.Кант «сынға дейінгі» өмір кезеңінде қандай ғылыми болжам ұсынды?
5. И.Канттың «диалектикалық антиномияларын» есіңізге түсіріңіз.
6. И.Фихтенің философиясының негізгі іргелі қағидаларын атаңыз.
7. Ф.Шеллингтің философиясының бастамасы қандай?
9. Г.Гегельдің философиялық жүйесін түсіндіріңіз.
10. Диалектиканың негізгі заңдарын атаңыз.
11. Г.Гегельдің рух саласындағы үш сатысы қандай?

13. Л.Фейербахтың философиясының негізгі қағидаларын атаңыз.
15. Л.Фейербахтың «сүйіспеншілік» ілімі қандай?

Рефераттар тақырыбы:

1. И.Канттың моральдық философиясы.
2. И.Канттың таным саласындағы «коперникандық төңкерісі».
3. Г.Гегельдің философиялық жүйесі.
4. И.Фихтенің философиясы.
5. Ф. Шеллингтің болмыс жөніндегі ілімі.
6. Г.Гегельдің диалектика іліміне қосқан үлесі.
7. Ф.Шеллингтің өнер философиясы.
8. Л.Фейербахтың табиғат философиясы.
9. Л.Фейербахтың христиан дінін әшкерелеуі.
10. Неміс классикалық философиясының тарихи маңызы.

VIII тарау. Маркстік философия

Маркстік философиямен, жалпы алғанда, жан-жақты философиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси ілім ретіндегі марксизммен ТМД елдері халықтарының XX ғасырдағы өмірі және тағдыры өте тығыз байланысты. Дүниежүзілік тарихта алғашқы рет Кеңес Одағында марксизмнің негізінде коммунистік қоғам орнатуға бағытталған орасан зор әлеуметтік батыл да қайғылы эксперимент 70 жылдан артық уақытқа созылды. Сол «жаңа қоғамды» орнату жолында миллиондаған адамдар осы әлеуметтік эксперименттің құрбаны болды. Енді міне, бүгінгі өтпелі дәуірде өмір сүріп жатқан адамдар сол заманға әртүрлі баға беруде. Біреулер Кеңес Одағын қаһарлы тоталитаризмнің дүниеге келуіне теңеп, ол қоғамды «қайыршылықтың теңдігі» орнаған қауым деп есептесе, екіншілер өткен тарихқа өкіне қарап, ондағы адамдық қатынастардың тазалығына, білім беру, денсаулық сақтаудың ақысыз болғанына, жасөспірім балалар мен қараусыз қалған кәрілерге деген мемлекеттің көмегін жылы шыраймен еске алады. Жалпы алғанда, бұрынғы Кеңес Одағынан тарихи алшақтаған сайын, оған қайта баға беріліп, сол қоғамның көптеген жақсы жақтарын қайта жаңартып, өмірге енгізуіміз керек деген пікірлер бүгінгі таңда аз емес.

Ал енді тікелей өзіміз оқып отырған философия пәніне келер болсақ, жақын тарихымызда «маркстік философия – дүниежүзілік 2,5 мың жылғы тарихы бар философияның **ең биік шыңы**» деген пікірде болғанбыз. Содан кейін, өтпелі қоғамның шеңберінде, оған қарама-қарсы, маркстік философияның жетістіктерін жоққа шығаруға бағытталған «уақыттың талабына сай» өзгеріп отыратын адамдардың пікірлері де көптеп пайда болды.

Әңгіменің шынына келсек, маркстік философия – адамзаттың рухани ізденісінің **көп шыңдарының біреуі**, оны асыра да, кеміте де бағалауға болмайды, әсіресе оның гуманистік, рухани жақтары осы уақытқа дейін миллиондаған адамдардың жүрегінде ұялаған. Сондықтан, жас дос, сіз бұл ілімнің негізгі қағидаларын зерттеп, оны басқа ілімдермен салыстырып және бүгінгі адамзаттың алдында тұрған көп мәселелермен байланыстыра отырып, өз бағаңызды берерсіз деген ойдамыз.

Маркстік философияның негізін қалаған екі неміс ойшылы **Карл Маркс** (1818-1883 жж.) пен **Фридрих Энгельс** (1820-1895 жж.) болды. Егер К.Маркстің әкесі сол кездегі ірі заңгерлердің бірі болса, Ф.Энгельс өзінің жеке меншіктегі фабрикасы бар іскердің отбасында дүниеге келеді. Сондықтан олардың екеуі де өз заманындағы үлкен жоғары оқу орындарда оқып, білім алады. Студенттік жас кездерінде олар «жас гегельшілердің» қатарында болғанымен, сол кездегі әлеуметтік-саяси ахуал оларды буржуазиялық либерализмнен гөрі, революциялық демо-

кратизм жолына қарай итермелейді. Олардың шынайы революциялық көзқарастарының қалыптасуына, әсіресе 1848 ж. Батыс Европа елдерінде өте шиеленген қайшылықтардың негізінде пайда болған революциялар өзінің зор әсерін тигізді. Дәл осы кезде олардың философиялық көзқарастары өзінің кемеліне келіп, айрықша жүйе ретінде қалыптасты. Оның негізгі өзегі – дүниені түсініп қана қоймай, оны **қайта құру, өзгерту қажеттігі**, ал философияға келер болсақ, ол осы мақсатты рухани тұрғыдан негіздеуі қажет. Әрине, мұндай мақсат билік басындағылардың үрейін туғызды. Осы айтылған себептердің негізінде К.Маркс қуғындауға ұшырап, қалған өмірін Лондон қаласында өткізуге мәжбүр болды. Ф.Энгельс жан жолдасын материалдық жағынан оның өмірінің аяғына дейін қолдағанмен, К.Маркс кедейліктің, аурудың, кейбір балаларының өлімін т.с.с. ауыртпалықтарды басынан өткізіп, соған қарамастан, өмірінің аяғына дейін өзінің ғылыми еңбектерін жазып, жұмысшылар қозғалысына белсенді қатысып, өз ілімінің жарқын болашағына сенді.

Енді, әңгімені нақтылай келіп, маркстік философиядағы жаңалықтарға келер болсақ, онда ең алдымен **қоғамды материалистік тұрғыдан түсіну** қағидасына тоқтауға тура келеді. Мұның өзі материализм бағытындағы негізгі кемшілікті – табиғатты материалистік тұрғыдан түсінгенмен, қоғам өміріне келгенде идеалистік жолдан шыға алмауды жойып, дүниеге деген толыққанды материалистік көзқарасты тудырды. Әңгіменің мәні мынада: қоғам өмірін талдауда ойшылдар қоғам өмірінің маңызды ерекшелігінің шеңберінен шыға алмады, ол – адам ойының әрқашанда оның жасайтын іс-әрекетінің алдында жүріп отыруы. Яғни ең алдымен идеалдық жоспар жасалады да, содан кейін ғана ол іске асады. Сондықтан ойшылдар тарихтың тағдыры корольдер мен ұлы қолбасшылар, ғалымдар мен заңгерлердің т.с.с. ойлары мен еркінде деген пікірден шыға алмаған болатын. Олар тарихты қалай бұрғысы келсе, солай жасай алады. Олай болса, олардың жүргізіп отырған саясатына кім шешуші ықпал жасай алады? Әрине, сұлу бикештер, тарихтың мәселелері көбінесе мемлекет басшыларының көңіл-күйіне байланысты... Шамасы, осындай көзқарастардың негізінде француздардың «cherchez la femme» – «әйелді іздеңдер» деген нақыл сөздері пайда болса керек. Француз жазушылары Дюмалардың (әкесі мен баласы) «20 жылдан кейін», «10 жылдан кейін», «Виконт де Бражелон» т.с.с. романдарында француздардың тарихы осындай көзқарастардың негізінде көрсетілген. Сол заманда өмір сүрген философ Монтескьенің өзі де осындай көзқараста болған, оның ойынша, тарихтың дамуы көбінесе жақсы заңдардың шығарылуымен байланысты. Ал заңдарды жасайтын адамдардың өзі емес пе, олар заңгерлердің рухани шығармашылығының туындысы ғана.

Күні бүгінге дейін қарапайым сананың шеңберінде біз осындай көзқарастың әлде де болса өмір сүріп жатқанын байқаймыз. «Кеңес Одағы неге құрдымға кетті?» – деген сұрақты талдағанда, қарапайым адамдар оны Горбачевтің, ия болмаса Ельциннің, Кравчуктың т.с.с. сол кездегі өкімет басындағы адамдардың іс-әрекеттерімен байланыстырады. Тіпті кейбіреулер оның себебін Раиса Максимовнаның (Горбачевтың әйелі) мемлекеттік саясатқа ықпал еткенінен көреді. Ақырында, біз «әйелді іздеңдерге» тағы да келеміз. Ал әңгіменің шынына келсек, Кеңес Одағының өмірден кетуі – оның заман талабына сай жауап бере алмағанында, өндіргіш күштердің даму қарқыны төмендеп кетіп, соған байланысты орасан зор қайшылықтардың пайда болуында т.с.с.

Әрине, маркстік философия тарихтағы адамдардың сана туындыларының рөлін шетке шығармайды. Олардың ойынша, «адамдар – өз драмаларының авторлары мен актерлері». Бірақ олар мәселені тереңдете қарайды – сол белгілі бір уақытта өмір сүріп жатқан қоғамдағы өзекті идеялардың түп-тамыры қайда кетеді? Неге уақыт өткен сайын бір идеялардың орнына екінші идеялар келеді? Осы сұрақтарға жауап бере келіп, К.Маркс адамдардың сана-сезімінің өзі олардың өмір сүру жағдайларымен тығыз байланысты, соларға тәуелді екенін ашады. «Болмысты анықтайтын олардың санасы емес, керісінше, қоғамдық болмыс олардың санасын анықтайды», – деген тұжырымға келеді. Әрине, қоғам өмірінде миллиондаған адамдар өмір сүреді, олардың әрбіреуі өзінің алдына өмірлік мақсаттар қойып, соларды іске асыруға тырысады. Көбінесе сол мақсат-мұраттар мен ұмтылыстар бір-біріне қайшы келіп, бір-бірін тежеп, теңестіріп жатады. Сол күштердің параллелелограмы тарихи үдерісті тудырады. Жалпы алғанда, қоғамның дамуы – табиғи-тарихи үдеріс, ол өзінің белгілі бір қажетті сатыларынан аттап өте алмайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Кеңес Одағының құруының тағы бір себебі – Лениннің әлі капиталистік сатыға толық жетпеген, соның шеңберінде дамып кемеліне келмеген қоғамға сол сатыдан аттап өтіп, социалистік қоғамды озбырлық жолмен таңуында болса керек. Нәтижесінде, неше түрлі трагедиялардан өтіп, біз социализмнің дүниеге ерте уақытсыз келген әлсіз бұрмаланған түрін орнаттық. Оған жету жолында миллиондаған адамдардың өмірін құрбан еттік. Енді, міне, «ұлы мәртебелі Тарих» біздің жағамыздан ұстап, сендер қайда кеттіңдер деп, бізді аттап өткен сатымызға қайта оралтып жатыр.

Бүгінгі таңдағы қиындықтардың түп-тамыры, міне, тарихтағы солшыл саясатқа барып тіреледі, оған Маркс кінәлі емес. Қоғам өміріндегі саяси, құқықтық, моральдық, діни т.с.с. көзқарастардың рөлі

қаншалықты үлкен болғанымен, олардың өзі белгілі бір сатыдағы өндіріс тәсілінің нәтижесі ретінде қаралуы керек.

Маркстік философияда танымдық мәселелерге де жаңа сипат беріледі. Бұрынғы материализмге келер болсақ, олар танымды түйсіктер арқылы бейнеленетін аңдау ретінде түсінді: сыртқы дүние біздің сезімдік мүшелерімізге өзінің ықпалын тигізіп, адамның дүниені қабылдауын туғызады, яғни адам – енжар келетін қабылдаушы ғана, ал белсенділік сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардан шығады. Ал Маркстің ойлауына қарағанда, қайсыбір дүниетаным субъект (адам) пен объектінің (сыртқы дүниедегі танылатын зат) өзара байланысы мен іс-әрекетінен тұрады. Адамның назарына, іс-әрекетіне түспеген таза объект – ол табиғаттың шикізаты ғана. Ф.Энгельстің айтуына қарағанда, «жаратылыстану мен философияда осы уақытқа дейін адамның ойлауына тигізетін іс-әрекеттің ықпалын зерттеуді есепке алмады. Олар, бір жағынан, табиғатты ғана, екінші жағынан, ойлауды ғана білді. Бірақ адамның ойлауының ең жақын да мәнді негізі тек сол жалғыз табиғаттың өзінде ғана емес, сол табиғатты адамның өзгертуінде, тек сол өзгерістерге сәйкес адамның ақыл-ойы ары қарай дамиды». Тек адамның белсенділігі арқылы зат танылып, оның іс-әрекеті арқылы қайта құрылып, оның қажеттіктерін өтейді. Сонымен, танымды ескіше аңдау ретінде түсіну, шынына келгенде, барлықта жоқ абстракция ғана. Шынайы өмірдегі таным – ол **затты белсенді түрде субъектінің игеруімен тең.**

Маркс танымның негізгі мәселелерінің бірі – ақиқат жөнінде де тың ойларды ұсынады. Өмірден, іс-тәжірибеден сырт қалған ақиқат жөніндегі дау-дамайлар бітпейтін схоластикалық мәселеге айналады. Ақиқат, яғни ойлаудың шындығы мен күші шынайы өмірде өзін көрсетуі керек. «...философтар тек қана әртүрлі жолдармен дүниені түсінуге тырысты, ал шынайы мақсат – оны өзгертудің керектігінде», – деп қорытады ұлы ойшыл.

Маркстік философияның келесі ерекшелігі – осындай толыққанды материалистік көзқарасты **диалектикамен** ұштастыруында. Егер, Гегельдің ойынша, «Ай астындағы дүниеде» тек бұрынғы өткен сатыларды қайталау ғана, шынайы даму тек рух саласында болса, ал оның өзі абсолюттік идеяның өзін-өзі тануы жолындағы адамзатты құрал ретінде пайдалануында болса, Маркс дамудың қайнар көзін сол материалдық дүниенің **ішкі қайшылығынан** көреді: заттың ішкі қайшылығы оны бүгінгі болмыс шеңберінен шығарып, басқа затқа айналуына әкеліп соғады. Олай болса, қоғам өмірінің де негізгі қайшылығы материалдық өндірістегі өндіргіш күштер мен өндіріс қатынастарының арасында жатыр.

Маркс пен Энгельс өз уақытындағы қоғам өміріндегі капиталистік қатынастардың аса қатыгездігін көрді. Энгельс «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген зерттеуінде қарапайым жұмысшылардың өмірінің асқан қиыншылықтарын ашық та айқын көрсетіп, сол кездегі қоғамдық пікірге зор әсерін тигізді. Олардың ойынша, мұндай жағдай ішкі терең қайшылықтардың негізінде өзгеруге тиіс. Егер Гегель қоғамдағы диалектикалық өзгерістің бәрін ұлттық іс-қимылдан көрсе, Маркс оны әлеуметтік **таптан** көреді. XIX ғасырдағы көп ойшылдар сияқты, олар қоғамның прогрессивтік өрлеуіне кәміл сенеді, ал ол – жарқын болашаққа жеткізетін негізгі күш – пролетариат, жұмысшы табы. Өйткені олар қоғамға керек негізгі материалдық қажеттіктерді өндіреді, сан жағынан алып қарағанда, әлеуметтік топтардың ең көлемдісі, сонымен қатар олар жеке меншіктің шырмауына байланбаған әлеуметтік әділеттілікті жақтайтын таза тап. Егер мыңдаған жылдар бойы созылған цивилизацияның қозғаушы күшін ойшылдар шығармашылық аз топ – ой еңбегімен айналысатын интеллигенциядан көрсе, Маркстің жоғарыда келтірілген пікірі өзінің кенеттігімен сол кездегі қоғамды дүр сілкіндірді. Жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтар сияқты, көптеген жұмысшылар қозғалысы пайда бола бастады. Бірақ осы кезде өмір сүрген революцияшыл орыс ойшылы М.А.Бакунин Маркстің идеяларына қарсы шығып, олар өмірге енсе, онда дүниеге қандыбалақ тоталитаризмнің келетінін болжаған болатын. Тарих соңғы болжамның растығын дәлелдеді.

Бұл оқу құралында біз марксизмнің әлеуметтік-саяси көзқарастарына, социализм және коммунизм мәселелеріне толығынан тоқталып, талдамаймыз. Алайда айтып кететін бір нәрсе – ол қазіргі дамыған елдердің көбіндегі **әлеуметтіліктің** жыл өткен сайын алатын орнының **өсуі**. Ал социализм ұғымының ең жалпы алғандағы мағынасы – әлеуметтілік. Дамыған елдерде жұмыссыздықты жоюға, ақысыз білім беруге, денсаулықты сақтауға, мүгедектерге көмектесуге т.с.с. арнаулы әлеуметтік бағдарламалар жасалып, іске қосылуда. Ал бұлардың өзі Маркстің жасаған болжамын дәлелдегендей. Бірақ олар таптық күрес, революцияның, озбырлықтың, қантөгістің негізінде емес, сол қоғамның іштей эволюциялық жолмен бірте-бірте өзгеруі арқылы іске асып отыр.

Ал коммунизм идеясына келер болсақ, онда оны сынға алуға тура келеді, өйткені ол жер бетінде жұмақ орнатқанмен тең. Жалпы алғанда, бұл идеяны Батыс еуропалық екі мың жылға созылған ой толғауының логикалық түрдегі соңғы нүктесі деп айтуға әбден болады. Сонау көне грек дәуірінен бастап, Протагордың айтқан «адам – барлық нәрсенің өлшемі» деген идеясы ғасырлар бойы дамып, ақырында коммунизм идеясын тудырған болатын. Маркс утопистердің көзқарастарын сынағанмен, өзінің ғылыми жұмыстарында одан толығынан арыла

алмады. «әрбір адамнан – қабілетіне қарай, әрбір адамға – қажеттігіне қарай» деген принциптің өзінде утопиялық қиял жатқан жоқ па?! Егер барлық адамдардың қажеттіліктері толығынан өтелсе, онда қоғам сол сәтте іріп-шіри бастар еді, өйткені тек толығынан өтелмеген қажеттіліктер адамдардың соларды өтеуге бағытталған шығармашылық іс-әрекеттерін тудырады, ал өтелген қажеттіліктер сол сәтте бұрынғыдан да биік жаңа қажеттіліктерді тудырады...

Маркс Фейербахтың «адам – толығынан биологиялық-табиғи туынды» деген пікірін қатты сынға алғанмен, оған қарама-қарсы біржақты «әлеуметтілік» тұжырымға өтіп кеткенін аңғара алмай қалған болатын. Сол себепті, Маркстің ойынша, болашақ коммунистік қоғамда жаңарған әлеуметтік ахуалға сай «жаңа адам» дүниеге келіп, қылмыстық, озбырлық, дүниеге қызығушылық т.с.с. адамдардың кемшіліктері толығынан жойылып, құқық мекемелері, тіпті мемлекеттің өзі керек болмай қалады деген ойларын да қиялға жатқызуымызға әбден болады. Жуықта ғана дүниеден өткен Кеңес қоғамында қаншалықты «жаңа адамды» тудыруға бағытталған сан алуан тәрбие жұмыстары жүргізілсе де, біз бүгінгі таңда оның бәрінің сәтсіздікке ұшырағанын көріп отырмыз. Адам биологиялық, я болмаса әлеуметтік пенде емес, ол – био-әлеуметтік, тек осы жолда ғана оны терең түсінуге болады.

Әрине, Маркс пен Энгельс – өз заманының тұлғалары. Маркстің өзі уақытында: «Ешқандай адами нәрсе маған жат емес», – деп айтқан болатын. Міне, осы тұрғыдан бағалап, біз олардың ғылыми жетістіктері мен адасуларын таразыға сала келе, оларды өз заманының ғажап ұлы тұлғаларына жатқызуымызға әбден болады. Маркстік философия-мен Батыс Еуропа топырағында пайда болған ақыл-ойға негізделген (рационалдық) философияға қанағаттанбаушылық оның орнына неше түрлі бейклассикалық ой-пікірлерді дүниеге әкеледі. Енді соларды талдауға көшейік.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Маркстік философияның негізгі қағидасы қандай?
2. Қоғамды материалистік тұрғыдан түсіну дегеніміз не?
3. Марксизмдегі «қоғамдық болмыс» пен «қоғамдық сана» ұғым-дарын салыстырыңыз.
4. Маркстік философия таным мәселесіне қандай жаңалықтар енгізді?
5. К.Маркс дамудың қайнар көзін неден іздейді?
6. Әлеуметтік мәселелерді таптық тұрғыдан қарау қандай салдар-ларға әкелуі мүмкін?
7. К.Маркстің қоғамды формациялық жолмен талдауы дұрыс па?

8. Марксизмдегі адам мәселесінің ерекшеліктері неде?
9. Маркстің коммунизм теориясын сынай аласыз ба?
10. Марксизмнің гуманистік-адамгершілік жақтарын көрсетіңіз.

Рефераттар тақырыптары:

1. Маркстік философиядағы материалистік көзқарастың ерекшеліктері.
2. Диалектика және коммунизм идеясы.
3. Ф.Энгельстің «Табиғат диалектикасы».
4. К.Маркстің қоғамдық-экономикалық формация теориясы.
5. XX ғ. марксизмнің тағдыры.

IX тарау. XIX ғ. мәдениетіндегі бейклассикалық философия

Сонымен, жоғарыдағы тарауларда көрсеткеніміздей, XVIII ғ. бастап, Батыс философиясында рационализм бағыты өзінің кемеліне келіп, философияның негізгі іргетасына айналады. Материализм мен идеализм бағыттарының арасындағы үлкен айырмашылықтарға қарамастан, осы екі негізгі ағымның негіздерінде адамның ақыл-ойына деген сенушілік, адамзаттың болашақ өрлеуіне күмән келтірмеушілік, ал маркстік философияны алар болсақ, онда тіпті ақыл-ойдың негізінде болашақ коммунизмге қарай жылжуда адамзат тек жағалай ортаны күрт өзгертіп қана қоймай, сол іс-әрекеттің негізінде адамның өзінің табиғаты өзгеретіндігіне сену байқалды.

Бірақ сол кездегі өмірдегі қоғамдық қатынастар мұндай оптимистік өміршеңдік көзқарастарға бірте-бірте күмәнденуды туғызды. Біріншіден, Күннің жарық сәулесінің шығуын асыға күткендей сияқты, шаттықпен қарсы алынған ұлы француз революциясы үлкен төңкерістерге ғана әкеліп қоймай, сонымен бірге зор қантөгіс, зорлық-зомбылыққа ұласып, одан күткен үміттерді жоққа шығарды. 1848-49 жж. Еуропаның біршама елдерін дүр сілкіндірген буржуазиялық-демократиялық революциялар да олардан күткен үмітті ақтамады, ал 1871 ж. Париж коммунасының тәжірибесі марксизмнің «жұмысшы табы диктатурасының қажеттігі» жөніндегі идеяларды тудырып, көп ойшылдардың жалпы ағарту, адамзаттың өрлеуіне деген көзқарастан, ақыл-ойдың құдіретті күшіне сенуден бас тартып, олардан түңілуіне әкеліп соқты.

Осы көрсетілген және басқа себептер рационализм ағымына, яғни жалпы классикалық философияға, дискурсивтік (discursus – латын сөзі, ақыл-ойға, қисынға негізделген тұжырымдар) ойлау әдісіне деген теріс пікірлерді оятып, оларға қарсы бағытталған философиялық ағымдарды тудырды. Бұл көшті бастаған неміс философы А.Шопенгауер мен Дания ойшылы С.Кьеркогер болды. Бұлардың екеуі де Гегельдің панлогистік көзқарасын сынаудан бастады.

Кьеркогердің ойына қарағанда, Гегельдің философиясы ақыл-ойға негізделген, онда бүкіл дүниенің шындығы ашылғандай. Бірақ оның философиясында адам абсолюттік идеяның танымдық құралына айналады. Кьеркогер Гегельдің болмыс пен ойлаудың тепе-теңдігі туралы негіздемесіне қарсы шығады, өйткені ол болмыстың не екенін бізге түсіндірмейді, сондықтан ол – «абстракциялық құбыжық» қана. Философияның негізгі пәніне, сондықтан тек қана жеке адамның өмір сүруі, оның қайғысы мен қуанышы, үрейі мен зардабы, өз-өзінің рухына үңілуі т.с.с. жатуы керек. Соңынан мұндай көзқарастардың негізінде

XX ғ. экзистенциализм философиясы пайда болады. Ол бағытты талдаған кезде, біз Кьеркогердің идеяларына қайтып ораламыз.

Рационализм бағытына қарсы шыққан екінші философ А.Шопенгауер болды. Оның ойынша, дүниенің негізінде материя, я болмаса сана, рух жатыр деген көзқарастар – жалған пікірлер. Философияның тарихындағы мыңдаған жылдарға созылған іс-әрекеттер – оны ғылыми дәрежеге көтеруге бағытталған ұмтылыс – оны үлкен дағдарысқа әкеліп соқтырды. Шынына келгенде, философия – ғылым емес, өнердің бір түрі. Өйткені дүниенің негізінде жатқан нәрсе – ол ессіз, бейсаналық әлемдік ерік. Енді, міне, Шопенгауердің философиясына толығынан тоқталуға мүмкіндік келді, екінші жағынан, ойшылдың көп идеялары бүгінгі дағдарыстағы қоғамдағы адамдардың сана-сезімінде біршама қызығушылық тудырып отырғаны құпия емес.

§ 1. А.Шопенгауердің әлемдік еркі

Артур Шопенгауер (1788-1860 жж.) Данциг қаласында бай саудагердің отбасында дүниеге келеді. Геттинген мен Берлин қалаларында философиялық білім алады. Негізгі еңбегі **«Дүние ерік пен елестету ретінде»** деген атпен 1844 ж. жарық көреді. Берлин университетінде 1819 ж. оқыған лекциялары ешкімді қызықтырмайды. Сондықтан ол өмір бойы әкесінен қалған капиталдың жылдық пайыздарын жұмсап, өз замандастарынан оқшау да жалғызілікті өмір сүреді. Өмірінің соңғы 10 жылында ол даңқтың шапағатына да ие болады. Бірақ нағыз атақ оған XX ғ. келеді.

Шопенгауердің ойынша, дүниенің негізінде өмір сүруге деген бітпейтін құштарлығы бар Әлемдік Ерік жатыр. Сөйтіп, материя, табиғат заты, атом, сана, рух т.с.с. бұрынғы философтар жатқызған дүниенің негіздерін ысырып тастап, ойшыл «ерік» ұғымын дүниені түсінудегі негізгі санатқа айналдырады.

Бұл ұғымның тарихына көз жүгіртсек, көне заманда «сана» мен «ерік» санаттары әлі бір-бірінен бөлініп алынған жоқ-ты. Мысалы, Сократ адамдардың жүріс-тұрысы мен іс-әрекеттеріндегі келеңсіз жайттар оларды білмегендерінде деген пікір айтқан болатын. Егер адам жамандықты білетін болса, онда ол оған бармайды. Алайда Ортағасырда өмір сүрген ұлы христиан философы Августин мұндай көзқарасты толығынан теріске шығарады. «Жамандықтың не екенін білсем де, соған қарай мені тартады, мен соны іске асыруға ынтықпын», – дейді ұлы ойшыл. Өйткені ақыл-ой біледі, ал ерік таңдайды. Міне, осы сәтте Августин сана мен еріктің екітүрлілігін айқын көрсетеді. Діни ойшыл адамның Құдай алдындағы күнәкәрлігінің

негізгі себебін еріктің алғашқы көрсе-тілген түзу жолдан ауытқуынан табады.

Жаңа дәуірде неміс философиясының шеңберінде Кант практикалық зерденің үстемдігін көрсете келіп, оның негізін еріктің бостандығынан көреді. Канттың бұл идеясын Фихте ары қарай дамытып, «Меннің» ерікті іс-әрекетінен дүниенің пайда болуының рухани қайнар көзін көреді. Қалай айтқанда да, Шопенгауерге дейін ерік санаты ерекше түрде алынып, дүниенің негізіне жатқызылған жоқ-ты.

Сонымен, Шопенгауердің ойынша, дүниенің негізінде жатқан ерік – ол біреу және одан басқа еш нәрсе жоқ, бірақ ол өзінің өмірдегі құбылуында шексіз сан алуан болып көрінеді. Ол – өзінің толық еркімен теңелетін бейтұлғалық орасан зор құдіретті күш. Ол бейсаналы болғаннан кейін, өзінің мәңгілік қалыптасу, мақсат-мұратсыз өмірге ынтық болу барысында неше түрлі зұлымдықты тудыруы мүмкін. Әлемдік еріктің ешқандай себебі, белгілі бір негізі болмағаннан кейін, ол ешқандай заңдылықтарға бағынбайды. Өзінің өмірде болуға деген ынтасының негізінде ол бүкіл дүниені тудырса да, оған ешқандай тәртіп, жоспар сияқты нәрселерді әкеле алмайды, керісінше, ол заттарды бір-бірінен бөліп, қиратып, қарсы қойып, оған тағы да қанағаттанбай, өзінің шексіз ізденісін, күресін жалғастыра береді. Ол ызаға толы, не істеу керектігін білмегеннен кейін, өзін-өзі тырнап, жыртып жатқан жануарға ұқсайды.

Енді әлемдік еріктің тудырған дүниесіндегі оның көріністеріне назар аударсақ, олар – өлі табиғаттағы дүниежүзілік тартылыс, магнетизм, химиялық қосындылар т.с.с. табиғат күштері. Тірі табиғатта – тіршіліктер формаларының өмірге деген еркі, сол үшін өзара бір-бірімен күресі, өмірді жалғастыруға бағытталған жыныстық түйсіктер, адам өміріндегі ешқашанда ойдағы нәтижелерге әкелмейтін саналы талпыныстар, бейсаналық түрде пайда болатын әртүрлі сезім толқындары т.с.с.

Бірақ қандай да болмасын өмірдегі құбылыстарды тудырса да, олар күрделеніп, саналы түрде сезілген сайын, әлемдік ерік оларға қанағаттанбай, өзін зардап шегіп, азапқа толы, бақытсыз ретінде сезінеді. Мысалы, адам өмірінің деңгейіндегі еріктің көрінісіне келер болсақ, онда мынаны байқауға болады: егер адам ой өрісі мен адамгершілік тұрғысынан қатты дамыса, соғұрлым оның өмірде неше түрлі қайшылықтарға келуі көбейіп, зардап шегуі де өседі, әлеуметтік өмірде көреалмаушылық, надандық пен екіжүзділік жиі кездеседі. Адамдардың өмірі жетіспеушілік пен үрейге, қайғы мен қасіреттерге толы. Өмірге келген жаңа ұрпақтар өткендердің қателіктерін тағы да қайталайды, адамгершілігі жоқ адамдар қоғамды билейді, ғылыми жетістіктер зұлымдық жолында жұмсалады. Ал моральдық салаға

келер болсақ, соңғы ғасырларда онда ешқандай алға жылжушылық болған жоқ – езілу, зардап шегу, қантөгіс, қатыгездік осы уақытқа шейін азаюдың орнына көбейіп келеді. Мәңгілік алаңдаушылық пен адамдардың бір-біріне деген орныққансенбеушілігі өмірді шырмап алған.

Әрине, Шопенгауердің жоғарыда көрсетілген қоғам өміріндегі келеңсіз жайттар туралы ойларын біз сырттата алмаймыз. Керісінше, оның санын бүгінгі өмірге қарап өсіруге де болар еді. Өмір алдына үлкен мақсат-мұраттар қойып, соған жету жолында неше түрлі «тар жол, тайғақ кешуден» өтпеген адам кемде-кем болса керек. Бұл өмірдің трагедиялық диалектикасын өмірден әсіресе көп зардап шеккен қазақ халқы «орындалмайтын арман», «жалған», «дүниенің төрт құбыласы ешқашанда бір-біріне тең емес» т.с.с. ойлармен беріп, нағыз бақытты өмірді о дүниедегі жұмақтан іздеген болатын.

Сонымен, Шопенгауердің ойынша, зардапқа толы дүниенің негізгі күнәкары – әлемдік Еріктің өзі. Бірақ оның санасы болмағаннан кейін, ол өз істеріне жауап бере алмайды, тек қана мәңгілік бір трагедиядан өтіп, екіншісіне т.с.с. ауыса береді. Бұл арадағы бір үміт – әлемдік ерік сананы тудырған ғарышты дүниеге әкелді. Міне, дүниенің ажырамас бір бөлігі ретінде адамдардың өздері ғана сол әлемдік ерікке қарсы шығып, оны таратуы керек, сонда ғана дүниенің зардабы тоқтатылады. Ол үшін адам өзінің өмірлік күш-қуатын, өз бойындағы еркін сол дүниені тудырған әлемдік ерікке қарсы қоюы қажет. Ал мұның өзі ең алдымен адамдардың философиялық таным арқылы әлемдік еріктің терең мәнін зерттеп-білуімен тығыз байланысты. Содан кейін адам екі сатыдан өтуі керек. Алғашқысы – эстетикалық аңдау, соңғысы – моральдық жолмен жетілу.

Эстетикалық аңдауға келер болсақ, Шопенгауер Канттың айтып кеткен пікірін қолдап, оның риясыздығына аса көп көңіл бөледі – онда ешқандай өзімшілдік сезім, я болмаса пайдақорлық ойлар, мүдделер болмауы керек. Өнерді игерудің негізгі мақсаты – адамның жан-дүниесін өзімшілдіктен шығатын зардаптан құтқарып, оны тыныштыққа бөлеу. Өнердің түрлерін талдай келе, Шопенгауер мүсін мен сурет – кеңістіктің, ал әуен мен поэзия уақыттың шеңберінде ғана өмір сүре алады дейді. Бұлардың бәрі де өз мүмкіндігінше әлемдік ерікті сипаттайды, бірақ әуеннен терең өнердің түрі жоқ. Өйткені әуенде оны шығарушы, орындаушы мен тыңдаушының арасындағы айырмашылық мүлдем азаяды. Өзінің ең биік жетістіктерінде әуен әлемдік ерікті ақылмен түсіндірілмейтін құпия жолмен біздің жан-тәнімізге сезіндіреді. Әрине, Шопен-гауердің бұл ойлары Шеллингтің көзқарасына жақын екенін байқауға болады. Тек Шеллинг әуенді, әсіресе оның **симфониялық** түрін Абсолютке жетудің жолы деп есеп-

теген болатын. Ал Шопенгауердің дүниесезіміне **қайғылы музыка** (реквием сияқты) жақынырақ болды – тек қана осы әуендер адам болмысының қайғылылығын, трагедиясын жете сезіндіре алады.

Әлемдік ерікпен күрестің екінші жолы – **этика**. Егер дүниедегі барлық зардаптың түп-тамыры ерікке барып тірелсе, оны жою, моральдық жағынан алып қарағанда, – ақталатын нәрсе. Ал адам саналы пенде ретінде өз ішіндегі ерікті жою арқылы әлеуметтік ерікті тарата алады. Ол үшін Шопенгауер адамдарға үзілді-кесілді талап ұсынады: **«өзіңе қалайтынның бәрінен де бас тартып, қаламайтыныңды жаса».** Бір қарағанда, ол ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Бірақ оның негізінде жатқан мағына мынада: ол – адамның өмірге деген **қызығушылығын**, соған бағытталған **еркін сөндіру**. Ол үшін адам тақуалық өмір салтын ұстап, басқалардың зардабын бөлісіп, өзінің жандүниесінде ешқандай да өзімшілдіктің жұрнағын қалдырмай, құртуы керек. Сонда ғана адам өмірге деген қызығушылықтан толығынан арылып, өзі сияқты жердегі бақытқа жетуден бас тартқан адамдармен бірігіп, басқа адамдардың зардабын, қайғысын жеңілдетуге тырысады. Бұл көзқарас үнді халқының тудырған «нирвана», көне грек философтарының «атараксия» деген ұғымдарына өте жақын.

Әрине, Шопенгауердің дүниеге деген көзқарасында өз заманының көптеген теріс жақтары әшкереленген. Бүгінгі таңда адамзат ол қайшылықтардың бәрін шешті деп айта алмаймыз. Керісінше, Шопенгауердің көрсеткен теріс құбылыстары етек жайып, ары қарай өршіп бара жатқанға ұқсайды. XX ғ. адамзаттың қолы жеткен ғажап ғылыми жетістіктерінің негізінде пайда болған болашақ жөніндегі романтикалық көзқарастар бүгінгі XXI ғ. басында тек қана ауыр күрсіну пен өкініштен басқа еш сезім тудырмайды. Жақында ғана Үндістан мен Пәкістан елінің арасындағы қайшылықтар ядролық қарудың қолданылуына әкелуі мүмкін деген үрейді тудырып, қоғамдық ахуалды дүр сілкіндірді. Жер бетіндегі экологиялық жағдай бірте-бірте өршіп, жыл сайын ғаламдық дағдарысқа қарай әкеле жатыр. Уақытында неміс халқының заңды түрде берген дауысын алып, билікке келген Гитлер адамзатты қандай қантөгіске әкелгенін оқырман жақсы біледі. Бірақ бұл трагедиядан адамзат сабақ алды ма? Өкінішке қарай, «Жоқ» деп жауап беруге тура келеді, өйткені бүгінгі таңда Батыстың байлығымен масаттанған біршама елдерінде ұлтшылдық қозғалыстар тағы да бой көтеріп, басқа елдерден келген адамдарға қысымшылық жасалуда. Расында да, Шопенгауер айтқандай, тарихтағы қасіретті қателіктер қайталана береді!!! Адамзаттың моральдық-адамгершілік тоқырауына қарап, оның аспанға, тазалыққа тартатын **рухынан** гөрі, дене қажеттіліктері, күңгірт түйсіктері, ләззат алуға деген **еркі басым**

ба деген ой келеді. Бұл айтылған ойлар мен толғаныстар Шопенгауердің қозғаған көп мәселелерінің бүгінгі таңдағы өзектілігін көрсетеді.

Сонымен қатар Шопенгауердің «ғарыштық пессимизміне» толығынан қосылуға болмайды. Әсіресе оның философиясының негізінде жатқан қағидасына. Расында да, егер бұл дүниені тудырған бейсаналық ессіз ерік болса, онда бұл дүниенің неге заңдылықтары, қисыны, тәртібі бар? Егер адамдар осы орасан зор шексіз ғарыштың туындысы болса, олар өз көлемі мұхиттың ішіндегі бір тамшыдай бола тұрып, оны қалайша тарата алады? Мұндай сұрақтардың санын әлде де көбейте беруге болар еді. Ал олардың бәрі де Шопенгауердің философиясының негізінде жатқан қағидалардың әлсіздігін, жалғандығын көрсетеді.

Ал енді адам тағдыры мен өміріне келер болсақ, әрине, Homo Sapiens – ғарыштың ғажап туындысы, «Ұлы мәртебелі Табиғаттың» тудырған ең әсем гүлі, ол адам арқылы өз-өзін сезініп, түсіну дәрежесіне көтеріледі. Бүкіл дүниені шырмап жатқан қайшылықтар адам жүрегінен де өтеді. Бұл дүниеге келген адам өз өмірінің шеңберінде жақсылық пен жамандықтың да дәмін татады, көпшілік жағдайда, өкінішке қарай, зардаптың салмағы бақытты өмірден гөрі басымырақ болады, әсіресе бүгінгі жағдайдағы сияқты өтпелі дәуірлерде өмір салты, рухани құндылықтар қайта қаралып жатқан кезде, көп қиындықтарды бастан өткізуге тура келеді. Ал бұлардың өзі, Шопенгауердің айтқанындай, өмірден бас тартуға әкелуі керек пе?! Әрине, жоқ. Есі дұрыс адам өмірді бағалап, оның қызығына тоймайды, ол – бізге берілген ең құнды, бағасы жоқ сый. Өмірдегі зұлымдықтың түп-тамыры толыққанды өмірге бірдеңенің жетіспей тұрғандығынан шығады. Ұлы Гегель айтқандай, бұл дүние – өзінің ұғымына толығынан сәйкес келмейтін бірдеңе. Бірақ соның арқасында өмір, талпыныс, жетілуге деген құмарлық бар. Бақыт дегеннің өзі адамның алдына қойған мақсаттарын іске асырып, өзінің арнасынан шығып, тасуымен байланысты болса керек. Бірақ өзеннің көктемдегі тасып, содан кейін өз арнасына қайтып оралғаны сияқты, орындалған арман келесі сатыда адамның алдына жаңа мақсат-мұраттарды әкеліп, тағы да оның талпынысын тудырады, осы жолда ол тағы да қаншама ізденіс, қиындықтар, зардапты өз басынан өткізеді десеңізші?! Бүгінгі өтпелі қоғамда орасан зор қиындықтарға қарамастан, қаншама адамдар өзінің белсенді іс-қимылдары арқылы жаңа өмірден өз орнын тауып жатыр! Бүгінгі қиындықтармен қатар, өмір біздің алдымызға бұрын-соңды тарихымызда болмаған **мумкіндіктерді** тудырып отыр. Оларды іске асыру үшін **талпыныс**, жақсы оқып **білім** алу, өмірді **шығармашылық** тұрғысынан **игеру**, қиындықтарды **жеңе білу** қажет. Өмір деген – өнер. Олай болса, күнбе-күнгі қарапайым қиын өмірдің өзінен қуанышты, **таңғаларлық нәрселерді, ізгілік пен**

әсемдікті, махаббат пен нәзіктікті іздеп тауып, содан нәр алып, өзіңді бақыттымын деп сезінуге болады. Тек оған **ұмтылу, оны қалау қажет**.

Қорыта келе, Шопенгауердің философия тарихында өз орны бар ұлы тұлға екенін айтып өтуіміз керек. Ол болашақ XX ғ. пайда болатын көп қайшылықтарды, әсіресе адам өмірі мен тағдырына байланысты көп ойларды көтеріп, болашақ ғасырда ықпалды «өмір философиясы» аталған ағымның негізін қалап кетті. Олардың бәрін біз келесі тарауда талдаймыз. Оның алдында тағы да XX ғ. философияға өзінің зор әсерін тигізген тұлға – дат философы С.Кьеркогердің шығармашылық еңбегіне тоқталсақ дейміз.

§ 2. С. Кьеркогердің философиясы

Серен Кьеркогер (1813-1855 жж.) – өз заманында бағаланбаған, жалғыздықтың зардабын толығынан басынан өткізген, бүкіл өмірін жеке тұлғаның ішкі рухани өмірінің қайталанбас жақтарын, оның Құдаймен тікелей байланысын көрсеткісі келген, Дания елінен шыққан діни философ. Оның философиялық көзқарасы мен жалпы дүниесезімінің қалыптасуына әкесінің діни дүниесезімі және «отбасымызға Құдай қарғысын атты» деген жалған пікірі үлкен әсерін тигізді. Жас Кьеркогер әлсіз болып, неше түрлі аурулардан шықпай өсті, бұл жағдай да оның дүниесезіміне өз әсерін тигізсе керек. Ең соңында, ол 1841 ж. белгісіз себептерге байланысты өзінің терең махаббаты Регина Ольсен деген қыздан үйлену тойының алдында бас тартады. Осыдан кейін ол толығынан діни сезімге беріліп, әкесінен қалған үлкен үйде жазушылық ісімен айналысып, қалада жұрттың көзіне өте сирек түседі, әкесінен қалған барлық қаражатты өзінің жазған көп шығармаларын жарыққа шығаруға жұмсайды. Негізгі еңбектері: **«Әлде-әлде», «Үрей мен қалтырау», «Диалектикалық лирика», «Ажалға бастайтын ауру, қайта туу мен оянуға бағытталған христиандық-психологиялық тебіреністер»** т.с.с.

Жалпы алғанда, өзінің қысқа өмірінің шеңберінде бұл кісі 28 томдық еңбектерді тудырған, соның ішінде 14 томы – оның күнделіктері. Өз заманында атағы шықпаған философ XX ғ. үлкен құрметке бөленеді, оның шығармашылығына арналған мыңдаған зерттеулер жарық көреді. 1948 ж. бері Копенгаген қаласында «Кьеркогериана» деген осы ойшылдың көзқарасын зерттеуге арналған журнал шығады.

Өзінің шығармашылық жолының басында Кьеркогер қайсыбір философиялық жүйені жасаудан бас тартып, соңғының ең биік шыңы – Гегельдің философиясын қатты сынға алады. Өйткені оның философиясында рационализм өзінің шегіне жетіп панлогистік (pan – грек сөзі, бәрі де, logos, – ақыл-ой) дәрежеге көтерілді. Гегельдің ойынша,

болмыс – ойлаумен тең, ақыл-ойдың шеңберінен шығатынның бәрі де ақиқатты емес, ғарышта өжетті танымның аша алмайтын ешқандай сиқыры болмақ емес.

Кьеркогер мұндай көзқарасқа үзілді-кесілді қарсы шығады, өйткені болмысты жүйелеу мүмкін емес. Қайсыбір жүйе – аяқталғандықпен тең, ал болмыс өне бойы өзгерісте. Екінші жағынан, Гегель тұлғаны объективті нақтылы-тарихи шеңбердің ішіне қойып түсінеді, яғни жеке тұлғаның өзіндік қайталанбайтын тек соған ғана тән өмірі, оның еркі тарихтың қадамының астында көміледі. Сондықтан ол Гегельдің объективтік диалектикасына өзінің субъективті, жеке тұлғаның өмір сүру (экзистенциалдық) диалектикасын қарсы қояды. Оның ойынша, қайсыбір дүние жөніндегі жаратылыстануға негізделген ғылыми көзқарас – зұлымдықтың нышаны. **«Жаратылыстану ең соңында адамзаттың құруына әкелуі мүмкін»**, – дейді Кьеркогер. Ойшылдың бұл пікірін үстірт қарамай, терең ойласақ, расында да, бүгінгі таңда ғылым адамға көп жақсылық әкелгенін бәріміз де білеміз, сонымен қатар ядролық соғыс пен экологиялық апаттың мүмкіндігін адамзаттың жоя алмай отырғаны да – бүгінгі таңдағы ақиқат.

Кьеркогердің ызасын келтіретін нәрсе – ол адамды **объект** ретінде қарап зерттеу, өйткені **адам** – рухтың басшылығымен өмір сүріп жатқан жан мен дененің бірлігі, жеме-жемге келгенде, ол – **рух**. Ойшыл рух – ойлаумен тең емес, олай болса, ол қисынның заңдарына тәуелді емес деген пікірге келеді. Сондықтан философияның негізгі мәселесіне нақтылы адамның өмір сүруі, оның өзіндік санасы, ішкі рухани өмірі жатуы керек. Егер Сократ дүниені түсіну үшін ең алдымен өзіңді тани біл деген болса, Кьеркогер тек қана адамның ішкі өмірін тануымен қанағаттанып, сыртқы дүниені, болмысты танудан үзілді-кесілді бас тартады. «Шындық, сыртқы өмір бар ма?» – деген сұраққа ол теріс жауап береді. «Шындық – ол ішкі дүние (innerlichkeit), Меннің өз Меніне деген қатынасы». Адамның ішкі өмірі объект болмағаннан кейін танып-майды, оны тек тебірентуге ғана болады. Сондықтан Кьеркогер адамның ішкі өмірін бейнелейтін жаңа санаттарды философияға енгізеді. Олар: **өмір сүру, үрей, сәт, өту, секіру, шешім, шектелген мен шексіздік, мүмкіндік пен шындық, зардап шегу, қайталау, түңілу, өкіну, кінә мен күнә, қайта туу** т.с.с. Кьеркогердің ойынша, бұл ұғымдар арқылы жеке адамның қайталанбас тебіреністерін беруге болады.

Өмір сүру дегеніміз – ол тебірену, зардап шегіп, соның шеңберінен шығуға бағытталған адамның іңкәрі. Өмір сүру – адамның алдындағы мүмкіндіктердің біреуін ерікті түрде таңдап алып, өзінің қайталанбайтын ерекше болмысын іске асыру, тобырға ұқсамау, одан бөліну. Өмір сүру дегеніміз – ішкі шектелген мен шексіздіктің

арасындағы таңдау, соған байланысты үрей, шешім және секіріс. Кьеркогердің ойынша, шешім еш нәрсеге байланысты емес, ол тұлғаның ерікті таңдауымен байланысты. Ал секірістің өзі Гегельдің айтып кеткен ұғымынан өзгеше – ол ешқандай дәнекерлікті талап етпейді, ол – зерденің шеңберінен шығып кететін рухтың іс-әрекеті.

Жоғарыда байқағанымыздай, Кьеркогердің өмір сүру диалектикасы философиядағы жалпы ұғымдардың өзара байланысы мен бір-біріне өтуінен анағұрлым алшақ жатыр. Мұнда біз тек адамның ішкі жандүниесінің тебіренісін көрсететін «сезімдік ұғымдарды» байқаймыз.

Адам өміріндегі негізгі сұрақтар: **қалай өмір сүру, не болу керек, не нәрсеге ұмтылу қажет?** Осы сұрақтарға жауап беру ретінде Кьеркогердің экзистенциалдық диалектикасы адам өмірінің үш сатысын суреттейді. Олар – эстетикалық, этикалық және діни сатылар.

Адам өмірінің бірінші **эстетикалық** сатысында тікелей сезімдік өмір салты қалыптасады. Эстетикалықты Кьеркогер кең түрде Канттың түсінігіне сәйкес ақыл-ойдан бөлек сезімдік қабылдау мен ләззат алу ретінде көрсетеді. Қоғамдағы көпшілік осы сатының шеңберінде өмір сүреді. Ол дене әсемдігіне құмарту (эротика), парықсыздық, бір көргендегі сезімдік әсердің негізінде кездейсоқ байланыстарға түсу, қоғамдағы сәнге айналған нәрселерге ынтық болу, әрбір күн мен сағаттан, әрбір сәттен ләззат алуға тырысу. Бұл сатының ұраны: carpe diem, carpe horam! (әрбір күн мен сағаттан ләззат ал!). Бұл өмір салты адамды өзінің сезімдері мен құмартуы, ындынының құрсауынан шығармайды.

Эстетикалық сатыдағы адам уақыттың өзін ерекше түрде бағалайды. Ол ләззат алатын әрбір сәтке бәрін беруге дайын, бірақ келесі сезімдік ләззат бұрынғыдан басқаша, нәзік те өткір болуы керек. Өмірдегі біркелкілік, қайталанушылық – эстетикалық өмір салтының қас жауы. Егер Дон-Жуан мейліше көп сұлу әйелдерден эротикалық жыныстық жеңіске жетуге тырысса, Иоан – нәпсіқұмар әртүрлі нәзік те өткір ләззат алуға ұмтылады. Бірақ күндер мен жылдар өткен сайын эстетикалық өмір салты сарқыла бастайды – қайталанбайтын қайталанады, өткір сезім мұқалып, өңі кетеді, ләззат қуудың жалғандығы айқын көріне бастайды, жалғыздық сезім, өмірге көңілдің толмаушылығы дүниеге келіп, тіпті одан күдер үзуге әкеледі. Ақырында, дағдарыстағы тұлғаның алдында екі таңдау жолы пайда болады: біріншісі – сол бұрынғы сатыда қалып өмірден түңілу; екіншісі – одан аттап өтіп, келесі сатыға көтерілу.

Келесі өмір сатысы – **этикалық**. Егер эстетикалық өмір салты ләззат алуға бағытталған болса, этикалық сатыда адам ізгілік жолына түсіп, қоғам алдындағы парызды орындау соның кепіліне айналады. Эстетикалық өмір салтында адам өз-өзін қанағаттандырса,

этикалық сатыда жалпылықты іске асыруға тырысады. Осы арада үлкен қайшылықтар пайда болады – адамның ішкі өзіндік сезімдері оны бір жаққа жетелесе, қоғамдағы этикалық нормалардың талаптары оны екінші жаққа сілтейді. Парыз талаптарына сай келуге тырысып, адам біржақты, сезімі сарқылған, машинаға ұқсас пендеге айналады. Бұл бағыт барған сайын тереңдей түсіп, қайғылы қайшылықтарға әкеледі, өйткені уақытқа тәуелсіз моральдық сана өтпелі адамның сезімдік іңкәрінен өзінің іргетасын, тұрақтылығын таба алмайды. Адам моральдық жағынан алып қарағанда өз-өзіне жеткілікті пенде бола алмады. Кьеркогер оның себебін, Августин сияқты, адамның туа күнәлігінен көреді.

Бұл арада «әлде-әлде» принципі таңдау мәселесін шешпейді, өйткені екі сатының да үлкен кемшіліктері бар, сондықтан «ол да емес, бұл да емес» деген тұжырымға өмір диалектикасы әкеледі. Олай болса, адам үшінші, соңғы сатыға өту шешіміне келіп, қасіретті секірістен өтеді. Бұл саты **діни шеңберде** өтпек. Кьеркогер өз заманындағы адамдарға ренжіп, олардың ғылыми танымның кереметтігіне сеніп, адамның өмір сүруі мен ішкі рухани тебіреністерінен пайда болатын мәселелерді ұмыт қалдырғаны туралы айтады. Тек қана діни сатыға көтерілген адам ғана ол мәселелерді өзінің өмірінің негізіне айналдырады. Адам күнәлі пенде ретінде өзінің кінәсін мойындап, Құдайдың өзімен сұхбатқа түсіп, өз-өзін табады. Ал мұның өзі үлкен зардап шегу арқылы келмек.

Діни сатыны айқын суреттейтін – Киелі кітаптағы Ибраһимнің бейнесі. Ол Құдайға сенуінің кепілі ретінде өзінен туған сүйікті жалғыз баласын құрбандыққа шалуға дайын. «Үрей мен қалтырау» деген еңбегінде Кьеркогер осы Киелі кітаптың сюжетін толығынан егжей-тегжейлі талдап, діни және этикалық сатылардың арасындағы шешілмейтін терең қайшылықтарды көрсетеді. Расында да, моральдық жолмен талдағанда, Ибраһимнің ісі адамгершіліктен өте алшақ, ол моральдық парызды ғана бұзып қойған жоқ, үлкен кешірілмейтін қылмысқа шейін баруға дайын. Ибраһим мен Сократтың ниеттерінің арасындағы қашықтық – шексіз. Сократ у ішіп, өзінің өмірін моральдық принципті орындау жолында қияды. Ал Ибраһимге болса, ол Құдайдың әмірін орындау жолында, соған сенгендіктің кепілі ретінде, өз туған баласын бауыздап, содан пайда болатын бүкіл ауыр моральдық жүкті, күнә мен кінәні мойнына алуға дайын. Мұндай өте қиын қайшылықтар өмірдің **қарама-қайшылықтарын** тудырады. Сөйтіп, «қарама-қайшылық» ұғымы Кьеркогердің өмір сүру диалектикасының негізгі санаттарының біреуіне айналады. Қарама-қайшылық дегеніміз – адамның ішкі өмірінің қайшылығынан шығатын өмір сүру зардабы. Егер эстетикалық өмір сатысының негізгі санаты – **ләззат** алу, этикалық сатыда – **парыз** болса, діни сатыда ол – **зардап** шегумен тең.

Адам – зардап шегуге жаратылған пенде. Өмір – зардапқа толы. Өмір сүру дегеніміз – зардап шегу.

– Әрине, адамның бұл өмірде зардап шегуі – сонау көне заманнан осы уақытқа шейін талданып келе жатқан мәселелердің бірі. Бірақ Кьеркогер оны өте өткірлеп күшейтеді. Оның ойынша, зардап шегу тек өмірдің өзінен шығып қана қоймайды, ол – **қажетті, керек қылатын** нәрсе. Егер біз зардап шегуді мойындап қана қоймай, сонымен қатар оны **сүйетін** болсақ, сонда ғана біз өмір сүру деңгейімізде бақытсыздықтан биіктеп, бақыттың өзінен асып түсеміз, – дейді ұлы ойшыл. Олай болса, адам өзінің өмірін жеңілдетіп, зардап шегуден қашудың орнына, оны, керісінше, **ауырлатуы, күрделендіруі** қажет – сонда ғана біз бақытсыздық пен бақыттылықты аттап өтіп, олардың арасындағы қайшылықты жоя аламыз. Әрине, Кьеркогердің бұл идеялары христиан дінінің ғасырлар бойы уағыздаған **қағидаларына қарсы келді**. Соңғылар дүниедегі зұлымдық, әділетсіздік, зардап шегу – Құдайдың алғашқы көрсеткен дұрыс жолынан адамның ауытқуынан шықты, ал жаратылған бұл дүние, жалпы алғанда, мінсіз деген пікірде болса, Кьеркогер осы дүниенің зұлымдық пен зардапқа толы екендігін айтады. Бірақ ол үшін біз Құдайды сынаудан алшақ болуымыз қажет. Құдайға сену ешқандай оған күмәнденуды қажет етпейді. Сенім дегеніміз – қарама-қайшылық, ол жекелікті – жалпылықтан, жердегіні – аспаннан, өтпеліні – мәңгіліктен, жеке сенімді моральдық қағидалардан жоғары ұстауды талап етеді. Сенім – жеке адам таңдауының ісі, еріктің шешімі, секіріс, тәуекелдік, ғажайып, абсурд. Тертулианның уақытында айтқан «Credo, quia absurdum est» (сенемін, ақыл-ойға сыймағаннан кейін) деген нақыл сөзін Кьеркогер өзінің шығармашылық еңбегінде ғана емес, сонымен қатар өзінің өмірімен дәлелдегендей, – ол сияқты, өзінің Регина Ольсенге деген махаббатын Құдайға сенудің жолында құрбандыққа шалды. Тертуллианның өзі де мұндай шәкіртім болады деп ешқашанда армандамаған болар.

Өз уақытында бағаланбай, ұмыт болған ойшыл XX ғ. шарықтаған даңққа ие болды. Ал оның себебін біз келесі тараудағы кіріспе сөзімізде айтатын боламыз.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. XIX ғ. екінші жартысында неге классикалық философияға қанағаттанбаушылық пайда болады?
2. А.Шопенгауер философиясының негізінде не жатыр?
3. С.Кьеркогер не үшін Гегельдің философиясын сынға алады?
4. Әлемдік ерікке қарсы күресінде адам қандай сатылардан өтеді?
5. С.Кьеркогер философияға қандай ұғымдарды енгізеді?

6. С.Кьеркогердің экзистенциалдық диалектикасының маңызы неде?
7. Адам өмірінің діни сатысының ерекшелігін С.Кьеркогер неден көреді?

Рефераттар тақырыптары:

1. Бейклассикалық философияның дүниеге келуінің негізгі себептері.
2. А.Шопенгауер және оның әлемдік пессимистік философиясы.
3. С.Кьеркогер – экзистенциалдық философияның алғашқы өкілі.

X тарау. XIX-XX ғғ. Ресей мәдениеті аясындағы философия

Философия тарихына жасаған көлемді саяхатымызда солтүстіктегі көршіміз – Ресей халқының рухани-философиялық мұрасын естен шығармауымыз керек. Қазақ халқы «Ұлы мәртебелі Тарихтың» шешімімен XIX-XX ғғ. орыс мәдениетінің ықпалында болып, қалай дегенде де, олардың көп құндылықтарын өз бойына сіңірді. Екінші жағынан алғанда, орыс руханиятының бүкіл дүниежүзілік философиядағы алатын өз орны, қайталанбас құндылықтары бар. Сондықтан оларды әрбір білімді азамат игеруі қажет. Үшінші жағынан, бүгінгі қазақ елі – көпұлтты ел, ал орыс халқының өкілдері негізгі ұлт – қазақтардан кейінгі екінші үлкен әлеуметтік-демографиялық топ, сондықтан қазақ-орыс мәдениеті және тағы басқа қатынастарының негізінде бір-бірінің дүниеге деген көзқарасын түсіну қажеттігі жатыр, сонда ғана олар толыққанды болуы мүмкін.

Философиялық ой-пікірдің Ресейде дүниеге келуі XI ғ. басталып, негізінен, христиандық дінді қабылдаумен байланысты болды. Осы уақыттан бастап Ресейдің ойшылдары өз мемлекеттерінің Құдай нұрының шапағатына қатысты екенін негіздей бастайды. Алғашында ойшылдардың ой өрісі адамның жүріс-тұрысын ретке келтіретін мақалмәтел, нақыл сөздерге, соңынан православие дінінің бүкіл адамзат цивилизациясының дамуындағы ерекше орнын негіздеуге бағытталды.

§ 1. Славянофильдер мен батысшылар ағымы

«Алтын Орда» мемлекетінен өз дербестігін алып, Мәскеу княздігінің Шығыс жақтағы жерлерге лап берген кезінде орыс халқының «ұлылығы», «артта қалған» Азия халықтарын православиелік дінге енгізу, орыс тілін, мәдениетін үйрету негізінде дүниежүзілік цивилизацияның шеңберіне тарту идеясына негізделген **«Мәскеу – үшінші Рим»** деген философиялық көзқарас пайда болды. Мұндай идеялар ғасырлар өткен сайын шыңдалып, орыс халқының ерекше өзіндік болмысы мен мәдениеті, философиялық ой-пікірі бар деген **славянофильдік** (славяндықты сүю) ағымды тудырды.

Екінші бағыттағы ойшылдар Ресей монғол-татар бодандығында екі ғасырдан артық болып, басқа Еуропа елдерінен қалып қойды, сондықтан орыс халқы Батыс өткен тарихи жолды қайталап, олардан тәлім-тәрбие, өнеге алуы керек деген ойда болды. Бұл бағыттағы ойшылдарды **«батысшылар»** деп атай бастады. Осы екі ағым арасындағы күрес өзінің шиеленісіне XIX ғ. ортасында жетті. Ақырында, большевиктер бұл шиеленісті «батысшылардың» пайдасына шешті. Алайда бұл екі ағым арасындағы астыртын күрес ары қарай жүре берді.

Кеңес Одағы тараған уақытта Ресейдің алдында: «Біз кімбіз және қалай қарай дамуымыз керек?» – деген сұрақ қайта туып, аз уақытта тағы да «батысшылардың» пайдасына шешілді. Бірақ либерализм жолы әлеуметтік құрылымда өте бай аз топпен қатар, негізгі халықтың қайыршылануына әкеліп, XXI ғ. басында саяси дегдар топтың ауысуына, «мемлекетшілдердің» билікке келуіне себеп болды. Бұлардың көзқарастарының «славянофильдерге» жақынырақ екенін, сонымен қатар олардың Батыс тәжірибесін (әсіресе жаңа технологияларды) де игеру қажеттігін білетінін айтып өткен жөн сияқты. Ресей тарихына жасаған қысқаша экскурс осы елдегі философиялық ой-өрісті жете түсінуге мүмкіншілік бере ме деген ойдамыз.

Енді әңгімені нақтылай келе, **«батысшыларға»** келер болсақ, бұл ағымның негізін қалаған **П.Я.Чаадаев** болды. Оның ойынша, Еуропа елдері қоғамның материалдық және рухани жағынан да кемеліне келген, орнықты, тәртіпті. Еуропа құндылықтарына ол отбасы ошағына берілгендікті, парыз бен жауапкершілікті, азаматтық еріктікті қорғауды т.с.с. жатқызады. Ресейге келер болсақ, онда зорлыққа негізделген күшке табыну, соның нәтижесінде барлық адамдардың құлға айналуы, тұлғаның абыройын таптау т.с.с. дөрекі нәрселерді көреміз. Мұның негізгі себебін П.Я.Чаадаев Ресей халқының дінді «бишара Византиядан» алып, Еуропаның католиктік бірлігінен шығып қалғанынан көреді. Ресей Еуропа халықтарының тарихи тәжірибесін игеріп, олардың жіберген қателіктерін қайталамай, өзінің болашағын ағарған зерденің негізінде құруы керек.

П.Я.Чаадаевтің көзқарасы Ресейдің біршама зиялыларына зор әсерін тигізіп, «батысшылар» тобының қалыптасуына әкелді. Оларға **А.И.Герцен, Н.П.Огарев, Т.Н.Грановский, В.Г.Белинский** т.с.с. жатқызуға болады.

В.Г.Белинский Еуропаға сүйсіне табынғандай қарап, былай деп жазды: «Еуропаның бір жылы Азияға – бір ғасырдай, Еуропаның бір ғасыры – Азияға мәңгіліктей. Барлық ұлылық, асылдық, адами рухаништылық Еуропа топырағында бәйшешектей гүл жарып, өзінің тамаша жемістерін берді. Өмірдің көпкелбеттілігі, ер мен әйел арасындағы тазалық, әдет-ғұрыптың нәзіктігі, ғылым мен өнердің дамуы, табиғаттың бисаналық күштерін бағындырып игеруі, материяның жеңіліп, рухтың көкке қарай өрлеуі, адамның кісілігін сыйлап, оның құқықларын бұлжытпай сақтауы... – бәрі де Еуропа өмірінің дамуының нәтижелері», – деп қорытады В.Г.Белинский. Әрине, ол бүгінгі Батыс руханиятын көрсе, мүмкін мұндай көзқарасқа түзету енгізер ме еді, кім біледі?

«Батысшылар» Ресейді «византиялық-православиелік» ноқтадан құтқару керектігін, тұлғалар өз таңдауының негізінде іс-әрекет жасау

мүмкіндігін алуы жөнінде біршама терең ойлар айтты. Бірақ олар Батыс Еуропа халықтары цивилизацияның бүкіл адамзаттық құндылықтары мен нормаларын іске асырды деген жалған ойда болды.

Славянофильдер қарама-қарсы бағытта болды. Олардың ойынша, орыс мәдениеті православиелік діннің шеңберінде дамуы керек. Олар «патшанікі – патшаға, Құдайдікі – Құдайға» деген қағиданы ұстады. Яғни мемлекет тек қана қоғамды сырттай өзгерте алады, ал ішкі жаңару – православиелік халықтық мәдениеттің ісі. Тек ішкі рухани жаңарудың негізінде ғана ізгі қоғамды орнатуға болады. И.В.Киреевский мен А.С.Хомяков Еуропадағы ағартушылық өзінің ішкі мүмкіншілігін сарқыды, онда техникалық алға өрлеу рухани тоқыраумен қатар жүріп жатыр деген көзқараста болды.

Қоғамды реформалаудағы негізгі мәселелердің бірі – Ресей қоғамы **жекелік**, я болмаса **қауымдастық** негізінде дамуы керек пе? – деген сұраққа жауап ретінде олар соңғыны таңдады. Қауымдасып өмір сүру – Ресей халқының табиғатына тән нәрсе. Қауымдастықтың шеңберінде ғана рухани бірлік бар. Қоғамның дамуының негізінде бақталастық, көре алмау т.с.с. емес, керісінше, адамды сүю, достық, өзара көмек беру жатуы қажет. **«Біз сүйіп сенеміз, олай болса, өмір сүреміз»** деген нақыл сөздің астына әрбір славянофил өз қолын қойған болар еді.

§ 2. В.С.Соловьевтің «бәрінің бірліктегі» философиясы

Владимир Сергеевич Соловьев (1853-1900 жж.) – аса дарынды орыс діни философы. Адамның әлеуметтік-мәдени және діни қажеттіліктерін өтей алатын философиялық жүйе жасауға тырысты. Христиандық діндегі бағыттардың (католицизм, протестантизм, православие) басын біріктіріп, діни көзқарасты ғылымдағы ашылған ең жаңа деректермен толықтыру қажеттігін айтты.

В.С.Соловьевтің философиясының негізгі идеясы – **дүниедегі бәрінің бірлігі.** Ол оны, славянофильдер сияқты, халықтың бірлігіне теңемейді, оған ғарыштық, яғни **онтологиялық** мән-мағына береді. Оның ойынша, болмыс, өмір сүргеннің бәрі – бірегей, бір-бірін қамтып жатыр. Болмыстың төменгі деңгейі жоғарыға өтуге, жоғарыдағы төменді бойына қамтуға тырысады. Дүниенің бірлігінің негізінде Құдай жатыр. Ол – Жаратқан мен жаратылғанның бірлігі. Бірақ В.С.Соловьев Құдайды адамға ұқсатып қарауға болмайды деген пікір айтады. Оның ойынша, Ол – «ғарыштық зерде», «тұлғадан жоғары», «дүниеде іс-әрекет жасайтын ерекше ұйымдастырушы күш» т.с.с.

Бізді айнала қоршаған ортаны кемеліне келіп, еш мінсіз жаратылған дүние деп айтуға болмайды. Оның негізгі себебі – Құдай –

Абсолюттің өзінің **іштей қайшылығы**. Дүниедегі барлығын қамту үшін көптік қажет. Сондықтан алғашқы «ғарыштық зерде» сан алуан мән-мағынаға бөлініп, Аристотельдің терминімен айтсақ, әртүрлі заттардың энтелехиясын, яғни ішкі мақсатқа лайықтылық дамуын қамтамасыз етеді. Ал дүниедегінің бәрін біріктіріп, рухани күш-қуат беретін **«дүниежүзілік жан-дүние»**, яғни **София**, ал оның өзі – Құдайдың эманациясының туындысы. Сөйтіп, Құдай, Дүние және Адамзат Софияның дәнекерлігі арқылы бірлікке негізделген қарым-қатынаста.

В.С.Соловьевтің дүниетаным тұжырымдары

Өзінің дүниетанымдық көзқарастарында В.С.Соловьев «біртұтастық білім» алу жолын құптады. Ол үшін сезімдік тәжірибе мен рационалдық ойлауды сеніммен ұштастыру қажет. Басқаша сөзбен айтқанда, ақиқаттың үш түрі бар: **материалдық, формальдық, абсолюттік**. Олар ғылым, философия, діннің шеңберінде қалыптасады. Ақиқаттың ең жоғарғы түрі – абсолюттік білімді тек қана дін, теология бере алады. Оны ол **мистицизм** дейді.

Эмпиризм, яғни тәжірибелік жолмен ашылатын білім, материалдық дүниені танып-білуге бағышталған. Рационализм өзінің формальдық табиғатының арқасында барлық білімді біріктіретін дәнекерлік күшке айналады.

В.С.Соловьев таным үдерісінде тәжірибеге көп көңіл бөледі. Ал оның өзі екіге – ішкі және сыртқы тәжірибеге бөлінеді.

Сыртқы тәжірибеге келер болсақ, ол айнала қоршаған ортадағы заттардың біздің түйсіктерімізге тигізетін ықпалынан пайда болады.

Ішкі тәжірибені В.С.Соловьев екіге бөледі: олар психикалық және мистикалық. Психикалық тәжірибеге біз өз табиғатымыздың бой көрсетуінен шығатын құбылыстарды жатқызамыз.

Мистикалық тәжірибе деп біздің жан-дүниеміздің ар жағында жатқан, өзінің бізге тигізетін ықпалымен бізді жоғарыға көтеретін, ішкі рухани еріктікті тудыратын құбылысты айтамыз.

Оларды бір-бірімен салыстыра келе, В.С.Соловьев бірінші орынға – мистикалық, екіншіге – психикалық, соңына физикалық тәжірибені қояды.

Әрине, логикалық дүниетанымның өз орны бар, бірақ, ол танылатын құбылыстың идеясына жете алмайды. Ол үшін **интеллектуалдық интуиция** (ой аңлауы) қажет. Дегенмен логикалық таным мен интуиция бізді болмыстың ең терең құпия сырларына жеткізе алмайды. Ол үшін – шектелгеннің ар жағына, трансцендентікке өту – ерекше таным қабілетін қажет қылады. Оны ол **шабыт, эрос, экстаз** деген ұғымдармен

береді. Сонымен, өзінің танымдық көзқарастарында В.С.Соловьев ғылым, философия, діннің бірлігінің қажеттігін көрсеткісі келді.

Адам, қоғам, тарих мәселелері

В.С.Соловьев адамзат өмірінің мән-мағынасын жер бетінде «Құдайдың патшалығын» орнатуға бағытталған іс-әрекеттен көреді. Ал енді жеке адамға келер болсақ, ол – екіжақты пенде. Бір жағынан, ол дене ретінде айнала қоршаған дүниемен, екінші жағынан, рух ретінде Құдаймен байланысты. Соңғы адамды табиғаттағы ерекше пенде ретінде көрсетеді – ол мәңгі, өлместікке ие болған. Адам – Құдай мен материалдық дүниені бір-бірімен байланыстыратын, ғарышты тәртіпке келтіріп, ұйымдастыратын пенде.

Адам өзін тұлға ретінде тек қана қоғам шеңберінде іске асыра алады. «Қоғам – толықтырылған, кеңейтілген тұлға болса, онда тұлға – нүктеленген, қысылған қоғам». Қоғамға бағынып, адам жоғарыға өрлейді, ал оның өзіндік ерікті іс-әрекеті қоғамды ары қарай дамытады.

В.С.Соловьев қоғамның тарихи дамуын үш сатыға бөледі. Олар: рулық, ұлттық, рухани-ғарыштық. Соңғыға әлі жету қажет. Ол үшін тек отбасын ғана емес, сонымен қатар экономика мен саясатты да моральдық тұрғыдан қайта өзгерту қажет.

Адамның табиғатпен қарым-қатынасына келер болсақ, ол да үш сатыдан өтеді: бірінші сатысында адам табиғаттың күштеріне тәуелді, олардан зардап шегеді, екінші сатыда неше түрлі іс-әрекет жасап, олармен күреседі, ақырында табиғатты игеріп, өз еркіне көндіреді. Үшінші, болашақ тарихта, адамзат табиғаттың идеалдық жағдайына өтуіне көмектесуі қажет.

Адамзат тарихына көз жіберіп, В.С.Соловьев халықтардың әртүрлі сатыда екенін, адамдардың бір-бірінен алшақтанып, жаттанғанын, шынайы өмірдегі материалдықтың басымдылығын байқайды. Олай болса, негізгі мақсат – адамзаттың басын рухани жағынан біріктіру қажет.

Адамның рухани жетілуі тек қана діннен емес, сонымен қатар адамгершілік, өнегелілікпен байланысты. Этиканың негізгі ұғымы ретінде ойшыл «ізгілік», «жақсылықты» келтіреді. Осымен қатар ол моральдық **«ұят», «аяу», «пір тұту»** сезімдеріне көп көңіл бөледі. Бұл кісінің мынандай ғажап сөздерін келтірейік: «Мен ұяламын, олай болса, тек қана табиғи емес, сонымен қатар рухани өмір сүремін, өйткені мен өзімнің хайуандығымнан ұяламын, олай болса, мен адаммын». Аяу дегеніміз – басқа адамға деген адами қатынас, оның өзіндік құндылығын мойындау, осы сезім әділеттілікті тудырады (өзіңе тілемейтінді басқаға да жасама). Соңғы пір тұту адамның әке-шешесі

алдындағы сезімін көрсетеді. В.С.Соловьевтің адам мәселесіндегі негізгі идеясы – ешқашанда адамға құрал ретінде қарамау, оны әрқашанда мақсат ретінде тұту.

§ 3. Діни экзистенциализм мен антропология

Орыс философиясының антропологиялық бағыты, яғни адам мәселесіне басымырақ қарау – оның негізгі ерекшеліктеріне жатады. XIX ғ. ортасынан бастап адамның өмір сүруі, оның бостандығы мен құндылығы, тұлғаның нәзіктігі, болмыстың неше түрлі үрейлерге толылығы т.с.с. экзистенциалдық сұрақтар орыс философиясының негізгі мәселелеріне айналады. Осы бағыттағы ұлы философтар қатарына **Лев Исаакович Шестовты (Шварцман)** (1866-1938 жж.) жатқызуға болады. Н.А.Бердяевтің айтуына қарағанда, Л.Шестовтың философиясын экзистенциализм бағытына жатқызуға болады, «оның философиясының қайнар көзі ретінде адамның қайғы-қасіреті, үрейі мен зардабы, үмітсіздік сезімі болды». Ол рационализм, сциентизм бағытын алғашқылардың бірі болып қатты сынға алады. Оның ойынша, өмірдегі әсемдік, өнегелілік, сенім ешқандай рационалдық, логикалық танымға жеткізбейді. Ғылыми зерттеу – заттар мен құбылыстардың жалпы жақтарын тұжырымдайды, адамға келгенде оның қайталанбас, ерекше болмысын еске алмайды. Сөйтіп, адам өмірінің мақсат-мұраты, мән-мағынасы, қайғысы мен қуанышы, махаббаты т.с.с. сыртта қалады. Олай болса, ғылым мен философия ымыраға келмейді. Философияның негізгі мәселесі – адам, оның өмірінің мән-мағынасы.

Л.Шестовтың ойынша, ғылым мен философия ақиқаты да екі түрлі. Ғылыми ақиқат дүниедегі қажеттілікті зерттеуден шығып, барлық адамдарға бірдей болып келеді. Ал философиялық ақиқатқа келер болсақ, оған әрбір адам өзінше өзінің болмысында жетуі керек. Адамзаттың негізгі мақсаты – табиғаттың қажеттілігін жеңіп, адамға бостандық, алғашқы еріктікті қайтадан әперу.

Еріктік мәселесіне келгенде, Л.Шестов оны Киелі кітаптың аңызына негіздеп қарайды. Алғашында дүние мен адамды Құдай өзіне ұқсатып, оларды құдіретті, ерікті, жетілген қылып, жоқтан жаратқан болатын. Бірақ Құдай адамға ескерту жасады: Эдем бақшасындағы өсіп тұрған таным ағашының жемісін жесең – өлесің!! Жыланның сөзіне еріп, өзін Құдаймен теңегісі келген адам тыйым салынған жемістің дәмін татып, «білімді» пендеге айналды. Біліммен бірге күнә өмірге келіп, зұлымдыққа жол ашты. Білім шындықты қажеттілікке айналдырып, еріктікті жойды. Мұндай жағдайдағы адамның алдындағы мақсат – жойылған еріктікті қайтару, дүниені зұлымдықтан құтқару. Ол үшін моральдық нормалар, неше түрлі ережелерді орындау қажет емес,

өйткені олардың бәрі де ғасырлар шеңберінде ақыл-ойдың таразысынан өтіп, қажеттікке айналды. Олай болса, адам моральдық нормалардың талаптарына қарсы шығып, өзін ерікті сезіну үшін ойына не келсе, соны жасауы керек, өйткені оны жаратқан – Құдайдың Өзі. Адам әрқашанда ішкі тебіре-ністе, алаңдауда болып, өзінің еріктігін Құдайдан іздеп, онымен қайта кездесу жолында табуы керек. Ол үшін тек қана **сенім** керек деп қорытады Л.Шестов. Тек қана сенім ештеңемен шектелмеген бостандықты береді. Адам таным ағашынан бас тартып, өмір ағашына қайта оралуы қажет.

Орыстың діни философиясына қомақты үлес қосқан **Николай Александрович Бердяев** (1874-1948 жж.) болды. Негізгі еңбектері: **«Еріктік философиясы. Шығармашылық мағынасы», «Тарих мағынасы», «Өзіндік тану»** т.с.с.

Оның ойынша, философия – рухты зерттейтін ілім, яғни адамның өмір сүруіне, сол арқылы болмыстың мән-мағынасын ашуға бағытталған пән. Ғылым сыртқы дүниені зерттесе, философия адамның ішкі рухани өміріне үңіледі. Сондықтан философия объективті емес, ол – әрқашанда субъективті.

Н.А.Бердяевтің ойынша, экзистенциалдық философия адамның өмір сүру диалектикасынан, сол арқылы жалпы дүниенің өзін таниды. «Таным дегеніміз субъектінің болмысты бейнелеуінде емес. Таным әрқашанда шығармашылық жолмен жүріп, мән-мағынаға жетуге тырысады. Адамның құпиясын танып-білу – болмыстың құпиясын танып-білумен тең».

Адам абсолюттік болмыстың алдында тұрып, оны танып-білгісі келеді. Бұл мақсатқа жеткізетін екі-ақ жол бар. Ол өзін дүниенің бір бөлігі ретінде сезініп, оған терең шомылуы мүмкін. Бірақ ол жол нәтиже бермейді, өйткені бөлшек біртұтастыққа жете алмайды.

Екінші жол – өзіңнің дүниеге деген маңыздылығыңды сезініп, өз болмысыңды бүкіл дүниенің өзегі ретінде қарасаң, онда өз тереңдігіңе үңілу, оны танып-білу – бүкіл болмысты танып-білумен тең болады. Мұндай көзқарас көне замандағы гректердің «макрокосм» және «микрокосм» идеяларына кетеді. Адам «кіші ғарыш» ретінде «үлкен ғарышқа» сай келеді. Сондықтан сыртқы болмысты тану үшін өзіңнің ішкі болмысыңды білуің қажет.

Н.А.Бердяевтің философиясының негізгі санаты – **еркіндік**. Оның ешқандай өлшемі, шегі, түбі жоқ, оны ештеңемен теңеуге болмайды. Оның оқшаулығын түсіну – оның **болмысқа** дейін өмір сүргенін мойындаумен тең. Бұл арада Н.А.Бердяев Ортағасырда өмір сүрген Я.Беменің: «Құдайдың өзі түбі жоқ тұңғиықтан пайда болды», – деген пікірін қолдап, сол алғашқы «түбі жоқты» ерікпен теңейді. Сол алғашқы тұңғиықтан шыққан Құдай дүниені жаратады.

Осы арада Н.А.Бердяевтің философиясының ғажап қызықты жағын көреміз. Ол – алғашқы Еріктік пен Жаратушы-Құдайдың арасындағы дуализм, қайшылық. Құдай дүниедегі зұлымдыққа жауапты емес, өйткені Оның **Өзінің негізі жоқ**, Ол Өзі шыққан түбі жоқ еріктікке ештеңе жасай алмайды. Керісінше, Құдайдың Өзінің болмысына, содан кейін оның дүниені жаратуына жол ашқан сол алғашқы Еріктік емес пе? Олай болса, адамның өзі, бір жағынан, Құдайдың жаратқан пендесі болса, екінші жағынан, түбі жоқ еріктіктің нәрестесі. Сондықтан еріктік бүкіл адамның іс-әрекетін баурайды. Еріктік дегеніміз – еш нәрсеге тәуелсіз таза сана, күш-қуат.

Белгілі бір «метафизикалық ессіз кезеңде» еріктік өзін Құдайға қарсы қойып, онымен күресе бастады. Ол барлық жаратылған дүниеге, адамның өзіне де тарады. Сондықтан дүние мен адам зұлымдыққа белшесінен батты, ал Құдай оған еш нәрсе жасай алмайды, өйткені Ол еріктікті жаратқан жоқ. Міне, осы сәтте дүниеге Мәсіх келіп, бүкіл дүние мен адамдардың күнәларын өз мойнына алып, тұңғиыққа тереңдеп, оны өз сәулесімен жарқыратады. Сонымен Н.А.Бердяев Құдайдың ессіз еріктікті жеңетініне **сенгенмен**, бірақ, оған үзілді-кесілді **кепіл беруден бас тартады.**

Н.А.Бердяевтің философиясындағы негізгі болмыстық санат – ол **адамның өзі**, өйткені ол дүниенің ортасында, оның тағдыры дүниенің тағдырын анықтайды. Адам мен дүние Құдайдың өмірін байытады, өйткені адам – рухани пенде, ол изгілік пен әсемдікті сүйеді. Екінші жағынан, ол – ең жоғарғы материалдық құрылым, бүкіл дүниенің барлық элементтері оның бойында бар, сондықтан ғарыш оның шығармашылық іс-әрекетін қабылдайды.

Сонымен, адам – қайшылықты пенде, ол **«табиғаттық дүниедегі үзіліс»**, оны түсіну үшін одан да жоғары – Құдайға деген оның қарым-қатынасын білу қажет. Оның ойынша, осы уақытқа дейін адам өзін Құдайға тәуелді пенде ретінде түсініп келді. Ал тәуелділік бар жерде шынайы махаббат жоқ. Сондықтан Құдай мен адамның арақатынасы нағыз еріктікке негізделген, махаббаттың құпиясы, міне, осында. **Адам Құдайды қажет етсе, Құдай да адамды қажет етеді**, өйткені оның өзінің негізі жоқ, ол адамсыз өзінің жалғыздығын сезінеді... Демек, біз адамның құдайлығын, Құдайдың адамдығын көрсетуіміз керек. Тарихи Мәсіхтің өзі алғашқы рет осыны паш етті.

Құдай – рух, сонымен қатар адам да – рух. Олай болса, екеуінің шығармашылық жолда кездесуі ғана объективацияланған дүниеден адамды құтқарады (объективация – Бердяевтің философиясындағы ұғым, идеяның, жалпы сананың мазмұнының, адамдардың қарым-қатынастарының заттануын, адамнан жаттануын көрсетеді).

Енді Н.А.Бердяевтің тарих философиясына келер болсақ, онда «уақыт» санаты үлкен орын алады. Егер дүниедегінің бәрі шектелген болса, соңы бар болса, тек шығармашылық арқылы ғана оның ар жағына өтіп кете аламыз. **Шығармашылық** мәңгілікке әкеледі, бірақ ол шексіз уақыт емес, – **уақытты аттап өтетін жаңа сапа**. Осы себепті тарихтағы шексіз жоғары өрлеуді қабылдауға болмайды. Тарихтағы соңғы «жұмақта» өмір сүретін буындар өткен **шексіз санды адамдардың өмірін** сол мақсатқа жетудің **құралына** айналдырады. Мұндай жағдайда адамзат тарихының мән-мағынасы жойылатыны хақ. Өткен дәуірді, оның мәдениетін толыққанды **қабылдамай, дұрыс болашақты** да орнату мүмкін емес. Шіркін, Н.А.Бердяевтің терең тарих жөніндегі осындай ойларын саясаткерлер жете білсе ғой!!! Сонда реформа барысындағы қателіктер де аз болар еді.

Жалпы алғанда, Н.А.Бердяевтің тарихи көзқарасын өміршеңді деп атауға болады: адамзат рухани жаңарудың негізінде қайта өрлеуге мүмкіндік алады. Болашақ қоғам екі принципке негізделеді: аристократиялық – тұлғаның толыққанды шығармашылық дамуын көрсетеді, ал демократиялық – әділеттілік пен достыққа шақырады.

Тарих философиясындағы Н.А.Бердяевтің талдап, өзінің шешімін берген екі санатын көрсетпей болмайды – олар мәдениет пен цивилизация.

Мәдениет – қоғамның **рухани** дамуының шыңы, дін, философия, өнер құндылықтары, терең де нәзік ойлар, шығармашылық туындылары. Уақыт өткен сайын шығармашылықтың орнына күнбе-күнгі қажеттіліктерден шығатын қарапайым өмірді көтеруге бағытталған істер келіп, **«өзімшіл цивилизация»** мәдениетті тұрпайылата бастайды.

Цивилизация (өркениет) дегеніміз – өмірдің әлеуметтік, **материалдық жағының дамуы**, экономикалық мүдделердің басымдығы, пайдақорлыққа тырысу, **құралдың мақсатты жеңуі**. Цивилизация өз табиғатына сәйкес техникаға жақын, ол жеке адамның шығармашылығын ұжымдық еңбекке ауыстырады. Цивилизация машиналардың өмірге енуімен бірге келеді. Адам техниканы пайдаланып, табиғатты өз еркіне көндіруге тырысады, соның нәтижесінде адамның толыққанды органикалық табиғатқа сәйкес өмірі жойылып, оның орнына мамандандырылған, **біржақты адам** пайда болады. Цивилизация техниканың үстемдігіне әкеліп, рухты тоқыратады.

Капиталистік, я болмаса социалистік цивилизация болмасын, ол – өз табиғатына сәйкес әрқашанда «буржуазиялық». Ол дегеніміз – рухтың тоқырауы, материалдық байлыққа, өмірден ләззат алуға тырысу.

Дегенмен цивилизация мәдениетті толығынан құрта алмайды, ол ұсақталғанмен аяғына шейін цивилизацияның пайдақорлығына қарсы тұрады. Жалпы алғанда, Н.А.Бердяев адамзат тарихының төрт

логикалық сатысын көрсетеді, олар – тағылық, мәдениет, цивилизация және «діни қайта өрлеу». Социалистік өзгерістер Ресейді цивилизация шеңберіне кіргізіп, мәдениетті тоқыратты. Мәдениетті қайта жаңартуда дін шешуші қызмет атқаруы керек.

Орыс философиясындағы діни антропология бағытының өкілдері ретінде **С.Н.Булгаков, С.Л.Франк** және **Н.О.Лосскийді** атап өтуге болады.

С.Н.Булгаковтың айтуына қарағанда, адам Құдайсыз өмір сүре алмайды, егер ішкі дүниеңде Құдай болмаса, онда көңіл құлазиды. Құдайға қарсы күрес, бір дінді тарату қажетті түрде екінші дінді тудырады (мысалы, Кеңес заманында марксизм жаңа ағарған дінге айналған болатын. – С.М.). Алайда адамға Құдай сырттан келмейді, оны ол өз ішінен табуы керек.

С.Н.Булгаковтың ойынша, шығармашылық дегеніміз – ол «антроподицея» (адамды ақтау). Оның негізгі себебі – дүние уақыттың шеңберінде өмір сүруде, олай болса, ол әлі соңына жеткен жоқ, дәл қазір жаратылу жалғасып жатыр. Ал адам болса, ол Құдаймен бірге осы дүниені жарату ісіне, оны ары қарай жетілдіруге атсалысуда. Адам – Құдайға ұқсаған, Мәңгіліктің ұлы, Құдайдың рухын жалғастырушы. Ол – **микротеос**, оның ішінде бүкіл дүниенің күш-қуаты бар, ол – болмыстың ең жоғары ортасы.

С.Л.Франк адамды өзін-өзі анықтайтын және өзгерте алатын пенде ретінде қарайды. **Өзіндік сана** арқылы адам заттардан ғана емес, сонымен қатар **өзінен де алшақтап**, өз-өзіне басқа адамның көзімен қараған сияқты дәрежеге келеді. Нәтижесінде екі – танушы мен танылатын, бағалайтын мен бағаланатын, сот пен сотталатын ахуал пайда болады. Міне, адам өзіндік санасы арқылы өзінің денелік эмпириялық табиғатынан бөлініп, өз-өзін бағалайтын, сынайтын дәрежеге көтеріледі.

Адам – әрқашанда өзінің күнделікті болмысына қанағаттанбай, оны аттап өтіп, басқа өмірге, өнегелілікке қарай ұмтылатын пенде.

Н.О.Лосский тұлғаларды шынайы және әлеуетті деп екіге бөледі. Тұлға өзінің дамуында Құдайдың бейнесіне ұқсаудан бастап, соңында тіпті Құдайдың Өзіне тартуға тырысады. Ал соңғы – ол тұлғаның негізгі мақсаты, ол үшін адам неше түрлі қиындықтар мен зардаптардан өтуі керек.

Руханияттық – адамның негізгі қасиеті. Рухани адамның ішкі өнегелілігі қандай да болмасын сыртқы жағдайлардың қысымына қарсы тұра алады.

Қорыта келе, біз орыс философиясының адам мәселесіне қомақты үлес қосқанын байқаймыз. Олардың айтқан көп идеялары қазіргі өтпелі дәуірдегі қалыптасқан көп ахуалдарды талдауға өз көмегін береді. Сіз де ол жөнінде ойланып көріңіз.

§ 4. Ғарыш философиясы

Ғарыш философиясы деген кезде, біз екі нәрсені айтуымызға болады. Біріншіден, ол – дүниенің біртұтастығы және соның шеңберіндегі адамзаттың, яғни рухтың алатын орны; екіншіден, адамзат мәңгі осы жер бетінде қала ма, я болмаса басқа ғарыштағы нысандарды игеріп, өзінің ықпалын бүкіл ғарышқа тарата ала ма?

Бірінші сұраққа қайсыбір ұлттық философия жауап беруге тырысады, ал екінші сұрақты қойып, соған жауап беруге тырысқан, негізінен алғанда, орыс философиясы болды. Сондықтан бұл ағымды орыс философиясының **ерекшеліктерінің біреуіне** жатқызуға болар еді деп ойлаймыз. Ал енді оның өзінің де себебі бар шығар.

Біздің ойымызша, Алтын Орда мемлекетінің қысымынан кейінгі Ресей қоғамының Шығысқа қарай садақтан атқан оқтай серпілуі (бірнеше ғасырдың шеңберінде Еділ өзенінің ар жағынан сонау Қиыр Шығысқа дейін жетуі), өлшемсіз кең-байтақ жерде мемлекеттігін құруы, ұлттық ой-өрісті де кеңейтіп, оған ғарыштық өлшем берсе керек. Мүмкін, басқа себептер де болған болар.

Еуропа ой-өрісінде ғарыш жөнінде христиандық антропоцентрлік көзқарас ғасырлар бойы өмір сүрді. Оның негізгі қағидасы: адам – жаратылған дүниенің ең биік шыңы, жер болса – ғарыштың ортасы.

Коперник мұндай көзқарасқа төңкеріс жасайды: ғарыштың ортасы – жер емес, Күн. Ғаламда тек жерде ғана өмір бар. Дж.Бруноның шексіз ғалам мен өмір жөніндегі ойлары кең тараған жоқ. Жаңа дәуірдегі ғылымда ғарыш механикалық-физикалық нысан, сансыз атомдардың өрісі деген пікір қалыптасты.

Енді, міне, орыс философиясында XVIII ғ. бастап, **антропокосмизм идеялары** пайда болып дамиды. Яғни адамның жер бетіндегі орны емес, оның ғарыштағы рөлі зерттеле бастайды.

Орыс философиясындағы бұл мәселеге қатысты негізгі идеялар:

а) ғарыштағы адамзаттың өлместігі (К.Э.Циолковский);
в) биосфераның ноосфераға өтуі (В.И.Вернадский);
с) табиғатты зерттеп, өткен ұрпақтарды тірілту (Н.Ф.Федоров);
д) Күн мен биосфераның ажырамас байланысы (А.Л.Чижевский);
е) сананың ғарыштық дамуы (Н.К.Рерих); т.с.с.

К.Э.Циолковский оқырмандарға орыс космонавтикасының әкесі ретінде кеңінен таныс. Сондықтан біз оның ғылыми-техникалық идеяларын қарастырмай, тікелей оның философиялық көзқарастарына көшеміз. Оның ойынша, адам – ғарыш өмірінің бір бөлігі, сондықтан адамзат цивилизациясы ғарыштағы өзгерістермен тығыз байланысты. Әрине, мәңгілік ғарышқа қарағанда, жер бетіндегі адамзат әлі өте

жас. Дегенмен болмыста пайда болып, белгілі бір уақыт келгенде, жер бетіндегі байлықты сарқып, адамзат заңды түрде бұл өмірден кетуі мүмкін. Бірақ, сонымен қатар, егер ғылымның дамуының негізінде адам ғарышпен байланысқа түсіп, зат пен күш-қуаттың жаңа түрлерін игерсе, ол тоқталмайтын өрлеуге ие болып, өлместік дәрежесіне көтеріледі, – деген батыл пікір айтады.

К.Э.Циолковский адамзаттың жерлік және ғарыштық өмір сүруін бір-бірінен айырады. Жер бетіндегі өмір сүру – адамзаттың «сәбилік шағы», сондықтан ол кемеліне келмеген, зардабы мен қиянаты мол. Адамзаттың ғарыштық болмысы келген уақытта өмірдің теріс жақтарының бәрі жойылып, қуаныш пен жетілгендік, шығармашылық – өмірдің негізгі жақтарына айналады. Оның ойынша, ғарышқа шығу – көп уақытты талап етіп, сатыларға бөлінеді:

а) адамзат қажеттіліктерін өтеу жолында жер бетін толығынан қайта өзгерту;
в) жер айналасындағы кеңістікті игеру;
с) басқа планеталарды, содан кейін алыс ғарышты игеру;
д) адамның өз биологиялық табиғатын өзгертіп, ашық ғарышта өмір сүре алатын дәрежеге келуі.

Сонымен, егер Н.Коперник өз уақытында жердің ғарыштағы ерекше орны жөніндегі көзқарасқа соққы берген болса, XX ғ. К.Э.Циолковский адамзатты жер тартылысынан шығарып, ғарышқа жол ашты деп көркемдеп айтуға болар еді.

В.И.Вернадскийдің негізгі ойлары жер бетіндегі өмір мен адамзатқа арналды. Нәтижесінде, ол биосфера мен ноосфера жөнінде терең де тамаша ойларын адамзатқа ұсынды. Бүгінгі қалыптасқан биосфера жөніндегі «Үлкен жүйе» теориясы, тіршіліктің ғарышпен заттық және энергиялық алмасуға түсуі т.с.с. идеялар В.И.Вернадскийдің шығармашылық еңбектерінде үлкен орын алды. Жер бетіндегі тіршілікті ол жердің ерекше қалыптасқан геологиялық қабаты ретінде қарайды. Тіршілік биогеохимиялық зат пен энергияның айналысын тудырып, жер бетін толығынан өзгертеді. Осы тұрғыдан қарағанда, адамзат тіршілік әлемінің ерекше ең жоғарғы бөлігі. Ол ерекше бір – басқа энергия формаларына ұқсамайтын күш-қуатты тудырады. Оның аты – **ақыл-ой, зерде**. Адамзат ақыл-ойы мен еңбегінің арқасында жаңа геологиялық күшке айналып, биосфера жаңа ахуалға – **ноосфера** (ақыл-ой арқылы ретке келтірілген жер беті) сатысына көтеріледі. В.И.Вернадскийдің ойынша, адамзат зердесі – ғарыштық құбылыс.

Н.Ф.Федоров адамзат зердесін ғарыш эволюциясының заңды нәтижесі ретінде қарайды. Ары қарай ғарышты адамзат саналы түрде өзгертеді. «Ғарыш хаос емес, нағыз ғарышқа айналуы үшін зердені

талап етеді». Болашақта ғылымның орасан зор дамуының негізінде адамзат өлместік дәрежесіне көтеріліп, сонымен қатар жер бетінде бұрын-соңды өмір сүрген барлық ұрпақтарды қайтадан тірілтеді», – деген ойда болды.

А.Л.Чижевский жер бетіндегі тіршілікті тудырған – жердің өзі емес, Күн деген пікірге келіп, Күннің жердегі биосфераға тигізетін ықпалын егжей-тегжейлі зерттейді. Табиғаттағы геофизикалық ауытқушылықтар, жер бетіндегі оқтын-оқтын болатын эпидемиялар, қуаңшылық т.с.с. құбылыстар Күндегі болып жатқан үдерістермен тығыз байланысты екенін дәлелдеп, А.Л.Чижевский бүгінгі ғылымдағы астрогеология, ғарыштық медицина, гелиобиология бағыттарының негізін қалады.

Адамзат ғарыштың ары қарай дамуындағы саналы күш болғаннан кейін, халықтар бір-бірімен жақындасып, бірігіп, мемлекеттер арасындағы жасанды кедергілерді алып тастауы керек деген идея көп ойшылдардың еңбектерінде кездеседі.

«Адамзатты біріктіретін негізгі күш – мәдениет, ғарыштық этика» деген пікірді орыс ғалымы, суреткері, діни философы **Н.К.Рерих** айтқан болатын. Оның ойынша, бүкіл ғарышта, кеңістік пен уақытта, адамның жан дүниесінде екі ғарыштық күш – Ізгілік пен Зұлымдық бір-бірімен күресте. Олар болмыстық жағынан келгенде тең емес. Дүние **Ақиқат, Ізгілік** пен **Әсемдік** жолында өзгертіледі. Тек **Жарық сәулесі** ғана ғарыштағы қараңғы тұңғиық хаосты тәртіпке келтіре алады.

Н.К.Рерих адамның ізгілігі, жасампаз белсенділігі ғарыштың дамуындағы негізгі күш екенін паш етеді. Нәтижесінде, адам Жаратушы-Құдайға ұқсайды. Тек оның ерекшелігі – ол айнала қоршаған ортаны өзгертіп қана қоймай, сонымен бірге өзін де жетілдіре алады. «Надандықтан кейін цивилизация келеді, содан кейін ғылымның дамуының негізінде адамдардың білімі өсіп, нәзіктене келе, биік мәдениеттің есігін ашады», – деп қорытады Н.К.Рерих.

Н.К.Рерихтің ойынша, адамдардың арасындағы барлық ұлттық, нәсілдік, діни, әлеуметтік т.с.с. айырмашылықтар болмауы керек. Адамдардың арасындағы айырмашылық тек қана оның мәдени дамуының негізінде қаралуы керек. Адам – ғарыштың бір бөлігі, олай болса, ол – мәңгілік, барлығымен байланысты, бәріне де тәуелді, сонымен қатар бәрі де оған тәуелді.

Адамның жасампаздық-шығармашылық істері әсемдіктің негізінде жүреді. Әсемдік – рухтың мәдениеті, дүниенің зерделі тәртібі. Әсемдік дегеніміз – ғарыштың өзі. Жалпы алғанда, ойшылдың эстетикалық, гуманистік-өнегелілік идеялары осы уақытқа шейін өзінің өзектілігімен танылады.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Ресей тарихы мен рухани өміріне деген славянофильдердің көзқарасы қандай болды?
2. Батысшыл бағыт ұстаған ойшылдар көзқарастарының ерекшелігі неде?
3. В.С.Соловьевтің философиясының негізгі ұғымы қандай?
4. В.С.Соловьевтің танымда көрсеткен үш тәжірибе түрін атаңыз.
5. Л.И.Шестовтың экзистенциалдық философиясы туралы не білесіз?
6. А.Н.Бердяевтің философиялық көзқарастары қандай?
7. Орыс философиясындағы діни антропологиялық ойлар кімге тән?
8. Ғарыш философиясын кім алға тартты?
9. В.И.Вернадскийдің «ноосфера» ұғымының ерекшелігі неде?
10. Н.К. Рерихтің мистикалық философиясын қалай түсінесіз?

Рефераттар тақырыптары:

1. Ресей философиясындағы славянофильдер мен батысшылардың бір-бірімен күресі.
2. В.С.Соловьевтің философиялық көзқарастары.
3. Н.А.Бердяевтің философиясы.
4. В.И.Вернадскийдің ноосфера идеясы.
5. Ғарыш философиясы және оның негізгі өкілдері.

XI тарау. Қазақ мәдениеті шеңберіндегі отандық философия

§ 1. Қазақ руханиятының ерекшеліктері

Көне гректердің айтқанындай, философия дүниеге таңғалудан басталады. Ал оның өзі өмірдегі күнбе-күн кездесетін айқын да түсінікті құбылыстардан туындамайтыны баршаға мәлім. Таңғалатын құбылыс сиқырлығы мен көпқырлылығы, әсемділігі мен орасан зор күш-қуаты, я болмаса ерекше нәзіктігімен көрініп, адамның жан дүниесінде ерекше із қалдырады.

Әрине, дүниеде таңғалатын нәрселер көп. Оған біз жастық шағымызда тоймаймыз. Есейе келе, олардың көбі үйреншікті нәрселерге айналып кетеді де, көп адамдар, өкінішке қарай, сол ғажап қасиетінен – дүниеге таңғалудан – айырылып қалып, өз руханиятын жүдетеді.

Философиялық деңгейге көтерілсек, бұл дүниеде мәңгілік адам таңғалатын екі-ақ құбылыс бар. Оның бірі – **әлем**, барлық, өмір сүріп жатқан **дүние** болса, екіншісі – өзіндік сана-сезімі, ішкі рухани өмірі бар **адам** болмақ. Біріншісі – құшаққа да, ой елегінің ауқымына да сыймайтын шексіз де мәңгілік Әлем, Дүние, Ғарыш болатын болса, екіншісі – ғарыштағы құбылыстармен салыстырғанда атом сияқты, бірақ өзінің нәзік жан дүниесі бар адам. Біреуі – макрокосм, екіншісі – микрокосм. Адам – кіші әлем ретінде үлкен әлемге – ғарышқа тең. Бүкіл ғарыштың барлық сиқыры мен талпынысы адамның табиғатында жиналған.

Міне, философия, негізінен алғанда, осы екі құбылысты бір-бірімен салыстырған кезде, адамның ғарыштағы орны мен рөлі туралы ойланған кезде пайда болады. Ал ол – саналы пенде – адамға тән нәрсе.

Сондықтан, көркемдеп айтсақ, осыдан мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген белгісіз түрік бабамыз алдындағы жатқан **дүниеге таңғалып**, сол жөнінде алғаш рет ойланып, ондағы **адамның орны** қандай екен деген сұрақты өз алдына қойған кезде, **сол сәтте отандық философия бұлағының көзі ашылды** десек те болады. Өйткені әрбір халық өз тілінің негізінде өзіне тән дүниесезім мен дүниетанымын қалыптастырады. Олай болса, жер бетінде өз тілінің негізінде қанша халық өмір сүріп жатса, сонша-лықты дүниесезім, дүниетаным, философия болады.

Әрине, жер бетіндегі адамзатты қоршаған орта – бір, табиғаттың барлық заңдылықтары да – бір, оларды зерттейтін ғылымдағы жетістіктер де барлық халықтарға ортақ. Айталық, неміс физикасы, американ биологиясы, орыс химиясы т.с.с. жоқ. Ал философияға келер болсақ, мұндағы жағдай басқаша. Өйткені ол толығынан ғылым емес,

ол – **метафизика**, оның қойған сұрақтарын бірде-бір жаратылыстану ғылымы **шеше алмайды**, өйткені ол сұрақтар «физиканың ар жағында» жатыр. Сондықтан әр халық оларға өзінше жауап береді. Сол себепті біз «неміс», «орыс», «қазақ философиясы» т.с.с. деп аузымызды толтырып айта аламыз.

Екінші үлкен мәселе – қазақ философиясының дүниежүзілік философиядағы алатын орны қандай, жалпы алғанда, оның сол өз орны бар ма? Біздің философиялық ой-өрістің шеңберінде қалыптасқан қандай рухани құндылықтарды біз мақтан етіп, басқа халықтарға ұсына аламыз? Ал бұл сұрақтар бізді отандық философияның **differencia specifica**, яғни **өзіне тән ерекшеліктерін** іздеп табуға ұмтылдырады.

Қазақ халқының дүниесезімі мен дүниетанымының ерекшеліктері, әрине, ол өмір сүрген табиғаттың, соған бейімделіп қалыптасқан шаруашылық формалары, өмір салтының жүйелерімен тығыз байланысты болса керек. Оған уақытында Ш.Уәлиханов та көңіл аударған болатын. Расында да, қазақ елі Бразилия, я болмаса Франция емес.

Жоғарыда айтылған тұрғыдан бұл мәселеге көз жіберсек, онда біздің ата-бабаларымыз таңдап алып, өз Отанына айналдырған жерлер мал өсіруге лайықты, табиғаты қатал, суға тапшы, сонымен қатар өрісі кең, малдың соңында көшіп-қонуға мол мүмкіншілігі бар кеңістікте орналасқан болатын. Ал табиғаты жұмсақ, суы мол жерлерде (мысалы, Сырдария, Шу өзендерінің т.с.с. бойларында) халық жерге тұрақтанып, егін егіп, қолөнерін дамытып, қалалар тұрғызды. Оған мысал ретінде «Жібек жолы» бойында орналасқан Ортағасырдағы қалаларды (Отырар, Жүйнек, Мерке, Құлан, Талғар, Алматы т.с.с.) айтуға болады.

Негізінен алғанда, Жаңа дәуірге – машиналық индустрия пайда болғанға дейін – қазақ жеріндегі ең тиімді шаруашылық формасы – көшпенді мал шаруашылығы болды. Сондықтан біздің арғы бабаларымыз мыңдаған жылдардың шеңберінде осы іспен айналысты. Ол, *біріншіден*, **табиғатқа бас июді**, оған табынуды талап етті, қазақ халқы басқа да Шығыс халықтары сияқты, ешқашанда табиғаттың патшасы болу, оны өз еркіне сай етіп қайта өзгерту мақсатын өз алдына қойған жоқ. Сондықтан ежелден қазақ халқының, қазіргі тілмен айтқанда, **экологиялық санасы** биік деңгейде болған.

Екіншіден, біздің бабаларымыз тұрақты бір жерге байланбағандықтан **ерікті** болып, **бас бостандығын** қатты сыйлаған. Қазақ жерінде ешқашанда құлдық болмаған.

Үшіншіден, негізінен алғанда, көшпенділік **теңдікті** талап етеді, оған тән саяси формалар – соғыс демократиясы, әрі кеткенде, алғашқы феодалдық қатынастар, дамыған феодализм қазақ жерінде ешқашанда болған жоқ, ол көшпенділік шаруашылық формасының табиғатынан шығады.

Төртіншіден, көшпенді халықтың арасындағы әлеуметтік айырмашылықтар аз болғандықтан, теңдікке негізделген **әділеттілік** құндылығы. Сондықтан да бүгінгі таңда жүріп жатқан қайта әлеуметтік топталу – рестратификация (аса байлармен қатар кедей, қайыршылардың пайда болуы) – адамдардың жан-дүниесінде ауыр жарақаттар қалдыруда.

Бесіншіден, байлыққа жетуден гөрі, **ар-намысты жоғары ұстау** – бұл да халықтың қанына терең сіңген құндылық болып табылады. Онымен тығыз байланысты бар нәрсеге **қанағат ету** де – қазаққа тән нәрсе.

Алтыншыдан, **ұжымдық мүддені** жеке мүддеден **жоғары ұстау** – ол да көшпенділік өмір салтынан шығатын құндылық.

Жетіншіден, өне бойы көшіп-қону барысында әрқашанда неше түрлі қиындықтарды, қауіп-қатерлерді бастан кешуге тура келеді, ол **ерлікті, батырлықты қасиет етуді** талап етті. Сондықтан беске келгенде жылқының жалында ойнап, 14-15-ке келгенде батырлықты армандап, біздің бабаларымыздың көбі 20-25-інде елін аман сақтау жолында өмірлерін қия білген. Ұлы Отан соғысында қазақ азаматтары осы ұлттық қасиетті бүкіл әлемге айқын көрсетті. Қазақ халқының дербестігін көтере алмай жүрген кейбір арам пиғылды саясаткерлер оны білуі қажет.

Сегізіншіден, көшпендінің өмірі қысқа, өне бойы қауіп-қатерлерден, соқтығыстардан тұрғаннан кейін, ол күнбе-күнгі өмірді бағалап, өмірден **алудан гөрі болуды** жаратқан. Әрбір күнді той-думанға айналдыру, өзін шешен сөзбен, даналықпен көрсете білу, неше түрлі сайыстарға қатысу, **«бір сырлы, сегіз қырлы болу»** – бабаларымызға тән нәрселер болған.

Тоғызыншыдан, дүниеге, басқа халықтарға деген **ашықтық, қиналғандарға риясыз қол ұшын беру** – бұл да біздің халықтың керемет қасиеттерінің бірі.

Оныншыдан, көшпенділердің негізгі құндылықтарының бірі – **ата-ананы, үлкендерді сыйлауы.**

Әрине, халықтың мыңдаған жылдар шеңберінде бойына жинаған көп қадір-қасиеттерінің ішінен біз негізгілерін ғана көрсеттік. Енді келесі мәселеге – қазақ философиясының ерекшеліктеріне тоқталуға мүмкіншілік пайда болды.

Біріншіден, қазақ философиясында онтологиялық (болмыс) және гносеологиялық (дүниетаным) мәселелерден гөрі, **адам мәселесіне** көбірек көңіл бөлінеді.

Екіншіден, адам мәселесі, қазіргі тілмен айтқанда, көбіне **экзистенциалдық** тұрғыдан қаралады және көшпенділік өмір салтын еске түсірсек, ол түсінікті де болар.

Үшіншіден, отандық философияда дерексіз-теориялық жүйелер жасау өте сирек кездесетін құбылыс – философиялық ізденіс адамның нақтылы өмірдегі жүріс-тұрысын сараптауға, яғни **практикалық мәселелерге** көбірек көңіл бөлінеді.

Төртіншіден, адам болмысының **этикалық жақтарына**, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, арнамыс, абырой, т.с.с. санаттарға терең талдаулар жасалады.

Бесіншіден, қоғам өмірінің негізгі мәселесі ретінде әрқашанда **әлеуметтік әділеттілікке** көбірек назар аударылады.

Алтыншыдан, отандық философияны **аксиологиялық философия** десек те болғаны, өйткені онда құндылық әлеміне зор көңіл бөлінеді. Енді мәселені нақтылай түсіп, отандық философияның негізгі сатыларына қысқаша көз жіберейік.

§ 2. Қазақ мифологиясы. Алғашқы философиялық түсініктер

Басқа халықтардың философиясы сияқты, отандық философия да өз қайнар көзін көне аңыздар мен дастандар, ертегілерден бастайды. Егер аңыздарған бай халықтарға үнді мен гректерді жатқызса, қазақ елі де олардан кем түспейтін болар, өйткені өне бойы көшіп-қонып жүрген халықтың бір ғана байлығы болды – ол оның тілі, бабалардан келе жатқан дәстүр, аңыз-хикаялар, нақыл сөздер. Олардың көбі жаңа ғана жарық көріп, философиялық тұрғыдан талдануда.

Көне түріктердің түсінігі бойынша, бұл **дүние жоқтан пайда болған**. Оны ұстаға ұқсайтын **Жаратқан** тудырды. Дүние, негізінен, **жер, су, от, ауадан** тұрады. Ол неше түрлі қайшылыққа толы: Жер мен Күн, өмір мен өлім, адам мен табиғат, бақ, құт пен зардап, жарық пен қараңғы, жылы мен суық т.с.с.

Аспанға көз жіберген ежелгі түрік бабаларымыз оны **Тәңір, Жаратқан** әлеміне жатқызған. Адамдар мен басқа тіршілік өмір сүріп жатқан дүние – ол **Жер мен Су** әлемі, ал өлгендердің паналайтын орны – ол **Жерасты** әлемі. Білге қаған мен Күлтегіннің құрметіне тасқа ойылып жазылған ескерткіште дүние былайша суреттеледі: «Биікте көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасынан адам баласы жаратылған...».

Тәңірге, жер-суға табынудың пайда болуы адамда әуелде қалыптасқан айнала қоршаған ортаға деген, бір жағынан, тәуелділік, табиғаттың стихиялық күштерінен үрейлену, екінші жағынан, ризашылық сезімдермен байланысты болса керек, өйткені олардың түсінігінше, бұл құдайлар қарапайым адамдарға қамқорлықпен қараған, ауыр кезеңдерде оларға балық пен жануарларды, жабайы өсімдіктердің жемістерін сыйлаған.

Сонымен қатар көне түріктердің нанымында ерекше орынға ие болған **Әйел Құдай – Ұмай** болды. Ол үйдің, шаңырақтың, ошақтың қамқоршысы, балалардың сүйеушісі, содан кейін өнердің қолдаушысы болған. Ұмайға монғолдардың Этуген құдайы сәйкес келеді. Кейбір ғалымдар Ұмайды ежелгі үнді құдайы Ұмамен салыстырады, ол да Ұмай сияқты міндеттерді атқарған. Ұмай деген сөздің өзі «бала орны», «ана құрсағы» сияқты ұғымдарға сай келеді. Тұқым тарату Құдайы болып табылатын Ұмай балалардың тууында, олардың тағдырында аса маңызды рөл атқарады. Тувадағы Үйық өзенінің бойынан табылған түрік ескерткішінде былай деп жазылған: «20 жасымда мен еліммен, туыстарыммен, қаруыммен, ерлік даңқыммен қоштастым. О, Ұмай ана! О, менің сүрген өмірім! Мен сендерді тастап кетіп барамын, туыстарым». Жас жігіт майдан даласында өліп бара жатып, өзінің осы өмірдегі соңғы сәтінде Ұмай анаға, шаңырақ қорғаушысына өзі өсіре алмаған кішкене балалар алдындағы кінәсін, туысқандарының артқан үмітін ақтай алмағанын айтады. Мұның өзі туыстық байланыстардың, отбасының, ру мен тайпаның қадір-қасиетінің зор маңыздылығын көрсетеді.

Аңшылар мен малшылар әлемін әрқилы аңдар, жан-жануар, хайуанаттар жайлап, әртүрлі заттар мен өсімдіктерге, жануарлар құдіретіне Тәңірдей сиыну елеулі орын алған. Түріктер өзінің тотемі ретінде әсіресе қасқырды ең жоғары орынға қойған. Бұл аңның тотемдік сипаты өз көрінісін түрік қағандарының патшалық рәміздерінен тапты: олардың туларында қасқырдың алтындаған басы бейнеленген. Ал олардың жеке қорғаушыларын «бөрілер» деп атаған.

Бұл жануардың көне түріктердің негізгі тотеміне айналу себебі сол көшпенділік өмір салтына байланысты болса керек. Өйткені қасқыр жыртқыш аң ретінде малшылардың баққан табынынан онша алыстамаған, үйірдегі әлсіреген, ауру жануарларды қырып отырған, ал малшылардан аса **сақтықты**, қырағылықты талап еткен. Кім біледі, біздің арғы бабаларымыздың **«сақ»** деген атының өзі осындай себептермен байланысты болуы мүмкін. Өзінің күнбе-күнгі өмірінде жиі кездесетін аң болғаннан кейін, малшылар оның мінез-құлқын терең зерттеп, оның батылдығымен қатар сақтығына, шыдамдылығына, айла-амалына, үйірлік өміріне т.с.с. қасиеттеріне қарап қайран қалып, соларды өз бойынан табуға тырысқан. Өзінің «қасқыр мінезділігінің» арқасында қазақ халқы трагедияларға толы тарихында «мың өліп, мың тірілсе» де, көп көшпенділер сияқты жойылып кетпей, міне, бүгінгі таңда өзінің дербестігіне қолы жетіп, жаңа өмірге ұмтылу үстінде. Бүгінгі таңдағы біздің қасқыр бейнесін ысырып тастап, «ортаазиялық барысқа» еліктеуіміз жоғарыда айтылған тұрғыдан қарағанда, біздің жаңа өмірге деген ұмтылысымыздың нышаны болса керек. Бірақ барыс

басы бірікпейтін, қысқа қашықтыққа секіргенмен, алысқа шаба алмайтын аң екенін ұмытпағанымыз да жөн болар.

Ежелгі түріктер жер не су, тау не орман болсын, табиғаттың әрбір бөлшегінде киелі күштер бар деп есептеді. Қазақтардың бүгінгі күнге дейін ағашқа, басқа да нәрсеге жыртыс байлауы, «киелі, қасиетті жер» деп санауы ислам дінінің ғұрпына жатпайды, бұл – сонау көне заманнан бері келе жатқан архаизмдер.

Ежелгі түріктер үшін қайырымды рухтар – **ата-баба рухтары (аруақтар)** болды. Оларға сиынып, ақ мүйізді, аша тұяқ сиырды, ақсарыбас қошқарды, ақ қойды және табынындағы алғашқы төл басын құрбандыққа шалды. Егер адам өлсе, оның аруағына арнап, арнайы қырық күн от жағылды, өлікті жерлегенде онымен бірге үй заттарын, тағамды бірге жерледі т.с.с.

Қазақ халқының ұғымында аруаққа сену өте жоғары, қысылған кездерінде әр уақыт аруақты шақырып, құрбандық шалып, сәті түскен іс болса, аруақтың көмегі деп білді. Өлген ата-бабаларын түсінде көрсе, «аруақ қолдайды» деп жориды. Аруақтың басына барып түнейді, оларға арнап мал сойып, тілек тілейді. Мысалы, «Шора батыр» поэмасында шешесі Шораның әкесіне: «Түйеден – нар, жылқыдан – айғыр, сиырдан – бұқа, қодан-қошқар алып, бала тілеуге барайық», – дейді. «Қобыланды» және «Алпамыс» жырларында да олардың ата-аналары бала тілеп, «әулие қоймай қыдырып, етегін шеңгел сыдырып» жүрген кезде, Баба-түкті Шашты-әзиз олардың тілегін орындайды.

Көне бабалар «киелі» және оған қарсы «кесір» деген ұғымдарға өте жоғары маңыз берген. Өздерінің жартылай көшпелі тұрмысындағы пайда келтіретін әртүрлі заттарға ерекше күш таңады.

Адамдар әдет-ғұрыптарды сақтап отырса, олардың басына байлық-бақыт орнап, «құт» қонады. Ал әдет-ғұрыптар сақталмаса, онда кедейлікке ұшырап, қырсыққа шалдығады, яғни кесірге айналады. Сонымен бірге «қызыр» немесе «қыдыр» деген қасиет үлкен орын алады. «Қыдыр дариды, бақ қонады, ақыл барлығына басшылық етеді» деген нақыл сөздерді осы уақытқа шейін естуге болады. Енді көне бабаларымыздың алғашқы философиялық тебіреністеріне тоқталуға уақыт келген сияқты.

Қазақ топырағында қалыптасқан философиялық ойлардың құрамдас бөлігі ретінде, осыдан 2,5 мың жылдай бұрын өмір сүріп, көне грек ой-өрісінде өзінің өшпес ізін қалдырған **Анахарсисті (Анарыс)** айтуға болады. Тарих атасы Геродот Анарыстың қара теңіздің солтүстік жағалауын жайлаған тайпалардан шыққаны жөнінде айтады. Оның айтуына қарағанда, ол өнер-білімге құмар, өз Отанының әдет-ғұрпын жетік білген, дүниенің сырын білмекке ұмтылған атақты адам болса керек. Біздің жыл санауымыздың бірінші ғасырында өмір сүріп, ел

басқарған атақты Майқы-би бабамыз Анарыстың өсиеттері деп, ел билеудің жолдарын айтып отырады екен деген аңыз халық жадында сақталған.

Диоген Лаэртий деген көне грек заманындағы атақты философия тарихшысы Анахарсистің Афинадағы Солон патшаға алғаш келіп танысып, дос болғаны жайында мынандай аңызды келтіреді. «Қиырдағы скиф қаласынан ілім іздеп, ақыл-зердемді сынатып қайту үшін, Солонға келіп тұрмын. Көңілі қаласа – достыққа жараймын, пейілі түссе – қонағы боламын», – деп, Солонның қызметшісінен сәлем айтады. Сонда Солон: «Есі бар ер досты өз елінен іздейді», – депті. Анахарсис мүдірместен: «Солон дәл қазір өз Отанында. Ендеше, өз елінің төрінде отырып, неліктен досына дос қоспасқа», – деп жауап қайтарыпты. Ұтымды айтылған сөздің ойлы астарына риза болған Солон Анахарсисті құшақ жая қарсы алып, олар бір-бірімен дос болып кетіпті.

Грек философиясында **Анахарсисті** өздерінің **дана жеті бабаларының біреуі** деп санайды. Олар артында үлкен кітаптар қалдырмағанмен, өздерінің нақыл сөздері арқылы даналыққа ие болды. Анахарсис: «Жүзім шыбығы бір шоқ ләззат, содан кейін мастық, соңында жиреніштік әкеледі», – деген екен. Бұл ғажап нақыл сөздің ішкі сыры әр нәрсенің өлшемін біліп, сақтауда болса керек. Оған арнап гректердің қойған ескерткішінде оның мынандай сөзі жазылған: «Тілің мен құлқыныңды, нәпсіңді ауыздықтай біл!». Бірде Анахарсис: «Адамның бойындағы ең жақсы және ең жаман нәрсе не?» – деген сұраққа: «Тіл», – деп жауап беріпті. Кезекті бір пікірталас үстінде, істің барысын тыңдап отырып, Анахарсис былай депті: «Элладалықтар қызық осы: мұнда сөзді ақылдылар айтады да, мәселені ақымақтар шешеді». «Элладада жарысқа өнерпаздар қатысады да, өнерсіз адамдар қазылар алқасында жүреді», – деген сөзді де Анахарсис айтқан екен. Оның ойынша, «адам мен адамның айырмашылығы тілі мен атақ-даңқында емес, – ақылында». «Қызғаныш пен қорқақтық – ең қасиетсіз сезімдер». Грек елінің бір азаматы: «Сен жат елдің тұқымысың», – деп кемсіткенде, ол: «Мен үшін – елім қайғы, ал сен – еліңе қайғысың», – деген екен.

Анахарсис сол кезден бастап қалыптаса бастаған батыс менталитетін, нарықтық қатынастарды сынға алады: «Саудагерлер халықты ашықтан-ашық алдап жатқанда, қалайша өтірікке тыйым салуға болады».

Әсіресе бізді таңғалдыратын мәселе – Анахарсис XX ғ. пайда болған экзистенциализм философиясында қойылған кейбір мәселелерді сол кезде-ақ сезініп, тебіренген. «Кімдер көп: өлілер ме, әлде тірілер ме?» – деген сұраққа, ол: «Теңізде жүзіп келе жатқандарды кімге жатқызуға болады?» – деп, қарсы сұрақ қойыпты. Ол сұрақтың шын мәні – адам өмірінің нәзіктігі, оның өне бойы өмір мен өлім арасында болуы, ал

мұның өзі экзистенциалдық философияның негізгі мәселесіне жатады. Біреулерден кеменің тақтайының қалыңдығы төрт саусақтай екенін білген Анахарсис: «Кемешілер өлімнен төрт саусақтай қашықтықта жүзіп келе жатыр», – деген екен. Мұндай ғажап ойлар мен адам күтпейтін салыстырмалар, әрине, Анахарсистің өз заманының ғұламасы болғанын көрсетеді.

Анахарсис грек елінен тәлім-тәрбие алып, өз еліне қайта оралып, сондағы игерген білімін өз еліне қолдануға тырысады. Бірақ оның реформаторлық идеялары қалың бұқараның қолдауын таппай, ақырында оны көре алмаған біреудің қанды жебесінен қазаға ұшырайды. Соңғы демі үзілерде ол: «Эллада жерінде мені ақылым қорғап еді, өз елімде қызғаныштың құрбаны болдым», – деген екен.

Философиялық ой-пікір бүкіл дүниежүзілік деңгейде б.з.д. VII-V ғғ. пайда бола бастаған кезде, біздің бабаларымыз да аса кемеңгер дана тұлғаны – Анарысты тудырды. Олай болса, біз сол заманнан бері бүкіл дүниежүзілік рухани көштен қалмай, тарихи халықтардың арасында өз орнымызды алдық. Оны біз әрқашанда мақтан етуіміз керек.

§ 3. Ортағасырдағы отандық философия

Жоғарыда айтып өткеніміздей, біздің бабалар көшпенді мал шаруашылығымен қатар, «Жібек жолы» мен Сырдарияның т.б. өзен-сулардың бойында қалалар орнатып, егін егіп, қолөнерді дамытып, сауда-саттықпен айналысқан. Сонымен қатар, әрине, мәдениет пен философия да биік деңгейге көтерілген.

Ортағасырдағы отандық философияның айқын жұлдызы – ол Аристотельден кейінгі **«Екінші ұстаз»** аталған дана бабамыз **Әл-Фараби**. Біз оның шығармашылық жолын «араб философиясына» арналған тарауда талдаған болатынбыз, өйткені ол түріктермен қатар, арабтардың да рухани атасы болып табылады. Сонымен қатар Орта ғасырларда басқа да көрнекті тұлғалар өмір сүріп, өздерінің тамаша ойларын халыққа сыйлаған.

Орта ғасырлардағы отандық философияның бастауын ғалымдар VIII ғ. өмір сүрген **Қорқыт атаның** шығармашылық жолына апарып тірейді және ол заңды да. Тарихи деректер мен халық шежіресі бойынша, Қорқыт – VIII ғ. Сыр бойында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші, қобызшы, аңыз кейіпкері. **«Қорқыт ата кітабы»** – түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, өмір салтын, әдет-ғұрпын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық-тарихи мұра. Оның ішінде 12 түрлі дастан бар және оның әрқайсысы – өзінше аяқталған шығарма. Бұл шығармалардың түп-тамыры, шамасы, сонау көне замандарда пайда болған мифологияға кетеді, сондықтан олардың құндылығы да, міне,

осында. Мысалы, Дерсе хан туралы аңызда әйелінің кеңесі бойынша, хан қарапайым халыққа садақа үлестіріп, ата-бабасының аруағына сиынып, тәңірден бала тілеп алады. Ол бала дәу бұқаны жұдырықпен ұрып-жыққаны үшін, Бұқаш аталып кетеді. Мұндай желіс қазақ дастандарында көп кездеседі. Батырлар «әулиеге ат атап, қорасанға қой атап», ата-бабалар қабіріне түнеп, көп тілектерден кейін барып туады. Осылайша өмірге келген балалар өсе келе, ел-жұртының қорғаны, қамқоршысы (Ертөстік, Алпамыс, Қобы-ланды т.с.с.) болып шығады.

«Қорқыт ата кітабындағы» Төбекөз (қазақ, қырғызда «Жалғыз көзді дәу» ертегісінде кездеседі) өзінің іс-әрекеті, ой-мақсаты, қатыгездігі жағынан «Одиссей» жырының үрейлі кейіпкерін еске түсіреді.

Кітаптың бесінші тарауындағы «Тоқа баласы Ержүрек Домрул туралы жырда» ажалмен күресу, өлместік мәселесі талданады.

Жалпы алғанда, «Қорқыт ата кітабындағы» көтерілген әлеуметтік мәселелерге келер болсақ, олар: халықтың **бірлігін сақтау**, әлеуметтік **әділеттілікті** жақтау, жер мен суды **ақылмен пайдалану**, қылмыскерлермен **заңды жолмен күресу**, әдет-ғұрпты **сақтау**, елді жаулардан **қорғау** т.с.с. Халықтың жадында қалған аңыздар бойынша, Қорқыт ата өмірінің соңғы кезінде қобызын тартып, неше түрлі әуендер шығарған. Табиғаттың тылсым күштерін, адам жанының көңіл күйлерін, сезімін ұлы бабамыз қобыз сарынымен жеткізе білген. Ол өлгенде, оның артында шығарған күйлері қалады. «Қорқыт күйлері» осы уақытқа дейін ойналады.

Қорқыт атаның артында қалған нақыл сөздері өзінің даналығымен тарихта сақталып, осы уақытқа дейін бізді таңғалдырады. «Ер жігітке қара таудай мал бітсе, жияр, көбейтер, талап етер, бірақ несібесінен артығын жемес». Қазіргі экономикалық реформалардың барысында әрбір іскер адам, жалпы алғанда, әрбір азамат осы нақыл сөздерді терең сезінуі қажет, ол қазіргі **бизнес этикасының негізгі қағидаларының бірі** болса екен дейміз. Сонда ғана іскерлер «Мерседес» мінудің орнына, жиналған қаражаттарына жаңа жұмыс орындарын ашып, өзін қарапайым ұстап, халықтың шынайы алғысына кенеліп, қоғамдағы абыройлы әлеуметтік топқа айналады. «Тәкаппарлықты тәңір сүймес», «Көңілі пасық ерде дәулет болмас» деген нақыл сөздер де жоғарыдағы айтылған ойларға жақын екенін оқырман сезінген болар.

«Ескі темір біз болмас, ескі мақта бөз болмас», «Қар қаншама қалың жауғанмен – жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек – күзге бармас» деген нақыл сөздердің де терең сыры бар. Өйткені дүниедегі барлық құбылыстар мен заттар уақыттың шеңберінде өмір сүреді, олай болса, әр нәрсе өз уақытында ғана құнды, оның өз өлшемі бар.

«Ат қиналмай жол шалмас», «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ» деген нақыл сөздер де өмірлік тәжірибеден алынған. Дүниеде

бақытқа жету үшін қиындықтар мен қайшылықтардан өтіп, тек ақылмен жасалған ұлағатты істер атқару қажет деген ойға әкеледі.

«Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер» деген нақыл сөз тек көпшіліктің мүддесі үшін істелген істер ғана құнды, қоғамның алға басуының тетігі, негізі деп қарағаны болып шығады.

Сонымен, Қорқыт атаның қалдырған терең философиялық ойлары (ел қорғау, ар-намыс, бірлік үшін күресу, ізгі ниетте болу, ұлағатты іс-әрекеттермен халықтың рухында қалып, өлместік дәрежесіне көтерілу т.с.с.) ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып қала беретініне біз кәміл сенеміз.

Орта ғасырлардағы отандық философияда ерекше орын алатын, бүкіл дүниежүзілік ағарған қауымға мәлім тұлға – **Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұн** (1017-1083 жж.) Баласағұн қаласында дүниеге келген. Ол қала сол кездегі Қараханид мемлекетінің сауда, қолөнер, мәдениеті дамыған басты қалаларының бірі болған.

Негізгі еңбегі **«Құтадғу біліг» (Құтты білік)** – түрік тілінде жазылған алғашқы мәдени-эстетикалық, философиялық дастан. Ол – қазіргі түркітілдес халықтардың Орта ғасырлардағы тарихы, қоғамдық саяси өмірі, ғылымы мен әдебиеті, әдет-ғұрпы, жалпы алғанда, мәдениеті туралы қыруар мол деректер бар туынды.

Ж.Баласағұнның ойынша, дүние **жер, су, от, ауадан** тұрады. Адам, басқа тіршіліктерге қарағанда, – ерекше жаратылған пенде. Оның жан-дүниесінен **өнер, білім, ақыл-ой, көңіл, ұятты** табуға болады. Соңынан ұлы Абай да осы рухани құндылықтарға үлкен мән берген болатын. Әсіресе таным, білім мәселелерін ойшыл жоғары орынға қояды:

«Білім биік, ақыл ұлық,
Білімсіздік – ауру...» – деп қорытады ұлы ойшыл.

Дастанның арқауы ретінде төрт қағиданы көрсетуге болады. Біріншісі – әділеттілік, өйткені мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратын әділ заңдар болуы қажет. Баласағұнның айтуынша, кісіге үш дүние пайдалы: ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады. Ісі ізгі болса, бүкіл халық сүйеді. Ісі әділ болса, төрге шығады.

Екіншісі – бақ-дәулет. «Барлық ізгі нәрсені байқап көр», – дейді ұлы бабамыз.

Үшіншісі – ақыл-парасат.

«Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді».

Төртіншісі – қанағат-ынсап:

«Дүние сүйікті болғаны үшін бүкіл айыбы
Саған игілік болып көрінеді, ей, елден асқан қымбаттым!

Кімде-кім дүниеге көңіл байласа,
Тіршілігі оған ауыр тауқымет әкеледі».

Ойшыл осы төрт құндылық – **әділет, дәулет, қанағат, ақыл** – бір-бірімен үндескен жағдайда ғана ел бақытқа жетеді деп қорытады.

«Құтты біліктегі» **«білік»** сөзінің екі мағынасы бар. Оның бірі «білім» болатын болса, екіншісі – «билік ету», «елді басқару». Соңғы мағынада ойшыл:

«Бек халықты тек білікпен сендірер,
Барлығын да ақылына жеңдірер,
Дана келсе елді ұзақ билегін –
Заңды ұстап, бұрсын елге бүйрегің», – дейді.

Өзінің дүниеге деген көзқарасында Ж.Баласағұн рухты бірінші орынға қояды. Адам – ақыл-парасаты бар ерекше пенде, ақыл адаммен қоса жаратылады. Сондықтан дүниеде адам зерттеп білмейтін нәрсе жоқ. Адамның ақыл-парасаты құдіретті:

«Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.
Кісі ұланы қара жерге қол салды,
Көтерді бәрін, білімін ол қолданды».

Өзінің шығармасында Ж.Баласағұн имандылық, әдептілік, жалпы тәлім-тәрбие жөнінде де тамаша өсиеттер қалдырды. Оның ойынша, адамдардың қарым-қатынасында үш жаман нәрсе бар. Олар: жауыздық істеп, мәмілеге келмей, қасарысып тұрып алу, яғни қазіргі тілмен айтқанда, келісімге келмеу; екіншісі – жалған сөзбен шұғылдану. Тіл, бір жағынан, адамды білікке жеткізсе, екінші жағынан, адамды өмірден әкетуі мүмкін; үшіншісі – сараңдық: «Дүние жинайды, жемейді, артында қалады», – деп қорытады ойшыл. Жалпы алғанда, ойшыл тақуалық өмір салтын жақтайды. Оны біз мына сөздерден байқауымызға болады:

«Баянсыз дүние қылығын ұқтырады:
Мінез-құлқы қыз сияқты,
Сүйіндіреді, бірақ қолын бермейді.
Сүюшіні сүймейді, киік сияқты қашады,
Қашқанға жабысады, аяғын құшады...».

Жоғарыдағы көрсетілген ұлы бабамыздың ойлары бүгінгі өзгерістегі Қазақстан қоғамына өзінің өзектілігімен пайдалы. Оны әрбір азамат білуі қажет.

Ортағасырдағы ұлы ғұламалардың біріне **Махмуд Қашқариді** (XI ғ.) жатқызуға болады. Негізгі еңбегі – **Диуани лұғат аттүрік** (Түркі сөздерінің жинағы). Бұл – қазіргі түркі халықтарының бәріне ортақ мұра. Бұл еңбектен біз сол кездегі түркі тайпаларының тілдері мен жалпы мәдениетінің деңгейін ғана емес, сонымен қатар олардың

қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік жағдайын, көне тарихы мен әдет-ғұрыптары жайында сан алуан мәліметтер аламыз. «Диуанида» 200-ден астам өлең, 300-ге тарта мақалдар, толып жатқан қанатты сөздер, 29 тайпаның аты аталады, ондағы көптеген жырлардың өте ертеде өмірге келгенін аңғару қиын емес. Тіл ғалымдарының айтуына қарағанда, «Диуанидағы» 875 сөз бен 60-қа жуық мақал-мәтел қазақ тілінде қазіргі өмірде сол қалпында қолданылады екен. Кейбіреулерін келтірейік:

«Жанжал шықса, ағайын ақылдасар,
Жау келсе, ел тебіренер».

«Бақыт белгісі – білім мен ақыл», «Әдептің басы – тіл».

«Күздің келетіні жаздан-ақ белгілі», «Ұлық болсаң, кішік бол», «Батыр – майданда, ғалым әңгімеде сыналар», «Кеңесті іс келісе береді, кеңессіз іс кері кетеді» т.с.с.

М.Қашқари түркі халықтарын бірлікке, өз халқын сүюге, халықтың бостандығы үшін жан аямауға шақырады, батырларды мадақтайды.

«Қаһарланып атылдым,
Арыстандай ақырдым.
Батырын жерге батырдым,
Енді мені кім ұстар.
Есінен дұшпан ауысты,
Басар жолын тауысты.
Ажалменен қауышты,
Сөзге аузы келместен».

Қорыта келе, М.Қашқаридің шығармалары көне түрік тайпаларының дүниесезімі мен дүниетанымымен таныстыратын бірден-бір құнды құжат екенін айтып кетуді жөн көрдік.

XII ғасырда өмір сүрген ұлы ойшылдардың қатарына **А.Иугнекиді** (Әдіб-Ахмед Махмуд Жүйнеки) жатқызуға болады. Ол жөнінде «...ақындардың ақыны, даналардың көш басы, гауһардан сөз теретін, одан ешкім озбады», – деген өлең сөздер қалған. Негізгі еңбегі – **«Ақиқат сыйы»**. Бұл дастанда көтерілген негізгі мәселе – ол адам өмірінің мәні. Осы орайда ойшыл моральдық мәселелерге көп көңіл бөледі. Адам – саналы түрде іс-әрекет жасай алатын пенде, ал оның санасын, рухын дамытатын – білім. Ойшыл ол туралы:

«Білімдар: «Істі біліп, бекін!» – дейді,
Ақылмен іс істеген өкінбейді.
Білмеген талай жұмыс істеп жүріп,
Амал жоқ, түбінде сол опық жейді».

А.Жүйнекидің ойынша, «білімсіз – тірі өлік». Оны ол мынандай шумақпен қорытады:

«Сүйекте жілік болар, ерде – білік,
Ақыл ғой ердің көркі, етте – жілік.
Жіліксіз ет секілді білімсіздік,
Қол созбас сүйексізге бұл тіршілік».

Ғұлама ақын адамның бақытты болуы білімге, ал бақытсыздық қараңғылыққа, надандыққа байланысты деп ұғынды.

«Кедейдің кертіп жейтін малы – білім,
Білімнің жоқ-жітікке берері мол».

Ойшылдың көтерген бұл ойлары бүгінгі таңдағы Қазақстан халқына өзінің өзектілігімен көрінеді: бүгінгі жұмыссыз жүрген көп азаматтардың білімі мен мамандығының төмендігі соның негізгі себептерінің бірі емес пе? Тек қана дүниеде жинақталған жаңа технологияларды терең игеріп, оларды шығармашылық деңгейде пайдалану арқылы ғана біз дүниежүзілік қауымның терезесі тең мүшесіне айналамыз. Ал ол үшін халықты ағарту, ғылымдағы жетістіктерді оқу-білу қажет. Алайда біз бұл жолда «технократизм», «сциентизм» шырмауында қалып қойып, өзіміздің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дүниесезімімізден айырылып қалмаймыз ба деген ащы ой еріксізден көкірегімізге ұялайды. А.Жүйнекидің даналығы – ол білімді қажетті түрде моральдық санамен бірге ұштастырып қарайды. Ол бізге «дәрежең өскен сайын ұстамдырақ бол, тәкаппарлықтан құтыл, кішіпейілдік ұста. Ұлықсынба, абайла, ол – бір Құдай!» – деген тамаша өсиеттерді қалдырды. А.Жүйнекидің біршама моральдық қағидалары Киелі кітап, я болмаса Құран сияқты діни құжаттарда берілген терең ойлармен үндесіп жатады. Мысалы, «қанды қанмен жусаң тазармайды», өйткені алғашқы қанның ізі кеткенмен, жаңа қанның ізі қалады. «Біреу зәбір жасаса, қарымына рақат көрсет, кешір, зәбірлік жасама», – дейді ұлы ойшыл.

«Бал бар жерде ара да бар. Ең алдымен араның зәрін байқап көр», – деген бабамыздың сөзінен біз дүниенің қайшылығын байқаймыз. Ойшылдың пікірінше, «небір асқан өнерде бірер мін болады», сондықтан «бір айыпқа бола бас кесуші дүниеде тірі адамсыз қалады». А.Жүйнеки білімді соншалықты зор бағалағанмен, сол білімді тудыратын, насихаттайтын адамдардың еңбегінің ақысы қайсыбір қоғамда да төмен болатындығын қынжыла айтады. Оны біз мынау ойдан көреміз: «өнер арқылы дәулеттің келуі мүмкін емес, қиындық атаулының ең қиыны – осы. Дүние арамдарды көтеріп, адалды шалады», – деп қынжылады ұлы ойшыл.

Дүниені танып-білудегі сөз құдіретіне ежелгі түріктер өте үлкен мән берген. Оны біз А.Жүйнекидің шығармашылық жолынан да табамыз. Ол әсіресе оның мәнін адамдардың қарым-қатынасына тигізетін әсерінен байқайды:

«...Есепті сөз – ер сөзінің асылы,
Мылжың тілді «жау» деп ұғын тартыста», – дейді ойшыл.
Ол адамды мағыналы сөйлеуге, сыр сақтай білуге шақырады:
«Ақылды ма көп сөйлеген күпіне,
Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.
Оқ жарасы жазылады, бірақ та
Тіл жарасы жазылмайды: түбі не», – деп тебіренеді ұлы ойшыл.

Шын сөз бал секілді, жанға жайлы, дертке шипа болып келеді деп, ұлы ойшыл адамды әділдікке, шындыққа, ұстамдылыққа шақырады.

Орта ғасырдағы тақуалық өмір салтына сәйкес, ойшыл адамдардың қарым-қатынасындағы жомарттық пен сараңдық мәселесіне де тоқтап, оларға талдау жасайды.

«Жомарт ер білім жолын жете білер,
Мал беріп, атақ алып өте білер.
Жарылқап кем-кетікті біліммен,
Жақсы атпен дүниеден кете білер», – деп тебіренеді ұлы ойшыл.

А.Жүйнекидің ойынша, «сараң – малдың құлы», ол емдегенмен жазылмайтын ауру, оның түбі – менмендік, өркөкіректік, тәкаппарлық – нағыз адамның табиғатына сай келмейтін, мүлдем жат нәрселер. Қорыта келе, ойшыл адам өмірге жамандық емес, жақсылық, игілікті істер жасау үшін келеді деген түйін жасайды:

«...Іспен тәуір жұрттың көңілін анықтап,
Өз бойыңды парықсыздан аулақ сап.
Әуелі істер жұмыс иінін ойлап ал,
Керек пе, әлде жоқ па екен деп анықтап», – деген ғибрат сөздерді айтады.

Ұлы тұлғалардың ойларының ерекшелігі – олар әрқашанда өзінің өзектілігімен көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыда көрсетілген ұлы бабамыздың ойлары бүгінгі заманда өрлеу үстіндегі халқымызға ауадай қажет.

Сопылық философия. Қожа-Ахмет Яссауидің шығармашылық ойлары

Орта ғасырлардағы қалыптасқан философиялық ағымдардың ішінде **сопылық философия** ерекше орын алады. «Сопы» деген сөздің төркіні, шамасы, «sophos» – «дана» деген грек сөзінен шықса керек. Сопылық философия ислам дінінің шеңберінде пайда болған мистикалық (құпия) – аскеттік (өз-өзін шектеу) ағым. Оның дүниеге келу себебін жете түсіну үшін, біз назарымызды ислам дінінің кейбір ерекшеліктеріне аударуымыз қажет.

Ислам діні – тарихи ең соңғы дүниеге келген әлемдік дін. Сондықтан бұл діндегі аса үлкен басымдық – **бірлік, біркұдайлық**, ол – абсолютті, оған ешқандай күмән келтірілмеуі керек. Бұл қағиданы мықты ұстаудың астарында осы уақытқа шейін бытыраған көшпенді араб тайпаларының басын біріктіріп, оларды бір халыққа айналдырып, үлкен мемлекет құру қажеттігі жатқан еді. Иудаизм мен христиандық дін аз да болса «көпқұдайлықтың» сарқыттарынан әлі де болса арылған жоқ-ты (мысалы, Құдайды адамға ұқсатып бейнелеу – икона, бір Құдайдың үштігі: Құдай, Әке, Ұл және Киелі рух т.с.с.). Ислам дініндегі «Алла тағаланы» алсақ, Ол адамнан тым алшақ, қаһарлы, қатал, адамды саналы пенде етіп жаратқанмен, өзіне ұқсас еткен жоқ. Сондықтан адам адасып кетпеуі үшін, Ол қоғам өміріндегі **болуға тиіс тәртіптің** негіздерін, адамның өмірдегі **жүріс-тұрысының** қағидаларын Мұхаммед пайғамбар арқылы құрандағы **Шариғатта** алдын ала берген және олар бұлжытпай орындалуы керек.

Алайда ақиқат әрқашанда нақтылы, өмір өне бойы өзгерісте болғаннан кейін, ресми мешіттің бұлжымас қағидалары шынайы өмірде әртүрлі қайшылықтарды тудырады. Сондықтан жаңа дінді уағыздаушылар көп ұзамай, екі топқа бөлінеді. Олардың бірін **«абид»** (Құдайдың құлы) десе, екіншісін **«захид»** (дәруіш) деп атады. Біріншілері діннің талаптарын ойланбастан бұлжытпай орындауға тырысса, екіншілері өз ізденістері мен тебіреністері арқылы Алла тағаланы жете түсінуге, оған рухани жетілу арқылы жақындасып, онымен қосылуға, сіңісуге тырысты. Міне, осы **екінші бағыт** ислам дінінің шеңберінде **сопылық ағымды** тудырады.

Алғашқы уақыттағы сопылар пендешілікке қарсы шығып, дүниеқорлық, байлықты жинаудан бас тартып (**зухд**), Алла тағаламен бірге болуға тырысты (**тақуа**). Бұл ауыр жолда олар Мұхаммед пайғамбардың өмір жолын өнеге етті, өйткені ол қандай керемет бай өмір сүру мүмкіншіліктеріне қарамастан, өзін өте әдепті ұстап, қайыршы мен кедейлерге қол ұшын беруге тырысты. Алғашқы сопылардың бірі Хасен Басри: «Бұл дүние үшін о дүниені сатқан екі дүниеден біржола айырылады, бірақ о дүние үшін бұл дүниені сатқан екі дүниеге де ие болады», – деген екен. Яссауи бабамыздың сыйлаған, өнеге тұтқан сопыларының бірі – осы Хасен Басри. Ол туралы Яссауи:

«Нәпсісін тыйып қаһар қылды Хасен Басри...

әзіздердің жағында болғым келер...» – деген екен. Сөйтіп, сопылық философия адамдарды тақуалық өмірге, дүниенің алдамыш қызықтарына құмартпауға, рухты биік дәрежеде ұстауға шақырды.

Сопылық жолдың екінші үлкен басымдығы – Құдайды шын жүрекпен сүйіп, Оған толығынан берілу мәселесі. Ол үшін адам өзінің менмендігін толығынан ұмытып, күндіз-түні тек Алла тағалаға деген

құштарлық, ғашықтық сезімде болуы қажет. Сонда ғана адамның өзіндік сана-сезімі жойылып, Құдайлыққа жол ашылады. Мұндай жандүние ахуалын сопылар **фана** (бейболмыс, Құдайға жетіп, сіңісу) деген ұғыммен берген. Орта ғасырлардағы Шығыс жұлдыздарының бірі Руми Джалаледдин төмендегідей нақыл сөздер арқылы бізге оны ашық та айқын түсіндіреді:

«Біреу сүйген жарының (Абсолюттің) есігін қағады. «Бұл кім?» – деген сұраққа: «Менмін», – деп жауап береді. Есіктің ар жағынан: «Бұл үйге Менімен Сен сыймайсың», – деген дауыс естіледі. Есік жабық қалпында қала береді. Ол тақыр далаға кетіп, жалғыздықтың азабын тартып, аузын берік ұстап, күндіз-түні Құдайға құлшылық етеді. Бір жылдан кейін қайтып оралып, есікті тағы қағады. «Бұл кім?» – деген сұраққа, Ол: «Сенсің», – дейді. Сол сәтте есік дереу ашылады». Демек, тек «мендік» толығынан Құдайлықтың шеңберінде еріп-сіңген кезде ғана адам рухтың ең биік сатысына көтеріліп, Алланың құшағына қосылады.

Сопыларды ресми мешіт алғашқы ғасырларда қанша қудаласа да, қарапайым халық арасында олардың беделі өсе берді. Олар Құранның аяттарын, шариғаттың қағидаларын түсіндіріп қана қоймай, дінді философиялық тұрғыдан тереңдете білді. Сопылардың ойынша, **Шариғатты** терең игеріп, оның талаптарын бұлжытпай орындау – ол Құдайшылдықтың **бірінші сатысы** ғана.

Өйткені адамның сыртқы іс-әрекеттері мен оның ішкі пиғылы, ниеттері бір-бірінен тіпті алшақ болуы да мүмкін. Құдайлыққа өтудің екінші сатысында адам осы екі ортада ешқандай қайшылықтар болмауы үшін іс-әрекеттер жасауы керек, ол Алла тағаланың алдындағы ең жоғарғы **адалдық дәрежеге** көтерілуі қажет. Ол үшін адам өзіндік сана-сезіміне өне бойы тереңдей түсіп, оны Жаратушының Құдіретті күштеріне бейімдеуі қажет, бұл – адамның **екінші сатыдан – Тарықаттан** өтуімен тең.

Сопыларды ресми мешіт алғашқы ғасырларда қанша қудаласа да қарапайым халық арасында олардың беделі өсе берді. Олар тек қана Құранның аяттарын, шариаттың қағидаларын түсіндіріп қана қоймай дінді философиялық тұрғыдан тереңдете білді. Сопылардың ойынша, Шариғатты терең игеріп, оның талаптарын бұлжытпай орындау – ол Құдайшылдықтың бірінші сатысы ғана.

Өйткені адамның сыртқы іс-әрекеттері мен оның ішкі пиғылы, ниеттері бір-бірінен тіпті алшақ болуы да мүмкін. Құдайлыққа өтудің екінші сатысында адам осы екі ортада ешқандай қайшылықтар болмауы үшін іс-әрекеттер жасауы керек, ол Алла тағаланың алдындағы ең жоғарғы адалдық дәрежеге көтерілуі қажет. Ол үшін адам өзіндік

сана сезіміне өне бойы тереңдей түсіп, оны Жаратушының Құдіретті күштеріне бейімдеуі қажет – бұл адамның екінші сатыдан – Тариқаттан өтуімен тең.

Үшінші **Мағрифат** сатысында адам дүние, болмыс, тіршілік жөнінде терең тебіреніп, ізденісте болып, олардың бәрінің негізі «бір Аллада» екеніне көзі жетуі керек.

Сонда ғана адам Құдайға, яғни **төртінші саты – Ақиқатқа** көтеріліп, Алла тағаланы жүрекпен сезініп, онымен қауышады. Алайда бұл – сиқырлық, мистикалық қиын жол, ол адамның Құдайды іздеудің жолында күндіз-түні құлшылық етіп, өне бойы рухани ізденісте болуын талап етеді. Сонда ғана оның **ішкі көкейкөзі (интуиция)** ашылып, аян арқылы ол Алла тағаламен сұхбаттаса алады.

Міне, осындай сопылық философияның Орта Азиядағы көрнекті өкілі ретінде **Қожа Ахмет Яссауи** (1094-1167 жж.) бабамызды айтуға болады. Ол халықтың ділінде аса ұлы діни қайраткер ретінде осы уақытқа дейін сақталған: «Меккеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет!» – деген сөздердің өзі оны бізге ашық көрсетеді. Осы уақытқа шейін жеткен негізгі еңбегі – **«Диуани Хикмет»** (Даналық кітабы). Бұл еңбекті, негізінен, адамның рухани даму жолын жарқырытып көрсетіп тұратын шамшырақ ретінде қарауға болады.

Қ.А.Яссауи философиясында қойылған **негізгі мәселе** – ол **адам болмысы**, ал оның өзінің екі жағы бар. Біріншіден, адам – **дене**, оның қажеттіліктері өтелмей өмір сүру мүмкін емес; екіншіден, адам – **рух**, ол – оның басқа тіршіліктермен салыстырғандағы **негізгі ерекшелігі**, баға жетпейтін үлкен қасиеті. Бұл арада Қ.А.Яссауи адамның терең мәнін үзілді-кесілді оның рухани тұңғиығынан іздейді. Бұл көзқарас XX ғ. өмір сүрген неміс ойшылы К.Ясперстің «нағыз адамның өмір сүру ахуалы – рухани ахуал» деген сөзімен үндеседі. Өзінің жас кезіндегі пендешіліктің шырмауында болғанын жасырмай сынай келіп, ұлы ойшыл былай дейді:

«Жиырма тоғыз жасқа кірдім, халім харап,
Ғашық жолында бола алмадым мысал топырақ.
Халім харап, бауыр кәуәп, көз бұлдырап,
Сол себептен хаққа сиынып келдім, міне».

Пендешіліктің (байлыққа, билікке, дене ләззаттарына ұмтылу т.с.с.) жолында адам өз өмірінің мәнін ашып, адамгершілік қасиеттерін сақтап қалуы мүмкін емес: ол жалған жолға түседі.

«Нәпсіге сен ерік берсең, не тілемес,
Еңіресең де Алла саған мойын бұрмас.
Қолға алсаң, жаман құстай қолға қонбас...» – дейді ұлы ойшыл.

Сондықтан Алла тағалаға жақындау жолы – пендешіліктен арылу, нәпсіні тыю. Ойшыл бұл жолдағы өнегелілік мысал ретінде Парсы елі

патшасының ұлы Ибрахим ибн Әдхамды келтіреді. Руми Джалаледдин ол аңыз туралы былай дейді:

«Бір күні Әдхамның сақшылары сарайдың шатырынан айғай-шу естиді. Сақшылар шатырға шығып, сонда жүрген адамдарды ұстап алып, Әдхамның алдына әкеледі. «Мұнда не істеп жүрсіңдер?» – деген сұраққа, олар: «Түйелерімізді іздеп жүр едік», – депті. «Қай заманда кім түйені шатырдан іздеген екен?» – деген сұраққа, олар: «Біз сенен өнеге аламыз, сен тақта отырып, Алла тағаламен жақындасқың келмей ме? Қай заманда кім осындай орыннан Құдайға жақындап еді? – депті. Осыдан кейін Әдхам сарайдан қашып шығып, ел кезіп, дәруіштік жолға түскен екен». Міне, Қ.А.Яссауи Әдхамды өнеге етіп былай дейді:

«Әдхам сипат тақ пен бақтан қашып жүргіл,
Тілек берсең, дүние қызығын тепкім келер».

Сопылық философияның көрнекті өкілі Баязитті де өнеге тұтып: «Шайық Баязит жетпіс рет өзін сатты,
Бұл дүниенің бар қызығын тастап атты», – дейді.

Әрине, мұндай пікірлер кейбір оқырмандардың дүниеге деген көзқарасына сай келмеуі мүмкін. Бүгінгі жеке меншікті қалыптастырып, оны ары қарай дамыту жолында «баю идеологиясы» көп насихатталғаны баршаға мәлім. Саяси тұрғыдан алғанда, ол керек те болған шығар, өйткені бұрынғы Кеңес Одағындағы өндірісті жаппай мемлекеттендіру адамдардың өндірісті дамытуға деген ынталарын су сепкендей басып, өндіргіш күштерді тоқыратқан болатын. Негізінен, сол себепті ол қоғам да құлдырап, келмеске кетті емес пе? Алайда тек дүние қуу жолында дұрыс қоғам орнату мүмкін бе? Әрине, жоқ. Бұл жөнінде Қ.А.Яссауи былай дейді:

«Дүние менікі дегендер, жаһан малын алғандар –
Құзғын құстай арамға белшесінен батқандар.
Молда, мүфти болғандар, жалған жала жапқандар,
Ақты қара қылғандар – ол тамұққа түседі.
Қазы, имам болғандар, нақақ жала қылғандар –
Есектей болып жегіліп, жүк астында қалады.
Пара алған әкімдер, арамдықпен жүргендер –
Өз бармағын өзі шайнап, өкінішпен қалады».

Ол өз заманындағы рухани-адамгершілік ахуалға көңілі толмай, ондағы кемшіліктерді қынжыла сынайды:

«Үлкен-кіші адамдардан **әдеп** кетті,
Қыз, келіншек, нәзік жаннан **ұят** кетті.
«Ұят барда **иман** бар», – деп Расул айтты...
Ғажап сұмдық заман болды, достар.
Ел, дүние, халқымызда **қайырым** жоқ,
Патша мен уәзірлерде **әділет** жоқ...
Түрлі бәле халық үстіне жауды...».

Шамасы, Қ.А.Яссауидің өмір сүрген заманы ерте феодалдық қатынастардың қалыптасып, қарқынды даму, таптық қатынастар қайшылықтарының артуы кезеңі болса керек. Енді бүгінгі күнге көз жіберсек, «қазы, имам болғандар» (қазіргі соттар), «пара алған әкімдер», «ар-ұждан, әдеп, ұят, имандылық, қайырымдылық, әділеттілік» т.с.с. рухани құндылықтардың құлдырауы Қ.А.Яссауидің заманына ұқсамай ма екен? – деген ащы сұрақ ойымызға келеді.

Жоғарыда қойылған сұраққа жауап беру үшін, біз қысқаша болса да, өткен жақын тарихқа көз жіберуіміз керек. Кеңес өкіметі бүкіл ұлттық байлықты мемлекеттендіріп, жеке меншікті түбірінен опырып, оның иелерін қуғын-сүргінге ұшыратып, қоғам өміріне тұрпайы теңдік принципін енгізген болатын. Мұндай жағдайда адамдар ерікті еңбек етіп, өз қалауынша өмір сүре алмай, ішінен тынып, екіжүзділікке, айтылған сөз бен ой арасындағы алшақтыққа баруға мәжбүр болды. Енді, міне, үш ұрпақ бойы (75 ж.) жаншылған еріктікке деген ынта, ырық тұрпайы социализмнен бас тартқан кезде, өзінің арнасынан шығып, қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарына өзінің теріс әсерін тигізді. Көркемдеп айтсақ, көп жылдар бойы беті жабық ыстық қазанның ішінде жиналған бу үлкен жарылысқа әкеліп, қоғамның біршама рухани іргетастарына зақым келтірді. Сондықтан да мемлекеттік меншікті жекешелендіру басталған кезде біршама байлық «тістегеннің аузында, ұстағанның қолында» кете барды, лезде бай, өте бай адамдар пайда болып, халықтың көпшілігі кедейленіп, біршама бөлігі тіпті қайыршылық жағдайға кез болды. Кеңес заманында шын билікке жете алмай, Мәскеу партократтарының қолшоқпарларына айналған, сол рухта ондаған жылдар бойы тәрбиеленген көптеген шен иелері жаңа ғана қалыптасып жатқан мемлекеттің шеңберінде өздерін бүкілұлттық сана-сезімнің, талаптардың деңгейінде ұстай алмай, өз қамын ойлауға, жемқорлыққа көшкендерінің негізгі себебі де осында жатса керек. Қ.А.Яссауи бабамыздың сөздерімен айтсақ, сол кезде пендешілік руханияттан басым болып, «өзімшілдік», қоғамдық мүддемен санаспаушылық өз тойын тойлады.

Бүгінгі таңда, мемлекетті басқаруға жаңа ұрпақтар легі келген кезде, нарықтық қатынастар бірте-бірте заңды жолға қойыла бастады да, сол себепті қоғамдық ахуал да басқаша өзгере бастады. Қазіргі **басты** міндеттердің бірі – қоғамның **рухани** өмірін **жандандырып, адамгершілікті басым** ұстау болып отыр. Сонда ғана қоғамның **бірлігін нығайтып**, қарапайым адамдардың өмірге деген ынтасын арттыруға болады. Ал оның өзі біздің **бостандығымыздың** іргетастарын **нығайтып**, бүкіладамзаттық қауымның шеңберінде **абыройлы** орын алуға мүмкіншілік береді. Расында да, адам бұл өмірде жалғыздан-жалғыз өмір сүрмейді, менің еркімнің шеңбері екінші

адамның еркінің аумағына жеткен кезде тоқталуы қажет. Белгілі француз ойшылы Ж.П.Сартр айтқандай, «**еркіндік** дегеніміз, адамның басқалардың алдындағы **жауапкершілігінің ауыр жүгі**». Біреу күйзеліс пен зардап шегуде болған жағдайда, екіншінің дәулеті қанша тасығанымен, бақытты болуы мүмкін емес.

Қ.А.Яссауи бабамыздың даналығы – қоғамдағы күйзелістен шығу жолдарын қайсыбір зорлық-зомбылықтан, қантөгістен, төңкерістен іздемеуі. Ол Сократтың «өзіңді тани біл», Будданың «ең ұлы жеңіс – адамның өзін-өзі жеңе білуі» деген қағидаларына жақын жолды ұстайды:

«Залым егер жәбір қылса, **Алла** дегіл,
Қолың жайып, дұға оқып, мойын сұңғыл.
Құдай тілек бермесе, **сабыр** қылғыл,
Хақтан естіп бұл сөздерді айттым, міне».

«Сабыр түбі – сары алтын» деген халықтың нақыл сөзі осы Яссауидің жоғарыдағы ойларымен үндесіп жатыр. Адамзаттың өткен жазулы тарихында зорлық-зомбылықтың негізінде бақытты қоғамды орнатқан бірде-бір ел аталмайды. Керісінше, зорлық қарымына одан да өрескел зұлымдықты тудырады. «Жек көру ешқашанда жеккөрушілікпен тоқталмайды. Тек жеккөрушіліктің жоқтығы ғана жеккөрушілікті жояды», – деген екен ұлы Будда. Зорлық-зомбылықтың жолымен жер бетінде жұмақ – коммунизмді орнатқысы келген большевиктер қоғамды қандай күйзеліске әкелгенін өткен жақын тарихымыздан жақсы білеміз. Бүгінгі таңда бүкіладамзаттық деңгейде соғысты, зорлық-зомбылықты болдырмау, әр болуы мүмкін шиеленісті **бейбіт жолмен шеше білу**, жеке адамның құқықтарын басымды орынға қою мәселелері үлкен орын алып отыр.

Қ.А.Яссауидің қойған **пендешілікті шектеу, нәпсіні тыю, руханиятты жоғары ұстау, қанағатшылыққа келу** мәселелері бүгінгі жер бетіндегі өмір сүріп жатқан адамзат қауымына өзінің **өзектілігімен танылуда**. Әрине, арада сан ғасырлар өтті, өндіргіш күштер ол заманда түске де кірмейтін ғажап биіктіктерге көтерілді, бірақ, сонымен қатар қоғамның рухани-адамгершілік саласы да сондай биіктіктерге замғады деп айта алмаймыз. Әрине, бұл сала да бір орнында қалған жоқ, онда да алға жылжушылық байқалады, бірақ оның даму қарқыны материалдық саламен салыстырғанда анағұрлым **төмен**. Нәтижесінде, дамыған елдер бүгінгі таңда өз халықтарына материалдық жағынан қандай биік тұрмыс деңгейін жасағанмен, миллиондаған адамдар өз өмірінің терең мән-мағынасын таба алмай, ішімдікке, нашақорлыққа, қылмыстыққа т.с.с. бұрмаланған өмір жолына түсуде. **Тойымы жоқ** қоғамда қанша мол материалдық игіліктер өндірілсе де, өне бойы **жетіспеушілік** байқалады. Сондықтан да осы елдердің көш басындағы АҚШ

мемлекеті өз шекарасынан ондаған мың шақырым алыстағы жерлерді «өз ұлтының мүддесі бар аймақтар» деп жариялауда...

Қорыта келе, Қ.А.Яссауи бабамыздан қалған идеяларды бүгінгі адамзаттың рухани-адамгершілік күйзелістен шығу жолында іске жаратуға болатындығына біз кәміл сенеміз.

§ 4. XV-XVIII ғғ. қазақ жырауларының шығармашылығы

XV ғ. қарай тарихының тамыры көне заманға кететін түркі тайпаларының өмірінде елеулі өзгерістер басталады. Мыңдаған жылдар бойы лек-легімен сонау Байқал көлі мен Алтайдан бастап Балқан тауларына шейін ағылған, ерікті өмір сүрген, басқа белгілі бір жерлерде орын тепкен мемлекеттердің аузы батпаған, керісінше, сол мемлекеттерді әрқашанда қорқынышта ұстаған көшпенділер тарихының сарқылу кезеңі басталады. Өйткені осы кезде дүниежүзілік тарихта, нақтылай келе, Еуропа топырағында, Жаңа дәуірге өту кезеңі – Қайта өрлеу заманы басталады. «Ұлы мәртебелі Табиғаттың» балалары – көшпенділер – өзінің өмір аясының сарқыла бастағанын ішкі көкейкөзімен болса да бірте-бірте сезіне бастайды: садақ пен найзаның, шоқпар мен білектің күшінің мүмкіншілігі азая түседі. Батыс қоғамдарында машиналық өндірістің негіздері қалыптаса бастайды, зеңбіректер мен мылтық оқтары соғыс техно-логиясын күрт өзгертеді.

Әңгімені нақтылай келе, Еуразия топырағына келер болсақ, Алтын Орда мемлекетінен екі ғасыр бойы салық жинап келген Мәскеу князьдығы, барлық орыс жерлерін қол астына біріктіріп, күшейіп, Шығысқа қарай қол сұға бастайды. Ежелгі түрік бабаларымыз иемденген Еділ мен Жайықтың екі ортасындағы жайылымдарға үлкен қауіп төнеді. Ал Шығыс жақты алар болсақ, Түркі тайпаларынан кейінгі Азияның ұлы көшпенділері – ойраттар да Қытай жағынан қысылып, бері қарай жылжи бастайды. Ал мұның өзі XVIII ғасырда екі көшпенді халықтың бір-бірімен маңдайларымен соқтығысуына, олардың тарихында болмаған қантөгіске, апатқа әкеліп соғады. Әрине, бұл қақтығыс жаңа ғана күшін алып, Шығыстағы жаңа жерлерге қолын сұға бастаған Ресей мемлекеті мен Қытай әміршілерінің мүдделеріне сай келгені сөзсіз еді. Ал енді Орта Азиядағы жерге отырып, тұрақтанып, халықтық дәрежеге көтерілген түбі бір түркі ұлыстары да көшіп-қонған, әлсіреп жатқан өз ағайындарына – көшпенділерге – қысым жасай бастайды.

Сол себепті Жәнібек пен Керей бастаған көшпенді тайпалары олардан үзілді-кесілді бөлініп, қазіргі Қазақстан жерінде **өз мемлекеттігінің** туын тігеді де, өзінің жаңа этнониміне – **«қазақ»** деген атқа ие болады. Алайда «...елдің басы қосылған соң да, бұрыннан бар ру-тайпалық құрылым, сондай-ақ шаруашылық типі мен мәдениет дәстүрлер жүйесі

негізінен сақталады» (Н.Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы. Атамұра, 1999, 211б.) Оның себебі – көшпенділік өмір формасының қайсыбір **өзгеріске ұшырамауында**, оның **консервативтік** табиғатында болса керек. Әскери-демократиялық деңгейде, одан асса, ерте феодалдық қатынастардың негізінде өмір сүретін көшпенділер сол байырғы бытыраңқы жағдайда қала берді. «Ал әр ұлысқа кіретін әр тайпа, әр ру жалпақ елге ортақ күн туған кезде болмаса, өз ноқтасын өзі ұстап, ешкімге билік бере қоймайды. Бұл оғыз, тіпті қазақ хандығы тұсында да қала берді» (Ә.Кекілбаев. Түркістан тағлымы. Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2000 ж., 3б.). Жоғарыдағы көрсетілген **жаңа геосаяси жағдайларға**, жалпы алғанда, жер бетінде қалыптаса бастаған **Жаңа дәуірдің талаптарына сай жауап** қайтару үшін, шынайы **ел тұтастығы, халық бірлігі** қажет еді. Бірақ ол іске аспады, тіпті Абылай ханның заманында, елге қатерлі қауіп төнген кездің өзінде бүкіл қазақтың басы бірікпеді. Ұлы Шыңғыс ханның өз уақытында құрған алып «Алтын Орда» империясының да түбіне жеткен әлсіз жері – осы өзіне-өзі жеткілікті, бір-біріне күні түсе бермейтін көшпенділік өмір салты, соның негізінде қалыптасатын **бір орталық билікке бағынбаушылық**, оны керек қылмаушылық еді. Әрине, Сарыарқа даласының ойшыл-даналарының балтырын сыздатқан негізгі мәселе, міне, осы болатын.

XV-XVIII ғғ. дүниеге келген **философиялық** ой-толғаулар, негізінен алғанда, **жыраулық** түрде таралып өмір сүрді. Өйткені көшпенділердің арасында сауаты ашылған, жазылған сөзді оқитын адамдардың саны көп болмай, олар көбіне ақсүйектерге ғана тән болатын. Қарапайым сөзбен жеткізілген ой біреуден-екіншіге тарау жолында өзгеріп, алғашқы мәнмағынасын тез жоғалтатыны баршаға мәлім. Тек қана **өткір де терең, нақышына келтірілген** өлең шумақтары адамның ақыл-ойымен қатар, оның сана-сезіміне өзінің зор әсерін тигізіп, халықтың жадында сақталып, оның дүниеге деген көзқарасы мен іс-әрекетіне өзгертулер енгізе алды. Жалпы алғанда, бұл тек қана қазақ халқына ғана тән нәрсе емес. Қай заманда да, қай халық өз поэзиясын жан-тәнімен сүймеген, ол әрқашанда адамның жан-дүниесін билейтін әміршісі емес пе?! XX ғ. өмір сүрген неміс философы М.Хайдеггердің өз өмірінің соңына қарай поэзияға бетбұрыс жасап, болмыс жөніндегі нағыз терең ойларды ұлы өлеңшілердің шығармаларынан іздегені осыған байланысты болса керек. Сол себепті де біз қазақ халқының қалыптасу жолындағы терең философиялық мәселелерді жыраулардың шығармашылық жолдарынан іздеуіміз керек.

Қазақ халқының ақын-жырауларының ішінен аса көрнекті тұлғалар ретінде **Сыпыра** жырауды (XIV ғ.), **Асан** қайғы, **Қазтуған Сүйінішұлын** (XV ғ.), **Доспамбет** пен **Шалкиіз** жыраулардың (XVI ғ.),

Жиембет пен **Марғасқа** жырауларды (XVII ғ.), **Ақтамберді** мен **Тәтіқара**, **Бұқар** жырау мен **Шал** ақынды (XVIII ғ.) атап өтуге болады.

Сыпыра жырау Тоқтамыс хан билеген сұрапыл күңгірт уақытта өмір сүрген жырау болса керек. Ол тарыдай бытыраған, басы бірікпеген халықты бірлікке шақырған, аңыздар бойынша «тоғыз ханды түзеткен» тұлға болған. Бейбіт өмірді уағыздаған ақын, өткен баяғы заманды аңсап былай дейді:

«Отырушы едік жайласып,
Шалғында бие байласып,
Құлын-тайдай ойнасып,
Иіндесіп, сырласып...».

Қандай қиын заманды халық басынан өткізіп жатса да, Сыпыра жырау оның жарқын болашағына сенеді:

«Көп ішінде сөйлесем,
Жас жігіт саған қарасам,
Қара лашын тұйғынсың.
Асылыңа қарасам,
Құс алатын қырғысың.
Қызыл тілге келгенде,
Сар садақтың оғындай,
Көлденеңдеп зырғысың», – деп сүйсіне қарайды.

XV ғ. өмір сүрген **Қазтуған Сүйінішұлы** – Еділ мен Жайық арасын мекендеген ұлыстарды өмір бойы бірлікке шақырып, ел-жұртына тыныштық, бақ-дәулет тілеген жырау.

«Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақ ала ордам қонған жұрт», – деген ақынның екі жолынан, бір жағынан, оның халқына деген махаббатын, екінші жағынан, оның оған деген аяныш сезімін байқауға болатын сияқты. Жырау өзінің жеке өмірін халқының тағдырымен ажырамастық тұрғыдан қарап:

«Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт», – деп оны биік бағалайды.

Жырау өз жұртын Отанды сүюге, ата-бабалардың ғұмыр кешкен айнала ортасын әлпештеуге, оны қорғауға шақырады. Оның қадірін ол мынандай өлең жолдарымен суреттейді:

«Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салулы менің ордам қонған жер...
Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер...».
«...Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған», – деген шумақтардан біз оның өз Отанына деген шексіз махаббатын көре аламыз. Мұндай әсем табиғатта өмір сүріп жатқан елдің

«... Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең», – дейді ақын. Бұл сөздерден біз «дала демократиясының» шеңберінде ерікті өскен жыраудың қоғамдық қатынастардың қандай болуы тиістігі жөніндегі ой-арманын байқаймыз. Бірақ елде тыныштық жоқ, қырғын-тартыс ешбір толастамайды:

«Бекіре ойнар ақ Жайық,
Бес қаруын асынып,
Батырлар жауға жортқан жер...
Көрінген мынау көк Нарын,
Ойран салып өткен жер», – деген жолдардан жыраудың, бір жағынан, дала батырларының ерлігіне сүйсіне, екінші жағынан, тоқталмайтын тартысқа өкіне қарайтынын сезгендейміз...

XV ғ. аса көрнекті жыраулардың бірі – **Асан қайғы**. Оның есімі ғасырлар бойы халықтың жадында сақталып, аңызға айналып кеткен. Жырау өмір сүрген уақыт – Алтын Орда мемлекетінің ыдырап, жаңа қазақ хандығы мемлекеттігінің қалыптаса бастау кезеңі болатын. Міне, Асан қайғы – осы күрделі де жауапты іске атсалысып, жаңа мемлекеттің іргетасын қаласқан ұлы тұлға. Халықтың қамын көп ойлап, сол кездегі ел басындағылардың кемшіліктерін, кейбір тайыздықтарын көрсетіп, оларға ақыл беріп, дұрыс жол сілтегені үшін оны халық Асан **қайғы** деп атап кеткен. Жырау өзінің ішкі көкейкөзімен болса да халықтың тарихындағы шешуші кезең келгенін сезіп, жаңа мемлекеттілікті құру жолында кетіп жатқан қателіктерді әшкерелеп, Жәнібек ханға былай дейді:

«... Ай, Жәнібек хан!
Айтпасам білмейсің,
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызып, терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Өзеуреп неге сөйлейсің?».

Әрине, мемлекетті құру үшін халықтың алып жатқан жерін анықтап, оны қорғай білу керек, оны жырау жақсы түсінеді. Ал «қымыз ішіп, қызарып» деген жолдары тіпті қазіргі заманға дейін өзекті: бүгінгі халық тарихының шешуші кезеңінде, осындай ауқымды көлемде қазақ жерінде тарихи алғашқы рет халықтың басы бірігіп, жаңа заманға сай мемлекеттілігін орнатып жатқан кезде, қаншама ірі-кіші лауазым иелері әлі де болса өз қалтасын мемлекеттің қазынасымен шатыстырып, «мастанып, қызып», қызмет бабын өз мүддесіне жаратып, жаңа

мемлекеттің абыройына нұқсан келтіруде! Бұл да ұлы жыраудың даналығын көрсетеді.

Ал «Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлде жүр еді.
Аңдысып жүрген көп дұшпан,
Еліңе жау боп келеді», – деген жолдардан жыраудың қазақ халқының болашақтағы қалмақтармен қақтығысын, бодандыққа ұшырайтынына алаңдап, сезгені сияқты ой келеді. Ол жаулардан құтылудың негізгі жолы – бейбіт өмірді қамтамасыз ету.

«Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа», – деген ақыл айтады ұлы жырау. Қазақ халқына нағыз керек нәрсе – ол **ел бірлігі**, рулар мен тайпалардың арасындағы тартыс, қантөгіске тыйым салу.

«...Есенің де, тірің де,
Бір болыңыз бәріңіз!» – деп ұран тастайды Асан қайғы.

Асан қайғы халықты бірлікке шақырып қана қоймай, оны қалай қамтамасыз ету керектігін талдайды, ел бастайтын топты халық қамын ойлауға, әділеттілікке шақырады.

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтып күн көрер...
Хан мен билер қысқанда, халық қайтып күн көрер?
Онда халық түнерер. Халыққа қысым күш берер,
Халықтың кегі күшке енер», – деп, ұлы жырау үстем тапқа халық атынан **қатты ескерту** жасайды.

Сонымен қатар Асан қайғы қоғам өміріндегі моральдық қағидаларға да көп көңіл бөледі. Оның ойынша, әділдік – өтірік-өсекпен, алдау-арбаумен қабыспайды; даналық – өткен күндегі шындықты іздеу; қорқақтық – жау мен жауыздың алдында қашқақтау; зұлымдық – әлсізге жәбір көрсету; ақымақтық – айтқан ақылға көнбеу; т.с.с.

Асан қайғы – қазақ жерінен шыққан **алғашқы утопист.** Елдің ауыр тұрмысы, табиғат қатаңдығы, оқтын-оқтын болатын жұт, аштық т.с.с. оны қатты күйзелтеді. Табиғатқа қарсы тұру, оны өзгерту керектігі сияқты Батыс қоғамдарында пайда болған идеялар көшпенділерге тән нәрсе емес еді. Сондықтан ұлы жыраудың назары **«жерұйықты»** іздеуге бағытталады. Оның суы – сүт, топырағы – май, тасы – алтын, онда халық зардабы, соғыс, тартысқырқыс дегендер жоқ, бай да, кедей де жоқ, бәрі де – жеткілікті, бәрі де – бақытты. Ол мұндай «жұпар қорығын» өмір бойы іздеді. Ол, әрине, қай халықтың да бақытты өмірді аңсаған армандарының бір көрінісі еді.

Жоғарыда көрсетілген ой-толғаулар **XVI ғ.** өмір сүрген жыраулардың шығармашылығында өз жалғасын тапты. Бұл кезеңнің көрнекті

өкілі өмірден жастай кеткен **Доспамбет** жырау болды (30 жасқа келгенде, Астрахан маңындағы бір шайқаста қаза табады). Оның толғауларынан өткен әскери-демократия кезеңіндегі көшпенділердің ерік пен теңдік, өз елін қорғаудағы ержүректік қасиеттерін мадақтап, мақтаныш еткенін байқаймыз.

«...Айнала бұлақ басы тең,

Азаулының Стамбулдан несі кем? – деген сұрақ қойып, олай болса:

«...Ер Доспамбет ағаның Хан ұлына несі жоқ,

Би ұлынан несі кем! Тәңірінің өзі берген күнінде,

Хан ұлынан артық еді менің несібем!» – деп, өзін ең жоғары тұрған тұлғалардан кем санамайды. Шіркін, осы белгілі бір орталыққа бағынбауды мойындамайтын еркөкіректік болашақта халықты қандай апатқа әкелетінін, әрине, ол сезіне алмады: айнала қоршаған әлеуметтік ахуал оны мүмкін қылмады.

Ел-жұрт үшін ерлік жасағанын мақтаныш етіп, өз өмірінің әрбір күніне қанағат етеді:

«Тоғай, тоғай, тоғай су. Тоғай қондым өкінбен,

Толғамалы ала балта қолға алып,

Топ бастадым, өкінбен. Бүгін-соңды өкінбен,

Ер Мамайдың алдында Шахид кештім, өкінбен».

Жыраудың ойынша, әңгіме бұл өтпелі фәниде ұзақ та солғын өмір кешуде емес, оны мазмұнды өткізуде. Яғни ол, – қазіргі тілмен айтсақ, **өмірден алу**, иелену, байлыққа масаттану **емес**, керісінше, болуды аңсаған ержүрек батыр.

XVI ғ. көрнекті жырау **Шалкиіз Тіленшіұлы** болды. Жыраудың ой-толғаулары ел-жұртты қорғау, адамның қысқа өмірін той-думанмен өткізу, әлсізге қол ұшын беру т.с.с. әдеттегі тақырыптарға арналса да, өзінің ерекшеліктерімен сипатталады. Мысалы, халықтың белгілі бір орталық билікке бағынуы керектігі. Темір биге арналған толғауында жырау:

«Сен алтынсың – мен пұлмын,

Сен жібексің – мен жүнмін,

Сен сұлтансың – мен құлмын», – деп, оның лауазымын мойындайды. Басқа жағдайда өзара қырылыс-тартыстың жойылмайтынына оның көзі жетеді. Жыраудың ойынша, халықтың бірлігін арттыратын – жақсылық жолы, сондықтан ол: «Жығылғанды тұрғыз, жылағанды уат, қисайғанды түзет», – дейді.

Көшпенді замандағы ер жігіттің аяулы да нәзік қысқа өмірін толғай келе, Шалкиіз **діни бейсаналық (иррационализм)** бағытын ұстайды. Жыраудың ойынша, бәрі де Тәңірдің жазғанымен болады:

«Жапырағы жасыл жаутерек,

Жайқалмағы желден дүр.

Төренің кежігуі елден дүр.
Байлардың мақтанбағы малдан дүр...
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан дүр».

Адамды аспанға көтеретін де, құзға құлататын да – Тәңір. «Тең атаның ұлы едің, дәрежеңді артық етсе – Тәңір етті», – дейді жырау. Мұндай көзқарастың жұрнақтары осы күнгі қазақтардың да бойында бары сөзсіз. Өмірі толығынан қауіп-қатерге толы, ертеңгі күні не болатынын білмейтін көшпендінің дүниесезіміне мұндай өмір философиясы оған тірек болып, оны батырлыққа итерді.

Табиғат және оның ажырамас бөлігі – **адам** – Шалкиіздің шығармашылығының өзекті тақырыбы. Қазіргі тілмен айтсақ, жырау – **философиялық антропологизм** бағытын ұстаған ойшыл. Адам – табиғаттың төл туындысы, сондықтан ол оның қасиеттерін табиғатпен салыстырып қарайды.

«Алма мойын сам үйрек,
Ана Еділден көксеген.
Көлді тастап қырға ұшса,
Бір тарланға жолығар!...». Сондықтан ер-жігіттер әрбіреуі әр жаққа тартпай, біріккенде ғана елді жаудан аман сақтап қала алады:

Атаның ұлы ерлерге,
Малыңды бер де, **басың қос**.
Басыңды қос та, бек сыйлас,
Күндердің күні болғанда,
Басың жауда қалар ма!» – деп қорытады жырау.

Шалкиіздің ойынша, адамдар өз табиғаты бойынша жамандар мен жақсыларға бөлінеді:

«Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса,
Қоңқалаған көп жаман, сол жақсыны көре алмас...».
«Құсты жисаң бүркіт жи, қыстауыңды түлкі етер.
Бір жақсымен дос болсаң, азбас, тозбас мүлік етер,
Бір жаманмен дос болсаң, күндердің күні болғанда,
Жұмыла ғаламға күлкі етер», – дейді ақын.

Бұл дүние өтпелі, «...мынау жалған дүние, кімдерден кейін қалмаған», – дейді жырау. Сондықтан адам бұл дүниедегі қызықты тегіс көріп, өмірді думандатып өткізуі керек. Бірақ оның да өлшемі бар: «...Жүйрікпін деп мақтанба, О-дағы бір құба арланға жолығар,
Еріккенде қызыл тілін тыймаған, О-дағы бір пәлеге жолығар.
Салмақтама немеңді,... Тәңірі тесер төбеңді!» – деп, жырау адамды өлшемдікке, ұстамдыққа, әдет-ғұрыпты бұзбауға шақырады.

Тарих сахнасына келген **XVII ғ.** әлі басы бірікпеген қазақ халқына жаңа қиындықтар әкелді. Бір жағынан, күннен-күнге күшейіп келе жатқан Ресей мемлекетінің суық лебі бұрынғыдан да гөрі айқын сезіле бастаса, екінші жағынан, осы ғасырдың бірінші жартысында Шығыста жатқан жоңғарлардың ру-тайпалары бастарын біріктіріп, өз хандығын дүниеге келтіреді. Шығыста жатқан Қытай мемлекетіне бата алмаған қалмақтар өз өрісін қазақ жерлерін жаулап алу арқылы кеңейткісі келді. Осыдан қазақ халқының басына орасан зор қауіп туады. **1723 ж.** ойраттар қазақ жеріне бас салып, бытырап жатқан қазақ руларын орасан зор күйзеліске ұшыратады, халықтың үштен бірі қырылып, қыруар мал жау қолына түседі. Халықтың санасындағы бұл апат **«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»** деген атпен тарихқа кірді.

Әрбіреуі өз жағына бұратын қазақ билерінің есі енді ғана жиналып, жоңғарларға төтеп беру үшін **біріге бастады**. Мұндай қауіп-қатер туған жағдайда халық өз ішінен ұлы саясаткер-билерді: **Төле, Қазыбек, Айтеке** т.с.с. тудырды. Халық арасынан Отан үшін өз жанын беруге даяр **Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Жәнібек, Қарасай** т.с.с. мыңдаған батырлар шығып, халықтың басын біріктірді. Шешуші кезең де келіп қалды. **1730 ж.** Балқаш көлінің төңірегіндегі шайқаста қазақтар жоңғарларға ойсырата соққы беріп, күйрете жеңіп, өз жерін жаулардан босатты. Халық бұл шайқасқа **Аңырақай жеңісі** деген ат қойды.

Әлсіреген қазақ халқы екі жаққа бірдей тойтарыс бере алмады. Сондықтан осы кезден бастап, Ресей қазақ жерлерін өзіне қоса бастады.

Міне, жоғарыда көрсетілген ауыр қайғы-зардапқа толы тарих кезеңдері халықтың өзіндік сана-сезімін жаңа деңгейге көтерді. Сол уақытта өмір сүрген жыраулардың, ойшыл-билердің де шығармаларындағы халық тарихы, тағдыры жөніндегі ойлары пісіп-жетіліп, жаңа сапалық деңгейде көріне бастады.

Осы кездегі жыраулардың ішінен **Ақтамберді, Үмбетей, Қожаберген, Бұқар, Шал ақынды** ерекше атауға болатын сияқты. Сол кездегі халықтың ауыр жағдайы, арманы мен мұңы бұл жыраулардың шығармаларында кеңінен орын алды. Өкінішке қарай, оқулықтың көлемі жыраулардың бәріне де тоқтауға мүмкіншілік бермейді.

Бұл дүниеде ұзақ өмір сүріп, XVII ғ. екінші, XVIII ғ. бірінші жартысын қамтыған жыр алыбы **Бұқар жырау** болды. Жырау өмірінің жас кезінде Тәуке ханның жанында болса, өмірінің соңында – Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі. Сол кездегі сұрапыл заманды жырау былайша суреттейді:

«Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай...

Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай», – деген жолдардан сол кездегі халық тағдырындағы қайғылы да күңгірт ахуалды көзге елестетуге болады.

Осы ақынның сөзімен айтсақ:

«Асан атты іспетті
Ен жайлауынан көшкен жұрт.
Зар илеп, баспай өксікті,
Ауыр күнді кешкен жұрт», – дейді. Ол неге соншалықты қамықты, оның себебі неде болды деген сұрақ қойсақ, оған жырау былайша жауап береді:

«Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт.
Сабыр етпей сандалып,
Сайда көшіп, жортқан жұрт.
Өз ағасын сыйламай,
Өзгенің соңынан ерген жұрт.
Ханына **тізгін бермеген**,
Орысқа ырғын болған жұрт.
Ханның ойын білмеген,
Жауына таланып қалған жұрт...
Бірауызды болмаған,
Тозуды тосқан біздің жұрт...». Бұл шумақта жырау халықтың арасындағы бітпейтін алауыздықты, бір орталық билікке бағынбай, оның әлсіз болып қалғанын, сол себепті әрбіреудің сілтеген жағына ауытқып, өз-өзін жоғалтқанына тоқтала келе: **«Өзіңнен-өзің безбе жұрт»**, – деген терең нақыл сөздер айтады.

Сол себепті де, Бұқар жырау барлық жан-тәнімен Абылай ханның бүкіл халықтың басын біріктіруге бағытталған саясатын қолдап, өзінің жыр-толғауларында оның тұлғасын мақтаныш етеді:

«Басыңа біткен күніңіз,
Құтты болсын ұлыңыз.
Хан Абылай атандың...
Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз,
Арманым бар ма, хан ием», – деп, өзінің қанағат еткенін білдіреді. Сонымен қатар жырау елбасының кемшіліктерін әшкерелеп, саяси батылдық көрсетіп, адал ниетпен кейбір уақытта оны қатты сынай білген:

«Ай, Абылай, Абылай,
Ал тілімді! Аласың,
Егер тілімді алмасаң,
Жалғыз жәутік қаласың...».

Абылай хан өлгенде, жырау қазақ халқының орны толмайтын қазаға ұшырағанын терең түсініп, оны жоқтады:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай...
Үш жүздің басын қосқан Абылай!
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай?! – деп зар жылады.

Таңғаларлық нәрсе, Бұқар жыраудың тарихи көрегендігін төмендегі жолдар айқын дәлелдейді:

«Күнбатыстан бір дұспан
Ақырда келер сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты поп...».

Егер сол кезде тіпті қазақ жерінде Ресей мемлекетінің суық желі байқалып тұрған деп есептесек те, боданданған халықты олардың қалай өз еркіне көндіріп, басқаратыны жөнінде айтқан жыраудың сөздері өзінің асқан көрегендігімен адамның жан-дүниесін дүр сілкіндіреді:

«Жемқорларға жем беріп,
Азды көпке теңгеріп,
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына!
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды...». Тарих беттері соңынан толығымен бұл болжаудың даналығын көрсетті. Мына жыраудың геосаяси көзқарастарына көз жіберсек, ол бүгінгі қазаққа да үлкен ой тастайды:

«Шүршітпенен құлақтас,
Қырғызбенен жұбаптас.
Ортасында ұйлығып,
Кетпейін десе, жері тар,
Кетейін десе, алды-артын
Қоршап бір алған кәуір бар.
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы бір қазақ қалды, ойла!». Әрине, бүгінгі таңдағы егемен қазақ елі әлемдегі ең беделді ірі мемлекеттерден өзінің дербестігі жөнінде кепілдік алды. Сонымен қатар біз екі бүйірде жатқан екі алып мемлекет

бар екенін ұмытпай, соған сәйкес ақылды да икемді саясат жүргізуіміз керек, сонда ғана біз жыраудың өсиетін орындаймыз.

Енді Бұқар жыраудың әлеуметтік-саяси көзқарастарынан өтіп, оның **болмыс, адам** туралы ойларына келер болсақ, ол бұл дүниені өтпелі жалған ретінде қарайды. Еш нәрсе бұл дүниеде мәңгі емес, сонымен қатар өмірге келген құбылыс өзінің белгілі бір заңды сатыларынан өтіп барып, дүниеден кешеді:

«Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер.
Айтып-айтпай немене,
Дәуреніңіз аз келер...».

Жыраудың ойынша, адам да, басқа құбылыстар сияқты, өз өмірінің саты-сатыларынан өтеді. Оны ол ғажап шеберлікпен, қазіргі тілмен айтқанда, экзистенциалдық түрде қарайды:

«Балалық он жасыңыз
Балғын өскен құрақтай.
Жиырма деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.
Отыз деген жасыңыз
Таудан аққан бұлақтай.
Қырық деген жасыңыз
Ерттеулі тұрған құр аттай.
Алпыс деген жасыңыз
Күзгі соққан жел екен.
Жетпіс деген жасыңыз
Жетім қалған күң екен...».

Жырау дүниенің қайшылықты екенін, олардың бір-біріне өтіп жататынын басып айтады:

«...Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас демеңіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас демеңіз...».

Жыраудың ойынша, бұл дүниеге келіп, уақыты келгенде, бәрі де кетіп жатыр. Сонымен қатар өлместік дәрежеге жететін бір-ақ нәрсе бар. Ол – адам:

«...Ай мен Күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені –
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында жатқаны.

Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді», – деп қорытады ұлы ойшыл. Тек адам ғана өзінің шығармашылығымен, жақсы істерімен өмірде өзінің ізін қалдыра алады. Сонымен қатар адам өзінің өмірінің соңы болатынын білетін пенде болғандықтан, ол өмірге ешқашанда тоймайды, оның арман-қиялдары, үміті таусылмайды, ол шексіздікке ұмтылған жан:

«Аруды таңдап сүйсе де,
Алтынды үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Арманын қоймас адамзат!
...Қапалы күні қабарып,
Қайғының күні төнсе де,
Үмітін жоймас адамзат!
Жақындап ажал тұрса да,
Жаныңа қылыш ұрса да,
...Өмірге тоймас адамзат! – деп қорытады ойшыл. Бұқар жырау өзінің нақыл сөздерімен, терең де әсем жырларымен «халық атасы» дәрежесіне көтерілген ғұламалардың қатарында қала бермек.

XVIII ғ. қазақ халқының ой-өрісіне жыраулармен қатар өзінің үлесін қосқан дана «қара қылды қақ жарған» **билер** болды. Атақты **Қазыбек**, **Айтеке** мен **Төле** билерді қазақ халқы өз жадында сақтап, олардың қазақ халқының мемлекеттігіне қосқан үлесін ешқашан есінен шығармаған. Сол заманда өмір сүрген Жаңыл ақын:

«Төле би, ер Қазыбек, тілді Әйтеке
Асқартау – Қазықұрттай білімді еді.
Бірі Күн, бірі туған Айдай болып,
Заманға сәйкесімен келіп еді», – деген екен.

Қазіргі тілмен айтсақ, бұл билердің шешімдері адамдардың «табиғи құқықтарына», олардың бір-біріне деген **теңдігі** мен **еріктігіне** негізделген болатын. Сонымен қатар олардың өмір, адамдардың қарым-қатынастары жөнінде айтқан талай-талай нақыл сөздері осы күнге шейін бізді таңғалдырады, олардың әрбіреуі үлкен кітапқа парапар. Мысалы, әйгілі батыр Шақшақ Жәнібек Төле биден ақыл сұрауға келгенде, соңғының айтқаны:

«...Өгізді өрге салма, қанатың талар,
Наданға көзіңді салма, сағың сынар.
Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер,
Дұшпаныңа сырыңды айтпа, түбіңе жетер.
...Тұмар түбі құрт болар,

Тұман түбі жұт болар.
Ақылдың түбі құт болар,
Елге бай емес, би – құт...» – деген екен. Қандай асыл, әрбір адамға керек сөздер! Төле бидің мына айтқан ақылы қазіргі мемлекет басында жүргендердің біршамасына әдейі жазылған сияқты:

«Лауазымың өссе зорайып,
Адалдықты тұншықтырсаң сол айып.
Елді билеп өскеніңнен не пайда,
Рақатыңды көрмесе,
Ағайын мен халайық!
Көпшіл болған ер дана,
Достары болар әр сала.
Өнерліден үлгі алып,
Салдырар сәнді мол қала...».

Ақтабан шұбырындыдан кейін халық тағдырын терең ойлаған Төле би көшпенділік өмір салтының тарихи сарқылысқа түскенін айқын сезінеді. Сондықтан ол халықты **жерге тұрақтандыру** саясатын **алғашқы бастаған** тұлға десек, артық айтпаған болармыз:

«Шығарсам арық қазып, Сырдан бойлап,
Ел болсақ **отырысты** болар еді-ау,
Қыстасақ Алатауды жазда жайлап.
Бір жағымыз **қалалы диқан болсақ**,
Көшпелі, бір жағымыз бие байлап,
Елдерден қатар жатқан **үлгі алайық**,
Болашақ келер ұрпақ қамын ойлап», – деген даналық ойлар айтады. Алайда әлсіреген халық көшпенділіктің шеңберінен өз ішкі күшімен шыға алмады: оған «ұлы мәртебелі Тарих» та уақыт бермеді, тек Ресей империясының құрамына кіріп, сан қилы қиындықтардан өтіп барып, оның бүгінгі егемендікке қолы жетті. Сондықтан әрбір саналы жас өзін қазақ халқының бейбіт, бақытты өмірін арман еткен бабаларының өсиетін жадында сақтап, елді қорғауға, оның бірлігі мен іргетасын нығайтуға белсенді атсалысуы қажет. Ол үшін ең алдымен **терең де сапалы білім** алып, оны шынайы өмірде **пайдалану жолдарын игерген** жөн сияқты.

§ 5. XIX ғ. ағартушылық философия

Қазақ халқының тарихындағы XIX ғ. келер болсақ, Ресей империясының бодандығына өткен елде, сол алып мемлекеттің шеңберінде жаңаша, негізінен, жерде отырып өмір сүру жолдарына икемделу, осы күрделі де қиын жағдайда халықтың өзін-өзі сақтап қалу мәселесі өмірдің алғышарттары ретінде тарихи сахнаға шығады. Халықтың

тарихында бұрын-соңды болмаған мұндай өткір бетбұрыс философия саласында **ағартушылық ағымды** тудырады.

Бұл арада айтып кететін нәрсе – әрбір халық өзінің өмірінің шешуші кезеңдерінде **Тарихтың** қойған жаңа **талаптарына** сәйкес **жауап** қайтаруы керек. Ол үшін ескі құндылықтар жүйесін өзгертіп, дүниеге деген жаңа көзқарас енгізу қажет. Мұндай күрделі істі зиялылар қауымының алдыңғы қатарлы өкілдері жасап, халықтың сана-сезімін өзгертуге тырысады, оны біз «ағартушылық саты» деп атаймыз. Ондай кезең уақытында барлық елдерде болған.

Отандық ағартушылықтың негізгі ерекшеліктерінің бірі – рулық, одан әрі асса, ерте феодалдық қарым-қатынастағы көшпенділік өмір салтын ұстаған халықты жаңа әлеуметтік-экономикалық, саясиқұқықтық жағдайда **болуы мүмкін апаттан аман сақтап қалып**, оның сана-сезіміне **жаңа құндылықтарды** енгізу арқылы оны **жерге тұрақтандыру** болды. Өйткені көшпенділік өмір салтының негізгі факторы – жер көлемі кедейленген орыс шаруаларын қазақ жеріне әкеліп отырғызу саясатының негізінде жылдан-жылға қысқара бастады. Ал мұның өзі күйзелісте тұрған көшпенді мал шаруашылығын толығынан күйретіп, елде аштықпен қатар мыңдаған жылдар бойы созылып келген өмір салты, әдет-ғұрып құндылықтары адамдардың жан-дүниесінен ажыратыла бастады. Бұл біздің ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдардағы тарихында болмаған **«зар заманды»** тудырып, адамдар өз өмірінің мән-мағынасын жоғалтып, қазіргі тілмен айтқанда, экзистенциалдық вакуумге келіп тірелді. Халықтың өзін-өзі жоғалту қаупі туды. Мұндай ахуалда көп жыраулар бұрынғы өткен өмірді көкседі (қазіргі кеңес қоғамын көксеп жүрген кейбір саясаткерлер сияқты).

Алайда Тарих өткен жолдарын қайталамайды, сондықтан өткенді көксеу – тарихи тұйықтыққа әкеліп тірейді. Мұны түсінген халық ағартушылары **Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев** секілді ұлы тұлғалар халықты **жаңа өмірге баулып**, оны **сауат ашуға, білімге, еңбекқорлыққа, белсенді өмір салтына, жасампаздыққа** шақырды.

Қазақ даласындағы ағартушылық көшін бастаған аса дарынды ұлы тұлға **Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов** (1835-1865 жж.) болды. Өзінің қысқа өмірінің шеңберінде ол өте көп істер тындырып, тек қана қазақ халқының өткен тарихын, әдет-ғұрпын, жалпы руханиятын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар сол кездегі нақтылы өміршең мәселелерге атсалысып, қалың бұқараның мүдделерін аса батылдықпен қорғап, соның жолында «аққан жұлдыздай», өкінішке қарай, ерте жанып кетті.

Шоқанның **онтологиялық** (болмыстық) көзқарастарына келер болсақ, ол күнбе-күнгі адамның тәжірибесінен шығатын, сол кездегі

жаратылыстану ғылымдарына сүйенетін материалистік бағытта болды. Оның тікелей болмыс жөніндегі еңбектері болмағанмен, оны біз Шоқанның қазақтардың шамандық (бақсылық) сана-сезімін талдауынан байқаймыз. Шамандықты көшпенділердің алғашқы көне діні ретінде қарап, ойшыл табиғаттың сиқырлы да үрейлі күштерінің осы дінде бейнеленгені жөнінде айтады. Яғни табиғат бірінші де, адамның өзі сол табиғаттың төл туындысы болғаннан кейін, өзінің сана-сезімінде айнала ортаны дұрыс, я болмаса қияли бейнелейді.

Енді ойшылдың **әлеуметтік болмыс** жөніндегі көзқарастарына келер болсақ, оның **«географиялық детерминизм»** бағытын ұстағанын байқаймыз. Қоғамның дамуына айнала қоршаған ортаның жазықтығы, я болмаса тау-тастығы, ауа райы, жер құнарлылығы т.с.с. факторлар жатады. Сондықтан шегі жоқ жазық дала мал баққан көшпендінің енжарлығын, еріншектігін т.с.с. қасиеттерін қалыптастырса, тау мен тасқа толы, сарқырап аққан қаһарлы өзен-сулары бар, неше түрлі қауіпке толы аймақтар, керісінше, адамның жинақтылығын талап етеді. Мұндай көзқарас Батыс Еуропадағы француз ағартушыларының ойларына сай келеді: мұның өзі ойшылдың тек орыс ғалымдарымен ғана емес, сонымен қатар Батыс философиясымен де таныс болғанын дәлелдей келе, оның өз заманының ой-өрісінен қалмағанын көрсетеді.

Олай болмақ түгіл, ол бүгінгі таңдағы мәселелерді тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалы, реформалардың басында ауыл шаруашылығындағы ірі ұжымдық мекемелерді жойып, олардың орнына жеке шаруашылық қожалықтарын орнату саясаты жүргізілді. Әрине, мұндай саясатта елдің географиялық ерекшеліктері ескерілген жоқ. Қазақстан АҚШ, я болмаса Бразилия немесе Франция емес. Енді бүгінгі таңда ғана біз жіберген қателіктерімізді байқап, талдап жатырмыз. Сонау көне заманнан бастап Жаңа дәуірге дейін, елдің сайын даласында тек қана көшпенді мал шаруашылығы ең тиімді шаруашылық формасы болғанын Шоқаннан кейінгі бізге де мойындауға тура келеді. Тек қана индустриялық-машиналық өндіріс пайда болып, өндіргіш күштер зор даму қарқынын алған кезден бастап қана, солтүстік және орталық өңірлерде жерге тұрақтану мүмкіншілігі пайда болып, сол кезден бастап қазақ жерлеріне басқа мемлекеттердің «қызығушылығы» арта бастады.

Шоқан Уәлихановтың **әлеуметтік-саяси, құқықтық** көзқарастарына келер болсақ, ойшыл жан-тәнімен халықтың қамын ойлап, «әділетті басқару» жүйесі арқылы «парасатты реформалардың» негізінде халықтың хал-ахуалын өзгертуге болатынына сенді және оны жақындату үшін барлық күш-жігерін салды. Ол 1862 ж. Атбасар аймағының сұлтан-басқарушы лауазымын жеңіп алу үшін сайлауға түсіп жеңгенмен, патша үкіметі оны бұл орынға бекітпей

қойды. Одан кейін Шоқан «Сот реформалары жөніндегі жазбалар» атты өзінің ғылыми еңбегін жазады. Осы кездегі Ресей мемлекетінде буржуазиялық-демократиялық реформалар қомақты орын алып жүріп жатқанымен, «азиаттық озбырлық», пара алу, заңды бұзу, қарапайым адамның ар-намысын аяққа басу т.с.с. кертартпалықтар бұрынғыдай болып жатты. Сондықтан Шоқан Ресей мемлекетінің құқықтығына зор күмән келтіреді. «Құқықтық мемлекетте заңдардың үстемдігі әрқашанда сақталуы қажет, оны ешкімнің де аттап өтуіне құқы жоқ. Заңдар бұзылған жағдайда жаза әділ сот арқылы берілуі керек», – деп қорытады ойшыл.

Шоқан патша өкіметінің Ресей сот институтын өзгертпеген, бейімделмеген түрде қазақ қоғамының өміріне енгізуіне үзілді-кесілді қарсы шығып, оның негізсіздігін көрсетеді. Ресей заңдары қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың ерекшеліктерін, халықтың тарихи қалыптасқан құқықтық көзқарастарын ескермейді. Шоқанның ойынша, таяу болашақта қазақ даласында үйреншікті, халық алдында абыройы бар билер сотын қалдыра тұру қажет.

Ш.Уәлиханов қазақ халқының **рухани өмірін** зерттеуге де қомақты үлес қосты. Оның даналығы – болашақтағы халықтың рухани жаңаруындағы тарихи қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жыр-дастандардың, аңыздардың, т.с.с. халық туындыларының маңыздылығын ұғып, олардың әртүрлі **түпнұсқаларын қағазға түсіріп**, болашақ ұрпақтарға қалдыру болды. Солардың ішінде **«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Едіге», «Ер Қосай», «Ер Көкше»** сияқты жырлар бар. Туысқан қырғыз халқының аса көрнекті туындысы – **«Манасты»** алғаш рет қағазға түсіріп, оны орыс мәдениет зерттеушілеріне көрсеткен де Ш.Уәлиханов болды. Егер біз орыс ұлы ойшылы А.Ф.Лосевтің: «Қайсыбір халықтың мәдениетінің биіктігі мен шоқтығы оның тарих тудырған аңыздары мен жыр-дастандарының байлығына байланысты», – деген пікіріне құлақ түрсек, Шоқанның бұл еңбегін асыра бағалау өте қиын жұмыс болар. Осы ойларға сәйкес, біз қазақ халқының мәдениетінің әлі талай-талай шыңдарға жететініне күмәніміз жоқ, өйткені оның іргетасы мықты, ол ғажап інжу-маржандармен безенген, мыңдаған жылдарды артына тастап, біздің өмірімізге дейін жеткен – **халық мифологиясы**. Ол – қазіргі қазақ тілі мен мәдениетіне ерекше өзіндік сипат беретін сарқылмайтын бұлақ, рухани тірек.

Ш.Уәлиханов халықтың **діни өмірін** де терең зерттеп, оны ағарту жолында көп еңбек етеді. Ол шамандықты (бақсылықты) көшпенділердің табиғатқа табыну жолында тудырған дүниетанымы ретінде қарайды. Бұл ізденіс жолында халық осы дүниені жаратқан «Тәңірді», адамдарды әрқашанда қолдап отыратын бабалардың рухы – «аруақты» табады. Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанға тарауы

көшпенділердің рухани өмірінің өзгеруіне әкелгенін айтады. «Дегенмен де қазақ дүниесезімінде ислам қағидалары шамандықпен араласып, бір жағынан, Аллаға тағзым етумен қатар, екінші жағынан, отқа табынумен жалғасып жатты», – деп қорытады ойшыл.

Жалпы алғанда, ойшыл ислам дініне теріс көзбен қарайды, молдалар халықты қараңғылық пен надандықтың шырмауынан шығармайды, сол кездегі қазақ жеріндегі мешіттердің көп салынуына алаңдаушылықпен қарап, оларды халықты бодандаудың бір құралы санайды.

Мүмкін, бұл – жаңа бодандық жағдайдағы халықтың өзін-өзі сақтап қалу шараларының бірі болуы да ғажап емес, бірақ Шоқан ондай ойға келген жоқ-ты. Дегенмен оның кейбір терең ойлары бүгінгі таңдағы діни салада болып жатқан күрделі өзгерістерді, соның ішінде мистицизм, діни фанатизм және экстремизм сияқты келеңсіз құбылыстарды сараптауға көмектеседі.

Ағартушылық ағымның көрнекті өкілі **Ыбырай Алтынсарин** (1841-1889 жж.): «Халықты аман сақтап қалудың, жаңа қалыптасып жатқан ахуалға сай келуінің бірден-бір жолы – оның сауаттылығын арттыру, білімін жетілдіру, орыс мәдениеті мен тілін меңгеру», – деп есептеді. Сондықтан ол өзінің барлық күш-жігерін **жаңа мектептер** ашуға, балаларға арналған **қызықты оқулықтар** жазуға жұмсады.

Өзінің дүниеге деген көзқарастарында ол діни бағытта болып, Құдайды мойындағанымен, діни фанатизмге қарсы шығып, шала сауатты қазақ мен Бұхарадан келген молдалардың халыққа тигізетін теріс әсерлерін әшкерелейді. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Жаз», «Өзен» т.с.с. өлеңдері осы күнге дейін өзінің эстетикалық әсемдігі, гуманистік идеялары, тәрбиелік мүмкіндіктерімен білім беру саласындағы жас ұрпаққа оң әсерін тигізуде.

Ағартушылық философияның аса алып тұлғасы **Абай Құнанбайұлы** (1845-1904 жж.) – тек қазақ халқы емес, сонымен қатар бүкіл дүние-жүзілік руханиятта өзінің өшпес ізін қалдырған ұлы ғұлама. 1995 ж. ЮНЕСКО тарапынан ұлы ойшылдың 150 жылдығы бүкіл Адамзат көлемінде атап өтіліп, қазақ халқының мерейін биік шыңға көтерді. Абайтану бүгінгі таңда тек қана қазақ зиялыларының үлесінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние-жүзілік құбылысқа айналды. Соңғы кезде бірталай мәнді де терең зерттеулер жарық көріп, қазақ халқының руханиятының дамуына өз үлесін қосты. Біздің ойымызша, «Абайтану» саласының мерзімді түрде шығып тұратын өз журналының да шығуына көп уақыт қалмаған сияқты. Өйткені біз ары қарай дербес мемлекет ретінде дамыған сайын, Абайдың айтқан терең ойларымен сусындап, өз өмірімізде дұрыс бағыт ұстауға мүмкіндік аламыз.

Әрине, шағын оқулықта Абайдан қалған мұраны жан-жақты сараптау мүмкін емес. Сондықтан біз Абайдың бүгінгі күндегі көкейкесті

мәселелерге байланысты ойларына көбірек көңіл бөлсек дейміз. Қосымша әдебиетті талантты оқырман қиындық көрмей-ақ, бүгінгі кітапханалардан табады. Осы орайда біз белгілі абайтанушы проф. Ғ.Есімнің еңбектерін ерекше ұсынар едік.

Абай еуропалық мағынада айтылатын классикалық білім алған жоқ (университеттерде оқымаған). Бірақ өзінің ішкі жалыны, дүниені, өмірді тануға деген зор құштарлығы мен шабытының арқасында, ол араб, парсы, орыс тілдері мен мәдениетін терең игеріп, өзінің дүниеге деген көзқарасында олардың негізгі нәтижелерін қазақ руханиятымен біріктіре білді. Абайдың шығармашылық еңбегі жан-жақты универсализмдігімен таңғалдырады: ол – ақын, сазгер, философ, аудармашы, құқықтанушы, саясаткер. Уақытында М.Дулатов айтқандай, «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артар». Міне, бүгін сол күндер келді, ал жастарға қойылатын талап – ұлы Абайды мұқият зерттеп, өз жан-дүниесіне сіңіру болмақ. Ол – біздің хакім-ата алдындағы парызымыз.

Абайдың **онтологиялық** көзқарастарына келер болсақ, оны ғажап та терең, өзінің ерекшелігі мен маңыздылығын ешқашанда жоймайтын **діннің шеңберіндегі философиялық антропология** деп бағалауға болатын сияқты. **Жаратқан, Дүние, Адам** – міне, осы үш санат Абай философиясының іргетасын құрайды. Абай өз философиясының осы негіздерін өзінің 38-ші қара сөзінде егжей-тегжейлі талдайды. Дүние Жаратқанның **құдіретті** күші арқылы пайда болып, өмір сүріп жатыр және онда белгілі бір заңдылықтар, мақсатқа лайықтылық бар, соңғылардың негізі **Ғылымда**. Жаратқанның үшінші сипаты – **Хаят**, яғни **Тіршілік** (қараңыз: Абай. Алматы. Ел.,1993, 84 б.). Мұның сыртында Абай тағы Алланың бес сипатын көрсетеді, бірақ олар жоғарыда көрсетілген негізгі үш сипатты нақтылайтын, түсіндіретін құндылықтар. Олар: **Басар (қырағылық), Сәміг (сергектік), Ирада (қалау), Кәлам (сөз), Тәкин (жасампаздық, болмысқа келтіруші)**.

Енді Абайдың **философиялық антропологиясына** келер болсақ, жаратылған **адамның ақыл-ойы, күш-қуаты** бар, ал ол – **Алланың ғылыми құдіреттілігінен** шығатын қасиеттер. Бұл арада ұлы Абай **рақымшылыққа** аса көп көңіл бөледі. Ол да – Алланың сегіз сипатына кірмесе де, Оның негізгі қасиеттерінің бірі, себебі оның аттары Рахман (Жарылқаушы), Рахим (Мейірімді), Ғафур (Кешіруші), Уадуд (Сүюші), Хафиз (Қорғаушы), Сәттар (Айыпты жабушы), Разақ (Ырыздық беруші), Нафиг (Пайда беруші), Уәкил (Өкіл), Латиф (Ілтипатты) – бәрі де рақымшылықты көрсетеді (қараңыз: Абай. Алматы., Ел., 1993, 86 б.).

Абай адамның ерекше пенде ретінде жаратылғанын ескертеді: «Адам баласынан махшарда (о дүниеде. – С.М.) сұрау беретұғын қылып, жаратқандығында һәм ғадаләт, һәм махаббат бар» (аталған әдебиет, 87 б.). Дүниедегі өлі табиғат, тіршілік болсын – бәрі де адам үшін жаратылған: «...Жер – мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер – гүлін, құстар – жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар – етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар – балығын, балықтар – уылдырығын, хатта, ара балын, балауызын, құрт жібегін – һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық» (аталған әдебиет, 88 б.), – деп қорытады ұлы ойшыл. Ал мұның бәрі де Алла тағаланың адамға деген сүйіспеншілігін көрсетеді, олай болса, адам да Жаратқанды барлық жан-тәнімен сүюі керек, сонда ғана ол өз өмірінің мән-мағынасын табады.

Сонымен, адам – ғарыштың өзегі, ерекше пенде. Бірақ, соған қарамастан, ол – шектеулі, өлшемді, ал Алла тағала – өлшеусіз, шексіз. Сондықтан «біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес... өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды» (аталған әдебиет, 83 б.). Біз бұл арада Абай ойының сол кездегі Еуропа топырағындағы ағартушылардан анағұрлым терең екенін байқаймыз: әңгіме дүниенің бәрін қайта өзгертуде емес, ол тәкаппарлыққа, Құдаймен теңесуге деген адам ынтасын туғызып, оны шайтан жолына түсіреді. Сондықтан Абай:

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Тетігін тап та, бар қалан!» – деген ұран тастайды.

Абай – Жаңа дәуірдің перзенті. Сондықтан ол Орта ғасырлардағы ойшылдардың **тақуалық философиясын қабылдамайды**. Оның ойынша, егер барлық адамдар тариқат жолына түсіп, материалдық дүниеден бас тартса, онда «дүние ойран» болар еді. «Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді (аталған әдебиет, 92 б.) деген сұрақ қойып, ойшыл оны Құдай алдындағы күнә ретінде қарайды. Алла тағала дүниені адамға «рақатын көрмегіне бола жаратқан», қазірет Ғосман, Ғабдурахман ибн Ғауф, Сагид ибн Абдукас сияқты Пайғамбардың жақындары да өз байлықтарымен даңқты болған.

Алайда байлықтың да байлығы болады. Кейбіреулер мал жинау, мүлкін көбейту арқылы басқалардан озып, өзін биікке көтеріп, дандайсып кетеді. Екіншілер кемтарларға көмектесу, өзін өзгелерге тәуелді еткісі келмеу үшін баюға тырысады. Соңғы жолды Құдай қалайды. Нағыз адамға тән биіктеу – ол рухани самғау. Адамның абыройы

оның **сыртқы** әсем киімі мен жүріс-тұрысында **емес**, оның **ішкі таза ниетінде**, сол арқылы ғана бізді Құдай таниды. Руханияты биік адам өмірде кездесетін өрескел қиын жағдайлардың өзінде өз абыройын жоғалтпайды. Адамның өз-өзін мадақтауы, басқа адамдарды төмендетуге тырысуы – оның тайыздығын көрсетеді. Абайдың бұл ойлары қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңдағы **нарықтық экономиканың** негіздерін қалыптастыруда Абайдың өз дәуіріндегі айтқан ойлары өзінің өзектілігімен таңғалдырады. Оның ойынша, бақытты өмірге жету адам өз ақыл-ойын, ынтасы мен қабілетін, өмірден алған оң тәжірибесін біріктіріп алға қойған мақсатын жүзеге асыруға жұмылдырса ғана іске асады. Әйгілі «Сегіз аяқта»:

«Болмағын кекшіл,
Болсайшы көпшіл.
Жан аямай кәсіп қыл!
Орынсыз ыржың,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
Егіннің ебін,
Сауданың тегін
үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адам бол – мал тап
қуансаң, қуан сол кезде», – деген ақыл-ойын халыққа таратады.

Халықтың бойына сінген кертартпа қасиет – ол **еріншектік**. Оны Абай **надандық** пен **зұлымдықтың** қатарына қояды.

Абай өзінің 1886 ж. жарық көрген «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» деген шығармасында былай дейді:

«Базарға, қарап тұрсам, әркім барар,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай, аң-таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ,
Біреуден біреу алып, елге тарар».

Бұл шумақтан Абайдың **нарықтық қатынастарды жақтап**, оның ертелі-кеш елге келетінін, сонымен қатар сол кездегі ахуалға көңілі толмағанын байқаймыз. Абайдың ойынша, қайсыбір іскер адам артық пайданы, табысты халық игілігіне, қайырымдылыққа, мұқтаждық құрсауынан жапа көргендерге, кемтар, мүгедектерге, мәдениет пен білімді дамытуға жұмсауы керек. «Тек қана өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған **хайуанның** бірі боласың. Адамшылықтың қарызына еңбек қылсаң, Алланың **сүйген** құлының бірі боласың», – дейді Абай өзінің 37-қара сөзінде. Ешкімге қол ұшын бермей, «Мерседес» мәшине мінгеніне, оқтын-оқтын шетелге барып, сауық құрып келгеніне мәз кейбір іскерсымақ адамдар бұл Абайдың ойын ұғар ма екен?!

Абай өзінің әйгілі 2-қарасөзінде қазақты өзбек, ноғай, тәжік, орыстармен салыстыра келе, қазақтар сол халықтардан үлгі алып, егін егу, сауда, ғылым, қолөнермен айналысып, тазалық пен тәртіпке, әскери қызмет атқарып, Құдайды құрметтеуге және маңдай терін төгіп еңбек етуге шақырады. Сонда ғана елге молшылық келеді. Тек бүгінгі таңда ғана халықтың көпшілігі осы ойдың даналығын мойындаған секілді. Сонымен қатар енжарлық көрсетіп, осы уақытқа шейін мемлекетке қарап, қол қусырып отырғандар да аз емес сияқты.

Абай **«байлық»** атты ұғымның **адамгершілік** жағына аса көп назар аударады. «Әуелі, Құдайдан мал тілейсіңдер, – дейді Абай. – Құдай тағала саған еңбек қылып, мал табарлық қуат берді. Ол қуатты халал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың... Сенікі біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол» (аталған шығарма, 27 б.). Өз ойын ары қарай жалғастырып, Абай сол жолмен тапқан малды енді сарп қылып, **ғылым табу** керектігін айтады. Өзіңе табылмаса, балаң тапсын деген талап қояды. «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған қажылық ешбір ғибадат орнына бармайды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған» (атал. шығ, 28 б.), – деп өкінеді ұлы ойшыл.

Қорыта келе, Абайдың нарықтық қатынастардың жетік білгірі болғанын айта келіп, оның көтерген мәселелері осы күні де өзінің өзектілігімен байқалады деуге болады.

Абайдың **саяси-құқықтық** көзқарастарына келер болсақ, онда да өнегелі көп терең ойларды табамыз. Әрине, Абайдың еңбектерінен «құқықтық мемлекет» деген ұғымды іздеу бекер болар, адам қандай ұлы болса да, өз заманының перзенті ғой. Бірақ Абайдың саяси-құқықтық көзқарастары осы ұғыммен байланысты екенін байқауға болады. Абай отарлық саясатты әшкерелей келе, «бөліп ал да, билей бер» деген саясаттың негізінде халықтың ішінде іріткі пайда болып, жеке адамның

құқықтарының өрескел бұзылғанын әңгіме қылады. «Болыс болдым мінеки» деген өлеңінде Абай:

«Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды.
Өтірік берген қағаздың
Алды-артына қарайды.
Тауып алып жалғанын,
Қылмысыңды санайды.
Өзі залым зәкүншік
Тонап алды талайды.
Көрмей тұрып құсамын
Темір көзді сарайды», – деп, патшалық саяси тәртіпті әшкерелейді.

Абайдың **сот тәуелсіздігі** жөніндегі ойларына келсек, ол да бүгінгі күнгі талаптармен үндесіп жатыр. Бұл қағиданы іс жүзінде өмірге енгізу үшін сот қызметкері сол жұмысқа өмірлік сайлануы қажет. «Әрбір елден толымды-білімді кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе – жаманшылығы әшкере білінгендіктен түссе, әйтпесе түспесе», – дейді ұлы ойшыл. Егемен мемлекетімізде Абайдың айтқан бұл ойын іске асырдық, бірақ етек жайып кеткен пара алатын «зәкүншіктер» осы уақытқа шейін таусылар емес.

Абай бүкіл болмысымен, жан-тәнімен өз халқын сүйген, сол себепті оның тарихи қалыптасқан кемшіліктерін әшкерелей білген. Өз кемшілігін сезіну – одан жартылай құтылумен тең емес пе, қалған жартысын білім алу, қажырлы еңбек ету жолында жоюға болады. Абай «Жарлы болсаң, арлы болма» деген мақалды талдай келе, «Ардан кеткен соң, тірі болып жүргенің құрысын», – деп қынжылады (29-сөз, аталған шығарма, 63-б.). «Қалауын тапса қар жанады», «Атың шықпаса, жер өрте», «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» деген мақал-мәтелдерге сын көзбен қарап, қазақ дүниесезімінде қалыптасқан теріс кертартпа қылықтарды қатты сынға алып, оларды түзеуге шақырады.

Біздің бұл мәселеге тоқталған себебіміз – дербес мемлекет болып қалыптасып, жаңа өмірге ұмтылып жатқан жағдайда, ұлттың өзіндік сыны 100 жылдан аса уақыт өтсе де, Абайдың деңгейінен төмен болып тұрғандығы. Керісінше, қоғамдық санада «Жаманымызды жасырып, жақсымызды асырайық» деген сорақы пікір кең тараған. Сонда біз халықтың теріс қылықтарынан қалай арыламыз?! Я болмаса бүгінгі таңдағы қазақ халқының кемшіліктері жоқ па? Олай болса, біз неге басқа алға кеткен халықтардан озып кетпейміз? Бұл қойылған сұрақтарға қарсы «қазақ елі көпұлтты мемлекетке айналғаннан кейін, басқалардың алдында өз кемшіліктерімізді әшкерелегеннің жөні бол-

мас» деген пікірді де естіп жүрміз. Ал басқалар сынаса, жатып алып долданамыз.

Әрине, көпұлтты елде бірін-бірі сынау үлкен саяси қателік болар еді. Сонымен қатар «Ауруын жасырған – өледі» дегенді еске алсақ, ұлттық сын керек сияқты, ал оны жасайтын **өз ұлтыңның зиялылары** болуға тиіс. Сонда ғана **алға жылжу** орын алып, ұлттың **сана-сезімі өседі**. Басқа жағдайда Абай уақытында сынға алған орынсыз өркөкіректікке келеміз. Ал жақсы жақтарымызды айтсақ, оны басқа халықтар айтпай-ақ біліп, біздің ұлтымызды сыйлайды. Міне, осындай ащы ойлар Абайды оқығанда еске келеді, ол да ойшылдың өсиеттерін орындау парызынан шығады.

Абаймен ақылдасатын келесі көкейкесті мәселе – Қазақстанның **жаһандану** үдерісіне кеңінен кіруі. Уақытында оның жолын ұлы Абай орыс мәдениеті мен тілін меңгеру керектігі туралы ойларында терең көрсетіп кетті. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. **Зарарынан қашық** болуға, **пайдасына ортақ** болуға тілін, оқуын, ғылымын **білмек керек**», – дейді ұлы ағартушы (25-сөз, аталған әдебиет, 51-б.). Яғни жақсы жақтарын алып, жаман жақтарынан безу керек. Олай болса, біз шетелдерден жаңа технологияларды алып, өндірісімізді дамытып, сонымен қатар Батыс мәдениетінің тұрпайы да дөрекі – зорлық-зомбылық пен тыйымы жоқ нәпсіні көрсететін түрлерінен өз ділімізді алшақ ұстауымыз қажет. Ал іс жүзінде біріншісінен гөрі екіншісі басым – елді жаулап алып, руханиятымызды улап жатыр. Ертең-ақ соның салдарынан төл мәдениетімізден жаттанып, XXI ғ. «жаңа мәңгүрттеріне» айналу қаупі төніп тұрғандай.

Абайдың ойынша, Жаратқанның тудырған бұл дүниесінің кіндігі – адам. Олай болса, **«Адам бол!»** – дейді бабамыз. Яғни әрбір кісі әрқашанда өзінің тұлғасының **адам ұғымына** сәйкестігін өлшеп, өмір бақи соған жетуге тырысуы қажет. Тек сонда ғана адам өзін жанжақты дамытып, бойындағы ашылмаған табиғи дарындарын сыртқа шығарып, гүлдетіп, бұл өмірде ерекше орны бар тұлғаға айналып, өзін бақыттымын деп сезіне алады.

Бірақ адам идеясы, ұғымы мен тірі өмірдегі пенденің арасын қанша жақындатсақ та, олар бір-бірімен толық қосылмайды. Мұны терең түсіне білген Абай да, қазіргі тілмен айтқанда, **экзистенциалдық ой-өрістің** шеңберінен көрініп, XX ғ. пайда болған осы Батыс ағымы қойған адам мәселелерін қамти білді, оны біз 1-ші қара сөзден-ақ байқаймыз. «...әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: **алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық...** Енді жер ортасы жасқа келдік: **қажыдық, жалықтық, ...** бәрі **қоршылық** екенін білдік. Ал енді қалған **өмірімізді** қайтіп, не **қылып өткіземіз**? Соны таба алмай өзім де **қайранмын**», –

деген ойшыл сөздерінен (аталған әдебиет, 7-б.) өмір философиясын көру қиын емес.

Дегенмен де «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел», бәрі де өзгерісте болғаннан кейін, ұлы Абай нағыз адам болу үшін болашақ ұрпақтарына өсиет ретінде: «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол», – дейді.

«Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз».

Әрине, Абай – телегей-теңіз, біз оның кейбір маңызды ойларына ғана талдау жасадық. Оқырманға абайтану жолында сәттілік тілейміз.

§ 6. XX ғасырдағы отандық философия

Қайшылыққа толы XX ғасыр қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. Ресей империясының шеңберінде қысылған, езілген халықтың **ұлттық сана-сезімі оянып**, еріктікке, халықтың өз бостандығына деген құштарлығы **оянады**; халық зорлық-зомбылықтың негізінде **жартылай қырылып**, геноцидке (тұқымымен құру) түсе жаздап, Кеңес заманының алғашқы кездерінде **түпкілікті түрде** көшпенділік өмір салтымен қоштасып, **жерге отырады**, сауаты ашылып, мәдениеті дамиды. Жергілікті халықтың саны күрт төмендеген соң, оның кең-байтақ бай жеріне басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өз еркімен, я болмаса қуғын-сүргінге ұшырағаннан көптеп келе бастайды, қазақ елі **көпұлттық елге** айналады. Жаңа қалалар бой көтереді, тау-кен өндірістері тез қарқынмен дамиды, тың жерлер бұрын-соңды болмаған қарқынмен игеріле бастайды.

70 жылдардың аяғы, 80 жылдардың басында Кеңес Одағы іріп-шіріп, империя күйзеліске ұшырайды, соның нәтижесінде 90 жылдары Кеңес Одағы ыдырап, оның орнында жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болады. Қазақ халқының жүздеген жылдар бойы армандаған ел бостандығы жүзеге асып, **Егемен Қазақ Елі** дүниеге келеді. Сонымен, ғасыр трагедиямен басталса, соңында халықтың шаттыққа толы жарқын үміттерімен, оның жаңа мемлекет орнатудағы құлшынысымен аяқталып, XXI ғасырға ұласады. Міне, жоғарыдағы айтылған тарихи өзгерістер мен көлемді оқиғалар философия саласында терең толғауларды тудырып, отандық ой-талғамды жаңа сатыға көтереді.

Енді әңгімені нақтылай келе, XX ғ. ұлы ойшылдардың философиялық шығармашылығына назар аударайық.

Шәкәрім философиясы мен ағартушылық идеялары

Ұлы Абайдың туысы **Шәкәрім Құдайбердіұлы** (1858-1931 жж.) – XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында өзінің терең де жан-жақты рухани еңбектерімен тарихта қалған, қазақ руханиятында ерекше орны бар ұлы ойшыл-философ, тарихшы, ағартушы, ақын. Оның философиялық көзқарастарының қалыптасуына ағасы, тәлім-тәрбие берушісі – Абайдың ықпалы өте зор болды. Өзінің аса дарындылығының арқасында Шәкәрім бес жасынан бастап сауатын ашып, араб, парсы, түрік, орыс тілдерін өз бетінше оқып-біліп, соның нәтижесінде Батыс және Шығыс философиясы, әдебиеті мен поэзиясынан сусындап, өзіне тән ерекше дүниеге деген көзқарасын қалыптастырды.

Шәкәрімнің **онтологиялық** көзқарастарын **рационалдық діни философияға**, нақтылай келе, **деизм** (Құдайды Жаратушы ретінде мойындағанмен, Табиғат ары қарай өз заңдылықтарының негізінде өмір сүре береді) бағытына жатқызуға болатын сияқты. Өзінің «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде ойшыл дүние жөнінде былай дейді:

«Жаралыс басы қозғалыс,
Қозғауға керек қолқабыс.
«Жан» де, мейлің бір «мән» де,
Сол қуатпен бол таныс.
Әлемді сол мән таратқан,
Қозғалмаса көшпейді,
Көшпеген нәрсе өспейді.
Өспеген нәрсе өзгермес,
Түрден ол түрге түспейді».

Бұл шумақтан біз бүкіл дамудың қайнар көзі қозғалыста екенін, ол жоқ жерде өсіп-өнудің де жоқ екенін байқаймыз. Бірақ ойшыл сол қозғалыстың өзі бір қуаттың арқасында болатынын айтады. Бұл жерде еріксіз XX ғ. өмір сүрген әйгілі француз діни философы Теяр де Шарденнің дүниенің негізіндегі «тангенциалдық» (физикалық) және «радиалдық» (психикалық) энергиялар жөніндегі ойлары есімізге түседі, өйткені Шәкәрімнің көзқарасы оған өте жақын. Ары қарай:

«Құс, балық, шаян, көп алуан,
Айуаннан өсіп болдық адам.
Кейіміз есті, кейіміз надан,
Жаралыс салған сондай мән».

Ақынның бұл өлең жолдарынан біз адамның өзі табиғаттың төл туындысы екенін байқаймыз, яғни ол бұл мәселеге жаратылыстану тұрғысынан қараған екен.

«Жанымыз – Күннен келген нұрдан,
Тәніміз – топырақ пенен судан.
Күн – атам, анық жер – анам,
Бірі нұр беріп, бірі – тамақ,
Бұзады бірақ қайтадан.
Ер жетем, толам, қайта солам,
Әрі анам – бұл жер, әрі – молам...».

Қандай ғажап ойлар! Күннің сәулесінің арқасында жер бетінде тіршілік дүниеге келді емес пе? Бұл шумақтан біз Шәкәрімнің тіпті деизмнен гөрі **пантеизмге** (Табиғаттың өзін Құдаймен теңейтін ілім) жақынырақ екенін жорамалдаймыз. Сонымен қатар бұл дүниеде еш нәрсе де мәңгі емес, өзінің сатыларынан өтіп (ер жетем, толам, солам) өмір сүруін тоқтатады. Бірақ ол ізсіз жоғалып кетпейді, басқа бір денеге, құбылысқа айналады.

«Электриядан не шықты,
Істедің талай қызықты!
Дәл өзін көрген адам жоқ,
Шын затын оның кім ұқты?

Ісінен білдік барлығын», – дейді ұлы ойшыл. Бұл жолдар, бір жағынан, ақынның өз заманының ғылыми жетістіктерін білгенін көрсетсе, екінші жағынан, оларды түсінуде идеалистік жолға түсіп кетпей, тәжірибе, іс-әрекет арқылы оның шындығына жету мүмкіндігі айтылады.

«Күннен неге түсіп тұр мұнша **жарық**,
Сегіз минут шерікте **жерге барып**.
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,
Жылылық нұрмен бірге жүр **қозғалып**.
Барша әлем тапжылмай **тұрып қалса**,
Бола ма, **уақыт** деген **өлшеу салып**?
Мақсат, тәртіп керексіз тозаңы жоқ,
Тексермей неге отырмыз мұны **ойланып**». Бұл шумақтан біз ақынның сол кезде жаңа ғана ашылған ғажап ғылыми жаңалықты – күн сәулесінің жылдамдығының 300 мың км/сек. екенін білгенін байқаймыз. Екіншіден, ойшылдың қозғалыс пен уақыттың өзара байланысын байқағанын, үшіншіден, табиғаттың терең сырларын ары қарай зерттеп, диалектикалық ұғымдармен ғылымды байыту керектігін терең сезінгенін көреміз.

Терең философиялық мәні бар ерекше мәселе – **жан** мен **тәннің** арақатынасы, өзара байланысы.

«Жансыз тән қалайша жүрмек?
Сол жан емес пе денелерді қозғап өсірмек.
Бас қозғалыс қой жанның атасы,

Ол жаратады түрлеп.

Сол жаннан талай жан өскен,

Жанына қарай тән өскен». Сөйтіп, ақынның ойынша, жан мен тәннің арақатынасында басымдылық – біріншіде, тәуелділік – екіншіде, яғни сана, ақыл тәнді билейді.

Енді **гносеологиялық**, танымдық мәселелерге келсек, Шәкәрім өзінің **«Анық пен танық», «Мұсылмандық шарттар»** т.б. еңбектерінде ол адамдарға «қоршаған табиғи ортаның жұмбақ-сырын ұқ, танып-біл, оның ашылған сырларын мақсат-мұратыңа жарат» деген ой тастайды. Оның ойынша, тану, білу, нану, ұғыну – бәрі ақыл ісі, ал оның іргесі мида жатыр. Бірақ ол үшін адам дүние-ден белгілі ақпараттар алуы қажет. Оны жеткізетін – түйсіктер.

«Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,

Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.

Бесеуінен мидағы ой хабар алып,

Жақсы-жаман әр істі сол тексермек», – деген жолдар ақынның бұл мәселені өз заманының деңгейінде шешкенін көрсетеді.

Сонымен қатар дүниені тану жолында соңғы ақиқатқа ешкім де жете алмайды, оның соқпақтарында шындық пен қатар қателесіп кету де кездеседі. Сондықтан бәрін ой елегінен өткізу қажет.

«Тегіс тексер, сөз көрсең – сыр мен сынын,

Түзетуге именбе тапсаң мінін.

Әдеп сақта, жалғыз-ақ қате айтты деп,

Былшылдапты дей көрме, білсең шынын». Бұл жолдарда ақын ғылыми этиканың бүгінгі таңда бізге керек негізгі бір қағидасын алға тартады. Өйткені гуманитарлық ғылым саласында, өткен Кеңес заманындағы жетістіктердің бәрін сынап: «Бәрі – теріс, қате, шындыққа бүгін мен ғана жеттім», – деп лепіріп жүрген ғалымсымақтар жоқ емес.

Енді, міне, ұлы ғалымның **этикалық, ағартушылық** идеяларына тоқталуға кезек келді. Ол ойшылдың негізгі еңбегі – **«Үш анықта»** басынан аяғына шейін самғап өтетін негізгі идея бар. Алғашқыда ақын екі анықты сөз қылады. Бірінші – ол **ғылымдағы ақиқаттар**, оған адамзат мыңдаған жылдар бойы ізденіп, зерттеп жетті. Екінші – **діннің берген аяндары**. Бұл, әрине, философия саласында мыңдаған жылдар созылып келген «ақыл-ой мен сенім ақиқаттары», олардың арақатынасы. Осы екі «анықка» ойшыл үшінші – **ар-ұжданды** қосып оның іргелілігін баса айтады. Яғни Шәкәрім Абайдың «жүрек», «нұрлы ақыл» санаттарын ары қарай тереңдетеді. Оның ойынша, ар-ұжданға **ынсап, әділет, мейірім** кіреді. Шәкәрімнен кейін жарты ғасыр өткен шақта Австрияның ұлы ғалымы В.Франкл ар-ұжданды **«адамның ішкі Құдайы»**, – деген болатын (В.Франкл. Человек в поисках смысла. М.,

1990, с. 90). Мұның өзі де бабамыздың өз заманын озған ғұлама екенін дәлелдемей ме ?

Ақынның ойынша, ар-ұждан – рухтың өзегі, сондықтан бүкіл **өнер-білім оның сынынан өтуі керек**.

«Еңбекпенен, өрнекпенен
Өнер ойға тоқылса,
Жайнар көңіл, қайнар өмір
Ар ілімі қосылса».

Біз бұл мәселеге **оқырманның ерекше назарын** аударғымыз келеді. Өйткені ол бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың ары қарай дамуының шешуші мәселесіне айналып отыр. Ар-ұждан аясындағы ғылым тіршілікті сақтап, қоғамды гүлдендіреді, ал оны еске алмайтын ғылым бүкіл **тіршілікті адамзатпен бірге құртып жіберуі мүмкін**. Оған бүгінгі таңда **балама жоқ**. Батыс ой-талғамы бұл пікірге екі дүниежүзілік соғыстан, Бухенвальд пен Освенцимнен өтіп, миллиондаған адам өмірінен айырылып барып келген болатын.

Шәкәрімнің заманына келер болсақ, ол кезде ядролық физика ғылымы тек өзінің алғашқы қадамдарын ғана аттап жатыр еді. Болашақта болатын апатты әлі ешкім сезінген жоқ-ты. Ғылымның тез қарқынмен дамуының негізінде **сциентистік-технократиялық** (таза ғылым мен техниканың шешуші рөлін мойындайтын ілім) көзқарастар кең етек жайған болатын. Міне, осындай ахуалда ұлы бабамыз көрегендік танытып, болашақта болуы мүмкін апаттарды **алдын ала болжай** білді. **Оның кенеттен жарқ еткен ар-ұждан идеясын мыңдаған жылдарға созылған қазақ руханиятының квинтэссенциясы (тұздығы)** десек те болар.

Өкінішке қарай, қазақ еліндегі реформаларды жүргізу саты-ларының алғашқы кезеңдерінде халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ділі мен руханиятымен санаспайтын технократиялық ағымға негізделген саясат басым болып, оның қаншама теріс әсерін тигізгенін қазір ғана сезініп жатырмыз. Менмендік, қоғамдық пікірмен санаспаушылық, өткен тарихи сатыны толығынан терістеу, адамдардың бір-бірінен жаттануы, шен иелерінің жемқорлығы, екіжүзділік, тәкаппарлық т.с.с. келеңсіз құбылыстар тек адамгершілікке, **ар-ұжданға негізделген саясат** арқылы ғана жеңіледі. Оны естен шығармауымыз керек.

Қазіргі жаңару сатымызда Шәкәрімнің айтқан көп ағартушылық ақыл-ойлары да бізге рухани азық болмақ.

«Ақ ісіңе Құдай жақ,
Адамнан тіпті шошыма» немесе:
«Құдай таза жаратты, сен таза бол,
Ұқсаң анық айттым ғой, бұл – таза жол», – дейді ақын. Сонымен бірге ол әрбір адамды жасампаздық еңбекке шақырады:

«Қамдан, сақтан, қағып бақ, бәле келсе,
Бәрін Құдай қылады дегенге ерме», – деп ескертеді. Әсіресе мына жолдар бізге ауадай қажет сияқты:
«Өнер қылма ар сатып жалданбақты,
Ұлық болып елді жеп мақтанбақты.
Біреуді жеп, біреуді табамыз деп,
Қашан жақсы көруші ек алданбақты».
Қорыта келе, Шәкәрімнің философиясы өте биік, нәзік те терең, өз заманынан озған десек, қателеспейміз. Оның идеялары қазақ руханиятынан тыс бүкіләлемдік білімге өз үлесін қосты деп айтуға әбден болады.

XX ғасырдың басындағы ағартушы-демократтардың философиялық ой-пікірлері

XX ғасырдың басындағы аласапыран заманда Ресей империясы терең күйзеліске ұшырап, оның құрамындағы халықтардың ұлттық сана-сезімі өсіп, олар өзіндік мемлекет құру, төл мәдениеті мен тілін, әдет-ғұрпын сақтап қалу мәселелерін күн тәртібіне қоя бастады. Бұл көштен қазақ зиялылары да қалысқан жоқ. Қазақ халқы XX ғ. басында өз ішінен талай-талай дарынды, өз халқының бостандығын армандаған, сол үшін жан-тәнін берген азаматтарды тудырды. Солардың ішінен ерекше тұлғалар ретінде **Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаевты** атап өтуге болар еді. Аталған тұлғалардың көбі өз талпынысының арқасында жан-жақты білім алып, орыс және басқа тілдерді меңгеріп, шын шығармашылық деңгейге көтеріле білді, ал кейбіреулері (Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов т.с.с.) Ресей жоғары оқу орындарын бітірді.

Кең түрде алғанда, аталған ұлы тұлғаларды қазақ халқының бостандығын арман еткен **ұлттық демократиялық қозғалыстың** белсенді де абыройлы жетекшілері деп бағалауға болады. Осы жолда олар **«Алаш» партиясын** ұйымдастырып, халықтың ұлттық сана-сезімін оятып, өз заманының дәрежесіне көтергілері келді. Олардың бәрі дерлік 1917 ж. болған екі революцияны да қабылдап, олар қазақ еліне шын бостандық, теңдік, бақытты өмір әкеледі деп ойлады. Бірақ олардың көбі қоғамды шынайы түрде **демократиялық реформалар** арқылы өзгертуді қалады, 20 жылдардан басталған сұрапыл қантөгіс оларды қатты қынжылтты. Ұлы Мағжанға сөз берсек:

«Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай, алтын ана есте жоқ,

Батыр хандар, асқақ жандар ұмытылды.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ-ардың,

Жауыз тағдыр жойды барды, не бардың...». Ақынның бұл шумағынан өткенді романтизациялаумен қатар, сол кездегі халықтың аянышты жағдайын ашық та батыл көрсеткенін байқаймыз.

Оны біз А.Байтұрсынұлының мына шумақтарынан да көруімізге болады:

«Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,

Сахара көлге қонып салқындаған.

Бір **өртке** қаудан шыққан **душар болып**,

Не қалды тәнімізде **шарпылмаған**».

Бірақ өз өмірлерінің алдына төнген қауіпке қарамастан, халықты **ағарту**, оның өзіндік **сана-сезімін** дамыту ісін олар **тоқтатқан жоқ**. Өйткені олар халықтың **болашағын көздеді**, ертелі-кеш халық **өз егемендігіне жететіне сенді** және сол үшін қажымай-талмай, қолынан келгенінің **бәрін жасады**. Олар халыққа білім беру жолында мектептерде жұмыс істеп, неше түрлі оқулықтар мен газет-журналдарды, романдар мен өлеңдерді, пьесаларды шығарды, халықтан қалған тарихи мұраларды зерттеп, жарқын болашақты жақындату үшін, барлық қолдан келгенді жан аямай жасады. Оны біз Ахаңның мына жолдарынан байқаймыз:

«Тән көмілер, **көмілмес еткен ісім**,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын – жабықпаймын:

Ел бүгіншіл, менікі – **ертеңгі үшін**» (қараңыз: Қазақ тілі мен әдебиеті, 1993, № 4, 3 б.).

Ақырында, бәрі де халық азаттығы жолында сол қандыбалақ надан «мырқымбайлардың» оғына шалынып, құрбан болды.

Енді олардың философиялық көзқарастарына келер болсақ, негізінен, әңгіме **саяси** және **құқықтық философия** төңірегінде өрбімек.

XX ғ. ғұлама ойшыл, саясаткер **А.Байтұрсынұлы** (1873-1937 жж.) кейпі бүкіл сол кездегі ұлттық-демократиялық ағымдағы тұлғалардың бәрін бейнелегендей. Оқулықтың көлеміне байланысты, осы ғұламаның еңбектерін көрсету арқылы оқырманның сол кездегі ой-пікір жөніндегі түсініктері қалыптасар деген ойдамыз.

Халықтың Жаңа дәуір келген кездегі аянышты да мұңды ахуалын терең ойға салып, оның бостандығынан айырылған себептерін ойшыл халықтың негізгі бөлігінің су қараңғылығы мен надандығынан, ұйқылы-ояу салғырттығынан, жоғарғылардың сатқындығы мен іріп-шіруі, патша өкіметіне ой-қамсыз беріліп қызмет етуінен т.с.с. себептерден көрді. Олай болса, көп уақыт «ұйқыда жатқан» халықты **ояту керек**, ол үшін басқа амал болмаса, оны **«маса»** сияқты шағу керек, ал

М.Дулатовқа келсек, ол тіпті **«Оян, қазақ»** деген ашық ұран тастаған болатын.

Мұндай жағдайда халықтың бостандыққа жетуі – алыста жатқан, стратегиялық мақсат-мұрат, ал сол кездегі нақтылы-тарихи жағдайға байланысты Ресей мемлекетінің шеңберінде Қазақстанның **автономиялық** дәрежесіне, **өзін-өзі басқару** мүмкіндігіне жетіп, халықты **ағарту**, мәдениетті **жаңарту** арқылы көптен бері созылған халықтың ауруы **қараңғылық** пен **еріншектік**, **енжарлықтан құтқару** мақсатын қойды.

А.Байтұрсынұлының ойынша, ондай жаңару жолына жетудің негізгі жолы – **демократиялық үдерісті** дамыту, **адам құқықтарын** сақтау, «Мемлекеттің Думаның» мүмкіншіліктері қандай шолақ болса да, бәрін **заңды жетілдіру** арқылы жету деп есептеді. «Тағы да халық соты жөнінде» деген «Қазақ» газетінде 1911 ж. жарық көрген еңбегінде ол **«Сайлау»** деген ұғымның мән-мағынасын егжей-тегжейлі талдайды: ол **рулардың**, я болмаса **қалталылардың** арасындағы тартыс **емес**. Өкінішке қарай, қарапайым халық дәл солай деп ойлайды. Соның нәтижесінде билікке тайыз, арсыз адамдар өтіп кетеді де, ойларына не келсе соны істеп, пара алып, жемқорлық жолына түседі. «Сондықтан халық сотына сайлағанда: білімді, таза, әділетті, халыққа адал қызмет ететін адамдарды таңдай білу керек», – деп қорытады ұлы ойшыл. Бұл ойдың біздің қазіргі өмірімізге де тікелей қатынасы барын оқырман айтпай да түсінетін болар.

Қазақ жерін қазынаға өткізіп, одан жері жоқ орыс шаруаларына жер беруге байланысты, соның нәтижесінде әлеуметтік-саяси ахуал шиеленісе түсті. Ол ахуалды ұлы жыршы Мағжан:

«Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,
Біреулер алып қала салып жатыр.
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,
Жерінен аузын ашып қалып жатыр», – деп ашына толғаған болатын. А.Байтұрсынұлы жерді тартып алу, халық бостандығының жойылу себептеріне тоқтала келіп, көп жағдайда халықтың зардап шегуі оның надандығы мен заңдағы белгіленген **өз құқықтарын қорғай алмауында** деген тұжырымға келеді. Сондықтан ол «Қазақ жерлерін алу тәртібі» заңын егжей-тегжейлі талдап, халыққа өз құқықтарының қандай екенін, жерлерін заңды жолмен қалай сақтап қалуға болатынын айтады. «Жерді жалға алу туралы» деген мақаласында ойшыл қазақтардың **құқықтық надандығы** мен келтелігінің нәтижесінде өз **жерлерінен айырылып** жатқанын қамыға, қиналып жазады. Әрине, мұндай ағарту жұмыстары халықтың **оянуына, саяси-құқықтық** санасының **өсуіне** өзінің пайдасын тигізді.

Қазақ жерін отарлау барысында, мал жайылымы тарылса да, бұрынғыдай көшіп-қонып, мал бағып өмір сүргісі келген адамдарға ол жаңа ахуал өмірге келгенін, сондықтан **жаңа шаруашылық** түрлерін игеру керек екенін айтады. Қазақтар өмір бақи мал баққаннан кейін, кейбіреулер: «Біз оны жақсы білеміз, басқалар ол жайында бізге не айтады деп лепіреді», – дейді ойшыл. «Шынына келгенде, мал шаруашылығы өте төмен деңгейде, ол тек қана үлкен жайылым бар жерлерге икемделген. Жер көлемі қысқарған сайын, оның мүмкіндігі сарқыла түсуде», – деп қорытады ойшыл (қараңыз: Ақ жол. Алматы, Жалын, 1991, 237-238 б.б.). А.Байтұрсынұлының бұл ойы осы уақытқа шейін өз маңызын жойған жоқ. «Бүгінгі XXI ғ. басындағы қазақтың қойларының салмағы жақын арада қоянмен теңелетін болар, өсудің орнына құрып бара жатыр емес пе? Қазіргі тілмен айтқанда, экстенсивтік шаруашылық формаларын интенсивтікке аудармай, қазақ қоғамы басқа халықтармен терезесі тең қоғамға айналуы екіталай», – деп қорытады ұлы ойшыл. Бүгінгі таңдағы тоқтап тұрған көп өндіріс орындары осы ойды дәлелдейді. Егер біз тіпті жанкешті талпыныспен соларды іске қосып, қаншама энергия, шикізат, адам еңбегін жұмсағанның өзінде, ондағы ескі технологиялардың негізінде жасалған тауарларды кім алар екен? Сондықтан бүгін де, ғасырдың басындағы сияқты, жаңа технологияларды тезірек игеру мәселесі күн тәртібіндегі ең өзекті нәрсе емес пе?!

Қазақ өмір салтының күрт өзгеру барысында халықты аман сақтап қалу, оның саны мен күш-қуатын өсіру мәселесін талдаған да осы ағартушылар болды. М.Жұмабаев, М.Дулатов сияқты зиялылар оның тетігін қазақ әйелдерінің эмансипациясымен (теңдігімен) тығыз байланыстырады. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романдарында, М.Жұмабаевтың көптеген өлеңдерінде қазақ әйелінің аянышты жағдайы шынайы да нанымды суреттелген. Әрине, бүгінгі таңда қазақ әйелі – шынайы теңқұқылы қоғамның мүшесі. Сонымен қатар «ұлттық дәстүрді» сақтап, «мұсылмандық жолына» түсіп, еркектерге көп әйел алуға заңды жол ашу керек деп көпіретін, лепіретін надандар да біздің қоғамда жоқ емес.

А.Байтұрсынұлы халықты сақтап қалу мен оның санын өсірудің негізгі жолдарының бірі – сайын далада кең етек жайған жұқпалы аурулармен күрес деп біледі. «Ол үшін ғылыми білімі бар кәсіби дәрігерлердің көмегі қажет, неше түрлі халықты алдайтын бақсы-балгерлерден бас тарту керек. Қоғам өмірінде кең тараған аурулар туралы қызықты да қысқа көлемді кітапшалар жазылып, халық арасында таратылуы қажет», – дейді ұлы ойшыл. Бүгінгі өтпелі қоғамдағы халықтың ауыр жағдайына байланысты туберкулез, бруцеллез т.с.с. жұқпалы аурулар тағы да бас көтерген жағдайда, демократиялық

үдерісті пайдаланып, медицина жөнінде күңгірт «білімі» бар мыңдаған жаңа бақсы-балгерлер пайда болды емес пе? Ол алға жылжу ма, әлде кері кетушілік пе, оны оқырман өзі-ақ шешер.

Ұлттық демократия бағытын ұстаған ойшылдар қоғамның жаңаруының, түлеуінің қайнар көзін **ұлттық зиялылардан** көрді. Сондықтан А.Байтұрсынұлы зиялыларды бірлікке, олардың білімі мен жалпы мәдениет деңгейін көтеруге шақырады. «Қазақтардың ұғымында адамның екі тілсіз жауы бар, ол – от пен су», – дейді ойшыл. Үшінші жау, оның ойынша, зиялылардың арасында кең тараған – «менмендік», «көреалмаушылық», «алыс-тартыс», «бірліктің жоқтығы», «сатқындық» т.с.с. Шенді қуып, патша қызметшісінің жарқыраған түйме мен жапсырмасына ие болуға тырысу, өз халқына тәкаппарлықпен қарау, пара алу сияқты жоғарыдағылардың теріс қылықтарын ақын қатты сынға алады (Ақ жол., 213-б.). Ол зиялыларды **халық мүддесіне** жан аямай, **ізгі ниетпен адал қызмет** етуге шақырады. Зиялылар дүниежүзілік цивилизацияның ғылым мен техникада қол жеткізген жетістіктерін игеріп және оларды мыңдаған жылдар бойы жиналған халықтың рухани байлығымен үйлесімді ұштастыруы керек. Бұл үндеу бүгінгі күнде де өз мән-мағынасын жойған жоқ сияқты.

Патша үкіметінің отарлау мен орыстандыру саясаты кеңес заманында да өз жалғасын тапты. Көреген ойшыл ол халықтың **өз-өздігін (идентификация) жоғалту** қаупін тудыруын байқап, оған барлық жантәнімен қарсы тұрды, халықтың ана тілі мен руханиятын дамытуға барынша атсалысты.

Сонымен қатар ол **екінші қауіпті** да көре білді. Ол қауіп қоғам жүйелі түрде түбегейлі өзгерістерге түскен кезде, **Жаңа дәуірдің** қойған **талаптарынан** жасқанған ұлттық сана-сезім өзін сақтап қалуды **автаркиялық (өзіне-өзі жеткілікті)** бағыттан көруге тырысуы, сол себепті өне бойы өткен «батырлық заманды» көксеуі, оны асыра бағалауы.

Өткен заман келмеске кетті, оны қайтару мүмкін емес, сондықтан алға кеткен халықтардың жетістіктерін игеріп, болашаққа қарай жігерлі де табанды ұмтылыс қажет (Ақ жол, 238-б.). Сонымен қатар бұл үрдіс халықтың өз **болмысын жоғалтып, мәңгүрттікке** жол салмауы керек. Ол үшін тек қана өз руханиятына **сәйкес** келетін (ал оның өзі – Абай мен Шәкәрім көрсеткен «нұрлы ақыл», «ар-ұждан») басқа цивилизациялардың құндылықтарын **таңдап алу** арқылы іске асуы керек. Сонда ғана ол өз жемісін бермек. Қандай ғажап ойлар!

Бүгінгі таңда XX ғ. басында өмір сүрген ойшыл-демократтардың асыл арманы – халықтың бостандығы мен егемендігі – іске асты. Олардың айтқан көп гуманистік-демократиялық идеялары бірте-бірте өмірге енуде. Президенттің халық алдына қойған «Қазақстан-2030»

бағдарламасы 30 жылдардағы ұлттық зияткерліктің қойған өзекті мәселелерін қамтып, оларды ары қарай дамытты.

Кеңес дәуіріндегі отандық философия

Кеңес дәуірінің бастапқы кезіндегі ахуалды біз жоғарыда әңгіме еткен болатынбыз. Әрине, кеңес заманын сыңаржақты бағалауға болмайды. Көп нәрсені жоғалтқанымызбен, қол жеткен жетістіктеріміз де аз болған жоқ. Әсіресе 50 жылдардың аяғынан бастап, жеке басқа табыну әшкереленгеннен кейін, қоғамның өрлеуі басталды. Қазақстандағы тың игеру үдерісі елді көпұлттық қоғамға әкелді. Жер байлығы игеріліп, жаңа қалалар, жоғары оқу орындары, театрлар мен кітапханалар, мұражайлар бой көтерді.

Философия саласына келер болсақ, Қазақ Мемлекеттік университетінде арнаулы факультет ашылып, кәсіби философия дүниеге келіп, олар зиялылар тобының ішінде ерекше орынға ие болды. Сөйтіп, ұлттық тарихта классикалық философия дискурсының үлгісімен қалыптасқан философиялық ой-өріс дүниеге келді.

Қазақ философтары маркстік парадигманың (үлгінің) шеңберінде әсіресе 60 жылдары үлкен жетістіктерге жетті. Біршама дарынды жас философтар жоғарыдан түсірілетін «тапсырмалы тақырыптардан» бас тартып, сол кездегі саяси жағынан алғанда қауіпсіз логика саласына назар аударады. Оларды айрықша көзге іліндіріп, дүниежүзілік деңгейге көтерген философия саласы – ол **диалектикалық логиканың категориялық** құрылымын байытып, тереңдетуге арналған зерттеулер еді. Бұл зерттеулерге аса қомақты үлес қосқан **Ж.Әбділдин, А.Нысанбаев, М.Хасанов** және олардың шәкірттерін айтуға болады. Философия мен жаратылыстану саласындағы байланыстарды зерттеуге **Қ.Рахматуллин, М.Сәбитов, З.Мұқашев, А.Балғымбаев, В.Зорин, М.Изотов** т.б. ғалымдар өз үлесін қосты.

Неміс классикалық философиясының (Г.Гегель, И.Фихте) қойған адам мәселесі, оның еріктігі мен жасампаздық іс-әрекеті, жаттану, т.с.с. мәселелерін терең талдап, маркстік тұрғыдан дамытқан көрнекті ғалым **Қ.Әбішевті** және оның шәкірттерін ерекше атауға болатын сияқты.

Қазақ философиясында ерекше орны бар тұлға – **А.Қасымжанов**. Ол алғашқылардың бірі болып, Әл-Фарабидің философиясын зерттеп, оны өз халқымен тағы да қауыштырды. Сонымен қатар өз халқының тағдыры, қазақ, жалпы түркі руханиятына арналған оның еңбектері – ғалымнан болашақ ұрпақтарға қалған асыл мұра.

Философияның өзекті салалары саналатын **этика** ғылымының отандық философиядағы іргесін қалаған **Г.Ақмамбетовті**, эстетика бойынша **Б.Қазыханова, Қ.Нұрланованы** және олардың шәкірттерінің қызметін атап кетуге болады.

Енді әлеуметтік философияға келер болсақ, қазақ халқының тарихына алғашқылардың бірі болып философиялық сараптау жасап, көшпенділіктен жаңа өмірге өту үдерісін мазмұнды талдаған **Д.Кішібеков** болды. Қазақ халқының ғасырдың аяғында тағы да бір өтпелі кезеңнен өту үдерісіне байланысты ғалым бүгінгі таңдағы өзгерістерді сараптап, нақтылы да тиімді ұсыныстар берді.

Қоғамның әлеуметтік құрылымын терең талдап, бүгінгі өтпелі қоғамдағы әлеуметтік рестратификация (қайта құрылу) мәселесін зерттеуге қомақты үлесін қосып жүрген **М.Әженовті** және оның шәкірттерін атаймыз. Бұл тұлғаның философиялық кадрларды дайындауға қосқан үлесі де ерекше.

Қазақстанның кеңес заманында «халықтар достығының лабораториясына» айналуына байланысты ұлтаралық қатынастарды зерттеуге ерекше көңіл бөлінген болатын. Бұл мәселені зерттеуге қомақты үлес қосқан **Н.Жанділдин, М.Сужиков, А.Айталы, Т.Сәрсенбаев, Р.Әбсаттаров, Н.Байтенова, Н.Малинин** т.б. ғалымдарды атауға болады.

60-80 жылдары қоғамдық қатынастардың нормативтік табиғатын, дәстүрлі мәдениеттің даму жолдарын зерттеп, өзіндік ізін қалдырған көрнекті ғалым **Н.Сәрсенбаевты** атау керек.

80 жылдардан бастап әлеуметтік таным әдістемесін дамытуға өз қомақты үлесін қосқан, сонымен қатар отандық философия тарихын зерттеуге атсалысып жүрген ғалым **А.Қасабек** зиялы қауымға жақсы таныс. Осы кезде ғылыми-техникалық революция және тұлғаның дамуына байланысты **Ә.Тұрғынбаевтың** біршама нәтижелі еңбектері жарық көрді.

Саяси және құқықтық философияға өз үлесін қосқан **Л.Байделдинов, Т.Мустафин, М.Баймаханов, Л.Вайсбергті** атап өтуге болады.

Бұл жылдары қоғамның рухани өмірі, қоғамдық сана мәселелері де зерттеуден тыс қалған жоқ. Оған ерекше ізін қалдырған ғалымдар: **Қ.Шүлембаев, С.Темірбеков, О.Сегізбаев, Е.Шехтерман, Л.Славин** т.б. ғалымдар болды.

Әрине, кеңес заманында өмір сүріп, шығармашылық тұрғыда еңбек еткен ғалымдардың бәрін атап, олардың еңбектеріне талдау жасау мүмкін емес, ол үшін арнаулы кітап жазу керек. Жоғарыда аталған тұлғалардың өздері-ақ еліміздегі кәсіби философияның биік деңгейде болғанын көрсетеді деген ойдамыз.

Егемен Қазақстан және философиялық ой-пікірдің дамуы

Қазақстанның егемен елге айналуы рухани салада зор серпіліс пен шабыт тудырды – отандық философия сахнасына жоғарыдағы аталған

үлкен тұлғалармен қатар жаңа буын көтеріліп, өзінің қомақты үлесін қосты. Қазақ халқының мыңдаған жылдық тереңдікке кететін руханияты, ділі, дүниесезімі қайта тексеріліп, зерттеліп, төл мәдениетімізді байытты. Бұл мәселерге арналған **М.Орынбековтің** бірнеше нәтижелі еңбегі жарық көрді. Сонымен қатар бұл салаға қомақты үлес қосқан **С.Ақатайдың** еңбектерін атауға болады. Осы мәселелерге арналған еңбектерімен зиялы қауымның шын қызығушылығын тудырып жүрген **С.Нұрмұратовтың** шығармашылығын ерекше атап өту қажет. Ғалым **С.Оспановтың** еңбектері де өз ерекшеліктерімен қызықтырады. «Қазақтану» саласына біртұтастық тұрғыдан қарап, тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, рухани сараптау жасаған **Ж.Молдабеков** болды. Ортағасырдағы отандық философияға жаңаша қарап, өз үлесін қосқан **Ж.Алтаевты** атауға болады.

Қазақ мәдениетінің типтік бітімдерін зерттеп, оны ең соңғы мәдениеттанудағы көкжиектермен ұштастыра білген, мәдениет философиясының басқа да салаларын зерттеп жүрген **Т.Ғабитовтың** еңбектері ерекше қызықты да нәтижелі деп есептейміз.

Қазақ халқының тарихи қалыптасқан ділі мен дүниесезімінің ерекшеліктерін нәзік те терең көрсете білген **Қ.Нұрланованың** еңбектерін атап өткен абзал. Отандық рухани мұраны зерттеулерге **Д.Раев, Т.Айтқазин, Т.Бурбаев, К.Бегалинова, Г.Нұрышева, Б.Аташ** өз үлестерін қосты.

Егемен Қазақстанға ғұлама Абайдың берері әлі көп. Бұл арада «Абайтану» саласын жаңа биік дәрежеге көтеріп, басқа да философия салаларын зерттеуге өз қомақты үлесін қосып жүрген **Ғ.Есімнің** еңбектері ерекше аталуға тиіс.

Қазақстан қоғамының **түбегейлі өзгеруі**, өз руханиятымызға жаңа дәрежеде **қайта оралу**, сонымен қатар **дәуірдің** қойған жаңа **талаптарына** сәйкес **жауап** беру, **дүниежүзілік** көштен **қалып қалмау** т.с.с. халықтың болашақ тағдырына байланысты көп мәселелер зиялылар қауымында, университеттер мінбелерінде қызу талданып, сарапталды, біршама қомақты еңбектер жарық көрді.

Бұл арада неміс классикалық философиясы көтерген өзекті мәселелерге өз үлесін қосқан, сонымен қатар Батыс Еуропа топырағында пайда болған ең соңғы ағымдарды талдап, оны өз руханиятымызбен салыстырып, мәдениет, философия саласында компаративті (салыстырмалы) зерттеулер жүргізіп жүрген дарынды ғалым **Б.Нұржановтың** еңбектері өтпелі қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Соңғы жылдары Ұлттық ғылым академиясының философия институтында қазіргі адамзаттың рухани-адамгершілік дағдарысы, соған байланысты Қазақстанның дамуындағы құндылықтар

бағдарламасы, өтпелі дәуірдегі адамның экзистенциалдық вакуумда қалып қоюы, әлеуметтік нормалардан ауытқу т.с.с. күрделі де өзекті мәселелер акад. **Ә.Нысанбаевтың** жетекшілігімен зерттеліп, белгілі нәтижелерге қолымыз жетті. Оған өз үлесін қосқандар: **С.Колчигин, А.Хамидов, К.Әлжанов, Б.Сатершинов, Г.Соловьева, А.Қапышев, Р.Қадыржанов, З.Сәрсенбаева** т.б. ғалымдар болды.

Жоғарыдағы аталған ізденістермен **Б.Құдайбергенов, Д.Құсаиновтың** еңбектері де өз ерекшеліктерімен үндесіп жатады.

Өтпелі дәуірде философиялық деңгейде қажетті түрде мына сұрақтар пайда болып, өз шешімін табуын талап етті: **Ақиқат кімнің қолында? Қазіргі адамзаттың негізгі даму жолы Батыс, я болмаса Шығыс цивилизациясында ма? Дүниежүзілік көштен тағы да қалып қалмау үшін Қазақстан қай жолмен дамуы керек?** Бұлар, әрине, халық тағдырын, егеменді елдің болашағын анықтайтын сұрақтар. Бұл аталған мәселелерге қомақты үлес қосқан С.Бөлекбаевтың еңбектерін ерекше атап өту қажет сияқты.

Тарихи жеке адамның еріктігі мен жасампаздық іс-әрекетіне негізделген Батыс цивилизациясы жағалай ортаны өзгертіп, адамның игілігіне жарату жолында соңғы үш-төрт ғасырдың, әсіресе XX ғ. шеңберінде орасан зор жетістіктерге жетті – оның ең биік сатысы бүгінгі таңдағы **постиндустриалдық** цивилизацияның шеңберінде өмір сүріп жатқан – біршама Еуропа елдері, АҚШ пен Канада, Австралия т.с.с. Бұл елдер материалдық-техникалық жағынан қандай биік сатыға көтерілгенмен, рухани жағынан сондай тайыздыққа төмендеді. Оның дәлелі – орасан зор қылмыстық, ішушілік, нашақорлық т.с.с. қазіргі уақытта бізге жақсы таныс құбылыстар. Мәдениетті нарық жолына қою – тобырдың нәпсі, дене интенцияларына (бағыт) байланысты дөрекі мәдениет формаларын тудырды. Биік өнер тек қоғамның дегдар аз тобының мүдделерін қанағаттандырады. Адамның қоғам өміріндегі мәртебесі – оның байлығымен анықталатын болды. **Э.Фроммның** айтуына қарағанда, «иелену арқылы болу» – негізгі адам өмірінің мән-мағынасын анықтайтын принципке айналды. Сөйтіп, тән ләззаты бірінші орынға қойылып, материализм бағыты тек қана философияда ғана емес, бүкіл өмірді шырмап, толығынан жеңді. Біз марксизмнің өзі – Батыс дүниетанымының логикалық аяқталуы екенін естен шығармауымыз керек.

Енді Шығыс цивилизациясына келер болсақ, ол қауымдастыққа, қоғамдық мүдденің жеке адамға қарағанда жоғары тұруына негізделген. Бұл принципті өзінің логикалық аяғына шейін жеткізіп, бүкіл жеке меншікті жойып, оны жаппай мемлекеттендіру арқылы жаңа қоғамды орнатуға бағытталған орасан зор әлеуметтік тәжірибе Кеңес елінде сәтсіздікке әкелгенін таяудағы тарихтан жақсы білеміз. Біршама

Шығыс елдерінде өндіргіш күштер осы уақытқа шейін төмен деңгейде, кедейшілік, күнбе-күнгі ең қажетті нәрселердің жетіспеушілігі – көп жылдарға созылған ауруға айналды.

Сонымен қатар кейбір Шығыс елдері (Жапония, Малайзия, Сингапур, Оңтүстік Корея т.с.с.) өз ділі мен мәдениетін сақтаудың негізінде ең соңғы озық технологияларды игере біліп, постиндустриялық цивилизация сатысына көтерілді. Осы жолмен тез қарқынмен дамып келе жатқан, жаңа ғана тізесінен көтеріліп болашаққа ұмтылған алпауыт Қытайды да атап кетуге болады.

Өз егемендігін алған қазақ елінде реформалар басталғаннан кейін, көп ұзамай **либералдық-демократиялық саяси бағыт** басымдыққа ие болды. Алайда біздің пәніміз саясаттану емес, философия болғандықтан, бұл салада қандай ойлар пайда болғаны туралы сұраққа жауап берейік.

«Шындық Батыста. Бүгінгі таңдағы артта қалған елдер ертелікеш Батыс цивилизациясының соқпағына түсіп дамиды. Олардың ұлттық мәдениеті, ділі ертең-ақ қоғамдық сананың шетінде қалып, «универсалдық» Батыс «mass media» толығынан өз басымдығына жетеді – бұл бүкіладамзат дамуының негізгі жолы», – деген пікірді біз **Н.Әмірекұлов** пен **Н.Масановтың** 90 жылдардың орта кезінде шыққан еңбектерінен оқимыз. **Бұлар – ашық батысшылдар**. Қазіргі қоғамдық санадағы олардың алатын орны мардымсыз.

Екінші көлемді топқа **астыртын батысшыларды** жатқызуға болады (билік басындағы біршама қызметкерлер, әсіресе Батыс елдерінен соңғы жылдары білім алған, өз елінде уақытында ұлттық мәдениеттен терең нәр алмаған жастар тобы). Олардың ойынша, Батыс цивилизациясындағы жеке адамның шығармашылық іс-әрекетіне негізделген озық технологиялар, құқықтық мемлекет үлгілерін, т.с.с. жетістіктерін алып өмірге дереу енгізу керек, сонымен қатар жеке адамдардың құқықтарын сақтау негізінде олардың жасампаздық күш-қуатын арттыру қажет; ұлттық руханияттың дамуын сол жолға бағындыру – заңды нәрсе.

Кейбір зиялылар қоғамды апаттан құтқарудың негізгі жолы **исламдық бағытпен** дамуда деген пікір айтады. Сонда ғана біз өз болмысымызды сақтап қалуға мүмкіндік аламыз. Алайда бұл бағытты қолдайтын топтар көп емес: ол, бір жағынан, Кеңес заманынан бері келе жатқан ағарған саясатқа, екінші жағынан, қазақ халқының ислам дінінде тарихи терең тамырланбағанына байланысты болса керек.

Соңғы зиялылар тобы **отандық бағытты** (**Д.Кішібеков, Т.Сәрсенбаев, А.Қасабек**, т.б.) ұстайды. Олардың ойынша, қоғамның түбегейлі өзгеру жолында ұлттық діліміз бен дәстүрлі мәдениетімізді **сақтай** отырып, озған елдердің жетістіктерін соларға **бейімдей**

қабылдап, өзгеруіміз керек. Сонда ғана біз өз-өзімізді сақтап қалып, трансұлттық корпорациялардың тудырған жаңа мәңгүрттеріне айналмаймыз – жеке тұлғаның еріктігі әрқашанда қоғамдық мүдденің шеңберінен шықпай, құзға кетіп бара жатқан «соқырдың еріктігіне» ұқсамауға тиіс. Бұл бағыттың жақтаушылары зиялылар арасында өте көп болғанымен, қазіргі саясатта олардың үндері әлсіз естіледі.

Жалпы алғанда, **либералдық-демократиялық саясаттың** өзі нақтылы ащы шындықтың негізінде дүниеге келген болатын. Егемендікті алу барысындағы қалыптасқан ішкі және сыртқы ахуалдың өзі бізге **басқа жолды таңдауға мүмкіндік бермеді.** Өкінішке қарай, оны егжей-тегжейлі талдауға кітаптың көлемі мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар қоғамның тез арада байлар мен кедейлерге жіктеліп, олардың арасындағы алшақтықтың өсуі, «байлық пен бақытты болу жақсы» деген идеологияның негізінде руханияттың жүдеуі, қоғамның біршама бөлігінің, әсіресе буыны қатаймаған, өмірден алған тәжірибесі тайыз жастардың батыстық **тойымсыздық** пиғылына өтуі, осыған байланысты «әлеуметтік ауытқушылықтың шектен тыс өсуі, жекешендірілу жолында жасалған келеңсіз жайттар т.с.с. әлеуметтік наразылықты күшейтіп, билік басындағылар жүргізіліп жатқан саясатқа түзетулер енгізуге мәжбүр болды. Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан саясаттың **әлеуметтік-демократиялық** бағытқа қарай жылжып бара жатқанын байқауға болады. Оның толық жеңісі – халық болашағын анықтайтын бағыт болмақ.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Қазақ дүниетанымының қандай ерекшеліктерін көрсетуге болады?
2. Көне түркі мифологиясындағы өлімнен қашып, өлместікті іздеген кім болды?
3. Сопылық философиядағы «фана» деген ұғымның мағынасы неде?
4. Өмірде алудан гөрі болуды арман еткен жырауларды есіңізге түсіріңіз.
5. Қазақ даласындағы алғашқы утопист-жырау кім болды?
6. Абылай ханның кеңесшісі болған ұлы жырау кім еді?
7. Қазақ болмысындағы шамандықтың қалдықтарын терең зерттеген ағартушы кім болды?
8. Жаңа мектептер ашып, қазақша оқулықтарды алғаш жазған ағартушы кім болды?
9. Сот билігіне жыл кесілмей сайлауды қалаған кім болды?
10. Шәкәрімнің танымдық көзқарасын қандай бағытқа жатқызуға болады?

11. «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағын жазған ағартушы-демократты есіңізге түсіріңіз.
12. Кеңес дәуірінде диалектикалық логика саласын дамытқан философтарды есіңізге түсіріңіз.
13. Ұлтаралық қатынасты зерттеген ғалымдарды есіңізге түсіріңіз.
14. Отандық философиядағы «батысшылардың» көзқарасын сипаттаңыз.
15. «Діни іргетастық» деп қандай көзқарасты айтамыз?
16. Қазақстанның XXI ғ. болашағына өз дүниетанымыңыздың негізінде философиялық болжам жасап көріңіз.

Рефераттар тақырыбы:

1. Қазақ мифологиясының ерекшеліктері.
2. Ж.Баласағұн және оның философиялық-этикалық ойлары.
3. А.Жүйнекидің нақыл сөздері.
4. Сопылық философияның ерекшеліктері.
5. Асан қайғы – алғашқы қазақ жеріндегі утопист.
6. Бұқар жыраудың дүниетанымдық көзқарастары.
7. Ш.Уәлихановтың ағартушылық ойлары.
8. Абайдың саяси-құқықтық көзқарастары.
9. Шәкәрімнің «ар-ұждан философиясы» және оның бүгінгі адамзатқа қажеттігі.
10. XX ғ. басындағы ұлттық демократиялық бағыттағы ойшылдар.
11. А.Байтұрсынұлының ағарту ісіне қосқан еңбегі.
12. Кеңес заманындағы отандық философия.
13. Егемен Қазақстанда философияның дамуы.

XII тарау. XX ғасыр мәдениеті аясындағы философия

Кіріспе сөз

Жаңа ғана көз алдымыздан өткен XX ғасыр тарихтың қойнауына кіріп, тыныштыққа ие болып жатыр. Болашақта оның адамзат тарихына тигізген ықпалы терең түрде талданып, анықталады. Дегенмен бүгінгі таңның өзінде біз оған көз жіберіп, оның адамзат тарихына тигізген орасан зор ықпалын, терең де ұшқыр қайшылықтарын, жетістіктері мен кемшіліктерін т.с.с. талдауымызға әбден болады. Сонда ғана біз осы ғасыр тудырған философиялық ой-пікірлерді жете түсіне аламыз.

XX ғасыр адамзаттың дүниетану мүмкіншілігі мен соның негізінде оны қайта өзгертудің тамаша жетістіктерін көрсете білді. Изиданың жапқышының үстіндегі «Мен – Солмын, болғам, болып жатырмын және болашақта болам да, өтпелі пенде менің жапқышымның етегін ешқашанда көтере алмайды», – деп жазған сөздерді адамзат XX ғасырда теріске шығарған сияқты. Осы ғасырда табиғаттың ең терең құпиялары ашылып, адам игілігіне жұмсала бастады. Мысалы, бүгінгі Францияда қоғамға қажет электр қуатының 68 пайызын атом электр станциялары береді! Бүгінгі адам ми далада жүріп, ұялы телефонмен ғарыш арқылы мыңдаған шақырым алыстықта өмір сүріп жатқан жолдасымен, я болмаса әріптесімен сөйлесе алады, компьютер арқылы неше түрлі ақпаратты қабылдап, өзінің білімін өсіріп, өмірде пайдаланады. Лондонның «Хитроу» аэропортынан «Конкорд» деген дыбыстан да жүйрік ұшаққа мініп, бірнеше сағаттан кейін жердің ана жақ бетіндегі «Кеннеди» атындағы әуежайға қонып, АҚШ-тан бір-ақ шығуға болады! Бүгінгі таңда ғарыштағы жасанды жерсеріктер мұхиттағы балықтардың жиналған жерін анықтап, сол жерге кемелерді жібереді, қай жерде қандай табиғи байлықтар барын болжай алады, ауа райы жөнінде мәлімет беріп, т.с.с. ақпараттар жеткізеді. XX ғасырда жасалып, бүгінгі миллиардтаған адамдардың өміріне кеңінен кірген заттардың ішінен машиналар мен ұшақтарды, неше түрлі байланыс жүйелерін, радио мен теледидарды, компьютерлерді, жасанды материалдарды т.с.с. атап өтуге болар еді. Бұлардың бәрі де тек XX ғасырда пайда болып, өмірді күрт өзгертті! XX ғасырда пайда болған өндіргіш күштердің қуаты бүкіл адамзат цивилизациясының бұрынғы 4-5 мың жылдардағы жасағанынан анағұрлым асып түседі! Бұл айтылған деректердің бәрі де болашаққа деген оптимистік өмір сезімін тудырып, табиғаттың барлық стихиялық күштері ертелі-кеш игеріледі деген **сциентистік** көзқарастарды тудырды.

Бірақ біз бұл жерде «шыңға қарай өрлеу – құлдырауды тереңдете түседі» деген нақыл сөзді естен шығармағанымыз жөн. Атом электр

станцияларымен бірге өмірде атом бомбалары пайда болып, Хиросима мен Нагасаки трагедиясына, Семей полигоны сияқты радиациямен уланған жерлердің көбеюіне, ол жерде өмір сүріп жатқан адамдардың геноцидке ұшырауына әкеліп соқты. Чернобыль атом станциясындағы жарылыс адамзаттың ғылыми тәкаппарлығын су сепкендей басып: «Тоқта, сен Құдай емессің, аяғыңды байқап бас!» – деген сияқты болды.

XX ғасырдағы қоғамдық өзгерістерге келер болсақ, олар да қайшылықтарға толы. Бір жағынан, адамзаттың мыңдаған жылдар армандаған «жерұйығын» – коммунизмді дүниеге енгізуге бағытталған орасан зор батыл да қайғылы әлеуметтік тәжірибе XX ғ. 70 жылдан артық уақытын алды. Ақырында, ол тарихи тұйықтыққа әкеліп тіреді. Дүниенің байлығын қайта бөлу әрекеті бұрын-соңды болмаған екі дүниежүзілік соғысқа әкеліп, миллиондаған қыршын жастардың өмірін алып кетті. Гитлер мен Сталиннің жасаған зұлымдықтарымен салыстырсақ, Калигула мен Нероннның, Атилла мен Шыңғысханның, Иван Грозный мен Наполеонның жасағандары баланың ойыншығы сияқты! Мұндай жағдай философиядағы адам өміріне деген терең тебіреністерді тудырып, **«өмір философиясын»**, әсіресе **экзистенциализм** бағытын күшейтіп, оның «діни» және «атеистік» бағыттарын дүниеге әкелді.

XX ғ. екінші жартысында дамыған капиталистік елдер «постиндустриалдық цивилизацияның» шеңберіне кіріп, өздерінің халықтарына жеңіл де бай өмір салтын ұсынды. Демократия біршама жетістіктерге жетіп, **«адам құқықтарының»** сақталуына көп көңіл бөліне бастады.

Бірақ байлықтың өсуі адамзаттың рухани-адамгершілік жолындағы өрлеуін тездеткен жоқ, тіпті, керісінше, оны тоқыратып тастағандай болды. Бір жағынан, жер бетінде өмірдің қызығына тоймай, күнбе-күнгі өмірден ләззат іздеген дамыған елдердегі **«алтын миллиард»**, екінші жағынан, күнбе-күн аштықтың зардабын көрген тағы да «миллиард», ал ол екеуінің ортасында аласапыран қиындықтарды басынан өткізіп, жақсы өмірге ұмтылып жатқан кедей елдердегі адамзаттың қалған 4 миллиарды! Бүгінгі таңда XX ғ. орта кезеңінде пайда болған адамзаттың жарқын болашағы жөніндегі идеялар біршама сөніп, ғасырдың аяғына қарай пессимистік **антисциентистік** дүниесезім бой алып келе жатқан секілді.

Ал енді XX ғасырдың рухани мәдениетіне тоқталсақ, ол да неше түрлі шытырман қайшылықтарға толы. Бір жағынан, орасан зор ғылыми жетістіктер, мәдениет құндылықтарын миллиондаған данамен басып, халыққа тарату мүмкіншіліктерінің өсуі т.с.с., екінші жағынан, адамның техника, өлі байлық, дене ләззатының құлына айналуы. Бір жағынан, XX ғ. бүкіл адамзат тарихының беттерінде сирек кездесетін

ұлы гуманистер – Тереза-ана, А.Сахаров, А.Швейцер, Махатма Ганди т.с.с. өмір сүрсе, екінші жағынан, бұл ғасыр Гитлер, Сталин, Муссолини, Пол-Пот т.с.с. залымдарды дүниеге әкелді.

Бүгінгі адамзатқа керекті нәрсе – жер бетіндегі Ғарыштың әсем гүлі – өмірді сақтап қалу, ғылымның жетістіктерін адамгершілікпен ұштастырып, жаңа жағдайда «мәңгі сұрақ» – адамның өмірінің **мәнмағынасы** мен **не үшін** жаратылғанына – жаңа шешім іздеу, осы жолда бақталастық емес, халықтардың бір-бірін **толықтыруы**, өзара бір-бірін **ақтауы, көмектесуі** қажет сияқты.

Әрине, мұндай талдауларды ары қарай жалғастыра беруге болар еді.

Бірақ жоғарыда көрсетілген сипаттамалар XX ғ. пайда болған философияның ағымдарын жете түсінуге мүмкіншілік береді деген ойдамыз. Олай болса, өткен ғасырда пайда болған көп философиялық ағымдардың негізгілерін талдауға көшейік.

§ 1. Неопозитивизм ағымы

Неопозитивизм (neo – жаңа, positivus – латын сөзі, оң, дұрыс деген мағына береді) – Батыс философиясының шеңберінде қазіргі ғылымның дамуының барысында пайда болған философиялық-танымдық мәселелерді талдап шешуге бағытталған ағым. Оның түптамыры позитивизмнің негізін қалаған француз ойшысы **Огюст Конттың** (1789-1857 жж.) шығармаларына барып тіреледі. Сондықтан ең алдымен позитивизмнің негізгі қағидаларына тоқталу қажет.

Егер неміс классикалық философиясында пайда болған панлогистік көзқарасқа Шопенгауер **Ерікті**, ал Кьеркогер жеке адамның **тебіреністерін** қарсы қойса, Конт оған қарсы **ғылыми деректерге** негізделген қағидаларды қарсы қоюға тырысады. Конттың ойынша, ғылым – белгілі бір дерексіз негізден шығарылатын білім жүйесі, ал тарих философиясы – рухтың дүниеге келіп, дамуын суреттейтін ілім ғана емес. Ғылымның негізінде дүниеде белгілі бір **тәртіп** пен **өрлеу** барлығын көрсететін тәжірибелік байқаудың негізінде алынған ғылыми деректер және соларды теориялық деңгейге көтеріп талдау іс-әрекеті жатыр.

Конт адамзат ой-өрісі өзінің даму тарихында үш сатыдан өтті деген пікірге келеді. Олар: 1) теологиялық (жалғандық) саты – көне заманнан XIV ғ. дейін; 2) метафизикалық саты – XIV-XVIII ғғ; 3) позитивтік саты – XIX ғ. бастап пайда болады.

«Теологиялық сатыда өмір әлі ғылыми деректерге негізделген жоқ, өмірдегі барлық құбылыстар Құдайдың **құдіретті күштері** арқылы түсіндіріледі. Метафизикалық сатыда адам зердесі дамуының негізінде барлық бұрынғы көзқарастар сыналып, **терістеле** бастайды, барлығына **күмәндану, сенбеушілік** пайда болады. Өмірді түсіндіру жолында

дерексіз алғашқы негіздерді іздеу басталады (материя, идея форма, рух т.с.с.) Үшінші – позитивтік сатыда – өндіріске негізделген қоғам пайда болып, альтруизм (өзінен гөрі басқаның қамын ойлау) эгоизмді (өзімшілдік) жеңген уақытта нағыз ғылыми сатыға өрлеу мүмкіндігі пайда болды», – деп қорытады О.Конт.

Жоғарыдағы көрсетілген ойларға сәйкес, Конт ғылымды салаларға бөлу мәселелерімен айналысып, біршама жетістіктерге жетеді. Оның ойынша, ғылым – тарихи ғасырдан-ғасырға дамып, тұрпайылықтан өтіп, күрделеніп жатқан құбылыс. Әрбір жаңа пайда болған ғылым саласы өзінің қажетті алғышарты ретінде өткен сатыға негізделеді. Бірақ өткен сатының негізінде жаңа пайда болған ғылымды толығынан түсінуге болмайды, оның өзіндік заңдылықтары пайда болады. Конт «тарихи күрделену» анықтамасына негіздей отырып, ғылым салаларын былайша орналастырады: **математика – астрономия – физика – химия – биология – социология**. Осы тәртіпке сәйкес социология биология ғылымына негізделгенмен, бірақ адамдардың өзара іс-әрекет етуімен байланысты жаңа заңдылықтарға ие болады. Социология ғылымының негізгі мақсатын ол **тәртіп** пен **өрлеуді** бір-бірімен ұштастыру қажеттіктерінен шығарады. Ал ол үшін бүкіл адамзатты біріктіретін жаңа дін қажет. Ескі әлемдік діндер бір-бірімен күресіп, адамзатты қайшылықтарға әкелді және олардың қағидаларының көбі – жалған. Олай болса, жаңа ағарған дін қажет – ол қазіргі өмір сүріп жатқан, бұрынғы тарихта болған және болашақта дүниеге келетін адамдардан тұратын **Адамзаттың** өзі. Сондықтан ол адамзатқа Құдай ретінде қарап табынуға шақырды.

Конттың бұл соңғы ойын өз уақытындағы замандастары теріс қабылдағанмен, бүгінгі таңдағы адамзатқа өте өзекті мәселеге айналуда. Өйткені бүгінгі таңдағы адамзат «адамның мән-мағыналық дағдарысына» келіп тірелуде. Бүкіл адамзаттың басын біріктіретін терең рухани-адамгершілік мағынасы бар жаңа дін – аса қажетті де тағдырлы нәрсе. Бірақ ол, біздің ойымызша, Конттың айтқан адамзаты емес, өйткені дүниеде сол адамның өзін тудырған біздің арғы анамыз – «Ұлы мәртебелі Табиғат» бар. Оған табыну – алғашқы қауымдық қоғамда пайда болған-ды. Шамасы, алғашқы адамдар ақиқаттан онша алшақ болмаса керек. Көшпенді өмір салтын ұстаған біздің ата-бабаларымыз да Табиғатқа, Тәңірге сенгенін біз жақсы білеміз. Мыңдаған жылдардағы өткен цивилизацияның жетістіктеріне, өмірден алған тәжірибеге сүйене отырып, жаңа дәрежеде табиғатты аялауға, оған табынуға, оны пір тұтуға қайта оралып қана, адамзат өзінің өмірін сақтап қалуға мүмкіншілік алар ма екен деген сұрақ оқтын-оқтын ойымызға келеді.

XX ғ. басындағы жаратылыстанудағы ашылған жаңалықтар (радиоактивті сәулелер, электрон т.с.с.) осы уақытқа дейінгі беделді механистік классикалық физиканың негізгі қағидаларына үлкен соққы жасады. Электрон бөлшегінің тұрақты салмағының жоқтығы ғалымдарды таңғалдырды. Франция елінің сол кездегі ірі математик-ғалымы А.Пуанкаре: «Олай болса, материя жойылды», – деген пікірге келді. А.Эйнштейннің салыстырмалы теориясындағы кеңістік пен уақыттың бір-біріне өтіп, біртұтастық дәрежеге келуін қалай түсінуге болады? Мұндай сұрақтарды жалғастыруға болар еді. Бұл сұрақтарға жауап беру жолында позитивизмнің екінші сатысы дүниеге келеді. Оның аты **«эмпириокритицизм»**, яғни тәжірибені сынға алу деген мағына береді. Негізгі өкілдері – **Эрнст Мах** (1838-1916 жж.), **Рихард Авенариус** (1843-1896 жж.) т.с.с.

Жоғарыда көрсетілген жаратылыстанудағы қиындықтар бұл ағымда «тәжірибе» деген ұғымды қайта қарауға әкеледі. Олардың ойынша, бұл ұғым материя мен сананың, физикалық пен психикалықтың қарама-қарсылығын жояды. Тәжірибенің құрамдас бөліктерін алып қарасақ, оның физикалық және психикалық элементтерден тұратынын байқаймыз. Егер біріншісі – сыртқы тәжірибенің мазмұнын көрсететін болса, екіншісі ішкіні көрсетеді. Ал элемент дегеніміздің өзі, нақтылай келгенде, адамның түйсіктері болып шықты. Олай болса, олар **субъектісіз объект жоқ, объектісіз субъект жоқ** деген пікірге келеді. Мұны олар танымдағы **«түбегейлі сәйкестік»** деп атады. Әрине, субъект, яғни танымдық қабілеті бар адам бар жерде – объект, яғни танылатын айнала қоршаған дүние бар. Нағыз ақиқаттың өзі адамның жан дүниесінен өтіп, оның неше түрлі тебіреністерін туғызып, адамның осы дүниені телегей-теңіз ретінде қараса, соның бір тамшысы ретінде сезінгенде ғана пайда болса керек. Сонымен қатар танымның бұл жақтарын абсолюттеп шегіне жеткізсек, әрине, субъективтік идеализм жолына түсіп кетуге әбден болады. Сондықтан марксизмде мұндай көзқарас уақытында сынға алынған болатын.

Эмпириокритицизмнің негізгі қағидаларының бірі – **«ойлаудың тиімділігі»** және ғылымда тек **суреттеу идеалына** жету. «Ойлау тиімділігін олар организмнің өз-өзін сақтау үшін биологиялық қажеттіктерді өтеу жолындағы бейімделуінен шығарады. Ғылымдағы ойлау тиімділігі «субстанция», «себептілік», «алғашқы негіз» т.с.с. мазмұнсыз санаттардан бас тартуды қажет етеді», – дейді олар. Олардың орнына ғылымдағы ашылған элементтердің өзара байланыстарын суреттесе болғаны. Сол кездегі ғылымдағы ашылған күрделі жаңалықтарға философиялық-әдістемелік тұрғыдан түсінік бере алмаса да, олар XX ғ. басында басталған ғылыми төңкеріске ғылыми қауымдастықтың көңілін аударды.

Енді, міне, біз XX ғ. 20 жылдарында пайда болған позитивизмнің үшінші сатысы – **неопозитивизмнің** өзіне келіп тірелдік. Негізгі өкілдері – **Мориц Шлик** (1882-1936 жж.), **Рудольф Карнап** (1891-1970 жж.), **Людвиг Витгенштейн** (1889-1951 жж.), **Бертран Рассел** (1872-1970 жж.) т.с.с.

Неопозитивизм өкілдері белгілі бір толыққанды философиялық мектепті, ағымды құрмайды. Жалпы алғанда, ол философияның жеке ғылымдармен салыстырғандағы ерекше дүниеге деген көзқарастық-әдістемелік маңызы бар пән екендігін мойындамайтын әртүрлі кішігірім ағымдардың жиынтығы десек те болады. Олардың ойынша, бұрынғы философия метафизиканың тартпалы батпағына батып, жалған тексерілмейтін ұғымдардың ішінен шыға алмай қалды. Мысалы, Б.Рассел тек қана сезімдік деректердің шынтуайттығын мойындайды. Объективті дүниенің өмір сүруін мойындағанмен, ол оның негізін тек қана сенімге негіздейді, оны ғылыми жолмен дәлелдеу мүмкін емес. Сонымен қатар Б.Рассел эмпириокритицизмдегі сезімдік тәжірибені асыра түсінуді қолдамай, оны **математикалық логика** тұрғысынан толықтыру керек деген пікір айтты. Олай болса, философия тәжірибеден алынған негізгі қағидаларды логикалық талдаудан өткізіп қорытатын пәнге айналады. Осы **логикалық позитивизмнің** келесі өкілін – Р.Карнапты алатын болсақ, ол математикалық логика арқылы білімдегі негізгі ұғымдардың мазмұнын, мән-мағынасын тексеруге шақырды. Ал оның негізгі құралы – **верификация** (verificatio – латын сөзі, дәлелдеймін деген мағына береді) принципі. Тікелей верификацияға келер болсақ, ол ғылымдағы белгілі бір қағидалардың өмірдегі тәжірибеге сәйкестігін анықтау болып табылады. Ал дамыған теориялардағы қағидаларға келсек, оларды тек жанама түрде верификациялауға болады. Ол үшін сол теорияның негізінде жатқан **элементарлық, атомарлық, протоколдық** сөйлемдерге шейін жетіп, оларды өмірдегі сезімдік тәжірибеден шығатын деректермен салыстырып тексеру қажет. Әрине, мұндай жұмыстар философия саласында істелуі керек. Олар бұл салада көп жұмыстарды атқарды. Бірақ қоғамдық-гуманитарлық пәндерді алсақ, (әсіресе этика мен психологияны) верификация принципінің көп жағдайда әлсіздігін байқауға болады. Ал осының негізінде олардың бәрін ғылымның шеңберінен шығарып тастауға, әрине, болмайды. Бұл логикалық позитивизмнің негізгі кемшіліктеріне жатады.

Б.Расселдің әлеуметтік философиялық көзқарастарына қатысты айтсақ, ол қоғам өмірінде белгілі бір даму заңдылықтары жоқ деген пікірге келеді. Адамдардың іс-әрекеттеріне шешуші ықпалды көбінесе олардың ішкі түйсіктекрі мен құштарлықтары тигізеді. Сонымен қатар ол адамның еріктік өмірге деген ынтасын терең бағалап,

тоталитаризмнің қай түрін де (сталинизм, фашизм) тұлғаны мемлекеттің құрсауына алғаны үшін қатты сынады.

Неопозитивизмнің екінші түрі – **лингвистикалық философияның** өкілдерін алып қарасақ, олар философияның айналысатын негізгі ісін тілдегі сөздерді, ғылыми сөйлемдерді логикалық жолмен талдаудан көреді. Л.Витгенштейннің ойынша, философия тек қана «тілге сын» ретінде ғана өмір сүре алады. Өзінің «Логикалық-философиялық трактаттар» деген еңбегінде ол: «Менің тілімнің шеңбері менің дүниемнің шеңберін құрайды», – дейді. Бұл философия саласында ашылған үлкен жаңалықтардың бірі болды, өйткені қайсыбір ұлттық тілдің құрылымы сол халықтың дүниесезімі мен дүниені қабылдауына, керек болса, дүниеге деген көзқарасына шешуші ықпалын тигізеді. Оны біз қазір «халықтың ділі» деген ұғыммен береміз. Л.Витгенштейннің негізгі идеясы – тілдегі сөздерді ұқыпты пайдалану, басқа жағдайда ол бізді неше түрлі дерексіз ұғымдардың құрсауына қамап, адастырады.

XX ғ. 50 жылдарынан бастап позитивизмнің соңғы сатысы дүниеге келді, оны **постпозитивизм** (соңғы позитивизм) деп атайды. Негізгі өкілдері – **Карл Раймунд Поппер** (1902-1994 жж.), **Томас Самюэль Кун** (1922 ж.), **Имре Лакатос** (1922-1974 жж.), **Пауль Фейерабенд** (1924 ж.) т.с.с.

К.Поппер ғылымның дамуындағы верификация принципінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ғылымның дамуында пайда болған ешқандай теория «соңғы ақиқат» емес, күндердің бір күнінде ол теріске шығарылуы мүмкін. Олай болса, ғылымдағы қағидалардың терең табиғаты – олардың болжамдығында, қателік кету мүмкіндігінде. Оны ол **фаллибилизм** (қателік) дейді. Ғылымдағы білімнің дамуы, негізінен алғанда, неғұрлым әртүрлі **гипотезалардың** көбірек ұсынылуымен бірге оларды **фальсификациялаумен** (теріске шығаруға тырысу, оған қарсы бағытталған пікірлерді ұсыну) байланысты. Сонда ғана ғылым дүниетану жолында тереңдей түседі.

Өзінің жалпы дүниеге деген көзқарасында ол **«үш әлем»** теориясын ұсынады. Олар: **физикалық әлем**, яғни бізді айнала қоршаған дүние. Келесі – **ментальдық әлем** (Платонның «идеялар әлеміне ұқсас). Үшінші әлем – адамзат жеткен шынтуайтты өмір сүретін **білім әлемі** (Ортағасырдағы Ибн-Роштың адамзат интеллектіне ұқсас).

К.Поппердің ойынша, философия ғылым емес, өйткені оның негізгі қағидаларын фальсификациялауға болмайды. Бірақ ол адамға өмірдің мән-мағынасын ашып, сондағы адамның алатын орнын көрсетуге тырысады. Сол үшін ол философияны биік бағалайды.

Өзінің әлеуметтік философиясында К.Поппер адамзат тарихында ешқандай заңдылықтар болған емес деген пікірге келеді. Осы тұрғыдан ол марксизмді, әсіресе «коммунизм» идеясын қатты сынға алады.

К.Поппердің идеялары **И.Лакатосқа** зор әсерін тигізді. Ғылымның тарихи дамуын зерттей келе, ол **«ғылыми зерттеу бағдарламасы»** атты танымдық әдістемені ұсынады. Қайсыбір кемеліне келген ғылымда өне бойы жаңа теориялар пайда болып, бір-бірін ауыстырып жатады. Ал оның өзі сол ғылымдағы қабылданған «зерттеу ережелерімен» тығыз байланысты. Олардың біреуі (оң эвристика) болашағы бар зерттеу жолдарына сілтесе, келесілері (теріс эвристика) қай зерттеу жолдарынан аулақ болу керек екенін көрсетеді.

Қайсыбір «ғылыми-зерттеу бағдарламасының» ішкі бұзылмайтын **«қатты өзегі»** болады, оған іргетасы теріске шығарылмайтын қағидалар ғана кіреді. Ал оны қоршап тұрған **«қорғайтын шеңберге»** келер болсақ, ондағы гипотезалардың негізгі функциясы бағдарламаның өзегін қорғау болып табылады. Бірақ гипотезалар фальсификацияланып жартылай, я болмаса толығынан жоққа шығарылуы мүмкін. Онда оның орнына жаңа гипотеза келеді.

«Ғылыми-зерттеу бағдарламасының» ары қарай өрлеу мүмкіндігін қалай анықтауға болады? И.Лакатостың ойынша, егер бағдарламаның теориялық өсуі оның эмпириялық өсуінен алда жүрсе, яғни теориялық түрде болашақта ашылатын кейбір деректерді болжай алсақ, онда ол – өрлеу үстінде. Ал жаңа ашылған деректерді соңынан теориялық түрде жалпылау, түсіну дегеніміз – ол бағдарламаның сарқылғанын, жақын арада оның басқа «ғылыми-зерттеу бағдарламасына ауыстырылатынын көрсетеді.

Ғылымның даму тарихы – неше түрлі зерттеу бағдарламаларының бір-бірімен сайысқа түсуі, олардың эвристикалық мүмкіндіктерінің ашылуы. Ғылымның ішкі және сыртқы тарихы бар. Ішкі тарихқа идеялар мен әдістемелердің бір-бірін ауыстыруы жатса, сыртқы тарихына ғылымды ұйымдастыру формалары мен ұлы тұлғалардың қызметі жатады.

Постпозитивизмнің келесі ірі өкілі – **Томас Кун**. Ол **ғылым философиясы** ағымына жатады. Ғылым дегеніміз – белгілі «ғылыми қауымдастықтың» басын қосып біріктіретін әлеуметтік институт. Олар белгілі бірегей теория, әдістеме, дүниеге деген көзқарас ұстаған, нақтылы ғылыми нормалар мен құндылықтарды мойындаған қауым. Олардың бәрін біріктіретін – ғылымдағы **парадигма**. Өзінің **«Ғылыми революциялардың құрылымы»** деген еңбегінде Т.Кун: «Парадигма деп мен ғылыми қауымдастыққа белгілі бір уақыттың шеңберінде ғылыми мәселелерді шешу жол-дарын көрсететін барлығының мойындаған ғылыми жетістіктерін айтамын», – дейді. Парадигма белгілі бір ғылыми қауымдастықтағы әдістер мен ізденіс жолдарын, ғылыми ахуалдың қайнар көзін құрайды. Ғылыми теорияға келер болсақ, ол парадигмаға қарағанда анағұрлым төменгі дәрежеде, өйткені қайсыбір

теория белгілі бір парадигманың шеңберінде пайда болады. Оны басқа парадигманың шеңберінде түсіну қиын. Ол үшін оны қайта қарау керек.

Т.Кун парадигмаға соңынан екінші атау береді – ол **дисциплинарлық (пәндік) матрица (негіз)**. Оның негізгі элементтері ретінде ол символдық жалпылау үлгілерін, тұжырымдық үлгілерді, ғылыми қауымдастық мойындаған құндылықтарды және ғылыми тұрғыдан шешілген үлгілерді қарастырады. Ғылымдағы белгілі бір парадигманың үстемдігі оның дамуының жақсы деңгейде екенін көрсетеді: біртебірте тәжірибелік деректер жиналып өңделеді, зерттеудің жолдары қарастырылып жетіледі т.с.с. Бірақ ол өне бойы олай болмайды, кейбір ғылымда ашылған жаңа деректер бұрынғы парадигманың шеңберінде түсінілмейді, ғылымдардың арасында күмәндану, бұрынғы парадигманың құндылықтарына сенімсіздік пайда болады. Ғылымның дамуында дағдарыс орын алып, ол жаңа парадигмалардың пайда болуына, бір-бірімен күреске түсуіне әкеледі. Осының нәтижесінде бір жаңа парадигма жеңіске жетіп, ғылыми қауымдастық оның құндылықтарын мойындап, нәтижелі зерттеулер жүргізе бастайды. Сөйтіп, бәрі де тағы қайталанады.

Ғылымның дамуына деген мұндай тарихи көзқарас неопозитивизмнің көп ағымдарына қарсы болды. Сонымен қатар Т.Кунның екінші жетістігі – ол тәжірибелік деректердің неопозитивизмдегі басымдылығын теріске шығарып, ғылымда парадигмаға тәуелсіз деректердің жоқ екенін дәлелдеді. Парадигманы игерген ғалым деректердің бәрін соның «сәулесі» арқылы көреді. Деректер теорияны сынамайды, керісінше, теория қандай деректерді тәжірибеге енгізу керек екенін пайымдап, анықтайды.

Постпозитивизмнің келесі өкілі **Пауль Фейерабендтің** ойынша, ғылымда әрқашанда мойындалған теорияларға қарсы бағытталған теориялар жасалуы керек, сонда ғана олардың арасында өзара бәсекелестік пайда болып, ғылымның дамуы тездейді. Ғылыми теорияларда пайдаланылатын терминдер әрбіреуінде тек өзіне ғана тән мазмұнға ие болады. Бір теориядағы терминдер екінші теорияға енгізілсе, олардың мазмұны дереу өзгереді. Сондықтан оларды бір-бірімен салыстырып баға беру мүмкін емес. Олай болса, әрбір ғалым өзінің теориясын жасауға мүмкіндік алады. Бәсекелестіктің негізінде жеңіске жеткен теория ақиқатқа жақын, я болмаса оған сәйкес келгенінен емес, ол – соны қолдайтын қауымның насихатының жемісі. Олай болса, ғылым – қоғам өміріндегі басқа идеологиялық институттар сияқты: оның дін, миф, философия т.с.с. айырмашылығы шамалы. Сондықтан олардың бәрі де тең құқылы болуы қажет. Бұл қорытынды неопозитивизм ағымының шығармашылық әлеуетінің сарқыла бастағанын көрсетеді. Дегенмен неопозитивизм шеңберіндегі әр ағымның өз жағымды жақтары бар – олардың бәрі де ғылым философиясында кеңінен пайдаланылады.

§ 2. Феноменология

Дүниетаным мәселелерімен айналысқан XX ғ. келесі ағым – феноменология. Негізін қалаған – **Эдмунд Гуссерль** (1859-1938 жж.). Ойшыл өзінің еңбектерінде **«Заттардың өзіне қарай!»** деген ұран тастады, өйткені сол кездегі И.Канттың ізбасарлары ғылыми таным жолында шындықты ұғымдар арқылы құруға болады деген көзқараста болды. Екінші жағынан, ол неопозитивистердің шындықтың сезімдік деректердің негізінде «тікелей берілгені» жөніндегі қағидасына қарсы бағытталған болатын.

Өз заманындағы таным теорияларын сынға алғанда Э.Гуссерль тағы да келесі екі ұғымды бір-біріне қарсы қояды. Олар **білім** мен **пікір**. Еуропалық мәдениеттің дағдарысы – осы ұғымдардың айырмашылығын елемегенінде. Пікір дегеніміз – бұлдыр, айқын емес білім, жеке мүдденің шеңберімен шектелген таным. Оған ол қарсы ұғым ретінде «теория» деген грек сөзін қояды, ал оның алғашқы мағынасы – бимүдделі аңлау. «Тек қана теорияға бағышталған философия дүниенің универсалдық көкжиегін көре алады», – деп қорытады Э. Гуссерль.

Ойшылдың өз алдына қойған негізгі мақсаты – сананы тазарту, оның адамзат тәжірибесі, тарихи үдерістен тыс өмір сүретін алғашқы құрылымын анықтау болып табылады. Гуссерльдің феномені – ол бұрынғы классикалық философиядағы басқа терең жатқанды көрсететін сезімдік тәжірибе арқылы берілетін құбылыс емес, ол – өз-өзін ашатын, табатын, тікелей санаға айқын көрінетіннің бәрі. Феноменология – айқындығы тікелей интуиция арқылы көрінетін идеалдық мән-мағынаны зерттейтін ілім. Санадағы феномендер адамға тіл арқылы беріледі. Сонымен қатар оған адамның жан дүниесіндегі тебіреністер, сана арқылы ойланатын заттың мән-мағынасы т.с.с. бәрі де жатады.

Таза сананың іргетасты ерекшелігі – оның **интенционалдығы** (intentio – латын сөзі, ұмтылу), яғни бірдеңеге әрқашанда бағытталғаны, соның санасы. Қабылдау, еске сақтау, қиялдау, еске түсіру, тілеу, ой формалары т.с.с. бәрінің де заттық мазмұны бар. Интенционалдық сананың құрамдас бөліктерін неше түрлі мән-мағынаға толықтырады.

Өзінің іс-әрекетінде адам аңқаулық көрсетіп, өзінің заттарға қалайша мән-мағына бергенін байқамай қалады да, оларды санаға тәуелсіз өмір сүріп жатқан (объективті) өзіндік танылатын қасиеттері бар құбылыстар ретінде қарайды. Ал, шынына келгенде, санадан тыс өмір сүретіннің бәрін жақшадан сыртқа шығаруымыз керек, өйткені санада объект пен субъект бір-біріне өтіп, ажырамайтын феноменге айналады. Адам сана арқылы заттарды қабылдап, оларға белгілі бір мағына беріп, сол арқылы олармен қарым-қатынасқа түседі. Бұл арада,

бір жағынан, дүниетануға бағытталған іс-әрекет – **ноэзис** бар, екінші жағынан, осы таным үдерісінде ашылған мазмұн – **ноэма** бар.

Э.Гуссерльдің ойынша, барлық ғылымның, жалпы дүниетанымның негізінде **«өмірлік дүние»** жатыр. Ол – «барлық адамдарға мәлім», «тікелей анық», «адамның көзі жеткен», өмірде кең қолданылатын, ол жөнінде адамдар көп ойланбайтын нәрселер. Сондықтан «өмірлік дүние» бүкіл адамның дүниетанымы негізінде жатыр. Ол «алдын ала берілген көкжиек», адамның практикалық іс-әрекетінің шынайылығы мен мүмкіндіктерін көрсетеді. Ол қайсыбір ғылым саласынан бұрын пайда болған, сондықтан барлық адамның тәжірибе мүмкіндіктерінің, дүниетанымының алғышартын құрайды. ұғымдық сараптау арқылы жүретін ғылыми таным – әрқашанда шектелген, толық емес, ал «өмірлік дүние» – әрқашанда айқын, сондықтан оның мәртебесі анағұрлым жоғары.

«Өмірлік дүние» неше түрлі мән-мағынаға толы, солар арқылы біз заттарды танып, оларға мән-мағына береміз. Бірақ адамдардың көпшілігі дүниедегі санадан тыс өмір сүріп жатқан заттарды танып-біліп жатырмыз деп ойлайды. Ал, шынына келгенде, адам «өмірлік дүниеден» шығатын мән-мағынаны заттарға таңады. Сондықтан феноменология осы неше түрлі мән-мағыналар санадан қалай пайда болатынын зерттейді. Ол үшін сананың алғашқы негізінде жатқан таза формаларын зерттеу қажет. Оған жету үшін Э.Гуссерль «эпохе» әдісін қолданады. **«Эпохе»** дегеніміз – феноменологиялық редукция (қысқарту) арқылы заттардың кеңістік пен уақыттың шеңберіндегі барлық өмірдегі байланыстарын «жақшаға алу», «сөндіру» құралы. Осының арқасында, заттың «эйдосы», яғни таза идеясы, мәні ғана қалады да, ол таза санаға ашылады.

Сөйтіп, таза сананы ашқанда, біз одан «Абсолюттік Менді» (субъективтік ағымды) табамыз. Дүниедегі адамның іс-әрекетке түсетін барлық заттары мен құбылыстарына сана мән-мағына береді екен. Олай болса, санадан тыс өмір сүріп жатқан объективтік шындық жоқ. Ал сана өзін-өзі арқылы түсініп, өзін феномен ретінде қарайды.

Э.Гуссерльдің феноменологиясы XX ғ. көп ағымдарға өз ықпалын тигізді. Әсіресе герменевтика мен экзистенциализмге. Енді сол бағыттарды талдауға көшейік.

§ 3. Герменевтика

Герменевтика (germeneon – грек сөзі түсіндіремін) сонау көне грек заманында жазылған тарихи мұраларды түсіну өнері ретінде пайда болды.

Орта ғасырларда Батыс Еуропада герменевтика Киелі кітаптың негізгі қағидаларын дұрыс түсіндіру өнеріне айналады.

Қайта өрлеу заманы келгенде, антикалық дәуірде пайда болған мәдени мұраларды қазіргі тілге аудару қажеттігі пайда болып, ол герменевтиканың негізгі ісіне айналады.

Жаңа дәуірде ғана герменевтика бірте-бірте жалпы философиялық тұрғыдан қаралып, ерекше ағымға айналады. Бұл ағымның негізін қалаған неміс діни қайраткері, философы Ф.Шлейермахер болды. Ол – Платонның барлық шығармаларын алғаш рет неміс тіліне аударған адам. Оның ойынша, герменевтика – басқа тұлғаның қайталанбас жақтарын түсінудің өнері, әңгіме оның ойларының мазмұнынан гөрі, оның **сөз саптау мәнерінде, үлгісінде** деген пікірде болды.

В.Дильтей герменевтиканы тарихи оқиғалардың ішкі сырын ашатын пән ретінде қарады. Ол адамзат тарихын табиғат заңдылықтарынан бөлек алып қарайды. Егер табиғат заңдылықтарын біз практикалық іс-әрекет, таным арқылы ашып, болашақ ұрпақтарға дәріс беру арқылы жеткізсек, өткен адамзат тарихының беттерін, сол заманда өмір сүрген адамдардың ішкі жан дүниесінің тебіренісін зерттеу үшін сол замандағы ахуалға **өту, түйсіну, тебірену** арқылы ғана жетуге болады деген пікірге келеді. Олай болса, өткен тарихқа сол заманда өмір сүрген ұлы адамдардың өмірбаянын, ішкі рухани тебіреністерін түсініп қана баға беруге болады.

Феноменология ағымының негізін қалаушы Э.Гуссерль белгілі бір дәуірді жете түсіну үшін, сол кездегі қоғамның **«өмірлік дүниесінің»** ерекшелігін зерттеу қажет деген пікірде болған-ды. Сонда ғана сол дәуірде өмір сүрген адамдардың өмір сезімін, мәдени мұраларының мән-мағынасын ашуға болады.

М.Хайдеггердің ойынша, **«болмыстың үйі – тіл»**. Ендеше, герменевтика ілімін тілді талдау, тарихи ұмыт қалған сөздердің сырын ашу, оны қайта өмірге енгізу, сол арқылы өткен ғасырлардағы адамзат болмысын зерттеуге болады.

Әрине, әр халық өз тілі арқылы өзінің дүниесезімі мен дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырады. Тілде халықтың мыңдаған жылдар бойы жинаған өмірлік тәжірибесі қорланады. Әсіресе бұл қағиданы көшпенді өмір салтын ұстаған қазақ халқының өткен тарихын зерттегенде ұмытпағанымыз абзал.

М.Хайдеггердің ойынша, адам тіл арқылы сөйлегеннен гөрі, «тіл адам арқылы сөйлейді». «Әрбір сөздің астарын ашсақ, онда неше түрлі мән-мағына жатқанын байқаймыз. Тек қана аса дарынды, ұлттық мәдениеттен терең сусындаған адам ғана герменевтика ісімен айналыса алады. Халықтың аса көп сыры оның ұлы азаматтары тудырған поэзияда жатыр. Онда халықтың болмысының қайталанбас нәзік

жақтары беріледі. Сондықтан әр ірі өлеңші – әрқашанда философ», – деп қорытады М.Хайдеггер.

Герменевтика ғылымына зор үлес қосқан неміс ойшылы **Георг Гадамер** болды. Ол герменевтика ілімін тек қана гуманитарлық пәндерде қолданылатын әдіс ретінде түсініп қана қоймай, оның болмыстық жағын негіздеді. Оның ойынша, түсіну дегеніміз – адамның дүниетанымының негізгі жағы ғана емес, ол оның өмір сүруінің анықтаушы себебі, болмысының тәсілі.

Г.Гадамер осы уақытқа дейін герменевтикада кеңінен қолданылған белгілі тарихи құжатты зерттегенде, сондағы руханиятқа өту, түйсіну тәсілін үзілді-кесілді теріске шығарады. Бір дәуірден – екіншіге, өзіңнен басқаға өту мүмкін емес. Бүгінгі таңдағы философ 2,5 мың жылға шегініп, Платонның, я болмаса Анахарсистің тұлғасына өтіп, солар сияқты өмірді сезініп, қабылдай алмайды: ол аңғырттықты көрсетумен тең болар еді. Әңгіме біреудің рухани өміріне өтуде емес, керісінше, **сол замандағы мәселелерді қазіргі заманға сай етіп талдауда.** Яғни өзің мен басқаның арасындағы айырмашылықты жою емес, керісінше, оның жойылмайтындығын сезіне отырып, басқаның өмір тәжірибесін өз өміріңде қолданып қарауда, сондағы оқиғаны өз ахуалыңмен ұштастыруда. Негізгі мақсат – өткен оқиғаны ой өрісте қайта құру (реконструкция) емес, керісінше, жаңа мән-мағынаны тудыру (конструкция) болып табылады.

Мұндай көзқарас герменевтика саласында көппікірлікті тудырады. Гадамердің айтуынша, герменевтиканың іргетасты ақиқаты мынада: бірде-бір адам ақиқатты танып-біліп, толығынан жеткізе алмайды. «Сондықтан өне бойы сұхбатты қолдап, басқаша ойлайтын адамға да сөз беріп, оның айтқанын ықылас қойып тыңдап, түсінуге тырысу қажет. Міне, герменевтиканың терең өзегі осында», – деп қорытады ойшыл.

Г.Гадамердің енгізген тағы бір жаңалығы – тұлғаның тебіренісін зерттеуден гөрі, оның ойының мән-мағынасына өту керектігі. Зерттеуші жазылған мәтіннің ар жағындағы қалам иесінің тұлғасын көруге тырысудан гөрі, оның ой-тебіренісін тудырған **затқа үңілуі** қажет. Бұл пікірден біз Г.Гадамер ілімінің психологизмге қарсы екенін байқаймыз.

Бір дәуір екіншіге ауысқан сайын жаңа мәдени ахуал дүниеге келіп, бұрынғы көзқарастарды сынға алған жаңа философиялық, эстетикалық т.с.с. теориялар пайда болғанымен, әрқашанда белгілі бір тұрақты ой өрісі қала береді. Ол – тіл, оны өзгерту оңай шаруа емес. Тілдегі қалыптасқан мәдениет тәжірибесі ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, олардың өмір салтына, іс-әрекетіне, ой өрісіне өз ықпалын тигізіп, сонымен қатар, олардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, түсінбеушілік – ол әр тілде сұхбаттасқанмен бірдей.

Олай болса, тілге ұқыпты қарау, оны тыңдай білу, ондағы ұмыт қалған сөздерді жандандыру арқылы герменевтика өзінің негізгі мақсаты – мәдениеттегі дәнекерлік қызметін іске асыра алады.

§ 4. Өмір философиясы

Егер позитивизм ағымы XX ғ. ғылым саласында болып жатқан күрделі үдерістерді зерттеп, танымның жаңа жолдарын ашуға барлық күштерін салса, **«өмір философиясы»**, керісінше, өмірді ақтау мен түсінуге шақырып, ақыл-ой, логика, дүниетаным, экономикалық, саяси т.с.с. зерттеулер адамның жан дүниесін, өмір сезімін кедейлетеді деген пікірге келеді. Расында да, XX ғ. қарай «адам ақыл-ойдың негізінде дүниені өзгертіп, жер бетіне бақытты өмір әкеледі» деген Жаңа дәуірдегі ағартушылардың романтикалық көзқарастары өткір сынға алына бастады. Оның бастамасын біз сол XIX ғ. өзінде-ақ өмір сүрген А.Шопенгауер мен С.Кьеркогердің шығармаларынан байқағанбыз. Бұл ойшылдардың философияға «еккен» ойлары XX ғ. әртүрлі «өмір философиясының» ағымдарын тудырып, өте жемісті болып шықты.

Бұл ағымның негізгі ұғымы ретінде «өмір» философиядағы бұрынғы «болмыс» санатына қарсы қойыла бастады. «Болмыс жоқ, тек қана қалыптасу ғана бар», – деді Ф.Ницше. «Ал қалыптасу дегеніміз өмір», – деп ары қарай өз ойын қорытты.

Өмір философиясының шеңберінде «өмір» ұғымына әртүрлі ғалымдар әртүрлі мазмұн-мағына береді. **Биологиялық-табиғи** көзқарас ұстаған ғалымдар өмірді инстинктер, өмір сүруге деген құштарлық, ерікке т.с.с. теңейді. **Тарихи** көзқарасқа негізделген бағыт өмірді нақтылы-тарихи мәдениетті бойына сіңірген тұлғаның ішкі жан тебіреністерімен ұштастырады. **Пантеистік** тұрғыдан өмір өне бойы өзінің жаңа формаларын тудырып отыратын ғарыштағы күш ретінде түсініледі.

«Өмір философиясының» алғашқы өкілдері **Вильгельм Дильтей** (1893-1911 жж.) мен **Георг Зиммель** (1858-1918 жж.) өмірді ерік пен іңкәрлік, сезім мен тебіреніс деректері деп анықтайды. Өмір хаосты тәртіпке келтіреді. Өмірдің организмдік және одан да биік формалары бар. Өмір организмдік деңгейде өліммен шектелсе, организмдіктен биік формалары **мәдениетті** құрайды. Осы тұрғыдан алғанда, шындық – өмірден алған тәжірибенің өзі. «Өмірлік тәжірибе» – зердеге тең емес, ол ақыл-ойға сыймайды. **Өмір – ағым, өзгеріс, шығармашылық**, онда жалпылық деген жоқ. Өмірді тек қайталанбайтын жекелік арқылы ғана суреттеуге болады. Осы арада «шығармашылық трагедия» дүниеге келеді. Өйткені өмірдің қайталанбайтын толқындары оның объективтелген, яғни заттанған формаларымен қайшылыққа келеді.

Ол қайшылықтарды шешу үшін тарихи мәдениет туындыларын сол замандағы ахуалды білу, барлық жан-дүниеңмен соған өткендей болып сезіну арқылы түсінуге болады. Оны В.Дильтей герменевтика деген ұғыммен береді. Тарихшы өткен оқиғаларды шынайы қайта суреттеп қана қоймай, сонымен бірге қайтадан толғанып, оның өміршеңдік жақтарын түсіндіре білуі керек.

Анри Бергсон (1859-1941 жж.) – «өмір философиясының» шеңберінде **«шығармашылық талпыныс»** ағымын жасайды. Оның ойынша, алғашқы да ең терең шындық – ол белгілі бір толыққанды біртұтас өмір, ал материя мен рухқа келер болсақ, ол – сол өмірдің қалдықтары. Өмір – «өмірлік талпынысқа» (elan vital), яғни ешқашанда тоқталмайтын шығармашылық өзгеріске, қалыптасуға тең. Материя – болмыстың енжар жағы, ол, әрине, қаншалықты қарсылық көрсетсе де, дегенмен, ең ақырында, өмірге бағынады. Сондықтан табиғаттың тарихи күрделенуі, өрлеуі – өмірдің шығармашылық өрлеуімен тең. Олай болса, дүние – бірегей, тоқталмайтын, өне бойы жаңа формаларды бірінен соң бірін тудыра беретін шығармашылық.

А.Бергсонның ойынша, адам айнала қоршаған материалдық дүниеге өзінің **интеллекті** (ақыл-ойы) арқылы бейімделді. Интеллект дегеніміз – ақыл-ой, зерде арқылы адамның дүниедегі құбылыстарды танып-білуі, ол өзінің ең биік шыңына жаратылыстану ғылымдары арқылы жетеді. Интеллект біртұтас дүниені заттарға, соңғыларды құрамдас бөлшектерге бөліп, содан кейін олардан дүниенің жасанды суреттерін тудырады. Интеллектінің қайнар көзі – адамның материалдық дүниедегі іс-әрекеттерін ұйымдастыру, олардың нәтижелілігін қамтамасыз ету. Бұл арада аса назар аударатын нәрсе, А.Бергсонның ойынша, – **интеллект заттың терең мәнін аша алмайды**, ол тек қана олардың арасындағы байланыстары мен қарым-қатынастарын ғана көрсете алады. Өлі материяны құрамдас бөліктеріне бөліп, содан кейін оларды басқаша түрде қайта құрастыру – интеллектінің негізгі ісі. Олай болса, ол заттың сыртқы қабығын ғана игере алады. Өне бойы қозғалып, өзгеріп жатқан дүниені интеллект кинопленкадағы өмірді «жасанды түрде» көрсеткен сияқты (онда әрбір кадр қозғалысты көрсетпесе де), бірінің артынан бірін белгілі бір жылдамдықпен өткізген кезде, экранда «қозғалыстағы өмірдің» көшірмесі пайда болады. Интеллект дүниедегі ұқсас, қайталанатын қарым-қатынастарды ғана көрсетіп, сонымен қатар оның қайталанбайтын, өмірге бір-ақ рет келген ішкі өзегін – өмірдің өзін – танып-біле алмайды.

А.Бергсон адамның интеллектінен басқа да таным құралының бар екенін мойындайды – ол **интуиция. Интуиция** дегеніміз – ол затқа деген сүйіспеншіліктің негізінде оның ішкі, интеллектіге ашылмайтын жағына өтіп, оның **өмірлік өзегін сезіну** болып табы-

лады. Интуиция дегеніміз – рухтың алғашқы негізі. Ол – өмірдің өзі. Танымдық тұрғыдан алып қарағанда, алғашқы интуиция инстинкт пен интеллектіге бөлінеді. Сол сәтте инстинкт өзіндік санасынан, интеллект заттың ішкі сырын ашу қабілетінен айырылады. Адамның интуициясы толығынан интеллектіге бағынышты. Алайда кейбір «шекаралық жағдайда», адамның өміріне қауіп төнген, я болмаса оның басына «тағдырлық» ахуал келген кезде, **интуиция** интеллектінің құрсауынан босап, адамға **нағыз шындықты көрсетіп**, оның ғарыштағы орны мен тағдырын анықтауға көмектеседі.

Адам – шығармашылық пенде, өйткені «өмірлік талпыныс» оның ішінен өтеді. Алайда өмірді терең сезіну интуициясы – тек қана таңдаулы адамдарға ғана тән нәрсе. Сөйтіп, А.Бергсон шығармашылық пен мәдениет жөнінде элитарлық көзқарас ұстайды.

А.Бергсонның **әлеуметтік философиясына** келер болсақ, ол адамның өмір сүруінің екі түрін мойындайды. Көп жағдайда адам «сыртқы» өмірдің шеңберінде, өзі үшін емес, басқа адамдар үшін өмір сүреді. Тек қана өзіміздің ішкі өмірімізге терең үңіліп, біз өзіміздің еріктігіміз бен биәлеуметтігімізді анықтай аламыз. Бірінші өмір формасын ол «жабық», екіншісін «ашық» қоғамға жатқызады. Жабық қоғамда тұлға ұжымның құрсауынан шыға алмайды, ашық қоғамда тұлғаның өмірі мен шығармашылық қызметі үстем болып келеді.

Қорыта келе, біз А.Бергсонның философиясының біршама қайшылықтарының бар екенін байқаймыз. Әрине, интеллект адамның жан дүниесінің нәзік жақтарын толығынан жете біле алмайды. Интеллект есептейді, бөледі, қайта құрастырады, одан әрқашанда суық лебіз білінеді. Адам көп жағдайда өмірдің терең жақтарын бисаналық түрде өзінің барлық жан-тәнімен сезінуі мүмкін. Мұның бәрі де дұрыс. Бірақ А.Бергсонның интеллект пен интуицияны қарама-қарсы қойғаны қайсыбір терең дүниетанымды жоққа шығарады. Өйткені **интуициямен сезінгенді** ұғым арқылы **түсіне алмасақ**, онда оны қалайша **басқа адамдарға жеткіземіз**? Дүниедегі «шығармашылық талпыныс» өне бойы қайталанбайтын өзгерістерді тудыра берсе, онда дүниедегі барлық заңдылықтардан бас тартуға тура келер еді. Әрине, ол мүмкін емес. Дегенмен А.Бергсонның философиялық көзқарастарының негізінде ерекше ағым пайда болмағанымен, ол XX ғ. басқа философиялық ағымдарға өзінің зор әсерін тигізді.

Ф.Ницше және оның «билікке деген еркі»

«Өмір философиясының» шеңберінде неміс философы **Фридрих Ницшенің** (1844-1900 жж.) еңбектері ерекше орын алады. Егер А.Шопенгауер Әлемдік ерікті болмыстың алғашқы негізіне жатқызса,

Ф.Ницше ерік санатына әлеуметтік-моральдық мән-мағына беріп, оны «билікке деген ерік» ретінде түсінеді. Оның ойынша, өмір билікті неғұрлым жете сезінгісі келеді. Егер А.Шопенгауердің «Әлемдік еркі» біреу ғана болса, Ф.Ницше ондай монистік көзқарастан бас тартып, еріктің көптігін (плюралистігін), сол себепті олардың бір-бірімен бітпейтін күресте екендігін мойындайды. Үшінші ерекшелігі, А.Шопенгауер адам еріктен бас тартып қана өзін сақтай алады деген болса, Ф.Ницше, керісінше, адам, егер ол құл емес, нағыз адам болса, билікке деген еркін өмірге енгізеді, сол үшін күреседі.

Не жақсы деген сұрақ қойып, Ф.Ницше оған: «Билікке деген сананы, құлшынысты, сол адамның билігінің өзін күшейтетіннің бәрі», – деп жауап қайтарады. Не жаман деген сұраққа: «Әлсіздіктен шығатынның барлығы», – дейді. «Ақыл-ой арқылы жүретін дүниетанымдық іс-әрекет билікке деген ерікті күшейте ме?» – деген сұраққа: «Жоқ, өйткені интеллектінің басымдылығы билікке деген ерікті, оның ұмтылысы мен іс-әрекетін әртүрлі ойдың толғаныстарымен ауыстырып, тоқыратып тастайды. Мораль да басқалардың қамын ойла деп, билікке деген ерікті әлсіретеді», – деп жауап береді.

Билікке деген ерік күштінің құқының негізін құрайды. Күштінің құқы неше түрлі қоғамда қабылданған моральдық, діни т.с.с. нормативтік ережелерден биік болуға тиіс, сондықтан нағыз адам осы қағиданы өз өмірінде ұстауы қажет. Социализм адамдардың арасында теңдік болуы керек деген қағиданы таратады. Бірақ ол өмірдің терең мәнін құрайтын билікке деген ерікті құртады, сондықтан ол керек емес. Демократия да билікке ұмтылған адамдардың мүддесіне қарсы, өйткені тобыр қайсыбір билікті ұнатпайды, яғни олар күштінің құқына қарсы тұрады. Ал еркек пен әйелге келер болсақ, табиғат еркекті күшті қылып жаратты, олай болса, оған билікке деген құқық берді. Сондықтан қайсыбір еркек пен әйел арасындағы теңдікке деген ұмтылыс – қоғамның іріп-шіруінің көрінісі.

Жоғарыда көрсетілген көзқарас Ф.Ницшенің моральдық ілімінің негізінде жатыр. Моральдың негізгі ұғымдары – жақсылық пен жамандық – тарихи күштілер, жақсылардың әлсіз, жамандарға қарағандағы артықшылығынан шығады. Осы ойын дәлелдеу ретінде ол моральдықты көрсететін сөздерге талдау жасап, неміс сөзі «shlecht» жаман, түрсіз деген мағына берсе, оған жақын «shlicht» деген сөз де «қарапайым адам» деген мағына береді, – деп қорытады. «Тарихи бай, атақты, асылдарды көрсететін ұғым «жақсылықпен» теңеліп, кедейлік, қарапайымдық «жамандық», «зұлымдық» деген ұғымдарды тудырды», – деп есептейді Ф.Ницше.

Мыңдаған жылдарға созылған тарихта кедейлер мен құлдар өздерінің моральдарын бүкіл қоғамға таңуға тырысты. Оны ол «құлдардың

моральдағы көтерілісі» деп атайды. Ал оны жасаған дүниедегі ең «теорияшыл халық» – еврейлер. Олар қоғамның «құндылықтарын қайта бағалап», аристократиялық бір-бірінен туатын «жақсы – асыл – күшті – әсем – бақытты – Құдайдың сүйгені» деген құндылықтарды толығынан теріске шығарып, оған қарама-қарсы «тек бақытсыз адамдар – жақсылар», «кедейлер, әлсіздер, төмендегілер ғана – жақсылар», «тек зардап шеккендер, қайыршылар, аурулар, мүгедектер ғана – тақуалар, масайрауға лайықты адамдар» деген қағидаларды ұсынды.

Ф.Ницшенің ойынша, иудей-христиандық моральды толығынан «қайта қарап», «мырзалардың моральдық құндылықтарын» тағы да өмірге енгізу керек. Оның негізінде мынандай қағидалар жатуы қажет:

1) «өмірдің құндылығы» – сөзсіз негізгі құндылық;
2) адамдар бір-бірімен табиғи түрде теңсіз болып жаратылған;
3) күшті адамдар моральдық борыштан бос, ешқандай моральдық талаптармен байланысты емес.

Жоғарыдағы көрсетілген моральдық құндылықтарға сәйкес келетін адам әлі дүниеге келген жоқ. Егер дүниеде болған қайсыбір жануардың түрі өмірден жойылардың алдында өзінен жоғары тіршілікті тудырса, адам өзінен жоғары пендені тудыра алмай отыр. Өйткені адам – ауру жануар. Оның алғашқы табиғат берген инстинктері сөніп, оның орнын сана алды. Ал енді, Ф.Ницшенің ойынша, «адамнан жоғарының» дүниеге келетін уақыты жетті. Ол – «аққұба әзәзіл». Тұқым қуу жағынан алғанда, олар «арий нәсілінен» шыққан адамдар (нордистік тип). Ал моральдық жағынан алғанда, олар бір-бірімен ұстамды, кішіпейіл, назды, мейірімді. Басқаларға олар жабайы, ауыздығы жоқ жануарлардан да жаман сияқты. Басқаларды көргенде, олар жыртқыштың алғашқы күнәсіз ұжданына қайта оралғандай болып сезінеді: өлтіреді, жағады, зорлайды, құртады, енді оларды жыраулар көп уақыт бойы өздерінің өлеңдерінде жырлайтынына кәміл сенеді.

Ал енді «адамнан жоғарылардың» сыртқы кейпіне келер болсақ, олардың «туа біткен асылдығы» бір қарағанда-ақ көрініп тұрады. «Осы қасиет бүгінгі таңдағы саудагерлер мен фабриканттарға қалайша жетпей тұр десеңізші», – деп қынжылады Ф.Ницше. «Егер басшының сыртқы түр-әлпеті оның асылдығын көрсетіп тұрса, онда «тобыр» оған көнуге әрқашанда дайын. Ал егерде ол жоқ болса, онда тобыр адамы кездейсоқ келген бақ пен байлық қана адамдарды көтереді деген ойға келіп, олай болса, біз де өзіміздің бағымызды сынап көрейік деген жаман ойға өтуі мүмкін. Ал бұл ой социализмді әкеледі», – деп қорытады Ф.Ницше. Әрине, Ф.Ницшенің бұл ойларына фашизм идеологиясының біршама жақтары жақын екенін мойындамай болмайды.

Ф.Ницшенің христиан дініндегі моральдық қағидаларға қарсы келуі, осы кездегі ғылым мен техникадағы ашылған жаңалықтар, ойшылдан бұрын өмір сүрген ағартушылардың дінге қарсы бағытталған іс-әрекеттері – барлығы жиналып, оның: «**Құдай өлді!**, өйткені Құдайға сенудің өзіне сенбеушілік пайда болды», – деген тұжырымға келуіне себеп болды. «Болашақта, Құдайдың орнын «адамнан жоғары» пенде алады», – деп қорытады Ф.Ницше.

Әрине, Ф.Ницшенің философиясы қайшылықтарға толы, ешқандай біртұтастық жүйелігі жоқ, өз заманының әртүрлі өзекті мәселелерін көбіне көркем сөзбен берген көзқарас. Бірақ, соған қарамастан, Ф.Ницшенің өз заманының әлсіз жақтарын сынауы, нағыз тұлғаның әрқашанда қол астындағы болмыстың шеңберін тиістілік негізінде аттап өту қажеттігін көрсетуі т.с.с. ойлары болашақ философиялық ағымдарға үлкен әсерін тигізді.

Фрейдизм ағымы. Сана мен бисаналық мәселелері

«Өмір философиясының» XX ғ. беделді ағымдарының бірі фрейдизм болып табылады. Негізін қалаушы **Зигмунд Фрейд** (1856-1939 жж.) – австриялық дәрігер, психолог, философ. Негізгі еңбектері: **«Мен және Ол», «Тотем мен Табу»** т.с.с.

З.Фрейд жүйке ауруларын зерттеу мен емдеу жолында адам психикасында бисаналықтың зор орын алатынын байқайды. Егер одан бұрын қайсыбір невроз ауруларының себебін ғалымдар сананың шеңберінен іздеген болса, ол оны бисаналықтан көріп, жүйке ауруларын емдеудің «психоанализ» әдістерін жасап, біршама жетістіктерге жетеді. Бұл оған шабыт беріп, ол психоанализдің негізгі қағидаларын бүкіл қоғам мен мәдениетке таратып, философия саласында ерекше ағымды тудырды.

Бисаналықты ашу, оның құрылымын, адамның жеке өміріне, қоғамға тигізетін әсерін зерттеу – Фрейдтің ғылымға енгізген жаңалығы болды. Адамның көп ынта-тілектері мен құштарлықтары бисаналық түрде пайда болады екен. Олар сыртқа адамды гипноздаған кезде, я болмаса ұйқыдағы адамның түсінде, байқамай айтылып қалған сөзде, кейбір дене қозғалысында т.с.с. көрініп қалады.

З.Фрейдтің ойынша, адамның психикасының үш деңгейі бар: оның ортасында **«Ego»** (латын сөзі, «Мен» деген мағына береді), яғни адамның өзіндік сана-сезімі орналасқан. Екінші құрамдас бөлігін **«Super ego»** (өзіндік сана-сезімнен жоғары) деп атайды. Оған неше түрлі қоғамның тұлға алдына қоятын талаптары, әлеуметтік нормалар, әке-шешенің бала алдына қойған талаптары мен бұйрықтары т.с.с. кіреді, ол – тәрбие барысында адамның психикасына енгізіліп, соңынан оның барлық жүріс-тұрысын қоғамның талабына сәйкес ретке келтіріп

отыратын ішкі механизм. Адам психикасының іргетасы ретінде тым терең жатқан және өте көне құрамдас бөлігі – ол **«Libido»** (латын сөзі, құштарлық, іңкәрлік, құмарлану деген мағына береді), я болмаса оны қысқаша **«Id»** деген екі әріппен береді. З.Фрейдтің ойынша, оған адамның барлық бисаналық түрде өтіп жататын психикалық құбылыстарының бәрі де кіреді. Оларға инстинктер, күңгірт сезімдер мен түйсіктер, ындын-тілектер т.с.с. жатады. Бисаналықтың өзегіне З.Фрейд жыныс күш-қуатын (сексуалдық энергия) жатқызады. Ол бүкіл адамның психикалық жан дүниесіне өзінің ықпалын тигізіп, адамның «өздігін», ерекшелігін құрайды.

З.Фрейдтің ойынша, егер адам психикасының ең терең қабаты ләззат алуға тырысса, сана, керісінше, сыртқы дүниеге, айнала қоршаған ортаға бейімделуге асығады. Осы себепті сана мен бисаналықтың арасында әрдайым қайшылық пайда болады. Егер тәрбие барысында адамның жан дүниесіне енгізілген әлеуметтік нормалардың талаптары өте күшті болса (Super ego), онда ләззат алуға бағытталған жыныс күш-қуаты сыртқа шыға алмай, бір жағынан, адамды невроз ауруларының түрлеріне әкелсе, екінші жағынан, ол белгілі бір жағдайда **сублимацияланып** (sublimatio – латын сөзі, «биікке көтеремін» деген мағына береді), яғни жыныс энергиясы мәдени шығармашылыққа айналып, тұлға үлкен рухани туындыларды дүниеге әкелуі мүмкін.

Жүре келе, З.Фрейд бисаналықтың шеңберінен екі негізгі инстинкті бөліп алады. Олар – «өмір инстинкті» – **эрос**, «өлім инстинкті» – **танатос**. Егер эрос инстинкті өмірге деген сүйіспен-шілікті, достықты, іңкәрлікті тудырса, танатос адамды өлімге қарай итеріп, оның қатерлі, қанішерлік, қиратуға деген құмарлығын, адамдарды қорлауға бағытталған іс-әрекетін тудыруы мүмкін.

Дегенмен З.Фрейд бисаналықтың күш-қуаты қандай зор болғанымен, адам оларды ауыздықтап, саналы түрде басқара алады деп есептеді. Әңгіме адамды алаңдататын бисаналық құбылыстарды сананың жарығына шығарып, оларды өз еркіне көндіруге мүмкіндік алуда болса керек.

Қоғам өмірінде адамның күңгірт инстинктерін ауыздықтайтын құрал бар. **Ол – мәдениет**. Мәдениеттің құндылықтары арқылы адамдар өзінің табиғатпен, өз-өздерімен қарым-қатынасын ретке келтіріп, деструктивті күңгірт инстинктерін шектеп ығыстырады. Бірақ ығыстырылған күңгірт күштер ешқашанда мүлде жойылмайды, олар қорлана келе, оқтын-оқтын бұрқырап шығып, неше түрлі бақытсыздыққа әкеледі. З.Фрейдтің айтуына қарағанда, жыныстық құмарту мен қатыгездік, мейірімсіздік бір-бірімен өте тығыз байланысты. Демек, екі негізгі инстинктер әрдайым бір-бірімен күресте болып, мәдениеттің дамуының негізгі бағыттарын анықтайды.

Сонымен, бисаналықтың екі негізгі инстинктін мойындау, бір жағынан, шығармашылық жолмен дүниені қайта құру, екінші жағынан, жасалған мәдениетке қарсы шығу, қирату – З.Фрейдтің ізін қуған ғалымдардың еңбектерінде неше түрлі қайшылықтарды тудырды. Олардың көбін З.Фрейдтің бисаналықтың өзегін жыныс энергиясына теңеуі қанағаттандырмайды.

Карл Густав Юнг (1875-1966 жж.) басында өз ұстазының көзқарасында болғанмен, кейіннен бисаналықты басқаша түсіне бастайды. Аурулардың көрген түстерін сараптай келе, ол онда халықтардың тарихи аңыз-әңгімелеріндегі кейіпкерлердің бейнелерін байқайды. Олай болса, адамның жеке басының бисаналығынан басқа, одан да терең **«ұжымдық бисаналық»** формалардың бар екенін байқайды. Егер жеке адамның бисаналық формалары сол адамның тәжірибесінен шыққан неше түрлі психикалық, уақытында ұмытылып, я болмаса ығыстырылған тебіреністерден тұратын болса, «ұжымдық бисаналық» бүкіладамзаттық тәжірибені қамтиды. Онда мыңдаған жылдардағы жиналған адамзат тәжірибесін, сонымен қатар **адамға дейінгі** хайуандық «жасырылған іздерді» байқауға болады. Олардың көбін халықтардың мифологиясы, аңыз-хикаялары, діни сенімдіктеріндегі бір-біріне ұқсайтын батырлар, дана ақсақалдар, Жер-ана, перілер т.с.с. көркем бейнелерден байқауға болады. Оқтын-оқтын бұл бейнелер адамның түсіне келеді. Олардың бәрін К.Юнг **«архетиптер»** деген ұғыммен береді. Олардың нақтылы мазмұны жоқ символикалық бейнелер, тірі тұлға өзінің өмір шеңберінде алған тәжірибесін сол символдарға толтырып, өзінің тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады.

Архетиптер халықтың әдет-ғұрыптары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Сонымен қатар олардың көбі тіпті **тұқым қуу** механизмдері арқылы созылып, әдет-ғұрыптар жойылып кеткеннің өзінде де өмірде қайталана беріледі.

Егер З.Фрейд пен К.Юнг жеке адамның психикасын, оның адамның жүріс-тұрысына тигізетін ықпалын зерттеген болса, онда **А.Адлер** (1870-1937 жж.), **К.Хорни** (1888-1959 жж.), **Э.Фромм** (1900-1980 жж.) фрейдизмнің негізгі идеяларына сүйене отырып, қоғам өмірін зерттеуге тырысты.

А.Адлер фрейдизм іліміне **«компенсация»** (толықтыру) ұғымын кіргізеді. Қайсыбір адамның психикасында өзінің дене кемшіліктерін сезінудің негізінде «өзіне деген сенімсіздік» бишаралық сезім пайда болады. Тұлға оны аттап өту жолында өзінің барлық шығармашылық мүмкіндіктерін сыртқа шығаруға тырысады. Осы адамның өз-өзін өмірде нағыз болуға итерген іс-әрекетін А.Адлер компенсация дейді. Ал адам осы жолда «компенсациядан да үстем» іс-әрекет жасаса, онда ол ұлылық дәрежесіне көтерілуі мүмкін (мысалы, Наполеонның

денесінің кішілігі, Гитлердің аяғын сылтып басуы т.с.с. – олардың дене кемшіліктерін ұлы істер арқылы компенсациялау әрекетін тудырды деген пікір әдебиетте бар).

К.Хорни тұлғаның дамуының екі жолын көрсетеді – ол **норма** мен **паталогия**. Бірінші жолда адам өз табиғи дарындарын өзінің қабілеттеріне айналдырып, оларды дамытуға тырысады. Екіншіде адамның мінез-құлқында теріс өзгерістер қорланып, невроз ауруына әкеледі. К.Хорни оны әлеуметтік себептермен («ауру» қоғамның салдарлары) генетикалық (өзара тұлғалық және әке-шеше мен бала арасындағы теріс қарым-қатынастардың қалыптасуы) және «мәндік» (тұлғаның өз мүмкіншіліктерін іске асыру жолында жалған жолға түсіп кетуі) өзгерістермен ұштастырады.

Неофрейдизмнің ұлы өкілі есебінде американ философы **Эрих Фроммды** айтуға болады. Оның ойынша, тұлғаның ешқандай туа біткен психикалық қасиеттері жоқ. Тұлғаның барлық психикалық өзгерістері мен өмірдегі көріністері оның қоғам өміріндегі қатынастарға тереңдеу деңгейімен байланысты. Қазіргі қоғамдағы қатынастар «машиналанған», «компьютерленген» т.с.с. түрде болғандықтан, ол адамның шынайы мәнін «жаттандырып», оны неше түрлі невроз ауруларына әкеледі. Қазіргі қоғам адамның осы дүниедегі «болуының» орнына оған «алуды» ұсынады. Сол себепті ол тұлғаның «жинаушылық», «нарықтық», «енжарлық» т.с.с. мінез-құлқын тудырады. Тұлғаның жаттануының ең айқын көріністері – ол адамның **еріктіктен** бас тартып **қашуы**, нашақорлықтың, маскүнемдіктің жолына түсіп батуы, қылмыстық т.с.с. Ал осы көрсетілген кемшіліктерді тудырған «ауру» қоғамды қалайша «емдеуге» болады? Э.Фроммның ойынша, ол үшін ең бірінші қажет нәрсе – **«гуманистік жоспарлауды»** қоғамға енгізу, дүниедегі байлықты жинау, қорлау, **алу** психологиясынан бас тарту, қоғамды басқару жүйесіндегі қалыптасып қалған шен иелерінің жаттанған басқару формаларының орнына «гуманистік басқару» жүйесін енгізу, соның арқасында қарапайым адамдардың әлеуметтік өмірге деген ынтасын ояту, дүниеде **болуға** бағытталған құндылықтар жүйесін тудыру т.с.с. қажеттіктерді көрсетеді. Әрине, ұлы философтың бұл ойлары – өтпелі кезеңді өз басынан өткізіп жатқан біздің қоғамға аса қажет ойландыратын нәрселер.

Сонымен қатар Э.Фромм адамның өмір сүру диалектикасына тоқталып, оның ешқашанда жойылмайтын трагедиялық жағын да көрсетеді. Біріншіден, адам бұл өмірге өзі сұранып келмейді, ол белгілі бір кездейсоқ жерде, уақытта дүниеге келіп, алғашқы сатыдан өмірінің соңына шейін «өмір мен өлімнің екі ортасында» болып іс-әрекет етеді. Екіншіден, осындай шектелген өмірдің шеңберінде адам өзінің бойындағы барлық дарындарын іске асырып, алдына қойған өмірлік

мақсат-мұраттарын орындап үлгірмейді, сондықтан олардың көбі, қазақ дүниесезіміндегі терминдермен айтсақ, «жалған, жеткізбейтін арман» болып қала береді. Э.Фроммның бұл ойлары бізді фрейдизмнің шеңберінен шығарып, экзистенциализм философиясына өткізіп жібереді.

§ 5. Экзистенциализм философиясы

Қазіргі философиядағы ең ықпалды ағымдардың бірі – экзистенциализм (existentia – латын сөзі, өмір сүру) философиясы. Ол Батыс Еуропа топырағында екі дүниежүзілік соғыстың арасында қалыптасты. XX ғ. бірінші жартысында ондаған мемлекеттер қатысқан қантөгісте миллиондаған қыршын жастар қаза болып, мыңдаған қалалар, зауыттар мен фабрикалар, ауылдық жерлердегі үйлер қирап, адамзат тағы да варварлық сатыға қайта келгендей болды. Бұл трагедия ойланатын адамдардың санасында өзінің өшпес ізін қалдырып, дүниені танып, оны қайта өзгертуден гөрі, сол қайғылы замандағы адамның өмір сүруіне, оның қайшылықтарға толы дүние тебіренісіне, оның өмірінің мәнмағынасын анықтауға т.с.с. сұрақтарға жете көңіл бөлінуіне жеткізді.

Мұндай ахуал, әрине, өткен ғасырда өмір сүрген дат философы С.Кьеркогердің, неміс философы Ф.Ницшенің, француз ойшылы Б.Паскальдің, орыс жазушысы Ф.Достоевскийдің ойларының өзектілігін көрсетіп, олардың еңбектері экзистенциализм бағытының теориялық қайнар көзіне айналды.

Экзистенциализм философиясының негізін қалаған ойшылдарға **Мартин Хайдеггер** (1888-1976 жж.) мен **Карл Ясперсті** (1883-1969 жж.) (Германия), **Жан-Поль Сартр** (1905-1980 жж.) мен **Альбер Камюді** (1913-1960 жж.) (Франция), **Н.А.Бердяев** (1874-1948 жж.) пен **Л.И.Шестовты** (1866-1938 жж.) (Ресей), **Виктор Франклді** (1900 ж.) (Австрия), **Хосе Ортега-и-Гассетті** (1883-1955 жж.) (Испания) жатқызуға болады.

Сонымен, XX ғ. Еуропа цивилизациясының дағдарысы, зерде мен адамгершілік құндылықтарына деген сенбеушілікті тудырып, трагедияға толы адам мәселесін тікелей философиялық таразыға салды. Бұл саладағы анықталған ең бірінші жаңалық – зерденің негізінде **ғылым мен техника дамыған сайын** адам болмысының **тұрақсыздығы мен нәзіктігінің өсуі.** Мұндай күрделенумен қатар қатыгезденіп жатқан дүниеде тұрақтану үшін, адам ең алдымен өзінің ішкі өмірін талдап, соның негізінде өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуы қажет. Мұндай адам өміріне қас дүниеде адам өзінің рухы арқылы ғана қарсы тұра алады. Олай болса, адамға ең керекті нәрсе – ол зат, материя, я болмаса идея, таным философиясы емес, негізінен алғанда, – **адам философиясы**. Ал адамға келер болсақ, ол,

әрине, ешқандай объект, өндірістің, я болмаса танымның құралы емес, ол **субъект** – ерікті, өз-өзіне жеткілікті, жауапкершілікті болмыс.

Жоғарыда айтылған жалпы мінездемені нақтылай түссек, онда **экзистенция** (өмір сүру) мен **эссенция** (мән-мағына) ұғымдарының осы философияның негізінде жатқанын байқаймыз. Егер бүкіл жануарлар әлеміндегі тіршілік өзінің мән-мағынасымен бірге бұл дүниеге келер болса, адам ең алдымен бұл дүниеге келіп, неше түрлі қиын-қыстау жағдайлардан өтіп барып, көп уақыттан кейін ғана өз өмірінің мән-мағынасына ие болады. Яғни адамның **өмір сүруі** оның мән-мағыналыққа жетуінен анағұрлым **алда жүреді**. Мысалы, Африкада, я болмаса Амазонканың бойында өмір сүретін қолтырауын жағаға шығып, жұмыртқалап, оларды ыстық құмның астына көмеді. Уақыты келген кезде, жұмыртқалардың қабығы жарылып, ішінен кішкентай қолтырауындар жер бетіне шығып, шөлге қарай емес, дереу суға қарай жүгіреді. Қолтырауын осылайша миллиондаған жылдар бойы өмір сүріп жатыр. Ол өз мән-мағынасымен бірге өмір сүруге келеді! Ал дүниеге келген сәбиді алар болсақ, ол анасыз өмір сүре алмайды, оны көп жылдар бойы тәрбиелеп өсіру қажет, содан кейін ғана ол өз өмірі жайлы сұрақтарды алдына қойып, өмірінің мән-мағынасын ашуға тырысады.

Экзистенциализм философиясында **«шекаралық ахуал»** деген санатқа көп көңіл бөлінеді. Ол – өмір мен өлімнің екі арасында қалу, үрей мен алаңдау, түңілу мен қынжылу, уайымдау мен қамқорлық т.с.с. Тек осындай адам өмір сүруіне қауіп төнген жағдайда, оның жан дүниесі терең сілкіністе ұшырағанда, «өмірде болу» тебіренісінің негізінде ғана адам тез пісіп-жетіліп, өз өмірінің қайталанбайтын ерекше қалыптасатын мән-мағынасын терең аша алады.

Экзистенциализм философиясы адамның **еріктілігіне** ерекше көңіл бөледі. Еріктілік – «қажеттікті тану», я болмаса «табиғи дарынды іске асыру» емес, ол экзистенциямен, яғни өмір сүрумен тең. Адам дегеніміз – **өзін-өзінен жасайтын** пенде. Ол – өзінің **өзіндік жоспар-бағдарламасы**. Бұл дүниеде еш нәрсе адамды билей алмайды. Адамның себебі тек өзінде ғана, ол өзіне – «Causa sui». Ал еріктілік дегеніміздің өзі – таңдау. Адам ерікті пенде ретінде ойына не келсе, соны істей алады. Бірақ, сонымен қатар ол өз істеріне жауапты өзі ғана беруі қажет. Сондықтан Ж.-П.Сартр: «Еріктілік дегеніміз – адамға артылған адамгершіліктің ауыр жүгі», – деген болатын. Адам тек өз ісіне ғана емес, басқаларға да жауапкершілікті. Ол өз-өзін жете түсінудің арқасында басқалардың да терең сырын өзіне аша алады.

Адам экзистенциясының іргетасты ерекшеліктерінің бірі – **трансценділеу**, яғни өз шегінен өтіп кету. Сонда адам өз шеңберінен аттап өтіп, не нәрсеге жеткісі келеді? Діни экзистенциализм

Құдайды трансценденттікпен теңейді. Олай болса, Құдаймен қосылуға ынтық болу, нағыз еріктілікті содан іздеу діни трансценділеу болып есептеледі. Діни экзистенциализмнің көрнекті өкілі Н.Бердяевтің айтуына қарағанда, «адам – табиғи дүниедегі үзілгендік», екіжақты, қайшылық пен қайғылыққа шомылған пенде. Сондықтан оны түсіну – одан да жоғары тұрған Құдайды талап етеді. Ал мұның өзі адамның Құдайға тәуелді пенде екендігін көрсетпейді. Философия адамның құдайшылдығын, Құдайдың адамгершілігін көрсетуі қажет. Өйткені Мәсіхтің өзі адам болып туды. Құдай дегеніміз – ол рух. Олай болса, тек қана рухани қарым-қатынас қана адамдардың терең мәнін көрсетеді.

Ал атеистік бағытқа келсек, оның өкілдері – Ж-П.Сартр мен А.Камю оны **ештеңеге** теңеп, ол – экзистенцияның ең терең құпиясы деген пікірге келеді. Демек, экзистенция дегеніміз – өзінің шектелгенін, яғни уақытша екенін сезінетін, ештеңеге бағытталған адам өмірі.

Экзистенциализмнің ерекшеліктерінің бірі – жеке адам мен әлеуметтік болмысты бір-біріне қарсы қою, осы адамзат болмысының екі жағының бір-бірімен ымыраласпайтынын көрсету болып табылады. Олай болса, адам өмірінің ерекшелігі – өмір сүру мен мәндіктің, болу мен алудың, таным мен түсінудің арасындағы тебіреніс, таңдау. Мұның өзі адам болмысының қасіретті жақтарын көрсетеді.

Өзінің «Болмыс пен уақыт» деп аталатын көлемді еңбегінде М.Хайдеггер адамның өмір сүруін «Dasein» деген ұғыммен береді. (оның қазақшаға тікелей аудармасы – «осы арадағы болмыс»). Мұндай ұғымды философияға енгізіп, ол адам болмысы – тарихи болмыс екенін, ол яғни «қазір және осы арада» өмір сүріп жатқанын көрсеткісі келді. Дүниеде адамнан басқа ешқандай тіршілік иесі өзінің шектелгенін, яғни өлетіндігін білмейді. Олай болса, тек адамға ғана уақыттылық, ал сонымен бірге өмірде болу мәселесі тән. Бұл тұрғыдан алғандағы философияның негізгі мақсаты – ол дәл қазір өмір сүріп жатқан адамның ішкі тебіренісін зерттеу, содан шығатын өмір тәжірибесін талдау болып табылады. Бұл М.Хайдеггердің жасаған жаңа онтологиясы еді. Яғни ол – уақытпен шеңберленген адам болмысы, осы арада өмір сүріп, басқалармен бірге коммуникацияға (қатынасқа) түсу.

Алайда индустриялық қоғамда адамның болмысы өзінің бейшынайылығымен тең. Конвейерден шыққан бір-біріне ұқсас заттар сияқты, адамдар да орталанып, бір тұлға екіншіні жеңіл ауыстыра алады. Адамдар бірін-бірі ауыстыра алатындықтан, «басқа», ол – «нақтылы басқа тұлға» емес, «қайсыбір басқа», «жалпы бір басқа». Мұндай жағдайда «ол да», «мынау да», менің «өзім де» шынайы субъект емеспіз. Мұндай тобыр адамын М.Хайдеггер **«das Man»** деген терминмен берсе, Н.Бердяев оны **«объективацияланған дүние»** дейді.

Ал адамның шынайы болмысына келер болсақ, ол – адамның тарихи пенделілігін, уақыт шеңберінде шектелгенін, сонымен қатар өзінің еріктілігін сезінуінде. Шынайы болмысқа жету үшін адам күнделікті күйкі өмірден бас тартып, өмірдің соңғы шегі – өлімге тікелей қарай алатын жағдайға келуі қажет.

«Бейшынайы болмысты аттап өту үшін адамдар бір-бірімен қосылып, «абсурдтық дүниеге», оның шектелгеніне, өлімге, жалпы дүниенің жетілмегендігіне, мәнсіздігіне қарсы шығып, көтерілуі керек», – дейді француз ойшылы А.Камю. Алайда мұндай дүниеге түңілуден туған бірігушілік бірде-бір адам болмысының мәселесін, әрине, шешпейді.

Діни экзистенциализм бұл мәселенің басқа шешімін ұсынады. Г.Марсельдің ойынша, адамдар шынайы болмысты заттардың болмысымен теңейді. Ал шынайы болмыс, негізінен алғанда, әрқашанда тұлғалық болмыс. Болмыс – «Ол емес», «Сен», сондықтан адамдардың Құдай алдындағы бір-бірімен ішкі сырларын бөлісуі, ең құпия тереңде жатқан тебіреністерімен бөлісуі – шынайы болмыстың алғышарты. Ол үшін, яғни басқа адамның терең сырына жетіп, шынайы болмыстық дәрежеге көтерілу тек махаббат арқылы ғана іске асады.

Г.Марсельдің бұл ойларын дамытқан М.Бубер, Э.Левинас сияқты еврей ойшылдары болды. Олардың ойынша, адамның дүниеге деген қарым-қатынасы екіжақты, өйткені оның сөздігінде екі негізгі сөз бар. Олардың біреуі «Мен және Сен» болса, екіншісі – «Мен және Ол». Дүние адамзат тәжірибесі ретінде «Мен және Олға» жатады. «Мен және Сен» адами шынайы қарым-қатынасты тудырады. Олай болса, адам алдында дүниеде болудың екі мүмкін-дігі бар. «Мен және Сен» шынайы болмысты тудырса, «Мен және Ол» – адами қарым-қатынастарды заттандырады. «Сен» деп қарым-қатынасқа түскен адам – ол заттардың арасындағы зат емес. Мен оны тануға, зерттеуге тырыспаймын, өйткені мен онымен қарым-қатынастамын. Ол қатынастардан шыққанда ғана, мен оны тани бастаймын. Тану, білу – «Сеннің» алшақтауына әкеліп соғады.

«Мен және Сеннің» қарым-қатынасын **махаббатпен** теңеуге болады. Махаббат сезімі бүкіл дүниені өзінің сәулесімен жарқыратып, гүлдендіреді. Махаббат аясындағы адам қайсыбір адамды, жақсы мен жаманды, сұлу мен түрсізді, ақылды мен наданды – бәрін де ерекше «Сен» ретінде қарайды. Алайда адам болмысының трагедиясы – «Мен және Сеннің» қарым-қатынасының сарқылу, я болмаса құралға айналу мүмкіндігінде.

Экзистенциализм философиясының ірі өкілінің бірі – Виктор Франкл. Ол қазіргі қоғамдағы адамдардың қасіреті – ноогендік (nous – грек сөзі, ақыл-ой, зерде, рух; genesis – грек сөзі, дүниеге келу,

пайда болу;) неврoздарда, яғни адамдардың өмір сүрудің мән-мағынасынан айырылып қалуында деген пікірге келеді. Соңғыны В.Франкл **«экзистенциалдық вакуум»** деген ұғыммен береді. Өз болмысының мән-мағынасынан айырылып қалған кейбір адамдар рухани жүдеуліктен арылу үшін «Құдайды іздеу» жолына түссе, екіншілер нашақорлық пен ішімдіктің сағымында жүреді, үшіншілер қоғамдағы тәртіпке қарсы бағытталған қылмыстық іс-әрекеттерге, төртіншілер суицидке (өз-өзін өлтіру) дейін барады. Өзінің гуманистік көзқарасынан таймайтын В.Франкл өмірдегі ахуал қандай қиын болса да, тіпті жазылмайтын сырқат, өлімнің өзі болмасын, адам өз өмірінің мән-мағынасын жоғалтпауы керек, – деген терең ойға келеді. Өзінің екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Бухенвальд концлагерінде болған экзистенциалдық тәжірибесін сараптай келе, В.Франкл өз өмірінің мән-мағынасын сақтап қалған адамдар ғана сол тозақтан құтылғанын, ал өмірдің мән-мағынасын жоғалтқан көпшіліктің «малға ұқсайтын тобырға» айналып құрығанын айтады.

Әрине, реформа барысындағы бүгінгі қиын-қыстау жағдайларда біршама адамдар бұрынғы ұстаған жан дүниесіндегі құндылықтардан айырылып, сонымен қатар жаңа құндылықтарды қабылдай алмай, экзистенциалдық вакуумде жүргендері баршамызға аян. Мұның өзі неше түрлі «әлеуметтік ауыткудың» түрлерін туғызып, реформаның ары қарай өрлеуіне өзінің кесепін тигізіп отыр. Мұндай қиын жағдайда экзистенциализм ілімінің «әлеуметтік ахуалға» сілтегеннен гөрі, жеке тұлғаның ерікті іс-әрекетінен шығатын таңдауға, ал оның өзі белгілі бір жаңа ахуалды тудырып, өмірдің жаңа арнасын ашуының мүмкіндігін көрсетеді деген құнды пікіріне оқырманның назарын аударғымыз келеді.

§ 6. XX ғасырдағы діни философия

XX ғ. ғылым мен техниканың керемет жетістіктері – адамзаттың ғарышты игеріп, өз пайдасына жаратуы, атомның ішкі орасан зор күш-қуатын адамзат игілігіне пайдалануы, осы екі мега-әлем мен микро-әлем арасындағы ашылған миллиондаған табиғат сырлары, бір қарағанда, діни философияны қоғамдық сананың шеңберінен алысқа ығыстырып тастаған болар деген ой келеді. Алайда мұндай пікір шындыққа сай келмейді, өйткені біздің жоғарыдағы ой-өрісіміз тек қана діннің гносеологиялық (танымдық) түп-тамырын ғана қамтыды. Ал оның өзін тереңірек қарар болсақ, «ұлы мәртебелі Табиғат» қаншама ішкі сырларын әлі де болса құпия сақтап, адамдарды адастыруда...

Ал енді діннің әлеуметтік түп-тамырына келер болсақ, дүниедегі зұлымдықтың салмағы ең болмаса бір граммға кеміді ме екен?!! Хиро-

сима мен Нагасаки, Бухенвальд трагедиясынан өткен адамзатқа мұндай сұрақты қоюдың өзі артығырақ болар.

Енді діннің психологиялық түп-тамырын сараптасақ, біз жағдайдың бұрынғы дәуірлермен салыстырғанда өрши түскенін байқаймыз. Егер бұрын өлім мәселесі жеке адам толғанысының шеңберінен шықпаса, – қандай қантөгісті соғыс, я болмаса, эпидемия, жер сілкіну, топан су болса да, бірде-бір адам бүкіл адамзат тарихының ары қарай жалғаса береріне ешқандай күмән келтірмеген болса, – XX ғ. екінші жартысында ондай күдік пайда болып, өрши түсті (ядролық соғыстың салдарынан бүкіл жер бетіндегі тіршіліктің құрып кету мүмкіндігі, сездірмей жақындап келе жатқан экологиялық апаттың үрейі т.с.с.).

Міне, жоғарыдағы көрсетілген және басқа да жүздеген себептер XX ғасырдағы діннің ары қарай етек жайып өсуіне, олай болса, діни философияның да қоғамдық санадағы алатын үлесінің молаюына әкеліп жеткізгені – дәлелдеуді талап етпейтін қағидалар. Олай болса, қазіргі дүниежүзілік діндердегі қалыптасқан ахуал, діни философиядағы жаңа ойлар мен тебіреністер зерттеліп, оқылуы керек.

XX ғасырдағы христиандық философия

XX ғ. христиандық философия әлеуметтік зұлымдықтың негізгі үш себебін көрсетіп, оларды кінәлайды. Біріншіден, ол – жаратылыстану ғылымдарында қалыптасқан «әлем дегеніміз – өз негізінде өмір сүріп жатқан болмыс» деген қағида. Екіншіден, либерализм ұрандарының негізінде қалыптасып ағарған, Құдайдан бас тартқан мемлекет. Үшіншіден, коммунизм (Бұрынғы Кеңес Одағы мен басқа социалистік елдер) бүкіл байлықты мемлекеттің қолына өткізіп, қарапайым адамдарды сол мемлекеттің құлына айналдырса, капитализм (Батыс елдері) негізгі жұмысшы халықты тауарға, яғни затқа айналдырады. Жеке меншікке деген адамның құқы – табиғаттың заңы, адам жеке меншікке жету үшін жұмыс істейді, міне, осы тұрғыдан христиандық философия әсіресе коммунизм идеясын қатты сынға алады.

Христиандық философияның негізгі мәселесі – ол **болмысты тану** болып есептеледі. Е.Жильсон оны былайша тұжырымдайды: «егер екі философ болмысты түсінуде екі жақта болса, онда барлық жағынан да олар бір-біріне қарама-қарсы.

Бұл философия «болмыс» (esse) және «дүниедегі бар», өмір сүріп жатқанды (ens) бір-бірінен айырады. Болмыс санаты тек қана мәңгі, абсолютті, құдіретті өмір сүріп жатқан Құдаймен теңелсе, нақты бұл дүниеде өмір сүріп жатқан заттар – жаратылған, өтпелі, олардың болмысқа тек қатысы ғана бар, яғни уақытша келген.

Нақтылы дүниеге келген заттардың «өмір сүруі» (existentia) мен мән-мағынасы (essentia) бар. Олар бір-бірімен қосылып, сонымен қатар бөлініп жатады. Бұл дүниеде өмір сүру, яғни болмысқа қатысты болу дегеніміз – жаратылғандықтың белгісі. Екінші жағынан, мән-мағынаға ие болу дегеніміз – нақтылы, белгілі зат болумен тең, олай болса, ол әрқашанда шектелген, өтпелі, ол – жалпы болмыс емес, тек қана нақтылы болмыс. Жак Маритеннің айтуына қарағанда, әрбір болмыс өмір сүру мен мәнділіктен тұрады. «Мәнділік бұл зат не деген сұраққа жауап берсе, мысалы, тас, «өмір сүрудің» қоятын сұрағы тіпті басқаша: Ол бар ма, яғни дәл қазір өмір сүріп жатыр ма, әлде жоқ па? Олай болса, бұл дүние кездейсоқ оның шеңберінде әрбір заттың болуы да, болмауы да мүмкін. Нақтылы дүние тәуелді, өз-өзіне жеткіліксіз, тек қана Құдай толыққанды кемеліне келген болмыспен тең», – деп қорытады өзінің ойын Ж.Маритен.

Адам дене мен рухтан тұрады. Ол өзінің материалдық қажеттіліктерін мемлекеттің шеңберінде әлеуметтік пенде ретінде өтесе, тұлға ретінде ол Құдайға тәуелді. Сондықтан бұл философия адамның материалдық мәселелерге (бір жағынан, жетіспеушілікке, екінші жағынан, оның көптігіне) көп көңіл бөлгенін жаратпайды. Өйткені адам – зат емес, ол тұлға. Олай болса, жердегі тәртіп рухқа тәуелді болуы қажет. Адамның жеке өмірі өзінің шеңберінде жабылып қалмай, басқа адамдарға ашық болуы керек.

Христиандық философияның негізгі мәселелерінің бірі – **сенім** мен **білімнің** арақатынасы. Бұл мәселенің діни шешімін алғаш рет Ортағасырда Ф.Аквинский тапқан болатын. XX ғ. діни философия осы шешімді бұлжытпай орындап, қадағалап отыруға тырысады. Ол шешім, білімге қарағанда, **сенімнің басымдылығы**. Діни сенім мен ақыл-ой арқылы дүниетану – бір-біріне қарсы емес, бірін-бірі ығыстырмайды, керісінше, бірін-бірі толықтырады, олар бір өзенге құятын екі бұлақ сияқты. Сенімнің түпкі қайнар көзі – Құдайдың адамға берген аяны, оның ақиқаттығына еш күмән келті-руге болмайды. Ақыл-ой арқылы дүниетану – жаратылған пенде – адамға берілген үлкен сый. Бірақ қайсыбір адам шектелген, соңы бар пенде болғандықтан, оның білім-тануы да сол сияқты, ол бәрін біле алмайды. Олай болса, ақыл-оймен табылған білімді әрқашан құдіретті түрде берілген сенім ақиқаттарымен салыстырып, бақылап отыруымыз қажет. Олардың ойынша, ол, әсіресе XX ғ. ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін сараптау үшін аса қажет.

Осы тұрғыдан олар XX ғ. ашылған ұлы ғылыми жаңалықтарды Киелі кітаптың негізгі қағидаларымен салыстырып, олардың «ақиқаттығына» баға береді. Мысалы, XX ғ. екінші жартысында астрофизика саласында ашылған біз өмір сүріп жатқан дүниенің пайда

болуы мен жасы жөніндегі **«үлкен жарылыс»** теориясын алайық. Алғашында материя «сингулярлық», яғни орасан зор қысымның негізінде «нүктелік» жағдайда өмір сүрген. Ал оның өзі 13 млрд. жыл бұрын «үлкен жарылысты» тудырып, біздің галактикадағы жұлдыздар жүйесінің қалыптасуына әкелді (Құс жолы). Жарылыстың күші сондай орасан зор болғандықтан, осы уақытқа дейін жұлдыздар бір-бірінен алыстап, кеңістікте ұшып барады. Оны астрофизиктер: «Бір-бірінен қашып бара жатқан галактика», – дейді. Бұл теорияны қарапайым адамның санасына енгізу өте қиын, өйткені **нүктеден**, практикалық түрде, **жоқтан** біздің галактика сияқты орасан зор **Дүние пайда болды**. Ойлап қараңызшы: Күннің ішіне 1 млн. жуық жер сияқты планеталар сыйып кетуі мүмкін. Ал Күн – қарапайым орташа жұлдыз. Ал олардың саны тек біздің галактикада ғана 200 млрд. артық!!! Осының бәрі «нүктеден» пайда болды!!

Христиандық философияның бұл ғылыми жаңалыққа берген бағасына келер болсақ, олар бұл ашылған жаңалық Құдайдың **«жоқтан» бар әлемді жаратқаны** жөніндегі діни қағиданы **ғылыми** түрде **дәлелдейді** деген пікір туындайды. Олай болса, бұл теорияның ақиқаттығына күмән келтіруге болмайды.

Екінші мысал ретінде биология саласында ашылған тіршілікті клондау түрінде, яғни жыныстық жолдан тыс жарату мүмкіндігін келтіруге болады. Биологтардың айтуына қарағанда, тірі организмнің әрбір клеткасында организмнің бүкіл «генетикалық коды» жазылған. Олай болса, белгілі бір клеткадан жасанды жағдай тудырып, дәл сол организм сияқты жаңа тіршілікті дүниеге әкелуге болады!! Әрине, бұл – ғылым саласында ашылған ғажап жаңалық. XX ғасырдың аяғында ағылшын ғалымдары клеткадан «Долли» деп ат қойған қойды да тудырып, өсірді.

Христиандық философияға келер болсақ, бұл жаңалық та ақиқатты деген пікірге келеді. Өйткені Құдайдың өзі алғашқы «клондық экспериментті» жасады: Адамның бір қабырғасын жұлып алып, одан Еваны тудырды. Әрине, мұндай «аргумент» бізді күлдіруі мүмкін. Әңгіме осы философияның ғылыми жетістіктерін өз ішіне кіргізіп, заман ағымына сай келуге тырысуында болса керек.

Шындығында, христиандық философияның қойған мәселесі өте өзекті, бірақ оны сәл өзгертсек, онда ол адамның **дүниетану** мүмкіндігі **моральдық сананың бақылауында** болып, бүкіладамзаттық құндылықтардың шеңберінде даму қажеттігіне келіп тіреледі. XX ғ., бір жағынан, ақыл-ой арқылы дүниені танып, оны қайта өзгертудің орасан зор мүмкіндіктерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар «ғылыми өркөкіректіктен» **сақ болу** қажеттігін көрсетті. Ғалымдар ашқан жаңалықтарын дереу дүниеге енгізіп, адамзат пайдасына жаратуға тырысады. Бірақ ол жаңалық бізге пайдасымен бірге, көп ойламаған

теріс салдарын өмірге әкеліп, қоғам алдында неше түрлі жаңа қауіптерді тудырады. Адамзат алдындағы көп экологиялық мәселелердің пайда болуының терең себептерінің бірі, міне, осында.

XX ғ. христиандық философия туғызған ірі тұлғаның бірі – **Пьер Теяр де Шарден** (1881-1955 жж.) Негізгі еңбегі **«Адам құбылысы»** деп аталады.

Діни философтың қойған негізгі мәселесі: «Адам Құдайдың жаратқан дүниесінің қонағы ма, я болмаса сол жүріп жатқан жаратылысқа өз үлесін қосып, оны ары қарай дамыта ма? Егерде бұл дүние дайын күйінде адамға берілсе, онда адамға тек қана оның ғажаптығына таңғалып, оған табынудан басқа еш нәрсе қалмайды. Ал егерде дүниенің басы да, аяғы да болмай, бірақ ол өне бойы жаңару, өзгеру (эволюция) үстінде болса, онда адамның бұл дүниеге келуінің негізгі мақсаты – оны ары қарай дамытып, көркейтіп, өзгертуінде болса керек», – деп қорытады П. Т. де Шарден.

Өзінің философиясында ойшыл материализм мен идеализмнің бір-жақтылығын сынап, шынына келгенде, дүниенің сыртқы материалдық және ішкі психикалық рухани жақтары болуы қажет деген пікірге келеді. Егер дүниенің алғышарты ретіндегі рухани қосындысы болмаса, онда жалғыз материядан тұратын әлемде адам пайда болмас еді.

П.Т. де Шарденнің ойынша, ғарыштың өмір сүруі мен ары қарай өрлеуінің негізінде екі энергияның (күш-қуаттың) тікелей қатысы бар. Олар – **тангенциалдық**, яғни физикалық күш-қуат және **радиалдық**, яғни психикалық, рухтық. Егер тангенциалдық күш дүниенің элементтерін бір-біріне тартып, оның біртұтастығын қамтамасыз етіп отырса, радиалдық энергия оларды **алға** және **жоғарыға, күрделенуге** әкеледі.

Дүниенің тарихи дамып, күрделенуі, негізінен, үш ғарыштың өткен сатыларына байланысты. Олар: **өміралды; өмір; ой**.

Бірінші – «өміралды» сатысында галактиканың қалыптасуы мен оның химиялық күрделенуі басталады. Жер бетіндегі неше түрлі минералдар мен тұздар еріген суларда Күн сәулесінің энергиясы арқылы неше түрлі күрделі химиялық қосындылар пайда болып, ақырында, өмірдің алғашқы тұрпайы микро түрлері дүниеге келеді.

Екінші – өмір сатысында жер бетінде тіршіліктің миллиондаған түрлері дүниеге келіп, биосфера қалыптасады, оның ең әсем гүлі – адам дүниеге келеді.

Үшінші – ой сатысында адамның қалыптасуы мен дамуы басталып, бүгінгі күнге дейін жетеді. П.Т. де Шарденнің ойынша, қазір біріккен адамзаттың қалыптасуы жүріп жатыр. Адамзатпен бірге жер бетінде жаңа қабат – **ноосфера**, яғни **ақыл-ой қабаты** қалыптасып жатыр. Адамзаттың әлеуметтік өрлеуі – материя мен тірі табиғаттың өрлеуі,

күрделенуі, дамуының жалғасы. Дүние біздің көз алдымызда ары қарай дамып, **жаратылу үстінде**, қазіргі уақытта оның негізгі кілті – адамның қолында. Өйткені адам **саналы түрде** эволюция үдерісіне қатысуда. Материяны қайта құрып, өзгерту жолында адам шығармашылық деңгейіне көтеріліп, өзінің кім екенін әлемге көрсетеді.

Осы тұрғыдан П.Т. де Шарден кейбір христиан діниндегі моральдық қағидаларды, әсіресе енжарлық, мойынсұнушылықты сынға алады. Адам өмірге белсенді түрде қатысуы керек, яғни оның өмірдегі негізгі мақсат-мұраты – **жасампаз еңбек** дәрежесіне көтерілу болмақ. «Жақсы христиан дүниенің жаратылу үдерісіне белсенді қатысады, цивилизациялық ағымының белсенді мүшесіне айналады». Жамандық – енжарлық, жақсылық – белсенділік.

Сонымен бірге П.Т. де Шарден ұжымдық өмір сүруге шақырады. Жалғыздықтағы адам рухани жетіле алмайды. «Менің» жетілуім ұжымдық сана арқылы ғана жүрмек.

Қазіргі қоғамдағы дағдарыс – өрлеудің дағдарысы. Адамзат дүниенің ары қарай өрлеуінің негізгі күшіне айналғанын сезінеді, екінші жағынан, осы сезімнен қорқып, оған күмәндана бастайды. Ал осы ізгілікті істі ілгері жалғастыру үшін, адамзатқа белгілі бір рухани тірек қажет. Ол тек **«өмірден де жоғары»** құдіретті күш болуын талап етеді. Ол адамзаттың алдында әрқашанда шамшы-рақтай жанып тұруы керек. Ол оны аспандағы ең күшті жарқыраған жұлдызға теңеп, оған **«Омега»** нүктесі деген ат қояды.

Ойшылдың ойынша, Омега – кеңістік пен уақыт шеңберінен тыс, Дүниенің алдында тұрып, өзінің психикалық радиалдық энергиясы арқылы бүкіл өмір сүріп жатқанның бәріне де өз әсерін тигізіп жатқан құдіретті күш. Ол күш, негізінен алғанда, **сүйіспеншілік**, ал оның ең кішкентай ұрығы – ол молекуланың ішкі тарту күші. Демек, П.Т. де Шарденнің Омегасы христиан дінінің Құ-дайына ұқсамайды, ол – таза рух, сананың жиынтығы, сонымен қатар дүниенің алдыға қарай дамып, күрделенуінің негізгі себебі.

П.Т. де Шарденнің философиясы XX ғ. адамзат ой-өрісіне өзінің зор ықпалын тигізді. Оның себептерінің бірі – ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып, дүниенің дамуы туралы біртұтас ілімді тудыру қажеттігін көрсеткенінде болса керек. Екіншіден, оның адамзатты жасампаздық еңбекке, соның негізінде жер бетінде ноосфераны тудыруға шақырған шабытты ойлары да көп адамдарға өз әсерін тигізді. Үшіншіден, оның адамға деген үлкен сенімі, гуманизм мен өрлеудің бір-бірімен байланысты екенін көрсеткені де бүгінгі дағдарыстағы адамзатқа шынайы сабақ болды. Ал енді осы XX ғ. тудырған орасан зор қайшылықтар мен тебіреністер қазіргі Шығыс философиясында қалай шешіледі? Енді осы сұраққа жауап беруге тырысайық.

XX ғасырдағы Шығыстың діни философиясы

XX ғ. ғылыми-техникалық революция, соның негізінде пайда болған орасан зор өндіргіш күштер, мемлекеттер арасындағы экономикалық, мәдени, саяси қатынастардың күрт өсуі Шығыс елдерінің ахуалын «батыстандыра» бастады. Шығыс елдері заманның қойған талабына сәйкес келетін жауаптар іздей бастайды. Бір жағынан, әрине, олар өздерінің өндіргіш күштерін Батыстың дамыған елдеріндегідей қылып дамытып, халықтарының өмір сүру деңгейін өсіргілері келеді. Екінші жағынан, Батыс елдеріндегі рухани тоқыраушылық оларды үрейлендіріп, мыңдаған жылдардағы жиналған мәдениет құндылықтарына, өмір салтына, әдет-ғұрпына соққы тигізе ме деген алаңдаушылықты тудырады.

Сөйтіп, бір жағынан, сыртқы ықпал, екінші жағынан, ұлттық-мәдени мұраны сақтап қалу мәселесі Шығыс елдеріндегі рухани өмірде, негізінен, үш ағымды тудырды.

1. **Кертартпа** ағымдағы күштер (**регрессизм**) ұлттық рухани-мәдени құндылықтарды сақтап қалу қажет, Батыстан келгеннің бәрі – шайтандық нәрселер деген пікір айтады. Батыстың ықпалына қарсы тұратын ең күшті құрал – ол дін. Сондықтан ислам діні тараған біршама Шығыс елдерінде «діни фундаментализм» (іргетастық) кең етек алып, онда неше түрлі экстремистік саяси қозғалыстар қоғам өмірінде кең орын алып отырғаны бүгінгі таңда құпия нәрсе емес. Жалпы алғанда, оның түп-тамырын Батыс жолымен қоғамды жаңартуға бағытталған саясаттан шығатын қайшылықтардың нәтижесі деп байланыстырсақ та болады.

Бұл бағыттағы ойшылдардың ойынша, «тағдыр – алдын ала анықталған», әлеуметтік өрлеу дегеніміз – жалған, алдайтын нәрсе. Адамның негізгі мақсаты – әлеуметтік дамудың биік сатысына көтерілу емес, карманы (туа біткен тағдырды) тазартып, келесі дүниеге келгенде бұрынғыдан жоғарырақ, таза рухқа ие болу. Осындай көзқарастарды тарататын саясидіни ұйымдар «Джан-Сингх», «РСС» (Индияда), Джамағаат-и-ислами (Пәкістан, Ауғанс-танда) т.с.с. Бұлардың бәрі де дінді «таза ұстауға», тек қана Құранның негізінде өмір сүруге шақырады, «Құран – біздің конституция» деген ұран көтереді. Олардың ойынша, мемлекетті **Имам** (қоғамның діни басшысы) **шариғаттың** негізінде басқаруы керек, ал барлық қайшылықтарды шешетін діни сотшы – **қади** болуы қажет. Жер бетіндегі бүкіл халықтардың арманы – теңдік пен әділеттілік тек қана саясат пен дін бір-біріне қосылғанда ғана келеді.

2. **«Батысшылар»** ағымындағы (**вестернизм**) күштердің ойынша, ұлттық құндылықтар дегеніміз – артта қалушылықтың, надандықтың,

ыдыраудың нышандары. Сондықтан тезірек Батыс құндылықтарын өмірге енгізіп, қабылдау қажет. Сонда ғана Шығыс елдері дәуірдің қойған талаптарына сай келіп, «жалпыадамзат цивилизациясына» қосылады. Ал соңғыны олар Батыстың жетістіктерімен теңестіреді.

Ал дін мәселесінде олар оны «әр адамның ар-ұжданының ісі, таңдауы» деген пікірде. Қазіргі уақытта дін мемлекеттен бөлінуі керек. Білім беру саласында жастарға «ағарған тәлім-тәрбие беру қажет». Осының негізінде қазіргі ғылым мен техниканың жетістіктерін игеріп, өмірде кеңінен қолдануға мүмкіндік алуымыз керек деген пікір таратылады.

3. **«Прогрессистер»** ағымындағы ойшылдар Шығыс елдері бұрынғыдай өмір сүре алмайтынына көздері жетіп, **өзгеріс, жаңару, реформаларды** қолдайды. Ол үшін Батыс қоғамында пайда болған көп жетістіктер кеңінен **таратылып**, қолданылуы қажет. Ол әсіресе экономика саласында керек-ақ. Бірақ, сонымен қатар ұлттық рухани құндылықтар жаңа өмірге бейімделіп **сақталуы** қажет. Олай болса, оларды бір-бірімен **ұштастыру** керек. Сонымен қатар, олардың ойынша, діни құндылықтарды жаңа өмірге сай етіп өзгерту қажет. Құдайға арнап құрбандық шалудан бас тартып, оны тек сүйіспеншіліктің негізінде сыйлау қажеттігін көрсеткілері келеді. Қазіргі өмірдің ағымына бес рет намаз оқу салты да сай келмейді. Араб тілін меңгермеген көп елдерде халық Құранның мазмұнын біле бермейді, сондықтан бұл құжат басқа тілдерге аударылып, намаз халықтардың өз тілінде өтуі қажет т.с.с.

Шығыс елдеріндегі мыңдаған жылдар ішіндегі философия саласындағы қалыптасқан дәстүр – ол **сенім шеңберіндегі ойлау мен тебірену**. Сондықтан Шығыс философиясын діннен бөліп алып қарау тіпті мүмкін емес.

Енді Шығыс елдеріндегі діни-рухани ахуалға келер болсақ, онда «Құдай ашылған» діндермен қатар (христиандық, ислам) «Құдайды ашпаған» діндер де бар (конфуциандық, даосизм, буддизм). Бірінші діндерге келер болсақ, ондағы Құдай трансцендентті, абсолютті, кеңістік пен уақыттың шеңберінен ары жатқан мәңгілікті. Ол адамзатқа өзінің **«сөзімен»** ашылады.

Екінші діннің түрлеріне келер болсақ, ондағы Құдай – дүниенің рухани алғышарты болғанымен, бірақ Ол тұлға емес. Құдай – **болмыстың** ең **биік** сатысы, табиғаттан бөлінбеген, бірақ Ол ұғымның тозағына түспейді, Оны сөзбен жеткізе алмаймыз. Мұндай жағдай Құдай жөніндегі арнаулы ілімді (теологияны) талап етпейді. Сонымен қатар табиғатқа табыну сезімін тудырып, оны қайта өзгертуге бағытталған іс-әрекеттерді теріске шығарады. Егер христиандық дін Құдай өзі жаратқан жетілмеген табиғатты тарту ретінде адамға беріп, оны танып-біліп, қайта өзгерту, өз мүддесіне жарату, оған өз билігін

жүргізу құқын берген болса, «Құдай ашылмаған» діндерде табиғатқа адам өз билігін жүргізе алмайды, оған табыну қайсыбір үстемдікті теріске шығарады, адам табиғатқа тиіспей, тек қана өз-өзін ғана өзгертіп, өне бойы жетілу үстінде болуы керек.

XX ғ. аяғына қарай дүниедегі ең жас дін – исламның рухани ықпалында өмір сүріп жатқан елдерде діни сананың күрт өсуі байқалады. Оның негізгі себебі осы діннің ерекшелігінде жатса керек. Ислам – тек қана адамның жан дүниесін баурайтын дін ғана емес, сонымен қатар ол **қоғам болмысының әлеуметтік, саяси, құқықтық** салаларын да **бақылауға** алып отырады. Мысалы, Аятолла Хомейни (Иран революциясының көсемі) өзінің «Исламдық басқару» деген еңбегінде «Исламдық құқықтық мемлекеттің» қазіргі Еуропа елдеріндегі құқықтық мемлекеттерден артықшылығын Құран арқылы көрсеткісі келеді. Оның ойынша, Еуропа елдерінде заңдарды шығаратын арнаулы мекемелер, заңгерлер, депутаттар т.с.с. бар. «Олардың қол астынан шығатын заңдар әрқашанда жетілмеген, кемеліне келмеген, өйткені әртүрлі әлеуметтік топтар өздерінің мүдделерін қорғау жолында заң қабылдайтын мекемелерге өздерінің ықпалын тигізіп, заңның бұрмалануына әкеледі. Сондықтан ол елдегі заңдар оқтын-оқтын қайта қаралып, өзгертіліп отырады. Ал ислам елдеріне келер болсақ, онда қоғамдық қатынастар шариғаттың негізінде ретке келтіріледі. Шариғаттың заңдарын адам жасаған емес. Олар Мұхаммед пайғамбарға Алланың берген аяты, сондықтан ол кемеліне келген, жетілген, барлық адамдар сыйлайтын, бұлжытпай орындайтын нормалары», – деп қорытады А.Хомейни.

Міне, осындай ғасырлар бойы шариғаттың негізінде қалыптасқан ислам елдеріндегі қоғамдық сана жаңарту барысындағы біршама өзгерістерді қабылдай алмайды, өйткені олар шариғаттың көп нормаларына қайшы келеді. Олай болса, «діни фундаментализмнің» терең түптамырын біз осы тұрғыдан түсінуіміз қажет.

Ал енді XX ғ. ислам ойшылдарына келер болсақ, олардың қозғаған негізгі мәселелері – ол ислам цивилизациясының ерекшеліктері мен ислам дініндегі адам жөніндегі қағидалар.

Мысалы, Иран философы **Сеид Хусейн Наср** ислам цивилизациясының нышаны ретінде өзеннің ағысы емес, Кағбадағы алты қырлы тасты көрсетеді. Яғни ислам қоғамы өне бойы өзгерісте емес, ол тұрақты да бірқалыпты. Алайда Батыста тараған «исламның тұрақтылығы іріп-шірумен тең» деген пікірге ол үзілді-кесілді қарсы шығады.

Екінші ерекшелік – Құдай, ғарыш және адамның бірлігі мен өзара байланысын мойындау болып табылады. Оның үлгісі ретінде табиғаттағы заттардың бірлігі мен өзара байланысын алуға болады.

Үшінші ерекшелік – исламның тазалығы, Мұхаммед пайғамбардың аяндарының қатаң сақталуы.

Соңғы өте маңызды ерекшелік – исламның «Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед – Оның пайғамбары» деген өзекті қағидасы.

Исламның негізгі қағидаларына тоқтала келе, С.Х.Наср: «Құран дегеніміз – сөзбен, нышандармен берілген табиғаттың сыры», – деген пікірге келеді.

Адам мәселесін талдай келе, өзінің «Білім және киелілік» деген еңбегінде С.Х.Наср **«архирейлік»** және **«прометейлік»** адамдарды бір-бірімен салыстырады. Архирейлік адам – жер мен аспан арасындағы көпір, ол Құдай алдында жердегі істеріне жауап беруге тиісті. Ол кеңістік пен уақыттың шеңберінде шектелгенмен, негізінен алғанда, құдіретті рухани күш.

Ал прометейлік адамға келер болсақ, ол – жердегі дүниенің туындысы, оның негізгі қамы – Құдайды ұмыт қылу. Киелілік сезімді жоғалтып, ол өз табиғатының ындынының құлына айналады. Ол – өз қажеттіліктерін өтеймін деп табиғатты ойрандатады, ең жоғарғы қазіргі технологиялар оның тәкаппарлығын одан сайын өсіреді. Прометейлік адам тарихи Қайта өрлеу заманында дүниеге келеді. Оқтын-оқтын ол өз өміріне қанағаттанбай, киелілікті аңсайды, бірақ оның бұрмаланған табиғаты оған оны жеткізе алмайды. «Сондықтан Батыс елдеріндегі ішімдіктің, нашақорлықтың т.с.с. теріс нәрселердің түп-тамыры осы киелілікті жоғалтудан пайда болды», – деген пікірге келеді С.Х.Наср. Ф.Ницшенің «Құдай өлді» дегені прометейлік адамның рухани өлімін көрсетеді.

Екінші Иран философы **Али Шари-ати**: «Ислам бірінші болып халықтың тарихтағы, қоғам өміріндегі шешуші рөлін көрсетті», – деген пікірге келеді.

Ал енді оның адам мәселесіне деген көзқарасын алып қарасақ, біріншіден, адам табиғат пен табиғаттан жоғары пенделерге қарағанда бірінші орын алады, өйткені:

- оның өзіндік санасы мен ізгілігі бар;
- екіншіден, оның өзіндік дербес ырқы, еркі мен таңдауы бар;
- үшіншіден, ол саналы пенде, ол – оның ең құнды қасиеті;
- төртіншіден, ол – жасампаз пенде;
- бесіншіден, адам мұратқа табынады;
- алтыншыдан, адам – моральдық ар-ұжданы бар пенде. Бірақ тек қана өзінің Құдайға деген махаббатының арқасында ол өзінің биік дәрежесі мен жетілуіне мүмкіндік алады, яғни адам мұратқа сай дәрежеге көтеріледі.

А.Шари-Атидің ойынша, мінсіз адамның үш жағы бар. Олар: ақиқат, ізгілік, әсемдік, басқаша сөзбен айтқанда – дүниетану, этика, өнер.

«Құдайдың ырқының негізінде адам табиғат жұмағынан, өзін оятатын шөлге түсті», – деп қорытады ойшыл.

Ал енді мәселені нақтылай түсіп, XX ғ. Шығыс елдерінің ұлы ойшылдарына келер болсақ, онда үнділік діни философ **Свами Вивеканандaны** келтіруге болар еді. Оның ойынша, егер «Азияның дауысы әрқашанда **діннің** дауысы болса, Еуропа дауысы – **саясаттың** дауысы». Еуропа цивилизациясының түп-тамыры көне гректерге кетеді. Олар тек қана айнала қоршаған ортаны жақсартуды ойлаған, сыртқы өмірді басым ұстап, армандауды елемеген. Ал Азияны алсақ, Шығыс философиясы адамның ішкі рухани өмірін талдауға бағытталған. Міне, Шығыс ой-өрісінің артықшылығы осында, өйткені «көз алдымыздағы **қазіргі** өтпелі сағым, ол, шынына келгенде, **ештеңе**», сондықтан Шығыс ойы оны тесіп өтіп, одан арады жатқан, өзгермейтін, өлмейтін, бұл дүниедегі өлім мен бақытсыздықтың ар жағындағы өлместік пен құдіретті **бірдеңені** көргісі келеді. «Шығыс данасы бұл мұраттан ешқашанда бас тартпайды», – деп қорытады С.Вивекананда. Оның ойынша, Иса Мәсіхтің өзі – нағыз Шығыс пайғамбары, өйткені ол сыртқы дүниеге байланбаған болатын.

Адамның Құдайға бағытталған өмір жолы, негізінен, үш сатыдан тұрады. Алғашында, адам Құдайды аспандағы **қатал құдіретті күш** ретінде қабылдайды. Келесі сатыда, өзінің рухани деңгейі өскен сайын, ол Құдайдың **барлық жерде** екенін сезінеді. Ең соңғы сатысында адам Құдайды **өз ішінен** тауып, Құдай мен ол **бір екенін** аңғарады. С.Вивекананданың ойынша, барлық дүниедегі діндердің негізгі ақиқаты, міне, – осы. Олай болса, дүние жүзіндегі діндерді бір-біріне **қарсы қоймау керек**.

С.Вивекананда дін мен ғылымның үйлесімді дамуын көрсетеді. «Бүгінгі таңда ғылым ғарыштың біртұтастығын дәлелдеді. Метафизиктің (яғни философтың) «болмысын» физик «материя» дейді. Шынына келгенде, осы екі ұғым – бір ұғым. «Атом» мен «атманды» алсақ, оларда бүкіл ғарыштың әлеуетті күш-қуаты берілген. Олай болса, қазіргі ғылым мен Веданта (үнді діни құжаты) өз-өзі арқылы дамып жатқан алғашқы себепті мойындайды.

Егер ғылым неше түрлі деректерді жинап, зерттейтін болса, метафизика оларды жалпылап, бір арнаға құяды. Ал дінге келер болсақ, оның күші нақтылы деректер мен жалпылықты қамтып, біртұтас етіп қарайды. Олай болса, бұл үш рух туындылары бір-бірін толықтырып отырады. Дегенмен олардың ішінде діннің басымдылығын көрсеткен жөн. Тек дін ғана ең биік рухани ләззат әкелмек.

Адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынасы үш түрге бөлінеді. Бірінші түрі – **тамастықтар**, яғни дүниеге байланғандар, олар оған тәуелді. Екіншілер – **раджастар**, өзімшіл адамдар, олар оқтын-оқтын

басқа адамдарға да көмектесуі, рухани жетілуде біршама биік жетістіктерге де жетуі мүмкін. Бірақ ең құнды сатыдағылар – **саттвалықтар**, «нағыз ішкі рухани тереңдікті көргендер», – деп қорытады С.Вивекананда.

XX ғ. үнді халқының көрнекті саяси қайраткері, ойшылы **Сарвепалли Радхакришнан** болды. Оның айналысқан негізгі мәселесі – Үнді және Еуропа мәдениеттерінің қарым-қатынасы. Оның ойынша, үнді халқының мыңдаған жылдар бойы жинаған рухани қазынасы мол. Бірақ бай мұра ешқашанда біздің ой-өрісімізді торға қамап тастамауы керек. Керісінше, ол Батыс мәдениетімен диалогқа түсіп, оның құнды элементтерін игеруі керек. «Еуропоцентризм» мен «Азиацентризм» деген ұғымдар біржақтылықты көрсетеді, өйткені дүние жүзіндегі **бірде-бір дін Абсолютті айқын білдіре алған жоқ**. Олай болса, бірде-бір діннің басқалардың алдында артықшылығы жоқ.

Үнді елінің рухани мұрасын үш құрамдас бөлікке – дін, философия және психотехникаға бөліп, оның өзегін С.Радхакришнан діннен көреді. Оның негізгі себебі – «абсолюттік ешқашанда таным арқылы жеткізбейді, өйткені біз шектелген мен салыстырмалыны ғана тани аламыз. Біздің шектелген ақыл-ойымыз кеңістік пен уақыт, себептіліктің шеңберінен шыға алмайды... Ой өрісі осы салыстырмалы дүниенің бір бөлігі ретінде абсолютті тани алмайды. Бұл арада ғылым мен логиканы, метафизиканы да сәтсіздік күтеді», – дейді С.Радхакришнан. Тек қана осы дүниедегі болмысқа өз болмысыңмен, жан-тәніңмен беріліп қана абсолютті сезінуге болады. Олай болса, абсолюттік болмысқа жету жолы дерексіз ой өрісі арқылы емес, өз болмысыңмен соған берілуде, ал философияның шыңына тек қана жан дүниесі таза адамдар ғана жете алады.

Адам мен адамзаттың рухани жетілу мәселелерімен айна-лысқан келесі үнді философы **Шри Ауробиндо Гхош** болды. Оның ойынша, Еуропа мен Үндістан елдерінде рухани дамуды тежейтін көп нәрселер бар. Еуропалықтар сыртқы дүниедегі заттарға көп көңіл бөліп, өздерінің рухани өмірін жоғалтып алса, индустар өмірге деген күш-қуаттарын басып тастаған тәрізді. Шынына келгенде, рухани өмір адамзаттың материалдық өмірін өзіне ұқсатып өзгертуі қажет. Бірақ ол неге олай болмай отыр? Осы қиын сұраққа жауап беру үшін Ауробиндо Үндістан еліндегі мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ахуалға көз жүгіртіп, онда мынандай қайшылықты табады: руханияттың ерікті дамуы соған берілген жеке адамдар арқылы жүрді де, негізгі халықтың үлесіне енжарлық тиді. Сондықтан қоғамның материалдық өмірі ауыр да ащы құлдыққа айналып, одан қашып құтылудан басқа еш амал қалмады. Жеке адамды жетілдіру ісімен әртүрлі иога мектептері айналысты, ол үшін қарапайым өмірдегі белсенділіктен құтылып,

тіпті өмірден бас тарту керек болды. Өз білімін тарататын ұстаздың шәкірттері аз болды. Мұндай тәжірибе ғасырлар бойы созылып, ерекше халықтан бөлінген руханияты таза әлеуметтік топтың пайда болуына әкеліп соқты. Ал мұның өзі материалдық өмірдің дамуының түрткісін жойып, оны тоқыратты. Йогамен айналысатын адамның рухы биік те таза болғанымен, ол қарапайым өмірден бас тартуға мәжбүр болады, оның ішкі еріктігі сыртқы өліммен теңеледі. **«Егер ол Құдайды тапса, онда өмірден айырылады, сыртқы өмірге қызықса, онда Құдайдан айырылады**. Бұл қайшылықты шешу үшін жаңа **интегралдық** (integratio – латын сөзі, толықтырамын, шашылғанды жинаймын деген мағына береді) **йога** қажет», – деп қорытады Ауробиндо. Оның негізгі мақсаты – өмірден қашпау, Құдай мен Табиғатты ерікті де жетілген адам өмірі арқылы бір-біріне қосу болып табылады. Ол үшін адам белгілі бір жүйеге келтірілген қызу іс-әрекет арқылы өз ішіндегі құпия жатқан дарындарды сыртқа шығарып, жетілу жолында универсалдық трансценденттік болмыспен қосылуы қажет.

Жоғарыдағы көрсетілген тұрғыдан Ауробиндо «Мая» ілімін сынға алады. Көне үнді философиясында «бұл дүние – Мая – ұлы сағым» деген ілім болатын. Шынына келгенде, **Табиғат** – сағым емес, ол Құдайдың күш-қуаты арқылы жүріп жатқан **шығармашылық болмыс.** Сондықтан адамның жан дүниесі өзінің бөлек болмысын қолдаудан гөрі, өзінің құдіретті күшпен бірге өмірмен де байланысын көрсетіп, оларды өз табиғатында біріктіруі қажет. Рухани өмір мәңгіліктің аясында болғандықтан, ол өтпелі дүниеден де қашпай, материалдық өмірге қайтып оралып, оны өзінің толыққанды өмір сүруінің құралы етуі керек.

Егер «Хатха-йога» денені жетілдіруге бағытталса, «Раджа-йога» адамның ішкі өмірін жетілдіреді. «Үштік жолы» **Еңбек, Махаббат, Білімнен** тұрады, ол ішкі рухани өмірдің құрамдас бөлшектерін пайдаланады. Олар: **ерік, жүрек, ақыл-ой**.

Ауробиндоның «интегралдық йогасында» дәстүрлі йогадағыдай қатаң тәртіп, іс-әрекеттердің бірінің артынан екіншісінің келуі т.с.с жоқ, сондықтан әр адам өз табиғатына сәйкес әдістерді қолдана алады. «Интегралдық йогамен» қайсыбір адам, қандай төменгі дәрежеде болса да, айналыса алады.

Сөйтіп, Ауробиндоның негізгі идеясы – руханият пен материалдық өмірді бір-бірімен ұштастырып, қазіргі дүниеден ләззат алуға ұмтылған, соның бітпейтін жарысына түскен адамзаттың көпшілігіне алаңдаушылықпен қарап, оны Құдайдың жолына сілтеу болса керек.

XX ғ. Шығыс философиясының құрамдас бөлігі ретінде Африка континентінде пайда болған философиялық тебіреністерді де келтіруге болады. «Оянып жатқан» континенттің ірі ойшылы ретінде **«негритюд»**

ілімінің негізін қалаған **Леопольд Седар Сенгорды** айтуға болады. Оның бүкіл шығармашылық жолын қамтитын негізгі ой – **Африка мәдениетінің** адамзат рухына қосқан үлесі, қара адамдардың ерекше дүниесезімі мен дүниетанымын көрсету болды. Оның бәрін ол негритюд ұғымымен береді. Оның ойынша, **негритюд** дегеніміз – **қара адамдар әлемі құндылықтарының** жиынтығы. Оларға ол **интуиция** мен **эмоция** (сезімдер), **ритм** мен **ұжым** сезімін және **диалогты** жатқызады. Осы көрсетілген құндылықтар өнер мен өмір салтында, ой өрісінде байқалады. Сенгордың берген екінші анықтамасы, негритюд дегеніміз – ұжымдық негро-африкандық тұлға, дүниеге деген аффективтік қарым-қатынас, яғни ақыл-ойдан гөрі, дүниеге деген **сезім серпілісінің басым** болуы. Сенгордың ойынша, Африканы бодандап, ондағы халықты құл етіп сатқан елдерде қара адамдар өзінің мәдениетімен, дүниесезімімен сол елдердің рухани өміріне, жалпы өмір салтына зор әсерін тигізді (Португалия, Бразилия, Чили сияқты елдерде). Сондықтан халықаралық қатынастарда мұны естен шығармауымыз керек.

Тарихқа көз жіберіп, Сенгор Африка елдерінің антикалық грек цивилизациясына тигізген үлкен әсерін айтады (Нубия мен Мысыр арқылы). «Олай болса, негритюдтің тарихы 2000 жылдың ар жағына кетеді», – деп қорытады ол. Әрине, ойшыл Африка мәдениеті мен өмір салты, дүниетаным ерекшеліктерін жақсы көрсете білді. Бірақ оны асыра бағалап, басқа елдер мен жерлердің мәдениетінің бүкіладамзат рухына қосқан үлесін ескермеу де шындыққа жатпаса керек.

Сенгор Еуропа ой-өрісінің рационалдық, дискурсивтік жолмен дамуын теріске шығармайды. Ол – керек, әсіресе қазіргі ғылымды дамытуда, жаңа технологияларды жасауда. Сонымен қатар адамзатқа интуитивтік таным да қажет, өйткені ол дін мен философияның, әдебиет пен өнердің негізінде жатыр. Олай болса, бүкіладамзаттық цивилизацияның дамуына осы екі таным жолы бірдей керек.

Қорыта келе, Шығыс философиясының XX ғ. біршама жетістіктерге жеткенін байқаймыз. Рухани дағдарыстағы Батыс Шығыс философиясындағы **«Табиғатқа қайта оралу!»** қажеттігіне, «антроптық» қағиданы, яғни философияның негізгі мәселесі ретінде адам мәселесі болу керектігіне, **«ортаңғы жол», «ымыраға келу», «ақыл-ойдың шектелгені»**, сондықтан **оны ар-ұждан талаптарымен ұштастыру** жөніндегі ойларына, ең соңында, жеке адамның қоғамнан тыс болмысының құндылықсыздығы жөніндегі т.с.с. идеяларына шынайы қызығушылықпен қарайды.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. XX ғасырдың адамзат тарихындағы ерекше орны және оның философиялық ой-пікірге тигізген ықпалы қандай?

2. О.Конт адамзат ой-өрісінің дамуын қандай сатыларға бөледі?
3. Эмпириокритицизм бағытының дүниеге келуіне қандай себептер өз әсерін тигізді?
4. Верификация дегеніміз не?
5. Лингвистикалық философияның негізгі қағидасы қандай?
6. К.Поппердің фальсификация принципінің маңызы неде?
7. Парадигма дегеніміз не?
8. «Өмірлік дүние» танымға өз әсерін қалай тигізеді?
9. Герменевтика дегеніміз не?
10. М.Хайдеггердің «болмыстың үйі – тіл» деген ойын қалай түсінесіз?
11. А.Бергсонның «шығармашылық талпыныс» ұғымы қандай?
12. Ф.Ницше философиясының негізгі ұғымын атаңыз.
13. «Адамнан жоғарыға» Ф.Ницше қандай мінездеме береді?
14. З.Фрейд адам психикасын қандай қабаттарға бөледі?
15. А.Адлердің «компенсация» ұғымы нені көрсетеді?
16. Экзистенциализм адамның өмір сүру ерекшелігін неден көреді?
17. «Шекаралық ахуал»дегеніміз не?
18. Экзистенциализмдегі еріктілік мәселесін қалай түсінесіз?
19. М.Хайдеггердің «das Man» деген ұғымының мәнін көрсетіңіз.
20. Христиандық философияда «сенім» мен «білімнің» арақатынасы қалай шешіледі?
21. Т. де Шарденнің «тангенциалдық» және «радиалдық» энергия ұғымдарының мән-мағынасы неде?
22. «Ноосфера» дегеніміз не?
23. «Архирейлік» және «прометейлік» адам – ол кім?
24. «Негритюд» ілімінің негізін жасаған кім?
25. Батыс философиясы Шығыс ой-пікірінде сомдалған қандай құндылықтарды ала алады?

Рефераттар тақырыптары:

1. О.Конт – позитивизмнің негізін қалаушы.
2. Лингвистикалық философия.
3. Постпозитивизм және оның негізгі өкілдері.
4. Э.Гуссерль – феноменологияның негізін қалаушы.
5. Герменевтика ілімінің негізгі қағидалары.
6. Ф.Ницше және оның билікке деген еркі.
7. З.Фрейдтің психоанализ ілімі.
8. Э.Фромм: болу, я алу ма?
9. Экзистенциализм ұғымының негізгі қағидалары.
10. XX ғасырдағы діни философия.

II БӨЛІМ. ФИЛОСОФИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XIII тарау. Болмыс ілімі (Онтология)

§ 1. Болмыс ұғымы

Таяуда ғана өткен жақын тарихымызда философия пәнін оқуды «материя» ұғымынан бастау дәстүрі болған. Өйткені ол маркстік философияның, жалпы алғанда, бүкіл материалистік бағыттың негізінде жатқан ұғым болатын-ды. Мұндай жағдайда сонау көне заманда пайда болған «болмыс» ұғымы ескерусіз қалатын. Алайда бұл көзқарасқа бүгінгі таңда өзгерістер еніп, философия пәнінің ең шегіне жеткенінше көлемді ұғымы – **болмыс** санат жүйесіне енгізілді. Оның негізгі себебі, **болмыс** ұғымы материя ұғымынан гөрі, көлемі жағынан **кең**: материя мен рухты **бірдей қамтиды**, өйткені дүниеде кең түрде алып қарағанда екі-ақ нәрсе өмір сүреді, ол, бір жағынан, **материя**, яғни өлі және тірі табиғат болса, екінші жағынан, материалдық емес – **идея, сана, рух**. Уақытында ұлы И.Кант айтып кеткендей, Құдайдың барлығын, я болмаса жоқтығын ешкім ешқашанда дәлелдей алмайды, ол – ашық сұрақ. Бірақ дүниеде өмір сүріп жатқан тірі адамның жан дүниесі, сана-сезімі, рухы барын ешкім де теріске шығара алмас.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, болмыс ұғымының қайнар көзі дүниеде «болу», «өмір сүруге» келіп тіреледі (салыстырыңыз: орыс тілінде «бытие» – «быть», ағылшын тілінде «being» – «to be» деген етістіктен шыққан). Олай болса, **болмыс ұғымы – дүниеде өмір сүріп жатқанның барын қамтитын кең көлемді философиялық санат.** Әрине, дүниеде өмір сүріп жатқан нәрселердің сан алуан қасиеттері бар – олар көк – қызыл, ауыр – жеңіл, дымқыл – құрғақ, т.с.с. шексіз айта беруге болар еді. Бірақ олардың барын біріктіретін қасиет – олардың болуы, өмір сүруі, яғни – болмысы. Ең алдымен осыны ұғып алмай, біз ары қарай еш нәрсеге талдау жасай алмас едік. **Бұл – философиялық бастама.**

Алайда философия тарихына жүгінсек, бұл арада ойшылдар-дың үлкен қиындыққа тап болғанын байқаймыз. Өйткені айнала қоршаған дүниеге зерделі көзбен қараған адам бірде-бір мәңгі өмір сүріп жатқан нәрсені таба алмайды. Қарапайым адам да, дүниеде біртуар тұлға да бұл өмірге келіп, содан кейін уақыты келгенде – кетеді. Далада жатқан тас та мыңдаған жылдардан кейін құмға, шаңға айналып, ғайып болады. Яғни болмыс бейболмысқа ауысып жатады. Мұны байқаған біздің бабаларымыз дүниені «жалған» деп түсінген. Үнді ойшылдары да бұл дүниені «Ұлы сағым – Мая» деп атаған. Ал дана Гегельге келер болсақ,

ол болмысты «жоғала бастаған болмыс», «Дүние дегеніміз – мәңгілік қалыптасу» деп түсінді.

Оқырманның байқағанындай, болмыс санатын жете түсінудегі негізгі қиындық, бір жағынан, дүниенің **ағымдығы**, екінші жағынан, ол қанша өзгеріске түссе де – **өмір сүріп қала беруі**. Бұл ахуалды өзеннің суымен салыстыруға болар еді: ол әрқашанда ағыста болғанымен – таусылмайды, өмір сүріп қала береді.

Болмыс ұғымы – мейлінше кең ұғым болғаннан кейін, оған қарсы тұрған ұғым – **бейболмыс**, яғни ештеңе, жоқтық.

Бір қарағанда, болмыс ұғымы мейлінше кең болғаннан кейін, мазмұн жағынан алғанда мардымсыз болып көрінеді. Бірақ, соған қарамастан, сонау көне заманнан бастап оған әртүрлі мағына беріліп, Батыс пен Шығыс дүниесезімі мен дүниетанымы екіге бөлініп, осы күнге дейін созылып келе жатқан айырмашылықты тудырды. Мұның өзі де философияның өмірмен тығыз байланысты екенін, адамзат өркениетінің түп-тамырында жатқанын көрсетсе керек.

Бұл ойды нақтылай келсек, көне Қытай философиясындағы даосизм ағымында болмыс «дао» ұғымы арқылы беріледі. Қытай тіліндегі көп сөздер сияқты, дао ұғымы да көп мағыналы: бір жағынан, ол аспанның құдіретті заңдылықтары ретінде түсінілсе, екінші жағынан, болмысты бейнелейді. Ал соңғының өзі екі мағынаға бөлінеді: ол «бірінші дао» – абсолютті болмыс, және «екінші дао», я болмаса «дэ» – көз алдымызда өмір сүріп жатқан өтпелі дүние. Бірінші даоға қанша қарасаң да, көре алмайсың, қанша тыңдасаң да, ести алмайсың, оған ат қояйын десең де, қоя алмайсың, өйткені, көне Қытай ойшылдары айтқандай, оның аты жоқ. Демек, ол не деген сұрақ дереу біздің ойымызға келеді. Ол – **ештеңе**, яғни бейболмыс. Бүкіл дүниедегі заттар мен құбылыстар содан шығып өмір сүруге келеді де, ақырында, соған барып өшеді. Тек ешқандай өзгеріске түспейтін, мәңгілік, абсолютті – бірінші дао ғана. Ал дүниеге келген заттарды, яғни екінші дао – дэні алатын болсақ, оның әрбіреуінің өз аты бар, олар өтпелі, мәнді, салыстырмалы т.с.с.

Енді Шығыс философиясынан Батысқа назарымызды аударсақ, көне грек ойшылдарының ішінде алғаш рет болмыс санатын терең талдаған Парменидке келіп тоқталамыз. Ол кісінің атақты сөздері: «Тек қана болмыс өмір сүреді, бейболмыс тіпті де жоқ». Яғни дүниеде бар нәрсе – бар, жоқ нәрсе – жоқ. Бір қарағанда, қисынды сөздер! Бірақ осы ойды айтқаннан кейін, Парменид қозғалысты, дүниеге келу мен кетуді жоққа шығарып, терістеуге мәжбүр болды. Өйткені бір нәрсенің дүниеге келуі дегеніміз не? Ол болмыста бұрын жоқ еді, енді, міне, дүниеге келді. Ал Парменидті алсақ, ол жоқтың аты жоқ дейді, яғни дүниеге келуді мойындамайды. Сол сияқты, дүниеден өтуді де, яғни бардың жоққа айналуын да мойындамайды, өйткені бар нәрсе – бар, ал жоқ нәрсе – жоқ.

Ал дүниеге келу мен кетудің өзі қозғалыс арқылы жүрмей ме? Олай болса, болмыста қозғалыс та жоқ. Яғни болмыс дегеніміз – ешқашанда өзгермейтін, кемеліне келген, абсолютті, өз-өзіне тепе-тең.

Әрине, мұндай көзқарастың өмірдегі тәжірибеге сай келмейтіні әрбіреуге жақсы таныс. Бұл дүниеде қозғалмайтын, өзгермейтін еш нәрсе жоқ. Олай болса, Парменидтің пікірінше, бұл дүние нағыз болмыс емес, оған ой елегі арқылы ғана жетуге болады. Яғни **ойлау мен болмыс** – бір-біріне **тең**. Сонымен, Парменидтің болмысы ой арқылы жететін идеалды, ешбір мінсіз, кемеліне келген, мәңгі, дөңгелек, өз-өзіне тепе-тең, бөлінбейтін болмыс болып шықты.

Сонау көне заманнан бастап, Батыс пен Шығыс болмысты әртүрлі түсініп, соған негізделген әртүрлі дүниеге деген көзқарасты қалыптастырды.

Шығыс бейболмыстың өмір сүруін мойындап, оның іргетастығын анықтағаннан кейін, бұл дүниені сол бейболмыстың көмескі бейнесі ретінде ғана түсініп, оның **өтпелігіне** аса назар аударады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бейболмысқа өтетін дүниені адамның өз еркіне көндіруі тіпті мүмкін емес, оны өзгерту, жетілдіру де – мағынасыз нәрселер. Сондықтан негізгі мақсат – адам өз ішкі өміріне үңіліп, тек соған назарын аударып, соны ғана жетілдіруі қажет. Осындай көзқарастың негізінде **Шығыста интраверттік** (intra – лат. сөзі, ішкі деген мағына береді) **мәдени** бағыт қалыптасты.

Ал енді Батысқа келер болсақ, Парменидтің бейболмысты теріске шығаруы, сонымен қатар идеалды, еш мінсіз, жетілген, мәңгілік Болмыстың бар екенін мойындауы – бүкіл Батыс өркениетінің қалыптасып, бүгінгі күнге дейін дамуының астарында жатқан іргетасты көзқарас екеніне оқырманның **ерекше** назарын аударғымыз келеді. Соңынан пайда болған христиан дінінің негізгі қағидаларының бірі – адамды Құдай өз бейнесіне ұқсатып жаратты да, осы жаратылған дүниенің әміршісі қылды деген қағиданың өзі де Парменидтің болмыс ілімімен ұштасып жатқан жоқ па? Ал енді марксизмнің өзін, осы тұрғыдан алып қарағанда, Батыс Еуропа ой-өрісінің қисындық шегі деп бағалауға болатын сияқты, өйткені коммунизм – кемеліне келген, адамдардың барлық қажеттіліктері толығынан өтелген, соның негізінде әлеуметтік біркелкілік орнаған қоғам. Яғни ол – жер бетінде адамның шығармашылық іс-әрекеті арқылы орнатылған идеалдық қоғам.

Сонымен, егер нақтылы өмір сүріп жатқан сезімдік, кемеліне келмеген дүние мен қатар идеалды болмыс болса, ал бейболмыс тіпті болмаса, онда айнала қоршаған мәнді ортаны идеалды болмысқа сай етіп өзгертуге, жетілдіруге болады. XX ғ. өмір сүрген көрнекті Еуропа ойшылы Теяр де Шарденнің: «Дүние әлі жаратылып біткен жоқ, ол жаратылу үстінде. Оны ары қарай жетілдіретін негізгі күш – адам-

зат», – деген ойының да Парменидтің болмыс түсінігімен ұштасып жатқанын байқауға болады. Сөйтіп, **Батыс мәдениеті экстраверттік** (extra – латын сөзі, сыртқа бағытталған деген мағына береді), айнала қоршаған ортаны танып-біліп, соның негізінде жетілдіруге бағытталған болып шықты.

Бұл арада: «Шындық қайда, кімнің қолында: Батыста, я Шығыста ма?» – деген заңды сұрақ пайда болады. Батыс рухы мыңдаған жылдарға созылған өркениет тарихында айнала қоршаған ортаны жетілдіру жолында сан алуан жетістіктерге жетті: оның айқын көріністері ғарыштағы ұшып жүрген жасанды жерсеріктер, бүкіл дүние жүзін шырмап алған Интернет жүйесі, өмірдің шын сырын ашу жолындағы жасалып жатқан клондау эксперименттері, миллиондаған әртүрлі техникалық құралдар мен жабдықтар т.с.с.

Бірақ, сонымен қатар өмірді нәзік те терең сезінетін ойшылдар XIX ғ. аяғынан бастап-ақ бүкіл XX ғ. шеңберінде Батыс өркениетінің шытынай бастағанын ашық айтқан болатын (О.Шпенглер, Х.Ортега-и-Гассет, Э.Фромм, Г.Маркузе т.с.с.). Материалдық дүниені өз еркіне көндіріп, оны өзгерту барысында Батыс адамы өзінің Құдай еместігіне бүгінгі таңда әбден көзі жетті. XX ғ. өткен екі дүниежүзілік соғыс, соның нәтижесінде қырылған миллиондаған адамдар, бүгінгі таңдағы экологиялық апаттар мен дағдарыстар, адамның материалдық жағынан бай болғанымен, рухани-адамгершілік тұрғысынан жүдеуі т.с.с. бары де Батыс өркениетінің тұйықтыққа келіп тірелгенін көрсетеді.

Ал Шығыс елдеріне келер болсақ, ғылыми-техникалық жетістіктерді игеріп, оны өз мәдениеті, дүниесезімімен ұштастыра білген елдерді (Жапония, Малайзия, Сингапур, Оңтүстік Корея) саусақпен ғана санауға болады. Өз рухани мәдениетінің мыңдаған жылдарға созылған ерекше тарихы болса да, Шығыстың көп елдері жаңа ғана дамып келе жатқан елдер қатарына жатады, өйткені онда кедейшілік пен қайыршылық, жұмыссыздық кең етек алған. Бір жағынан алғанда, Шығыс елдеріндегі халықтар Батыс mass media туындыларын қабылдамайды, өйткені олардың рухани болмысына олар қайшы келіп, қалың бұқараның наразылығын тудырады. Сонымен қатар әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі, дамыған елдердің экономика жағынан алға кетіп, алшақтай түсуі, көп жағдайларда олардың кедей елдерді табиғи байлықтарын төмен бағаға сатуға мәжбүр етуі т.с.с. себептер, әсіресе ислам ілімі терең тамыр жайған елдерде экстремизм мен терроризмнің етек алуына, сонымен қатар «ғаламдасу үдерісімен» бірге кіретін Батыстың зорлық-зомбылық, порнографиялық т.с.с. мәдени үлгілерінен сақтану жолында көп қарапайым адамдардың «таза исламға қайтып оралу» идеясын насихаттайтын ваххабизм сияқты кертартпа діни ұйымдардың

құрамына кіріп, саяси эстремизмнің қайнар көзіне айналып жатқанын байқауға болады.

Олай болса, шындық Батыста да, Шығыста да толығынан жоқ сияқты. Бүгінгі таңдағы адамзат болмыс тірегін, бір жағынан, ашынған, қорқынышты үрей сезімімен, екінші жағынан, бітпейтін үмітпен іздестіруде… Бұл адамзат ізденістеріне, құрметті оқырман, сіз де, пісіп-жетіле келе, өз үлесіңізді қосарсыз деген үміттеміз.

Енді болмыс ұғымын ары қарай талдасақ, оның құрамынан негізгі екі шындықты табуға болады: оның бірі – бізді қоршаған табиғат, **материалдық әлем**, екіншісі – **рух әлемі**, адамның жан дүниесі мен санасы. Егерде бірінші өзімен-өзі объективті, адамның санасына тәуелсіз өмір сүрсе, екінші – рух әлемі – адамның, яғни субъектінің ішкі жан дүниесімен, оның ырқы, қалауы, қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Егер болмыс ұғымы арқылы біз материалдық әлемді анықтасақ, сана арқылы болмыс өз-өзін анықтайтынын байқаймыз. Уақытында ұлы Л.Фейербах айтқандай, «Ұлы мәртебелі Табиғат (яғни болмыс) адам арқылы өз-өзін сезіну, түсіну дәрежесіне көтеріледі».

Сана мен материяның өзара бір-біріне өтуі субъектіні тудырады, яғни ол материалдық дене, сонымен қатар санасы бар, өзінің сан алуан қажеттіліктерін өтеу үшін іс-әрекет жасай алатын пенде – **адам**. Сонымен, жоғарыда айтылған екі Әлем адамның бойында жинақталады екен. Адам дене ретінде өз қажеттіліктерін өтеп, басқа тіршіліктер сияқты, осы болмыста өмір сүреді. Сонда адам болмысы осы тіршілікте болумен теңеле ме? Бұл дүниеде құмырсқа да, жаңбыр құрты да өмір сүріп жатқан жоқ па? Әрине, адамды құмырсқаға, бұл тіршіліктегі қайсыбір жануарға теңеу үлкен қателік болар еді. Адамды шынайы адам қылатын – оның **санасы, ішкі рухани өмірі**, соның негізінде пайда болатын шығармашылық іс-әрекеті емес пе?! Қайсыбір жануарды алсақ та, ол өз болмысын бұлдыр, көмескі сезінеді, өз өмірі мен өлімі, жалпы әлем жөнінде тебірене алмайды. Тек адам ғана бұл өмірде тіршілік жасап қоймай, сонымен қатар дүниенің болмысы, өз халқының тағдыры, оның ар жағында бүкіл адамзат, жалпы тіршілік жөнінде ойланып тебіренеді, **«мен бұл дүниеге не үшін келдім»** деген сұрақты өз алдына оқтын-оқтын қояды. У.Шекспирдің Гамлеті қойған сұрақ «to be ore not to be? – That is the guestion!» (Болу ма, я болмау ма? – Міне, негізгі сұрақ!) адамзат қаншалықты өмір сүрсе, соншалықты өміршеңді болып қала бермек. XX ғ. ортасында бұл сұраққа әдейі арнап кітап жазған көрнекті американ философы Э.Фромм қазіргі Батыс цивилизациясы адамның өмірдегі болмысын баю, иелену арқылы көреді деген тұжырымға келіп, оның тигізген барлық теріс әсерін көрсеткен болатын. Қазақ халқы өзінің трагедияға толы тарихында өз жолынан таймай, «жігіт бір сырлы, сегіз қырлы» болуы керек, әр күнді бағалап, оны қуаныш, той-думан,

өнерсайысқа айналдыру керек деп есептеген, бұл оның даналығын көрсетеді. Бірақ бүгінгі таңдағы реформа кезінде біз осы сара жолдан тайып, Батыс дүниесезіміне, **тойымсыздыққа** қарай ауысып бара жатқан жоқпыз ба? деген сұрақ та ойландырмай қоймайды.

Адамның саналы шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесінде жер бетінде **«екінші табиғат»** болмысы пайда болды. Егер «бірінші табиғат» деп біз адам қолымен өзгеріске түспеген тағы табиғатты айтатын болсақ, «екінші табиғат» адамның саналы іс-әрекеті арқылы өзгеріске түскен. Егер жануар өзіне қажеттінің барын таза табиғаттан тауып алатын болса, адам оған қанағаттанбайды. Сондықтан ол табиғатты өзгертіп, өз мүддесіне сай етіп өмір сүреді. Оның бүгінгі таңдағы көріністері – алып қалалар, асфальт және теміржолдар, жасанды көлдер мен ормандар, мәшинелер мен неше түрлі техникалық жабдықтар т.с.с. Олардың бары де – саналы іс-әрекеттің туындылары. Олай болса, адамның санасы мен рухы осы екінші табиғаттың туындыларында **сөнген**, яғни **заттанған**. Қайсыбір адамның қолымен жасалған заттың негізінде белгілі бір идея жатыр. Сол жасалған затты пайдаланып, оны игерген кезде, сөнген **идея** дереу **«лап етіп жанып»**, тағы да сол адамның ішкі рухани өмірінің құрамдас бір бөлігіне айналады, яғни заттанған идея өзінің материалдық қабығынан босап, тағы да **санаға** айналады. Екінші табиғаттың бұл терең сырын жете түсіну үшін, оқырманға бір қарапайым мысал келтірейік. Егер сіздің мәшинеңіз сынып қалса, сіз сол сынған бөлшекті қолыңызға алып, ең алдымен ол қалай жұмыс істейтінін түсінуге тырысасыз, бұл жайтты түсінген кезде, соны ойлап шығарған инженердің сол бөлшекте заттанған идеясын тағы да «тірілтіп», өз санаңыздың байлығына айналдырасыз. Егер сіздің техникаға икеміңіз болса, сол бөлшектің жетілмеген жерін анықтап, оны тіпті қайта өзгертуіңіз де мүмкін. Оны қоғам рационализаторлық әрекет деп бағалайды. Идеяның затқа, заттың қайта идеяға айналуы диалектикасын осы мысалдан көруге болады. Қорыта келе айтарымыз: мыңдаған жылдардағы адамзат қолынан шыққан туындыларда оның барлық дүниеден алған тәжірибесі, шығармашылығы, білімі заттанған. Әрбір дүниеге келген жаңа ұрпақ соларды игеріп, оны ары қарай дамытып, өзінің рухани байлығына айналдырады.

Енді, міне, сол «екінші табиғатты» тудырған адамның рухани болмысын талдауға да уақыт келіп қалған сияқты. Алғашқы жақындағанда, оны екіге бөлуге болады. Біріншіден, ол тарихи сахнада өмір сүріп жатқан **нақтылы тірі адамның** рухани өмірі, оны **субъективті рух** деуімізге әбден болады. Тірі адамның түйсіктері, сезім тебіреністері, ырқы, өзіндік сана-сезімі, ғылыми түсініктері, тіпті бейсаналық инстинктері – бары де оның ішкі рухани өмірін құрайды. Адамның ішкі өмірі сыртқы дүние сияқты тұңғиық, шексіз. Сондықтан да көне

гректер адамды «микрокосм» ретінде қарап, оны «макрокосмға», яғни дүниеге теңеген болатын. Бір адам басқа адамның ішкі дүниесін толық білмек түгіл, кейбір кезде өз ішінен бұрын білмеген қасиеттерді тауып алып, таңғалады!!

Әрине, адамның ішкі рухани болмысы өне бойы сыртқа шығуға талпынады, өйткені адам басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсіп барып өмір сүре алады: Д.Дефоның «Робинзоны» тек қиялдан шыққан көркемдік бейне ғана емес пе?

Олай болса, қоғам өмірінде **интерсубъективтік** (inter – латын сөзі, екіаралық, көпаралық деген мағына береді) **рух** дүниеге келеді. Ол жеке өмір сүретін бір адамның ғана қазынасы емес, ол – қоғамның, яғни бір-бірімен байланыс, қарым-қатынасқа түскен көп адамдардың ортақ байлығы. Мысалы, сізге қоғамның белгілі бір саласын жетілдіруге бағытталған ой келді, ол – тек сіздің ғана ойыңыз. Бірақ сіз оны ақпарат құралдары арқылы қоғамға жария еттіңіз. Сіздің ойыңыз өзекті болып, оны көп адамдар қолдады, енді, міне, ол сіздің уысыңыздан шығып, қоғамның рухани құнды-лығына айналды, өйткені ол басқа адамдардың санасына да ұялап, олардың ой-өрісіне өзінің әсерін тигізді. Сөйтіп, **интерсубъективтік**, яғни **объективтік рух** қоғамның үстінде аспандағы бұлт сияқты, жеке адамның санасынан бөлініп, дербес өмір сүріп жатқан идея емес, ол – көп адамдардың санасында өмір сүріп жатқан, солардың мойындаған, ішкі рухының бөлігіне айналған құбылыс. Философияда объективтік рухтың формалары ретінде **ғылым, өнер, дін, мораль, құқықтық нормалар** т.с.с. айтылады.

Енді субъективтік және объективтік рухтың өзара байланысы туралы заңды сұрақ пайда болады. Әрине, жеке адамның тұлға болып қалыптасуында қоғамдық сананың, яғни объективтік рухтың маңыздылығын асыра түсіну өте қиын. Дүниеге келген сәби ананың ақ сүтімен бірге оның сүйіспеншілігін, әлди-әлди өлеңдерін, неше түрлі ертегілерін бойына сіңіріп, тілі шығып, өсе келе балабақшаға, мектеп, жоғары оқу орнына барып, тәлім-тәрбие алып, **тұлғаға** айналады. Сонымен қатар пісіп-жетіле келе, оның бойында жаңа идеялар, туындылар пайда болып, оларды жарыққа шығарып, қоғамдық сананы ары қарай дамытады. Тек бұл арада айта кететін нәрсе, өкінішке қарай, осы уақытқа шейін адамзаттың көпшілігі қоғамдық сананы **пайдаланады** да, тек **элитарлық** (elite – франц. сөзі, қоғамның үстем білімді, өнерлі азшыл тобы деген мағына береді) аз топ қана оны **ары қарай дамытады**. Осыған өкінген XX ғ. ұлы испан философы Х.Ортега-и-Гассет халық бұқарасын тобырға теңеп, қазіргі кездегі рухани дағдарыстың себептерін «тобырдың көтерілісінен» көреді. К.Маркстің ойынша, тек қана жер бетінде коммунизм орнаған кезде ғана, әр адам жан-жақты

дамып, шығармашылық деңгейге көтеріліп, қоғамдық сананы дамытуға қол жеткізеді.

Қоғамның рухани болмысын талдауда әдебиетте **«абсолюттік рух»** деген ұғым да кездеседі. Көбінесе оны философия тарихында Құдайға әкеліп тірейді. Гегельдің ойынша, **абсолюттік** рухқа **«өнер», «дін», «философия»** жатады. Өнер арқылы абсолюттік рух өзін толық еріктіктің негізінде алдайды; дін арқылы өз-өзіне беріліп қабылдайды; тек философия сатысына жеткен кезде ғана өз-өзін ұғымдар арқылы жете түсінеді, сондықтан Гегельдің ойынша, **философиядан биік рух жоқ**, ол – рухтың ең биік сатысы.

Қорыта келе, біз болмыс ұғымының өз бойына бүкіл әлемді (материя мен рухты, субъект пен объектіні), олардың өзара байланысын қамтитынын байқадық. Бұл – шегіне жеткенінше кең ұғым, сондықтан оның мазмұны да жиырылған түрінде оның ішінде жатыр. Енді біз оларды өз қисынының негізінде «сыртқа шығарып» жайып, талдауымыз керек, сонда ғана оның астарында жатқан ұғымдардың жүйесі болмыс жөніндегі ілімді толыққанды суреттейді.

§ 2. Жалқылық пен жалпылық

Болмыстың ішкі астарын ширатып талдауды неден бастауымыз керек? Әрине, бұл сұраққа жауап беру оңай шаруа емес. Діни философия оны Құдаймен теңестіреді. Идеалистік философияның көрнекті өкілдерінің бірі Г.Гегель өз философиясын «абсолюттік идея» ұғымынан бастайды. Ал материалистік бағыт ұстаған ойшылдар оны «материя» ұғымынан бастайды. Бірақ уақытында ұлы Гегельдің өзі-ақ айтып кеткендей, ешкім де ешқашан абстрактілік «материяны» көрген жоқ, дүниеде тау-тас, ағаш, ауа, қой, ешкі т.с.с. нақтылы заттар бар, ал материяның өзі-ақ абстрактілік ұғым емес пе? Ал Л.Фейербахқа келер болсақ, болмысты талдауда күнбе-күнгі көз алдымызда өмір сүріп жатқан заттар мен құбылыстардан, яғни «міне», «мынау», «анаудан» бастап, ары қарай өрлеуіміз қажет деген пікір айтады. Біздің ойымызша, соңғы ойшылдың пікірі дұрыс сияқты.

Расында да, осы пікірді талдап көрейікші. Егерде біз адамды қайсыбір жануармен салыстырып байқасақ, онда оның шексіз айырмашылығын байқаймыз, өйткені жануар өзін айнала қоршаған ортадан айырып ала алмайды, ол өзінің туа біткен инстинктері мен шартты рефлекстері арқылы табиғатпен біртұтас өмір сүреді. Ал адамға келер болсақ, оның санасы пайда болған сәттен бастап, ол өзінің басқа заттардан **бөлек ерекше болмысын** сезінеді, сонымен қатар басқа заттардың да **дара, ерекше өмір сүретінін** байқайды. Осы ерекшелікті сезінудің нәтижесінде адамдардың санасында **даралық, жалқылық, ерекшелік,**

зат, құбылыс т.с.с. ұғымдар пайда бола бастайды. Сонымен қатар адам өз дербестігін, ерекше болмысын сезініп қана қоймай, оны айнала қоршаған ортамен байланысын, сонда өмір сүріп жатқан заттар мен құбылыстардың өзара байланыстарын да байқайды. Өйткені оған тірі жан ретінде тамақ ішуі, баспана іздеуі, басқа аңдардан қорғануы т.с.с. қажет. Бұл қажеттіліктердің өтелуі айнала қоршаған заттар мен құбылыстарды пайдалану арқылы ғана іске асуы мүмкін.

Алғашқы уақытта адамның өмір сүру барысында пайдаланған заттары әрқашанда **ерекше, дара, жалқы, қайталанбайтын**, бұрын-соңды оның өмірінде кездеспеген сияқты болып көрінеді. Ол оның белгілі бір қажеттіліктерін өтегеннен кейін, **есінде сақталмай қоймайды**. Сонымен қатар адам өзінің өмір сүру барысында сол қажеттіліктерді өтей алатын басқа заттар мен құбылыстарды да кездестіріп, оларды пайдаланады. Сондықтан оның басында даралық, жалқылық ұғымымен қатар, бірнеше, **көп** ұғым пайда болады. Мысалы, шие де, алма, алмұрт та бір қажеттілікті өтейді. Олардың барын салыстыра келе, адамдар **олардың ортақ қасиеттерінің бар екенін**, айырмашылықтарымен қатар жалпыға бірдей жақтарын анықтайды. Сол себепті шие, алма мен алмұрттан тыс **жеміс** деген ұғым пайда болады, ол – аталған және де басқа жидектердің жалпы қасиеттерін біріктіретін ұғым. Жүре келе, мұндай ұғымдар адамдардың сөздігіне көптеп кіріп, белгілі бір халықтың ойлау жүйесін ары қарай дамытады…

Жоғарыда өрбіген ой-өрісіміз дұрыс болса, онда **жалқылық пен жалпылық болмыс санаттарын талдаудың бастамасы** болып есептелуі керек. **Тарихи-қисындық** тұрғыдан алғанда, солардың адам тәжірибесі дамуының негізінде, пайда болуының нәтижесінде басқа да болмыс санаттары дүниеге келіп, өрби бастайды.

Енді бүгінгі таңдағы философиялық тұрғыдан қарасақ, онда біз жалқылық, даралық болмыстың өмір сүру формасы екенін байқаймыз. Дара, жалқы дегеніміз – кеңістік пен уақыттың шеңберінде шектелген зат, я болмаса құбылыс. Болмыстағы нақтылы да шынайы өмір сүріп жатқан заттар мен құбылыстар дара, жалқы, ешқашанда қайталанбайтын, тек өзіне тән ерекшеліктерімен көрінеді. Қазақ халқы оны «бес саусақ бірдей емес» деген нақыл сөзбен берген. Мысалы, қазіргі жер бетінде өмір сүріп жатқан 6 млрд. адамның ішінен бір-біріне толығынан пішін-түрі жағынан екі ұқсасты табу мүмкін емес. Сондай-ақ олардың әрбіреуінің ой-өрісі, руханияты да өзгеше қайталанбайтын жақтарымен суреттеледі. Элементарлық бөлшектерден бастап жұлдыздар әлеміне дейін ғалымдар толығынан бір-біріне ұқсас ешқандай екі затты тапқан жоқ. Қорыта келе, даралық, **жалқылық** дегеніміз – шындық **болмысының өмір сүру тәсілі** болып шықты.

Сонымен қатар бұл дүниеде бір-бірімен толық ұқсастығы жоқ екі затты табу да мүмкін емес. Егерде олай болса, дүние өмір сүре алмас еді, заттар мен құбылыстар бір-бірімен байланысқа түсіп, біртұтас әлемді құра алмаған болар еді. Дүниеге ұқыпты көзбен қараған адам заттар мен құбылыстардың бір-бірімен **шытырман байланыста** екенін байқайды, ал оның астарында олардың **ұқсас жақтары, тектік бірлігі, жалпы** қасиеттері жатқан жоқ па? Әрине, солай. Жалқы заттар мен құбылыстар өне бойы бір-бірімен **байланыста**, өзара әрекет жасауда, бір-бірін анықтауда. Оның өзі олардың **жалпыға бірдей** қасиеттері арқылы ғана іске асады. Сөйтіп, жалпылық дегеніміз де болмыстағы жалқы заттар, құбылыстар мен үдерістердің **өмір сүру заңдылығы** болып шықты.

Ұқыпты оқырман бұл арада қайшылықтың пайда болғанын байқап қалған болар, бір жағынан, қайсыбір зат, құбылыс, үдеріс тек өзіне тән, дүниеде қайталанбайтын жақтарымен көрінгісі келсе, екінші жағынан, толық дербес өмір сүре алмай, жалпылыққа өтеді. Олай болса, қайсыбір зат, құбылыс, үдеріс **ерекше** – өз бойында қайталанбайтын, тек өзіне тән қасиеттерімен қатар, оны басқа заттармен біріктіретін жалпы жақтарымен танылады. Айтылған ойдың үлкен методологиялық маңызы бар десек те болады, өйткені сонау көне заманнан бастап осы уақытқа шейін көп мәселелердің шешімі осы даралық пен жалпылықтың диалектикасын **жете түсінбеуден** пайда болады.

Сараптап жатқан ұғымдарды алғаш рет терең талдаған ұлы Платон болған-ды. Оның «эйдос әлемі» – «заттар әлемімен» салыстырғанда, өз бетінше өмір сүріп жатқан материалды емес, мәңгі, кемеліне келген, сұлу, ізгі әлем, ал біздің дүние заттанған, мәнді, уақытша, эйдос әлемінің бұлдыр көлеңкесі ғана сияқты. Аристотель: «Платон маған қымбат болса да, ақиқат одан да гөрі құнды», – деп, оның өзінше өмір сүретін эйдос әлемін сынға алады. Оның ойынша, жалпылық дара заттардан бөлек өмір сүре алмайды, ол заттардың мән-мағынасын, яғни формасын құрайды. Ал форма қайдан пайда болады деген сұраққа ол: «Форманың формасы – Құдай», – дейді.

Жалпылық пен жалқылық Ортағасырдағы негізгі философиялық мәселеге айналып, **реализм** (realis – латын сөзі, шынайы) мен **номинализм** (nominis – латын сөзі, есім, ат) бағыттарын тудырады. Негізгі мәселе – жалпылықтың (сол кездегі терминмен айтсақ – универсалиялардың) онтологиялық мәртебесін анықтауда болды. Реалистер жалпылық жеке заттардан бөлек өмір сүреді деген пікірге келіп, қалай айтқанда да, заттар әлемінен бөлек өмір сүретін идеалдық әлемді, я болмаса Құдайды мойындайды. Мысалы, ортағасырлық схоластиканың көрнекті өкілі Ф.Аквинский универсалиялар үш түрлі өмір сүреді деген пікірге келеді. Біріншіден, ол Құдайдың ойынан

шыққан болашақ заттардың идеалдық үлгілері, екіншіден, заттардың ішкі мән-мағынасы, үшіншіден, заттарды зерттеудің нәтижесінде пайда болған адамның басындағы ұғымдар. Ал номиналистерге келер болсақ, олар тек дара жеке өмір сүретін заттар ғана шынайы, ал жалпылық дегеніміз – заттардың ұқсас жақтарын пайымдаудың негізінде қойылған есімдер ғана деген пікірге келеді.

Жаңа дәуірдегі ойшылдар көбіне **номинализм** бағытына жақынырақ болды. Мысалы, Дж.Локк жалпылық заттарда өмір сүрмейді, оларды ойлап шығарған адамның зердесі деген пікірге келеді, олар неше түрлі сөздер, идеялар, белгілер ғана. Б.Спиноза ұғымдардың шығу тегін заттардан іздеу керек деген дұрыс пікір айтқанмен, жалпылықты тек қана заттардың қарапайым ұқсастықтарынан іздеді.

И.Кант бұл ойды тереңдетіп, жалпылықтың екі түрін мойындайды. Олар – **тәжірибеден шығатын** және **априорлық** (тәжірибеге дейін берілген) жалпылықтар. Ғылыми зерттеулер, тәжірибе арқылы жасалатын жалпы ұғымдар әрқашанда жеткіліксіз, өйткені күндердің бір күнінде жаңа деректер пайда болып, ұғымның шеңберін бұзуы мүмкін. Априорлық жалпылықтарға келер болсақ, олар **трансцендентальды** (transcendens – латын сөзі, аттап өту, яғни бұл Дүниенің ар жағындағы деген мағына береді.) санаға жатады, оның табиғатын біз ешқашанда тани алмаймыз.

Г.Гегельге келер болсақ, ол жалпылықты «абсолюттік идеямен» теңейді. Бірақ ол заттардың ұқсас жақтарын қамтитын қарапайым дерексіз жалпылық емес, ол – **шынайы нақтылы жалпылық**. Соңғыны ол заттар мен құбылыстардың даму заңдылықтарына теңеп, ал оның өзі әрқашанда даралықтың негізінде ерекше көрініп, жекенің де өзіне тән байлығын бойына сіңіретіні туралы терең ой айтады. Жас жігіт пен пісіп-жетілген азамат та белгілі бір нақыл сөзді айтуы мүмкін, бірақ олар оған әртүрлі мағына береді, өйткені екінші өзінің бай өмірден алған тәжірибесі мен білімі арқылы оны жете түсінеді.

Маркстік философияда Гегельдің «нақтылы жалпылық» идеясы жоғары бағаланып, сонымен қатар жалпылықтың қайнар көзін «абсолюттік идеяға» теңеуін сынға алады. Жалпы ұғымдарда объективті шындықтағы жалпылық бейнеленеді, ал оның өзі – заттар мен құбылыстардың ішкі нақтылы теңдігі. Ол заттардың өмір сүруінің негізі, оның көрінісі – заң.

Сөйтіп, оқырманның байқағанындай, философия тарихында даралық, жалқылық пен жалпылықтың өзара диалектикасы ғасырлар бойы зерттеліп, бүгінгі таңдағы мәресіне жетті. Оған қорытынды жасасақ, жалқылық жалпылыққа әкеледі, ал соңғы жалқылықтың бойында өмір сүреді. Алайда олардың екеуінің арасындағы дәнекер – ол ерекшелік. Сондықтан дүниедегі әр зат, құбылыс, үдеріс өзінің

ерекшелігімен танылады. Ерекше зат өз бойына жалқы мен жалпыны тек өзіне ғана тән жолмен біріктіреді. Соның арқасында дүниедегі көптіктің бірлігі қамтамасыз етіледі.

Жалқылық пен жалпылық диалектикасын жете түсіну арқылы өткен кеңес қоғамы мен қазіргі егемен елімізде жүріп жатқан үдерістерді талдауға мүмкіншілік аламыз. **Кеңес** заманында **жалпылық басыңқы санатқа** айналып, жеке адамдардың құқықтары, олардың шығармашылық ерекшеліктері **дұрыс ескерілмеді**, сондықтан **қоғам тоқырауға ұшырады**. Бүгінгі таңда біз, керісінше, ағымды байқаймыз. Жекелік, адамдардың құқықларын сақтау, оларды шығармашылық жолға, ізденіске бағыттау – қазіргі саясаттың негізгі арқауы болып отыр. Ол, бір жағынан, экономикалық дағдарыстан тезірек шығуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, ұжымдық мүдделердің іске асуына нұқсан келтіруде, ол бүгінгі таңда баршаға аян.

Еліміздегі түбегейлі өзгерістер тереңдеген сайын, жалқы мен жалпылық диалектикасының маңызы арта түсуде. Оны ұқыпты түрде ескермейінше, біз саясатта үлкен қателіктер жіберуіміз мүмкін. Шынында да, қазақ елі алыстағы Франция, я болмаса Бразилияға ұқсамайды, тіпті бізге жақын елдердің өзі де (Өзбекстан, я болмаса Ресей) басқаша. Осы тұрғыдан қарағанда, біздің ата-бабаларымыз таңдап алып, өз Отанына айналдырған жерлер мал өсіруге лайықты, табиғаты қатал, суға тапшы, сонымен қатар өрісі кең жерлерде орналасқан. Сондықтан да **ауыл шаруашылығы** қазақ елінің экономикасының **жетекші салаларының** бірі болып, болашақта да қала бермек. Осындай кең-байтақ, сонымен қатар суы тапшы елде бір жылы жақсы егін орылса, екінші жылы қуаңшылық болмауына ешкім кепілдік бере алмайды. Мұндай жағдайда кішігірім фермерлік шаруашылықтардың өмір сүруі екіталай. Оны қазіргі өмір көрсетіп те жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, көп ұжымдық мықты ауылшаруашылық мекемелерін **жасанды банкрот етіп құрту** – саясатта жасалған үлкен қателіктердің бірі болды. Өмір олардың орнына үлкен алпауыт **лендлордтарды ауылға** әкелді. Ал олар ауылдың әлеуметтік жағдайына көңіл бөлмейді. Олардың негізгі мақсаты – егінді егіп, уақытында жинап алып, нарыққа мейлінше қымбатқа өткізу, ал одан пайда болған қаражаттың пілдей бөлігі, негізінен, қалада қорлануда… Бүгінгі таңдағы жеке кішігірім фермерлік шаруашылықтардың қайта кооперацияға өтуге тырысуы – осы елдің ерекшеліктерінен шығады. Сонымен қатар өзен-су бойында орналасқан, суармалы тұрақты өнім алуға мүмкіншілігі бар жерлерде фермерлік шаруашылықтар тиімді болуы әбден мүмкін.

Ал енді жер байлығына келсек, елдің мұхиттан алыс болуына байланысты, оларды басқа елдерге экспорттаудың жол қаражаты өте қымбат. Сондықтан шикізат етіп сыртқа шығарудан гөрі, оларды өңдеп,

мұнайдан бензин, керосин т.с.с., мыстан неше түрлі кабельдерді, ал жүре келе электр жабдықтарын жасаған жөн. Бірақ бүгінгі таңда оған қаражат жеткіліксіз… Сонымен қатар алғашқы капитал тез қорланбай, іскерлердің әсем сарайлары мен «Мерседестерінен» қалмай жатқан жақтары да жоқ емес.

Олай болса, біз өзіміздің ерекшеліктерімізді мұқият зерттеп, жалаң еліктеушіліктен арылуымыз қажет. Сонымен қатар алға озып кеткен елдердің жетістіктерін өз ортамызға, соған тарихи икемделген сана-сезімімізге **бейімдеп қолдануымыз** керек. Сонда ғана біз өз **ерекшеліктерімізді** сақтап, соның арқасында басқа елдердің де шынайы қызығуы мен сүйіспеншілігіне қол жеткіземіз. Дүниедегі көптүрлігімен танылатын мемлекеттердің ішінен өз орнымызды табамыз.

§ 3. Тәуелсіздік пен тәуелділік

Жалқы мен жалпы санаттарымен тығыз байланысты, болмыста терең тамырланған ұғымдар – тәуелсіздік пен тәуелділік ұғымдары.

Бұрынғы философия оқулықтарында бұл ұғымдар жоқ болатын. Бірақ бүгінгі таңда қазақ елі тәуелсіз мемлекет орнатып жатқан кезде, олардың мән-мағынасы күрт өсуде, өйткені **тәуелсіздік** – кейбір әдебиетте кездесетіндей, бұрынғы одақтас кеңес республикаларындағы ұлттық дегдар топтың билікке деген ұмтылысынан пайда болған құбылыс емес, оның түп-тамыры тереңде – **болмыстың өзінде жатыр.** Тәуелсіздіктің баянды болуы, оның қазақ халқына ауадай қажеттігінің негізінде осындай философиялық пайымдау жатыр.

Енді осы айтылған тұжырым жалаң болып көрінбес үшін, оны дәлелдеп көрелік. Жоғарыда айтып өткеніміздей, дүниеде – Жер болсын, аспан болсын, біз екі бір-біріне толық ұқсас зат, я болмаса құбылысты таба алмаймыз. Микроәлемдегі элементарлық бөлшектерден бастап мегаәлемдегі жұлдыздарға дейін әрбір зат, я болмаса құбылыс тек өзіне тән болмысымен сипатталады. Даралық және қайталанбастық, басқаға ұқсамастық, жалпы алғанда, материалдық және рухани болмыстың өмір сүру тәсілі болып табылады. Оны өз уақытында Эпикур болжамдаған болатын. Оның ойынша, атомдар кеңістікте құлдырап бара жатқан кезде алғашқы бағытынан «өз еркімен» ауытқиды. Қазіргі ядролық физиканың деректеріне сүйенсек, бүгінгі таңдағы ашылған 300-ге жуық элементарлық бөлшектердің әрқайсысының өз табиғаты, сыры бар. Ең ақырында, бүгінгі таңдағы ашылған ең ұсақ бөлшектер – адрондардың құрылымын құрайтын кварктардың өздері «бір-біріне салыстырмалы түрде тәуелсіз және біршама еріктіктің деңгейінде өмір сүреді» (қараңыз: Материалистическая диалектика., М., Мысль,

1983, 61 б.). Әсіресе көрнекі түрде тәуелсіздіктің сипатын тірі және өлі табиғаттағы, қоғам өміріндегі статистикалық үдерістерден байқауға болады. Мысалы, газ табиғаты жөніндегі қазіргі теориялар әрбір молекуланың бір-біріне тәуелсіздігін көрсетеді. Тек қана сырттай шектеу қойылған кезде ғана (белгілі бір құйманың ішінде) олар бір-бірімен болуы мүмкін байланыстарға түседі. Сол себепті, статистикалық заңдылықтардың негізінде әрбір бөлшектің бағытын білу мүмкін емес, ол оның дербестігін, тәуелсіздігін көрсетеді, тек олардың жиынтығының заңдылықтарын ғана анықтауға болады. (қараңыз: П.В.Алексеев., А.В.Панин. Философия., М., Проспект, 1998, 424 б.). Термодинамиканың екінші бастамасы дүниеде **дезинтеграция** (ыдырау), **энтропия** (күш-қуаттың төмендеуі), **хаос** (бытырау) үдерістері жүріп жатқанын мойындайды. Ал мұның өзі де заттар мен құбылыстардың болмыстағы «өз еріктігіне» деген «ұмтылысын» көрсетпей ме? Өйткені олардың әрбіреуінің болмыста өз негізі бар! Классикалық механиканың негізгі қағидаларының бірі – әрбір зат өзінің салмағы арқылы ерекшеленеді, ал оның өзі бастапқыдан бір-біріне **тәуелсіз** берілген.

Тірі табиғатта да біз осындай жайттарды байқаймыз. Мысалы, ағаштың бұтақтарында өсіп тұрған 50 мың жапырақтың бір-біріне толығынан ұқсас екеуін тауып алу мүмкін емес. Әр жапырақ дүниеге өз болмысымен келіп, соңында – кетеді. Бір ананың бойында өсіп, дүниеге келген егіз – екі түрлі болып келеді, олар қанша бір-бірімен ұқсас болғанымен, тәуелсіз, қайталанбайтын, ұқсас емес жақтарымен танылады.

Ал егерде адам болмысына келер болсақ, **«дүниеде болу – ерекшеленуге»** теңеледі, яғни әр тұлға өз бойындағы табиғи дарындарын өрістетіп, дамыту арқылы өмір сүреді. **«Адам құқықтары»** аталатын бүгінгі таңдағы кең таралған қағида өзінің тереңге кететін түп-тамырында **тәуелсіздік ұғымына**, тұлғаның басымдылығына негізделген. Бүгінгі қоғамдарды шарпыған әлеуметтік ауытқулардың терең себептерінде адамдардың өз болмыстық негіздерінің дамуына **қанағаттанбаушылық** жатыр. Сондай-ақ әр халық өз тәуелсіздігіне жетуге, соның негізінде мәдени құндылықтарын, дүниесезімі мен дүниеқабылдауын сақтауға тырысады.

Қоғамның рухани саласына келер болсақ, тек қана өзіндік болмысымен көрінетін төл шығарма ғана құндылығымен танылады. Сол себепті Құрманғазы мен Абайдың, Қастеев пен Тәттімбеттің т.с.с. шығармалары халықтың санасында мәңгілік сақталады. Ал өзіндік негізі жоқ «біркүндік» туындылар бүгін дүниеге келіп, ертең-ақ ұмытылып қалады. Тіпті **математиканың** ең абстрактілік саласы – метаматематиканың өзін алсақ, оның өзі де **ауыспалы тәуелсіздікке** негізделген.

Жоғарыда айтылғанды қорыта келе, тәуелсіздік санатының болмыстық мәртебесін мойындауға тура келеді.

Сонымен қатар дүниедегі өмір сүріп жатқан бірде-бір зат, құбылыс өзіндік болмысына қаншалықты «ұмтылса да», толығынан өзімен-өзі бола алмайды, сондықтан ол өз тәуелсіздігінің белгілі бір бөлігінен айырылуға мәжбүр болады. Мұны соғыстан кейінгі Албанияның әлеуметтік тәжірибесі айқын көрсетті. Батыспен де, Шығыс социалистік елдерімен де байланыстарын үзген сол елдің басшылары өз Отанын толық апатқа дейін әкеліп тіреді емес пе? Бүгінгі әлемде адамзатқа қажет 2,5 млн. жуық әртүрлі заттар өндірілсе, бірде-бір мемлекет, қанша алып болса да, басқа елдермен қарым-қатынасқа, кооперацияға түспей, дербес өмір сүре алмайды. Олай болса, тәуелділік тәуелсіздікке қарама-қайшы, яғни қарсы бағытталған санат болып шықты. Егер тәуелсіздік жалқының қайталанбайтын өзіндік жақтарымен тығыз байланысты болса, тәуелділік жалпылықтың негізінде өмір сүреді. Аталған екі санаттың «басын біріктіретін» дәнекер – заттар мен құбылыстардың өзара тәуелділігі, өйткені зат пен құбылыстың өзіне тән қайталанбас жақтарымен есептеспейтін біржақты тәуелділік ертелі-кеш бұзылады, басқа жағдайда – тәуелді заттың құруына әкеледі. Мысалы, бұрынғы Кеңес Одағының күрт жарылуының негізгі себептерінің бірі оның халықтардың тілі мен діні, әдет-ғұрпына тигізген зәбірлігі болды емес пе? Барлық халықтарды «орыстандыруға» бағытталған саясат ішкі наразылықты тудырып, ұлт-азаттық сезімді, халықтың ар-намысын оятты. Егерде Ресей саясатшылары уақытында шешен халқына федерацияның шеңберінде дербес даму мүмкіншілігін бергенде, бүгінгі қантөгіс болмас еді.

Халықтар арасындағы өзара тәуелділік – олардың мүдделерін **келіссөздер** арқылы бір-бірімен **ұштастыруға тең**. Жер бетіндегі жергілікті соғыстардың осы уақытқа шейін тоқталмауы, негізінен, ірі мемлекеттердің кішілерді өз еркіне көндіру саясатынан шығады. Тек бүгінгі таңда ғана Ресей мемлекеті бірте-бірте империялық сана шеңберінен шығып, бұрынғы одақтас мемлекеттермен өзара тәуелділіктің негізінде ғана жақсы тиімді қатынастарды орнатуға болатынын сезгендей. Халықаралық саясаттағы бұл оң өзгерістерге өзінің барша тәжірибесі мен білімі, тапқырлығын қосқан елдің президенті Н.Назарбаевтың үлесін асыра бағалау өте қиын.

Тәуелсіздік – қай халықтың болмасын, аса бағалайтын құндылығы, өйткені тек осы жағдайда ғана алға кеткен халықтарды тиімді түрде куып жетуге, халықтың шығармашылық мүмкіндіктерін сыртқа шығарып гүлдетуге, негізінен алғанда, тәуелсіздіктің терең түптамыры өз болмысының қайнар көзіне, жаңа деңгейде қайта оралуына жағдай туады. Қоғам өміріндегі көп нәрселерді реформа барысында

өзгертуге, басқа елдердің озық тәжірибесін қабылдауға, әрине, болады. Бірақ халық болмысының қайнар көзінде жатқан, тәуелсіздіктің өзіндік негізін құрайтын нәрселерді өзгертуге болмайды. Ондай жағдайда біз «жаңа мәңгүрттікке» тап болып, өз-өзімізден айырылып қалуымыз мүмкін. Айтылған ойды тереңдете, қоғам өміріндегі кейбір өзекті мәселелерге тоқтала кетейік.

Тәуелсіздіктің соңғы 10 жылында елімізді бүкіл әлемге таныту мен мойындату жолында көп жұмыстар жасалды. Бұрынғы Кеңес қоғамының ядролық қаруларынан бас тартудың арқасында, ең ірі мемлекеттерден, соның ішінде АҚШ, Ресей, Қытай елдері де бар, тәуелсіз өмір сүруіміздің кепілдігін алдық. Бұл біздің жас дипломатиямыздың ең ірі жетістіктеріне жатады. Соның арқасында қазақ елі бүкіләлемдік қауымдастыққа бейбіт өмір аңсайтын қоғам болып танылып, мәртебесі көтерілді. Біздің несібемізге тиген мол табиғи байлықтың арқасында көп дамыған елдердің мүдделерін елімізде қалыптастырдық, миллиардтаған доллар инвестицияларды тартып, халық шаруашылығын жаңа жолға қойдық. Бұл да тәуелсіздіктің негізгі факторларын құрайды. Ел астанасын жаңа жерге көшіру – жаңа мемлекетті құрудың символы, тәуелсіздік жолындағы қажымас саяси ырықтың көрінісі болды. Отандық мәдениет дамуының жаңа сапалы сатысы ашылып, ұлттық руханияттың қайнар көздері ой елегінен өткізіле бастады.

Сонымен қатар кемшіліктер де жоқ емес. Ол ең алдымен елдің экономикалық қауіпсіздігінде жатқан сияқты. Энергетикалық ресурстарды көптеп сыртқа шығарсақ та, осы уақытқа шейін Ресей, Өзбекстан сияқты елдердің газы мен мұнайына тәуелдіміз. Ұлттық іскер топтар тек сауда-саттықпен айналысып, өз өндірісімізді дамытуға аса ынта көрсетпей отыр. Біржақты мұнайға басымдық жасау елді трансұлттық компанияларға тәуелді етуі мүмкін. Екінші жағынан, біз табиғи байлықтардың шексіз емес екенін ұмыт қалдырған сияқтымыз, олар болашақ ұрпақтарға да керек емес пе?!

Реформалар барысында өткен қоғамды жаппай терістеу орын алды. Ал оның өзі тәуелсіздік ұғымына түбегейлі қайшы, өйткені философиялық тұрғыдан келгенде, ол өз болмысымыздың **терең қайнар көздерінен бас тартумен** бірдей. Ондай жағдайда болашақта тәуелсіз дамудың өзі де мүмкін болмай қалар еді.

Алғашқы кезде жеке меншікке негізделген экономикада «Адам Смиттің «көрінбейтін қолы» барын де стихиялық түрде өз қалпына келтіреді», – деген романтикалық қиялдың болғаны да рас. «Ең алдымен экономиканы дұрыстап алайық, қалғанының бары содан кейін өз ретіне келеді», – деген сорақы пікірлер де болды. Бүгінгі таңда олардың бәрі қайта ой елегінен өткізіліп, жіберілген қателіктер түзетілуде.

Келесі бір естен шығармайтын жайт – реформалардың бүкіләлемдік рухани дағдарыстың астарында өтуінде. Сондықтан басқа елдердің құндылықтарын таңдамалы түрде қабылдап қана өз-өзімізді сақтай аламыз, яғни тәуелсіздігімізді уыстан шығармаймыз. Түбегейлі өзгерістер барысында қазақ халқының мыңдаған жылдардағы тарихында тудырған рухани құндылықтарын сақтап қалуымыз керек. Олар: **табиғатты аялау, жетім мен әлсіздерге қол ұшын беру, әділеттілік, ар-намысты жоғары ұстау, дүниеде алудан гөрі болуға тырысу, үлкендерді сыйлау, әке-шеше алдындағы борышты өтеу, тәубеге келу** т.с.с. Сонда ғана біз тәуелсіз гүлденген ел боламыз.

§ 4. Құбылыс және мән

Дүниедегі сан алуан өмір сүріп жатқан ерекше, дербес заттар біздің көз алдымызға өзінің сыртқы жақтарымен көрінеді, әртүрлі қырларымен құбылады. Оны біз құбылыс дейміз. Сонымен қатар қайсыбір зат, я болмаса үдерістің ішкі тұрақты, соның арқасында оның өмір сүруін қамтамасыз ететін жақтары да болады, ол заттың мәнін құрайды.

Заттың көзге көрінетін, «құбылатын» жақтарының астарында оның келесі көзге көрінбейтін қабатының бар екенін адамдар өзінің өмірдегі тәжірибесі мен іс-әрекетінің арқасында өте ерте байқаған. Бірақ оны жете түсіне алмай, заттың денелік-материалдық жақтарынан бөлек алып қараған. Мысалы, Платон заттың «эйдосы», яғни мәні, ұғымы – материалдық емес, ол мәңгі, идеалды деп есептесе, Аристотель заттың мәні ретінде оның ішкі энтелехиясын айтады. Өмір сүруге мүмкіндігі бар енжар материяны шындыққа айналдыратын – оның формасы мен ішкі энтелехиясы (алдын ала берілген мақсатқа лайықты заттың дамуы).

Ортағасырлық философияда зат мәнінің қайнар көзін ойшылдар Құдайдың құдіретті күшінен іздейді.

Жаңа дәуірде бұл санаттарға аса көп назар аударған И.Кант болды. Оның ойынша, заттың бізге әсер ететін («заттың біздігі») жақтарымен (феномен) қатар, оның ішкі «өзіндік» жақтары (ноумен) бар. Заттың құбылысы – феномен, заттың мәні – танылмайтын ноумен. Адамның бар мүмкіндігі – сезім мен ақыл-ойға априорлық (тәжірибеге дейін) түрде берілген санаттар арқылы бізге өз әсерін тигізетін құбылыстарды ретке келтіру ғана. Ал оның ар жағында жатқан мәнді, «заттың өзіндік» сырын ашу мүмкін емес.

Мұндай құбылыс пен мәнді бір-біріне қарсы қоюды Гегель қателік деп санап, «**қайсыбір құбылыс – мәнді**, ал мәннің өзі ертелі-кеш құбылыстар арқылы өзін көрсетеді» деген пікірге келеді.

Бүгінгі таңдағы философияда да осы санаттар туралы әртүрлі түсініктер бар. Неопозитивизм шынайы өмір сүретін сезімдік дерек-

терді (құбылыстарды) ғана мойындайды. Ал экзистенциализмді алсақ, ол адам өмірінің мәні тек «шекаралық ахуалда» – өлім мен өмірдің екі ортасында ғана ашылуы мүмкіндігі туралы пікірге келеді.

Әрине, құбылыс пен мән – болмыстың өзіне тән, оған терең тамырланған, олардың қайнар көзі – **дүниенің өзінде.** Қайсыбір зат өзінің қайталанбас жағымен көрінуге «тырысқанмен», сонымен бірге оны басқа заттармен біріктіретін жалпы қасиеттерін де көрсетпей қоймайды. Сондықтан құбылыстарды зерттеп, салыстырып, ой елегінде олардың жалпы ұқсас жақтарын ғана қалдырып, қайталанбайтын ерекше жақтарынан бас тартудың арқасында жеке әртүрлі заттардың ұқсастығын анықтауға болады. Алайда мұндай жағдайда заттардың тек ұқсас жақтарын анықтап, сонымен қатар оның тек өзіне тән ұқсамайтын көрінісін көрсете алмас едік. Олай болса, мәнге тек заттарды біріктіретін ұқсас жақтарымен қатар, онымен бірге құйыла біткен оның ерекше мазмұны да кіреді, әр зат арқылы белгілі мән өзін байытады, болмыстағы жаңа көріністерін табады. Өйткені құбылыс тек қана мәннің ерекше көрінісі ғана емес, сонымен бірге басқа заттармен байланысқа түсіп, оны өз бойына сіңіреді. Ал қайсыбір құбылыс мәнді болғандықтан, ол сол жаңа байланыстар арқылы мәннің өзін өзгертіп, ары қарай дамытады.

Сарапталған санаттардың танымдағы рөлі өте зор. Адам тікелей зерттеліп жатқан заттың мәнін аша алмайды. Зерттеу сатысы құбылыстарды талдап, олардың ортақ жақтарын анықтаудан басталады. Осы жолда ғылымда **сезімдік нақтылықтан** дерексіз **ұғымдарға** өрлеуді байқауға болады. Алайда бұл дерексіздік – мән ғана. Одан ары қарай өрлеу қажет, яғни қайтадан ой елегі арқылы ашылған мәнге құбылыстың ерекше байлығын қосып, заттың **ойлық-нақтылы** көрінісін жасау қажет. Сонда ғана біз заттың ішкі сырымен қатар, оның құбылыстарының байлығын бірегей қарауға мүмкіндік аламыз.

Аталған санаттарды пайдалана отырып, бүгінгі таңдағы кейбір құбылыстарды талдап көрейік. Қоғам өміріндегі кең етек алған маскүнемдік, нашақорлық, қылмыстық тағы да басқа әлеуметтік ауытқушылықтарды алсақ, кейбір саясаткерлер оның себептерін сыртқы факторлардан іздеп, оны азайту үшін «наркотрафиктерді» (тасымал жол) үзу керек деген ой тастайды. Ал, шындығында, оның терең себептері жұмыссыздық, кедейлік, әділетсіздік т.с.с. әлеуметтік факторларда жатыр. Ол факторларды жоймай, бұл әлеуметтік ауытқушылықтармен күресу оң нәтижеге әкелмейтіні айдай анық. Наркотрафиктерді жойғанмен, сұраныс болғаннан кейін, оның басқа жасанды химиялық түрлері астыртын нарықта дүниеге келуі ғажап емес…

Онда келесі сұрақ пайда болуы мүмкін: Дамыған, әлеуметтік мәселелері шешілген елдерде неге осындай әлеуметтік ауытқушылықтар

кең етек алған? Ал оның терең себебі – адамның өз **болмысына қанағаттанбауы**, шығармашылық қабілетін сыртқа шығарып гүлдете алмауы, материалдық байлыққа бағытталған қоғамның **рухани азғындауы**, соның нәтижесінде **жалғыздық, жаттану** сияқты құбылыстардың кең етек алуы т.с.с. Сонымен, қарап отырсақ, мәселе адам болмысы, оның терең мән-мағынасына келіп тіреледі.

«Адамды оның киіміне қарап қарсы алады да, ақылына қарап шығарып салады», «Адамның терең сырын ашу үшін онымен бірге бір пұт тұз жеу керек» деген т.с.с. тәжірибеден шыққан нақыл сөздер де құбылыс пен мәннің өзара байланысын көрсетпей ме?! Расында да, бір адам екіншімен танысқанда, ең алдымен оның сыртқы құбылысына (киімі, бет-әлпеті, сөйлеген сөзі т.с.с.) назар аударады. Тек жүре келе, онымен терең қарым-қатынасқа түсе, бірге өмір қиындықтарын бастан өткізе келе ғана адамның терең мән-мағынасын ашуға болады.

«Бір көргенде ғашық» болып, бір жетіден кейін үйленіп құрған отбасыларының көбінесе аянышты аяқталуы – бір-бірін жете білмегеннен, өмірді үстірт қарағаннан, құбылысты мәнге теңеуден шыға ма? – деген ойдамыз.

Бүгінгі реформалар барысында қоғам үлкен өзгерістерге түсіп, мыңдаған жаңа құбылыстар дүниеге келді. Бұрынғы қоғамнан қалған өмір құндылықтары басқаларға ауысып жатқан кезде, біршама тартымды құбылыстармен қатар терісағарлар да баршылық. Осындай ахуалда өз терең болмысыңды сақтап қалу, өмірге керек құндылықтарды игеру, сонымен қатар көп келеңсіз жайттармен күресу – әрбір саналы азаматтың міндеті болмақ.

§ 5. Сапа мен сан ұғымдары

Жоғарыда көрсетілгендей, жекелік, дербестік – болмыстағы заттардың өмір сүру тәсілі. Әрбір зат, құбылыс – ерекше, шектелген, басқаға ұқсамайды. Тарихи алғашқы адамдар заттардың осы жақтарына назар аударады. Оның әрбір қажеттілігін өтейтін зат дара, өзгеше болып көрінеді. Міне, осы сәттен бастап, сапа ұғымы дүниеге келе бастайды. Сапа дегеніміз – заттың болмыстағы анықтығы, соның арқасында оны басқадан айыруға мүмкіндік аламыз. Ол адамға қарапайым аңлау, меңзеу арқылы беріледі.

Аристотельдің ойынша сапа дегеніміз – заттың тектік айырмашылығы, сонымен қатар ол өне бойы өзгерісте болады.

Ортағасырдағы діни философияда сапа өзгермейтін, мәңгілік, заттардың ішкі сыры ретінде түсіндірілді.

Жаңа дәуірде ғылымның күрт дамуына байланысты заттың сапасынан гөрі, сандық жағына мейлінше көбірек көңіл бөлінді. Бірақ сапаны

ерекше зерттеп оны екіге – бірінші және екінші сапаға бөлген Дж.Локк болды. Егер заттың кеңістіктегі көлемі, салмағы, түрі, қозғалысын ол біріншіге жатқызса, иіс, дыбыс, түс, дәмді екіншіге теңеді.

Гегельдің түсінігі бойынша, сапа – қарапайым нақтылық. Бірдеңе өз сапасы арқылы сол, ал одан айырылса, өзін де жойып, басқаға айналады. Сапа – іштей қайшылыққа толы, ол өз ішінде теңдік пен айырмашылық, шынайылық пен терістеу, шектеулік пен шексіздік, бірдеңе мен өзгені қамтиды. Осындай талдаудың нәтижесінде Гегель дүниедегі пайда болып, өмір сүріп, жоққа кетіп жатқан заттар мен құбылыстардың шексіз көптүрлілігін мойындап, олардың бір-бірімен теңдігін сападан көреді, өйткені олар қандай әртүрлі болса да, бәрінің де өзіне тән сапасы бар. Нәтижесінде, Гегель сезімдік аңлау арқылы берілетін нақтылы сападан жалпы абстрактілік сапа ұғымына өрлеп, дүниенің шексіз көптүрлілігін, соның ішіндегі әрбір құбылыс басқаға тең, сонымен қатар тең еместігін, біреулердің көптігін мойындайды. Көптің әрбіреуі өзгемен тең, әрбіреу – бір, сонымен қатар көптің бірі. Ал мұның өзі Гегельді сандық санатқа алып келеді.

Сапа жөніндегі қазіргі түсініктерге келер болсақ, ол заттың қасиеттерінің жиынтығы арқылы анықталады. Қасиет деп заттың өзгемен қатынасқа түскен кездегі сапасының кейбір жақтарының көрінісін айтамыз. Екінші затпен байланысқа түскен кезде, оның басқа қасиеттері көрініс табуы мүмкін. Олай болса, заттың сапасын оның кейбір қасиеттерімен теңеуге болмайды, сапа заттың ішкі және сыртқы анықтығын көрсететін біртұтас мәнді қасиеттерінің жиынтығы болмақ.

Заттың сапасымен қатар, сандық жақтары бар. Ол кеңістік пен уақыттың шеңберінде созылған, салмағы, формасы, т.с.с. жақтарымен танылады. Тарихи белгілі бір қажеттіліктерді өтейтін әртүрлі заттар бір-бірімен салыстырылып, олардың теңдік жақтарымен қатар айырмашылықтары анықталған кезде, сан ұғымы пайда болады. Сондықтан заттың сандық жақтарын байқау қарапайым аңлаудан өтіп, ақыл-ойды пайдалануды талап етеді. Шындықтағы сандық өзгерістерді сараптаудың негізінде математика ілімі дүниеге келеді.

Сапамен салыстырсақ, заттың сандық жақтары әртүрлі болуы мүмкін, белгілі бір межеге дейін сандық өзгерістер оның сапасын жоймайды. Сондықтан заттың сандық жақтары оған парықсыз деп айтуымызға болады.

Заттың сандық жақтарына алғашқы көңіл бөлген пифагорлықтар болды. Олар оны заттың терең мән-мағынасы деп есептеді. Ал оның қайнар көзі Құдайда жатыр, олай болса, ол – құпия.

Демокритті алып қарасақ, ол санның негізінде ары қарай бөлінбейтін атомдар жатыр деген ойға келеді. Сан дегеніміз – атомдардан тұратын қайсыбір заттың мөлшері.

Платонның түсінігінше, материалдық зат – идея әлемінің көлеңкесі ғана. Заттың сандық жағын анықтайтын – идея, ал оны зерттейтін – математика (геометрия) ілімі.

Аристотельдің ойынша, сан, сызық, фигураның т.с.с. заттардан тыс өзіндік болмысы жоқ, ол – заттардың қасиеттері. Сол сияқты, дүниеде бос кеңістік те жоқ. Уақытқа келер болсақ, ол – қозғалыстың өлшемі.

Жаңа дәуірдегі философтар да бұл ойды қолдап, математика ілімінің пәні шынайы кеңістік пен уақыт шеңберінде өмір сүріп жатқан заттардың мөлшері деген пікірге келеді.

Канттың ойынша, қайсыбір көлем – қиялдың күшінен шығатын құбылыс, ал сыртқы сезімдегі барлық көлемдердің көрінісі – кеңістік, ішкі сезімдегісі – уақыт.

Гегель алғашқы рет сапа мен санның бірлігі мен айырмашылығын көрсете білді. Егер заттың сапасы өзгерсе, онда ол басқа затқа айналады, ал сандық өзгерістер сол заттың шеңберінде оның табиғатын бұзбай, біршама деңгейге дейін бола беруі мүмкін.

Бүгінгі таңдағы түсініктер бойынша, әртүрлі сападағы заттардың ортақ, жалпы, біркелкі жақтарын салыстырып өлшеу арқылы сандық санат дүниеге келеді. Бүгінгі таңдағы ғылымда сан алуан заттың сандық жақтарын өлшейтін үлгілер жасалған. Математика ғылымы да өте күрделі ең дерексіз ілімге айналды. Айта кететін бір жайт – зерттелетін зат неғұрлым күрделі болса, оның сандық өлшемін анықтау да соншалықты қиынға түседі. Оны әсіресе қоғамдағы үдерістерден көруге болады. Адамның рухани өмірін, ішкі тебіренісін, әсемдікке ұмтылысын ешқандай математика анықтай алмайды. Бірақ, соған қарамастан, қоғамтану саласында да статистикалық әдістемелер арқылы олардың да шамамен өлшемі анықталады.

Келесі мәселе – сапа мен санның өзара байланысы, диалектикалық бір-біріне өтуі. Оны талдау үшін жаңа ұғымдарды енгізуіміз қажет.

§ 6. Өлшем мен секіріс

Қайсыбір зат, я болмаса құбылыстың өзіне тән сапасы, сонымен қатар сандық жақтары болады. Бір қарағанда, олардың бір-бірімен байланысы жоқ, әрбіреуі өзінше өмір сүріп жатқан сияқты. Бірақ ол – үстірт көзқарас. Мұқият терең қарасақ, біз олардың бірлігін байқаймыз. Белгілі бір сапаға соған сәйкес сан келеді, біз оны заттың өлшемі дейміз. Олай болса, өлшем – сандық сапа, я болмаса сапалық сан деп айтуымызға да болады. Екіншіден, өлшем – белгілі бір сапаның шеңберіндегі әртүрлі сандық өзгерістердің бірлігі. Мысалы, судың сандық өлшемі 0-100 градусқа шейін. Бұл сандық шеңберде су өз сапасын жоймайды, бірақ 100 градусқа бір ғана градус қосылса, өлшем бұзылып, су жойылып,

дереу буға айналады. Сол сияқты әрбір металдың да өзінің өлшемі (константасы) бар, егер ол 1 градусқа өссе, ол балқи бастайды.

Егер екі шақырымдық биіктікте атылған оқ секундына 7910 м. жылдамдыққа дейін жетсе, ол барыбір жердің тартылысының шеңберінен шыға алмай, ақырында, құлайды. Бірақ оның жылдамдығы тек 1 м. ғана өссе болды (7911 м.), жер жылдамдығы ғарыштыққа айналып, ол жерге құламайды. Егерде жылдамдықты 11189 м. сек. жеткізсек, басқа планеталарға ұшуға мүмкіншілік аламыз, ал жылдамдық 16662 м.сек. жетсе, басқа жұлдыздарға ұшуға болады.

Менделеевтің ашқан химиялық жүйесін алсақ, онда да осы заңдылықты байқаймыз. Атомның өзегінің заряды өскен сайын, ескі сапа жойылып, жаңа элементтер пайда болады (сутегінің өзегі – 1 протоннан тұрады, 2 – гелийге айналады, 3 – литийге, 4 – бериллийге т.с.с.).

Ақшалы азамат қашан капиталиске айналады? Ақшаның сандық мөлшері оны тікелей өндірісте жұмыс істеуден босатып, басқа адамдарды жұмысшы ретінде жалдауға мүмкіндік пайда болған кезде дер едік.

Сонымен, бір сапаның екіншіге өтуі зат, энергия, я болмаса ақпараттың қосылуы, я кемуімен байланысты екен. Әрбір сапалық өзгеріс сандық өзгерістердің негізінде пайда болады.

Жаңа дүниеге келген сапа өзіндік жаңа мөлшерді талап етеді. Мысалы, судың көлемін будың көлемімен салыстырсақ, ол екі түрлі. Будың шеңберіндегі молекулярлық байланыстар сумен салыстырғанда, мүлде өзгеше.

Заттың өлшемі сандық өзгерістер арқылы бұзылған сәтте секіріс пайда болып, ол дереу екінші затқа айналады. Сонымен, секіріс деп ескі сапаның өлшемінің бұзылуы арқасында жаңа сапаның дүниеге келуін айтамыз. Дүниедегі заттар мен құбылыстар әртүрлі шексіз болғандықтан, олардың өзгеруі тек өзіне тән жолдармен өтеді. Бірақ, қалай айтқанда да, секірістің аты – секіріс, ол көбіне жарылыс, күрт қарқынмен жүреді. Мысалы, микроәлемдегі бір элементарлық бөлшектің екіншіге айналуы секундтың миллиардтаған бір бөлігінде өтсе, мегаәлемдегі сапалы үдерістер миллиондаған жылдарға созылуы мүмкін.

Философиялық әдебиетте басқа пікірлер де кездеседі. Мысалы, секіріс «жарылыс», «бірте-бірте» өтеді деген пікірді келтірсек те болғаны (қараңыз: П.В.Алексеев, А.В.Панин. Философия, М., Проспект, 1997, 481 б.). Мұндай көзқарас секірістің мән-мағынасын жоққа шығарып, «бұлдырлатып» жібереді. Күрделі нысандардың сапасының сандық өзгерістер арқылы жетілу сатыларын секіріске теңейді. Ал ол секіріс емес, өйткені мұндай жағдайда өзгерістер сол сапаның шеңберінде өтеді. Сандық мөлшер арнасынан шығып, сапа бұзылған

кезде жағдай күрт өзгеріп, секіріс басталады, ол заттың тез арада түбегейлі өзгеруіне, басқа затқа айналуына әкеледі.

Біздің елімізде жүріп жатқан **түбегейлі өзгерістер**, осы тұрғыдан алып қарағанда, **нағыз секіріс** болып саналуы қажет. Өйткені күрделі өзгерістер тек қоғамның кейбір салаларын ғана қамтып жатқан жоқ, ол қоғамның барлық құрылымдарында жүріп жатыр. Экономика саласына келер болсақ, тоталитарлық жоспарлы жүйе нарықтық жеке меншікке негізделген шаруашылыққа ауысты; халықты әлеуметтік жағынан тұрпайы теңеу саясаты жаңа топталу саясатына ауысты, әлеуметтік құрылым күрделене бастады; қоғамның саяси саласында бірпартиялық жойылып, әртүрлі таптар мен топтардың мүдделерін қорғайтын көппартиялық жүйе дүниеге келді; барын өз астына көмкерген тоталитарлық мемлекет – Левиафан жойылып, жаңа «азаматтық қоғаммен», «адамдардың құқықтарымен» санасып жұмыс істейтін мемлекет қалыптасуда; қаншалықты қиындықтың астарында жүріп жатса да, рухани-адамгершілік салада да үлкен өзгерістер байқалады.

Қоғамтану салаларындағы деректерге жүгінсек, өтпелі дәуір шамамен 15-20 жылға созылады екен. Бірақ дүние жүзіндегі бірде-бір ел, ТМД елдері сияқты, бүкіл елдің байлығын мемлекеттің қолына өткізген жоқ-ты. Сондықтан біздің «секірісіміз» ерекше, аса қиын жағдайда өтуде. Дегенмен аталған жылдардың шеңберінде нарықтық экономикаға негізделген демократиялық құқықтық мемлекеттің мықты іргетастары қаланады деген үміттеміз. Әңгіме – осындай тағдырлы өзгерістерде өз руханиятымызды сақтап, ары қарай дамыта алсақ болғаны.

Енді аталған ойды нақтылай түссек, 1985-1991 жж. өткен тарихты сараптау, ойлану-толғану, біз неге дүниежүзілік қауымнан қалып қойдық, оған кім кінәлі, не істеу керек деген ойлармен болдық. іс жүзінде, бұл уақытта әлі нақтылы реформалар басталған жоқты. Тек Кеңес қоғамы құрдымға кетіп, жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болған кезден бастап, нақтылы реформалар басталды (1991 ж.). Сонда, теориялық болжамдарға жүгінсек, күрделі реформалар 2005-2010 жж. аяқталуы қажет. Мүмкін, Түрікменстан, Беларусс, Тәжікстан сияқты елдерде ол бұдан да ұзаққа созылуы, ал аса тез қарқынмен келе жатқан қазақ елі оны ертерек бітіруі ғажап емес, өйткені реформалардың кейбір салалары Ресейден тез өтуде (жекешелендіру, муниципалдық, зейнетақы жүйесі, аграрлық реформалар т.с.с.). Тағы да айту керек, тек өз болмысымызды осы үдерістерде жоғалтпауымыз қажет.

Қорыта келе, біз «сапа», «сан», «өлшем», «секіріс» санаттарының бір-бірімен тығыз байланысты болып, белгілі бір жүйені құрайтынын байқадық. Оны әдебиетте «Сапа мен санның өзара бір-біріне өту заңы» деп атайды. Ал оның мәнін біз жоғарыда көрсетуге тырыстық. Ғылымдағы негізгі мақсаттың бірі – зерттеліп жатқан нысанның

өлшемін анықтау. Адамдардың өмірі мен жүріс-тұрысында әрқашанда өлшемнен тыс шығып кетпеуге әдеттену қажет. Сонау көне заманда Солонның айтқан «өте еш нәрсе» деген нақыл сөзін ұмытпағанымыз жөн.

§ 7. Қозғалыс

Санның – сапаға, соңғының санға өтуі қозғалыс арқылы жүреді, ал оның өзі кеңістік пен уақытты талап етеді. Олай болса, қозғалыс бүкіл болмыстағы дүниенің өмір сүру тәсілі болып шығады да, кеңістік пен уақыт қозғалыстағы дүниенің формасы ретінде қаралуға тиіс.

Жалпы түрде қозғалысқа қысқаша анықтама беруге болады, ол – дүниедегі қайсыбір өзгеріс, байланыс, іс-әрекет. Әрине, мұндай анықтаманың мазмұн жағынан тұрпайы екенін де жасыруға болмайды. Бүкіл философия тарихындағы ізденістер оның аса қиындығын көрсетеді.

Қарапайым тәжірибенің нәтижесінде сонау көне заманда-ақ ойшылдар дүниенің ағым екенін, бір нәрсе дүниеге келіп, екіншісі кетіп жатқанын байқаған. Тіпті ұлы Гераклит қозғалыстың астарында қарама-қарсылықтың күресі жатыр деп меңзеген. Сонымен қатар Парменид пен Зенон оған қарсы шығып, қозғалыстың ішкі сырын ашудың мүмкін еместігін дәлелдеуге тырысқан. Мысал ретінде Зенонның «Садақтан атылған оқ қозғалмайды» деген апориясын (арогіа – грек сөзі қиындық, шешімі жоқ деген мағына береді) келтіруге болады. Зенонның ойынша, атылған оқ әрбір сәтте кеңістіктің бір бөлігінде тұрақтайды, келесі сәтте – келесі орында, оны ары қарай шексіз жалғастыра беруге болады. Ал тұрақтауға тұрақтауды қосқанда қозғалыс шықпайды, яғни ол – жоқ.

Мұндай көзқарасты уақытында Аристотель сынға алған болатын. «Қателік – уақытты бөлек-бөлек «сәттен» тұрады деп есептеуде», – дейді ұлы ойшыл. Әрине, мұндай пікірмен келісуге болады. Осы ойшыл қозғалысты талдауға аса үлкен үлес қосқан болатын. Болмысты талдаудағы ең қиыны – дүниенің өтпелілігі, бір нәрсенің туып, екіншінің өтуі. Оны Аристотель екі жаңа санат кіргізіп, талдайды. Олар – шындық пен мүмкіндік. Қозғалыс – заттың ішіндегі мүмкіндіктің шындықта іске асуы, ал оның қайнар көзі форманың белсенді әрекетінде жатыр. Мысалы, қайсыбір дүниеге келген тіршіліктің ішінде оның болашақ өлімінің ұрығы жатыр, ол оны өмірдің шеңберінен тыс шығармай қоймайды. Кірпіштің үйге айналу мүмкіндігі бар, сонымен қатар ол саз, я болмаса құмның шындығы т.с.с. Ұлы ойшыл қозғалыстың біршама түрлерін ерекше алып зерттейді. Олар: үлкею, кішірею, пайда болу, жоғалу, сапалық өзгеру, кеңістіктегі орын алмастыру.

Ортағасырдағы ойшылдар қозғалыстың қайнар көзін Құдайдың іс-әрекетінен іздейді (Өзі қозғалмайтын, бірақ басқаның барлығын қозғалысқа түсірген – Құдай).

Жаңа дәуірдегі ойшылдардың ішінде Ф.Бэкон қозғалысты материяның ішкі табиғатынан шығатын белсенділік ретінде түсінеді.

Гегельдің түсінігінше, қозғалыс «өміршеңдік», «әрекеттік», «ешқашанда бітпейтін үдеріс», ол ішкі қажеттіктен туып, «өзіндік қозғалыс» ретінде қаралуы керек.

Маркстік философияда қозғалыс санаты егжей-тегжейлі талданады. Қозғалысты материяның ішкі қайшылығынан шығатын өмір сүру тәсілі ретінде түсініп, Ф.Энгельс өзінің «Табиғат диалектикасы» деген көлемді еңбегінде оның бес түрін ашады. Олар: механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық және әлеуметтік қозғалыс формалары.

Әрине, қазіргі ғылым бұл түсініктерді ары қарай дамытып, байытты. Қозғалыстың ең қарапайым түрі ретінде механикалық, яғни кеңістікте орын ауыстыру үдерістері жатады.

Бүгінгі ядролық физикада ерекше қозғалыс формасына элементарлық бөлшектердің бір-біріне өтуін, электр-магниттік, тартылыс, нейтрондық өрістер, атом өзегінің ішіндегі күшті және әлсіз тартылыстарды т.с.с. жатқызады.

Атомдар мен молекулалардың қозғалысы мен өзара бір-біріне өтуі химиялық қозғалыс формасын құрайды.

Заттар мен құбылыстар құрылымының өзгеруі, қысым, жылу, дыбыс пен жарықтың тарауын т.с.с. физикалық қозғалыс формасына жатқызуға болады.

Мегагалактикадағы ғарыштық үдерістерді, жұлдыздардың пайда болуын, сөнуін астрофизика зерттейді.

Жер бетінде тарихи пайда болған тіршілік әлемі – ерекше ғажап биологиялық қозғалыс формасына жатады. Оған тірі организмдегі үдерістер, айнала қоршаған ортамен зат пен энергияның алмасуға түсуі, өзгеру мен тұқым қуу, ассимиляция мен диссимиляция, өз-өзін ретке келтіру т.с.с. жатады.

Ғалымдар жер бетіндегі тіршілік пайда болғаннан бергі (3,5 млрд.ж.) өзгерістерді ерекше геологиялық қозғалыс формасына жатқызу керек деген пікір айтады. Өйткені осы уақыттың шеңберінде жер бетінде био-физика-химия-механикалық байланыстардың нәтижесінде әртүрлі бірінің үстінде бірі орналасқан страталар (қабықтар) пайда болды. Бұл пікірмен келісуге болады.

Бүгінгі таңдағы белгілі ең соңғы қозғалыс формасы – ол әлеуметтік. Оның ерекшелігі – адамдардың саналы өмірінде, олар өз алдына неше түрлі мақсат қойып, бір-бірімен бірігіп, айнала қоршаған ортаны өз ойына сай етіп өзгертуінде.

Тарихи қозғалыстың жоғары формалары төмендегілердің негізінде пайда болады. Химиялық жер бетіндегі үдерістер физикалық қозғалыстың негізінде пайда болды. Ол дами келе тіршіліктің пайда болуын тудырды. Әлеуметтік қозғалыс формасының дүниеге келуі жер бетіндегі басқа тіршіліксіз мүмкін емес еді.

Сонымен қатар жоғары қозғалыс формасын төменгі арқылы түсіну мүмкін емес: ол өз заңдылықтарының негізінде өмір сүреді. Бірақ төменгі формалар оның ішінде бағынышты түрде сақталып қала береді. Оны көрсететін ең айқын мысалдардың бірі – адам өмірі. Көркемдеп айтсақ, адам – қоғамның атомы. Ол саналы түрде өмір сүреді, оның жан дүниесі, руханияты бар. Ол өзінің алдына неше түрлі мақсаттар қойып, оларға жетуге тырысады, ішкі табиғи дарындарын сыртқа шығарып, талантқа айналдырады.

Сонымен қатар ол – биологиялық пенде, оның басқа тіршіліктер сияқты, дене қажеттіліктері бар. Оның бауырында өте күрделі химиялық үдерістер өне бойы жүріп жатады, адам басқа заттар мен құбылыстар сияқты кеңістікте орын ауыстырады, оның денесінен неше түрлі физикалық өрістер өтуде т.с.с. Бірақ бұл үдерістердің бәрі де әлеуметтік қозғалыс формасына тәуелді болып өмір сүреді. Егерде біз адамды оның биологиялық табиғатына теңесек, онда нәсілшілдік, әлеуметтік дарвинизм, ломброзиандық т.с.с. сияқты кертартпа көзқарастарға тап болар едік.

§ 8. Кеңістік пен уақыт

Қозғалыстағы заттар мен неше түрлі үдерістер кеңістік пен уақыттың шеңберінде өтіп жатады. Ең жалпы түрде алғанда, кеңістік деп заттар мен құбылыстардың бірінің жанында бірінің орналасуын айтамыз, ал уақытқа келер болсақ, ол – дүниедегі болып жатқан уақиғалардың бірінің соңынан екіншісінің келуі.

Кеңістік пен уақыттың табиғаты жөнінде сонау көне заманнан бастап осы уақытқа шейін, негізінен, екі көзқарас қалыптасты. Олар: субстанциализм – кеңістік пен уақытты дүниенің алғашқы негіздерінің бірі ретінде қарайды және релятивизм (салыстырмалы) – кеңістік пен уақыт қозғалып жатқан неше түрлі материалдық объектілердің формалары, соған бағынышты.

Бірінші көзқарастың негізін жасаған көне грек философы Демокрит болды. Ол өзінің атомистік ілімінде дүниенің алғашқы негізін құрайтын екі бастаманы мойындайды: оның бірі көзге көрінбейтін, ары қарай бөлінбейтін ұсақ бөлшектер – атомдар және ғарыштағы бос кеңістік. Атомдар сол кеңістікте құлдырап келе жатып бірбірімен соқтығысып, табиғаттың заттарын тудырады. Яғни кеңістік –

субстанциялық алғашқы негіздердің бірі. Егер дүниедегі атомдар бір сәтте жоғалып кетсе, дүние құрымайды – кеңістік алғашқы негіздердің бірі болып қала береді.

Сол заманның ірі ойшылы Эмпедокл бұл пікірге қарсы шығып: «Судағы балыққа қараңызшы – онда бос кеңістік жоқ, бірақ балық қозғалады», – деген пікір айтқан болатын. Яғни ол бос кеңістік идеясына қарсы шықты.

Аристотельдің ойынша да, бос қуыс жоқ, кеңістік – дүниедегі заттардың алатын орны, ал уақыт – қозғалыстың саны, мөлшері.

Ортағасырдағы ойшылдар кеңістік пен уақытты Құдайдың жасампаздық іс-әрекетіне теңеді. Дүние өтпелі болып кеңістік пен уақытта берілген, тек Құдай ғана – мәңгілік, олардан тыс жатыр.

Жаңа дәуірде Декарт «бос қуыстық» идеясына қарсы шығып, кеңістіктің заттармен толы екені жөніндегі идеясын ұсынды. Олай болса, кеңістік пен созылу – бір. Ол ұзақтық пен уақытты айыру керектігін де айтады. Ұзақтық заттарға тән нәрсе болса, уақыт – сол ұзақтықтың ой өрісіндегі көрінісі. Осыған жақын көзқараста Лейбниц те болды.

Кеңістік пен уақыт жөніндегі ерекше ой айтқан Кант болды. Оның ойынша, олар адамға априорлық (тәжірибеден бұрын, тыс) түрде берілген: кеңістік сыртқы сезімнің, ал уақыт – ішкі сезімнің априорлық формалары. Тек солар арқылы ғана адам өз дүние-танымын белгілі бір тәртіпке келтіре алады.

Жалпы алғанда, философия және ғылым тарихында XX ғ. дейін кеңістік пен уақыт жөнінде субстанциялық көзқарас басым болды. Оған өз үлкен үлесін қосқан ағылшын ғалымы И.Ньютон болғанды. Ол ғылымға абсолюттік кеңістік (шексіз қуыс) және уақыт (таза, біркелкі ұзақтық) санаттардын енгізіп, олар материяға да, бір-біріне де тәуелсіз өмір сүреді деген пікірге келеді. Сонымен қатар адамның санасында салыстырмалы кеңістік пен уақыт жөніндегі түсініктер бар, олар тәжірибеге байланысты өзгерісте болуы мүмкін.

Ньютон тартуылыс заңдарын ашу негізінде алыстан әрекет ету теориясын жасайды. Дүниежүзілік тартылыс күші ғарышта сол сәтте тікелей шексіз тарап, нысандарға өз әсерін тигізеді. Сондықтан уақыт ғарышта барлық жерде біркелкі. Мысалы, жер бетіндегі бір университетте лекция оқылып жатса, басқа жұлдыздар аясындағы планеталарда сол сәтте басқа зерделі пенделерге де дарыс жүріп жатуы мүмкін. Бұл классикалық механикада жасалған тұжырымдар болатын.

Алайда XIX ғ. бастап жоғарыда айтылған көзқарастарға күмәндану басталады. Электромагниттік үдерістерді зерттей бастаған М.Фарадей мен Дж.Максвелл тартылыс күші қашықтықпен қатар, жылдамдыққа байланысты және тікелей тарамайды деген пікірге келеді. Ал күштің

тарауы сол сәтте емес, белгілі бір шектелген жылдамдықпен жүреді. Соңында, олар сәуле, магнетизм, электр қуатын біріктіріп, электромагниттік өрістің әртүрлі көріністері ретінде қарай бастады.

Сонымен, ғарыштағы күштердің жылдамдығының шектелгені Ньютонның алыстан әрекет ету теориясына үлкен соққы беріп, А.Эйнштейннің ғылыми жаңалықтарын ашуға белгілі алғышарттар жасады. 1905 ж. ол өзінің кеңістік пен уақыт жөніндегі арнаулы салыстырмалы теориясын жасап шығарады. Бұл теорияның негізінде ғарыштағы ең асқан жылдамдық – сәуле жылдамдығы 300 мың км. сек. деген қағида жатыр. Онымен салыстырғанда, басқа жылдамдықтарды 0-ге теңеуге болады. Мысалы, жердегі дыбыс жылдамдығы 340 м.сек. – сәулемен салыстырғанда тұрақты деуімізге болады. Егерде қайсыбір ғарыштағы үдерістің жылдамдығы сәулеге жақындаса, онда оның көлемі қысқарып, уақыт баяулап, салмағы күрт өседі. Дүниедегі жылдамдық шектелгеннен кейін, ғарышта бір уақытта болып жатқан үдерістер жоқ. Ғарыштағы әрбір жүйенің өз уақыт есебі бар. Мысалы, жерде жас әйелі мен бір жасар баласын қалдырып, 25 жасар ғарышкер сәулеге жақын жылдамдықпен ғарышқа ұшып, бір жылдан кейін қайтып келсе, оны 51-дегі баласы қарсы алады екен! Әкесі 26-да, баласы 51-де! Өйткені ғарыш кемесінің ішіндегі уақыт баяулайды да, жердегі уақыт есебі бұрынғыдай бірқалыпты жүре береді. Әрине, бұл теориялық қиял, оның іске асуы мүмкін емес. Ол іске асқан жағдайда ғарыш кемесінің көлемі жоғалып бара жатқан нүктеге айналар еді! Екіншіден, ондай жылдамдыққа жету үшін, бүкіл дүниенің күш-қуатын жұмсау керек болар еді, ал ол – мүмкін емес.

А.Эйнштейн 1916 ж. өзінің жалпы салыстырмалы теориясын жасайды. Оның түйіні ғарыштағы орасан зор нысандардың тартылыс күші арқылы айнала қоршаған кеңістікті қисайтуы болып табылады. Сөйтіп, кеңістік пен уақыттың қасиеттері ғарыштағы нысандардың салмағының бөлінуіне байланысты өзгеріп отырады екен. Бұл тұрғыдан алғанда, 2000 жылдан артық ғылымда еш дау туғызбаған Евклид геометриясының негізгі қағидалары жер бетіндегі адамдардың іс жүзіндегі қызметіне бейімделген тұрпайылынған кеңістік теориясы болып шықты!

Неміс ғалымы Б.Риман сфералық кеңістіктің (үлкен шардың үстіндегі кеңістік) қасиеттерін зерттеп, оның үстінде сызылған тура сызықтан тыс орналасқан нүктенің үстінен бірде-бір тура сызыққа параллель сызықты жүргізуге болмайды: бары де онымен тоғысады деген пікірге келеді. Сфералық кеңістіктің үстіндегі үшбұрыштың қосындысы 180 градустан асып түседі! Жалған сфераның геометриясын зерттеген орыс ғалымы Н.И.Лобачевский мен венгр Я.Больяй керісінше нәтижеге келді: үшбұрыштың қосындысы 180 градустан аз болып

шықты. Сонымен қатар оның үстінде бір тура сызыққа қосылмайтын көп сызықтар болуы мүмкін.

Олай болса, кеңістік пен уақыт жөніндегі мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген субстанциялық көзқарастың қазіргі ғылыми зерттеулерге қайшы келгенін байқаймыз. А.Эйнштейннің өзі айтқанындай: «Мәселенің түйіні мынада: егерде таңғажайып болып дүниеден барлық материалдық заттар жоғалып кетсе, кеңістік пен уақыт қала берер еді деп бұрын есептеген болатын. Ал салыстырмалы теорияға сәйкес, заттармен бірге кеңістік пен уақыт та құрдымға кетер еді. Яғни кеңістік пен уақыттың қозғалыстағы материядан тыс өзіндік болмысы жоқ, олар тек оның формалары ғана».

Қорыта келе, кеңістік пен уақытты дүние болмысының ең жалпы қажетті формалары ретінде қарап, сонымен қатар оны философия, физика т.б. ғылымдардың іргелі санаттарына жатқызуымыз керек. Дүниеде еш жерде кеңістік пен уақыттан тыс өмір сүріп жатқан бірде-бір зат, құбылыс жоқ.

Ең алдымен ескертетін нәрсе – олар шынайы және әділетті, яғни адамдардың санасына тәуелсіз өмір сүріп, сонымен қатар танылады. Діни философияда кеңістік пен уақыттан тыс өмір сүретін Құдай идеясы мойындалады, бірақ ол – ешқашанда дәлелденбейтін ашық сұрақ. Ал Канттың субъективтік-идеалистік көзқарасына келер болсақ (кеңістік пен уақыт – априорлық сезімдік формалар ғана), ол да қазіргі ғылыми сынды көтермейді.

Келесі ескеретін мәселе – кеңістіктің үш, ал уақыттың бір өлшемдігі. Кеңістіктегі әрбір заттың орнын анықтау үшін біз бір-біріне тәуелсіз үш координатты (X, Y, Z, яғни ұзындық, биіктік, ен) пайдаланамыз. Математика саласында көпөлшемді кеңістік ұғымы пайдаланылғанмен, оның шынайы кеңістікке қатысы жоқ, өйткені оның координаттары заттың температурасын, жылдамдығын, салмағын т.с.с. анықтайды.

Уақытқа келер болсақ, оның өлшемі бір ғана: ол өткеннен қазіргіге өтіп, болашаққа бағытталған. Теориялық тұрғыдан алғанда, егер жылдамдық Күн сәулесінен де жоғары болса, онда уақыт кері ағуы мүмкін. Бірақ ол шынайы түрде мүмкін емес. Уақыттың кері қайтпаушылығы – оның бір өлшемдігінен шығады. Кеңістікте қайта оралушылық бола береді. Мысалы, біз күнде үйден шығып, кешке қайта ораламыз.

Кеңістіктің біркелкілік (барлық нүктелердің теңдігі) және изотроптық (барлық жаққа бірдей тарауы), ал уақыттың тек біркелкілік (барлық нүктелер бір-біріне тең болғандықтан, уақытты қай сәттен болсын бастай беруге болады) қасиеттері бар.

Соңғы жылдары ғылымда биологиялық, психологиялық және әлеуметтік кеңістік пен уақыт санаттары пайда болып, қазіргі өмірде кеңінен пайдаланылып зерттелуде.

Биологиялық кеңістік пен уақыт әртүрлі тіршілік формаларының кеңістік пен уақыттың шеңберіндегі өмір сүру ерекшеліктерін, өсімдік пен жануарлар әлеміндегі түрлердің ауысуын т.с.с. сипаттайды.

Мысалы, иттің өмірінің ұзақтығы 20 жылға жуық болса, қарғаның өмірі 300 жылға дейін созылады. Дүниедегі ең ұзақ өмір сүріп жатқан жануар – қолтырауындар өзгерместен, сонау динозаврлар өмір сүрген уақыттан бері келе жатыр.

Ал биологиялық кеңістікке келер болсақ, оңтүстік аймаққа бейімделген тіршілік формалары солтүстікте өмір сүре алмайды, әр тіршілік формаларының өзінің кеңістіктегі өмір сүру аймағы бар.

Адамның биологиялық өмір сүру ұзақтығына әлеуметтік факторлар өзінің зор әсерін тигізеді. Мысалы, алғашқы қауымдық қоғамдағы адам өмірінің орташа ұзақтығы 25 жылдай болса, қазіргі дамыған елдердегі көрсеткіш 75-80 жылға дейін жетеді. Ал өмір сүру кеңістігіне келер болсақ, адам өзінің саналы іс-әрекетінің арқасында жер бетіндегі барлық аймақтарды игерген. Бүгінгі таңда адамның аяғы баспаған жер қалмаған болар.

Қазіргі ғылыми деректер бойынша, әр организмнің өзіне тән уақыт өлшемі мен ырғағы бар. Мысалы, жылы күз шағында солтүстіктен алғашқы суық жел келген кезден бастап, қоян қоңыр жүнін түсіріп, ағара бастайды. Егер қар уақытында жаумаса, қара жерде ақ қоянды көруге болады. Ортағасырдағы діни философияда «құдайды дәлелдеудің» бұл негізгі аргументі болатын, әр тіршілік формасы «мақсатқа лайықтылықтың» негізінде өмір сүреді, ал оны тіршілікке енгізген – жоғарғы саналы күш. XX ғ. ортасына шейін бұл «дәлелдеуді» ғылыми жолмен ешкім терістей алмады. Тек совет ғалымдары П.Анохин мен Н.Бернштейннің арқасында ғана оның құпиясы ашылған болатын. Оның мән-мағынасы мына факторларда жатыр.

Әрбір организм өзінің айнала қоршаған ортаға бейімделуі барысында шындықты алдын ала бейнелеу дәрежесіне көтеріледі. Оған себеп болған ғарыштағы уақыт ритмі: күн мен түн, жаз бенен қыс, Айдың тартылыс күші арқылы теңіз суының көтерілуі мен қайтуы, Күннің әрбір 11 жыл сайын энергиясының өсуі т.с.с. миллиардтаған жылдар бойы тіршілік ритмін анықтап, оның генетикалық бағдарламасында жазылып, соған сәйкес өмір кезеңдерін тудырды.

Биологиялық уақыт та организмнің өмір сүруінің әр сатысында соған сәйкес өзгеріп отырады. Адамның жас кезінде организмдегі «сағат» айнала қоршаған уақыттан гөрі тезірек өтеді де, психологиялық тұрғыдан келгенде, адам өмірі баяу өтіп жатқан тарызді болады. Карылік келіп, организм қартайған кезде оның «сағаты» қоршаған ортадағы уақыт ритмінен қалыңқырап, психологиялық тұрғыдан алғанда, өмірдің зымырап тез өтіп бара жатқанындай әсер тигізеді.

Сөйтіп, биологиялық кеңістік пен уақыт та бірқалыпты емес, өмірдің ерекшелігіне сай өзгеріп отыратынын анықтадық.

Психологиялық кеңістік пен уақытқа келер болсақ, оның да өз ерекшеліктері бар екенін байқаймыз. Ол, негізінен алғанда, – тек адамға тән нәрселер. Ол дүниені адами қабылдау мүмкіндіктерімен бірге оның іс-әрекетімен тығыз байланысты. Егер сіз өте қызықты шығармашылық іспен айналысып жатсаңыз, онда уақыттың қалай өткенін байқамай қаласыз. Жалғыздық адам уақытын қорғасын басқандай басып, баяулатады. Ағылшындар айтқандай, ісі жоқтық, адамның миын шайтанның шеберханасына айналдырып, ақырында адам ішімдікке, нашақорлыққа салынып, я болмаса қылмыстық жолға түсіп, өзін-өзі жоғалтып, бір-ақ рет берілетін өмірінің быт-шытын шығарады. Өкінішке қарай, бүгінгі таңдағы кең етек алған жұмыссыздық қоғамдағы бүкіл әлеуметтік ауытқудың негізгі себебі болып отыр.

Дүниеде тек қана психологиялық салада уақыттың қайта оралу әсері бар. Оны алғаш рет көркем түрде көрсетіп, таңғалдырған француз жазушысы Марсель Пруст болған-ды. Егер сіз жас кезіңізде болған жерге қайта оралып, алғашқы махаббатыңыз оянған жердегі қайыңның жанында тұрсаңыз, өзіңіздің көңіл күйіңізге байланысты сол балауса кезіңізге қайта оралғандай боласыз. Сол кездегі сезімдер мен дүниесезім сізге қайта оралғандай болады. Ол әсіресе адамның түсінде, кейбір бейсаналық, транспсихикалық ахуалдарда кездеседі. Әрине, психологиялық тұрғыдан уақыттың қайта оралғандай әсері өмір шеңберіндегі жан-дүниеде өте терең із қалдырған оқиғалармен байланысты екені – түсінікті жайт.

Соңғы әлеуметтік кеңістік пен уақытқа келер болсақ, ол да өне бойы өзгерісте. Біржолата және біркелкі берілген әлеуметтік кеңістік пен уақыт жоқ. Мысалы, алғашқы қауымдағы әлеуметтік кеңістік адамның жаяу біркүндік жолының шеңберіне тең болды, яғни 20-30 шақырым. Жылқыны үйреткен кезден бастап, әлеуметтік кеңістік анағұрлым кеңейді. Машина техникасы пайда болған кезде, ол мыңдаған шықырымға өсті. Ал қазір сіз Лондонның «Хитроу» аэропортында 2,5 дыбыс жылдамдығымен ұшатын «Конкорд» ұшағына мінсеңіз, 4 сағаттан кейін Американың «Дж.Кеннеди» аэропортына қонасыз! Радио, теледидар, интернеттің дамуы – бүкіладамзаттық әлеуметтік кеңістікті құрады. Күнбе-күн дүниеде не болып жатқанын үйде отырып-ақ біле бересіз.

Әлеуметтік уақыттың да өне бойы өзгерісте екенін байқауға болады. Мысалы, Орта ғасырларда өмір сүрген бабаларымыздың уақыты тым баяу өтті. Өйткен себебі, қоғам өміріндегі өзгерістер тым төмен қарқынмен жүрген болатын. Сонау 4-5-ші аталардың жасаған ісін шөберелері мен немерелері істеді: мал бақты, қымыз ішті, сайысқа

түсті, қызды құшты т.с.с. Барлық қарым-қатынастар ата-бабалардан қалған әдет-ғұрыптардың негізінде жүре берді, өзгерістер өте аз болды.

Жаңа дәуір дүниеге келген кезде, жағдай мүлде өзгерді. Жүздеген қалалар бой көтеріп, мыңдаған жаңа кәсіптер пайда болды, ғылым мен техника орасан зор жетістіктерге жетті, солардың барын игеріп, өз бойында қамтуға адамның уақыты жете алмай қалды, сондықтан ол тез қарқынды өте бастады. Бүгінгі таңдағы реформалар өмір қарқынын өте тез өсіруде. Көп қиын-дықтардың себептерінің бірі осыған байланысты, көп адамдар әсіресе жасы келіп қалғандар, оны игеруде өте үлкен қиындықтардан өтуде.

Соңында ескеретін нәрсе – бұл тақырыптың өміршеңдігі, этикалық мән-мағынасы, маңыздылығы. Өйткені адам өмірін дүниедегі қайсыбір затпен салыстырсақ, оның өлшемін ешқашанда таба алмаймыз. Оны жалғыз ғана уақытпен салыстыруға болады. Адам өмірі – «Ұлы мәртебелі Табиғаттың», я болмаса Құдайдың бізге берген сыйы, өмір уақыты. Уақытында Ибн-Сина айтып кеткендей, біздің бұл дүниеге келуіміз де, келмеуіміз де мүмкін еді. Алайда біз келдік. Біле білген кісіге, жалғыз соның өзі ғана – үлкен бақыт, ғажап оқиға. Олай болса, өмірдің әр сәтін бағалап, оны өте ұқыпты пайдалануымыз керек. Тек сонда ғана өмірде үлкен жетістіктерге жетуге болады. Жас уақытын зая өткізген адам жасы келгенде қынжылады, өйткені өмірде болған қанша мүмкіндіктер іске аспай қалды, ал өткенді қайта оралтуға болмайды: ол мәңгілікке кете барды. Олай болса, жас дос, осы бастан әрбір сәтті өз дарыныңды дамытуға пайдаланып, алдыңа үлкен мақсат-мұрат қой, ол сенің зор күш-қуатыңды оятып, жетістіктерге итермелейді. Осы ізденіс, өмірді терең сезіну жолында саған көп табыс тілейміз.

§ 9. Қозғалыс тетігі

Сонымен, жоғарыда кеңістік пен уақыттың шеңберінде қозғалыста өтіп жатқан болмысты әңгіме қылдық. Одан туындайтын келесі мәселе – қозғалыстың қайнар көзі, тетігі неде жатыр деген сұрақ. Оған осы тарауда жауап беруге тырысамыз.

Әңгіме дүниенің ағым, қозғалыс екенін мойындауда емес, оны есі дұрыс адамдардың бәрі біледі. Философияға дейін-ақ адамдар бір нәрсенің дүниеге келіп, екіншінің кетіп жатқанын, ақтың – қараға, дымқылдың – құрғаққа т.с.с. қарама-қарсылықтың бір-біріне өтетінін байқаған. Сонымен бірге оның терең себебі неде деген сұрақ мыңдаған жылдар бойы адамдарды толғантып, ізденіске итергені де – еш күмән туғызбайтын шындық.

Көне грек философиясында бұл сұраққа терең жауап іздеген Гераклит болды. Оның ойынша, дүние – қайшылық, әр заттың қарама-қарсы жақтары бар, олардың бір-бірімен күресі – Логос заңдылығы.

Мұндай пікірге Аристотель қарсы шығып, бір нәрсенің өмір сүруімен қатар, сол сәтте өмір сүрмеуін мойындау – қисынға қайшы келетін нәрсе, олай болса ешқандай дүниетаным мүмкін болмас еді деген пікірге келеді.

Ортағасырлық философия қозғалыстың қайнар көзін сыртқы себептен – Құдайдың бізге танылмайтын күш-қуатынан шығарады.

Бұл мәселені шешуге өз үлесін қосқан Қайта өрлеу заманының ұлы философы Н.Кузанский болған-ды. Ол қарама-қарсылықтың бір-біріне өтуін математика жолымен дәлелдемек болды. Мысалы, екі жағы тең үшбұрыштың түйісін шексіз соза берсек, олар бір-біріне жақындай келе, түбі бір сызыққа айналады. Бұл арада неміс ойшылы Я.Беменің: «Қайшылық – материяның зардабы, ол оған дамыл бермей, оны қозғалысқа итереді, ең ақыры, Құдайдың өзі – негізі жоқ тұңғиық», – деген ойларын келтірсек те болғаны.

Жаңа дәуірдегі философияда Аристотельдің ғылымның дамуында қайшылықты жібермеу керек деген ойы көп уақытқа дейін басым болды. Бұл кездегі ғылым Табиғатты зерттеп, ондағы заттар мен құбылыстарды бір-бірінен айырып, анықтауға тең келетін, сондықтан дүниенің қайшылықтығына аса назар аударылмады.

И.Кант өзінің таным теориясында алғаш рет зерденің қайшылығын ашады (антиномиялар). Оның ойынша, сезімдік таным, тәжірибе бізге «заттың өзіндік сырын» ешқашанда аша алмайды. Екінші жағынан, зерденің өзі де сезімдік тәжірибенің сыртына шыға алмайды, ал шыққысы келсе, сол сәтте антиномияларға тап болады. Оның жасаған 4 антиномияның біреуін мысал ретінде келтіруімізге болады. Бірінші тұжырым: Бұл дүниенің алғашқы бастауы бар және ол кеңістікте шектелген; екінші тұжырым: дүние уақыт пен кеңістікте шектелмеген, ол – шексіз. Осы екі тұжырымды талдай келе, И.Кант екеуіне де жеткілікті дәлелдемелер келтіреді. Сөйтіп, зерде шешілмейтін қайшылықтарға келіп тіреледі. Ал оның негізгі себебін Кант «заттың өзіндік сырының» танылмайтындығынан көріп, шынына келгенде, дүниеде де, танымда да қайшылықтар болмауға тиіс деген ойға келеді.

Гегель қайшылықты талдай келе, ол – қайсыбір өміршеңдік пен дамудың қайнар көзі деген пікірге келеді. Ақыл-ойдың жетілуі мен дамуы қайшылықтарды шешу арқылы жүреді. Қайшылық жоқ жерде – ой да жоқ.

Маркстік философия Гегельдің бұл ойын ары қарай дамытып, дүниенің қайшылықты түрде жаралғанын, оның адамның санасында тәуелсіз өмір сүретінін дәлелдейді. Біздің санамызда сол дүниенің қайшылығы бейнеленеді.

Енді бүгінгі таңдағы түсініктерге келер болсақ, әрбір зат, құбылыс белгілі бір бірлік, тұтастықты құрайды. Осының арқасында біз бір

затты екіншіден айыра аламыз. Сонымен қатар оның бір-бірімен ішкі байланысы мен іс-әрекеттегі құрамдас бөліктері бар. Әрине, тұтас зат әрқашанда өзінің құрамдас бөліктерінің әрбіреуінен мазмұн жағынан асып түседі. Тіпті ол өзінің құрамдас бөліктерінің қарапайым жиынтығының өзінен де асып түседі, өйткені ол көптүрліктің бірлігі (К.Маркс), нақтыланған көптүрлік (Гегель).

Алайда заттың ішкі өзара байланыстағы құрамдас бөліктерінің әрбіреуі «өзінің тәуелсіздігін» сақтауға тырысады, өйткені, арнаулы тарауда көрсеткеніміздей, «тәуелсіздік», «дербестік» – болмыстың терең сипаты. Осы арада заттың ішінде қайшылықтың бастауы ашылады. Ол жүре келе, тұтас заттың ішіндегі қарама-қарсы жақтарын тудырады. Сөйтіп, біртұтастық қарама-қарсылыққа, соңғы бірлікке айналады. Оны философияда қарама-қарсылықтың тепе-теңдігі деген ұғыммен береді. Мысалы, жердің оңтүстік және солтүстік полюстері бар, олар бір-біріне қарсы, сонымен қатар бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Қайсыбір тіршіліктің ішінде ассимиляция және диссимиляция үдерістері жүріп жатыр. Осы екі қарама-қарсылықтың негізінде тіршілік өмір сүреді. Егер оның бір жағы болмаса, онда организм өледі. Феодалдық қоғамда екі тап – шаруалар мен байлар – қарама-қарсылықтың екі жағы. Бірақ олар бір-бірінсіз өмір сүре алмайды, олар бір-бірімен күресте, сонымен қатар бірлігін сақтайды. Егерде олардың мүдделері шегінен шығып, кедейлердің көтерілісіне әкелсе, ол қоғам жаңа қоғамға ауысып, я болмаса ескі қоғамның шеңберіндегі жаңа ахуалға әкелуі мүмкін.

Бұл арада айтып кететін жайт – диалектикалық тепе-теңдік математикадағымен ұқсас емес. Есепте 5 = 5-ке тең болса, диалектикалық тұрғыдан қарағанда 5 = 5-тең, сонымен бірге тең емес. Бір зат екінші затқа тең, сонымен қатар оның ұқсамайтын теңсіз жақтары да бар. Мысалы, екі жапырақ бір-біріне тең, сонымен қатар тең емес.

Егерде біз затты өз-өзімен салыстырсақ, онда да сондай нәтижеге келеміз. Өзінің тұрақты жақтарымен зат өз-өзіне тең, сонымен қатар әрбір сәтте оны ішкі құрамдас бөліктері бір-бірімен әрекетке түсіп өзгеріске әкеледі. Екіншіден, ол зат басқа заттармен қарым-қатынасқа түскеннен кейін, ол сыртқы ықпал арқылы да өзгеруі мүмкін.

Әрине, қайшылықтың өзін үдеріс ретінде қарау керек. Заттың жаңа ғана дүниеге келген сатысында тепе-теңдік айырмашылықтан гөрі басымырақ болады, соның арқасында ол тез қарқынмен өсіп-өніп, айырмашылықтың күшеюіне әкеледі; екінші сатыда айырмашылық тепе-теңдікке қарағанда басымырақ болып, қайшылықты үшкірлей түсіп, затты болмысының шегіне әкеледі. Бір-бірімен ымыраға келмейтін қарама-қарсылыққа негізделген қайшылық заттың күрт өзгеріп, өзінің басқа болмысына өтуіне мәжбүр етеді. Жаңа пайда

болған ахуалдың шеңберінде жаңа бірлік, тепе-теңдікпен қатар, айырмашылықтың ұрығы пайда болады.

Жоғарыда көрсетілген үдерістерді әдебиетте «қарама-қарсылықтың бірлігі мен өзара іс-әрекеті» деген заңмен береді.

Бұл заңның танымдағы әдістемелік маңызы өте зор. Бүкіл бұрынсоңды ғылымдағы ашылған жаңалықтар, негізінен алғанда, зерттелген зат, я болмаса, құбылыстың ішкі қайшылығын ашуға негізделген. Микроәлемді зерттеу барысында ең алдымен қарапайым бөлшектер ашылып, соңынан олардың қарама-қарсы жағы – атомның өзегі зерттелді, ал оның өзі протон мен нейтронның бірлігі мен қарама-қарсылығы арқылы өмір сүреді. Электр-магниттік өрістің өзі қайшылық екені қиын да ұзаққа созылған зерттеулер арқылы іске асты. Алғашында ол бөлшектерден тұратын «сәуле жаңбыры» (И.Ньютон) ретінде қаралса, келесі сатыда «толқын» ретінде (Х.Гюйгенс) түсіндірілді. Тек XX ғ. ғана ғалымдар оны «корпускулярлық-толқындық дуализм» ретінде қарап, оның терең мәнін ашты.

Қазіргі реформалардағы өзгерістерді де осы заң арқылы жете түсінуге болады. Кеңес Одағындағы мемлекеттік жоспарлау принципіне негізделген шаруашылық формасының іріп-шіруі оның монополиялық табиғатында болды емес пе? Жекешелендіру саясаты соны жоюға бағытталған. Мемлекеттік пен жеке меншіктің қарама-қарсылығы мен бірлігі, олардың бір-бірімен бәсекесі – адамдардың ерікті ынта-жігерін арттырып, тиімді шаруашылықтың негізін қалауда. Сонымен қатар қоғам өмірінде лезде бай адамдардың пайда болуымен бірге көпшіліктің кедейленуі, тіпті қайыршылықтың шеңберінде өмір сүрген адамдардың пайда болуы әлеуметтік қайшылықты ушықтырып, қоғамның саяси тұрақтылығына өзінің теріс әсерін тигізуде. Бұл арада жұмыссыздықпен күрес, жаңа кәсіпорындар ашу, адамдарды жаңа кәсіби мамандықтарға оқыту т.с.с. шаралар арқылы ғана бұл қайшылықты бәсеңдетуге болады. Әлеуметтік мәселелер шешілген кезде басқа да кең етек алған келеңсіз жайттармен (маскүнемдік пен нашақорлық, қылмыстық пен жезөкшелік т.с.с.) тиімді күрес жүргізуге болады.

Әрқашанда есте сақтайтын мәселе – реформалардың бүкіладамзат рухани дағдарысының аясында жүруі. Бұрынғы «Шығыс пен Батыс» арасындағы ғаламдық қайшылық Кеңес Одағы құрысымен келмеске кетсе де, оның орнына «Солтүстік пен Оңтүстік» қайшылығы келді: әлемнің бір бөлігін «алтын миллиард» аталатын постиндустриалдық елдерде өмір сүріп жатқандар құрса, «екінші миллиардты» жартылай аш-жалаңаш жүргендер құрайды. Қалған 4 миллиард адам дамып келе жатқан ғаламның бөлігіне жатады. Соның ішінде біздер де бармыз. Дамыған елдер мен жаңа ғана дамып келе жатқандардың арасындағы айырмашылықтар жылдар өткен сайын қысқарудың орнына алшақтап

бара жатыр, бұл, әрине, халықаралық шиеленістердің көпшілігінің себебі болып отыр. Бүгінгі таңдағы көп айтылып жүрген халықаралық терроризм, экстремизм сияқты құбылыстарды осы қайшылықтардың астарында түсінуге болады.

Қазіргі орасан зор қарқынмен жүріп жатқан ғылыми-техникалық үдеріс те өз қайшылығымен көрінеді: бір жағынан, ол өндіргіш күштерді дамытып, қоғамның байлығын өсірсе, екінші жағынан, арғы анамыз – Табиғатты құлазытуда. Тойымсыздыққа жол берген Батыс өркениеті адамзатты бірте-бірте жер бетіндегі «қатерлі ісікке» айналдыруда. Біздің де осы қауіпті жолға түсіп, ата-бабаларымыз қалдырған руханиятты, биік экологиялық санамызды бұзып аламыз ба деген қорқынышымыз бар.

Аталған және де басқа қайшылықтарды жою тек қана адамзаттың руханияты мен адамгершілік қасиеттерін жетілдіру арқылы болмақ. Бүгінгі таңда айдай анық нәрсе – **технократиялық жолмен бірде-бір ғаламдық мәселелерді шешудің мүмкін еместігі**. Олай болса, реформа барысында мәдениет пен білімнің, жалпы руханияттың дамуына көбірек көңіл бөлінуі қажет.

§ 10. Қозғалыс пен даму

Жоғарыдағы көрсетілгендей, дүние өне бойы қозғалыста, барлық заттар мен құбылыстар бір-бірімен шытырман байланыста, бір нәрсе пайда болып, екіншісі кетіп жатыр, зат бір сападан сандық өзгерістердің негізінде екінші сапаға секіріп өтуде, оның бәрінің қайнар көзі ішкі қайшылықтың шешілуі арқылы жүреді екен.

Енді осы арада екінші заңды сұрақ пайда болады: шытырман қозғалыстағы дүние ешқандай тәртіп жоқ хаос па, әлде ол ретке келтірілген өзгерістер ме? Әрине, оқырман өз тәжірибесінің негізінде-ақ дүниеде белгілі бір заңдылықтардың барын мойындайды. Оны философияда даму санаты арқылы көрсетеді.

Даму деп дүниедегі заттар мен құбылыстардың өз ішкі қайшылығынан туындайтын белгілі бір заңдылықтардың негізінде ретке келген, күрделену үстіндегі, қайта оралмайтын, өзіне тән бағыттағы өзгерістерін айтамыз.

Енді жоғарыда көрсетілген анықтамаға түсініктер берейік. Қайсыбір даму үдерісіндегі зат, я болмаса, құбылыс өз ішкі қайшылықтарының шешілуі арқылы дамиды. Сыртқы ықпал дамуды тездетуге, я болмаса баяулатуға әсер етуі мүмкін. Мысалы, қайсыбір тіршілік формасы өз ішіндегі генетикалық (тұқым қуушылық) бағдарламаға сәйкес айнала қоршаған ортамен зат, энергия, ақпарат алмасуына түсіп, өсіп-өнеді. Егерде сыртқы ықпал теріс болса (қуаңшылық, қатты аяз т.с.с.), онда

даму үдерісі баяулап, я болмаса тіпті сол тіршілікті құртып жіберуі мүмкін. Соңғыны даму деп айтуға, әрине, болмайды.

Адамның білімі мен мәдениетінің дамуы өне бойы ішкі (білген мен білмегеннің арасындағы) қайшылықтарды шешу арқылы іске асады. Егер адамның білімге деген ішкі ынтасы болмаса, онда оны Оксфорд пен Гарвардта оқытсаңыз да, еш нәтиже ала алмайсыз. Сонымен қатар ішкі оты, орасан ынтасы бар адам өз талпынысы мен дайындалуының негізінде білімді азамат болып шығуы мүмкін.

Екіншіден, даму үдерісі белгілі бір заңдылықтардың негізінде іске асады. Заңдылық деп даму барысындағы қажетті, тұрақты, қайталанатын ішкі байланыстарды айтамыз, соның арқасында барлық үдерістер рет-ретімен өзара байланысты түрде шындықта өтіп жатады. Мысалы, И.Ньютонның ашқан дүниежүзілік тартылыс заңына сәйкес Күн жүйесі өмір сүреді. Энергияның сақталу заңына сәйкес, ол өзінің бір түрінен екіншісіне ауысқанмен, жоғалмайды. Биологиядағы табиғи іріктелу заңына сәйкес дүниеге келген жаңа организмдегі өзгеріс оның қоршаған ортаға бейімделуіне сәйкес болып шықса, сақталып қалады.

Үшіншіден, қайсыбір даму заттың ары қарай күрделенуіне байланысты. Ол заттың ішкі құрылымының толығуымен қатар, ұйымдасу деңгейінің өсуіне әкеледі. Мысалы, қазіргі реформа барысында мыңдаған жаңа құрылымдар пайда болып, олардың бір-бірімен байланыс деңгейі күшеюде. Қоғамның инфрақұрылымында компьютерлік технологияларға негізделген оқу жүйесі, статистикалық жүйелер, адам қажеттіліктерін өтейтін салалар т.с.с. тез дамып келеді.

Төртіншіден, даму үдерісі өткен сатыларға ешқашанда қайтып оралмайтынын айту керек. Сәбилік кезеңнен өткен жасөспірім сол шағына қайта орала алмайды. Жасына келген адам жастық шағын қанша армандаса да, оны қайтара алмайды. Бүгінгі экологиялық дағдарыстың шешу жолдарын «антитехнократтық» бағыттағы кейбір ғалымдар «ғылыми-техникалық үдерісті тоқтату», «табиғатқа қайта оралу» керектігінен көреді. Ал ол мүмкін емес.

Бесіншіден, даму үдерісі белгілі бір бағытта іске асады. Ол болмайынша, заттың даму барысындағы өзгерістердің қорлануы іске аспай, өзара байланысқан ішкі бағытынан айырылып қалар еді. Дамудың бағыты уақыттың шеңберінде ғана жүреді, ал ол өзінің бірбағыттығы мен қайталанбайтындығымен сипатталады.

Қозғалыс пен дамудың байланысы жөнінде ғылымда, негізінен, екі қарама-қарсы пікір бар. Бірінші, кеңінен таралған пікір: даму – әрқашанда қозғалыс, ал кейбір қозғалыс даму емес. Расында да, біз қолымыздағы сағатты шешіп, столға қойсақ, ол қозғалыста болды. Бірақ ол туралы «сағат дамыды» деп айту қиынырақ болар.

Екінші пікір дамуды қозғалысқа қарағанда іргелі есептейді. «Егер объективті шындықты біртұтас ретінде қарасақ, онда оның ішіндегі барлық үдерістердің жиынтығын даму ретінде қарау керек» (қараңыз: Материалистическая диалектика., т.1., М., 1981, 231-б.).

Соңғы пікір бүгінгі таңдағы ғылымда бірте-бірте өз өрісін өсіруде. Астрофизикада XX ғ. 20 жылдары «кеңею үдерісіндегі ғарыш» болжамы жасалып, 40 жылдардағы «алғашқы жарылыс» жөніндегі болжам 70 жылдарда «Ұлы жарылыс» (grand explosion) теориясына ауысты.

Осыдан 13 млрд. жыл бұрын материяның «сингулярлық» ахуалының негізінде (көлемі атомның көлеміндей, қысымы 10-94-ші дәрежедегі грамм 1 шаршы см.!!!) осындай, іс жүзінде көзге көрінбейтін нәрседен «Ұлы жарылыс» пайда болып, бүгінгі таңдағы орасан зор ғарышты тудырды. Бұл ғылымда жасалған «коперникандық төңкеріспен» бірдей, өйткені мыңдаған жылдар бойы ұлы ойшылдар ғарыш мәңгілікті өмір сүріп жатыр деген пікірде болатын. Енді ғарыштың өзі «тарихи оқиға» болып шықты, өйткені оның уақыт шеңберіндегі бастамасы бар. Олай болса, ол өзгерісте, дамуда. Оның болашақта соңы да болады. Осы 13 млрд. жылдың шеңберіндегі ғарыштың өткен сатыларын зерттеп, ой-өрісімізде қайта құруға болады. Сөйтіп, XIX ғ. Ч.Дарвиннің жасаған биология ғылымы саласындағы эволюциялық теориясы XX ғ. физика мен космологияда толықтырылды.

Енді кезек химия пәніне келіп отыр. Бұл уақыттың қойған талабын химия пәні XX ғ. 80 жылдарынан бастап, өзінің жаңа саласы – «эволюциялық химия» арқылы шешуде. Оның түйіні – химия ғылымының болашақтағы негізгі даму бағыты «Ұлы мәртебелі Табиғаттың» 13 млрд. жылдың шеңберінде сан жетпейтін химиялық қосындылардан қандайын іріктеп алды – соны зерттеп, соның негізінде экологиялық жағынан зиян келтірмейтін жаңа материалдар мен қосындыларды жасау болмақ. Олай болса, даму идеясы химия ғылымына да кеңінен кіруде.

Сонымен, қазіргі жаратылыстану ғылымы «Дүниедегі барлық – даму мен эволюция нәтижесі» деген пікірге келіп отыр.

Бұл арада мынандай өткір сұрақ пайда болады: Егер дүниедегі барлық даму үдерісінде болса, онда ол қалай қарай бара жатыр? Даму шексіз болуы мүмкін бе? Әрине, оған теріс жауап қайтаруға болады. Тіпті ғарышта саналы адамнан да жоғары тіршілік болса да, дамуды шексіз соза беруге болмайды. Дүние қаншалықты орасан зор болғанымен шектелген, оның бастауы бар, олай болса, соңы да болады. Біздің ойымызша, әлі де кеңею үстіндегі ғарыш миллиардтаған жылдардан кейін өзінің кері қарай серпілісін тудырып, тағы да бір нүктеге жиырылуы (коллапс, я сингулярлық нүкте) мүмкін. Келесі сатыдағы жарылыста ғарыштың бүгінгі моделіне ұқсамайтын жаңа түрі кездейсоқтықтың нәтижесінде дүниеге келмек.

Бүгінгі ғылымның нәтижелеріне сүйене отырып, ғарыштағы жүріп жатқан екі үдерісті айтсақ та болғаны.

Біріншіден, термодинамикадағы (әртүрлі энергияның бір-біріне өту заңдылықтарын зерттейтін ғылым) 2-ші бастамаға сәйкес, дүниеде ыдырау, жылы зат энергиясының айнала қоршаған ортаға тарауы (энтропия) өтіп жатыр. Ол – біржақты үдеріс. Бұл заңдылықты ашқан Р.Клаузиустың тұжырымы бойынша, «Жылылық өз-өздігінен суық денеден ыстық денеге тарамайды». Керісінше, ыстық денеден суық денеге ғана өтеді. Бұл заңдылық ашылған уақытта неше түрлі пессимистік көзқарастар пайда болды. Мысалы, ғарыш ең соңғы сатысында толығынан ыдырап, хаосқа айналады деген пікір де айтылды.

Алайда мұндай көзқарас адамдардың санасында келесі сұрақты тудырды: егерде ғарыш хаосқа қарай өтуге бағытталса, онда бүгінгі таңдағы биік дәрежеде ұйымдасқан дүние тәртібі қалай пайда болды? Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясы өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі өне бойы тарихи созылған күрделенуді, ұйымдасу деңгейінің өсуін, энтропияға қарсы бағытталған күш-қуатты көрсетті.

Философия саласында бұл сұраққа өзінше жауап берген ұлы француз ғалымы Пьер Теяр де Шарден болды. Өзінің «Адам құбылысы» деген еңбегінде ол дүниенің екі бастамасы бар дейді. Оны бірі – тангенциалдық, яғни физикалық, заттық болса, екіншісі – радиалдық, яғни рухани энергия. Дүниені күрделендіріп, оның біртұтастығына жауап беретін соңғы радиалдық күш болмақ. Ал оның қайнар көзі Құдайда деген пікірге келеді (қараңыз: П.Т. де Шарден., Феномен человека. М., Прогресс, 1998, 165-б.)

Ал материалистік бағыттағы философия өзінің басынан-ақ материяның өзіндік дамуға деген қабілетін мойындаған болатын. Бірақ ол жалпы болжам ретінде мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп, нақтылы мазмұнға ие болған жоқ-ты. Тек қана XX ғ. 70 жылдарынан бастап, бельгиялық ғалымдар Г.Хакен мен И.Пригожин жаңа ғылым саласын – синергетиканың негіздерін жасап, жоғарыдағы көрсетілген материалистік постулатқа жаңа тыныс береді. Синергетика (cinergia – грек сөзі, бірігіп іс-әрекет ету деген мағына береді) – өзіндік ұйымдасу теориясы. Оның негізгі идеялары:

А) ғарышта бір-бірімен байланысты екі үдеріс бар. Оның бірі – қирау, құру, ыдырау болса, екіншісі – қайта құрылу, күрделену, ретке келу болмақ.

В) жасампаз үдерістің (күрделену мен ретке келтірудің өсуі) қандай жүйе болса да бірегей алгоритмі бар. Ол үшін:

– дамитын жүйе **ашық** болуы керек, яғни ол айнала қоршаған ортамен зат, энергия, ақпарат алмасуына түсуі қажет;

– жүйе термодинамикалық **теңдіктен алшақ** болуы қажет.

Іс жүзінде дүниедегі кездесетін жүйелердің бары де осындай. Классикалық физикадағы бөлініп қаралатын жабық жүйелер – жасанды және идеализацияланған.

Оның тікірінше, синергетика ғылымы ашық та тұрақтанбаған жүйелерде даму үдерісі күрделену мен ретке келудің өсуімен танылады. Алғашқы сатысында даму үдерістері бірте-бірте, алдын ала болжауға болатын салдарлар әкелуі мүмкін. Бірақ жүре келе, дамитын жүйе өзінің тұрақсыздық, аумалық (бифуркация) жағдайына келіп тіреледі. Міне, осы сәтте секіріс арқылы зат өзінің жаңа, бұрынғыдан да гөрі күрделенген, ретке келу деңгейі өскен сатысына ауысады. Тек бұл арада назар аударатын нәрсе – зат өзінің аумалы, тұрақсыз, бифуркация нүктесіне келген кезде, «ұлы мәртебелі кездейсоқтық» арқасында көп мүмкіндіктердің біреуі ғана іске асады. Олай болса, бұл жүйелердің дамуын алдын ала болжау мүмкін емес. Әрине, қазіргі компьютерлік есептерге сүйене отырып, әртүрлі нұсқалардың мүмкіндігін шығаруға болады. Бірақ олардың қайсысы жеңеді, оны тек кездейсоқтық шешеді.

Осындай күрт даму, күрделену сатысындағы жүйе айнала қоршаған ортадан зат, энергия, ақпарат алып пайдаланады да, оның құлдырауын, бейберекеттігін өсіреді. Тәртіптің деңгейін көтеру үшін оған «төлем» жасалуы қажет: энергия мен ақпараттың өсуі осыған байланысты. Мысалы, АҚШ – өте қатты дамыған, ары қарай күрделену жолындағы ел. Ал оны қамтамасыз ету үшін жыл сайын энергия қажеттіктері өсіп, сонау мыңдаған шақырым алыстағы Парсы шығанағын, соңғы кезде Каспий теңізін олар «ұлттық мүдделілік» аймағы деп отыр.

Белгілі бір биік ұйымдасу дәрежесіне көтерілген зат, я болмаса құбылыс айнала қоршаған ортадағы неше түрлі үдерістердің ықпалында болып, оған қарсы «шаралар» қолданады. Бірақ оның мүмкіндіктері шектелген, ал айнала қоршаған ортадағы үдерістер шексіз. Сондықтан ертелі-кеш қандай биік дәрежеде ұйымдасқан нысан болса да сыртқы ықпалдарға қарсы тұру мүмкіндіктерін сарқыған кезде, құлазып, соңынан хаосқа айналады. Бірақ хаостың шеңберінен тағы да тұрақты, ұйымдасқан, күрделенген заттар мен құбылыстар дүниеге келіп жатады да, соңынан хаосқа қайта өтеді.

Сонымен, синергетика ғылымы дамуды тек тіршілік әлеміне ғана жатқызбай, бүкіл әлемдегі өлі және тірі табиғат, қоғам, рухани өмір – бары де өзара даму мен хаосқа айналу үдерісінде деген тұжырымға келеді. Бұл үдерісте «кездейсоқтықтың» мәні күрт өсіп, ешкім, ешқашанда дүниенің болашағын анықтай алатын болжамдар жасай алмайды. Дүние ешқашанда өзінің кемеліне келмейді, соның арқасында ол өне бойы даму мен ыдырау үдерісінде. Оны қазақ халқы «жалған», «арман» деген сияқты ұғымдармен сезінген.

§ 11. Даму бағыттығы

Даму барысындағы белгілі бір бағыттықтың болуы – табиғат қажеттілігі. Біз оны жоғарыда атап кеткенбіз. Енді осы мәселеге толығырақ тоқталайық. Болмыстағы сан алуан заттар мен құбылыстар даму барысында өзгеріске ұшырап, бір-бірін ауыстыру үстінде, яғни дүниеге келген жаңа зат өткенді теріске шығарып, соның орнына келеді. Егерде зат өткен сатыны толығынан теріске шығарса, онда ешқандай даму болмай, дүние толығынан хаосқа айналар еді. Сондықтан философиядағы теріске шығару – физикалық затты жоюмен тең емес.

Жалпы алғанда, терістеудің негізгі екі түрін көрсетуге болады. Оның бірі – заттың түбірімен жоғалуы, даму барысының күрт тоқтатылуы. Екіншісі – зат, я болмаса құбылыс өзінің өткен сатысын терістеу барысында өміршеңдік жағын сақтап қалып, жаңа сапалық деңгейге көтереді. Біріншіні физикалық терістеу, жою десек, екіншіні философиялық (диалектикалық) терістеуге жатқызамыз.

Мысалы, егер біз жүгері дәнін алып, аяғымыздың астына салып, езіп тастасақ, онда оның ішкі даму мүмкіндіктері толығынан жойылып, құриды. Екінші дәнді алып, мамыр айында өңделген, жылы, дымқыл топыраққа салсақ, ол дән өмірден кеткенмен, жаңа жүгеріні тудырады, оның орнында күзде жаңа жүздеген жүгері дәні пайда болады. Сонымен қатар жаңа дәндердің генетикалық құрылымында өзгерістер пайда болып, ескіні толығынан қайталамайды. Міне, соңғыны диалектикалық конструктивті (жаңа құрылымдарды құру) терістеуге жатқызамыз. Ол заттың ішкі қайшылықтарын шешу барысында пайда болады. Яғни ол – заттың өз-өзін терістеуі. Ал бірінші – деструктивті (қирату, бұзу) терістеуге келсек, оның сыртқы қайшылықтардың нәтижесі екені айтпаса да түсінікті.

Екінші назар аударатын нәрсе – конструктивті және деструктивті терістеулердің бір-бірімен тығыз байланыста болуы. Көп әдебиетте деструктивті терістеуді даму санатымен байланыстырмайды (қараңыз: Очерки по диалектическому материализму., М., Наука, 1987, 119-б.). Алайда мұндай көзқарас шындықпен жанаспайды. Өйткені даму барысында зат, я құбылыс сыртқы ортамен зат, энергия, ақпарат алмасуы арқылы ғана өрлей алады. Мысалы, жер бетіндегі тіршіліктің дамуында жануарлар бір-бірін, я болмаса шөпті жеп, өз өмірін жалғастырады. Ол оларды деструктивті терістейді, құртады. Бірақ мәселеге кең түрде қарап, белгілі бір жануардың өмірін сол түрдің жүйесінің элементі ретінде есептесек, онда ол өлгенмен, сол жануардың түрі өмірде қалып, ары қарай дами береді. Көп жағдайда, ол – пайдалы да. Мысалы, қасқырлар, я болмаса басқа жыртқыштар, табынның ішіндегі ауру, әлсіздерін ұстап алып құртады, ал оның өзі қалған малдың жақсы даму-

ына жағдай туғызады. Егер мал жайлаудағы шөпті «қырқып» отырмаса, оның қадір-қасиеті жойылар еді. Академик И.Шмальгаузеннің айтуына қарағанда, «өлімнің таңдамалы сипаттамасы, яғни әлсіз, өзін қорғай алмайтын тіршіліктердің көбінесе қырылуы, сөйтіп, өмірге көбірек бейімделгендердің тірі қалуы мен өз жаңа ұрпақ-буындарын тудыруы» жалпы тіршіліктің даму диалектикасына жатады.

Жалпы айтқанда, өмір тарихында өлім дамудың тетігін құрайды. Мысалы, төменгі дәрежедегі көп тіршіліктер жаңа организмді тудырған сәтте өмірден кетеді, яғни өмір мен өлім алғашында бір-біріне тең болған. Жүре келе, көпклеткалық тіршілік формалары дүниеге келген кезде, олар бір-бірінен бөлініп, қарама-қарсылыққа айналады. Тіршіліктің дамуын ұрпақ-буындардың бір-бірін ауыстыруынсыз қабылдау өте қиын.

Ал егерде өлі табиғатты алсақ, онда да деструктивтік өзгерістердің даму үдерісінде болатынын байқауға болады. Мысалы, «тұрақты емес» ғарыштағы нысандардың жарылысы, жаңа ғарыш нысандарын тудырып, олардың арасындағы заңды байланыстардың қалыптасуына әкеледі екен. Мұндай мысалдарды қоғам өмірінде де кездестіруге болады. Әсіресе өтпелі қоғамдағы көп деструктивті терістеулер көп адамдардың жағдайларын құлдыратып, аянышты жағдайларға әкелумен қатар, жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, даму барысын тездетуде. Әрине, олардың көбі саясатта жіберілген қателіктермен байланысты. Дегенмен болған іс болды, ащы шындықты мойындауға тура келеді.

Батыс философиясындағы «теріс диалектиканың» өкілдері (Т.Адорно) бүгінгі әлеуметтік тәртіпті толығынан қиратуға шақырып, бірақ оның орнында қандай қоғам болуы керек деген сұраққа жауап бермейді. Бұл, әрине, дамуды толығынан терістеу деген сөз.

Қорыта келе, конструктивті терістеу дамудың негізгі жолын анықтайтын болса, деструктивті терістеу де тәуелді түрде оның элементтерін құрайтынын байқадық. Соңғыны толығынан даму үдерісінен алып тастау мүмкін емес. Деструктивті терістеуді толығынан заттың «жоқтыққа» айналуы деп түсіну қателік болар еді.

Үшіншіден, диалектикалық терістеу бір сатымен аяқталмайды. Бірінші терістеуде зат өзінің бұрынғы болмысынан қарама-қарсы жағына өтеді, мұнда әлі даму бағыттығы жоқ. Ол келесі сатыда екінші терістеуді қажетті түрде талап етеді. Екінші терістеуде зат өзінің бұрынғы сатысына қайтып оралғандай болады. Бірақ оны жабық шеңбер ретінде түсіну дұрыс болмас еді. Зат тек бұрынғы ахуалына қайтып оралғандай ғана болады, ал шынында, ол өткен жолындағы бүкіл жаңа мазмұнды бойына сіңіріп, өткен сатыдан әрқашанда биік дәрежеде тұрады. Яғни бастапқы нүкте мен қайтып оралған нүкте бір-бірімен қосылмайды, екінші нүкте – биікте. Оны қағаз бетіне

түсірсек, кеңейіп жатқан спиральды көреміз. Келесі айналым одан да гөрі кең биіктікке ұмтылған шеңберді құрайды т.с.с. Мұндай екі сатыдан тұратын терістеуді әдебиетте диалектикалық синтез заңы (бұрын «терістеуді терістеу заңы» деп аталатын) дейді.

Алайда философиялық әдебиетте бұл заңның терең мән-мағынасын бұрмалаушылық та кездеседі. «Бұл заңның мәнін тек екі сатылық терістеуге теңеуге болмайды, ол гегельдік диалектикалық ойын болар еді. Шынында, табиғаттағы үдерістер 3, 4, 5, 6, 7 т.с.с. сатыдан тұруы мүмкін», – деген пікір кең тараған. Оған мысал ретінде көбінесе Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің бір-біріне алмасу заңдылығы келтіріледі.

Бұл пікірді теріске шығару үшін әлгі аталған ұлы Гегельдің «диалектикалық ойынының» мәнін зерттеп қарайық. Гегельдің ойынша, «қайшылық» пен «үштік» (триада) диалектиканың (яғни даму ілімінің) өзегін құрайды. Абсолюттік идея «үштік» арқылы өз-өзін танып, ширатып, абсолюттік рух сатысына көтеріледі. Олар – тезис, антитезис және синтез. Әрбір даму сатысы тезистен басталып, антитезиске айналып, соңында синтез арқылы бірігеді. Мысалы, дүниенің негізіндегі таза «болмыс» терістеу барысында өзінің қарама-қарсысы – «жоқтыққа» өтіп, олардың өзара диалектикасы «қалыптасуды» тудыратынын айтады ұлы ойшыл. Осының арқасында даму бағыттығы анықталады.

Қарапайым мысал келтірейік: «Мен бүгін театрға барамын», – деген тезисті теріске шығарсақ, онда: «Мен бүгін театрға бармаймын», – деген антитезис пайда болады. Антитезисті терістеу барысында: «Мен бүгін театрға бармай қоймаймын», – деген синтезді келтіреміз. Егер сіз «Мен бүгін театрға барамын» және «Мен бүгін театрға бармай қоймаймын» деген сөйлемдерді салыстырсаңыз, олардың айырмашылығын дереу сезінесіз. Екінші сөйлем біріншіге қарағанда анағұрлым күшті, ол антпен бірдей сияқты, қандай жағдай болса да, сіз театрға барасыз.

Гегель өзінің триадасын ой өрісінің дамуында қолданғанмен, ол – бүкіл дүниедегі даму үдерістерінде байқалатын жайт. Бүгінгі таңда дамудың «үштік» ритмі геология, химия, биология, социология т.б. ғылыми салаларда ашылып, дәлелденген. Оның маңыздылығы – дамудың бағыттылығын анықтауда, соның нәтижесінде жаңа мазмұнның даму барысындағы қорлануында (кумуляция).

Сонымен қатар даму барысында «екіаралық» терістеулер де кездесуі мүмкін. Ол заттың кейбір жақтарын терістегенмен, оның ішкі мәнді құрылымдарын өзгерте алмайды, сол зат болып қала береді. Мысалы, судың буға, мұзға айналуы. Екінші мысал: алғашқы қауымдық қоғамдағы меншік жүре келе жеке меншікке өтті. Ал жеке меншіктің шеңберінде құлдық, феодалдық, капиталистік қоғамдар бір-бірін терістегенмен, оның терең мәнін өзгерткен жоқ. Сондықтан олардың бәрін

қоса, антитезис ретінде қарауға болады. Болашақ тарихқа келетін синтезде қауымдық пен жеке меншіктің оң мазмұны бірігіп, жаңа ахуалды тудыруы қажет – ол тіпті, Маркс айтқандай, коммунизм болмауы да мүмкін – оны болашақ көрсетеді. Енді дәл осы арада мәселені нақтылай түссек, онда даму барысындағы бағыттылықтың негізгі түрі – алға өрлеуге – прогреске келіп тоқталамыз. Енді соны талдап көрелік.

§ 12. Дамудағы өрлеу (прогресс) мәселесі

Даму бағыттылығы мен даму бағыты – бір-бірімен жақын, сонымен қатар әртүрлі екі санат. Бірінші санат даму бағытынан гөрі анағұрлым кең ұғым, өйткені өзінің құрамына даму бағытымен қатар, себептілік, қажеттілік, мақсатқа лайықтылық т.с.с. болмыстың әртүрлі қырларын өз мағынасында кіргізеді.

Даму бағытына келер болсақ, оған прогресс, регресс, біртіндеп дамуды жатқызуға болады.

Прогресс (progressus – латын сөзі, алға өрлеу, күрделену, табыс) деп даму барысындағы қарапайымдықтан күрделілікке, жетілгендікке өтуді, заттың салыстырмалы түрдегі жағалай ортадан тәуелсіздігінің өсуін, ішкі ұйымдасу деңгейінің биіктеуін т.с.с. факторларды айтамыз. Бұл ұғымның қарама-қарсылығы – регресс.

Регресс (regressus – латын сөзі, кері қарай) деп дамыған зат, я болмаса құбылыстың ұйымдасу деңгейінің төмендеуін, тоқырауын, ыдырауын айтамыз.

Біртіндеп даму деп заттың тұрақты ұйымдасу деңгейінің шеңберіндегі кейбір жақтарының ғана жетілуін айтамыз.

Сонау көне заманда-ақ ойшылдар дүниедегі өзгерістердің бағыттығы бар екенін байқаған. Мысалы, Гесиодтың «Еңбек пен күндер» атты туындысында ол адамзат темір заманында өмір сүріп жатыр деген пікірге келеді. Ал «алтын ғасырдың» ол артта қалып қойғанына өкінеді ұлы ойшыл. Яғни тарих кері жылжу үстінде.

Платон мен Аристотельге келсек, олар дүниенің өзгерісін бірінің артынан бірі келіп, қайталап отыратын шеңбер сияқты түсінді.

Ортағасырдағы діни философия адамзат алдын ала болжанған тарихтың соңына бара жатқанын айтады (провиденциализм – Құдай көрегендігі).

Жаңа дәуірде өндіргіш күштердің күрт дамуы мен байлықтың өсуі, ғылымның жетістіктерінің кең көлемде өмірге енуіне байланысты «жарқынды болашақ» идеясы пайда болды. «Алтын ғасыр» артта емес, ол – алда. Егер Ф.Бэкон мен Р. де Карт ғылымның құдіретті күшіне сенсе, Т.Мор, Т.Кампанелла сияқты ойшылдар болашақтағы бақытты қоғамды көз алдарына елестетуге тырысты.

XVIII ғасырдағы Еуропа ағартушылары өрлеуді «парасатқа табынудан» көрді. Болашақта жердің беті өзгеріп, ақыл-ойдың дамуы негізінде бақытты қоғам орнап, барлық қиын мәселелердің бәрінің де шешілетініне олар еш күмән келтірмеді.

Осы уақытта өмір сүрген біздің бабаларымыз да «бақытты өмірді» аңсап, оны «жерұйықты» іздеуден көрсе (Асан-қайғы), екіншілері «бұл жалғанда» тек рухани жетілу ғана болмақ деген пікірге келді.

Сонымен қатар Дж.Вико Ж-Ж.Руссо сияқты Еуропа ойшылдары біртіндеп өрлеуге күмәндік көрсетіп, техникалық прогресс пен адами дамудың арасындағы қайшылықтарды көрсетті.

XIX ғ. маркстік көзқарасқа келер болсақ, олар адамзат өрлеу жолымен даму барысында болашақ коммунистік қоғам орнатады деген пікірге келіп, оны ғылыми жолмен дәлелдегісі келді. Іс жүзінде мұндай көзқарас провиденциализмнің ағарған түріне жатады. Қазіргі ғылыми жетістіктерге жүгінсек, дүние іргетасты түрде ешқашанда өзінің кемеліне келмейді. Толық жетілу – заттың құлдырауына, жоқ болуына тең. Оны білген дана бабаларымыз «ханның қызында да кемшіліктер болады» деген нақыл сөз қалдырған.

Қайшылыққа толы XX ғасыр, бір жағынан, адамның ақыл-ойының кереметтігін көрсететін ғылыми-техникалық өрлеудің ғажап туындыларымен суреттелсе (радио, ТВ, ұялы телефон, компьютер т.с.с.), екінші жағынан, екі дүниежүзілік соғыста миллиондаған жас адамдардың қойша қырылуына әкелді, қоғамның материалдық денесі (цивилизация) сырттай күрделенгенмен, миллиондаған адамдар рухани азғындады. Бұл арада орыстың ұлы ойшылы Н.К.Рерихтің «шың биіктеген сайын, шыңырау да тереңдей түседі» деген ғажап ойын келтірсек те болғаны.

XX ғ. ортасы кезінде Франция мен Кеңес Одағында өмір сүрген екі ойшыл – П.Т.де Шарден мен В.И.Вернадский уақытында Ж.Леруаның ғылымға енгізген «ноосфера» (nus – грек сөзі, ақыл-ой аймағы деген мағына береді) идеясын ары қарай дамытып, адамзат болашағы ноосфераны құрумен, яғни жер бетінде ақыл-ой арқылы дамыған қоғам мен гүлденген табиғатқа жету мақсатын қойды. Бірақ бүгінгі таңда 1 млрд. адам аш-жалаңаш жүрсе, жүздеген миллион адамдар өз өмірінің мән-мағынасын таба алмай сандалып, маскүнемдік пен нашақорлық т.с.с. жолына түссе, ал тез қарқынмен дамып келе жатқан техносфера жер бетіндегі тіршілікті жойып жатса, «ноосфера» идеясының кезекті қиял екенін байқауға болады. Әрине, бұл пікір қалам иесінің өзіндік дүниесезіміне жатса керек. Оқырманды оны парасатты сараптауға шақырамын.

Енді бүгінгі таңдағы өрлеу идеяларына келсек, ол – дүниенің іргетасты түрде аяқталмай, кемеліне ешқашанда келмейтіндігі.

Екіншіден, бүкіл дүниеге қатысты ол өрлемелі дамуы туралы сұрақ қоюдың өзі мүмкін емес. Өйткені онда: «Оның мақсат-мұраты неде?» – деген екінші, одан да қиын сұрақ пайда болады. Оған жауап беру үшін кемінде Құдайдың деңгейіне жетуіміз керек. Біздер – саналы, өтпелі пенделер, осы ғаламның ішінде өмір сүріп жатқаннан кейін, жоғарыдағы сұрақтарға ешқашанда жауап бере алмаймыз.

Сонымен қатар ғарышты неше түрлі нақтылы ашық және жабық жүйелерден тұратын нысан ретінде қарағанда, әрине, олардың прогрессивтік, я болмаса регрессивтік дамуы жөнінде ауыз толтырып айтуға болады.

Болмыстың пілдей бөлігі – бейорганикалық заттар мен құбылыстардан тұрады, ал онда даму бар ма, егерде болса, оны прогресс ұғымы арқылы бағалауға бола ма деген қиын сұрақ осы арада пайда болады. Өйткені арнаулы әдебиетте ғалымдардың біршамасы оны терістесе, екіншілері қолдайды. Біздің ойымызша, өлі табиғатта да даму үдерісі жүріп жатқанын мойындамай болмайтын сияқты.

Егер өлі табиғатта даму болмаса, онда жер бетінде тіршілік қалай пайда болды деген сұрақ өз-өзінен біздің басымызға келеді. Мұндай тұйықтық бізді ертелі-кеш белгілі бір сырттай ықпал ететін «Құдіретті күшті» мойындауға әкелетін сияқты.

Бүгінгі таңдағы жаратылыстану ғылымдары өлі табиғаттың дамуы жөнінде біршама деректер жинады. Мысалы, қарапайым бөлшектердің атомға өтуі, соңғылардың молекулярлық деңгейге асуы т.с.с. Ал мұның өзі химиялық қозғалыс формасын дүниеге әкеліп, оның екі – кристалдық және молекулярлық – бағыттағы дамуын тудырды. Ең соңғы химия ғылымының саласы – эволюциалық химия – «Ұлы мәртебелі Табиғатта» өздігінен пайда болып жатқан жаңа химиялық қосындыларды зерттейді. Яғни табиғаттың өзі, адамның қатысуынсыз, бұрынғыдан да күрделенген химиялық қосындыларды тудырады екен. Ал енді осы Болмысты дүниеге әкелген «Ұлы Жарылысқа» келсек, алғашында ол тек сутегінен ғана тұрған, содан кейін барып, басқа элементтер рет-ретімен дүниеге келген (атомдық салмағына байланысты).

Айтылған деректер Болмыстың шеңберіндегі өлі табиғаттың да миллиардтаған жылдарда дамып, күрделенгенін көрсетеді. Жоғарыда көрсеткеніміздей, күрделену – прогрестің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Олай болса, өлі табиғат та прогрессивтік даму үдерісінде!

Сонымен қатар табиғатта ыдырау, регрессивтік үдерістер де қатар жүреді. Оның негізгі факторы – термодинамиканың екінші бастамасы, ол жөнінде біз жоғарғы тарауларда айтқан болатынбыз.

Енді кезек дүниенің ең ғажабы – тірі Табиғатты талдауға келді. Әрбір адам ештеңені оқымай-ақ, өлі мен тіріні айыра алады. Бірақ тіріге анықтама беру – өте қиын шаруа. Кейбір студенттер: «Тіршілік

дегеніміз – тірі организмдер, өлі дегеніміз – ол тас», – деген «терең» анықтама береді. Ол «май дегеніміз – май» деумен бірдей. Бірақ май – сары, жұмсақ, қаймақтан қорытылған т.с.с. емес пе?

Уақытында Ф.Энгельс: «Тіршілік – белоктың қоршаған ортамен зат алмасуына түсіп өмір сүру тәсілі», – деген анықтама берген болатын. Онда келесі сұрақ пайда болады: Дүниедегі қай зат, я болмаса құбылыс зат алмасуына түспейді? Физика-химиялық тұрғыдан келгенде, адам да, пешке жағылған ағаш та, оттегін айнала қоршаған ортадан қабылдап, сыртқа көмір қышқылын шығарады. Ал осы екеуінің арасындағы айырмашылық шексіз емес пе?!

Екіншіден, тіршіліктің дүниеге келуі зат және энергиямен қатар, ақпараттың рөлін анағұрлым арттырады. Қазіргі деректерге сүйенсек, тірі организмнің күрделілігі соншалықты, оның әр клеткасының өзегінде 10/32-ші дәрежедегі бит генетикалық мәлімет сақталады екен!! Егер әр адамның бойында 1 млрд. жуық клетка бар болса, онда, көркемдеп айтсақ, адам организм ретінде 1 млрд. табиғи компьютерден тұрады екен. Бұл не деген табиғаттың ойға сыймас ғажаптығы!! Сондықтан американ ғалымы Ф.Типлер: «Өмір дегеніміз – белгілі бір табиғи таңдаудың нәтижесінде құрылған кодтық дәрежедегі ақпарат», – дейді. Алайда мұндай анықтаманың танымдық құндылығы өте төмен екендігін айтсақ та болады.

Жоғарғы айтылған қасиеттерден басқа, өмір айнала қоршаған ортамен белсенді байланысқа түседі, егер тасты итерсеңіз, ол жылжиды, ал жыланды қозғасаңыз, ол сізден қашады, я болмаса шағып алады.

Барлық тіршілік өсіп-өніп, жаңа буындарды дүниеге әкеледі, бірақ олар өткен ұрпақтармен ұқсастығы, сонымен қатар айырмашылығы бойынша сипатталады. Жаңа қасиеттердің организмде жиылуының арқасында мыңдаған жылдар өте, тіршіліктің жаңа түрі дүниеге келеді т.с.с. Яғни тіршілікте прогрессивтік даму үдерісі бар және ол өлі табиғатқа қарағанда анағұрлым тез қарқынмен жүруде. Бұл арада оның тарихи күрделену деңгейін қысқаша былай көрсетсе де болады: молекулярлық, клеткалық, организмдік, популяциялық, биоценоздық, биосфералық деңгейлер.

Тіршілікті прогрестік тұрғыдан бағалауға оның күрделі жүйе ретіндегі өмірге бейімделу деңгейі, сонымен қатар айнала қоршаған ортаға тәуелсіздігінің өсуі, ақпараттық байланыстардың көбею т.с.с. жатқызуға болады.

Енді кезек қоғам өміріндегі өрлеуді анықтауға келген сияқты.

Биологиялық қозғалыс формасы миллиардтаған жылдардағы даму үдерісінде белгілі бір сәтте өз мүмкіндігін толығынан іске асырып, шегіне жетті («ақылды» жануарлар дүниеге келді). Ары қарай даму биологиялық даму шеңберінде мүмкін емес еді: ол үшін әлеуметтік

қозғалыс формасына секіріс қажет болды және ол жер бетінде іске асты да. Оны тудырған адамдардың арғы тегі архантроп деген атақ алған адамға ұқсас маймылдар болды.

Биологиялық шеңберді бұзып-жарып дүниеге келген қоғамның негізгі ерекшелігі – онда рух бар, ал оның иесі – саналы адам. Онымен бірге шығармашылық іс-әрекет, соның нәтижесінде айнала қоршаған ортаны саналы түрде өзгерту үдерісі келеді. Адам өз санасы арқылы табиғаттың сиқырлы күштерін игеріп, өз күш-қуатына айналдырады.

Бүгінгі таңдағы біз білетін әлемде қоғамнан күрделі жүйе жоқ сияқты. Мүмкін, ғарыштың бір бұрышында адамзаттан да биік дәрежеде ұйымдасқан рух болуы ғажап емес, бірақ ол бізге беймәлім. Екінші ескеретін нәрсе – қоғам дамуы қарқынының ғасырдан-ғасырға тездей түсуі. Термодинамиканың бірінші бастамасына сәйкес, ол үдеріс энергия мен мәліметтің соған сәйкес жылдамдықпен өсуін талап етеді. Осы себепті соңғы кезде адамзатқа энергияның, қанша көп өндірілсе де, жетіспеуі айғақ.

Әрине, қоғамның прогрессивті дамуы – ешкімнің қарсылығын туғызбайтын жайт. Алғашқы тобырдағы жабайы адам мен қазіргі «цивилизацияланған» адамның екі арасы шексіз деп айтуға болады. Бірақ оның анықтамаларының қандай екені туралы сұрақ ойымызға келеді. Егер өндіргіш күштердің дамуын анықтама ретінде алсақ, онда АҚШ-тан артық ел жоқ сияқты. Ал онда кейбір араб елдерінде оны неге «шайтан қоғамы» дейді? Материалдық байлығымен масаттанатын бұл елдің рухани озықтығы қандай? Американдықтар өз адами қасиеттерімен бізден озып кетті ме т.с.с. сұрақтарды қойсақ, онда прогрессивтік дамудың қайшылықты екенін, оны анықтау үшін бірнеше факторды ескеруіміз керек екенін байқаймыз. Бұл арада, әрине, адам табиғатын терең сараптаған жөн сияқты.

Адам – бұл дүниенің дамуының ең биік шыңы, ол – қайшылықты пенде. Бір жағынан, ол – дене, сонымен бірге оның неше түрлі материалдық қажеттіліктері келеді, олар өтелмейінше, өмір жоқ. Екінші жағынан алғанда, ол – рух, ерікті, саналы. Әрине, соңғысы – басыңқы болуы керек, өйткені дене қажеттігі – барлық тіршілікке тән нәрсе, ал адам – жануар емес. Сонау Кон-Фу-Цзы мен Сократтан бастап, Жаңа дәуірдегі ойшылдарға шейін «адами ахуалды рухани ахуалмен» теңейді. И.Кант айтып кеткендей, «Бұл дүниеде таңғалатын екі-ақ нәрсе бар: ол – аспанға толы жымыңдаған жұлдыздар, екіншісі – адам ішіндегі адамгершілік заңы», яғни В.Франкл айтқандай, «ар-ұжданы – ішкі Құдайы». XVIII ғ. өмір сүрген неміс ағартушысы Г.Гердер: «Адамгершілік – адам табиғатының мақсат-мұраты», – деген еді. Орыс ойшылы Н.А.Бердяев қоғамдық прогрестің негізгі анықтамасы ретінде ізгілік, жақсылықтың өсуі мен зұлымдықтың азаюын келтірген

болатын. Американ ойшылы П.Сорокин: «Прогрестің анықтамасы – адамның өзін бақытты сезінуінде», – деген ой тастайды. Ал оның өзі адамның жан-жақты үйлесімді дамуынан, өз дарындарын сыртқа шығарып гүлдетуінен шықпай ма? Ал бұл айтылған терең ойлардың барын қорытсақ, онда қоғамның прогрессивті дамуының негізгі анықтамасы – адамгершіліктің өсуіне (гуманитарлық критерий) келіп тіреледі.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңдағы адамзат бұл анықтамаға сай дамып келе жатыр деп айта алмаймыз. Дүниені өте нәзік те терең сезінетін қазақ халқының алға ұстар ақыны М.Шаханов мұны «цивилизацияның адасуы» дейді. Осы ақынның кітабын Біріккен Ұлттар Ұйымы ағылшын тіліне аударып, бүкіл дүние жүзіндегі мемлекет басшыларына таратқан болатын. Бұл да қазақ халқының мықты руханиятын, оның дүниежүзілік қауымға берерінің мол екенін көрсетсе керек.

Расында да, капитализмнің бетке ұстар бағыты – капиталдың, байлықтың өсуін басты мақсат етіп қоюы, бүкіл ақпарат құралдарын соны насихаттауға бағыттауы – соңғы ғасырларда адамдардың негізгі өмір мақсаты ретінде материалдық-сезімдік құндылықтарға бағытталуына әкелді. Осыған орай, ағылшын ойшылы Б.Рассел: «Қазіргі адамдар рухани жағынан көне замандағы «үңгір тұрғынының» деңгейінде», – десе, американ философы Э.Фромм: «Техникалық жағынан қазіргі адамдар атом дәуірінде болса, эмоционалдық жағынан көпшілік тас дәуірінде, соның ішіне биліктегілерді де қосуға болады», – дейді. Осы ойларға қосылып, біз де: «Егер адамзат осы даму бағытын ары қарай ұстаса, онда жер бетіндегі «қатерлі ісікке» айналып, ақырында соның тағдырын кешеді», – дер едік. Онда осы «табиғаттың патшасы» аталған пенде, шынына келгенде, «табиғаттың қателігі» болмас па екен?! Өткен тарих көрсеткендей, бірде-бір таза байлықты қуған қоғам адамдарға зардаптан басқа бақыт әкелген жоқ (Нерон мен Калигулла заманын, Кир патшаның тағдырын еске алыңыз). Ал біздің ұлы ойшылымыз Әл-Фараби «динар (арабтың алтын ақшасы) қуған қоғамды «надан қала» деп айтып кеткен болатын.

Тәуелсіздікті қолымызға алып, қоғамды жаңартып жатқан кезде «Ұлы мәртебелі Тарих» бізге басқаша дамуға мүмкіндік береді, өйткені қазақ халқының мыңдаған жылдардағы жинаған руханияты өмірдің мәнін басқаша түсінеді (ол туралы оқуыңызға болады: Мырзалы С.Қ., Есбол Ғ.Ш. Философия әлеміне саяхат (Отандық философия), Қостанай, 2001, 3-10 б.б.). Ол үшін біз жалаң еліктеушіліктен бас тартып, руханияты биік, әлсіздерге қол ұшын беретін, дүниеде алудан гөрі болуды басымдылық ететін қоғам орнатуымыз керек.

Қазіргі таңда Батыс қоғамдарында да бұл мәселе қызу талданып, «өмір сапасына» көп көңіл бөлінуде. Өмір сапасы жалғыз материалдық

байлыққа келіп тірелмейді, оған: таза ауа, ішетін су, ақысыз білім мен денсаулық қажеттіліктерін өтеу, жастарға арналған арнаулы әлеуметтік бағдарламалар болуы т.с.с. көп нәрселер кіреді. Яғни қоғам өміріне жаңа «өмір сапасын» енгізу дегеніміз – жеке мүддеден гөрі қауымдық мүддені жоғары ұстау. Ол үшін, негізінен алғанда, саясатта әлеуметтік демократиялық жолға түсу керек. Ол біздің дініміз бен ділімізге сай келер еді.

§ 13. Жүйе, элемент, құрылым

Жоғарыда талданған санаттар сияқты, жүйелік те – болмыстағы заттар мен құбылыстарға тән қасиет. Ол дүниедегі ретке келгендікті, белгілі бір заңдылықты, хаосқа қарсы тұрған үдерістерді сипаттайды.

Жүйе дегеніміз – белгілі бір тәртіпке келген өзара байланыстағы элементтер жиынтығы. Элементтер деп нақтылы тұрғыдан алып қарағанда, ары қарай бөлінбейтін жүйенің негізінде жатқан оның бөлшектерін айтамыз. Басқа жағдайда, байланыстарда сол элементтердің өзі жүйеге айналуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, бүкіл дүниені жүйенің жүйесі ретінде қарауға болады.

Әрбір элемент белгілі бір жүйенің қалыптасуына қатысады. Егер ол болмаса, онда жүйе де қалыптаса алмайды. Элементтердің өзара байланысы мен іс-әрекеті жүйенің жаңа – өз элементтерінің қосындыларына тең емес – қасиеттерін тудырады. Мысалы, суды құрайтын сутегі мен оттегі бөлек-бөлек алсақ – жанғыш. Ал судың элементтері ретінде біріккен кезде, керісінше, отты сөндіретін қасиетке ие болады.

Қайсыбір жүйе өзіне тән құрылымнан тұрады. Құрылым деп жүйенің элементтерінің арасындағы тұрақты байланыстары мен қарым-қатынасының жиынтығы айтылады. Ал тұрақты байланыстар заңдылықтың негізінде жатқан жоқ па? Олай болса, құрылымды элементтердің заңдылықты байланыстары десек те болады.

Дүниедегі сан қилы жүйелерді ең жалпы түрде екіге бөлуге болады. Оның бірі – бейорганикалық, яғни өлі табиғаттағы кездесетін жүйелер. Оған мысал ретінде Күн жүйесін, неше түрлі химиялық қосындыларды, техникалық жүйелерді келтірсек те жетеді. Олардың ерекшелігі – жүйе оны құрайтын құрамдас бөлшектеріне тәуелді. Мысалы, Күн жүйесін құрайтын планеталардың біреуі болмағанда, жердің орбитасы басқа болып, оның бетінде, мүмкін, өмір пайда болмас та еді!

Екінші: органикалық жүйелерді алсақ, олар өзінің өте күрделілігімен, сонымен қатар біртұтастықтың өзінің құрамдас бөлшектеріне қарағанда басымдылығының арқасында өмір сүреді. Олар өз-өзін толықтырып, өзіндік даму дәрежесіне дейін көтеріледі. Оған мысал ретінде қайсыбір тіршілікті алуға болады. Бейорганикалық жүйелердің

бөлшектері (элементтері), салыстырмалы түрде қарағанда, дербес болып, өз-өздігімен өмір сүре алатын болса, органикалық жүйелердің элементтері жүйеге толығынан тәуелді, одан сырт қалса, өмір сүре алмайды. Мысалы, адамның бауыры мен бүйрегі біртұтас организм жүйесінен тыс өмір сүре алмайды, өз өмірін тоқтатады. Тек қана организм жүйесінің шеңберінде ғана басқа организмнің құрамдас бөліктерімен қарым-қатынасқа түсіп қана өмір сүреді.

Органикалық жүйелердің екінші керемет қасиеті – олардың ішкі даму бағдарламасының болуы. Оның терең мән-мағынасын бүгінгі таңда тез қарқынмен дамып келе жатқан генетика ғылымы зерттейді. Қоғам өмірінде ол саналы түрде жасалған мақсат-мұратқа айналады. Мысал ретінде «Қазақстан-2030» бағдарламасын келтіруге болады.

Бүгінгі таңда ашылған ең күрделі жүйе, әрине, – қоғам. Қоғам өмірінде миллиондаған адамдар өмір сүреді. Олардың бәрі де саналы пенделер, өз өмірін жоспарлап, өз алдына неше түрлі мақсаттар қойып, оны іске асыру жолында басқа адамдармен топтасып, көзге көрінетін сан алуан қарым-қатынастарға түседі. Ал көзге көрінбейтін саны жоқ қатынастарды тіпті есептеу мүмкін емес! Мысалы, дүкенге барып бір нан сатып алсаңыз, ол тек қана сіз бен сатушының қарым-қатынасын көрсетіп қана қоймайды. Сол қарапайым байланыс сізді саны жоқ астыртын миллиондаған адамдармен қосады. Ол нанды ұннан жасайды, ал оны өндіру үшін бидай қажет, ол үшін егін егу керек, оған трактор-лар мен сепкіштер керек, ал оларды жасау үшін темір рудасын өндіріп, оны металлургия комбинатында балқыту керек…т.с.с.!!!

Қоғамның күрделі жүйе екендігін реформа барысында, әсіресе саясаткерлер естерінен шығармаулары керек. «Ең алдымен экономика саласындағы реформаларды жасап алайық, қалғаны бірте-бірте өз орнына келер» деген жалаң да тұрпайы ұрандар, құдайға шүкір, бүгінгі таңда келмеске кетті. Экономика қоғамның іргетасын құрайтындығы – хақ. Сонымен қатар бүгінгі таңда «адам факторының» негізгі қоғам байлығына айналып жатқаны да еш күмән туғызбайды.

Қоғамды дүниедегі ең күрделі жүйе ретінде қарағанда, оның өзі де оған бағынышты ішкі қосалқы жүйелерден тұратынын айқындаймыз. Бүгінгі кең тараған пікір – оны төрт қосалқы жүйеге бөлу:

экономикалық жүйе;
әлеуметтік жүйе;
саяси-құқықтық жүйе;
рухани-адамгершілік жүйе.

Олардың әрбіреуінің өзіндік элементтері, құрылым заңдылықтары бар. Бірақ оларды талдауды «әлеуметтік философияға» арналған тарауымызда қарастырамыз.

§ 14. Бүтін және бөлшек

«Бүтін» және «бөлшек» ұғымдары өзінің мазмұны жағынан «жүйе» және «элементке» өте жақын. Дегенмен де олардың айырмашылығы да жоқ емес.

Бүтін деп өзінің іштей байланысты құрамдас бөлшектерін бірлікке әкеліп, оларды анықтайтын зат, я болмаса құбылысты айтамыз.

Бөлшек деп бүтіннің құрамына кіріп, оның сапалық қасиеттерін өз бойына қабылдайтын зат, я болмаса құбылысты айтамыз. Бүтін мен бөлшектің жүйе мен элементтен айырмашылығы – бүтін заттың бірлігін, ерекшелігін көрсетсе, жүйе бірліктің көптілігі арқылы көрінеді. Бөлшек бүтіннен тыс байланысқа түсіп өмір сүре алмайды, ал элемент бір жүйенің құрамдас бөлігі ретінде, сонымен қатар басқа байланыстарға да түсуі мүмкін.

Бөлшек әрқашанда бүтіннің ерекшелігін көрсетеді, сонымен бірге өзіне тән ерекшелігін де бойында сақтайды. Ал бүтінге келер болсақ, ол өзінің бөлшектерін біріктіріп, солар арқылы өз ерекшеліктерін болмысқа әкеледі.

Бүтін мен бөлшектің өзара байланысын зерттеуде екі асыра-сілтеушілік бар. Біріншісі бүтінді асыра бағалайды, оны холизм (hole – ағылшын сөзі, бүтін) десе, екіншісі бөлшекті негізгі деп есептейді, оны меризм (mere ағылшын сөзі, қарапайым) деп атайды.

Мысалы, тірі организмді алсақ, меризм оны механикалық, физикалық, химиялықтың қосындыларына тең деген пікір айтылады. Холизм жоғарыдағы үшеуімен қатар, организмнің төртінші, яғни бәрін біріктіріп, оны өмір сүру мен дамуға итермелейтін «х-факторды» мойындайды. Соңғы – рухани (Аристотельдің сөзімен айтсақ, заттың энтелехиясы), ол танылмайды.

Мәселенің шын шешіміне келсек, тірі организм өз заңдылықтарының (биологиялық) негізінде өмір сүреді, сондай-ақ төменгі қозғалыс формалары (механикалық, физикалық, химиялық) тәуелді түрде оның өмір сүруінде сақталып, өз қызметтерін атқарады.

Холизмді асыра түсіну негізінде саясатта неше түрлі тоталитарлық тұжырымдамалар дүниеге келеді. Ол идеялар өмірде іске асқан жағдайда жеке адамдардың мақсат-мүдделері толығынан қоғамдық жалпы мүдделерге бағынышты болуы керек. Жеке адам өмірінің құндылығы, қажеттігі, оның өз алдына қойған мақсат-мұраты, оларды іске асыруға бағытталған әрекеттері т.с.с. барлығы – қоғамдық жалпы мүдденің шеңберінен тыс шықпауға тиіс. Оны уақытында большевиктер мынандай мақал-мәтелмен берген: «Ағашты шапқанда жоңқалар ұшады» (сондағы «жоңқалар» – жеке адам өмірі!). XX ғ. пайда болған неше түрлі тоталитарлық режимдер миллиондаған жеке адамдарды

өзінің қияли «қоғамдық мүдделеріне» қарсы келді деп құртып жіберген жоқ па?!

Енді бүгінгі таңда «либералдық демократия» саясатынан туындаған «әлеуметтік атомизм» тұжырымдамасына келер болсақ, ол, керісінше, жеке адамның мүдделері мен мақсат-мұратын қоғамдық мүддеден биік қояды. «Жеке адамның іс-әрекетіне толығынан жол ашылсын!», «Адам құқықтары мен еріктігі басым болсын!» деген ұрандардан «керісінше тоталитаризмді» байқауға болатын сияқты.

Әрине, бөлшек, бөлік деген сөздердің өзі «бөліну, өз еркін іске асыру» деген мағына береді. Бірақ, екінші жағынан, ол тек бөлік қана, сондықтан тұтастың, бүтіннің шеңберінде өмір сүруі қажет. Олай болса, тұлға қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, сонымен қатар қоғам жеке адамның мүддесі мен мақсат-мұратымен санаспай, оны толығынан өз еркіне көндіруге әрекет жасамауы қажет. Адам қауымшыл, қоғам адамгершіл болғанда ғана екі жақтың мүдделері іске асып, үйлесімді дамуға жол ашылады.

§ 15. Мазмұн және форма

Келесі талдайтын санаттар – мазмұн және форма, өйткені біз болмысты талдауда ары қарай тереңдей түсеміз. Мазмұнға зат, я болмаса құбылыстың барлық құрамдас бөліктерінің жиынтығы, олардың қасиеттері мен байланыстары, қайшылықтары жатады. Форма деп мазмұнның өмір сүру тәсілін, оның ішкі ұйымдасу тәртібін айтамыз.

Мысалы, М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын алсақ, оның мазмұнына қазақ халқының сайын даласындағы XIX ғ. сан қилы оқиғалар, Абайдың өмір кезеңдері, оның философиялық толғаулары т.с.с. жатады. Романның формасына келер болсақ, оған әртүрлі тараулардың бір-бірімен байланысы, автордың стилі, көркем сөзінің ерекшеліктері т.с.с. жатады. Ол – романның ішкі формасы.

Сонымен қатар роман баспадан оқушыларға арналып, арзан қағазға басылып, жұмсақ мұқабамен түптелуі мүмкін, ол – оның сыртқы формасы. Ол басқаша да болуы мүмкін: қымбат ақ қағазға басылып, ішінде суретшінің жасаған құнды түрлі түсті суреттемелері де болуы мүмкін.

Заттың сыртқы формасы кейбір жағдайда өте мәнді болып келеді. Мысалы, ұшақтың, сүңгуір қайықтың, автомобильдің т.с.с. сыртқы формасы мақсатқа лайықты болмаса, ол өз қызметін дұрыс атқара алмас еді. Сондықтан ғалымдар құстың қанатын, балықтың дене формасын зерттеп, оны осы өндірістерде пайдаланады.

Тарихи форма спнптын философияға енгізген ұлы Аристотель болды. Оның ойынша, материя, енжар, өзіндік дамуға мүмкіндігі жоқ,

езілген саз сияқты. Оны дүниеге келтіретін, дамытатын – форма ғана. Материя – формасыз, форма материясыз өмір сүре алмайды.

Жаңа дәуірде материяның ішкі өзіндік күш-қуатын мойындап, оның белсенділігі мен форманың оған тәуелділігін көрсеткен Ф.Бэкон болған-ды.

Тарихи түрде Гегель алғашқы рет мазмұн санатын философияға енгізіп, оны материя мен форма арасындағы дәнекер ретінде қарайды.

Маркстік философияда мазмұн мен форма даму үдерісін анықтауда пайдаланылатын санаттар ретінде қаралады.

Бүгінгі таңдағы нәтижелерге келер болсақ, мазмұн мен форманы бір-бірінен айыруға болмайды, қайсыбір мазмұн формаланған, форма – мазмұнды; олар қайшылықты бірлікте, даму үдерісінде бір-біріне өтуі мүмкін; бір-біріне сай келгенде ең тиімді даму үдерісі жүреді.

Мазмұн мен форманың арақатынасын талдауда бір-біріне қарсы екі пікір бар. Сонау Аристотельден келе жатқан көзқарас – форманың белсенділігі.

Екінші, негізінен алғанда, маркстік философиядағы көзқарас – мазмұнның бастаушылығы мен форманың тұрақтылығы. Заттың мазмұны басқалармен өне бойы байланыста болғаннан кейін өзгеріске ұшырап, белгілі бір кезеңде ескі формаға сыймай, оны өзгертеді, жаңа пайда болған форма мазмұнның ары қарай дамуына жағдай туғызады.

Біз, жалпы алғанда, екінші пікір дұрыс па деген ойдамыз. Сонымен қатар қоғам өмірінде саналы адамдар өмір сүргеннен кейін, олар жаңа формаларды тудырып, мазмұнды соған сай етіп өзгертеді. Ол әсіресе айқын өтпелі даму кезеңдерінде көрініп отыр. Экономика саласындағы жаңа меншік формаларын өмірге енгізу шаруашылық үдерістерінің күрт дамуына жағдай жасады. Муниципалдық, зейнеткерлік реформалар жаңа формаларды енгізу арқылы жүруде, соның арқасында бұл салаларда да үлкен өзгерістер байқалады; қоғам өміріне жаңа формаларды енгізу, негізінен алғанда, жаңа заңдарды қабылдау арқылы іске асып жатыр.

Мұндай мысалдарды көбейте беруге болар еді, оның бәрі де қоғам өміріндегі форманың белсенділігін, оның мазмұнға қарағанда алда жүретінін көрсетеді.

Сонымен қатар форманың мүмкіндіктерін асыра бағалау формализм деген теріс құбылысты тудырады. Ол әсіресе басқару жүйесіндегі шен иелерінің қызметіне байланысты. Ондай адамдарды халық «қағаздан жасалған жан» (бумажная душа) деп атайды. Олар мәселені мазмұнына қарап шешудің орнына, неше түрлі ұсақ-түйекке арқа сүйеп, тежейді.

Реформа барысындағы көп өзгерістер өмірге жаңа заңдар, формаларды енгізуге байланысты екенін жоғарыда көрсеттік. Бірақ, сонымен қатар барлық енгізілген жаңалықтар жақсылыққа әкелді деп айту да

қиын. Мысалы, бұрынғы совхоздар мен колхоздарды жою, тіпті жақсы пайдалы жұмыс істеп тұрған кейбір шаруашылықтарды жасанды түрде банкрот ету, әрине, ауыл шаруашылығын дамытуда жасалған үлкен қателіктердің бірі болды. Тиімді саясат арқылы сол ескі формаларға жаңа мазмұн беріп дамытуға, әрине, болар еді. Қазіргі уақытта кішігірім фермерлер өндірісті дамытуға күштері жетпей, қайта бірігіп жатыр. Алып жерлерді игеріп жатқан қаланың лендлордтары тек өз қамын ойлауда, бұрынғы ауылдың құрылымы әсіресе әлеуметтік сала жан аярлық халде. Олай болса, әңгіме тек жаңа формаларды енгізуде ғана емес, сонымен қатар жаңа жағдайда дамуға мүмкіндік жасай алатын ескі формаларды да ұқыпты пайдалануда болса керек.

§ 16. Детерминизм. Себеп пен салдар

Дүниедегі сан қилы заттар мен құбылыстар бір-бірімен байланыста болып, бір-біріне өз әсерін тигізіп, өзара өзгереді. Алайда біз дүниеде ретке келтірілген өзгерістерді, я болмаса тәртібі жоқ тұңғиықты байқаймыз ба? Бүгінгі таңдағы деректерге сүйенсек, дүниеде, бір жағынан, өзіндік ұйымдасу, күрделену, тәртіпке келу үдерістері жүріп жатса, екінші жағынан, құлазу, ыдырау, термодинамикалық теңдікке жету өзгерістері де бар.

Детерминизм (determino – латын сөзі, анықтаймын) дүниедегі заттар мен құбылыстардың белгілі бір заңдылықтары негізіндегі байланыстары мен өзара тигізетін ықпалдарының арқасында өзгеріске түсуін зерттейтін ілім болып саналады.

Дүниеде бірде-бір басқа заттармен байланысқа түспеген зат, я болмаса құбылыс жоқ. Ал байланыс дегеніміздің өзі өзара іс-әрекетке әкелетіні де сөзсіз. Олай болса, затты қоршаған басқа заттар мен құбылыстар оған өз әсерін тигізіп, оның өмір сүруінің шынайы факторларын құрайды.

Қайсыбір даму үдерісі уақыттың шеңберінде өткеннен кейін, бір заттың орнына екінші зат келеді: әрбір өмірге келген нәрсенің өз себептері бар. Дүниеде себепсіз еш нәрсе жоқ, ең ақырғы күннің сәулесіне шалынған көзге әзер көрінетін шаңның да өзінің себебі бар.

Әдебиетте бейсебептіліктің негізінде пайда болатын детерминация болуы мүмкін деген пікір бар (қараңыз: П.В.Алексеев, А.В.Панин. Философия., Проспект, 1998, 403-б.). Алайда мұндай пікірдің бізді мистикалық (құпиялық), иррационалдық (ақылға сыймайтын) бағытқа сілтейтін салдарын да ұмытпағанымыз жөн.

Заттардың өзара әрекеті белгілі бір заңдылықтардың негізінде ретретімен іске асады, бұл да – детерминация ерекшеліктерінің бірі.

Детерминизмге қарсы тұрған бағыт – индетерминизм (in – қосымша, лат., теріс мағына береді), яғни болмыстың өз себептілігін мойындамайды. Екінші бағыт (Д.Юм, И.Кант) себептілік тек біздің дүниені қабылдауымыздың қасиеті ғана, ал шын өмірде ол жоқ деген пікір айтады.

Үшінші бағыт (неокантиандық) табиғатта себептілік болуы мүмкін, бірақ адам ырқы оған көнбейді, өйткені ол – саналы пенде, оның еріктілігі мен жауапкершілігі бар. Жалпы алғанда, рухтың дамуын себептілік арқылы түсіну мүмкін емес деген ой айтады.

Детерминизм санатын толыққанды зерттеу тек қана себептілікті талдаумен тең емес. Сонымен қатар «заң», «заңдылық», «мүмкіндік пен шындық», қажеттілік пен кездейсоқтық», «еріктік пен тәуелділік» т.с.с. ұғымдарды пайдаланып қана оны жете түсінуге болады. Енді соған кірісейік.

«Себеп пен салдар» – детерминизм санаттарының негізгілеріне жатады. Себеп деп зат, я болмаса құбылыстардың белгілі бір жағдайлардағы өзара әрекет негізіндегі қажетті түрде өзгеруі, я болмаса екінші зат, құбылысты тудыруын айтамыз. Салдар деп белгілі бір себептердің негізінде пайда болған зат, я болмаса құбылысты айтамыз. Мысалы, студент пен оқытушының қарым-қатынасының негізінде тек қана студент емес, оқытушы да өзгереді. Микроәлемдегі электрон мен позитронның өзара байланысы екеуінің де жоғалып, екі фотонға айналуына әкеледі.

Себеп: зат, энергия, ақпараттық ықпал арқылы салдарды іске асырады. Екінші бір ескеретін нәрсе – себеп пен салдар уақыттың шеңберінде болғаннан кейін, олар бірбағыттылықтың негізінде жүреді, яғни салдар себептің алдына ешқашанда шығып кете алмайды, соңғы әрқашанда – алда. Сонымен қатар бір құбылыстың артынан екіншінің келуі себеп пен салдардың нәтижесінде болмауы да мүмкін. Мысалы, күн мен түннің алмасуы, судың көтерілуі мен кері кетуі, т.с.с. табиғи құбылыстар бір-бірін себептік байланыс арқылы тудырмайды, олардың бір-біріне өтуі – жердің айналуы, Айдың тартуымен байланысты құбылыстар.

Қоғам өмірінде саналы адамдар іс-әрекет етіп, шым-шытырық байланыстарға түскеннен кейін, шынайы себеп астыртын түрде іске асып, сылтау сияқты көрінуі мүмкін. Ол – әсіресе халықаралық дипломатияда кеңінен кездесетін нәрсе. Мысалы, АҚШ «халықаралық терроризмге» қарсы күресеміз деп, талай рет Ирак мемлекетін бомбалады, ол, әрине, сылтау. Шынайы себеп сол аймақтағы мұнай байлығында, соған ұмтылуда жатыр. Ал халықаралық терроризмге келер болсақ, оның терең себептері – кедей елдердегі халықтардың дамыған елдердің дене ләззатына бағытталған «материалдық-сезімдік» құндылықтарына

қарсылығы, соған қосылған жұмыссыздық, қайыршылық т.с.с. факторлар.

Себеп пен салдар біртіндік және көптіндік даму жүйелерінде әртүрлі болуы мүмкін. Біртіндік жүйелер өте сирек, тек қана «жабық жүйелерде» кездеседі. Оны былайша көрсетуге болады: …А-Б-С-Д… яғни А себеп ретінде Б-ні, Б-С-ні т.с.с. тудырады. Сөйтіп, әрбір құбылыс, бір жағынан, белгілі бір себептің салдары болса, екінші жағынан, келесі салдардың себебіне айналады.

Ал күрделі де ашық жүйелерге келсек, онда олардың көбі «кері байланыстың» негізінде өмір сүреді. Мысалы, қайсыбір машинаның моторы жұмыс істеген кезде, оның қызуына әкеледі, температура белгілі бір нүктеге жеткен кезде, желдеткіш іске қосылып, оның қызуын төмендетеді де, тоқтайды, мотор тағы да қызғанда, айтылған механизм тағы да іске қосылады... Мұндай жүйелер кері байланыстың үлкен рөлін көрсетеді.

Философиялық әдебиетте, әсіресе діни философияда «бірінші себеп» (causa prima), «соңғы себеп» (causa finalis) деген санаттар кездеседі. Дүние іш және сырт жағынан да шексіз болғаннан кейін, «бірінші», я «соңғы» себеп болуы мүмкін емес. Оны мойындау қажетті түрде осы дүниені тудырған «Құдай идеясына» әкеледі.

«Соңғы себеппен» байланысты телеологиялық (teleos – грек сөзі, – мақсат-мұрат, logos – ілім) детерминация болып табылады. Оны қолдайтын ойшылдар ерекше телеономдық себептер барын мойындайды. Ол «Не үшін туды?», «Қандай мақсат үшін жаратылды?» деген сұрақтарға жауап береді. Яғни алдын ала берілген мақсат (соңғы себеп) сол заттың дамуына себеп болады деген сөз. Мысалы, XX ғ. өмір сүрген ұлы діни философ Теяр де Шарден дүниенің жаратылуы мен дамуында мақсатқа лайықтылықтың негізінде дамып жатқан рухани күш бар дейді. Физикалық энергия ыдырау үстінде болса, рухани күш дүниені күрделендіріп, жетілдіріп алдын ала берілген «Омега нүктесіне» (Құдайға) жақындатуда.

Әрине, әрбір тіршілік формасы өзінің іштей берілген «өмір бағдарламасының» негізінде дамиды. Ал тіршіліктің шындықты алдын ала бейнелеу қасиетінің қалайша табиғи түрде пайда болғанын біз алдыңғы тарауда сөз қылғанбыз. Ал қоғам өміріне келер болсақ, онда ғалымдар мен мамандар, саясаткерлер неше түрлі бағдарламалар жасап, соларды іске асыруға тырысады. Мақсат-мұрат дегеніміз – ой елегінен өткізіліп, болашаққа бағытталған мүлтіксіз нәтиже. Бірақ ешқандай бағдарламалар толығынан орындалмайды, себебі, оны іске асыру барысында неше түрлі ескерілмеген жағдайлар пайда болып, көбінесе оның іске асуына өзінің теріс әсерін тигізеді. Ал ол жағдайларды күнібұрын ешкім де біле алмайды. Дегенмен де алға қойған үлкен мақсат зор

күш-қуатты оятып, адамды үлкен белестерге көтеріп тастайды. Елдің президентінің тікелей қатысуымен жасалған үлкен бағдарлама «Қазақстан-2030» жаңа тәуелсіздігін алған халыққа зор рух беріп, оны үлкен белестерге көтеруде. «Генерал болам!» деп армандаған жасөспірім сол жолда қажымай-талмай еңбек етсе, полковник дәрежесіне көтерілуі мүмкін, тіпті одан да асып, маршал атағына ие болуы ғажап емес. Сондықтан, жас дос, өз алдыңа үлкен мақсаттар қойып, соны іске асыруға тырыссаң, өміріңнің мән-мағынасы сонда ғана ашылады.

§ 17. Мүмкіндік пен шындық

Мүмкіндік пен шындық ұғымдары себептілікті толықтырып, даму барысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Кең түрде алғанда, шындыққа бүкіл өмір сүріп жатқан ғажап дүние жатады. Тар мағынада шындық деп кеңістік пен уақыттың шеңберінде өзінің мән-мағынасына толы нақтылы өмір сүретін жеке нысанды айтамыз.

Ал мүмкіндікке келер болсақ, ол – заттың бүгінгі болашағы, оның өзгеруі мен дамуының көрініс табатын кейбір нышандары, алғышарттары.

Бұл санаттарды философияға алғаш енгізген Аристотель болатын (dynamis – грек сөзі, мүмкіндік, energeia – шындық; латынша: actus – шындық, potentia – мүмкіндік). Оның ойынша, қозғалыс пен даму дегеніміз – мүмкіндіктің шындыққа айналуы: ұрық – болашақ адамның мүмкіндігі, жерде жатқан мәрмәр тас – Венера мүсінінің мүмкіндігі, тастың шындығы, кірпіш – саздың шындығы, үйдің мүмкіндігі т.с.с. Аристотельдің ойынша, материя – таза мүмкіндік қана. Оны шындыққа айналдыратын – эйдос, форма ғана. Кейбір кезде ол энтелехия ұғымын пайдаланады.

Ортағасырлық философияда Аристотельдің киргізген осы ұғымдары оның негізгі санаттарына айналады.

Жаңа дәуірдегі көп ойшылдар шындықтағы себептілікті зерттеуге көп көңіл бөліп, мүмкіндікті теріске шығарып, я болмаса оны кездейсоқтықпен теңеді. Ал Кант оларды тек қана ойға берілген априорлық модальдық санаттар ретінде түсінді.

Гегель мүмкіндік пен шындықты абсолюттік идеяның өз-өзін танудағы белгілі бір сатысындағы туындылары деп қабылдады. Осы тұрғыдан алғанда, мүмкіндік – шындықтың дерексіз сәті ғана, ал соңғы – мән-мағына мен өмір сүрудің, ішкі мен сыртқының бірлігі – нақтылы болмыс.

Маркстік философияда бұл санаттар дүниенің қозғалуы мен дамуының негізгі сәттері ретінде қаралады. Олар бейорганикалық, тіршілік, қоғам ойлауда өз көріністерін табады: қайсыбір мүмкіндік

белгілі жағдайда шындыққа айналады да, сонымен қатар өзімен бірге болашақ өзгерістердің, мүмкіндіктердің ұрығын әкеледі т.с.с. Ол оның ішкі қайшылығынан шығады.

Мүмкіндік пен шындық туралы бүгінгі түсініктерге келсек, шындық дегеніміз – заттың өзекті болмысы, ал мүмкіндік – ішкі қайшылықтан шығатын заттың дамуының бағыттары, алғышарттары.

Нақтылы шындық өзінің дамуы барысында біршама мүмкіндіктерді бойында сақтайды. Бірақ оның көлемі шексіз болмайды – ол белгілі бір заңдылықтармен шектелген. Мүмкін еместік – заттың шынайы заңдылықтарының шеңберінен шығатын мүмкіндік, ол ешқашанда өмірге келмейді. Мысалы, кәрінің жасөспірімге айналуы, я болмаса Күннің бетінде тіршіліктің өмір сүруі т.с.с.

Сонымен қатар дерексіз және шынайы мүмкіндіктерді айыру қажет. Дерексіз мүмкіндік – заттың даму заңдылықтарына қайшы келмегенмен, нақтылы ахуалда дүниеге келуіне жағдайлардың жоқтығын көрсетеді. Шынайы мүмкіндіктің өмірге келуге нақтылы алғышарттары бар, ол шындыққа уақыты келгенде айналады.

Мүмкіндіктің шындыққа айналуы үшін, негізінен, екі алғышарт керек. Олардың біріншісі – белгілі бір заңдылықтардың болуы, екіншісі – нақтылы керек жағдайлардың жасалуы.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әрбір шындық өз ішінде біршама мүмкіндіктердің ұрығын сақтайды. Сондықтан заттың дамуында белгілі бір бейнақтылық сақталады. Егер белгілі бір жағдай толығынан болмаса, онда ол мүмкіндік басқа мүмкіндіктермен бірге сол қалпында қала береді. Жағдай толығынан туған кезде ол мүмкіндік жеңіп, шындыққа айналады.

Өлі және тірі табиғатта мүмкіндіктер стихиялық түрде неше түрлі шытырман байланыстардың ішінде белгілі бір нақтылы жағдай пайда болған кезде шындыққа айналады. Онда әсіресе кездейсоқтықтың рөлі өте үлкен – оны келесі тарауда талдайтын боламыз. Бұл арада, тек мысал ретінде, қайсыбір тіршіліктің шашатын ұрығының саны мен солардың шындыққа айналатын санын келтіруге болады. Миллиондаған балықтың уылдырығынан ондағаны ғана өсіп-өніп, балыққа айналады. Қалғандары лайықты жағдайға кез болмай құриды, яғни мүмкіндік шындыққа айналмай қалады.

Қоғам өмірінде жағдай басқаша қалыптасады, өйткені оларды адам саналы түрде өз қолымен жасайды. Адамдар қалалар салып, жасанды көлдерді тудырады, өсімдіктер мен жануарлардың даму мүмкіндіктерінің ішінен қолайлысын тауып алып, оның шындыққа айналуына жағдай тудырып, көмектеседі. Мысал ретінде бидайдың қуаңшылыққа қарсы тұра алатын сорттарын дүниеге әкелу, сүтті көп беретін сиырлардың тұқымын шығару т.с.с. айтуға болар еді.

Сонымен қатар айнала қоршаған ортаны жасанды өзгертуде адамзат көп келеңсіз нәтижелерге де жетті, өйткен себебі, бір ғылыми жаңалықты енгізіп, оның пайдасын табу жолында оның өзімен бірге әкелетін теріс жақтарын көбінесе болжай білмейді. Соңында оның пайдалы жағы теріс жағынан кем болып шығып, жаңа мәселелерді туды-рады. Оған бүгінгі таңдағы экологиялық дағдарыс мысал бола алады.

Мүмкіндік пен шындықтың қоғам өміріндегі көрінісіне келсек, онда адами фактордың орны ерекше. Ол адамдардың саналы іс-әрекеті, қажымас қайраты, саяси және құқықтық пісіп-жетілгені, күш-қуаты, ұйымдасу деңгейіне т.с.с. байланысты. Мысалы, бүкіл дүниежүзілік қауымның соғысқа қарсы іс-әрекетінің негізінде ядролық соғыстың болу мүмкіндігі толық жойылмағанмен, алыстады деп айтуға құқымыз бар. Оны дүниежүзілік деңгейде жою үшін, жаңа халықаралық экономикалық тәртіп орнатып, дамыған алпауыт елдердің әлсіз елдерді, олардың табиғи байлықтарын қанауын тоқтату керек. Оның біздің елге де қатысы бары сөзсіз. Мұндай мысалдарды көбейте беруге болар еді, оны оқырман өз рухани толғауымен толықтырады деген ойдамыз.

Қоғам дамуындағы мүмкіндіктерді сараптап, ең тиімді шешімдерді қабылдауда саясаттың орны ерекше. Сондықтан саясатты кейбір кезде «мүмкіндіктің өнері» дейді. Саясатта қоғамның барлық ресурс-тары есепке алынып, «мақсатқа лайықты» шешімдер қабылданады. Алайда жалаң технократизм қоғам өмірінде теріс салдарлар тудырып, әлеуметтік қайшылықтарды өршітуі мүмкін. Сондықтан қайсыбір саясат адамзаттың мыңдаған жылдардағы қайғы-қасіреттен өтіп жеткен «жалпы адамзат құндылықтарын» өзінің іргетасы ретінде есептеуі керек. Сонда ғана оған тағылған «саясат – лас іс» деген тұжырым қоғамдық санадан алыстай бастайды.

Қоғам өміріне қатысты прогрессивті (алға жылжу) және консервативті (бұрынғы жағдайды сақтау, өзгермеуге тырысу) мүмкіндіктерді айтуға болады. Ал оларға «даму бағытына» арналған тарауда ерекше тоқталатын боламыз.

Енді мүмкіндіктің шындыққа айналуының тәсілдері қандай? деген сұрақтың кезегі келді. Оған келесі тарауда жауап берейік.

§ 18. Қажеттілік пен кездейсоқтық

Мүмкіндіктің шындыққа айналуы қажеттілік пен кездейсоқтық өзара диалектикалық байланысының нәтижесінде іске асады. Өйткені дүниеде, бір жағынан қажеттілік, екінші жағынан, кездейсоқтық бар.

Қажеттілік деп зат, я болмаса құбылыстың дамуындағы болмай қалмайтын, әрдайым іске асатын жақтарын айтамыз. Кездейсоқтыққа келсек, ол болуы, я болмауы да, өмірге енуі, я енбеуі де мүмкін.

Сонау көне заманда-ақ ойшылдар дүниедегі қажеттілікті мойындаған. Мысалы, Демокрит дүниедегі қажеттілікті атомдардың қозғалысы, бір-бірімен соқтығысуы, байланысынан көреді. Оның ойынша, дүниеде себепсіз еш нәрсе жоқ, олай болса, кездейсоқтық та жоқ. «Тек біз себебін білмеген затты кездейсоқтық деп есептейміз», – дейді ұлы ойшыл. Сондықтан әр нәрсенің себебін білуге ұмтылу қажет. «Мен өзім танылмаған бір нәрсенің себебін білуге бола, парсылардың тағынан да бас тартар едім», – деген Демокрит жөніндегі аңыз осы уақытқа шейін сақталған.

Мұндай көзқарасты Жаңа дәуірдегі ұлы ойшылдар (Б.Спиноза, П.Гольбах т.б.) да қолдаған болатын. Қажеттілікті себептілікпен теңеген ойшылдар заңды түрде кездейсоқтықтан бас тартып, дүниедегінің бәрі де қажетті деп түсінді. Олай болса, дүниеде кездейсоқтық болмаса, тек алдын ала берілген қажеттілік, тәртіп болса, онда еш нәрсені өзгерте алмайсың, тағдырдың тәлкегінің барыне көнуден басқа шара қалмайды деген ой келеді.

Мұндай пікірді қанағат етпеген ойшылдар, керісінше, дүниеде еш қажеттілік жоқ, бары де кездейсоқтық, олай болса, ешқандай заңдылық, тәртіп жоқ деген пікірге келген болатын. Мысалы, А.Шопенгауер: «Дүниенің негізі материяда, я болмаса санада емес, өзін бұлдыр сезінетін, мақсат-мұраты жоқ, тек өмірге деген талпынысы бар соқыр дүниежүзілік ерікте», – дейді. Ал мұндай жағдайда да адам еш нәрсе жасай алмайды, бейсаналық ерік оның ісін бір сәтте-ақ жоққа шығарады.

Идеалистік философия желісін алып қарасақ, олар қажеттілікті дүниежүзілік рухтың, я болмаса Құдайдың құдіретті күші ретінде түсінеді. Ал Кант өз философиясында қажеттілікті адамның дүниеге енгізетін ойлау формасы ретінде қарады.

Философия тарихында қажеттілік пен кездейсоқтықтың өзара байланысын терең зерттеген Гегель болды. Қажеттілік заттың өзіндік ішкі себептерінен, оның мән-мағынасынан туындайтын болса, кездейсоқтық сыртқы құбылысынан, басқа заттармен байланысынан пайда болады.

Алайда мұндай көзқарас та бүгінгі әдебиетте сынға алынады. Заттың сыртқы байланысынан шығатын кездейсоқтық, сол затты одан да кең жүйенің шеңберіндегі элементі етіп қарағанда, қажеттілікке айналады. Оны шексіз кеңіте берсек, дүниеде тағы да кездейсоқтыққа орын қалмайды (қараңыз: Материалистическая диалектика., т. 1, М., Мысль, 1981, 205 б.).

Сондықтан бұл тұжырымды жақтайтындар қажеттілікті мүмкіндік санатымен байланыстырып қарайды. Онда қажеттілік белгілі бір жағдайдағы қалыптасатын жалғыз мүмкіндіктің ертелі-кеш шындыққа айналуымен тең болып шығады.

Жоғарыда көрсетілген пікірдің әлсіз жағы: ешқашанда қайсыбір затты алсақ та, ол жалғыз мүмкіндіктен тұрмайды. Сонымен қатар белгілі бір жағдайда бірнеше мүмкіндіктің шындыққа айналуының сәтті болуы да ғажап емес. Егер біз асықты лақтырсақ, төрт жағының біреуіне тұрады (бір жолы «бүк» болса, екінші жолы «шік», я болмаса тағы да «бүк», я «тәйке» болуы мүмкін). Мұны кездейсоқтыққа жатқызуға болады. Бірақ олардың бәріне бірдей жалпылық – бір жағына қалайда тұру – қажеттілік болып шығады.

Қажеттілік пен кездейсоқтықтың өзара байланысының терең мәні – дүниедегі таза қажеттіліктің жоқтығы. Сондықтан қажеттілік әрқашанда кездейсоқтық арқылы көрінеді. Кездейсоқтықтың өзі болмыста терең тамырланған, ол заттың дербестікке, тәуелсіздікке деген «ұмтылысынан» шығады.

Кейбір студенттер, таза қажеттіліктің мысалы ретінде мега-үдерістерді соның ішінде Күн жүйесін келтіреді. Мысалы, Жер мен Айдың айналу координаттарын есептеп, 1000 жылдан кейін жердің неше градус ендігі мен бойлығының түйісінде қай күні, сағаты, минутында Күн тұтылуы басталатынын айқындауға болады. Ал мұның өзі таза табиғаттың қажеттілігін көрсетеді.

Әрине, мұндай мысалды теріске шығару онша қиын шаруа емес. Ғарыштағы неше түрлі кездейсоқтықтарға байланысты күнбе-күн жерді мыңдаған метеориттер бомбалайды. Көбі жердің бетіне жетпей жанып кеткенмен, біршамасы жерге жетеді. Мүмкін, алдағы мың жылдың шеңберінде жердің бетіне «Тунгус метеориті» сияқты үлкен болит те (көлемі бірнеше шақырымды алатын ғарыштағы үлкен тастар) құлауы мүмкін. Сондықтан мың жылдың шеңберінде жер ауырлап, оның орбитасына аз да болса өзгерістер енетіні хақ. Ал астрофизиктердің айтуына қарағанда, Айдың өзі жыл сайын бірнеше метрге жерден алыстайды екен. Олай болса, осы фактордың өзі ғана болашақ «таза» қажеттілікті теріске шығарады. Жоғарыдағы айтылған координаттың өзі де өзгеріп, сағаты мен уақыты да басқаша болады. Бірақ сол өзгерістерге қарамастан, Күн тұтылады, өйткені ол – табиғаттың қажеттілігі. Яғни Күн жүйесінің өзінде де таза қажеттілік жоқ, оған да кездейсоқтық факторлар өзгеріс енгізіп отырады.

Келесі мысал – жастардың уақыты келгенде үйленуі, отбасы құруы. Ол – табиғи қажеттілік. Бірақ әр жас азамат өзінің өмір шеңберінде кімді кездестіріп, сүйеді, таңдайды, ол көп кездейсоқтықтарға байланысты.

XX ғ. 70 жылдарында дүниеге келіп, тез қарқынмен дамып келе жатқан жаңа ғылым саласы – синергетика – тіпті кездейсоқтықтың қажеттікке қарағанда іргетастығын мойындайды. 13 млрд. жыл бұрын «Ұлы жарылыс» басталғанда, сансыз кездейсоқтықтың ішіндегі белгілі

бір кездейсоқтық ғарыштың осы түрін туғызып, дүниеге тіршілік, ақыл-ой келді. Басқа кездейсоқтық іске асқанда, ғарыштың басқа түрінің келуі мүмкін болатын. Бірақ, қалай дегенде де, ғарыштың дүниеге келуі – қажеттілік.

Кездейсоқтықтың мән-мағынасы статистикалық (көп санды) үдерістерде әсіресе айқын көрінеді. Мысалы, Қостанай қаласында 250 мың халық тұрады екен. Сонымен қатар 50 мыңдай мәшине бар. Осы екі үдерістің тоғысқан жерінде жыл сайын 25-30 адам өледі. Ол, өкінішке қарай, көп санды үдерістердің тоғысуынан шығатын қажеттілік. Нақтылы адамның мәшине астында қалып қойып өлуі – таза кездейсоқтық. «Ол асықты, біз оған тағы да бір аяқ шай іш деп едік, отырмады. Егерде ол 5 минут кейін кеткенде, тірі болатын еді», – дейді өкініш пен қайғыдағы оның туысқандары мен жолдастары. Ол рас. Бірақ жыл сайын белгілі бір тұрақты сандағы адамдардың мәшине астында қалып қоюы – техникалық прогрестен шығатын қажеттілік, олар – соның құрбаны.

Қазіргі кездегі статистика ғылымы қарқынды дамып, компьютерлік бағдарламалардың негізінде жұмыс істейтін ғылым саласына айналды. Соның арқасында қоғам өміріндегі кейбір үдерістер зерттеліп, оған ықтималдық тұрғыдан баға беріліп, жүргізілетін саясатқа өзгерістер еніп отырады. Мысалы, әрбір отбасына шаққанда 1,8 баладан келеді, я болмаса халықтың саны бүгінгідей құлдырамауы үшін, әр отбасында 2,6 бала болуы керек, ал оның аз-мұз өсуі үшін кемінде 3 баладан болуы керек. т.с.с. Бірақ шынайы өмірде бір отбасында бір бала да болмауы мүмкін, ал келесісінде 6 бала болуы да ғажап емес.

Нарықтық экономикада миллиондаған адамдардың ынталы жасампаздық іс-әрекетінің нәтижесінде, олардың арасында шым-шытырық, сан алуан байланыстар пайда болып, кездейсоқтықтың рөлі күрт өседі. Біреу кедейліктен байлыққа жетіп, келесі, керісінше, кездейсоқтықтың нәтижесінде байлықтан тақырға отырып қалуы мүмкін. Алайда ол үшін іскерлік, ізденіс керек. Үйде енжар отыра берсеңіз, ешқандай кездейсоқтыққа ұшырамайсыз. Сонымен қатар мемлекет статистикалық ақпараттар арқылы экономиканың қажетті сатыларын анықтап, оларға неше түрлі бағдарламалар мен заңдар арқылы өз ықпалын тигізе алады.

Сарапталған санаттардың таным үдерісіндегі әдістемелік мәні өте зор. Тарихи, ғылымдағы ашылған көп жаңалықтар кездейсоқтықтың әсерінде ашылған. Сондықтан ғылым тек қана қажеттіліктерді ашады, «ғылым – кездейсоқтың жауы» деген нақыл сөздер, шынына келгенде, дұрыс емес.

Мысалы, Луи Пастер бактериялар өсіп жатқан ыдысқа байқамай, зеңді (плесень) түсіріп алады. Келесі күні микроскоппен зерттегенде, бактериялар жоқ болып шығады. Сол кездейсоқтықтың арқасында ол

зеңнің антибактериялық қасиетін ашып, соңынан пенициллин дәрісін ойлап шығарады. Бұл ғылыми жаңалықтың адамзат денсаулығына тигізген оң нәтижесін асыра бағалау өте қиын.

Екінші француз ғалымы А.Беккерель лабораториядан кетерінде уран тұзын фотоқағазға орап кетеді, келесі күні оны химикаттардан өткізіп шығарған кезде, оның бетінен неше түрлі сәулелердің ізін көреді. Соның арқасында уранның радиоактивтік қасиеттері ашылып, микроәлемді зерттеуге кең жол ашылады.

Сондықтан әрбір зерттеуші нысанның қажетті жақтарын ашу жолында барлық кездейсоқтықтарды тізіп, олардың көрінісін терең зерттеу арқылы ғана қажеттілікке жетуі мүмкін. Әрине, ол – ғылымдағы көп жолдардың біреуі ғана.

§ 19. Қажеттілік пен еріктік. Жауапкершілік

Адам еріктігі жөнінде философия тарихында мыңдаған мақалалар мен кітаптар жазылған. Бұл санат әсіресе бұрынғы Кеңес Одағының шеңберіндегі «қайта құру» үдерісі басталғаннан кейін, қоғамдық санада аса көп айтылатын, насихатталатын ұғымдардың біреуіне айналды. Алайда бүгінгі қоғамдық санада «еріктікпен мастану» сатысы өтіп бара жатқан сияқты, өйткені еріктікті ұран етіп жасалған жақсы нәрселермен бірге қаншалықты теріс нәрселер де болды (басқалардың мүдделерін таптау, ұрлық-қарлық, зорлау, өркөкіректік т.с.с.)!!! Сондықтан бұл санаттың саяси «ұрандық» сипатынан бас тартып, философиялық деңгейде қарайық.

Еріктік санатының маңыздылығы – ол адамның тектік қасиетіне жатады, жануарлар әлемінде еріктік жоқ. Яғни ол адамның саналы мақсатқа лайықты іс-әрекетінен туындайды. Алайда адам жалғыздан-жалғыз ғарыштағы кеңістікте өмір сүріп жатқан жоқ, оны айнала қоршаған өз мүдделері мен мақсаттары көп басқа адамдар да бар. Сондықтан еріктік деп адамның айнала қоршаған ортадағы ахуалды ескере отырып, өз мүдделері мен мақсат-мұраттарын іске асыру қабілетін айтамыз.

Философия тарихында көбінесе еріктік мәселесін қарағанда, оны қажеттілікке қарсы қоюды байқаймыз. «Еріктік бар жерде қажеттілік жоқ», я болмаса «Ешқандай еріктіктің болуы мүмкін емес, тек қана қажеттілік бар». Ақырында, бірінші көзқарас еріктікті адамның ойына не келсе, соны жасауға теңеп, волюнтаризмге (А.Шопенгауэр, Ф.Ницше) әкелді. Еріктікті терістеп, тек қана қажеттілікті мойындағандар (Т.Гоббс, П.Лаплас т.б.) фатализм бағытын тудырды. Егерде адам өмірінде еріктік жоқ болатын болса, онда тағдырдың тәлкегіне толығынан көнуге тура келеді.

Мұндай көзқарастардың біржақтылығын сезініп, жаңа формула әкелген Б.Спиноза болды: «Еріктік – танып-білінген қажеттілік». Негізінен алғанда, маркстік философияда да осы бағыт ұсталған. Бұл формула, қалай айтсақ та, қажеттіліктің басымдығын ертелі-кеш мойындайды. Соның негізінде конформизм (бәрі не істесе, сен де соны істе), я болмаса тоталитаризм (не айтылса, соны істе) пайда болады. Қажеттілікті танып-білу еріктікті өздігінен туғызбайды. Түрмеде отырған адам қаншалықты қажеттікті түсінгенмен, одан ерікті бола ала ма? Осы арада бір анекдотты келтіруге болады: Полицай бір адамды ұстап торға жауып қойып, оқтын-оқтын «Итбаев!» – деп атын атағанда, ол байғұс: «Мен мындамын, полицай мырза», – дегенде, полицай: «Қайда кетерсің», – деп жауап қайтарады екен.

Жоғарыда келтірілген көзқарастар бұл санаттың аса күрделі екендігін көрсетеді. Сондықтан оны жете түсіну үшін басқа «тәуелсіздік пен тәуелділік», «мүмкіндік пен шындық» т.с.с. санаттармен байланыстырып қана оның терең мәнін ашуға болатын сияқты.

Біріншіден, адамның еркіндігі – ол дүниенің іргетасын құрайтын әр зат пен құбылыстың өз тәуелсіздігіне деген «ұмтылысының» саналы көрінісі ретінде қаралуы керек. Әрине, адамды зорлап-зомбылауға, аяқ-қолын шынжырлауға т.с.с. болады. Бірақ оның ішкі рухани бостандығын, соған жетуге деген ынтасын еш диктатор, патша, жауыз ешқашанда жоя алмайды.

Сонымен қатар бұл дүниеде өз тәуелсіздігін толығынан іске асырып, өзімен-өзі өмір сүріп жатқан да бір нәрсе жоқ. Олай болса, абсолюттік еріктік те, дүние де жоқ. Бұл мәселені ерекше талдап, арнайы жазған кітабын Э.Фромм «Еркіндіктен қашу» деп атаған (қараңыз: Бегство от свободы. М., Прогресс, 1991). Расында да, ойлап қарайықшы: абсолютті, шексіз еркіндікке жеткен адам шексіз жалғыздықтың ащы зардабын тартар еді. Өйткені ол барлық тәуелділіктен құтылды, өз «өзіндігімен» ғана қалып қойды.

Уақытында К.Ясперс айтқандай, «адами ахуал – рухани» болса, өз еркіндігімен қатар, адам басқа адамдармен байланысқа түсуге, өз болмысында басқаларға жақсылықтар жасауға, әсемдікке, шындыққа, әділеттікке жетуге ынталы. Ал мұның өзі оны қоғаммен шымшытырық байланыстарға әкеліп, басқалардың да мүдделерімен санасуға ой салады. Қоғам шеңберінде өмір сүре отырып, одан толық тәуелсіз болу – ойға сыймайтын нәрсе. Тек дамымаған, я болмаса зұлым тұлға ғана басқалармен есептеспейді.

Екіншіден, қажеттіктің өзі әртүрлі мүмкіндіктер арқылы кездейсоқтықтың негізінде көрініс тапқаннан кейін, еркіндіктің өзі адамның қалайтын мүмкіндіктерді қажымас қайрат көрсетіп, өмірге әкелуімен тең сияқты. Яғни адам өз саналы іс-әрекетінің нәтижесінде, әртүрлі

мүмкіндіктердің ішінен өз қалауын таңдау арқылы өз еркіндігін іске асыра алады. Ал оның өзі шығармашылықты талап етпей ме?! Өйткені ол таңдалған мүмкіндік дайын түрде адам алдына келмейді, оны ол тудыруы керек. Сондықтан осы жаратылған дүниені адам өз шығармашылық дарынының арқасында ары қарай жетілдіріп жатқан жоқ па? Осы тұрғыдан алып қарағанда, орыс философиясының аса дарынды өкілі Н.А.Бердяевтің: «Еркіндік дегеніміз – адамның ішкі шығармашылық күш-қуаты. Адам өз еркіндігінің арқасында мүлде жаңа өмірді тудыра алады… Еркіндік – бұл дүниенің шеңберінен шығумен тең», – деген сөздерінің тереңдігіне таңғаласыз (қараңыз: Н.А.Бердяев. Царство духа и царство кесаря. М., Мысль, 1995, 247-248 б.). Олай болса, еркіндік дегеніміз – шығармашылық. XX ғ. өмір сүрген көрнекті Австрия ғалымы В.Франклдің: «Шығармашылық құндылықтары адам өмірінің ең терең мән-мағынасын құрайды», – деген ойы да жоғарыдағы оймен шектесіп жатқан жоқ па (қараңыз: В.Франкл. Человек в поисках смысла., М.,Прогресс, 1990, 165 б.). Уақытында К.Маркстің өзі коммунизмді әр адамның шығармашылық сатысына көтеріліп, гүлдеуімен теңестірген болатын.

Алайда бұл арада біз тағы да бір күрделі мәселеге тап боламыз. Адам кірпіштен әсем сарай сала алады. Сонымен қатар адамдарды құртуға бағытталған концлагерьлерді, оларды жағуға арналған газ камераларын да тудырды. Атомның ядролық күшін өз күшіне айналдырып, жүздеген атом-электр станцияларын салды. Сонымен қатар жер бетінің асты-үстін рет қопарып тастай алатын ядролық бомбаларды жинады. Адамзат тұруға лайықты гүлденген мыңдаған қалаларды орнатты, бірақ «Ұлы мәртебелі» арғы анамыз – Табиғатқа барлық салмағын салып, аздыртты.

XX ғ. ғылыми-техникалық революцияның теңдессіз дамуына байланысты адамзат алдында бұрын-соңды болмаған үрейлер пайда болды. Бүгінгі таңда адамзат құпияның-құпиясы – тіршілік геномының ішкі сырын ашып, неше түрлі генетикалық инженерия технологияларын жасауда. Адамның өзін клондық, яғни бейжыныстық түрде дүниеге әкелу мүмкіншілігі пайда болды. Мәселенің өршігені соншалықты, Италияның Генуя қаласында 2001 ж. шілдесінде өткен дамыған елдердің саммитінде бұл мәселе ерекше мәселе ретінде күн тәртібіне қойылды.

Бұл арада адамның ерікті шығармашылық қызметі мен оның жауапкершілігіне байланысты мәселе туады. Бұл мәселені алғаш көтергендердің бірі ретінде қазіргі экзистенциализм бағытындағы ойшылдарды айтуға болады. XX ғ. екі дүниежүзілік соғыстың ащы салдарларын сараптаудан шыққан ойшылдар адам өмірінің қасіреттілігін мойындайды. Бір жағынан, адам ерекше еркін пенде, ол не істесе де

оған құқылы, екінші жағынан, ол саналы пенде ретінде өз істеріне жауапты. Сондықтан экзистенциалистік философияның көрнекті өкілі Ж-П.Сартр айтқандай, «еркіндік дегеніміз – адамның арқалайтын жауапкершілік жүгі». Яғни сен еріктісің, бірақ өз ісіңе толығынан басқалардың алдында жауап бер.

Адам, бір жағынан, өзі үшін (эгоизм), я болмаса басқалар үшін ғана (альтруизм) емес, өз мүддесін басқалармен бірге ұштастырып өмір сүруі керек.

Сөйтіп, еркіндік пен жауапкершілік – күміс ақшаның екі жағындай, бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Еркіндік бар, жауапкершілік жоқ жерде әділетті дұрыс қоғам орнату мүмкін емес. Сондықтан жаңа ғана қалыптасып жатқан демократиялық қоғамның берген еркіндіктерін тек өз құлқынына жаратып, жауапкершілікті мойындағысы келмейтіндердің алдына тосқауыл қойылуы қажет. Бұқаралық ақпарат құралдарында еркіндікпен қатар, ал біздің жағдайда, мүмкін, көбірек, – адамның қоғам алдындағы жауапкершілігі егжей-тегжейлі талдануы қажет деп есептейміз. «Арнасы жоқ» еркіндіктің уақыты өтті, халық алдындағы жауапкершіліктің уақыты келген сияқты.

§ 20. Материя мен сана – шегіне жеткен қарама-қарсылық

Болмыстың өмір сүру формаларын талдай келе, біздің алдымызға келесі сұрақ келеді: Осы сан алуан себептілік пен қажеттілік, мүмкіндік пен кездейсоқтық т.с.с. жақтарымен құбылып жатқан болмыста не бар? Оның шеңберінде әртүрлі заттар мен құбылыстар, соның ішінде ішкі рухани өмірі бар адам да бар. Ең кең, шегіне жеткен түрде алып қарағанда, әрине, оны материя мен санаға, рухқа теңеуге болады.

Адам саналы пенде ретінде өзіндік санасын тудырады, сол себепті ол бүкіл әлемді өзіне қарсы қойып қарайды (соның ішінде басқа адамдарды да өзінен бөлек санайды). Осы арада көп сұрақтар пайда болады: «Бұл дүние не?», «Мен неге бұл дүниеге келдім?», «Менің жаным осы денеммен бірге сөне ме, я болмаса мәңгілік өмір сүре бере ме?», «Дүние шектелген бе, я шексіз бе?». Мұндай сұрақтардың санын жүздеп келтіруге болады. Оларға жауап беру барысында біз қажетті түрде материя мен сана санаттарына келіп тіреліп, олардың арақатынасын зерттеуге мәжбүр боламыз. Міне, осы арада философияның негізгі мәселесі пайда болады.

Соңғы жылдары «философияда негізгі мәселе жоқ, оның барлық мәселелері – негізгі. Оны идеологиялық бүркеме ретінде уақытында Ф.Энгельс енгізген» деген пікір пайда болды. Алайда мұндай көзқарас шындыққа лайықты емес, оның өзін жаңа «идеологиялық бүркеме» ретінде қарауға болады. Ал шындыққа жүгінсек, бүкіл филосо-

фия тарихының негізінде осы мәселені шешу талпынысы жатқанын байқауға болады.

Негізінен алғанда, сана мен материяның арақатынасын анықтауда үш бағыт бар. Оның бірі – материализм, екіншісі – идеализм, үшіншісі – реализм.

Материализм бағытының негізгі санаты – материя ұғымы (materia латынша – зат).

Бұл бағытты ұстайтын ойшылдар алғашында дүниенің негізін нақтылы-сезімдік заттардан көрді (Фалестің суы, Гераклиттің оты т.с.с.). Мұндай көзқарастың көне замандағы шыңы – Демокрит пен Левкиптің атомдық теориясы. Дүниенің негізінде ары қарай бөлінбейтін, сонымен қатар ары қарай өткізбейтін ұсақ бөлшектер жатыр, олардың табиғаты біркелкі, бірақ формалары әртүрлі болуы мүмкін. Біз дүниетану жолында заттардың бетінде орналасқан дөңгелек формалы ең жеңіл атомдарды қабылдаймыз. Сонымен, рух дегеніміз – қозғалыстағы жеңіл атомдар.

«Ештеңеден ештеңе пайда болмайды», сондықтан атомдар мәңгілік өмір сүреді, олар ешқайда жоғалмайды. Дүниедегінің бәрі қажетті де себепті. Демокрит Құдайды мойындағанмен, ол жер мен көктің екі ортасында өмір сүреді, оның бұл дүниеге қатысы жоқ деген батыл көзқараста болды.

Жаңа дәуірдегі ғылым мен техниканың дамуына байланысты ғалымдар материяны табиғаттың заты, оның қасиеттерімен теңеді (Ламетри, Гоббс, Гольбах т.б.). Бұлардың ойынша, рухани өмір материалдық элементтерден тұрмайды, ол материяның жалпы қасиетіне жатады. Бұл, әрине, алға жылжулықты көрсетті. Т.Гоббс: «Зат адамның санасында өзінің тікелей ізін қалдырмайды, оның тигізетін ықпалы адамның миына жеткенше біршама сатылардан өтеді…» – деген пікір айтқан болатын.

XX ғ. басында материя жөнінде жаңа гносеологиялық (танымдық) тұжырым пайда болады. Ол, негізінен алғанда, ғылыми-техникалық прогреспен, ескі атомистиканың күйзелісімен байланысты болатын. Материяны заттық субстратқа (негізге) теңеуге болмайды. Материя дегеніміз – әділетті шындықты біздің санамызда бейнелейтін философиялық санат, яғни ұғым.

Соңғы кездегі көзқарастарға келсек, олар біржақты гносеологизмге қарсы: материяны субстанциялық-аксиологиялық (құндылық) тұрғысынан сипаттағысы келеді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, материя ғана физикалық нақтылық емес, сонымен қатар рух та – мәңгілік материяның көп қасиеттерінің бірі болып есептеледі.

Ал енді идеалистік бағытқа келер болсақ, олар өмірдің рухани жағын негізгі деп есептейді. Заттардың субстанциясы (алғашқы

негізі) рухани болмыста жатыр. Идеализмнің дүниеге келуінің алғышарттарына адамның өмірлік маңызды мүдделері жатқаны сөзсіз. Сондықтан бұл ағым құндылықтар әлеміне көбірек көңіл бөледі. Егер материализм, негізінен, сыртқы дүниені тануға бағытталған философия болса, идеализм, керісінше, адамның ішкі рухани өміріне көбірек көңіл бөледі. Адам, оның өмірі мен бақыты, үміті мен қайғысы т.с.с. сұрақтар идеалистік философияның негізгі мәселелеріне айналады.

Философия тарихында шынайы идеализмнің негізін қалаған ұлы Платон болды. Оның ойынша, тек рухани болмыс – шынайы болмыс, ал сезімдік дүние – оның бұлдыр, жетілмеген, өтпелі көлеңкесі ғана. Бұл ойын Платон былайша дәлелдейді. Дүние жөнінде адамдардың әртүрлі пікірі бар, оларды тек қана білім арқылы тексеруге болады. Білім ақиқатқа әкеледі, соңғының көрінісі ұғымда жатыр. Егер сезімдік таным өне бойы өзгерістегі сезімдік-заттық дүниені бейнелесе, ұғым өзінің тұрақтылығымен сипатталады. Ал, олай болса, оған сәйкес өзгермейтін, жетілген, кемеліне келген эйдос әлемі бар. Ұғым арқылы біз заттың терең мәнін ашамыз. Ендеше, ұғым мен сезімдік танымды бір-бірімен салыстырсақ, олар болмыс пен елес секілді.

Оның ойынша, адам – қайшылықты пенде. Оның денесімен қатар, жан дүниесі бар. Дене сезімдік әлемге жатса, жанның отаны – эйдос әлемі, сондықтан ол – мәңгілік.

Әрине, Платонның философиясы қайшылықты. Бір жағынан, біз сезімдік әлем мен эйдос әлемінің арасындағы қайшылықты көрсек, екінші жағынан, дене мен жанның ымыраласпайтынын байқадық.

Ортағасырдағы діни философия идеалистік көзқарасты ары қарай дамытады. Философияға бірқұдайлыққа өтуге байланысты сенім санаты кіреді. Көне замандағы дана емес, сенетін адам ғана ақиқатқа жете алады деген пікір кіреді.

Эйдос әлемі Құдайдың ойына айналып, адамдардың санасындағы ойлар Құдайдың ойлары туралы адамдардың толғауынан пайда болады. Құдай дүниені жоқтан жаратқаннан кейін, оның ойы зат әлемінің алдында келеді, ал адамның танымында зат алда жүреді. Ортағасырда жан-дүние ұғымымен қатар рух пайда болады.

Бұл идеяларды дамытуға Жаңа дәуірде Р.Декарт өз үлесін қосады. Оның ойынша, жан – материядан бөлек субстанция және оның негізгі қасиеті – ойлауда. Егер материя тек кеңістікте созылатын енжар зат болса, жан өз белсенділігімен танылады. Сонымен қатар адамның санасында туа біткен қажетті идеялар бар: ол – адамның «мендік» идеясы, математикалық идеялар, Құдай идеясы.

В.Г.Лейбниц идеалистік философияның жаңа түрін дүниеге әкеледі. Адам өзінің ішкі жан дүниесінің бар екенін өз тәжірибесінде анықтайтын болса, онда басқа заттардың да жаны бар деп ойлауға

болады. Егер Демокрит көзге көрінбейтін атомдарды мойындаса, Лейбниц көзге көрінбейтін өз-өзіне жеткілікті жандарды – монадаларды философияға енгізеді. Мұндай көзқарастың шеңберінде Құдайдың Өзі монаданың монадасы ретінде қаралуға тиіс.

Неміс классикалық философиясында идеалистік философия ары қарай дамиды. И.Кант өзінің трансцендентальдық философиясында шынайы болмыс бізге танылмайды деген пікірге келеді. Біздің танып-білетініміз – тек құбылыстар әлемі. Біз өзіміздің априорлық, тәжірибеге дейін берілген сезімдік және ақыл-ой санаттарымыз арқылы тәжірибеде берілген мазмұнды ретке келтіреміз. Бірақ адамның осы априорлық санаттарға тәуелсіз бір қасиеті бар, ол – адамның ішіндегі ар-ұжданы, адамгершілік заңы. Ол ерікті ырықты, адамның шексіз жетілуін, олай болса, өлместікті, ал онымен бірге Құдай идеясын талап етеді. Олай болса, шынайы болмысқа таным арқылы емес, оған тек діни сенім арқылы ғана жетуге болады.

Алайда Канттың бұл идеялары оның әріптестерін қанағаттандырмай, олар ғылыми деректерге сүйене отырып, бүкіл дүниені ақыл-ойдың қисынына сәйкес дамуы ретінде түсінгілері келді (Фихте, Шеллинг, Гегель). Осы идеяға сүйене отырып, ұлы Гегель философия тарихында бұрын-соңды болмаған үлкен жүйе жасады. Оның негізінде абсолюттік идеяның өз-өзін тану жолында басқа болмысына, яғни дүниеге айналып, өзін соның шеңберінде ширатып, адамның санасы мен шынайы рухты тудыруы, соның нәтижесінде абсолюттік рухтың сатыларына көтерілуі жатты. Яғни болмыс пен құбылыстың арасында қазылған ешқандай ор жоқ, олар бір-бірімен диалектикалық байланыста деген тұжырымға келді.

Маркстік философияда бұл мәселе керісінше шешілгенмен, сол нәтижеге келді. Дүниені ешқандай абсолюттік идея тудырған жоқ. Ол – мәңгілік өзінің ішкі қайшылықтары арқылы дамып жатқан материалдық дүние. Өз даму барысында ол тіршілікті тудырып, соңынан тарихқа саналы пенде – адам табиғи түрде келеді. Ол өз санасында табиғаттың заңдылықтарын бейнелеп, құбылыстарды зерттеу арқылы шынайы дүниедегі үдерістердің мән-мағынасын аша алады. Соның нәтижесінде ғылым мен философия дүниеге келіп, адам айнала қоршаған ортаны шығармашылық іс-әрекеттері арқылы өз өміріне лайықты қылып қайта өзгертеді. Маркстік философия сана мен рухты материалдық болмыстан шығарғанмен, олардың салыстырмалы дербестігін, тәуелсіздігін, өзі туғызған материалдық дүниеге қайта әсерін тигізетінін мойындайды.

Қорыта келе айтайын дегеніміз, материализм мен идеализмнің екеуі де өз дамыған формаларында реализм бағытына толығынан қосылмағанмен, жақындай түседі.

Енді реализмге келер болсақ, бұл бағыт Шындықтың екі жағын да толығынан мойындап, я болмаса оларды Болмыстың құндылығы жағынан тең екі жағы ретінде түсінеді. Олай болса, бұл бағыт материализм мен идеализмнің біржақтылығын мойындамайды.

Философия тарихында алғашқы реалистік жүйе жасаған «бірінші мұғалім» Аристотель болған-ды. Ол грек философиясының натурфилософиясындағы негізгі жетістіктерді Платонның идеалистік идеяларымен ұштастырып, «материя» мен «форманың» екеуінің де теңқұндылықтығын айтады. Оның формуласы – «материясыз форма, формасыз материя жоқ». Бұл формуланы нақтылай келе, материяны «мүмкіндік» (dynamis), форманы «шындық» (energeia), іске асушылық ретінде түсінеді. Форма мақсатқа лайықтылық арқылы өмірге енеді. Оны ол энтелехия, яғни рухани күш ретінде қарайды, бұл жағынан ол Платонның «эйдостарына» жақын. Бірақ Платонның идеялары ерекше әлемді құрайтын болса, Аристотельдің рухани күштері материямен бірге берілген. Өйткені Шындық материя мен форманың бірлігінен туады, соның негізінде жеке заттар мен құбылыстар өмір сүреді.

Жоғарыдағы көзқарас «жан-дүние» санатын талдауға да үлкен жаңалық енгізеді. Ол Платонның философиясына сәйкес «сезімдік» өтпелі дүние мен «эйдос әлемі» екі ортасындағы дәнекер емес, ол – белсенді рухани өмірлік күш-қуат.

Реализм өзінің жалғасын Орта ғасырлардағы схоластика ағымында тапты. Бірақ олар рухани күштің басымдылығын Құдай идеясынан іздеді.

Жаңа дәуірдегі Декарттың философиясында реализм бағыты ашық дуализмге айналады. Өйткен себебі, Декарт бір-біріне тәуелсіз екі субстанцияны – дене мен жанды мойындайды. Мұндай қайшылықты шешу жолында ол оларды бір-бірімен біріктіретін Құдайды мойындауға мәжбүр болды. Құдай – мәңгілік абсолютті субстанция, ал дене мен жан субстанцияларына келсек, оларды жаратқан – Құдайдың Өзі.

Декарттың философиясын қанағат тұтпай, голландық ойшыл Б.Спиноза монистік реализм бағытын тудырады. Оның ойынша, бір ғана субстанция бар – ол Құдай немесе Табиғат – шексіз субстанция. Ал дене мен жанға келер болсақ, олар осы субстанцияның негізгі атрибуттары, яғни қасиеттері. Сөйтіп, тағы да Аристотельге қайтып оралғандай болдық. Бірақ «материя» мен «форманың» орнына «созылу» мен «ойлау» принциптері келеді. Осындай көзқарасқа сәйкес, енді материя мен формадан тұратын жеке зат субстанция емес, ол – жоғарыдағы шексіз қасиеттердің шектелген көрінісі – модустары ғана. Өйткені созылған заттың шегі бар, ол – кеңістіктің шектелуі деген сөз, қабылдау болғаннан кейін, ойлаудың да шектелуіне әкеледі.

Сонымен, реализм бағытында пайда болған «материя мен форма» санаттары, «дене мен жанға», соңында «созылу мен ойлауға» ауысты.

XX ғ. ұлы философы П.Т. де Шарденді де реалистік бағыттың үлкен тұлғасы ретінде қарауға болады. Оның ойынша, жаратылған дүниенің екі күш-қуаты бар: бір жағынан, ол тангенциалдық, яғни физикалық энергия болса, екінші – осы дүниені біріктіріп даму жолына итеретін радиалдық, яғни психикалық, рухани күш. Адамзат тарихының дүниеге келген сатысынан бастап радиалдық рухани күш толығынан ашылып, адамның саналы іс-әрекеті арқылы Жаратылған дүниені ары қарай жетілдіріп, болашақта Жер бетінде ноосфераның қалыптасуына әкеледі – дейді ұлы ойшыл (қараңыз: П.Т. де Шарден. Феномен человека. М., Прогресс, 1988 ж.)

Қорыта келе, реализм бағытының бүгінгі таңдағы философиядағы болашағының басымырақ екенін айтқан жөн.

Енді «материя» мен «рух» туралы қазіргі ғылымдағы тұжырымдарға тоқталған жөн сияқты.

а) материалдық болмыс

Бүгінгі таңдағы ғылыми деректерге сүйенсек, материалдық дүние осыдан 20 млрд. жыл бұрын болған «Ұлы жарылыстың» нәтижесінде пайда болды. Оған дейін материя өзінің сингулярлық, яғни бірнүктелік орасан зор қысымдық жағдайында болған. Мұндай жағдайда өмір сүрген материяның ішінде қандай үдерістердің болғаны жайында ешкім ешқандай болжам айта алмайды.

«Ұлы жарылыстың» нәтижесінде, негізінен, материяның құрылымының үш деңгейі пайда болды:

1. Макроәлем, ондағы заттардың көлемі адамзат тәжірибесімен салыстырмалы; кеңістік – мм., см., км., ал уақыт – сек., мин., сағ., жыл ұзақтығымен беріледі.

2. Микроәлем – көзге көрінбейтін ұсақ бөлшектерден тұрады. Олардың көлемі 10 минус 8-шіден 10 минус 16 дережедегі см. болса, өмір сүру ұзақтығы – 10 минус 24 дәрежедегі сек. дейін.

3. Мегаәлем – ғарыштағы орасан зор нысандар. Олардың бір-бірінен қашықтығы сәуле жылымен есептелсе, өмір сүру уақыты миллиардтаған жылдарға созылады.

Әрбір әлемнің шеңберінде өз өмір сүру заңдылықтары бар. Сонымен қатар олар бір-бірімен өте тығыз байланыста екенін айтып кеткен жөн.

Бүгінгі таңда ашылған материяның екі түрін келтіруге болады. Оның бірі – табиғаттың заты болса, екіншісі – физикалық өрістер. Олардың бір-бірінен айырмашылығы:

– зат бөлшектерден – атомдардан тұрады, ал өріс бөлінбейді;
– заттың бөлшектерінің тұрақты салмағы бар, өрісте жоқ;
– заттың өткізбейтін, я болмаса аз өткізетін қасиеті бар, өріс өткізгіштігімен танылады;
– өрістің тарауы сәуленің жылдамдығына тең болса, заттың жылдамдығы бірнеше дәрежеде одан төмен.

Егер бізді айнала қоршаған макроәлемді мыңдаған жылдар бойы адамзат зерттеп келсе, микроәлем мен мегаәлем соңғы ғасырларда ғана танылуда. Бүгінгі таңда микроәлемнің құрамында 300-ге жуық жай бөлшектер ашылып, олардың қасиеттері зерттелуде.

Соңғы жылдары мегаәлемді зерттеуде де қомақты нәтижелер бар. Олардың бірі ғарыштың өне бойы кеңеюдегі үдерісі болса, екіншісі – реликтік (relic – лат., қалдық) радиотолқындардың таралуы болды. Осы екі жаңалықтың негізінде «Ұлы жарылыс» теориясы жасалған болатын – оны бүгінгі таңдағы ғалымдардың көпшілігі мойындады.

Ғарышты зерттеудегі келесі жаңалық – «қара нүктелер», ғалымдардың пайымдауынша, олар сөнгеннен кейін коллапсқа (collapse – ағылш. сөзі, – құлдырау) ұшыраған алып жұлдыздар. Біздің галактикадағы «Магеллан тұмандығындағы» жақында ашылған «үлкен жарылыс» – жаңа жұлдыздардың дүниеге келуінің айғағы. Сонымен, бір жағынан, жұлдыздар уақыты келгенде сөніп, коллапсқа ұшырап, «қара тесікке» айналып жатса, екінші жағынан, жарылыстың негізінде жаңа жұлдыздар дүниеге келіп жатыр.

Қорыта келе, материалдық дүние өне бойы өзгерісте, қозғалыс пен даму үдерісінде екенін қазіргі жаратылыстану ғылымдары көрсетіп отыр. Біздің білетініміз өте аз. Ғылым ары қарай дамыған сайын, әлі талай-талай ғажап жаңалықтар ашылатыны сөзсіз.

ә) сана болмысы

Болмыстың екінші таңғажайып түрі – ол сана, рух, жалпы алғанда, адамның психикасы. Гносеологиялық (танымдық) тұрғыдан қарағанда, сана – дүниені бейнелеудің ең биік, тек адамға ғана тән идеалдық формасы. Оны біз болашақ «танымға» арналған тарауда көлемді түрде талдаймыз.

Сана – материя емес, оны қолға ұстап сындырып, я болмаса ауызға салып дәмін байқап, мұрынға жақындатып иісін анықтауға т.с.с. болмайды. Болмыстық тұрғыдан кең түрде қарағанда, сана – адамның ішкі жан дүниесі, адам белсенділігінің психикалық деңгейі. Ал оны нақтылай келсек, ол, әрине, адамның ой толғаулары. Бірақ ол онымен бітпейді. Ойлау, рационалдық таным – сананың өзегі болғанмен, оған адамның сезім толқындары да кіреді: адам қуанады, ренжиді, ашула-

нады, шаттанады, сүйеді, жек көреді т.с.с. Егерде біз кең түрде адамның психикасын алатын болсақ, оған санамен қатар бейсаналық та кіреді. З.Фрейдтің уақытында ашқан бұл жаңалығының қазіргі өмірдегі маңызы өте зор. Сонымен қатар санаға тең емес адамның еркі де бар. Кейбір жағдайларда адам санаға сыймайтын, оған қарсы нәрселерді жасауы мүмкін. Ф.Ницше уақытында айтқандай, «нағыз адам» толқынмен бірге емес, оған қарсы жүзеді.

Адам дүниені саналы түрде бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар өз ішкі жан дүниесіне сараптау жасайды, міне, осы сәтте оның рухы оянады. Рух санаты біздің жақында өткен тарихымызда дінмен байланыстырылып, ал «кеңес тоталитаризмі» соңғыға қарсы болғаннан кейін, философиялық әдебиетте өте аз қолданды. Негізінен алғанда, рухқа ғылымдағы жетістіктер, қоғамдық сана формалары жатқызылды. Тек бүгінгі таңда ғана бұл санаттың маңызы өсуде (рух жөнінде көлемді түрде қараңыз: «Мырзалы С.К. Модернизация общества: взаимосвязь политики и морали., Костанай, 1998, 220-264 б.).

Жалпы алғанда, рух дегеніміз – адамның өзіндік сана-сезімі, өз-өзіне «сырттай қарап» баға беруі, өз өмірінің мән-мағынасымен қатар, жалпы дүние жөнінде ойлауы-толғауы, тебіренісі жатады. Бұл – тек дамыған адамға ғана тән нәрсе. Қайсыбір жануарды алсақ, ол өз-өзін бұлдыр сезінеді, өзін қоршаған ортадан бөлек алып, оған қарсы қойып қарай алмайды. Оған қабілетті – адам ғана.

Жеке адамның рухымен қатар, белгілі бір халықтың рухы жөнінде де айтуға болады. Мысалы, қазақ халқының руханияты, демек, оның өзіне тән дүниесезімі, құндылықтары. Оны әдебиетте «объективті рух» деген санат арқылы береді.

Сонымен қатар рухтың жетістіктері ғылыми, көркем шығармалар арқылы өмір сүруі мүмкін. Оны «объективизацияланған рух» дейміз. Мысалы, қайсыбір ұлы суретшінің туындысын қабылдағанда, біздің рухани өміріміз үлкен тебіреністе болып, сан алуан сезімдер мен ойлар жан-дүниемізге келеді. Әрбір адам өзінің рухани болмысына байланысты «Венера» мүсініне әртүрлі қарайды. Біреуі оны «құдіретті теңдесі жоқ әсемдік» ретінде қабылдаса, тайыз надан адам оған «нәпсілік» тұрғыдан қарауы мүмкін. Симфония, я болмаса басқа саз формаларын қабылдағанда да соған ұқсас тебіреністе боламыз, т.с.с.

Дегенмен де рухтың «негізгі үйі» – нақтылы өмір сүріп жатқан тірі адамның ішінде. Оған ақыл-ой, парасат, борыш, ар-ұждан мен ұят, аяныш, адалдық, махаббат пен сүйіспеншілік, изгілік пен ақиқат, әсемдік, үміт пен сенім, еркіндік пен әділеттілік т.с.с. жүздеген санаттар жатады. Мысалы, Н.А.Бердяевтің айтуына қарағанда, «рух дегеніміз – ақиқат, изгілік, әсемдік, еркіндік пен мән-мағына… Рух дегеніміз – адам ішіндегі оның құдайлығы» (қараңыз: Н.А.Бердяев. Философия

свободного духа., М., Мысль, 1994). Расында да, «Сенің осы Құдайың бар ма?» – деп ашына айтқанымызда, адам руханиятының тайыздығын көрсетпейміз бе? Олай болса, адам руханиятының өзегі неде деген сұрақ пайда болады. Бұл талай ойшылдарды тебіренткен сұрақ болатын.

Орыстың ұлы ойшылы Ф.М.Достоевский: «Дүниені сақтап қалатын әсемдік қана», – дейді. Әрине, көбінесе, әсемдікке ұмтылған адам зұлымдыққа бармайтыны хақ. Сонымен қатар біз өмірде «салқын лебі» бар, адамды адамнан алшақтататын әсемдікті көріп жүрген жоқпыз ба?

Рухты білім, ғылыммен де теңеуге болмайды. Ядролық физиканың жетістіктерін пайдалану жолында адамзат атомдық электр стансаларынан басқа неше түрлі жан түршігерлік қару-жарақ жасаған жоқ па? Қазақтың ұлы ойшылы Шәкарымнің XX ғ. басында-ақ ар-ұжданның бақылауынан шыққан ғылымның адам түршігерлік салдарларға әкелуі жөніндегі идеяларын еске алсақ та болғаны.

Сондықтан Шәкарым рухтың өзегін ар-ұжданнан көрген болатын. Бұл пікірді ұстаған философия тарихындағы И.Кант, Абай, С.Л.Франк сияқты ойшылдарды келтіруге болады. XX ғ. экзистенциализмнің көрнекті өкілі В.Франкл: «Ар-ұждан – адамның ішкі Құдайы», – деген болатын.

Біршама зиялылар рухтың өзегін махаббат, сүйіспеншіліктен көреді. Ортағасырдағы Августиннің айтқанындай, «сүй, содан кейін не істесең де болады». Тек қана сүю арқылы басқа адамның жан дүниесін ақтара ашуға мүмкіндік аламыз. Нағыз махаббат сүйген адамның әлі де болса ашылмаған жақтарын сыртқа шығарып, оны гүлдетіп, шығармашылық жолға итереді. Дүниені тану – тек қана табиғаттың заңдылықтарын ашу ғана емес, сонымен бірге оны шын жүрегіңмен сүюге тең. Бұл – танымның онтологиялық терең іргетасы. Тек қана сүю арқылы өзіңді осы дүние деген мұхиттың бір құрамдас тамшысы ретінде сезінгенде ғана, зерттелетін заттың ішкі сырын ашуға мүмкіндік аласыз.

Оқырман өз дүниесезімінің ерекшеліктеріне байланысты өз руханиятының өзегін табар деген ойдамыз. Ал қалам иесіне келер болсақ, рухтың өзегі ретінде ар-ұжданды қарайды. Бүгінгі қайшылыққа толы адамзат мәселелерін шешу тек саясаттың қолында емес, ол әр адамның рухани-адамгершілік жетілуімен байланысты деген ойдамыз. «Мұндай қилы заманда тек ар-ұжданын жоғары қойған адамзат өз өмірін сақтап қалады», – дер едік.

б) сана мен ми

Сана қаншалықты идеалдық құбылыс болғанмен, белгілі бір материалдық негізсіз өмір сүре алмайды. Осы арада психологиялық-физиологиялық мәселе пайда болады.

Бүгінгі деректерге сүйенсек, сананың физиологиялық негізі адамның миында жатыр. Ол, негізінен алғанда, екі жарты шарды құрайды. Оның үсті өте нәзік қабықтан – нейрон клеткаларынан тұрады. Орташа есеппен алғанда олардың саны – 14,5 млрд.!!! Әрбір нейрон клеткасы адам саусақтары сияқты 4-5 өсіндіден тұрып, солар арқылы бір-бірімен байланысады. Сонда орташа есеппен алғанда 65-70 млрд. жуық байланыс нүктелері пайда болады. Егерде шахмат ойыншылары 64 клеткада 32 фигуралармен миллиондаған ойын нұсқаларын тудыра алса, 70 млрд. жуық «клеткалары» бар мидың әлеуеті шексіздікке кетпей ме?! Адамның миы өз салмағының 2,5%-ын құрағанмен, организмнің қабылдайтын оттегінің 20%-ын жағады екен, бұл да ғажап емес пе? Яғни жүрекпен қатар, ми да өте қарқынды жұмыс істейтін мүше екені анықталды.

Адам өз түйсіктері арқылы сыртқы дүниедегі құбылыстарды қабылдап, алынған ақпаратты жүйке жүйелерімен арнаулы ми бөлімдеріне жеткізеді, міне, осы сәтте оларды сараптау басталады. Қазіргі деректерге сүйенсек, ол өте күрделі биоэлектрлік «кванттық өрістер» негізінде жүреді.

Ал мидың ішкі құрылымдарына келсек, олар әлі дұрыс танылмаған, өте күрделі де көне болып танылады. Олар бүкіл физиологиялық үдерістерді бейсаналық жолмен ретке келтіріп отырады деп болжауға болады. Мысалы, сіздің жүрегіңіз минутына 60 рет соқса, оны басқаратын мидың бөлігі сіздің жүрегіңізге 60 рет электримпульс жіберіп, оны соқтыртады… Адамның бауыры әсіресе таңғы сағат 4-тен 6-ға шейін белсенді істейді екен. Бұл үдерістің уақытын анықтап басқаратын мидың арнаулы бөлігі бар т.с.с.

Миды зерттеудегі негізгі қиындық – адамның ең биік құндылық екендігі, ендеше, оған ешқандай эксперименттер жасауға болмайтындығы. Сондықтан адамның миы тек жанама түрде ғана зерттеледі. Мұндағы зерттелмеген нәрселер шаштан да көп.

в) сана және оның әлеуметтік табиғаты

Ми сананың өмір сүруінің физиологиялық негізін құрайтынына қарамастан, ол – тек құрал ғана. Сондықтан да тарихта өмір сүрген ұлы адамдардың миының ерекшелігі зерттелген кезде, онда ешқандай ерекшелік байқалмады. Мысалы, француз жазушысы А.Франстың миының салмағы 1100 г. болса, И.С.Тургеневтікі 2200 г. болған. Лениннің миынан да ешқандай ерекшелік табылмаған. Адам ми арқылы ойлағанмен, оның негізгі органоны қоғамның өзі болып табылады. Адам басқа адамдар, жалпы қоғаммен, кітаптар арқылы өткен ұрпақтармен сан қилы шым-шытырық байланысқа түсудің негізінде

өз ойын дамыта алады. Сана – адамдар жасаған әр затта, она айнала қоршаған «жасанды табиғатта» сөнген. Өзінің өмірінің барысында сол заттарды пайдаланып, адам ондағы сөнген рухты қайта тірілтіп, өз санасының құрамына айналдырады.

«Ұлы мәртебелі Табиғаттың» жасаған «аянышты тәжірибелеріне» тоқталсақ, жоғарыда айтылған ойдың ақиқаттығына көзіміз жетеді. 1920 ж. Үндістан еліндегі орманда қасқырдың соңында төрт аяқтап жүгіріп бара жатқан екі егіз қыз ұсталады. Олар қасқыр алып кетіп өсірген Амала мен Камала болып шығады. Оларды адами өмірге қайтару мақсатында Дели университетінің психология факультетінде зерттейді. Ақырында, адами қатынастарға шыдай алмай Амала өледі де, Камала 16 жасқа шейін өмір сүріп, небары 30-ға тарта сөздің мән-мағынасын ұғады. Бірақ ол сөздерді сөйлем ретінде бір-бірімен ұштастырып айта алмайды. Олар күндіз енжар болып қалғу үстінде болса, түнге қарай көздері жарқырап, қасқырша ұлып, белсенділік көрсетеді…

Екінші ғылыми экспериментті Кеңес Одағының көрнекті ғалымдары В.Мещеряков пен Э.Ильенков 60 жылдарда жасайды. Олар көзі көрмей, құлағы естімей туған төрт баланы тәрбиелеп, адами өмірге әкеледі. Ең алдымен оларды кеңістікті сезінуге үйрету керек болды. Ол үшін балаларға емізікпен тамақ берген кезде, оны бірте-бірте аузынан алшақтатады, ал бала оны қолымен ұстап жібермеуге тырысады, яғни ол кеңістікті сезіне бастайды. Жүре келе, олардың қолына қасық ұстатып, тәрелкеден тамақ алып, аузына жақындатып салуға үйретеді т.с.с. Сөйтіп, адами заттарды игерудің арқасында олардың сана-сезімі оянып, олар адамдардың қатарына қосылып, тіпті сөйлеу дәрежесіне дейін көтеріледі. Қалам иесі 1976 ж. болған ММУ-дағы жұмыс сапарында олармен көзбе-көз кездесіп, сұхбаттасқан болатын. Олар ол кезде психология факультетінің студенттері еді… Бұл теңдесі жоқ ғылыми эксперимент И.Канттың кеңістік жөніндегі априоризмін теріске шығарды, сонымен қатар сананың әлеуметтік табиғатын шынайы көрсетті.

Келесі экспериментті АҚШ-тағы ғалымдар жасады. Олар шимпанзенің жаңа ғана туған баласын қолдарына алып, әлди-әлди өлеңдерін айтып, адами жолмен тәрбиелеп өсірді. Бірақ ол сөз ұғу дәрежесіне көтерілмеді. Сонымен қатар ол 240-қа жуық «ымдау тілімен» айтылған мән-мағынаны түсінетін дәрежеге көтерілді. Қаншалықты тәрбиелесе де, жалпы алғанда, ол адами өмірге жат болып шықты.

Бұл айтылған деректердің бары де сананың – әлеуметтік адами құбылыс, ал мидың өзі ойлау құралы екенін көрсетеді.

г) сана және тіл

Ойлау үдерісін тілсіз көзге елестету – өте қиын шаруа. Егер ми сананың физиологиялық негізі болса, тілді шынайы ойдың «материясы»

ретінде түсінуе аламыз. Айтылған сөз – дыбыс толқындары – материалдық құбылыс екені ешкімнің дауын тудырмайтын жайт. Тіл дегеніміз – ойды, адами қатынастарды қамтитын белгілі бір белгі жүйесі. Тіл – ойдың сыртқы материалдық қабығы, соның арқасында адамдар бір-біріне неше түрлі ақпараттарды, өз ойларын жеткізе алады. Сонымен қатар адамның өзіндік санасының өзі тілмен берілген, тілсіз ойлау тіпті мүмкін емес. Тіл мен сана – күміс ақшаның оңы мен астары сияқты, бір-бірінсіз өмір сүре алмайды.

Тарихи қоғамның дүниеге келуі – тіл мен сананың да пайда болуымен тең. Тілдің дүниеге келуінің биологиялық алғышарттары ретінде жоғарғы жануарлардың неше түрлі дене қозғалыстары мен дыбыс сигналдарын айтуға болады. Алғашқы тобырда бірігіп, аң аулау барысында ең алдымен «ымдасу тілі», дене қозғалыстары арқылы адамдар әртүрлі хабарларды бір-біріне жеткізеді, сонымен қатар неше түрлі сезім толқындары (қуаныш, я болмаса қайғы, ауыру т.с.с.) олардың аузынан неше түрлі дыбыстарды шығарады. Соңында, еңбек құралдарын жасауға көшкен кезде, ой мен тіл шынайы тез қарқынмен дами бастайды.

Әр халық өзінің дүниеге келуі мен дамуы барысында өзіне тән тілін қалыптастырады. Мыңдаған жылдар бойы жасалған өмір тәжірибелері қорытылып, тіл халықтың рухани байлығына айналады.

Бүгінгі таңда жер бетінде 2000-ға жуық ұлттық тілдер бар, бірақ адамзат ой өрісі бірегей, сондықтан да халықтар арасында түсіністік пайда болады. Оның негізгі себебі – ой арқылы дүниенің заңдылықтарының бейнеленуі. Адамзатты айнала қоршаған орта бір болғаннан кейін, ойлау формалары да – бір.

Бүгінгі таңдағы дамыған адамзат неше түрлі тілдің жүйелерін жасады. Әрбір ғылымның өзінің санаттық аппараты бар. Ғылыми ұғымдар бір-бірімен өте тығыз байланыста болып, сол заттың жүйесін құрайды. Мысалы, биология ғылымын «тұқымқуушылық», «өзгерушілік пен тұрақтылық», «ассимиляция мен диссимиляция», «табиғи таңдау» т.с.с. санаттарсыз көзге елестету мүмкін емес. Философия пәнін құрайтын жүздеген санаттардың ішінен «материя», «сана», «кеңістік пен уақыт», «қозғалыс», «даму», «терістеу» т.с.с. атап өтуге болар еді. Жолдағы қозғалысты ретке келтіретін ережелерді алсақ, оның тілі – өзгеше т.с.с.

Бірақ, қалай дегенде де, барлық ғылым, өнер мен өндірістегі жасанды тілдер тек халықтық тілдің негізінде ғана өмір сүре алады. Егер ұлттық тілді көркемдеп, үлкен ағаштың діңі ретінде көрсетсек, онда басқа жасанды тілдер оның бұтақтарын құрайды. Ал бұтақтарда өсіп тұрған жапырақтар сол саланы құрайтын ұғымдар болып табылады.

Өз тәуелсіздігін алған қазақ елінде қазіргі уақытта ана тілімізді дамытуға көп көңіл бөлінуде. Соның бір кішкентай айғағы ретінде осы оқулықты алсақ та болғаны. Ана тілі – зор рухани байлық. М.Хайдеггер айтқандай, «тіл – болмыстың үйі». Ал оның әріптесі Г.Гадамерге келер болсақ, ол: «Тіл дегеніміз – алдын ала түсіндірілген дүние», – деген терең ой тастаған екен. Олай болса, тек ана тілін терең меңгеру арқылы ғана адам өз ұлтына тән дүниесезім мен қабылдау, көзқарасты өз бойында қалыптастыра алады.

Өзіміздің ұлы бабамыз А.Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады». Осы мыңдаған жылдар шеңберіндегі қалыптасқан ана тіліміздегі інжу-маржанды аса ұқыптылықпен зерттеу, оның талай-талай ашылмаған сырларын халыққа жеткізу, сонымен қатар оны жаңа өмір талаптарымен ұштастыру – бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелерге жатады.

Бір дәуір екіншіге ауысқан жағдайда жаңа мәдени ахуал дүниеге келіп, бұрынғы көзқарасты, құндылықтарды сынға алған жаңа саяси, моральдық, эстетикалық т.с.с. идеялар пайда болады. Бірақ, сонымен қатар әрқашанда белгілі бір тұрақты ой өрісі қала бермек. Ол – тіл және оны күрт өзгерту ешкімнің де қолынан келмейді. Тілдегі қалыптасқан мәдениет үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, олардың өмір салтына, іс-әрекетіне, ой өрісіне өз ықпалын тигізіп, адамдардың өзара қарым-қатынасына үлкен әсер етеді. Сонымен қатар тіл де, басқа әлеуметтік құбылыстар сияқты, өне бойы өзгерісте, дамуда. Тілді тазарту, тарихи ұмыт қалған сөздерді өмірге қайта енгізу, жаңа сөздерді тудыру – бұлардың бәрі де – керек нәрселер. Бұл жағынан алып қарағанда, біршама жұмыстардың беті қайтарылған тарызді.

Сонымен қатар бұл салада да асырасілтеушілік жоқ емес сияқты. Әсіресе бүгінгі таңда, қазақ елі бүкіл дүниежүзілік қауымдастықпен тығыз экономикалық, саяси және мәдени қарым-қатынасқа түсіп жатқан кезде, көп ұлттардың сөздіктеріне кеңінен еңген сөздерді алып тастап, оларды «жаңарту» біздің тілімізді жаңартар ма екен, я болмаса басқа қауымдастықтардан алыстатар ма екен? Біріншіден гөрі екінші ой ақиқатқа жақын ба деп ойлаймыз.

Мысалы, «цивилизация» деген бүкіл жер шарына кең тараған ұғымның орнына «өркениет» деген сөз енгіздік. Ал олардың мазмұндары бір-біріне сәйкес келмейді. «Цивилизация» ұғымы, негізінен алғанда, қоғамның заттық, материалдық деңгейін көрсететін ұғым болса, «өркениет» (түбірі – ниет) адамның, қоғамның рухани өмірін бейнелейтін, «мәдениет» деген ұғымға жақын сөз. Соңғы жылдары «тексті» «мәтінге» (түркі емес, араб сөзіне ауыстырғанда не пайда таптық?), «класты» «сыныпқа», «архивті» «мұрағатқа» т.с.с.

ауыстырдық. Біз мұндай «тазартулардың» пайдасынан гөрі зияны көп болмас па екен деген күдіктеміз.

Дегенмен де қазақ тілінің арнасы бүгінгі таңда кеңеюде. Әрине, оны толыққанды мемлекеттік тіл дәрежесіне жеткізу үшін біршама уақыт керек. Ол үшін әрбір қазақ азаматы белсенділік көрсетіп, өз тілін терең меңгеріп, кең түрде қолдануы қажет. Сонда ғана басқа халықтардың өкілдері де қазақ тіліне деген шынайы бетбұрыс жасайтыны сөзсіз.

д) сана және кибернетикалық құралдар

Электрондық-есептеу құралдары пайда болысымен-ақ, оларды адамның миымен салыстыру, олардың бір-бірінен айырмашылығын зерттеу үдерістері басталып кетті. Бұл сала өте тез қарқынмен дами бастаған сайын, бұл мәселе де философиядағы өзекті салаға айналды. Бүгінгі таңда неше түрлі роботехника пайда болып, тіпті толығынан адамның қатысуынсыз жұмыс істейтін автоматизацияланған цехтар, тіпті зауыттар дүниеге келді. Бүгінгі таңдағы адам электрондық әуенді тыңдай алады, жобалау институттарын компьютерлік жабдықтарсыз көзге елестету өте қиын. «Genius» деген өте күрделі компьютер әлем чемпионы Г.Каспаровтың өзін жеңіп кеткені бүкіл адамзат қауымын таңғалдырған болатын. Аса күрделі компьютерлік бағдарламаларда шығармашылық тұрғыдан ізденіс жасай алатын жасанды интеллектіні де байқауға болады. Американдық фантаст-жазушы А.Азимов болашақта адамның өзіне парапар роботтар дүниеге келіп, адамға қарсы көтеріліс жасап, өз еркіне көндіру әрекетін жасауы мүмкін деген қиял айтады.

Олай болса, мәселе тікелей қойылып, жасанды интеллект алдағы уақытта адамның өзін ауыстыруы мүмкін бе деген ашық сұрақ пайда болады.

Әрине, адамның миы – бүгінгі таңдағы ашылған ең күрделі биік дәрежеде ұйымдасқан материя. Ол кванттық деңгейде жұмыс істейтін өте нәзік ойлау құралы. Сонымен қатар электрондық есептеу құралдары да – жартылай өткізгіштердің негізінде жұмыс істейтін сандық құрылымдармен байланысты материалдық үдеріс.

Міне, осы жақтарынан ми мен компьютерді салыстыруға болады. Ақпараттық қабылдаулар мен байланыстар, басқару мен бақылау жүйелерінің заңдылықтары тірі организмдер мен автоматикалық құралдарда сандық жағынан алып қарағанда ортақ болуы мүмкін. Мысалы, компьютердегі мәліметті қабылдау, өңдеу және жауап қайтару мидың түйсіктер арқылы деректер алып, оларды өңдеп жауап беруіне өте ұқсас. Әрине, тірі организмде болып жатқан нәзік физикалық-химиялық үдерістерді өлі табиғаттағымен толығынан тепе-тең салыс-

тыру мүмкін емес. Бірақ, соған қарамастан, олардың ұқсас жақтары да болғандықтан, математика ғылымының негізінде оларды модельдеуге болады.

Бүгінгі таңда компьютерлік техниканың (жасанды интеллектінің) мүмкіндіктері жыл сайын өсуде. Мүмкін, болашақта адамның миын толығынан модельдеуге де жетерміз. Дегенмен де жасанды интеллект адамның көмекшісі ретінде кеңінен пайдаланылса да, оны толығынан ешқашанда ауыстыра алмайды деген үзілді-кесілді пікір айтуға болатын сияқты. Енді осы пікірімізді дәлелдеп көрелік.

Бүгінгі таңда кибернетикалық құралдар өте күрделі өндіріс жүйелерін басқаруға көмектеседі. Бірақ сол басқару бағдарламасын компьютердің «жасанды санасына» енгізетін сол адамның өзі емес пе? Компьютер миллиондаған ақпараттан ең тиімдісін бірнеше секундта таңдап алып, адамға ұсынады. Ол адамның миын тұрпайы есептеу үдерістерінен босатып, оның шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға жағдай тудырады. Әрине, кейбір аса күрделі компьютерлік бағдарламаларда шығармашылық ізденістердің элементтері енгізілген. Дегенмен де жасанды интеллект шынайы шығармашылық ізденіс жасай алмайды. Бұл мәселеге толығырақ тоқталайық.

Шығармашылық ізденіс шабыттың, сезімдік толғаудың негізінде пайда болатыны сөзсіз. Адам тек қана ойлай алатын пенде емес, сонымен қатар ол сүйінеді, күйінеді, шабыттанады, ізгілікке, әсемдікке ұмтылады т.с.с. Осы факторлардың бәрі келіп адамның шығармашылық ізденісін тудырады. Жалғыз ғана салқын ой шығармашылықты, нақтылы қол астындағы болмысты аттап өтіп, жаңа көкжиекті тудыруы екіталай. Олай болса, кибернетикалық құралдарды адами шығармашылық деңгейге көтеру үшін, олардың бағдарламасына сезім толқындарын енгізу қажет: олар адам сияқты сүюі, ренжуі, шаттануы, ізгілік пен әсемдікке ұмтылуы керек. Ол үшін оның санасына бүкіл адамзат өткен жолды енгізу қажеттігі туындайды, ал ол мүмкін емес.

Еркіндік негізіндегі шығармашылық – адамның өзіне ғана тән тектік қасиеті. Егерде ол компьютерге берілсе, онда адам не істемек? Ол іске асқан жағдайда, расында да, адам өз-өзін терістеп, тарихтың соңғы беттері жазылып бітер еді. Әрине, ол ешкімге керек емес.

Соңғы кездерде компьютерлік техника мен жаңа білім беру технологиялары мектептер мен жоғары оқу орындарына кеңінен енгізілуде. Қанша қиындықтар болса да, жас мемлекет қомақты қаржы шығарып, жастардың компьютерлік бағдарламаларды меңгеруіне жағдай туғызуда. Оның, әрине, маңызы өте зор. Сонымен қатар бұл істе асырасілтеушілік те жоқ емес. Ауылдық жерлерде мектептерге әкелінген компьютерлік техника энергия қуаты болмағаннан кейін істемей, шығарылған қаржы

ақталмай жатыр. Екінші жағынан, дарыс беретін мамандар да аз. Көп жағдайларда компьютерлер «қымбат ойыншық» ретінде пайдаланылып, оның мүмкіндіктері толығынан іске аспай жатыр. Кейбір жоғары оқу орындарында студенттердің білімін тексеру толығынан компьютерлік тестілерге жүктелуде, жүздеген жылдар бойы сынаудан өткен бұрынғы дарыс әдістемелері жалаң терістелу жолында.

Бұл арада біз бір нәрсені ойдан шығармауымыз керек. Ол – білім беру мен тәрбие жүйесіндегі оқытушының тұлғасының рөлі, оны ешқандай компьютер ауыстыра алмайды. Ол әрқашанда негізгі үлгі болып қала беруі керек. Адамға білім беру дегеніміз – оның тұлғасының қалыптасуына жан-жақты әсер ету деген сөз. Жалаң ақпарат қанша көп болса да, адамның моральдық қасиеттерін қалыптастыра алмайды, ол тек технократизмге ғана әкеліп тіреуі мүмкін. Ал ол болса – адамзатты бүгінгі рухани дағдарысқа әкелген жол.

Батыстың білім беру жүйесіндегі көп жетістіктерімен қатар, үлкен кемшілігі – біржақты бейімделген, тек өз мамандығын ғана меңгерген «бірөлшемді» адамды (Г.Маркузе) дайындауы. Оның салдары ретінде «дүниеқуушылық», «сезімдік ләззатқа ұмтылушылық», адамдардың бір-бірінен жаттануы, материалдық байлық қанша өссе де, өмірдің рухани жағының азғындауы, соның нәтижесінде «әлеуметтік ауытқушылықтардың» (нашақорлық, ішімдікке салыну, қылмыстық т.с.с.) өсуін айтсақ та жеткілікті. Бұл айтылған ойлардан компьютерлік білім беру жүйесінің керек еместігі туындамайды. Ол, әрине, қажет. Бірақ оның мүмкіндіктері асыра бағаланбауы керек. Ол бұрынғы дәстүрлі білім беру жүйесін толықтыру, оның тиімділігін арттыру және өмірде кеңінен қолдану үшін қажет.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Болмыс ұғымына қарсы тұрған ұғымды атаңыз.
2. «Екінші табиғат» болмысына нелер жатады?
3. Жалқы дегеніміз не?
4. Ерекше деп нені айтамыз?
5. Номинализм мен реализм жалпылық мәселесін қалай шешеді?
6. Сапа мен сан ұғымдарының айырмашылығы неде?
7. Мөлшер ұғымының адами қатынастардағы сипаты қандай?
8. Секіріс деп нені айтамыз?
9. Қозғалыс дегеніміз не?
10. Негізгі қозғалыс формаларын еске алыңыз.
11. Жоғарғы қозғалыс формасын төменгі арқылы түсінуге бола ма?
12. Қозғалыстың тетігі неде?
13. Кеңістік пен уақытты релятивистік тұрғыдан қараған ойшыл кім?

14. Биологиялық кеңістік пен уақыттың ерекшеліктері қандай?
15. Әлеуметтік кеңістік пен уақыт тарихи өзгере ме?
16. Даму дегеніміз не?
17. Даму мен қозғалыстың айырмашылығын көрсетіңіз.
18. Синергетика дегеніміз не?
19. Бифуркация дегеніміз не?
20. Физикалық терісте мен диалектикалық терістеудің айырмашылықтары қандай?
21. Прогресс деп қандай дамуды айтамыз?
22. Дүниенің толық кемеліне келгенше жетілуі мүмкін бе?
23. Жүйе дегеніміз не?
24. Жүйе өз элементтерінің қарапайым қосындысына тең бе?
25. Жүйе ретіндегі қоғамның құрылымы қандай?
26. Аристотель форма мен мазмұнның қайсысын басым санады?
27. Детерминизм дегеніміз не?
28. Дерексіз мүмкіндік дегеніміз не?
29. Шынайы өмірдегі консервативтік мүмкіндіктерді көрсетіңіз.
30. Синергетикадағы кездейсоқтықтың рөлін есіңізге түсіріңіз.
31. Волюнтаризм адам еркіндігін қалай түсінеді?
32. Фатализм дегеніміз не?
33. Материя дегеніміз не?
34. Материяның негізгі екі түрін атаңыз.
35. Сананың құрылымы қандай?
36. Рух дегеніміз не? Рухтың өзегін не құрайды?
37. Сана мен мидың айырмашылығы неде?
38. Ойлау формалары бір болса да, неге көптілдік бар?
39. Кибернетикалық құралдар адамды ауыстыра ала ма?

Рефераттар тақырыптары:

1. Философиядағы болмыс ұғымы.
2. Көне Шығыстағы болмыс мәселесі.
3. Парменидтің болмыс ілімі.
4. Жалқылық пен жалпылық.
5. Тәуелсіздіктің болмыстық мән-мағынасы.
6. Сан мен сапалық өзгерістер.
7. Өтпелі қоғамдағы секіріс көріністері.
8. Биологиялық қозғалыс формасының ерекшеліктері.
9. Кеңістік пен уақыт жөніндегі субстанциялық көзқарас.
10. Әлеуметтік кеңістік пен уақыт мәселесі.
11. Даму ұғымы.
12. Даму мен қозғалыс.

13. Синергетика ілімі.
14. Жүйе және элемент.
15. Мүмкіндік пен шындық.
16. Детерминизм ілімі.
17. Сана мен тіл.
18. Сана мен ми.
19. Сана және компьютер.
20. Философиядағы «рух» ұғымы.

XIV тарау. Эпистемология. Таным мәселелері

§ 1. Таным дегеніміз не?

Жоғарғы тарауда болмыс мәселелерін талдап: «Дүние қалай құрылған?» – деген сұраққа жауап беруге тырыстық. Енді уақыт екінші үлкен сұраққа жауап беруді талап етеді. Осы өзімен-өзі өмір сүріп жатқан дүниені адам танып-біле ала ма? Әрине, біз бұл сұраққа оң жауап қайтарамыз. Тек болмыс шеңберіндегі заттар мен құбылыстардың ішкі сырын ашу арқылы ғана адам оны ерікті түрде шығармашылық жолмен қайта өзгерте алады. Бізді айнала қоршаған «екінші табиғат» – неше түрлі машиналар мен механизмдер, электр стансалары, байланыс жүйелері т.с.с. – адамның дүниетаным мүмкіндігі, рух құдіретінің шынайы көріністері.

Таным деп біз адамның айнала қоршаған ортаны зерттеудегі ерекше рухани іс-әрекетін айтамыз. Ол әрқашанда даму үдерісінде. Егерде көне замандағы адам найзағай жарқылдап, күн күркіреген кезде зәресі кетіп, оны аспан Құдайының іс-әрекетіне теңестірген болса, қазіргі уақытта оның физикалық сырын 8-9-сыныптарда оқитын әрбір оқушы айта алады.

Адамзаттың мыңдаған жылдарға созылған тарихы танымның өте күрделі көпдеңгейлі құбылыс екенін мойындайды. Миллиондаған адамдардың дүниетану әрекетінің негізінде әртүрлі жырақтар мен бұлақтардан қосылған өзен арнасы сияқты, қоғамдық мағынасы зор таным үдерісі қалыптасады. Алайда жеке адамның санасында қалыптасқан кейбір түсініктер жалған болуы, я болмаса, кейбіреулері өз заманының арнасынан шығып, бүгінгі өмірдің сұранысын тудырмауы да мүмкін. Сондықтан нақтылы тарихи қоғамның сұранысына байланысты «табиғи таңдауға» ұқсас үдерістердің негізінде жеке адамның санасындағы ойлар қоғамның рухани байлығына айналады. Ол үшін адамдар өз білімдерін бір-бірімен бөлісуі қажет. Ол, негізінен алғанда, университтердің мінбелері, басылып жарық көрген мақалалар мен кітаптар арқылы, олардың мазмұнын сынау, тиімді және тиімсіз жақтарын қоғамдық санаға көрсету т.с.с. жолдармен жүріп отырады.

Қайсыбір тіршілік сияқты, адам да айнала қоршаған ортаның шеңберінде өмір сүреді. Алайда оның өмір сүру тәсілі басқа тіршіліктерден мүлде өзгеше. Егерде қайсыбір жануар өзінің дене құрылысы мүмкіндігіне сай айнала қоршаған ортаға бейімделген, дүниедегі сан алуан құбылыстардың ішінде тек өз тіршілігіне тікелей, я болмаса жанама қатысы бар заттар мен құбылыстарды ғана сезініп, тек соған сәйкес өмір сүретін болса, адам дүниеге өз санасы арқылы жан-жақты қарай алады. Сонымен қатар айнала қоршаған орта нақтылы

тарихи өмір сүріп жатқан адамдардың таным мүмкіндіктері мен оны игеру деңгейінен әрқашанда асып түседі. Олай болса, ол адамдардың дүниені зерттеп игеру жолындағы шексіз мүмкіндіктерін тудырады.

Дүниетанудағы негізгі мақсат – зерттеліп жатқан заттар мен құбылыстардың ішкі сырын ашу, яғни оларды білу. Білім – әрқашанда шындықтың идеалдық бейнесі, өйткені бірдемені білу дегеніміз – сол жөнінде идеалдық түсініктің болуы. Олай болса, танымды күрделі үдеріс, ал білімді белгілі бір нәтиже ретінде қарауымыз керек.

Тарихи ғылыми білім дүниеге келместен бұрын, күнбе-күнгі өмір тәжірибесінен пайда болған күнделікті қарапайым білім дүниеге келеді. Ол адамның кәсіби танымдық іс-әрекетінен емес, күнделікті өмірдің қажеттіліктерінен (аң аулау, балық ұстау, еңбек құралдарын жасау, үй салу, бала тәрбиелеу, жеміс-жидек жинау т.с.с.) пайда болады. Оған күнбе-күнгі өмір тәжірибесінен қорытылған халық даналығын көрсететін мақал-мәтелдерді, адамгершілік нормаларды, әдет-ғұрыптарды т.с.с. жатқызуға болар еді. Осындай өмірлік білімнің негізінде адамдар айнала қоршаған ортаны бағдарлай алатын дәрежеге жетеді. Ал ғылыми білімге келсек, ол арнаулы білімді меңгеру мен оны шығармашылық жолмен дамытудың негізінде пайда болады. Оның қайнар көзі бертінде, ой еңбегінің дене еңбегінен бөлінуінен басталады.

Жүре келе, ғылыми зерттеудің тақырыбына байланысты білімнің әртүрлі салалары пайда болады. Табиғатты зерттеудің барысында астрономия, механика, физика, химия, геология, биология т.с.с. ғылымдардың негіздері қаланады. Олардың басын біріктіріп, жаратылыстану ғылымдары дейміз. Адам мен қоғамды зерттейтін білім салалары гуманитарлық, қоғамдық пәндерді тудырды. Оларға философия, психология, саясаттану, мәдениеттану т.с.с. пәндер жатады. Гуманитарлық білімдердің ерекшеліктері – олардың мазмұнында нақтылы-тарихи өмір сүріп жатқан әлеуметтік топтардың мүдделері мен мақсат-мұраттарының бейнеленуі. Сондықтан белгілі бір қоғам өміріндегі құбылысқа әрбір әлеуметтік топ өзіндік баға беруі мүмкін. Сонымен қатар бұл пәндердің бәрінің басын біріктіретін құндылықтар – адамды сүю, ізгілік, жақсылық, жетілгендік, әсемдік, әділеттілік, еркіндік, теңдік т.с.с.

Гуманитарлық білім саласында көркемдік танымды ерекше алып қарауға болады. Оған әдебиет, поэзия, қылқалам, әуен т.с.с. өнер саласындағы туындыларды зерттеуді жатқызамыз.

Сонымен қатар бүгінгі адамзаттың рухани-адамгершілік дағдарысқа түсуіне байланысты, дінтану мәселелері ерекше өзекті болып отыр.

Дүниетану – өте күрделі құбылыс, ол үшін адам барлық жан-тәнінің мүмкіндіктерін пайдаланады. Нақтылы-тарихи өмір сүріп жатқан қоғамдағы құндылықтар, солардың негізінде қалыптасатын қоғамдық

қатынастар, өндіргіш күштердің деңгейі т.с.с. таным үдерісінде өз орнын алады.

Ендеше, дүниетану негізінде жатқан негізгі құбылысты анықтамай болмайды, сонда ғана оның терең мәнін ашуға болады. Сана, рух болмысының өзегі білімде болғаннан кейін, мыңдаған жылдардың шеңберінде ойшылдар танымның негізін адамның санасынан көрді: «таным үдерісін дамытатын ақыл-ой жаттығуы, жетілуі», «шығармашылық ізденіс», «білімге деген құштарлық», «туа біткен табиғи дарын» т.с.с. Әрине, аталған факторлардың танымдағы орнын терістеуге болмайды. Бірақ олардың негізінде толыққанды таным теориясын жасау мүмкін емес. Ол үшін біз адамның басқа тіршіліктерден бөлек, тек өзіне ғана тән өмір сүру тәсілін анықтауымыз керек. Ал оның өзі бізді адамның «таза табиғатқа» қанағаттанбай, оны қайта құру, өзгерту іс-әрекетіне әкеліп тірейді. Оны философия тілінде «практика» дейді.

§ 2. Танымның практикалық (іс жүзіндегі) табиғаты

Практика (practikos – грек сөзі, белсенділік, іс-тәжірибе) ұғымы айнала қоршаған ортаны өзгертудегі адамның саналы, мақсатқа лайықты іс-әрекетін бейнелейді. Әрине, адам да қайсыбір тіршілік секілді, айнала қоршаған ортасыз өмір сүре алмайды. Қайсыбір жануар өзінің дене құрылысы, табиғатына байланысты айнала қоршаған ортаның шеңберінде өзінің орнын тауып өмір сүреді. Ол тек қана өз тіршілігіне тікелей, я болмаса жанама қатысы бар заттар мен құбылыстарды ғана сезініп, қабылдай алады. Яғни оның мүмкіндіктері әрқашанда шектелген. Ал адам қоршаған ортамен жан-жақты қатынасқа түседі. Айнала қоршаған орта нақтылы-тарихи өмір сүріп жатқан адамның игеру мүмкіндігінен әрқашанда басым болғаннан кейін, адамның шексіз дүниетану мүмкіндігін тудырып, оның жаңа күш-қабілеттерін оятады.

Білімнің шынайы мән-мағынасы оның өмірге еніп, қоғамның материалдық және рухани жақтарын жетілдіруде емес пе? Танымның негізгі мақсат-мұраты тек қана білімді жетілдіру ғана емес, сонымен қатар қоғам мен адамның өне бойы өзгерістегі материалдық және рухани қажеттіліктерін өтеуде болса керек.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, ғылымның қайнар көзінің өзі осы адамзат практикасының қажеттіліктерінен шыққанын байқауға болады. Мысалы, көне заманда көшпенділер аспандағы жұлдыздар мен планеталарға қарап, көш жолдарын анықтай бастады. Көне Мысыр мен Қытайда суармалы егін егу қажеттілігі үлкен арналар қазып тартуға мәжбүр етті, ал ол үшін жер бетіндегі кеңістікті зерттеу қажет болды.

Соның нәтижесінде геометрия мен математиканың негіздері жасала бастады.

Қазіргі адамзат іс-тәжірибесіне келер болсақ, оның қажеттіліктері де ғылымның дамуының негізінде жатқаны сөзсіз. Мысалы, АҚШ Невада штатында жақында орасан зор синхрофазатронды іске қосты. Ол осы мемлекетке 6 млрд. долларға түсті. Осыншама қаражат аса дарынды бірнеше физиктің «білімқұмарлығы үшін» жұмсалды деп ойлау тым тұрпайы болар еді. Ресей, басқа да ірі мемлекеттер де ядролық физика саласын зерттеуге біршама қомақты қаражат жұмсауда. Ал оның негізгі себебі адамзаттың іс-тәжірибесінен шығатын энергияның жаңа көздерін ашу қажеттігінде жатқаны сөзсіз. Өйткені органикалық шектелген энергия ресурстары (мұнай, газ, таскөмір) жылдан-жылға азайып, қазірдің өзінде алаңдаушылық тудырып отырғаны ешкімге де құпия емес. Сонымен, жаңа энергия көздерін ашу, оны игерудің арзан да қауіпсіз технологияларын жасау – бүгінгі таңдағы ғылымның негізгі мақсат-мұраттарының біреуіне айналып отыр. XX ғ. соңғы ширегінде дүниеге келген эволюциялық химияның да алдындағы зор мақсат – Күн сәулесін электр тогына айналдырудың арзан технологиясын жасау, судың фотолизін жасап, суды тегін, іс жүзінде шексіз де таза энергия көзіне айналдыру т.с.с.

Бүгінгі таңдағы ең алдыңғы қатарлы ғылым саласы – биологияны алып қарасақ, мұндағы ғалымдардың алдына қойған мақсат-мұраттары да бүгінгі адамзаттың іс-тәжірибесімен тығыз байланысты екенін байқаймыз. Генетикаға қатысты микро-биологиялық зерттеулер тіршілікті клондық, яғни бейжыныстық жолмен тудыру, өмірдің ең терең сырларын ашу – қазіргі адамзатқа ауадай қажет нәрселер. Өйткені тек осы зерттеулердің негізінде болашақта тұқым қуу механизміндегі жиі кездесетін ауытқуларды емдеуге, сонымен қатар мол өнім беретін жаңа өсімдіктер мен жануарлар түрлерін тудыруға, олай болса, жер бетіндегі аштыққа ұшыраған халықтарға тиімді көмек беруге жол ашылады.

Енді ғарышты зерттеу мәселелеріне келер болсақ, олардың да адамзаттың іс-тәжірибесімен байланысты екенін байқауға болады. Мысалы, ғарыштағы орналасқан байланыс жүйелері арқылы теңізде апат болған кемені тез арада тауып алып, көмек көрсетуге болады. Бүгінгі жер бетін толығынан шырмаған ақпарат жүйелері: интернетті өмірге енгізу, әртүрлі құрлықтармен телефон байланысы жүйесін орнату т.с.с. ғарыштағы жасанды жерсеріктерсіз мүмкін болмас еді.

Жоғарыда келтірілген деректерді тағы да жалғастыра беруге болар еді. Бұлардың бәрі де таным үдерісінің әрқашанда адамзаттың іс-тәжірибесімен байланысты екенін көрсетеді. Дүниетаным адамзаттың ерекше рухани іс-әрекеті болғанымен, оның терең табиғаты іс-әрекетте, оның әлеуметтік-тарихи мән-мағынасында жатқаны сөзсіз.

§ 3. Таным құрылымы

Таным – өте күрделі үдеріс, оған адамның бүкіл жан дүниесі: түйсіктері, ақыл-ойы, ырқы, сезім тебіреністері, ішкі көкейкөзі – бәрі де өзара бір-бірімен байланысты түрде қатысады. Шынайы таным үдерісінде оларды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Дегенмен де танымды жете түсіну үшін біз теориялық деңгейде оларды бір-бірінен ажыратып қарастыруымызға болады. Осы тұрғыдан келгенде, біз сезімдік танымнан бастауымыз қажет сияқты.

Сезімдік танымның негізгі формалары түйсіктер, қабылдау және елестету болып табылады. Айнала қоршаған дүниемен адам өз түйсіктері арқылы байланысты. Адам белгілі бір затты көріп, оның жылы-суықтығын, жұмсақ-қаттылығын, ащы-тәттілігін т.с.с. анықтай алады. Әрине, түйсіктерді толығынан айнала қоршаған ортадағы физикалық құбылыстармен теңеуге, сонымен қатар ажыратуға болмайды. Кең түрде алғанда, түйсіктер бізді дүниемен байланыстыратын, сол жөнінде деректер беретін бейнелеудің ерекше түріне жатады. Олар, әрине, қоғамдық-тарихи дамудың нәтижесі, адамзаттың іс-тәжірибесімен тығыз байланысты.

Адамның түйсіктері бір-бірімен байланысты, олар өзара бір-бірін толықтырып, сәйкестендіріп отырады. Соның нәтижесінде адам дүниені қабылдауға мүмкіндік алады. Затты қабылдау дегеніміз оның ащы-тұщылығын, түрлі түстілігін т.с.с. қасиеттерін бөлек-бөлек ажырату емес, оның біртұтас бейнесін тудыру болып табылады. Сонымен қатар ерекше ескеретін нәрсе – адам қабылдаған заттың барлық қасиеттерін бірдей бейнелей алмайды. Ол заттың тек оған қажетті жақтарын ерекше белгілейді. Мысалы, егер көктемде біз алқызыл апорт алмасын көрсек, оның біртұтас бейнесінің ішінде оның хош иісіне ерекше көңіл бөлеміз. Өйткені біздің оны жегіміз келеді. Егерде осы ахуал күзде болып, жаңа ғана он алма жеп, сол апортты көрсек, оны қабылдағанда оның түсіне, әсем жақтары мен формасына ерекше көңіл бөлеміз, яғни оны жейтін тамақ емес, эстетикалық зат ретінде қабылдап, ләззат аламыз.

Әр адам дүниедегі заттарды өз жасына, өмірден алған тәжірибесіне, білімі мен кәсіби іс-әрекетіне, тіпті мінез-құлқына байланысты сана-сезіміндегі қалыптасқан санаттарды (ұғымдарды) пайдаланып қабылдайды. Мысалы, жеңіл машинамен әуестенетін адамның санасында солар неше түрлі туралы ақпараттар бар. Егер ол бұрын көрмеген машинаның жаңа үлгісін көшеде байқаса, оның жанына келіп, бұрынғы білімдерін пайдаланып, бір минуттан кейін сол көлік жөнінде белгілі бір пікірге келеді, яғни ол оны игереді. Ал басқа адам ол машинаға көңіл де аудармауы мүмкін. Музейге қойылған мәрмәрдан жасалған

жас әйелдің дене бітімінен бір адам асқан сұлулықты, жетілгендікті көрсе, екінші надан адам оны нәпсілік тұрғыдан қабылдауы мүмкін.

Енді елестетуге келсек, оның санаға тіпті жақындығы байқалады. Өйткені көзге елестетін зат, я құбылыс көз алдыңда жоқ, бірақ сіз оны елестете аласыз. Мысалы, жақсы көретін досыңызды, я болмаса ауылдағы туысыңызды дәл қазір жаныңызда болмағанмен, көзге елестетуге болады.

Адамның сана-сезімінің тағы да бір керемет ерекшелігі – өткендегіні есте сақтау. Физиологиялық тұрғыдан қарағанда, ол адам жүйкесінің өткенде болғанды ақпарат ретінде сақтау қасиеті болып табылады. Оның негізгі екі түрін көрсетуге болады. Біріншісі – сезімдік бейне, екіншісі – сөздік-ұғымдық түрі.

Сөйтіп, сезімдік таным бізге заттардың айнадағыдай бейнесін бермейді, оның қалыптасуына адамның қажеттілігі мен мүддесі, мақсат-мұраты, неше түрлі сезім толқындары, қысқасы, бүкіл жан дүниесі қатысады.

Енді дерексіз ойлау формаларына келер болсақ, онда ең бірінші ұғымдарды атап өтуіміз қажет. Ұғымдарда заттар мен құбылыстардың адамға деген жалпы, мәнді, қажетті жақтары бейнеленеді. Уақытында көркем түрде Г.Гегель ұғымды табиғаттың жаны деген болатын. Өйткені қайсыбір ұғым мазмұнына заттың біршама мәнді қасиеттері кіріп, оның көлемін сондай қасиеттері бар көп заттар құрайды. Ұғымдар, бір жағынан, дүниедегі заттар мен құбылыстардың бізге керек сан алуан қасиеттерінің бар екенін және олардың бір-бірімен байланыстарының байлығын бейнелесе, екінші жағынан, адамның танымдағы белсенділігі мен нәтижелілігін, ой мен білімнің құнарлы күшін көрсетсе керек.

Жалпы алғанда, ойлау дегеніміз ұғымдарды ретімен байланыстырып, белгілі бір пікірге келу, пайымдау болып табылады. Мысалы, адам – ойлай алатын пенде десек, оның негізгі қасиеттерінің бірін көрсетеміз.

Бір-бірімен байланысты бірнеше пікірді салыстырып, белгілі бір қорытындыға келуге болады. Мысалы:

Адам ойлай алады;

Нұрлан – адам;

Нұрлан ойлай алады.

Алғашқы екі пікірді қорытудан үшінші пікір пайда болды.

Сонымен, адам ойланған кезде белгілі бір зат туралы сезімдік деректерді ұғыммен қамтуға тырысады. Соның нәтижесінде сезімдік әртүрліліктің бірлігі анықталады, яғни зат жөнінде жаңа білім пайда болады. Егер сезімдік деректер әралуандылықты көрсетсе, ұғым олардың бірлігін алға тартады. Мұны біз ғылыми тілде санаттық

(ұғымдық) синтез (біріктіру) дейміз. Кейбір әдебиет беттерінде оны дискурсивтік ойлау әдістері дейді.

Сонымен қатар адам таным қабілеттерінің бірі ретінде интеллект деген ұғымды келтіруге болады. Ол адамның ең жоғарғы, бүкіл дүниені біртұтас ретінде қамтуға бағытталған, яғни философиялық дәрежеге көтерілген ойлау қабілеті болып есептеледі.

Енді интуиция (көкейкөз) мәселесіне келер болсақ, ол – тікелей шындыққа жету, оның ақиқаттығын анық та айқын көру, ешқандай дәлелдеуді талап етпеу. Мәселенің қиындығы – сол саған ашылған шындықты басқаға жеткізу болса керек. Ол үшін оны тағы да ой елегінен өткізу қажет. Ал мұның өзі интуиция адамның бүкіл сана-сезімімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Қайсыбір көкейкөз арқылы берілген шындық сол мәселемен талай күндер, я жылдар бойы айналысқан, оның бүкіл жан-тәнін баурап алған адамға келеді. Ал оның өзі сол мәселенің шешілуі тіпті адамның саналы түрде ғана емес, сонымен қатар бисаналық жолмен жүріп іске асқанының көрінісі емес пе?

Таным үдерісі адамның еркімен (ырқымен) де тығыз байланысты екенін байқаймыз. Ол адамды таным жолында белгілі бір мақсаттарға, нәтижеге жеткізуге көмектеседі. Адам өз ырқы арқылы бүкіл күш-жігерін жинақтап, оны зерттеуге ұмтылдырады. Алайда ырық әрқашанда сананың ең алдымен моральдық құндылықтардың бақылауында болуы қажет. Ол әсіресе бүгінгі таңдағы жаратылыстану ғылымдарында қажетті. Өйткені адам дүниеге тереңдеген сайын табиғаттың орасан зор күштеріне кез болып, ар-ұжданы дамымаған ғалымның сол күштерді өз мүддесіне жаратуға бағытталған пейілі мен іс-әрекетін тудыруы ғажап емес. Мұндай жағдайда, ол адамзатты үлкен қайғы-қасіретке, тіпті бұрын-соңды болмаған апатқа әкелуі мүмкін. Көне грек елінде өз атын тарихта қалдыруды армандаған, бірақ қолынан ұлы іс келмейтін Герострат деген кісі Артемида құдайына арналған ғажап кесенені жағып жіберген екен. Сол сияқты бүгінгі уақытта ғылым саласында қызмет етіп жатқан геростраттар жоқ деп кім айта алар екен?

Таным үдерісінде аса бағаланатын нәрсе – ол адамның талант-тылығы. Біріншіден, ол адамға берілген табиғи дарынмен тығыз байланысты екенін байқауға болады. Егер біреу көркемөнерге жақын болса, екінші – математика, физикаға, үшінші тілдерді игеруге ынтық болуы мүмкін. Адамдардың бұл қабілеттері белгілі бір әлеуметтік жағдайларды жасау, сонымен қатар тұлғаның қажымас еңбегінің арқасында талантқа, яғни шығармашылық қабілетіне айналуы мүмкін. Кері жағдайда, адам табиғи дарынын таланттық деңгейге көтере алмай, оны сөндіріп алуы да ғажап емес.

Танымның негізгі мақсаты – ақиқатқа жету, соның нәтижесінде ғана оны нақты өмірде пайдалануға жол ашылады.

§ 4. Танымдағы ақиқат мәселесі

Практикамен, яғни іс-тәжірибемен тығыз байланысты келесі мәселе – дүниетану жолындағы ашылған білімнің ақиқаттығы. Әңгіменің қиындығы мынада: қайсыбір білімнің екі жағы бар. Бірінші – адамның биологиялық табиғаты, яғни оның түйсіктері, жүйке мен ми ерекшеліктері, сонымен қатар нақтылы-тарихи жағдайдағы қоғам құрылымы, оның мәдени ерекшеліктері, ғылыми ақпаратты өңдеп, пайдалану тәсілдерімен байланысты. Екіншісі – танымда бейнеленетін шынайы шындықтың өз қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтау болмақ. Танымның осы екі жағы бір-бірімен өте тығыз байланыста екені сөзсіз. Олай болса, біздің білім мазмұнының қай жақтары жеке адам, я болмаса адамзатқа тәуелсіз түрде зерттеліп жатқан заттың шынайы қасиеттеріне сәйкес келеді? Бұл сұрақ білім ақиқаттығы мәселесінің өзегін құрайды.

Әрине, жалпы түрде алғанда, өзімен-өзі өмір сүріп жатқан шынайы білім дүниеде жоқ. Ол – адам, әлеуметтік топ, я болмаса жалпы қоғамның білімі. Ол бітімі жағынан субъективті. Сонымен қатар онда дүниедегі зерттеліп жатқан заттар мен құбылыстардың бізге тәуелсіз ішкі мәндік жағы ашылады. Осы тұрғыдан алғанда, ақиқат деп дүниедегі заттар мен құбылыстардың адамның санасында тиісті түрде бейнеленуін айтамыз.

Сонымен қатар біз мына нәрсені ұмыт қалдырмауымыз керек. Дүниені зерттеуде адамзат шегіне жеткен ақиқатқа ешқашанда жете алмайды, өйткені ол – шексіз үдеріс. Сондықтан да ақиқат жөніндегі ілімде оның шынайы, салыстырмалы, абсолютті, прагматистік, когеренттік т.с.с. жақтары ерекше бөлініп алынып, талданады.

Шынайы ақиқат деп адам, я болмаса адамзатқа тәуелсіз, яғни заттың өзіндік қасиеттерін бейнелейтін білім мазмұнын айтамыз. Мысалы, Айдың жерді айналып тұратыны – шынайы ақиқат. Біз қандай әрекет жасасақ та, оны тоқтата алмаймыз, ол бізге тәуелсіз түрде өмір сүріп, жерді айналып тұр.

Абсолютті (дара) ақиқат деп дүние жөніндегі толық сарқылып шегіне жеткен білімді айтуға болады. Алайда дүниенің іш және сырт жағына да шексіздігі бізді абсолюттік ақиқатқа жеткізбейді. Сонымен қатар дүниені зерттеу жолындағы алынған шынайы ақиқаттар бір-бірімен қосыла келе, бізді абсолюттік (дара) ақиқатқа жақындата түседі. Оны шексіз үдеріс деп те айтуға болар еді.

Негізінен, адамзат қолы жеткен білім әрқашанда салыстырмалы десек те болғаны, өйткені ол оның нақтылы тарихи қалыптасқан іс-әрекетімен, яғни сол заманның іс-тәжірибесімен шектелген. Мысалы, соңғы уақытқа дейін Марс планетасында су болды ма, я жоқ па деген сұраққа жауап бере алмадық. Өйткені ол туралы болжамдарды тексеретін дәрежеге жеткен жоқ едік. Енді, тек 2004 жылы ғана американ ғалымдары Марсқа жіберген ғылыми аппараттар арқылы онда өткен шақта су болғанын дәлелдейтін деректер алды. Олай болса, бұрын осы планетада өмір формаларының болғаны сөзсіз, өйткені су бар жерде өмір де дүниеге келеді. Мүмкін, вирустар, я болмаса кейбір бактериялар болған шығар. Бұл болжам техникалық құралдар дами келе тексерілетіні сөзсіз. Екінші жағынан, дүниеге келген әр ұрпақтың білімінде ақиқатпен қатар әрқашанда жаңылу болатынын да ескеруіміз қажет. Келесі ұрпақ оның біршамасын тексеріп түзетсе де, ғылымды дамыту жолында ақиқатпен қатар жаңылу да болуы мүмкін. Осы тұрғыдан жаңылуды жалғаннан ажыратуымыз қажет. Егер ғылыми танымның қиындықтары кейбір жағдайда зерттеушіні ақиқаттан алшақтатып, жаңылуға әкелсе, жалғандық өтірік айтып адамды саналы түрде қисық жолға түсірумен тең дер едік.

Когеренттік ақиқатты айтар болсақ, ол – ғылымда ашылған жаңа деректердің негізінде жасалған белгілі бір тұжырымдардың бұрынғы өмір сүріп жатқан теорияға сәйкес келуі. Егерде жаңа ашылған ғылыми жаңалықтарды ескі теорияның шеңберінде түсіне алмасақ, яғни олар бір-біріне когерентті болмаса, онда ғылымның сол саласында дағдарыс басталып, жаңа ізденістерге жол ашылады.

Батыс философиясында прагматистік (pragma – іс, іс-әрекет) ақиқат деген де ұғым бар. «Егер белгілі бір тұжырымды, я болмаса көзқарасты басшылыққа алып, жақсы, өзімізге пайдалы нәтижелерге жетсек, онда оны прагматистік ақиқатқа жатқызамыз», – дейді осы ағымның өкілдері.

Ақиқат мәселесін талдай келе, әрқашанда оның нақтылығын ұмыт қылмаған жөн. Дүниеде дерексіз, барлық жағдай мен уақытта пайдалануға болатын ортақ ақиқат жоқ. Бұл жөнінде Гегель былай әңгімелейді: адам өлтірген жас жігітті дарға асу үшін алаңға әкеле жатыр. Алаңға жиналған халық оған тас лақтырып, неше түрлі қарғыс сөздер айтуда. Осы кезде алаңда тұрған бір қыздың аузынан: «Шіркін, қандай сұлу жігіт еді!» – деген сөздер шығып кеткенде, басқалар оған жекіп: «Қылмыскер қалай сұлу болады, сен не шатып тұрсың?» – десе, екіншілер: «Қазіргі жастар бұзылған», – деген «терең» пікір айтады. Бұл, әрине, мәселеге дерексіз тұрғыдан қарау деген сөз. Өйткені алаңда тұрғандардың арасында ешкім де сол жігіттің адам өлтіруге

қалай барғанын, мүмкін, оны байқамай, я болмаса кездейсоқ жағдайда жасағанын білмейді.

Енді философия тарихында кең орын алып, осы уақытқа дейін талданып келе жатқан «ақиқат пен сенім» мәселесіне көшейік. Өз уақытында Ибн-Рошд: «Белгілі бір нәрсе туралы қарама-қарсы тұрған екі ақиқатты айту мүмкін емес, ол – біреу, олай болса, ақыл-ой таразысынан өтуі қажет», – деген пікір айтқан болатын. Ф.Аквинский керісінше, сенім ақиқаты білім ақиқатынан жоғары, өйткені ол – Құдайдың аяны деген пікір ұстады. Бүгінгі таңда бұл мәселе «ғылым және мораль» мәселесіне айналды. Өйткені адамзаттың ары қарай өрлеуі моральдық құндылықтарға сәйкес келетін ғылым нәтижелерімен тығыз байланысты екенін баса айтуымыз қажет. Басқаша жағдайда, ғылым өз мән-мағынасын жойып, адамға қарсы тұрған зұлымдық күшке айналып кетуі мүмкін. Осы арада қазіргі ғылымды талдауға уақыт келген сияқты.

§ 5. Таным деңгейлері мен әдістері

Кең түрде алғанда, гректің «methodos» деген сөзі «жол» деген мағына береді. Әр нәрсені жасағанда, адам оны белгілі бір үлгілер, тәсілдерге сүйене отырып істейді. Мысалы, бүгінгі саясатта Батыс елдерінде алғаш пайда болған «пиар-технологиялар» қолданылуда. Педагогика саласында әр пәнді қалай үйрету керегі жөнінде неше түрлі әдістер шығарылған. Мұндай мысалдарды шексіз көбейте беруге болар еді. Сол сияқты ғылыми салада да неше түрлі әдістер жасалып, нәтижелі қолданылады.

Танымдағы сезімдік және ақыл-ой сатылары ғылымда зерттеудің екі деңгейін құрайды. Олар – **эмпириялық** және **теориялық** білім. Олар, әрине, бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Қайсыбір зерттеу эмпириялық сатыдан, яғни ғылыми деректерді жинаудан басталады. Ол үшін зерттелетін затты (нысан), я болмаса құбылысты бақылау қажет. Аса назар аударатын нәрсе – ғылымдағы бақылаудың ерекшелігі – ол «tabula rasa» – таза тақта емес. Таным субъектісі (ғалым, я болмаса ғылыми қауымдастық) зерттелетін нысан туралы белгілі бір пікір, тұжырым, идеяға ұқсайтын көзқараспен мақсатқа лайықты бақылауға кіріседі. Тәжірибелік таным барысында ғылыми деректер жиналып, салыстырылып, белгілі бір жүйеге келтіріледі.

Ары қарай ғылым теориялық деңгейге – тәжірибелік білімді ұғым, тұжырым, заң т.с.с. ғылыми құралдар арқылы өңдеуге көтеріледі. Теориялық таным арқылы біз зерттелетін заттың ішкі тұрақты байланыстары мен заңдылықтарын аша аламыз.

Енді **теориялық** білімнің **құрылымына** келсек, оларға **проблема** (мәселе), **гипотеза** (болжау), **теория, заңды** жатқызуға болады.

Таным үдерісінде белгілі бір сатыда тежеу, түсініксіз, адамды абыржуға әкелетін ахуал пайда болады. Осы сәтте мәселе (немесе қиындық) туады. Оны шешпейінше, адамнан тыныштық кетеді. Сондықтан кейбіреулер **проблема-қиындықты білмейтінімізді білу** дейді. Мұндай ахуалдың пайда болуының негізінде сан алуан қайшылықтар жатыр. Ол белгілі бір құбылыс туралы екі әртүрлі пікірдің пайда болуынан, я болмаса ескі теория мен жаңадан ашылған ғылыми деректің арасындағы қайшылық т.с.с. себептерден болуы мүмкін. Көп жағдайда мәселенің шешілуі оны дұрыс қоя білуге байланысты. Ол үшін, әрине, барлық жиналған ғылыми деректер мен тұжырымдарды тағы да ой елегінен өткізіп, мәселені айқын сезіну қажет. Шешілген мәселе ғылыми білімді тереңдетіп, сонымен қатар жаңа қиындықтарды тудырады.

Гипотеза (болжам) – белгілі бір зерттеліп жатқан зат, я құбылыстың себебі туралы кейбір деректерге негізделген болжам болып есептеледі. Ол әлі өзін **дәлелдеуді** талап етеді. Кейбір гипотезалар зерттеліп жатқан құбылыстың себебін анықтаудың тіпті мүмкін еместігінен пайда болады. Мысалы, ғылымда таңғаларлық бірнеше ғана мәселе бар. Ол – осы дүниенің өзі, содан кейін тіршілік, ең соңында, рухани пенде – адамның өзі қалай пайда болды деген сұрақтар.

Бұл мәселелер жөніндегі діни көзқарастарды жақшадан шығарып қарағанда, материалистік философия мыңдаған жылдар бойы бұл дүние мәңгілік өмір сүріп жатыр деген көзқараста болды. Мәселенің қиындығы осы дүниедегі бірде-бір зат, я болмаса құбылыстың мәңгілік өмір сүре алмайтындығында, өтпелілігінде еді. XX ғ. 70 ж.ж. астрофизиктер «Ұлы жарылыстың» (Grand Explosion) ғылыми болжамын ұсынды. Бұл болжам дүниенің мәңгілік еместігін, осыдан 13 млрд. жыл шамасында вакуумның жарылуынан пайда болғанын болжайды. Осы болжам арқылы ғарыштағы «инфра-қызыл сәуле толқындарының ығысуын», «дүниенің кеңею үстіндегі үдерісін» түсінуге болатын сияқты. Уақыты келгенде (млрд. ж.ж. кейін) бұл дүние өзінің ішкі тартылыс күші арқылы тартылып, яғни коллапсқа ұшырап, өз өмірін тоқтатады. Келесі жарылыс дүниенің «жаңа үлгісін» әкелуі мүмкін. Мұндай болжамдар адамның ақыл-ойы, шығармашылығының ғажаптығын көрсетпей ме?! Таңғаларлық нәрсе – осы ғылыми болжамға ұқсас идеяларды осыдан 120 ж. бұрын орыс теософы (teos – құдай, sofia – даналық) Е.Блаватская өзінің «Құпия доктрина» деген еңбегінде айтқан болатын.

Ал тіршілік мәселесіне келер болсақ, көп болжамдардың ішінен академик Опариннің «коацерваттық», яғни алғашқы көп минералдық тұздар еріген жылы мұхитта Күн сәулесінің қуаты арқылы сансыз

химиялық реакциялардың негізінде тірі белоктың дүниеге келгені жөніндегі болжамы бізді ерекше тартады.

Адам мәселесіне келер болсақ, ол жөніндегі ғылыми болжамдарды біз «Адам болмысы» тарауында қарағанбыз.

Әрине, жоғарыдағы көрсетілген болжамдарды теорияға айналдыру өте қиын, өйткені олардың түп-тамыры млрд. жылдарға кетеді. Ал шынайы өмірдегі нақтылы табиғи, я болмаса әлеуметтік саладағы болжамдарға келер болсақ, олардың ақиқаттығы ертелі-кеш дәлелденеді. Сонда ғана ол теорияға айналады. Өмірдің өзі-ақ біршама болжамдардың жалғандығын көрсетіп, оларды ғылым шеңберінен шығарып тастайды. Мысалы, флогистон, я болмаса ғарышты толтырып тұрған эфир сияқты болжамдар ғылым дами келе, өз жалғандығын көрсетіп, санаттық (ұғымдық) мәртебесінен айырылып қалды.

Теория – зерттелетін заттар, я болмаса құбылыстардың ішкі мән-мағынасын ашатын, іс жүзінде дәлелденген, қайшылықсыз **бір-бірімен байланысты ұғымдар жүйесі**. Мысал ретінде А.Эйнштейннің «Салыстырмалы теориясын», Ч.Дарвиннің «Эволюциялық теориясын», К.Маркстің «Формациялық теориясын» т.с.с. келтіруге болады.

Теорияның қоғам өміріндегі негізгі қызметіне түсіндіру, алдын ала болжау, іс жүзінде пайдалану жатады.

Қайсыбір теория сол саладағы неше түрлі деректерді тәртіпке келтіріп, өзара байланыстырып, зерттелген заттың мінсіз үлгісін жасайды, сондықтан адам оның терең мәнін түсінуге мүмкіндік алады.

Жақсы сарапталған теория алдын ала болжауға, әлі де болса ашылмаған заттың қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің алмасу заңына сүйене отырып, ғалымдар біршама жаңа элементтерді ашты. Әсіресе әлеуметтік теориялардың маңызы өте зор: солардың арқасында қоғам өміріндегі болашақ өзгерістерді алдын ала болжауға, яғни сол өзгерістерге саяси, құқықтық т.с.с. жақтардан дайын болуға мүмкіндік ашылады.

Танымның іс-тәжірибелік табиғатынан теорияның іс жүзінде өмірде қолдану мүмкіндігі шығады. Теория біздің танымға деген сүйіспеншілігімізді қанағаттандырып қана қоймайды. Оның негізгі мақсаты – өмірді өркендету, адамдарға өмірлік бағыт беру. Мысалы, ядролық физикада жасалған теориялардың негізінде АЭС-терді салуға мүмкіндік алып, бүгінгі таңда жер бетіндегі жүздеген атомдық стансалар адамзатты орасан зор күш қуатпен қамтамасыз етіп жатыр.

Заң – зерттелген заттар, я болмаса құбылыстардың **ішкі, қажетті, мәнді, қайталанатын, тұрақты байланыстарын** көрсетеді. Әрбір ғылым саласы өз заңдылықтарын ашып, оларды өзара байланыстырып, теориялық дәрежеге көтеруге тырысады.

Енді **таным әдістемесін** талдауға уақыт келген сияқты. Қазіргі ғылымда сан алуан зерттеу әдістері жасалған. Жалпы алғанда, ғылымдағы таным әдістерін үшке бөлуге болады:

1. Жеке ғылым әдістері.
2. Жалпы дүниетану әдістері.
3. Ең жалпы (жан-жақты) әдістемелер.

Әрбір жеке ғылым саласы дами келе, өз таным үлгілерін жасайды. Ол – оның пісіп-жетілгені, жеке ғылым ретінде өз мәртебесін тапқанының белгісі. Мысалы, археология ғылымында қазба әдістері, мәдени қабаттан табылған заттарды сақтау үлгілері т.с.с. бар. Физика ғылымына келсек, онда спектральдық анализ, тарихи тілтану ғылымында салыстыру әдісі бар. Археологиядағы қазба әдісін физикалық зерттеуде қолдануға болмайды, сол сияқты физика әдістері арқылы тілтану мүмкін емес т.с.с.

Жалпы дүниетану әдістеріне келер болсақ, оларды ғылымның әрбір саласында белгілі бір зерттеу сатысында қолдануға болады.

Ғылымның эмпириялық (тәжірибелік) сатысында қолданылатын жалпы әдістерге келер болсақ, оларға бақылау, экспериментті жатқызуға болады. Бақылау жөніндегі ойымызды жоғарыда айтқанбыз. Экспериментке келер болсақ, ол зерттелетін заттың әлі де болса ашылмаған қасиеттерін білу үшін, оны жасанды жағдай жасау арқылы зерттеу болып табылады. Оны кейбір кезде «табиғатты тергеу» дейді. Бүгінгі таңдағы эксперименттерде ғылыми аспаптар мен жабдықтар кеңінен пайдаланылады.

Теориялық деңгейде қолданылатын жалпы әдістерге дерексіздендіру, жалпылау, анализ бен синтез, индукция мен дедукция, экстраполяция, үлгілеу, тарихтық және қисындық, дерексіздіктен нақтылыққа өрлеу т.с.с. жатады.

Абстрактілеу (дерексәздендіру) дегеніміз зерттеліп жатқан нысанның кездейсоқ мәнсіз жақтарын ой арқылы «жақшаға алып», мәнді, керектілерін жинақтап, сақтау болып табылады.

Жалпылау – жинақталған жақтардың жалпы, бәріне бірдей ортақ қасиеттерін табу, сол арқылы олар жөнінде ұғымдану.

Анализ – зерттеліп жатқан заттың құрамдас бөліктерін ашып, олардың қасиеттерін зерттеп, талдау.

Синтез – заттың зерттелген құрамдас бөліктерін ой арқылы қайта біріктіріп, олардың бір-бірімен байланысын анықтау.

Индукция – белгілі бір текке жататын заттардың қасиеттерін зерттеу арқылы жекеліктен жалпылыққа өрлеу. Дүние шексіз болғаннан кейін, индукция әрқашанда толық емес.

Дедукция – жалпылықтан жекелікке өту. Кеңінен математика, юриспруденция, қисында қолданылады.

Экстраполяция – белгілі бір жеке ғылымның әдістемелерін, я болмаса тұжырымдарын соған жақын ғылым саласына тарату, сол арқылы жаңалықтар ашу. Мысалы, этика мен құқық ғылымдары нормативтік пәндер болғаннан кейін, бірінің нәтижелерін екіншіге пайдалануға болады (әрине, салыстырмалы түрде).

Үлгілеу (модельдеу) – кеңінен жаңа техника, я болмаса технологиялар жасағанда қолданылады. Мысалы, жаңа ұшақтың ең алдымен қуыршақ үлгісін жасап, аэродинамикалық құбырдан өткізіп, оның ұшу қасиеттерін тексереді. Содан кейін барып, шынайы жаңа ұшақтың сынағы басталады.

Тарихтық және **қисындық** әдістер де бірге қолданылады. Белгілі бір заттың қалайша дүниеге келгенін, қандай нақтылы сатылардан өткенін, сол жолда басқа заттардың оның даму жолын қалай бұрмалағанын т.с.с. біз тарихи әдіс арқылы зерттейміз. Ол, әрине, ең алдымен қоғам өмірін зерттегенде кеңінен қолданылады. Мысалы, тарихи әдіс арқылы қазақ елінің дербестік алғаннан бері қандай сатылардан өткенін, оның даму жолында қандай кедергілердің болғанын, бүгінгі таңда қандай деңгейге көтерілгенін тарихшылар егжей-тегжейлі зерттеуде. Қисындық деп заттың ішкі табиғатынан, Аристотельдің сөзімен айтсақ, энтелехиясынан шығатын түзу жолды айтамыз. Яғни қисындық дегеніміз – қысқартылған тарихтық. Соңғы – қисындықтың өзге болмысы.

Абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу әдісі – ғылымдағы кең қолданылатын және де қиын тәсіл. Оны жете түсіну үшін «сезімдік нақтылық», «ой нақтылығы» деген ұғымдардың мәнін ашып алуымыз керек.

Көз алдымызда күнбе-күн кездесетіннің бәрін біз түйсіктеріміз арқылы біртұтас зат ретінде қабылдаймыз. Оны біз сезімдік нақтылық дейміз. Ол бізге заттың терең ішкі мәні жөнінде ештеңе айтпайды.

Ой нақтылығы дегеніміз зерттелген заттың дерексіз ұғымдар арқылы ішкі жан-жақты байланыстары мен қатынастарының бірлігін, олай болса, оның мәнін ашатын әдіс болып табылады.

Ой нақтылығына жету үшін ең алдымен сезімдік нақтылықтан дерексіз ұғымдарды жасауға өрлеу қажет. Ол үшін жоғарыдағы көрсетілген біршама тәсілдерді пайдаланып, белгілі бір тектегі заттардың ішкі қасиеттерін бөлек-бөлек көрсететін дерексіз ұғымдарды жинақтаймыз. Яғни сол саланы бейнелейтін санаттық (ұғымдық) жүйе жасалуы қажет. Бірақ бұл жасалған жүйенің кемшілігі – оның дерексіздігінде. Мысалы, бүгінгі таңдағы саясаттану ғылымында жүздеген ұғымы бар дерексіз демократия теориясы бар. Ал осы демократия теориясын нақтылай келгенде, ол әр елде әртүрлі келбетімен көрінеді. Өйткені әр елдің өз тарихи жолы, мемлекет жөнінде жинақтаған тәжірибесі, әдет-ғұрпы, соған сәйкес ділі (ой өрісі) т.с.с. бар.

Сондықтан қазақ еліндегі демократиялық үдерістің нақтылы теориялық үлгісін жасау үшін, сол дереқсіз ұғымдарды пайдаланып, дереқсіздіктен нақтылыққа өтуге болады. Сонда ғана біз ой нақтылығына өтеміз.

Диалектика және метафизика

Енді танымдағы **ең жалпы (жан-жақты, яғни философиялық) әдістемеге** келер болсақ, ол:

А) барлық ғылым саласында қолданылады;

В) оның негізгі қағидалары нақтылы жүріп жатқан зерттеудің басынан аяғына дейін басшылыққа алынады.

Ғылымда жан-жақты әдістеме қағидаларының болуы **дүниенің біртұтастығымен** байланысты. Өлі, тірі табиғат, қоғам өмірі, ойлау үдерістері – бары де белгілі бір ең жалпы даму заңдылықтарына бағынады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, сонау көне заманнан бастап, дүниетану саласында бір-біріне қарсы тұрған екі көзқарас пайда болды. Олар – **диалектика** және **метафизика**.

Көне заманда стихиялық диалектиканың негіздері Шығыс пен Батыста бірдей қалыптаса бастады. «Дүние – ағым, өзен», – деді Гераклит. Қытай данасы Лао-цзы болса, қарама-қарсылықтың бір-біріне өтетінін айтып қана қоймай, одан өмірге керек қағидалар шығарды. «Қиындықты жеңу үшін жеңілден баста, ұлылыққа жету үшін кішіден баста, бақытқа жету үшін бақытсыздықтан өту керек (әйтпесе бақытты екеніңді қайдан білесің)…» т.с.с. Грек топырағында ұлы Сократ алғашқылардың бірі болып ой қайшылықтарын зерттей бастаса, Элеялық Зенон қозғалысты қалайша ой арқылы беруге болатындықты зерттеді…

Жаңа дәуірде неміс философиясының ұлы өкілі Г.Гегель адамзат рухани өрлеу тарихын ұқыпты зерттеп, диалектикалық ойлау әдістемесін жасады.

XIX ғ. марксизмде Гегельдің идеялары ары қарай дамытылып, тек ой өрісі ғана емес, бүкіл дүниедегі барлық даму үдерістері диалектикалық заңдар мен санаттардың негізінде жүретіні, олай болса, таным мен қисынның өздері де соларға сәйкес келетіні туралы терең ойлар айтылды. Бүкіл XX ғ. жаратылыстану мен әлеуметтану нәтижелері – диалектикалық әдістеменің салтанатты өрлеуі болды десек, асыра айтпаған болармыз. Ең алдымен диалектикалық идеялар қоғамтану пәндеріне, содан кейін биология саласына, XX ғ. физика, астрофизика, химия, геология т.с.с. ғылымдарға кірді.

Бүкіл дүние қозғалыс пен дамуда, ал оның қайнар көзі – **ішкі қайшылықта екенін** барлық ғылым салалары бүгінгі таңда дәлелдеді. Олай болса, қайсыбір зерттеуде заттың ең алдымен ішкі қайшылығы

ашылып, оның өзіндік қозғалысы, өзгерісі анықталуы керек. Ол үшін ойлау санаттары да бір-бірімен тығыз байланысты, сонымен қатар қайшылықты, бір-біріне өтетін дәрежеге көтерілуі қажет.

Дүниедегі барлық заттар мен құбылыстар бір-бірімен сансыз неше түрлі байланыста болғаннан кейін, диалектикалық әдістеменің зерттеуші алдына қоятын келесі талабы – заттың неше түрлі байланыстарын жан-жақты зерттеу. Әрине, ол байланыстардың шегіне жетіп, барлығын қамту мүмкін емес. Дегенмен де мейлінше көбірек қамту бізді қателіктерден сақтайды.

Дүниеге келген әрбір зат өне бойы бір орында тұрып қалмайды. Ол өзгеріске ұшырап, неше түрлі сатылардан өтеді, ақырында, өмірден озады. Сондықтан диалектиканың негізгі талаптарының бірі – зерттелетін нысанға тарихи тұрғыдан қарау.

Дүниеге әр зат өз қайталанбас болмысымен келеді, сонымен қатар басқа заттармен ортақ қасиеттері арқылы бірігіп, байланысады. Олай болса, әр зат өз ерекшелігімен құнды. Сондықтан қайсыбір зерттеудің негіздерінің бірі болып нақтылық қағидасы жату керек, өйткені барлығына бірдей дерексіз ақиқат танымда ешқашанда болған емес.

Диалектиканың әрбір санатының әдістемелік мәні бар, өйткені олар дүниенің сан қилы жақтарының ең жалпы, мәнді байланыстарын бейнелейді. Ал дүние қайшылықты жаратылғаннан кейін, диалектикалық санаттар жұп-жұбымен бірге, сонымен қатар қайшылықты болып келеді. Сондықтан қайсыбір сандық өзгерістер ертелі-кеш заттың өлшемін бұзып, жаңа сапаның пайда болуына, себеп-салдарға, шындық жаңа мүмкіндіктің пайда болуына, кездейсоқтық қажеттіктің іске асуына т.с.с. әкеледі.

Енді диалектикаға қарсы келетін **метафизикалық әдістемені** талдау үшін, ең алдымен осы ұғымның мағынасын анықтау керек. Уақытында Аристотельдің болмыс іліміне арнаған «Бірінші физика» атты еңбегін Андроник Родосский «Метафизика» (физиканың ар жағында деген мағына береді) деген атпен жарыққа шығарған болатын. Сол уақыттан бастап осы күнге дейінгі бұл санаттың негізгі мағынасы – болмыс ілімі, табиғаттың ар жағында жатқан терең философиялық мәселелерді талдау. Мысалы, «бұл дүние шектелген, я шексіз бе, мәңгілік, я уақытша ма», «ақиқат, ізгілік, әсемдік, бақыт дегеніміз не», «Құдай бар ма, я жоқ па» т.с.с. сұрақтар.

Жаңа дәуірде Г.Гегель бұл санатқа екінші мағына берді. Ол – диалектикалық әдістемеге қарсы тұрған даму тұжырымы. Олай болса, метафизика дамуға қандай тұрғыдан қарайды деген заңды сұрақ туады.

Қозғалыс, дамудың қайнар көзін **метафизика сыртқы ықпал, себептен** көреді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, мысалы, тұлғаның білім алуы оған білім беретін мұғалімдердің сапасына байланысты

(сыртқы ықпал). Бірақ сол адамның білімге деген құштарлығы, білгені мен білмейтіні арасындағы ішкі қайшылық оның жүрегінде от болып жанбай, ол қандай керемет оқытушы, академиктер сабақ берсе де, терең білім ала алмайды. Керісінше, ондай ішкі талпыныс болса, ол өз белсенділігі арқасында жақсы маман болып шығуы ғажап емес. Бүгінгі өмірде «Мен шетелден оқып келдім», – деп «ысқырығы жер жарғанмен, айдағаны бір-ақ ешкі» азаматтарды жиі кездестіруге болады. Оларды шетелдерде оқытуға әке-шешелерінің қолы жеткенмен, балалары үміттерін ақтамайды.

Метафизика дамуды «заттың бірте-бірте үлкеюі, я болмаса кішіреюіне» теңейді. Мысалы, ананың ішіндегі пайда болған ұрық, метафизикалық тұрғыдан қарағанда, – кішкентай аяқ-қолы, басы бар адам. Ол ананың ішінде 9 ай үлкейіп-өсіп, дүниеге келеді. Ал қазіргі ғылым мұндай көзқарастың дұрыс еместігін көрсетіп отыр. Шынында, ұрық 9 айдың ішінде бүкіл тіршіліктің млрд. жылдар бойы өткен жолын қысқаша қайталап өтеді. Ал дүниеге келген жас сәби тұлғалық қасиетке ие болу үшін, негізінен, 3 жасқа шейін халықтың мыңдаған жылдар бойы дамытқан тілін меңгеріп, «мендік» сезімге жетеді. Мұны ғылыми тілде онтогенездің (нақтылы организм) филогенезді (тектің дүниеге келіп, өмір сүруі) қайталауы дейді.

Метафизика дамуды өткен сатыны қайталаумен теңейді. «Бұл Ай астындағы дүниеде еш жаңалық жоқ, бәрі де өз шеңберіне оралады. Қыстан кейін тағы да көктем, жаздан кейін келетін күз тағы да қыс мерзіміне әкеледі» деген «терең» пайымдауды оқырман талай рет естіген болар. Сырттай қарағанда, дәл сол сияқты. Бірақ биылғы қыс өткенмен толық тең емес. Табиғатта біз байқай алмайтын, я болмаса мән бермейтін жаңалықтар өне бойы болып жатады да, мыңдаған жылдардан кейін белгілі бір жаңа сапаға әкеледі. Өкінішке қарай, адамның бұл өмірдегі өмірі өте қысқа. Егерде біз мыңдаған жыл өмір сүрсек, онда біз өміріміздің соңында табиғаттың жаңарғанын, жас кезімізде болмаған құбылыстардың дүниеге келгенін байқаған болар едік. Біз, мысалы, өткен заманда динозавр, птеродактиль сияқты алып жануарлар мен құстардың өмір сүргенін білеміз. Оның айғағы – жер астында қалған солардың сүйектерінің қалдықтары. Қорыта келе, табиғаттың өзі өне бойы даму үстінде екенін, метафизикалық «бір шеңбердегі қайталаудың» жалғандығын байқауға болады.

Қоғамтану, саясат, дипломатия т.с.с. салаларда софистика мен эклектика – жиі кездесетін құбылыстар. **Софистиканың** шыққан тегі – көне Грекия, нақтылап айтсақ, – афиналық демократия кезеңі. Билікке ұмтылып, бақталастыққа бой ұрған Афинаның бай азаматтары сайлау кезеңінде халық алдына өз саяси бағдарламаларын ұсынып, бір-бірімен айтысқа түседі. Жеңіске жету, көп жағдайда, құлаққа жағымды майда

сөйлеу, өз саяси ұстанымының ақиқаттығына сендіру, халық алдында өз даналығы мен көрегендігін көрсетумен т.с.с. байланысты болды (тіпті бүгінгі күнгі біздің өміріміз сияқты!!! Тек біз оны қазір «пиар-технология» дейміз). Ал ол үшін риторика (әсем сөйлеу өнері), қисын (ойды дәлелдеу, я болмаса терістеу өнері), философия (даналыққа жету өнері) сияқты пәндерден сабақ алуға тура келді. Бұл пәндерден сабақ беретін мамандар тыңдаушылардың талабына сай айтылған ойды қалайша теріске шығару, бұрмалауға болатыны жөнінде дәріс берді. Осы себептерге сәйкес софистика дүниеге келеді. Сондықтан да грек халқы «софистика» деген сөзді «жалған даналық» деп түсінді (софистиканың философиялық негіздерін қалаған Протагор жөнінде осы кітаптың «Антикалық философияға» арналған тақырыбынан оқыңыз).

Софистика деп саналы түрде жалғанды ақиқат деп, болмаса, керісінше, дәлелдеу әрекетін айтамыз. Ол, бір жағынан, қоғам өмірінің күрделілігі, оның шеңберіндегі топтардың әртүрлі мүдделерінің болуы, екінші жағынан, саясатта үстем топтың өз мүддесін іске асыру жолындағы іс-әрекетінен шығатыны сөзсіз. Мысалы, бүгінгі таңдағы аса өткір мәселе – халықаралық терроризмді алар болсақ, оның шынайы қайнар көзі жыл сайын сарқылып келе жатқан энергия ресурстарын зорлық-зомбылық жасап, күші келгендердің қайта бөлу әрекетінен туындайды. Нақтылай келсек, 2003 ж. басталған Ирактағы соғысқа кінәлі Саддам Хусейннің саяси режимі емес (ақырында, сол елді АҚШ басып алып, қанша іздесе де, адамзатқа қауіпті бірде-бір қару-жарақ таппай қойды), АҚШ-тың сол елдің мұнайын өз қолына алуына бағытталған іс-әрекеті жатқаны сөзсіз. Бірақ сол елдің әкімшілігі неше түрлі софистикалық «дәлелдемелерді» пайдаланып, халықаралық қауымдастық алдында төккен абыройын жуып-шайып жатқаны …

Эклектикаға (eklektikos – грек сөзі, қанша іздесе де, таңдау) келер болсақ, ол адамның саналы түрде белгілі бір саладағы әртүрлі ымыраға келмейтін құбылыстарды таңдап, бір арнаға құю әрекетінен пайда болады.

Синергетика әдістемесі

Әрине, ғылымтану әдістемесі де бір орында тұрып қалмайды. XX ғ. 80 ж.ж. Батыста **«синергетика» (бірге іс-әрекет жасау мағынасын береді) ілімі** пайда болды. Оның негізін қалаған И.Пригожин мен Г.Хакен болды. Синергетика – ашық және өз-өзіне толығынан тең емес жүйелердің өзіндік ұйымдасуы мен өзгеруі, дамуы заңдылықтарын зерттейтін ілім. Ал енді осы берілген анықтаманы талдап көрелік.

Расында да, бұл әлемде бәрі де бір-бірімен байланысты болғаннан кейін, «жабық жүйе» болуы тіпті де мүмкін емес. Бұрынғы Кеңес

қоғамының артта қалуының себептерінің бірі Батыс елдерінен өзін жабық ұстағысы келгені емес пе? Ал соғыстан кейінгі Албанияны алсақ, Батыс пен Шығыстан жабылған ол ел Еуропаның нақ ортасында болса да, қайыршылық деңгейге жеткен жоқ па?

Ашық жүйе, әрине, ешқашанда өз-өзіне толық тепе-тең болмайтыны да айдай анық, өйткені ол жүйеге неше түрлі басқа заттар мен құбылыстар өз әсерін тигізбей қоймайды. Бірақ бүкіл дүниені біртұтас «Үлкен жүйе» ретінде қарасақ, онда оның тепе-теңдігін кім, я болмаса не бұзады деген сұрақ пайда болуы мүмкін. Қазіргі ғылым оны вакуумнан көреді.

Енді «өзіндік ұйымдасу» ұғымына келер болсақ, бұл идея философия тарихында көптен бері бар. Материяның ішкі өзіндік күші арқылы дамуға мүмкіндігі бары жөнінде уақытында Б.Спиноза, К.Маркс сияқты ойшылдар айтқан болатын. Бірақ өлі табиғатты зерттейтін жаратылыстану ғылымдарында көпке дейін «термодинамиканың екінші бастамасы», яғни табиғатта болып жатқан энтропия (ыдырау, хаоска айналу) заңы «өзіндік ұйымдасу» идеясына өз кедергісін тигізген болатын. Сондықтан биология саласына Ч.Дарвин енгізген «эволюция, күрделену» заңдылықтары, жалпы жаратылыстану ғылымында үлкен қайшылық тудырды. Бір жағынан, энтропия заңдылығы дүние барабара суып, тұрпайыланып хаоска айналады десе, екінші жағынан, биология ғылымы тіршіліктің өне бойы күрделенуін мойындады. Міне, **синергетика ілімі осы қайшылықты шешеді**.

Синергетика ғылымы **хаостың жасампаздық бастамасын**, эволюциялық үдерістегі конструктивтік, тәртіпті тудыру мүмкіндігін көрсетеді. Бір жағынан, дүниеде ыдырау, шашылу, тарау үдерістері жүріп жатса, екінші жағынан, күрделену, тәртіпке келу, дамуды байқауға болады.

Енді өзгеру, даму заңдылықтарына келер болсақ, ол дүниедегі барлық заттар мен құбылыстарға (өлі, тірі табиғатқа, қоғам өміріне, ой өрісі дамуына) ортақ болып шықты. Синергетика ілімі бойынша, даму барысындағы ашық та тепе-теңдікте емес жүйе алғашында біртебірте күрделене және тәртіптеле түсіп, ақырында өзінің бейтұрақтық бифуркациялық (әртараптық) нүктесіне келіп тіреледі де, оның алдында, іс жүзінде ары қарай тұрақты дамудың сан қилы жолдары ашылады. Жүйенің қай жолға түсетіні белгісіз, тек оны анықтайтын – **«Ұлы Мәртебелі Кездейсоқтық»**. Ол – даму механизмінің қажетті кілті. Сонымен, бұл теорияның «ақылға сыймайтын» ғажап жағы – кездейсоқтықтың дамудағы ерекше рөлі. Шексіз кездейсоқтықтардың біреуі «таңдалғаннан» кейін, жүйе жаңа тұрақты даму барысына (келесі бифуркациялық нүктеге дейін) көшеді.

Әңгіменің қиындығы мынада. Мұндай жүйенің ары қарайғы даму жолын алдын ала анықтау тіпті де мүмкін емес. Әрине, компьютерлік бағдарламалар арқылы біршама даму жолдарын анықтауға болады. Дегенмен де жүйенің қай жолмен ілгері дамитыны әрқашанда белгісіз болып қала береді. Сөйтіп, даму барысындағы көптінділік мойындалды да, бұрынғы классикалық біртінділік даму заңдылықтары (заттың дамуының бастауын, қазіргі ахуалын зерттеп, болашақта не болатынын болжау) сирек кездесетін құбылысқа айналды.

Синергетика іліміндегі **флуктуация** (болар-болмас нәрсенің бейнақтылық дәрежеге көтерілген үлкен күрделі жүйені жаңа даму жолына түсіріп жіберу мүмкіндігі) ұғымының қоғамтануда, саясаттағы рөлі зор. Қоғам өміріндегі даму үдерістері бифуркациялық нүктеге жақындаған кезде, қайсыбір кездейсоқ оқиға, тіпті жеке адамның іс-әрекеті, ойламаған жерде үлкен әлеуметтік дүмпулерге әкелуі мүмкін.

Сонымен, синергетика философиялық-әдістемелік дәрежеге көтерілген соңғы жылдардағы теория десек, қателеспейтін болармыз. Осы теорияның арқасында біршама диалектикалық санаттар: мүмкіндік пен шындық, кездейсоқтық, біртінділік пен көптінділік, ақпарат, қайшылық, себептік т.с.с. өздерінің жаңа жақтарымен көрініп, ғылымда басқаша елеулі мағынада қолданыла бастады.

§ 6. Ғылым, техника және білім философиясы

Бүгінгі қоғам өмірін ғылым мен техникасыз көзге елестету мүмкін емес. Ғылым – дүниетану, жалпы алғанда, рухани өндірістің қалыптасқан ерекше түрі. Оның өз мекемелері (ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар т.с.с.), ғылыми қауымдастықтары, зерттеу жабдықтары, ақпарат алмасу (журналдар, конференциялар т.с.с.), қаржы орталықтары т.с.с. бар. Ғылымның негізгі мақсаты – адамзат қажеттіліктерін өтеу жолында соған керек білімді өндіріп, оны іс жүзінде өмірде пайдалануға болатындай етіп, қайта өзгерту. Екіншіден, барлық ғылым салаларынан шығатын деректер мен тұжырымдар, теориялардың басын біріктіріп, олардың өзара байланыстарын анықтап, **«Дүние жайында ғылыми сурет»** жасау болмақ. Соңғының негізінде адамдардың дүниеге деген көзқарасы қалыптасады. Әрине, ғылым дамыған сайын «дүниесурет» те өзгеріске түседі.

Мыңдаған жылдар бойы ғылым ұрықтары философияның ішінде пайда болып, дамыды. Математиканың (геометрия) негіздері жер өлшеу, су арналарын өткізу т.с.с., астрономия көшіп-қонудағы аспанға қарап бағыт алудан, Орта ғасырлардағы алхимия байлықты өсіру (қорғасынды алтынға айналдыру) іс-әрекеттерінен пайда болды. Дегенмен де бүгінгі ғылым өз түп-тамырларымен Жаңа дәуірге, яғни капитализмнің тарихқа

келуімен байланысты дүниеге келеді. Оның отаны – Еуропа топырағы. Егер Батыс пен Шығыс елдерінің даму қарқыны мыңдаған жылдар бойы біркелкі болса, XVI ғасырдан бастап Еуропа ғылыми зерттеулерді дамыту барысында тез қарқынмен алға өрлей бастайды. Шығыс елдері ғылыми-техникалық салада артта қалады.

Енді мұндай өзгерістердің себебі неде деген сұрақ қойсақ, оған ғылыми әдебиеттен әртүрлі жауап аламыз. Бұл мәселені егжей-тегжейлі талдаған неміс философы К.Ясперс оның түп-тамырын христиан дінінің адамға беретін рухани бағытынан көреді (Киелі кітап этосы адамнан, – ол қандай зардаптан өтсе де, – ақиқатқа жетуді талап етеді). Екіншіден, «дүниені Құдай жаратқаннан» кейін, М.Лютер айтқандай, «Құдайдың ісін биттің ішінен-ақ көруге болады», осы себепті, таным дегеніміз Құдай ойының ізімен жүру болса керек. Үшіншіден, бұл дүние зардап пен қайғыға толы болғаннан кейін, Құдайды ақтау жолында солардың түп-тамырын зерттеп, олармен күресе білу қажеттігі.

Әрине, бұл көрсетілген рухани себептердің өз орны бар. Бірақ, біздің ойымызша, К.Ясперс христиан дінінің негізгі қағидаларының бірі – Құдай адамды Өзіне ұқсатып, осы жаратылған дүниенің әміршісі қылып жаратты деген қағидасына мән бермегендей. Ал, шынына келгенде, осы қағида ғылымның христиан әлемінде тез қарқынмен дамуына зор әсерін тигізсе керек. Дүниенің ішкі сырын ашып, оны өз пайдасына жаратып, ақырында сол табиғатты өз еркіне көндіру – талай ғасырлар бойы жаратылыстану ғылымдарын дамытудағы бағыт болды десек, ақиқаттан алшақ болмайтын сияқтымыз. Өйткені біршама Батыс ойшылдарының өзі-ақ бүгінгі таңдағы Еуро-Атлантикалық цивилизацияның терең дағдарысын осы себептен көруде.

Бірақ бұл мәселенің әлеуметтік-экономикалық жағы тағы да бар. Ол Еуропа топырағына Қайта өрлеу заманының келуімен тығыз байланысты (XV-XVI ғғ.). Осы кезде Италияда теңіз саудасы мен балық аулау, мата тоқу т.с.с. кәсіптердің дамуы арқасында біршама шаруалар өз қожайындарынан жеке бас бостандығын сатып алып, «жаңа байларға» айналып, шеберханаларында өз еркімен келіп, жалданып істейтін еңбек күшін пайдаланады. Сөйтіп, капиталистік экономикалық қатынастардың негізі пайда болып, тез қарқынмен дами бастайды. Соңында болған буржуазиялық-демократиялық революциялар барлық адамдарға бас бостандығын әкеліп, бүкіл халықты заң жүзінде теңейді. Жаңа қалыптасқан жағдайда әр адам: «Мен не істеп өз жағдайымды дұрыстай аламын, қалай отбасымды асыраймын», – деген ойға келіп, ізденіске кіріседі. Осы миллиондаған адамдар белсенділігінің арқасында капитализм өндіргіш күштерді орасан зор қарқынмен дамытады. Ал ол үшін табиғатқа бет бұрып, оның заңдылықтарын ашу арқылы ғана жаңа

құрал-жабдықтар, технологиялар жасау мүмкін еді. Міне, біздің ойымызша, ғылымның ерекше салаға айналып, дамуының негізінде жатқан негізгі себеп осы болса керек. Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген рухани себептерді де ескеру қажет.

Қорыта келе, ғылым мен техниканың даму сатыларын былайша көрсетуге болады:

1) ғылымға дейінгі саты (көне заманнан XV ғ. дейін);
2) қазіргі ғылымның қалыптаса бастауы (XVI – XIX ғ. 70 жж.);
3) классикалық ғылым мен техника сатысы (XIX ғ. 70 жж. бастап XX ғ. ортасына дейін);
4) XX ғ. ортасынан бастап, осы күнге дейін (постклассикалық саты).

Енді ғылыммен тығыз байланысты екінші «техника» ұғымын талдауға уақыт келген сияқты. Гректің «техне» деген сөзі алғашқыда «өнер», «шеберлік» деген мағынада қолданылды. Бүгінгі таңда **«техника»** деп барлық қоғамның салаларында қолданылатын неше түрлі **құралдарды** айтамыз. Ф.Энгельсті еске алсақ, адамның өзі-ақ еңбек құралдарын жасау арқылы жануарлардан бөлініп, саналы пенделеге айналған жоқ па? Егер жануар айнала қоршаған ортаға өз дене мүшелерін жетілдіру арқылы бейімделсе, адам, керісінше, өз дене мүшелерінің жалғасы ретінде неше түрлі жасанды заттарды жасайды да, оларды табиғат пен өзінің екі ортасында орналастырып, қоршаған ортаны өзгертеді. Егерде жануардың дене мүшелері оның өміріне керек белгілі бір қызметті істеуге мыңдаған жылдары бойы бейімделіп, өзінің мәресіне жетсе, адамдікі ондай жетілген болмаса да, өзінің жан-жақтылығымен көрінеді. Мысалы, адамның қолын алайықшы: оның жан-жақтылығы соншалықты, тек таңғаласың. Бұл жолда дәрігерлердің микроскоппен жасайтын операциясынан бастап, алып механизмдерді жүргізетін дәрежеге дейін неше түрлі деректерді келтіруге болады.

Бүгінгі таңда күнбе-күнгі өмірде «технология» деген ұғымды да көп пайдаланып жүрміз. Қарапайым сананың деңгейінде «техника» мен «технология» ұғымдары бір мағынада қолданылады. Алайда бұл ұғымдардың бір-бірінен айырмашылығы бар екенін байқаймыз. Егер техникаға неше түрлі заттардан жасалған құралдарды жатқызсақ, **технологияға** белгілі бір жасанды затты, я болмаса құбылысты жасау жолындағы **әдістерді**, олардың бірінің соңынан бірі келетін **тәртібін** айтамыз. Ендеше, алғашқы «шеберлік» деген мағынаға тағы да қайтып келдік. Жоғарғы дәрежедегі технологияның негізінде жасалып шығарылған заттың сапасы биік болады. Қазақстандағы кеңес заманында салынған біршама алып өндіріс кешендерінің тоқтап тұрғанының себебі де осында: ондағы ескі технологиялар дұрыс нарықта өтетін тауарларды шығаруға мүмкіндік бермейді.

Технология ұғымының өрісі жыл сайын кеңейе түсуде. Оны біз өндірісте ғана емес, қоғамның басқа салаларында да қолданып жүрміз. Бүгін біз саясатта «пиар-технология», қоғамдық пікірді қалыптастыру жолында «ақпараттық технология», білім беру жүйесінде «педагогикалық технологиялардың» т.с.с. неше түрлерін көріп те, естіп те жүрміз.

Қайсыбір затты жасау үшін белгілі бір шикізатты әкелу (көлік), содан кейін оны өңдеу (технология), осы жолда біршама күш-қуат жұмсау (энергия) және шешім қабылдау мен оның іске асуын бақылау керек. Тарихтың алғашқы сатыларында оның бәрін де адамның өзі жасады. Бірақ, жүре келе, жануарларды үйретіп, көлік ретінде пайдалана бастады. Үй салу жолында адам неше түрлі тастарды жоғарыға көтеретін алғашқы дәнекерлерді жасайды да, соңынан оның ішкі сырын ашып, механиканың алғашқы қағидаларын тудырады. Содан кейінгі үлкен жаңалық – адам су шығыршығын ойлап шығарып, ағыс күшін игерді, нәтижесінде **су диірмені** пайда болды. Бұл **алғашқы технологиялық машинаның** дүниеге келуі еді. Онда қозғаушы күш, оны жеткізу, жұмыс жасау механизмдері бірге берілген. Жүре келе, ғасырлар шеңберінде олар бір-бірінен бөлініп, қозғаушы механизмдер, оны жеткізу және технологиялық машиналар пайда болады. XVIII-ғ. аяғында технологиялық машиналарды жасауда нағыз төңкеріс болды: **жіп иіретін, мата тоқитын** машиналар дүниеге келді. **Бу күшіне негізделген қозғалтқыштар** пайда болып, мұның өзі алып өндірістер – **фабрикалардың** ашылуына себеп болды. XX ғ. дүниеге келген электр күшіне негізделген жеке қозғалтқыштар әрбір машинаның құрамдас бөлігіне айналып, өндірісті ары қарай дамытты.

Алайда қандай машиналар жасалса да, оларды бақылап басқаратын адам болды. Бірақ ол да XX ғ. көп ұзамай, **автоматтандырылған өндіріс ошақтарымен** ауыстырыла бастады. Бүгінгі таңда дамыған елдерде көп өндіріс ошақтарында автоматтандырылған цехтар жиі кездеседі. Мысалы, автомобильдерді шығаратын зауыттарда машина қорабын жасау, оны бояу, т.с.с. жұмыс түрлері автоматтар мен роботтарға берілген.

Компьютерлік техника дамып, көп жағдайда бүгінгі таңда олар **ақпаратты таңдап** алу, оларды бір **жүйеге келтіру**, түр-түрге **бөлу**, т.с.с. істермен айналысып, өндірістегі **шешімдерге келуге, оларды іске асыруға көмектеседі**.

Сөйтіп, тарихи адамның негізгі еңбек функциялары бірте-бірте машиналарға беріліп, олар қоғам өмірінде елеулі рөлге ие болды.

Соңғы жылдардағы ғылым мен техниканың дамуы «үлкен жарылысты» еске түсіреді. Бүгінгі таңдағы өндірістегі автоматикалық зауыттар, бүкіл дүние жүзін қамтыған интернет жүйесі, теледидар, ұялы

телефондар, 2,5 дыбыс жылдамдығына жеткен ұшақтар (Конкорд), ғарышта орналасқан стансалар мен жерсеріктері т.с.с. қазіргі ғылым жетістіктеріне негізделген.

Осы жетістіктерге таңырқап, сүйсіне қараған ойшылдар болашақта адамзаттың барлық қайшылықтары ғылымның даму негізінде шешіледі деген көзқарас ұстады. Мұны біз **сциентистік** (scientia – лат. сөзі, ғылым), я болмаса **техно-оптимистік** көзқарас дейміз.

Алайда шың бар жерде құз да барын ескеру керек. XX ғ. 70 жж. бастап ғылым мен техниканың теріс жақтары да (қоршаған ортаның бұзылуы, климаттың өзгеруі, адамның техника құлына айналуы т.с.с.) айқындалып, көрсетіле бастады. **Антисциентистік, техно-пессимистік** бағыт ұстаған ғалымдар қазіргі ғылымды «құмырадан шығып кеткен жынға» теңеп, «енді ары қарай жаңа өндіріс кешендерін салуды тоқтату керек, әйтпесе жердегі тіршілік оған шыдамай, құрып кетеді» деген пікір айтты. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» демекші, жаңа ғана дамып келе жатқан елдер өз өндіріс кешендерін орнатып, халықтарының әл-ауқатын көтергісі келеді, Батыс ойшылдарының алаңдауын олар ескермейді.

Сонда ары қарай не істеу керек деген заңды сұрақ туады. Кейбір кезде, мүмкін, Табиғаттың баласы болып, оған қарсы шықпай, үндесті өмір сүрген біздің көшпенді бабаларымыз дұрыс істеген болар деген де сұрақ ойымызға келеді. Әрине, ол – романтикалық көзқарас. **Ғылым мен техниканың дамуын тоқтату мүмкін емес**. Сонымен қатар ғылымның жетістіктерін өмірге енгізген кезде (ол ғылымның негізгі мақсаты), ойланып-толғанып, тек бүгінгі күннің мүддесін ғана ойлап қоймай, сонымен қатар **алыс болашаққа** тигізетін оң, я болмаса теріс әсерін сараптауға салу керек. Ал ол үшін білім беру саласын тез қарқынмен дамыту керек.

Біріншіден, айтып кететін жайт – бүгінгі таңдағы **білім үлесінің (ақпараттың)** қоғамның қай саласында да күрт өсуі. Егер білімнің еке есеге өсуі адамзат тарихында 1 ғ. бастап 1750 жылға дейін созылса, келесі екі есе өсуі 1750-1900 жж., ал XX ғ. 50-ақ жылда екі есеге өсті. Ғалымдардың айтуына қарағанда, бүгінгі жер бетіндегі метрлік толқындағы радиосәулелердің деңгейі Юпитер мен Сатурн сияқты планеталардан асып түсіп, тек Күннен ғана кем болып тұр, сонымен қатар ол ғарыштан байқауға болатын дәрежеге жеткен. Сонау көне заманнан бастап ақпаратты таратудың негізгі құралы ретінде жазу қолданса, ал кітап арқылы білім Ортағасырдан бастап таратыла бастаса, XX ғ. радио, теледидар, телефон, телеграф сияқты электрлік құралдар пайдаланылды. 70 жылдары компьютерлік, электрондық құралдар кеңінен өмірде қолданылып, білімді тарату мен қолданудың мүмкіншіліктері көптеген есе өсті. Ақпарат негізгі тұтыну тауарына айналды. Сол

себепті бүгінгі таңда дамыған елдерде материалдық өндірісте тек халықтың 24-26%-ы ғана істейді. Керісінше, рухани өндірістегі адамдардың саны 36-38%-ға жеткен! Өйткені өндіргіш күштер өскен сайын материалдық өндіріске керек адамдардың саны да соған сәйкес азая бермек. Ақпараттық қызмет көрсету саласы дамыған елдерде бүгін бүкіл экономиканың 50%-ынан асады екен! Сөйтіп, ақпарат ең құнды тауарлардың қатарына кірді. Ендеше, ұлттық ақпарат ресурстары сол қоғамның негізгі байлығы болып есептеледі. Енді оның ғажап ерекшелігі мынада. Мысалы, сіз мың дана көйлектің 500-ін сатсаңыз, сізде 500-і қалады. Ал 1000 бит ақпарат сатсаңыз, оның құнын аласыз да, сонымен қатар сол 1000 бит қолыңызда бұрынғыдай қала береді!

Демек, қазіргі қоғамның негізгі капиталына адамдардың қабілеттері, табиғи дарындары, оларды дамытып, тиімді пайдалану жататыны айдан анық. Қай ел өз адамдарының шығармашылық мүмкіндіктерін гүлдетіп, тиімді пайдалана алса, табиғи байлықтары аз болса да, өркендеп алғы шепке өтіп кетуі мүмкін. Ол үшін білім саласына көп көңіл бөлінуі керек.

Сондықтан да біздің жас мемлекетімізде де білім беру саласына, оның дамуына көп көңіл бөлінуде. Бұл салада тәуелсіздік жылдары көп өзгерістер пайда болды.

Біріншіден, жаңа заманның талаптарына сай мектептер мен жоғары және орта арнаулы оқу орындары компьютерлік құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Ел қандай қиын жағдайда болса да, жас мемлекет оған қаржы аяған жоқ. Көп оқу орындары «Интернет» жүйесіне қосылып, мектеп оқушылары мен студенттер дүниежүзілік ақпарат қорын пайдалануға мүмкіндік алды. Жаңа заманға сай оқулықтар дайындалып, мультимедиалық білім беру әдістері алдыңғы шептегі мұғалімдердің күнбе-күнгі жұмысына айналды.

Жоғары білім беру саласында жеке меншікке негізделген оқу орындары пайда болып, дами бастады. Әрине, бұл үлкен жұмыста асырасілтеушілік де болды. Мұндай үдеріс басталған кезде, сол саланы басқарған кейбір шен иелері «көз қысты, бармақ басты» жолына түсіп, оңды-солды лицензиялар беріп, ешқандай материалдық базасы жоқ «университеттердің» ашылуына жол беріп қойды. Жоғары білім беру «жеңіл іске» айналды. Оңай пайда табуға құныққан оқу-білім саласындағы «іскерлер» соларға сенген қаншама жастардың тағдырына өз кесепін тигізді!

Бүгінгі таңда жағдай дұрысталуда. Үш бөлмелі пәтерді жалға алып, «университет ашқан» заман артта қалды. Дегенмен де бұл күрделі салада қиындықтар – әлі шаш етектен.

Қай елде болса да, білім беру жүйесі екі мәселені қамтиды. Біріншіден, заманның талабына сай кәсіби білім беру, сол саладағы

соңғы технологияларға үйрету. Екіншіден, әлеуметтік-гуманитарлық білім беріп, болашақ мамандардың тұлғалық, азаматтық қасиеттерін шыңдау. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бұрынғы білім беру жүйесінде әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге аса көп көңіл бөлінген болатын. Сонымен қатар арнаулы кәсіби білім беру, жаңа технологияларға үйрету заман талабына көп жағдайда сай келмейтін.

Енді жағдай керісінше орын алып отыр. Гуманитарлық білім беру жүйесі мейлінше кеміп, кәсіби білім беруге мейлінше көп көңіл бөлінуде. Тікелей Батыстың білім беру жүйесі сияқты. Мұндай асырасілтеушілік **«біржақты» дамыған, тек өз саласын ғана жақсы білетін** мамандардың дүниеге келуіне себеп болады. Қарап отырсақ, Батыс елдеріндегі рухани дағдарыстың себептерінің бірі осында болса керек. **Жалаң технократизм** дұрыс нәтижеге әкеледі деп айту қиын. Екі-ақ мысал келтірейік. Қытай елінде (5 мың жылдық өркениеттігі бар) мыңдаған жылдар бойы мемлекеттік жұмысқа өтерде конфуциандық **этикадан емтихан** қабылданады. Тұлғаның моральдық қасиеттері егжей-тегжейлі тексеріледі. Әрине, жемқорлықты түбегейлі жою, қай елде де, мүмкін емес. Бірақ ол елдегі жағдай, бұл жағынан алып қарағанда, мүлде өзгеше. Біздің елде Конституция мен екі-үш заңды білсең болғаны, мемлекет саласында жұмыс істеуге жол ашылады. Көп жағдайда жоғарғы лауазым иелерінің халық алдында берген анты үстірт рәсімге айналып отыр. Бірде-бір антты бұзған шен иесі туралы ақпарат естіген жоқпыз: мүмкін, ондай мемлекет қызметкерлері біздің елде болмаған шығар?!

Екінші мысал ретінде Англия премьер-министрі Тони Блеердің қазан айындағы (2005) парламент алдындағы сөйлеген сөзін айтсақ та болғаны. Ол Еуропа жоғары білім беру жүйесін реформалау керектігін, Қытай мен Үндістан елі жоғары мектептерінің **олардан озып кету мүмкіндігін** басып айтты. Ал біздің Еуропа стандарттарын жалаң еліктеушіліктің негізінде қабылдап жатқан жағдайымыз бар. Шығысқа қарай «мойнымызды бұрып», ондағы жиналған тәжірибені де игерсек дұрыс болмай ма? Мұндай жағдайда біздің телеэкранда араларында жантүршігерлік кадрларды көрсетіп, «Биллды өлтіру-1», «Биллды өлтіру-2», «Биллды өлтіру-3» деген жарнамалар болмас еді.

Әрине, білім беру жүйесі бүгінгі заманда өне бойы өзгерісте болуы керек. Сонда ғана біз арттақалушылықпен мәңгілік қоштасамыз. Электрондық, мультимедиалық құралдар да кеңінен пайдалануы керек. Неше түрлі тестілерді де оқу барысында қолдану қажет. Бірақ қай елде болса да, тек қана мыңдаған жылдар бойы өзгермеген бір нәрсе бар: ол – **ұстаздың** оқу барысындағы **шешуші рөлі**, өйткені білім беру жүйесінде адам заманның талабына сай **тұлғаға** айналуы қажет. **Бірде-бір техникалық құрал ұстаздың орнын ауыстыра алмайды**. Ол – білім

беру жүйесінің арқауы. Олай болса, қоғам өміріндегі оның мәртебесін көтеру, оның материалдық ахуалын жақсарту арқылы білім беру жүйесін шынайы дамытуға болады. Қазақстан интеллигенциясының шығармашылық әлеуеті жеткілікті. Біздің жастар да талантты. Олай болса, бұл саладағы саясат осы мүмкіндіктерді шындыққа айналдыруға бағытталуы керек.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Сезімдік танымның формаларын келтіріңіз.
2. Интуиция (ішкі көкейкөз) дегеніміз не?
3. Ақиқат дегеніміз не?
4. Ақиқатқа жетудегі жаңылу мен жалғанның айырмашылығын көрсетіңіз.
5. Танымдағы әдістердің қызметі қандай?
6. Экспериментті кейбір кезде неге «табиғатты тергеу» дейді?
7. Санаттық синтез дегеніміз не?
8. Дедукция кеңінен қай ғылымдарда қолданылады?
9. Қазіргі ғылымдағы моральдық құндылықтар маңызы өсуінің себебі неде?

Рефераттар тақырыптары:

1. Философиядағы таным ілімі.
2. Танымның іс-тәжірибелік табиғаты.
3. Танымдағы ақиқат мәселесі.
4. Сезімдік танымның ерекшеліктері.
5. Рационалдық танымның құрылымы.
6. Танымның жалпы әдістері.
7. Диалектика және метафизика.
8. Дерексіздіктен нақтылыққа өрлеу таным жолы.
9. Синергетика ілімінің әдістемелік мүмкіндіктері.

XV тарау. Әлеуметтік философия. Қоғам болмысы

§ 1. Қоғам ұғымы

Болмыс санаттарын талдай келе, енді бүгінгі таңдағы ғылымға мәлім ең күрделі дәрежеде ұйымдасқан **қоғам болмысына** келіп тірелдік. Өйткені біз білетін ғарыштағы Жер бетінде өмір сүріп жатқан саналы пенде – адамдар – бір-бірімен бірігіп, сан-қилы қарым-қатынастарға түсіп, қоғамды құрайды.

Қоғам ұғымының орнына көп жағдайда оған мән-мағынасы жағынан жақын санаттар қолданылады. Сондықтан ең алдымен біз оларды бір-бірінен айыра білуіміз қажет. «Ел» және «қоғам» санаттарын салыстырсақ, біріншінің географиялық жағы басым. Мысалы, қазақ елі – Азия құрлығының ортасында, мұхиттардан алыс орналасқан ел. «Қауым» және «қоғам» санатына келер болсақ, біріншіге отбасы, ру, тайпа, халық, ұлт секілді әлеуметтік ұйымдасу формалары жатады. Ал «мемлекет» пен «қоғамды» салыстырсақ, ол мұхиттағы айсберг сияқты: судың бетіндегі көрінетін алып мұздың кішкентай ғана бөлігі – ол мемлекет болса, су астындағысы – қоғам. Қоғам өміріндегі сан алуан қарым-қатынастардың ең негізгілерін ғана мемлекет заң арқылы ретке келтіре алады, қалғандары әдет-ғұрып, моральдық, эстетикалық, т.б. әлеуметтік нормалардың негізінде қалыпқа келеді.

Кең түрде алғанда, **қоғам** деп адамдардың арасында қалыптасатын сан алуан **байланыстар мен қарым-қатынастардың жиынтығын** айтамыз. Бұл арада мына нәрсеге көңіл аудару қажет: ол байланыстар мен қарым-қатынастар сол қоғамның өзіндік өмір сүруіне **жеткілікті** болуы керек. Алайда «өз-өзіне жеткілікті» деген ұғымның өзін нақтылай түсу қажет. Себебі, бүгінгі таңда бірде-бір мемлекет, қанша алып болса да, барлық қазіргі өмірге керекті заттарды шығара алмайды. Сондықтан басқа елдермен экономикалық, саяси-құқықтық, мәдени-рухани байланыстарға түседі. Олай болса, «өз-өзіне жеткілікті» деген ұғымды қалай түсінуге болады?

Белгілі нақтылы-тарихи қоғам өзінің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан руханияты, дүниесезімі, өмір салтын сақтай отырып, негізгі өмірге қажетті нәрселерді өзі өндіруі қажет. Мысалы, бүгінгі өтпелі қоғамда жер көлемі бойынша 10-шы орында болсақ та, ет, көкөністерді басқа елдерден алатын болсақ, онда біз өз-өзімізге жеткіліксіз боламыз. Әрине, Қазақстан Бразилия емес, сондықтан тропикалық аймақтарда өсетін апельсин, мандарин, банан сияқты жемістерді, кофе, шай сияқты тағамдарды шетелдерден алмаса болмайды. Сондай-ақ жеңіл мәшине, неше түрлі компьютерлер, радио-теле аппаратураларды да алуға болады. Сонымен қатар жер бетіндегі

үлкен астық өсіретін ел болғандықтан, ауыл шаруашылығына керек механизмдерді өзіміз шығармай, көсегеміз көгермейді. Күнбе-күн өмірге керек заттардың көбін де өзіміз **дүниежүзілік талаптарға сай етіп** шығара білуіміз қажет. Сонда ғана біз **өз-өзімізге жеткілікті қоғам** боламыз. Бұл мәселелер қазіргі саясаттану ғылымында **«ұлттық қауіпсіздік»** санаты арқылы талданады. Оқырманның байқағанындай, бүгінгі таңда біз өмірге керек көптеген тауарларды шығара алмай, сырттан әкелуге мәжбүр болып отырмыз.

Екінші үлкен сұрақ: қоғам өміріндегі сан алуан байланыстар мен қарым-қатынастардың ішіндегі негізгі, **оның іргетасын құрайтындар қандай** болмақ?

Сонау көне заманнан бері жалғасып келе жатқан үдеріс – қоғамдағы рухани, саналы байланыстарды негізгі деп есептеу. Өйткені бір қарағандағы қоғамның жануар тобырынан айырмашылығы – ондағы рухтың пайда болып, сол қоғамға тигізетін зор әсерінде болса керек. Қоғам өмірінде өмір сүріп жатқан нақтылы тірі адам басқалармен саналы қарым-қатынасқа түседі. Ол өз алдына неше түрлі мақсат-мұраттар қойып, оларды іске асыруға тырысады. Яғни идея әрқашанда алда, соңынан ол іске айналады. Ендеше, қоғам өмірін анықтайтын – билік басындағы ұлы тұлғалардың саналы іс-әрекеті. Мұндай көзқарасты сонау Көне заманнан бастап Жаңа дәуірде өмір сүрген ағартушылардың еңбектерінен байқауға болады.

«Халық – шөп, ел билеуші – жел. Жел қай жаққа үрлесе, шөп сол жаққа майысады» – дейді көне Қытай философиясы.

Ортағасырдың ұлы ойшылы Әл-Фараби қоғамның ахуалын халифтің адалдығы, әділеттілігі, көрегендігімен байланыстырады. Сол замандағы Еуропа ойшылдары А.Августин, Ф.Аквинский қоғамның дамуын алдын ала болжанған Құдайдың әмірімен ұштастырады.

Жаңа дәуірде өмір сүрген француз ағартушысы Ш.Л. де Монтескье қоғамның өрлеуін «ағарған монархтың» іс-әрекетімен байланыстыра отырып, қоғам өміріндегі заңдарды жетілдіруді бірден-бір шешуші фактор ретінде қарайды (мұны «құқықтық көзқарас» деп әдебиетте атап кеткен болатын). Бүгінгі таңда да мұндай көзқарастар кеңінен таралған. Әрине, қоғам өміріндегі заңдар сапасының биік болғаны оның дамуын тездететіні сөзсіз. Сонымен қатар заңның өзі – адамдардың (кәсіби заңгерлердің) рухани туындысы емес пе?

XX ғ. ұлы ойшылы К.Ясперс те тарихтағы рухани төңкерістерді қоғамның дамуының негізіне жатқызады. Оның ойынша, «адами ахуал – әрқашанда рухани ахуал». Мұндай көзқарастарды қорыта келе, қоғамды талдаудағы идеалистік жол десек те болады.

Сонымен қатар XIV ғ. өмір сүрген араб ойшылы Ибн-Халдун қоғамды талдауға жаңа үлгі енгізеді. Оның ойынша, әртүрлі қоғам-

дардың бір-бірінен айырмашылықтары, негізінен алғанда, материалдық игіліктерді қалай өндіру, бөлу, тұтынуына байланысты. Алайда ұлы ойшылдың көзқарастары соңынан ұмытылып, тек қана бес ғасырдан кейін К.Маркстің еңбектерінде жаңадан негізделеді.

К.Маркс қоғамтану саласына, түптеп келгенде, екі жаңалық енгізеді. Оның бірі – қосымша құн теориясы, ал екіншісі – тарихты материалистік тұрғыдан түсіну қағидасы. Ең алдымен бұл екі жаңалықтың да дүниеге келуі капиталистік қоғамның қалыптасып, дамуына байланысты болғанын атап өту қажет. Егер К.Маркс дүниеге келмегеннің өзінде, басқа ғалымдар ертелі-кеш оларды ашатыны сөзсіз еді. Өйткені мыңдаған жылдар бойы бұрынғы қоғамдарда әртүрлі сословиелік-заңдық қатынастармен бүркемеленіп келген экономикалық қатынастар Жаңа дәуірде ашылып, ғалымдардың назарын аудара бастайды.

Енді К.Маркстің бірінші ашқан жаңалығына келер болсақ, капиталдың өндіріс айналымында өсуі оның ерекше бір ғажап қасиетінен туындамайды. Бұл үдеріс тарих сахнасында ерекше тауардың пайда болуымен байланысты. Ол – жұмысшы және оның **еңбекке деген күш-қабілеті**. Оның тек өзіне ғана тән қасиеті өз бағасынан да жоғары қосымша құн тудыруында жатыр. Мысалы, капиталист жұмысқа қабылдаған адамға 500 доллар жалақы төлейді. Ол оның отбасын асырауға, өзінің күнбе-күнгі жұмысқа деген күш-қуаты мен қабілетін толықтырып отыруға жетеді. Бірақ ол шынында 1000, я болмаса 1500 долларға жуық материалдық игіліктерді жасауы мүмкін. Ол – капиталистің байлығын өсіретін **қосымша құн**. Оны, халықтың жалпақ тілімен айтсақ, қанау дейміз. Әрине, К.Маркстің ашқан бұл теориясының уақытында қоғамның саяси саласы мен жұмысшы қозғалысына тигізген үлкен әсерін айтпай кетуге болмайды. Өйткені ол бұл құбылысты жеке меншікке негізделген шаруашылыққа ғана тән деген тұжырымға келеді.

Алайда адамды адамның қанауы мемлекеттік (яғни қоғамдық) меншікке негізделген қоғамда да болуы мүмкіндігін өткен Кеңес қоғамының тарихы айқын көрсетті. Бұл қоғамда әсіресе ауылдағы механизаторлар, сауыншылар, кен өндірісіндегі шахтерлер, металлургтар т.с.с. топтардың қаналғаны қазір баршаға мәлім.

Екінші жағынан, **бүгінгі** дамыған капиталистік елдерде **капиталдың өсуі**, негізінен, жұмысшыларды қанаудан емес, **ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін ұтымды пайдалану** арқылы іске асып жатқанын айтып өту керек.

Шын мәнінде, қанаудың негізгі анықтамасы – адамның мерзімсіз азып-тозуы, оның өмірінің қысқаруы болып табылады. Ал бүгінгі таңдағы дамыған елдерде адам өмірінің ұзақтығы өте биік дәрежеде

болғандықтан, «қосымша құн» теориясы **өзекті мәселе деп айта алмаймыз**.

Ал К.Маркстің ашқан екінші – тарихты **материалистік тұрғыдан түсіну** қағидасына келсек, қоғамтану саласында оған парапар тұжырымдама әлі жасалған жоқ деп айтуға болатын сияқты.

Қоғам өміріндегі сан алуан байланыстар мен құбылыстардың ішінен К.Маркс материалдық қарым-қатынастарды басымдық түрінде бөліп алып, олардың іргелілігін көрсетеді. Оның себебі адамдардың қарапайым да табиғи күнбе-күнгі өмір сүру қажеттіліктерін өтеу керектігінде жатыр. Расында да, адамдарға күнбе-күн тамақ ішу, киім кию, баспана, т.с.с. материалдық мұқтаждықтарын өтеу керек. Олар-сыз өмір жоқ. Ол үшін материалдық игіліктерді өндіру қажет. Оны өндіру барысында адамдардың санасы мен еркіне тәуелсіз өндірістік қатынастар пайда болады. Соңғы – қоғамның іргетасын құрайтын шынайы базис болып есептеледі. Ол адамдардың санасы мен еріктеріне тәуелсіз қалыптасады да, оның үстінде қондырма ретінде оған тәуелді мемлекет, саяси, құқықтық, моральдық, эстетикалық, діни т.с.с. құбылыстар орналасады.

К.Маркстің ашқан бұл ұлы жаңалығын жете түсінудегі негізгі қиындық – өндірістік қатынастардың адамның сана-сезіміне **тәуелсіз** қалыптасуы. Адам әрқашанда саналы пенде ретінде өмір сүреді. Адам өзінің отбасында, күнбе-күнгі жүріс-тұрысында басқа адамдармен саналы қарым-қатынасқа түсіп, өндірістік қатынастарға келген кезде «санасын үйде қалдырып кететінін» көзге елестету тіпті мүмкін емес. Олай болса, К.Маркстің негізгі қағидасын қалайша түсінуге болады?

К.Маркстің ойынша, әрбір дүниеге келген жаңа ұрпақ бұрынғы бабалардан қалған қоғамның материалдық өмірімен кез болады. Ол өндіргіш күштерді (машиналар, неше түрлі жабдықтар, байланыс жүйелері т.с.с.) жаңа ұрпақ өз еркімен ысырып тастап, өмірді «таза бет-тен» ары қарай жалғастыра алмайды. Ол сол материалдық игіліктерді игеруге және өз өмір шеңберінде оны ілгері дамытуға мәжбүр болады. Сол өндірістік қатынастарды игеруде жаңа ұрпақ **өз сана-сезімін соған сәйкес** қалыптастырады. Яғни қоғамдық болмыс қоғамдық сана-сезімнің қалыптасуына шешуші ықпал жасайды.

Сонымен, қоғамдық қатынастар деп адамдардың арасында қалыптасатын тұрақты да қайталанатын байланыстарды айтуымызға болады. Мысалы, бір-бірімен таныс емес екі адам кездейсоқ кездесіп, біреуі: «Абылай хан көшесі қай жақта?» – десе, екіншісі: «Сіз қайдан келдіңіз?» – деп сұрауы мүмкін. Әрине, олар байланысқа түсіп, ақпарат алмасты. Бірақ бұл кездейсоқ байланысты «қоғамдық қатынас» деп айту асырасілтеушілік болар. Егерде біз профессордың күнбе-күнгі студент-

термен кездесіп, білім беруін алсақ, оларды қоғамдық қатынастарға әбден жатқызуға болады.

Қоғамдық қатынастарды, жалпы түрде алғанда, **горизонтальды** және **вертикальды** деп екіге бөліп талдауға да болады. Студенттердің оқу барысындағы бір-бірімен қарым-қатынасы, әрине, горизонтальды. Ал студенттер мен профессордың арасындағы қатынастар – вертикальды. Ол қатынастар заңмен бекітілген. Оқытушы мен кафедра меңгерушісі, соңғының оқу орнының басшысымен қарым-қатынасы да вертикальды. Өйткені оның негізінде әртүрлі дәрежедегі билік лауазымы жатыр. Олай болмайынша, қоғам бейберекеттікке айналып, ешқандай тәртіп орнамас еді.

Қоғамдық қатынастар қажетті түрде әртүрлі **әлеуметтік рөлдерді** тудырады. «Студент», «профессор», «кафедра меңгерушісі», «ректор», т.с.с. қоғам өмірінде мыңдаған рөлдер бар. Тұлға жалғыз ғана бір рөлді ойнап қоймай, оның сан алуанына ие болады. Мысалы, профессор сонымен қатар «әке», «ата», «саяси қайраткер», «спортшы», «театрсүйгіш» т.с.с. сияқты рөлдерді атқаруы мүмкін. Демек, тек актерлер ғана театр сахнасында ойнап қоймай, әр адам белгілі бір рөлдерді ойнайды, оның сахнасы әлеуметтік кеңістікте.

Оқырманның байқағанындай, әртүрлі рөлдер бір-біріне тең емес, әрбіреуінің өз «бағасы» бар. Оны әлеуметтануда **мәртебе** деген ұғыммен береді. Мысалы, қарапайым мұғалім мен ректордың мәртебесі екі түрлі. Бірақ сол қарапайым мұғалім ректорлық жұмысқа тағайындалса, ол дереу сол мәртебенің дәрежесіне сай келуі керек. Яғни мәртебе оның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына, ой өрісі мен сөйлеген сөздеріне, іс-әрекетіне т.с.с. өз әсерін тигізбей қоймайды.

Әлеуметтік мәртебесі жағынан **тең** тұлғалар бір-бірімен **горизонтальдық** қоғамдық қатынастарға түсіп, еңбек нәтижелерімен алмасып, өз мұқтаждықтарын өтейді. Әлеуметтік мәртебесі **тең емес** жағдайда **вертикальдық** байланыстар пайда болады. Бұл жағынан алғанда, қоғам құрылымының **иерархиялық** (жоғарыдан төмен) дәрежеде, яғни теңсіздік түрде өмір сүретінін байқауға болады. Жоғарғы, орта деңгейдегі және төмендегі әлеуметтік топтар деп адамдардың ойнайтын рөлдері мен мәртебесі бойынша қоғам құрылымын анықтауға болады. Сөйтіп, **мәртебе** – адамның **қай әлеуметтік топқа** жататынын көрсететін санат. **Сословиелік** капитализмге дейінгі қоғамдарда әлеуметтік мәртебе адамға **туа беріледі**. Еріктінің отбасында дүниеге келсең – еріктісің, құлдың баласы болсаң – құл болып қала бересің, шаруаның мәртебесі сол қалпында оның өмірін анықтайды, саудагердің баласы сол іспен айналысады, ал ақсүйектің отбасында тусаң, еш нәрсе жасамасаң да, үстем таптың мүшесі болып, әртүрлі жеңілдіктерге ие боласың. Бір топтан екіншіге өту – мұндай жағдайда өте қиын шаруа.

Бүгінгі қоғамды алсақ, адам өз белсенділігі, табиғи дарыны, тапқырлығы, білім деңгейі т.с.с. арқасында әртүрлі мәртебеге жетуі мүмкін. Мысалы, біздің елбасы қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келіп, әртүрлі өмір сатыларындағы мәртебелерге жетіп, ақырында, бүгінгі ең биік лауазым иесі болып отыр. Егерде қоғам тұлғаның белсенділігі арқасында жоғарыға көтерілуіне мүмкіндік ашса, ондай қоғамды **«ашық қоғам»** деп айтуға болады. Мысалы, бүгінгі таңдағы Қазақстан қоғамын «ашық қоғам» деп әбден айтуға болады. Соңғы жылдары қаншама жастар өз белсенділігі, тапқырлығы, білімі арқасында биік мәртебелерге жетіп жатыр! Жас дос, қажымай-талмай терең білім алып, сен де өз бағыңды сынап көр!

«Жабық» және «ашық» қоғам деген ұғымдарды кейбір жағдайда қазіргі саясаттануда тоталитарлық және демократиялық қоғамдарды салыстырғанда қолданады. Мысалы, бұрынғы кеңес қоғамын «жабық қоғамға» жатқызады. Өйткені ол қоғамда идеология кең орын алып, шетелдерде болып жатқан өзгерістер халыққа «өлшемді түрде» ғана көрсетілді, шетелдік газет, журналдарды таратуға тыйым салынды, халықаралық сауда толығынан мемлекеттің қолында болды т.с.с.

Қоғамның белгілі бір саласындағы әлеуметтік рөлдер мен мәртебелер жиынтығы **әлеуметтік институт (орнығу)** деген ұғымды тудырады. Қоғам өміріндегі әртүрлі әлеуметтік институттар неше түрлі әлеуметтік нормалар арқылы адамдардың іс-әрекеттерін белгілі бір жолға қойып, оны қадағалап отырады. Егер адам оның талаптарын бұзса, оған неше түрлі санкциялар қолданылуы мүмкін. Әлеуметтік институттарға отбасын, балабақша мен мектепті, жоғары оқу орнын, еңбек ұжымын, парламент пен сотты, армияны т.с.с. жатқызуға болады. Солардың қызметінің арқасында адам әртүрлі **рөлдерді меңгеріп, неше түрлі мәртебелерге ие болып, тұлғаға айналады**. Ол ең алдымен сәби кезінде отбасының риясыз сүйіспеншілігіне бөленіп, содан кейін балабақшаға барып, алғашқы әлеуметтілікпен кез болады, одан кейін мектепті бітіріп, жоғары оқу орнына оқуға түсіп, мамандық алады, азаматтық дәрежеге көтеріледі. Енді ересек өмір басталып, тұлға еңбек ұжымына кіріп, саяси институттардың жұмысына қатысып, ары қарай шыңдала түседі т.с.с.

Қоғам өмірін талдауда **«Шығыс»** және **«Батыс» қоғамы** деген ұғымдарды аттап өтуге болмайды. Шынында да, егер сіз Франция мен Мысырға турист болып барып, қоғамдағы тәртіпке, адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа, әдет-ғұрпына, салт-дәстүрлеріне мұқият қарасаңыз, осы екі қоғамның арасындағы айырмашылықтарды әлеуметтану маманы болмасаңыз да аңғарасыз. Ол – шындық. Олай болса, біз оны түсінуіміз керек.

Шығыс қоғамы, өркениетінің тарихы сонау көне заманға кетеді. Мұндай қоғамдардың классикалық түрі ретінде Қытай қоғамын келтірсе де жеткілікті. Бұл ел мыңдаған жылдар бойы бүкіл адамзаттың алдында болып келді, тек XVIII ғасырдан бастап, Батыс Еуропа капиталистік қоғам шеңберінде ғылым мен техниканы дамытып, машиналық өндірісті пайдаланып, алғы шепке шығып кетті. Бүгінгі таңда Шығыс қоғамдары (Қытай, Үндістан, Иран, Араб елдері т.с.с.) заманның талабына сай жауап тауып, өте тез қарқынмен дамып келеді.

Шығыс қоғамының негізгі ерекшелігі – **қауымдасып өмір сүрудің биік мәртебесінде**. Жеке адамның мүддесі әрқашанда ұжымның шеңберінде болып, соның талаптарына сай болуы қажет. Рулық, жерлестік, діни, касталық, отбасылық т.с.с. қауымдастықтың шеңберінде пайда болған моральдық, руханияттық, мәдени т.с.с. түсініктер, нормалар, құндылықтар тұлғаны баурап алып, өз еркіне көндіреді. Сонымен қатар ұжым жеке тұлғаны әрқашанда өз қамқорлығының шеңберінде ұстайды, ол қорғалған. Сондықтан бұл қоғамдарда әлеуметтік әділеттілікке көп көңіл бөлінеді. Әрине, мұнда да байлар мен кедейлер бар. Бірақ ол таптық емес, сословиелік негізде құрылған. Жеке меншікке де Батыстағы сияқты толыққанды құқық мұнда жоқ. Көп жағдайда байлық мемлекеттің, я болмаса қауымдастықтың қолында. Экономика бұл қоғамдарда ешқашанда негізгі мақсат-мұратқа айналмаған, ол – негізгі қажеттіліктерді өтейтін құрал ғана. Негізгі байлық – рухани жетілу, адамгершілік, ар-намыс пен абыройды биік дәрежеде ұстап, қорғау болып табылады.

Мұның себебі айнала қоршаған ортаға мыңдаған жылдар бойы бейімделуден шықса керек. Мысалы, Қытай елі мыңдаған жылдар бойы жүздеген мың адамдардың басын біріктіріп, алып арналарды қазып, суармалы егіншілікпен айналысты, көшпенділерден қорғану ретінде ұзындығы 6000 шақырымнан артық «Ұлы қорғанды» соқты. Қытайдың ұзындығы 1000 шақырымнан артық кемелер жүретін арнасы – олардың мақтанышы. Мұндай жағдайда, әрине, мемлекеттің рөлі өте зор болды. Осы күнге дейін Қытайда жер мемлекеттің қолында. Ол тек жеке адамдарға жалға ғана беріледі. Мемлекеттің рөлінің тым биіктігі неше түрлі шен иелерінің құзырын арттырып, елбасының шектелмеген абсолютті билігін құрайды. Оны Батыс елдерінде «Шығыс озбырлығы» деп атап кеткен болатын. Егерде қайсыбір себептер болып, мемлекет әлсізденсе, мұндай қоғамдар тез уақытта тарқап отырған.

Енді **Батыс** қоғамына келсек, оның негіздері сонау көне гректерге кетеді. Бұл ел жылы теңіздермен қоршалған, қысы жоқ, суы мол, жері құнарлы, сондықтан сонау ерте заманнан бастап, **жеке адамның белсенді** іс-әрекеті нәтижелі болған. Еңбек еткен адамға табиғат өз жемісін аямай берген. Сондықтан Батыс өркениеті жеке адамның

мүддесін биік ұстап, оны қорғау жолын іздеген. Мұндай өмір бағытын әдебиетте **индивидуализм** дейді. Жеке тұлғаның өзіндік құндылығы мен жеткіліктігі, оның еркіндігі мен өз іс-әрекеттерін билеушілігі негізгі құндылықтар болып есептеледі. Екінші ерекшеліктерінің бірі – **рационализм**, істеген істің барын есеп-қисаптан өткізу, көп жағдайда адамның сезімдік дүниесімен есептеспеу т.с.с. Яғни адамның іс-әрекеттерінің бәрі **пайда табуға**, өз мүддесін ғана қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай ахуалда қоғамның біртұтастығы көп жағдайда заңдар арқылы қорғалады. Сонымен қатар діни құндылықтар да адамдарға өмір бағытын анықтауға көмектеседі.

Осындай қоғамның материалдық байлықты жасауға көп мүмкіндіктері болғанмен, рухани жүдеуінің себебі де жекенің қауымдық мүддеге қарағанда жоғарылығында жатса керек, өйткені шынайы адамгершілік қоғамдық мүддені жекеден гөрі жоғары ұстағанда ғана болады. Екінші жағынан, Батыс өркениеті техниканы, соғыс құралдарын дамытудың негізінде XVI ғ. бастап бүкіл дүние жүзін өзіне бағындыру саясатын жүргізіп, көп елдерді бодандап, бүкіл жер бетінің ресурстарын өз пайдасына жаратты. Яғни бүгінгі Батыс өркениетінің материалдық жағынан алып қарағандағы гүлденуіне ғасырлар бойы бүкіл адамзат өз үлесін қосты деп айтуымызға болады.

Соңында біздің бүгінгі өмірмен тығыз байланысты **«нарықтық қоғам»** деген ұғыммен танысайық. Бүгінгі таңда нарықтық қатынастардың (қоғамның қай саласы болса да) шешуші рөлімен санаспайтын адам жоқтың қасы шығар. Әсіресе бұл қоғамда материалдық игіліктерді өндіру, сауда-саттық негізгі сала болып есептеледі. Мемлекет заң шығару арқылы нарықты дамытуға барлық жағдай жасайды, ал іскерлер тобы қоғамның негізгі «қозғаушы күшіне» айналады. Сонымен қатар нарықтық қоғамда әр адамның өз «бағасы» бар, ол өз қабілеттерін, шеберлігін, білімін т.с.с. нарық таразысына салады. Сөйтіп, нарықтық қоғамда әр адам, бір жағынан, сатып алушы болса, екінші жағынан, өз тауарын сатады. Ол, мысалы, профессордың **білімі**, әртістің **өнер шеберлігі**, жазушының **романы**, суретшінің **суреті**, сәулетшінің үй **жобасы**, қолөнершінің **сақинасы** мен **шолпысы** т.с.с. Адамның әлеуметтік мәртебесі – оның істейтін ісінің тауар ретіндегі өтімдігі, ақшаға айналуы. Сонымен, адам қалтасындағы **ақшасының қалыңдығымен** бағаланатын болды. Егерде адамның мәртебесі тек байлыққа келіп тірелсе, онда адамдардың арасында қатты бәсекелестік басталып та кетеді. Әлсіз, сайысқа шыдамағандар қоғамның шетіне шығып, өзін бейшара ретінде сезінеді. Пайда әкелмейтіннің бәрі есепке алынбайды. Мұндай жағдайда жақсы жасалған жеңіл машина нарықта өтеді де, композитордың жазған симфониясы, я болмаса реквиемі, ақынның өлеңі өтпей қалуы мүмкін. Достық, сүйіспеншілік, нәзіктік,

абырой-намыс сияқты моральдық құндылықтар көп жағдайда «бос сөз» болып, ескерілмей қалады.

Қорыта келе, мынаны айтуымыз керек: егер сіз осы қоғамда дұрыс ауқатты өмір сүремін десеңіз, онда **қалаған мамандығыңызды терең де шығармашылық тұрғыдан меңгеруіңіз** керек, сонда ғана сіздің еңбегіңіз нарықта сұраныс табады, яғни сіздің қаражатыңыз болады. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» деген өмірлік бағдарлама сізді сәтсіздікке әкеледі. Сонымен қатар өмірдің мәнін тек ақша табуға әкеліп тіресеңіз, тағы да толыққанды өмірдің мән-мағынасын таба алмайсыз. Бұл жөнінде «Адам мәселесіне» арналған тараудан оқыңыз.

§ 2. Тарих философиясы

а) тарихты формациялық тұрғыдан талдау

Қоғамды материалистік тұрғыдан түсіну жолында К.Маркс қоғамдық-экономикалық формация теориясын жасайды. Оның ойынша, ол – нақтылы-тарихи сатыдағы белгілі бір өндіріс тәсіліне негізделген қоғам. Формациялық тұрғыдан бүкіл адамзат тарихын талдай келе, К.Маркс келесі қоғамдарды ашады: алғашқы қауым, құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік формациялар. Алайда адамзат тарихы болашақта коммунистік формацияны заңды түрде тудырады. Өйткені, оның ойынша, капиталистік қоғамның негізгі мақсаты – заттық байлықты жинау, капиталды өсіру, ал тарихи сахнада өмір сүріп жатқан тірі адам – сол мақсаттың құралы ғана. Осы себепті К.Маркс капиталистік қоғамды қатты сынға алады. «Капитал ең тәтті шырынның өзін адамдардың бас сүйегіне құйып ішеді», …«адамдардың бір-біріне деген нәзік те жылы қатынастарын капитал мұзды суға батырады»,…«бұл қоғамда қартайып қайраты кеткен шал гүлденген жас әйелге үйленеді, өйткені бұл қоғамда бәрі де сатылады», – деп қорытады К.Маркс. Әрине, мұндай ахуалдың мәңгілік сақталуы мүмкін емес. И.Канттың «Адамды әрқашанда мақсат тұт» деген талабын жақсы білген К.Маркс, болашақта адамды негізгі мақсатқа айналдыратын қоғам дүниеге келеді, ол – коммунизм деген тұжырым жасайды. К.Маркстің ойынша, бұл қоғамда жеке меншік толығынан жойылып, өндіргіш күштердің орасан зор дамуының нәтижесінде адамдар арасында толық теңдік орнап, олардың барлық қажеттіліктері толығынан өтеліп, адамдар жан-жақты дамып гүлденеді, адамзаттың мыңдаған жылдар армандаған бақытты өмірге қолдары жетеді. Алайда ондай қоғамға жету жолында ең алдымен социалистік сатыдан өту қажет. «Күйреген капитализмді терістеп дүниеге келген бұл қоғамда әлі де болса таптар мен әлеуметтік әртүрлі топтар сақталады. Бұл қоғамда

әр адамнан өз қабілетіне қарай, қайырымына еңбегіне қарай игіліктер бөлінеді», – деп қорытады К.Маркс.

Бүгінгі таңдағы К.Маркстің коммунизм теориясын сынаушылар өздерінше оны «сілейте сынап», оған қарсы теріске ешқашанда шығарылмайтын деректер таптық деп масаттанады. Ондай «ғұламалар» әсіресе бүгінгі «либералдардың» араларында жиі кездеседі. Ол қандай деректер екен?

Біріншіден, әр адамның барлық қажеттіліктерін толығынан өтеу үшін шексіз байлық өндірілуі қажет, ал оның ешқашанда болуы мүмкін емес, бұл дүниедегінің бәрі шектелген деген «даналықты» олар алға тартады. Осы арада дереу бізге мынандай ой келеді: Бүкіл дүниежүзілік қауым мойындаған аса дарынды ойшыл қазіргі кейбір майда қоғамтанушылардан да тайыз болғаны ма? Әрине, жоқ. Дүниедегінің барлығы шектелген, ол рас. Сонымен қатар бұл қағида адамға да қатысты. Мысалы, жеке адамға шаққанда жылына қанша ет, көкөніс, май, т.б. тағамдар керек екен? Ол шексіз бе? Әрине, шектелген. Басқа да адамға қажет материалдық игіліктерді де осы секілді қарастыруға болады. Бірақ бұл дүниеде шектелмейтін бір ғана нәрсе бар: ол – **адамның рухани-шығармашылық жетілуі.** К.Маркстің ойынша, жаңа қоғамды орнату барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар адамның белсенді жасампаздық іс-әрекетін тудырып, соның нәтижесінде тек қоршаған орта ғана өзгеріп қоймай, сонымен бірге адамдардың өздері де өзгеріп, жан-жақты дамып, ішкі табиғи дарындарын гүлдетіп, сыртқа шығарады. Мұндай әлеуметтік болашақ ахуалды ол кісі коммунизм деген ұғыммен береді. Ал мұндай жолмен дамудың расында да шегі жоқ, ол – тоқталмайтын үдеріс.

Екіншіден, марксизмді сынаушылар: «Егер адамның барлық қажеттіліктерін өтей алатын ахуал дүниеге келсе, онда дереу қоғам іріп-шіри бастар еді», – деген пікір айтады. Өйткені адамға еш нәрсе қажет емес, ондай жағдайда адамның саусағы да қимылдамайды емес пе деген сауал қояды. Әрине, біз адамды тек қана дене ретінде қарасақ, бұл пікірді терістеу қиын. Онда бақыт, өмірдің мәні тек қана ішіп-жеп, дүниеден тәндік-сезімдік ләззат алуда болса керек. Мұндай көзқарас, мәселеге тереңірек үңілсек, адамды жануарға теңеп, оның қадір-қасиетін аяққа басады, оның «жиырылған ғарыштық» дүниедегі ерекше рөлін түбі жоқ тұңғиыққа батырады. Сондықтан да болар, кейбір билікке ұмтылғандар, шындыққа айналмайтын уәделер беріп, қалың бұқараны алдап-арбап, оны жеңіл түрде оңға-солға, керек жаққа бұрылатын тобыр ретінде қарайды. Мұндай ахуалды бүгінгі таңда біз кейбір материалдық жағынан дамыған елдерден байқаймыз. Өкінішке қарай, сонау Қайта өрлеу заманынан басталған Батыс елдеріндегі өмірдегі материалдық-сезімдік бағыт бүгінгі күнге шейін созылып,

терең рухани-адамгершілік дағдарысқа әкелгенін дүниежүзілік зайырлы қауым көріп отыр. Алайда бұл өмірлік жолдың адамзатты тұйықтыққа, я болмаса ядролық соғыс арқылы өзін-өзі өлтіруіне әкелетінін болжау қиын емес. Расында да, материалдық игіліктер әрқашанда шектелген. Егер адамзаттың дамыған елдердегі «алтын миллиард» аталған бөлігі өлшемнен жоғары тұтынуды өмірлік мақсат-мұратқа айналдырып, ал келесі артта қалған елдердегі миллиардқа жуығы күнбе-күн аштықтың зардабын көріп, жыл сайын 70 миллионға жуығы өліп жатса, жер бетіндегі шиеленіс, экстремизм мен терроризмнің өршімесіне кім кепілдік бере алады?

Бірақ адамзаттың әртүрлі заманда өмір сүрген барлық кемеңгерлері – Сократ пен Анарыстан бастап, Абай мен К.Ясперске дейін – адамның рух екенін шаршамай айтып келген болатын. Өкінішке қарай, бүгінгі таңға шейін рухани-адамгершілік жолында адамзат өте қабілетті оқушы болып отырған жоқ. Алайда болашақта тек осы жолда ғана адамзат өзін-өзі сақтап қалуы мүмкін.

К.Маркстің коммунистік теориясына бүгінгі таңда қандай баға беруге болады? Бұрынғы Кеңес Одағындағы социалистік қоғамды орнатудағы орасан зор жасампаздықпен қатар, қайғыға толы іс-әрекеттер тарихи тұйықтыққа әкелгенін жақсы білеміз. Алайда оның кінәсін К.Маркстің теориясынан іздеу дұрыс болар ма екен? Мүмкін, оған кінәлі «марксизмді жаңа дәуірде шығармашылық жолмен ары қарай дамытқан» большевиктердің көсемі Ленин болар? Расында да, капиталистік қатынастар әлі күшіне кірмеген, тіпті кейбір жерлерде тағылықтың іздері әлі өшпеген феодалдық елде социализм орнатамыз деп лепірген революцияшыл топтардың тарихи кінәлілігін айтпай кетпеуге болмайтын сияқты. Екінші жағынан, қоғамдағы терең де жүйелі дағдарыстың өршіп, халықтың шыдамының таусылғаны да оған себеп болса керек. Алайда бүгінгі таңдағы әлеуметтік мемлекет орнатқан кейбір елдерге көз жіберсек (Швеция, Финляндия; Голландия т.с.с.), ол елдерді К.Маркстің заманындағы капиталистік қоғаммен толығынан салыстыруға болмайды. Мемлекет тарапынан жасалған көлемді әлеуметтік бағдарламалар әлсіз топтарға біршама көмек көрсетіп, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Сөйтіп, дамыған капиталистік елдер ешқандай революция, қантөгіс төңкерістерсіз-ақ бірте-бірте әлеуметтілікке қарай жылжып бара жатыр. Ал социализм дегеніміздің өзі әлеуметтілік деген мағына бермей ме? Олай болса, К.Маркстің социалистік қоғам жөніндегі тарихи болжамы бірте-бірте іске асып келе жатқанға ұқсайды.

Енді маркстік коммунизм идеясына келер болсақ, оны «бітпейтін ағыл-тегіл материалдық байлыққа» теңесек (осындай ғып оны тұрпайыландырған бұрынғы Кеңес көсемдерінің бірі Н.С.Хрущев

болған-ды), онда ол ешқашанда болмайтын қиял ғана деп есептеуге болады. Өйткені бұл дүниеде бәрі де шектелген. Ал, бірақ ол болашақтағы әр адамның гүлденуі, жан-жақты дамып, шығармашылық деңгейге көтерілуі десек, – оның іске асуы мүмкін.

Бұл теорияның тағы бір осал жері – тек қоғамдық меншіктің ғана болашағын мойындау, басқа меншік формаларына қарсы шығу. Диалектикалық дүниетануды қаншалықты меңгергенмен, К.Маркс саясатқа келгенде қиялға бой берген болса керек. Өткен Кеңес қоғамындағы мемлекеттік меншік шаруашылықты монополизациялап, ақырында іріп-шіріп кеткен жоқ па?

Сонымен қатар К.Маркстің теориясындағы тарихи үдерістегі революцияның, зорлық-зомбылықтың рөлін асыра көрсетуі сол кезде болған әлеуметтік-саяси ахуалдан, содан ашынудан шыққа керек. Қандай ұлы адам болғанымен, бұл тұлға да өз заманының перзенті екенін айтып кету қажет. Демек, ол да қателескен. Бүгінгі заманның шыңынан тарихқа көз жіберсек, орын алған тарихта болған бірде-бір революцияның алдына қойған мақсат-мұраттарына жетпегенін, керісінше, миллиондаған адамдарды қайғы-қасіретке, адам шошынарлық қантөгіске әкелгенін көреміз. Тарихи үдерістен шығатын бүгінгі адамзаттың көзі жеткен тұжырымы – қоғамды күнбе-күнгі қажымас еңбек, өзара келісімге келу, қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу арқылы өзгерту, даму болмақ.

ә) мәдениет және цивилизация. Тарихты цивилизациялық-мәдени жолмен талдау мәселелері

Тарих философиясының іргелі санаттарына мәдениет және цивилизация ұғымдарын жатқызуға болатын сияқты. Көп жағдайларда олар бірмағыналық дәрежеде пайдаланылатыны да рас. Мәдениет деген түбі араб сөзі «қалалық», ал цивилизация деген латын сөзі де алғашқы уақытта «қалалық», «азаматтық» деген мағынамен сөздіктерге кірген. Ал Орта ғасырларда «қала» деген ұғымды «қоғам» ретінде түсінсе, онда олардың бір-бірімен ұласып кететіні де рас. Сонымен, кең түрде алғанда, мәдениет деп тағы алғашқы табиғатқа қарсы тұрған, адамдардың іс-әрекеттері арқылы өзгертілген дүниені айтамыз. «Культура» деген сөздің өзінің түп мағынасы «өңдеу», «өзгерту», ал «культ» деген сөз белгілі бір нәрселерге табыну, көну деген мағына береді. Ал өзгертілген дүниенің (оны кейбір кезде «екінші табиғат» дейді) ерекшелігі неде? Өзгертілген заттарда адамның ақыл-ойы, шығармашылық іс-әрекеттері заттанады. Сол заттарды игеріп, пайдаланған кезде ондағы заттанған рух тағы да «жалт етіп жанып» адамның санасының құрамдас бөлігіне, яғни оның ішкі дүниесіне айналады.

Бұл арада оқырманның назарын мына нәрсеге аударғымыз келеді. Айнала қоршаған ортаны өзгертудің өзі – табиғатқа бейімделудің бір түрі ғана. Мысалы, көне Қытайда табиғаттың оқыс алапат күштеріне қарсы тұру әрекеттері жүздеген мың адамдардың басын қосып, оларды мәжбүрлеп, алып су арналарын ғасырлар бойы салуға ұмтылдырды. Нәтижесінде, бұл елде қауымдастық принципке негізделген мәдениет пайда болып, оның қағидалары, әлеуметтік нормалары осы уақытқа дейін сақталуда. Еуропа топырағында жұмсақ климат, айнала қоршаған жылы теңіздер жеке адамның іс-әрекеттерінің дамуына өз септігін тигізіп, жекешелікке негізделген мәдениеттің қалыптасуына әкелді. Олай болса, жер бетінің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан халықтардың сол қоршаған ортаға байланысты қалыптасқан өз төл мәдениеті бар деп айтуымызға болады.

Әр халықтың төл мәдениетінің негізінде оның тудырған тілі жатыр. Оны қазақ «ана тілі» дейді, өйткені ол ананың ақ сүтімен бірге беріледі. Тіл арқылы біз дүниені түйсіну, сезіну мүмкіндігін аламыз. Тілде халықтың мыңдаған жылдар бойы жинаған тәжірибесі, даналық қағидалары берілген. Сондықтан ол – бағасы жоқ құндылық. Сондықтан да қазақ тілі толыққанды мемлекеттік тілге айналмай, халқымыздың көсегесі көгермейді.

Кең түрде мәдениетті екі салаға бөлуге болады. Олар – материалдық және рухани мәдениет. Оларды бір-бірінен айыру анықтамасы адамға керек қажеттіліктерді өтеуде. Егерде белгілі бір зат адамның физиологиялық, материалдық мұқтаждықтарын қанағаттандырса, оны – материалдық, ал рухани сұраныстарын өтесе, рухани мәдениет құндылықтарына жатқызамыз.

Күнделікті өмірдегі түсінікке келер болсақ, мәдениетке ғылым, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, саяси-құқықтық, моральдық эстетикалық т.с.с. құндылықтарды жатқызуға болады. Ал енді бұл ұғымның өрісін мейлінше тарылтсақ, онда мәдениетке адамның ішкі жан дүниесін, оның білім деңгейін, дүниеге деген көзқарасын, басшылыққа алатын әлеуметтік нормаларын т.с.с. атаймыз.

Енді цивилизация ұғымына келсек, біріншіден айтып кететін жайт – бұл ұғымның көпмағыналығы. «Civilitas», деген латын сөзі «қалалық», «азаматтық» деген мағына береді. Енді бұл ұғымға берілетін бірнеше негізгі түсініктерді атап өтейік. Біріншіден, цивилизация алғашқы қауымдық қоғамнан кейін дүниеге келетін адамзат тарихының сатысы (Л.Морган, Ф.Энгельс). Екіншіден, цивилизация дегеніміз – қоғамның алып заттық денесінің пайда болып, адамдардың материалдық-сезімдік өмірлік бағытына көшуі, руханияттың азғындауы (О.Шпенглер, Ж.Ж.Руссо). Үшіншіден, цивилизация дегеніміз – белгілі бір географиялық аймақта қалыптасатын ортақ дүниесезім мен өмір салты, мәдени

құндылықтар, шаруашылық формалары (А.Тойнби, В.Данилевский). Төртіншіден, өндіргіш күштер дамуы биік дәрежеге көтеріліп, негізгі қоғамдық қатынастардың заңмен ретке келтірілуі, адам құқықтарының бұлжымай орындалуы, «тұтыну қоғамының» орнауы (Д.Бэлл, З.Бзежинский). Бесіншіден, цивилизация дегеніміз, сайып келгенде, – дін арқылы берілетін моральдық-рухани құндылықтардың негізінде ұйымдасқан қоғам (В.Мак-Нил, С.Хантингтон). Әрине, мұндай көпмағыналық ұғым тарихи үдерісті әртүрлі тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Қалай дегенде де, әрине, алғашқы қауымдық қоғам белгілі бір дәрежедегі мәдениетті тудырғанмен, цивилизация емес. XX ғ. өмір сүрген көрнекті неміс ойшылы К.Ясперс цивилизация «кіндікті заманда» – б.з.д. VIII-II ғғ. дүниеге келеді деген пікір айтады. «Бұл кезде Шығыста да, Батыста да бүкіл адамзат пір тұтатын ойшылдар дүниеге келіп, өз халықтарын адамгершілік жолға түсіреді. Олар: Лао-Цзы мен Кон-фу-цзы (Қытай), Махавира мен Гаутама Сидхартха, соңынан Будда аталған (Үндістан), Заратустра (Парсы), Сократ, Платон, Аристотель (Грекия), Палестина топырағында дүниеге келген Киелі кітапта көрсетілген кейіпкерлер», – деп қорытады К.Ясперс.

Алайда кіндікті заманды материалистік тұрғыдан түсінуге болар ма екен? Аталған уақыт адамзаттың қола дәуірден өтіп, темір дәуіріне келген кезін көрсетеді. Соқаның басына байлаған темірден жасалған жер жыртқыш жердің өңделуін анағұрлым жақсартып, көп өнім алуға мүмкіндік береді. Ал оның өзі қажеттіліктен артық байлықтың дүниеге келуіне, соның нәтижесінде ең алдымен заттарды айырбастау, соңынан олардың барын теңейтін алтын, кейін ақшаның пайда болуы әлеуметтік айырмашылықты тудырады. Жеке меншік дүниеге келіп, мемлекеттік дәрежеде ұйымдасқан қоғамның формасы туады. Енді қоғамда дене еңбегімен тікелей айналыспай, өз өмірін толығынан ой еңбегіне арнаған адамдар – жазушылар, философтар, діни қызметкерлер, мемлекет шен иелері т.с.с. дүниеге келіп, олармен бірге жазба тарих пайда болып, мектептер ашылады. Міне, енді дүниеге осы уақытта цивилизация келді деп айтуға болады.

Енді тарихи үдерісті цивилизациялық-мәдени жолмен талдау әдістемелерін алып қарасақ, осы ұғымдардың көпмағыналылығына сай әртүрлі тұжырымдамаларды көруге болады. Алғашқы рет адамзат тарихына көз жіберіп «кезеңдік», яғни белгілі бір шеңберде дамып, соңында бастапқы сатысына қайта оралу идеясын философияға енгізген **Джанбатисто Вико** (1668-1774 жж.) болатын. Осы шеңберде белгілі бір мәдени қауымдастық, ұлт үш дәуірден өтеді екен. Бірінші – діни, екінші – батырлық, үшінші – азаматтық, содан кейін бастапқы діни сатыға қайта оралады. Осы тұрғыдан алғанда, біздің халықтың тарихи

батырлық сатысы, шамасы, Алтын Орда мемлекетінің заманында болса керек. Қазір біз азаматтық қоғам орнату үдерісіндеміз.

Жүре келе, мұндай «кезеңдік» идея біршама тарихи-сопылық көзқарастардың негізіне алынды. Тарихи бірінші болып «мәдени-тарихи типтер» ұғымын енгізіп, соның арқасында тарихты сопылап көрген орыс ғалымы **Н.Я.Данилевский** (1822-1885 жж.) болған-ды. Ол Батыс Еуропа елдерінің «герман-романдық» тарихи даму жолын жан-жақты деп есептемей, керісінше, оның рухани-адамгершілік дағдарыста, болашағының жоқ екенін көрсетеді. Оның ойынша, адамзат тарихының дамуы «мәдени-тарихи типтердің» өзара бір-бірімен күресі жолында дамиды. Бірақ бұл күресте алға шыққан негізі мен құрылымы жағынан мықты тип тарихи үдерістің негізін құрайды. «Мәдени-тарихи типтер» сол қауымдастыққа кіретін халықтардың ортақ тілін талап етеді. Екіншіден, ол халықтардың саяси дербестігі болуы қажет, үшіншіден, ол толыққанды болуы үшін әртүрлі халықтар мен ұлыстардан тұруы қажет. Қарап отырсақ, аз-мұз жетілген бұрынғы Ресей империясы көз алдымызға келеді. Оның ойынша, егер славяндардың тарихи болашағы мол болып, олар көштің басында болса, гүндер мен түріктер тек қана қиратуға жаратылған халықтар екен. Қытай, Үндістан, Иран т.с.с. көне автохтондық цивилизациялардың да болашағына Н.Я.Данилевский күмән келтіреді. Демек, славян тілдері мен мәдениеті шарықтап дамып, ал қалған кішігірім халықтар осы «мәдени-тарихи типті» безендіріп, сонымен қатар мәресіне жетпей құрып кетеді екен.

Алайда Н.Я.Данилевскийдің бұл жасанды империялық-ұлтшылдық тұрғыдан жасаған конструкциясын тарих ақтамады. Бүгінгі таңда көне түріктердің тарихын жалғастырып келе жатқан қазақ халқы **неоренессанс үдерісінде**. Оны бүкіл дүниежүзілік қауым мойындады. Бүкіл жер бетіндегі түрік дүниесі өз-өзін адамзатқа көрсетіп, орнын анықтау барысында бірте-бірте жақындасуда. Ал Қытай мен Үндістан цивилизацияларына келер болсақ, олар бүгін тұйықтықтан шығып, **нағыз өрлеу** үстінде.

Тарихи сопылыққа өз үлесін қосып, уақытында үлкен қызығушылық тудырған **Освальд Шпенглер** (1880-1936 жж.) болды. Оның ойынша, тарихта әртүрлі мәдениеттер өз-өзін тудырып, гүлдеп, ақырында өмірден озады. Тарихтағы әрбір мәдениет дара, өзінің ішкі қайталанбайтын құрылымымен көрінеді. Бір мәдениеттің шеңберінде өмір сүрген тұлға екінші мәдениеттің ерекшелігін толығынан ешқашанда ұға алмайды. Сондықтан оларды тек сырттай салыстыру арқылы ғана бағалауға мүмкіндік аламыз.

Әрбір мәдени типтің тарихтағы өмір сүруі шамамен 1200-1500 жылға созылады. Әрбір мәдениет «жастық шағынан өтіп, есейе келе» өз жұмсақтығы мен шабытынан айырылып, қатая бастайды. Өмір

мұздаған салқын лебізді ақыл-ой (рационализм) торына түсіп, тікелей шындықтан өрбитін шабыт, шығармашылық **техникалық үстемдікке** ауысады. Ақырында мәдениет цивилизацияға ауысып, қоғамның алып материалдық денесі оның рухын тұншықтыра бастайды. Еуропаның күйреуі осыдан басталады.

XX ғ. ортасында ағылшын ғалымы **Арнольд Тойнби** (1889-1975 жж.) цивилизациялық талдаудың жаңа түрін дүниеге әкеледі. Оның ойынша, тарихтағы әрбір цивилизация қоршаған ортаға бейімделудің негізінде өзіне тән рухани құндылықтарын, шаруашылық формаларын жасайды. Сондықтан жер бетіндегі мәдениет формалары әрқашанда әртүрлі болмақ. Бірақ қазіргі жағдайда атлантикалық цивилизация дүние жүзіндегі басқа халықтарға үстемдік көрсетіп, олардың мыңдаған жылдар бойына жинаған мәдени тәжірибесіне, құндылықтарына нұқсан келтіруде. Дегенмен де А.Тойнби тарихқа деген О.Шпенглердің пессимистік көзқарасына қарсы. Тарихи дамуда белгілі бір мәдениет қандай қиындық көрсе де, оны адамның ерікті де жауапты іс-әрекеттері арқылы жеңе алады. Оны көрсету үшін ойшыл тарихи сопылыққа екі жаңа санат енгізеді. Біреуі – қоғам алдына қоятын тарихтың **Талабы** болса, екіншісі – оған берілетін қоғамның **Жауабы**. Цивилизацияның өсуі, ары қарай күрделенуі – сол нақтылы заманның қойған талаптарына сәйкес келетін шешімдер, Жауапты табу болмақ. Егерде ондай жауапты дегдар топ таба алмаса, онда ол цивилизацияның сағы сынып, оның күйреуіне жол ашылады. Сонымен, цивилизация тағдыры азшыл шығармашылық топтың іс-әрекеттерімен тығыз байланысты.

А.Тойнбидің енгізген бұл санаттарының әдістемелік маңызы өте зор. Ол әсіресе жаңару үдерісіндегі көп дамып келе жатқан елдерге аса қажет. Тәуелсіздіктің басында, Елбасының басшылығымен жасалған жаңа ұлттық саяси дегдар топтың шешімдерінің арқасында заманның қойған талабына біз дұрыс жауап қайтара алдық. Соның нәтижесінде Қазақстан өз тәуелсіздігін уыстан шығармай, жаңа мемлекеттің іргесін нығайтуда. Егерде сол кезде басқа дегдар топ болып, заманның талабына сәйкес Жауап таба алмағанда, қазақ елінің тағдыры аянышты болуы мүмкін еді.

Қазіргі адамзаттың дағдарысынан шығу жолын ойшыл бүкіл дүниежүзілік рухани бірліктен көреді. Ал ол үшін дүниежүзілік діндердің аса қадірлі жақтары біріктіріліп, бірегей Дүниежүзілік дін дүниеге келуі керек. Сонда ғана әртүрлі цивилизациялардың басы бірігіп, бүкіл адамзаттың ары қарай дамуына жол ашылады, – деп А.Тойнби өз ойларын қорытады.

Цивилизациялық талдаудың соңғы үлгілерінің біреуі XX ғасырдың 60 жж. аяғында жасалған болатын. Осы кезде К.Маркстің жасаған формациялық теориясына қанағаттанбаушылық байқалды. Өйткені

Кеңес Одағындағы мемлекеттік меншікке негізделген жоспарлық экономика Батыстағы капиталистік жеке меншікке негізделген нарықтық экономикамен сайысқа түсе алмай, артта қала бастады. Ал К.Маркстің формациялық теориясы бойынша, социализм капиталистік қоғамның жеткен жетістіктерін басып озып, одан да гөрі асқан өндіргіш күштерді тудыруы керек еді. Осы ахуалды ескере отырып, Д.Бэлл, Р.Арон, У.Ростоу сияқты Батыс ойшылдары К.Маркстің коммунизм теориясын «утопиялық, ешқашанда өмірге келмейтін сағым» ретінде қарап, қоғамды талдаудағы жаңа әдістеменің керек екенін алға тартты. Сондықтан Батыс әлеуметтік философиясында формациялық талдаудың орнына цивилизациялық сараптау жолының тағы бір түрі келді.

Бұл талдаудың негізінде жатқан анықтаушы – қоғамның өндіргіш күштерінің дамуы, яғни бұл әдістемені де қоғамды материалистік жолмен түсінудің бір түрі ретінде қарауға болады. Оны кейбір кезде **«технологиялық детерминизм»** деп атайды.

Осы тұрғыдан оның алғашқы сатысын **аграрлық цивилизация** деп атайды. Ол алғашқы қауымдық қоғамнан кейін дүниеге келеді. Оның өмір сүруі тарихта бірнеше мың жылдарға созылды. Оның негізгі сипаттамаларына келер болсақ, халық ауылдарда шоғырланған және материалдық игіліктердің бары дерлік сонда өндіріледі. Қалалар әлі кішігірім ғана, онда тек мемлекеттік шен иелерімен қатар ақсүйектер ғана тұрады. Енді еңбекті ұйымдастыру принципіне келер болсақ, ол мәжбүрлік, зорлық-зомбылыққа негізделген: толығынан иесіне тәуелді құл мен жартылай тәуелді шаруа, әрине, жақсы өнімді жұмыс істеуге мүдделі емес. Сондықтан мемлекеттің күш қолдану мекемелері көлемді болып келеді, өйткені оқтын-оқтын езілген таптар көтеріліске шығады. Бірақ қоғамды өне бойы қолдың күшімен ұстап тұруға болмайды. Сондықтан бұл қоғамның рухани тірегі ретінде бүгінгі таңдағы дүниежүзілік діндер пайда болады. Қайсыбір діннің негізгі атқаратын қызметі – езіліп, зардап шеккен адамның жан дүниесіне рухани әсерін тигізіп, тыныштандыру, қарымына о дүниедегі жұмақты ұсыну болмақ.

Мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген бұл қоғам Жаңа дәуірде **индустриалдық цивилизацияға** ауысады. Бұл қоғамның дүниеге келуі, негізінен, машиналық өндірістің пайда болуымен байланысты. Олай болса, материалдық игіліктердің пілдей бөлігі қалада өндіріле бастайды, ауыл тек шикізат өндіретін дәнекерге айналады. Негізгі халық урбанизация үдерісіне түсіп, қала тұрғындарына айналады. Орасан зор мыңдаған жұмысшылар бір жерде шоғырланған зауыттар мен фабрикалар пайда болады. Адамдардың бір-біріне тәуелділігі жойылып, заңды түрде олардың құқықтары теңеледі. Соның нәтижесінде зорлық-зомбылыққа негізделген еңбек жойылып, оның орнына экономикалық мүдделілік келеді. Бір жағынан, капитал иелері, екінші жағынан, жұмыс

істеу қабілеті, күшінен басқа ештеңесі жоқ адамдар бір-біріне қосылып, еңбек үдерісін құрайды. Индустриалдық қоғам өндіргіш күштерді бірнеше ғасыр шеңберінде бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтереді. Өне бойы жаңарып жатқан машиналар мен өндіріс жабдықтарын игеру үшін халықты ағарту, білім беру қажет болды. Жалпы алғанда, халықтың тұрмыс және мәдени деңгейі анағұрлым биік дәрежеге көтеріледі. Дегенмен екі қарама-қарсы мүдделері бар капиталистер мен жұмысшы таптар арасындағы қайшылықтар өршіп, әртүрлі таптық күрес формаларын тудырады. Ақырында, 350 жыл шамасына созылған тез қарқынды индустриалдық даму екі үлкен дағдарысқа келіп тіреледі: олар бір-бірімен тығыз байланысты **энергетикалық** және **экологиялық** қиындықтар болатын.

Аталған дағдарыстардан шығу жолында жаңа компьютерлік технологиялар дүниеге келіп, энергияны аз пайдаланатын, демек, экологиялық жағынан да ұтымды өндіріс ошақтары пайда болады.

Сонымен, XX ғ. 60 жж. біршама индустриалдық жағынан дамыған қоғамдар **постиндустриалдық** (post – кейінгі) сатыға көтеріледі. Оны кейбір кезде **ақпараттық** қоғам дейді. Бүгінгі таңда постиндустриалдық сатыға жеткен елдерде 1 млрд. жуық адам өмір сүреді (әдебиетте оларды «алтын миллиард» деп атап кеткен). Бұл елдерге Батыс Еуропа елдерін, АҚШ, Канада, Австралия мен Жаңа Зеландия, Жапония, Малайзия, Сингапур т.с.с. жатқызуға болады.

Бұл сатыға жеткен қоғамдар қандай сапалық ерекшеліктерге жетті?

Постиндустриалдық мемлекеттердің негізгі институтына **университеттік білім беру саласы** айналып отыр. Ол елдердегі жоғары оқу орындары, негізінен, үш шеңберден тұрады. Оның өзегін лекциялар оқылатын, семинарлар жүргізілетін оқу кешендері, екінші шеңберде – ғылымның ең соңғы жетістіктерінің негізінде жасалған лабораториялар, үшінші шеңберінде эксперименталды шеберханалар мен аз көлемді түрде жаңа технологиялардың негізінде ойлап шығарылған заттарды шығаратын мекемелер орналасқан. Яғни шығармашылық деңгейге көтерілген жастардың неше түрлі идеяларының іске асуына барлық жағдайлар жасалған. Соның арқасында университеттер өндіргіш күштердің дамуының негізгі қайнар көзіне айналуда. Біздің жас мемлекетімізде де университеттердің дамуына жағдай жасалып жатқаны осы тұрғыдан алып қарағанда түсінікті болар. Әрине, бүгінгі таңда ең алдымен біз оқу орындарының лабораториялық базаларын күшейтуге көңіл аударуымыз қажет.

Постиндустриалдық қоғамды кейбір кезде **«тұтыну қоғамы»** деп атайды. Өйткені өндіргіш күштердің орасан зор дамуының нәтижесінде халықтың көпшілігінің материалдық ахуалы биік деңгейге жетіп, қолдағы байлықтан ләззат алуға бағытталған, сол арқылы өзін қоғамға

көрсету (демонстративтік тұтыну) өмір салты қалыптасты. Сонымен «homo consumer» (тұтынушы адам) дүниеге келді.

Бұл арада біз **постиндустриалдық қоғамның теріс жақтарын талдауға көшеміз**. Бірінші қоятын сұрағымыз: Индустриалдық қоғамдағы адамды құрал ретінде пайдалану, байлықты, капиталды негізгі мақсат-мұрат тұту жойылды ма? Әрине, жоқ. Постиндустриалдық қоғам өндіргіш күштерді өте биік дәрежеге көтеріп, миллиондаған адамдардың орасан зор күш-қуатын босатты. Ол күш-қуат қоғамның рухани жаңаруына, адамдардың жан-жақты дамып, шығармашылық деңгейге көтерілуіне жұмсалудың орнына материалдық **заттар арқылы өмірден неше түрлі сезімдік ләззат алуға** бағытталады. Өйткен себебі, капиталдың өне бойы өсуі нарықтағы айналымның тез өтуімен тығыз байланысты. Керісінше жағдайда ол тоқырауға ұшырайды. Сондықтан жыл сайын жаңа тауарлардың сан алуаны шығарылып, жарнама арқылы адамдарға таратылады. Оларды тұтынатын адамдар өздерін өмірдің желісінен қалмадық деп есептейді де, тұтына алмағандар өзін бишара ретінде сезінеді. Мұндай өмір салты **көбірек тұтынуды өмір мақсатына айналдырады**, ал ол үшін көбірек ақша табу керек, оның жолында сайысқа түсіп, стреске ұшырап, неше түрлі транквилизаторларды қолданып, ақырында көп адамдар жүйке ауруларына шалдығады. Өмірдің мән-мағынасы жойылған адам **әлеуметтік ауытқушылыққа** шалдығып, қылмыстық жолға, я болмаса маскүнемдік, нашақорлық, тіпті өмірден бас тартуға дейін барады.

Постиндустриалдық қоғамда көп адамдар өзін еркінмін деп сезінгенмен, іс жүзінде, биліктегілердің **байқалмайтын нәзік ықпалының шеңберінен шыға алмайды**. Оны іске асыратын – сол елдердегі «Mass-media» (насихат, ақпарат беру) құралдары. Саясаттану тілінде оны «public relation», қысқаша, «P.R.» (бұқаралық қарым-қатынас) деп атайды. Ол әсіресе сайлау кезінде кеңінен қолданылады. Оның кейбір «қара» жақтары біздің елімізге де келіп жетті емес пе?

«Осындай өмір салтының негізінде Батыс қоғамдарында тұлғалық ерекшеленуліктің орнына біркелкілік келіп, іс жүзінде халық бұқарасының көпшілігі **массаға** (біркелкі адамдарға) айналды», – деп қорытады XX ғ. испан ойшылы **Х.Ортега-и-Гассет**. Оған себепкер болған өндірісті конвейерлеу, миллиондаған бір-біріне толығынан ұқсас заттарды жасау және оны тұтыну, орташа, тіпті **тұрпайы талғамға сәйкес келетін мәдениет туындыларын** жасау және оны миллиондаған адамдардың тұтынуы т.б.

Постиндустриалдық қоғамдағы өзгерістерді талдай келе, XX ғ. ұлы гуманисі **А.Швейцер** адамның материалдық күш-қуаты өскен сайын, оның руханиятының тайыздана беретінін өкіне айтады. Ол осы қоғамдағы мәдени-адамгершілік дағдарысты, адамдардың бір-

біріне деген қарым-қатынасының жүдеуін, адам болмысының мәнмағынасының азғанын, адамдардың бір-бірімен толыққанды да сән-салтанатты дидарласуының жетіспейтіндігін көрсетеді. Американнеміс философы **Э.Фромм** Батыс адамының бақытты өмірді шексіз тұтыну жолында іздеуінің жалған жол екенін көрсетеді. Ал Нобель сыйлығының лауреаты **К.Лоренцке** келер болсақ, техникалық прогрестің айнала қоршаған ортаны аздырғаны жөнінде, табиғаттың айбындылығы мен сұлулығына қазіргі адамның мән бермейтінін, оның күшті де ыстық сезімдерінің сарқылып, зардап пен қуаныш-шаттықтың орнына зерігудің келгенін қазіргі адамзаттың күнәсі ретінде алға тартады. Ал Франкфурт мектебінің өкілі **М.Хоркхаймер** жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің негізгі себебін Батыс адамының қоршаған ортаны өзгертіп, билеп-төстеуге бағытталған құштарлығынан көреді.

Бұл айтылған пікірлерден шығатын бірауыз сөз – ол қазіргі Батыс технократизмі мен сциентизмінің болашағының жоқтығы, бұл жолда адамзаттың бірде-бір негізгі мәселелерінің шешілмейтіндігі болса керек. Қазіргі адамзаттың қорланған сан алуан қайшылықтары тек қана **рухани жаңару, қайта түлеудің негізінде шешілуі қажет**.

Біздің ойымызша, бұл жолда көшпенділердің адамзатқа берері баршылық. Өйткені олар ар-намысты материалдық байлыққа жетуден гөрі биік ұстаған. Қазақ санасында «қанағат» ұғымы үлкен орын алады. Жалпы алғанда, өмірлік бағытқа деген көзқарастың негізінде Батыста «өне бойы жетіспейтін экономика», ал Шығыста «молшылық экономикасы» өмір сүреді деген пікірді біз Батыс ойшылдардың өзінен естиміз. Бір қарағанда, мұндай пікір ақылға сыймайтын сияқты. Бірақ оның шындығы мынада. Батыс қоғамында өндіргіш күштер анағұрлым биік дәрежеде болғанымен, тойымсыз қоғамды қанағаттандыру мүмкін емес. Шығыс қоғамында экономиканы адамның негізгі қажеттіліктерінің өтелуімен байланыстырады. Ал одан артық өндірілген заттар молшылыққа әкеледі.

§ 3. Формациялық және цивилизациялық-мәдени тұрғыдан қарағандағы Қазақстан қоғамы

Енді бүгінгі таңдағы Қазақстан қоғамына формациялық және цивилизациялық тұрғыдан қандай баға беруге болар екен деген сұрақ туады. Егерде біз формациялық тұрғыдан талдау жасасақ, онда социализмнің пісіп-жетілмеген ерте түрінен буржуазиялық-демократиялық сатыға қайта оралғанымызды байқаймыз. Оның себебін анықтау жолында XX ғ. бас жағына қайта оралуға тура келеді.

Себебі, патшалық Ресей осы кезде оның тарихында бұрын-соңды болмаған терең де жүйелі дағдарысқа тап болғанын байқаймыз.

Ұлттық буржуазия табы әлсіз, сонымен қатар билікпен өте тығыз байланыста болғаннан кейін, олар заман талабына (ол елдегі феодалдық қатынастарды түбірімен жойып, буржуазиялық-демократиялық жолға түсу қажеттілігі болатын) тиісті жауап берудің орнына, «кішігірім жеңісті соғыс арқылы» ішкі қайшылықтарды шешкілері келді. Бұл жолда олар ең алдымен орыс-жапон соғысында өздерінің алып денесі болса да, аяқтарының саз екенін көрсетті, өйткені бір ғана айдың ішінде жапондықтар Ресейдің бүкіл теңіз флотын суға батырып, құртып жіберді. Соңынан Бірінші дүниежүзілік соғыста екінші рет соққы алып, қайшылықтың өте өрбуі себепті большевиктер өкімет басына келген болатын. Көп жылдарға созылған дағдарыстан ашынған ауыр жағдайдағы халықтың көңіл күйін пайдаланып, большевиктер социалистік бетбұрыс арқылы барлық мәселелерді шешуге ұмтылды. В.И.Ленин оны марксизмге енгізілген шығармашылық жаңалық ретінде есептеді.

Қалай дегенде де, большевиктер бүкіл ұлттық байлықты мемлекеттің қолына өткізіп, барлық табиғи және адами ресурстарды «жаңа қоғамды орнатуға» жұмсады. Бұл ауыр да тайғақ жолда миллиондаған адамдарды құрбан етіп, олар заман талабына өзінше жауап берді, яғни елді индустриялап, халықтың сауатын ашты.

Бұл төңкерісте әсіресе орны толмас апатқа ұшыраған қазақ халқы болды. Оны «жаңа өмірге» большевиктер бүкіл малын тартып алып, зорлап жерге отырғызудан бастады. Малынан айырылған халықтың жартысына жуығы геноцидке ұшырап, тіпті кейбір ауылдарда өлгендерді жерлейтін адамдар да қалмады. Егер осы апаттан халық аман қалғанда, бүгін Қазақ елінде 20 млн. артық қазақ өмір сүретін еді (басқа халықтардың өкілдерін есеп-темегеннің өзінде). Сөйтіп, бүгінгі демографиялық мәселелердің түп-тамыры сол өткен ғасырдың 20 жылдардың аяғы, 30 жылдардың басында жатқанын байқаймыз.

Бұл тарихи кезекті жаңарудың, әрине, оң жақтары да болды, оны ешбір адам терістей алмайтын болар. Ол Совет елінің қуатты индустриалдық елге айналуы, көп қалалар мен ауыл кешендерінің пайда болуы, бүкіл халықтың сауатының ашылуы, жоғары білім беретін мекемелер, театр, консерватория, кітапханалардың пайда болуы т.с.с.

Алайда тарихи уақыты әлі келмеген, жасанды түрде зорлық-зомбылық арқылы орнатылған бұл қоғам XX ғ. 70 жылдарынан бастап-ақ үлкен дағдарысқа ұшырады. Оның жағдайын түсінікті болу үшін былайша салыстыруға болады. Егер сіз көктемде екі жас алма ағашын: біреуін құнарлы жерге, екіншісін сортаңға отырғызсаңыз, бір-екі жылдың ішінде бірінші ағаш тез қарқынмен өсіп, жемісін бере бастайды, ал екінші ағаш бірінші жылы сарғайған жапырақтарын

шығарып күзге шейін тұрады да, келесі көктемде өмірден кетеді. Міне, жасанды түрде артта қалған мемлекетте тарихи кезекті сатыларды аттап өтіп, зорлық арқылы орнатылған социалистік қоғам сортаңға егілген ағаш сияқты өмірден кетті. Біз бүгін уақытында большевиктердің аттап өткен сатысына қайта оралып, буржуазиялық-демократиялық жолмен жетіліп келе жатырмыз.

Енді бүгінгі күрделі өзгерістегі Қазақстан қоғамын цивилизациялық жолмен талдасақ, онда біз қазіргі постиндустриалдық елдердің қолы жеткен өндіргіш күштерінен анағұрлым артта қалғанымызды байқаймыз. Сондықтан негізгі мақсат – дамыған елдердегі жаңа экономикалық жағынан тиімді, экологиялық таза технологияларды игеріп қана қоймай, қоршаған ортамызға сай келетін өз технологияларымызды жасау болмақ. Біз кедей елдердің қатарында болғаннан кейін, ол үшін шетелдерден инвестициялар тартып және жеке меншіктің негізінде қорланған ұлттық капиталды тиімді пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар, әрине, біз бүкіл дүниежүзілік қарым-қатынастарға толыққанды дербес мемлекет ретінде кіру жолымызда өзіміздің төл мәдениетіміз бен рухани құндылықтарымызды жойып алмауға тырысуымыз керек.

Осы ауыр да жауапты жолда біздің жас мемлекетіміз біршама ауқымды істерді жасап та үлгірді. Үлкен жетістіктердің бірі – экономиканы нарықтық жолға қою. Мыңдаған жылдардағы даму үдерісінде адамзат нарықтық экономикадан басқа тиімді жолды таба алмады. Бұрынғы Совет елінде жасалған жоспарлы экономика нарыққа қарағанда өзінің әлсіздігі мен тиімсіздігін ашық көрсетті. Енді, міне, бүгінгі таңда жер бетіндегі басқа мемлекеттер қазақ елін нарықты мемлекет ретінде мойындап отыр. Тоталитарлық жоспарлы экономикадан үзілді-кесілді бас тарту, мемлекеттік меншікті жекешелендіру біршама қателіктермен жүргізілсе де, белсенді топтарды тудырып, аударылып жатқан экономиканы аяғына тұрғызды. Кіші және орта іскерлікті дамыту саясаты миллиондаған адамдарды жаңа ахуалға тартып, олардың өмірге деген белсенді талпынысын тудыруда. Нәтижесінде, соңғы жылдары халықтың әл-ауқаты жоғарылап, елдің жарқын болашағына деген сенім қарапайым халықтың жүрегінде ұялады.

Әсіресе қомақты өзгерістер қоғамның саяси-құқықтық салаларында байқалады. Демократиялық принциптерге негізделген жас мемлекет бірте-бірте өз күшіне енуде. Елді нақтылы басқарып отырған атқару билігі өзінің кәсіби шеберлігін шыңдау нәтижесінде бұл салаға талантты көп жастар тартылды. Екі палатадан тұратын кәсіби парламент заң шығарумен айналысуда. Сот билігі де біршама терең өзгерістерге түсіп, халықтың сеніміне кіруде. Ақпарат тарату саласына келер болсақ, бүгінгі таңда сан алуан жеке меншіктегі газет-журнал-

дар, радио және телестансалар жұмыс істеуде. Жеке адамдардың бас бостандығы мен құқықтарының қорғалу деңгейі жыл артып өсуде.

Бүгінгі дамыған қоғамдарда заттық қорланған байлық емес, адам факторы негізгі қоғам дамуының қайнар көзіне айналуда. Әр адамның табиғи дарынын талантқа айналдырып, оны шығармашылық деңгейге дайындайтын – университеттер. Олай болса, тәуелсіздікті алғаннан бері білім беру жүйесін дамытуға да көп көңіл бөлінді. Көп жоғары оқу орындары университет болып қайта құрылды, жеке меншікке негізделген оқу орындары жұмыс істеп бәсекелестік бұл салаға да жетті.

Дербестік алған халықтың тез арада шығармашылық мүмкіндіктері гүлдеп, қазақ мәдениет қайраткерлері бүкіл дүние жүзіне халқымыздың өз ерекшелігі, қайталанбас жақтарымен танылатын асыл мұраларын, бүгінгі күнмен үндесіп жатқан жаңа туындыларын таныстырды. Айман Мұсаходжаева, Жәния Әубәкірова, Марат Бисенғалиев, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Майра Мұхамедқызы т.с.с. мәдениет қайраткерлері көп елдердің үлкен сахналарына шығып, еліміздің ғажап мәдени құндылықтарын басқа халықтарға ұсынып, солардың қошеметіне бөлінді.

Әрине, қайсыбір қоғамның жүйелі дағдарысы сан алуан қайшылықтарға толы, оның негізгі ауыртпалығы қарапайым адамдардың еншісіне өтеді. Әсіресе тоталитарлық социализм жүйесінен демократиялық қоғамға өтудің бұрын-соңды адамзат тарихында болмаған қиындықтарға әкелгенін 90 жылдар айқын көрсетті. Алайда бас бостандығына ие болған халқымыз оның барыне де шыдап, шығармашылық жолмен оларды жеңе білді.

Келесі даму сатысындағы негізгі мәселелер – шикізат өндіретін елді жаңа технологияларға негізделген өндірісі бар, дүниежүзілік бәсекелестікке сай келетін заттарды шығара алатын қоғамға айналдыру болмақ. Сонымен қатар ұлттық тіліміздің толыққанды дәрежеге көтеріп, салтымыз бен әдет-ғұрпымызды жаңа өмірге сай келтіріп, біздің рухымызға жат шетелден кірген тұрпайы мәдени туындыларды сырттататын ахуалға жетсек дейміз.

§ 4. Қоғам өмірінің негізгі салалары

Бүгінгі қоғамтану әдебиетінде қоғам өмірінің негізгі салалары ретінде **экономикалық, әлеуметтік, саяси-құқықтық** және **рухани** өмір көрсетіледі. Әрине, қоғам өмірі – өте күрделі жүйе, сондықтан осы көрсетілген салалар бір-бірімен шым-шытырық байланыста. Мысалы, экономика мен әлеуметтік сала арасындағы байланыстар өте тығыз. Экономика дамымай, бірде-бір әлеуметтік мәселелерді

толыққанды шешу мүмкін емес. Сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау т.с.с. әлеуметтік мәселелер биік деңгейде шешілмесе, өндірісті дамыту, жаңа технологияларды өмірге енгізу екіталай. Ал оларды бір-бірімен үйлесімді байланыстыру саясатпен тығыз байланысты екені тағы да сөзсіз. Ал саяси шешімдер заң жүзінде іске аспаса, оның бос сөзге айналып кететіні тағы бар. Жоғарыда көрсетілген осы салалар қоғамның негізінде жатқан рухани құндылықтарға сай келмей тағы да болмайды. Егер халық мыңдаған жылдардағы қалыптасқан рухани құндылықтарынан айырылып қалса, ол өз-өзін танымайтын белгілі бір құбыжыққа айналып, тарихтан жоғалып кетер еді. Тілінен, салты мен әдет-ғұрпынан айырылып, «мен орыспын» деп жүрген қаншама Сібір халықтарының өкілдерін бүгінгі Ресейден көруге болады!

Дегенмен де қоғамды ары қарай талдау жолында осы салаларды теориялық тұрғыдан бір-бірінен бөліп алып қарау қажет.

а) әлеуметтік-экономикалық философия

Қоғамның өмір сүру тәсілі басқа бүкіл жер бетіндегі тіршіліктерден бөлек. Егерде дамыған жануарлар ең керемет дегенде өзіне керек қоректерді жинаса, адам оларды өндіреді. Мәселеге тереңірек үңілсек, еңбек ету, материалдық өндірісті тудыру арқылы адамның өзі адам ретінде қалыптасқан жоқ па? Тағы табиғатта қалалар, бау-бақша, неше түрлі машиналар, электрондық байланыс жүйелері т.с.с. жоқ емес пе? Оларды жасаған – адам.

Қазіргі адам (ғылыми тілде – кроманьон адамы) өзінің дене құрылысы ерекшеліктерімен осыдан 35-40 мың жылдар бұрын қалыптасып, дүниеге келді. Бірінші даму сатысында олар еңбек құралдарын тас пен сүйектен, ағаш пен мүйізден т.с.с. жасады. Олар, негізінен, аң аулау, өсімдіктерді жинау, соңынан балық аулау сияқты істермен айналысты. Өндіргіш күштердің деңгейінің төмендігі соншалықты, өндірілген тамақ тек олардың бұл өмірде тірі қалуын ғана қамтамасыз етті.

Жүре келе, шаруашылық саласында нағыз төңкеріс мал бағу мен жер өңдеу пайда болған кезде келеді. Оны ғылымда аграрлық революция дейді. Мысалы, біздің арғы бабаларымыз Сарыарқа даласында тағы жануарларды үйретіп, оларды малға айналдырып, солардың сүті мен етін, жүні мен терісін пайдалана бастады, ал Сыр, Іле, Шу бойында жерді өңдеп, дақылдарды өсіру шаруашылық түрі пайда болды. Егер бұрын адам тағы табиғаттағы дайын қоректерді жинаумен айналысса, енді оларды өндіре бастады. Соның арқасында молшылық пайда болып, халық тез өсіп, бүкіл жер бетіне кеңінен тарайды. Қолөнер жер өңдеуден бөлініп, өндіргіш күштерді ары қарай дамытты. Қоғам

өмірінде жеке меншік пайда болып, әлеуметтік қатынастар күрделеніп, мемлекет дүниеге келеді, ой еңбегі дене еңбегінен бөлініп, ғылым мен өнер тез қарқынмен дами бастайды. Қоғамдық қатынастар мыңдаған жылдар шеңберінде қалыптасқан салт-дәстүрлерге негізделеді. Сондықтан ғылыми әдебиетте мұны «дәстүрлі қоғам», я болмаса «аграрлық цивилизация» дейді. Мыңдаған жылдарға созылған бұл қоғамның тарихындағы жетістіктерге тоқталсақ, ол қағаз, фарфор, жібек, күкірт жасау (Шығыста), жел диірмені, соңынан су диірмені, механикалық сағат, көзілдірік, мата жасау станоктары, кітап басу т.с.с. (Батыста) атауға болады. Көне заманда пайда болған ұлы жетістіктерге Мысырдағы Пирамидаларды, Қытайдағы мыңдаған шақырымға созылған Ұлы Қорғанды, Александрия қаласында салынған Александрия фаросын, Рим қаласындағы Колизейді, Афинадағы Парфенонды т.с.с. ғажап туындыларды атап өтуге болады.

XIV–XVI ғғ. Еуропа топырағында, нақтылай айтқанда, Италияда үлкен өзгерістер орын алды. Шығыс елдерімен теңіз жолдарымен саудасаттық жасау, балық аулау, мата тоқу т.с.с. салалар тез қарқынмен дами бастайды, көп іскер шаруалар тез уақытта байып, өз бас бостандығын феодалдардан сатып алып, шеберханалар салып, онда жалдамалы еңбек түрлерін енгізеді. Жаңа қалалар, әсем ғимараттар салынып, өмір тез өзгере бастайды. Адамның табиғатты, айнала қоршаған ортаны қайта өзгерте алатынына көзі жетіп, дәстүрлі қоғамның ішінде жаңа – буржуазиялық қарым-қатынастар пайда болып, тез қарқынмен дами бастайды. Соңынан бұл дәуірді еуропалықтар «Ренессанс», яғни «Қайта өрлеу» деп атады. Әрине, бұл Еуропа тарихындағы дәстүрлі қоғамнан индустриалдық қоғамға өту дәуірі еді.

Осының нәтижесінде Еуропа елдері біршама буржуазиялық-демократиялық революциялардан өтіп, индустриалдық қоғамның шеңберіне толыққанды кіреді, енді адамзат тарихында Жаңа дәуір басталады.

Осы уақыттан бастап Батыс цивилизациясы Шығысты экономикалық жағынан басып озып, кейіннен оларды отарлай бастайды. Неге осы уақытта Шығыста мұндай алға өрлеу басталмады деген сұрақ қойсақ, оған жауап беру оңай шаруа емес. Шамасы, оның негізгі себебін сонау көне заманда басталған Шығыс пен Батыстың дүние мен өмірге деген көзқарастарының бөлінуінен, Шығыс елдеріндегі қауымдық өмір салтынан, ал Батыста жеке адамның белсенділігіне жол ашылғанынан көруге болатын сияқты. Ал оның өзі, әрине, айнала қоршаған ортаға бейімделуден шығады. Еуропа мен Азияның табиғаты мен ауа райын салыстырсақ, әрине, Еуропада жеке адамның белсенді тұлға болып қалыптасуына молырақ мүмкіндіктердің болғанын байқаймыз. Еуропада Қытай, я болмаса Үндістан еліндегі сияқты жүздеген мың адам-

дарды жинап, олардың басын қосып, үлкен арналар, суды тоқтататын бөгеттер салынған жоқ-ты.

Ал енді осы арада қайғы-қасіретке толы өз еліміздің тарихына тоқталсақ, онда Жаңа дәуірге дейін мыңдаған жылдар бойы көшпенділік шаруашылық түрі басым болды. Оның негізгі себебі де – сол қоршаған орта. Жеті ай қысы бар, суға тапшы елде, әрине, мал бағу, соның жолында көшіп-қону – ең тиімді шаруашылық түрі болды. Ал тарихқа Жаңа дәуір келген кезде, бүкіл жер шарын дүр сілкіндірген көшпенділер аянышты жағдайға душар болып, өз өмір салтының сарқылғанын байқады. Өйткені садақ пен сойыл ұстаған біздің бабаларымыз қанша батыр болғанымен, винтовка мен зеңбірекке, әлбетте, қарсы тұра алмады. Осы уақыттан бастап бірнеше жүз жылға созылған халықтың трагедиясы, қайғы-қасіреті басталып та кетті.

Жаңа дәуірдің экономика саласындағы негізгі ерекшеліктерінің бірі – адамдар заң жүзінде тең құқылы азаматтарға айналып, зорлап еңбек еткізу принципі келмеске кетеді. Сол себепті жеке адамның өмірге деген белсенділігі артып, жаңа қоғам өндіргіш күштерді бұрын-соңды болмаған биік дәрежеге көтереді. 300 жылдың шамасында өндіргіш күштер бұрынғы 5000 жылдағы жеткен дәрежеден асып түседі!!! Жүздеген жаңа қалалар, мыңдаған кәсіпорындар пайда болып, соның нәтижесінде халықтың әл-ауқаты, мәдениеті мен білімі өсті. Әрине, индустриалдық қоғамның дамуы да қайшылықтар, оларды шешу арқылы жүріп отырды.

XX ғ. ғылыми-техникалық революция, оның жетістіктерін өндіріс саласында тиімді пайдалану өндіргіш күштерді ары қарай күрт өсіріп, материалдық байлықтың жаңа көздерін ашты. Дегенмен де осы ғасырдың ортасына қарай бұл қоғам өзінің мәресіне жетіп, екі үлкен дағдарысқа келіп тірелді. Ол энергетикалық және сонымен байланысты экологиялық дағдарыс еді. Индустриалдық қоғам оларды аз уақыттың шеңберінде, ғылыми-техникалық жетістіктерге сүйене отырып, жаңа электрондық, ақпараттық технологиялар жасау арқылы шешіп, тіпті жаңа экономиканы тудырды. Бұл жаңа қоғам постиндустриалдық қоғам деп атала бастады.

Кейбір Батыс ғалымдарының пайымдауынша, алдағы болашақта экономика саласы толығынан автоматтар мен роботтардың үлесіне тимек. Мұндай жағдайда адамдардың өмір мазмұны бос уақытты мейлінше сезімдік ләззат алып өткізумен және де тұлғаны құмартатын, сүйетін нәрсемен (хобби) айналысу болмақ. Ал К.Маркстің ойынша, өндіргіш күштер өте биік дәрежеге көтеріліп, қоғамдық байлық ағыл-тегіл болған кезде, адамдардың тектік қабілеттері мен күш-жігерінің әлеуметтік кеңістігі өсіп, олар рухани шығармашылық жолына түсіп, шексіз даму мүмкіндігіне ие болады.

Біздің ойымызша, қазіргі Батыс елдеріндегі «тұтыну қоғамы», сондағы кең етек алып кеткен «материалдық-сезімдік» өмір бағыты жоғарыда көрсетілген жағдайда мидың ләззатты сезінетін бөліктеріне электродтар арқылы импульстар бергізіп, «жаңа нашақорларды» тудырмасына кім кепіл болады. Мұндай тұжырымдар дүниежүзілік діндердегі негізгі аяндардың бірі – Иса пайғамбардың ауыр жүгінің барлық адамдарға қатысы бар екенін ұмыт қылады. Ізгілік бар жерде зұлымдық та бар, шың қаншалықты биік болса, құз да соншалықты терең екенін қазіргі адамзат ұмытқандай.

Экономика саласы адамдардың негізгі материалдық мұқтаждықтарын өтеуі керек. Оның сыртында нағыз адами даму жатыр. Ол рухани-шығармашылық, адам өмірінің, жер бетіндегі тіршіліктің, тіпті керек десеңіз, ғарыштың мән-мағынасы жөнінде тебіреністе болу, тұлғаның шығармашылық іс-әрекетінің арқасында өмірде өзінің өшпес ізін қалдыру, жер бетіндегі ғажап оқиғаны – тіршілікті гүлдетіп сақтап қалу болмақ.

Сөйтіп, экономика саласы адамның күнбе-күнгі өміріндегі қажеттіліктерді қамтамасыз етеді. Алайда бұл қоғамның өмір сүруінің негізгі факторы болса да, оның бір жағы ғана. Екінші жағы – сол адамның өзін нақтылы тарихи қалыптасқан өмірге сай етіп өсіп-өндіру, ұрпақтар өмірін жалғастыру, оны ары қарай дамыту болмақ. Міне, қоғамның осы екінші жағын әлеуметтік сала дейміз.

Әлеуметтік сала біркелкі емес: қоғам өмірінде әртүрлі әлеуметтік топтар өмір сүреді. Өйткені бұл дүниеде, – адамдарды айтпағанның өзінде, – ешбір бір-біріне толығынан ұқсас еш нәрсе жоқ, әрбір зат өмірге өз қайталанбас болмысымен келіп, уақыты озған кезде келмеске кетеді. Уақытында XVIII ғ. кейбір ағартушылары, содан кейін К.Маркс пен Ф.Энгельс алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдардың теңдігіне тамсана қарап, жеке меншік дүниеге келгеннен кейін байлық пен кедейлік, әртүрлі таптар мен әлеуметтік топтарға бөліну басталғанын айтып кеткен болатын. Соңғылардың ойынша, болашақ коммунистік қоғам жер бетінде орнаған кезде, сол біркелкілік тағы да қайтып оралады, бірақ ағылтегіл байлықтың негізінде, өйткені барлық адамдардың қажеттіліктері толығынан өтеледі. Алайда мұндай пікір дүниенің басты қасиетіне қайшы келеді: Ұлы Мәртебелі Табиғат біркелкілікті сүймейді, ол әртүрлілікті жаратады.

Осы тұрғыдан сонау алғашқы қауымдық қоғамға көз жіберсек, онда да әртүрлі топтардың болғанын байқаймыз. Онда, әрине, қоғам демографиялық-жыныстық принциптің негізінде топтанды: аңшылар, ошақ басындағы әйелдер, жастар, сол қауымды басқаратын ақсақалдар т.с.с. Әрине, олардың әлеуметтік жағдайлары да соған сәйкес әртүрлі

болды. Мысалы, әртүрлі тайпалар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, бір-біріне оқтын-оқтын сыйлар тартты. Ал олар ақсақалдардың қолында қорланды т.с.с.

Тарихи өндіргіш күштер дамып, жеке меншік пайда болып, мемлекет дүниеге келген кезде, қоғам өмірінде таптар мен әртүрлі әлеуметтік топтар пайда болады. Байлық пен билікке ие болған үстем топтар мен езілген таптардың арасында қайшылықтар туады. Жаңа дәуір дүниеге келген кезде бұл қайшылықтар одан сайын өршіп, неше түрлі революцияларға әкеледі. Үстем таптар мемлекеттік билік арқылы өзін сақтап қалу жолында төмендегі әлеуметтік топтардың әлеуметтік жағдайларын көтеруге тырысады. Машина өндірісін дамыту үшін жұмысшылардың білім деңгейін өсіру керек болды, сондықтан білім беру жүйесіне көбірек көңіл бөлінеді. Жергілікті мемлекет мекемелері жұмысшыларға, кемтарларға арнап арзан баспана салуға кіріседі, денсаулық сақтау мәселелеріне көбірек көңіл бөліне бастайды т.с.с.

Әлеуметтік мәселелердің нағыз түбегейлі шешу жолдарын Ресейде большевиктер үкімет басына келген кезде бастайды. Олар жеке меншікті жойып, бүкіл ұлттық байлықты мемлекет қолына өткізіп, жоспарлы экономиканың негіздерін құрып, елді индустриялап, жаңа қалалар мен село кешендерін салып, бүкіл халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, ғылым мен техниканы, білім беру жүйесін дамытып, денсаулық сақтау, жастарды тәрбиелеу т.с.с. әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөледі. Әрине, бұл ауқымды төңкерісте зорлық-зомбылық, репрессиялар қолданылып, миллиондаған адамдар осы әлеуметтік жаңарудың құрбанына айналды. Мұндай әлеуметтік саладағы түбе-гейлі өзгерістер бүкіл дүниежүзілік қауымға зор әсерін тигізді. Сондықтан капиталистік елдер Кеңес Одағының жасаған әлеуметтік саладағы үлгілеріне сәйкес жауап беру үшін неше түрлі әлеуметтік бағдарламалар жасап, өмірге енгізе бастады. Екінші жағынан, жүздеген жылдардағы даму барысында қорланған байлық оларды тиімді түрде шешуге жол ашты.

Дегенмен де Кеңес Одағындағы қалыптасқан тоталитарлық экономика 60 жылдардан бастап тоқырауға түсті. Оның негізгі себебі экономиканың бір қолда ғана болып, монополизациялануы еді. Бәсекелік болмаған жерде экономика бір орында тұрақтанып қалды. Тұрпайы теңеудің негізінде адамдардың белсенді еңбегі жойылды. Шынайы өмір идеологияға бағынбай, іштей шірушілік басталды. Партия және үкімет басындағылар мемлекеттік меншіктің шын қожайындарына айналып, көп жағдайда өз мүдделерін іске асыруға кірісті. Оларға арнаулы үйлер, санаторийлер, дүкендер, емдеу орындары т.с.с. салынды, олар бірте-бірте үстем тапқа айнала бастады, халыққа арналған әлеуметтік бағдарламалар орындалмай қорлана бастап, біршама шиеленістерді

тудырды. Бұл қайшылықтар ақырында Кеңес Одағының құрып, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына әкелді.

Енді тәуелсіз мемлекеттердің алдында жаңа мақсат пайда болды – ол тоталитарлық экономикадан бас тартып, нарыққа көшу, жеке меншікке жол ашу, елді демократизациялап, ондаған жылдар қорланған әлеуметтік мәселелерді шешу еді. Өз еліміздің жағдайына келер болсақ, ол аянышты болды. Өйткені Кеңес Одағы заманында ол аграрлық-шикізат өнімдерін шығаратын, басқа одақтас республикалардың, әсіресе Ресейдің экономикасымен тығыз байланып қалған ел болатын. Сондықтан Ресей Думасындағы кейбір ұлтшыл депутаттар: «Олар бізге қайтып оралады, өздері дербес мемлекет болып өмір сүре алмайды», – деген пікір айтқан болатын. Мұндай ауыр жағдайда Елбасы Н.Назарбаев тапқырлық көрсетіп, шетелдерден елге инвестициялар тартып, халқымыздың алған бостандығын сақтап қалды. Бұл, әрине, қиын жылдар болды, кейбір кезде шетел компанияларымен теңсіз шарттарға да тұруға мәжбүр болдық. Бүгінгі таңда, экономиканың өрлеу барысында, әлеуметтік мәселелерді шешуге үкімет пен парламент аса көп көңіл бөліп отыр.

Соған қарамастан, соңғы жылдардағы қорланған әлеуметтік мәселелер – шаш етектен. Біздің ойымызша, оларды шешудің негізгі жолы осы уақытқа дейін жүргізіліп келген либералдық-демократиялық саясатты бірте-бірте әлеуметтік-демократиялық саясатқа ауыстыру болмақ. Реформа барысындағы рестратификация (қоғамды қайта топтау) үдерісі жекешелендіру барысында тез арада пайда болған байлар мен кедейлер тобын тудырды және олардың арасындағы айырмашылық сын көтермейтін дәрежеге жетті. Оның сыртында тұлғалық қасиеттен айырылып, жаңа өмірде өз орнын таба алмай, әлеуметтік ауытқушылықтың әртүрлі жолдарына (маскүнемдік, нашақорлық, қылмыстық т.с.с.) түсіп кеткен азаматтар қаншама?! Қоғамның басын біріктіретін «орта тап» әлі әлсіз жағдайда. Арал мен Семей аймағында экологиялық апатқа байланысты қасіретке түсіп жатқан қандастарымыз қаншама?! Қазақстанның көп жерлерінде ауызсу мәселесі осы уақытқа дейін шешілмей келеді. Білім беру мен денсаулық саласында да жиналған мәселелер аз емес. Жас аналарға деген қамқорлық – жоқтың қасы. Ерекше әңгіме – жастардың әлеуметтік мәселерін шешу, соның ішінде баспана мәселесі сын көтермейтін жағдайға жетіп отыр.

Бүгінгі таңда осы және басқа әлеуметтік мәселелер қоғамдық сананың өзекті сұрақтарына айналып, ақпарат құралдарында талдануда. Олай болса, бұл мәселелер болашақта шешіледі деген үміттеміз. Жас дос, оларды болашақта шешуге сіз де атсалысарсыз деп ойлаймыз.

ә) саясат философиясы

Қоғам өмірінің келесі саласы – саяси-құқықтық сала. Ол сонау көне цивилизация дүниеге келген кезде пайда болды. Ұлы Аристотель адамды «Zoon Politicon» – саяси жануар деп сол кезде-ақ атап кеткен болатын. Сол заманнан бері осы уақытқа дейін адам саяси пенде, өйткені ол – әрқашан белгілі бір таптың, я болмаса ұлттың т.с.с. үлкен топтың өкілі. Әрбір әлеуметтік топ қоғам өміріндегі өз орнын анықтауға тырысып, өз мүдделерін қорғап, осы жолда басқа топтармен қарым-қатынасқа түседі. Олай болса, саясат миллиондаған ортақ мүддесі бар адамдардың мақсат-мұраттарын шыңдап, қоғам өміріне әкеледі. Саясаттың екінші жағы – әртүрлі мүддесі бар топтардың басын біріктіріп, қарым-қатынастарын ретке келтіріп, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу болмақ.

Олай болса, заңды сұрақ туады: саясаттың қандай қасиеттері қоғамның біртұтастығын сақтап, әртүрлі топтардың мүдделерін бір-бірімен ретке келтіреді? Оны біз биліктен табамыз. Бірақ саяси билік – жалпы әлеуметтану категориясы ретіндегі биліктің бір түрі ғана. Расында да, біз тұлғаның өз-өзін билейтіні, адамның табиғатты, әкенің баланы, қылмыскердің банданы т.с.с. билейтіні жөнінде айтамыз. Тіпті, керек десеңіз, жануарлар үйірінің шеңберінде де билікке ұқсас, зоологиялық күшке негізделген ретке келтірушілік бар. Сондықтан да болар, уақытында Ф.Ницше «билікке деген ырықты» субстанциялап, жалпы дүниенің негізінде жатқан құбылыс деп есептеді.

Әрине, қоғам күрделі дәрежеде ұйымдасқан жүйе ретінде әрқашанда белгілі бір тәртіпсіз өмір сүре алмайды. Олай болса, билік – адамзаттың мәңгі серігі. Шындап келсек, алғашқы қауымдық қоғамның шеңберінің өзінде демократияның алғашқы қайнар көздері пайда болады, өйткені рудың ішіндегі қарым-қатынастарды, басқа рулармен қатынастарды, қайшылықтарды өне бойы ретке келтіріп отыру қажет болды. Оноре де Бальзактың гүлдер ботаникадан ерте өмір сүрген дегені сияқты, саналы түрде алғашқы демократия өмірде болғанымен, санаттық дәрежеде әлі пайымдалған жоқ-ты. Тек жеке меншік пайда болып, тарихқа таптық қоғам келген кезде дәулеті асқандар өз мүддесін қорғау үшін саяси жолмен бүкіл қоғамға өз ырқын таңа бастайды. Осы тұрғыдан алғанда, саяси билік дегеніміз қоғамды басқарған субъектінің адамдарды, әлеуметтік топтарды өз ырқына – тіпті олар қарсы шыққанның өзінде, – көндіру болып табылады. Расында да, қоғам өмірі сан алуан қайшылықтардан тұрады, мыңдаған адамдардың мүдделері бір-біріне соқтығысып, қарсы келеді. Мұндай жағдайда әрқашанда қоғамның ауытқуына, құлдырауына, тіпті құрып кетуіне мүмкіндіктер ашылады.

Сондықтан биліктегілер қоғамның біртұтастығын сақтап, үстем таптың мүдделерін қорғау үшін шынайы күш-қуатқа ие болулары керек. Көп халықтардың тілдеріндегі «билік» және «күш-қуат» деген ұғымдардың бір түбірден шыққанын байқаймыз. Мысалы, ағылшын сөзі «power» билік, күш-қуат деген мағына береді, қазақтың «билік», «білік», «білек» (күш), орыстың «власть», «владеть» деген сөздері де бір түбірден шыққан.

Алайда бұл арада үлкен сұрақ туады. Билектігілер өз ырқына халықты қалайша көндіре алады, ол мүмкіндік қайдан пайда болады? Ол арнаулы әлеуметтік ұйымды құру арқылы іске асады екен. Оны біз мемлекет дейміз. Олай болса, мемлекет саяси-құқықтық саланың өзегі болып табылады.

Мемлекет – қоғам өміріндегі негізгі қатынастарды заңға негізделген билік арқылы ретке келтіріп, өмірде пайда болатын әлеуметтік қайшылықтарды шешетін, қалыптасқан экономикалық, саяси тәртіпті қорғайтын құрылым. Оның негізгі ерекшеліктері:

а) мемлекет арнаулы құрылған неше түрлі мекемелер мен ұйымдардан тұрады. Онда арнаулы дайындығы бар қызметкерлер (шенеуніктер) мемлекет атынан неше түрлі шешімдер дайындап, оларды іске асырады.

ә) мемлекет белгілі бір тарихи қалыптасқан жерді және сонда қоныс тепкен халықты біріктіріп, өз билігін жүргізеді. Мемлекеттің билігінен тыс қалатын ешбір топ, я болмаса жеке тұлға жоқ. Сонымен қатар Қазақстан мемлекеті Өзбекстанда, я болмаса Ресейдің жерінде өз билігін жүргізе алмайды. Оның билігі тек қана өз елінде жүреді. Керісінше, ешбір басқа мемлекет біздің мемлекеттің шеңберінде өз билігін жүргізе алмайды. Ғылыми тілде оны мемлекеттің прерогативасы және суверенитеті дейді.

б) мемлекеттік билік әрқашанда заңдардың негізінде іске асуы керек. Ал қайсыбір заң санкцияларға (заңның талабын орындауға мәжбүр ету) негізделген. Олай болса, тек қана мемлекеттің заңның талабын орындамағандарға зорлық жасау құқы бар. Оны іске асыратын мемлекеттің арнаулы мекемелері (сот, полиция, армия, түрме, тергеу т.с.с.).

в) мемлекет болған жерде халыққа салынатын салық та бар. Өйткені мемлекет қызметкерлерін, армия т.с.с. құрылымдарды қаржылай қамтамасыз ету керек. Оның сыртында қазіргі мемлекеттер көп әлеуметтік мәселелерді шешеді. Оған да қаражат керек.

Мемлекет – өте көне құрылым. Оның дүниеге келуі жөнінде әдебиетте сан қилы болжамдар бар.

Теологиялық қағидаларға келер болсақ, олар мемлекетті Құдайдың шығармашылық жолдағы тудыруымен байланыстырады.

Патриархалдық тұжырымдар мемлекетті ру, тайпа, фратрияның (туысқан тайпалардың бірігуі) жалғасы деп түсінеді.

Қоғамдық келісім теориялары мемлекетті тарихтың белгілі бір сатысында адамдардың саналы түрде жасаған келісімі арқылы құрылғаны жөнінде айтады.

Зорлық-зомбылық теориясы мемлекеттің тайпалардың арасындағы соғыс, зорлық арқылы жеңілгендерді көндіріп, оларға салық салу арқылы пайда болғанын көрсетеді.

Маркстік теория өндіргіш күштердің тарихи даму негізінде жеке меншік пайда болып, үстем таптар өз мүддесін қорғау барысында мемлекетті құрғаны туралы айтады.

Әрине, мемлекеттің дүниеге келуі – өте күрделі құбылыс. Онда зорлық-зомбылық та, келісім де болуы мүмкін. Бірақ негізгі фактор – тарихи жеке меншіктің дүниеге келуі болса керек.

Енді мемлекеттің функцияларына (қызметіне) келер болсақ, оларды ішкі және сыртқы деп екіге бөлуге болады. Ішкіге мемлекеттің экономикалық (шаруашылық) іс-әрекетін жатқызуға болады. Ол, негізінен, заңдар арқылы шаруашылық субъектілерінің белсенді іс-әрекеттеріне жағдай жасау, елдің негізгі шаруашылық бағыттарын жоспарлау, шетелден инвестициялар тарту, кейбір шаруашылық салаларына жеңілдік жасау т.с.с. арқылы жүреді.

Келесі – мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізу (мектеп, жоғары оқу орындары, ғылыми кешендер, клубтар, кино, театр, ақпарат тарату жүйелері арқылы т.с.с.).

Үшінші – әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру (кемтарларға, қарияларға, жетімдерге, жастарға, жас аналарға т.с.с. көмек беру, білім мен денсаулық салаларын дамыту, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін үйлестіріп дамыту т.с.с.

Төртінші – қоғам өміріндегі тәртіпті бақылау, азаматтардың қауіпсіздігін қадағалау, әлеуметтік ауытқушылықтармен күресу.

Бесіншіден, жоғарыда көрсетілгендердің бәрі негізгі мемлекеттің мақсаты – қоғамның біртұтастығын қамтамасыз ету болмақ.

Енді мемлекеттің сыртқы істеріне келер болсақ, негізгі мәселе – қоғамның экзистенциалдық (өмір сүру) мүдделерін қамтамасыз ету (дербестік, ұлттық қауіпсіздік, даму, сырттан қол сұғуға үзілді-кесілді тосқауыл қою т.с.с.).

Екіншіден, басқа елдермен өзара теңдік және тиімділіктің негізінде экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынастарды орнату. Халықаралық келісімдерді ұлттық заң жүйесінен гөрі жоғары ұстап, бұлжытпай орындау болмақ.

Бүгінгі адамзат мемлекеттік түрде ұйымдасқан қоғамдарда тұрып жатыр. Уақытында Гегель айтқандай, мемлекет – ізгілік идеясының

шынайы көрінісі. Расында да, қай халық болса да, өзінің мемлекеттігін құрып, басқа халықтармен терезесі тең жағдайда өмір сүргісі келеді. Біздің бабаларымыз сонау ерте заманда V-VI ғғ. Түрік қағанаты атты мемлекет құрған болатын. Шыңғыс ханның заманында теңдесі жоқ, бұрын-соңды тарихта болмаған сонау Қытайдан Балқан тауына дейін созылған алып империя құрылып, жүздеген халықтардың басы бірікті. Бұл, шамасы, көшпенділердің алтын ғасырлары болған сияқты. Жаңа дәуірде көшпенділер өмір салты сарқылып, олардың мемлекеттігі ыдырап, ақырында қазақ халқы Ресей империясының қол астына өтті. Алайда «Ұлы мәртебелі Тарихтың» үдерісі XX ғ. аяғында біздің халықтың мемлекеттігін тағы да қайтарып берді.

Бүгінгі таңда айтатын негізгі тұжырым – қазақ елі тәуелсіз мемлекет ретінде орнықты. Дүниежүзілік қауым оны мойындады. Қазақ халқының жүздеген жылдар бойы армандаған бостандық, еркіндікке деген ынтасы мен ұмтылысы іске асты.

Өтпелі қоғамдағы елімізде қалыптасқан жаңа мемлекет басқару жүйесіне анықтама берсек, оны демократиялық құндылықтар жолын таңдаған зиялы авторитаризм деуге болар еді. Елдің зиялы көсемі бұрынғы қоғамға қайта оралу мүмкін еместігін, қоғам өмірінде түбегейлі жүйелі өзгерістерді жасау керектігін түсінген миллиондаған отандастардың тілегі мен ынтасына сүйене отырып, нарықтық экономикаға негізделген демократиялық құқықтық-әлеуметтік мемлекет құруға бағытталған тиімді саясат жүргізуде. Бұл жолда біз қаншалықты жетістіктерге жеттік деген сұрақ қойсақ, оған қомақты жауап беруге болатын сияқты.

Біріншіден, адамдар тоталитарлық қоғамға тән неше түрлі утопиялық, мессиандық көзқарастардан (болашақта жер бетінде коммунизм орнатамыз, Коммунистік партия – дәуірдің ақыл-ойы, ар-намысы, адамзатты құтқарушы т.с.с. мифологемалар) арылды. Қарапайым адамдарды айтпай-ақ, алғашқыда бұрынғы қоғамның ішінен шыққан саяси дегдар топтың өзі-ақ «тез арада «Оңтүстік-Шығыс Азияның ақулалары» сияқты гүлденген елге айналамыз», «Біз Азияның барысы боламыз» деген романтикалық көзқараста болды. Бірақ біржақты шикізат өндіруге бағытталған экономиканы қайта құру қиындықтары, дүниежүзілік мұхитқа шығу арнасының жоқтығы т.с.с. «төмендегілер» мен «жоғарыдағылардың» тез арада мессиандық көзқарастардан арылуына көмектесті.

Егер бұрынғы тоталитарлық қоғамда бүкіл билік партияның қолында болып, оның қоғам өмірінде бақыламайтын нәрсесі қалмаса, бүгінгі мемлекет билігі адамдардың ынталы белсенді іс-әрекетін қолдап, төмендегі болып жатқан үдерістерге аса көп қол сұқпайды.

Қайсыбір тоталитарлық мемлекеттің субъективті бағытталған мүдделері болады: фашистік Германияда болған «арий нәсілінің мүдделері», Кеңес Одағындағы «жұмысшы табының мүддесі» т.с.с. Бүгінгі мемлекет барлық әлеуметтік топтар, ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің мүдделерін тең түрде қорғауға тырысады.

Егер тоталитаризм тұлғаны тобырдың ішіне «сіңіріп», әлеуметтік айырмашылықты жойып, дәстүрлі әлеуметтік байланыстарды үзуге тырысса, зиялы авторитаризм, керісінше, халықты қайта топтап (рестратификация), ұлттық қауымдастықтардың төл мәдениетін сақтап дамытуға, қазақ халқының мәдениетін қайта түлетіп гүлдетуге атсалысуда.

Егер тоталитарлық мемлекет экономика саласын қатты бақылауға алып, тіпті Кеңес Одағындай, өз қолына өткізіп жіберуге дейін барса, біздің жас мемлекет ұлттық байлықтың пілдей бөлігін жекешелендіру арқылы халыққа таратты. Ал оның өзі – билік пен ықпалдың біршама бөлігін үкіметтен алып қоғамға тарату деген сөз.

Қайсыбір тоталитарлық тәртіп халықты оқтын-оқтын репрессияға ұшыратып, жүрегіне қорқыныш ұялатады. Жас мемлекет өзінің күш құрылымдарын нығайтқанмен, саяси репрессиялардан үзілді-кесілді бас тартып, уақытында қуғын-сүргінге ұшыраған боздақтарды ақтап шығарды.

Тоталитарлық қоғам мемлекет билігін атқару мекемелеріне толығынан беріп, заң шығару билігін қуыршақ ретінде ұстайды. Қазақстан мемлекеті алғашқыдан билікті бөлу принципін мойындап, оны іске асыру саласында біршама нәтижелерге жетті: кәсіби екі палатадан тұратын парламент заң шығару ісімен айналысуда, атқару билігі күнбе-күнгі елдегі пайда болатын мәселелерді шешіп, басқаруда, сот тәуелсіз билік ретінде өзгерістерге түсіп, жаңа түрде қалыптасуда.

Тоталитарлық жүйе, негізінен, өкіметті қолдайтын бірпартиялық жүйеге негізделсе, бүгінгі таңда біздің ел көппартиялық қоғамға айналды, жеке меншікке негізделіп жұмыс жасап жатқан жүздеген ақпарат құралдары бар.

Дегенмен де тарихи қорланған көп әлеуметтік мәселелердің баяу шешілуі, тәуелсіз елден күткен, бірақ осы уақытқа дейін үміті ақталмай келген тұлғалар мен топтар тарихи төзімсіздікке бой алдырып, халықты демократизациялау ұранымен саяси белсенділікке, биліктегілерге қысым жасауға шақырады. Сондағы мақсат – кейбір билікті аңсайтындардың шиеленіскен әлеуметтік ахуалды пайдаланып, соның арқасында билікке келуі болмақ. Бірақ біз мына жағдайды ескеруіміз қажет. Қай елдің де тұрғындарының белсенділік көрсетіп, шынайы саяси өмірге қатынасатындары 1%-дан 10%-ға дейін ғана жетеді, орташа алғанда – 3-5%. Шынына келгенде, саяси өзгерістер өкілдік институт-

тар – партиялар, басқа да қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, парламент т.с.с. арқылы, парасатты деңгейде келісімге келу арқылы жүруі қажет. Халықтың өте биік саяси белсенділігі оның қирату түйсіктерін оятып, саясатты тұрпайыландырып, бейсаналық жолға қоюы мүмкін. Тарихи тәжірибе талай рет көрсеткендей, ақырында, мұндай үдерістерге жол ашылса, ол кезекті диктатураға, қантөгіске әкеледі.

Саяси саланы талдағанда, біз мына нәрселерді естен шығармауымыз керек. Біріншіден, саяси билік әрқашанда **шектелген ресурстарды** (байлықты) пайдаланады. Егер бары де ағыл-тегіл төгіліп жатса, онда саясаттың өзі де керек болмай қалар еді. Екіншіден, саясат – әрқашанда **шынайы өмірден шығатын мүмкіндіктің өнері**. Саясат дегеніміз – сол шектелген байлықты әртүрлі топтардың мүдделерін ескере отырып, ары қарай дамуға жол ашатындай етіп бөлуге байланысты. Ал мұның өзі, үшіншіден, **биліктегілер мен жалпы саясаткерлердің терең білімділігін** талап етеді. Мұны біз **эксперттік** (сараптау) **билік** деп айтсақ та болады.

Қорыта келе, біз Қазақстан қоғамының әлеуметтік-демократиялық қоғам орнату жолында біршама жетістіктерге жеткенін байқадық. Негізгі мақсат – осы жолдан таймай, жер жүзіндегі озық үлгілерді бойымызға сіңіріп, өз руханиятымызбен ұштастырып, гүлденген елге айналу болмақ.

б) құқық философиясы

Келесі қоғамның құндылықтары – еркіндік пен теңдік. Кеңес Одағы заманында теңдік құндылығы жөнінде қаншама кітаптар мен мақалалар жазылып, болашақ коммунистік қоғамның өзегі ретінде қаралды. 1985 ж. жарияланған «қайта құру» саясатынан осы уақытқа дейін еркіндік ұраны (либерализм) қоғамдық ақпарат құралдарының өзекті мәселесіне айналды. Егер бұрын партия-кеңес қайраткерлері теңдік ұранымен бүркемеленіп, өз мүдделерін іске асырса, бүгінгі «либералдар» теңдікті таза ұмытып, еркіндік ұранын пайдаланып, ұлттық байлықты жекешелендірді. Бұл – саяси сахнадағы көріністер. Енді біз бұл құндылықтарды философиялық тұрғыдан талдап көрелік.

Біріншіден, назар аударатын нәрсе – әрбір қоғам өз даму деңгейіне сәйкес еріктік пен теңдіктің белгілі бір мөлшерін анықтап, өмірге енгізеді. Тұрпайы қарапайым сана деңгейінде еріктікті «ойыма не келсе, соны істеймін» дегенге теңестіреді де, теңдікті «барын тең бөліп берумен» шатыстырады. Ал шынайы өмірде ондай еріктік пен теңдік ешқашанда тарихта болмаған және болашақта да болмайды. Абсолютті (шегіне жеткен) еріктік адамның басқаларға тәуелділігін жойып, оны жалғыздықтың тұңғиығына әкелген болар еді. Екіншіден, ондай

еркіндік абсолютті теңдікпен ұласып, бір-бірін жойып (аннигиляция) жіберер еді. Сондықтан француз ойшылы А.Камю ондай еркіндікті «құзға бара жатқанын байқамайтын соқыр» адамға ұқсатты.

Әрине, еркіндік – адамның тектік қасиеті, адам еріктікке жаратылған пенде. Еркіндіктің негізінде ғана адам шығармашылық дәрежеге көтеріліп, өз бойындағы қабілеттерін, талантын іске асыра алады. Адамды зорлап шығарма тудыруға итеру мүмкін емес. Өйткені оған шабыт керек. Ал зорлық пен шабыт – бір-бірімен ымыраласпайтын нәрселер. XXI ғ. қойған талаптарына сәйкес даму үшін әр адамның еркін шығармашылық еңбегі керек. Ол үшін білімнің биік шыңдарына жету қажет. Сонымен қатар адамның теңдікке деген ұмтылысы да тарихтың қозғаушы күштеріне жататынын ескерген жөн. Теңдік рухы кең етек алған қоғамдарда адамдар өз абыройын, намысын (мен ешкімнен де кем емеспін деген сезім) жоғары деңгейде сезінеді. Яғни ол сезім де адамның шығармашылық іс-әрекетіне жол ашады.

Тәуелсіз елге айналып, өз мемлекет іргесін қалау барысында бұрынғы тұрпайы теңдікке негізделген қоғамды еркіндікке баулуда біз біршама қиындықтардан өттік. Біріншіден, лезде жарияланған еркіндік ұранын пайдаланып қалған белсенділердің саны аз болды да, талай жылдар «жоғарыдан түсетін бұйрықтың» негізінде өмір сүрген көпшілік жаңа жағдайға таңырқап қарап, өз қамын іске асыра алмай қалды. Тек талай зардаптан өткен қалың бұқара жаңа өмірге бірте-бірте бейімделіп, біршамасы іскерлік танытып, нарық-тың қойнауына кіріп жатқан жағдай бар. Жас мемлекеттің шағын және орта іскерлікті дамыту саясаты да халықтың еркіндікті сезініп, шығармашылық еңбегін оятуға өз септігін тигізді.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселе – еріктік шеңберін сапалы заңдар арқылы анықтап, өмірге енгізу болмақ. Саясаттану тілінде оны «адам құқықтары» дейді. Сонымен қатар еркіндік ұранын алға тартып, ойына не келсе, соны істегісі келетіндерге, әсіресе қоғам өміріндегі қайшылықтарды пайдаланып, барыне «қара күйе жағып», билікке ұмтылғандарға заң жүзінде тосқауыл қойылуы керек. Әсіресе керекті нәрсе – бұрынғы қоғамның көп жетістіктерін қараламай, жаңа өмірге енгізу, соның ішінде халықтың санасында өшпес орын алған теңдік сезімді тек заң жүзінде ғана емес, моральдық құндылық ретінде сақтап қалу керектігі. Сонда ғана қоғамның шынайы демократизмін көруге болады.

Халықтың санасында терең ұялаған келесі құндылық – әлеуметтік әділеттілік. Бұл құндылық, сайып келгенде, еркіндік пен теңдіктің өлшемін, бірлігін құрайды. Әлеуметтік әділеттілікті тұрпайы теңдікке теңеуге болмайды. Өйткені адамдар туа келе әртүрлі, жүре келе олардың бойындағы айырмашылықтары да өсе бастайды. Өздерінің

іскерлігі мен тапқырлығына байланысты адамдар әртүрлі деңгейде өмір сүреді. Солай десек те, ақыл-ойымызбен оны түсінсек те, әділеттілік сезім көп нәрселерді өзгертуге ұмтылдырады, өйткені ол адамның жүрегінде ұялаған. Ақыл-ой мен жүрек ақиқаттарының арасында біршама айырмашылықтар бар, кейбір жағдайда жүрек шындығы тарихи көкжиекті дәлірек сезінеді. Әділеттілік сезім кемтарларға қол ұшын беруді, әлі ересек өмірге кірмеген жастардың өмір бастамасының тең болуын талап етеді. Расында да, әлі өмірге ешқандай үлес қоспаған жастардың арасындағы әлеуметтік айырмашылық болашақ азаматтың жүрегінде көпке дейін жазылмайтын жара қалдырады.

Әлеуметтік әділеттіліктің талаптарын іске асыруда мемлекеттің рөлін асыра бағалау қиын. Гегель айтқандай, «мемлекет – адамгершілік идеясының шынайы болмысы», өйткені оның негізгі мақсаты – қоғамның біртұтастығын қамтамасыз ету, төмендегі әлсіз әлеуметтік топтарға қамқорлық жасау. Тәуелсіз жас мемлекет алғашқы қадамынан бастап, өзінің «әлеуметтік» мәнін шынайы түрде көрсете білді. Экономикадағы сан қилы қиындықтарға қарамастан, зейнеткер, мүгедектер т.с.с. әлсіз топтарға уақытында жәрдемақылар төленіп, олардың көлемі жыл сайын өсуде.

Сонымен қатар қоғам өмірінде мейірімділік, қайырымдылық рухы әрбір азаматтың ішкі дүниесіне айналуы керек. Бүгінгі таңда неше түрлі қайырымдылық қорлар әлсіз топтарға көмек беріп, оларға моральдық қолдау жасайды. Іскер топтардың өкілдері де бұл игі істерге жыл сайын көбірек үлес қосуда. Талай жылдар бойы қорланып қалған қиын әлеуметтік мәселелердің бәрін шешуге біршама уақыт керектігі айдан анық. Әлеуметтік әділеттілік талаптарын мемлекетпен қатар, бүкіл қоғам болып жұмыла шешу керек.

Жоғарыда көрсетілген құндылықтарды өмірге енгізудегі құқық нормаларының орны ерекше. Жалпы алғанда, құқық деп біз әлеуметтік нормалар мен қарым-қатынастардың мемлекеттің күшімен қорғалатын, сондықтан олардың талаптары жалпыға бірдей қадағаланатын ерекше түрлерін айтамыз. Олай дейтін себебіміз – қоғам өмірінде басқа да әлеуметтік нормалар бар, мысалы, діни, моральдық, эстетикалық т.с.с. Құқық құндылықтары – цивилизациялық даму деңгейінің туындысы, өйткені олардың өмір сүруі мемлекетпен тығыз байланысты.

Негізінен, оларды екіге бөлуге болады. Біріншісі – **табиғи құқықтар**. Олардың ішіндегі іргелі негізгі құндылық – адамның өмір сүруге деген құқы. Ешбір адам, қандай лауазымды болса да, мекеме т.с.с. бұл құқыққа қол сұға алмайды. Келесі құқық – адам еріктігі, өйткені ол – тағы да оның рухани пенде ретіндегі тектік қасиеті. Теңдік құқы да осыларға жатады, өйткені барлық адамдар бұл дүниеге бірдей келіп, соңында кетеді.

М.Вебердің айтуына қарағанда, табиғи құқықтар деп мемлекет қабылдайтын заңдарға қарсы қойылатын, олардан жоғары тұрған әділетті құқықтар жөніндегі түсініктерді айтуға болады.

Теологиялық көзқарастар оларды Құдайдың даналығы мен еркі арқылы адамдарға берілген құқықтар деп есептейді. Мысалы, Орта-ғасырда өмір сүрген А.Августин оларды қайсыбір қоғамдағы тәртіптің негізінде жатқан, әділеттіліктің өлшемін құрайтын Құдайдың құдіретті күшінен туған «мәңгілік заң» ретінде қарайды.

Рационалдық философия шеңберінде табиғи құқықтарды адамның парасатты ой-өрісінен шығарады.

Кейбір ағымдар табиғи құқықтарды адамның терең ішкі дүниесінде жатқан психикалық бастауларынан көреді.

Қалай дегенде де, қазіргі өмір сүріп жатқан мемлекеттердің қай-қайсысы да адамның негізгі табиғи құқықтарын мойындайды.

Сонымен қатар құқық құндылықтарының пілдей бөлігі мемлекеттік заңдар арқылы берілген. Әдебиетте оларды **позитивтік** (оң) **құқықтар** дейді. Тарихи заңдар таптық қоғам дүниеге келген кезде алғашқы қауымдық қоғамның шеңберінде қалыптасқан әдет-ғұрыптарды жаңа жағдайға сай етіп өзгертіп, оларға мемлекеттік қолдау беру арқылы дүниеге келеді. Заңдардың екінші қайнар көзі – сот шешімдері – әдебиетте прецеденттік құқықтар деп аталады. Мысалы, Англияда осы уақытқа дейін ол заңды дамытудың негізгі құралы ретінде пайдаланылады. Соңғы ең кең тараған әдіс – заңдарды шығармашылық жолмен тудыру. Ол үшін арнайы мемлекет билігінің тармағы – парламенттер жұмыс істейді.

Құқық пен заң ұғымдары бір-біріне өте жақын, бірақ тең емес. Заңды тудыратын адамдар, ал олардың қол астынан шығатын бірде-бір нәрсе кемшіліксіз болмайды. Біріншіден, қоғам өміріндегі шым-шытырық байланыстардан тұратын қатынастардың барын заңдық нормалар қамти алмайды. Екіншіден, заңда әртүрлі жағдайда өмір сүріп жатқан әлеуметтік топтардың мүдделері қамтылуы керек. Қайсыбір мемлекетте ол көбінесе дәулетті топтардың пайдасына шешіледі, өйткені олардың парламенттегі өкілдері заң шығару барысында бар күштерін сол топтардың мүдделерін заң арқылы бекітуге жұмсайды (саясатта-нуда оны «лобби» – қолдаушылар дейді).

Құқық құндылықтарының келесі ерекшелігі – олар саясат пен моральдың талаптарын бір-біріне ымыраға келтіретін дәнекер, құрал болып табылады. Қайсыбір саяси бағдарлама, мағлұмдама, – егер ол заң бойынша нақтыланып бекітілмесе, – жай сөз болып қала береді. Екінші жағынан, заң моральдық нормалардың талаптарын, аз да болса да, өз бойында қамтуы керек, сонда ғана оны шынайы өмірде адам-дар қабылдайды. Сондықтан заңды «minimum mini-morum» – ең аз

көлемдегі адамгершілік дейді. Қайсыбір заң, бір жағынан, саясаттың өмірге енгізуге болатын талаптарын, екінші жағынан, аз да болса да, моральдық рухани қолдаудың бірлігін құрайды. Сөйтіп, моральдық-рухани сана өз шегіне жеткен талаптарын өмірге енгізе алмай, мемлекеттің ырқына көнуге мәжбүр болып, соның арқасында өмірге заң келеді.

Тіпті өмірге келген сапалы заңның өзі жүре келе ескіріп, өмірде болып жатқан өзгерістерге сай болмай қалады. Ондай жағдайда заңға өзгерістер, толықтырулар енгізілуі мүмкін. Сондықтан тез қарқынмен түбегейлі өзгеріске түсіп жатқан Қазақстан қоғамында заң шығару мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Біршама заңдар қайта қаралып, толықтырылып, өзгерілуде (Еңбек заңы, Мемлекеттік қызмет ету заңы т.с.с.), жаңа заңдар қабылдануда.

Жоғарыда айтылған ойлардан шығатын түйін – заңды асыра бағалап (құқықтық романтизм), я болмаса оны ескермеуге (құқықтық нигилизм) болмайды. Ол қателік, біржақтылық болар еді.

Құқықтық мемлекеттің бірден-бір негізгі ерекшелігі – заң өмірге еніп, қабылданғаннан кейін, бұлжытпай орындалуы керек. Ол – әсіресе мемлекеттік қызметтегі лауазымды азаматтардың қоғам алдындағы парызы. Егер мемлекет өзі шығарған заңдарын бұрмалап, бұзып отырса, онда қарапайым адамдардан не күтуге болады? Екінші жағынан, «заң ескірді, өмірге сай емес, олай болса, оны орындау тіпті қажет емес» деген ұранды бүркемеленіп, тек өз қамын күйттеген адамдарға да тосқауыл қойылуы керек. Егер заңның кейбір қағидалары ескірсе де, жаңа заң ресми түрде қабылданып, я болмаса ескірген қағидалар жойылып, толықтырулар енгізілгенше, ескі заң орындалуы қажет. Сонда ғана қоғам өмірінде белгілі бір тәртіп пен тыныштық сақталады.

Енді, міне, қоғамның рухани өмір саласын талдауға да уақыт келді.

XVI тарау. Рух философиясы

1. Философия тарихындағы рух ұғымы

Қоғамның рухани саласы – ең күрделі, сонымен қатар, бір қарағанда, байқалмайтын құбылыс. Біз желдің бар екенін білеміз. Бірақ ол көзге көрінбейді. Сол сияқты, жалпы рухты ешкім ешқашанда көрген жоқ. Бірақ оның бар екеніне ешкім күмәнданбайды. Егер «рух» деген ұғымның шыққан тегін қарасақ, онда грек тілінде ол «пневма» яғни ауа, тыныс, үрлеу деген сөздерге жақын, латын тіліндегі «спиритус» – көрінбейтін, жеңіл, тыныс деген сөздерге жақын мағына береді, ал орыстың «дух» деген сөзінің төркіні «дуновение», «дыхание» деген сөздерге жақын.

Алғашқы қауымдық қоғамның ұлы зерттеушісі Э.Тэйлор: «Флоридадағы семинолар (тайпаның аты) өлейін деп жатқан босанған әйелдің аузына жаңа туған нәрестені жақындатады. Ол сәбиге әйелдің денесінен шығып бара жатқан жанын өз бойына сіңіріп, болашақ өмірінде күш-қуат пен парасаттылықты көрсету үшін керек», – деген дерек айтады. Тропик Африкада өмір сүретін халықтарды зерттеушілер олардың «көсемдер рухы», «бабалар рухы», «зұлым рухтар», «күнбе-күнгі өмірде көмектесетін рухтар» т.с.с., деп, оларды сала-салаға бөлетіні туралы айтады. Егерде Шығыс мифологиясын алсақ, көне Үндістанда «Сансара» ұғымы пайда болды. Ол – дүниежүзілік аспанда орналасқан зардап шегудегі рухтар мұхиты.

Дүниеге философиялық көзқарас келген кезде, Платон «Эйдостар (идеялар) әлемі» жөніндегі ілімін ұсынады. Бұл әлем материалдық емес, мәңгілік, жетілген, өзгермейді. Ал бізді қоршаған материалдық дүние – аспандағы идеялардың көлеңкесі ғана, ол өтпелі, кемеліне толық жетпейді, дүниеге келіп, біршама уақыт өткенде, кетеді. Осыған сәйкес, адамның материалдық денесі өне бойы өзгерісте болып, ақырында өледі, бірақ оның жан дүниесі идеялар әлемінен шыққаннан кейін, сол адамның денесінің ұғымы, мән-мағынасы ретінде өлместікке ие болады.

Еуропа топырағына христиан діні тарасымен-ақ, бұл мәселе жаңа шешімдерге ие болады. «Христиан дінінің атасы» аталған Филон Александрийский Платонның «дене – жан» ұғымдарына үшінші – Құдайдан шығатын «рухты» қосады. Енді адамның үш өлшемі болып шықты. Дене ретінде адам өмірге уақытша келіп-кетсе, рух ретінде Құдайға қосылуға құмартады, ал екі ортада абыржыған жан бар. Егер ол рухпен бірге болса, өлместік дәрежесіне көтеріледі, ал денеге жабысса, сонымен бірге құриды. Олай болса, адам өз-өзіне терең үңіліп, рухтың талаптарына сәйкес өмір сүруі керек.

Ұлы А. Августин адамның рух екенін мойындап, онда өмірде зұлымдық неге бар, оның себебі неде деген сұрақ қояды. Егер Құдай еш мінсіз, құдіретті болса, оның жаратқан дүниесі де еш мінсіз, керемет, ғажап. Олай болса, кінә адамның өзінде. Ол аспан құндылықтарының орнына жердегі өтпеліні таңдады. Сондықтан өмірге зұлымдық келді.

Егер көне заманның ойшылы Сократ зұлымдық адамның надандығында, білетін адам зұлымдық жасамайды деген пікірде болса, Августин: «Ақыл біледі, ырық таңдайды, соңғы шешім адам ырқында, мен оның жаман екенін білемін, бірақ мен соған қарай ынталанамын, ақырында оны жасаймын, күнәға батамын», – деген пікір ұстайды. Олай болса, зұлымдықтың түп-тамыры адамның өзімшілдігі, тәкаппарлығы мен өркөкіректігінде. «Тек қана Құдайды, оның жаратқан дүниесін барлық жан-тәніңмен сүйген кезде ғана жан-дүниеңді құтқарып, мәңгілікке ие боласың», – дейді ұлы ойшыл.

Орта ғасырларда өмір сүрген біздің бабамыз Ж.Баласағұн да рухты биік ұстау керектігін, бұл фәнидің өтпелігін басып айтады. «Құдайға жан-тәніңмен сену, ізгілік, ар-ұжданның талабынан шықпау, әділеттілік – адам рухын мәңгілікке әкеледі», – дейді дана ойшыл.

Қайта өрлеу заманынан бастап рух жөніндегі діни көзқарастан ауытқу басталады. Оған ерекше үлес қосқан Л.Валла болды. Ол: «Адамның рухы ғана емес, денесі де әсем. Құдайдың жаратқан бары де бір-біріне үндесіп жатқан ғажап дүниесінде бірде-бір нәрсе өзінің құндылығын жоймайды, соның ішінде адамның денесі де», – деген ой тастайды. Құдайды сүю рухтың ең биік таңдауы болғанымен, сезімдік дене ләззатынан да адам қашпауы керек. Міне, бұл бүгінгі таңдағы Еуропа елдеріндегі материалдық тәндік-сезімдік өмір бағытының жасалған бастамасы еді.

Жаңа дәуірде бұл көзқарас ары қарай дамып, рухты ең алдымен ақыл-парасат ретінде қарастыруға жол ашылады. Оған өз үлестерін қосқан Р.Декарт, Б.Спиноза, неміс классикалық философиясы, француз ағартушыларының өкілдерін жатқызуға болады.

Л.Фейербахтың рух жөніндегі материалистік көзқарастарын жалғастыра келе, К.Маркс пен Ф.Энгельс рухтың қайнар көзін материяның өзіндік ішкі дамуға деген қабілетімен байланыстырады. Бірақ олар дүниеге келген рухтың сол өзін туғызған материяға керісінше ықпал ету мүмкіндігін теріске шығармайды. Өйткені болашақта дүниеге келетін коммунизмнің өзі – ақыл-ой, парасаттың, рухтың ең биік шыңы болмақ.

Марксизмнен кейін Еуропа философиясында бейсаналық бағыт пайда болып, А.Шопенгауер адамзат ақыл-ойының мардымсыздығын көрсеткісі келеді. Оның ойынша, дүниенің негізінде өз-өзін танымайтын, алдында мақсат-мұраты жоқ, не істерін білмейтін, бірақ өмір

сүруге деген бітпейтін іңкәрлігі бар дүниежүзілік ерікті жатқызады. Олай болса, ол адамның жүрегінен өтіп, оны бақытсыздыққа, зардапқа итереді. Осы идеяларды ары қарай дамытқан Ф.Ницше: «Дүниенің негізінде билікке деген ырық жатыр», – деген пікір айтады.

Осы уақытта адамды рухқа теңеп, оның өмірінің терең қайшылықтарын зерттеген дат философы С.Кьеркогер болды. «Адам – рух… Ол шексіздік пен шектелгендіктің, мәңгілік пен уақытшаның, қажеттілік пен еркіндіктің бірлігі». Осыған байланысты әрбір адамның ішкі өмірінде алаңдаушылық, белгісіз бір нәрседен үрейлену, қайшылық пайда болады. Ойшыл алғаш рет экзистенциалдық ұғымдарды ұсынып, оларды егжей-тегжейлі талдайды. Олар: үрей, қайғы, махаббат, түңілу, қорқу, сену, қалтырау т.с.с. Сонымен, адамның рухани өмірі қайшылыққа толы, ол әрқашанда махаббат пен жек көру, қатыгездік пен мейірімділік, шындық пен алдау, күнә мен өкіну, өзімшілдік пен қайырымдылық, білімділік пен надандық, шаттық пен қайғы араларындағы таңдау. «Осы рухани бағытты таңдаудың негізінде адам нағыз тұлғаға айналып, өзінің ерекшелігіне, өлместік дәрежесіне жетеді», – дейді ұлы ойшыл. Әрине, мұндай көзқараспен толығынан келісуге болады.

Енді жаңа ғана тарих қойнауына кеткен XX ғ. көз жіберсек, ол адамзат руханият мүмкіндігінің нағыз сынағы болды десек, артық болмас. Бір жағынан, ғылым мен техниканың орасан зор қарқынмен дамуы (кибернетика, гендік инженерия, ядролық физика т.с.с.) табиғаттың оқыс алапат күштерін толығынан бағындырып, адамзаттың гүлдене өмір сүруіне деген үмітті оятты. Екінші жағынан, өкінішке қарай, көп жетістіктер зұлымдық жолында пайдаланылып (бұрын-соңды тарихта болмаған дүниежүзілік соғыстар) миллиондаған адамдардың қырылуына әкелді.

Экономика саласында «табиғатты көндіру, қайта өзгерту» саясаты экологиялық дағдарыстарға, өзінің арғы анасы – Табиғаттан жаттанған, тастан салынған қалалардан-джунглиден жылдар бойы шыға алмайтын, соның нәтижесінде рухани азғындап, тек сезімдік ләззат алуға ұмтылған, өзімшілдікке бой ұрған, күш жұмсауға даяр, моральдық тізгіні жоқ адамдардың пайда болуына әкелді. Бір жағынан, шексіз байлыққа ұмтылып, техниканың құлына айналған, өлшемнен тыс тұтынуды өмір мақсатына айналдырған адамдардың, екінші жағынан, күнбе-күнгі ішер тамағы жоқ 1 млрд. жуық адамның бүгінгі жер бетінде өмір сүріп жатқанын көреміз. Шың биіктеген сайын құздың да тереңдей түскенін байқаймыз.

XX ғ. саясаттың да рухани-моральдық негіздері үлкен сынақтан өтті. Ғасырдың басында бақытты өмір орнатуға бағытталған бірнеше революция аз уақыт өткеннен кейін-ақ қандыбалақ тоталитарлық

мемлекеттерді тудырды. Адамның шығармашылық қабілетін дамытып, гүлденген қоғамды орнатудың орнына, адамдарды қыруға арналған газ камераларын, геноцидке түскен кішігірім халықтарды, атомдық бомба сынақтарын, бітпейтін жергілікті соғыстарды т.с.с. сұмдықтарды адамзат өз көзімен көрді.

Әрине, жоғарыда көрсетілген және де басқа теріс деректер рухани ахуалға ықпал етпей қоймады. Олар философиялық антропология, экзистенциализм, фрейдизм, діни философия т.с.с. неше түрлі философиялық ағымдарда бейнеленді. Енді олардың кейбір идеяларына тоқталайық.

Фрейдизмде еуропалық философияда ғасырлар бойы қалыптасқан ақыл-ойға, парасатқа негізделген қағидалардан үзілді-кесілді бас тарту басталады. Ақыл-ой емес, керісінше, адам өмірінде шешуші нәрсе – оның бейсаналық күңгірт түйсіктері деген пікірге келіп, олардың ішінде жыныстық құштарлыққа ерекше мән берілді. Соңғы адамның өзіндік санасына (Эго) зор әсерін тигізеді, сонымен қатар қоғамдық тәрбие барысында адамның санасына енгізілген әлеуметтік нормалар мен рухани құндылықтарға (Супер эго) қайшы келеді. Бұл қайшылық жыныстық күш-қуаттың адамның шығармашылық еңбегіне сублимацияlануы (өтуі) арқылы шешіледі.

Қорыта келе, фрейдизм ағымы Еуропа руханиятына, оның ары қарай құлдырауына зор ықпал жасады. Егер XVIII ғ. өмір сүрген маркиз де Сад өз романдарында жыныстық мәселелердің күңгірт жақтарын алғаш көрсетіп, бірақ оны қоғамдық сана қабылдамай, ол өз өмірін Бастилия түрмесінде аяқтаса, XX ғ. фрейдизм қабылданып, ақырында 60 жылдары ол «сексуалдық (жыныстық) революциямен» аяқталды. Адамдардың жыныстық қатынастары туралы эротикалық (сұлу денеге құмарту) және порнографиялық (жыныс қатынастарын ашық көрсету) фильмдер жасалып, кеңінен таралды. Ромео мен Джульеттаның махаббат үлгілері жайына қалды. Жыныстық ләззат алуға жеңіл жол ашылып, оның неше түрлі технологиялары кеңінен таратыла бастады. Тек сезімдік ләззат алуға бағытталған жыныстық кездейсоқ қатынастар терең махаббат жоқ жерде тез арада сарқылып, жаңа ләзаттарға итермелейді. Адам сезімі жұқара келе, күндердің бірінде сарқылып, оны трагедияға әкеледі. Бүгінгі таңда Батыс қоғамында көп әйелдер бала туа алмайтын ахуалға келіп, лесбиандық (әйелдің әйелді сүюі), гомосексуалдық (еркектің еркекті сүюі) қатынастарға заң бойынша жол ашылып, «порножұлдыздар» өздерін Еуропарламентке депутаттыққа ұсынуда. Біздің ойымызша, бұл рухани дағдарыстың кейбір айқын айғақтары болса керек.

Өкінішке қарай, бұл мәселелерге арналған Батыс масс-медиа туындылары бүгінгі теледидар мен газеттердің бетінен түспей, біздің

жастарды да уландыруда. Бұл біздің елді «вестернизациялаудың» (батыстандыру) бірден-бір жолы болса керек. Әрине, махаббаттың негізінде сүйген адамдардың бір-біріне деген жыныстық құмартуы жатыр, оны терістеуге болмайды. Бірақ ол құмарту нақтылы адамның мәдени-рухани деңгейіне қарай неше түрлі жарқын сезімдермен, романтикалық қиялдармен өрнектелмей ме? Жас дос, сіз мұны естен шығармағаныңыз жөн.

Антропологиялық философия бағытына келер болсақ, олар адамның санасын, жалпы руханиятын оның басынан биологиялық толыққанды еместігінен пайда болған, соны толықтыратын механизм ретінде қарайды. М.Шелер адамның рухы барын түсінгенмен, әлсіз, ол орасан зор «өмір күшіне» бағынатыны, туралы пікір айтады.

К.Лоренц барлық саналы түрде әлеуметтік ретке келтіру механизмдерін адамның тұрпайы түйсіктерінен көреді. Ол – жануарларға да тән түйсік. «Адамның жер бетінде тез көбеюі, қоршаған ортаның құлдырауы, ғылыми-техникалық революцияның тез қарқынмен жүруі, бақталастық (жалпы, ол қазіргі адамзаттың жеті күнәсін көрсетеді) т.с.с. факторлар, оның тұрпайы түйсігін күшейтуде», – деген қорытындыға келеді.

Енді Батыстағы «Франкфурт мектебінің» өкілдеріне (М.Хоркхаймер, Т.Адорно) келер болсақ, олар негізгі кемшілікті Батыс адамының табиғатқа үстемдік жүргізу әрекетінен көреді. Ол бірөлшемді адамның дүниеге келуіне әкеледі. Ал нағыз керек нәрсе – адамның өз ішкі табиғатын өз еркіне көндіру: неше түрлі күңгірт түйсіктерін – нәпсілік, құмарту, қирату т.с.с. ауыздықтау болмақ. Сөйтіп, Батыс ой пікірі сонау Сократқа (өзіңді тани біл), Анарысқа (нәпсің мен тіліңді тия біл) қайтып оралғандай болды. Олар қазіргі адамзатты толеранттыққа (төзімділікке), өзара түсінушілікке, руханиятты жоғары ұстауға шақырады.

«Радикалдық гуманизм» бағытының көрнекті өкілі Э.Фромм Батыс цивилизациясының негізгі кемшілігін жаттану, заттандыру, өмірдің мән-мағынасын бұл дүниеде болу емес, алуды іздегеннен көреді. Адамның нағыз болмысы – оның рухани құндылықтарға ұмтылуында, бір-бірімен сырласып, шығармашылық сатыға өтуінде, жарқын қиялдарға жол ашуда.

XX ғ. экзистенциализм бағыты адамның өмір сүру ерекшеліктеріне аса көп назар аударды. Олардың ойынша, адам бұл өмірге келгенмен, өмірдің мән-мағынасын, жүре келе, неше түрлі зардап, қорқыныш, қайғы, тіпті түңілуден өтіп барып табады. Адамның еркіндігі – оның басқа тіршіліктен негізгі айырмашылығы. Ол өз өмірін өзі жобалап іске асырады. Сонымен қатар адам еріктігіне шек қоятын – оның өз руханияты ғана. Ж-П.Сартр еріктік – басқалардың алдындағы моральдық жауапкершіліктің ауыр жүгі деген болатын.

Өкінішке қарай, көп адамдар жауапкершіліктің ауыр жүгінен бас тартып, өз тұлғалығының өзегінен айырылып, өз болмысын жоғалтып, жаттанған дүниеге кіреді. Мұндай адамға М.Хайдеггер «man» деген ат қойып, ол қоғамды Н.Бердяев «объективацияланған (заттанған) дүние», ал А.Камю «абсурдтық (ақылға сыймайтын») дүние» деді. Мұнда адамдардың қарым-қатынасы екіжүзділікке, алдау-арбауға, жәдігейлікке толы. Сондықтан адамдар өзінің жалғыздығын, бір-біріне деген салқындығын сезінеді. Егер атеистік экзистенциализм мұндай дүние шеңберінен шығу үшін адамдар бірігіп, ақылға қонымсыз дүниеге қарсы көтерілу керек десе, діни бағыт: «Құдай – рух, олай болса, рухани жаңару керек», – дейді. Ал «диалог философиясының» өкілдері (М.Бубер, Э.Левинас) тек іштей сырласу арқылы «Сен және Мен» қарым-қатынастарын орнату мүмкіндігі ашылып, адамның өмірдегі нағыз шынайы болмысы басталады, ал адам «Ол» болса, құралға айналады деген тамаша пікір айтады.

XX ғ. Батыс діни философиясы либерализм мен тоталитаризмді сынға алады. Адам еркіндігі, егерде ол Құдайға негізделмесе, ойына не келсе соны істеуге, озбырлыққа әкеліп, ақырында, адамды заттай байлықты жинаудың құралына айналдырады. Тоталитаризм барлығын мемлекеттің қолына өткізіп, адамның қадір-қасиетін таптайды. Олай болса, бүгінгі ағарған адамзат діннің шеңберіне қайта оралып, барлық күш-жігерді рухани өрлеуге жұмсауға тиіс.

Персонализм (тұлға) бағыты адамды үзілді-кесілді денеге, затқа, нәрсеге ешқашанда теңеуге болмайтынын баса айтады. Өйткені оның құпия өзгермейтін рухани бекзаттық сәулеттік өзегі бар. Адам тұлға ретінде басқа адамдармен неше түрлі қарым-қатынастарға түсіп, соған бейімделгенмен, өзінің рухани өзегі арқылы Құдаймен байланысты болып, өмірдің теріс жақтарына тойтарыс бере алады. Ж.Маритеннің көркемдеп айтқанындай, «тұлға ретінде жұлдыздардың ықпалында болсақ, тұлға ретінде оларға иеміз».

Діни философиядағы аса ірі тұлға – Пьер Теяр де Шарден. Оның еңбектеріндегі негізгі идея – Ақиқат пен Сенімді, Дін мен Ғылымды қазіргі өмірге сай етіп ұштастыру керектігі. Ол христиан дінінің негізгі қағидаларын жаңарту жолында мынандай мәселені көтереді: Бұл Құдайдың жаратқан дүниесін адам дайын түрде қабылдады ма, я болмаса ол әлі жаратылу үстінде ме? Егерде ол дайын түрде болса, адамға еш нәрсе істеу керек емес, ол тек осы ғажап дүниеге тамсана қарап отыруы керек. Бірақ бұл дүние кеңістік пен уақыттың шеңберінде берілген, яғни ол өне бойы өзгерісте, ол әлі жаратылу барысында. Олай болса, адам саналы пенде ретінде осы жаратылу үдерісіне белсенді түрде қатысып, оны көркейтіп, өзгертуі керек. Адамзаттың саналы түрде қоршаған ортаны өзгертуі жер бетінде ноосфераның (ақыл-ой арқылы

өзгертілген жер беті) орнауымен байланысты. Ал мұның өзі адамзаттың ғарыштағы өмір сүруінің терең мән-мағынасы болмақ.

Ойшыл өзінің онтологиялық көзқарастарында дүниенің тек қана материалдық құрамын (тангенциалдық күш-қуат) мойындап қана қоймай, оның дербес рухани (радиалдық күш-қуат) жағын да құптайды. Ол христиандық тұлғалық Құдай емес, ол – бүкіл дүниені алға тартатын, күрделендіретін таза рухани күш. Соның арқасында дүниеге тіршілік келіп, адамның өзі пайда болды.

Ресейдің ұлы ғалымы Н.Моисеев рухани дағдарыстағы адамзат жер бетіндегі тіршілікті аялап, өзімен бірге ары қарай үндесті түрде дамытса (коэволюция) ғана бүгінгі цивилизация өмірде қалады. Егер ол бүгінгі таңдағыдай тек қана табиғаттан ала берсе, жер бетіндегі тіршілікті арандатса, онда ол құрдымға кетуі мүмкін деген ой тастайды.

Үнді елінің ұлы қайраткері М.Ганди адамзаттың рухани тазаруында жер бетіндегі әрбір тұлғаның қатысы бар екенін, ол үшін зұлымдыққа қарсы тұрып, оны сүйіспеншілік пен ізгіліктің арқасында тоқтату керек екенін айтады. «Бүкіл адамзат – бөлінбейтін бірліктегі отбасы, сондықтан оның қайсыбір мүшесінің жасаған қылмысына әрбір азамат жауапты», – деген терең ой айтады.

Орыс халқының ұлы ойшылы Л.Толстой қоғам өміріндегі зұлымдық мәселесі адамның рухы емес, тәнімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Тәннің бір нәрселерге ынтықтығы, құштарлығы оны рухани құндылықтарды аяққа басуға, ауытқуға әкеледі. Соның салдарынан зұлымдық пайда болады. Зұлымдыққа күш көрсетіп қарсыласпау, Л.Толстойдың ойынша, оның өз-өзін сарқуына, тоқтауына, құруына әкеледі. Сонда ғана руханияттың жеңісін, адамның адамгершілігін көруге болады.

XX ғ. рухани ахуалына тек қана өз идеяларымен ғана емес, бүкіл өмір салтымен зор ықпал еткен келесі гуманист А.Швейцер болды. Оның ойынша, дүниежүзілік тарихтың ең терең қабаты ғылым мен техниканың жеткен нәтижелерінен емес, этикалық тарихтан тұрады. Моральдық құндылықтарды ойшыл адамзаттың ең асқан жетістіктері ретінде түсініп, оны ары қарай дамыту жолында адамзатқа «өмірді пір тұту» этикасын ұсынады. Адамды ғарыштағы тіршіліктің ең жетілген теңдесі жоқ әсем гүлі ретінде қарап, ол Р.Декарттың «Мен ойлаймын, олай болса, өмір сүремін» деген қағидасының орнына «мен өмірмін, олай болса, басқа өмірдің арасында өмір сүргім келеді» деген ғажап идеяны ұсынады.

А.Швейцер Еуропа цивилизациясының рухани дағдарысқа ұшырауының негізгі себебін рационализмнің үстемдігінен көреді. Қоршаған ортаны тек ақыл-оймен түсіну, рухани құндылықтармен есептеспеу дүниенің тек сыртқы жағын өзгертуге мүмкіндік береді. Қазіргі орасан

зор бетон мен шыныдан жасалған техникалық цивилизация, сондықтан шынайы мәдениетке қарсы, ол тек мәдениеттің тұрпайы түрлерін ғана тудыра алады. Сондықтан адамзаттың негізгі мақсаты – мәдениетті этикалық құндылықтармен ұштастырып, оған нәр беру. Сонда ғана адамзаттың шынайы алға жылжуы болмақ.

Сонымен, философия тарихында рух мәселесі ғасырдан-ғасырға өтіп, егжей-тегжейлі талданғанын жоғарыда көрдік. Енді айтылған ой-пікірлерге сүйене отырып, өз көзқарасымызды ұсынатын уақыт келді.

§ 2. Рух және руханият ұғымдары

Дүниеге ең жалпы түрде қарағанда, біз материя мен рухты ғана табамыз. Олар бір-біріне қарсы, сонымен бірге бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайды. Ал осы екеуінің қайсысы дүниенің негізінде жатыр деген сұрақ әрқашанда ашық, жоғарыда көрсеткеніміздей, оған ойшылдар әртүрлі жауап береді. Болашақта да бұл сұрақ ашық болып қала бермек, өйткені болмыстың шегіне жеткен негіздерін ашсақ, онда біз құдайлық дәрежеге көтерілген болар едік. Алайда адам Құдай емес, ол кеңістік пен уақытта шектелген пенде, ал дүние – шексіз.

Сондықтан да көп жағдайда қарапайым адамдар рухты дінмен ұштастырып, оның түп-тамырын Құдайдың күш-құдіретімен байланыстырады. Әрине, бұл ғылыми талдауды талап етпейді, оған тек сену керек. Сондықтан да бүгінгі адамзат қандай білім мен техниканың биік дәрежесінде болғанымен, миллиардтаған адамдар Құдайға сенеді. Бұл сенім оларға күш-қуат беріп, дүниедегі қиындықтарға тойтарыс беруге көмектеседі. Құдайдан адамды өзіне тартып алу үшін, Мефистофель (зұлымдықтың нышаны) адамға: «Сен маған жан-дүниеңді берсең, мен саған мәңгілік өмір, өлместік берер едім», – депті дейді Гете өзінің әйгілі шығармасында. Мұндай жағдайда, әрине, адам дене ретінде сақталғанмен, өзінің нағыз адами өзегінен айырылып, зұлым пендеге айналар еді.

Алайда бүгінгі адамды көп жағдайда діни көзқарас қанағаттындыра алмайды. Егер Құдай идеясын жақшаның ішіне алсақ, онды біз барыбір рухты табамыз. Ол – адам. Оның шаттық пен қасіретке, үрей мен қиялға, махаббат пен риясыздыққа т.с.с. толы ішкі өмірі бар. Енді рухты осы адами тұрғыдан талдап көрейік.

Адамның денесі болғанымен, ол ең алдымен – рух. Өткен заман-дағы және қазіргі ойшылдардың бары де адамның рухани пенде екенін қажымай айтып келеді. Кең түрде алғанда, **рух** деп біз адамның **психикалық өмірінің ең биік, санамен байланысты**, оны **жетілдіруге, кемеліне келуге итермелейтін**, дүние мен қоғамды **бірлікке,**

үндестікке шақырып, осы жолда оны **өзгертуге бағытталған** көріністерін айтамыз. Рухтың қайнар көзі материалдық дүниенің терең қабаттарына кетеді. Ол – заттардың біртұтастығын және бір-бірімен байланыстарын қамтамасыз етіп, оларды жетілуге итермелейтін күш. Уақытында П.Т. де Шарден айтқандай, оны біз молекуланың өз ішкі тартуынан-ақ байқауымызға болады. Оны Платон «морфе» (заттың болмыс формасы), Аристотель қайсыбір дененің «энтелехиясы» (оның болмысын анықтайтын ішкі мақсат-мұраты), В.Г.Лейбниц «монада» (көзге көрінбейтін рухани күш) деп атап кеткен болатын.

Егер өлі және тірі табиғатта оның осы ішкі күштері денесінен бөлінбей өмір сүрсе, адам дүниеге келіп, дерексіз ойлау мүмкіндіктері пайда болысымен-ақ, олар оның санасында бейнеленіп, неше түрлі санаттар, принциптер, нормалар, идеялар т.с.с. құндылықтарды тудырады.

Аса ескеруге алатын нәрсе – адам дүниенің заңдылықтарын өз санасында тек бейнелеп қана қоймай, оны өзгертуге, жетілдіруге, кемеліне келген үлгілерді қалыптастыруға, бүгінгі өмірде жоқ, бірақ болуға тиістіні ойлап шығаруға тырысады. Оны философия тілінде «қол астындағы болмыстың шеңберінен шығу, трансценділеу» дейді. Міне, осының арқасында қоғам өмірінде тиістілік, болуға тиіс, яғни құндылықтар әлемі дүниеге келеді. Ол – **Ізгілік пен Әсемдік, Ақиқат пен Шындық, Әділеттілік, Еркіндік пен Теңдік, Сүйіспеншілік**, т.с.с. құндылықтар. Мұны рухтың ең биік қызметі деп айтсақ та болады. Ол тұлға өмірінің мән-мағынасын құрап, соны өмірге енгізуге бағытталған күш-жігерді тудырады.

Алайда негізгі өмір қайшылығы мынада: ешбір рухани құндылық, мұрат, т.с.с. ешқашанда толығынан өмірде іске аспайды. Оны ойшылдар сонау көне заманда байқап: «Бары де әбігерлік, әбігерліктің әбігерлігі», – деген болатын. Сондықтан ол рухтың шынайы дүниедегі адамдар пендешілігіне қарап зарығып, зұлымдыққа былғанып жатқан дүниеге қарсы шығып, оқтын-оқтын көтерілуіне әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда, адамзат тарихында өткен **барлық ұлы революциялар** рухтың өмір алдына қойған талаптары мен шынайы өмірде қалыптасқан жағдайдың арасындағы **қайшылықтың шегіне жетіп, өршіген кезде** пайда болатынын біз жақсы білуіміз керек. Бірақ тарихта болған бірде-бір революция өзінің алдына қойған мақсат-мұратына толығынан жете алған жоқ. Көп жағдайда ол қантөгіске, зардап шегуге, сәтсіздікке әкеліп, зұлымдықтың кейбір өршіп кеткен түрлерін жойғанмен, олардың орнына оның жаңа түрлерін дүниеге әкелді.

Бұл арада біздің зұлымдық мәселесіне тоқтала кеткеніміз жөн болар. Өлі табиғат пен жануарлар өміріне, әрине, зұлымдық ұғымын қолдану мүмкін емес. Ол – қоғам өмірінде пайда болатын құбылыс. Ұлы

Гегельдің ойынша, оның қайнар көзі – өмірде **болып жатқан** мен **болуға тиістінің** арасындағы **қайшылық**. Тек қана адам өмірінде шынайы өмірде жоқ, бірақ болуға тиістіні қажет ету бар. Ал орындалмаған бұл қажеттілік адамның зардап шегуіне, қайғы-қасіретіне әкеледі.

Біздің ойымызша, зұлымдық материалдық ресурстардың әрқашанда шектелгендігінен, соның нәтижесінде кейбіреулердің жеке мүддені асыра күйттеп, қоғамдық біртұтастыққа қарсы қою іс-әрекетінен пайда болса керек. Ол жеке адамның өзімшілдік мүддесін іске асырудағы пиғылынан шығуы мүмкін, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың да іс-әрекетінен пайда болуы ғажап емес. Мысалы, уақытында фашистік Германияның басшылары неміс халқын ерекше биік орынға қойғысы келіп, басқа халықтарға қарсы қойып, сол саясатты жүргізу барысында адамзатты қандай қасіретке әкелгенін білеміз. Бүгінгі таңда АҚШ басшылары өз күшін пайдаланып, басқа халықтардың мүддесіне сай келмейтін өркөкіректік саясат жүргізіп, ондаған мың шақырымдағы жерлерді сол елдің «өмірлік мүдделері» бар аймақтары деп бағалауда. Ал одан шыққан іс-әрекеттерді біз жергілікті қантөгістер жүріп жатқан жерлерден көріп отырмыз.

Енді жоғарыда талданған шынайы өмір мен құндылықтар әлемінің арасындағы қайшылықтарға тағы да оралсақ, Л.Фейербах діннің қайнар көзін дүниенің өтпелілігі мен кемшіліктерінен, содан шығатын адамның зардабынан, табиғаттың орасан зор күштеріне тойтарыс бере алмай, үрейленуінен көреді. «Сондықтан адамның қиял-арманы о дүниені, жетілген мәңгілік рухани өмірді, Құдай идеясын дүниеге әкеледі», – дейді ұлы ойшыл.

Егер дүние кемеліне келіп жетілсе, онда ол барлық қайшылықтарды жойып, яғни өз-өзін жоқ қылатынын біз ақыл-ой арқылы түсінеміз. Ал мәңгілік бақытты өмір, осы тұрғыдан алғанда, тозақтың ең жаман түрі болар еді. Жас дос, өзіңіз ойлап қараңызшы, егер мәңгі өміріңіз болса, сіз саусағыңызды да қозғалтпаған болар едіңіз, өйткені алда шегі жоқ мәңгілік бар. Ал дүние кеңістік пен уақыт арқылы беріліп, өзіңіздің болашақта өмірден кететініңізді білгеннен кейін, сіз белсенділік көрсетесіз, алдыңызға үлкен мақсат-мұрат қойып, соны іске асыруға ұмтыласыз, осы фәниде өз ізіңізді қалдырып кетуге тырысасыз, өмірдің әрбір шағының тамаша жақтарына сүйсіне қарап, оның ғажабына тойбайсыз т.с.с.

Алайда ақыл-ой оны түсінгенмен, рух оған қанағаттанбайды, ол қол астындағы кемшілікке толы болмысты Ізгілік пен Әсемдік, Ақиқат пен Сүйіспеншілік т.с.с. құндылықтардың негізінде қайта өзгертіп, жетілдіргісі келеді. Қайсыбір дін осы жолда ертелі-кеш зұлымдыққа тойтарыс беріліп, жақсылық, ізгіліктің болашақтағы жеңісіне сенуді уағыздайды. Әрине, ол адамның көңілінен шығады. Сондықтан көп

жағдайда нақтылы өмірде зұлымдық өз тойын тойлағанмен, ақырында, жақсылықтың жеңетініне адамзаттың көпшілігі сенеді.

Сонымен қатар адам рухының кемеліне келген дүниеге деген ынтызарлығы мыңдаған жылдардың шеңберінде орасан зор **Өнер Әлемін** тудырады. Оған әдебиет пен поэзия, қылқалам мен мүсін, сәулет пен әуен, сымбат т.с.с. өнер түрлерін жатқызуға болады. Өнер әлемі бізді аз уақыт болса да нақтылы болмыстан жоғарылатып, рухтың кереметтігін көрсетіп, жан-дүниеміздің ластанған жағын тазартады (Аристотельдің тілімен айтсақ, «катарсиске» әкеледі), біздің Ақиқат, Әсемдік, Сүйіспеншілікке деген сенімімізді нығайтады.

Қарапайым сана деңгейінде көп жағдайда «жан» мен «рух» бір мағынада түсініледі. Алайда олар – әртүрлі ұғымдар. «Жан» (псюхе, анима) деп біз адамның ішкі әлеміндегі өмірге деген іңкәрлігін, оның күнбе-күнгі қуанышы мен зардабын, оның жарқын, я болмаса күңгірт ұмтылуларын, жалпы алғанда, өмір сүруге бағытталған (витальдық) күш-қуатын айтамыз. Яғни оны адамның дене құрылысымен өте тығыз байланысты сезімдік-психикалық құбылыстардың жиынтығы деуге де болар еді. Тарихи жан адаммен бірге дүниеге келеді. Ал рухқа келер болсақ, ол адам психикасы дамуының соңғы жетілген сатыларымен байланысты. Неміс философы К.Ясперстің ойынша, рухтың дүниеге келген уақыты – кіндікті заманда (осевое время), шамамен б.з.д VIII-II ғғ. болса керек. Осы кезде адамның дерексіз ойлау қабілеті жетіліп, мифологиялық дүниетүсіну философиялық пайымдауға ауысып, көпқұдайлықтан бірқұдайлыққа негізделген әлемдік діндер дүниеге келеді. Міне, осы уақытта жан-дүниенің үстінде рух пайда болады.

Енді жеке адамның өмір сатыларына келер болсақ, онда да рух жаннан кейін қалыптаса бастайды. Егер жан деп біз адамның организм ретіндегі өмірге деген интенциясын (ұмтылысын) айтсақ, рухтың өмір сүруі тікелей адамның дене құрылысымен байланысты емес. Мысалы, әйгілі философ И.Канттың әлсіз денесінде күшті рух болды емес пе? Рух өз қалыптасу заңдылықтарына сүйенеді, өз-өзін адам өмір шеңберінің аяғына дейін дамытып, кейбір кезде тіпті адамның дене ахуалын ауырлатып та жіберуі мүмкін.

Негізінен, адамның өмір сатысын үшке бөлуге болады. Бірінші – жастық шақты **эстетикалық**, я болмаса **романтикалық** саты дейміз. Өйткені жастық гүлденген шақта адам әсемдікке ұмтылады, өмір жаңа ғана басталып жатыр, алда мәңгілік жатқандай болып сезіледі. Адам мейлінше өмірден **сезімдік ләззат** алсам дейді. Бұл жолға түскен адамның сезімі бірте-бірте жұқара түсіп, ақырында, оның шектелгенін сезеді. Өмірдің сыртқы және ішкі жағына келер болсақ, оның екеуі де жеңіл сияқты көрінеді.

Екінші сатысында адам есейген, естияр кезінде **прагматикалық** (бейімделу, пайда табу) кезден өтеді. Адам сыртқы өмірге аса көп ойланбай бейімделіп, балалы-шағалы болып, ішкі өміріне де көбірек үңіле бастайды. Сыртқы өмір ауыр болғанымен, ішкі өмір әлі де болса жеңілірек.

Жасы келе, адам өмірдің соңғы – үшінші – сатысына аяқ басады. Оны **пуристік** (таза), я болмаса **діни**, ал адам дінге сенбесе, **руханияттық** саты деп атауға болар еді. Өйткені адам өз өмірінің «күнбатысымен» кез болады. Бұл шақта адамның рухы кемеліне келіп, оған көп сұрақтар қойып, мазалай бастайды. Адамның сыртқы өмірі жеңіл (күнкөріс, бақталастық т.с.с. күйбіңнен адам алшақтайды) болып, ішкі рухани өмірі үлкен тебіреністерге, ауыр жүкке толып, оны күнбе-күн үлкен ойға қалдырады. Ондағы негізгі сұрақ өмірдің мән-мағынасы, мазмұндылығы, өмір соңындағы қалдырған із болса керек.

Енді рухтың өмір сүру формаларына келер болсақ, уақытында оны Г.Гегель егжей-тегжейлі талдаған болатын. Ол оны субъективті, объективті және абсолютті рухқа бөледі.

Субъективті рух деп біз тарих сахнасында өмір сүріп жатқан өзіндік тірі сана-сезімі бар адамды айтамыз. Рух жеке адамның психикалық ерекшеліктеріне сай қалыптасып, дамиды. Адам өзінің саналы іс-әрекетінің негізінде тұлғаға айналып, қоғам өміріндегі құндылықтарды игеріп, өзіндік сана-сезімін қалыптастырады.

Объективті рухқа біз белгілі бір әлеуметтік қауымның мойындаған ортақ құндылықтар әлемін жатқызамыз. Оған оның дүниесезімі, көзқарасы, этикалық, эстетикалық, саяси-құқықтық, философиялық т.с.с. түсініктері, көңіл күйі, идеялары жатады. Негізінен алғанда, объективті рух – ол белгілі бір тарих сахнасында өмір сүріп жатқан халықтың рухы, ең алдымен оның тудырған тілі, жасаған өнер әлемі, әдет-ғұрпы, тәлім-тәрбие әдістері, құқықтық және моральдық құндылықтары, менталитеті (ділі) т.с.с.

Гегельдің уақытында айтқан абсолюттік рухы – ол кемеліне келіп жетіліп, өзінің шеңберіне қайта оралған абсолюттік идеяның (Құдайдың) жердегі өмірмен ешқандай байланысы жоқ рухы. Мұндай көзқарас бүгінгі әдебиетте көп жағдайда мойындалмайды. Сондықтан Гегельдің көрсеткен абсолюттік рухтың сатыларын: өнер, дін, философияны объективті рухтың ішіне кіргізуге болады.

Философиялық әдебиетте объективтендірілген рух деген ұғым қолданылады. Оның мәні мынада. Қайсыбір адамның шығармашылық іс-әрекетінен туған идея өмір сүруі үшін заттанады, яғни объективтендіріледі. Мысалы, күнбе-күнгі өмірде мыңдаған рет кездесетін жеңіл машиналар, автобустар т.с.с. техника түрлерін алсаңыз, олар – жүздеген ғылыми қайраткер, инженер, ойлап шығарушы

талантты адамдардың ой еңбегінің жемісі. Белгілі бір кешенді салу үшін ол ең алдымен сәулетшінің санасынан өтіп, жобаға айналуы керек. Жабайы табиғатта қалалар, машиналар, байланыс жүйелері т.с.с. жоқ. Яғни бүкіл адамзат тудырған «екінші табиғатта» адамзат рухы затталып, соның ішінде сөнген. Адам күнбе-күнгі өмірінде неше түрлі заттарды пайдаланған кезде (ол үшін оның құрылымын білуі қажет), сол сөнген рухты жандандырып, яғни игеріп, өз рух құрамының ішіне кіргізеді. Осы жолда оған шабыт келіп, оның шығармашылық іс-әрекетін оятып, жаңа идеяларды тудыруы ғажап емес. Өйткені қайсыбір рухани туындыда иесінің ескермеген, байқамаған жақтарын соны игеру үстіндегі адам байқап қалуы мүмкін. Сонымен рух, бір жағынан, адамның санасында жанып, екінші жағынан, заттардың ішкі мәнін құрап, сөніп жатады екен.

Келесі үлкен мәселе – **«Рухтың өзегінде не жатыр?»** деген сұрақ. Оған жауап ретінде біз моральдық құндылықтар дер едік. Бұл арада біз А.Швейцердің пікірімен толығынан келісеміз. Адамзаттың нағыз алға жылжуы ғылыми-техникалық жетістіктерде, айнала қоршаған ортаны сырттай өзгертуде емес, адамның өзінің іштей жаңаруы, моральдық өрлеуінде жатса керек. Бүкіл рухани дүние әрқашанда моральдың бір қарағанда байқалмайтын ықпалында болады. Негізінен алғанда, адам болу дегеніміз өнегелілік, ұдайы өз ар-ұждан, адамның жүрегінен шығатын ішкі талаптарға ұқыпты қарау, тұлғаның моральдық өмірден алған тәжірибесін шыңдау емес пе? Рухани өмірдегі моральдық нормалар мен құндылықтардың шешуші рөлі түсінікті болуы үшін, біз адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті ерекшелігін алға тартуымыз керек. Адам өз жүріс-тұрысында әрқашанда моральдық құндылықтарды басшылыққа алады, ал оның талаптары көпшілік жағдайда сол сәттегі адамның мүдделеріне шек қойып, басқа адамдардың да мүдделерімен санасуды қажет етеді. Өйткені адам бұл дүниеде жалғыз өзі ғана өмір сүріп жатқан жоқ, ол басқалармен бірге, яғни өне бойы қоғамның шеңберінде. Моральдың келесі бір ғажап жағы – бүкіл қоғамның барлық саласын қамтуында. Тіпті адам кейбір жағдайда жалғыздан-жалғыз қалғанның өзінде, өз-өзіне моральдық тұрғыдан қарап, баға береді.

Енді осы моральдың ерекшеліктерін рухтың басқа салаларымен салыстырсақ, онда оның өзектілігі дереу байқалады. XX ғ. адамзат ақыл-ойы табиғаттың терең жатқан сырларын ашып, оларды өз мүддесіне сай етіп пайдаланды. Сонымен қатар ол адамзаттың өз құдіреттілігіне деген осы уақытқа дейінгі ойын су сепкендей басты. Өйткені ғылымдағы бір жаңалықты өмірге енгізіп, оның пайдасын көргенмен, оның қандай теріс салдар әкелетінін адам қандай керемет компьютермен есептесе де, толығынан анықтай алмайды. Ал оның өзі экологиялық дағдарыстарға,

тіршіліктің азып-тозуына әкеліп жатқан жоқ па? Тек таза есепқисапқа (рационализм) негізделген ақыл-ой, егерде ол моральдық құндылықтарға негізделмесе, дүниені бейберекеттіктің тұңғиығына, тіпті адамзаттың өз өліміне әкелуі мүмкін. Моральдық құндылықтарға мән бермей, «мен бәрін білемін» деген адам компьютердің бір түріне, барлық тіршілікке өмір беріп тұрған Күн сәулесі емес, сәулесі әлсіз Айға ұқсайды. Ондай адам «білімді» болғанымен, өз салқындығымен басқаларды алшақтатады. Моральдық санасы кемтар адам өз шығармашылығында көп нәрсені байқамай, «барлық заттың өлшемі» деген бағаға ие бола алмайды. Тек моральдық құндылықтармен тығыз байланысты, соның ықпалындағы білім ғана адамды даналық дәрежеге көтеріп, оны «заттардың өлшеміне» айналдырады. Сол себепті бүгінгі таңда ғылым мен моральдың өзара байланысы ең өзекті мәселеге айналды.

Енді өнер мен моральдың арақатынасына келер болсақ, онда да жоғарыдағы ахуал байқалады. Моральдан жұрдай «арсыз әсемдік» адамды сүйсіндіре алар ма екен? Біз өнер саласындағы туындыларды бағалағанда, ең алдымен оны тудырған қайраткердің адамгершілік ізденісіне назар аударамыз.

Діннің моральдық мазмұны мыңдаған жылдар бойы адамның рухани тірегіне, оның ішкі зұлымдыққа қарсы тойтарыс бере алатын күшке айналып отыр. Егерде біз діннен оның моральдық жақтарын алып тастасақ, онда не қалар еді? Ол адамның ақыл-ойына сыймайтын неше түрлі аңыздардың жиынтығы болып, оған сенуден көпшілік бас тартар еді.

Философияға келсек, оның ұғымдық құрылымы, мазмұны, әрине, жеке ғылымдардың аса тез қарқынды дамуына байланысты байыды, оны терістей алмаймыз. Бірақ біз Платон мен Аристотель, Әл-Фараби мен Ф.Аквинский, Г.Гегель мен А.Шопенгауерден дүниенің шегіне жеткен терең метафизикалық мәселелерін талдауда онша алысқа кете алмадық. Сонымен қатар ойшылдың моральдық, адамгершілік көзқарасына байланысты жүздеген неше түрлі жаңа философиялық ағымдар пайда болды емес пе? Өйткені дүниежүзілік тарихта ешқашанда моральдық адами тебіреністе болмай, болмыстың терең қабаттарын зерттеп жатқан ойшыл болған жоқ. Орыс халқының тамаша ойшылы С.Л.Франк айтқандай, «моральдық сана арқылы біз болмыстың шексіз мұхитына терең сүңгіп, іштей сезіне аламыз…, белгілі бір затты білу дегеніміз – ортақ өмірде бірге болғаннан кейін оны іштей сезіну болмақ».

Енді саясат пен құқық саласына келер болсақ, олар қоғамды біріктіретін, оның біртұтастығын қамтамасыз ететін сыртқы күштерге жатады. Егерде қоғам өміріндегі жүргізіліп жатқан саясат халықтың жүрегінде моральдық жағынан ақталмаса, ол ешқандай нәтижеге

әкелмейді. Биліктегілер елді басқара алмай, шығарылған заңдар орындалмас еді.

Сөйтіп, жоғарыда көрсеткеніміздей, **моральдық сана бүкіл руханияттың негізінде жатыр**. Олай болса, келесі өте күрделі сұрақ пайда болады. Ол: «Моральдың өз қайнар көздерін неден іздеуіміз керек?» – деген сұрақ.

Тарихи алғашқы моральдық жүйелерді дүниеге әкеліп, оларды халыққа уағыздай бастаған адамзат бабалары Лао-цзы, Конфу-цзы, Будда, Заратустра, Мұса, Мұхаммед болатын. Олардың моральдық көзқарастары әртүрлі діндердің құрамына кіріп, ғасырлар бойы адамзаттың адамгершілік жолмен дамуына ықпалын тигізді. Бүгінгі таңның өзінде «ағарған адамзаттың» жаратылыстану, гуманитарлық білімі қаншалықты өскенмен, жүздеген миллион адамдар бұрынғыдай өздерінің жүріс-тұрысында негізгі моральдық қағидаларды басшылыққа алады. Моральдың қайнар көзін қайсыбір дін қол астындағы кемшілікке толы болмыстан аттап өтіп, тікелей Құдайдың құдіретті шығармашылық күшінен шығарады: міне, оның адамдарға тигізетін зор ықпалы осында жатыр.

Жаңа дәуірде XVIII ғ. бастап Еуропа ағартушылары христиан дінін, оның негізгі қағидаларын қатты сынға алып, көп адамдарды діннен алшақтатып, атеистік жолға түсірді. Сол себепті Ф.Ницше «Құдай өлді!», олай болса, адамға ешқандай тыйым салуға болмайды, ол ерікті, ойына не келсе, соны жасай алады деген пікірге келді. Алайда оның бұл тұжырымы орынсыз болды, өйткені Құдай идеясында адамның ең сәулетті мәндік күштері, рухани тебіреністері жинақталған. Бүгінгі таңда біз, керісінше, діни ізденістердің жаңа дүмпуін байқаймыз, мыңдаған жаңа діни секталар әртүрлі мемлекеттерде пайда болып, дүниеге деген өз көзқарастарына көп адамдарды тартуда. Мұның өзі адамдардың қазіргі етек алып кеткен рухани азғындауына деген қарсылығы болса керек.

Немістің ұлы ойшылы И.Кант уақытында моральдың қайнар көзін адамның парасатына негіздеп, «үзілді-кесілді» ұсынған болатын. Оның қысқаша мәні – адамның жүріс-тұрысы бүкіл адамзаттың қалаған тілегінен шығуы керек. Яғни белгілі бір нақтылы ахуалдағы сенің таңдауың қазіргі адамзаттың қайсыбір өкілінің болсын жүрегінен шығуы керек. Тек оның қойған бір талабы – адамның сезім-күйінен шығатын ұмтылыстарды ескермеу қажет, өйткені ол адамның пендешілігінен шығады. Егер сіз бір адамды жақсы көріп, оған жақсылық жасасаңыз, И.Канттың ойынша, оның моральдық құндылығы жойылады. Адами қарым-қатынастарда сіз тек «үзілді-кесілді талапты» ақыл-ойыңыздан өткізіп, ешқандай сезімділікке бой ұрмай, оны басшылыққа алсаңыз,

сонда ғана моральдың шеңберінде қаласыз. Алайда бұл талап шынайы өмірдегі адамдардың күнбе-күнгі қарым-қатынастарына қарсы келіп, дерексіз өмірмен тығыз байланысы жоқ қағида болып қала берді.

ХХ ғ. Э.Фромм, А.Швейцер сияқты, Батыс ойшылдары моральды негіздеуде жаңа көзқарас ұсынды. Олардың ойынша, моральды негіздеуді шынайы өмірдің өзінен, сол өмірдің ең әсем гүлі – адамның өз табиғатынан іздеу керек. Олай болса, «жақсылық», «ізгілік» дегеніміз – адамның ішкі қабілеттерін ашатын, өмірдің толыққандығын сезіндіретіннің бәрі, ал «зұлымдық» деп адамның гүлденуіне, оның қабілеттері мен шығармашылық еңбегіне тосқауыл қоятын нәрселерді айтамыз. Ал «күнәға» адамның өз өміріне деген жауапкершіліктің жоқтығы жатады. Дүниенің ең әсем гүлі ретінде адам, – кең мағынада алып қарағанда, – Жер бетінде жүріп жатқан бүкіл биологиялық, психологиялық, жан мен рухтық үдерістерді өз бойында қамтиды. Сондықтан «жақсылық» дегеніміз тек адамның өмірін сақтап гүлдету емес, сонымен қатар бүкіл жер бетіндегі барлық тіршілікті өзімен бірге сақтап, дамыту болмақ. Осындай түсінікке сәйкес, «зұлымдық» дегеніміз Жер бетіндегі тіршілікті аяққа басу, құрту-жаншу болмақ. Біздің ойымызша, бұл ойшылдар өз заманынан озып, жаңа «ғарыштық этиканың» негіздерін жасаған сияқты. Оның өмірге енуі алда, ол болашақ адамзаттың рухани өмірінің негізі болуға тиіс.

Қорыта келе, адамды рухани пенде десек те болады. Оның ішкі тебіреніс, үміт, сенім, т.с.с. құндылықтарға толы шегі жоқ өз рухани ғарышы бар. Оның өзегі адамның өзіндік санасында. Адам санасы арқылы өз-өзінен алшақтап, өзіне сыншыл рухани көкейкөзімен қарай алатын мүмкіндікке жетеді. Ешбір жануардың мұндай қасиеті жоқ.

Әрине, адамның дене қажеттіліктері бар, ол баспанасыз, ішетін-жейтін тамақсыз, киім-кешексіз өмір сүре алмайды. Оны да естен шығармаған жөн. Оларды және т.б. заттарды алу үшін адам еңбек етеді, басқа адамдармен неше түрлі қарым-қатынастарға түсіп, өмірге бейімделуге тырысады. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда көп адамдар өмірдің мән-мағынасын сол материалдық заттарды қуумен, солар арқылы өмірден ләззат алумен байланыстырады. Осы жолда ол өзінің рухани пенде екендігін тіпті естен шығарып, өз өмірінің мән-мағынасын жоғалтып та алуы мүмкін.

Естен мынаны шығарып алмаған жөн. Материалдық байлық қаншалықты көп болғанымен, – шектелген. Егер байлығыңыздың жартысын үлестірсеңіз, тек жартысы ғана өзіңізде қалады. Ал рухани байлық – шексіз. Егер бір сүйкімді әуенді шығарып, оны таратсаңыз, ертең-ақ ол жүздеген мың адамның көңіл күйін байытып, шаттыққа әкеледі. Құрманғазы бабамыз өмірден кетсе де, оның рухы әр қазақтың жүрегінде сақтала бермек, яғни ол өлген жоқ.

Сонымен, адам – дене және рух. Денесіз рух, рухсыз дене жоқ. Дүниенің қызығына салынып, рухты аяққа басып, я болмаса, рухты биік ұстап, дене қажеттіліктерімен санаспауға тағы да болмайды. Осы арада бір аңызды келтірейік. Бір адам жолдасына қонаққа келген екен. Сол сәтте досы өнер адамдарын шақырып: «Сіз қандай аспаптың үнін ең алдымен тыңдағыңыз келеді? – депті. Сонда қонағы: «Ең алдымен қуырылып жатқан еттің дыбысын тыңдасақ қайтер еді», – деген екен.

Енді осы арада «руханият» ұғымын талдауға уақыт келген сияқты. Өйткені рухтың негізгі мақсаты – дүниенің бірлігін, үндестігін қамтамасыз ету, оны жетілдіру болғанымен, шынайы өмірде біз бұрмаланған, қирату, бөлу, қарсы қою, жоюға бағытталған рухты да байқауымызға болады. Оны халық: «Зұлым рух», – дейді.

Руханияттыққа келер болсақ, ол өмірді толыққанды безендіру, материя мен рухты бір-біріне қарсы қоймай, бірге жетілдіру, үндестікке жеткізу, адам өмірінің жан-жақтылығын, мейлінше бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету дер едік.

§ 3. Құндылықтар әлемі

Рух, руханият ұғымдарын нақтылай келе, біз құндылықтар әлеміне келіп тірелеміз. Оны зерттейтін философия саласын **аксиология** (aksios – құнды, logos – ілім) дейді. Жалпы алғанда, **құндылықтар** дегенде адам **өмірінің бағытын** анықтайтын, оған **керек, мәнді**, ол **құрмет** тұтатын, керек болса, **бас иетіннің** бәрін жатқызуға болады. Құндылықтар әлемінің өмір сүруінің терең себептері адамның өзінде, оның саналы пенделігінде, өмірдің мән-мағынасын іздеуінде жатса керек. Өйткені адам – ерікті пенде, ол өз тағдырын өзі күнделікті өмірге келетін мүмкіндіктерді таңдау арқылы жасайды.

Дүниенің екі жағын – материя мен рухты – бір-бірінен ажыратып, бөлек қарауға болмайды, біз оны жоғарғы тарауларда көрсетуге тырысқан болатынбыз. Адамның өзі, бір жағынан, дене болса, екінші жағынан, рух емес пе? Дегенмен де құндылықтар әлемін, негізінен, екіге бөлуге болады. Олар – материалдық және рухани құндылықтар. Қайсыбір рухани құбылыс өмірге келу үшін заттанса, яғни материалдық қабыққа ие болса, онда шынайы өмірде материалдық және рухани құндылықтарды бір-бірінен қалайша айырып алуға болады? Оларды бөлудің негізінде адамдардың сан алуан қажеттіліктері жатса керек. Қажеттілік деп адамның өмір сүруіне, оның жан-жақты дамуына керектінің барлығын айтуға болады.

Бүгінгі қоғамдағы адамдардың қайсыбірі рухани қажеттіліктерін оятып, ең жоғарғы сатыға көтерілді деп айту шындыққа жатпас еді.

Өкінішке қарай, материалдық құндылықтарға құмартқан көпшілік бүгінгі таңда соның шырмауынан шыға алмай жатыр.

Егер қайсыбір жануардың қажеттіліктері оның түйсіктері арқылы берілсе, адамның қажеттіліктері оның сана-сезімдерінен өтіп, белгілі бір мүдделерге айналады. Жануарлар бір нәрсеге мүдделі деп айту ақылға сыймайды, ол – тек адамға ғана тән нәрсе. Өз мүдделерін іске асыру үшін адам алдына неше түрлі мақсат-мұраттар қояды. Соңғыны іске асыру жолында адам өз ырқын шыңдап, неше түрлі қиындықтардан өтуге дайын болуы керек. Орындалған мақсат-мұрат келесі сатыда жаңа құндылықтарға бағыттайды т.с.с.

а) тіршілік құндылықтары

Енді жоғарыдағы айтылған ойларды нақтылай түссек, онда, әрине, бірінші орынға өмір, бүкіл тіршіліктің құндылығын жатқызуға болар еді. Ал оның ең биік шыңы – сана сезімі, рухы бар адам. Сондықтан ұлы И.Канттың моральдық императивтерінің бірі – адамды әрқашанда мақсат-мұрат тұт, оған ешқашанда құрал ретінде қарама деген терең ойы еді. Ал бұл талаптан адам бүкіл тіршіліктің патшасы болуы керек деген тұжырым шықпауы керек. Керісінше, ол бүкіл тіршіліктің ең жетілген түрі болғаннан кейін, бәрін өзімен бірге көтеріп (коэволюция), гүлдетіп, үйлесімді өмір сүруі қажет.

Әрине, бүгінгі таңда адамды құрал ретінде пайдалану – өмірде жиі кездесетін құбылыс. Адам өмірде кейбір кезде өз орнын таба алмай, қиналып, зардап шегеді, тіпті өмірден түңілуі де мүмкін. Уақытында М.Монтень айтқандай, «кімның басына сартылдап бұршақ ұрып жатса, сол бүкіл жер бетін найзағай мен дауыл алып кеткендей көреді». Ол, әрине, сол адамның әлсіздігін, тіпті ақыл-ойының тайыздығын көрсетеді дер едік. Әрине, біз бұл өмірге сұранып келген жоқпыз, бірақ осы ғажап дүниенің бір кішкентай да болса бөлігі ретінде бармыз. Одан артық құндылық бар ма екен?! Өмір қиындықтары, кездесетін сәтсіздіктер – уақытша, оларды жеңе білу керек, өйткені сен адамсың. Түнде сансыз жұлдыздар жымың қағып, ғарыштың ақылға сыймайтын тереңдігін, сонымен қатар оның бізге жолдап отырған жылы сәлемін көрсетпей ме? Күннің алқызыл атуы мен батуы, асқар таулардың жарқыраған шыңдары, бұлақтан сылдырлап аққан мөлдір су, мойнын бізге қарай бұрған аққудың әсемдігі, бұлбұл құстың әндері, құмнан қашқан ақбөкеннің секіргені, сүйген жардың әр қимылы мен қылығы т.с.с. – бәрі де ғажап емес пе?!! Тағы да М.Монтень бізге мынадай ақыл тастайды: «Өмірді әрқашанда қуанышты сезіммен қабылда, ол сенің даналығыңды көрсетеді».

Адам өмірінен шығатын келесі құндылық – денсаулық, оны дана бабамыз «бірінші байлық» деп кеткен. А.Шопенгауер айтқандай, «адамның бақытты болуының 9/10-ы оның денсаулығына байланысты». Расында да, тек денсаулықтың арқасында ғана өмірде кездесетін ауыртпалықтарды еңсеріп жеңуге, ішкі табиғи дарындарды дамытып, шығармашылық деңгейге көтерілуге болады. Сондықтан денсаулыққа саналы түрде қарап, спортпен шұғылданып, уақытында тамақтанып, өз дене ахуалыңа зәбірлік жасамау керек. Маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлық жолына түсу – ең зор байлық – денсаулығыңды өз қолыңмен жоюмен тең.

Сонымен қатар, өкінішке қарай, өмірде мүгедек, табиғатынан әлсіз туған жандар да кездеседі. Мұндай жағдайда олар өз рухының күші арқылы өмірдің мәнділігі мен құндылығын, қанша қиын болса да, аша білуі керек, ол үшін, әрине, жақындары, жалпы қоғам, мемлекет тарапынан көмек қажет. Дүниежүзілік тарих мұндай адамдардың өмір қиындықтарын жеңіп, шығармашылық дәрежеге көтеріліп, өзінің өшпес ізін қалдырғаны жөнінде мыңдаған айғақтар келтіреді. Қайсыбір қоғамның адамгершілік келбетін сол кемтарларға жасаған ізгі істерінен көруге болады. Өкінішке қарай, біз бүгін бұл жағынан мақтана алмаймыз.

ә) дін философиясы (діни құндылықтар)

Американ философы Э.Фроммның айтуына қарағанда, дін адамның саналы пенде ретіндегі терең табиғатынан – оның өмір сүру бағытын іздеуінен және бір нәрсеге табыну мұқтаждығынан шығады. Бұл, әрине, дін мәселесіне деген кең көзқарас. Осы тұрғыдан алғанда, адам дүниедегі негізгі діндерді мойындамағанның өзінде, ол бір нәрсеге сенім артып, соған табынуы мүмкін. Тіпті, кейбір жағдайда ол оны саналы түрде сезінбеуі де ғажап емес. Мысалы, бүгінгі таңда реформа барысында біршама адамдар байлыққа, «алтын қошақан» – ақшаға табынады. Олардың ойынша, ақша арқылы сатылмайтын нәрсе жоқ, соның ішінде қайсыбір лауазым иесін, тіпті адамдардың сүйіспеншілік пен басқа да нәзік сезімдерін өзіңе қарай тартуға болады. «Бәрі де сатылады» деген принципке олар сенеді.

Жаңа ғана тарих қойнауына кеткен Кеңес Одағында миллиондаған адамдар марксизм теориясына, болашақта жер бетінде коммунистік қоғамның орнауына сенген жоқ па? Ал неміс философы К.Ясперс адамзаттың рухани дамуын парасаттылыққа негізделген философиялық сенім деңгейіне көтермей, бүгінгі таңдағы қорланған өзекті мәселелердің шешілуі мүмкін еместігін айтады.

Әрине, адам сенімсіз өмір сүре алмайды. Адам өз әке-шешесіне, сүйген жарына, жақсы досына, өз халқына, я болмаса адамзат қауымына сенуі мүмкін. Еш нәрсеге сенім арта алмайтын адам бақытсыз, ол өз өмір мәнін тез арада жоғалтады, оның әлеуметтік ауытқуға ұшырайтыны сөзсіз.

Мұндай кең түрдегі ойларымыздың ауқымын қысқартсақ, онда әлемдік діндердің осы заманға дейін өмір сүріп жатқанын байқаймыз.

Ұлы Қытай халқы уақытында даосизм және конфуциандық философия бағыттарын тудырып, оларды өмір бағдарламасына айналдырды, яғни олар осы халықтың дініне айналды. Олай болса, дүниені жаратқан Құдай идеясы оларда жоқ. Сондықтан әдебиетте оларды «Құдай ашылмаған» діндер қатарына жатқызады. Мысалы, дүниені билейтін «тянь» – аспан ұғымы – бейтұлғалық дүниенің алғашқы бастамасы. Мұнда дүниені жарату ұғымы жоқ болған соң, оның басы да, аяғы да жоқ, ол мәңгі белгілі бір шеңберде айнала береді. Олай болса, адам болмыстың тәртібін зерттеп қана қоймай, ең алдымен өз-өзін танып-біліп, өзгертуі қажет. Негізгі уағыздайтын қағидаларына «табиғаттың даналығы, онымен үйлесімді өмір сүру қажеттігі» – **у-вей**, «өз халқының тарихи жинаған тәжірибесіне, даналығына сену, яғни әдет-ғұрып, салтты қатаң сақтау» – **ли**, «адамға сену, оны сүю» – **жень** т.с.с. жатады.

Бүгінгі таңдағы беделді діндерге ұлы үнді халқы тудырған буддизм ілімін жатқызуға болады. Ол б.з.д. V ғ. Гаутама Сидхартха деген ұлы адамның ізденісі арқылы дүниеге келіп, бүкіл Оңтүстік Шығыс Азияға кеңінен таралды. Бұл діннің негізгі идеясы – адам рухының асқақтығы, олай болса, адам материалдық дүниеге байланбауы керек (**апариграха**), өйткені ол одан жоғары. Келесі бүгінгі адамзатқа тікелей қажетті қағида – ешқандай тіршілікке зәбірлік жасамау (**ахимса**). Будданың адам алдына қойған талаптарының ішінде ерекше маңыздысы – ақыл-ой, ниет тазалығы. Екіжүзділік, алдап кету, арандату – адамның биік рухани мәртебесіне нұқсан келтіреді. Ешқашанда жеккөрушілік оған қарсы қойылған жеккөрушілікпен тоқтамаған. Керісінше, ол ұлғайған. Тек қана жеккөрушіліктің жоқтығы оны сарқиды деген Будданың тамаша ойы бүгінгі адамзатқа ауадай қажет сияқты. Ақыл-оймен қатар, адамның аузымен айтылатын сөздер де жұмсақ болып, адамның жүрегінен шығуы керек. Жаман сөз – рухани ахуалды ластайды, адами қарым-қатынастарды бүлдіреді.

Адамзат руханиятында өз ерекше орны бар, жер бетінде өте кең тараған – христиандық дін. Оны «Құдай ашылған» діндердің қатарына жатқызуға болады. Өйткені христиан діні құжаттарында Құдайдың адамзатқа жіберген моральдық Өсиеттері, Оның бұл әлемді қалай жаратқаны жөнінде мағлұматтар бар. Христиандық діннің ерекше

сипаттарының бірі – үштік ұғымы. Яғни Құдайдың бір уақытта берілген үш келбеті бар: ол Құдай-Әке, Құдай-Ұл және Киелі Рух. Келесі: Құдай адамды Өзіне ұқсатып, оған ақыл-ой, парасат, сүйіспеншілік сезімін беріп жаратты. Сондықтан бұл фәнидегі оның алатын орны ерекше. Ол Дүниедегі тіршіліктердің бәрінен де жоғары, сондықтан оларды билеуі, ары қарай жетілдіруі керек. Адам күнәға белшесінен батса да, оны құтқару үшін Құдай-Әке жер бетіне өз Ұлын – Иса пайғамбарды жібереді. Ол бір жағынан – Құдай болса, екінші жағынан – адам. Иса өз мойнына адамзаттың барлық күнәларын алып, ақылға сыймайтын зардаптардан өтіп, адамзатты Құдай алдында құтқарады. Демек, Құдайдың адамға деген сүйіспеншілігі оны құтқарды. Олай болса, адам да сүйіспеншілікке толы болуы керек. Христиан дінінің негізгі қағидаларының бірі – адамды сүю. «Жақыныңды сүй, алыстағыны да сүй, тіпті өз дұшпаныңды да сүй» деген ғажап өсиет Иса пайғамбардың аузынан шыққан. Киелі Августин: «Сүй, содан кейін не жасасаң да мейлі», – дейді. Өйткені сүйген адам жамандық пен зұлымдыққа ешқашанда бармайды.

Тарихи тұрғыда христиан діні неше түрлі жаңару сатыларынан өтті. Оның шеңберінде неше түрлі жаңа ағымдар пайда болды (католиктік, православиелік т.с.с.). Әсіресе Еуропа топырағында капиталистік қоғаммен қатар, протестанттық ағым пайда болып, жаңа қоғамның этикасын (моральдық қағидаларын) тудырды. Оның негізгі қағидаларының бірі – адам қажымай-талмай еңбек етуге, өмірді өне бойы жетілдіріп, жаңартып отыруға жаратылған.

Христиан діні Еуро-Атлантикалық цивилизацияның дамуына зор әсерін тигізді. Бұл дүниені адам мәртебесіне сай етіп қайта құру жолында үлкен жетістіктерге жетті. Сонымен қатар дүниені қайта өзгерту жолында Батыс цивилизациясы XX ғ. көп сәтсіздікке ұшырап, ақырында біршама ойшылдар (постмодернизм ағымы) адамның табиғатты өз еркіне көндіру қағидасының мүмкін емес екенін ашық айтуда. Соңғы 300 жыл шамасындағы ғылым мен техниканың зор қарқынмен дамуы, халықты жалпы ағарту, білім деңгейін өсіру, қорланған материалдық байлыққа табыну, өмірде сезімдік ләззат алуға ұмтылу т.с.с. еуропалықтардың пілдей бөлігінің христиан дінінің шеңберінен ауытқып, «индустриалдық» (өндірістік) «кибернетикалық» (есептеу), «саентологиялық» (ғылым) т.с.с. дін бағыттарының пайда болуына әкелді, – деп есептейді Э.Фромм.

Әлемдік деңгейдегі соңғы дін – ислам діні. Оның да, христиандық дін секілді, шыққан рухани қайнар көзі, Таяу Шығыс. Бұл дін VII ғ. араб көшпенділері арасында дүниеге келеді. Атақты неміс ғалымы М.Вебер исламды дүниені бағындыратын жауынгер діні дейді. Сол

себепті Сарыарқаның көшпенділері де бұл дінді ұнатып қабылдаған болар деп ойлаймыз.

Ислам дінінің негізгі қағидаларына тоқталсақ, оның Құдайы – Аллаһ – осы дүние мен адамды жаратқан рухани құпия күш. Христиан дініндегідей, мұнда үштік мәселесі жоқ. Ол – Жалғыз және өз Құдіреті арқылы жаратқан дүниенің ар жағында мәңгілік өмір сүреді. Ол Мұхаммед пайғамбар арқылы өз өсиеттерін адамдарға жеткізді, сол себепті исламның негізгі құжаты – Құран дүниеге келді.

Ислам діні адамды табиғатқа қарсы қоймайды. Алла тағала жаратқан дүние – керемет, ғажап, сондықтан адам алдында оны қайта құру, өзгерту мақсаты жоқ, ол табиғат шеңберінде өз орнын тауып, өмір сүруі керек. Адам, әрине, саналы және ырықты пенде болып жаратылған, ол жақсылық пен жамандықты айырып, таңдай алады. Дегенмен де Алла тағала адамға өмірдің барлық саласында қалай өмір сүру керек екенін Құранда көрсетеді (Шариғат). Иран халқының ойшылы Аятолла Хомейнидің айтуына қарағанда, «адам өмірінің бірде-бір, тіпті кішкентай бөлігі ислам ілімінің назарынан тыс қалған жоқ». Сондықтан да ислам діні көп жағдайларда әлеуметтік-саяси мәселелерге араласып, мемлекетпен өте тығыз байланыста болады. Кейбір кезде діни қайраткерлер үкімет басына келіп, теократиялық тәртіп орнатады (Иран, Сауд Аравиясы т.с.с.).

Ислам дінінің тереңде жатқан рухани негізі қауымдық пен теңдікке (эгалитаризм), қоғамдық мүддені жоғары ұстауға кетеді. Сондықтан қайырымдылық, әлсіздерге қол ұшын беру осы діннің негізгі қағидаларының бірі болып саналады.

Экономика саласындағы батыстық пайда, кірісті мейлінше көбірек табу, бағалы қағаздар нарығындағы пайда табу әдістерін, өсімқорлық сияқты нәрселерді ислам діні қабылдамайды. Экономика – адамдардың өмір сүруіне жағдай жасайтын құрал ғана, ол ешқашанда өз-өзіне жеткілікті мақсат-мұрат емес. Бұл жағынан алып қарағанда, ислам неше түрлі социалистік идеяларға жақын екенін байқаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, бұрынғы Кеңес Одағының бірқатар ислам елдерімен өте тығыз байланыста болғанын түсінуге болатын сияқты.

Тағы да исламды христиан дінімен салыстырсақ, Алла тағаланың қаһарлы Құдай екенін байқаймыз. Ол жеке адамның Өзіне ұқсастығын мойындамай, оның тәкаппарлығын судай басады. Ислам елдерінде Батыста кең тараған гомосексуализм, лесбиандық, нашақорлық, порнография, жасанды түсік жасату сияқты нәрселерге тыйым салынған. Сондықтан да Батыс өмір жолының ақпарат құралдары арқылы дүние жүзінде кең тарауы ислам елдерінде наразылық тудырып, қазіргі діни іргелілік (фундаментализм), экстремистік қозғалыстар себептерінің бірі болып отыр.

Бүгінгі адамзатты бірде-бір дін толығынан қанағаттандырмайды. Сондықтан Жер бетінде мыңдаған жаңа діни секталар өз көзқарастарын, рухани құндылықтарын уағыздауда. Олардың кейбіреулері адам үзілді-кесілді шайтан жолына түсті, сондықтан ақырзаман көп кешікпей келеді десе, екіншілері еш нәрсеге зәбірлік жасамауға, ет жемеуге (вегетариандық), табиғатты аялауға, төзімділікке, бейбіт өмірге шақырады. Мұндай қозғалыстар біздің елімізде де бар.

Бүгінгі біртұтастыққа бет алған адамзатқа болашақта, әрине, жаңа дін керек болуы ғажап емес. Ол бүгінгі діндердің жақсы жақтарын қамтып, адамзатты келісімге, зорлық-зомбылыққа тойтарыс беруге, адамды аялап, сүюге, жер бетіндегі тіршілікті сақтауға бағытталуға тиіс. Өкінішке қарай, рухани саладағы өзгерістер тарихи өте баяу қарқынмен жүреді. Солай десек те, тек рухани жаңарудың негізінде ғана адамзаттың қорланған қайшылықтары шешілуі мүмкін. Үнді халқының ұлы ақыны Р.Тагор айтқандай, «заттарды аз уақыттың шеңберінде білуге болады, бірақ олардың рухын аңғару көп ғасырларға созылған тәрбие мен адамның өзіндік тежеуін талап етеді». Расында да, бұл өмірде болу, тек қана өмір сүру – адамға жеткіліксіз. Әр адам өз болмысының бүкіл тіршілікпен, жер бетіндегі әрбір затпен бірге жаратылғанын, «бәрі де бірдің ішінде, бір – бәрінде» екенін сезінбей, жаңа рухани ахуал келмейтінін білуіміз қажет.

Негізінен алғанда, барлық діндер бүкіладамзаттық моральдық қағидаларды алға тартып, соның арқасында халықтың рухани бірлігін қамтамасыз етеді. Қайсыбір діннің беделі оның уағыздаған моральдық құндылықтарымен байланысты, өйткені олардың қайнар көзін Құдайдың құдіретті өсиеттеріне әкеліп тірейді. Енді бұл арада моральдық құндылықтарды талдайтын уақыт келген сияқты.

б) моральдық философия

Әрине, адамның ішкі рухани өмірінде жақсылық, абырой, ар-намыс, парыз сияқты моральдық құндылықтардың бар екенін ешкім де теріске шығармас. Осы және т.с.с. рухани құндылықтарды жан дүниесінде сақтап қалу үшін ол көп нәрселерден айырылуға дайын. Біздің ойымызша, моральдың арқауын «тұлға мен қоғам» арасындағы қарым-қатынастардан іздеу керек. Өйткені адам басқа кісілермен сан алуан байланыс, өзара іс-әрекетке түсіп қана өмір сүре алады, ол оның әлеуметтік табиғатын көрсетеді. Бұл арада моральдық сананың ережелік, нормативтік ерекшелігін алға тартуға болады, өйткені күнбе-күнгі адамдардың миллиондаған іс-әрекетін ретке келтіру үшін олар ереже, қағида, мұрат ретінде қорытылады. Моральдық сана шындықты алдын ала болжай алады, оның талаптары күнделікті өмірлік қатынастардың ар жағына өтіп, бізді тиістік әлеміне әкеліп тірейді.

Бұл арада біз моральдың аксиологиялық (құндылық) жағына келіп тірелеміз. Расында да, моральдық норма арқылы ғана өзіңнің, я болмаса басқаның жүріс-тұрысын бағалауға мүмкіндік аласыз. Олай болса, ол тек қана бізге қоғам өмірінде өзіңді қалай ұстау керек екенін көрсетіп қана қоймай, адамның ішкі руханиятының ажырамас бөлігіне айналады. Моральдық қағидалар адамдардың мәндік қасиеттерін құрайды. Сондықтан адамның моральдық қағидаларды таңдап, оны өз құндылықтарына айналдыруы оның өмір бағыты мен өмір салтын анықтайды. Сол себепті саясаттан бастап нақтылы күнбе-күнгі адамдардың қарым-қатынасына дейін барлық әлеуметтік құбылыстар моральдық тұрғыдан бағаланады.

Моральдық қағидалар біздің алдымызға абстрактілік жалпыға бірдей талаптар қояды. Өмірдегі нақтылы қарым-қатынастар оның мазмұнын біршама өзгертуге мәжбүр етеді. Мысалы, ерлік пен батылдық, абстрактілік тұрғыдан алғанда, – жақсы құндылықтар. Қиын-қыстау жағдайларда әр азамат өз елін қорғау жолында бұл қасиеттерді көрсете білуі керек. Сонымен қатар батылдық жемқор шен иелерінің, я болмаса қылмыскерлердің де қасиеті болуы мүмкін. Уақытында Гитлер неміс халқына: «Мен сіздерді ар-ұждан сияқты құбыжықтан босатамын», – деген болатын. Осы уақытқа дейін фашизмнің жасаған сансыз зұлымдығы адамзаттың есінде қалған. Өз халқымен күресіп, оны тарихта болмаған қуғын-сүргінге, құдалауға ұшыратқан сталиндік тоталитаризмге де сондай баға беруге болады. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, қандай да бір тоталитарлық қоғам мен бүкіладамзаттық моральдық қағидалар ешқашанда бір-бірімен ымыраға келмейді.

Бұл арада біз моральдың жалпыадамзаттық қарапайым қағидаларына келіп тірелдік. Олар бір қарағанда тұрпайы сияқты болғанымен, қазіргі адамзат тағдыры үшін өте маңызды болып отыр. Өйткені тек қана бірлесіп, сабырлылық пен төзімділік, қайырымдылық көрсетіп, зұлымдыққа жол бермей, мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешіп, ядролық соғыс пен экологиялық апаттың алдын алуға болады. Сол сияқты, нақтылы адами қарым-қатынастарда да төзімділік пек адалдықтың, біреудің қайғысына ортақ болу, аяушылық, үлкенді сыйлау, әке-шешеге риясыз құрмет көрсету т.с.с. құндылықтардың маңыздылығын асыра бағалау қиын.

в) сүйіспеншілік философиясы

Моральдық саланың ең биік көрінісі – сүйіспеншілік. Тек сол арқылы ғана адами болмысқа жетуге болады. Керісінше жағдайда адам толыққанды өмір сүре алмайды. Оны шығармашылыққа жетелейтін,

өмірді терең түсінуге жол ашатын, басқалардың терең ішкі сырын аша алатын – тек қана сүйіспеншілік.

Көне грек ойшылы Эмпедокл алғашқы рет сүйіспеншілік ұғымына ғарыштық мән беріп, оны жеккөрушілікке қарсы қойды. Оның ойынша, алғашында ғарыш сүйіспеншіліктің негізінде сапа жағынан әлі бөлінбеген біртұтастықты құрайды. Содан кейін жаугершілік сүйіспеншілікті ысырып, біртектілікті бір-біріне қосып, әртектілікті бір-бірінен ажыратады. Келесі сатыда сүйіспеншілік қайта оралып, әртектіні бір-бірімен қосып, біртектілерді бір-бірінен ажыратады. Соның арқасында тіршілік дүниеге келеді екен. Эмпедоклдың ойларының түйіні мынада: дүние қайшылықты жаратылған. Заттар мен құбылыстардың қарама-қарсы жақтары бір-бірінсіз өмір сүре алмайды, бір-бірін тартып (Эмпедоклдың сүйіспеншілігі), сонымен қатар өз болмысын сақтау жолында итереді (жаугершілік).

Платон да өз еңбектерінде сүйіспеншілік мәселесіне көңіл бөледі. Ол философиялық деңгейде грек мифологиясындағы Эротты (жыныстық сүйіспеншілік) талдайды. Оның ойынша, Эроттың екі түрі бар: біреуі – жердегі сезімдік құмарту болса, екіншісі – аспандағы мінсіз, ой арқылы ғана жетуге болатын түрі. Эрот – байлықтың құдайы Порос пен кедейліктің құдайы – Пенидің баласы. Сондықтан ол қайшылықты. Ол өне бойы төменнен жоғары қарай және әсемдікке ұмтылады. Адамдардың ең үлкен арманы – өлместікке жету болса, Эрот шығармашылық шабытын тудырып, сүйіспеншілік арқылы жаңа ұрпақтарды дүниеге әкеледі, ал оның өзі адамға берілген мәңгілік пен өлместіктің бөлігі емес пе? Әсемдікке ұмтылудың екінші – ең биік жағы – Эрот жер мен аспандағы мінсіз дүние арасындағы дәнекер. Ал нағыз әсемдік аспан әлемінде жатыр. Олай болса, платондық сүйіспеншілік – ол Әсемдік, Ізгілік және Ақиқатқа құмарту. Өйткені олар таза, мөлдір, материалдық қоспасы жоқ, құдіретті және біркелкі.

Ортағасырдағы философияда сүйіспеншілік мәселесіне көп көңіл бөлген А.Августин мен Қ.А.Яссауиді келтіруге болар еді. Киелі Августиннің ойынша, «жер қаласында» адамдар Құдайды ұмытып, өздерін ғана сүйеді, өйткені олар күнәға белшесінен батқан. Ал «аспан қаласында» рухани қауым өздерін ұмытып, тек Құдайды ғана сүйеді. Ол кісі мынадай тамаша ой қалдырды: «Сүй, содан кейін не қалағаныңды істей бер!». Бұл ойдың мәні мынада: шын сүйген ешқашанда зұлымдық жасамайды, ол тек қана әсемдік пен жақсылыққа қарай ұмтылады. Қ.А.Яссауи де бұл жалған дүниедегі еш нәрсеге құмартпай, Алла тағалаға толығынан беріліп, Оны барлық жан-тәнімен сүюге шақырады.

Тарих қойнауына Қайта өрлеу дәуірі кірген кезде, жердегі сүйіспеншілік қайта өз күшіне енеді. Адам өз руханиятымен ғана емес, сонымен қатар денесімен де әсем. Ол неше түрлі күштерге толы,

сондықтан өз сүйіспеншілігінің арқасында ғарыштың барлық жақтарымен үйлесімді байланыстар жасап, оларды өзгерте алады. Дж.Бруно сүйіспеншілікті лаулаған ыстық дүниетануға деген құмартумен теңейді. Адам неше түрлі қайғы-қасірет пен болашақ өлімнен тайсалмай, дүниенің сиқырлы күштерін ашып, шаттық сезіммен шексіз де сарқылмайтын құдіретті табиғатпен бірігеді. Ақиқаттың жолында өз өмірін құрбан етіп, ойшыл осы ойын өз өмірімен дәлелдеген жоқ па?!

Жаңа дәуірде Р.Декарт «Жанның құмартуы» деген еңбегінде: «Сүйіспеншілік дегеніміз – рухтың ықпалындағы жанның қобалжуы, сүйетін зат пен жан ерікті түрде қосылады да, басқалардан ажырайды», – дейді. Ол сүйіспеншіліктің түрлерін көрсетуге тырысады. Біріншісі – сүйген жанға жақсылық тілеу және осы жолда өзін құрбан етуге дайын болу. Оның айқын мысалы ретінде әке-шешенің баласына деген сүйіспеншілігін келтіруге болады. Екінші – «нәпсі итерген сүйіспеншілік». Оған мысал ретінде ер адамның сүйген әйелге деген құмартуын келтіруге болады. Үшінші – бір нәрсеге құмар болу, соған берілу. Мысалы, ішкіштің – араққа, ойыншының картаға т.с.с. құмартуы, онда ешқандай сүйіспеншілік жоқ, тек қана соны иелену, тұтыну ғана бар.

Неміс ойшылы В.Лейбниц «достық-сүйіспеншілікті» бірінші орынға қояды. Ол мөлдір риясыз сүйіспеншілікті күңгірт өзімшіл ләззат алуға деген құштарлықтан айыру керектігін айтады. Шынайы сүйіспеншілік жетілуге қарай ұмтылдырады.

Ал В.Шеллингке келер болсақ, ол сүйіспеншілікті ғарыштық тұрғыдан қарап, оны дүниежүзілік Абсолюттің іс-әрекетінің негізгі қағидасына айналдырады. Сондықтан қоғам өмірінде әр адам өз сүйіктісін тауып, ең жоғарғы тепе-теңдікте бір-бірімен қосылады. «Сүю дегеніміз – сүйіктіні тілеу ғана емес, сонымен бірге өзін соған құрбан етуге дайын болу», – деп қорытады ұлы ойшыл.

Бұл мәселеге өз үлесін қосқан ұлы Г.Гегель де болды. Оның ойынша, шынайы сүйіспеншіліктің мәні – өзіндік санаңнан бас тартып, өзіңді басқаның «менінде» ұмытып, сонымен қатар осы жоғалту мен ұмытуда, өз-өзіңді алғаш қайтадан тауып, өзіңмен болу. Біздің ойымызша, мұндай сүйіспеншілік махаббаттың ең биік шыңы болса керек.

Л.Фейербах: «Адамға деген сүйіспеншілік адамның ең жоғарғы да бірінші заңы болуға тиіс», – деген тамаша ой айтады. Сүйіспеншіліктің негізін ер мен әйелдің бір-біріне деген жыныстық құмарлықтан көреді. Сонымен қатар ол неше түрлі рухани, моральдық, эстетикалық сезімдермен ұштасады. Сондықтан адамның бір-біріне деген сүйіспеншілігін ол діндік дәрежеге көтеру керектігін айтады.

А.Шопенгауердің ойынша, дүниежүзілік ерік сүйіспеншілік арқылы адамдардың ұрпақ жалғасын қамтамасыз етеді. «Ал неше

түрлі ғашықтық сезімдерге келер болсақ, олар табиғаттың жасаған адамдар ұсталып қалатын торы ғана», – дейді ойшыл. Сүйіспеншілік дүниежүзілік еріктің өз болмысын қамдайды. Ол, жалпы алғанда, өмір мен билікке деген сүйіспеншілікті құрап, оның көрінісі адам махаббатында қол астындағы болмысты аттап өтуге, сүйген адамды жеңіп, көндіруге деген іңкәрлікті тудырады. «Сөйтіп, сүйіспеншілік өмірлік шығармашылыққа әкеліп, бұрынғы өмірді терістейді, олай болса, ол өлімнің табалдырығына әкеледі», – деп қорытады ойшыл өз ойларын.

Ф.Ницше ер мен әйел махаббатын бір-біріне қарсы қояды. Егер ер: «Мен сүйемін!» – деп өзін бақытты сезінсе, әйел: «Мені сүйеді», – деп шаттанады. Сондықтан ер билеп-төстеуге ұмтылады да, әйел көнуді тілейді. Екі жақтың бір-біріне деген махаббаты әртүрлі болғаннан кейін, олардың ішкі өмірінде шаттықпен қатар абыржу, достық пен жек көру, таңғалу мен менсінбеу т.с.с. қайшылықтар пайда болып, ақырында, сүйіспеншілік алғашқы биологиялық негіздеріне қайтып оралады.

Енді бұл салада болған XX ғ. ахуалды талдауға уақыт келген сияқты. Ол, негізінен алғанда, екі төңкерістің болуына байланысты. Оның біріншісі – патриархалдық қатынастардың әлсіреп, әйелдердің белсенді түрде қоғам өміріне атсалысып, өз бостандығын алуында болса керек. Мұны жыныстық саладағы демократиялық революция десек те болады. Әдебиетте биархаттық (би – екі, архе – билік) деп те атайды. Өйткені тәні, жанымен де әртүрлі ер мен әйелдің әлеуметтік теңдігі бірте-бірте орнап жатыр. Әрине, бұл үдеріс нәзіктік пен ізгілікті өмірде көбейтетіні сөзсіз. Оны жақсылық деп бағалауымыз керек.

Екінші төңкеріс – ғылыми-техникалық революцияның негізінде өндіргіш күштердің орасан зор дамуының арқасында Батыс елдеріндегі «тұтыну қоғамының» орнауы. Адамдардың өмір құндылығына жайлы өмір, пайда табу, ләззат алу т.с.с. айналуы. Егер көне гректер ләззат дегеніміз – зардаптың жоқтығы деп есептесе, бүгінгі дамыған елдерде ләззат алуды мейлінше көбейту өмір мақсатына айналды. Осындай тәндік-сезімдік өмір бағыты махаббатты да ерекше тұтынуға болатын тауарға айналдырды.

Бұл үдеріске өз үлесін қосқан З.Фрейд болды. Ол адам психикасының өзегінде ақыл-ой, парасат емес, бейсаналық, ал соңғының өзегінде жыныстық күш-қуат – Libido – жатыр деген пікірге келіп, бүкіл мәдениет саласы дегеніміз – сол жыныстық серпіндерді ауыздықтауға бағытталған құбылыс деген пікір айтты.

Г.Маркузе осы идеяларды ары қарай дамытып, адамды езетін, оларды бір-бірінен алыстатып жаттандыратын жалғыз ғана мәдениет формалары емес, сонымен қатар экономикалық үстемдік, адамды адамның қанауы дегенді айтты. Адамның зардап шегуі, ауруы, оның шығармашылық мүмкіндіктерінің сарқылуы, көңіл күйінің жүдеуі,

өмірге тұрпайы тұтыну тұрғысынан ғана қарауы т.с.с. себептері жыныстық және экономикалық репрессиялармен байланысты. Сондықтан бүгінгі таңдағы адамзатқа қанаудың барлық түрлерінен «ұлы бас тарту» қажет. Ол үшін ең алдымен «жыныстық революция», «жаңа сезімталдық», «жаңа эстетикалық өмір көрінісін» тәрбиелеу қажет деген анархистік ұранды алға тартады. Оның ойынша, сонда ғана жер бетінде «шығармашылық эрос пен ләззаттық», шынайы «еркіндік пен қиял», «махаббат пен әсемдік» орнайды. Мұндай идеялар Батыс қоғамында, әсіресе студенттер қауымында, XX ғ. 60 жж. шын өмірдегі нағыз тұрпайы «жыныстық революцияға» әкелді. Тәндік-сезімдік ләззат алуға бағытталған, рухани өмірі жүдеген қоғамда басқа нәтиже болуы мүмкін емес-ті. Газет пен журналдардың беттерінде, теледидар экрандарында жыныстық ләззат алуға арналған мақалалар, фильмдер қойылып, бұл «революцияны» күшейте түсті. Соның салдарынан жастар арасында «топтық секс» (3-4 адам бірігіп жасалатын), «біржыныстық секс» (ердің – ермен, әйелдің – әйелмен), «садистік секс» (ұрып-соғумен жүретін), «бейби секс» (балалармен), «анимал секс» (жануарлармен), «сериялық секс» (күнде жаңа адаммен) кеңінен тарады. Жыныстық сезімнің физиологиялық жағы нағыз адами – рухани-эстетикалық – жағынан ажыратылып, адамның хайуандық-табиғи жақтары тұрпайы тұтынудың құралына айналды. Ортағасырдағы ойшылдардың «адам рухани пенде ретінде Құдайға парапар, ал дене ретінде – хайуаннан да төмен дәрежеге түсуі мүмкін» деген болжамдары расталған сияқты болды.

Өкінішке қарай, қоғамды қайта жаңарту барысында, біздің елге де жыныстық революцияның «жетістіктері» орасан зор мөлшерде Батыстың тұрпайы мәдениет туындылары арқылы ағылып келіп жатыр. Телекомпаниялар пайда табудың «тиімді» құралына кенелді, ал «батысшылардың» ойынша, Батыс цивилизациясы бүкіладамзат алдында келе жатқаннан кейін (олар оған күмәнданбайды), оның көрсеткен жолын қайталамасқа болмайды. Бүгінгі таңдағы жезөкшелік, зорлық-зомбылық, қылмыс т.с.с. теріс құбылыстардың тез қарқынмен елімізде өсуінің бірден-бір себебі Батыстың тұрпайы мәдениетінің ықпалы болса керек. Ол өз руханиятымызды жүнге түскен күйе сияқты құртуда.

Жоғарыда айтылғанды қорыта келе, сүйіспеншілік деп адам мен адамды бір-біріне тартатын, қосатын, оларды әсемдік пен ізгілікке, шындыққа ұмтылдыратын, бүкіл адамзатты біріктіретін рухтың ең биік көріністерін айтсақ та болады. Ал оның қайнар көзі ғарыштың өз ішіндегі тарту күштерінде болса керек, сондықтан көне заман ойшылдарының «ғарыштық сүйіспеншілік» туралы интуициялары философия тарихында оқтын-оқтын қайталануда.

Сүйіспеншіліктің ғажап түрі – жер бетіндегі барлық халықтардың мыңдаған жылдардағы жинаған ән-күйі мен дастандарының арқауына айналған махаббат сезімі. Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлу, Төлеген мен Қыз-Жібектің бір-біріне деген жалынды махаббаты, Ромео мен Джульетта, Лейла мен Мәжнүннің тағдыры сияқты, аянышты трагедиямен аяқталды. Бүгінгі таңда да қаншама Қыз-Жібек мен Төлегендердің бір-біріне деген мөлдір махаббаты жартасқа соғылған толқындай күлталқан болып жатыр!!! Тіпті бақытты жандардың махаббат сезімінің өзі-ақ оқтын-оқтын аянышты ахуалдар мен сезімдерге ұшырайтыны баршамызға мәлім. Оның себептерінің ішінде ғашықтардың бір-біріне деген жыныстық құмарту сезімінің жүре келе сарқылуында болса керек. Өкінішке қарай, ол мәңгілік емес, күндердің бір күнінде тауысылады. Екіншіден, қоғам өміріндегі әлеуметтік мәселелердің қоятын тосқауылы. «Сүйген жармен күрке де жұмақтай» деген көпірме сөз ащы шындыққа келіп тіреліп, нағыз тозаққа айналатыны сөзсіз.

Әрине, махаббат сезімінің негізінде ғашықтардың бір-біріне деген жыныстық құмарлығы жатыр. Ғашықтардың сол жыныстық күш-қуаттары бір-біріне қосылуының негізінде дүниеге жаңа өмір келеді емес пе? Сонымен қатар махаббатты толығынан жыныстық құмарлыққа теңесек, онда адамның басқа жануарлардан айырмашылығы неде деген сұрақ тумай қоймайды. Австрия ғалымы В.Франкл қазіргі Батыс қоғамында кеңінен тараған көзқарас – махаббатты тәндік-сезімдік ләззат алуға теңеу – қаншалықты жастарды жалған жолға түсіріп бақытсыздыққа әкелгені туралы айтады. Егерде адамның жүрегінде терең махаббат сезімі болмай, тек жыныстық ләззатқа ғана ұмтылып, соны ғана ойласа, ол біріншіден, «дон-жуанизмге» әкеліп, екіншіден, сол тұрпайы мақсаттың өзін жетілдіре алмайды. Шындығында, адамның махаббат сезімі оның бүкіл жан дүниесіндегі рухани күш-қуатпен безендіріліп, толысады, неше түрлі қиялдарды тудырып, шығармашылық шабыт әкеледі. Шын сүйген адам бүкіл дүниені ізгілік жолымен өзгерткісі келеді, дүниедегі сан алуан құбылыстардың ғажаптығын, әсемдігін жете түсінеді, өзінің және сүйіктісінің бойындағы бұрын ашылмаған жаңа қасиеттерді тауып, раушан гүлі сияқты ашылады, қуанышқа толы өмір тудырады. Нағыз өмірде болу дегеніміз – шын жүрегіңмен сүю, махаббаттың отында лаулап жану дер едік. Сонда ғана толыққанды: «Мен бұл өмірде болдым!» – деп айтуға болатын сияқты.

Өзінің аса тереңдігі және риясыздығымен көрінетін сүйіспеншіліктің түрі – әке-шеше мен балалардың бір-біріне деген сезімі. Әсіресе ана махаббатын асыра бағалау мүмкін емес. Ана өз балаларын, олар қандай да болса да, барлық жан-тәнімен сүйеді, өйткені олар оның ішінен шықты. Ана әрқашанда өз балаларын қорғайды, оларды кешіре

біледі. Әкенің балаға деген махаббатына келер болсақ, ол ана сезіміне қарағанда өзгеше. Әке балаларын өзіне теңеп, өзіне ұқсас болғанын қалайды, олардың алдына үлкен талаптар қойып, олардың өмірде іске асуын армандап, тілейді. Әке балаларын әрқашанда өз ырқына көндіргісі келеді. Ана баланың алдына қойылған талаптар орындалмаса да, оны шүбәсіз сүйеді, оның жалғыз ғана талабы – баласы бұл өмірде аман-есен болса екен.

Адам қоғами пенде болғаннан кейін, әрине, жалғыз ғана әке-шешесі емес, сонымен қатар басқа да туыс, жолдас-жора, көрші-көлемнің ықпалына түсіп, жақынды сүю сезіміне шомылады. Жақынды сүю дегеніміз – бізді қоршаған адамдарды өзімізбен тең құқылыты ретінде қарау, оларға қамқорлық көрсету, өз жауапкершілігіңді сезіну, сыйлап, түсіністік дәрежесіне көтерілу, олардың өмірдегі жетістіктері мен қайғы-қасіретіне бірдей ортақ болу т.с.с.

Жақынды сүю адамды оның білімі мен мәдениеті өскен сайын өз халқын, оның аянышты да батырлық тарихын, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарын, тілін, көркем сөзі мен өрнектерін, ғажап әуендерін т.с.с. сүюге итермелейді. Өз халқын сүйген адам, әрине, сол халықты тудырған айнала қоршаған ортаны – табиғатты да сүйеді. Қазақ жері – жылы теңіздер аймалап жатқан Италия, я болмаса Грекия емес. Біздің табиғатымыз қатал, ұлы өзендер елімізді қақ жарып ағып жатқан жоқ, теңіз бен мұхиттан да, өкінішке қарай, алшақпыз. Десек те, басқа бір жұмақ жерге қазақ деген халық өз мекенін ауыстырмайды. Өйткені осы топырақта ол жаратылды, бұл жерге оның кіндік қаны тамды, бұл өмірден озған сансыз бабалар осы жерді соңғы қаны тамғанша қорғай білді.

Енді, міне, жоғарыда көрсетілген осы екі сүйіспеншілік «Отан» деген терең ұғымды тудырады. Отанды сүю дегеніміз – туған жер мен сол елді мекендеген халыққа деген сүйіспеншілік болып табылады. Осы екі сезім бір-біріне қосылып, оны күшейте түседі. Отаншылдық (патриотизм) – өте күрделі сезім, соның арқасында адам өзін үлкен біртұтас елдің ажырамас бір бөлшегі ретінде сезінеді. Олай болса, ол оның жетістіктері мен қателіктеріне – барыне де ортақ. Отанды сүю дегеніміз – елге жақсылық тілеп қана қоймай, өз үлесіңді белсенді түрде мейлінше соның гүлденуіне қосу. Отанды сүю дегеніміз – тек қана өз ұлтыңды ғана емес, сонымен қатар осы елде тұрып жатқан басқа ұлттар өкілдерін сүю, оларды жаттатпау болып табылады. Өйткені олар да біздің мемлекетіміздің гүлденуіне атсалысып, бізбен бірге өз тағдырын бөлісуде. Қазақ халқы осы мемлекеттің негізін құрағаннан кейін, бұл мәселеге аса жауапты түрде қарауы керек.

Сонымен қатар Отанды сүюге «жақсымызды асырып, жаманымызды жасырайық» деген ұран жараспайды. Отанын шын сүйетін адам елдің

кемшіліктеріне қамығып, оларды әшкерелей біледі. Өкінішке қарай, бүгінгі таңдағы ұлттық өзіндік сын ұлы Абайдың заманындағы сыннан да төмен дәрежеде тұрғаны көпшілікке мәлім. Орынсыз қомпиып, өз-өзімізді мақтай бергенімізден еш нәрсе шықпайды. Өркөкіректік, тайыздық, асырасілтеушілік, шыдамсыз отансүйгіштік те жақсылыққа әкелмейді. Мұндай қасиеттегі адамдарға қиын-қыстау заманда толығынан сену де – қиын шаруа. Отанын шынайы сүйетін адамдар көп жағдайда оны үнсіз сүйеді.

Отанын сүйетін адам өз елінің аянышты тарихын да жақсы біліп, өз жүрегінен өткізіп, тарихтағы болған оқиғаларды өз өмірінде болған сияқты дәрежеде сезінеді. Сонда ғана ол халықтың болашағына ұқыпты қарап, оның қойнауында болып жатқан, бір қарағанда байқалмайтын үдерістерді аша алады.

Осы сәтте біз кейбір ауқатты әлеуметтік топтар, бірқатар жастар арасында кең тараған өмірлік бағдарлауға тоқталсақ дейміз. Ол – «тек болашақты ойлап өмір сүрсең, соңында көрдің алдына келесің. Сондықтан қазір және тап осы жерде өмірден ләззат ала біл» деген соңғы жылдары пайда болған қағида. Мұндай қағиданың пайда болуының негізінде біршама себептер жатыр.

Біріншіден, бұрынғы Кеңес қоғамының шеңберіндегі «болашақ коммунизм» жөніндегі идеология жалғандығының әшкереленуі.

Екіншіден, Батыс «бұқара мәдениетінің» тұрпайы туындыларының тигізген және қазіргі уақытқа дейін тигізіп жатқан әсері.

Үшіншіден, тарихи кезеңнің ерекшелігіне байланысты кейбір адамдардың тез арада баюы, жеңіл жолмен келген ақша буының әсері дер едік.

Әрине, өмірдің әр сәтін бағалап, тиімді пайдалану керек. Сонымен қатар болашағын ойламаған адам жаз айында бір гүлден екіншісіне қонып, күздің келетінін байқамайтын көбелекке ұқсар еді. Екінші жағынан, мұндай өмірге деген көзқарас адамның саналы пенде ретіндегі абыройы мен ар-намысын аяққа басады дер едік. Өйткені қай ел болашақ ұрпақтарын ойламайды? Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе – тоталитарлық қоғам кезінде ластанған жер, су, ауаны тазарту болмақ. Болашақ ұрпақтар радиация, тұзды ауызсу, түтін ауаның не екенін тарихи фильмдерден ғана көрсе екен деп тілейік. Екіншіден, кең түрде алынған ұлттық дәстүрді болашақ ұрпақтарға жеткізу мәселесі. «Болашақта ұлттық мәдениет түрлері қоғам өмірінің сыртқы шеңберіне ысырылып, мұражай экспонаттарына айналады да, Батыс «масс-медиа» жасаған бұқараға арналған туындылар үстем болады», – деген «батысшылардың» қараниет болжамдары іске аспауы керек. Ол үшін жас ұрпақ білімді, өмірге белсенді қатысатын, өз мәдениетін қорғай алатын нағыз отаншыл азамат болуға тиіс.

Отанын сүйген азамат білімі мен мәдени дәрежесі өскен сайын бүкіл адамзаттың жетістіктеріне қуанып, сәтсіздігіне ренжиді, өз халқының өмірінің адамзат тағдырымен тығыз байланысты екенін байқайды (жаһандану үдерістері). Сөйтіп, ол бүкіл адамзатты сүю дәрежесіне көтеріледі. Өз жерін шын сүйген азамат бүкіл тіршілікті дүниеге әкелген планетамызды, оған өзінің бітпес күш-қуатын төгіп тұрған жұлдыз – Күнді, бүкіл галактиканы өзін сияқты сезініп, «Ұлы мәртебелі Табиғатқа», осы ғажап болмысқа – Өмірге – әкелгені үшін шексіз алғысын айтудан қажымауы керек. Ал егер адам Құдайға сенсе, өзінің Соған деген махаббатының арқасында Оны өз жүрегінен табуы әбден мүмкін.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Рух дегеніміз не?
2. Жан мен рух арасындағы айырмашылықты көрсетіңіз.
3. Қазіргі қоғамның рухани құлдырауының себебі неде?
4. Рухани құндылықтар деп нені айтамыз?
5. Қандай саяси-құқықтық құндылықтарды білесіз?
6. Моральдық құндылықтардың ерекшеліктері қандай?
7. Әсемдік дүниені құтқара ала ма?
8. Діни құндылықтардың ерекшеліктері қандай?
9. Діни экстремизмнің себептері неде?
10. Отанды сүю дегеніміз не?

Рефераттар тақырыптары:

1. Көне заман философиясындағы жан-дүние мәселесі.
2. Ортағасыр философиясындағы рух мәселесі.
3. Сенім мен білім арақатынасы: Ф.Аквинский және Ибн-Рошд.
4. Ренессанс дәуірі: тәндік-сезімдік өмір бағдарының қалыптасуы.
5. Жаңа дәуір: рухты ақыл-парасатқа теңеу.
6. К.Ясперс: адамның шынайы ахуалы – рухани ахуал.
7. А.Швейцер: этикалық өрлеу – ең қиын да шынайы даму.
8. Л.Толстой мен М.Гандидің моральдық көзқарастары.
9. Экзистенциализм және гуманизм.
10. Қазіргі адамзаттың рухани дағдарысы.

XVII тарау. Философиялық антропология. Адам болмысы

§ 1. Адам ұғымы

Адам – ғарыштың тудырған ғажап пендесі. Өйткені оның денесі болса да, ол ең алдымен – рух. Осы тұрғыдан алып қарағанда, адамның басқа тіршілік әлемінен айырмашылығы – ол шексіздікке кетеді. Сондықтан ғасырлар бойы қайсыбір дін «адамды Құдай жаратты» деген қағиданы осы уақытқа дейін ұстап отыр.

Философияның көп мәселелері ішіндегі ең өзектілерінің бірі – адам мәселесі. Бүгінгі таңда тек гуманитарлық ғалымдар ғана емес, сонымен қатар жаратылыстанушылар да «антроптық принципті» қолдап отыр. Осыдан 13 млрд. жыл бұрын «Ұлы жарылыстың» негізінде пайда болған дүние – ғарыш әлемі қажетті түрде сан алуан кездейсоқтықтар тоғысының барысында тіршілікті, содан кейін саналы пендені, адамды тудырады екен.

Философия тарихында мыңдаған жылдар шеңберінде адамға деген сан алуан анықтамалар жасалды. Солардың ішіндегі ең кең тарағаны – «Homo Sapiens» – саналы адам, яғни ол – рухани пенде. Адам өз алдына неше түрлі мақсат-мұраттар қойып, соларды іске асыруға ұмтылады. Оларды іске асыру жолында ол басқа адамдармен сан алуан саналы қарым-қатынасқа түседі. Адамның неше түрлі алаңдау мен күту, қайғы мен қасірет, шаттық пен шығармашылыққа толы ішкі рухани өмірі бар.

Американ саяси қайраткері, сол елдің «Конституциясын» жасауға атсалысқан Д.Франклин адамға «Homo Faber» – құралданған адам деген анықтама берді. Шынында да, тек қана адам еңбек құралдарын жасап, оларды үнемі пайдаланады. Мысалы, маймыл жерде жатқан бұтақты, я болмаса тасты алып пайдалануы мүмкін. Бірақ содан кейін ол оны лақтырып тастайды да, оған екінші рет қайтып оралмайды. Бірде-бір маймыл өз ойына сәйкес келетін жасанды құрал жасап көрген жоқ. Оны істей алатын – тек қана адам.

Уақытында ұлы Аристотель адамды «Zoon Politikon» – қоғами жануар деген болатын. Ол да – адамның тектік қасиеттерінің бірі. Өйткені ол басқа адамдармен бірігіп қана өзінің сан алуан қажеттіліктерін өтей алады, яғни қоғамның шеңберінде ғана өмір сүре алады. Алғашқы қауымдық қоғамдағы жазалаудың ең қатаң түрі – адамды остракизмдеу, яғни рудың шеңберінен шығарып тастау болатын-ды. Жалғыз қалған адам ары қарай өмір сүре алмай, жыртқыштарға жем болады.

И.Кант адамның ішкі ар-ұжданына таңғалып, оған «Homo Morales» деген анықтама берген болатын. Уақытында ұлы Абай оны «нұрлы жүрек» десе, Шәкарым «үш анықтың» біреуіне жатқызды. Егерде

адамның ар-ұжданы болмаса, ол жануарлардан қулық-сұмдығы жүздеген есе асатын нағыз жантүршігерлік сайтанға айналар еді. Бүкіл көркем әдебиеттің дәріптейтін аса құнды адамның қасиеті – оның ар-ұжданы. Қиын-қыстау жағдайда нағыз адам өз ар-ұжданын, абыройын сақтап қалу жолында өзінің тәнін құрбан етуге дейін барады. Австрия ғалымы В.Франкл Құдайды ғарыштан, тіпті оның ар жағынан іздеу керек емес, ол адамның ішіндегі оның ар-ұжданы деген ғажап ой айтады.

«Homo Aesteticus» – сұлулыққа ұмтылған адам деген анықтама да бізге адамның ғажап жағын көрсетеді. Адам – дүниедегі кез келген нәрсенің әсем жағын байқап, одан ләззат алатын пенде. Ыстық жаз күндерінің бірінде Күннің орасан зор қан-қызыл түсте батуы ешкімді де немқұрайды қалдырмайды. Керісінше, ол бізге шабыт беріп, шығармашылыққа, табиғаттың кереметтігін мойындауға, оған бас июге итермелейді. «Әсемдік дүниені сақтап қалады», – деген Ф.Достоевскийдің нақыл сөзі жоғарыдағы ойлардан шықса керек. Біз болсақ тек қана ар-ұжданға, моральдық құндылықтарға сенер едік, өйткені, өкінішке қарай, бүгінгі өмірде салқын лебізді, ар-ұжданның талабына сәйкес келмейтін сұлулық жиі кездеседі.

Голландия ойшылы И.Хейзинга адамға «Homo Ludens» – ойнайтын адам деген ат қойып, сол жөнінде көлемді еңбек жазды. Адам өз өмірінің шеңберінде жүздеген әлеуметтік рөлдерді ойнайды. Мысалы, ол – әке, жұмыста – есепші, біреудің жолдасы, я болмаса туысы, саяси партияның мүшесі, ауладағы футбол командасының капитаны т.с.с. Әрбір рөлдің мазмұны мен әлеуметтік нормалары өзгеше. Тіпті өлер алдында адам сол рөлді ойнап, ол да оны қоршаған жақындарына өнеге болып қалады. Сонымен, рөлдер тек театр сахнасында ғана ойналып жатқан жоқ, ол бүкіл жер бетінде адамдар бар жерде жүріп жатыр. Ал жануарларға келер болсақ, олардың күшіктері бір-бірімен ойнап, өз табиғи түйсіктерін оятады, уақыт өтіп есейген сәтте олар тоқталады.

«Homo Erectus» – тік жүретін адам деген анықтаманың да терең мазмұны бар екенін байқаймыз. Адамға ұқсас маймылдардың тарихи адамға айналу барысында, оның алдыңғы екі қолы жерге түскеннен кейін босап, еңбек ету арқасында нағыз ғажапқа – ешқандай теңдесі жоқ адамның қолына айналады. Адам өз қолдарымен 2000-нан артық әртүрлі нәрселерді жасайды екен (микроскоп арқылы көздің жарасын тігуден бастап, алып экскаваторды басқаруға дейін!!!). Бірде-бір жануардың осындай икемі бар дене мүшесі жоқ. Егерде жер бетіндегі адамдардың бәрі де жойылып, тек бір ғана адамның қол сүйегі қалса, соған қарап, ғарыштан ұшып келген саналы пенделер осы жер бетінде ақыл-ойдың, рухтың болғанын байқар еді!!! Өйткені адамның қолы –

рухтың дүниеге келу барысындағы сонымен бірге қалыптасқан туындысы.

Француз ойшылы Э.Кассирер адамға «Homo Simbolicus» – нышан, белгі жасайтын адам деген анықтама берген болатын. Кең түрде алғанда, нышанға қайсыбір халықтың тілі, бабалардан қалған аңыздастандар, дін, өнер қағидаларын, неше түрлі өмірдегі кездесетін белгілерді (мысалы, машинамен келе жатып, алдымыздан ортасында қызыл кірпіш көрсетілген дөңгелек белгіні көргенде біз тоқтап, ары қарай жүрмейміз) т.с.с. жатқызамыз. Қайсыбір нақыл сөздер, көркем әдебиеттегі салыстырма, бейне, мысалдардың т.с.с. ар жағында неше түрлі мән-мазмұнның жатқанын байқауға болады. Мысалы, Прометей бейнесі – бізге адамды шынайы сүю (гуманизм), ал Сизиф – нәтижесіз зардапқа әкелетін еңбек, Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлу мөлдір махаббаттың белгілері ретінде көрінеді.

Ф.Ницше адамға «уәде беретін жануар», Ж.Ж.Руссо «бұзылған жануар» деген анықтама берген болатын.

Адам сондай күрделі, сан қилы пенде болғандықтан, оған бере алатын анықтамаларды жалғастыруға болады. Мысалы, адам – «күле алатын», «жылай алатын», «өлетінін білетін» т.с.с. пенде. Бірақ У.Оккамның ұстарасы: «Мән-мағынаны қажеттіліктен тыс көбейту керек емес», – дейді. Олай болса, жоғарыда көрсетілген адамның қасиеттеріне негізделе отырып, оған біршама көлемді анықтама беруге мүмкіндік келген сияқты. Адам – санасы арқылы дүниені танып-білетін, соның нәтижесінде еңбек құралдарын жасап, өзара бірігіп, айнала қоршаған ортаны өзгертіп, сан алуан қажеттіліктерін өтей алатын пенде дер едік. Ал жоғарыда көрсетілген және басқа да адамдардың сан алуан қасиеттерін осы анықтамадан бірте-бірте шығаруға болады.

§ 2. Адамның дүниеге келу мәселесі

Адамның дүниеге келу мәселесі – ғылымдағы ең терең құпиялардың бірі. Біз оны дүние, болмыстың өзінің пайда болу мәселесі мен жалпы тіршіліктің жер бетіне келуімен парапар келетін мәселе дер едік. Осы аталған үш тұңғиықтың біреуіне тереңдеп көрелік.

Философия тарихында мыңдаған жылдар бойы кең таралған теологиялық тұжырым адамды Құдайдың жаратқан пендесі ретінде түсінеді. Христиан діні тіпті адамды Құдай өз бейнесіне ұқсастырып жаратты деген тұжырым айтады. Сондықтан оның санасы, рухы бар және сол себепті ол табиғаттың әміршісі болуы керек дейді. Әрине, соңғы қағида адамның тәкаппарлығы мен өркөкіректігін тудыруы ғажап емес. Бүгінгі Еуро-атлантикалық цивилизацияға көз жіберсек, ол – соның дәлелі болмақ.

Ислам діні, Алла тағала адамды саналы етіп жаратқанмен, осы фәниде басқа тіршіліктердің арасынан өз орнын табуға шақырады, Ол оған табиғат әміршісі бол демейді.

Буддизмге келер болсақ, ол адамды тек қана рух ретінде түсініп, материалдық құндылықтардан үзілді-кесілді бас тартуға шақырады, өйткені рух – материядан жоғары.

Әрине, адам жөніндегі теологиялық көзқарасқа осы уақытқа дейін миллиондаған адамдар сенеді, сондықтан онымен санаспауға болмайды. Теологиялық тұжырым ешқандай дәлелдеуді талап етпейді, тек қана осы мәселе туралы діни құжаттарға толығынан сену қажет. Алайда бүгінгі таңдағы адамзаттың пілдей бөлігі оған сенбей, ғылыми деректерге сүйенген тұжырымдарды талап етеді.

Екінші: мутациялық тұжырым осыдан бес млн. жыл бұрын болған шынайы оқиғаға сүйенеді: ол – Еуразия құрлығы мен Африканың бір-біріне соқтығысуы, соның нәтижесінде жердің жоғарғы қабатына радиоактивті заттар шығып, бүкіл тіршілікті өз сәулелерімен улап, тұқым қуу механизмдеріне залалын тигізуі. Нәтижесінде, бізді тудырған адамға ұқсас маймылдар әлсіз, түйсіктері сөнген ұрпақтарды дүниеге әкеле бастайды. Оларды, біріншіден, көп жылдар бойы тәрбиелеу керек болды, екіншіден, сөнген түйсіктердің орнына олардың миы тез өсіп, сананың пайда болуына әкелді. Бір қарағанда, мұндай болжау қызықты және ғылыми деректерге негізделген сияқты. Алайда мутация үдерістерімен айналысып жүрген экологтар мен генетиктердің жеткен нәтижелері бұл тұжырымға теріс баға береді. Бүгінгі таңдағы зерттеулер бірде-бір радиациялық мутацияның оң нәтиже бермейтінін, ол тек организмнің құлдырауына әкелетінін көрсетеді (Семей полигоны, Арал теңізі маңындағы экологиялық апаттың құрбандары, олардың мутацияға түскен сәбилері осы ащы шындықты дәлелдейді).

Үшінші: ғарыштық тұжырым адамды бізден де жоғары «ғарыштық зерде» жаратты деген дәлелдеуі жоқ қиял айтады.

Енді ғылыми деректерге негізделген реалистік тұжырымды талдайық. Оған алғаш рет жол ашқан ағылшын ғалымы сэр Чарльз Спенсер Дарвин болды. Өзінің дүниежүзілік сапар шегуі барысында көне заманнан қалған адамға ұқсас маймылдардың сүйек құрылысын зерттей келе, адамның маймылдан эволюциялық үдерістің нәтижесінде жаратылғаны туралы тұжырым айтты. Сол кездегі қоғамдық пікірге ол жарылған бомбадай болды. Дегенмен де бұл пікір бірте-бірте ғылымда өз орнын тауып, оны дамыған теориялық қағидаға айналдырған Ф.Энгельс болды. Ол адам мен қоғамның бір уақытта бір-бірімен байланысты түрде дүниеге келгенін айтады. Философиялық тілде оны антропосоциогенез деген ұғыммен береді. Бұл үдерістің шын мәні биологиялық қозғалыс формасынан әлеуметтікке секіріс арқылы өту болатын-ды.

Миллиардтаған жылдар бойғы даму барысында жер бетінде тіршіліктің миллиондаған дамыған формалары бір-біріне тығыз байланысты түрде дүниеге келіп, өзінің ең биік мәресіне – «ақылды жануарларға» дейін жетті. Оларға маймыл, ит, піл, жылқы, дельфин т.с.с. жануарларды жатқызуға болады. Олардың кейбіреуі өз дамуы барысында нақтылы түрде ойлау жасап (қателесу арқылы), өз өмір шеңберінде бірдемеге үйрену, қоршаған ортаға ыңғайлы түрде бейімделу мүмкіндіктеріне жетеді. Зоологиялық күшке негізделген үйірлік өмір сүру түрі дүниеге келеді. Бұл биологиялық өмір сүру тәсілінің жеткен ең биік шыңдары еді: оның шеңберінде ары қарай жетілудің мүмкіндері толығынан сарқылып біткен болатын.

Енді ары қарай жетілу үшін әлеуметтік және дүниені мінсіз түрде бейнелей алатын сана, рухтың дүниеге келуі қажет болды. Міне, мұндай мүмкіншілік табиғаттың күрт өзгеруіне байланысты өмірге келді. Жер бетінде ауа райы өзгеріп, ну ормандар сиреп, ақырында маймылдар жер бетіне түсуге мәжбүр болды. Нәтижесінде, олар артқы екі аяғына тұрып, алдыңғы аяқтарымен жердегі жатқан кепкен бұтақты, тасты т.с.с. алып пайдаланды. Бірте-бірте маймылдың алдыңғы аяқтары адамның қолына ұқсас бола бастады.

Бұл өзгерудегі шешуші нәрсе – еңбек құралдарын жасап, оларды өне бойы пайдалануда еді. Өйткені «Бірде-бір маймыл ешқашанда бірде-бір еңбек құралын жасап көрген жоқ», – дейді Ф.Энгельс.

Енді теориялық тұрғыдан сонау көне заманда болған осы үдерісті талдап көрелік. Ең қарапайым тасты тасқа ұру арқылы жасалған «Ашель кескішін» алсақ, оны жасау үшін ең қажет нәрсе – оның тұрпайы формасын өне бойы есте сақтау қажеттігі. Екіншіден, өзеннің жағасында көп жүріп, соған ұқсас тасты тауып алу. Содан кейін ол тасты екінші таспен соғып, өңдеу керек. Ол аса ұқыптылықты талап етіп, оның назарын дамытады. Егер ол тасты ақырындап соқса, ол өңделмейді, қатты соқса, қақ жарылып, бүкіл істелген іс зая кетеді. Нәтижесінде, өкінішке ұқсас сезім пайда болады. Енді ол тағы да жаңа тас іздеуге мәжбүр болады, яғни оның ырқы қалыптасады. Енді екінші тасты ол аса ұқыптылықпен өңдеп, ақырында, құралды істеп шығарады. Сол сәтте қуаныш, шаттыққа ұқсас сезім оның жүрегін кернейді.

Егер істелген зат қисықтау болып шықса, ол ыңғайсыз және еңбек ету барысында тез сынып қалады. Сондықтан ол екінші құралды симметриялық тұрғыдан мұқият қарап жасайды, ол оған үлкен қанағат, қуаныш сезімін әкеледі. Симметриялық форма бірте-бірте оның санасына кіріп, нәтижесінде қарағайдың симметриялық бұтақтарын, т.с.с. заттарды көргенде, оның жүрегінде себепсіз тамаша сезім пайда болады. Ол сезім болашақта сұлулық ұғымын тудырып, адамның жан дүниесінің ажырамас бөлігіне айналады.

Сөйтіп, қарап отырсақ, ең тұрпайы еңбек құралын жасаудың өзі адамның сана-сезімін, назарын, ырқын, керек десеңіз, тіпті оның эстетикалық сезімін оятады екен.

Еңбек құралдарын жасап, бірге еңбек ету барысында әсіресе аң аулауда бір-біріне ақпарат жеткізу қажеттігі пайда болады. Олай болса, тілдің алғашқы формасы – ымдау, дене, қол қимылы арқылы байланыс жасау дүниеге келеді. Ал сезім толқындары, негізінен, неше түрлі дыбыс арқылы жеткізілді. Соңынан үйірдің ішіндегі аса дарынды пенделер күнбе-күнгі жиі кездесетін қажетті нәрселерге ат қойып, басқаларды соларға үйретеді. Жер бетінде әртүрлі тілдердің пайда болуы, құрылым ерекшеліктері олардың айнала қоршаған табиғаттағы дыбыстарға еліктеуінен пайда болса керек деген ойдамыз.

Адамның санасы мен дене құрылысының өзгеруіне, әсіресе оның миының өсуіне отты игеріп пайдалану үлкен әсерін тигізді. Отқа пісіріп жеген тамақ, әсіресе отқа қақталған ет мидың тез дамып, көлемінің өсуіне әкелді. Екінші жағынан, піскен тамақ жеңіл қорытылғаннан кейін, оның асқазаны өзгеріп, жақ сүйегі мен азу тістері де кішірейді. Үшіншіден, үңгірдің іші отпен жылынып, дене үстіндегі жүндердің азаюына әкелді.

Сонымен, еңбек құралдарын жасау және оны пайдаланып еңбек ету басқалармен бірігіп қана іске асатынын байқадық. Миллиондаған жылдар бойы үйір негізгі қауымдасу формасы болғанын білеміз. Әрине, ол жартылай биологиялық, жартылай әлеуметтік құбылыс болса керек. Антропологтардың пайымдауы бойынша, осыдан 40-50 мың жыл бұрын үлкен секіріс болып, үйір руға айналады, нағыз таза әлеуметтілік дүниеге келеді. Міне, осы уақыттан бастап, қазіргі адам толығынан қалыптасып (кроманьон адамы), оның жер бетіндегі тарихы басталады. Рудың шеңберінде бұрынғыдай ретке келтірілмеген жыныс қатынастары жойылады, өйткені бәрі бір-бірімен қанға негізделген туыстықта. Егерде алғашқы үйір өз-өзіне жеткілікті құбылыс болса, енді рулардың арасында жан-жақты қарым-қатынас орнығады. Оның негізінде болашақ ұрпақтарды жалғастыру мәселесі жатты: ол үшін қыз алу, қыз беру керек болды, құдалық рәсімдер, неше түрлі әдет-ғұрыптар тез уақытта пайда болып, қалыптаса бастайды.

Тек рудың шеңберінде ғана нағыз адами махаббат сезімі дүниеге келеді, өйткені ұнатқан қызы, я болмаса жігіті жанында емес, алыста, басқа руда. Сондықтан ол оны аңсап, қиял-арманға шомады, бір сәт болса да көзінің қиығымен көріп қалғысы келеді, сүйіктісін дүниедегі ең әсем сұлуға теңеп, өз шығармашылық шабытын оятады.

Моральдық қағидалар мен құндылықтар да рудың шеңберінде қалыптаса бастайды. Егерде үйірдің шеңберінде біреу аяғын сындырып алса, ол өлер еді, оған ешкім көмектеспейді. Рудың шеңберінде өзара

көмек беру, аяу, жақсы көру, қорғау, қамқорлық көрсету т.с.с. моральдық құндылықтар мен сезімдер пайда болады.

Үйірдің руға айналуын түсіну – қоғамтану ғылымдарындағы ең қиын мәселелердің бірі. Уақытында Ф.Энгельс «гносеологиялық тұжырымды» ұсынған болатын. Оның ойынша, алғашқы адамдардың сана-сезімі өскен сайын, олар қаны жақын адамдардың жыныстық байланысы жаңа ұрпақтарды әлсіретететінін байқап, үйірдің ішіндегі жыныстық қатынастарға тыйым салады. Сол себепті үйір руға айналады. «Тотемдік» және З.Фрейдтің «әкені өлтіру» тұжырымдары да терең қарағанда гносеологиялық негіздеуге жақын. «Тотемдік» тұжырым: «Біздің шыққан тегіміз неде?» – деген сұраққа жауап беруді талап етеді, ал «әкені өлтіру» де балалардың арасындағы жақындықты сезінуге байланысты. Бүгінгі таңда бірқатар этнографтар мұндай көзқарастарды сынға алады.

Біздің ойымызша, шындыққа жақын «бейбіт өмір қажеттігі» жөніндегі тұжырым болса керек. Ол және де біршама тарихи деректерге негізделген. Алғашқы үйірлер тұрақталған жерлерде археологтар бір мәнермен өлтірілген адамдардың сүйектерін табады. Оларды арт жағынан байқатпай келіп, таспен басына ұрып өлтірген. Жүргізілген зерттеулер өлгендердің бары де еркектер екенін көрсетті. Осыдан ғалымдар оның себебін әйелдер үшін талас арқылы болғанын болжайды. Еркектердің санының азаюы, – олар, негізінен, аңшы болғаннан кейін, – аштыққа, тіпті үйірдің құрып кетуіне әкелетін қатер туғызады. Сондықтан бейбіт өмір қажеттігі үйірдің ішіндегі жыныс қатынастарына тыйым салуға мәжбүр етіп, нәтижесінде үйір руға ауысады.

Міне, қисындық жолмен, кейбір тарихи деректерге сүйене отырып, біз адамға ұқсас маймылдардың (архантроптардың) адамға айналу жолын көрсеткен тәріздіміз. Әрине, көп нәрселер әлі күңгірт екенін жасыруға болмайды. Мысалы, сонау Зинджантроптан бастап (2 млн. жыл бұрын өмір сүрген, Оңтүстік Африкадан табылған) Синантроп (қытай адамы), Явандық (Ява аралынан табылған), Еуропада Гейдельберг, Неандерталь адамымен Кроманьонға (қазіргі адам) дейінгі уақыттың шеңберінде өмір сүрген көп өтпелі түрлердің сүйектері әлі табылған жоқ. Дегенмен де жоғарыда көрсетілген болжамның өміршеңдігіне сенгіміз келеді.

§ 3. Адамның биологиялық және әлеуметтік табиғаты

Адам – қайшылықты пенде. Оның, бір жағынан, денесі, екінші жағынан, санасы, рухы бар екенін әркім біледі. Оған да басқа

тіршіліктерге сияқты су, ауа, жылу, қоректену, ұрпақ жалғастыру т.с.с. қажет. Сонымен қатар ол дүние жөнінде ойланады, өмірде өз орнын іздейді, шаттанады, қайғырады, сүйеді, жек көреді т.с.с. Егер жануарды оның түйсіктері итермелесе, адам өз түйсіктерін әлеуметтік нормаларға бағындырады, ол – өз-өзін бақылауға ала алатын пенде. Десек те, адамның бұл ішкі қайшылығы философияда әртүрлі шешіледі. Мысалы, Орта ғасырлардағы діни философияда адамды рух ретінде өте биік деңгейге көтеріп, дене ретінде құлдыратып, тіпті жануарлардан да төмен қояды.

Жаңа дәуірдегі философияда бұл мәселе жөнінде бір-біріне қарсы тұрған **биологиялық және әлеуметтік редукционизмді** келтіруге болар еді.

Бірінші тұжырымда адамның дене құрылысының ерекшеліктері асыра бағаланып, олар оның ішкі мән-мағынасын анықтайды деген пікір қалыптасқан. Оған нәсілшілдік, ломброзиандық, әлеуметтік-дарвинизм, әлеуметтік биология бағыттары жатады.

Нәсілшілдікке келер болсақ, оның тарихи пайда болған ең бірінші – ақ түсті адамдарды асыра бағалап, қалғандардың бәрін – артта қалған, табиғи дарындары мен қабілеттері төмен деп түсінеді.

Қара нәсілшілдік отарланған Африка континенті халықтары өз бостандығын алғаннан кейін, олардың ұлттық сана-сезімі өсуімен байланысты «негритюд» сияқты ілімдерде кездеседі. Ол қара адамдардың дүниені ақыл-оймен емес, сезім, түйсік арқылы терең игеруі, әуендегі ырғақ пен спортқа деген басқалардан гөрі қабілеттерінің молдығы т.с.с. мақтан етеді.

Сары нәсілшілдік те ақтарды «піспеген», қараларды «күйіп кеткенге» теңейді.

Бүгінгі таңдағы жаһандану заманында, елдер мен халықтардың бір-бірімен терең қатынастарға түсуі, бір-бірімен жетістіктерін бөлісуі қайсыбір нәсілшілдікті тамырынан шабады. Бүгінгі уақыттың қойған «талабына» барлық халықтар өзіне тән «жауап» іздеуде. Өндіргіш күштерді қазіргі замандағы ғылым мен техниканың жетістіктеріне сәйкес дамытқан елдер ішінде Оңтүстік Африканы (қаралар), Жапонияны (сарылар), Германияны (ақтар) мысал ретінде келтіруге болар еді. Спорт, әуен, өнер, сәулет т.с.с. қоғам салаларын алсақ, онда да осындай жағдайды аңғаруға болады. Ең соңында, олардың түп-тамыры бір екенін генетикалық тұрғыдан дәлелдеуге болатын сияқты. Мысалы, ақ пен қара қосылған отбасында өмірге келген сәбиді мулат дейміз. Ал сары мен ақтың баласы метис аталады. Бұл әртүрлі нәсіл өкілдерінің бір-біріне генетикалық деңгейдегі сәйкестігін көрсетеді. Қайсыбір қарапайым өмірде сирек болса да кездесетін нәсілшілдік сол адамның надандығын, я болмаса ұлтшылдық пиғылын көрсетсе керек.

Өткен ғасырдың басында Чезаре Ломброзо деген итальяндық психиатр, антрополог түрмедегі адамдардың дене құрылысын зерттей келе, қылмысқа баратын адамдардың биологиялық табиғаты қазіргі адамның деңгейінен төмен болуымен байланысты деген пікір айтқан болатын. Мұндай көзқарас уақытында біршама заңгерлер, дәрігерлер мен психиатрлар арасында қызу айтыстарға әкеліп, ломброзиандық деген ағымды тудырды. Ч.Ломброзо мысал ретінде ондай адамдардың төменгі жақ сүйектері үлкен, маңдайы қысқа, қабақтары бір-бірімен қосылып кеткен, көздері терең орналасқан, қолдары ұзын т.с.с. дейді. Ол мұндай дене құрылысы бар адамдар әлеуметтік ауытқуға әсіресе қылмыстыққа өте жақын деген пікір айтады. Бұдан кейін жүргізілген зерттеулер бұл пікірдің жалған екенін айқындады, өйткені қылмыстық, негізінен алғанда, – әлеуметтік құбылыс. Дегенмен де кейбір адамдарға мұндай пікір осы уақытқа дейін өз әсерін тигізуде.

Әлеуметтік дарвинизм бағыты да қоғам өмірін адамдардың өмір сүру үшін күресінен, табиғи таңдау, тұқым қуушылықтан көреді, яғни биологиялық эволюционизм заңдылықтарын қоғамға таңады.

Социобиологияға келер болсақ, олар жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жануарлардың да әлеуметтік қасиеттерінің бар екенін айтады. Мысалы, жануарлардың альтруистік түйсіктері (баласын қорғап қалу жолында өз өмірін беруге дайындығы, оған деген қамқорлығы, үйір шеңберіндегі өзара көмек беру т.с.с.) Ч.Дарвиннің ашқан биологиялық эволюционизм принциптеріне қайшы келеді. Расында да, тек қана жеке организмнің қоршаған ортаға бейімделіп, өмірін сақтап қалуынан үйір шеңберіндегі өзара бірігіп іс-әрекет жасау туындамайды. Бұл пікірмен келісуге болады. Сондықтан олар эволюциялық үдеріс тиімді жүруі үшін, жеке организммен қатар үйір болып қоршаған ортаға бейімделу қажеттігін көрсетеді. Олай болса, олар әлеуметтіліктің алғашқы негіздері үйірдің шеңберінде пайда болатыны жөніндегі қорытындыға келеді. Мұндай көзқарас даму тұжырымына қайшы келмейді, өйткені қайсыбір жаңаның ұрығы ескінің ішкі шеңберінде пайда болады. Бірақ мұндай қорытудан қоғамдағы құбылыстардың іргелі негізі биологиялық үдерістерде жатыр деп есептеу жалған болар еді.

Енді әлеуметтік редукционизмге келсек, оның шынайы өкілі ретінде марксизмді қарауға болады. Бұл ілімдегі түсінік бойынша, адамның терең мәнін нақтылы түрде қалыптасқан «қоғамдық қатынастар жиынтығы» құрайды, яғни ол – оның әлеуметтілігінде. К.Маркстің жасаған коммунизм ілімінің негізгі іргетастарының бірі ретінде осы адам жөніндегі тұжырымдама жатыр. Коммунистік қоғамда тек қана биік дәрежеге жеткен өндіргіш күштер ғана емес, сонымен қатар «жаңа адам» дүниеге келеді, өйткені қоғамдық меншікке негізделген адамдар арасындағы қатынастар мен байланыстар оны қажетті түрде туды-

рады. Сондықтан да ол қоғамда саяси-құқықтық сала (мемлекет, құқық, түрме, тергеу мекемелері т.с.с.) керек болмай қалады, адамдар тек моральдық құндылықтарды басшылыққа алып өмір сүреді.

Осы айтылған «жаңа адамды» қалыптастыру жолында тарих қойнауына кірген Кеңес Одағында ондаған жылдар бойы халық арасында миллиондаған лекциялар мен сұхбаттар жүргізіліп, қаншама арнаулы тәрбие жұмыстары жасалса да, ол сол бұрынғы адам болып қала берді…

Бүгінгі таңдағы ғылымда адамның био-әлеуметтік табиғаты мойындалды. Адамның дене ретіндегі өмір сүруі биологиялық заңдарға тәуелді. Күнбе-күнгі өмірімізде адамдардың табиғат өзгерістеріне (ауа қысымының өзгеруі, геомагниттік дауылдар, Күн сәулесінің күшеюі т.с.с. табиғи құбылыстардың адамға тигізетін ықпалы) тәуелді екенін емші болмасақ та байқауға болады. Адамның өмір сатылары да биологиялық заңдарға (өмірге келу, балалық, жастық шақтар, ересек өмір, кәрілік, дүниеден озу) тәуелді. Әрбір адамның тарихтағы қайталанбастығы да оның әке-шешесі арқылы берілген генетикалық ерекшелігінде жатқанын мойындамасқа болмайды. Мұндай деректерді жалғастыра беруге болар еді.

Сонымен қатар адамның өмір сүруі мен қалыптасуы, дамуында әлеуметтік факторлардың орасан зор рөлін көрсетпесе, тағы да болмайды. Мысалы, алғашқы қауымдық қоғамда адамның орта жасы 25-те болса, қазіргі дамыған қоғамдарда ол көрсеткіш 75-78-ге келді. Егер әуенге деген аса дарыны бар сәби дүниеге келсе, оған арнаулы білім беріп, оны әлпештеп өсірсе, ол ұлы композитор немесе орындаушы болуы мүмкін. Бірақ ондай жағдай жасалмаса, оның дарыны сөніп, асып кеткенде, «ауылдың домбырашысы» ғана болып қала береді. Ғасырлар бойы қаншама аса дарынды адамдар дүниеге келіп, әлеуметтік жағдайдың жоқтығынан «ашылмаған гүл» секілді келмеске кетті десеңізші!!! Қоғам өміріндегі әрбір тұлғаны гүлдетіп, жан-жақты дамыту осы уақытқа дейін адамзаттың орындалмаған арманы болды десек те жеткілікті.

Адамзаттың ғылыми-техникалық орасан зор қарқынмен дамуы бүгінгі таңда адам өміріне бұрын-соңды болмаған қауіп-қатерлерді тудыруда. Бірінші күрделі мәселе – жантүршігерлік күші бар соғыс қару-жарақтарының жыл сайын жаңа түрлерінің пайда болуы. Егер бұрын жеке адамдар өлгенімен, бүкіл адамзат өмірде қала беретініне ешкім күмәнданбайтын. Бүгінгі таңда адамзат толығынан құрып кетуі мүмкін. Ол әрбір адамды алаңдатып отыр.

Екінші үлкен қауіп – экологиялық апаттың бүкіл жер бетінде етек алып кетуі мүмкіндігі. Өйткені лас ауа мен суға қоятын мемлекеттік шекара жоқ!! Бүгін адам өмір сүруінің екі жағы бір-біріне қайшы келді.

Бір жағынан, біз табиғаттың ажырамас бөлігіміз, ол – біздің арғы анамыз. Екінші жағынан, саналы адам алдындағы жатқан дүниені танып-біліп, өз мүдделеріне сай өзгертеді. Сол себепті көп жерлер ластанып, өсімдіктер мен жануарлардың біршама түрлері өмірден келмеске кетті, табиғат әлсіреуде.

Табиғаттың байлығы шексіз, одан қаншалықты алсаң да азаймайды деген бұрынғы заманда қалыптасқан пікір жалған болып шықты. Табиғат алдымызда жатқан «айнала қоршаған орта» ғана емес, ол – біртұтас орасан зор организм, «үлкен жүйе», оның ішіндегі барлық элементтер бір-бірімен миллиардтаған жылдардың ішінде тиімді байланыс құрды. Адамзаттың өзі осы жүйенің ішінде белгілі бір орын алады. Сондықтан адамзат ғылым мен техниканы пайдаланудың жаңа стратегиясын жасамай, өз-өзін құртып алуы мүмкін.

Жоғарыда айтылған қауіп-қатерлерден кем емес, бірақ та қоғамдық сананың назарына әлі дұрыс ілікпеген үлкен мәселе адамның тұлға ретіндегі био-әлеуметтік табиғатын сақтап қалуы болып отыр. Кейбір ғалымдар оны «антропологиялық дағдарыс» дейді. Оның терең мәні – адамзат жыл сайын ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйене отырып, өз дүниесін күрделендіруде. Ол оның жақсы жақтарын пайдаланғанмен, өмірге келеңсіз, өз табиғатына қарсы жатқан салдарларды тудырып, көп жағдайларда оны бақылай алмай қалады. Адам дүниені қаншалықты терең өзгерткен сайын, соншалықты теріс әлеуметтік факторлар пайда болып, оның өмір сапасын төмендетеді. Дүниенің тез қарқынмен дамуы адамды өз ұлтының әдет-ғұрыптарынан айырып, басқа мәдени үлгілерді игеруге, «ол жақта, я болмаса бұл жақта да емес» маргиналдық ахуалға әкелетінін бүгінгі таңдағы реформа барысында көріп жүрміз.

Енді мәселені нақтылай түсіп, бүгінгі таңдағы Қазақстан қоғамын адами тұрғыдан талдасақ, біздің мемлекеттің бұл мәселеге көп көңіл бөліп жатқанын байқаймыз. Негізгі жетістік – адамдардың қоғам өмірінің қай саласы болса да, белсенділік көрсетуіне, яғни олардың өз ынтасының арқасында дамуына жол ашылды. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің елде қаншама жастар өнер, білім, спорт, саясат, экономика салаларында шығармашылық деңгейге көтеріліп, өз мүмкіндіктерін өмірде іске асырып жатыр! Десек те, істейтін нәрселер әлі – шаш етектен. Ең алдымен елде етек алып кеткен туберкулез, гепатит сияқты «әлеуметтік ауруларды» алсақ, ішетін суды, ауаны тазартпай, жейтін тамақты күшейтпей, оларды жеңе алмаймыз. Жұмыссыздық, көп жастардың баспана мәселесінің көп жылдар бойы шешілмеуі де адам дамуының әлеуметтік факторына жатады.

Қорыта келе, адамның биологиялық және әлеуметтік жақтарын ажыратпай, бір-бірімен байланыстырып қарау керектігін баса айтуымыз қажет.

§ 4. Адам өмірінің мән-мағынасы

Адам дүниеге қатысты неше түрлі ұғымдар мен бейнелерді туды-рып, солар арқылы кеңістік пен уақыттың шектеуінен ой арқылы шығып кету дәрежесіне көтеріледі. Ол – заттар мен құбылыстардың ішкі сырын аша алатын пенде. Ол неше түрлі рухани құндылықтарды басшылыққа алып өмір сүреді, сонымен қатар оларды жойып, тіпті өзін жойып жіберетін кездер де болады. Ең соңында, адам – өз-өзін бақылап, баға беріп, өзімен өмір мен өлім туралы сұхбаттаса алатын пенде. Егер жануарлар өз табиғатына сай өмір сүрсе, адам алдында: «Мен неге дүниеге келдім?», «Не үшін өмір сүруім керек?», «Қалай өмір сүруім керек?» деген т.с.с. сұрақтар пайда болады. Оның себебі жоғарыда көрсетілген адамның ішкі рухани өмірінде жатыр. Міне, бұл қойылған сұрақтар адам өмірінің мән-мағынасын анықтауға итереді.

Адам өмірінің мән-мағынасы – ғасырлар бойы талданып келе жатқан мәселе. Өмір өзгерген сайын болашақта да бұл мәселе талай рет көтерілетіні сөзсіз. Яғни бұл адамзаттың өзіне қойған «мәңгілік» сұрақтарының біреуіне жатады. Орыстың ұлы ойшылы Л.Н.Толстой: «Адамның ішінде екі «мен» бар сияқты және олар бір-бірімен сыйыс-пай, күресіп жатқандай», – дейді. Бір «мен»: «Мен ғана нағыз өмір сүріп жатырмын, қалғандардың бәрі өмір сүріп жатқан сияқты ғана, сондықтан бүкіл дүниенің мән-мағынасы маған деген жақсылықтың болуында», – дейді. Екінші «мен»: «Бүкіл дүние саған емес, өз мақсаттарына қызмет етеді, сондықтан бұл өмірде саған жақсы ма, әлде жаман ба, ол оны білгісі де келмейді», – дейді. Бұл өмір сүруге қорқыныш сезімін әкеледі», – деп қорытады ұлы ойшыл. Әрине, адамның ішкі өмірі неше түрлі қайшылықтардан тұрады. Бірқатар жағдайда біз тек ақыл-оймен ғана емес, түйсіктер, ішкі көкейкөз арқылы бір нәрселерді (жақсы, я жаман болсын) жасауымыз ғажап емес…

Адам өз өмірінде, басқа тіршіліктер сияқты, әртүрлі қажеттіліктерін өтейді. Жалғыз ғана дәулетке жету адамды қанағаттандырып, оның өмірінің мән-мағынасын құрай алмайды. Оның сыртында талай рухқа негізделген адамның қажеттіліктері тұр. Уақытында американ ғалымы А.Маслоу адам қажеттіліктерінің төменнен жоғары көтерілетін тізбесін жасаған болатын. Ең төменгі сатыда – басты физиологиялық (тамақтану, тыныс алу, қозғалу, киім, баспана т.с.с.) жыныстық (дүниеге ұрпақ әкелу) қажеттіліктер. Екінші сатыда – экзистенциалдық қажеттіліктер (қауіпсіздік, ертеңгі күнге деген сенімділік, өмір сүру жағдайларының және қарым-қатынасқа түсетін қоршаған адамдардың тұрақтылығы т.с.с.). Үшінші – әлеуметтік қажеттіліктер (басқа адамдармен бірігіп, қарым-қатынасқа түсіп, солардың сый-сияпатына ие болу). Төртінші – абырой қажеттілігі, яғни беделді басқалардың назарына ілігу, еңбек

сатыларымен жоғарылау, жоғары тұлғалық бағаға ие болу т.с.с. Бесінші – рухани қажеттіліктер – шығармашылық арқылы өз мүмкіндігіңді өмірге енгізу, іске асыру.

А.Маслоудың ойынша, төменгі қажеттіліктер өтелмейінше, жоғарғылар әлі де болса адамға қызықты емес. Өтелген қажеттіліктер өз күшін жойып, адамды жоғарғы қажеттіліктерді игеруге итермелейді. Егерде төменгі қажеттіліктерді өтеу қоғамның даму деңгейіне байланысты қиын мәселеге айналса, ол адам өмірінің негізгі мән-мағынасына айналуы мүмкін. Бүгінгі таңда қаншама адам «нан табу» мәселесінің шеңберінен шыға алмай жүр! Оны тарихи қалыптасқан қоғам өмірінің кемшілігі ретінде қарау жөн болар.

Сөйтіп, өмірдің ең биік мән-мағынасы шығармашылық сатыға көтеріліп, өз қабілеттеріңді іске асыру, соның арқасында өз тұлғаңның ерекше орнын анықтап, қанағаттану болмақ. Ондай адамға тән нәрселер:

- өмірдің әрбір күнін теңдесі жоқ сый ретінде қуанышты сезіммен қабылдау;
- басқаларды өзіңді сияқты бағалап қабылдау;
- басқаларға тәуелді болмау, әр мәселе бойынша өз пікіріңді көрсете білу, өзгелердің пікірін де қабылдап сыйлау;
- өз таңдаған ісіңді сүю, шығармашылық деңгейде игеру;
- өне бойы өз қабілеттеріңді ары қарай дамытуға тырысу;
- мақсат-мұратқа жететін құралдарды таңдау, жақсылық пен жамандықты, сұлулық пен түрсіздікті айыра білу;
- қай жерде болса да, өзіңді қарапайым күндегідей ұстай білу; т.с.с.

Адам өмірінің мән-мағынасы жөнінде арнайы еңбек жазып, құнды пікірлер айтқан XX ғ. өмір сүрген австриялық ұлы ойшыл В.Франкл болды. Ол бүгінгі адамның өмір ахуалына тоқтала келе, оның қиындығы жайында сыр шертеді. Бүгінгі адам жануарлар сияқты түйсіктің, кешегі қоғамдағы сияқты әдет-ғұрыптың талабына сай өмір сүре алмайды. Сондықтан ол басқалар сияқты болғысы келеді (конформизм), немесе басқалардың айтқанын істейді (тоталитаризм). Ол оның рухани дағдарыста екенін, өмірдің мән-мағынасын әлі таба алмағанын көрсетеді. Нәтижесінде, адам «экзистенциалдық вакуумға» (өмір сүрудегі мәнсіздікке) келіп тіреледі. Ондай адам әлеуметтік ауытқушылыққа ұшырауы мүмкін. Олар: нашақорлық, ішімдікке салыну, қылмыстыққа бару, құдайды іздеу жолына түсу, өз-өзін өлтіру т.с.с. Батыс қоғамында кең тараған жалған көзқарас ретінде В.Франкл өмір мәнін байлықтан іздеуді келтіреді. Мысалы, әке-шешесі өз баласына барлық жағдайды жасап, не қалағанын алып береді де, оның алдындағы өз борышын орындағандай сезінеді. Ал ол баланың ішкі жан дүниесі қандай, кім болғысы келеді, нені қиялдайды т.с.с. – оған

көңіл бөлуге олардың қолдары да тимейді. Ақырында, киімі көк, тамағы тоқ бала көзді ашып-жұмғанша ересектік сатыға келеді. Балалық қиялдарының бәрі артта, ерекше тұлғалық дәрежеге көтерілген жоқ, өмірден өз орнын таба алмай қалды. Не істеу керек? Бұл сұраққа ол жауап бере алмайды. Бұл қиын ахуал кездейсоқ біреудің есірткі ұсынуымен аяқталады. Ол оны қабылдап, өз армандарын орындаған сияқты тәтті сезімге бөленеді.

Ішімдік – аз уақыт болса да «ащы шындықтан қашуға» тең нәрсе. Мұндай сараптауды жалғастыра беруге болар еді. Оқырман оны жақсы түсінді ғой деп ойлаймыз.

Әңгіменің қиындығы – өмірдің мән-мағынасын тудыруға, жасауға болмайды, оны тұлға өзі іздеп тауып алуы керек. Бұл дүниеде өмірге келген әр адамның өз орны бар, сондықтан әркімнің өмірінің мән-мағынасы да өзгеше. В.Франклдің айтуынша, бұл өмірде әр адамға өзіне керек іс тауып, қайсыбір ахуалдың шеңберінде өмірлік мән-мағынаны ашуға болады. Біреу өмірінің мән-мағынасын балаларын жеткізуден, екінші – табиғи дарынын ашудан, үшінші сүйген адамы үшін өмір сүруден т.с.с. көруі мүмкін.

В.Франклдің ойынша, жалпылай келе, өмірлік мән-мағынаны үлкен үш топқа бөлуге болады. Оның ең биігі – шығармашылық құндылықтарға жету, яғни тарихта бұрын-соңды болмаған жаңаны тудыру. Ол үшін, әрине, табиғи дарыннан тыс, сол саланы толығынан игеріп, шыңына жету керек. Ол, негізінен, дегдар топтарға тән нәрсе.

Бірақ, кең түрде алғанда, шығармашылық – адамның тектік қасиеті. Сондықтан әр адам өзінше шығармашылық сатысына көтеріледі. Мысалы, талай жылдар гүл өсіріп, осы істі сүйетін адам күндердің бір күнінде гүлдің бір жаңа түрін тудырмай қоймайды. Киім тоқитын көп балалы әйел журналдағы көп өрнектерді игереді де, күндердің бір күнінде өз өрнегін ойлап шығаруы мүмкін. Бәлкім, ол өрнек сән журналында басылмас, бірақ ол шығармашылық деңгейге көтерілді емес пе?! Егер қайсыбір нәрсені бұрынғыдай емес, жаңа жолмен, әдіспен жасасаңыз, ол да шығармашылықтың нышаны болмай ма?

Көп жағдайда өз өміріңнің мән-мағынасын жоғалтып алмас үшін, белгілі бір алдыңа қойған мақсатқа жете алмасаң да, соған деген көзқарасыңды өзгертсең болғаны. Оны В.Франкл «құндылықтарға деген көзқарас» деген ұғыммен береді. Ондай ахуал қарапайым адамдардың арасында қиын-қыстау заман кезінде жиі кездеседі. Мысалы, құндыздан тігілген қымбат киімді армандап, сол себепті дұрыс ұйықтай алмай, жүйкесі тозып жүрген сұлу бикеш өз көзқарасын өзгертіп, Джина Лолобриджида секілді осы құндылыққа деген өз көзқарасын өзгертсе (аңның терісінен киім кию – соларды өз қолыңмен өлтіргенмен тең), я болмаса үнді халқының тудырған «еш тіршілікті зәбірлемеу» философиясын

қабылдап, басқа материалдан тігілген киім алса, мәселе сол сәтте-ақ шешілер еді.

Адамның өмірінде тіпті ойға келмейтін қиын жағдайлар туып (соғыс, жер сілкінуі, түрмеге түсу, қатерлі ісіктің пайда болуы т.с.с.) қолынан еш нәрсе келмей, тағдырдың тәлкегіне түскен кезде, ол өмірінің мән-мағынасын жоғалтып, түңілуі мүмкін. Ондай жағдай болмағанның өзінде әр адам өз өмірінің аяғында «қайғылы үштіктен» (зардап, күнә, өлім) өтеді. «Осындай жағдайдың өзінде адам өз өмірінің мән-мағынасын жоғалтып алмауы керек», – дейді В.Франкл. Адам «ой-толғау құндылықтарына» көшуі керек, сонда зардап шегудің өзінен жан-дүниені тазартатын, көп нәрселерге жаңа баға берілетін мән-мағынаны табуы мүмкін.

Осы арада біз үлкен экзистенциалдық мәселеге – өлім мен өлместікке келіп тірелдік.

§ 5. Адамның өлімі мен өлместігі

Өмірдің өліммен аяқталатынын әрбір адам біледі. Бұл дүниеге келгеннен кейін уақыты келгенде кету керек. Ол бізге тәуелді емес, қолымызда тұрған жоқ, ол – табиғи заңдылық. Адамзаттың мыңдаған жылға созылған өмір тәжірибесі бірде-бір өлген адамның тіріліп, өмірге қайта келгенін көрсеткен жоқ.

Әсіресе жақын адамдардың бұл дүниеден кетуі біздің жан-дүниемізде ауыр жаралар қалдырады. Енді біз оларды ешқашанда көре алмай, іштегі сырымызды айтып, бірге қуанып, сонымен бірге қайғы-қасіретімізді бөлісе алмаймыз. Бары де өткен шақтың қойнауына кетті. Сол сәтте біз өзімізді де сондай тағдыр күтіп тұрғанын үрейлене аңғарамыз.

Сонымен қатар біз ақыл-ой таразысына «мәңгілік өмір сүру» мәселесін салсақ, онда оны адамға берілген ең ауыр жаза екенін байқауға болар еді. Өйткені егер адам шексіз өмір сүре берсе, онда оның еш мән-мағынасы болмай қалады. Шексіз өмір жөніндегі ой өрісі бүгінгі күннің ашынған өзекті мәселелеріне немқұрайды қарауды туды-рып, қоғам өмірі мелшиіп, бір орнында тұрып қалар еді.

Мәселеге терең қарағанда, өмірдің мән-мағынасы болуының өзі оның өліммен бітетінінде болса керек. Расында да, біле білген адамға өмірдің шектелгені әрбір күн мен жылды, минут пен сағатты бағалауға, тиімді жұмсауға итереді. Өйткені өмірді ешқандай байлыққа сатып алуға болмайды, бірақ оның бір ғана өлшемі бар, ол – «Ұлы мәртебелі Табиғаттың» (немесе, егер адам сенімде болса – Құдайдың) әр адамға берген өмір жасы, яғни уақыты. Бұл дүниеде бірде-бір жасалған ұлы нәрсені істеген адамдар, әрине, өз өмірінің шектелгенін біліп, сондықтан

асығып, «соны үлгірсем екен» деген ой-үмітпен оларды аяқтады емес пе?! Егер ол мәңгілік өмір сүрсе, сол ұлы істерді бастамас та еді ғой!! Антика дәуіріндегі стоиктер: «Өлімді есіңнен шығарма!» – деген болатын. Оның терең мәні – өз өміріңде әр іс-қимыл, басқа адамдарға деген қатынастар, айтайын деген сөзіңді өмірдің соңындағы сияқты сезінуде. Мұндай өмірлік бағытты ұстау – адам өміріндегі қайсыбір уақиғаны терең сезініп-тебіренуге, мейлінше мазмұнды өмір сүруге әкеледі. Жайшылық өмірде байқалмайтын кішігірім нәрселерге көңіл бөлініп, дүниенің ғажаптығы айқындалып, сезіледі.

Бұл дүниеде қайсыбір тіршілік формасы, – соның ішінде адам да, – бір ұрпақты екінші ұрпақпен ауыстырып, өз өмірін жалғайды. Табиғаттың «даналығы» осында. Соның арқасында алға өрлеу, даму бар.

Әр адам өлімді адамның жүрегі мен тынысы тоқтап, санасының өшуімен теңейді. Дегенмен де адамның кейбір жақтары әлі де болса талай күндер тіршілік жасайды. Мысалы, адамның сақал-мұрты, шашы, тырнақтары дене толығынан шіріп біткенше өсе береді… Егер адамның жүрек қысымы өсіп, оның миына қан құйылса, ол ешкімді танымай, өзіндік санадан айырылғанмен, талай айлар төсек тартып, тірі болып қала беруі мүмкін. Бірақ ол тұлғалық қасиеттерден толығынан айырылды. Кейбіреулер ондай адамға «тірі өлік» деген ат береді…

Уақытында ұлы Платон: «Философия ғылымы бізді абыроймен өлуге үйретеді», – деген болатын. Бұл пікірге толығынан қосылуға болатын сияқты. Кейбіреулер өмірінің жартысын «гүлге қонған көбелек» сияқты өткізіп, қырыққа келіп, ақылы тоқталған кезінде өз алдына өмірлік мақсаттар қойып, оны асыға істей бастайды. Бірақ көп жағдайда «Ұлы мәртебелі Табиғат» оларды аяқтауға уақыт бермейді. Ондай адам өлер алдында бұлқан-талқан болып, бүкіл ағайын-туғандарын аяқтарынан тік тұрғызып, көп жағдайда азапқа салады. Ондай адамға өлер алдында: «Әттең-ай!» деген өкініш келіп, сол аянышты сезіммен өмірден кетеді.

Екіншілерге өлім үрейін аттап өтуге діни сенім көмектеседі. Олар тәні болмағанмен, жан-дүниесінің мәңгі өмір сүретініне үміттеніп, өмірмен қоштасады.

Үшіншілер бұл күйбең өмірде ішіп-жеу, ойын-сауық құру, әр сәттен ләззат алудан басқа еш нәрсе жоқ деген өмірлік бағыт ұстайды. Бірақ оқтын-оқтын мешітке барып (кім біледі, мүмкін Алла тағала бар шығар деген ой кейбір кезде оның жүрегін сыздатады) садақа беріп, дұға оқытады. Бірақ бәрібір ол болашақ өлімнің мұздаған лебінен құтыла алмай, жаны түршігеді.

Енді Платонның айтқан философиялық дайындығы бар адамға келсек, ол өз өмірін бүкіл табиғаттың, ғарыштың өмірімен байланыстырып, өзін телегей-теңіздегі бір ғана тамшы ретінде сезінеді. Ол оны

үлкен тебіреніске әкеліп, өлім өмірдің соңында келетін заңды табиғи үдеріс екеніне көзі жетеді. Ондай адамды өлім үрейлендіре алмайды.

Бесінші адамдар өз тағдырының шеңберінде тырысып бағып, өмірдің шаттығын да, зардабын да толығынан басынан өткізіп, бұл өмірде өзіне тән із қалдыру жолында бар күш-қуатын аямай жұмсап, өлім алдына өмірден шаршаған сияқты сезіммен келеді. Ол өз өмірін толығынан аяқтады. Ешқандай өкініш жоқ. Орындалмаған армандар болғанның өзінде, ол оны табиғи заңдылық ретінде түсінеді. Ол – нағыз адам. Ондай адам көп жұрттың есінде мәңгілік қалады.

Соңғы жылдары Батыс университеттері мінбелерінде «аутоназия» (auto – өзім, nazia – өлім) мәселесі қызу талқылануда. Орыс әдебиетінде бұл терминді өз тілдеріне жақындатып «эвтаназия» дейді. Әңгіме адамның өз еркімен қоғамның көмегі арқылы бұл дүниеден кетуі. Яғни оның суицидтен – өзін-өзі өлтіруден айырмашылығы – ол қоғамның рұқсаты және көмегімен өз қалауы бойынша дүниемен қоштасады. Тәндік-сезімдік ләззат алу өмір бағытын ұстаған Батыс адамы өмірінің соңында да еш зардап шекпей, бұл өмірден тәтті ұйқыға шомып кете барғысы келеді. Енді бұл мәселені біз де талдап көрелік.

Бір қарағанда, бұл мәселені Батыс цивилизациясының гуманистік даму жолындағы үлкен жетістіктерінің бірі ретінде қабылдауға болады. Расында да, егер адам қатерлі ісікпен ауырып, қатты зардап шегіп, немесе қартайып, қолынан күш кетіп, ешкімге керек болмай қалған т.с.с. жағдайда қоғам ондай адамдарға өз еркімен дүниеден кетуге көмектесуге де болатын сияқты.

Бірақ мұндай көзқарас бүкіл дүниежүзілік діндердегі өмір жайындағы терең интуицияларға (көкейкөзге) қайшы келеді. Бұл дүниеге келген әр адам Иса пайғамбардың арқалаған ауыр жүгіне мойынсұнуы керек. Екіншіден, бірде-бір адам өмір соңында «қайғылы үштікті» (зардап, күнә, өлім) аттап кете алмайды. Ол да болса өмірдің соңғы тәжірибелерінің бірі, қоршаған адамдарға ой салатын өнеге емес пе?! Соңғы өмір зардаптарынан өту – адам рухын шексіз күшейтіп, оның ішкі жан дүниесін тазартып, адамның бұл дүниемен абыроймен қоштасуына мүмкіндік жасайды.

Мәселеге философиялық тұрғыдан келсек, бұл әлемде адамнан асқан құндылық жоқ, сондықтан ешкімнің де адам өмірін қиюға (соның ішінде адамның өзін-өзі де) құқы жоқ.

Аутоназияның моральдық-құқықтық жағына алып қарасақ, ғалымдардың айтуынша, заңды түрде оны өмірге енгізгенде, неше түрлі басқа теріс салдарлар пайда болуы мүмкін. Мысалы, адамның дене мүшелерін сату, екіншіден, адам жүрегіне үрей салып өмірден кету жөнінде шешімге келуге мәжбүрлеу сияқты келеңсіз жағдайлардың орын алуы ғажап емес.

Бүгінгі таңда тек Голландия елінде парламент деңгейінде аутоназия жөнінде заң қабылданып, ол іске асуда.

Енді келесі үлкен мәселені – өлместікті талдауға уақыт келген сияқты. Бұл мәселенің адам өмірі мән-мағынасымен тығыз байланысты екенін сол сәтте байқауға болады. Егер бұл дүниеге келген адам өз ізін қалдырмаса, онда ол не үшін келді, оның жаңбыр құртынан айырмашылығы қандай деген сұрақ туады емес пе!

Өлместік мәселесі қайсыбір діннің өзегін құрайды. Құдайдың бар, я болмаса жоқ екенін ешқашанда ешкім дәлелдей алмаса да, миллиардтаған адамдар осы уақытқа дейін Оған сенеді, өйткені өлместікті аңсайды. Өлместік идеясы сонау көне заманда адамдардың өлімнен қорқу сезімінен бастау алады. Көне Үндістан және Мысыр елдерінде адам өлгенде оның жаны басқа денеге көшетіні жөніндегі идеялар қалыптасты. Буддизмдегі мойындалатын нәрсе – жан әрбір жаңа денеге көшкен сайын өз күнәсінан тазара береді.

Көне гректер адам өлгеннен кейін оның екінші өмірі басталады деген пікірде болған. Олардың ойынша, құдайлар мен адамдардың арасында онша көп айырмашылық жоқ, өйткені жақсы адам өлгеннен кейін өлместік сыйына ие болып, құдайлардың қатарына кіреді. Ал құдайларды алып қарасақ, олар өмір сүріп жатқан адамдарға келіп, қарым-қатынасқа түсіп, тіпті жердегі әйелдер олардан аса күшті ер балалар, я болмаса аса сұлу қыз балаларды туады екен. Мысалы, Геракл Зевс құдайы мен Алкмена деген әйелден туыпты-мыс.

Бүгінгі таңдағы иудаизм, христиандық және ислам діндері адам өлгеннен кейінгі оның жан дүниесінің өлместігін мойындайды. Дегенмен де бүгінгі таңдағы бірде-бір дін өмір, я болмаса, өлімнің не екенін түсінікті етіп адамға жеткізе алмайды.

Идеалистік философиядағы өлместік жөніндегі ойлар діни көзқарасқа өте жақын. Алайда мыңдаған жылдарға созылған адамзат тәжірибесінде ешкім де қайта тірілген жоқ және қазіргі білімді адамға «о дүниеде денесіз мәңгі өмір сүретін жанды» көзге елестету өте қиын шаруа екенін ашық айту керек. Көп адамдар оған сенбейді де.

Олай болса, өлместік деп нені түсінуге болады? Бүгінгі таңдағы ғылыми деректерге сүйене отырып, біз тіпті дене ретінде де мүлде өшпейтінімізді айтып кетуіміз керек. Өйткені өмір жаңа өмірді туды-рып, өз өмірін жалғастыра береді. Біздің бет-әлпет, мінез-құлық, сезім, дене бітім, табиғи дарын т.с.с. ерекшеліктеріміз толығынан болмаса да, болашақ ұрпақтарға дариды. Олай болса, біз толығынан бұл өмірден кетпейміз, бала, немере өмірі арқылы қала береміз.

Енді адамның жан дүниесі, рухына келер болсақ, ұлы адамдардың шығармашылық ісі адамзат тарихында мәңгілік сақталады. Абай, Құрманғазы, Шоқан, т.с.с. мыңдаған қазақ халқы тудырған асылдар

өз шығармашылығымен тарихта мәңгі өмір сүреді. Олардың тудырған рухани құндылықтарынан біз мәңгіліктің қоңыр лебін сезінгендей боламыз.

Енді миллиондаған қарапайым адамдардың тағдырына келсек, олардың өлместігі – өз өмір шеңберіндегі жасаған басқа адамдарға деген жақсылығымен байланысты болса керек. Өйткені ол олардың есінде қалады. Ол дене ретінде көз алдымызда жоқ болса да, рух ретінде бізбен бірге өмір сүріп қала береді. Ұлы Конфуций айтқандай, жақсы адам халықтың сый-сияпатына ие болса, жаман адам, ит сияқты, бір шұңқырда ұмыт болып қалады.

Десек те, әрине, қазіргі адам мұндай көзқараспен келіскісі келмейді, ол шынайы өлместікті армандап, барлық үмітін ғылымға артады. Әсіресе тез қарқынмен дамып келе жатқан гендік инженерия саласы болашақта адам өмірін бейнақтылы ұзарта беруге болатынын айтады. Алайда, біздің ойымызша, ол жалған жол болса керек. Әрине, гендік инженерияның жетістіктеріне сүйене отырып, тұқым қуатын аурулармен күрессек, ол жақсы. Ал адамның өмірін гендік жолмен ұзартуға бағытталған зерттеулер қандай салдарларға әкелуі мүмкін екенін ешкім бүгінгі таңда білмейді. Кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, оның теріс салдары ядролық бомбаны ойлап шығарғаннан да жаман болуы мүмкін. Екінші жағынан, адам дүниедегі ең теңдесі жоқ биік құндылық болғаннан кейін, оның өмірі мен денесіне жасанды тәжірибелер жасау қылмыс болар еді (адам көлбақа емес қой).

Мәселенің ғылыми емес, моральдық жағына келер болсақ, бірде-бір жер бетінде өзі тудырған қауіп-қатерді адамзат әлі шешкен жоқ. Жеке адамның өмірін ұзартпақ түгіл, бүкіл адамзаттың құрып кету мүмкіндігі (ядролық соғыс немесе экологиялық апат) осы уақытқа дейін күн тәртібінен шығарылған жоқ. Осы адамға шынайы өлместіктің керегі қанша, егер ол күнбе-күн соғыс-қақтығыстарда бір-бірін осы уақытқа дейін өлтіріп жатса деген заңды сұрақ дереу ойға келеді.

Қорыта келе, шынайы өлместік бүкіл миллиардтаған жылдар бойы қалыптасқан іргелі табиғат заңдылықтарына қайшы келеді дер едік. Әңгіме бізге берілген теңдесі жоқ сый – өмірді, бақытты мүмкіндіктерді іске асыруда, өмір шеңберінде үлкен маңызды істер жасап, өз ізіңді қалдыруда болса керек. Оларды өлім жоя алмайды.

Өз бетінше дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Адамның басқа тіршіліктен негізгі айырмашылығы неде?
2. Адамның дүниеге келуі жөнінде қандай ғылыми болжамдар бар?
3. Адамның биологиялық дене ретіндегі құрылымы қандай?
4. Адамның әлеуметтік мәнін сипаттаңыз.

5. Адам жайындағы қандай ілімді «әлеуметтік редукционизмге» жатқызуға болады?
6. Адамның әлеуметтік ауытқу жолына түсуінің себептері қандай?
7. Адам шығармашылығын қалай түсінесіз?
8. Адамның жан-жақты дамуы дегеніміз не?
9. Адамның өлместігі неде?
10. Адам тұлғаға қалай айналады? Ұлы адам дегеніміз кім?

Рефераттар тақырыптары:

1. Көне философиядағы адам мәселесі.
2. Ортағасырлық философиядағы адам мәселесі.
3. Қайта өрлеу заманындағы адам мәселесі.
4. Л.Фейербахтың адам туралы философиялық ойлары.
5. Маркстік философиядағы адам мәселесі.
6. Адамның био-әлеуметтік табиғаты.
7. Аутоназия дегеніміз не?
8. Адам өмірінің мән-мағынасы.
9. Адамның өлместігі.
10. Философиядағы антроптық қағиданың рөлі.

XVIII тарау. Жаһандану үдерістерінің философиялық астары

§1. Жаһандану дегеніміз не?

Мыңдаған жылдар бойы өркениеттік даму шеңберіндегі адамдардың арманы, бір жағынан, басқа ұлттармен және ұлыстармен кездесу, мәдениет үлгілерімен алмасу, бірге бейбіт өмір сүру т.с.с. болса, екінші, шамасы, ешқашанда орындалмайтын – ғарыштағы басқа саналы тіршілікпен, яғни рухпен жүздесу қиялы болатын. Осы тұрғыдан алғанда, көне заманның атақты императоры, ғұлама Аристотельдің тәрбиесінде болған Ескендір, Ортағасырдағы теңдесі жоқ ұлы Шыңғыс хан, Иван Грозный сияқты саяси қайраткерлердің іс-әрекеттерінің астарында «жаһандану идеясы» жатса керек. Мүмкін, олар оны саналы түрде пайымдамаса да, «ішкі көкейкөзімен» сезген шығар.

Тек бүгінгі таңда, XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында бұл идея бүкіл адамзаттың жан дүниесінде тұрақты орын алғандай. Кейбіреуге ол ұнауы немесе ұнамауы да мүмкін, бірақ бірде-бір мемлекет одан оқшау өмір сүре алмайды. Олай болса, жаһандану идеясы философиялық тұрғыдан қажетті түрде қаралып, сарапталуы керек.

Жаһандану дегеніміз – бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. Ол – біздің көз алдымызда өте тез қарқынмен жүріп жатқан үдеріс. Мысалы, бүгінгі Қазақстан қоғамы басқа елдермен экономикалық, сауда-саттық қарым-қатынасқа түсіп, дамып келеді. Алысқа бармай-ақ, өзіңізге және үйіңізге қараңызшы. Үстіңізде Еуропа елдерінің бірінде тігілген костюм, аяғыңызда Түркиядан әкелген туфли, астыңызда Германия немесе Америкадан шыққан жеңіл мәшине, үйіңізде Ресейдің тоңазытқышы, Оңтүстік Кореядан шыққан шаңсорғыш, Жапонияда шығарылған магнитофон, арабтардың тоқыған кілемі, ас дайындайтын бөлмеңізде Үндістан елінен келген шай, Марокодан келген апельсин, Иранннан әкелінген финиктер, АҚШ-тан келген тауықтың аяқтары, Қытайдан әкелінген ыдыс-аяқ т.с.с. Мұндай мысалдарды шексіз келтіре беруге болады. Сонымен қатар біз басқа елдерге мұнай бен газды, жүн мен мақтаны, қара және түрлі түсті металдар мен таскөмірді және басқаларын жіберіп жатырмыз.

Бұл сауда-саттықтың құрылымына қарап, әрине, көкірегі ояу азаматқа неше түрлі ауыр ойлар келеді. Мүмкін, біз, шынында да, «жаңа бодандық» ауруына шалдыққан болармыз? Алайда ондай тұжырымға келуге әлі ертерек сияқты. Өйткені біздің дербестік алып, дамып жатқанымызға бас-аяғы он жылдан сәл артық қана уақыт болды ғой. Бүгінгі таңда өкіметтің неше түрлі инновациялық бағдарламалар

қабылдап, «ұлттық қаржы қорын» жасап, өндірісті дамытуға бел байлап, сол жұмыстарға нақтылы кірісіп жатқанын ел-жұрт біледі. Оған халқымыз да дайын.

Енді саяси салаға келер болсақ, қазақ елі бүкіл дүниежүзілік қауымдастықпен терезесі тең қарым-қатынас орнатуда. Біздің ел дербес мемлекет ретінде мойындалды. Саяси салаға «көппартиялық», «адам құқықтары», «құқықтық мемлекет» т.с.с. ұғымдар еніп, өзгеріске ұшырап жатыр. Біз тек қана БҰҰ-ға ғана кіріп қоймай, басқа да халықаралық ұйымдардың толыққанды мүшесіне айналып жатырмыз.

Бүгінгі таңда қазақ елі өз төл мәдениетімен біршама халықтарды таныстырып, солардың қошеметіне ие болды. Сонымен қатар «бұқара мәдениеті» деген ұғым сөздігімізге кіріп қана қоймай, соның «отандық үлгілері» жасалуда.

Жоғарыда келтірілген қазақ елі өмірінен алынған деректердің бәрі де Жер бетінде жүріп жатқан жаһандану үдерістерімен байланысты екенін бір қарағанда-ақ байқауға болады.

Қоғамды материалистік тұрғыдан қарау әдістемесінің тұрғысынан алып қарағанда, жаһандану үдерісінің негізінде ғылыми-техникалық революция жетістіктерін пайдалану арқылы өндіргіш күштердің күрт дамуы (тек XX ғ. өндіргіш күштердің дамуы өткен 5000 жылдан асып түсті!), млрд. тонна тауарлардың бір елден екінші елге өтуі, байланыс жүйелерінің жетілуі сияқты құбылыстар жатыр. Екінші жағынан, табиғи ресурстардың жер бетінде әртүрлі шоғырлануы, сондықтан елдердің бір-бірімен осы байлықты бөлісу, алмасу мәселелері де жаһандану үдерісіне өз ықпалын тигізбей қоймайды.

Жер бетіндегі мемлекеттердің бір-бірімен жақындасуына, олардың арасында пайда болатын қайшылықтарды шешуге екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), оның әртүрлі салаларды бақылауға арналған мекемелері (ЮНЕСКО, ЮНКТАД т.с.с.) үлкен ықпал жасауда. Бүгінгі таңда жүздеген аймақтық ұйымдар жұмыс істеуде (Еуропа Одағы, ТМД, АСЕАН, ОАЕ т.с.с.).

Жер бетіндегі ұлттар мен ұлыстардың бір-бірімен жақындасуына бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өз үлесін қосуда. Бүгінгі таңда бірде-бір алыс-жақындағы ел, тіпті сонау Тынық мұхитында орналасқан аралдардағы халықтарға дейін адамзаттың назарынан тыс қалмайды. Жұмыстан кейін үйге келіп, теледидар немесе радио, интернет арқылы сол күні тек өз еліңде ғана емес, бүкіл жер бетінде қандай маңызды оқиға болып жатқаны туралы ақпарат алып, соны өзімізше сараптаймыз, өйткені біз оларға немқұрайды қарай алмаймыз. Адамзат жетістіктеріне сүйсіне отырып, қателіктеріне бірге өкінеміз. Бүгінгі адамзатты: «Ғарыш кеңістігінде Жер деген «кемемен» ұшып бара жатқан біртұтас астронавтар командасы», – дер едік.

Келесі назар аударатын нәрсе – жаһандану үдерісі бүкіл адамзатты «бір қалыпқа» салғандай әсер етіп жатыр. Өйткені барлығы да компьютерлік есептеуден өтіп, белгілі бір стандарттарға сай болуы керек. Олай болмайынша, сіз өндірген тауарды сырт елдерге шығару мүмкін емес. Сондықтан миллиондаған адамдардың киген киімінде, мінетін машиналарында, үйіндегі жиһаздарда, тіпті демалатын орындарында, музыка мен өнерде әсіресе бұқаралық мәдениетте біркелкілікке деген ұмтылысты байқаймыз.

Сонымен қатар бүгінгі адамзат әртүрлі мата қиықтарынан жасалған кәдімгі қазақтың көрпесіне де ұқсас. Өйткені әр елдің, халықтың мыңдаған жылдар бойы жинаған мәдениет үлгілері, тілі, ділі, әдет-ғұрпы бар. Ол оған аса қымбат. Біз оның тіпті бағасы жоқ дер едік, өйткені өз төл мәдениетінен айырылған халық тарих сахнасынан жоғалып кетеді. Ал ондай жағдайдың орын алуы адамзаттың өшпес күнәсі болар еді. Әр халық басқа елдерге ең алдымен өз мәдениеті, өмір салтымен қызықты. Бүгінгі таңдағы адамзатты шыны мен бетоннан жасаған биік ғимараттармен таңғалдыра алмайсың, ол оған таңсық емес. Ал Біржан сал, Тәттімбет, Сегіз серінің т.с.с. ұлы перзенттердің өлеңдері, ғұлама Абайдың қара сөздері, көне заманнан сақталған эпос, дастандар оларды, шынында да, таңғалдырып, осындай бабаларымызды тудырған халыққа деген ізгі ықыласын оятатынына біздің күмәніміз жоқ.

Жаһандану үдерісі әртүрлі елдермен жақындасу, бүкіл адамзаттың ортақ тағдырын сезіну, ұлттық мәдениет жетістіктерімен, жаңа технологиялармен алмасуға әкеледі.

Сонымен қатар жаһандану үдерісі біршама бүкіладамзаттық теріс салдары бар қиындықтар тудырып отыр. Енді оларды қысқаша сипаттайық.

§ 2. Жаһандану үдерісі шеңберіндегі өзекті мәселелер

Ең бірінші орында **ядролық соғыс қару-жарағының жетілуі және халықаралық бақылаудың шеңберінен шығып кетуі** жатыр. Бұрыннан келе жатқан ядролық қаруы бар бес мемлекетке бүгінгі таңда Үндістан, Пәкістан, Оңтүстік Африка, Израиль сияқты елдер қосылды. Бірқатар елдер (Иран, Солтүстік Корея) ядролық технологияны меңгеру үстінде. Әңгіменің қиындығы – бұл қосылған жаңа елдер халықаралық шиеленістер аймағында орналасқан. 2001 ж. Үндістан мен Пәкістан арасындағы қақтығыстар сол елдердің мемлекет қайраткерлерінің «ядролық қаруды қолдануымыз мүмкін» деген жантүршігерлік қорқытуымен аяқталғанын білеміз. Бұл мәселені шешудің негізгі жолы – барлық ядролық елдерді (соның ішінде ешкімге де артықшылық

жасамай) халықаралық бақылау негізінде жаппай қарусыздандыру болмақ. Атомның күш-қуаты тек АЭС-терді салу арқылы бейбіт жолға қойылуы керек. Өкінішке қарай, ядролық мемлекеттердің «өзімшіл пиғылы» бұл мәселені үзілді-кесілді шешуге кедергі жасауда. Алайда бұл мәселе ертелі-кеш шешілмейінше, бүкіл адамзат үстіне төнген «ядролық дамокл қылышы» сол үрейінде тұра бермек.

Екінші үлкен мәселе – бүгінгі қалыптасқан тәндік-сезімдік өмір бағыт негізінде **тойымсыздық, табиғи ресурстарды өлшемсіз пайдалану, қоршаған ортаны ластау** – адамзатты болашақ экологиялық апатқа әкелу мүмкіндігі. Біз бұл мәселеге толығырақ тоқталғанды жөн көрдік.

Кез келген қоғам – өте күрделі, өзін-өзі ұйымдастырып дамыта алатын жүйе. Өйткені қоғамның «атомы» – адам. Оның денесімен қатар, ішкі рухани дүниесі ой өрісіне, қиял-арманға, шаттық пен әсерге, қайғымұң мен махаббатқа, неше түрлі жарқын және күңгірт сезімдерге толы. Әр адам өз өмірінің шеңберінде алдына неше түрлі мақсат-мұраттар қойып, соларға жетуге ұмтылады. Егер жануарлар табиғатпен бірге, соған сәйкес өмір сүрсе, өзін табиғатқа қарсы қоя алмаса, адам өзінің санасы арқасында айнала қоршаған ортаны өз мұқтаждығына сай етіп өзгертеді, оны таза табиғат қанағаттандыра алмайды. Осы ерекшелікке сай, бүгінгі таңда жер бетінде мыңдаған қалалар, миллиондаған шақырым асфальт және теміржолдар, бүкіл жер бетін қамтитын интернет, теледидар, ұялы телефондар жүйесі, жасанды су қоймалары, алып зауыттар мен фабрикалар сияқты адамның шығармашылық еңбегі арқылы дүниеге келген заттарды көреміз. Демек, қоғам табиғатпен сан алуан байланыстарға түсіп, өмір сүреді. Ал осы байланыстарды жете түсіну үшін «табиғат» ұғымын талдаудан бастайық.

«Табиғат» ұғымы, негізінен, үш мағынада қолданылады. Ең кең түрде алғанда, дүниеде табиғаттан басқа еш нәрсе жоқ (Құдай идеясын жақшаға алсақ). Қазіргі американ астрофизиктерінің деректеріне сүйенсек, бұл ғалам осыдан 13 млрд. жыл бұрын «Үлкен жарылыстың» негізінде пайда болды. Яғни ғарыштың бір шеті мен екіншісіне дейінгі қашықтық – 13 млрд. сәулелі жылдар.

Ең тар мағынада алғанда «табиғат» ұғымы «мән» санатымен теңеліп кетеді. «Осы заттың табиғаты неде?» – деген сұрақ «Осы заттың мәні неде?» – деген сұраққа тең.

Үшінші мағынада «табиғат» деп Жер бетін, оны қоршаған атмосфера, гидросфера, тропосфераны, сан алуан тіршілікті, қоғамды қоршаған ортаны айтамыз. Міне, осы мағынада біз табиғат ұғымын пайдаланамыз.

Бірінші жақындағанда, біз табиғатты екіге бөлеміз. Олар – өлі және тірі табиғат. Өлі табиғатқа неше түрлі механикалық, физикалық-

химиялық, магниттік, электрлік т.с.с. үдерістерді жатқызуымызға болады.

Ал Жер бетіндегі тіршілікке келер болсақ, ол – дүниеде болып жатқан бір ғажап оқиға. Олай дейтін себебіміз, осы уақытқа дейін, теориялық тұрғыдан ғарыштың басқа да кеңістігінде тіршілік болуының мүмкіндігін мойындасақ та, тек Жер бетіндегі тіршіліктен басқасын таба алмадық. Кең түрде алғанда, тіршілік деп қоршаған ортамен заттық, энергетикалық (күш-қуаттық), ақпараттық алмасуға түсіп, өзін-өзі сақтап жетілетін, сонымен қатар өмірін жалғастыра алатын күрделі жүйені айтамыз. Тіршіліктің Жер бетіндегі дүниеге келгеніне 3,5 млрд. жыл болыпты. Осы уақыттың шеңберінде әртүрлі сансыз тіршілік формалары дүниеге келіп және кетіп, бүгінгі жетілген формаларын тудырды. Оның ең биік теңдесі жоқ түрі – сана сезімі бар рухани пенде – адамның өзі.

Жер бетіндегі миллиардтаған жылдар бойы бір-бірімен өзара байланыста, сәйкестікке келген тіршілікті біз «Үлкен жүйе» деп атауымызға болады. Оның, негізінен алғанда, үш құрамдас бөлігі бар. Олар: а) өсімдіктер әлемі; ә) жануарлар әлемі; б) микроорганизмдер әлемі. Олар, әрине, салыстырмалы түрде дербес болғанымен, бір-бірімен тығыз байланыста болып, Үлкен жүйені құрайды.

Өсімдіктер әлемін көркем түрде аса теңдесі жоқ Күн сәулесін қорландыратын аккумулятор десек те болады, өйткені олар жапырақтарын Күнге қарай бұрып, тамырлары арқылы жер астындағы неше түрлі минералдарды бойына тартып, фотосинтез арқылы өз денесіне айналдырады.

Жануарлар сол өсімдіктермен қоректеніп, олардың денелеріндегі қорланған энергия мен минералдық элементтерді өз бойына сіңіріп, өсіп-өніп, сонымен қатар кеңістікте қозғалуға мүмкіндік алады.

Енді көзге көрінбейтін тірі организмдер – микробтар мен вирустар әлеміне келсек, оларсыз жоғарыдағы екі әлем де өмір сүре алмас еді. Күзде шөптер сарғайып, шіри бастайды. Микроорганизмдер оларды қайтадан табиғатқа минералдық тұздар мен элементтер ретінде кіргізеді. Микроорганизмдер болмаса, жануарлар жегендерін қорыта алмас еді, ал олар өлгенде, олардың денесін шірітіп, қайта табиғатқа қосатын да – сол микроорганизмдер.

Сонымен, қарап отырсақ, осы үш тіршілік әлемі бір-бірінсіз өмір сүре алмайды екен. Бұл үлкен жүйені ғылыми тілде биосфера (тіршілік аймағы) дейді. Биогеоценоз дейтін екінші ұғым – белгілі бір географиялық аймақта миллиондаған жылдар бойы үйлесімді қалыптасып қалған тіршілік әлемін көрсетеді. Мысалы, Қазақстан көлдері мен өзендерінде қолтырауын деген жануар өмір сүрмейді. Ол экватор бойындағы өзендер мен көлдерде ғана өмір сүреді. Сонымен

қатар тропиктегі көп өсімдіктер мен микроорганизмдер, жануарлар да біздің жерімізде өмір сүре алмас еді. Өйткені бұл жердегі қоршаған ортаға олар бейімделмеген.

Енді табиғат пен қоғамның өзара байланысын талдайтын уақыт та келді. Көне тарихта табиғат қоғамның қалыптасуы мен дамуына екі түрлі әсерін тигізді. Біріншіден, табиғаты өте бай, ауа райы жұмсақ жерде, сонымен қатар табиғаты өте қатал, ауа райы суық жерлерде қоғамның дамуы тоқырап, бір орында тоқтап қалғандай болды. Оның негізгі себептері мынада. Экватордың тұсындағы көп аралдарда адам өзіне керекті нәрселердің бәрін де даяр түрде гүлденген табиғаттан тауып алады. Табиғат адамды жас бала сияқты әлпештейді. Ол теледидардан көрсететін «Баунти» жарнамасындағы көрініс сияқты. Адам ұйқылы-ояу, оған еш нәрсені ойлап шығару тіпті де қажет емес.

Ал енді солтүстіктегі артта қалған халықтарды алсақ, ондағы табиғаттың қаталдығы соншалықты, бүкіл адамдардың бірлесе жасаған іс-әрекеттері мен күш-қуаттары тек өмірде тірі қалуға ғана жетеді, сондықтан айнала қоршаған қатал табиғатты өз еркіне көндіруге мүмкіндіктері болмай қалады.

Тіпті алысқа кетпей-ақ, арғы бабаларымыздың өмір салтына көз жіберсек, мыңдаған жылдарға өзгермей созылған көшпенділік дәстүрінің өзі Сарыарқаның қатал табиғатынан шықпай ма?

Сондықтан қоғамның дамуына жақсы жағдай табиғаты жұмсақ, суы мол, бірақ еңбек етуді талап етіп, оның қайырымы мол жерлерде дамыды. Олай болса, алғашқы көне цивилизациялардың жұмсақ табиғаты бар ұлы өзендердің жағасында орналасуы – заңды нәрсе. Олар – Тигр мен Ефрат, Ганг пен Инд, Хуанхе мен Янцзы өзендерінің екі ортасы, Нилдің бойында т.с.с. жерлерде дүниеге келіп, дамыды.

Мыңдаған жылдардың шеңберінде адамзат өндіргіш күштерді дамытып, айнала қоршаған ортаны қаншалықты өзгерткенмен, табиғат өзінің ішкі тұрақтылығын сақтап, щаруашылық қоқыстарын өз мүмкіндіктерін пайдаланып қорытып, қайтадан өз бойына сіңіріп отырды. Тек тарихқа Жаңа дәуір келіп, қалалар күрт өсіп, мыңдаған зауыттар мен фабрикалар миллиондаған тонна өндіріс қоқыстарын қоршаған ортаға шаша бастаған кезде, табиғаттағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылып жатқаны байқалды. Адам қоршаған ортаны өз еркіне көндіріп, оны қайта құру жолында тез дами бастады. Алғашқы кездерде табиғатқа жасалған жаралар тіпті байқалмады, оған қоғамдық сана да көп көңіл бөлген жоқ-ты.

Табиғат пен қоғамның арасындағы ахуал әсіресе XX ғ. күрт өзгере бастады. Оның ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін өндірісте кеңінен қолданып, соның негізінде қоғамдық-материалдық байлықты өсіріп, адамдарға жақсы жағдай жасау әрекетінен шығатыны

сөзсіз. Бір жағынан, адам өз шаруашылық іс-әрекетінің нәтижелілігін күрт өсірді, оның тұрмысы жақсарды, орташа өмір ұзақтығы да біршама өсті. Екінші жағынан, тек өз қамын ойлау, табиғатты тек қана белгілі бір ресурс, шикізат ретінде пайдалану өзінің теріс салдарларын өмірге әкелмей қоймады. Табиғаттың жүйелі ұйымдасқанын ескермей, оның кейбір элементтерін өзгерту айнала қоршаған ортаның сапасын төмендете береді. Өзінің мақсаттарын іске асырудағы қоғамның алғашқы жоспарлары мен нақтылы өмірдегі өзгерістердің салдарлары жер мен көктей болып, үлкен қайшылықтарға әкеледі. Адам өз шаруашылық іс-әрекетінің алыс болашақтағы салдарларын (көбіне теріс) көп жағдайларда ескере алмайды. Тек бірнеше ғана мысал келтірейік. Соңғы 100 жылда ауадағы көмірқышқыл газдың үлесі 20%-ға дейін өсті, теледидар мен радионың дамуы жер бетіндегі метрлік толқындағы радиосәулелерді 1 млн. есе өсіріп, Күндегі радиосәулелермен теңестірді. Қоршаған ортада миллиондаған тонна улы заттар айналымда. Тек қана 1 тонна мұнай теңізге төгілгенде 12 шаршы шақырым кеңістікті жауып кетіп, оның астындағы тіршілікті құртады екен. Қоршаған ортаны ластаудың нәтижесінде ананың организмінде мутациялар болып, туа мүгедек балалардың саны бүкіл жер бетінде жыл сайын үрейлі түрде өсуде.

Әсіресе экологиялық ахуал бұрынғы Кеңес Одағында қатты бұзылды. Капиталистік қоғамдық жүйемен жарыс барысында алып өндіріс ошақтары жоспарланып салынғанда, оның әкелетін экологиялық салдарларына мән берілмеді. Тек қана бірер мысал келтірейік. Кремльдегі қартайған партия олигархтары 60 жылдары күріш пен мақта өндіруде дербестік дәрежеге жетуді көздеген дақпырт ойды басшылыққа алып, Амудария мен Сырдария суын Өзбекстан мен Қазақстанның шөл далаларына ағызды. Соның нәтижесінде 30 млн. жыл бойы өмір сүрген Арал теңізі құрып, ширек ғасырдың шеңберінде экологиялық апат осы аймаққа келіп жетті. Орталық Қазақстанның әйгілі киігі Байқоңырдан ұшырылатын ракеталардың жағатын уға толы жанармайының салдарынан толығынан құрып кету жағдайында. Семей аймағындағы радиация мыңдаған адамдардың өмірін қысқартып, іс жүзінде, халықты жаппай қыратын зұлматқа әкеліп жатыр. Мұндай деректердің санын жүздеп келтіруге болар еді. Оның көпшілігімен оқырман да таныс шығар.

Соңғы жылдары ешқандай ғылыми зерттеулерсіз-ақ жер бетіндегі ауа райының өзгеріп жатқанын байқауға болады. Теңіз бен мұхитқа жақын елдер неше түрлі цунами, тайфундардың зардабын көруде. Аляскадағы мұхит жағалауындағы қалашықтар су астында қалып, көшірілуде. Орта Азия мен Қазақстанның ауа райы да өзгеріске түсуде. Әсіресе аянышты жағдай Африка континентінде байқалуда.

Ал бұл деректердің өзі экологиялық мәселелердің бүкіл адамзаттың мүдделеріне әсерін тигізетінін көрсетеді. Оның негізгі себебі ауаның, өзен мен теңіздің суларының ұлттық шекарасының жоқтығынан шығады. Егер бір жер ластанса, ауа мен су арқылы ол басқа жерлерге де тарайды. Сондықтан бүкіл адамзаттың басы бірікпей, экологиялық мәселелерді шешу мүмкін болмай отыр.

Бұл арада бүгінгі таңда кейбір мемлекеттердің жақын арадағы ұлттық мүдделері мен адамзат арасында қайшылықтар пайда болуда. Мысалы, Бразилия тез қарқынмен дамып, Сельвадағы (ну орман) құнды ағаштарды қырқып, босаған жерлерге кофе плантацияларын отырғызып жатыр. Ал атмосфераға оттегін беретін – мұхит пен теңіз, Сібір мен Сельвадағы ну ормандар. Яғни ол Бразилияға пайда әкелгенмен, бүкіл адамзат мүддесіне қайшы келеді. Сол сияқты, Каспий теңізіндегі мұнайды Қазақстан, Әзірбайжан, Ресей мемлекеттері аса тез қарқынмен игеруде. Ал Каспийдің мұнайдан тыс биологиялық байлығы 500 млрд. доллардан асады. Сондықтан Каспийдің табиғи байлығын құртып алу үрейі осы арада тұрып жатқан халықтарды алаңдатуда.

Соңғы жылдары бүкіладамзаттық деңгейге көтерілген бірнеше ғылыми конференция (Рио-де-Жанейро, Киото, Буэнос-Айрес) өтіп, жақсы шешімдер жасалды. Бірақ, өкінішке қарай, олар орындалып жатқан жоқ. Мысалы, Киото конференциясында анықталған атмосфераға шығаратын улы лас түтіннің мөлшерін қысқарту шешімін АҚШ – көш басындағы дамыған ел – орындамай отыр. «Ол біздің ұлттық мүддемізге қайшы келеді», – дейді олар. Мұндай жағдайда экологиялық мәселелерді шешу қиын шаруаға айналмақ.

Табиғат пен қоғам арасындағы қайшылықтарды шешу жолында қоғамдық санада, негізінен, екі пікір қалыптасты. Біреуі – сциентистік (ғылыми), екіншісі – антисциентистік, гуманитарлық бағыттар.

Сциентистік бағыттың өкілдері – бүгінгі адамзат ғылым мен техниканың дамуының алғашқы сатысын ғана бастан кешуде. Жас кезінде неше түрлі бала ауруларынан өтіп есейген адам сияқты, болашақта неше түрлі экологиялық қайшылықтардан өтіп, адамзат сол ғылым мен техниканың дамыған сатысында барлық мәселелерді шешуге мүмкіндік алады, сондықтан экологиялық үрейлерден қорықпау керек деген оптимистік өміршеңдік пікір ұстауда.

Екінші антисциентистік бағыт – барлық экологиялық қайшылықтардың түп-тамырын ғылым мен техниканың дамуынан көріп, оларды құмыраның ішінен шығып кетіп, адамның өзіне, бүкіл тіршілікке үрей туғызып отырған жынға теңейді. Сондықтан олар жаңа өндіріс кешендерін салуды дереу тоқтату керектігі, әйтпесе тіршілік әлемі оның қысымын ары қарай көтере алмайтыны туралы пікір айтады.

Бұл пікірлердің сыңаржақтығын, бір қарағанда, байқауға болатын сияқты. Біріншіден, ғылыми-техникалық революцияны тоқтату мүмкін емес, оның өзіне тән даму заңдылықтары бар. Керісінше айту – адамдардың шығармашылық еңбегін тоқыратуға тең, онда адамдардың өмірінің мән-мағынасы, оның басқа тіршіліктерден негізгі ерекшелігі жойылар еді. Екінші жағынан, жаңа ғана дамып келе жатқан елдерге өндіріс кешендерін салмаңдар деу олардың мәңгі артта қалуымен тең бағаланып, іс жүзінде үлкен қайшылықтар тудырып, ондай шешімдерге ешбір ел құлақ салмас еді.

Біздің ойымызша, шындық осы екі пікірдің ортасында болса керек. Қазіргі дамыған бай елдердің тәжірибесі энергияны аз қабылдайтын, экологиялық таза технологияларды өмірге енгізіп, көп мәселелерді шешуге болатынын дәлелдеп отыр. Алайда біз мынаны ұмытпауымыз керек. Қазіргі дамыған елдер іс жүзінде, көп экологиялық зияндықтары бар шикізат өндірісін жаңа ғана дамып келе жатқан елдердің үлесіне өткізіп, өздері аса биік технологиялық дәрежеге көтерілген өндірісті ұстап отыр. Сондықтан олардың өндіретін заттары басқаларға қарағанда ондаған есе қымбат. Тағы бір естен шығармайтын нәрсе – байлықтың күрт өсуіне байланысты тұтыну қоғамы пайда болып, тойымсыздыққа, соның негізінде бақталастыққа жол ашылды. Егер осы жолмен барлық елдер дамыса, онда адамзат тіршіліктің ішіне кіріп, соны құртып жатқан қатерлі ісікке айналады.

Бұл айтылған ойлардан шығатын бірауыз сөз – ол қазіргі адамзаттың рухани тоқыраудан тезірек шығуы қажеттігі, Батыс технократизмі мен сциентизмінің болашағының жоқтығы, бұл жолда адамзаттың бірде-бір негізгі мәселелерінің шешілмейтіндігі болса керек.

Біздің ойымызша, бұл жолда көшпенділердің тарихи тәжірибесі қазіргі адамзатқа ауадай қажет сияқты. Қазақ санасында «қанағат» ұғымы үлкен орын алады. Өмір бағытына келер болсақ, онда бабаларымыз «алудан» гөрі «болуды» биік ұстаған. Біздің ойымызша, Қазақстан кезекті тарихи жаңару сатысында бүкіладамзаттық өрлеу үдерісіне сай келу, экологиялық мәселелерді шешу үшін жаңа технологияларды игеріп қана қоймай, олардың жаңа түрлерін тудыра алатын дәрежеге көтерілуі қажет. Ол үшін жоғары білім беру саласы, ғылым мен техниканың дамуы жаңа дәрежеге көтерілуі керек. Сонымен қатар жалаң еліктеушіліктен арылып, өз жеріміз, еліміз, руханиятымыздың ерекшеліктерін ескере білуіміз қажет. Қазақстан тіпті де Бразилия, я болмаса Оңтүстік Корея, Австралия емес. Адамның өмір сүру құны бізде біршама қымбат, өйткені жылына жеті ай бойы от жағу қажет. Біздің елімізге шикізат өндірісіне ғана шетел қаражаты келуінің себебі де осында. Қолдағы байлықты бағалай біліп, оны әртүрлі деңгейде өңдеп сатудың тиімділігі анағұрлым артық. Ол үшін отандық іскерлер

тобының қорланған қаражаттарын біріктіріп, ұлттық экономиканың әлсіз жақтарына жұмсау қажет.

Ерекше атап өтетін кемшілік – Батыстағы тұтыну қоғамының үлгілеріне тамсана қарап, соған еліктеу болып отыр. Бұл жолда біз сәтсіздікке ұшырауымыз мүмкін. Біріншіден, біз оларды қуып жеткенімізше, олар бір орында тұрып қалмас. Екіншіден, материалдық тәндік-сезімдік өмір жолында өз руханиятымыздан жұрдай болып қалуымыз мүмкін. Үшіншіден, «Мерседес» мініп, уланған, жараланған аянышты табиғатымыздың ортасында масаттанып жүргеніміз бізге лайықты болмас.

Сондықтан табиғат пен қоғамды өзара үйлесімді дамыту үшін біз болашақта өзіміздің рухымызға негізделген жаңа өмірдің сапасын тудыруымыз қажет. Яғни адамға керек негізгі қажеттіліктер толығынан өтелуі керек. Олар: ішетін таза су, дем алатын таза ауа, сапалы тамақ, барлық адамдар пайдалана алатын биік дәрежедегі білім беру және денсаулық сақтау, мәдениет, спорт жүйелері т.с.с. Оның сыртындағы байлық табиғатты тазартуға, оны аялауға жұмсалуы қажет.

Бүгінгі таңда аса керекті нәрсе – табиғаттың, яғни болашақ ұрпақтардың құқын заң жүзінде қорғау болмақ. Өйткені адамның өзі – табиғаттың ең әсем гүлі, ол адам арқылы ғана өз-өзін сезініп, түсіне алады. Табиғатты бүлдіретін де, оны аялайтын да – адам. Олай болса, сапалы жасалған қатаң экология заңдары қажет. Әсіресе шикізат өндірісіне қойылатын экологиялық талаптар өте қатаң болуы керек, өйткені олар – қоршаған ортаны ластауға негізгі «үлес» қосады. Өндіріске енгізілетін бірде-бір кешен экологиялық талаптарды орындамай, іске қосылмауы керек.

Соңғы – халықтың экологиялық санасын биік деңгейге көтеру. Ол жұмыс мектеп табалдырығынан басталып, барлық ұжымдарда жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Күнбе-күнгі ақпарат құралдарында бұл мәселе өз орнын тауып, қоғамдық сананың өткір мәселесіне айналуы қажет.

Жас дос, қорыта келе, сіз де өз Отанын, оның сұлу да қатал табиғатын жан аямай қорғайсыз ғой деп сенеміз.

Үшінші – **демографиялық мәселелер, яғни жер бетіндегі халықтың тым тез қарқынмен өсуі.** Егер соңғы мыңжылдықта жер бетіндегі халықтың саны 15 есе өссе, оның бірінші рет екі есеге өсуі – 700 жылда, соңғысы 40 жылда (егер 1956 ж. жер бетінде 2,8 млрд халық өмір сүрсе, 2004 ж. – 6,3 млрд.) болған. Әрине, бұл деректер үлкен ойға қалдырады. Бұл өсімнің 9/10-ы дамушы елдерге жатады. Сонымен қатар дамыған елдердегі халықтың құрылымын алар болсақ, онда кәрілердің саны өсіп (жақсы жағдайдағы өмір ұзақтығына байланысты), сонымен қатар туу деңгейі тым төмендеп кеткен. Сондықтан ол елдерде

халықтың өсуі түгіл, оны ескі деңгейде сақтау үлкен мәселеге айналуда.

Демографтардың болжауынша, алдағы уақытта Үндістан халқының саны қытайлықтардан да гөрі артып, ал Африкада халықтың саны 1,5 млрд-қа дейін жетуі мүмкін. Халқы тез өсіп жатқан даму үстіндегі елдердегі өндіргіш күштердің төмендігі, ауыл шаруашылығы өнімділігі, тұрғындардың жалпы мәдени деңгейі, білім беру саласы – бәрі де сын көтермейтін жағдайда. Мұндай ахуал бұрыннан келе жатқан өмір салтын ұстау, бала тууға шек қоймау әдетімен байланысты екені айдан анық. Сондықтан бұл үдеріс таяу арада бәсеңдейді деу артығырақ болар. Дегенмен де Қытай еліндегі соңғы 15 жыл шамасында жүргізілген демография-лық саясат өз күшін көрсетті. Ертелікеш басқа елдер де сондай саясатқа көшуі мүмкін.

Жаһандану үдерісі **«Солтүстік пен Оңтүстік» мәселесін** тудырды. Бұл – төртінші мәселе. Жалпылай келе, экватордан жоғары орналасқан елдердің даму қарқыны мен өмір сүру деңгейі төмен жатқан елдерден гөрі анағұрлым жоғары. Егерде дамыған елдерде тойымсыздық жолына түскен «алтын млрд» тұрып жатса, жер бетінде осы күнге дейін тағы 1 млрд-қа жуық адам, басқа қажеттіліктерді өтеуді айтпағанның өзінде, күнбе-күн азық-түлікке жарымай отыр, ал 75 млн. адам аштықтың зардабынан жыл сайын дүниеден кетеді. Бұл дамыған елдер мен дамып келе жатқан елдердің арасындағы қайшылықтың өсуіне тығыз байланысты. Бүгінгі таңда дамып келе жатқан елдердің дамыған елдерге 1 трлн. доллардан артық берешегі бар!!! Олар оны өтеу түгіл, оның өсімінің өзін төлеуге қиналады. Сондықтан да Кубаның көсемі Ф.Кастро БҰҰ-ның мінбесінен осы борышты сызып тастауға шақырды. Алайда дамыған елдер ондай шараға барар емес. Ал мұндай жағдайдың өршуі кедей елдердің наразылығын тудырып, неше түрлі экстремистік қозғалыстарға дем береді.

Әрине, дамыған елдер оларға көмек жасағандай болады. Жылына шамамен 50 млрд. долларға жуық қаржы бөлінеді (салыстырыңыз: 2003-2004 жж. АҚШ Ирактағы соғысқа ғана 200 млрд-тан артық қаражат жұмсады). Өткен ғасырдың екінші жартысында дамыған елдер «көмек» ретінде ауыр да лас өндіріс салаларының бірқатарын дамып келе жатқан мемлекеттерге аударды. Нәтижесінде, олар үш ұтысқа ие болды: өз елдерінің экологиясын дұрыстады, екіншіден, арзан жұмыс күшін пайдаланып, табыстарын өсірді, үшіншіден, ол елдердің шикізаттарын пайдаланды. Дегенмен де ол кезде дамыған елдер мен дамып келе жатқандардың арасындағы айырмашылық бірте-бірте қысқарады деген үміт болған-ды. XX ғ. 70-80 жж. бұл айырмашылық, керісінше, күрт өсе бастады. Себебі, біршама дамып келе жатқан елдер жаңа компьютерлік бағдарламаға негізделген технологияларды игеруге халықтың жалпы

білімінің төмендігінен қол жеткізе алмады. Ғалымдардың есебі бойынша, кейбір елдер дамыған мемлекеттерден 150 есеге дейін қалып қойыпты!!! Егерде шикізатқа бай елдер табиғи байлықтарын сатып күн көрсе, жоқ елдер дүниежүзілік сауда-саттықтың шетіне ысырылып, қайыршылықтың ауыр зардабын көруде. Сонымен, құрметті оқырман, халықаралық терроризм мен экстремизмнің негізгі қайнар көзі ислам дінінде емес, дамып келе жатқан елдердің аянышты әлеуметтік-экономикалық жағдайында екенін түсінген боларсыздар.

Енді бесінші мәселеге келер болсақ, жоғарыда көрсетілгендей, **халықтың білім деңгейін көтермей, бүгінгі технологияларды игеру** мүмкін емес. Адам тіпті әріптерді танып, оқи алғанның өзінде де «функционалдық надандықта» болуы мүмкін. Яғни ол компьютерлік технологияларды меңгеріп, жұмыс істей алмайды. Олай болса, білім беру мәселесі де жаһандану үдерісінің негізгі қиындықтарының біріне айналып отыр. Екінші жағынан, надандықтың демографиялық мәселені шешуге де кедергі тудыратыны белгілі. Дүниежүзілік тәжірибе «отбасын жоспарлау» тек сауатты, салауатты да білімі жоғары елдерде ғана іске асатынын көрсетеді.

Алтыншыдан, соңғы кезде ғалымдар жаһандану үдерісінің негізгі мәселелері ретінде **денсаулықты сақтау** мәселесін атауда. Өйткені бүгінгі таңда адамзаттың қоршаған ортаны түбегейлі өзгертуі және адамдардың денсаулығы төмендеуінің арасындағы байланысты анықтап отыр. Оның куәсі ретінде жүрек, бүйрек, бауыр, мұрыннан қан кету, ЖИТС, қатерлі ісік т.с.с. «цивилизация ауруларын» келтіруге болады. Егерде дамыған елдердегі аурулардың көбі тамақты көп ішу, жүріп-тұрудың (қозғалыстың) аздығы, шылым шегу, тәндік-сезімдік өмір бағытын ұстаудағы жолда байлықты өсіремін деп жүйкені тоздыру смяқты себептерден болса, дамып келе жатқан елдерде қоршаған ортаның ластануы, баспана қиындығы, ішетін ауызсу сапасының төмендігі, туберкулез, трахома, малярия т.с.с. «әлеуметтік ауруларды» тудырады. Жаһандану үдерісі миллиондаған адамдардың бір елден екіншіге, бір континенттен келесіге көшіп-қонуына әкеліп жатыр. Сондықтан жұқпалы аурулар бүкіл әлемге кеңінен тарап, адамзаттың үрейін туғызуда…

Жаһандану мәселелерін шешу жолдарын зерттеуде, негізінен, екі бағыт қалыптасты. Олар: технооптимизм (болашақ жарқын) және технопессимизм (болашақ қасіретті).

Технооптимистік көзқарастар өз мәресіне XX ғ. 60 жж. жетті. Ол кезде ғылыми-техникалық революция (ҒТР) жетістіктерін кеңінен өндірісте пайдалану қарқын алған болатын. Дж.Гелбрайт, Р.Арон т.б. ғалымдар ғылым мен техниканың дамуы «бұқаралық нарықты»

тудырып, болашақта Жер бетіндегі барлық халықтарға тамаша өмір әкеледі деген ой тастады. 80 жж. Д.Бэлл, Ж.Фурастье, А.Тофлер сияқты ғалымдар «ғылымның негізгі өндіргіш күшке» айналуына байланысты, барлық жер бетінде қорланған мәселелерді компьютерлік технологияларды өмірге енгізу арқылы шешуге болатынын айтты. Алайда жақын арада-ақ ҒТР-дың теріс салдарлары да айқындала бастады. Көп елдер экологиялық дағдарысқа ұшырады. Шикізат қорларының шексіз еместігі анықтала бастады. Дамыған елдер мен артта қалған елдердің арасында қайшылық өсе бастады т.с.с. Әрине, бұл теріс өзгерістер технопессимистік көзқарастарды тудырды.

Технопессимизм (Г.Маркузе, К.Лоренц, Д.Гудмен т.б.) қазіргі қоғам адамдарды ғылым мен техниканың құлына айналдырады деген пікір айтты. К.Лоренц ҒТР адамдарды мыңдаған жылдар бойы бейімделген табиғи қоршаған ортадан жұлып алып, «тастан жасалған джунглиге» қамады. Кейбір адамдар жылдар бойы табиғатқа шыға алмайды. Автоматтар адамдарды ауыр қара жұмыстан босатқанмен, оның жүйкесін анағұрлым тез тоздырады. Қиындығы жоқ жеңіл өмір адамның күшті сезімдерін, өмірге деген жігерін әлсіретіп, зерігуге әкеледі. Іші пысқан адам не істерін білмей, өз өміріне қанағаттанбай, есірткімен әуестене бастайды…

Технопессимистер тәндік-сезімдік өмір бағдарламасынан бас тарту, тойымсыздық пиғылды жою, қанағатқа келу мәселелерін көтерді.

Батыста, Рим қаласында, 1968 ж. көрнекті ғалымдар «Рим клубын» құрып, адамзат алдында тұрған орасан зор қиын мәселелерді зерттеуге кірісті. Нәтижесінде «жарылған бомбадай» дүниежүзілік қауымға әсерін тигізген «Өсудің шегі» (The Limit of Growth) деген баяндама 1972 ж. дүниеге келді. Бұл баяндамада табиғат байлықтарының шектелгені, ары қарай жаңа өндіріс кешендерін салудың экологиялық теңдікті жойып, адамзатты апатқа әкелуі мүмкіндігі баса айтылды. Осы клубтың бірінші президенті А.Печчеи адамзатқа ең керекті нәрсе руханияттылық, әсіресе адамгершілік деп, тек сонда ғана қорланған мәселелерді шешуге болатыны туралы пікір айтты. Орыстың ұлы ғалымы Н.Моисеев: «XX ғ. адамзатқа ескерту жасады. Егер XXI ғ. ол оған мойын бұрмаса, құрып кетуі мүмкін», – деген ой тастайды.

Әрине, бүгінгі таңдағы ұлы ғалымдар алаңдаушылығының терең себептері бар. Уақытында ағылшын ойшылы лорд Честертон айтқандай, байлық адамды аздырады. Өкінішке қарай, материалдық байлықтың өсуі көп жағдайда соншалықты рухани өрлеуге әкелмейді. Керісінше, рухани құлдырау байқалады. Оны бүгінгі таңдағы өз өмірімізден-ақ көріп жатырмыз. Бұл қайшылықты жою адамзаттың қолынан келер ме екен? Болашақ өмір оны көрсетер деген ойдамыз.

§ 3. Дүниежүзілік қауымдастық шеңберіндегі тәуелсіз Қазақстан (қорытынды есебінде)

Адамзат тарихы көрсеткендей, қайсыбір империя ертелі-кеш ыдырайды. XX ғ. 80 жж. бастап, Жер бетіндегі соңғының бірі болып Кеңес Одағы да үлкен дағдарысқа түсіп, соның нәтижесінде 90 жж. басында тәуелсіз жаңа мемлекеттер пайда болды. Тарихта бірінші рет бабаларымыздан қалған алып аумақта қазақ халқының басы бірігіп, әртүрлі жағдайлармен келген басқа ұлт өкілдерімен қосыла, өз мемлекеттігінің негізін қалай бастады.

Жас мемлекеттің алдында, негізінен, үш үлкен іс жатыр еді. Біріншіден, жаппай мемлекеттік меншікке өткен ұлт байлығын жекешелендіру арқылы нарықтық экономиканы орнату, екіншіден, саяси міндеттерді бүгінгі таңдағы талаптарға сай етіп өзгерту (көппартиялық, құқықтық мемлекет т.с.с.), үшіншіден, халықтың тілі мен ділін, рухани өмірін қалпына келтіріп, қайта жаңғырту болатын.

Осы талаптарға сай біздің елде болған көп өзгерістерді философиялық тұрғыдан сараптағанбыз (алдыңғы тарауларды қараңыз).

Бұл тарауда, сондықтан бір-ақ нәрсеге назар аударғымыз келеді. Ол – **адамзаттың рухани дағдарысқа түсуі.** Қазақ елінің жас мемлекеттігі осы дағдарыс шеңберінде қалыптасып жатыр. Расында да, Жаңа дәуір адамзатқа екі ғажап идея ұсынған болатын. Оның біреуі – социалистік идея болса, екіншісі – сциентизм, ғылым мен техниканың негізінде қоғам өміріндегі барлық жетіспеушілікті жеңіп, бақытты өмір орнату болатын-ды. Бүгінгі таңда осы екі идеяның да тас-талқаны шықты. Біз ол туралы жоғарғы тарауларда өз ойларымызды айтқанбыз. Дәл қазір бүкіл адамзатты елең еткізетін **еш бір жаңа идея болмай тұр**.

Әрине, мұндай ахуал өтіп жатқан өзгерістерге өз ықпалын тигізбей қоймайды. Сондықтан да реформа барысында Батыс елдерінде дүниеге келіп жетілген «оңшыл» либерализм саясаты қолданыла бастады. Бұл саясаттың қысқаша мәнін **«әрбіреуге өзінікі»** деген қағидаға теңеуге болады. Әр адам өзінше іс-әрекет жасап, ең алдымен өз қамын ойлауы керек. Осы себепті мыңдаған жылдар бойы қауымдастықтың рухында тәрбиеленген халықтың санасында «құндылықтар қақтығысы» пайда болып, үлкен қайшылықтарды тудырды.

Әлеуметтік-экономикалық салада асығыс түрде жүргізілген жекешелендіру саясаты (біз оған мәжбүр болдық), тез арада қоғамның «жаңа қайта топтануына» (рестратификация) әкеліп, әлеуметтік құрылымды түбегейлі өзгертті. Байлық пен кедейлік арасында қалыптасқан айырмашылық Батыста қалыптасқан өлшемдерді басып өтіп, ешқандай сын көтермейтін жағдайға әкелді. Негізгі кемшілік – жаңадан пайда болған дәулетті адамдардың бірқатарының, дәлірек айтсақ, буржуазияның

халық алдындағы жауапкершілігінің төмендігі, моральдық қасиеттерінің тайыздығы. Өтпелі қоғамдағы жаңа қалыптасып жатқан кейбір іскер топтар өкілдерінің көбінің бойында қарапайымдылық, басқалардың қамын ойлау, әділеттілік деген қасиеттер жоқтың қасында. Жеңіл келген байлықтың буына мас болған кейбіреулер тіпті дөрекі нәрселерді жасап, өзін қоғамдық пікірге батыл қарсы қоюда.

Мұндай теріс ахуал қалыптасуының негізінде реформаларды тез арада өткізу қажеттігі жатқан болатын. Екіншіден, әрине, Батыс өмір салтына әсіресе «тәтті өмір» идеологиясына ойланбай еліктеу жатса керек. Нәтижесінде «жаңа орыстар», «жаңа қазақтар» деген сөз тіркестері пайда болып, халық жүздеген анекдоттарда оларға өз бағасын берді. Олар халықтың сый-қошеметіне ие болу, өз әлеуметтік мәртебесін мойындату үшін жаңа жұмыс орындарын ашуы, қорланған көп әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысуы қажет. Өйткені либералдық саясат ұстаған мемлекет, біздің жағдайда, тез арада оларды шеше алмайды.

Қазақ елінің ерекшелігін ескере отырып (аумақ көлемділігі, ауа райының қаталдығы, халқының аздығы т.с.с.), мемлекеттің аса үлкен рөлін ескеру қажет. Олай дейтін себебіміз: реформа барысында мемлекетке деген «романтикалық», «жеңіл» көзқарастың қалыптасуы нарыққа аса көп үміт артуға байланысты болды. Реформаторлардың ойынша, нарық қалыптасса, А.Смиттің «көзге көрінбейтін нарық қолы» барлық экономикалық қатынастарды өзі-ақ ретке келтіреді. Ал мемлекет жекенің мүлкін сақтайтын «түнгі күзетші» болып, салықты жинап, қоғамның қажетіне жаратуы керек. Екінші бір кең тараған «либералдық пікір» – тек қана жеке меншіктің аса тиімділігі, ал мемлекеттік меншіктің ауырлығы, өзгеріп жатқан ахуалға тез икемделе алмауы т.с.с. Шынына келгенде, әңгіме меншік формасында емес, оны **тиімді басқаруда (менеджмент)** екенін бүкіл әлем біледі. Олай болса, мемлекеттік меншікті нығайтып, оны басқаратын «топменеджерлерді» дайындауға аса көп назар аударылуы қажет сияқты. Энергетика, жолдар мен басқа коммуникациялар, су тораптары секілді өмірлік маңызы бар шаруашылық кешендері мемлекеттің қолында болуы керек. Бүгінгі таңда, еркіндік ұлттық капитал қорланған кезде, ел байлығын «оңға-солға» сатуды тоқтатып, керісінше, бұрын басқаларға өтіп кеткен шикізат кеніштерін мемлекетке қайта оралту қажет. Сонда ғана мемлекет әлеуметтік мәселелерді кеңінен шеше алатын дәрежеге көтеріледі.

Дербестік жолында саяси салада біршама оң өзгерістер қалыптасты. Біз оны «зиялы демократиялық құндылықтарды жақтайтын авторитаризм» деп бағалар едік. Елімізде «сөз бостандығы», «көппартиялық», «кәсіби парламент», жүздеген «үкіметтік емес ұйымдар» пайда болды. Президенттің тағайындауымен жұмыс жасайтын атқару жүйесінің

арқасында елде тәртіп болып, ең қиын уақыттардан аман-есен шықтық. Десек те, қайсыбір авторитаризмнің осал жері – сыбайлас жемқорлықтың етек алып кетуі, шен иелерінің озбырлығы. Бұл – Қазақстанға да қатысты нәрсе. Оның көлемін қысқарту үшін, демократиялық үдеріс ары қарай дамуы қажет. Сондай-ақ жоғарыдағы көрсетілген ел ерекшеліктері президенттік басқару жүйесінің сақталуын қажет ететіні де сөзсіз.

Қоғамның рухани өмірі шеңберіндегі мәселелеріне келсек, онда бірінші орынға білім беру мәселелерін қойған болар едік. Бұл салада да асырасілтеушілік болмады емес. Ол, негізінен, жеке меншікке негізделген оқу орындарын жасаумен байланысты болды.

Екіншіден, Батыс үлгілеріне өз жағдайымызды ескермей еліктеу, білім саласында технократтық саясат жүргізу, гуманитарлық білім беруге көңіл аудармау, «біржақты, тек өз мамандығын ғана білетін» кадрларды дайындау дер едік.

Қайсыбір рухани саланың өзегі – тіл. Дербестік алған елімізде қазақ тілі кең тыныс алып, даму үстінде. Көп халықтар өкілдері жиналған елдегі жетістік – бүкіл Қазақстан халқының қазақ тілін оқып-білуге бағытталған бетбұрысы. Әрине, кейбір зиялы қауым өкілдері оның тез уақытта күш алып кеткенін жаратар еді. Бірақ бұл мәселеге сабырлылық керек деп есептейміз. Негізгі шаруа – өз халқымыздың барын өз тілінде сөйлеуге, оны құрметтеуге шақыру, сол жолда барлық мүмкіндіктерді пайдалану дер едік. Сонда ғана басқа ұлттың өкілдері қазақ тілін тезірек меңгеруге мүдделі болады.

Өнер саласында да көп өзгерістер байқалады. Талантты азаматтарымыздың ашылып гүлдеуіне біршама жағдайлар жасалды. Бүгінгі таңда қазақ елінің өнерін көп елдерде біліп, қошеметтейді.

Сонымен қатар Батыс «бұқара мәдениетіне» жалаң еліктеу де жоқ емес. Әрине, өнер де өз заманына сай өзгеруі керек. Десек те, оның ұлттық негізі, арқауы әрқашанда сақталуы қажет деп ойлаймыз. Сонда ғана өнер саласы шынайы дамиды.

Енді ең қиын мәселе – халықтың діліне келер болсақ, ол бүгінгі өмірге сай болуы үшін қаншалықты өзгеруі керек деген заңды сұрақ туады. Себебі, реформаторлық саясатта, әсіресе алғашқы уақытта жеке мүдде қауымдық пен ұжымдыққа, еркіндік теңдікке қарсы қойылды. Оқырманның өзі де байқаған болар, бүгінгі таңда «ұжым» деген ұғымды өте сирек кездестіруге болады.

Қауымдық, әлеуметтік мүдденің жекеден жоғары болуы қайсыбір салауатты қоғамның рухани өмірі мен адамгершілік құндылықтары негізінде жатыр. Ол – адамның әлеуметтік табиғатын көрсетіп, тұлға рухының іргетасын құрап, қоғамның шынайы бірлігін қамтамасыз ететін құндылық. Арампиғылдық, пайдақорлық, Әл-Фарабидің сөзімен

айтсақ, «динарды қуудың» негізінде ізгі қоғам орнату мүмкін емес. Ондай қоғам орнаған жағдайда адамдар мәңгі бітпейтін ұрыс-керіс, тартыс, бір-бірінен жаттану т.с.с. ахуалда болар еді.

Қазақ халқының керемет қасиеттерінің бірі – бұл дүниеде алудан гөрі болуды жақтауы. Яғни өз бойыңдағы қасиеттерді гүлдетіп сыртқа шығару, өзіңнің ерекше болмысыңмен көріну, «сегіз қырлы, бір сырлы» болу. Бүгінгі Қазақстан қоғамында адамның ерікті еңбек етіп, белсенділік көрсетуіне, бұл дүниеде болуға деген ұмтылысына жағдай жасалған. Бәрі де өз қолымызда. Тек қажымай-талмай ізденісте болып, еңбек етіп, самарқаулықтан арылуымыз қажет.

Қазақстан дүниежүзілік қауымның ішінде өз орнын тапты. Ары қарай ел дамуының жалпы формуласын «жаһандық тұрғыдан ойланып, өз жеріңде белсенді шығармашылық іс-әрекет жасауға» теңер едік.

ҚОСЫМША

Күрделі тестілер

Әр сұраққа берілген 7 жауаптың үшеуі дұрыс. Соларды таңдаңыз

1-тақырып. Философия, оның пәні мен қызметі

1. Философия дүниені қалай түсіндіреді:

A) Ақыл-ойдан өткізіп,
B) Сенімге сүйеніп,
C) Мифологиялық кейіптер арқылы,
D) Діннің қағидалары арқылы,
E) Сезім арқылы,
F) Парасат деңгейінде ең жалпы дүниенің заңдылықтарын ашу арқылы,
G) Жеке ғылымдардың жетістіктерін пайымдап, ғылыми сурет жасау арқылы.

2. Философия дегеніміз:

A) Қоршаған ортаны ғылыми жолмен зерттеу.
B) Сенімге негізделген дүниетаным.
C) Күнбе-күнгі мәселелер жөнінде пікір алысу.
D) Дүние жөніндегі көзқарастың жүйелік жиынтығы.
E) Оймен қамтылған дәуір.
F) Дүниенің ең жалпы заңдылықтарын зерттейтін ілім.
G) Жеке ғылымдар арасындағы ілім.

3. Философия нені зерттейді:

A) Болмыс пен ойлаудың жалпы ортақ заңдылықтарын.
B) Адамның рухани күйі мен ішкі сезімін.
C) Күнбе-күнгі пайда болатын мәселелерді.
D) Дүние жөніндегі көзқарастың жүйелік жиынтығын.
E) Жеке ғылымдар айналыспайтын метафизикалық мәселелерді.
F) Дүниедегі тіршілік әлемін.
G) Жеке ғылымдар айналысатын мәселелерді.

4. Философия – ғылым ба, әлде өнер ме?

A) Философия – жаратылыстанудың құрамдас бөлігі.
B) Философия – іргелі гуманитарлық ілім.
C) Философияның жеке ғылымдардан айырмашылығы жоқ.
D) Философия өзін ғылым шеңберде ұстай алмай, өнерге жақындайды.
E) Философия ғылымға да, өнерге де жатады.
F) Философияның өнермен байланысы жоқ.
G) Жеке ғылымдар айналысатын мәселелерді зерттейді.

5. Дүниеге деген көзқарастың тарихи формалары:

A) Дін.
B) Өнер.
C) Философия.
D) Мораль.

E) Миф.
F) Саясат.
G) Құқық.

6. Философия мен дін арасындағы ортақ байланыстар қандай?

A) Идеалистік философия дінмен іштей байланысты.
B) Әлемнің пайда болуы туралы уағыздайтын ілім.
C) Адамдар арасындағы байланыстар түрі.
D) Олар дүниетанымның тарихи түрлері.
E) Материалистік философия діни көзқарастармен күреседі.
F) Олардың арасында ешқандай байланыс жоқ.
G) Дін әрқашанда философияға қарсы.

7. Философияның негізгі сұрағы:

A) Адамның адамға деген қатынасы.
B) Адамның қоғамға деген қатынасы.
C) Рухтың табиғатқа қатынасы.
D) Сананың материяға деген қатынасы.
E) Адамның табиғатқа деген қатынасы.
F) Тіршіліктің шындыққа қатынасы.
G) Ойлаудың болмысқа деген қатынасы.

8. Философияның негізгі сұрағының екінші жағы:

A) Адамның адамға деген қатынасы.
B) Ол дүниетаным ілімінің өзегі.
C) Адам дүниені тани ала ма?
D) Сананың материяға деген қатынасы.
E) Адамның табиғат сырын аша алатындығы.
F) Тіршіліктің шындыққа қатынасы.
G) Ойлаудың болмысқа деген қатынасы.

9. Материализм нені қолдайды?

A) Табиғаттың біріншілігін.
B) Осы әлемді жаратқан Құдайды мойындайды.
C) Дүниенің екі бастауы – материя мен сананы мойындайды.
D) Рухтың біріншілігін мойындайды.
E) Аспанның құдіретті күшін мойындайды.
F) Адамды табиғаттың туындысы деп есептейді.
G) Табиғаттың себебі өзінде екенін мойындайды.

10. Философияның атқаратын қызметтері:

A) Адамның дүниеге деген көзқарасын қалыптастырады.
B) Жеке ғылымдарға қарсы тұрады.
C) Жеке ғылымдарға әдістемелік жолдар көрсетеді.
D) Өнердің дінмен байланысын көрсетеді.
E) Адамды құндылықтар әлеміне жетелейді.
F) Адамның саяси-құқықтық санасын қалыптастырады.
G) Адамның құқықтарын анықтайды.

11. Натур-философия нені қолдайды?

A) Адам табиғат туындысы екенін қолдайды.
B) Табиғат философиясын қолдайды.
C) Қоғамның басқа тіршіліктерден айырмашылығын қолдайды.
D) Тіршілікті табиғат тудырды деген пікір ұстайды.
E) Математика философиясын.
F) Саяси-құқықтық қатынастарды шешуші деп есептейді.
G) Құқық моральдан жоғары деген пікірді қолдайды.

12. Философияның әдістемелік функциясының ең маңызды жақтарын табыңыз:

A) Нақтылы-ғылыми және жалпы ғылыми әдістемелерді жүйелейді.
B) Ең жалпы, универсалды теориялық ойлау формаларын зерттейді.
C) Философиялық емес идеяларды ұғымдық-қисындық дәрежеге көтереді.
D) Жеке таным формаларын зерттейді.
E) Ғылыми-теориялық танымды жалпылайды.
F) Жеке ғылымдардың ізденіс жолдарын тереңдетеді.
G) Философиялық категориялардың танымдық мүмкіндіктерін ашады.

13. Көрсетілген пікірлердің қайсысын философиялық тұжырымдарға жатқызамыз:

A) Әр құбылысты тудырған себеп бар.
B) Еріктік пен қажеттік ымыраға келмейді.
C) Заттар атомдардан тұрады.
D) Кеңістік пен уақыт материяның болмыстық формалары.
E) Жабық жүйеде энергия өлшемі сақталады.
F) Жалпы жекелік арқылы өмір сүреді.
G) Гравитация дегеніміз – заттардың бір-бірін тартуы

14. Философияның ерекшелігі:

A) Қатаң ғылыми тұжырымдарда.
B) Дүниені ең жалпы біртұтастық тұрғыдан тану ұмтылысында.
C) Болмысты біртұтас ретінде зерттеуде.
D) Дүниеге деген нақты көзқараста.
E) Догматикалық пікірлерде.
F) Оның негізгі мәселесінің болуында.
G) Саяси-құқықтық зерттеулерінде.

15. Философиялық пайымдаулар төмендегіге негізделеді:

A) Рухани сенімге.
B) Бабалардан қалған әдет-ғұрыпқа.
C) Парасатпен ойлауға.
D) Сүйіспеншілікке.
E) Ішкі көкейкөзге.
F) Жеке ғылымдардағы жетістіктерді пайдалануға.
G) Ең жалпы жан-жақты санаттарға.

16. Дүниеге көзқарас – ол:

A) Адамдардың күнбе-күнгі дүние жөніндегі ойлары.
B) Дүниеге және ондағы адамның орны туралы жүйелі ойлар.
C) Адамның дүние тебіренісінен шығатын құндылықтар жиынтығы.
D) Адамның жүріс-тұрысына әсерін тигізетін мұраттары мен мақсаттары.
E) Құдай арқылы дүниені пайымдау әрекеттері.
F) Саяси-құқықтық пайымдаулар,
G) Дүниеге әсемдік тұрғыдан қарау.

17. Қандай дүниесуретте табиғи мен табиғаттан жоғары бір-бірінен айрықшаланбайды?

A) Ғылыми ізденісте
B) Көркем әдебиетте
C) Мифологияда
D) Ішкі көкейкөзде
E) Психологияда
F) Ертегіде
G) Шаманның адамды емдеу әрекетінде

18. Діни көзқарастың негізінде жатқандар:

A) Ізгілік.
B) Білім.
C) Сенім.
D) Парасат.
E) Құдай.
F) О дүние.
G) Сезім.

19. Философияның негізгі мәселесін шешкенде пайда болатын ағымдар:

A) Скептицизм.
B) Идеализм.
C) Догматизм.
D) Материализм.
E) Формализм.
F) Дуализм.
G) Плюрализм.

20. Мифологияға берілген анықтамаларды таңдаңыз:

A) Дүниеге, ондағы адамның орнына деген белгілі көзқарастар жиынтығы.
B) Алғашқы адамдардың санасында дүниенің қияли бейнеленіп, халықтың ауыз әдебиетінде берілуі.
C) Дүниенің адамның санасында қияли бейнеленуі.
D) О дүниеге сену.
E) Таптық қоғамда пайда болатын сана формасы.
F) Алғашқы қауымда пайда болған құдайлар мен батырлар іс-әрекеттері жөніндегі аңыздар.
G) Ең алғашқы дүниеге деген көзқарас формасы.

21. Философия пәнінің негізгі бөлімдерін көрсетіңіз:

A) Онтология.
B) Идеология.
C) Гносеология.
D) Аксиология.
E) Монадология.
F) Мифология.
G) Филология.

МОДУЛЬ II. МӘДЕНИЕТ АЯСЫНДАҒЫ ПӘЛСАПАЛАУДЫҢ ТАРИХИ ТИПТЕРІ

2-тақырып. Шығыс мәдениетіндегі философия

22. Қытай парасаттылығының көне түпнұсқалары:

A) Махаяна.
B) Өмір кітабы.
C) Камасутра.
D) Ведалар.
E) Өзгерістер кітабы.
F) Дао-дэ-цзин.
G) Лунь-Уй.

23. Көне Қытайдағы негізгі философиялық мектептер:

A) Миманса.
B) Софистер.
C) Конфуциандық.
D) Буддизм.
E) Джайнизм.
F) Даосизм.
G) Фа-цзя.

24. Конфуцийдің моральдық қағидаларын көрсетіңіз:

A) Сүю этикасы.
B) Моральдың алтын ережесі.
C) Моральдың қатаң талабы.
D) Қайырымдылық этика.
E) Өзіңе қаламағанды ғана жаса.
F) Ортаңғы жол этикасы.
G) Адамды әрқашанда мақсат тұту этикасы.

25. Конфуцийдің «Ізгі адамы» қандай қағидаларды басшылыққа алады?

A) Парыз.
B) Басқалармен бейбіт өмір сүру.
C) Басқалар маған борышты деп сезіну.
D) Еш нәрсеге зәбірлік жасамау.
E) Өмірде өз жолыңды соғу.
F) Керек болса жалған сөз айту.
G) Надан адамға күш көрсету.

26. Лао-цзының ойынша:

A) Тек қана болмыс бар, ал бейболмыс тіпті де жоқ.
B) Дүниенің негізінде бейболмыс жатыр.
C) Бейболмыс – болмысты, болмыс нақтылы заттарды тудырады.
D) Көз алдымыздағы болмыс жалған, өйткені ол сезімдік, мәңгі өзгеріп жатыр.
E) Дүниедегі нақтылы заттар уақыты озғанда қайта бейболмысқа оралады.
F) Болмыс жетілген, мәңгі және қозғалмайды.
G) Бәрі де жалған, дүниенің еш мән-мағынасы жоқ.

27. Даосизмнің философиялық-этикалық ұстанымдарын таңдаңыз:

A) Басқаларға борышты сезіну.
B) Әрекет жасамау.
C) Әр зат өзінің мақсатына лайықты өзгеруі керек.
D) Әр зат өз-өзіне жеткілікті.
E) Адам өз табиғаты бойынша өзімшіл.

F) Адамды күш көрсетіп ұстау қажет.
G) Адамның жасаған күнәсін кешіруге болмайды.

28. Даосизмдегі ел басшысы туралы тұжырымдарды таңдаңыз:

A) Ең жақсы елбасының бар екенін ғана халық біледі.
B) Ең жақсы елбасы халықты сауаттандырады.
C) Жақсы елбасыны халық сүйеді, көтереді.
D) Жақсы елбасы басқа елдерді жаулап алып өз халқын байытады.
E) Халықты қорқытып ұстайтын елбасы да болады.
F) Елбасы халықтың алдында борыштымын деп сезінеді.
G) Елбасы дана болуы қажет.

29. Конфуцийдің «бес тұрақтылығының» үшеуі көрсетілген. Соларды таңдаңыз:

A) Сүю (жень).
B) Аспан (тянь).
C) Инь (әйелдік бастама).
D) Әдеттілік (ли).
E) Ян (ерлік бастама).
F) У вэй (табиғатпен үндесті болу).
G) Даналық, ақыл-оймен тоқулық (чжию).

30. Конфуцийдің ойынша, «Мемлекеттік істерді қалай жүргізуге болады?»

A) Азық-түлік молынан болуы керек.
B) Мемлекеттік қызметкерлердің бұйрықтары арқылы.
C) Елбасының барлық істерге тікелей кірісуі арқылы.
D) Барлық қатынастарды заңмен реттеу арқылы.
E) Қару-жарақ та жеткілікті болуы арқылы.
F) Тыңшылардан ақпарат алып отыру арқылы.
G) Қарапайым адамдардың үкімет басындағыларға сенімі болуы арқылы.

31. Фа-цзя мектебінің негізгі қағидаларын таңдаңыз:

A) Адам өз табиғаты бойынша өзімшіл болып келеді.
B) Елбасының күші – ештеңе істемеуде.
C) Елді өте қатал заңдар арқылы басқаруға болады.
D) Елді моральдық қағидалар негізінде басқару қажет.
E) Адам өз табиғаты бойынша ізгі болып келеді.
F) Адамды сүй де, оған жақсылық жаса.
G) Әрқашанда ортаңғы жолды ұста.

32. Үнді мифологиясынан оның философиясына өткен ұғымдарды таңдаңыз:

A) Сансара.
B) Джина.
C) Мокша.
D) Дао.
E) Сань.
F) Карма.
G) Ли.

33. Буддизмнің негізгі қағидаларын таңдаңыз:

A) Адам зардаптан құтылу емес, керісінше, оны қалауы қажет.
B) Адам зардаптан құтыла алмайды.
C) Бәрі де – зардап шегу.
D) Зардап шегудің себебі бар.
E) Зардап шегудің себептері – өмір қиындықтарында.
F) Зардапты еңбек ету арқылы жеңуге болады.
G) Зардап шегудің себептері – өмірге, ләззат алуға тоймаушылықта.

34. Джайнизмнің негізгі қағидаларын көрсетіңіз:

A) Дүниенің материалдық құндылықтарына байланбау.
B) Ар-намысты жоғары ұстау.
C) Қоғамдағы мәселелерді заң жолымен шешу.
D) Әрқашанда шындықты айту.
E) Көзге – көз, тіске – тіс (талион заңы).
F) Еш нәрсеге зәбірлік көрсетпеу.
G) Күнәні кешірмеу.

35. Будданың көрсеткен сегіз қырлы жолының үшеуін табыңыз:

A) Дұрыс көзқараста.
B) Дұрыс еңбек етуде.
C) Дұрыс саясатқа қатысуда.
D) Дұрыс бағытта ойлауда.
E) Дұрыс киінуде.
F) Дұрыс жүріс-тұрыста.
G) Дұрыс тамақтануда.

3-тақырып. Антикалық философия

36. Қай елдің философиясы Еуропа халықтарының тарихы мен мәдениетіне зор әсерін тигізді?

A) Мысырдың.
B) Грецияның.
C) Үндістанның.
D) Бабылдың.
E) Сократ елінің.
F) Эллиндер елінің.
G) Будда елінің.

37. Антикалық философияның бастапқы шағындағы ерекшеліктері:

A) Теоцентризм.
B) Гуманизм.
C) Космоцентризм.
D) Антропоцентризм.
E) Креационизм.
F) Стихиялық диалектика.
G) Алғашқы дүние бастамасын іздеу.

38. Антикалық грек философиясындағы ұғымдар:

A) Логос.
B) Рита.
C) Эйдос.
D) Мокша.
E) Сансара.
F) Энтелехия.
G) Карма.

39. Парменидтің ойынша:

A) Болмыс тек қана бар, ал бейболмыс тіпті де жоқ.

B) Дүниенің негізінде бейболмыс жатыр.
C) Бейболмыс – болмысты, болмыс нақтылы заттарды тудырады.
D) Көз алдымыздағы болмыс жалған, өйткені ол сезімдік, мәңгі өзгеріп жатыр.
E) Дүниедегі нақтылы заттар уақыты озғанда, қайтадан бейболмысқа оралады.
F) Болмыс жетілген, мәңгі және қозғалмайды.
G) Бәрі де жалған, дүниенің еш мән-мағынасы жоқ.

40. Зенонның «апорияларын» көрсетіңіз:

A) Ахиллес пен тасбақа.
B) Ахиллес пен арыстан.
C) Ұшқан жебе.
D) Ұшқан құс.
E) Үйме.
F) Тау мен қырат.
G) Мұхит пен көл.

41. Антикалық диалектика және оның негізгі өкілдері:

A) Табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.
B) Сұхбат, айтыс.
C) Қайшылықтар жөніндегі ғылым.
D) Антисфен.
E) Сократ.
F) Фалес.
G) Гераклит.

42. Антикалық атомистердің өкілдерін табыңыз:

A) Фалес.
B) Левкипп.
C) Карр.
D) Анаксагор.
E) Сократ.
F) Демокрит.
G) Гераклит.

43. Кімдерді «даналықтың оқытушылары» деді:

A) Платонның шәкірттерін.
B) Киниктерді.
C) Софистерді.
D) Олар педагогикадан сабақ берді.
E) Олар қарсыласқанның пікірін жоққа шығару өнеріне үйренді.
F) Олар ауқатты адамдарды саясатқа дайындады.
G) Олар әрқашанда бір ақиқаттылық көзқарасты ұстады.

44. Егерде Сократ адам зұлымдықты білмегеннен кейін жасайды деп ойласа, онда төменгі пікірлердің қайсыларын Сократ таңдар еді:

A) Өмір сүр – білу үшін, біл – абыройлы өмір сүру үшін.
B) Оқу – сәуле, оқымаған – түнек.
C) Менің білгенім – бір, істегенім – екінші.
D) Көп білгеннен – көп зардап.
E) Көбірек оқыған сайын өмірдің қайшылық пен өкінішке толы екенін байқайсың.
F) Оқу мен адамгершілік – екі бөлек нәрсе.
G) Оқыған сайын ізгілік жолына жақындай түсесің.

45. Сократтың шәкірті – философ:

A) Платон.

B) Аристотель.
C) Эпикур.
D) Ол таным теориясына еске түсіру ұғымын енгізген.
E) Ол таным теориясына бейнелеу ұғымын енгізген.
F) Ол еңбектерін сұхбат түрінде жазған.
G) Ол «Никомах этикасы» атты кітап жазған.

46. «Жан туралы» деген еңбегінде Аристотель олардың келесі түрлерін анықтайды:

A) «Ақылды жануарлар» жаны.
B) Мұхиттағы сүттегілердің жаны.
C) Өсімдік жаны.
D) Сезінетін жан.
E) Маймыл жаны.
F) Періштелер жаны.
G) Ойлайтын жан.

47. Идея – «эйдос», қай философтың ілімінің өзегінде жатты:

A) Гераклит.
B) Сократ.
C) Платон.
D) Ол Афина ойшылы болды.
E) Ол Элеядан шыққан ойшыл болды.
F) Ол Академия деген философиялық мектепті ашты.
G) Ол Ликей деген философиялық мектепті ашты.

48. Платон зат пен идея жөнінде:

A) Идея – заттың бейнесі.
B) Зат – идеяның өзге болмысы, көшірмесі.
C) Идея затпен тең.
D) Идея – зат жөніндегі ұғым.
E) Идея – дүниенің бейнесі.
F) Заттар – уақытша, идея – мәңгілік.
G) Заттар әлемі – идеялар әлемінің көлеңкесі ғана.

49. Аристотель қисынды танымның негізгі құралы деп оның үш заңын ашты:

A) Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы.
B) Терістеуді терістеу заңы.
C) Тепе-теңдік заңы.
D) Сандық өзгерістердің сапаға өту заңы.
E) Айырмашылық заңы.
F) Үшіншіні аластату заңы.
G) Жалпылау заңы.

50. «Платон маған қымбат, бірақ ақиқат одан да қымбат», – деп өз дүние түсінігін ұсынған философ:

A) Аристотель.
B) Эпикур.
C) Цицерон.
D) Материя мен форма жөніндегі ілімді ұсынды.
E) Дүниеге деген атомистік көзқараста болды.
F) Ол Академия деген философиялық мектепті ашты.
G) Ол Ликей деген философиялық мектепті ашты.

51. Аристотельдің шәкірттерін қалай атайды және олардың бірі «Бірінші физика» деген кітабын басқаша атпен жарыққа шығарған:

A) Скептиктер.
B) Эпикурейліктер.
C) Перипатетиктер.
D) Андроник Родостық.
E) Зенон Элеялық.
F) Метафизика.
G) Аспан физикасы.

52. Эпикур ләззатты қалай түсінді және атомистика іліміне не қосты?

A) Ләззат дегеніміз – зардаптың жоқтығы.
B) Ләззат дегеніміз – жыныстық құмарлықты қанағаттандыру.
C) Ләззат дегеніміз – Құдайға ұмтылу.
D) Атомдар кеңістікте құлдырағанда алғашқы бағытынан тайып кетеді.
E) Атомдардың өзі қарапайым емес, күрделі бөлшектер.
F) Ол кісінің ұраны: «Байқалмай өмір сүр» (Lather biosas).
G) Ол кісінің ұраны: «Әрбір сәттен ләззат ал!» (carpe diem, carpe horam!).

53. Демокриттің философиялық қағидаларын табыңыз:

A) Дүниенің негізінде көзге көрінбейтін монадалар жатыр.
B) Дүниенің негізінде көзге көрінбейтін бөлшектер – атомдар жатыр.
C) Кеңістік – орасан зор қуыстық.
D) Кеңістік атомдарға толы, бос қуыстық жоқ.
E) Уақыт – таза ұзақтық.
F) Уақыт – қозғалыс өлшемі.
G) Дүниеде қажеттікпен қатар кездейсоқтық та бар.

54. Сократ:

A) Сөз жарысында мысқыл және майевтика (шебер сұрақ қою) әдістерін қолданған.
B) Сөз жарыстарына тіпті де қатыспаған.
C) Сөз жарысында эклектиканы пайдаланған.
D) Адам жамандыққа білмегендіктен барады деп есептеген.
E) Жамандық – алғашқы тектік күнәдан бастауын алады деп есептеген.
F) Адам ең алдымен өз-өзін танып білу керек деп есептеген.
G) Ол Милет қаласында туған.

55. Дүниенің алғашқы негізін іздеген Милет мектебінің өкілдерін табыңыз:

A) Сократ.
B) Эпикур.
C) Фалес.
D) Анаксимен.
E) Протагор.
F) Демокрит.
G) Анаксимандр.

56. Гераклиттің философиялық қағидалары:

A) Дүниенің негізінде ауа жатыр.
B) Дүние заңды түрде лаулап, заңды түрде сөніп жатқан от.
C) Дүние тұрақты, қозғалмайды.
D) Бәрі де өзгерісте, бары де ағымда.
E) Дүние Логоска бағынады.
F) Дүниені Құдай жаратты.
G) Кеңістік – орасан зор қуыс.

57. Платондық махаббат дегеніміз:

A) Ізгілікке деген құштарлық.
B) Алтын заттарға деген құштарлық.
C) Гауһар тасқа деген құштарлық.
D) Әсемдікке деген құштарлық.
E) Ақиқатқа деген құштарлық.
F) Тән ләззатына деген құштарлық.
G) Біржыныстық қатынастарға құштарлық.

58. Платонның идеалдық мемлекетінде қандай әлеуметтік топтар болуы қажет:

A) Басқарушылар тобы.
B) Жер өңдеушілер тобы.
C) Сақшылар тобы.
D) Мал бағушылар тобы.
E) Жүзім өсірушілер тобы.
F) Қарапайым адамдар тобы.
G) Шет елден келген топтар.

59. Аристотельдің жазған еңбектерін көрсетіңіз:

A) Органон.
B) Мемлекет.
C) Монадология.
D) Санаттар.
E) Заңдар.
F) Аспан қаласы.
G) Никомахтың этикасы.

60. Аристотельдің философиясында:

A) Материя – енжар, сандық, сапалық қасиеттері жоқ, тек белгілі бір заттарға айналуға мүмкіндігі бар ғана.
B) Форма шынайы болғаннан кейін материяны мүмкіндіктен нақтылы шындыққа әкеледі.
C) Материя ішкі күшке толы, өне бойы қозғалыс пен өзгерісте.
D) Материяны жаратқан алғашқы рух.
E) Форма материяға бағынышты өзгеріп отырады.
F) Материясыз – форма, формасыз материя жоқ.
G) Форманың белсенділігі формализмге әкеледі.

61. Аристотель мемлекетті басқарудың үш дұрыс түрін көрсетеді:

A) Монархия.
B) Олигархия.
C) Демократия.
D) Аристократия.
E) Полития.
F) Тирания.
G) Директория.

62. Аристотель көрсеткен мемлекет басқаруының үш бұрыс түрі:

A) Монархия.
B) Олигархия.
C) Демократия.
D) Аристократия.
E) Полития.
F) Тирания.
G) Директория.

63. Киниктердің аты шыққан өкілі және олардың ізгілік жөніндегі ұстанымдары

A) Диоген Синоптық.
B) Эпикур.

C) Марк Аврелий.
D) Ізгілік дегеніміз – аз нәрсені қанағат ету, зұлымдықтан аулақ жүру.
E) Ізгілікке үйренуге болады, бірақ оған еріктен гөрі білім керек.
F) Ізгілік адамның сөзінен емес. жүріс-тұрысынан байқалады.
G) Өмірде ізгілік деген атымен жоқ.

64. Стоиктердің көрнекті өкілін, олардың әлеуметтік қағидаларын көрсетіңіз:

A) Сенека.
B) Анаксагор.
C) Маңдайыңа жазылған тағдырдан құтыла алмайсың.
D) Тағдыр мен сәттіліктің арақатынасы «елу де елу».
E) Адам тағдырмен күресіп, оны жеңуі қажет.
F) Өмірдегі қызықтарға құмартудан құтылу, самарқаулық дәрежеге жету.
G) Тағдырдың қиындығы адамды адамгершілік жолдан тайдырып жібереді.

65. Скептицизмнің өкілі, оның танымдық көзқарастары:

A) Периандр.
B) Пиррон.
C) Бір тұжырымға екінші оған қарсы пікірді айтуға болады.
D) Сезімдік таным бізге дүние жөнінде дұрыс мағлұмат береді.
E) Ақиқат тек Құдайдың қолында.
F) Ойлану арқылы ақиқатқа жетуге болады.
G) Шынайы өмірдің өзі адамның дүниетаным мүмкіндіктерін көрсетеді.

4-тақырып. Еуропалық ортағасырлық философия

66. Универсалиялар (әмбебапты ұғымдар) табиғаты жөніндегі қалыптасқан ағымдарды көрсетіңіз:

A) Реализм.
B) Конвенциализм.
C) Концептуализм.
D) Эволюционизм.
E) Плюрализм.
F) Номинализм.
G) Утопизм.

67. Реализм бағытының универсалиялар табиғатын ашу жолындағы жасаған қағидаларын таңдаңыз:

A) Универсалиялар заттардан бұрын берілген.
B) Универсалиялар заттарға қойылған аттар ғана.
C) Универсалиялар заттардан бұрын өмір сүре алмаса да, олардың жалпы қасиеттерін белгілейді.
D) Универсалиялар Құдайдың дүниені жарату алдындағы ойлары.
E) Универсалиялар адамның санасына тәуелсіз өмір сүреді.
F) Универсалиялар адамның санасының туындысы.
G) Универсалиялардың Құдайға қатысы жоқ.

68. Номинализм бағытының универсалиялар табиғатын ашу жолындағы жасаған қағидаларын таңдаңыз:

A) Универсалиялар заттардан бұрын берілген.
B) Универсалиялар заттарға қойылған аттар ғана.
C) Универсалиялар заттардан бұрын өмір сүре алмаса да, олардың жалпы қасиеттерін белгілейді.
D) Универсалиялар Құдайдың дүниені жарату алдындағы ойлары.
E) Универсалиялар адамның санасына тәуелсіз өмір сүреді.
F) Универсалиялар адамның санасының туындысы.
G) Универсалиялардың Құдайға қатысы жоқ.

69. Ортағасырлық Еуропа философиясындағы жаңа қалыптаса бастаған көзқарастың ерекшеліктерін көрсетіңіз:

A) Монотеизм.
B) Конвенциализм.
C) Креационизм.
D) Эволюционизм.
E) Плюрализм.
F) Антропоцентризм.
G) Утопизм.

70. Ортағасырлық Еуропа философиясындағы жаңа қалыптаса бастаған көзқарастың ерекшеліктерін көрсетіңіз:

A) Алғашқы тектік күнә.
B) Дүниенің мәңгілігі мен шексіздігі.
C) Адамның табиғат туындысы екендігі.
D) Рухани сенімнің дүниеге келуі.
E) Тіршіліктің өлі табиғаттан пайда болуы.
F) Құдайдың сүйіспеншілігі.
G) Дүниеге жаңа келген сәбидің еш күнәсіздігі.

71. Августиннің негізгі еңбектерін көрсетіңіз:

A) Құдай қаласы жөнінде.
B) Ғылыми білімсіздік.
C) Академиктерге қарсы.
D) Теология жинағы.
E) Әуен трактаты.
F) Сыр шеру.
G) Жаңа Органон.

72. Августиннің ойынша, Мәсіх Құдайының үштігіне сәйкес қалыптасатын адамның үш жағы:

A) Адам өмір сүреді.
B) Адам – күнәкер пенде.
C) Дүниені тани алады.
D) Адам даңқа ұмтылады.
E) Адам – тойымсыз пенде.
F) Адам – жануардың бір түрі ғана.
G) Адам адамды сүйеді.

73. Августиннің уақытқа берген мінездемелерін көрсетіңіз:

A) Қазір – кірпік қағыс.
B) Қазір – көз алдымызда болып жатқан үдерістер.
C) Болашақ – бірдеңені алаңдап күтуіміз.
D) Болашақ – алдағы шексіздік.
E) Өткен шақ – біздің есіміз.
F) Өткен шақ – тарих қойнауына мәңгілікке кеткен оқиғалар.
G) Уақыт – қозғалыс өлшемі.

74. Августиннің пікірінше, шындықтың пайда болуының үш жолы бар:

A) Фабрикация.
B) Инициация.
C) Креация.
D) Доместификация.
E) Генерация.
F) Антропоморфизация.
G) Поляризация.

75. Фома Аквинский –

A) схоластиканың өкілі.
B) номиналист болған.
C) құдай болмысының дәлелдемелерімен айналысқан.
D) патристиканың өкілі.
E) қос ақиқат ілімін қолдаған.
F) білімді сенімнен жоғары ұстаған.
G) православиелік дінді ұстаған.

76. Ф.Аквинский Құдай болмысын дәлелдеді:

A) қозғалыс арқылы
B) сана арқылы
C) тіршіліктің күрделілігі арқылы
D) тудырушы себеп арқылы
E) мүмкіндік пен қажеттілік арқылы
F) мазмұн мен форма арқылы
G) құбылыс пен мән арқылы

77. Фома Аквинский дүниедегі заңдарды үшке бөледі:

A) Тіршілік заңы.
B) Мәңгілік заңы.
C) Физика заңы.
D) Табиғат заңы.
E) Адамдар шығаратын заңдар.
F) Химия заңдары.
G) Механика заңдары.

5-тақырып. Орта ғасырлардағы мұсылмандық философия

78. Әл-Кинди –

A) Демокриттің ілімін қолдаған алғашқы араб философы.
B) Аристотельдің ілімін қолдаған алғашқы араб философы.
C) екі субстанция жөнінде ілім жасады.
D) дүниеде бір ғана субстанцияның бар екенін мойындады.
E) сезімдік және ақыл ой арқылы жүретін таным формаларын мойындады.
F) танымда интуицияның (көкей-көз) рөлін ерекше көрсетті.
G) дүниенің көп субстанциялығын мойындады.

79. Аталған Араб-мұсылман философтарының ішінен «Араб философиясын бастаушы», «Екінші ұстаз» және «Білетіндердің ұстазы» атағын алғандарды көрсетіңіз:

A) Омар Хаям.
B) Бируни.
C) Әл-Кинди.
D) Ибн Рошд.
E) Әл-Фараби.
F) Ибн Халдун.
G) Ибн Сина.

80. Әл-Фараби өзінің болмыс ілімінде:

A) неоплатонизмнің «эманация» ұғымын қолданады.
B) «сублимация» ұғымын қолданады.
C) «Бірінші мәнді» қолдайды.
D) «табиғаттың мәңгілігін» қолдайды.
E) «Ай астындағы болмыс» көптік әлемі деп есептейді.
F) «Ай астындағы болмыс» рух әлемі деп есептейді.
G) тіршілікті бактериялар, өсімдіктер, жануарлар және «ақылды жануар» – адамға бөледі.

81. Әл-Фарабидің таным теориясында көрсетілген интеллект түрлерін табыңыз:

A) қажетті интеллект.
B) кездейсоқ интеллект.
C) әлеуетті интеллект.
D) игерілген интеллект.
E) маңызды (өзекті) интеллект.
F) мазмұнды интеллект.
G) формальды интеллект.

82. Әл-Фарабидің ойынша, ел басына қандай қасиеттер қажет?

A) даналық
B) батырлық
C) білімдік
D) кішіпейілділік
E) батылдық
F) көрегендік
G) сақтық.

83. Ибн Сина (Авиценна) –

A) ұлы емші.
B) ұлы астроном.
C) «өмір сүру» мен «мән-мағына» санаттарын ажыратып қараған.
D) «мүмкіндік» пен «шындық» санаттарын ажыратып қараған.
E) Құдайды жаратушы ретінде табиғатқа қарсы қоймайды.
F) «Креационизм» идеясын қолдайды.
G) «Жалпы жекеден бөлек өмір сүреді», – деп есептеген.

84. Ибн Рошд (Аверроэс):

A) Кордоба қаласының кадиі болды.
B) Севильяның әкімі болды.
C) Адам жанының денемен бірге өлетінін мойындады.
D) Құдайдың болмысын мойындаған жоқ.
E) Батыста «Ұлы комментатор» деген атаққа ие болған.
F) философия мен дінді бір-біріне ымыраға келмейді деп есептеген.
G) «қос ақиқат» ілімін қолдамаған.

85. Ибн Халдун –

A) орта ғасыр ойшылы.
B) орта ғасыр математигі, астрономы.
C) заттың «туа біткен жылуын» мойындаған ғалым.
D) мемлекет жөнінде конвенциалдық теория жасаған.
E) қоғамды алғаш рет материалистік жолмен түсінген.
F) заттар молекулалардан тұрады деп есептеген.
G) исламның сопылық жолын ұстаған.

86. «Егер адамдар үйлерінің алдына жеміс ағашын отырғызбай, кипарис отырғызса, онда ол болашақ күйреудің нышаны. Өйткені кипаристің жемісі де, жақсы иісі де жоқ, оның тек әсем түрі ғана бар», – деген ойшыл –

A) Ибн Сина.
B) Ибн Рошд.
C) Ибн Халдун.
D) Ол қайсыбір мемлекеттің өмір жасы үш ұрпаққа тең деген пікір айтты.
E) Ол қоғамды алғаш рет материалистік жолмен түсінген.
F) Ол заттар молекулалардан тұрады деп есептеді.
G) Ол исламның сопылық жолын ұстаған.

87. Ибн Халдунның ойынша, тауарлардың бағасы не нәрселерге байланысты?

A) өндіріске жұмсалған қаражат пен салынатын мемлекет салығының көлеміне.
B) шикізаттың бағасына.
C) жұмысшы күшінің бағасына.
D) оны әкелуге кететін ақшаға.
E) сыртқы саясатқа.
F) сыртқы саудаға.
G) нарықтағы сұранысқа.

88. «Ақиқат – біреу, ал оған жету жолдары әртүрлі» деген:

A) Аль Бируни.
B) Аль Хайсан.
C) Аль Фараби.
D) Ол Отрар қаласында дүниеге келген.
E) Ол Дамаск қаласында дүниеге келген.
F) Ол Аристотельдің шығармаларын араб тіліне аударып, көлемді түсініктемелер берген.
G) Ол Парменидтің шығармаларын парсы тіліне аударып, көлемді түсініктемелер берген.

89. Ибн Халдунның ойынша:

A) Адамзат тарихы екі «Бидави» және «Хидари» сатысынан өтеді.
B) Мемлекет әрқашанда тарихта болған.
C) Ру, тайпаны басқарудың негізінде болашақ теңсіздіктің өзегі жатыр.
D) Болашақ теңсіздіктің өзегі жер байлығында жатыр.
E) Болашақ теңсіздіктің өзегі жұмсақ климатта жатыр.
F) «Мулк» жеке меншік пен биліктің пайда болуына әкеледі.
G) Мемлекет өзгермей мәңгі өмір сүреді.

6-тақырып. Қайта өрлеу философиясы

90. Қайта өрлеу (Renessance) ұғымын қалай түсінесіз?

A) феодализмнен капитализмге өту дәуірі ретінде.
B) өткен тарихтағы «Алтын ғасырға» қайта оралу ретінде.
C) діни көзқарасты ары қарай дамыту ретінде.

D) антикалық мәдениет пен философиясына қайта оралып, оны игеріп, жаңа заман талабына сай етіп өзгерту ретінде.
E) антикалық қоғамды қайта оралту ретінде.
F) жеке адам белсенділігін арттырып, оның жарқын болашаққа деген үмітін арттыру ретінде.
G) Еуропаны басқа елдерге қарсы қойып, оларды тағы халықтар деп түсіну ретінде.

91. Қайта өрлеу заманында қандай рухани өзгерістер болды?

A) феодалдық қоғамның діни көзқарастары ары қарай шыңдалды.
B) жаратылыстану ғылымдары дамыды, эмпиризм мен рационализмге қарай бетбұрыс басталды.
C) христиан дінін ақтау әрекеттері жүрді.
D) ағарған интеллигенция дүниеге келді.
E) жеке адамдардың шығармашылық еңбектері зор бағалана бастады.
F) ислам діні терең зерттеле бастады.
G) Шығыс мәдениетіне көп көңіл бөлінді.

92. Қайта өрлеу заманында қандай рухани өзгерістер болды?

A) феодалдық қоғамның діни көзқарастары ары қарай шыңдалды.
B) дүниеге деген деистік және пантеистик көзқарастарға жол ашылды.
C) христиан дінін ақтау әрекеттері жүрді.
D) геоцентрлік жүйеге зор соққы тиіп, жаңа гелиоцентрлік көзқарастың негіздері қаланды.
E) христиан дініне терең реформалар жүргізілді.
F) ислам діні терең зерттеле бастады.
G) Шығыс мәдениетіне көп көңіл бөлінді.

93. Джаноццо Манеттидің ойынша:

A) Құдайдың жаратқан ғажап әсем дүниесінің ең биік шыңы – ол адамның өзі.
B) Табиғатты ешкім тудырған жоқ, ол мәңгі өзімен-өзі өмір сүруде.
C) Егер жануарлардың қайсыбірі белгілі бір ғана нәрсемен айналыса алса, адам барлығымен айналыса алады.
D) Егер Құдай бүкіл дүниені жаратса, адам мәдениеттің ұлы да әсем туындыларын тудырады, ол – да жаратушы.
E) Адам – табиғаттың туындысы, Құдайдың оған еш қатысы жоқ.
F) Адам өз табиғаты бойынша тойымсыз, өзімшіл болып келеді.
G) Адам өзі істеген күнәлары бойынша Құдай алдында жауапты.

94. Лоренцо Валла:

A) «Адам өмірден мейлінше ләззат алуға жаратылған пенде», – деген пікір айтты.

B) «Зардапқа әкелетін ләззаттан аулақ жүр», – деді.
C) «Адам еріктікке жаратылған», – деді.
D) «Құмарту адамды күнәға тікелей әкеледі», – деді.
E) «Адам өз өмір жолын өзі таңдап алады», – деді.
F) «Тіршілікте бәрінің де бәріне соғысы жүріп жатыр», – деді.
G) «Бәрін де ақылға тоқып жасау керек», – деді.

95. Пико делла Мирандолла:

A) «Адам өмірден мейлінше ләззат алуға жаратылған пенде», – деген пікір айтты.
B) «Зардапқа әкелетін ләззаттан аулақ жүр», – деді.
C) «Адам еріктікке жаратылған», – деді.
D) «Құмарту адамды күнәға тікелей әкеледі», – деді.
E) «Ләззат – жан мен дененің рақатқа батуы ретінде игілікті іс», – деді.
F) «Адам жаратылған дүниенің даналығы, ұлылығы мен әсемдігінің айқын көрінісі», – деді.
G) «Бәрін де ақылға тоқып жасау керек», – деді.

96. Секуляризация» дегеніміз не?

A) Шіркеу мен діни институттардың құрсауынан әртүрлі қоғам салаларын босату.
B) Діни секталардың жұмыс істеуіне жағдай жасау.
C) Діни институттарды мемлекеттің істерінен ажырату.
D) Философияны дінге тәуелді ету.
E) Дінге негізделген соқыр сезімнен ағарту ісі арқылы халықты азат ету.
F) Білім беру ошақтарында дінді уағыздау.
G) Ескі дінмен күресіп, оны жаңарту.

97. Қайта өрлеу кезеңіндегі адам жөніндегі түсінік:

A) Адам – қоғами жануар.
B) Адам – ойлана алатын пенде.
C) Адам – жаратушы, шығармашы.
D) Адам еңбек құралдарын жасайтын пенде.
E) Адам – тұлға.
F) Адам – қайталанбайтын дара.
G) Адам – ойнайтын пенде.

98. Николай Кузанский –

A) Орта ғасырлардың ірі ойшылы.
B) Қайта өрлеу дәуірінің ойшылы.
C) адамның жан-дүниесінен сезім. ақыл ой және парасатты ашты.
D) адамның жан-дүниесінен көкейкөзін (интуицияны) ашты.
E) «Ақиқат жалғанмен бірге берілген», – деді.
F) «Адам құралданған пенде», – деді.
G) «Адам ойнайтын пенде», – деді.

99. Джордано Бруноның ойынша:

A) Дүние – шексіз, оның орталығы жоқ.
B) Дүние кеңістік пен уақыт шеңберінде шектелген.
C) Күн – қарапайым жұлдыздардың бірі.
D) Ол Н.Коперниктің көзқарасын қолдады.

E) Ол телескопты ойлап шығарды.
F) Бүкіл ғарыш саналы пенделерге толы.
G) Ол телескоптан Айдағы қыраттар мен вулкандарды көрді.

100. Протестанттық этиканы өмірге енгізген:

A) Неміс теологы Мартин Лютер болды.
B) Швейцария теологы Жан Кальвин болды.
C) Ол Інжілдегі «Шақырылғандар – көп, бірақ таңдалғандар – аз», – деген қағидаға жаңаша түсінік берді.
D) Ол іскерлерді қарапайымдылыққа, халыққа жаңа жұмыс орындарын ашуға, кемтарларға қол ұшын беруге шақырды.
E) Ол шіркеуден иконаларды алып тастады.
F) Ол шіркеудегі «жеті құпияның» екеуін ғана қалдырды.
G) Ол христиан діні мен исламды біріктіру керектігін айтты.

101. Николло Макиавелли:

A) Тарихта алғаш рет саясатты моральдан ажыратты.
B) Көп жылдар Флоренцияда саяси қызметкер болды.
C) Көп жылдар Севильяда заңгер болды.
D) Ол Н.Коперниктің көзқарасын қолдады.
E) «Адам тағдыры (фатум) мен оның жолында кездесетін сәттілік (фортуна) елу де елуге тең», – деді.
F) «Адам өз табиғаты бойынша ізгілікке ұмтылған», – деп есептеді.
G) Ол қоғамдық меншікті қолдады.

102. Пантеизмнің мәнін және негізгі өкілдерін көрсетіңіз:

A) Дүниенің ар жағындағы Құдайға сену.
B) Құдайдың барын терістеу.
C) Құдайды табиғатқа сіңіріп жіберу.
D) Д.Бруно.
E) Б.Спиноза.
F) Г.Лейбниц.
G) Ф.Бэкон.

103. Деизмнің мәнін және өкілдерін көрсетіңіз:

A) Құдайды дүниенің алғашқы себебі ретінде мойындау.
B) Жаратылған дүние ары қарай өз заңдылықтарының негізінде дамиды.
C) Құдайды табиғатқа сіңіріп жіберу.
D) Д.Бруно.
E) А.Коллинз.
F) Г.Лейбниц.
G) Ф.Вольтер.

7-тақырып. Жаңа дәуірдегі батысеуропалық философия

104. Жаңа дәуірде Еуропа топырағында ғылым саласында қандай өзгерістер болды?

A) Жаратылыс тану мәселелеріне көбірек көңіл бөлінеді.
B) Еуропа мемлекеттерінде Ғылым академиялары ашыла бастайды.

C) Құдай болмысы кеңінен талқыланады.
D) Материализмнің механистік түрі дүниеге келеді.
E) Ғылым схоластикалық ойлау формаларына сүйенеді.
F) Ғылымда таным әдістемелеріне көңіл бөлінбейді.
G) Тұлғаның қалыптасуы философияның негізгі мәселесіне айналады.

105. Жаңа дәуірдегі эмпиризм өкілдерін көрсетіңіз:

A) Ф.Бэкон.
B) В.Лейбниц.
C) Дж.Локк.
D) Б.Спиноза.
E) Т.Гоббс.
F) Р.Декарт.
G) Б.Паскаль.

106. Жаңа дәуірдегі рационализм өкілдерін көрсетіңіз:

A) Ф.Бэкон,
B) В.Лейбниц,
C) Дж.Локк,
D) Б.Спиноза,
E) Т.Гоббс,
F) Р.Декарт,
G) Д.Юм.

107. Эмпиризмнің қағидаларын таңдап алыңыз:

A) «Сезімде болмаған ақыл-ойда да жоқ».
B) «Ғылыми деректерді ашу – дүниетанудың негізі».
C) «Бәрін ақыл-ойдан өткізу қажет».
D) «Жекеден жалпыға өрлеу – дүниетанудың қайнар көзі».
E) «Сезімдік таным бізді алдайды».
F) «Тек жалпы арқылы жекені жете түсінуге жол ашылады».
G) «Танымда ақыл-оймен қорыту ғана заттың ішкі қасиеттерін ашуға жол береді».

108. Рационализмнің қағидаларын таңдап алыңыз:

A) «Сезімде болмаған ақыл-ойда да жоқ».
B) «Ғылыми деректерді ашу – дүниетанудың негізі».
C) «Бәрін ақыл-ойдан өткізу қажет».
D) «Жекеден жалпыға өрлеу – дүниетанудың қайнар көзі».
E) «Сезімдік таным бізді алдайды».
F) «Тек жалпы арқылы жекені жете түсінуге жол ашылады».
G) «Танымда ақыл-оймен қорыту ғана заттың ішкі қасиеттерін ашуға жол береді».

109. «Табиғат, Субстанция, Құдай – бір», – деген қағида

A) дуализмге жатады.
B) пантеизмге жатады.
C) деизмге жатады.
D) «Жаратушы» және «Жаратылған» деген ұғымдарды жоққа шығарады.
E) бұл ұстанымды Б.Спиноза қолдады.
F) бұл ұстанымды Р.Декарт қолдады.
G) бұл ұстанымды Д.Юм қолдады.

110. «Дүниенің бір-біріне тәуелсіз екі бастамасы бар», – деген –

A) Ф.Бэкон.
B) Р.Декарт.
C) Дж.Локк.
D) Ол рационализм бағытының негізін қалаған.
E) Ол эмпиризм бағытының негізін қалаған.
F) Ол адаммен туа біткен идеяларды мойындаған.
G) Ол адам санасы – таза тақта деп есептеген.

111. Монадология ілімін жасаған –

A) Ф.Бэкон.
B) В.Лейбниц.
C) Дж.Локк.
D) Ол рационализм бағытында болған.
E) Ол эмпиризм бағытының негізін қалаған.
F) Ол қисында «жеткілікті негіздеу заңын» ашқан.
G) Ол қисында «тепе-теңдік заңын» ашқан.

112. Ф.Бэконның «театр» пұты:

A) Адамның өз қабілетінің ерекшелігіне байланысты дүние қабылдағандағы қателіктер және ақыл тегіс айна емес, бейнелегенде заттардың мәнін бұрмалайды.
B) Тарихи қалыптасқан философиялық қағидалардың шеңберінен шыға алмай, адасу.
C) Ұлы ғалымдардың ашқан ғылымдағы жаңалықтарын өзгермейтін мәңгі ақиқат деп есептеу.
D) Ғылымдағы жасалған теорияларды өзгермейді деп ойлау.
E) Сөздерді дұрыс пайдаланбау, ал олардың мән-мағынасын тобыр анықтайды.
F) Жеке адамның дүние қабылдау ерекшеліктері және алған тәрбиеге байланысты адасу.
G) Ғылымда жасалған ұғымдардың тұрақты мағынасы жоқ, олар өне бойы өзгерісте деп есептеу.

113. Ф.Бэконның «тектік» пұты:

A) Адамның өз қабілетінің ерекшелігіне байланысты дүние қабылдағандағы қателіктер және ақыл тегіс айна емес. бейнелегенде заттардың мәнін бұрмалайды,
B) Тарихи қалыптасқан философиялық қағидалардың шеңберінен шыға алмай, адасу.
C) Адам өз қасиеттерін заттарға таңып, оны өзіне ұқсатып түсінеді.
D) Ғылымдағы жасалған теорияларды өзгермейді деп ойлау.
E) Адамды қайсыбір ақиқаттың өлшемі деп есептеу.
F) Жеке адамның дүние қабылдау ерекшеліктері және алған тәрбиеге байланысты адасу.
G) Ғылымда жасалған ұғымдардың тұрақты мағынасы жоқ, олар өне бойы өзгерісте деп есептеу.

114. Ф.Бэконның «үңгір» пұты:

A) Адамның өз қабілетінің ерекшелігіне байланысты дүние қабылдағандағы қателіктер және ақыл тегіс айна емес,

бейнелегенде заттардың мәнін бұрмалайды.
B) Тарихи қалыптасқан философиялық қағидалардың шеңберінен шыға алмай, адасу.
C) Адам өз қасиеттерін заттарға таңып, оны өзіне ұқсатып түсінеді.
D) Ғылымдағы жасалған теорияларды өзгермейді деп ойлау.
E) Адам өзі қоршаған ортаға байланысты тәрбие, білім алып, соның аумағының шеңберінде дүниені бұрмалап қабылдайды.
F) Адамның белгілі бір білім деңгейінен шыға алмай, соның негізінде ғылымға кіріп адасуы.
G) Адамның жалпы адамзат жеткен білім шыңына жете алмай адасуы.

115. Ф.Бэконның «нарық» пұты:

A) Адамның өз қабілетінің ерекшелігіне байланысты дүние қабылдағандағы қателіктер және ақыл тегіс айна емес, бейнелегенде заттардың мәнін бұрмалайды.
B) Қарапайым сананың негізінде қалыптасқан жалған пікірлер.
C) Адам өз қасиеттерін заттарға таңып, оны өзіне ұқсатып түсінеді.
D) Сөздерді дұрыс пайдаланбау, ал олардың мән-мағынасын тобыр анықтайды.
E) Адам өзі қоршаған ортаға байланысты тәрбие, білім алып, соның аумағының шеңберінде дүниені бұрмалап қабылдайды.
F) Адамның белгілі бір білім деңгейінен шыға алмай, соның негізінде ғылымға кіріп адасуы.
G) Ұғым мен затты толығынан бір-бірімен теңеу.

116. Джон Локк:

A) меншіктің пайда болуындағы еңбектің рөлін көрсетті.
B) адамның дүниеге келгендегі жанын «таза тақта» деп есептеді.
C) таным теориясында иррационализм бағытын ұстады.
D) таным теориясында рационализм бағытын ұстады.
E) заттардың сапалары шексіз деп есептеді.
F) заттардың негізгі үш сапасын ашты.
G) мемлекет «түнгі күзетші» болуы керек деген пікір айтты.

117. Ф.Бэкон танымдағы қандай жолдарды көркемдеп атап өтті:

A) «құмырсқа».
B) «өрмекші».
C) «ара».
D) «шошқа».
E) «әтеш».
F) «маймыл».
G) «ит».

118. В.Лейбництің негізгі идеяларын көрсетіңіз:

A) Дүние алдын ала үндесті түрде үйлестірілген.
B) Білім – күш.
C) Сезімде болмаған – ақыл-ойда да жоқ.
D) Ақиқат – беделділердің емес, өз заманының қызы.

E) Әлемдердің ішіндегі ең жақсы да, бәрі де жақсылыққа.
F) Дүниенің негізінде көзге көрінбейтін рухани нүктелер – монадалар жатыр.

119. Кім бірінші рет: «Еріктік – танылған қажеттік», – деді және осы пікірді кімдер қолдады?

A) Спиноза.
B) Кант.
C) Аристотель.
D) Маркс.
E) Шопенгауер.
F) Ленин.
G) Лейбниц.

120. Д.Берклидің ой тұжырымдамаларын табыңыз:

A) Материя дегеніміз – шынайы шындық.
B) Материя біздің санамызда бейнеленеді.
C) Дүние жеке заттардан ғана тұрады.
D) Өмір сүру дегеніміз – қабылдауға болатынның бәрі.
E) Материя дегеніміз – жалған ұғым, ол – жоқ.
F) Материя кеңістік пен уақыттың шеңберінде ғана өмір сүреді.
G) Материя мәңгілік өиір сүреді, оны ешкім тудырған жоқ.

121. XVII ғ. өмір сүрген ұлы философтарды көрсетіңіз:

A) Спиноза.
B) Кант.
C) Аристотель.
D) Маркс.
E) Декарт.
F) Кьеркогер.
G) Лейбниц.

122. Ф.Энгельс Жаңа дәуірдегі материалистік философияның қандай кемшіліктерін әшкереледі?

A) Дүниенің барлық заңдылықтарын механикалық үдерістерге теңегені үшін.
B) Қоғамды идеалистік жолмен түсіндіргені үшін.
C) Сананы түсінуде тұрпайы материалистік көзқараста болғаны үшін.
D) Дүниені орасан зор жүйе ретінде қарағаны үшін.
E) Адамды Құдайдың ерекше жаратылған туындысы деп есептегені үшін.
F) Адам – машина деп есептегені үшін.
G) Адамның маймылдан жаратылғанын мойындағаны үшін.

123. Гоббстың ойынша, адамдардың табиғи ахуалы:

A) Адам өз табиғаты бойынша өзімшіл болып келеді.
B) Адам өз – табиғаты бойынша ізгілікке ұмтылатын пенде.
C) Адам өз табиғаты бойынша тойымсыз, ұрысқақ.
D) Қоғам өмірінде «бәрінің бәріне деген соғысы» жүріп жатыр.
E) Адам – маймылдан жаратылған пенде.
F) Адам адамға – дос, бауыр.
G) Адамды Құдай өзіне ұқсатып жаратты.

124. Батысеуропалық тарих философиясын бастаған кім болды және оның негізгі тарих жөніндегі ойларын көрсетіңіз:

A) Вольтер.
B) Кант.
C) Аристотель.
D) Ол: «Пікірлер тарихты басқарады», – деген ой айтты.
E) Ол: «Елбасы қоғамды қалай қарай бұрғысы келсе, соны жасай алады», – деген пікір айтты».
F) Ол «Белгілі бір елбасының ойы іске асуы үшін оны халықтың көпшілігі мойындауы керек», – деді.
G) Ол тарихтың алға жылжуын, өрлеуін мойындаған жоқ.

125. Томас Гоббс:

A) Ол: «Адамның өзімшілдігін ноқталау қажеттігі мемлекет пен құқықты қажет етеді», – деді.
B) Ол: «Адам өз табиғаты бойынша ізгілікке ұмтылатын пенде», – деді.
C) Ол: «Тарихта мемлекетке дейінгі және мемлекеттік саты болды», – деген пікір айтты.
D) Ол: «Тарихта әуел бастан мемлекет болды», – деген пікір айтты.
E) Ол: «Адамды Құдай өзіне ұқсатып жаратты», – деген пікір айтты.
F) Ол: «Адам өз табиғаты бойынша өзімшіл, тойымсыз», – деген пікір айтты.
G) Ол тарихтың алға жылжуын, өрлеуін мойындаған жоқ.

126. Паскаль:

A) Француз ойшылы, математигі болды.
B) Ағылшын ғалымы болды.
C) Ол алғашқы есептеу машинасын, арифмометрді ойлап шығарды.
D) Ол адамға ойлана алатын құрал деген анықтама айтты.
E) Ол адамға тікелей жүретін пенде деген анықтама берді.
F) Ол адамды «саяси жануар» деді.
G) Ол Құдайдың болмысын мойындаған жоқ.

127. Ағартушылық дәуірінде өмір сүрген француз ойшылдарын көрсетіңіз:

A) Спиноза.
B) Кант.
C) Вольтер.
D) Маркс.
E) Декарт.
F) Руссо.
G) Монтескье.

128. Ж.Ж.Руссо:

A) «Теңсіздіктің қайнар көзі адамның ақыл-ой иесі ретінде жетілуге деген қабілетінде», – деп ойлады.
B) «Теңсіздіктің қайнар көзі діннің адамдарды алдап-арбауында», – деп есептеді.
C) «Теңсіздіктің қайнар көзі адамды зорлауда жатыр», – деп есептеді.
D) «Теңсіздікті жою «қоғамдық шарт» жасау арқылы іске асуы мүмкін», – деп ойлады.

E) «Теңсіздікті жою революция арқылы жүруі керек», – деп ойлады.
F) «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның ішкі табиғи дарындарының ашылуы мен гүлдеуіне көмектесу», – деп ойлады.
G) «Тәрбиелеу дегеніміз – қатаң тәртіп арқылы ұстаздың білімін баланың санасына енгізу», – деп ойлады.

129. Ш.Монтескье билікті қандай салаларға бөлу қажеттігін айтты:

A) атқару билігі.
B) король билігі.
C) сот билігі.
D) заң шығару билігі.
E) халық билігі.
F) әскер билігі.
G) хунта билігі.

130. Д.Дидро –

A) француз энциклопедисі.
B) дат экзистенциалисі.
C) материяның ішкі қайшылығын мойындап, қозғалысты оның өмір сүру тәсілі деп есептеді.
D) материяның қозғалуы мен дамуы сыртқы қозғау ықпалы арқылы жүреді деп есептеді.
E) адам тіршілік дамуының ең жоғары сатысы деген ойда болды.
F) адамды Құдайдың өзіне ұқсатып жаратқанын терістеген жоқ.
G) материяның қозғалуы мен дамуы Құдайдың ерікті іс-әрекетінде деп санады.

7.2. Неміс классикалық философиясы

131. Неміс классикалық философиясында идеалистік бағытты ұстағандар:

A) К.Маркс.
B) Г.Гегель.
C) Л.Фейербах.
D) И.Г.Фихте.
E) И.Кант.
F) Ф.Энгельс.
G) О.Конт.

132. Канттың таным теориясына енгізген жаңа ұғымдары:

A) трансцендентальдық.
B) метафизикалық.
C) априори.
D) диалектикалық.
E) антиномия.
F) сезімдік.
G) рационалдық.

133. И.Канттың негізгі шығармалары:

A) «Таза парасатқа сын».
B) «Академиктерге қарсы сын».
C) «Саяси экономияға сын».
D) «Іс жүзіндегі парасатқа сын».
E) «Пайымдау қабілетіне сын».
F) «Қисын ғылымына сын».
G) «Алхимияға сын».

134. И.Канттың талдаған әлеуметтік нормаларын таңдаңыз:

A) заңға сыйымды нормалар.
B) ұйымдастырушылық-техникалық нормалар.

C) моральдық нормалар.
D) жорамалға сүйенген нормалар.
E) логикалық нормалар.
F) саяси нормалар.
G) әдет-ғұрып нормалары.

135. Априорлық формалар Кант бойынша:

A) Туа біткен идеялар.
B) Силлогизмдер.
C) Тәжірибеге дейін берілген білім.
D) Мораль саласындағы болуға тиіс талаптар.
E) қисын саласындағы тепе-теңдік заңы.
F) тәжірибеден кейін берілген білім.
G) эзотерия жолымен ашылатын білім.

136. И.Канттың Құдай жөніндегі ойларын таңдаңыз:

A) Ғылыми жолмен Құдайдың бар екенін де, жоқ екенін де дәлелдеу мүмкін емес.
B) Ғылыми жолмен Құдайдың жоқ екенін дәлелдеуге болады.
C) Адам өз рухани адамгершілік саулығын сақтау жолында Құдайды қажет етеді.
D) Адамның рухани адамгершілік саулығы оның денсаулығы мен ауқаттылығына байланысты, Құдайдың оған еш қатысы жоқ.
E) Мен сенімге үміт артамын.
F) Мен білімге үміт артамын.
G) Мен әсемдікке үміт артамын.

137. Канттың таным теориясында қолданған ұғымдарын таңдаңыз:

A) антиномиялар.
B) заңға сыйымды нормалар.
C) зат өз ішінде.
D) жорамалға сүйенген нормалар.
E) апостериориялық санаттар.
F) санаттық талаптар.
G) әдет-ғұрып нормалары.

138. И.Канттың ойынша, қайсыбір дүниетаным:

A) сезімдік аңлаудан басталады.
B) көкейкөзден басталады.
C) ішкі бір сілкіністен басталады.
D) келесі сатыда сезімдік аңлауға өтеді.
E) келесі сатыда санаттық талдауға өтеді.
F) идеяларды тудырумен бітеді.
G) кесімді талаптарды тудырады.

139. И.Канттың көрсеткен диалектикалық антиномияларын табыңыз:

A) әлемнің басталған әлемнің уақыттық шеңбердегі уақыты мен кеңістіктегі басы және кеңістіктегі шеңбері бар. Ол шектелген жоқ. Ол – шексіз.
B) шексіздік шектелгендерден шектелгендер тұрады шексіздікке әкеледі.
C) әлемдегі қайсыбір күрделі дүниеде бөлшектерден тұрады, бірде-бір тұрпайы нәрсе жоқ.
D) Дүниедегі күрделі заттар бөлшектерден тұрады, заттың біртұтастығын құрайды.
E) Кейбір құбылыстарды түсіну үшін дүниеде ерікті себептіліктің бар екенін мо-

йындау қажет, ешқандай еріктік жоқ.
F) Қажеттік кездейсоқтықтар арқылы пайда болады. Кездейсоқтықтар арқылы қажеттік іске асады.
G) Адамды әрқашанда мақсат-мұрат тұт. Адамды әрқашанда құрал ретінде пайдаланған.

140. «Үзілді-кесілді талап» деп И.Кант қандай заңдарды атайды?

A) априорлық.
B) антиномиялық.
C) кездейсоқ.
D) салыстырмалы.
E) абсолютті.
F) қажетті.
G) таңғаларлық.

141. Шынайы идеализмнің көрнекті өкілдерін көрсетіңіз:

A) К.Маркс.
B) Г.Гегель.
C) Л.Фейербах.
D) И.Г.Фихте.
E) И.Кант.
F) Платон.
G) А.Августин.

142. Гегельдің ашқан диалектиканың заңдарын көрсетіңіз:

A) дүниежүзілік тартылыс заңы.
B) қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы.
C) термодинамиканың энтропия заңы.
D) тіршіліктің эволюция заңдары.
E) сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге өту заңы.
F) терістеуді терістеу заңы.
G) зат пен энергияның сақталу заңы.

143. Гегельдің ойынша, абсолюттік рухтың сатылары:

A) тірі табиғат.
B) өнер.
C) әдебиет.
D) қиял, ғажайып.
E) дін.
F) поэзия.
G) философия.

144. Гегельдің философиялық жүйесінің негізін құрайтын санаттар:

A) Абсолют.
B) Үлкен Мен.
C) Абсолюттік идея.
D) Табиғат.
E) Абсолюттік рух.
F) Тіршілік.
G) Жануарлар әлемі.

145. Гегельдің ойынша, рух өз дамуында қандай сатылардан өтеді?

A) жануар рухы,
B) субъективтік рух,
C) моральдық рух,
D) объективтік рух,
E) абсолюттік рух,
F) эстетикалық рух,
G) аспан рухы.

146. Гегельдің ашқан диалектикалық заңдары дамудың қандай жақтарын сипаттайды?

A) дамудың қайнар көзі ретінде заттың ішкі қайшылығын,
B) дамудың қайнар көзі ретінде бір заттың екіншіге тигізетін ықпалын,
C) дамудың қайнар көзі ретіндегі Құдайдың іс-әрекетін,
D) заттың бір сападан екіншіге өтудегі секірісін,
E) заттың бірте-бірте бір сападан екіншіге өту механизмін,
F) заттың даму барысындағы физикалық терістеуін,
G) дамудағы заттың ескірген жағын теріcтеп, она жаңа дәрежеге көтеруін.

147. И.Фихтенің марксизмде кейіннен қабылдаған идеялары:

A) дағдарыстан шығу үшін жоспарлы экономика жасау қажет.
B) халықты ағарту, діннің құрсауынан босату керек.
C) қоғамның жетілуі болашақта мемлекет, шіркеу, құқықты қажет етпей қалады.
D) мемлекет сыртқы сауданы іскер топтарға беруі қажет.
E) мемлекет тарихта әрқашанда болған.
F) мемлекет адамдардың еңбек ету, ақысыз білім алу құқын қамтамасыз етуі қажет.
G) мемлекет зұлымдық, бірақ ол – қажетті зұлымдық.

148. Диалектика ілімі дамуының үш тарихи сатысын табыңыз:

A) өлі табиғат диалектикасы,
B) көне заман стихиялық диалектикасы,
C) тірі табиғат диалектикасы,
D) неміс философиясындағы идеалистік диалектика,
E) француз ағартушылары философиясының диалектикасы,
F) материалистік диалектика,
G) адам өмірі диалектикасы.

149. Диалектикаға қарсы бағытталған ағымдарды көрсетіңіз:

A) софистика,
B) механика,
C) метафизика,
D) эклектика,
E) логика,
F) эстетика,
G) лирика.

150. Гегельдің диалектикалық ілімінің мәнін көрсететін қағидаларды табыңыз:

A) Диалектика – ұғымдардың дамуын зерттейтін қисын ілімі.
B) Диалектика сұхбатты ұйымдастырудың өнері.
C) Диалектика ұғымдардың ішкі қайшылықтарын зерттейді.
D) Диалектика материалдық үдерістердің даму заңдылықтарын зерттейді.
E) Диалектика – метафизикалық даму үлгілеріне қарсы тұрған ілім.
F) Диалектика – медицинадағы диагноз қою ілімі.
G) Диалектика – қоғамдағы өзгерістерді зерттейтін ілім.

151. Л.Фейербахтың философиялық көзқарасын қалай бағалауға болады?

A) натурализм,
B) философиялық антропология,
C) антиклерикализм,
D) диалектикалық материализм,
E) тарихи материализм,
F) софистика,
G) эклектика.

152. Л.Фейербах діннің қандай түп-тамырларын ашты?

A) әлеуметтік,
B) гносеологиялық,
C) праксеологиялық,
D) психологиялық,
E) эстетикалық,
F) теологиялық,
G) метафизикалық.

153. Л.Фейербах философиясының кемшіліктері:

A) адамды тек қана табиғаттың ең биік туындысы деп есептеуі.
B) қоғамды талдауда идеалистік бағытта болуы.
C) адамды саяси жануар ретінде түсінуі.
D) адамның әлеуметтік мәнін жете түсінбеуі.
E) адамның мәнін қоғамдық қатынастар жиынтығы ретінде қарауы.
F) қоғамды материалистік тұрғыдан талдауы.
G) диалектикалық материализм.

154. Фихтенің ойынша, дүниенің өмір сүруінің үш негізі мынандай:

A) Алғашында орасан зор тебіреніс арқылы «Үлкен Мен» өз-өзін анықтап, «Мен – Менмін» деген дәрежеге келеді.
B) Алғашында орасан зор тебіреніс арқылы «Үлкен Мен» өз-өзін анықтап, «Кіші Менді» тудырады.
C) Келесі сатыда «Мен» өзінен «Мен еместі» тудырып, өзіне қарсы қояды.
D) Келесі сатыда «Кіші Мен» өзін Табиғатқа қарсы қояды.
E) Соңғы сатыда шексіз «Кіші Мен» мен өзі тудырған «Мен еместің» арасында, бір жағынан, шексіздікке бағытталған, екінші жағынан, шектелген диалектикалық байланыстар пайда болады.
F) Соңғы сатыда шексіз «Үлкен Мен» мен өзі тудырған «Мен еместің» арасында, бір жағынан, шексіздікке бағытталған, екінші жағынан, шектелген диалектикалық байланыстар пайда болады.
G) Соңғы сатыда шексіз «Үлкен Мен» мен өзі тудырған «Мен емес» бір-біріне сіңісіп, біртұтас рухты құрайды.

155. Фихтенің әлеуметтік саяси ойларын табыңыз:

A) Ол неміс халқына: «Әрекет ет, әрекет ет, тағы да әрекет ет», – деген ұран тастады.
B) Ол неміс халқына: «Оқы, оқы және де оқы», – деген ұран тастады.
C) Ол: «Мемлекет – зұлымдық, бірақ та қажетті зұлымдық», – деген пікір айтты.

D) Ол мемлекетті адамгершіліктің шынайы көрінісі деп бағалады.
E) Ол мемлекет әрқашанда адамзат тарихында болады деп есептеді.
F) Германияны дағдарыстан шығару үшін жоспарлы экономика мен сыртқы сауданы мемлекет қолына өткізу керек деп есептеді.
G) Ол жоспарлы экономика елді тоқырауға әкеледі деп санады.

156. Шеллингтің философиясын суреттейтін қағидаларды табыңыз:

A) Ол дүниенің бастауын Абсолюттен көреді.
B) Ол дүниенің бастауын Абсолюттік идеядан көреді.
C) Ол табиғатты құнарлы «natura naturans» деп есептеді.
D) Ол табиғатты тек қана жұмсақ, қай нәрсені болса да қабылдай алатын негіз – «natura naturata» деп есептеді.
E) Ол құқықтық мемлекет орнату қажеттігін баса айтты.
F) Ол конституциялық монархия сол кездегі Германияға керек екенін көрсетті.
G) Ол жоспарлы экономика елді тоқырауға әкеледі деп санады.

7.3. Марксизм

157. «Табиғат философиясы» атты еңбегінде Ф.Энгельстің көрсеткен материяның қозғалыс формаларына жатпайтындарды көрсетіңіз:

A) метафизикалық,
B) физикалық,
C) диалектикалық,
D) софистикалық,
E) механикалық,
F) биологиялық,
G) әлеуметтік.

158. К.Маркс пен Ф.Энгельстің диалектикалық материалистік көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен жаратылыстанудағы жетістіктер:

A) Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясы.
B) С.Карноның ашқан дүниежүзілік энтропия заңы.
C) Шванн мен Шлейденнің тудырған тіршіліктің ағзадан тұратындығы туралы ілімі.
D) И.Ньютонның дүниежүзілік тартылыс заңы.
E) А.Эйнштейннің салыстырмалы теориясы.
F) Майер мен Гельмгольцтің ашқан энергияның бір-біріне өту және сақталу заңы.
G) И.Пригожин мен Г.Хакеннің жасаған синергетитка теориясы.

159. К.Маркс:

A) 19 ғ. өмір сүрген ұлы неміс философы.
B) 19 ғ. өмір сүрген ағылшын философы.
C) қосымша құн теориясын жасады.
D) тарихты материалистік тұрғыдан түсіндірді.
E) механистік көзқараста болды,
F) әлеуметтік дарвинизмді қолдады.
G) Құдайды мойындады.

8-тақырып. XIX ғ. бейклассикалық философия

160. Батыс ой-пікірінің бейклассикалық жолға түсуінің негізгі себептері:

A) сол кездегі капиталистік қоғамның қайшылықтарының өсуі, ағартушылардың жарқын болашаққа деген үміттерінің ақталмауы;
B) жаратылыстану ғылымдарының дағдарысқа ұшырауы;
C) марксизмдегі «пролетариат диктатурасы» идеясының алдыңғы қатарлы зиялылардың көңілінен шықпауы;
D) сол кездегі болған буржуазиялық демократиялық революциялардың сәтсіздікке ұшырауы;
E) ғылым мен техниканың алға өрлеуінің сәтсіздікке ұшырауы;
F) кедейленген шаруалардың біршамасының қалаға ағылуы;
G) діннің қайта өрлеуі.

161. А.Шопенгауердің «Әлемдік еркі»:

A) саналы, алдына неше түрлі мақсаттарды қояды;
B) бейсаналы;
C) Құдайдың жаратушы күшімен тығыз байланысты;
D) тек өмір сүргісі келеді;
E) өз өміріне мәңгілік қанағаттанбайды;
F) адамды дінге қарай итермелейді;
G) адамды бақытқа жетелейді.

162. А.Шопенгауердің «Әлемдік еркін»:

A) рационалдық жолмен түсінуге болады;
B) эмпиризм жолымен түсінуге болады;
C) эстетикалық жолмен сезінуге болады;
D) этикалық жолмен терістеуге болады;
E) реквием арқылы оны терең аңлауға болады,
F) терістеу мүмкін емес;
G) бағынышты түрде қабылдау қажет.

163. С.Кьеркогер:

A) Гегельдің диалектикасын қатты сынға алды;
B) Гегельдің философиясын жақтады;
C) адам өміріндегі діни адамгершілік жолды уағыздады;
D) адамның өмірлік жолын бес сатыға бөлді;
E) адамның өмірлік жолын үш сатыға бөлді;
F) адамның өмірлік жолын екі сатыға бөлді;
G) диалектиканы метафизикаға қарсы қойды.

164. С.Кьеркогердің философияға енгізген санаттарына жатпайды:

A) шешім,
B) үрей,
C) алаңдау,
D) қажеттік,
E) сыртқы дүние,
F) түңілу,
G) себеп.

165.С.Кьеркогер бойынша, адам өмірінің үш сатысы:

A) саяси,
B) эстетикалық,
C) есею,
D) этикалық,
E) ересек,
F) қартаю,
G) діни.

166. С.Кьеркогер «Зардап шегу» мәселесіне қандай өзгерістер енгізеді?

A) бәрі де зардап шегу;
B) адам зардап шегуді қалауы керек;
C) зардаптан құтылудың жолы бар;
D) адам зардап шегуді сүюге тиіс;
E) адам өмірін әрқашанда ауырлата түсуі қажет;
F) зардап шегуден құтылуға болмайды;
G) зардап шегудің себебі дүниенің ешқашанда кемеліне келмеуінде.

9-тақырып. Орыс философиясы

167. Орыс философиясына тән негізгі ерекшеліктер:

A) рационализм,
B) эмпиризм;
C) діни адамгершілік;
D) материализм,
E) диалектика,
F) қауымдастықты жақтау;
G) православие қағидаларын жақтау.

168. Славянофильдердің ұстанымдарына тән:

A) барлық батыстыққа табыну;
B) Батыстың жекелікке негізделген қоғамын сынау;
C) діни адамгершілік жолды уағыздау;
D) материализм;
E) диалектика;
F) қауымдастықты жақтау;
G) православие қағидаларын жақтау.

169. Кім славянофильдерге жатады:

A) Н.Я. Данилевский,
B) П. Я.Чаадаев,
C) А.И. Герцен,
D) А.С.Хомяков,
E) И.В.Киреевский,
F) В.Г.Белинский,
G) Н.В.Станкевич.

170. Кім батысшыларға жатады:

A) Н.Я. Данилевский,
B) П. Я.Чаадаев,
C) А.И. Герцен,
D) А.С.Хомяков,
E) И.В.Киреевский,
F) В.Г.Белинский,
G) А.С.Хомяков.

171. Батысшылардың негізгі қағидалары:

A) Батыс қоғамының үзілді-кесілді алға өрлеуін мойындау.
B) Ресейдің Батыспен салыстырғандағы толыққанды еместігі.
C) Қауымдастықтың негізінде өмір сүру қажеттігі.
D) Ресейдің дамуындағы Батыс жолының қажеттігі.
E) Ресейдің өз ерекше даму жолын мойындау.

F) Православие қағидаларын қолдау.
G) Діни адамгершілік жолды уағыздау.

172. Алдыңғы қатарлы Ресей интеллигенттерінің қойған өмірлік сұрақтары:

A) Біз кімбіз және қайда бара жатырмыз?
B) Халықтың достары кімдер?
C) Кім кінәлі?
D) Халықтың жаулары кімдер?
E) Не істеу керек?
F) Неліктен біз Батыстан қалып қойдық?
G) Біз Батыс қоғамынан қашан озып кетеміз?

173. Л.Н.Толстой өз көзқарастарын қалай атады және қандай ұстанымдарды жақтады?

A) коммунизм;
B) ерікті теософия;
C) анархосоциализм;
D) тіске – тіс, көзге – көз;
E) зұлымдыққа күшпен қарсы шықпау;
F) өмірді тек ізгілікті-діни жолмен өзгертуге болады;
G) өмірді тек саяси-құқықтық жолмен өзгертуге болады.

174. Орыс экзистенциализмінің өкілдерін көрсетіңіз:

A) Н.Федоров;
B) В.Соловьев;
C) Ф.Достоевский;
D) С.Франк;
E) Н.Бердяев;
F) Л.Шестов;
G) Н.Рерих.

175. Орыс діни философы В.С.Соловьевтің ұстанымдарын табыңыз:

A) Дүниедегі бәрінің бірлігі;
B) Дүниедегі бәрінің бір-бірімен қайшылығы, ымыраға келмеуі;
C) Құдай – ғарыштық зерде;
D) Құдай – ғарыштан бөлек тұрған дүниені тудырған рух;
E) София – дүниежүзілік жан, дүниенің бірлігін сақтайды;
F) Софияны Құдай тудырған жоқ;
G) София – Құдайдың қызы.

176. Орыс экзистенциалисі Н.Бердяевтің ұстанымдарын көрсетіңіз:

A) Дүниенің өзі алғашқы еркіндік пен Құдайдың арасындағы қайшылықтан туады.
B) Еркіндік – Құдайдың адамға берген өшпес сыйы.
C) Еркіндік адамды Құдайдың жолынан тайдырып күнәға әкеледі.
D) Шығармашылық дегеніміз – еркіндік.
E) Шығармашылық – аз адамдарға берілген ерекше қабілет.
F) Дүниенің негізінде табиғат қажеттіліктері жатыр.
G) Адам еріктік пен шығармашылықтың негізінде дүниені өзгерте алады.

177. В.С.Соловьев өз таным теориясында қандай үш ақиқат түрлерін мойындайды?

A) идеалдық;
B) материалдық;
C) формальдық;
D) объективтік;
E) салыстырмалық;
F) абсолюттік;
G) когеренттік.

178. Орыс ғарыш философиясының өкілдерін көрсетіңіз:

A) Н.Федоров;
B) В.Соловьев;
C) Ф.Достоевский;
D) К.Циолковский;
E) Н.Бердяев;
F) Л.Шестов;
G) Л.Чижевский.

179. Орыс космизмі идеяларына жатпайтынды көрсетіңіз:

A) ғарыштағы адамзаттың өлместігі;
B) жер бетін қайта өзгертіп, оның қожайыны болу;
C) Күн мен биосфераның ажырамас байланысын анықтау;
D) биосфераның ноосфераға өтуі;
E) Құдайды зерттеу арқылы оның мәнін ашу;
F) Жердің тартысы адамды ғарышқа жібермейді;
G) табиғатты зерттеп, өткен ұрпақтарды тірілту.

180. Қазақ дүниетанымының ерекшеліктеріне тән:

A) ислам идеясы;
B) жер бетін қайта өзгертіп, оның қожайыны болу;
C) Күн мен биосфераның ажырамас байланысын анықтау;
D) іштесу, яғни терең сұхбатқа түсу;
E) ашықтық, қиналғандарға қол ұшын беру;
F) жекелікті жалпыға қарсы қою;
G) қауымдастық өмір салтын ұстау.

181. Қазақ философиясының қалыптасуында:

A) онтологиялық (болмыс) мәселелерге көбірек көңіл бөлінді;
B) гносеологиялық (таным) мәселелерге көбірек көңіл бөлінді;
C) антропологиялық (адам) мәселелерге көбірек көңіл бөлінді;
D) іс жүзіндегі мәселелерге көбірек көңіл бөлінді;
E) теориялық пайымдауға көбірек көңіл бөлінді;
F) этикалық мәселелерге көңіл бөлінді;
G) саясаттану мәселелеріне көбірек көңіл бөлінді.

182. Қазақ мифологиясында мойындалған Үш әлемді көрсетіңіз:

A) Аспан;
B) Күн;
C) Ай;
D) Жер, Су;
E) Жұлдыздар;
F) Темірқазық;
G) Жер асты.

183. Әйел Құдай – Ұмай нені қолдады?

A) Ол Аспан заңдылықтарын сақтады.
B) Жер астындағы тәртіпті қолдады.
C) Ол үй, шаңырақ, ошақтың қамқоршысы болды.
D) Ол Ұста Құдайы болды.
E) Жұлдыздар әлемін қолдаушы.
F) Балалардың сүйеушісі.
G) Өнердің қолдаушысы.

184. Қасқырдың қандай қасиеттерін тотем ретінде қазақтар бойына сіңірді?

A) оның сақтығын;
B) көнбістігін;
C) үйірлік өмірін;
D) момындығын;
E) батылдығын;
F) сабырлығын;
G) қорқақтығын.

185. Анарыстың айтқан дана сөздерін табыңыз:

A) «Тілің мен құлқыныңды, нәпсіңді ауыздықтай біл!».
B) «Ақыл біледі, бірақ ерік таңдайды».
C) «Байқалмай өмір сүр».
D) «Білім – күш».
E) «Өзіңе тілемегенді басқаға да жасама».
F) «Адам мен адамның айырмашылығы тілі мен атақ-даңқында емес, – ақылында».
G) «Жүзім шыбығы – бір шоқ ләззат, содан кейін – мастық, соңында жиіркеніштік әкеледі».

186. «Қорқыт ата» кітабындағы көтерілген әлеуметтік мәселелерге жатпайтын идеяларды табыңыз:

A) «Тілің мен құлқыныңды, нәпсіңді ауыздықтай біл!».
B) «Халықтың бірлігін сақтау».
C) «Байқалмай өмір сүр».
D) «Әлеуметтік әділеттілікті жақтау».
E) «Өзіңе тілемегенді басқаға да жасама».
F) «Қылмыскерлермен заңды жолмен күресу».
G) «Әдет-ғұрыпты сақтау».

187. «Кісіге үш дүние пайдалы», – дейді Ж.Баласағұн. Олар:

A) жақсы жолдас;
B) ізгі іс немесе мінезі түзулік;
C) ағайын-туыстар;
D) қауымдасып өмір сүру;
E) көкейкөз;
F) ұят;
G) әділдік.

188. Ж.Баласағұн уағыздаған төрт құндылықтың қатарына кірмейтіндерді көрсетіңіз:

A) әділет;
B) ырық;
C) дәулет;
D) қанағат;
E) көкейкөз;
F) ақыл-ой;
G) тапқырлық.

189. А.Жүйнекидің айтқан нақыл сөздерін көрсетіңіз:

A) «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ».
B) «Білімсіздік – тірі өлік».
C) «Тәкаппарлықты тәңір сүймес».
D) «Көңілі пасық ерде дәулет болмас».
E) «Дәрежең өскен сайын ұстамдырақ бол, кішіпейілдік ұста».
F) «Бал бар жерде ара да бар. Ең алдымен араның зәрін байқап көр».
G) «Білім – күш».

190. Сопылық жолдың үш сатысын көрсетіңіз:

A) Парасат;
B) Ұлағат;
C) Шариғат;
D) Қанағат;
E) Тарихат;
F) Ақиқат;
G) Джихад.

191. Қ.А.Яссауидің уағыздаған құндылықтарын көрсетіңіз:

A) джихад;
B) пендешілікпен күресу;
C) нәпсіні тыю;
D) қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу;
E) менмендікке ашық күрес жариялау;
F) халықты төңкеріс жасауға шақыру;
G) халықты жер бетінде жұмақ орнатуға уағыздау.

192. XV-XVI ғ.ғ. ақын-жыраулардың тебіренткен негізгі мәселелер:

A) өткен ғасырларды романтизациялау, көксеу;
B) пендешілікпен күресу;
C) халық бірлігін, бейбіт өмірді көксеу;
D) елді сыртқы жаулардан қорғауға шақыру;
E) басқа елдермен сауда-саттық жасауға шақыру;
F) халықты төңкеріс жасауға шақыру;
G) халықты жер бетінде жұмақ орнатуға уағыздау.

193. Асан қайғы:

A) XV ғ. өмір сүрген қазақ ойшылы, жырауы;
B) XVII ғ. өмір сүрген жырау;
C) өмір бойы «Жерұйық» іздеген жырау;
D) өз заманындағы әділетсіздікпен күресті;
E) менмендікке ашық күрес жариялады;
F) халықты төңкеріс жасауға шақырды;
G) халықты жер бетінде жұмақ орнатуға уағыздады.

194. Шалкиіз ақын:

A) адам өмірі Тәңірдің қолында деп есептеді;
B) адам өз өміріне өзі жауапты деп есептеді;
C) өмір бойы «Жерұйық» іздеген жырау болды;
D) адамды табиғаттың төл туындысы деп есептеді;
E) менмендікке ашық күрес жариялады;
F) адамдар өз табиғаты бойынша жамандар мен жақсыларға бөлінеді деп есептеді:
G) халықты жер бетінде жұмақ орнатуға уағыздады.

195. Бұхар жыраудың адам өмірі жөніндегі ойлары:

A) «Құсты жисаң – бүркіт жи, қыстауыңды түлкі етер. Бір жақсымен дос болсаң – азбас, тозбас мүлік етер».
B) «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді».
C) «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтып күн көрер. Хан мен билер қысқанда, халық қайтып күн көрер».
D) «Алаң да алаң, алаң жұрт, ақ ала ордам қонған жұрт».
E) «Қайғының күні төнсе де, үмітін жоймас адамзат».
F) «Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса, Қоңқалаған көп жаман, сол жақсыны көре алмас».
G) «Ай нұрын ұстап мінсе де, арманын қоймас адамзат».

196. Ш.Уәлиханов:

A) дүниеге көзқарасында материалистік бағытта болды;
B) дүниеге көзқарасында идеалистік бағытта болды;
C) «парасатты реформалар» арқылы қоғамды өзгертуге болады деп сенді;
D) қоғамды талдауда «географиялық детерминизм» қағидасын ұстады;
E) басқа елдермен сауда-саттық жасауға шақырды;
F) халықты төңкеріс жасауға шақырды;
G) халықты жер бетінде жұмақ орнатуға уағыздады.

197. Ш.Уәлихановтың ойына сәйкес:

A) бақсылық тәңірлікке қайшы келеді;
B) бақсылық – көшпенділердің табиғатқа табыну жолында тудырған дүниесезімі;
C) көшпенділердің өміріне қолдану үшін Ресей сот жүйесін реформалау керек;
D) Ресейдің сот жүйесі сол қалпында қалуы керек;
E) таяу болашақта халыққа үйреншікті билер сотын қалдыру қажет;
F) молдалар халықты адамгершілік жолмен жүруге уағыздайды.

198. Абай философиясының негізінде жатқан үш санат:

A) Әділет;
B) Жаратқан.
C) Дәулет;
D) Дүние;
E) Адам;
F) Ақыл-ой;
G) Тапқырлық.

199. Абай өз халқының қандай теріс қасиеттерін әшкереледі?

A) екіжүзділік;
B) надандық.
C) еріншектік;
D) тойымсыздық;
E) сараңдық;
F) зұлымдық;
G) ұятсыздық.

200. Абайдың ойынша, Құдай адамның қандай баю жолын қабылдайды?

A) кемтарларға қол ұшын беру жолын;

B) даңққа жету жолын;
C) билікке жету жолын;
D) өзін басқаларға тәуелсіз ету жолын;
E) нағыз адами өрлеу – рухани самғау жолын;
F) басқаларға жоғарыдан қарау жолын;
G) басқаларда жоқ қымбат заттарға ие болу жолын.

201. Шәкәрімнің көрсеткен «Үш анығы»:

A) кездейсоқ жолмен ашылған ақиқаттар;
B) ғылымдағы ақиқаттар;
C) салыстырмалы ақиқаттар;
D) дінде берілген аяндар;
E) ар-ұждан ақиқаттары;
F) көкейкөз арқылы берілген ақиқаттар;
G) шынайы ақиқаттар.

202. Шәкәрімнің ойынша, ар-ұждан ақиқатына не кіреді?

A) махаббат;
B) ынсап;
C) түйсік
D) әділет;
E) мейірім;
F) көкейкөз;
G) ырық.

203. Қазақ әйелдерін эмансипациялау (теңдік) мәселесін өз шығармаларында көрсеткен:

A) А.Байтұрсынов;
B) Ж.Аймауытов;
C) М.Шоқай;
D) Ә.Бөкейханов;
E) М.Дулатов;
F) М.Жұмабаев;
G) Х.Досмұхамедов.

204. Алла тағала Абайдың философиялық ойларында қандай орын алады?

A) Ол – Жаратушы;
B) Ол – Бірінші қозғаушы;
C) Ол – дүниежүзілік ақыл-ой;
D) Ол – адамгершіліктің негізі;
E) Ол – дүниедегі тәртіптің кепілі;
F) Ол – ештеңе;
G) Ол – зұлымдықты жақсылықпен бірге тудырды.

205. Өз заманындағы қазақ қоғамын Абай қалай қабылдады?

A) алтын ғасыр ретінде;
B) аянышты сезіммен;
C) реформаларды қажет етпейді деген оймен;
D) басқалардың тәжірибесін қабылдамай-ақ өмір сүруге болады деген оймен;
E) сыни көзбен;
F) она өзгерту қажетті деген оймен;
G) өткенге қайта оралу керек деген оймен.

206. Ы.Алтынсарин:

A) деистік көзқарас бағытын ұстады;
B) материалистік бағытта болды;
C) балаларға арнап, «Қырғыз хрестоматиясын жазды»;
D) балаларға арнап, «Қазақ хрестоматиясын жазды»;
E) балаларға арнап «Математика» оқулығын жазды;

F) жаңа мектептер ашты;
G) балабақшалар ашты.

207. А.Байтұрсынов:

A) Қазақстанның автономиялық дәрежеде өзін-өзі басқару мүмкіндігіне жетуін арман-дады;
B) қазақ тілін сақтап қалу мәселесіне аса көңіл аударды;
C) қазақ елін толық тәуелсіздікке жеткізу жолын ұстады;
D) қазақтың дәстүрлі шаруашылық формаларын сақтап қалу керек деген ойда болды;
E) халықты ағарту, мәдениетті жаңарту арқылы қараңғылық пен еріншектік, енжарлықтан құтқару мақсатын қойды;
F) халықты Ресей империясына қарсы көтеріліске шақырды;
G) халыққа «Оян, қазақ» деген ашық ұран тастаған болатын.

10-тақырып. XIX-XX ғ.ғ. Батыс философиясы

208. Позитивизм ағымының негізін қалаушы О.Конт адамзат рухани дамуының үш сатысын көрсетеді:

A) теософиялық;
B) теологиялық;
C) телеологиялық;
D) метатеориялық;
E) метафизикалық;
F) позитивтік;
G) негативтік.

209. Ф.Ницшенің ұсынған идеялары:

A) дүниежүзілік ерік;
B) билікке деген ерік;
C) дүниені тануға деген ерік;
D) мәңгі қайта оралу;
E) мәңгі жаңалыққа деген ынта;
F) адамнан жоғары;
G) адамнан төмен.

210. Ф.Ницшенің ұсынған идеялары:

A) дүниежүзілік ерік;
B) аполлондық мәдениет;
C) дүниені тануға деген ерік;
D) Дионисий мәдениеті;
E) мәңгі жаңалыққа деген ынта;
F) Құдай өлді!
G) адамнан төмен.

211. Танымдағы эмпириокритицизм ағымы ұсынған ұстанымдар:

A) танымдағы субъект пен объектінің бір-бірімен ажырамас байланысы;
B) танымдағы априорлық санаттарды пайдалану;
C) алынған білімді өне бойы іс-тәжірибемен байланыстыру;
D) ғылыми жетістіктерді дәлме-дәл суреттеу дәрежесіне жету;
E) мәңгі жаңалыққа деген ынта;
F) метафизикалық дерексіз санаттардан бас тарту;
G) мистикалық танымға сену.

212. Логикалық позитивизм:

A) қайсыбір ғылыми пайымдаудың тәжірибелік деректерге сәйкес келуін қадағалайды;
B) ғылыми жабдықтармен алынған қайсыбір деректерге күмәндана қарайды;

C) философиядағы ең жалпы ұғымдарды тексеру мүмкіндігі жоқ болғаннан кейін оларды сынайды;
D) дамыған теорияларды құрамдас бөліктеріне, «хаттамалық сөйлемдерге» дейін бөліп тексеру қажеттігін уағыздайды;
E) таным теориясына фаллибилизм қағидасын енгізеді;
F) танымға әдістемелік плюрализм қағидасын енгізеді;
G) верификация қағидасын терістейді.

213. «Менің тілімнің көкжиегі менің дүниемнің көкжиегін құрайды», – деген:

A) М.Шлик;
B) Б.Рассел;
C) Л.Витгенштейн;
D) Ол: «Ғылыми тілді жалған ұғымдардан тазарту керек», – деді.
E) ол дүние жүзіндегі барлық тілдерге ортақ жалпы формалар бар екенін айтты;
F) Ол: «Тіл дегеніміз – болмыстың үйі», – деді.
G) Ол: «Біз тіл арқылы сөйлеспейміз, керісінше, тіл біз арқылы сөйлейді», – деді.

214. К.Поппердің ойынша:

A) қайсыбір теория өзгермейтін соңғы ақиқат емес;
B) ғылыми пайымдаудың терең табиғаты оның болжамдығында, яғни қате жіберу мүмкіндігінде;
C) қайсыбір теория аяқталған жүйе, сондықтан адамзаттың білім қорына өзгермей кіреді;
D) ғылымның дамуында мейлінше көбірек неше түрлі болжамдарды ұсынып, оларды бұрмалау керек;
E) философиялық білімді де бұрмалау керек;
F) ғылыми теорияны анықтау керек;
G) ол логикалық позитивизм ағымының өкілі;

215. К.Поппердің ұсынған «Үш әлеміне» жатады:

A) абсолюттік идеялар әлемі;
B) мифтер әлемі;
C) физикалық әлем;
D) өсімдіктер әлемі;
E) ментальдық әлем;
F) білімдер әлемі;
G) жануарлар әлемі.

216. И.Лакатостың ғылым философиясына енгізген ұғымдары:

A) «ғылыми-зерттеу бағдарламасы» атты қағида;
B) «Үш әлем» қағидасы;
C) «позитивтік және негативтік эвристика» қағидасы;
D) «ғылыми революция» қағидасы;
E) ғылым дамуының ішкі және сыртқы жақтары қағидасы;
F) анамнезис қағидасы;
G) утилитаризм қағидасы.

217. Томас Кунның ғылым философиясына енгізген категорияларын көрсетіңіз:

A) «парадигма» атты қағида;
B) «Үш әлем» қағидасы;
C) «ғылым дамуының бірқалыпты ахуалы» қағидасы;

D) «ғылыми революция» қағидасы;
E) ғылым дамуының ішкі және сыртқы жақтары қағидасы;
F) анамнезис қағидасы;
G) утилитаризм қағидасы.

218. П.Фейерабендтің ойынша:

A) бір теорияда жасалған ұғымдарды екіншіде пайдалану мүмкін емес;
B) бір теорияда жасалған ұғымдарды басқа теорияларда да пайдалануға болады;
C) бір теорияға қарсы басқа теориялар жасалуы керек, сонда ғана олардың арасында сайыс пайда болып, ғылым тез қарқынмен дамиды;
D) ақиқат біреу, сондықтан бір мәселе бойынша көп теорияларды жасау қажет емес;
E) ғылымда жеңіске жеткен теория өз ақиқаттығымен емес, басқа (қаражат, насихаттау т.с.с.) да мүмкіндіктерін іске асыру арқылы жетеді;
F) ғылымда жетістікке жеткен теория өз ақиқаттығымен көрінеді;
G) ғылым ақиқаты өнер, дін, философия ақиқаттарынан жоғары.

219. Экзистенциализм қағидаларына жатпайды:

A) адамның өмір сүруі оның мән-мағынаға ие болуынан алда жүреді;
B) адам мәні – қоғамдық қатынастар жиынтығында;
C) адам – еріктікке жаратылған пенде;
D) адам өз өмірінің мән-мағынасын «шекаралық ахуалда» табады;
E) адам – өз өмірі бағдарламасының жемісі;
F) адамның терең мән-мағынасы оның био-әлеуметтік табиғатында;
G) адам – саяси жануар.

220. Э.Гуссерльдің феноменология ағымына енгізген санаттарын көрсетіңіз:

A) «парадигма» атты қағида;
B) «Үш әлем» қағидасы;
C) сананың интенциялығы;
D) «ғылыми революция» қағидасы;
E) ноэзис және ноэма;
F) өмірлік дүние;
G) утилитаризм қағидасы.

221. Герменевтика ағымының өкілдерін көрсетіңіз:

A) В.Франкл;
B) Ф.Шлейермахер;
C) Ж.П.Сартр;
D) В.Дильтей;
E) Г.Гадамер;
F) А.Камю;
G) Б.Рассел.

222. Герменевтиканың мән-мағынасын ашатын қағидаларды табыңыз:

A) герменевтика – тарихтан бізге жеткен мәтіндерді түсіну ілімі;
B) герменевтика – адам өмірінің мән-мағынасын зерттейтін ілім;
C) тарихи мәтіндерді жете түсіну үшін сол заманның рухани аурасына өту қажет;
D) герменевтика – мифологияны зерттейтін ілім;

E) белгілі бір мәселелер өткен заманда және қазір қалай шешілді – соларды салыстыра келе, біз мәтіндерді түсіне аламыз;
F) герменевтика – неміс халқының тарихын зерттейтін ілім;
G) герменевтика жаратылыстану ғылымының ішіне кіреді.

223. Өмір философиясына қатысты қағидаларды табыңыз:

A) өмір дегеніміз – мәңгілік қалыптасу;
B) өмір – тіршілік әлемі;
C) өмір – ағым, өзгеріс, шығармашылық;
D) өмірді тек қайталанбайтын жекелік арқылы ғана суреттеуге болады;
E) өмір – «өмірлік талпынысқа» (elan vital), яғни ешқашанда тоқталмайтын шығармашылық өзгеріс, қалыптасуға тең;
F) интеллект заттың сыртқы қабығын ғана игере алады;
G) өмірді Құдай тудырды.

224. Өмір философиясының ірі өкілі А.Бергсонның ұстанымдарын табыңыз:

A) өмір дегеніміз – мәңгілік қалыптасу;
B) өмір – тіршілік әлемі;
C) өмір – ағым, өзгеріс, шығармашылық;
D) өмірді тек қайталанбайтын жекелік арқылы ғана суреттеуге болады.;
E) өмір – тарих, онда қайталану бар;
F) өмірдің физиологиялық негізі – ағзада;
G) Интуиция дегеніміз – ол затқа деген сүйіспеншіліктің негізінде оның ішкі, ақыл-ойға ашылмайтын жағына өтіп, оның өмірлік өзегін сезіну болып табылады.

225. З.Фрейдің ойынша, адам психикасының құрамдас бөліктері – олар:

A) интуиция;
B) ерік;
C) сана
D) санадан жоғары;
E) бейсаналық;
F) зейін;
G) сезім.

226. К.Г.Юнгтың фрейдизмге қосқан үлестері:

A) компенсация (толықтыру) ұғымы;
B) ұжымдық бейсаналық санаты;
C) электр кешенін ашқаны;
D) архетиптер ұғымы;
E) эдиптік кешенді жасағаны;
F) архетиптердің әдет-ғұрыптар, тіпті генетикалық жолмен берілуін ашқаны;
G) норма мен ауытқудағы тұлғаның дамуын зерттеді.

227. А.Адлердің толықтыру (орнын толтыру) ұғымын ашатын қағидаларды табыңыз:

A) кейбір жағдайларда тұлға өзінің табиғи кемістіктерін байқап,

өзін бейшара ретінде сезінеді, өз-өзіне деген сенбеушілік пайда болады;
B) өз кемістіктерін сезінген тұлға ауытқу жолына түсіп кетіп, өзін құртады;
C) неше түрлі іс-әрекеттер жасап, тұлға өз кемістіктерін жойғысы келеді;
D) ол медициналық операциялардан өтіп, дене кемістіктерін жоы мүмкін;
E) тұлғаның табиғи кемістіктері эдиптік қорсынуды тудырады;
F) кемістіктерді аттап өту жолында тұлға аса үлкен істерді жасаса, ұлылық дәрежеге дейін көтерілуі мүмкін;
G) кемістіктерудің орнын толтыруға тырысу нарцистік қорсынуды тудырады;

228. К.Хорни тұлғаның ауытқу жолымен кетуінің себептерін неден көреді?

A) био-психикалық себептерден;
B) тұлғаның нарцистік қорсынудан шыға алмауынан;
C) әлеуметтік себептер адамның мінез-құлқында теріс өзгерістердің қорлануына, невроз ауруына әкеледі;
D) сәтсіз махаббаттан;
E) генетикалық себептер (өзара тұлғалық және әке-шеше мен бала арасындағы теріс қарым-қатынастардың қалыптасуы);
F) «мәндік» себептер (тұлғаның өз мүмкіншіліктерін іске асыру жолында жалған жолға түсіп кетуі);
G) ұлтаралық некеге түсуден.

229. Э.Фроммның ойынша:

A) тұлғаның ешқандай туа біткен психикалық қасиеттері жоқ;
B) тұлғаның нарцистік қорсынуы оны үлкен сәтсіздіктерге әкеледі;
C) қазіргі қоғамдағы «машиналанған», «компьютерленген» қатынастар, адамның шынайы мәнін «жаттандырып», оны неше түрлі невроз ауруларына әкеледі;
D) невроз ауруларының бір себебі сәтсіз махаббаттан шығады;
E) генетикалық себептер (өзара тұлғалық және әке-шеше мен бала арасындағы теріс қарым-қатынастардың қалыптасуы) адамды ауытқу жолына түсіреді;
F) Қазіргі қоғам адамның осы дүниедегі «болуының» орнына оған «алуды» ұсынады;
G) ұлтаралық некеге түсуден невроз ауруы пайда болуы мүмкін.

230. Э.Фроммның ойынша, қазіргі қоғам адамдардың қандай мінез-құлықтарын тудырады:

A) эгоистік;
B) енжарлық;
C) коллегиалдық
D) нарықтық;
E) корпоративтік;
F) жинаушылық;
G) жексұрындық.

231. Э.Фроммның ойынша, қазіргі қоғамды шарпып кеткен әлеуметтік ауытқу формаларын қалайша жеңуге болады?

A) тоталитарлық жүйені орнату арқылы;
B) гуманистік жоспарлау арқылы;
C) социализмге өту арқылы;
D) алу, баю қағидасының орнына тұлғаны болу қағидасына жетелеу;
E) қоғамның жаттанған басқару формаларының орнына «гуманистік басқару» жүйесін енгізу;
F) революциялық төңкеріс жасау арқылы;
G) эволюциялық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу арқылы.

232. Экзистенциализм философиясының дүниеге келуінің негізгі себептерін көрсетіңіз:

A) экологиялық дағдарыстың болуы;
B) ғылым мен техника дамыған сайын адам болмысының тұрақсыздығы мен нәзіктігінің өсуі;
C) социализм мен капиталистік жүйенің арасындағы қайшылықтың өсуі;
D) демографиялық мәселенің жаһандану мәселесіне айналуы;
E) миллиондаған адамдардың дүниежүзілік соғыста қырылуы, адам өмірінің нәзіктігі;
F) солтүстік пен оңтүстік мәселесінің пайда болуы;
G) тоталитарлық қоғамдағы миллиондаған адамдардың мемлекеттің құлына айналуы.

233. М.Хайдеггер:

A) «Болмыс пен уақыт» деген философиялық еңбек жазды;
B) «Болмыс пен ештеңе» атты кітап жазды;
C) «Болу, немесе алу ма?» деген кітап жазды;
D) экзистенциализмге жаттанған адам – «Das Man», деген ұғым енгізді;
E) экзистенциализмге «Бір өлшемді адам» ұғымын енгізді;
F) «Біз әлі де болса ойланбаймыз», – деген пікір айтты;
G) «Бүгінгі өркениет дағдарыста», – деген пікір айтты;

11-тақырып. Болмыс философиясы (онтология)

234. Болмыс пен материя санаттарының арақатынасы қандай?

A) Материя санатының көлемі болмыстан анағұрлым кең, өйткені дүниеде материядан басқа еш нәрсе жоқ.
B) Болмыс санаты материядан кең – ол алғашқы философиялық бастама.
C) Дүниеде материалдық болмыстан басқа рухани болмыс та бар.
D) Болмыс ұғымы дүниеде өмір сүріп жатқанның бәрін қамтиды.
E) Болмыс пен материя санаттары бір-біріне тең.
F) Болмыс пен материя категориялары бір-біріне қарсы тұрған ұғымдар.
G) Олар салыстыруға келмейді.

235. Болмыс туралы қытайдың данасы Лао-цзының ойлары:

A) Болмысты бейболмыс тудырады.
B) Бейболмысты болмыс тудырады.
C) Болмыс нақтылы дүниедегі заттарды тудырады.
D) Нақтылы дүниедегі заттар мәңгі өмір сүреді.
E) Дүниедегі нақтылы заттар уақыты озған кезде өзінің негізіне – бейболмысқа қайта оралады.
F) Болмыс пен бейболмыс бірбіріне тең.
G) Болмыс пен бейболмыс – мәңгілік қайшылықта.

236. Көне гректердің ұлы ойшылы Парменидтің болмыс жөніндегі ойларын көрсетіңіз:

A) Болмыс бейболмысқа өтеді.
B) Тек қана болмыс бар, ал бейболмыс тіпті де жоқ.
C) Таза болмысқа қозғалмайтын, мәңгі, жетілген әсемдік және ой арқылы ғана келдім.
D) Бейболмыстан болмыс жаратылады.
E) Болмыс пен бейболмыс бірбіріне тең.
F) Біздің көз алдымыздағы болмыс – сезімдік болмыс, ол өтпелі, кемеліне келмеген.
G) Болмыс пен бейболмыс мәңгілік қайшылықта.

237. Материалдық болмыстың өмір сүру тәсілі мен формаларын көрсетіңіз:

A) тұрақтылық;
B) қозғалыс;
C) мәңгілік;
D) кеңістік;
E) уақыт;
F) себептік;
G) қажеттік.

238. Материалдық болмыстың үш әлемін көрсетіңіз:

A) өлі табиғат әлемі;
B) микроәлем;
C) тіршілік әлемі;
D) макроәлем;
E) жануарлар әлемі;
F) адам әлемі;
G) мегаәлем.

239. А.Эйнштейннің салыстырмалы теориясына сәйкес, егер зат сәуле жылдамдығына жақын қарқынмен қозғалса:

A) оның көлемі ешқандай өзгеріске ұшырамайды;
B) оның көлемі қысқарады;
C) уақыт тездейді;
D) уақыт бірқалыпты өтіп жатады;
E) уақыт баяулайды;
F) салмағы ауырлайды;
G) салмағы жеңілдейді.

240. Сана мен материяның арақатынасын анықтаудағы негізгі үш бағытты көрсетіңіз:

A) софизм;
B) диалектика;
C) материализм;
D) метафизика;
E) идеализм;
F) реализм;
G) зороастризм.

241. Екінші табиғат болмысы:

A) ол – адамның аяғы баспаған тағы табиғат;
B) ол – адамның қолынан өтіп өзгертілген табиғат;
C) ол – өсімдіктер әлемі;
D) қайсыбір қолдан жасалған затта адамның ойы, шығармашылық ізденістері сөнген;
E) ол – жануарлар әлемі;
F) қайсыбір адам қолынан шыққан затты пайдаланғанда, сондағы сөнген идея тағы да лап етіп, сананың бір бөлігіне айналады;
G) ол – қоғам өмірі.

242. Тіршілік болмысының ерекшелігі:

A) ол – тұрақты;
B) ол – аса күрделі;
C) ол – энтропия заңдылықтарына бағынады;
D) қоршаған ортамен зат, энергия, ақпарат алмасу арқылы өмір сүреді;
E) тіршілік өлі табиғаттың заңдылықтарына тәуелді;
F) қоршаған ортаның ықпалына қарсы тұрып, өз гомеостаздық жағдайын қамтамасыз етеді;
G) тіршіліктің басқа болмыстан айырмашылығы жоқ.

243. Қоғам болмысының ерекшеліктерін көрсетіңіз:

A) Оның өзегін саналы пенде – адам құрайды.
B) Ол толығынан биологиялық заңдарға тәуелді.
C) Ол әртүрлі әлеуметтік топтар мен таптардан тұрады.
D) Оның негізінде адамдардың өмір сүруін қамтамасыз ететін өндіріс тәсілі жатыр.
E) Қоғамның жануардың үйірінен ешқандай айырмашылығы жоқ.
F) Қоғам болмысының ерекшелігі – бәрінің барлығына деген соғысы жүріп жатыр.
G) Қоғам болмысының өзіне тән заңдылықтары жоқ.

12-тақырып. Диалектика ілімі

244. Диалектиканың тарихи типтерін анықтаңыз:

A) Ортағасыр философиясындағы диалектика.
B) Көне замандағы стихиялық диалектика.
C) Қайта өрлеу заманының диалектикасы.
D) Еуропа ағартушыларының диалектикасы.
E) Неміс философиясындағы идеалистік диалектика.
F) Марксизм философиясындағы материалистік диалектика.
G) Неопозитивизм диалектикасы.

245. Дамуға тән:

A) заттың өз ішкі қайшылығының негізіндегі қозғалысы;
B) алғашқы сатысына мәңгілік қайта оралуы;
C) күрделену;
D) бейберекеттікке өтуге тырысуы;
E) өткен сатыларын қайталамауы;
F) сыртқы ықпалдың негізінде қозғалуы;
G) қайшылықсыз қозғалыста болуы.

246. Гегель триадасының құрылымы:

A) түйсік;
B) тезис;
C) теос;
D) антитезис;
E) метатезис;
F) метанарратив;
G) синтез.

247. Ескінің даму барысында жаңа сапаға ауысуы қалайша жүреді?

A) бірқалыпты қозғалыстың үзілуі арқылы;
B) бірқалыпты даму арқылы;
C) тез арада өтетін түбегейлі өзгерістер арқылы;
D) секіріс арқылы;
E) жаңа қасиеттердің пайда болуы барысында;
F) ескіні толықтай терістеу арқылы;
G) ескіге жаңа қасиеттерді қосу арқылы.

248. Дамуды түсінудегі диалектикалық ұстанымдарды табыңыз:

A) Дамудың қайнар көзі заттың ішкі қайшылығында.
B) Дамудың қайнар көзі заттың қабылдайтын сыртқы ықпалдарында.
C) Даму бірте-бірте өзгеру арқылы іске асады.
D) Даму секіріс арқылы жүріп отырады.
E) Даму соңында зат алғашқы сатысына қайтып оралады.
F) Даму өткен сатыларына қайтып оралмайды.
G) Даму – Құдайдың ісі.

249. Дамуды түсінудегі метафизикалық ұстанымдарды табыңыз:

A) Дамудың қайнар көзі заттың ішкі қайшылығында.
B) Дамудың қайнар көзі заттың қабылдайтын сыртқы ықпалдарында.
C) Даму бірте-бірте өзгеру арқылы іске асады.
D) Даму секіріс арқылы жүріп отырады.
E) Даму соңында зат алғашқы сатысына қайтып оралады;
F) Даму өткен сатыларына қайтып оралмайды.
G) Даму – Құдайдың ісі.

250. Диалектиканың категорияларын табыңыз:

A) қажеттік пен кездейсоқтық;
B) материализм мен идеализм;
C) софистика мен эклектика;
D) болмыс пен материя;
E) себеп пен салдар;
F) мүмкіндік пен шындық;
G) микро және макроәлем.

251. Диалектиканың санаттарын табыңыз:

A) жеке мен жалпы;
B) материализм мен идеализм;
C) софистика мен эклектика;
D) болмыс пен материя;
E) мазмұн мен форма;
F) сан мен сапа;
G) микро және макроәлем.

252. Диалектиканың санаттарын табыңыз:

A) өлшем мен секіріс;
B) материализм мен идеализм;
C) софистика мен эклектика;
D) болмыс пен материя;
E) тепе-теңдік пен айырмашылық;
F) кездейсоқтық пен қажеттік;
G) микро және макроәлем.

253. Диалектиканың заңдарын көрсетіңіз:

A) Дүниежүзілік тартылыс заңы.
B) Зат пен энергияның сақталу заңы.
C) Жеткілікті негіздеу заңы.
D) Сандық өзгерістердің сапаға өту заңы.
E) Тіршіліктің эволюция заңы.
F) Терістеуді терістеу заңы.
G) Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы.

254. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңын қандай санаттар арқылы суреттейміз?

A) тепе-теңдік;
B) тезис;
C) айырмашылық;
D) антитезис;
E) метатезис;
F) қайшылық;
G) синтез.

255. Сандық өзгерістердің жаңа сапаға өту заңын суреттегенде, қандай санаттарды пайдаланамыз?

A) түйсік;
B) сан мен сапа;
C) өлшем;
D) антитезис;
E) метатезис;
F) секіріс;
G) синтез.

13-тақырып. Философиялық антропология

256. Философиялық антропология нені зерттейді:

A) техниканың мәні мен дамуын;
B) сан мен сапа өлшемін;
C) адамның табиғатын;
D) саясаттың мәні мен көрінісін;
E) адамның дүниеге келуін;
F) моральдың императивтерін;
G) адамның ғарыштағы орны мен рөлін.

257. Адамның дүниеге келуінің негізгі себептеріне не жатады?

A) биологиялық шеңбердегі даму мүмкіндіктерінің сарқылуы;
B) жер бетін радиация улап, жануарлардың тұқым қуу механизмдерінің өзгеруі;
C) ауа райының күрт өзгеріп, маймылдардың ағаштардың басынан жерге түсуі;
D) маймылдардың ішкі құрылыстарында әлі зерттелмеген өзгерістер болып, олардың адамға айнала бастауы;
E) еңбек құралдарын жасап, оларды пайдалануы;
F) Құдайдың пәрменді күші;
G) ғарыштан келген басқа саналы пенделердің іс-әрекеті.

258. Адам мен қоғамның дүниеге келу мәселесі:

A) Адам мен қоғам дүниеге бір уақытта келеді.
B) Адам қалыптаса келе қоғамды құрады.
C) Нағыз адами қасиеттер рудың шеңберінде қалыптасады.
D) Алғашқы үйір қоғамға айналып, адамның қалыптасуына әкеледі.
E) Ру шеңберінде алғашқы адамдардың моральдық қасиеттері қалыптасады.
F) Олардың бір-бірімен ортақ еш нәрсесі жоқ.
G) Алдымен адам пайда болып, соңынан қоғам дүниеге келеді.

259. Адамның терең табиғатын ашу бойынша ғылымдағы жалған көзқарастар:

A) марксизм;
B) әлеуметтік дарвинизм;
C) постпозитивизм;
D) ломброзиандық;
E) кантиандық;
F) социобиология;
G) эпикуреизм.

260. Диалектикалық тұрғыдан сана мен тілдің қарым-қатынасы:

A) Сана мен тілдің бір-бірімен еш байланысы жоқ.
B) Сана тілден бұрын пайда болады.
C) Тіл санадан бұрын пайда болады.
D) Сана – дүниені бейнелеудің ең биік, мінсіз түрі, ал тіл – ойлаудың материалдық қабығы.
E) Ойлау заңдылықтары бүкіл адамзатқа бірдей, ал тілдер әртүрлі.
F) Сана мен тіл – Құдайдың адамға берген сыйы.
G) Сана мен тіл адам дүниеге келісімен бір уақытта пайда болады.

261. Адам табиғатының үш жағын көрсетіңіз:

A) ғарыштық;
B) биологиялық;
C) клеткалық;
D) әлеуметтік;
E) эмбриональдық;
F) психологиялық;
G) микроәлемдік.

262. Адамды түсінудегі биологиялық редукционизмге қандай ілімдер жатады?

A) марксизм;
B) әлеуметтік дарвинизм;
C) постпозитивизм;
D) нәсілшілдік;
E) кантиандық;
F) социобиология;
G) эпикуреизм.

263. Тұлға дегеніміз:

A) адам әлеуметтілігінің өлшемі;
B) адамның дене құрылысының ерекшелігі;
C) қоғам өмірінде өз орны, мамандығы бар, өз ісіне жауапкершілігі бар адам;
D) жеке бас;
E) әлеуметтік нормаларды игеріп, қоғамдық өмірге белсенді қатынасатын адам;

F) адам ұғымымен тең санат;
G) белгілі бір халықтың өкілі.

264. В.Франклдің көрсеткен адам өмірінің мән-мағынасын құрайтын құндылықтарды көрсетіңіз:

A) шығармашылық құндылықтары;
B) байлық құндылықтары;
C) құндылықтарға деген көзқарас;
D) даңқ пен билік құндылықтары;
E) ішкі толғаныс құндылықтары;
F) ләззат алу құндылықтары;
G) таным құндылықтары.

265. Экзистенциалдық вакуум адамдарды итереді:

A) ішімдік пен есірткіге;
B) байлық құндылықтарына;
C) қылмысқа;
D) Құдайды іздеу жолына;
E) ішкі толғаныс құндылықтарына;
F) ләззат алу құндылықтарына;
G) таным құндылықтарына.

266. Адам өміріндегі «Қайғылы үштік» (трагикалық триада):

A) өкініш;
B) зардап шегу;
C) махаббат сенімінің сөнуі;
D) күнә;
E) сүйген жардан айырылу;
F) өлім;
G) соғыс.

267. Аутоназия қандай факторларға негізделеді?

A) қоғамның заңмен берілген рұқсатына;
B) қоғамның берген рұқсаты жоқ;
C) қоғамның медициналық көмегіне;
D) нәсілшілдікке;
E) адамның өз еркімен дүниеден кетуіне;
F) социобиологияға;
G) эпикуреизмге.

268. Ницшенің айтқан Еуропа мәдениетіндегі дионистік бастаманың негізгі ұстанымдары:

A) қуанышты көңіл күйде болу;
B) қисындық жолмен жүру;
C) оргиялық бірлікте болу;
D) жарқын болашаққа сену;
E) трагикалық;
F) әсемдікке құштарлық;
G) ешқандай әлеуметтік нормаларды мойындамау.

269. Ницшенің айтқан Еуропа мәдениетіндегі аполлондық бастаманың негізгі ұстанымдары:

A) қуанышты көңіл күйде болу;
B) қисындық жолмен жүру;
C) оргиялық бірлікте болу;
D) жарқын болашаққа сену;
E) трагикалық;
F) әсемдікке құштарлық;
G) байлыққа жету.

270. Адам мәселесін талдағанда экзистенциализм қандай жаңа ұғымдарды енгізеді?

A) Адам – тік жүретін пенде.
B) Адам өз өмірінің бағдарламасын өзі жасайды.
C) шекаралық ахуал.

D) жарқын болашаққа сену.
E) түңілу, шешімге келу, секіріс.
F) әсемдікке құштарлық.
G) байлыққа жету.

271. Г.Маркузенің «бір өлшемді адамы»:

A) қазіргі қоғамдағы тәртіпке қарсы шығады;
B) қоғамда орнатылған тәртіпті толығынан қабылдап, сыни көзқарастан ада адам;
C) әрқашанда бүлік шығаруға дайын;
D) өне бойы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әлеуметтік бақылауда;
E) оның негізгі мақсаты ақша тауып, көбірек әртүрлі тауарларды тұтыну;
F) жан-жақты үндесті дамыған адам;
G) аутсайдерлер.

272. Тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізетін негізгі факторлар:

A) табиғат;
B) әлеуметтік;
C) биогенетикалық;
D) физикалық үдерістер;
E) отбасы;
F) халықаралық;
G) соғыс.

273. Танатология дегеніміз:

A) өмір туралы философиялық ілім;
B) адам өлімі туралы философиялық ілім;
C) адамның өзін-өзі қинауын (мазохизм) қарастырады;
D) адамның басқаларды қинауын (садизм) қарастырады;
E) өмірдің ең биік құндылық екенін мойындайды;
F) адам өміріндегі оның ең биік мақсаттарға жетуін зерттейді;
G) адамның үндесті, жан-жақты дамуын зерттейді;

274. «Үшінші толқын» ілімінде О.Тоффлер:

A) индустриялық қоғамның мәресіне жеткенін айтады;
B) жұмысшы табының ерекше рөлін көрсетеді;
C) индустриялық қоғамның дағдарысқа ұшырағанын айтады;
D) ақпараттық қоғамның Батыс өркениетіне келгені туралы қорытынды жасайды;
E) ақпараттық қоғамды адамзат тарихында дүниеге келген нағыз гуманистік қоғам ретінде уағыздайды;
F) ақпараттық қоғамда бұрынғы болған қайшылықтар сол қалпында қала береді дейді;
G) ақпараттық қоғамның адамды біржақты дамытатынын айтады.

275. Геронтология ілімі нені зерттейді?

A) адамның жастық шағын;
B) адамның ересек өмірін;
C) адамның кәрілік шағын;
D) адамның кәрілік шағында өмірге деген белсенділігін сақтауын;
E) адамның кәрілік шағында өмірлік мән-мағынасын жоғалтып алмауын;

F) адамның кәрілік шағында алдағы өліміне дайындалуын;
G) кәрілік шақтағы адамның немере-шөберелермен арақатынасын;

276. Конформист деп қандай адамды айтамыз?

A) қоғамдағы әділетсіздікке қарсы шығатын;
B) басқалар не істесе, ол да соны істейтін;
C) өз «мендігін» жоғалтқан;
D) қоғамдағы мәселелерге өз пікірі жоқ адамды;
E) бүлікшіл адамды;
F) жаңашылдықты қолдайтын;
G) артқа тартатын.

277. Қазіргі экзистенциализм:

A) табиғат болмысын негізгі философиялық бастама санайды;
B) әлеуметтік болмысты негізгі философиялық бастама деп есептейді;
C) адам болмысын негізгі философиялық бастама деп есептейді;
D) адам өз-өзіне жеткілікті, «causa sui» деп есептейді;
E) адам өз өмірінің мән-мағынасын шекаралық ахуалда табады деп есептейді;
F) адамның бастапқы ізгі табиғатын мойындайды;
G) адам әуел бастан зұлымдыққа жақын деп есептейді;

278. Құндылықтар дегеніміз:

A) табиғаттағы заттар;
B) қоғам өміріндегі қарым-қатынастар;
C) дүниедегі адам үшін мағыналы заттар мен құбылыстар;
D) физикалық үдерістер;
E) моральдық нормалар;
F) құндылықтарды аксиология зерттейді
G) құндылықтарды праксеология зерттейді.

14-тақырып. Таным теориясы

279. Философияның қай саласы таным мәселелерімен айналысады?

A) онтология;
B) философская антропология;
C) аксиология;
D) гносеология;
E) бұл сала дүниетаным заңдылықтарын зерттейді;
F) бұл сала құндылықтарды зерттейді;
G) бұл сала ғылымда ақиқатқа жету жолдарын зерттейді.

280. Ғылыми зерттеудің деңгейлері:

A) болжамдық-дедуктивтік;
B) эмпириялық
C) индуктивтік;
D) теориялық;
E) аксиологиялық;
F) метатеориялық;
G) праксеологиялық.

281. Танудың жалпы жолы немен басталып, неден өтіп, немен аяқталады?

A) сезімдік аңғарудан басталады;

B) ғылыми деректер жинаудан басталады;
C) ғылыми деректерді сараптаудан басталады;
D) содан кейін дерексіз ойлауға өтеді;
E) содан кейін дедуктивтік пайымдаудан өтеді;
F) іс-тәжірибемен аяқталады;
G) теориямен аяқталады.

282. Ғылымның басқа таным формаларынан айырмашылығы:

A) Ғылым – бізді асқақтата аспанға көтеретін жалғандық.
B) Ғылым – мифологияның бір түрі.
C) Ғылым – қисындық жолмен дәлелденген жүйеленген білім.
D) Ғылым – нәзіктелген діни сенім.
E) Ғылым – адамдардың өмірлік тәжірибесін пайымдаудың жемісі.
F) Ғылым – ұғымдар арқылы пайымдау.
G) Ғылым – зерттелетін нысанның теориялық үлгісін жасайды.

283. Ғылымның субъектісі кім?

A) жұмыс орнында әртүрлі жабдықтарды жасайтын адам;
B) өзінің білім деңгейін өне бойы жетілдіріп отыратын адам;
C) ақиқатқа жету жолында мақсатқа лайықты ізденістер жүргізетін адам;
D) деректерді сараптап, содан кейін болжам ұсынатын адам;
E) белгілі бір теорияның әлсіз жақтарын ашқысы келетін адам;
F) математиканы жақсы білетін адам;
G) дүниені аңдау арқылы қабылдайтын адам.

284. Ғылымның нысанына не жатады?

A) күнбе-күнгі адамның нақты өмірінде кездесетін мыңдаған заттар;
B) зерттелетін заттың ішкі мәнін ашуға деген ғалымның қызығушылығын тудыратын заттар;
C) біздің сезімдік органдарымыздың қабылдайтын заттары;
D) адамның қызығушылығын тудыратын заттар мен құбылыстар;
E) белгілі бір қағидалардың негізінде бақылауға алынған заттар;
F) зерттеушінің сынақ арқылы заттың жаңа қасиеттерін ашуына байланысты заттар мен құбылыстар;
G) шынайы өмірге терең кірген заттар мен құбылыстар.

285. Зерттеу пәнінің ғылым нысанынан айырмашылығы қандай?

A) зерттеу пәнінің көлемі ғылым нысанынан кең;
B) зерттеу пәні ғылым нысанының бір бөлігі ғана;
C) зерттеу пәні мен ғылым нысаны бір-біріне тең;
D) зерттеу пәні – бүкіл ғарыш, ғылым нысаны – соның бір кішкентай бөлігі ғана;

E) зерттеу пәні – ғылым нысанының бір үзіндісі ғана;
F) зерттеу пәні – неше түрлі ғылым жабдықтары, ғылым нысаны – сондағы адамдар;
G) айырмашылықтары жоқ.

286. Сезімдік танымның негізгі формалары:

A) ақыл-ой;
B) түйсіктер
C) пайымдау;
D) көкейкөз;
E) қабылдау;
F) қорыту;
G) елестету.

287. Дерексіз ойлаудың формалары

A) ақыл-ой;
B) түйсіктер
C) пайымдау;
D) ұғым;
E) қабылдау;
F) қорыту;
G) елестету.

288. Интуиция (көкейкөз) дегеніміз:

A) ешқандай дәлелдеуді талап етпейтін заттың ішкі сырын тікелей ашу;
B) дүниені белгілі бір тұтастық ретінде қабылдау;
C) заттардың мәнін ашуға бағытталған Құдайдың сыйы;
D) ғылыммен ымыраға келмейтін мистикалық ілім;
E) адамға ғарыштан берілетін бір сілкініс;
F) ол қайсыбір көшеде жүрген кездейсоқ адамға берілмейді;
G) ол сол мәселемен көп жылдар айналысқан, оның жан дүниесін баурап алған адамға ғана келеді.

289. Теориялық білімнің құрамына кірмейтіндерді көрсетіңіз:

A) ғылыми мәселе;
B) түйсіктер
C) болжау;
D) ерік;
E) теория;
F) заңдар;
G) елестету.

290. Эмпириялық (тәжірибелік) әдістерге жатпайды:

A) бақылау;
B) мұратқа сай ету;
C) сынақ;
D) салыстыру;
E) аңдау;
F) өлшеу;
G) дерексіздіктен нақтылыққа өрлеу.

291. Танымда диалектикалық жолдан аулақ ұстанымдар:

A) заттың ішкі қайшылығын ашу;
B) дамудағы қайталауды мойындау;
C) дамудағы шешуші ретінде сыртқы ықпалды мойындау;
D) зерттелетін заттың басқалармен қалыптасатын байланыстарын мейлінше зерттеу;
E) зат өне бойы өзгерісте болғаннан кейін тарихи тұрғыдан ол зерттелуі керек;
F) бұл дүниеге келген әрбір зат өзіндігін көрсеткісі келеді.

Сондықтан зерттеуде нақтылық керек;
G) бұл Ай астындағы дүниеде бәрі де қайта оралады: қыстан кейін – көктем, содан кейін жаз бен күз келеді;

292. Метафизика деген ұғымның алғашқы мағынасын:

A) берген ұлы Аристотель болатын;
B) оны берген қытайдың данасы Лао Цзы болатын;
C) оны берген үнді ойшылы Махавира болатын;
D) ол – болмыс жөніндегі ілім;
E) ол физиканың ар жағында жатқан философияның ең терең сұрақтарын зерттейді;
F) ол – тарих жөніндегі ілім;
G) ол – адам жөніндегі ілім.

293. Метафизика деген ұғымның екінші мағынасын:

A) берген ұлы неміс философы И.Кант болатын;
B) оны берген голландия ойшылы Б.Спиноза болатын;
C) оны берген ұлы неміс ойшылы Гегель болатын;
D) ол – даму жөніндегі ілім;
E) ол дамудың қайнар көзін сыртқы ықпалдан көреді;
F) ол – тарих жөніндегі ілім;
G) ол – адам жөніндегі ілім.

294. Софистика дегеніміз не?

A) саналы түрде ақиқатты бұрмалау;
B) ымыраға келмейтін ортақ қасиеттері жоқ құбылыстарды бір-біріне қосып жіберу;
C) ол – даналық жөніндегі ілім;
D) софистика танымдағы шынайы адасудан немесе біреудің мүддесін қорғаудан шығады;
E) даму жөніндегі ілім;
F) материяның өзіндік ұйымдасуы жөніндегі ілім;
G) дерексіздіктен нақтылыққа өрлеу әдісі.

295. Ғылыми танымның әдістерін зерттейтін ілім:

A) әдістеме;
B) аксиология;
C) праксеология;
D) ол философияның құрамдас бөлігі болып табылады;
E) ол физиканың құрамдас бөлігі болып табылады;
F) диалектиканың заңдары ғылымда әдістемелік рөл атқарады;
G) физиканың заңдары ғылымда әдістемелік рөл атқарады.

296. Дерексіздендіру дегеніміз:

A) ғылыми танымның жан-жақты әдісі;
B) мұратқа сай, мінсіз;
C) басқа қасиеттерді жақшаға ала тұрып, заттың бір қасиетін зерттеу әдісі;
D) салыстыру;
E) аңғару;
F) өлшеу;
G) жүйелеу.

15-тақырып. Әлеуметтік философия

297. Қоғам дегеніміз:

A) белгілі бір жерде өмір сүріп жатқан адамдардың жиынтығы;
B) адамдардың арасында қалыптасатын сан алуан байланыстар мен қарым-қатынастар жиынтығы;
C) ол байланыстар мен қарым-қатынастар сол қоғамға жеткілікті болуы қажет;
D) ол – белгілі бір тарихта өмір сүріп жатқан халық;
E) ол байланыстар мен қарым-қатынастар сол қоғамға керек негізгі қажеттіліктерді өтейді;
F) ол – отбасылар жиынтығы;
G) ол – әлеуметтік топтар.

298. К.Маркстің қоғамды формациялық талдауының негізінде жатқан қағидаттарды көрсетіңіз:

A) формация – қоғам өміріндегі адамдар арасындағы формальдық қатынастар;
B) формация – нақтылы-тарихи сатыдағы белгілі бір өндіріс тәсіліне негізделген қоғам;
C) қоғам өмірінің базисі адамдардың санасына тәуелсіз қалыптасатын өндірістік қатынастарда;
D) қоғам өмірінің базисі адамдардың санасына тәуелді қалыптасатын мемлекеттік институттарда;
E) өндірістік қатынастардың ерекшелігі – меншік формаларында;
F) өндірістік қатынастардың ерекшелігі – мемлекетті басқару формаларында;
G) формация ұғымы жасанды, өмірмен тығыз байланысы жоқ санат;

299. Шығыс қоғамына тән:

A) қауымдасып өмір сүру;
B) жекелікке негізделген;
C) экономика – негізгі қажеттіліктерді өтейтін құрал ғана;
D) экономика мейлінше көбірек пайда табу қағидасына негізделген;
E) жеке адам ұжымның қамқорлығында;
F) жеке адам басқалардан жаттанған;
G) ол – артта қалған қоғам.

300. Батыс қоғамына тән:

A) қауымдасып өмір сүру;
B) жекелікке негізделген;
C) экономика – негізгі қажеттіктерді өтейтін құрал ғана;
D) экономика мейлінше көбірек пайда табу қағидасына негізделген;
E) жеке адам ұжымның қамқорлығында;
F) жеке адам басқалардан жаттанған;
G) ол – артта қалған қоғам;

301. О.Шпенглер «Еуропаның күйреуі» атты еңбегінде қандай идеяларды алға тартады?

A) әрбір мәдениет дара, өзінің ішкі қайталанбайтын құрылымымен көрінеді;
B) жекелікке негізделген;
C) әрбір мәдени типтің тарихтағы өмір сүруі шамамен 1200-1500 жылдарға созылады;

D) экономика мейлінше көбірек пайда табу қағидасына негізделген;
E) рационализм келісімен-ақ тікелей шындықтан өрбитін шабыт, шығармашылық техникалық үстемдікке ауысады. Ақырында, мәдениет цивилизацияға ауысады;
F) жеке адам басқалардан жаттанған;
G) ол – артта қалған қоғам.

302. К.Маркстің формациялық теориясында жоқ қоғамдар:

A) капиталистік;
B) социалистік;
C) ақпараттық;
D) индустриялық;
E) феодалдық;
F) алғашқы қауымдық;
G) постиндустриялық.

303. Цивилизациялық талдауға кірмейтін қоғамдар аты:

A) капиталистік;
B) аграрлық;
C) ақпараттық;
D) индустриялық;
E) феодалдық;
F) алғашқы қауымдық;
G) постиндустриалдық.

304. Мәдениет дегеніміз:

A) ғарыштағы үдерістер;
B) қоғам өміріндегі материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы;
C) табиғи орта;
D) тұлғаның ішкі рухани өмірі;
E) өнер әлемі;
F) жануарлар әлемі;
G) өсімдіктер әлемі.

305. Аграрлық цивилизацияның ерекшеліктері:

A) халықтың басым көпшілігі қалада тұрады;
B) халықтың басым көпшілігі ауылда тұрады;
C) еңбек үдерісі мәжбүрлеу принципіне негізделген;
D) еңбек үдерісі экономикалық мүддеге негізделген;
E) мемлекеттің репресивтік органдарының үлесі зор;
F) мемлекеттің әлеуметтік функциясы өседі;
G) ол – кешегі кеңес қоғамы.

Мазмұны

Алғысөз ретінде. Философияны оқу біз үшін неге керек? 3

І тарау. Мәдениет аясындағы философия және оның адам мен қоғам өміріндегі алатын орны 6
§ 1. Дүниеге көзқарас және оның тарихи формалары 6
§ 2. Философия – ғылым ба, әлде өнер ме? 14
§ 3. Философия пәні 21
§ 4. Философияның негізгі мәселесі. Бірінші жағы 25
§ 5. Философияның негізгі мәселесі. Екінші (танымдық) жағы ... 31
§ 6. Философияның негізгі атқаратын қызметтері 36

І БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТ АЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАРИХИ ТИПТЕРІ 41

ІІ тарау. Көне заман мәдениеті аясындағы философия
§ 1. Философия тарихы дегеніміз не? 41
§ 2. Көне Қытай мәдениеті аясындағы философия 44
§ 3. Үнді мәдениеті аясындағы философия 54
§ 4. Антика мәдениеті аясындағы философия 62
§ 5. Дүниені зерттеуден адам мәселесіне бетбұрыс. Софистика. Сократ ілімі 74
§ 6. Классикалық кезең. Философияда ұлы жүйелерді жасаушылар. Платон мен Аристотель 77
§ 7. Римдік-эллинистік философия 89

ІІІ тарау. Орта ғасырлар мәдениеті аясындағы философия 99
§ 1. Ортағасырлық философияның ерекшеліктері 99
§ 2. Патристикалық философия. Киелі Августин 104
§ 3. Схоластикалық философия. Фома Аквинский 113
§ 4. Ортағасырлық ислам мәдениеті аясындағы философия 120

IV тарау. Қайта өрлеу мәдениеті аясындағы философия 140
§ 1. Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктері 140
§ 2. Адам мәселесіне жаңаша бетбұрыс 141
§ 3. Н.Кузанский – Қайта өрлеу заманы философиясының ұлы тұлғасы 143
§ 4. Әлеуметтік философиялық көзқарастар. Н. Макиавелли 145
§ 5. Діни реформация 149
§ 6. Қайта өрлеу заманындағы ғылыми жетістіктер 151

V тарау. Жаңа Уақыт мәдениетіндегі Батыс Еуропа философиясы 156
§ 1. Ф.Бэконның философиясы 157
§ 2. Р.Декарттың рационалдық философиясы 161
§ 3. Т.Гоббстың философиясы 164
§ 4. Б.Спинозаның философиясы 168
§ 5. Г.Лейбництің монадологиясы 173
§ 6. Д.Локктың философиялық көзқарастары 176

VI тарау. XVIII ғ. Ағарту философиясы 183
§ 1. XVIII ғ. ағылшын философиясы 184
§ 2. Француз ағартушылары 190

VII тарау. XVIII-XIX ғғ. Неміс мәдениеті аясындағы классикалық философия 202
§ 1. И.Канттың өмірі мен шығармашылық жолы 203
§ 2. И.Фихтенің философиясы 212
§ 3. И.Шеллинг және оның философиясы 215
§ 4. Г.Гегель – неміс классикалық философиясының шыңы 220
§ 5. Л.Фейербахтың философиялық антропологиясы 225

VIII тарау. Маркстік философия 232

IX-тарау. XIX ғ. мәдениетіндегі бейклассикалық философия 239
§ 1. А.Шопенгауердің Әлемдік еркі 240
§ 2. С.Кьеркогердің философиясы 245

X тарау. XIX-XX ғғ. Ресей мәдениеті аясындағы философия 251
§ 1. Славянофильдер мен батысшылар ағымы 251
§ 2. В.С.Соловьевтың «барынің бірліктегі» философиясы 253
§ 3. Діни экзистенциализм мен антропология 256
§ 4. Ғарыш философиясы 261

XI тарау. Қазақ мәдениеті шеңберіндегі отандық философия 265
§ 1. Қазақ руханиятының ерекшеліктері (соавтор – Ғ.Есбол) 265
§ 2. Қазақ мифологиясы 268
§ 3. Ортағасырдағы отандық философия 272
§ 4. XV-XVIII ғғ. қазақ жырауларының шығармашылығы 285
§ 5. XIX ғ. ағартушылық философиясы 297
§ 6. XX ғ. отандық философия 308

XII тарау. XX ғ. мәдениеті аясындағы философия 325
§ 1. Неопозитивизм ағымы 327
§ 2. Феноменология 334
§ 3. Герменевтика 335
§ 4. Өмір философиясы 338
§ 5. Экзистенциализм 347
§ 6. XX ғасырдағы діни философия 351

II БӨЛІМ. ФИЛОСОФИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ 366

XIII тарау. Болмыс ілімі (Онтология) 366
§ 1. Болмыс ұғымы 366
§ 2. Жалқылық пен жалпылық 373
§ 3. Тәуелсіздік пен тәуелділік 378
§ 4. Құбылыс және мән 382
§ 5. Сапа мен сан ұғымдары 384
§ 6. Өлшем мен секіріс 386
§ 7. Қозғалыс 389
§ 8. Кеңістік пен уақыт 391
§ 9. Қозғалыс тетігі 397
§ 10. Қозғалыс пен даму 401
§ 11. Даму бағыттығы 406
§ 12. Дамудағы өрлеу (прогресс) мәселесі 409
§ 13. Жүйе, элемент, құрылым 415
§ 14. Бүтін және бөлшек 417
§ 15. Мазмұн және форма 418
§ 16. Детерминизм. Себеп пен салдар 420
§ 17. Мүмкіндік пен шындық 423
§ 18. Қажеттілік пен кездейсоқтық 425
§ 19. Қажеттілік пен еріктік. Жауапкершілік 429
§ 20. Материя мен сана – шегіне жеткен қарама-қарсылық 432

XIV тарау. Эпистемология. Таным мәселелері 450
§ 1. Таным дегеніміз не? 450
§ 2. Танымның практикалық табиғаты 452
§ 3. Таным құрылымы 454
§ 4. Танымдағы ақиқат мәселесі 457
§ 5. Таным деңгейлері мен әдістері 459
§ 6. Ғылым, техника және білім философиясы 469

XV тарау. Әлеуметтік философия. Қоғам болмысы..... 477
§ 1. Қоғам ұғымы 477
§ 2. Тарих философиясы 485
§ 3. Формациялық және цивилизациялық-мәдени тұрғыдан қарағандағы Қазақстан қоғамы 496
§ 4. Қоғам өмірінің негізгі салалары 499
а) әлеуметтік-экономикалық философия 500
в) саясат философиясы 506
с) құқық философиясы 511

XVI тарау. Рух философиясы 516
(соавтор – Оразбаева Г.К.)
§ 1. Философия тарихындағы рух ұғымы 516
§ 2. Рух және руханият ұғымдары 523
§ 3. Құндылықтар әлемі 532
а) тіршілік құндылықтары 533
в) дін философиясы (діни құндылықтар) 534
с) моральдық философия 538
е) сүйіспеншілік философиясы 539

XVII тарау. Философиялық антропология. Адам болмысы 548
§ 1. Адам ұғымы 548
§ 2. Адамның дүниеге келу мәселесі 550
§ 3. Адамның биологиялық және әлеуметтік табиғаты 554
§ 4. Адам өмірінің мән-мағынасы 559
§ 5. Адамның өлімі мен өлместігі 562

XVIII тарау. Жаһандану үдерістерінің философиялық астары 568
§ 1. Жаһандану дегеніміз не? 568
§ 2. Жаһандану үдерісі шеңберіндегі өзекті мәселелер 570
§ 3. Дүниежүзілік қауымдастық шеңберіндегі Қазақстан қоғамы (қорытынды ретінде) 581

ҚОСЫМША. Күрделі тестілер 585

Серік Мырзалы

ФИЛОСОФИЯ

Оқу құралы

Философия тарихы
Болмыс ілімі (Онтология)
Эпистемология (Таным мәселелері)
Әлеуметтік философия
Жаһандану және тәуелсіз Қазақстан

ISBN 978-601-281-256-5

Редактор – **Омарова Сәуле Сыдықбекқызы**
Компьютерде беттеген және дизайнін жасаған – **Любовицкая Ольга**

Басуға 2017 жылы қол қойылды.
Форматы 60х84 1/16. Көлемі 40,5 баспа табақ.
Times гарнитурасы. Офсеттік басылым.
Тапсырыс № ____. Тиражы – 1000 дана.

«Бастау» баспасы
Мемлекеттік лицензия – № 0000036
ҚР Білім және ғылым министрлігі.
ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының
халықаралық код беру туралы №155 –
978-601-281 сертификаты.
Қазақстан Республикасы Ұлттық бизнес-рейтингінің
«Лидер отрасли – 2015» ұлттық сертификаты.
Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 458/460-95.
Тел.: 279 49 53, 279 97 32.

«Полиграфсервис» баспаханасында басылды (тел.: 233 32 53).
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13-а.